

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК



**«ҒАСЫР ДАНАСЫ – ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**



930 жыл

Астана қаласы, 2024 жыл

УДК 37

ББК 74

Ғ60

«Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының республикалық кезеңінің материалдары.

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024 ж. 639 б.

ISBN 978-601-09-5049-8

Жинақ «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының республикалық кезеңінің материалдарын қамтиды. Жинаққа ғұламаның хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарыту негізіндегі мақалалар енгізілді. Жинақ білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

Мүшелері:

1. Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскер;
2. Б.С. Аубакиров – «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп лицей» КММ директоры;
3. Г.С. Карыбаева – «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп лицей» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі;
4. Ж.С. Айғужина – «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп лицей» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі;
5. Ж. Молдахан – «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп лицей» КММ математика мен информатика мұғалімі;
6. Ж.С. Курманғалиева – «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп лицей» КММ тарих мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама. 29.03.2024 ж. №2/2.

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

SOVYET DÖNEMİNDE ÖZBEKİSTAN'DA HOCA AHMED YESEVİ ARAŞTIRMALARI

Nodirxon Khasanov,
Özbekistan Millî Üniversitesi, Prof. Dr.

Bilindiği üzere, birçok dini-tasavvufi edebiyat erbabı gibi Hoca Ahmed Yesevî'nin hayatı ve eserleri de Sovyet döneminde yeterince incelenmemiştir. Çünkü bu büyük mutasavvıfa o dönemde “reaksiyon şair” sıfatıyla bakılmıştır. Buna rağmen Abdurahman Sâdî, Abdurauf Fıtrat, A.Garritskiy, A.Semenov, A.Kalinin, A.Sardor, M.Masson, İ.Muminov, E.Rustamov, A.Osman, N.Kamilov, İ.Hakkul gibi bilim adamları Ahmed Yesevî'nin hayatı, eserleri ve edebi mirasının farklı yönlerini incelemişlerdir. Özellikle, ulu pirin hikmetleri “Özbek Edebiyatı Antolojisi”nin birkaç baskısında yer almıştır (1938, 1946, 1948, 1961). O dönemdeki ideolojik tazyik ve takipten dolayı adı geçen çalışmalara Ahmed Yesevî'ye Sovyet mefkuresine göre bakılsa da, bazı bilim adamları Ahmed Yesevî hikmetlerinin Türk edebiyatındaki mevkiini objektif değerlendirmeye çalışmışlardır. Prof. Dr. Abdurrauf Fıtrat 1927-28 yıllarında yayınladığı “*Ahmed Yesevî*” ve “*Yesevî Ekolü Şairleri Hakkında Araştırmalar*”¹ makalelerinde hikmetlerin edebi kıymetinden bahsederken Yesevî'nin irfanını ve edebi derecesini en üst mertebede göstermiş; onun sıradan halk şairlerinden daha yüksek seviyede olduğunu, dönemin ilim merkezlerinde tahsil gördüğünü, sanat ve edebiyatı çok iyi bildiğini kaydetmiştir.²

Araştırmacılar hikmetlerin halkın anlayacağı şekilde yazılmış olması üzerinde de durmuşlardır.

Ama Ahmed Yesevî'nin millî kültür, dil ve edebiyat tarihindeki hizmetlerini geniş çapta değerlendirme yolundaki tüm çabalar Sovyet ideolojisi temsilcileri tarafından sert eleştirilerek “objektif gerçeğe aykırı” olmakla karalanmış, Yesevî'nin şahsiyeti ve edebi mirası rejim tarafından eleştirilmiş ve tahkir edilmiş, uzun bir süre Ahmed Yesevî'nin eserlerinin bilimsel yönden incelenmesine izin verilmemiştir.

1970'li yıllarda, Ahmed Yesevî'nin milli kültür, dil ve tasavvuf edebiyatı tarihi üzerinde ki büyük hizmetlerini objektif şekilde değerlendirmek için yapılan bazı çalışmalar da sert bir şekilde tenkit edilmiştir³. Ama halkımız hiçbir zaman bu ulu zatın mübarek ismini ve hikmetli sözlerini gönlünden çıkarmamıştır. Birçok engele rağmen, bilim adamlarımız imkânları dahilinde Ahmed Yesevî'nin edebi mirasını tetkik etmeye ve yaymaya çalışmıştır.

¹ Bu iki makale kitap olarak basılmıştır. Bkz: “Yesevî Kim İdi?”. Makaleler ve Hikmetlerden Parçalar. Yay.haz. B.Dostkarayev, Taşkent 1994. Bir de Bkz: Abdurrauf Fıtrat. Seçme Eserler. 2. Cilt. İlmî Eserler (Yayına hazırlayan ve izahlar müellifi H. Baltabayev). Taşkent, 2000).

² Fıtrat dil ve edebiyata dair kitaplarında da Ahmed Yesevî'ye yer-yer değinmiş, hikmetlerden parçalar vermiştir (Fıtrat A., Sarf. Taşkent, 1927, s.5-9; Fıtrat A., Aruz Hakkında, Taşkent, 1997, s.21-22; Fıtrat A., Edebiyat Kaideleri. Taşkent, 1995, s.13-105). Özbek Edebiyatı Numuneleri, Derleyen: A. Fıtrat, Taşkent, 1928, s.97-104).

³ Rüstemov E., Ahmed Yesevî Hikmetlerinde Tarih ve Hayat Sedası // Özbek Dili ve Edebiyatı, sy. 4-5/1972, s. 21-25, 22-28;

Örneğin, Fıtrat “*Ahmed Yesevî*” makalesinde Ahmet Yesevî’yi halkın diliyle yazan bir şair olarak betimlemiş, “*Edebiyat Kaideleri*” kitabının ilgili bölümünde halk atasözleri ve türküleriyle beraber Ahmed Yesevî’nin:

Sözüm qattıg, tilim aççıg, özüm zalim,
Ğarib canım sarf aylayın, yoqdur malım.

Aktarması:

Sözüm sert, dilim acı, kendim zalim(im),
(Bu) garip canım(1) vereyim, yoktur malım - beytini örnek vermiştir.

Ahmed Yesevî hikmetlerinde halk edebiyatından, millî şekil ve tefekkürden istifade edebilmiştir. Bu sebeple adı geçen yazıda Yesevî’nin “edebiyatta tuttuğu yol, sade halk şairlerimizin tuttuğu yollarıdır... Onun hikmetleri vezinde, kafiyede, üslûpta halk edebiyatı denilen şiirler ile beraber yürümüştür” denilmiştir⁴.

Sovyet döneminde Ahmed Yesevî’le ilgili yazılarıyla tanınan Tatar edebiyatçısı Abdurahman Sâdî “Yesevi kimdi?” makalesinde Ahmed Yesevî’nin Türk edebiyatındaki yerinden bahsederken onu “tüm Türklerin müşterek ve dâhî şairi” olarak değerlendirir. Ona göre “Yesevi üslûbündeki açıklık, sadelik, akıcılık, ahenk, uyum, tabiiyet, güzellik ve tasviriliğe şaşırılmamak elde değildir”⁵: Yine Sâdî’ye göre: “*Ahmed Yesevî, Türklerin gerçek mânadaki ve halk klasik şairlerindedir. O gayet hassas, ilham ve hayali gâyet tabii ve akıcı okunan bir şairdir. Zira, Yesevî’nin yüreği, bütün ömür ruhî ve manevî aşkla alevlenip yanan bir şiir ateşidir. O, bu yoldaki ilâhî şiirde ve muhabbet hissiyatında başkalarının yüreklerini yakan, kavurucu korkunç bir hikmet alevidir*”⁶.

Gerçekten de, Ahmed Yesevî halkın derdini halkın üslubuyla ve akıcı bir dille ifade etmiştir. Ahmed Yesevî’nin hayatı ve şiirleriyle meşgul olan âlimler de hikmetlerin halk dilinde ve halk üslubuyla yazıldığını ayrıca vurgulamışlardır.⁷

Hikmetlerin halk diliyle yazılmasının önemi Sovyet döneminde Moskova’da çıkan Büyük Devlet Ansiklopedisinde bile belirtilmiş, hikmetlerden örnekler getirilmiştir.⁸

Hâsılı, Yesevî hikmetleri halk üslubunda yazılmış olmasıyla da tarihi ehemmiyete sahiptir. Çünkü hikmetlerin halk dilinde ve akıcı bir üslupla yazılması da onun tesir alanını genişleten sebeplerden biri olmuştur.

Araştırmacılar hikmetlerin Türkçenin gelişmesindeki yararları hakkında mülâhaza ederken, 5-6.asrın edebi mahsulü olan hikmetlerin “*Kutadgu Bilig*”den bir asır sonra ve “*Atabetü’l Hakâyık*” ile de aynı devirde yazılması cihetiyle edebiyatımız ve tarihimiz için büyük bir öneme sahip olduğunu özellikle vurgulamışlar. Onlara

⁴ Fıtrat, a.g.e., s. 31.

⁵ Саъдий А. Ўша мақола.

⁶ Abdurahman Sadî, Ahmed Yesevî, s. 11, Yesevî kim edi? Taşkent, 1994.

⁷ Borovkov A. K., Opredelenie Yazıka Hikmetov Ahmada Yesevî // Sovetskoye Vostokovedenie. no:5, 1948; Muminov İ., Seçme Eserler. C.1. Taşkent, 1969. s.37-39; Rüstemov E., Ahmed Yesevî Hikmetlerinde Tarih ve Hayat Sedası// Özbek Dili ve Edebiyatı, 1972, sy.4, s.25-26; Ahmed Yesevî, Hikmetler, Hazırlayan: İbrahim Hakkul, Taşkent, 1991, s.12-13; Kasimov B., Hikmetler Şiiri// Özbekistan Edebiyatı ve Sanatı, 1993, no:29; Toyçiev U., Ahmed Yesevi ve Özbek Şiir Şekli// Özbek Dili ve Edebiyatı, 1999, sy.2, 18b; Hamidî H., Ahmet Yesevî// İşanç Gazetesi, 2004, 14 Mayıs; Oçilov E., “Har Ne Kılısang, Oşik Kılıgı...”// İşanç Gazetesi, 2004, 14 Aralık; Hayitmetov A., Özbek Edebiyatı’da Halkçılık ve Halkçıl Üslub Hakıda//Özbek Dili ve Edebiyatı, 1993, sy.1, s.13-14; Kamilov N., Tasavvuf veya Kâmil İnsan Ahlakı. Taşkent, 1996.

⁸ Ahmed Yesevî//Büyük Sovyet Ansiklopedisi. C.2. Moskova, 1970. s.1372.

göre bu devirde yazılan Türkçe eserlerin azlığı göz önünde bulundurulursa hikmetlerin ne denli kıymete haiz olduğu anlaşılabilir.

Sovyet döneminde yazıp çizen araştırmacıların bir kısmı 20. asra kadar ulaşan “*Divan-ı Hikmet*” nüshalarının muahhar olması açısından güvenilir metin olarak tetkik edilemeyeceğini söylemiştir (Fıtrat, Borovkov v.d.).

Fakat bir kısım bilim adamlarına göre ise Ahmed Yesevî devrine ait “*Divan-ı Hikmet*” el yazmalarının mevcut olmaması hikmetlerin tetkikinin durdurulmasına sebep olamaz.⁹ Çünkü metindeki dil ve ifadelerde değişme olmuş olabilir, ama hikmetlerin vezni değişmemiş, ana fikir ve düşünce asıl haliyle korunmuştur.¹⁰

Zira istinsahı kime ait olursa olsun “*Divan-ı Hikmet*”teki hikmetlerin ana gayesini Ahmed Yesevî’nin görüşleri ve Yesevîlik tarikatının prensipleri teşkil eder. Zamanın geçmesiyle birlikte gün geçtikçe daha da yaygınlaşan hikmetlerin anlam, içerik ve lisan yönünden değişimlere uğradığı, değişikliklerle zenginleştiği tarihi bir gerçektir. Ama “*Divan-ı Hikmet*” adıyla toplanan bu hikmetler vermek istediği ana fikirlerden ve esasından hiçbir şey kaybetmemiş, Yesevîliğin bütün hususiyetlerini kendinde korumuştur.¹¹

Demek ki, Ahmed Yesevî mahlasıyla istinsah edilen hikmetleri günümüzde araştırmak ve onları yayımlama çalışmaları Ahmed Yesevî adıyla ilişkilendirilmelidir. Zira hikmetler, Türk edebiyatının olduğu gibi dünya edebiyatının da incilerindedir ve ayrılmaz bir parçasıdır.

Fıtrat’ın “*Yesevî Ekolü Şairleri Doğrultusunda İncelemeler*” isimli makalesinde Orta Asya Türk edebiyatının son akımları arasında yer alan Yesevî ekolünün çok nüfuzlu ve büyük bir yeri kapsadığını, Türk tekke edebiyatı olarak asırlarca gelişip devam ettiğini belirtmiş. Fıtrat’a göre, Çağatay klasik edebiyatı tarihinde üç edebi ekol faaliyet göstermiş olup, bunlardan birincisi Ahmed Yesevî, ikincisi Ali Şîr Nevaî ve üçüncüsü Emir Ömer Han edebi ekolleridir. Yesevî ekolünün diğer ekollerden en önemli farkı “tekke edebiyatı” olmasıdır.

Fıtrat *Reşehât Ayn-ül Hayat*”, “*Lemehât min Nefehâtü’l-Kuds*”, “*Semerâtü’l-Meşâyah*” gibi birincil kaynaklara dayanarak Yesevî takipçilerinin isimlerini sayar. Fıtrat, Yesevîlerin Orta Asya’da birçok şair yetiştirdiğini kabul etmek zorundayız deyip; onların hayatı ve eserlerinin henüz tamamen malum olmadığı ve incelenmediğini de eklemiştir.

Gerçekten de, bazı istisnalar dışında, Yesevî ekolü şairleri ve edebi mirası bugüne kadar üzerinde pek çalışılmamış konulardandır. Bu bağlamda Fıtrat’ın araştırması bizim için yol göstericidir. Çünkü âlim bu makalesinde Hakim Ata Süleyman Bakırğânî, Kemal Şeyh İkânî, Şems Özgendî, Kul Ubeydî, Şeyh Hüdaydâd, Hubbi Hâce gibi Yesevî yolu takipçileri hakkında kaynaklara dayanarak güvenilir bilgileri takdim etmiştir. Zira bugünkü incelemeler gösteriyor ki, Yesevî

⁹Ahmed Yesevî., Hikmetler, Hazırlayan: İ. Hakkul, Taşkent, 1991, s.23; Hakkul İ., “Oldingdan Okkan Suvning Kadri...”// Özbekistan Edebiyatı ve San’atı, 2004, 1 Ekim; Açılav E., “Har Ne Kılısang Oşik Kılıgil...”; Özbekistan Bilimler Akademisi Biruni Şarkiyât Enstitüsü’ndeki Hoca Ahmed Yesevî Hikmetlerinin El Yazma Kataloğu. Türkistan, 2006.

¹⁰Şeyhzâde M., Eserler, C. 5 Taşkent, 1973, s.207; Mallaev N., Özbek Edebiyatı Tarihi. Taşkent, 1976; s.154; Eraslan K., Seçmeler, s.41; Hakkulov İ. Ç., Özbek Tasavvuf Şiirinin Gelişimi ve Terakkiyatı. Doçentlik Tezi. Taşkent, 1995, s.83-86.

¹¹ Eraslan K., Divan-ı Hikmet’ten Seçmeler, s.37.

ekolüne mensup birçok takipçinin eserlerinden örnekler dünya kitap hazinelerinde mevcuttur. “*Divan-ı Hikmet*” derlemelerinde Ahmed Yesevî hikmetleriyle beraber onlarca takipçinin şiirleri de yer almıştır. Çeşitli derleme ve mecmualarda Yesevî takipçilerinin dinî-didaktik konudaki pek çok manzum kıssa, hikâye, destan, cenknâme, vefatnâme ve miraçnâmelerine rastlamak mümkündür.

Yazar Türk dünyasının mutasavvıf ve şairleri arasında Ahmed Yesevî kadar etkili olan başka birisine rastlanılamayacağını, Yesevî’den sonra onun üslubuyla şiir yazmanın Türk sûfî şairleri arasında bir gelenek olarak devam ettiğini özellikle vurgulamaktadır. Bu bağlamda Mahtumkulu ve Nesimî gibi meşhur şairlerin bile Yesevî hikmetlerinden etkilendiklerini belirtmesi, Yesevî’nin Türk halkları edebiyatındaki yerini ortaya koymasından ayrı bir öneme sahiptir.

Gerçekten de Fıtrat’ın belirttiği gibi, Yesevî hikmetleri üslubunda şiir yazmak Yesevî’den sonra Türkistan edebiyatında bir gelenek haline gelmiş ve bir edebi ekol şeklini almıştır. Bununla birlikte, araştırmalar Yesevî’nin fikir dünyasının, özellikle Tatar, Türkmen, Azerbaycan ve Osmanlı Türklerinin sadece dinî-tasavvufî edebiyatına değil genel olarak Türk soylu milletlerin manevi, medeni ve ruhani hayatına da güçlü bir tesiri olduğunu göstermektedir.

Nasıl ki F. Köprülü “*Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar*” monografisi ile Türkiye’de Yesevî araştırmacılığı bilim dalını kurduysa, Fıtrat da aynı vazifeyi Özbekistan’da gerçekleştirdi diyebiliriz. Çünkü ondan önce hiçbir âlim Ahmet Yesevî mevzusunu bu kadar geniş kapsamda ele almamış, Yesevî takipçilerini müstakil bir edebi ekol olarak ilmi değerlendirmeye dâhil etmemiştir. Fıtrat’ın makaleleri o hayattayken tartışmalara sebep olmasına rağmen bugün de ehemmiyetini kaybetmemiştir. İşte bu yönleriyle Fıtrat’ın çalışmaları Yesevî araştırmacılığında kendine has bir kıymete sahiptir. Demek, Fıtrat’ın Yesevî ve Yesevî ekolü şairlerine dair adı geçen makaleleri, XX. asır başında yapılan ilk ciddi araştırma olarak önemini daima koruyacaktır.

Edebiyat araştırmacıları (Âlim Şerefeddinov, Sattı Hüseyin) “*Özbek Edebiyatı*” kitabında Yesevî ve takipçilerinin hikmetlerinin dil özellikleri, ifade ve şekil özelliklerine dair şu gerçeklere dikkat çekmişlerdir: “Yesevî ve Bakırganî’nin eserlerinde göze çarpan özellik, dil ve ifadenin sade, akıcı, net ve şekil yönünden halk edebiyatına yakın olmasıdır. Bu durum son asırlara kadar bu eserlerin yaygın olması ve çok okunmasına neden olmuştur...”¹²

Ord. Prof. Dr. İbrahim Muminov da “*Divan-ı Hikmet*”in sosyal önemini açıklayarak şöyle demiştir: “Hikmet, Özbek (Yani Çağataycada – N.H.) edebiyatının değerli bir yadigarıdır ve onun müellifi de İslamiyeti, Kelâm düşüncesini, Tasavvufu, çiftçilerin, hayvancılığın, zanaatkarların yaşam tarzını, o dönemin sosyal düzenini iyi bilen tanınmış bir şahsiyettir. Yesevî’nin seviyesi geniş ve derin olduğundan O, Özbekçede (Türkçede – N.H.) ilk olarak işte bu idealistik eseri kaleme almıştır. Ahmed Yesevî, Maverâünnehir’de Mistisizmin bir temsilcisi olarak “*Hikmet*” eserinde Sûfîzmin esaslarını tam olarak beyan etmiştir”¹³. Bu makalesi için

¹² Şerefiddinov A., Hüseyin S. Özbek Edebiyatı/15 yıl içinde Özbek Sovyet Edebiyatı, Taşkent: 1939. s.14.

¹³ Muminov İ., Seçme eserler, Taşkent, 1969, 1.C., s.36-41.

akademisyen haksız yere eleştirilmişse de o gerekli mesajı vermiş, görevini yerine getirmiştir.

Bunun dışında G.Pugaçenkova ve P.Rempel de Ahmed Yesevi türbesini mimari açıdan incelemiştir¹⁴.

Özbekistan’da Ahmed Yesevi’nin mirasına yaklaşma süreci aslında 60.lı yılların sonunda tekrar başlamıştı, Yesevî konusuna olan ilgi tekrar canlanmıştı. 1972 yılında merhum Prof. Dr. Ergeş Rüstemov “*Ahmed Yesevî Hikmetlerinde Tarih ve Hayat Sedası*” isimli makalesinde Ahmed Yesevî’nin edebiyat tarihindeki yerini yeniden objektif bir şekilde değerlendirmeye çalışmıştır¹⁵. Bu makaleleri için bilim adamı haksız yere itham ve cezalara maruz kaldıysa da o amacına ulaşmıştı.

Fakat Sultanü’l arifin’in milli medeniyet, dil ve edebiyat tarihindeki hizmetlerini doğru değerlendirmek yolundaki tüm çabalar Sovyet ideolojisi temsilcileri tarafından sert bir şekilde eleştirilmiş ve “objektif gerçeğe aykırı” denilerek suçlanmış¹⁶.

Ahmed Yesevi’nin “tipik mistik şair olması ve Özbek edebiyatı, Merkezi Asya halkları düşüncesi tarihinde reaksiyon role sahip olması”na önem verildi. Hikmetlerin içeriği “ilahiyete çekinme, real hayat meselelerini çözmekten kaçma, kişiler gönlünü dünyadan soğutma, o bir dünyayla ilgili dini görüşlerle kandırma, avutma”dan ibarettir diye düşünülmüştür.¹⁷

Nihayet, 90’lı yıllara gelindiğinde, artık Yesevî araştırmalarında yeni bir devir başlamış, özellikle Türkî cumhuriyetlerin bağımsızlığına kavuşması Yesevîlik araştırmalarında yeni ve serbest bir dönemin başlamasına vesile olmuştur. Yesevî hikmetlerini araştırma, yayınlama ve halka ulaştırma konusunda farklı arayışlara gidilmiştir. Demek ki, Yesevîlik konusunda yapılan çalışmaları değerlendirmeden Yesevî’nin hayatı, eserleri ve öğretisi konusunda dikkate şayan işler yapmak zordur. Zira, Yesevîlik araştırmalarında incelenmesi ve çözülmesi gereken meseleler daha çoktur.

Özet. Bilindiği üzere, birçok dini-tasavvufi edebiyat erbabı gibi Hoca Ahmed Yesevi’nin hayatı ve eserleri de Sovyet döneminde hayli az ve tek taraflama incelenmiştir. Çünkü bu büyük mutasavvıfa o dönemde “reaksiyon şair” sıfatıyla bakılmıştır. Buna rağmen Abdurahman Sâdî, Abdurauf Fıtrat, A.Garrtiskiy, A.Semenov, A.Kalinin, A.Sardor, M.Masson, İ.Muminov, E.Rustamov, A.Osman, N.Kamilov, İ.Hakkul gibi birkaç bilim adamı tarafından Ahmed Yesevi’nin hayatı, eserleri ve edebi mirasının farklı yönleri incelenmiştir. Özellikle, Ahmed Yesevi’nin hikmetleri “Özbek Edebiyatı Antolojisi”nin birkaç baskısında yayımlanmıştır. O dönemdeki ideolojik tazyik ve takipten dolayı adı geçen çalışmalarda Ahmed Yesevî’nin sanatı Sovyet mefkuresine göre incelenmiştir. Buna rağmen, bazı bilim adamları Ahmed Yesevî hikmetlerinin Türk edebiyatındaki mevkiini objektif değerlendirmeye çalışmışlar. Nitekim, hikmetlerin halkın anlayacağı şekilde yazılmış

¹⁴ Пугаченкова Г.А., Ремпель П.И., Выдающиеся памятники архитектуры Узбекистана. –Тошкент, 1958.

¹⁵ Rüstemov E., A.g.m.

¹⁶ Adabiyatşinoslik Fanining Partiyeviyliги va Goyeviyliги Uçun // Özbek dili ve edebiyatı dergisi, 1973. №3. -B.5; Mallaev H.M. Uzbek Adabiyoti Tarihi, 1-Kitob (XVII Asrgaça). Taşkent: 1976. -B.158-159; Karimov G. Qisqacha Uzbek Adabiyoti Tarihi, -Toşkent: 1978, -B.48-50, 65-71;

¹⁷ Adabiyatşinoslik Fanining Partiyeviyliги va Goyeviyliги Uçun., s.5.

olması üzerine durmuşlar. Hatta hikmetlerin aynen bu yönüyle önem kazanmış olması Moskova’da yayımlanan Büyük Sovyet Ansiklopedisinde objektif değerlendirilmiştir. Ama Ahmed Yesevi’nin millî kültür, dil ve edebiyat tarihindeki hizmetlerini geniş çapta değerlendirme yolundaki tüm çabalar Sovyet ideolojisi temsilcileri tarafından sert eleştirilerek “objektif gerçeğe aykırı” olmakla karalanmıştır. Nihayet, 90’lı yıllara gelindiğinde Yesevilik araştırmalarında yeni dönem başladı. Yesevî hikmetlerini araştırma, yayınlama ve halka ulaştırma konusunda farklı arayışlara gidildi. Bildiride adı geçen çalışmalar üzerinde fikir ve görüşler bildirilecektir.

Anahtar kelimeler: Hoca Ahmed Yesevi, Yesevilik, Hikmet, Tasavvuf, Edebiyat, Kitap, Araştırma.

Annotation. The life and work of the famous scientist Khoja Ahmed Yasawi, like many religious Sufi writers, were studied very little and one-sidedly during the Soviet period. Because this great mystic was considered at that time a “poet of reaction.” Despite this, a number of scientists, such as Abdurakhman Sadi, Abdurauf Fitrat, A. Garrtsky, A. Semenov, A. Kalinin, A. Sardor, M. Masson, I. Muminov, E. Rustamov, A. Osman, N. Kamilov , I. Hakkul examined various aspects of the life, creativity and literary heritage of Ahmed Yasawi. In particular, the wisdom of Ahmed Yasawi was published in several editions of the Anthology of Uzbek Literature. Due to ideological pressure and persecution at the time, the art of Ahmed Yasawi in the above-mentioned studies was viewed in accordance with the Soviet ideal. Despite this, some scholars have tried to objectively assess the place of Ahmed Yasawi's wisdom in Turkish literature. In fact, they emphasized that the wisdoms were written so that people could understand them. In fact, the fact that wisdom acquired significance in this aspect was objectively assessed in the Great Soviet Encyclopedia, published in Moscow. But all attempts to give a broad assessment of the merits of Ahmed Yasawi in the history of national culture, language and literature were sharply criticized by representatives of Soviet ideology and denigrated as “contrary to objective truth.” Finally, in the 90s, a new era in the study of Yasawi began. Various efforts have been made to research, publish and communicate Yasawi's wisdom to the public. Ideas and opinions regarding the studies mentioned in the article will be expressed.

Key words: Khoja Ahmed Yasawi, Yasavism, Wisdom, Sufism, Literature, Book, Research.

Андатпа. Белгілі тұлға Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығы көптеген діни сопылық ақындар сияқты кеңестік кезеңде өте аз әрі біржақты зерттелді. Өйткені ол сол кезде ұлы мистик «реакцияшыл ақын» саналған. Осыған қарамастан, Абдурахман Сади, Абдурауф Фитрат, А.Гарцкий, А.Семенов, А.Калинин, А.Сардор, М.Массон, И.Муминов, Е.Рустамов, А.Осман, Н.Камилов, И.Хаққұл Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығын, әдеби мұрасының сан алуан қырларын зерттеген. Атап айтқанда, Ахмет Ясауи хикметтері «Өзбек әдебиеті антологиясының» бірнеше басылымында жарық көрді. Сол кездегі идеологиялық қысым мен қуғын-сүргінге байланысты жоғарыда аталған зерттеулерде Ахмет Ясауи мұрасы кеңестік мұратқа сай

қарастырылды. Десе де, осыған қарамастан кейбір ғалымдар Ахмет Ясауи хикметтерінің түрік әдебиетіндегі орнын шынайы түрде бағалауға тырысқандары да бар. Негізінде олар хикметтер мәнін халық түсінуі үшін жазылғанын ерекше атап та өтті. Шындығында, даналықтың үлкен мәнге ие болғаны Мәскеуде басылып шыққан Ұлы Совет энциклопедиясында жэарияланып, орынды бағаланғандығы. Бірақ Ахмет Ясауидің ұлттық мәдениет, тіл, әдебиет саласында сіңірген еңбегіне кеңінен баға беруге талпыныстар кеңестік идеология өкілдері тарапынан өткір сынға ұшырап, «шынайы шындыққа қайшы» деп қаралды. Ақыры 90-жылдары Ясауитануда жаңа дәуір басталды. Ясауи хикметтерін зерттеп, жариялап, халыққа жеткізуде бірнеше бағытта жұмыстар атқарылды. Сол себепті мақалада айтылған осындай зерттеулерге қатысты пікірлер мен ойлар зерделенген.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, ясауизм, хикмет, сопылық, әдебиет, кітап, зерттеу.

HOCA AHMED YESEVI'NİN TASAVVUF VE İSLAM TASAVVUFUNDAKI KONUMU

Hossein Khoshbateni,

Tabriz University Dr., Iran

E-mail: Hosseinkhoshbaten@yahoo.com

Khawaja Ahmed Yesavi, Yesaviyyah Tarikatı ve tarihi el yazması kaynakları:

Ahmed Yesevi, İbn Sina, Biruni, Mahmud Kaşgari ve Yusuf Has Hajeb gibi önde gelen bilim adamlarının çağdaşı olup, bu açıdan bakıldığında bu dönemin «Turan ülkesi'nin büyük rol oynadığı dönem olduğu söylenebilir. Böyle bir dönemde Hoca Ahmed Yesevi Türkistan'ın büyük bir mistik adamı doğuyor». Büyük mutasavvıflardan Cüneyd Bağdadi'nin sözlerinden Alishir Nevai şöyle diyor: «Cüneyd Bağdadi'nin bir sözü vardır ki: Alimler ve bilgeler Yüce Allah'ın insanlara rahmetidir». Çoğu Türk araştırmacının inandığı gibi, Hoca Ahmed Yesevi'yi tanımadan Türkistan'ı tanımak mümkün olmayacaktır.

Özbekistan'ın ünlü araştırmacılarından Dr. Ebrahim Hakkul, birçok makalesinde Türk araştırmacıların tutumlarını güçlendirmiş ve ilk kez Khwaja Ahmed Yessavi'nin ana dili olan Türkçeyi tarikat dili statüsüne yükselttiğini ve Türk araştırmacıların tutumlarını güçlendirdiğini yazmıştır. Türk dilini Arapça ve Farsça mistik diliyle eşit hale getirmiştir.

İnsanları doğru yola iletmek, bir yol göstericiye ve rehberine ihtiyaç duymak o dönem insanların taleplerinden biri sayılmıştır. Zira İslam öncesi batıl inançlar, yerel kavimler arasında etkisini kesin ve tam olarak kaybetmemiştir. Bedevi kabilelerini İslam'a davet etmek o dönemin en önemli meselelerinden biriydi. Henüz bu ihtiyaç ve talepleri unutmadığı günlerde İbrahim Şeyh'in ailesinde Türkistan ülkesinde (günümüzde Güney Kazakistan'ın "Sirim" bölgesinde) Ahmed adında bir çocuk doğdu.

Bazı tarihi kaynaklarda görüldüğü gibi Ahmed, ilk eğitimini babası İbrahim Şeyh'in yanında almıştır. Daha sonra dönemin ünlü alimlerinden Şahabaldin Esfejabî'nin ("Ata Bey" Baba Sefid lakaplı) huzurunda eğitim gördü. Daha sonra Ahmed'in eğitimini Türkistan'ın ünlü şeyhlerinden Arslan Bab devraldı.

Tarihi kaynakların ifadesine göre Arslan Bab, Peygamber Efendimiz (s.a.v.)'in görünmeyen ipuçlarıyla Ahmed Yesevî'nin manevi eğitimi üzerinde çalışmıştır. Hoca Ahmed Yesevî'nin soyu ve şeceresi Orta Asya'nın hemen her yerinde yayınlanmış olduğundan, o asilzade, yaşamı boyunca özel bir üne ve şöhrete sahip olmuştur. Orta Asya'nın farklı yerlerinden bile birçok mürit ve adanmış onu ziyarete geldi ve mürit çevresine katıldı. Kendi dönemine ve sonraki yüzyıllara ait yazılı eserlerde onun adına ve hayatına dair pek çok gönderme bulunmaktadır.

Bize Hoca Ahmed Yesevî hakkında bilgi veren kaynaklardan biri de Sufi Muhammed Danişmand'a atfedilen «Meraat el-Kulub» adlı eserdir. Bu eserin yazma nüshası Özbekistan Bilimler Akademisi Abu Rihan Biruni olarak bilinen Şarkiyat Enstitüsü'nün «Hamid Soleimani» koleksiyonunda 1/3004 numarasıyla muhafaza edilmektedir. «Meraat el-Kulub», Yasviyye öğretisinin kural ve düzenlemelerini analiz eden ve araştıran ilk bilimsel çalışmalardan biridir. Bu eserin, Hoca Ahmed Yesevî'nin vaazlarına dayanılarak yazıldığı içeriğinde zikredilmektedir. Söz konusu çalışma şu güzel girişle başlıyor:

ال كريم الخلاق الله سبحانه و العليم السميع الحمد لله! ال رد يم الرحمن الله ب اسم

«Tanrı adına! Elhamdülillah Es-Sami'-El-Alim ve Allah El-KHallak El-Kerim'i» tesbih ederim. Ve bu risalenin derleyicisinin Mevlana Sufi Muhammed Daneshmand olduğunu unutmayın.

Şeriatın delili ve tarikat alimlerinin faziletidir. Güvenilir alimlerin ve büyüklerin kitaplarında, bu aziz mutasavvıf Muhammed'in, bu sözleri yeryüzündeki Sultan Arifin ve Kutub'ul-EKatab, Hoca Ahmed Yesevî (Allah rahmet etsin)'den rivayet ettiği belirtilmektedir.

Bu risalenin giriş kısmından da anlaşılacağı üzere, onikinci yüzyılda yaşamış olan alim Muhammed Danişmend tarafından Ahmed Yesevî'ni eserinde yeryüzünde «Kutb-ül-Katab» ve «Sultan El-Arifin» olarak derlenmiştir.

Unutulmamalıdır ki, Hoca Ahmed Yesevî on asır boyunca «Sultan-ı Arifin» unvanını hak etmiştir. Khwaja Ahmed Yessavi'nin manevi konumuna değinen ikinci güvenilir kaynak, Emir Alishir Nawai'nin «Nesaim al-Mohabbat» kitabıdır.

Klasik Özbek edebiyatı düşünürü ve editörü Amir Alishir Nawai, Mevlana Cami'nin «Nafhat Al-Alans Man Hazrat al-Quds» adlı eserinin serbest tercümesi olan «Nesaim el-Mohabbat» adlı kitabında hatıra olarak, Khwaja Ahmad Yesavi'nin tanımı ve övgüsü hakkında şöyle yazıyor: «Türbesi mukaddes olan Hâce Ahmed Yesevî, Türkistan'ın şeyhidir». Memurları büyük ve ünlüdür, şerefleri ardı ardına ve sınırsızdır. Pek çok müridi, takipçisi ve yoldaşı vardı ve o, kralın ve dilencinin bağlılığının ve samimiyetinin eşiğindedir. İmam Yusuf Hamdani'nin (Allah onu kutsasın ve ona huzur versin) sahabelerinden biri olarak kabul edilir.

Abdülhalik Ghajdwani (Allah onu kutsasın ve ona huzur versin) ile sohbet etti ve o bilgenin konuşmasının tatlılığıyla kutsandı ve o, İmam Yusuf Hamdani'nin (Allah ona rahmet etsin) müritlerinden biriydi. Abdul Khaliq Ghajdwani (Allah

ondan razı olsun) ile sohbet etti ve o bilgenin konuşmasının tatlılığıyla kutsandı ve Khwaja Abdullah Buraghi ve Khwaja Hassan Andaghi gibi o da İmam Yusuf Hamdani'nin müritlerinden biriydi. Bunlardan her biri büyük makamlara ulaşmış, ona yoldaş olmuş ve zamanın pek çok soylu büyükleri onun eğitimiyle kemale ermişlerdir. Şeyh Radi el-Din Ali Lala (Allah onu kutsasın ve ona huzur versin), muhterem Şeyh Necmeddin Kabri'nin (Allah ona rahmet etsin) hizmetinde bulunduktan sonra, Hoca Ahmed Yesevi'nin (mayıs) hizmetindeydi. Allah ondan razı olsun ve ona huzur versin) ve Hanakahında hikmeti ile geçimini sağlamakta olup, türbesi Yesi şehrinde bulunmaktadır ve Türkistan halkının namaz kiblesidir.

Hadım büyükleri hakkında en önemli kaynaklardan biri olan Fahreddin Ali Safi'nin (H. 10. yüzyıl) «Reşehat Ayn el-Hayyat» adlı eseri, Hoca Yusuf Hamdani isminin zikredilmesiyle başlıyor. Fahreddin Ali Safi, Hoca Ahmed Yesevi hakkında şöyle yazıyor: «Üçüncü halife olan Hoca Ahmed Yesevi, Yusuf Hamdani'nin (Allah ruhlarını bereketlendirsın) halifelerinden biriydi. Türkler ona «Ata Yesevi» adını vermiş ve büyük büyüklere Türkçe «baba» anlamına gelen «Ata» sözcüğü uygulanmıştır. Doğduğu yer, Türkistan eyaletinin meşhur şehri Yesse'dir. Mübarek kabri de oradadır. Onlar büyük ayet, yüksek makam ve makamların sahipleriydi ve gençliğinde Arslan Bab'ın görüşlerine konu olmuşlardı.

Arslan Bab da büyük Türk şeyhlerinden biriydi ve Arslan Bab'ın kendisini Peygamber Efendimiz (sav)'in manevi talimatlarıyla yetiştirdiğini ve onun huzurunda yaptığı hizmet ve çalışmalar sonucunda Hazreti Hoca'nın genel bir ilerleme kaydettiğini söylüyorlar. Arslan Bab hayatta olduğu sürece sürekli onun hizmetinde olan Hoca Ahmed, Arslan'ın vefatından sonra onun hidayetiyle Buhara'ya gelerek, Hacı Yusuf'un huzurunda ahlâk derslerini tamamlayarak kemâl ve hidayet mertebesine yükseldi. Hoca Yusuf'un huzurunda işini bitirdi ve bir dereceye kadar kemal ve hidayet seviyesine yükseldi».

Bize Hoca Ahmed Yesevi hakkında bilgi veren diğer kaynaklar arasında Muhammed Tahir İşan'ın 1746 ve 1747 yıllarında yazdığı «Tazkreye Naqshbendihi Tahir İşan» adlı eseri de bulunmaktadır. Tahir İşan, Hoca Ahmed Yesevi ile ilgili olarak şöyle yazıyor: "Türk şeyhlerinin baş katibi, Tasavvuf semalarının parlak yıldızı,, meleklerin yoldaşı, genel ve özel rehber, sünnetin rehberi, Peygamber'in meliki yani üçüncü halifenin tebaası olup yerine Hoca Yusuf Hamdani getirilmiş ve Türk toplulukları ona «Ata Yesevi» adını vermiş ve kendi geleneklerinde (Baba anlamına gelen Ata, aynı zamanda büyüklere de hitap ediyordu.

Hazreti Hoca Ahmed Yesevi büyük alametlere sahip, şerefli bir insandı ve çocukluğunda kendisi de Türk şeyhlerinin ataları arasında yer alan Arslan Bab tarafından sayılmıştı. Arslan Bab çok asil bir insandı ve Türk şeyhleri arasında özel bir yere sahipti. Arslan Bab, Hoca Ahmed Yesevi'yi Peygamber Efendimiz'in (sav) manevi talimatlarıyla yetiştirdi. Arslan Bab'ın vefatından sonra, Hoca Ahmed Yesevi, babasının müjdesiyle Buhara'ya giderek, Hoca Yusuf Hamdani (Allah ona salat ve selam versin)'in müridleri arasına katılarak, bütün hizmetlerinden sonra şan ve şerefe kavuştu.

Ghulam Sarwar Lahori, MS 1864'te yazdığı «Khazinato Al-Asfia» adlı eserinde şöyle yazmıştır: «O Hezret, zahir ve batın ilimlerinde yeterli bir ustalığa sahipti ve

zühhd, riyazet ve tam bir dindarlık kazanmıştı. Şeriat ve tarikatta büyük bir dereceleri vardı. Ahmed Yesevi, halifelik cübbesini Hazreti Hoca Ebu Yusuf Hamdani (Allah ona rahmet etsin)'den almış ve o irfan sahibi ihtiyarın vefatından sonra hidayet makamına oturmuşlardır ve o asilzadenin doğuşu, Türkistan'ın bir kasabası olan Yase adlı şehirde olmuş ve çocukluğu boyunca Türkistan şeyhlerinin büyüğü Şeyh Arslan Bab tarafından kabul edilmiştir. Şeyh Arslan Bab, Şah Resalat (as)'ın manevi rehberliğiyle, Hoca Ahmed Yesevi'nin (Allah onu kutsasın ve ona huzur versin) harici ve dahili eğitimi üzerinde çalıştı».

Hoca Ahmed Yesevi de Şeyh Arslan Bab'ın huzurunda görev yapmış ve Şeyh Arslan Bab'ın vefatından sonra Buhara'ya giderek, Hoca Yusuf Hamadani'nin huzurunda ibadetini tamamlayarak kemal sahibi olmuştur. Türkistan şeyhlerinden oluşan bir çevrenin başı oldukları ve çoğunun tarikattaki Hoca Ahmed Yesevi ile akraba oldukları gizli değildi. Ancak o muhterem beyefendinin iltifatı ve ilgisi sayesinde, hakkı arayan binlerce mürid bir derece hidâyete kavuştu. Haberlere göre ölümü Hicri 562 yılındaydı (MS 1166'ya tekabül ediyor) ve kutsal türbeleri Yesse şehrindeydi.

Hoca Ahmed Yesevi'nin soyağacıyla ilgili kaynaklar el yazması olarak günümüze kadar gelmiştir. Bu yazmalar Arapça, Farsça ve Türkçe dillerinde yazılmıştır. Bu yazmaların çoğu farklı tarihsel aşamalarda kopyalanmıştır. Daha güvenilir olan versiyon orijinal versiyondur ve o zamanki hakimler tarafından mühürle onaylanmıştır. Bahsi geçen rivayete güvenip Hoca Ahmed Yesevi'nin kökenine ve soyuna bakarsak onun soyunun Hz. Ali'ye (AS) dayandığı kanaatine varırız. Hoca Ahmed Yesevi'nin soyağacını anlatan on dörtten fazla el yazması vardır. Söz konusu yazmanın en küçük nüshasının, Seyfuddin Aurang Zeyb'in versiyonu güçlü kabul ediliyor. Saifuddin Quylaghi'ye atfedilen versiyon 1996 yılında Taşkent'teki «Hazine» yayınlarında yayınlanmış, aynı zamanda söz konusu şecere aynı yıl İstanbul'da da yayınlanmıştır.

Seyfaldin Aurang zeyb Qoylaghi, Ahmed Yasevi'nin kardeşi bilim adamı Khwaja'nın oğlu-Sadar Khwaja'dır. Daneshmand Khajeh aynı zamanda «Sufi Muhammed Daneshmand» olarak da adlandırılmıştır. Amir Alishir Nawai, «Nesaim al-Muhaba» adlı eserinde Baba Kamal Jundi'nin ifadesinde ilginç bir nokta görüyor: Baba Kamal Jundi "Vali" rütbesini aldığı anda, Hazreti Şeyh Necmuddin Kobri onu bir pelerinle ödüllendirdi ve Türkistan için oradan ayrılmasını emretti.

Sıralamada şöyle yazıyor: «Türkistan vilayetinde Ahmed Mevlana adında bir çocuk var, Şemseddin Müftü'nün oğludur ve bu pelerin ona bizim adımıza verilmeli, lütfen ona eğitiminizi verin». (Alishir Nawai. Nesaim al-Muhabe. El Yazması, sayfa 72) ve o pelerini Ahmed Molana'ya teslim olması için uzak yerlerden birine gönderirler. Baba Kamal, bin kilometreden fazla yol kat ettikten sonra oraya vardığında bir grup genç arasında Mevlâna'yı görür ve tanır. Onu selamlıyor, elini sıkıyor ve evine dönüyor. Müftü, bu çocuğun belli bir düzeyde ilahi lütfâ kavuştuğunu, dolayısıyla layık bir hizmet yapamayabileceğini söylüyor. Onun büyük arkadaşı bilim adamı Rumi çok akıllı ve kibardır.

Bu durumda Baba, Allah'ın kendisini de bu makama layık kıldığını söylüyor ama biz Hazreti Şeyh'in havalesine göre hareket ediyoruz ve onun müjdesine göre

Ahmed Mevlana Kamar'a hizmet etmeye çalışıyoruz. Mevlana Sufi-Muhammed Daneshmand'ın niyeti budur. Ahmed Yesevi'nin kardeşi Şemseddin Müftü-Sadr Khwaja, Şemseddin (Aftab Din) ve Müftü'nün şeriat kuralları ve düzenlemeleri hakkında bilgili olduğu kabul edilmektedir. Bu nottan Sadr Khwaja Shamsuddin Müftü'nin Saifaldin Aurang Qoliaghi'nin atası olduğu açıktır. Ahmed Yesevi'nin şeceresinde şöyle geçmektedir: «Şeyh Elias Khwaja'nın oğlu Şeyh İbrahim'in iki oğlu vardı, birinin adı Ahmed Khwaja ve diğerinin adı Sadr Khwaja idi. Sadr Khwaja'nın iki oğlu vardı, ilk oğlunun adı Abdul Malik, ikinci oğlunun adı Daneshmand Khwaja idi. Takma adı (Zahed Orung Qoliaghi) tarafından biliniyordu. Oğlu Mevlana Seifaldin, «Urung Quylaghi» olarak biliniyordu. Orung isminin anlamından - beyaz, parlak - Sifaldin Orung Quylaghi'nin beyaz koyunları koruduğu anlaşılıyor. Görünüşe göre zamanla «Qavi Laq Ata» unvanı resmiyet kazanacak.

Muhammed Tahir İshan, 1746-1747'de yazdığı «Tağrihi Nakşibendiyye» adlı kitabında bu konuyu şöyle yazmaktadır: «Sufi Ahmed Danişmand'ın beyanında: Zamanın büyük adamı, dört halifenin üçüncüsü olan Hoca Ahmed Yesevi (Allah ondan razı olsun) idi. Khwaja Ahmed şehre (Yasa) geldi ve Hacer'i (halka açık vaaz) okumaya başladı. Bu zikir Sufi Muhammed Danişmand tarafından kabul edilmedi».

Bu da Khwaja Ahmad'ın Hacer'den bahsetmesini engelledi. Khawaja Ahmad vaaz vermeyi bırakıp evine dönmek zorunda kaldı. Bu arada Mevlana da onunla özel olarak ilgilendi ve onun ilim ve bilgilerini öğrenerek onu müridlerine ve ashabına davet etti. Görüşme sırasında Mevlana'nın tasavvufi ve ahlaki öğretilerinden yararlandı ve bu sayede daha sonra en yüksek dereceye yükseldi.

Yukarıdaki noktalardan Sefaldin Quylaghi'nin kemal mertebesine ulaştığı ve Ahmed Yesevi'nin halifelerinden biri olduğu görülmektedir. Eldeki belgelere göre Seifaldin Qoliaghi, bilim adamı Sufi Muhammed'in oğullarından biriydi. «Nesabnameh" in orijinal el yazması Arapça yazılmıştır. Sefaldin Orung Quylaghi, «Nesabnameh» in Arapça yazılmış orijinal versiyonunu Türkçeye çeviriyor».

Hicri 540 yılı MS 1145 yılı ile aynı olduğuna göre Sefaldin Urung Qoliaghi'nin MS 12. yüzyılın başında doğduğu ve 13. yüzyılın başında öldüğü açıktır. Türkçede 20-30 yaş arası döneme «ituk liq» (kâmil gençlik dönemi) denir. Bu araştırmanın ana noktası, bu toprakların yerli halklarından İshak Bab'ın soyundan gelenlerin Türkistan'da hüküm sürmesidir. "Şecere" de görülebilecek bir başka nokta da şudur: «Hâce Ahmed Yesevi vefatından önce (Mevlana Urung), yerine geçecek kişi ve halife yönünde şeceresini beyan etmektedir. Sefaldin Orung Quylaghi, 93 yaşında Dar al-Fana'yı Dar al-Baqah'a devretti. Elli yıl boyunca Hz. Hızır'la birlikte olduğu bilinmektedir».

Daha sonra Ahmed Yesevi'nin şeceresinin araştırma problemi Orta Asyalı araştırmacıların önemli problemlerinden biri haline geldi. Çünkü Hoca Ahmed Yesevi'nin torunları Türkistan'ın merkezine dağılmışlar ve bu toprakların çevresinde özel bir nüfuz ve prestij kazanmışlardı. Onun «şeceresini» araştırmak ve incelemek konusu özellikle önem kazandı.

1992 yılında bugünkü Kazakistan'ın güney şehirlerinden Çimkent şehrinde bilim adamlarından Mir Ahmad Mirkhaldar'ın girişimiyle «Sadat'ın Şeceresi» adlı bir kitap yayımlandı. O kitapta «Kolliyyat Hazeq" hakkında şöyle deniyor: «İsmail Ata,

İbrahim Ata'nın oğludur». Bunun devamında şair Hazeq, Hossein Atai Mansour Ata'nın Khwaja Bahauddin-Nohi İsmail Ata olduğunu ve burada Khwaja Bayazid adının da değiştirildiğini yazıyor ki bu da muhtemelen onun alaycılığının devamı olacaktır.

«Nesaim el-Mahbba»de, Alishir Nawai'de büyük Türk şeyhlerinin hayatlarının, hallerinin ve sözlerinin anlatılmasına özel önem verilmiştir. Bu kitap ile Abdurrahman Cami'nin "Nafahat Al-uns" kitabı arasındaki temel fark, Alishir Nawai'nin kitabında Ahmed Yesevi, Ahmed Yogenki, Obaidullah Lotfi, Khawaja Bayazid ve Türkçe konuşan yüz şeyh gibi şeyhlerin ve daha birçok şeyin zikredilmesinde ilginç bilgilere yer verilmiş olmasıdır. Notta Mevlana Camisi hakkında da değerli bilgiler dile getirildi.

Amir Alishirnavai, Khwaja Bayazid'i Ata'nın yakın torunlarından biri olarak adlandırıyor. (Ata Ning yeqin evladidir). Burada «Ata» nasıl bir insan olduğu sorusu ortaya çıkıyor? Bu soruya cevaben Alishir Nevai, «Nesaim el-Mahbbah» kitabında 614. Allah Velisinden bahsederken şöyle yazıyor: «İsmail Ata muhtemelen Ahmed Yesevi'nin de kardeşi olan İbrahim Ata'nın çocuklarından biriydi. O, Hoca'nın ve onun düşüncesinin öğrencisidir. Arkadaşları ve ashabı daha fazlaydı ve müridleri de çoktu. Onun şerefleri, makamları ve mucizeleri sayısızdır. O sevgilinin ömrü neredeyse yüz senedir ve on yedi veya on sekiz çocuğu vardır. Dârü'l-Fena'dan Dârü'l-Baka'ya doğru yola çıkmadan önce, oğullarından İshak-Ata adlı birini makamının velisi olarak seçmiş ve bu dünyayı terk etti».

Bu ifadelerden Hz. Hoca Bayezid'in Ahmed Yesevi'nin yeğeni olduğu ve İsmail Ata'nın çocuklarından biri olduğu anlaşılmaktadır. İsmail Ata ile ilgili olan ise Hoca Ahmed Yesevi'nin onu mistik dünyasına çağırması, içsel ve dışsal eğitimiyle ilgilenmesidir. Dolayısıyla ilahi velisinin görüşü de etkili olur ve o, hikmet güneşinin etkisiyle tazelenir.

Emir Timur, Hoca Ahmed Yesevi'nin yöneticisi ve Ulya Allah İsmail Ata'nın oğlu olması nedeniyle Hazreti Hoca Bayazid'i kendisine akıl hocası olarak kabul etti. Emir Alishir Nevai'den bize ulaşan el yazmaları ve metinlerden Emir Timur'un, Hoca Bayazid'in manevi erdemlerinden ve öğretilerinden büyük ölçüde yararlandığı açıktır. Bu arada Emir Timur'un, Hoca Ahmed Yesevi'nin özel kullarından biri olduğu ve Hoca Ahmed Yesevi'ye «Türkistan halkının dualarının kiblesi» olarak saygı duyduğu gibi önemli bir konu daha gündeme geliyor. Bütün bu saygı ve bağlılıklar temelsiz olmayıp, O Hzret'in sağlam öğretilerinin ve faziletlerinin kabulüne dayanıyordu.

Şunu da belirtmek gerekir ki, «Nesaim el-Mahbahta» «Ata Ning Oladi İdi» ibaresi kullanılmış olup, bunun anlamı, Hacı Ahmed Yesevi'nin yeğeni olan ve onun müritlerinden sayılan İsmail Ata'dır. Emir Timur, Yeseviyya tarikatının kurucusu, Yeseviler ailesinin reisi Khwajah Ahmad Yesevini onurlandırmak için muhteşem bir mezar inşa etti. Bu türbenin taşı Hindistan'daki en nadide mermer taş türlerinden biridir ve Emir Timur'un emriyle Hazreti Hoca'nın türbesinin inşası için nakledilmiştir. Adı geçen türbe, İslam mimarisinin yüksek sanatıyla inşa edilmiştir. Bugün bile orijinalliğini koruyan bu türbenin, İslam tasavvuf dünyasının en ünlü hac yerlerinden biri olarak kabul edildiği söylenebilir.

Daha sonraki dönemde Yessaviyye tarikari çok sayıda mürit edinmiş ve bu bölgenin bazı şeyhlerini manevi mükemmelliğe ulaştırmıştır. Yeseviyyeh Tarikatı'nın en ünlü şeyhleri şunlardır:

1. Mansur Ata; Hoca Ahmed Yesevinin İlk halifesi olmuştur.
2. Hazreti Hoca Abdülmelik; Hazreti Mahdum Mansur Ata'nın (Allah'ın selâmı üzerine olsun) oğluydu.
3. Hazreti Tac Hoca; Ercemend Khwaja Abdul Malik'in oğlu ve Zengi Baba'nın babasıydı.
4. Hazreti Seyyed Ata; Hoca Ahmed Yesevinin İkinci halifesi olmuştur.
5. Sufi Muhammed Daneshmand; Hoca Ahmed Yesevinin Üçüncü halifesi olmuştur.
6. Hakim Ata; Hoca Ahmed Yesevi'nin halifelerindendir. Türk büyükleri arasında Türk dilinin belagatını bilmesiyle meşhurdur.
7. Zangi Ata veya Zangi Baba da diyorlardı. Büyük Farid Zaman ve Hakim Ata'nın ilk halifesi olarak kabul edilir. Arslan Bab'ın torunlarından ve Tac Hacacah'ın şerefli oğullarından Zangi Ata, bir süre okültün irşadı ve müjdesiyle Hakim Ata'nın hizmetindeydi.
8. Ozon Hasan Ata; Ata, Zengi'nin dört halifesinden biriydi. Mezarı bir köyde Türkistan eyaletlerinden biri olan Sıram isminde bulunmaktadır.
9. Seyyed Ata; Zengi Atanın İkinci halifesi olmuştur. Resul Ekrem'e aittir.
10. İsmail Ata; Seyyed Ata'nın büyük sahabelerinden biriydi. Mezarı Taşkent ve Sıram illerinin ortasında bulunmaktadır. Horezyan'ın bir bölgesinde kalıyordu.
11. Hazreti İshak Hoca; İsmail Ata'nın oğludur. Kalmak kasabası ve halkı İslam'a davet edildi ve şehit edildi. Daha sonra naaşı Taşkent'e taşınarak büyük babasının mezarının yanına yerleştirildi.
12. Hazreti Sadr Ata; Zengi Ata'nın üçüncü halifelerinden biriydi. Mezarı Buhara'nın Ghajjdvan bölgesinin Saktri köyünde bulunmaktadır.
13. Hazreti Bedre Ata; Zengi Atanın Dördüncü halifesi olmuştur. Mezarı Fergana'nın Kur'anîn köyünde bulunmaktadır. O yer Miankal olarak biliniyor.
14. Hazret-i El-Min Baba; Alevi Sadatlardan ve Peygamber Efendimiz'in aydınlatıcılarından biriydi. Mezarı Özgünd kalesindedir, o kutsal türbe artık kalenin giriş kapılarından biridir.
15. Hazreti Şeyh Ali; El-Min Baba'nın haleflerinden biriydi. Mezarı Karagöl'de bulunmaktadır.
16. Hazret-i Mevdûd Şeyh; Şeyh Ali'nin vefatından sonra Hazret-i Min Baba'nın haleflerinden biri olmuştur.
17. Hazreti Kemal Şeyh; Taşkent'te kaldı. Mezarı Pai Baqaq kapısının yakınındaki Basr Kalesi'nde bulunmaktadır.
18. Hz Seyyed Ahmed Veli; Mezarı Semerkant Kalesi'nde Kabak kapısının eteğinde bulunmaktadır.
19. Hazreti Ahund Molla Şemsuddin Özgandi; Seyyid Ahmed Veli'nin halifelerindendi.
20. Hazreti Khadim Şeyh; Taşkent halkının akıl hocası ve lideriydi. Mezarı Semerkant'ta Pilmazar diye bilinen yerdedir.

21. Hazreti Şeyh Cemaleddin Buhari; Şeyh Khadim'in müritlerinden biriydi. Saad al-Din Kaşgari mezarın sağ tarafında gömülüdür.

22. Hazreti Khodai Dar Wali; Şeyh Cemaleddin'in sahabelerindendi.

23. Hazreti Akhund Molla Veli Azizan; Hz. Khudaydad'ın haleflerindendir. Mezarı Mian diye bilinen yerde bulunmaktadır.

Bu zincire göre Seyyed Ata'nın soyağacı şu şekilde sayılabilir: Neseb ve soyu Peygamber Efendimiz'e (s.a.v.) ait olan Sultan El-Arifin, Hoca Ahmed Yesevi, Allah ona salat ve selam versin ve Seyyed Ahmed Ata da o sülaledendir. Tahir İşhan, Hazreti Seyyed Ata'nın (Allah ona rahmet etsin) beyanında yer alan «Tağrihi Nakşibendiyye» adlı risalesinde, diğer şeylerin yanı sıra şöyle yazmaktadır: «Resûlullah (s.a.v.)'in A'lem Ulema ve Efzal el-Fazla sıfatındandır ve o, Sadat'ın (Sıdzadagan) asil topluluğuna mensuptur». Hazret-i Seyyed Ahmed Ata, Allah'ın rahmeti üzerine olsun, cümertlik ağacının bir meyvesidir ve istifsa hakkı vardır. Hazreti Seyyed Ata, Hazreti Zangiyata'nın ikinci halifesiydi, Allah ona rahmet etsin.

Hazretlerinin mübarek adı, Seyyid Ahmed bin Ebubekir Rıza bin Seyyid Hüseyin Kahir bin Seyyid Musa et-Takki bin Seyyid Abdullah bin Seyyid Muhammed bin Seyyid Cafer bin Seyyid Abdullah bin Seyyid Muhammed Kabir bin Seyyid İbrahim Rıza bin İmam Musa Kazım bin İmam Muhammed Cafer Sadık bin İmam Bâkır Şehid el-Şehidâ'nın oğlu İmam Zeyn el-Abidin'in oğlu, Ebu Talib'in oğlu Galib, Esadullah'ın oğlu İmam Hüseyin'dir.

بن قاهر حسين سيد بن رضا ابوبكر بن سيد احمد مآب بركات جناب آن مبارك اسم
ال تقي موسى سيد

محمد سيد بن عبد الله سيد بن جعفر سيد بن محمد سيد بن عبد الله يدس بن
رضاء راهيم سيد بن ك بير

بن ال عابد بن زين امام بن باقر امام بن صادق جعفر محمد امام بن كاظم موسى امام بن
ال شهدا شهيد

ميد باشد ابوطالب بن ال غالب اسد الله بن حسين امام حضرت

77 - 78 ورق، خطی، . («ذسخه ذقشد بنديه تذکرهی ای شان، طاهر

Tahir İşhan, notunu daha önceki yazmalarla karşılaştırarak derliyor ve Hazreti Seyyed Ata'nın soy kütüğünü Resûlullah Hazretleri'ne atfediyor. Tarihçi, Hazreti Seyyed Ata'nın ecdadının soyundan ayrılmamış, onun ecdadının nimetlerinden söz ederek, onun soyunu onurlandırmıştır.

Kur'an-ı Kerim'de ve hadislerde Allah Teala'nın 99 mübarek ismi zikredilmiştir. Ebu Mansur Matrudi Semerkandi, «Tevhid» adlı eserinde bu konu hakkında detaylı bir açıklama yazmıştır. Söz konusu kitapta, Yüce Allah'ın 99 isminden, Resulullah'ın 99 isminden örnekler de zikredilmektedir. Bu kitapta adı geçen ilk isim Muhammed (övülen), ikinci isim ise Ahmed'dir (Allah'a hamd olarak telaffuz edilen). Bu nedenle çağdaş hattat Hacı Han, «Hikmet» kelimesini kullanarak daire şeklinde «Ahmed» ismini kazımış ve bu dairenin içine «Hz. Sultan Hoca Ahmed Yesevi» yazıp ve etrafında ise süslü bir yazıyla önce Mübarek Resul Ekrem'in adı, ardından da 9 defa Allah'ın tarihteki meşhur evliya isimlerinden Ahmed ismi kayıtlıdır. Çemberin etrafındaki dairesel çizgide Arapça şu yazıyı okuyoruz: «Yerlerin Rabbi, göklerin Rabbi, adı yerde ve gökte olan ve O, her şeyi bilen Allah'ın adıyla». Hacı Han'ın eylemi.

Anlamı: «Yerlerin Rabbi, göklerin Rabbi olan Allah'ın adıyla, ismi emniyette olan (adına hiçbir şeyin zarar vermeyeceği) yerde ve göklerde olan Allah'ın adıyla O, her şeyi işiten ve bilendir. Khaji Khan'ın eylemi. Bu tablet H. 1212'de yazılmıştır (MS 1797'ye karşılık gelir)».

فی الارض فی شی اسمہ ضرعی لا الذی اللہ ب اسم ال سماء رب والارض رب اللہ ب اسم
و زمین پروردگار خداوندی کہ ب نام خان حاجی عمل . ال علیم ال سمیع « هو و ال سماء
ضرر چیزی اسمش به) است مد فوظ امن اسمش خداوندی کہ ب نام است، آسمان پروردگار
است دانا ذیلی و شدنوا ذیلی کہ است خداوندی آن و آسمان در و زمین در و (ر ساند ذی خواه
است شدہ ک تابت (میلادی 1797 مطابق) هجری 1212 سال در لوحه این خان حاجی عمل

İsimler kitabı şöyle:

1. Ahmed Mursal, Allah ondan razı olsun ve ona rahmet eylesin
2. Şeyh Ahmed Hanbel
3. Şeyh Ahmed Hayr el-Nesaj
4. Şeyh Ahmed Erkam
5. Şeyh Ahmed Khazrouyeh
6. Şeyh Ahmed Reviyye
7. Şeyh Ahmed Muhtar
8. Şeyh Ahmed Cam
9. Şeyh Ahmed Ekber
10. Şeyh Ahmed Safaria

Ahmed ismiyle başlayan, evrensel şöhret ve itibarlarından söz eden Allah Velileri'nin bu isimleri, Ahmed Yesevi'nin hikmet dairesine kazanmıştır. Ahmed Yesevi'nin Karakteri ve eserleri tam olarak araştırılmamıştır. Sovyet döneminde saçma ve asılsız sebeplerle bu soylunun yazarları araştırmacılardan uzak tutuldu. Sultan el-Arifin'in eserlerinden biri de Hoca Ahmed Yesevî'nin Divan kitabı «Hikmettir». Bu kitabın yazarının Ahmed Yesevi olduğuna şüphe yoktur. Ancak Ahmed Yesevi'nin bu eserine «Divan Hikmet» adını verip vermediği araştırılmalıdır.

Yassvi araştırmaları yapan araştırmacılara göre, Türkçe yazılmış Yesevi şiirlerinden oluşan bu eser, sözcük yapısı ve dil yapısı açısından 18. veya 19. yüzyıl Özbek Türkçesiyle akrabadır. Özbek ve Türk araştırmacılar araştırmalarında bu eserin Türk edebiyatındaki yeri ve önemine pek çok atıfta bulunmuşlardır. Diğer şeylerin yanı sıra, Türk araştırmacılardan biri olan Profesör Mohammad Shakur şunları yazıyor: «Divan Hikmet, Yessavi Tarikatı kültürünün oluşmasının gerçekleri ve yolları hakkında bilgi veren bir eserdir. Bu anlamda bu eser, Türkistan'dan Anadolu'ya, hatta Hint yarımadasına kadar uzanan Türk manevi kaynaklarından biri olarak kabul edilebilir. Hakim Yessavi sadece mistik kültürümüzün tarihi değil, aynı zamanda entelektüel dünyamızın ışık kaynağıdır».

Yesevi araştırmacılar görüş birliğine göre «Divan Hikmette» mevcut olan versiyon, eserin dönüştürülmüş ve değiştirilmiş versiyonudur. "Divan Hikmet" in eski bir versiyonu şu ana kadar bulunamadı. (Arif Arsai. 2003: 55) Kesin olan şey, söz konusu eserin konusu ve içeriğinin Yesevi'ye ait olduğu, değişimden sonraki yüzyıllara ait versiyonlarda şiirsel formun bir ölçüde korunduğudur. Araştırmacılar, «Divan Hikmetin», Yusuf Khas Hajib'in «Qutdgh Bilik» şiirinin dili olarak da kabul

edilen Khagani üslubuyla yazıldığına inanıyor. Bu eserin yerel dille yazılmış olması etkisinin giderek yayılmasına neden olmuştur.

Ancak bu iki eserin şiirsel biçim açısından pek çok farklılığı vardır. Mesela «Kutodgu Bilik», «Şehname» (benzer) ağırlığında ve mesnevi tarzındadır ama «Divan Hikmet» hece ağırlıklı ve dört bölüm halinde yazılmıştır. Bu iki eserin ana teması da birbirinden farklıdır.

Tasavvuf geleneklerini konu alan ve yine Hoca Yesevi'ye atfedilen «Faqr Nameh» adlı bir eser daha vardır. Bu fikir hiç kimse tarafından olumsuz ve inkâr edilemez gerekçelerle dile getirilmemiştir. Dolayısıyla bu durumda belki güvenilir nedenler elde edilebilmesi için o dönemin yazmalarına başvurmak gerekir. Aşağıdaki yazmalarda Ahmed Yesevi hakkında kısa bilgiler verilmektedir: Kodrat Nameh, Tarikat ahlâkıyla ilgili risaleler, Hoca Ahmed Yesevi'nin sözleri, Kıyamet Namah, Hoca Ahmed Yesevi'nin duaları. Ahmed Yesevi'nin başka eserlerinin de olması kuvvetle muhtemeldir ancak bu alandaki araştırmaların ve yazmaların araştırılması gerekmektedir ve bu yönde adımların atılacağını umuyoruz.

Amir Taimur'un Ahmed Yesavi karakterine samimiyeti ve özel bir bağlılığı vardı. İşte bu samimiyetten hareketle Yesa şehrinde Ahmed Yesevi'nin türbesi için muhteşem ve güzel bir türbe yaptırmıştır. Emir Timur'un, Roma Sultanı Yıldırım Bayazid ile yaptığı savaşta bacağı yaralanınca, Roma'ya tekrar saldırmadan önce Hoca Ahmed Yesevî'yi ziyaret ettiği söylenmektedir. Khwaja Ahmad Yesavi, Emir Timur'a şöyle dedi: "Ne zaman bir sorunla karşı karşıya kalsan, bu dörtlüğü yetmiş defa oku, sorunlar ortadan kalkar:

Ey Yalda gecesini Şabestan kandilleriyle geçiren tanrım,
Bir anda dünyayı çiçek bahçesine çevirirsin,
Ey bütün alemlerin problemlerini çözen,
Diğer sorunları bana kolaylaştır!)Mutasavvıflar. Ankara, 1966)

ای تکان شد بسد تان شمع ذی ک یچا ی لدا
ای تکان گ ل س د تان ذی عالم دال ل حظه ب یر
ای تکان آسان تو و شود دور ای شیم مشکل ب س
ای تکان آسان ذی مشکلی نگی ذی ب رچه ای

Bunun bereketi ve bu dörtlüğün anlatımıyla Emir Timur'un Roma Sultanına galip geldiği söylenmektedir. Unutulmamalıdır ki, sonraki asırlarda Emir Timur'un çocukları ve torunları, Hoca Ahmed Yesevi'ye olan bağlılıklarını, zikirlerini ve güvenlerini sürdürdüler. Emir Timur'un haleflerinden Hümayun Mirza'nın Ahmed Yesevi'ye adandığına dair yazılı kaynaklarda bu gerçeğe işaret eden sahit belgeler bulunmaktadır.

Fakhruddin Ali Safi'nin «Rashhat Ain Al-Hayat» kitabında vurguladığına göre, Hoca Ahrar'ın mistik düşüncelerinin oluşumunda Khwaja Ahmad Yesavi'nin öğretileri, ancak Nakşibendi Tarikatı'nın seçkin isimlerinden biri.

Hicri 9. yüzyılda da etkili olmuştur. Bu nüfuz ve tesir Timurlu şehzadelerinin iç dünyasına aktarılmış ve onların her zaman yardımcısı olmuştur.

Mirza Sultan Ebu Saeed'in Hazretleri'nin lütfuyla Mirza Abdullah'a karşı kazandığı zaferin hikayesinde bahsedildiği Eclahi'nin bazı sahabeleri, ilk zamanlarda uzak bir bölgede Hazret-i Hazret'in hizmetinde olduğumuzu anlattılar. Bir gün dua ve

kalem istediler. Bir kağıt parçasına kişilerin isimlerini yazıp üzerine «Sultan Ebu Said» adını yazıp Mübarek'in elinde tutuyorlardı. Sultan Ebu Saeed Mirza'nın bu ismini yazarken hiçbir yerde isim veya adres yoktu. Bazı küstah yakınları, «Neden isimler yazıp bu ismi mübarek elinize koydunuz? Elinize verdiğiniz isim kimin adı?» Şöyle dedi: «Elime bir kişinin adını yazdım ki, biz, siz ve Taşkent, Semerkant ve Horasan halkı hep birlikte onun tebaası olacağız!» Birkaç gün sonra Sultan Ebu Said Mirza'nın şöhreti ve şöhreti Türkistan topraklarına yayıldı. Sultan Ebu Saeed Mirza, rüyasında Hoca Ahmed Yesevi Hazretleri'nin kendisine Fatiha duası okuduğunu ve ona iyi sonuç hakkında müjde verdiğini ve Hazreti Yesevi'nin (Allah onu kutsasın ve bağışlasın) Fatiha'sını okuduğunu gördü. Sultan Ebu Saeed Mirza o sevgilinin adını sordu ve yüzünü gördü, hatırladı.

Uyandığında halka sorar: «Bu azizin (yani Hoca Ahmed Yesevi'nin) adını, yerini ve yerini bilen var mı?» Hazreti Hazretleri pek tanımayan bazı sahabeler şöyle dediler: «Bahsettiğiniz azizin karargâhı Taşkent vilayetindedir ve oradadır». Bu haberi duyan Mirza, atına binerek Taşkent'e gider. Hazret-i Mirza'nın Taşkent'e geldiğini öğrenince Farkat'a (eski Taşkent'te bir bölgenin adı) gitti. Mirza, Taşkent'e vardığında Peygamber'i bulamaz ve Peygamber'i araştırıp sorduktan sonra onun bir grupta olduğunu öğrenir.

Taşkent'ten farklı bir bölgeye geldi ve Mirza onu görünce şaşkın ve tedirgin bir halde şöyle dedi: «Vallahi, ayakta duran o kişi rüyamda gördüğüm kişidir!». O imamın ayaklarına kapanır ve ona yalvarır. Hazreti İşan, Mirza ile hararetli bir şekilde konuşarak onu büyülemektedir. Konuşmanın sonunda Mirza dua ve fatiha diler. Hazretleri diyor ki: «Fatiha için dua etmek istersen, Fatiha bir kere olur!». Bu arada büyük bir ordu toplamış ve Semerkant'a saldırmak istiyordu. Bunun üzerine Hazret-i Hazret'in huzuruna gelerek şöyle dedi: «Ben Semerkant'a gitmek istiyorum, kısmet uğruna o sınırdaki toprakları da diliyorum».

Hazret-i İşan diyor ki: «Ne niyetle ve hangi varış noktasına gitmek istersen, onu alırsın». Eğer şeriatı kuvvetlendirir ve tebaanın şefkatini kalbinizde yeşertirseniz, Semerkand'a gidişiniz bereketli olur, zafer ve zafer sizin olur." Sultan Ebu Said Mirza bu sözleri kabul ediyor ve cevaben şöyle diyor: «İslam hukukunun güçlendirilmesi için gerekli her türlü çabayı göstereceğim ve tebaaya şefkat göstermeye çalışacağım». Bu cevabı duyan Hazreti Hazretleri: «O halde sizi şeriatın koruması altına bırakıyorum ki, dileğiniz yerine gelsin!» dedi.

Bazı sahabelerin rivayetine göre Hazret-i Sultan Ebu Said'e şöyle demiştir: «Düşmanın önündeyken, onlar Zaghan gibi arkanızdan saldıncaya kadar düşmana saldırmayın!» Ordularıyla karşı karşıya kaldıklarında, pusuya düşen Mirza Abdullah'ın ordusu onlara saldırarak sağ tarafta Ebu Said'in ordusunu öldürdü. İkinci saldırıda Mirza Ebu Saeed Hazretleri'nin, ilk saldırıda büyük bir özgüvenle, «Düşmanın önünde olduğunuzda, onlar Zaghan gibi arkanızdan saldıncaya kadar onlara saldırmayın" işaretini gördü. Lashkar, Mirza Abdullah'ı yener. Mirza Abdullah'ın atının ayakları çamura saplanır ve bu fırsatı kullanarak hızla kafasını keser».

Görünüşe göre Hoca Ahmed Yesevi'nin tasavvufu teorik bir tasavvuf değil, pratik ve ibadetsel bir tasavvuf olup, davranış ve ritüelleri ile daha sonraki

mutasavvıfların dikkatini çekmiştir. Çünkü Hoca Ahmed Yesevi'nin Türkçe hece düzeniyle süslenmiş «Divan Hikmeti» dışında ve bazı araştırmacılara göre bu eser kalemlerle değil, daha sonraki yüzyıllarda onun takipçileri ve meraklıları tarafından toplanıp yazılmıştır. Khajahi Türkistani'nin zamanının çoğunu mürit yetiştirmeye ve insanları dine yönlendirmeye harcadığını söylüyor.

کتاب نامه

76. «نقش بندیه ی تذکره «ورق، خطی، نسخه

«سعادت ی شجره». چپمکنت 1992 (پسوی احمد خواجه

تاشکند. علمی مقالات ی مجموعه)، 2001 (پسوی احمد خواجه سنن و ارآث زندگی،

ادب یات ب زیاد

ازب کسدتان نوی سندنگان ی ات حادیه

عین رشحات». سینا ابن ابوعالی از تشارات: تاشکند 2003 (صدفی فخرالدین

)، «الحدیاه

26. لاهوری سرور غلام. «الاصد فیاء خزی نه «ورق، خطی، نسخه

76. ورق خطی، نسخه. ای شان طاهوی نقش بندیه ی تذکره ن، ای شاطهو محمد

حدیات و انسان»، «حکمت دیدوان». مقالات ی مجموعه «احمد خواجه 2001 (شکور محمد

در اجتماعی

پسوی»، ازب کسدتان نوی سندنگان ی ات حادیه ادب یات ب زیاد از تشارات: تاشکند

72. ورق، خطی، نسخه. الممد به ن سایم علی شدر، نوای ی،

تاشکند، 15، «الممد بت ن سایم». جلد. آذر 1968 (نوای ی، علی شدر

تاشکند، 17، «الممد بت ن سایم». جلد. آذر 2001 (نوای ی، علی شدر

تاشکند)، 1996 (سی ن سندننامه یسوی

Ko'prulu F. Turk edebiyatında ilk Mutasavvıflar. Ankara, 1966

Laszlo Rasony. Tarihte turklik. Ankara, 1971, s.162

Özet.

Orta Asya, tasavvuf ve İslam tasavvufunun ana merkezlerinden biridir. Bu alan Hicri 2. yüzyıldan Hicri 8. yüzyıla kadar Hakim el-Tirmizi'ye atfedilen «Hakimiya», Şeyh Necmeddin Kabra'ya atfedilen «Kabaruyeh», Hoca Abdul Halik'e atfedilen «Hwajgan», Hoca Ahmed Yesevi'ye atfedilen «Yeseviyye» ve Hoca Bahauddin Nakşibendiyye'ye atfedilen «Nakşibendiyyeyi» gibi öğreti ve tarikatlar bağrında beslemiş, böylece İslam'ın doğusunda İslam düşüncesinin büyümesine ve yayılmasına katkıda bulunmuştur. Önemli bir katkı sağlamıştır. Khwaja Ahmad Yesavi, Orta Asya'daki mistik öğretiler tarihinde Sufizm ve mistisizmin önde gelen isimlerinden biri olarak kabul edilir. Alim ve mutasavvıfların nazarında özel bir yeri vardır. Khwaja Ahmad Yesevi, «Yesaviyyeh» adında özel bir okul kurdu ve bu okul daha sonra tüm Orta Asya bölgesinde memnuniyetle karşılandı ve Türkistan'dan tüm Mawra al-Nahra (iki özen arası), Agh İdel Denizi'nden Doğu Türkistan'a, Horasan'a, İran'a ve Kafkasya'ya, hatta Roma'ya kadar yayıldı.

Anahtar kelimeler: Khwaja Ahmad Yesavi, İslam tasavvufu, Yesaviyyah Tarikati, Mawra al-Nahr (iki özen arası), Orta Asya ve Türkistan.

Annotation. Central Asia is one of the main centers of Sufism and Islamic mysticism. From the second century of Hijri to the eighth century of Hijri, this region has nurtured teachings and tariqats such as Hakimiya attributed to Hakim al-Tirmidhi, Khwajagan attributed to Khwaja Abdul Khaliq Ghajdwani, Kabaruyeh attributed to Sheikh Najm al-Din Kabra, Yessawiyya attributed to Khwaja Ahmad Yasavi and Naqshbandiyya attributed to Khwaja Bahauddin in its bosom, and thus has made a significant contribution to the growth and expansion of Islamic thought in the East of Islam. Khwaja Ahmad Yesavi is one of the prominent figures of Sufism and mysticism in the history of mystical teachings in Central Asia. From the point of view of Sufism, he has a special place among mystics. Khwaja Ahmad created a special tariqat and school called Yesuyeh, and this tariqat was expanded later and welcomed in the entire region of Central Asia, from Turkestan to Trans-Nahr, from the Aq Idel Sea to Eastern Turkestan, Khorasan, Iran, and the Caucasus, even to Rome.

Key words: Khwaja Ahmed Yesavi, Islamic Sufism, Yesaviyyah Tariqat, Mawra al-Nahr, Central Asia and Turkestan.

Аңдатпа. Орталық Азия – сопылық пен ислам мистицизмінің негізгі орталықтарының бірі. Хижри II ғасырдан VIII ғасырға дейін бұл аймақ Хаким ат-Тирмизиге тиесілі «Хакимия», шейх Наджмуддин Кабраға тиесілі «Кабаруе», Қожа Абдул Халикке қатысты «Хвайган», Қожа А х м е т Ясауиге тиесілі «Ясауияға» жатады. Қожа Бахауддин Нақшибандиге жатқызылған «Нақшибандия» сияқты ілімдер мен секталарды дамытып, Исламның шығысында исламдық ойдың өсуіне және таралуына үлес қосты. Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азиядағы мистикалық ілімдер тарихындағы сопылық пен мистицизмнің жетекші тұлғаларының бірі болып саналады. Сондықтан оның ғұламалар мен сопылар алдында алар орны ерекше. Қожа Ахмет Ясауи «Ясауия» деп аталатын арнайы мектеп құрды, ол кейінірек Түркістаннан бүкіл Мәуереннаһр, Ағ Идель т еңізінен Шығыс Түркістанға, Хорасанға дейін бүкіл Орталық Азия аймағында жалғасын тапты. Ол Иран мен Кавказға, тіпті Римге дейін таралды.

Кілт сөздер: Хожа Ахмет Ясауи, ислам сопылығы, Ясауи тариқаты, Мәуереннаһр, Орталық Азия және Түркістан.

Giriş. Ahmed Yesevi ile ilgili ilk bilgileri Sufi Muhammed Danişmand'ın (MS 12. yüzyıl) eserlerinde ve Muhyaldin İbn Arabi'nin (ö. 638) yazılarında görmek mümkündür. O tarihten bu yana Khwaja Mohammad Parsa, Amir Alishir Nawai, Fakhruddin Ali Safi, Hassan Khwaja Nisari, Sultan Ahmad Hazini, Mohammad Taher Khwarazmi, Gholam Sarwar Lahori ve Hissamuddin Saghnaghi gibi önde gelen sufiler ve mistikler, şairler ve tarihçiler ve daha birçokları aynı yolu izledi. Ve Hoca'nın konumu az çok zikredilmiş ve kendisinden «Sultanü'l-Arifin», «Pir Türkistan», «Türkistan halkının dua kıblesi» olarak söz edilmiştir.

Ne yazık ki Ahmed Yesevi'nin yazılı eserleri el yazması halinde bile araştırmacıların eline geçmemiştir, ancak onun şecere ve şeceresi bazı tarihi kaynaklarda bulunmuş ve mevcuttur. Hoca Ahmed Yesevi Karahanlılar döneminde doğmuştur. Karahanlılar dönemi Orta Asya'nın dünya medeniyetinin gelişimine

değerli katkılarda bulunduğu dönemlerden biridir. Bu doğa bilimleri dersinde; Astronomi, matematik, kimya, tıp, botanik, jeoloji, coğrafya ve sosyal ve beşeri bilimler, dil ve edebiyat, tarih ve felsefe, mantık, hukuk, kelam katlanarak büyüdü. Bu dönem farklı bilimlerin farklı alanlar olarak bağımsız tekniklerle öğretildiği dönemdi. Musa Khwarazmi (MS 850'de öldü), Ahmed Ferghani (MS 865'te öldü), Abu Mansur Matridi (944'te öldü), Abu Nasr Farabi (950'de öldü), Abu Ali İbn Sina (1037'de öldü), Abu Rihan Al-Biruni (1048'de öldü) Onların bilimsel eserlerinin yaratılması, dünyada bilimin, edebiyatın ve medeniyetin büyümesine büyük katkı sağlamıştır.

Referanslar:

«Nakşibendi'nin notu» El yazması, sayfa, 76.

Khwaja Ahmed Yesavi (1992), «Shajrahi Saadat». Nasılsın?

Hoca Ahmed Yesevi'nin hayatı, eserleri ve gelenekleri (2001), bilimsel makalelerden oluşan bir koleksiyon. Taşkent:

Özbekistan Yazarlar Birliği Edebiyat Vakfı.

Fakhraddin Safi (2003), «Rashhat Ain Al HayahTaşkent: Ebu Ali İbn Sina Yayınları».

Ghulam Sarwar Lahori. «El Asfia hazinesi» Elyazması, sayfa, 26.

Muhammed Tahir İşhan, Tezkrehi Nakşibendihi Tahir İşhan. El yazması, sayfa 76

Muhammed Shakur (2001), "Divan Hikmet"te insan ve sosyal hayat." Khwaja Ahmad Yesvi"nin makalelerinden oluşan bir

derleme, Taşkent: Özbekistan Yazarlar Birliği Edebiyat Vakfı Yayınları.

Navaei, Alishir, Sevgi dolu esintiler. El yazması, sayfa, 72. Navaei, Alishir (1968), «Aşk esintileri». Etkileri. Cilt 15, Taşkent. Navaei, Alishir (2001), «Aşk esintileri». Etkileri. Cilt 17, Taşkent. Yessoı, bir soybilimci (1996), Taşkent.

Ko'prulu F. Türk edibatidinde ilk Mutasavvifler. Ankara, 1966

Laszlo Rasony. Tarihte türklük Ankara, 1971, s.162

Hoca Ahmed Yesevi'nin Tasavvuftaki yeri ve İslam mistisizmi Habib Safarzadeh

ДИУАНИ ХИКМЕТ – РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Абдикадирова Жаркынай Еркинқызы

Жамбыл облысы Тараз қаласы

Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы

Ағылшын тілі пәні мұғалімі, магистр

Диван мен Хикмет " – бұл діни сопылық әдебиеттің ескерткіші ғана емес, олар ең көне түркі тілдес ескерткіштердің бірі. Көптеген түркітанушылардың Қараханид әдеби дәстүріне жатады. Оның өлеңдерінің бастауы түркі көшпенділерінің шамандық әндерінде де кездеседі. Оның өлеңдерінің тілінде қыпшақ элементтері бар. Атақты "Диван - Хикмет" - түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы, олар ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықты адалдыққа, әділдікке, ізгі ниет пен шыдамдылыққа шақырады.

Тарихи құжаттар "хикметтердің" бірнеше рет хат жазысқанын, редакцияланғанын, толықтырылғанын көрсетеді. "Диван – Хикмет" қолжазбалары негізінен Ташкент, Санкт-Петербург, Стамбул кітапханаларында сақталған. Ресей Ғылым Академиясының Санкт-Петербург филиалының қолжазбалар қоймасында XVIII-XIX ғасырларға жататын 23 "Диван-Хикмет" тізімі бар. Ташкент тізімдері Өзбекстан Ғылым академиясының қолжазба жинағында, қолжазбалар институтында (56 дана) сақталады. Негізінен тізімдер XIX ғасырға жатады.

Қолмен жазылған тізімдерден басқа, Қазанда Ахмед Яссауидің өлеңдері араб графикасымен жарық көрді. Ең толық басылымда 1896, 1905 жылдарға жататын 149 "хикмет" бар. Min_14_P12.JPG (47203 bytes) әр түрлі кезеңдерде ғалымдар данышпан ақын, философқа зерттеулер мен мақалалар арнады. Соңғы онжылдықтарда “Диуани Хикмет” шетелде де, біздің елде де бірнеше рет қайта басылды.

Бұл жұмыста Ясауи тарикатының негізгі ережелері жинақталған. Хикметтер исламды уағыздап, халықтағы мұсылмандықтың нығаюына ықпал етті. Түркітілдес халықтардың арасында "Диван-хикмет" "Құран түріктер" деп аталды, өйткені олар Құранды Қожа Ахмет Яссауи "хикметтері" арқылы қабылдады, сондықтан түріктер оны "Әзірет Сұлтан" – "Әулие Сұлтан", ал Түркістан-екінші Мекке деп атай бастады.

Қожа Ахмет Яссауи хикметтері исламды уағыздап қана қоймай, түркітілдес халықтарды рухани бірлікке, егемендікке шақырды, мұнда оларды құру үшін барлық қажетті жағдайлар айтылды.

Қожа Ахмад түріктердің мәдениетін, нанымдары мен әдет-ғұрыптарын білетін, олармен ортақ тіл таба алатын адам болған. Ол сондай-ақ өз идеяларын тыңдаушылардың жүрегіне оңай жеткізетін және оларға өз тілінде сопылық идеяларды уағыздайтын тамаша спикер болды. Түркі халқы арасында сопылықтың таралуында түркі тілінде жазылған және жергілікті Шағатай халқына түсінікті Қожа Ахмад Диван-и хикметтің поэтикалық шығармасы да үлкен рөл атқарды (Камаладдини, 40-46).

Көптеген аңыздарда айтылғандай, 63 жасында Қожа Ахмад өзін-өзі түрмеге қамауға алып, мұндай шешімді пайғамбар оны өз уақытында көргеннен артық көре алмайтындығымен дәлелдеді. Қожа Йасави табытқа ұқсайтын жердегі тар үнгірді қағып, оны Құран аяттарымен бояуды бұйырды, Ахмад сол жерге түсіп, түркі аңыздары бойынша ол жерде 120 жасқа дейін өмір сүрді (іс жүзінде шамамен төрт - бес жыл). Ахмад Йасавидің 500-ге жуық шәкірті болғандығы туралы хабарланды, олардың көпшілігі кейінірек Ұлы ғажайып жұмысшылар болды және Түркістанда құрметті әулиелер болды: мысалы, Мұхаммед Данишманд, Хаким-Али және басқалары (исламдану және қасиетті қан... , 113, 133). Қожа Мұхаммедтің балалары болғаны да белгілі. Оның жас кезінде қайтыс болған ұлы Ибраһим және Гахар есімді қызы болды. Бұл қыз жергілікті Қараханид әміріне үйленді және Ахмед Ясауи отбасы жалғасты. Бір қызығы, Осман империясының көптеген мемлекет және дін қайраткерлері (олардың ішінде XVII ғасырдың әйгілі саяхатшысы Эвлия Челеби) өздерінің асыл тұқымын Ұлы Түркістан сопысына тұрғызды.

Бұл мазмұндық кітап-сопылық ілім мен исламдық теологияны түсіндіретін Ясауидің өмірбаяны. Бұл жұмыста Ахмед Ясауи діни және мистикалық тәжірибені сипаттайды. Алғашқы хикматтар Шейхтің рухани жолында көптеген адамдармен бірге болған көріністерді сипаттайды. Қожа Ахмад Пайғамбар кезінде оның миссиясы алдын-ала белгіленгенін айтады. Ахмад анасының құрсағында болғанда, оған періште көрініп: "зікірді оқы!". Төрт жасында ол ислам пайғамбарларының пайғамбар асырап алғанын және болашақта ұлы күйеу болатынын айтқан аянынан көрді. Сондықтан, Ясауи айтқандай, ол алты жасында адамдардан кетіп, алғашқы жалғыздыққа зейнетке шықты. 7 жасында ол Арыстан бабаға барып, одан сабақ алды және осы жастан бастап оған әр таң сайын періште келіп: "зікірді оқы!". Жас мұрид үшін үлкен сілкініс мұғалімнің өлімі болды, бірақ жетпіс мың періште Арыстан бабтың жанын жұмаққа алып кетті деген көзқарасы оны жігерлендірді.

Алайда, қазір кейбір заманауи зерттеушілер Қожа Ахмадтың Диван мен хикматқа кіретін барлық өлеңдердің шынайы авторы екеніне күмәндануда. Тарихи құжаттар бұл шығарманың бірнеше рет қайта жазылғанын, түзетілгенін және толықтырылғанын көрсетеді. Қазіргі ғылымда Ахмадтың өзі жасаған шығарманың жалпы шеңберіне кейінірек басқа жергілікті сопылық ақындардың өлеңдері қабаттасқан деген пікір бар, олардың есімдері бізге белгісіз болып қалды.

Бұл теорияның пайдасына Ахмад Йасавидің көзі тірісінде құрастырылған Диван мен хикматтың бірде-бір тізімі сақталмағандығы айтылады. Ең көне жазбаша нұсқасы Диван - және хикмат XV ғасырдың басынан басталады. Осы әдеби ескерткіштің ауызша өмір сүрген бес жүз жылдан астам уақыт ішінде ол айтарлықтай түзетулер мен өзгерістерге ұшырағаны белгілі болды.

Мысалы, Диуани мен хикмат Қожа Ахмад Йасавидің перуіне мүлдем жатпайды, бірақ толығымен XV ғасырдағы түркі сопылық ақындарының ұжымдық шығармашылығының жемісі деп санайды. Бұл гипотеза сонымен қатар Диван мен хикматта Ахмад Ясауидің алпыс алты жасында өмірден кетуі және оның Шейхтің өзі сипаттай алмайтын жұмаққа кіруі сипатталғандығымен

расталады. Бұл анық болады Диван - және хикмат егер олар кейінірек жазылмаған болса, онда оларды Ясавидің ұрпақтары толықтырды. ДеУис бұл жазбаларға Қожа Ахмад Ясауи туралы көптеген кейінгі аңыздар енгенін атап өтті.

Олардың ішіндегі ең қызығы-сопылықтың тағы бір танымал зерттеушісі А. Муминов "Ислам Аскетиктері"мақалалар жинағында. Бұл аңыз Арыстан Баб Ахмад Йасавиді сопыға арнап, соңғысына құрма (басқа мәліметтер бойынша - құрма) бергені туралы айтады. Арыстан баба өз кезегінде бұл құрманы Мұхаммед Пайғамбардың өзі берген және 400 жылдан кейін туып, Исламның ұлы аскетигі болатын белгілі бір Ахмадқа арналған. Құрмамен бірге Арыстан баба осы Ахмадты тапқанға дейін өлместік берілді. Диван мен хикматтың шығармасына енген Қожа Ахмад туралы ұқсас аңыздар Орта Азияның әртүрлі аймақтарында өте көп болды.

Аңыздарда Қожа Ахмад қайтыс болғаннан кейін де ғажайыптар жасағаны туралы айтылады. Түркістандық ақсақалдың жерленген жеріне барған көптеген науқастар аурудан айығып кетті. Көптеген қолбасшылар жорықтарға бата алу үшін әулиенің қабіріне келді. Сонымен, Тимур 1399 жылы Анадолыға барар алдында Түркістан әулиесінің қабіріне барғаны белгілі .

Қожа Ахмад Йасавидің жеке басының аңызға айналғанына қарамастан, оның Орталық Азияда исламның таралуына үлкен әсер еткеніне күмән жоқ. Бір қызығы, Ахмад Йасавидің жеке басы басқа Орта Азиялық бауырластықтардың рухани тарихында шешуші рөл атқарды (ең алдымен тарикат накшбандия), сонымен қатар Йасави Орта Азиядан тыс жерлерде, негізінен Анадолыда да құрметтелді.

Сонымен, Ахмад муридтерінің бірі - Мұхаммед Бухари (Сара Салтуке) туралы аңыз белгілі, ол Анадолыға сопылықты уағыздау үшін өмірінің ұшында жіберілген. Осман империясының сопылары Ахмад Йасавиді өздерінің ұсатзы ретінде қарастырғаны белгілі.Түркістандық ақсақалдың басты еңбегі оның атымен аталған Орталық Азияның ерекше сопылық тарикаттарының бірін құрудан тұрды.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен шығармашылығының Қазақ ұлттық мәдениеті үшін маңызы зор. "Дивани хикмет" жинағы-көптеген дана ойлар мен философиялық жалпылауларды қамтитын симақты, тармақталған, рифмалық стильдегі симметриялы өлшемдерден тұратын бірегей шығарма. Ол адамзатты сенімге, бауырластыққа, махаббат пен мейірімділікке тәрбиелеуге көмектесетін дұға түріндегі ойларға, мақал-мәтелдерге және әңгімелерге толы.

Даналық жинағы түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің маңызды ескерткіші болып табылады, ондағы даналық пен философиялық ойлар қазіргі қоғам үшін де өте өзекті. Жинақ көшпелі ортаға бағытталғандықтан, оған ауызша өнер дәстүрі әсер етті. Сондықтан ол қазақ халқының ауызша әдебиетімен тығыз байланысты. Хикмет ауызша фольклор мен ауызша, фольклорлық әдебиеттің дәстүрімен ғана байланысты емес. Ауызша тарату нәтижесінде олар түркі, әсіресе Қазақ

фольклорының көптеген жанларының, тақырыптары мен көркемдік формаларының қалыптасуына қатты әсер етті.

Ғылыми мақаланың мақсаты-қазақ халқының ауызша әдебиеті мен Ясауи "Дивани хикмет" жинағы арасындағы байланыстың мазмұны мен нысанын, сабақтастығын анықтау. Мақала қазақ халқының ауызша көркемдік дәстүрінде пайда болған Ясауи даналығының мазмұны мен көркемдік түрлерін сипаттауға, сондай-ақ олардың екеуі де тамыр жайған жалпы көркемдік бастауларын анықтауға бағытталған.

Ясауи хикметінің талдауларының материалдары мен нәтижелері жаңа теориялық жұмыстарды құруға негіз бола алады.

Аннотация

Учение и творчество Ходжи Ахмеда Ясави имеют большое значение для Казахской национальной культуры. Сборник "Дивани хикмет" - уникальное произведение, состоящее из симметричных измерений в символическом, разветвленном, рифмованном стиле, содержащее множество мудрых мыслей и философских обобщений. Он полон молитвенных мыслей, пословиц и историй, которые помогают воспитывать человечество в вере, братстве, любви и доброте.

Сборник мудрости является важным памятником культуры и литературы тюркских народов, в том числе казахского народа, мудрость и философские мысли в нем очень актуальны и для современного общества. Поскольку коллекция была сосредоточена на кочевых кругах, на нее повлияла традиция устного искусства. Поэтому он тесно связан с устной литературой казахского народа. Хикмет связан не только с традициями устного фольклора и устной, фольклорной литературы. В результате устного распространения они оказали сильное влияние на формирование многих жанров, тем и художественных форм тюркского, особенно казахского фольклора.

Цель научной статьи-определить содержание и форму, преемственность связей между устной литературой казахского народа и сборником Ясави "Дивани хикмет". Статья направлена на описание содержания и художественных форм Ясавийской мудрости, возникших в устной художественной традиции казахского народа, а также на выявление общих художественных истоков, в которых они оба укоренились.

Материалы и результаты анализов Хикмета Ясави могут стать основой для создания новых теоретических работ.

Annotation

The teachings and works of Khoja Ahmed Yasawi are of great importance for the Kazakh national culture. The collection "Divani Hikmet" is a unique work consisting of symmetrical dimensions in a symak, branched, rhyming style, which contains many wise thoughts and philosophical generalizations. It is full of thoughts, proverbs and stories in the form of prayers that help educate humanity in faith, brotherhood, love and mercy.

The collection of wisdom is an important monument of the culture and literature of the Turkic peoples, including the Kazakh people, wisdom and philosophical thoughts in it are also very relevant for modern society. As the collection focused on

a nomadic environment, it was influenced by the tradition of oral art. Therefore, it is closely related to the oral literature of the Kazakh people. Hikmet is connected not only with the traditions of oral folklore and oral, folklore literature. As a result of oral distribution, they had a strong influence on the formation of many genres, themes and artistic forms of Turkic, especially Kazakh folklore.

The purpose of the scientific article is to determine the content and form, continuity of the relationship between the oral literature of the Kazakh people and the collection of Yasawi "Divani Hikmet". The article is aimed at describing the content and artistic forms of Yasawi's wisdom, which arose in the oral artistic tradition of the Kazakh people, as well as identifying the general artistic origins in which both of them took root.

The materials and results of the analysis of yassawi's wisdom can serve as the basis for the creation of new theoretical works.

Пайдаланган адабиёттер:

- 1.Аталай Б. Махмуд Кашгарлы Дивану лугат-ит түрк, С. IV. – Анкара: Түрк дил курум йайынлары, 2006.
- 2.Эраслан К. Диван-ы хикмет нұсхаларынын дили // Миллетлерарасы Ахмед Йесеви семпозиумы билдирилери, 26-27 ейлүл. – Анкара, 1992. – С. 21-23.
- 3.Габаин А. в. Эски түркченин грамери. – Анкара: Түрк дил курум йайынлары, 1988.
- 4.Құрышжанұлы Ә. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 2011.\
- 5.Сыздықова Р. Ясауи хикметтерінің тілі. – Алматы: Ел-Шежіре баспасы, 2014
- 6.Текин Т. Орхон түркчеси грамери. – Анкара: Түрк дил куруму йайынлары, 2016.
- 7.Үнлү С. Караханлы түркчеси сөзлүгү. – Коня: Егитим йайыневи, 2012

Х.А.ЯССАВИЙ АСАРЛАРИНИНГ ФАЛСАФИЙ ВА ТАРБИЯВИЙ МАЗМУНИ

Абдраймова Сайяра Абдукаримовна
Туркистон вилояти Туркистон шаҳри
Ш. Ниёзов номли умумтаълим мактабининг
ўзбек тили ва адабиёт фан ўқитувчиси

Хожа Аҳмад Яссавий ҳазратлари яссавия тариқатининг асосчиси, муршид ва сўфий шоир, туркий миллатларнинг маънавий ва маданий ҳаётида асрлар мобайнида ўчмас из қолдирган такрорланмас шахсиятлардан биридир. Унинг мероси жаҳон миқёсида диний ва ахлоқий қадриятларга содиқлик, комил инсонни тарбиялаш каби фалсафий ғояларининг мазмун-моҳиятини илмий нуктаи назардан ёритиш муҳим аҳамият касб этади. Шунинг учун ҳам уни «Пири Туркистон», «Хожаи Туркистон» деб, алоҳида ҳурмат билан тилга олинган.

Аҳмад Яссавийнинг туркий халқлар тарихи ва диний ҳаётидаги фалсафий хизмати фақат ҳикматнавислик анъанасини бошлаб берганлиги билан чегараланмайди, албатта. «Девони ҳикмат»да муножот, қасида, мунозара жанри талабларига мувофиқ келадиган шеърлар қаторидан бир «Меърожнома» ҳам ўрин олган. Яссавийнинг Ҳазрати Муҳаммад алайҳиссалом мадҳ этилган манзумалари ўз давридан бошлаб ҳанузгача ўқувчи кўнглини илҳомланитириб келган ва ҳар қандай руҳониятчи ижодкорга таъсир кўрсатишга қодир асарлардир. Яссавийни билиш – бу энг аввало Шариат, Тарикат, Маърифат ва Ҳақиқатни билиш демак. Яссавийни билиш – бу инсон Ақли, Қалби ва Руҳи сирларини теран англаб комиллик мақомидан огоҳ бўлиш демак. Яссавий қолдирган меросига қизиқиш – бу Аллоҳ ва инсон муносабатига қизиқиш, қулнинг Яратувчига бўлган ишқини англашнинг айнан ўзидир. Бизнинг аждодларимиз маънавий-ахлоқий ниҳоятда муҳим ўрин ишғол этган Аҳмад Яссавий ижодиёти шўро тузуми даврида таҳқирланиб, халқдан ажратиб қўйилган эди. Бу эса омма кўнглида диний ҳис-туйғуларнинг сусайишига сабаб бўлганди.

Хожа Аҳмад Яссавийдан сўнг ҳам инсонларни тўғри йўлга чорлаш, илму ирфонга бўлган эҳтиёж ҳеч қачон ўз долзарблигини йўқотмади. Ҳикматлар туркий тилда сўзлашадиган қавмлар учун асосий тарғибот воситаси бўлиб қолди. Шунинг учун Хожа Аҳмад Яссавийдан сўнг ҳикмат айтиш анъанаси йўқолиб кетмади, аксинча, янада кучлироқ кўринишда давом этди.

Яссавий нуқтаи назарида ҳикмат – «илми ладуний», яъни илми ғайбу ҳақойиқ ва илоҳий сирларни кашф айлаш мазмунига ҳам эга. Сўфи Оллоёр Яссавий ҳақида фикр билдириб, яна шундай деган: Шариатда эди ул офтобе Қолибдур бизга ул эрдин китобе.

«Девони ҳикмат»да илоҳий ишқ ва ошиқлик, маърифат ва орифлик саодати, фанодан бақога етишиш тушунчалари ниҳоятда самимий ва таъсирли оҳангларда ёритиб берилган. Яссавийнинг ўнлаб издошларидан ҳеч бири устозлари бошлаган ғоявий, ахлоқий, маънавий-маърифий ва мафкуравий йўналишни ўзгартирмаган.

Яссавийнинг фақат ижодиёти эмас, қанча умр кўриб, қачон вафот этганлиги ҳам баҳсли. У ҳикматларидан бирида «Юз йигирма бешга кирдим, билолмадим», дейдики, бу сўзлар тарихий ҳақиқатдан кўра, маноқибий мазмунга эга. Бундан ташқари, 125 йиллик узоқ бир умрнинг ярмидан кўпини «ер ости»да ўтказиш ақл бовар этмас ҳодисадир. Ривоятларга кўра, Яссавий 63 ёшга етгач, ер остида ҳужра ясаиб, “чилла”га кирган, («Олтмиш учда ер остига кирдим мано», дейди Яссавий) қолган умрини тоат-ибодат қилиб, қимматли ҳикматлар ёзиб, риёзатлар чекиб, ер остида ўтказган. Узоқ вақт мобайнида Яссавий ҳаёти ва ижодиётини илмий жиҳатдан тадқиқ этишга имкон берилмади. Асарларини нашр қилишга йўл қўйилмади. Ўтган асрнинг 70-йилларида Яссавийнинг миллий маданият, тил ва адабиёт тарихидаги хизматларини тўғри баҳолаш йўлидаги уринишлар эса қораланди. Мустақиллик арафасида, хусусан, Қозоғистон истиқлолга эришгандан кейин яссавийшуносликда янги давр бошланди. Дастлаб турли газета ва журналларда «Девони ҳикмат»дан намуналар эълон қилинди. Ушбу нашрлар нафақат

Қозоғистонда, балки бошқа туркий давлатларда ҳам бу буюк мутасаввифнинг ҳаёти, адабий-маърифий фаолияти, издошлари хизматига қизиқишни кучайтирди. 1991 йил Қозоғистонда Яссавийга бағишлаб илмий анжуманлар ўтказилиб, маърузалар матни алоҳида мажмуа шаклида чоп этилди. Матбуотда Яссавийнинг шахсияти, тариқати, шеъриятдан баҳс юритилган мақолалар босилиб чиқди. Яссавий ўз ижодида, асосан “Девони ҳикмати”да инсоннинг таълим тарбияси уни асл комилликка элтадиган дин, иймон, худо йўлида фидойилик, эътиқодда собитлик, ҳалоллик, поклик ғояларини илгари сурган.

Сочу соқол кўп оқарди, кўнглум қаро,
Рўзи Маҳшар раҳм этмасанг ҳолим табоҳ
Санга аён амалсиз мен, кўпдур гуноҳ,
Жумла малак ёзиқларим билди, дўстлар

Аҳмад Яссавий инсондаги ёмон иллатларни нафс деб билади ва унга қарши кураш лозимлигини уқтиради. Нафсни тиймаслик, мол-дунёга хирс кўйиш, таъмағирлик, баднафслик, нокаслик, нодонлик, жаҳолат ва разолатни қаттиқ қоралайди.

Аҳмад Яссавий ҳикматларининг катта бир қисми айна шу масала талқинларига бағишланди. Унинг таърифига биноан, нафс “Ябон қушдек қўлга қўнмас” бир нарса. Бу “қуш” ўз хохишича “парвоз” этаверса, одамни кундан кун тўғрилиқдан оздираверади.

Оқибатда эса:

Нафс йўлига кирган киши расво бўлур.
Йўлдан озиб, тойиб тўзиб гумроҳ бўлур.
Ётса қўпса шайтон била ҳамроҳ бўлур,
Нафсни тебкил, нафсни тебкил, эй бадкирдор.
“Нафсим мани йўлдан уриб хор айлади,

Термултириб ҳалойиққа мани зор айлади” – деб нафс учун “итдек кезиб” юрганларни ҳам сир сақламайди. Хуллас, Яссавийнинг талқинича нафс-ички, лекин жуда катта душман. У инсондаги бутунликни синдиради. Унинг амрларидан маънавий осойишталиклар барҳам топади. Шу боис “Нафсни тепиб меҳнат етса, меҳнат роҳат” англономоғи керак.

Оллоҳ қаҳру ғазабларидан кўрқманг, одамларга ранж етказиб, бечораларнинг кўзларидан ёшлар оқизувчи бағри тошларга Яссавий иймонсизлар деб қараган ва ўша зулмкорларни ўзича фаоллик билан айблаган. Унинг назари бўйича на мусулмон, на кофир ҳеч бировга озор бермаслиги шартдир:

Суннат эрмиш, кофир бўлса, берма озор,
Кўнгли қаттиқ дилозордан худо безор.
Бу каби диний бағрикенгликка асосланган ғоялар
Яссавий ижодида бисёр ва бугун билан ҳамоҳангдир.

Дарҳақиқат, жаҳон цивилизациясини ривожлантиришга бебаҳо ҳисса қўшган буюк мутафаккирларнинг инсонни маънавий-ахлоқий етукликка чорловчи таълимотлари бугунги истиқлолимизнинг олтин пойдевори, маданиятимиз ва маънавиятимизнинг, мафкурамизнинг тағ заминидир.

Ҳикматлардаги нафсни поклаш орқали ахлоқ гўзаллигига эришиш, кўнгил ва руҳ тазкиясига комилликнинг олий натижаси сифатида қарашга чорловчи фикрлар барча даврлар учун ҳам бир ҳилда аҳамиятлидир.

Ислом дини ақидалари ва ўз асослаган ғояларни шеърӣ тарзда баён этиш асосида кенг омма орасига кириб боради. Яссавий ҳикматларининг ахлоқӣ, фалсафӣ, илоҳӣ асослари тўғридан-тўғри "Қуръон" ғоялари ва пайғамбар Муҳаммад Алайҳиссалом ҳадислари асосида шаклланади.

Аҳмад Яссавий ҳикматларида пайғамбар Муҳаммад Алайҳиссалом таълимотида улуғланган маънавий-ахлоқӣ хислатлар-мурувват, саховат, қаноат ва ростгўйлик тарғиб қилинади, билдирилаётган фикрлар кишиларни фақат Аллоҳга тобе бўлишга ундайди.

Юқорида баён этилган фикрлардан англанадики, Аҳмад Яссавий томонидан илгари сурилган ғоялар инсонни ёмон иллат, нафс балосидан воз кечишга ундайди. Ёмон иллатлар ва нафс балосидан халос бўлиш инсонни руҳӣ ва жисмонӣ комиллик сари етаклайди.

Улар инсон камолотининг таъминланиши учун турли йўллارнинг самарали эканлигини асослашга ҳаракат қилганлар. Шу билан бирга, тадқиқотчилар Яссавия таълимоти ғояларига кўра золим ҳукмдор, нопок дин пешволари, нодон ва жоҳил кишиларга нисбатан муҳолифат мавжудлиги таъкидланганлигидан гувоҳлик берадилар.

Аҳмад Яссавий нодонлик туфайли ҳаётда саводсизлик, диёнатсизлик, ота – она ва устозларга ҳурматсизлик, маънавий қашшоқлик, ёвузлик, такаббурлик, нодон инсоннинг энг тубун шахс эканлиги, нодонлик, разолат ҳукм сурган жойда инкирозга юз тутишини алоҳида қайд этиб ўтади.

Аҳмад Яссавий ҳикматларида Ҳаққа етиш йўлини тарғиб қилар экан инсонни жаҳолат ботқоғидан халос қилиш лозимлигига урғу беради.

Туркий халқлар тарихи – маданият, маънавият, маърифат, адабиёт, санъат, мусиқа ва сиёсат жиҳатидан энг ибратли ва жаҳоний диққат-эътиборга лойиқ тарих эрур. Бу тарих дунёда номи ўчмас буюк алломаларни, адабиёт ва санъат дарғаларини, одил ҳукмдор ва ватанпарвар қаҳрамонларни етиштириб берган. Аҳмад Яссавий ҳазратлари фақат янги тариқат асосчиси сифатида эмас, балки туркий тасаввуф шеърятининг биринчи ижодкори сифатида ҳам такрорланмас ва унутилмас тарихий вазифани адо айлаган.

Яссавий ҳикматлари Марказий Осиёда яшаган туркийзабон халқларнинг тил бойликларини ўзида акс эттиради. Шунинг учун қозоқ, туркман, қирғиз халқлари ҳам уни ўз шоирлари деб биладилар. Айни вақтда, улар Яссавий ҳикматларини ўз она тилларига таржима қилиб ўқийдилар.

Ҳазрати Аҳмад Яссавий ҳикматларини «Яссавийтаниш» дарслик сифатида киритилса, унинг ҳикматларини талабалар ва ўқувчиларга кенгроқ, очилмаган сирлари бўйича тарғиб этилса, таъдиқот ишлар юргизилса, мақсадга мувофиқ бўларди. Ҳамда бу фикрни Таълим соҳасига инобатга олишини таклиф қилардим.

Аннотация

Мақолада Хожа Аҳмад Яссавийнинг “Девони ҳикмат” асарининг қисқача

тавсифи, хамда унинг таъсирида диний ва ахлоқий қадриятларга содиқлик ғояси фалсафий ҳикматнавислик анъанасининг давомийлиги ёритилган.

Таянч сўзлар: мерос, анъана, комиллик, тасаввуф, яссавийлик, тариқат, “Девони ҳикмат”, жанр, фалсафийлик, издошлик.

Аннотация

Мақалада Қожа Аҳмет Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегінің қысқаша сипаттамасы, сонымен қатар діни-адамгершілік құндылықтарға адалдық идеясына негізделген философиялық даналық дәстүрінің сабақтастығы берілген.

Түйін сөздер: мұра, дәстүр, кемелдік, мистика, православие, тариқат, «Диуани Хикмет» жанр, философия, ізбасарлық.

Аннотация

В статье дается краткая характеристика произведения Ходжи Ахмета Ясави «Диуани Хикмет», а также преемственность традиции философской мудрости, основанной на идее верности религиозно-нравственным ценностям.

Ключевые слова: наследие, традиция, совершенство, мистика, православие, секта, жанр «Диуани Хикмет», философия, последовательство.

Abstract

The article presents a short description of the work of Khoja Ahmad Yassavi with the title "Devani Hikmat (Wise Sayings)", which reflects the influence of the tradition of philosophical wisdom of adherence to religious and moral values.

Фойдаланган адабиётлар тизими

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б..
2. М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Ясауи.
3. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б. Қожа Ахмет Яссауи. 4. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017
5. Алишер Навоий. Насойимул-мухаббат. – Тошкент., Фан, 2001. – 419 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Абдрахманова Меруерт Сейткасымовна
Астана қаласы
«Skillset Schools» Мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қ.А. Ясауидің түркі тілінде жазылған «Диуани хикмет» шығармасы уағыз еткен сопылық ұғымдары адам баласына басқаша қарауды талап етті: қол мен жүрек тазалығы, адамдардың бауырмалдығы, өз бойындағы зұлымдықты жойып, қайырымдылық пен кішіпейілділікті орнату және де бұл айтылған мәселелер сенушілерге рухани азық ретінде тапшы болып, сопылық ілімінің көптеген халықтар арасында таралып келе-келе оның өзіндік ажырамас бөлігіне айналуында елеулі орын алды. Диуани Хикметте Құдайдың адамды

ең жақсы болмыс етіп, жаратқаны, бүкіл кемшіліктеріне қарамастан, оны жер бетіндегі өзінің халифасы еткені баяндалады. Онда адамның адамгершілігінің пайда болуына және дамуында негізгі рол ойнайтын элемент қатынасына байланысты болғанын түсіндіреді.

Қ.А Ясауидің сопылық ілімінің негізгі өзегі адамның рухани танымдық жетілуі. Оның дүниетанымындағы «жетілген адам» тұлғасы танымның әрбір сатысында өз жауапкершілігін анық сезінген, хақ пен дидарласып, әлемдік ақыл- оймен бірлесуге барша күш- жігерін сарп еткен жан. Ғұлама ғалымның нақ осы көзқарасы түркілер ортасында қалыптасқан ислам орталықтары мен сопылық тариқаттардың түп қазынасына айналды.

«Өзін білгені- хақты білгені,

Құдайдан қорқып ынсапқа келгені»-дейді.

Адамның өзін-өзі танып білуі санасы мен жүрек тазалығын тариқат жадында сақтай білуінен бастау алады. Ендеше оған дәріс беруге- діни өмір мен ұстанған танымның барлық сатысынан сүрінбей өткен білімдар тұлға ғана шықты.

Намық Кемал Зейбек бұл жолдың ауыртпалығының ара-салмағын айта келе атқа жету үшін «жетілген адам» мәртебесіндегі жөн сілтеуші пірдің рөліне назар аударған. «Бұл жолда «толық адам» мәртебесіндегі пір болмаса, жөн берушінің болуы да жетпейді.» Толық адам дегеніміз осы жолдың қыр-сырын меңгерген, өз жолшылығын аяқтаған, діннің іші-сыртын толық меңгерген, ақиқатқа ұласқан адам деген сөз. Ясауи үшін Хақ жолы дегеніміз, адамның рухани кемелділікке жету жолы, адамның адамгершілік қасиеттерімен өмір сүру жолы. Яғни, адамның руханишылығы оның адамгершілік қасиеттерімен ғана танылады. Ал адамгершілік қасиеттер иман түрінде көрінеді. Иман адамның өмір сүру амалы, адами әлемнің шеңбері, рухани қор жинайтын құралы болып табылады. Сонда иман мәні, негізі не деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беруден бұрын Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін зерделейік:

Иман болды Хақ тағала тағатынан,

Кешпек керек бұ дүниенің рахатынан. (69-х)

Яғни иман Хақ тағатынан пайда болғандықтан, рухани әлемге тиесілі құбылыс. Сонда тағатты рухани әлемнің жүйелілігін, заңдылығын реттеуші күш деп алсақ, онда иман дегеніміз, рухани қасиеттердің жинақталған формасы, көрінісі деп түсінеміз.

Рахметін ұлыс берді Мәулім бізге,

Сені қуалап, иманды тарту қылды саған. (25-х)

деген сөзде адам тек иман арқылы, адамгершілік қасиеттердің шоғыры арқылы өзге мақұлықтардан, жер бетіндегі тіршілік иелерінен биіктетіле ерекшеленгенін, сөйтіп адамдық сипатқа ие болғанын автор баса көрсетеді.

Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым тағатты болады, өмір қиындықтарынан қорықпай, машақатқа бекем келеді.

Сабыр болып, үміт тұтып опасына,

Уәдесінен шын ғашықтар танымас болар.

Жапа шекпей ғашық болмас, тында, ғәпіл,

Жапа шегіп, сабыр болғыл, болма жәһіл. (74-х)

Сөйтіп, бұл өмір адам үшін сын болса, осы сыннан мүдірмей өтудің бір шарты сабырлы болу екенін көреміз. Өйткені сабыр өткінші күйінішпен, өкінішпен сақтайтын, тағат баптайтын күш.


Хикметті дүниеден безіп, азап тарту «Жетілген адам» өмірінің мәнін ашып, ақылдылығын айқындай түскендей. Ясауидің «Жетілген адам» мәселесі моральдық этикалық тұрғыда адамның қоғамда, әлем бірлігінде алар орнын айқындайды.

Қожа Ахмет Ясауидің есепсіз көп хикметтеріндегі негізгі түйін: адам баласының жалған дүниеден бақилық өмірге өтудегі үмбеттік жолдың дұрысы мен бұрысын көрсету, Аллаға шын берілген құлдың іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Осы орайда оның, ең алдымен, қандай ауыр, қиыншылыққа тап болсаң да, шыдамдылық, сабырлық танытуға мән бергенін көреміз. Ақын ойынша, әр іске төзімділік, шүкірлік етіп, Құдайға жалбарыну, одан шапағат күту, дүние - мүлік, байлық үшін жанын жалдап, өтірік-өсекке ұрынбау тәрізді мәселелер күнәдән арылудың басты-басты талаптары делінеді. Сондай-ақ ол адамның Аллаға деген сенімінің, ой-пиғылының тазалығына баса назар аударады. Осыдан барып Құдайға деген ықылас артып, мұның ақыры оған қалтқысыз берілген шын сүйіспеншікке ұласады деп көрсетеді.

Қожа Ахмет Ясауидің ендігі бір мән берген, аяусыз әшкерелеген тақырыбы надандық дер едік. Ол жақсылық, мейірім, шапағат көзі: дана таппай, "жер астына сол надандардан қашып түскенін де" ескертеді. Өйткені, оның түсінігінше, надандық бүкіл жауыздық, зұлымдықтың таусылмас қайнар көзі. Мұнда арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай, осы надандыққа ғылым-білім мен даналықты үнемі қарама-қарсы қойып отырады. Сондықтан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсіруге ол бар ынтасы мен ықыласын сарқа жұмсайды. Тіпті өз ойын жинақтай келе ақын: "Надандармен бірге өткізген уақыттың өзі дозақпен тең", - деп қорытып, олармен бірге жүруге де, жолға шығуға да қарсы тұрады. Сондай-ақ ол нәпсінің құлы дүниеқорлық пен әр алуан әділетсіздіктерге, зұлымдық пен жауыздыққа да төзуге болмайтынын дәлелдейді. Адам ахлақ арқылы адамдық санаға жетіп, жан тыныштығы - бақытқа қауышады.

Өткен ғасырдың 70-80-жылдары оқу туралы көптеген теориялық зерттеулер гуманистік психологияға негізделген болатын, Әр адамның өсу әлеуетін "мен" тұжырымдамасына баса назар аудара отырып қарастырған Түсінуді дамытуда жеке еркіндік, тандау, ынта және сезімдердің мәні де зор екендігі туралы пікір осыған түрткі болған факторлардың бірі болып танылды. Ынтаның иерархиялық моделін әзірлеген танымал Авраам Маслоу болды. Төменгі деңгейге ол физиологиялық қажеттіліктерді орналастырса, жоғары деңгейге-өзін-өзі көрсете, таныта білуді қойған болатын.

Ясауидің ілімі бойынша адам бойындағы қажеттіліктерді төмендегідей көрсетуге болады.



Адам кемелдікке жетуі үшін қажетті білім, мәлімет және танымдармен қарулануы керек. Бұл ілімнің қайнары - хикмет. Хикмет кәдімгі ойлау жүйесі болып табылатын философия және ғылымнан өзгеше. Хикмет - адамның ой-санасы мен іс-әрекеттерін тұтас қамтитын таным. Тек осындай таным ғана адамды ішкі нәпсі зынданының тозағынан құтқарады.

Яссауи еңбектері бір арнаның ғана тоғысуы емес, бірнеше жанрлар мен еңбектердің және де мың тағдырлардың арқасында дүниеге келген рухани азық. Бүгінгі күні қоғам алдында Яссауидің педагогикалық ақыл –ой мен тәлім-тәрбиелік тәжірибені көздеп, замана талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану ымыз ұлының мұрасын мәңгілікке сақтау бізге парыз.

Андатпа

Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалпытасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен Қ.А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеу. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзатқа берер мәніне үңілу. Тәрбие мен білім берудің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра. Ясауи еңбектері бір арнаның ғана

тоғысуы емес, бірнеше жанрлар мен еңбектердің және де мың тағдырлардың арқасында дүниеге келген рухани азық. Бүгінгі күні қоғам алдында Ясауидің педагогикалық ақыл –ой мен тәлім- тәрбиелік тәжірибені көздеп, замана талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану ұлының мұрасын мәңгілікке сақтау біздің парызымыз.

Аннотация

В основу данной статьи положены научные выводы о состоянии личности, анализ духовно-нравственного воспитания, просветительской деятельности, творческих исторических трудов К. А. Яссауи с воспитательными работами в обществе, систематизация философских познаний. Погружаясь в глубины учения Ходжи Ахмеда Яссауи, погружаясь в суть, которую он дает человечеству. Мудрость Ахмета Яссауи, которая не только является одним из представителей воспитания и образования, но и впитала исламскую кровь в корни духовной пищи, передавалась из поколения в поколение на протяжении тысячелетий. Произведения Яссауи-это не просто переплетение одного канала, а духовная пища, рожденная благодаря нескольким жанрам и трудам, а также тысячам судеб. Сегодня перед обществом наш долг – увековечить наследие сына Яссауи, преследуя и совершенствуя его в соответствии с требованиями времени, педагогический ум и педагогический опыт.

Annotation

This article is based on scientific conclusions about the state of personality, analysis of spiritual and moral education, educational activities, creative historical works of K. A. Yassawi with educational work in society, systematization of philosophical knowledge. Diving into the depths of the teachings of Khoja Ahmed Yasawi, diving into the essence that he gives to humanity. The wisdom of Ahmet Yassawi, who is not only one of the representatives of upbringing and education, but also absorbed Islamic blood into the roots of spiritual food, has been passed down from generation to generation for thousands of years. Yassawi's works are not just the interweaving of one channel, but spiritual food, born through several genres and works, as well as thousands of destinies. Today, our duty to society is to perpetuate the legacy of Yassawi's son, pursuing and improving his pedagogical mind and pedagogical experience in accordance with the requirements of the time.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А. Ахметбек. Қожа Ахмет Яссауи. Алматы: Санат. 1998.-112
2. Ж. Аймауытов Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Яссауи) Парасат журналы. №3.- 1990. - 6-7
- 3.М. Жармұхамедұлы. Қ.А.Яссауи және Түркістан. Алматы: 1999.-128
- 4.Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. Алматы: 1991.- 89-98
7. Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. Алматы: 1995. 17-18
- 8.Нысанбаев Ә. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымындағы адам проблемасы // Түркістан тарихы мен мәдениеті. Ғылыми мақалалар жинағы. – Түркістан. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті. 2000. –216

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Абдрахманова Айгүл Жанзақовна

Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза
атындағы №63 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК


Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, педагог –сарапшы

Тарихқа өшпестей із қалдырған Қожа Ахмет Ясауидің өміріне бір сәт көз жүгіртейік. Қожа Ахмет әуелі әкесі Ибраһимнен білім алса кейін Арыстан бабтың шәкірті болды. Арыстан бабтан білім алды. Юсуф Хамаданиден діни білім алып, еліне оралған Қожа Ахмет Түркістанға келіп, сол кезде Орталық Азияда кең тараған сопылық, діни-тақуалық идеялардың ірі насихатшысына айналады. Діни білімді алып оны өзгеге үйрете білген ақын Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» жазған болатын. Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. Жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайтара басылады. Алғаш рет бұл кітап қазақтар үшін қазақ тілінде Қазанда шығарылды. Пайғамбар жасына дейінгі бар өмірі хикметпен өтіп, хикмет болып басылған Қожа Ахметтің өмірі бәріне белгілі болды. Елде, тіршілікте көрген азабы, хандардың әділетсіздігі, адамдардың жауыздығы, жүрегіне таңба болған өкініш оқиғаларының барлығын хикметпен жеткізді.

Қ.А. Ясауидің хикметтерінде ең басты құндылықтың адам екендігін түсіндіреді. Адамды түсі, түрі, нәсілі тегі мен дініне қарап емес Жаратушысына Оның хикметінің құрметіне махаббатпен қарауға шақырады. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін оқи отыра тәрбиелік мәнін көруге болады. Ортаазиялық философ, ислам уағызшысы, сопылық ақын, халықты ислам дініне жетелеген Ахмет Ясауидің ұлтына деген тигізген пайдасын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Дүниетанымдық ұстанымы шарифаттан құралған Ахмет Ясауи өз сөздерінде «Адам өз-өзін тану үшін хақты тану керек, оның басшысы тәубе! Алла мен адам арасында, адам мен қоғам арасында көпір болуы керек. Алла жаратқан адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде құрметтеуді парыз деп қарайды»-деген болатын. Өзінің өмірлік парызы ретінде халықты ислам дініне шақырып, уағызын хикметпен жеткізе білгенді.



«Диуани хикмет» – көшпелі елдің ауыз әдебиеті. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің идеясы, жазылу тарихын, мәнін, ислам дініндегі рөлін Көпрүлузде, Баднарлы, Бертельс, Боровков, Рустамов, Зохидов, тағы басқа ғалымдар жан-жақты зерттеді. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады. Біріншісі–шариғат. Екіншісі-тариғат. Үшіншісі-мағрифат. Төртіншісі-хақиқат. «Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күш. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады. Диуани хикметте» жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы тұжырымдар бертін келе, қазақ ақын-жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік жалғасын шығарды. Адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы біз үшін хикметтер табылды. Алған ақпараттарды арқау ете отырып оқушыларға Қожа Ахмет Ясауидің "Диуани хикметіне" арналған тапсырмалардың дайындаймын. «Ақылдың алты қалпағы »атты әдісті қолданамын. Берілген тапсырмалар бойынша өз ойларын тұжырымдайды. Алдымен Қожа Ахмет Ясауи туралы білген, түйгендерін бір ортаға тұжырымдап, білімдерін ары қарай дамыту.

Білу	1.Ислам жеріне қашан таралды? 2.Алғаш рет ислам дінін қазақ топырағына әкелген тұлғалар кімдер?
Түсіну 	1. Қазақстанның қай аймағында таралған ? 2.Не себепті?QR-CODE арқылы мәліметті тыңдап, пікірлесіндер.Не себепті Иассауи ілімі қазақ топырағында маңызға ие болды?
Қолдану	1.Қосымша ақпарат көздерінен Иассауи заманында орын алған әлеуметтік мәселелерді түйіндеп жазады.

"Білімге- білім"әдісін қолдана отыра білген-түйгендерін толықтыру.
QR-CODE берілген ақпаратты оқу.



Қорытынды

Қожа Ахмет Ясауидің барлық хикметтерінің тәрбиелік мәні халықты имандылыққа шақыру.

Адамдарға өз бойындағы адалдық, имандылықтың күшеюіне ең керектісі иман екенін жеткізген. Адам баласын жаратқан Аллаға кіршіксіз сеніп, арам пиғыл ойлардан аулақ жүруге үйреткен. Әрбір жақсылыққа қанағат етуді жазып қалдырған.

Аңдатпа

Қожа Ахмет Ясауи - өз дәуірінің әдеби-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған, туған әдебиетіміз бен тіліміздің биік тұлғасы тұғырына көтерілген ұлы ғұлама-ғалым, ұлағатты ұстаз, өзі айтатындай әдебиетіміздің мәдениетіміздің, тіліміздің, дініміздің жанашыры. Қ.А.Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілетімен талантын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе келешек жас өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама ғалым қаламгер.

Абстракт

Ходжа Ахмет Ясави – оставил незабываемый след в литературной и культурной жизни своей эпохи.

Великий учёный, великий педагог, как он говорит, основоположник нашей литературы. Любитель нашей культуры, языка и религии, К. А. Ясави всеми своими яркими способностями отдавал свою энергию турецкому народу, своей родной стране, тюркскому миру в целом, особенно будущей молодежи.

Он ученый, ученый и писатель, посвятивший себя образованию следующего поколения.

Abstract

Abstract Ahmed Yassawi is an unshakable trace in the literary and cultural life of his ERA to the high personal pedestal of ancestral literature and language the great teacher, the great teacher as he says compassion for our culture, language, relics. К. А. Yasawi showed talent, strength and strength to the Turkic people, to his native world as a whole, and especially to the future young man the teacher is a writer dedicated to educating the generatio

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қожа Ахмет Ясауи. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев./ Шымкент, 1993
2. Д.Т.Кенжетев «Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымындағы орны»/ Филос. ғыл. док. ғыл. Жәрежеін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2007
3. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: қысқаша анықтамалық\ Ә.Көпіш. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2016.
4. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: Оқу құралы (М.Жолдасбекұлы., Қ. Салғараұлы, А.Сейдімбек) – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2001.

Қ.А.ЯСАУИДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУ

Абдрашева Қызғалдақ Орынтаевна
«Дарынды қыз балаларға арналған
«Білім-инновация» лицей-интернаты»
КММ-сінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагог-шебер

Қожа Ахмет Ясауи – өз дәуірінің әдеби-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған, ұлы ғұлама-ғалым, ұлағатты ұстаз, бүкіл түркі жұртын татулыққа, ізгілікке, рухани тазалыққа үндеген білім иесі. Ясауиді жан-жақты тану, одан жүйелі түрде үйрену, еңбектерін оқу маңыздылығы күннен-күнге артып отыр.

Бүгінгі күні еліміздің мектептерінде жаппай құндылықтарға негіздеп оқыту тәсілі енгізіліп жатыр. ҚР-ның «Білім туралы» заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасау білім беру жүйесінің басты міндеті болып табылатындығы айтылған.[1]. Қазақстанда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында құндылықтарға негізделген білім берудің маңызы ерекше аталады.[3]. Тұжырымдамада бұл тәсіл орта білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі деп танылып, мектеп климатына, мәдениеті мен барлық қызметкерлердің қарым-қатынасына оң ықпал ететіні айтылады. Осы орайда, құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде Қ.А.Ясауидің шығармаларындағы құндылықты дәріптеп оқытудың өзектілігі басым.

Адамның бойында жақсы қасиеттердің пайда болуы ұлттық құндылықтарды сіңіруіне байланысты. Осы ретте, Қ.А.Ясауи шығармалары-рухани азығы мол, тәлім-тәрбиесі зор құндылықтардың нағыз қайнар көзі. Осыған дейін де оқу бағдарламаларында оқытылып жүрсе де, бүгінгі күні Ясауидің хикметтерінің мәні мен маңызын, идеясын оқу мақсаттарына сәйкес ұлттық мүдде тұрғысынан ашуды, шығармаларының тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалауды түрлі әдіс-тәсілдермен жүзеге асыру қажеттілігі бар. Нақтырақ тоқталсақ, 8-сынып әдебиетінің «Дананың сөзі-ақылдың көзі» бөлімінде Қ.А.Ясауидің «Даналық кітабы» берілген.

Бастапқы білімде түсіну және жауап беру бойынша ғұлама кесенесінің тарихына шолу жасап, өмірі мен хикметтерінің мәні мен маңызын ашуды мақсат ете отырып, сабақ барысы Ясауи тілінің сөздігін құрастырумен жалғастырылса, білім алушылардың шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтауы қолжетімді болады. Хикметтердің поэтикалық сұқбатқа жататынын (автор өзіне, тыңдаушысына қарата жырлауын) үзінділерден мысалы келтіре отырып түсіндірілуі әрі мазмұнын толық меңгеруіне жол ашады. Сабақ барысын автордың хикметтерінде өмірінің әр кезеңін санамалап беруіндегі мақсаты неде екендігін төмендегі дескриптор бойынша орындап, бағалау жасалады.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологін анықтайды.	- хикметтердің жанрлық ерекшелігін анықтайды; - хикметтің мазмұнымен байланыстырып түсіндіреді; - ғұмырбаяндық сипатын таниды.

Келесіде әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу мақсатындағы сабақта «Адамгершілік, имандылық, ұлттық болмыс» сөздерін қатыстырып хикметтерге білім алушы өз анықтамасын беріп, үзінділерді оқи отырып, идеясын ашады, пафосын анықтайды. Сонымен қоса, ақын стилімен «Бұл не деген заман болды, достар?» деген тақырыпта бүгінгі заман көрінісін сипаттап жазады. Соңынан Ясауи хикметтерінің маңызын төмендегідей тіркестерді жалғастыра отырып жазады.

Мен үшін маңызды.....

Жастар үшін маңызды.....

Адамзат үшін маңызды.....

Төмендегі дескриптор бойынша орындап, бағалау жасалады.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан түсінде алады.	- хикметтердің идеясы мен пафосын анықтайды; - ұлттық мүддемен байланыстырады; - заман сипатын бағалайды; - ақын стилімен жазады.

Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану мақсатындағы сабақта хикметтерді оқи отырып, төмендегідей тақырыптарға жіктей алады:

1. Адамгершілік, ізгілік
2. Заман сипаты
3. Өмір мен өлім туралы
4. Алланы мойындау
5. Достарға арнау

Сонымен қоса, берілген үзінділерді оқып, олардың арасындағы байланысты анықтайды:

Жаратса ықылас қойып, ақылға кім,
Жалғанда тұтар соны жақын жаным.

Қайда қайырымдылыққа талаптан да,
Кемтарға қайырыла жүр, қарап қалма.

Болса кім жетімдерге ұдайы жар,
Күнөдан тәңірі алдында бұл айығар. [2].

Топтық жұмыс жасау арқылы ақынның адамгершілік, ізгілік туралы ойларының өзектілігі жайлы ойларын ортаға салып, жоғарыдағы үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін қолдана алады.

Соңында «Жетім көрсең, жебей жүр» тақырыбында үш минуттық эссе жаздырса, мейірімділік тұрғысынан ой түйеді, оқу мақсаты толық меңгерілуге зор мүмкіндік болады. Төмендегі дескриптор бойынша орындап, бағалау жасалады.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Көркем шығармадан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдана алады.	<ul style="list-style-type: none"> - үзінділерді оқиды; - хикметтердің өзектілігін баяндайды; - үзінділерді мақсатына сай пайдаланады; - өмірмен байланыстырады.

Анализ және интерпритация бөлімі бойынша шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перфраз, сатрира, ирония, гротекс, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау мақсатында хикметтердің стиліне тән тілдік ерекшеліктерін анықтауға тапсырма беріп, төмендегідей кесте толтыру арқылы орындатуға болады.

Араб-парсы тілінен енген сөздер	Діни сөздер	Синонимдер	Ауыспалы мағынадағы сөздер
махаббат	пір	тынбай, көз ілмей	бойды тарту

Өз көркіңе өзің мәз бола берме,

Өзіңе -өзің сұқтанғаның , сірә, жөн бе?

Алланы айтып, тәубе қылғын жөнге кел де,

Түн ұйқыңды төрт бөліп, алдыңды ойла,- деген үзіндінің көркемдік сипатын жұппен талдау жаздыруға болады[2].

Соңында «Даналық кітабындағы» дана ойлар тақырыбында эссе жаздырылса, ойлау дағдыларының жоғары деңгейіндегі тапсырмалардың орындалуы да қамтылады. Төмендегі дескриптор бойынша орындап, бағалау жасалады.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдайды; Автор стилін анықтай алады.	<ul style="list-style-type: none"> - стильдік ерекшелігін табады; - көркемдік ерекшелігін талдайды; - нақыл сөздерді анықтайды.

Бекіту сабағында шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау мақсатындағы сабақта «Диуани хикмет» шығармасында насихатталатын адамгершілік құндылықтарға мысалы келтіре отырып, хикметтердің тақырыбы мен идеясын Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстыру жасалынады.

	тақырыбы	идеясы
Ясауи		
Абай		

Соңынан Ясауи мен Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктеріне баға беруде төмендегідей кестемен жұмыс жасатуға болады.

Көркемдік ерекшеліктер	Ясауи хикметі	Абай өлеңі
теңеу		
эпитет		
риторикалық сұрау		

Сонымен қоса, «Ясауи оқуларының» жоспарын жасату арқылы шығарманың тарихи құндылығын бағалауға мүмкіндік беріледі. Мысалы, «Ясауи ілімі және Абай мұрасы» тақырыбында жоспар құруға болады. Төмендегі дескриптор бойынша орындап, бағалау жасалады.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Шығарманың тақырыбы мен идеясы осы тектес басқа шығармалармен салыстырылады; Тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.	<ul style="list-style-type: none"> - хикметтерден мысалдар келтіреді; - Абай өлеңімен салыстырады; - көркемдік құндылығын бағалайды; - тарихи құндылығына баға береді.

Сабақ барысында Қожа Ахмет Ясауидің өмірлік, қоғамдық қайраткерлік, ақындық, ойшылдық, шығармашылық іс-әрекетін оқу мақсаттарына сәйкес сараланған тапсырмалардың берілуімен және құндылыққа негіздеп оқытумен сабақтардың барысы құрылды. Сараланған тапсырмалардың берілуінде құндылыққа негіздеп оқытудың әдістемесі басшылыққа алынды. Қ.А.Ясауидің шығармаларындағы құндылықты дәріптеп оқытудың маңыздылығы мен өзектілігі бүгінгі күн талабы тұрғысында негізделді.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауи – өз дәуірінің әдеби-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған, ұлы ғұлама-ғалым, ұлағатты ұстаз, бүкіл түркі жұртын татулыққа, ізгілікке, рухани тазалыққа үндеген білім иесі. Ясауиді жан-жақты тану, одан жүйелі түрде үйрену, еңбектерін оқу маңыздылығы күннен-күнге артып отыр.

Қ.А.Ясауидің шығармалары-адами құндылыққа тәрбиелеудің қайнар көзі. Осы орайда, құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде Қ.А.Ясауидің шығармаларындағы құндылықты дәріптеп оқытудың өзектілігі басым.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша Қожа Ахмет Ясауидің өмірлік, қоғамдық қайраткерлік, ақындық, ойшылдық, шығармашылық іс-әрекетін оқу мақсаттарына сәйкес сараланған тапсырмалардың берілуімен сабақтардың барысы құрылды. Сараланған тапсырмалардың берілуінде құндылыққа негіздеп оқытудың әдістемесі басшылыққа алынды. Қ.А.Ясауидің шығармаларындағы

құндылықты дәріптеп оқытудың маңыздылығы мен өзектілігі бүгінгі күн талабы тұрғысында негізделді.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясави – великий учёный, педагог, оставивший неизгладимый след в литературной и культурной жизни своей эпохи, учёный, призывавший весь тюркский народ к миру, добру и духовной чистоте. Важность знакомства с Ясави, систематического обучения у него и чтения его произведений возрастает с каждым днем.

Произведения К. А. Ясави являются источником воспитания общечеловеческих ценностей. В связи с этим первостепенное значение имеет ознакомление с ценностью произведений К. А. Ясави в воспитании поколения, впитавшего ценности.

Курс по предмету «Казахская литература» включает дифференцированные задания в соответствии с целями изучения жизни общественного деятеля, поэзии, мышления и творческой деятельности Ходжи Ахмета Ясави

Annotation

Khoja Akhmet Yasawi was a great scholar and educator who played an invaluable role in literature and cultural life of his time, a scholar who called all Turkic people to peace, kindness and spiritual purity. The importance of getting to Yasawi, systematically learning from him and reading his works is increasing day by day.

The works of K. A. Yassawi are a source of education of universal values. In this regard, familiarisation with the value of K. A. Yasawi's works is of paramount importance. A. Yasawi in the education of the generation that absorbed the values.

The course on the subject "Kazakh literature" includes differentiated tasks in accordance with the objectives of studying the life of a public figure, poetry, thinking and creative activity of Khoja Akhmet Yasawi.

Пайланылған әдебиеттер

1. ҚР-нің «Білім туралы» заңы
2. «Қазақ әдебиеті» оқулығы С.Дәрібаев., Г.Орда., А.Сатылова., «Мектеп» баспасы, 2018 жыл.
- 3.2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ МӘНІ – АДАМНЫҢ ӨЗІН - ӨЗІ ТАЛУУЫ

Абенев Галимжан Абдрахманович

Қызылорда қаласы, Ж.Қизатов атындағы
№23 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Ғылым дамығаннан бері әлем санасында дүниенің орталығына адамды қоятын антропоцентризмдік (грек. anthropos - адам, centrum – орталық)

тұжырым қалыптасқан болатын. Соның нәтижесінде адамтану саласында рационализм мен интеллектуализм белең алып, адамды әлемдегі ең маңызды фактор деп санайтын дүниетаным қалыптасты. Олар барлық тіршіліктен адамды жоғары қойып, одан бөлек дүниелерге - жануарлар мен өсімдіктерге, табиғат байлықтарына «ресурс» ретіне қарады. Нәтижесінде адамдар ғылым арқылы табиғатқа ғана емес, адамның өзіне де қауіп төндірді. Дегенмен уақыт өте келе адамтанушы ғалымдар адамның әлемдегі орнын бұлай шектеулі ақыл, құрғақ оймен қабылдау дұрыс емес екендігін дәлелдеп, адамды **БАР болмыс** ретінде экзистенциялық мақаммен зерттеуді ұсынды. Өйткені **адамның болмысы (экзистенциясы)** – ғылым арқылы тануға болмайтын - ар, иман, еркіндік, жауапкершілік сияқты - рухани феномендері бар мәңгілік мәнге ие болмыс.

Сондықтан, біздің дүниетанымыздың темірқазығы Яссауи ілімінде жатқан барша адамды «бауырым» деп сүйер, өзін-өзі тану жолы болмақ.

Өзін білгені – Хақты білгені,

Құдайдан қорқып ынсапқа келгені.

Яссауидің өзін –өзі тануының түп негізі - Хақты тану, Құдайдан қорқу. Хақты тану, Құдайдан қорқу дегеніміз – адамның өз бойындағы Жаратқанның махаббатын іздеу, табу, нұрға бөлену. Құран Кәрімнің «Ясин» сүресінің 11-аятында: **«Сен тек зікірді (Құранды) басшылыққа алатын, Құдайды көрмесе де одан қорқатын, ақиқатты аңсаған жандарға ескерте аласың»** деген сөйлеміндегі **«Ақиқатты аңсау»** сөзі – өз бойындағы рухани болмысын іздеу жолы.

Өзін білу мен ақиқатты аңсау – бір ұғым, бір түсінік. Яссауидің «Өзін білгені» деп отырғаны - адамның рухани болмысы, **АДАМНЫҢ ЖАНЫ**. Ал адамның жаны әлімсақтан бері жасап келе жатқан – Еркіндік пен Жауапкершілік. Экзистенциялық көзқарас бойынша **Еркіндік** - адамға артылған **ҮКІМ**, ал **Жауапкершілік** – адамға берілген **ҮМІТ**. **Еркіндік пен Жауапкершілік** – **бір бүтін болмыс**. Тек Еркіндік арқылы адамның періштеден де жоғары, хайуаннан да бетер төмен бола алады. Бірақ, санасын нәпсінің **еркіндігі** билесе адам өзінен, яғни адам болудан да бас тарта алады. Ал **РУХАНИ ЕРКІНДІК** адамды өз бойындағы жауапкершілігін іздеуге ынталандырып, сол мезетте адамның рухани келбетін қалпына келтіре алады. Жаратылыстың түп негізі – Хақты тани бастайды. Адам Хақты тану арқылы тән түкпіріндегі адами болмысты да тани алады. Өзін **БАР**, мәңгі өлмейтін **РУХАНИ БОЛМЫС** ретінде сезіне алады. **ЖОҚТЫҚҚА шым бататын, БАРЛЫҚҚА шын жететін тұлғаға айналады.**

Жүрек көзін аша алмасам тағат қылып,

Хақ дәргеіі мақұл көрмес, білдім мән-а.

Хақиқаттың пәк сөзімен таң аттырып,

Ләмәканда Хақтан сабақ алдым мән-а.

Қожа Ахмет Яссауи хикметтерін Хакім Абай айтқандай **«суық ақылмен»** емес, **«нұрлы ақылмен»** қабылдай алсақ, бүтін хикметтердің өзегі болған **АДАМ** деген сөздің ақиқатын тани бастаймыз. «Суық ақылға» негізделген кез келген дүниетаным адамдардың ішкі жан-дүниесіне шектеуліліктің шекарасын

сызып, адамды да, қоғамды да діни фанатизм мен экстремизмге алып келеді. Ал, Яссауи хикметтеріндегі иләһи иман – адамның жан бостандығының, еркіндігінің бастауы әрі кепілі. Оған Яссауидің мына хикметі дәлел бола алады:

**«Менің хикметтерім Алладан пәрмән,
Оқып, білсең, бар мағынасы – Құран».**

ҚҰРАН ол кітап қана емес, адамның рухын ғайып әлеміне самғатушы хәл ілімі. Сонымен қатар, **ҚҰРАНЫҢ бір мағынасы – АДАМ**. Яссауи хикметтерінде Құран аяттарымен үндестік өте көп. Үндестікті іздеу арқылы ғана даналыққа қол жеткізіп, адам жанының қаншалықты құрметке лайық екенін аңғара аламыз.

Жалпы адам деген сөздің өзі, адамның тәніне емес, **жанына берілген атау**. Діни әфсаналарда Ібілістің тәкәппарлыққа бой алдырып, Алланың әміріне қарсы шығып, адамға бас имеуі оның ТӘНГЕ емес, ЖАНҒА бас имеуі, құрметтемеуі деп қабылдағанмыз дұрыс. Қазіргі қоғамда адамдардың діни, әлеуметтік, саяси т.б. қарым-қатынасында орын алып жатқан барлық проблемалардың негізі – адамның жанына деген құрметсіздіктен басталады. Яссауидің барлық хикметтерінде **ЖАНҒА (АДАМҒА)** деген құрмет пен ізгілік, әдептілік пен мінажат жатыр. Яссауидің хикметтерін жүрек айнасымен таныған адамның бойына барша адамзатты дініне де, тіліне де қарамай бауырым деп сүйерлік **«топырақ» сипатты қасиет** қонары сөзсіз. Яссауи **әр хикметінде Алланы (ӨЗІН)** іздеді, Алладан өзгеге аманат жанды тәуелді етпеуді көздеді, халықты соған шақырады, сендірді. Өйткені, Яссауи хикметтерінде догмалық сенімнен гөрі, әлімсақтан бастау алатын адамға деген құрметтің, адамның рухани болмысы мен ізденісінің **идентификациясы** тұр. Сондықтан да, Яссауи хикметтері ғасырлар бойы барша түркі халықтарының өлмейтін, өшпейтін дүние және ақирет тіршілігінің бейнесіне айналды. Яссауи өз хикметтері арқылы адамды ЕЗ емес, ЕР етудің, елдік қасиет пен ұлттық дәстүрдің даналығын ұсынды. Адамның ой-санасын Мәңгілік болмысқа самғата білді.

Жаратқан Алла Тағала Құран Кәрімнің **«Мүлік»** сүресінің 2 аятында: **« Ол адамдардың игі және сауапты істер екен деп, сынап көру үшін ӨЛІМ мен ӨМІРДІ жаратты»** деп, өмір сөзінен бұрын өлім сөзін қоюында үлкен мән бар - өзін-өзі тану бар. **ӨМІР- еркіндік, ӨЛІМ – жауапкершілік**. Ақиқатты аңсау ізденісі адамның ақтық демі таусылғанша жүретін рухани харекет болғандықтан, адам болмысындағы еркіндік пен жауапкершілікті таныған Яссауи бабамыз өз хикметтерінде өлімнің ақиқатын түсінуді мақсат ету арқылы, адамға берілген өмірдің мәнін ұғындыра білді. Өлімді мансұқтап, өмірді **«рақат пен қызықтан тұратын сәт»** деп ұғыну адамды өз болмысынан алыстатып, адамның санасын бостық, көңілін қуыс кеуделік жайлайтынын аңғара білді.

**Тар лаһатқа кірер сәтте нұрға малты,
Періштелер Алла нұрын ашар, достар.
Алла нұры қабір ішін жарық қылар,
Періштелер шырақтарын жағып тұрар.**

Адамның өмірге келуі еріксіз болса да, ақ өлімін күтіп алуына еркіндік берілген. Өлімнің мәні ашылмаса адамды үрей, қорқыныш билейді. Өлімнің

рухани мәні Яссауи хикметі арқылы санасына сіңбеген жастарды кешегі радикалды топтар тиімді пайдаланып, мәнсіз, мағынасыз ажалға айдап салғанын ұмытуға болмайды. Көп адамдар Яссауи хикметіндегі осы даналықты танымағандықтан өлімді тануға, ажалға бетпе-бет келуге құлықсыз. Олар өлімді тек биологиялық процес деп қабылдайды. Ал өлімді саналы түрде танып, оған үлкен дайындықпен барғандар өлімнің өзінен ғибрат ала біледі. Ажалға тура қарауды үйренеді. Өлімнің даналығын меңгерген Яссауи бабамыз қанша ғасырлар бұрын өмірден өтсе де, бірақ **өзін-өзі таныған БОЛМЫС ретінде мәңгі тірі!**

Экзистенциализм психологиясын меңгерген ғалымдар өмірдің мәнін жоғалтып, қуыс кеуделікке түскен адамдардың бойындағы қорқыныш пен уайым, үрей мен алаңдаушылықты жеңу үшін **көркем әдебиетті емдік әдіс ретінде (логотерапия) қолдануды** ұсынып отыр. Бұлай рухани дерттен айығудың жолын Яссауи бабамыз түркі жұртына тоғыз ғасыр ілгері әлдеқашан **ара зікірі** арқылы ұсынған болатын. Даналық дәптеріндегі **«Жүректің көзі», «Жар жамалы», «Хақтың дидары», «Хақтың кені», «Ғайыпқа самғау», «Шарап ішу», «Махаббат шоғын көкірекке салғай», «Асыл жан», «Нұр иман», «Дертке дәрмен», «Жүрегі айна», «Құштар махаббат», «Діл көңілім»** деген рухани қуатқа толы, символикалық сөздерді оқыған адамның санасы сол сәтте таңбаланып (**кодталып**), сөздің әсерінен жан-дүниесі ғапылдық кеселден айыға бастайды.

Хикметтерім бар ғаламның дастаны,
Келсе рухым, сұхбаттың ол бостаны.
Хикметтерім – хадистің кен-мазмұны,
Ұқпағандар – адамзаттың азғыны.
Хикметімнен – талаптыға нұр жауар,
Бұзық ойлы бейбақ одан құр қалар.

Сөз арқылы өзінен өзін суырып алып, өзінен «Мен» өлмектің тағдырын қайта жарата бастайды. Бұрын әрбір харекеті жүректі байлап, тұмшаласа, енді жүрекке байланып нұрлана, кемелдене бастайды. Көңіл айнасындағы күмән мен күдік, түйткіл мен түйін тарқатыла түсіп, **өзін - өзі көре бастайды.** Рухани көңіл айнасынан өзін көріп: **«Өзім де емес, өзгеде емес»** деудің сырына қанығады.

Бүгінгі қоғамдағы адами қарым-қатынастар **Рухани «МЕН»-ге (Мәңгілік Жан)** негізделмегендіктен, сан түрлі қиыншылықтардың туындауының себебі болып отыр. Өйткені, санасы тарихи тізбекке жалғасқан жұртқа махаббат пен ізгіліктің дәнегі болар **Яссауидің ілімін айтудан гөрі, рухани тәуелділікке алып келер шарифаттың тар шеңберлі, жансыз уағыздарын тықпалай беру дұрыс емес, қауіпті.** Өмірге құштар қылатын хикметі жоқ, махаббатсыз діни таныммен уланған сана қоғамнан алшақтап, бөліне бастайды. Өзін-өзі танудан алыстай бастайды. Барлық адамды «бауырым» деп қараудан бөлек, дұшпан көріп, адамның нәпсісіне тиесілі «кәпір», «шірік», «тозақтық» сөздерді адамға тікелей қолданып, кеудесінен итеріп, қазақтың қаны мен жанына сіңген салт-дәстүрлерге тас атып, өзімдікі дұрыс, өзгенікі бұрыс деп, сананы иманға емес, күмәнға билетеді. Қоғамның тыныштығы бұзылады. Керісінше, Яссауидің

хикметтерін махаббатпен оқыған адамның жүрегі нұрланып, ібілістің індетінен болған тәкәппарлықтан айығып, ойымен де, бойымен де жамандық атаулыдан безіп, мінезі өзгеріп, өзін-өзі танып, тіршілігі мағынаға толып, барша адамның жанын құрметтеп, дос, бауыр көре бастайды.

Махаббаттың ішпесем шарабынан,
Жан мен ділім қайғымен кетер, достар.

Аулақта өлсем Алламның талабынан,
Есіл ғұмырым арманмен өтер, достар.

Кез келген адамның өзіндік «Мені» Яссауидің «Мені»мен жақындасып, тізбектесіп, өзінің әлімсақтық идентификациясында жатқан АДАМИ БОЛМЫСЫН тез қайта қалпына келтіре алады.

Адамдық болмыс, адамшылық құпиясы - жүректе жасырылулы тұрған нұр. Бұл нұр хайуандарда жоқ. Бізді адам қылып, бар қылып, ақылды қылып тұрған да осы – нұр, адамшылық. Жаратқанға мадақ айтып, медет тілеген Яссауидің хикметтері Құран Кәрімдегі Жаратқанның: **«Мен мына әлемге сыймаймын, адамның жүрегіне сиямын», «Мен адамға өз күре тамырынан да жақынмын», «Мұңайма, Аллаһ бізбен бірге»** аяттарымен үндесіп, үйлесіп жатқанын аңғаруға болады. **Яссауи бабамыз осы аяттарда айтылған үкімдерді толық орындап шықты.** Өз хикметтері арқылы әрбір жанның жүрегіне иман нұрын ұялата білді. Жүрегінде иманның шамы жағылған адамның ешбір қиянатқа бармайтындығына кәміл сенді әрі сендіре білді.

Жырт пердесін түнектің,
Тілеп **Хақтың** дидарын.
Ашып **көзін Жүректің,**
Көзбен көріп иланың..
Құл Қожа Ахмет құл болған,
Жол үстінде күл болған.
Одан **ғибрат** алғанның
Жүрегінде Нұр жанған.

Адам жүрегі үлкен әлем, сыртқы дүние - кіші әлем. Бірақ осы екі әлем бір бүтін әлемді құрайды. Адам өз болмысындағы бір бүтіндікті көре алмағандықтан адамдық болмыстың сырын тани алмайды. Әр адам өзінің бүтін болмысын, адамшылығын тану арқылы қоғамның «кетігіне» кірпіш болып қаланады. Адамшылықтан қаланған қоғамды жаһанданудың кез келген жаһил ылаңы бағындыра да, табындыра да алмайды. Сондықтан, әр адамға өз адамшылығын, өзін-өзі тану - міндет, парыз болып қала береді. **Адамшылық адамға мұқтаж емес, адам адамшылыққа мұқтаж екенін ұмытпағанымыз абзал.** Баязид Бистами айтқан екен: «Бір күні біреу есігімді қақты. Мен: «Кімді іздедің, бауырым?»,- дедім. Ол: « Баязидті іздеп жүрмін» деді. Таңғалдым. «Отыз жылдан бері Баязидті өзім де іздеп жүрмін. Өзірше табылар түрі жоқ» деген екен. **Руханият арқылы адамның өзінен өзін іздеудің тәмсілі, міне, осы.**

Қорыта айтқанда, ғасырлар данасы Қожа Ахмет Яссауи ілімі - адамның тіршілікте өзін-өзі танып, өмірдің рухани мәнін тауып, жүректің көзін ашуға

деген ұмтылысын қалыптастыратын асыл құндылық. **Яссауи ілімі** арқылы **өзін (ЖАНЫН) таныған адам** ақиқатты (**ЖАРАТҚАНДЫ**) да таба алады. **Яссауидің даналығы** арқылы өзін таныған адам өмірден еш нәрсені күтпейді, қайта сол өмірге қызмет етеді, барын береді. **Яссауидің рухани болмысы** арқылы өзін таныған адам өмірден құндылықты іздемейді, жан-дүниесі құндылықпен өмір сүреді. Жаратқанның рахмет назары түскен Қожа Ахмет Яссауи бабамызға деген құрметіміз артқан сайын ЕР мен ЕЛДІҢ мәртебесі де асқақтай береді.

Сондықтан, Яссауи ілімі мен хикметтерін оқыту мен талдауда төмендегі ұсыныстарды қабылдауды жөн көріп отырмын.

Біріншіден, жалпы қоғамды рухани тоқыраудан алып шығудың тура жолы – Яссауи жолы деп қабылдансын.

Екіншіден, Яссауи ілімі мен хикметтерін дәстүрлі діни таныммен қатар экзистенциализмдік философия мен психология тұрғысында тәпсірлеу жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.

Үшіншіден, Яссауи ілімімен үндесетін қазақ халқының дәстүрлі діни дүниетанымы мен салт-дәстүрлерінде, халық ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетінде жатқан рухани құндылықтарды имани-сенімнің алғы шарты ретінде қарау қарастырылсын.

Аннотация

Бұл мақалада Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі адамның өзін-өзі тануы қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен байланыстыра отырып жазылған. Яссауи ілімінің бүгінгі қоғамдағы түйткілді әрі өзекті мәселелерді шешудегі орнын анықтап, өзіндік ой қорытындысын жасаған.

Аннотация

В данной статье описано самосознание человека по учению Ходжи Ахмета Ясауи, связывающее его с традиционным казахским мировоззрением. Он определил место учения Яссауи в решении насущных и актуальных проблем современного общества и сделал свои выводы.

Annotation

In this article, the self-awareness of a person according to the teachings of Khoja Ahmet Yassauy is written, connecting it with the traditional Kazakh worldview. He determined the place of Yassawi's teaching in solving the pressing and actual problems in today's society and made his own conclusions.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай.Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы: «Мектеп», 2021 жыл.
- 2.Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. - Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», -2021 жыл.
- 3.С.Керімбай, М.Төлеген, Ә.Нәби. Яссауи феномені – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2017 жыл.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ МҰРАСЫН ЖАНДАНДЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Айгужина Жанар Советбековна
Астана қаласы әкімдігінің
«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
№11 мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог-сарапшы

Әр халықтың жарқ еткен жұлдыздары болады. Бұндай ұлы тұлғалар өз халқының қамын ойлаған, ел тарихында елеулі орын алған. Дәл осындай тұлғалардың бірі- Өзбекәлі Жәнібеков. Ол халқымыздың мәдени мұрасы бұрынғы идеологиялық ұстанымдардан босатып, әлемдік қауымдастық алдында жалпыадамзаттық құндылық ретінде болашақ ұрпаққа аманат етті. Өз елінің әрбір перзенті сияқты Өзбекәлінің де бойында ұлтшылдық сезімі, халқына, тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік, мақтаныш болды. Сонымен қатар, ол шекарадан өтпеді, ұлттың интернационалдан басым болуына жол бермеді, ұлтшылдық оған жат еді. Кеңес өкіметінің саясатына қарамай, кесенеде жерленген хандар мен сұлтандар, билер және батырлардың құлпытастарын музей экспозициясына қойды. Өзбекәлі Жәнібек Қазақстанның әр өңірінде 300-ден астам құнды жәдігерді қалпына келтіріп, оларды қорғау мен сақтауға күш салды. Өзбекәлі дауылпаздар мен ғылымдағы дарындардың, ақын, күйші, өнерпаздардың шыққанына шын жүректен қуанып, ерекше, дарынды жастарды табуды мақсат етті.[1.120 б.] 20 ғасырдың 70-75 жылдары Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Яссауидің мұрасы мен іліміне алғаш зерттеу жасаған. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – еліміздегі аса құнды жәдігер, сәулет өнерінің керемет туындысы. Ол XII ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты танымал әйгілі көне түркі ақыны, софизмді уағыздаушы Ахмет Яссауидің бейітінің басында орналасқан. Бұл ескерткіш –Орта Азиямен Қазақстандағы біздің заманымызға дейін сақталған ең зәулім күмбезді, қыштан соғылған ғимарат. Кесене 1978 жылдан бастап мұражай ретінде жұмыс істей бастады. 1978 жылы алғаш рет Қожа Ахмет Яссауи кесенесі сәулет кешенін қалпына келтірудің кешенді жоспары қабылданып, жүзеге асырыла бастады: «...ең алдымен Бас портал мен мешіт, олар апатты жағдайда, қабірдің едендері нығайтылған. Бас күмбездің тетраэдрлік және сегіз қырлы қондырғылары, ғимараттың солтүстік порталы және эпиграфиялық композициялар бұрынғы қалпында қалпына келтірілді, есік-терезелер шегесіз және желімсіз жасалған панорамалық және сәндік торлар орнатылды», - деп жазады Өзбекәлі Жәнібеков өз естелігінде. Міне, осылайша түркі әлемі үшін киелі жәдігер болған Ахмет Яссауи кесенесі қайта қалпына келтірілді. Әулиенің кесенесі негізінде «Әзірет Сұлтан» мұражай-қорығының құрылуына үлкен үлес қосты. [2.25 б.]Ал 1989 жылы ол «Әзірет Сұлтан» деп аталып, мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы болып қайта құрылды, оның құрамына 19 тарихи ескерткіш енгізілді. Ұлттық мәдениеттің жандануына ерекше үлес қосқан қайраткердің мұрасын насихаттау мақсатында Мәдениет және спорт министрлігі «Рухани қазына» республикалық фестивалінде Өзбекәлі Жәнібеков атындағы арнайы сыйлық тағайындады.

2003 жылы ортағасырлық сәулет өнерінің інжу-маржаны ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра нысаны ретінде танылды. Айтпақшы, осы жолдардың авторына Париждегі ЮНЕСКО-ның арнайы комиссиясының алдында Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің тұсаукесер жасау бақыты бұйырды. Ел басқаруында жүрген Өзбекәлі Жәнібеков көне «Диуани хикмет» кітабының қолжазба, баспадан шыққан нұсқаларын жинақтауды тапсырды. [3.58б.] Осы жайт туралы Ө.Жәнібеков «Тарих тағылымы» атты еңбегінде: «Бұл мезет Қазақстанның 72 елмен экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстар орнатып, халықаралық аренаға шыға бастаған кезі болатын. Жылына 15-20 мыңға жуық адам Қазақстанға келіп, сонша адам шет елдерде болып қайтатын» - деп көрсетеді. Оның бастамасымен Қазақстан өңірлерінде ондаған Республикалық маңызы бар мұражай-қорықтар құрылды, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Отырар ауданындағы Арыстан баб кесенесі, ежелгі Отырар археологиялық нысандары, Алматы облысындағы Жаркент мешіті, Жамбыл облысындағы Қарахан, Айша бибі, Бабаджа хатун кесенелері сияқты бірегей көне ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары өтті. Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының мәдени мұрасын әлемдік қауымдастық алдында жалпыадамзаттық құндылық ретінде көрінуіне ықпал етті. Ол түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістан ескерткіштерін сақтау бойынша, бірінші кезекте Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жағдайы ерекше орын алды. [4.152 б.] 1978 жылы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің сәулет кешенін қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар алғаш рет қабылданып, жүзеге асырды. Соның арқасында олар қазір Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қак ортасында тұрған Эрмитаждан бас киелі «Тайқазанды» қайтарып алды. [9.12б.] Қазіргі уақытта ортағасырлық сәулет өнерінің теңдесі жоқ жәдігері саналатын Қожа Ахмет Яссауи кесенесін тамашалау үшін Түркістан шаһарына әлемнің түкпір-түкпірінен туристер келеді. Өйткені Қожа Ахмет Яссауи кесенесі талай ғасырдан бергі қазақ жұрты, Түркі әлемі ерекше қасиет тұтады. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – түркі әлемінің рухани орталығы. Қожа Ахмет Ясауи өз заманының ұлы ойшылы мен философы, рухани тәлімгері, емшісі, болжаушысы, мистикасы ғана емес, сонымен қатар дарынды ақын болды. Оның көрнекті еңбектері «Диван-и-хикмет» («Даналық кітабы»), «Мират-ул Кулуб» («Жан айнасы»), «Пакир-нама» («Кедейлер туралы аңыз») және адамдар ежелгі уақытта жатқа білетін және ауыздан ауызға берілетін философиялық шығармалар болып табылады. [5.185 б.]

Қазақстанның мәдени өміріндегі тұтас бір дәуір Өзбекәлі Жәнібековтің есімімен байланысты. Оның еліміздің дамуына және Қазақстанның мәдени мұрасының сақталуына қосқан үлесі әлі де бағаланап жатыр. Өзбекәлі ұлт тағдырына қатысты көне заманғы тарихты, тілді, халықтың салт-дәстүр терең білетін, сол себепті де ол этнография, мәдениет мәселелеріне байланысты зерттеу жұмыстарымен айналысып, соңына мол мұра қалдырып кетті. 1990 жылдардың басында Өзбекәлі Жәнібековтің жетекшілігімен Қазақстан аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету басты міндеті болып табылатын «Арқас» қоғамы құрылды. Тарих қойнауына үңіліп, халқымыздың өмірі мен тіршілігін, әдет-

ғұрпы мен салт-дәстүрін зерттеп, ерлігі мен бірлігін паш етіп, келер ұрпаққа баға жетпес құнды еңбектері мен өсиетін қалдырған, еліміздің біртуар ірі тұлғаларының бірі – мемлекет қайраткері, белгілі этнограф, тарихшы-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің ғылыми мұрасының уақыт өткен сайын құндылығы арта түсері анық. [6.187 б.]

Білім үрдісінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» сабақтарында ұлттық құндылықтарды дәріптеуде Қожа Ахмет Ясауи мұралары 5-11 сыныптарда жыл сайын өтіледі. Өзім өзге тілді мектепте қазақ тілінен сабақ бергендіктен, Өзбекәлі Жәнібеков арқылы қалған ұлттық құндылығымызды таныстыруда көптеген тиімді әдіс-тәсілдер қолданамын. Мысалы, виртуалды мұражай арқылы сипаттау мәтінін немесе тыңдалым, оқылым мәтіндерін пысықтау арқылы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесінің сәулет өнерінде алатын орнын анықтай отыра, функционалдық сауаттылығын арттырады. [10.126 б.] Ұлттық мұра жанашырының дара жолы, биік рухы жылдар ағымымен асқақтап, ел жадынан ұмытылмайтындығын «ПОПС», «Төрт сөйлем» «Дербес пікір» арқылы анықтайды. 5-6 сыныптарда Қожа Ахмет Ясауи кесенесін «Сандар сөйлейді» ойыны оқушылардың қызығушылықтарын оятады. Әрине, осы жерде мектеп-лицейіміз есімімен аталып жүрген Өзбекәлі Жәнібековтің орасан еңбегін ғылыми жобалар, зерттеу жұмыстары, көрме, ақпараттық іс-шаралар арқылы жүзеге асырамыз. Қазіргі оқушылардың қызығушылығын ояту өте қиын. Сондықтан да Өзбекәлі Жәнібеков есімді тұлғалардың еңбек жолын, ғылыми еңбектерін, атқарған істерін, әсіресе Қожа Ахмет Ясауи мұрасын сақтауда алатын орнын үлгі ету керек деп санаймын.

Қорытындылай келе, Өзбекәлінің басты жетістіктерінің бірі - мәдениеттің дамуына ұлттық тұрғыдан ықпал етуі. Бұл жетістіктің қазіргі ұрпақтың бойына сіңдіре білсек, Өзбекәлі Жәнібеков сақталуына үлес қосқан Қожа Ахмет Ясауи мұралары әлі де талай ғылыми ашуларға ие болады. Ал біздер, мұғалімдердің міндеті- Қожа Ахмет Ясауи мұраларын дәріптеп, ұлттық құндылыққа негізделген тәрбие беру болап табылады.

Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ халқының мәдениетін дамытуға, мәдени мұрасын сақтауға қосқан үлесі, еселі еңбегі әлі талай ұрпақ ұлтымыздың тарихын куәгер етіп айтады.

Аннотация

Мақалада көрнекті қазақ қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи мұраларын сақталуына және жандануына ықпалы туралы жазған. Өзбекәлі Жәнібеков қазақ мұраларын елге қайтарып, қауымдастықтар арқылы рухани мұрамызды болашаққа жеткізуге орасан еңбегінің рөлін дәлелдеген. Мақалада Өзбекәлі Жәнібековтің өмірбаяны тарихнаманың жалпы бағытын қалай көрсететіні және оған қалай әсер ететіні көрсетілген.

Аннотация

В статье рассказывается о влиянии видного казахского деятеля Узбекали Жанибекова на сохранение и возрождение наследия Ходжи Ахмеда Ясауи. Узбекали Жанибеков доказал свою огромную роль в возвращении казахского наследия в страну и передаче нашего духовного наследия через сообщества в

будущее. В статье показано, как биография Узбекали Жанибекова отражает и влияет на общее направление историографии.

Annotation

The article describes the influence of the outstanding Kazakh figure Uzbekali Zhanibekov on the preservation and revival of the heritage of Khoja Ahmed Yasawi. Uzbekali Zhanibekov proved the role of his great work in bringing the Kazakh heritage back to the country and bringing our spiritual heritage to the future through communities. The article shows how the biography of Uzbekali Zhanibekov reflects the general direction of historiography and affects it.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы-402бет
2. А.Сейдімбеков, “Елтұтқа” кітабы, 2018 ж –155 бет
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы 6 том -56 бет
4. “Тарихи тұлғалар” кітабы -93бет
5. Nasaw D. Introduction // Amer. hist. rev. – Chicago, 2009. – Vol. 114, N (June). – P. 573–578., с. 573 120
6. Hamilton N. How to do biography: A primer. – Cambridge: Harvard univ. press, 2008. – 380 p, с.1
7. Голубович И.В. Биография как социокультурный феномен: Методология анализа в гуманитарном знании // Интегративна антропология. – Одесса, 2009. – № 1 (13). – С. 47–53., с. 47–48
8. А.Мамашулы Узбекали Жанибеков, «Взявший в резерв» Назарбаева. 27 марта 2018
9. Семенченко, А. Я. Мы строили комсомол, комсомол строил нас / Семенченко А. Я., — М. :Издательство Московского гуманитарного университета, 2015. — 352 с.

Қ.А.ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ – ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Аймағанбетова Жадра Агадиновна

Қызылорда облысы, Арал қаласы,
Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп– лицей
Директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары, Қазақстан тарих пәні мұғалімі
педагог зерттеуші

Егеменді еліміздің сан ғасырлар бойы біртіндеп қатталып, қорланып, кеңінен қанат жая алмай, рухани мол дәстүрлі қазынасы кешегі Кеңес дәуірінің тоталитарлық жүйесінің қатал саясаты мен ұлт тарихына деген қастандығы салдарынан рухани, мағыналы құндылықтар салт-дәстүр, ырым-тыйым, наным-сенім танымдарынан ажырап қалуға әкеп соқтырды.

Бүгінгі өскелең ұрпақтың халқымыздың рухани құнды мұраларының, терең мағыналы тарихи құндылығынан қол үзіп қалмауы, біздің қазіргі таңдағы басты

міндетіміз- ұрпақ тәрбиесінде ұлт құндылықтарын тереңнен насихаттау. Бүгінде рухани құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіртуде білім беру саласына ерекше назар аудару қажет. Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білім деңгейімен өлшенеді. Әлемдік білім кеңістігіне кіру, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Егемен ел болғалы өткен тарихымызға, рухани мұраларға зерттеу жүргізу кеңінен насихатталуда. Атақты ғұлама, ғалым, ағартушы педагогтардың педагогикалық рухани мұраларын жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте түркі дүниесінің оның ішінде халқымыздың бүкіл рухани адамгершілік, тәлім – тәрбиелік ой-пікірлері, түркі жұртының рухани ұстазы, ғұлама ғалым, сопылық мектеп пен әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын кемеңгер ойшыл, философ ұстаз, түркі-ислам жолының негізгі ірге тасын қалаушы Қожа Ахмет Ясауидің алар орны ерекше. Араб, парсы авторларының жазбаларына қарағанда Қ.А.Ясауи өз заманының сауатты, көзі ашық адамы болған. Он алты жасында-ақ болашақ ақын шығыс поэзиясын, әдебиетін жетік меңгерген. Он жеті жасынан өлең жаза бастаған, ақынның шығармаларын сол кездегі шайырлар секілді араб, парсы тілдерінде емес, өз ана тілі – түркі тілінде жазуы оның өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен ұлтжандылығын ұғынуға болады. Оның шешендігі мен ақылгөй даналығы оны жерлестері арасында сый-құрметке бөлейді. Ахмет айтып еді деген қанатты, ғибратты, діни өсиет-насихатқа толысөздер елден-елге тарайды. Ясауи шығармаларының құндылығы да осында.

Қ.А.Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен талантын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама ғалым. Оның әдеби, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне, еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Ғұлама есімі өз кезінде біршама түркі әлемінің мәдениетінің білім беру саласының тарихынан ерекше орын алады. Сондықтан Қ.А.Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз құндылығы мен маңызын жоймай келеді. «Қ.А.Ясауидің мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану» тақырыбындағы баяндамада ұлы ғұлама еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі туралы ой-көзқарастарын өскелең ұрпаққа үлгі ету. Қ.А.Ясауидің әдеби-қоғамдық, ғылыми танымдық, рухани-адамгершілік, ағартушылық педагогикалық идеяларын оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану. Қ.А.Ясауидің құнды педагогикалық идеялары оқушылардың ұлттық құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, ата-анасына, дінін, тілін, елін, жерін сүйюіне, елжандылық ұлттық сезімдерін арттырып, рухани адамгершілік, имандылық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда адам, қоғам, табиғат туралы ой-пікірлердің заңдылықтары, қазақтың ұлттық дүниетанымы, рухани-адамгершілік, мәдени және жалпыадамзаттық мұралар негізіндегі демократиялық – гуманистік қарым-қатынастарды айқындайтындығы ақын шығармаларында айқын көрініс тапқан. Жеке тұлғаны олардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыруда Қ.А.Ясауи еңбектерін оқу-тәрбие жұмыстарында арнайы жоба ретінде енгізіп, жобаны жүзеге асыру мен тәрбие үдерісінде тұлғаның адамгершілік пен

имандылық құндылықтарымен тәрбиеленуіне, әлеуметтенуіне, болашақ өскелең ұрпақты өмірге даярлауда ықпал ететіндігі сөзсіз.

Алайда, Қ.А.Ясауи шығармаларындағы рухани адамгершілік, имандылық, инабаттылық, Отаншылдық, мәдениеттілік, тілін, дінін құрметтеу сияқты тәлім-тәрбие беретін идеялардың мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне қажеттілігі оқушы жастарға адамгершілік, имандылық, патриоттық тәрбие беруде аса маңызды таптырмас құрал . Жоғарығады идеяларды жастар бойына сіңіруде Қ.А.Ясауи шығармаларын тереңінен насихаттау тәрбиелік жобаның маңызын арттыратыны сөзсіз. Негізінен оқу-тәрбие үдерісінде тәрбиелік жобадан басқа да, жекелеген пәндерде атап айтар болсақ, тарих, дінтану пәндерінде осы Қ.А.Ясауиге және Қазақстандағы діндердің таралуы тақырыптарын оқыту кезінде оқытудың жаңа әдістерін қолдану тиімді болып отыр. Бүгіндегі мектептегі тарих оқулығында Қ.А.Ясауи туралы мәлімет тым мардымсыз , ондағы берілген қысқаша мағлұматтар тарихи тұлғаның еңбегін толық ашып, түсіндіре алмайды. Сондықтан да мен Зайырлылық және дінтану негіздері 9-сыныпқа арналған факультатив жоспарындағы «Қазақстандағы діндердің таралуы» тарауы бойынша «Қ.А.Ясауидің діни философиясы (хикмет ілімі) тақырыбын және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы пәніндегі 6-сыныпқа арналған оқу бағдарламасында «Түріктердің рухани және материалдық мәдениеті» тақырыбында Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты? деген зерттеу сұрағының мәнін жан-жақты ашу мақсатында оқытудың мына әдістерін тиімді қолданып оқытып келемін.

«Тарихи тұлғаға мінездеме» әдісі

Өмір жолынан мәлімет (шығу тегі, өмірінің ең маңызды кезеңінен мәлімет).

Тұлға іс -әрекет еткен тарихи орта мен тарихи жағдайды сипатта.

Қандай ортадан шықты, оның қалыптасуына әсер еткен адамдар.

Жеке тұлғаның көзқарасы мен сенімінің қалыптасуына әсер еткен жағдай

Тұлғаның жеке қасиеттері, оның алдына қойған міндеттерін шешуге сәйкес келу дәрежесі.

Оның айналысындағы адамдармен қарым-қатынасын анықта

Мақсатқа жетудегі әрекеті, құралы, әдісі.

Сенің ойыңша оның ұлы ісі қандай? Кімнің мүддесін көздегенін ойланып жауап бер.

Ұлы адамдардың берген бағасы жөнінде пікірлерін келтір.

Өзіңнің көзқарасың қандай? Көзқарасыңда қарама-қайшылық жоқ па? Қорытынды жаса.

IDEA әдісі бойынша XI- XII ғғ. Қазақстан аумағындағы Қ.А.Ясауидің сопылық ілімінің таралуының ортақ себептерін анықтайды

I-Identify) - мәселенің себептерін анықтау	
D (Describe) - сәйкесінше дәлелдерді сипаттау	
E (Explain) - осы себептердің мәселеге қалай ықпал еткенін түсіндіру	
A (Analyze) - осы себептердің маңыздылығына талдау жасау	

GREAT кестесі

Оқушылардың берген жауаптарына сүйене отырып, Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» көне түркі тілінде қыпшақ диалектісімен жазылған еңбектің түркі халықтарының рухани танымы мен дүниетанымында шешуші рөл атқарғандығының маңыздылығы туралы сабақ қорытындысын жасап, талдау жасайды

G (Groundbreaking) - елеулі/ бетбұрысты	
R (Remembered) - есте қаларлық	
E (Events) - маңызды оқиға	
A (Affected) - болашаққа әсері	
T (Terrifying) кездескен қиындықтар	

ПТМС формуласын қолданып, эссе жазыңыз.

Позиция «Түркі халықтары үшін Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінің өз заманындағы және қазіргі уақытта адамзат қоғамына ой салар рөлі ерекше деп санауға болады/болмайды?»

Түсіндіру(себебі...)

Мысал (мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....)

Салдар(қорытынды жасаймын....)

«ЕНАРА» стратегиясы (5R) маңыздылық кестесі

Есте қалатын (кім үшін?)	
Нәтижелі (қандай нәтижелерге әкелді? Нәтижелері позитивті әлде негативті сипатқа ие ме?)	
Айырықша мәнді (Сол тарихи кезеңде ол қандай көрініс тапты? Ол маңызды немесе айрықша болып есептелді ме?)	
Резонансты (Оқиға/құбылыс қазіргі өмірге әсер етті ме? Қазіргі қоғам дамуына әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?)	
Айқындайтын/ басқа да қырларын түсінуге жол ашатын (оқиға/ құбылыс сол заманның адамдарының өмірі мен көзқарастары туралы қандай ақпарат береді?) адамдарының өмірі мен көзқарастары туралы қандай ақпарат береді?)	

«Попс формуласы»: Қожа Ахмет Ясауидің хикмет ілімі түркі халықтарының рухани танымын кеңейтуде маңызды рөл атқарды.

Ерекше дамыған

1-қадам: «Менің ойымша...»

2-қадам: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»

3-қадам: «Оны мен мынадай фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

4-қадам: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»

Жоғарыдағы әдістерді қолдану арқылы оқыту барысында мен оқушылар бойынан қызығушылық пен іздену, тарихи тұлғаға деген ерекше көзқарасты байқадым. Әрине, бұл әдістерді сыныптағы барлық оқушыларға қолдану мүмкін емес, себебі сыныпта әр түрлі деңгейдегі оқушылар бар, сондықтан мен

бұл тапсырманы жоғарғы деңгейдегі шығармашылықпен жұмыс жасайтын оқушыларға деңгейлік тапсырма ретінде қолдандым. Нәтижесінде менің байқағаным, оқушылардың шығармашылық ізденістері және кейбір оқушылардың ғылыми ізденістері артты. Тарих, дінтану пәндерінде Қ.А.Ясауи шығармаларын тереңінен түсіндіріп, ұғындыруға тәжірибелі жұмыс жасап келемін. Мұндағы мақсат оқушылар үшін танымдық, рухани, діни сауаттылықтарын ашып, оларда өзге дінге еліктеушілік, адасқан діни секталардың шырғауынан алшақ болуына ықпал ете отырып, үлгі алар ұлы ғұлама Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінде екендігін түсіндіру. Өз заманында шығыстан келген қарақытайлардан Яссауидің дінді сақтап қалуда атқарған қызметі, халық арасында ұлы тұлғаның қадір-құрметін арттырды. Қай заманда болсын, мемлекетте радикалды күштер саясаты жүргізіліп, мемлекетке қауіп төнетіндігі тарих беттерінде ашық айтылады. Таң қалмай-ақ дәл бүгінгі таңда елімізде жастар арасында кешегі 90 жылдары діни сауаттың жетімсіз өңірлері еліміздің батыс, солтүстік, шығыс аймақтарда теріс дінді насихаттаушы, радикал топтарынан осы өңір жастары жапа шекті. Осы тұста дін сауаттылығын басқа елден іздемей-ақ, ұлы шайыр еңбектерінен, хикметтерінен оқып білсе, жастар арасында діни адасушылық белең алмас еді. Бүгінгі жас ұрпақ санасына ақын хикметтерін сіңіру мақсатында төмендегі ағартушылық жобасы бойынша әр ай сайын берілген тақырыпқа сәйкес оқушылар жас ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыптық шараны насихаттау қажет деп есептеймін. Сондықтан әрі тарихшы, әрі мектепте тәрбие саласының маманы ретінде төмендегі жобаны ұсынып отырмын. Жобаны жыл басында мектеп-лицейінің тәрбие жоспарына енгіздім, жоба бойынша 9 ай ішінде ұлы ақын хикметтері мен өмірі, өмір сүрген қаласы, кесенесі және «Даналық кітабындағы» төрт ғақлия туралы түсінік қалыптастырып, оқушылар бойына рухани дүниетаным қалыптастыруды мақсат еттім.

«Қ.А.Ясауи хикметтері ұлттық құндылық - ұрпаққа мұра» ағартушылық жобасының жоспары

Жобаның мақсаты: Мектеп оқушыларының ұлттық дүниетанымы мен рухани байлығын қалыптастыру;

Білім алушылардың өз елінің ұлы даналарының еңбектерін оқып-үйренуге, ұлттық құндылықтарды тануға баулу;

Міндеттері:

- Халқының тарихи-мәдени мұрасын оқып білуге, құрметтеуге тәрбиелеу;
- Қ.А.Ясауи шығармаларын тереңінен оқып, өзін-өзі тәрбиелеуді дамыту;
- Рухани адамгершілік, имандылық, елжандылық, Отаншылдық, мәдениеттілік, тілін, дінін құрметтеуге тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- Өскелең ұрпақ бойында ұлттық, патриотизм мен азаматтық қалыптасады;
- Өз тарихын, ұлы тұлғалар туралы оқып үйренуге, даналық сөздерден үлгі алып, танымдық қызығушылықтар артады;
- Тұлғалық төзімділік, имандылық, адамгершілік, қабілеттері ашылады;
- Адамдарды сүйуге, ғылыми-білімді ардақтауға, демократиялық көзқарастары қалыптасады;

-Қ.А.Ясауи шығармаларын, хикметтерін оқып үйренуші, шығармашыл жастар артады;

	Іс - шара атауы	Мерзімі	Өткізу формасы
	Қ.А.Ясауи өмірі мен еңбектері	қыркүйек	Тәрбие сағаты
	Қожа Ахмет Ясауидің ұстаздары	қазан	Дөңгелек үстел
	Түркістан тарихынан қызықты мағлұматтар	қараша	Квест ойыны
	Қ.А.Ясауи кесенесі туралы	желтоқсан	Тәрбие сағаты
	Асқа құрмет ас пен істің қасиеттілігі	қаңтар	Ашық пікірталас
	Ясауидің білім туралы түсінігі	ақпан	Тәрбие сағаты
	Ясауидің таңдаулы хикметтері	наурыз	Мәнерлеп оқу сайысы
	«Даналық кітабындағы» төрт ғақлия туралы түсінік беру	сәуір	Тәрбие сағаты
	«Қ.А.Ясауидің Исламның түркілер арасында таралуына қосқан үлесі» тақырыбында «Үздік баяндама» сайысы	мамыр	сайыс

Жоғарыда ұсынылып отырған жоба бойынша әр ай сайын тәрбиелік шаралар тақырыпқа сәйкес жүргізіліп келеді. **Қыркүйек айында** Қ.А.Ясауи өмірі мен еңбектерін насихаттау арқылы, ұлы тұлғаның өміріндегі қиын да қызықты сәттер мен оның білім алуға деген құлшынысы мен ата-анасының өз перзентіне білім беруге деген ұмтылысы, алыс шаһарлардан ғұламалар шақыртып, оларды жалдап оқытуы, сол ғылым-білім арқасында оның рухани дүниесінің кеңейіп, ұлы тұлғаға айналуы үлгі-өнеге болатындығы насихатталған сынып сағаттары өткізілді. **Қазан айында** Қожа Ахмет Ясауи ұстаздары туралы жоғарғы сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел тақырыбы алдын ала оқушылардың ізденуі үшін беріліп қойылды, шара барысында бірнеше оқушылар тақырып төңірегінде іздену жұмыстарын жүргізді. Шара барысында оқушылар Қ.А.Ясауидің білім алған ұстаздары туралы мағлұматтарды өзге оқушылармен бөлісіп, пікір алысты. **Қараша айында** «Түркістан тарихынан қызықты мағлұматтар» тақырыбында барлық 5-11 сыныптарда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен квест ойындары өткізілді. **Желтоқсан айында** «Қ.А.Ясауи кесенесі туралы» 5-11 сыныптарда танымдық тәрбие сағаттары өткізілді. **Қаңтар айында** Қ.А.Ясауи іліміндегі «Асқа құрмет ас пен істің қасиеттілігі» туралы тақырыбында өткізуге болатын ашық пікірталаста орта және жоғарғы буын оқушылары асқа құрмет қай заманда болса да бірінші орында тұрғандығын жете түсіндірілді.

Кез келген қария кісілер «нанды аяқ асты тастамандар» деп ескертіп отыратындығын, тіпті «нан қиқымын жесең бай боласың», - деп айтудың астарында үлкен тәрбие, құрмет жатқандығын ұрпақ бойын сіңіртуде таптырмас тәрбие көзі болып саналады деген пікірлерін ортаға салды. Осы пікірталас оқушыларға үлкен ой сала білді. Олардың ойларында ысырапшылдыққа жол бермеу, асқа құрмет көрсету сезімдерінің

қалыптасқандығын шара соңында ой-пікірлерінен анық байқалды. Жобадағы бір шараның өзі оқушыларды адамгершілік ,ізгілікке тәрбиелеуге ықпалын тигізуде. **Ақпан айында** «Ясауидің білім туралы түсінігі» тақырыбы бойынша барлық 5-11 сыныптарда танымдық тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттары барысында жалпы адамзат баласы үшін білімнің маңызы мен Ясауидің білім туралы айтылған нақыл сөздеріне талдау жасалып, түсіндірілді. Білімді адамның қоғамдағы мәртебесі жоғарғы екендігі насихатталды. Бүгінгі таңда оқушылардың оқуға құштарлығын оятуда оларға ой салған сынып сағаттары өткізілді. **Наурыз айында** «Ясауидің таңдаулы хикметтері» тақырыбында мәнерлеп оқудан 8-10 сынып оқушылары арасында сайыс өткізілді. Сайыс барысында 4,6,8,9,25,28,30 хикметтерін мәнерлеп оқыды. Сайысты өткізудің мақсаты оқушыларға әділдік, шапағаттық, мейірімділік, шыншылдық, ойлылық, тазалық секілді адамзат бойында таптырмас асыл қасиеттерді насихаттауға шақырады. Жақсы қасиеттерді бойға сіңіру, қарапайымдылықтың не екенін түсіну, ол туралы бір сәт ой толғау болатын. Хикметтер ішінде таңдаулы хикметтерден мәнерлеп оқудан сайыс ұйымдастырудың тәрбиелік мәні надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние-байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, дүниеқоңыздық ешкімге де опа бермегендігін ақын хикметтерінде ашық айтып, сынға алғандығы насихатталды. Ой салар ұрпаққа мұның өзі таптырмас қазына болмақ. Қорытындылай келе, жоғарыдағы **«Қ.А.Ясауи хикметтері ұлттық құндылық - ұрпаққа мұра» ағартушылық жобасын** жүзеге асыру арқылы бүгінгі ұрпақ санасына салиқалы ой салуда екендігін жобадағы жоспарлы жұмыстарды жүргізу барысында көрініс табуда. Жобадағы әр тақырыпты ай сайын тереңнен меңгерту барысында бүгінгі жас буынға өмірлік азық болар ,ой-салып жол сілтеуге көмек болатындығы сөзсіз. Жалпы баяндамада Қ.А.Ясауи шығармаларын оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың маңыздылығы кемеңгер бабамыздың өз заманының шындығын, өз өмірінің бүкіл болмысын, өмірлік тәжірибесін, ізденістері мен құлшыныстарын өнеге етіп өлеңмен өрнектеген тұлға ретінде үлгі аларлықтай пір тұту, өзгенің кемеңгеріне емес өз кемеңгеріңе бас ию қажет екендігін түсіну. Оқу-тәрбие үдерісінде қолданған кемеңгердің қандай да бір өнегелі өмірі, хикметтері мен даналық сөздері ұрпақ тәрбиелеуде алар асуы биік дүние. Аталған жобаны бүгінгі күні өзім қызмет атқаратын Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейінде жүзеге асыра отырып, өзге аймақтардағы әріптестеріме тәжірибемді бөліссем деген жоспарым бар.

Андатпа

«Қожа Ахмет Ясауидың мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану» тақырыбындағы баяндаманың өзектілігі – ұлы ғұламаның еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі туралы ой-көзқарасын өскелең ұрпаққа тәрбиесінде қолдану. Көп жылғы ұстаздық еңбегімде түйгенім, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы рухани, адамгершілік, имандылық, инабаттылық,

отаншылдық, мәдениеттілік, тілін, дінін құрметтеу сынды тәлім-тәрбие беретін идеяларды мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне енгізу – жасөспірімдерге рухани тәрбие беруде мәні зор, құнды мұра.

Өз тәжірибем бойынша оқу-тәрбие үдерісінде тәрбиелік жобадан басқа да жекелеген пәндерде, яғни тарих, дінтану пәндерінде факультатив сабақ ретінде қолдануды ұсынғым келеді. Атап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын 9-сыныптарда дінтану пәні бойынша тереңінен түсіндіріп, ұғындыру үшін қосымша факультатив сабағы ретінде енгізілсе, жасөспірімдердің діни сауаттылығын арттырып, өзге дінге еліктеушілік, адасқан діни секталардың шырмауынан шығуға жетелер еді. Себебі, қай заманда да мемлекетте радикалды күштер саясаты жүргізіліп, мемлекетке қауіп төнетіндігі тарих беттерінде ашық айтылады. Таң қалмайық, дәл бүгінгі таңда елімізде жастар арасында кешегі 90 жылдары діни сауаттың жетімсіз өңірлері еліміздің батыс, солтүстік, шығыс аймақтарында теріс дінді насихаттаушы, радикал топтарынан жастар жапа шекті. Осы тұста діни сауаттылығын басқа елден іздемей-ақ ұлы шайыр еңбектері мен хикметтерінен оқып білсе, жастар арасында діни адасушылық белең алмас еді.

Баяндамадағы басты мақсатым – Ясауи хикметтері негізінде білім алушылардың ұлттық дүниетанымы мен рухани байлығын қалыптастыруда ағартушылық жоба жоспарымды ұсыну. Жоба республика көлемінде бастау алса, жас буынға өмірлік рухани азық болып, ұрпақ санасына салиқалы ой салары сөзсіз. Аталған жобаны жаңа оқу жылында өзім қызмет атқаратын Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейінде жүзеге асыра отырып, өзге аймақтардағы әріптестеріме тәжірибемді бөліссем деген жоспарым бар.

Аннотация

Актуальность моего доклада на тему «Использование наследия Ходжи Ахмета Яссави в образовательном процессе» заключается в применении трудов, мыслей и взглядов великого учёного-просвятителя в нравственном и этическом воспитании подрастающего поколения.

Включение в учебный процесс в школе духовных, нравственных, моральных, этических, патриотических, гражданских идей, которые носят воспитательный характер, уважительное отношение к языку и религиозным идеям, источником которых являются произведения Ходжи Ахмета Яссави – это значимый и ценный вклад в обеспечении духовного воспитания подростков.

Ссылаясь на свой многолетний опыт, хочу порекомендовать использовать его не только как воспитательный проект в учебно-воспитательном процессе, но и в качестве факультативного занятия, в дополнение по отдельным предметам, т. е. истории, религиоведению. А именно, внедрение изучения произведений Ходжи Ахмета Яссави в 9 классе по предмету религиоведение как дополнительного факультативного курса привело бы к повышению религиозной грамотности подростков и помогло бы им выбраться из пут различного рода тоталитарных религиозных сект. Поскольку в любую эпоху, в связи с ростом этнонациональных конфликтов, деятельности радикально настроенных политических сил, государство находится под угрозой,

государство ведет непримиримую борьбу, и это ясно в открытую отражается на страницах истории. Не будем удивляться, сегодня в стране молодежь пострадала от радикальных группировок, пропагандирующих негативную религию в западных, северных и восточных регионах страны, где в 90-е годы религиозная грамотность хромала. На этом этапе, если бы наше поколение могло учиться религиозной грамотности на трудах и мудрости великого мыслителя, не ища ее в других странах, религиозное заблуждение не распространилось бы среди молодежи.

Основная цель моего доклада – представить план моего образовательного проекта, формирующего национальное мировоззрение и духовное богатство учащихся, основанных на мудрых заповедях Яссави.. Если проект будет внедрен в масштабах республики, он обязательно станет жизненно важной духовной пищей для молодого поколения и,наверняка, заставит поколение серьезно задуматься. В будущем я планирую реализовать этот проект в новом учебном году в школе-лицее № 62 имени Ж. Абдирашева, где я работаю, а также поделиться своим опытом с коллегами из других школ нашего региона

Annotation

The urgency of my report on the topic “Use of the heritage of Khoja AkhmetYasawi in the educational process” lies in the application of the ideas of the great scientist about moral and ethical education in the education of the younger generation.

What I learned during my many years of teaching experience the introduction into the educational process at school of such pedagogical ideas as spirituality, morality, ethics, decency, patriotism, civilization, respect for language and religion, in the works of Khoja Akhmet Yasawi is a significant and valuable heritage in providing spiritual education for teenagers.

Based on my experience, I would like to recommend using it as an elective activity in the educational process, in addition to the educational project, in individual subjects, that is, in the subjects of history and religious studies. In particular, if the works of Khoja AkhmetYasawi were included in the 9th grade as an additional elective subject of religious studies, this would help improve the religious literacy of teenagers and get out of the trap of imitating other religions and errant religious sects. Because in any era, the policy of radical forces is pursued in the state and the state is under threat, this is clearly stated on the pages of history. Let us not be surprised, today’s youth in the country have suffered from radical groups promoting negative religion in the western, northern and eastern regions of the country, where there was no religious literacy in the 90s. At this stage, if he could learn his religious literacy from the writings and wisdom of the great sage, without seeking it in other countries, religious delusion would not spread among the youth.

The main purpose of the report is to present a plan for educational project to shape the national worldview and spiritual wealth of students, based on the wisdom of Yasawi. If the project starts at the level of the republic, it will undoubtedly be useful to the younger generation. I have a plan to share my experience with colleagues in other regions by implementing this project in the new academic year at the school-lyceum No. 62 named after Zh. Abdirashev, where I work.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ даласының жұлдыздары», (тарихи – филологиялық зерттеу), Алматы «Рауан» 1995;
2. Қожа Ахмет Иассауи, «Диуани хикмет», Даналық кітабы, Халықаралық Абай клубы Жидебай 2009;
3. Әл – Афкар гинда әл – Ғазалий. –Байрут-Любнан: Әл-Мактаба әл Арабия, 1983-242б;
4. Кенжетәев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос.ғыл.док.ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2007-259б;
5. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1993 жыл.

ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АДАМИ ҚАСИЕТТЕРДІ ЗАМАНАУИ ТҮРҒЫДА САЛЫСТЫРЫП ОҚЫТУ

Акимғалиева Жамила Жардемовна

Астана қаласы А. Байтұрсынұлы атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицей бастауыш
сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Әлем цифрлық дәуірге қадам басқанда, мектептер де бұл өзгерістен шеттен тыс қалмайды. Мұғалім өзінің сабағында оқу мақсатын жүзеге асыру үшін, әрі білім алушының алға ілгерлеуіне мүмкіндік туғызу үшін әр сабағын түрлендіріп жоспарлайды. Жаңа білімді беруді презентация, слайдтар жасау, видео, ән қолдану жаңалық емес. Себебі сандық технология осы ғасырдың білім берудегі талабына айналды. Мұғалім білім беруде инновациялық технологияны ұтымды қолданып қана қоймай, техниканың көз ілеспейтін жылдамдықпен дамуында түрлі платформадағы оқыту түрлерін меңгереді. Цифрлық білім беру ресурстары сабақ барысында жаңа тақырыпты меңгертуде, үй тапсырмасын тексергенде, бекіту, практикалық сәттерде қажетті, әрі уақытты ұтымды пайдалануда таптырмас құрал болып отыр. Қазіргі балаға оқу материалын фотосуреттер, бейнематериалдар, рөлдік ойындар, пікірталас арқылы меңгертуде осыларды қағаз түрінен цифрлық ресурстармен меңгертсек әлдеқайда жеңіл, қызықты, ұтымды, бағалау критерийі мен нәтижеге апарады [1, б. 11].

Мақалада түркі әлеміне танымал тұлға Қожа Ахмет Ясауидің “Даналық кітабы” бойынша шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына негізделіп құрылған сабағымнан үлгі көрсетіп, ақпараттық технологияны қалай қолданып жүрген тәжірибеммен бөліскім келеді.

Ахмет Ясауи “Даналық кітабы” бойынша шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын үйрету үшін мынадай оқу мақсатын аламын:

Білім алушылар:

- Шығарманың идеясын түсінеді;

- материалдық және рухани құндылықтарды ажыратады;
- Адам бойындағы қасиеттерді заманауи тұрғыда салыстырады;
- Шығарманың жаңашылдығына баға береді.

Білім алушылар сабақтың қызығушылықты ояту кезеңінде суретке назар салады. Сөздер мен суретті не байланыстырады? Деген сұраққа жауап іздейді. Ой шақыру. Мұғалімнің сұрағы:

- Кім жайлы айтылып тұр?
- Құндылық дегеніміз не?
- Сенің құндылығың қандай?
- Жұпта талқылаңыз.
- Олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не деп ойлайсындар?

Шығарманы жаңа технологияны қолданып өткізудің үлгісі ретінде тапсырмалардан мысалы келтірейін.

1-тапсырма. Жеке жұмыс. Вордвол әдісі. Ахмет Яссауи жайлы ақпаратты тыңдап, сұраққа жауап беріңдер.

Қожа Ахмет Ясауи — ақын, ойшыл, ұстаз, бүкіл түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни қайраткер, ағартушы, жаңа сопылық ағымның ғұламасы, пірі. Орта ғасырда Яссауи оқуының пайда болуына бұрын дәуірлеп келген араб халифатының күйреуі мен әлсіреуі негізгі себеп болса керек. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы — «Диуани хикмет (Хикмат - жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайтара басылады. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды. Тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды. [2, б. 7].

1. Қожа Ахмет Ясауи — ақын, ойшыл, ұстаз, бүкіл түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни қайраткер, ағартушы, жаңа сопылық ағымның ғұламасы, пірі.

- A) ақын, суретші
- B) діни қайраткер, ағартушы
- C) сопылық ағымның құрбаны
- D) ұста шебері, ағартушы

2. Яссауи оқуының пайда болуына не себепші болды?

- A) араб халифатының күйреуі
- B) араб халифатының бөлінуі
- C) араб халифатының күшеюі
- D) араб халифатының дамуы

Мұғалімнің сұрағы:

Төменде берілген жылдарды кестедегі қай ақпаратпен байланыстырасың?

1093

1878

1396-1399

Сандарды кестедегі ақпаратпен байланыстырып, өз ойын айтады. Оқушылардың ықтимал жауабы:

Қожа Ахмет Яссауи шамамен 1093 ж дүниеге келді. «Даналық кітабы» алғаш рет 1878 ж. жеке кітап болып басылып шығады. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тұрғызылды.

2-тапсырма. Жұптық жұмыс.

ПОПС әдісі арқылы

П- біздің ойымызша ...

О- себебі, ...

П-мысалы, ...

С -сондықтан

Ясауи өз хикметінде «*Білімің- шырақ, халің-пілте, көз жасың –жағатын май болсын*» деген Ясауидың осы сөзін төрт сөйлеммен тұжырым жасау.

Венн диаграмма әдісі арқылы үзіндіні түсініп оқыңдар. Кездесетін сөздер мен деректердің қайсысы көркемдік, қайсысы тарихи құндылыққа жататынын анықтаңдар.

Даналардың айтқаны келер болды,

Қияметтің қияпаты төнер болды,

Ақымақтар айқаймен жеңер болды,

Бұл не деген замана болды достар?!

Оқушының ықтимал жауабы:

«Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады. Шығармада түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісі бар, сондықтан тілі бай, сөздік қоры мол. Мысалы хикметтерде кірме сөздер кездеседі. Ақынның суырыпсалмалық дәстүрі әдебиетке жаңа серпін берді, сондықтан «Даналық кітабының» көркемдік құндылығы басым, онда көркемдегіш құралдар бар. Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әмбиелер кездеседі, сондықтан жинақтың тарихи құндылығы жоғары. [3, б. 12].

Венн диаграммасы әдісі арқылы Ясауидың *кемел адамы* мен Абайдың *толық адамы* арасында қандай байланыс бар? Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстырып, айырмашылықтарын анықтау.

Оқушылар үзіндіні оқи отырып, ондағы адам бойындағы қасиеттерді түсінеді. Құндылықтарды ажыратады. Ықтимал жауап:

Жыр-шумақтарында да адамның құлқын тазартудың қаншалықты маңызды екені өткір айтылады. Ақын оны жақсы-жаман қасиеттер арқылы көрсетеді. Балалар үзіндіге қарап, Қожа Ахметтің мінезі мен азаматтық қасиетін түсініп айтады. Ықтимал жауап: Қожа Ахмет Яссауи да адамдық болмысымен, еліне қадірлі, сыйлы болған.

Сабақтың бекіту кезеңінде «Жинақта Қожа Ахметтің қандай ерекше мінезі мен азаматтық қасиетін байқадың? Деген сұрақ берілді. [5, б. 53]. Оқушының ықтимал жауабы:

"Диуани хикмет" адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді

күрделі мәселелерді жырлауға арналған. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық сарапталады. Қанағат, адамгершілік,

мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Ақын халқының басына қандай күн туса да, рухани жағынан кемелденуге шақырған, ұлы мұратты дін арқылы жеткізген. Себебі рухы зор халықты ешқандай күш басып ала алмайды, оны көшпенді қазақ халқы тарихтың әр кезінде айқын дәлелдеген. Сондықтанда өз заманының кесек тұлғаларының өзін және олардың қыл қаламынан туындаған шығармаларын, сол шығармалардың өзегіне айналған өміршең идеяларын біз және болашақ ұрпақ қастерлей білуіміз қажет.

Қорыта келе айтарым, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің мәні, адам және бұл тақырып өзекті болып отыр. Шығармадағы ұлттық құндылық пен мүдде, адамгершілік қасиеттер қазіргі ұрпақтың санасына түсінікті, маңызы жоғары. Оқушыға алдымен сабақтың материалын мәтін түрінде ұсыну, цифрлы қосымшаларға сілтеме беру, сонымен қатар сабақ материалын мұғалімнің көмегінсіз зерделеу үшін түсінік беретін нұсқаулықтар, бейнероликтер дайындап алу маңызды. Бұл білім алушының цифрлы сабақты қолдануда сабақтың мазмұнын түсіну, әрі қиын тұстарын меңгеру үшін тиімді болады [6, б. 9].

Сабақ құрылымына сай цифрлы ресурстарды қолдану оқушыға не береді:

- Қожа Ахмет Ясауи еңбегінің мазмұнын терең түсінеді;
- Ұлттық құндылық ұғымы қалыптасады;
- Ойын жүйелі жеткізеді;
- Цифрлық сауаттылығы дамиды;
- Оқу, жазу дағдысы қалыптасады;
- Пәніне қызығушылығы артады;
- ойлау қабілеті артады.

Осы айтылғандарды жинақтай келе айтарым, мұғалім цифрлы ресурстарды сабағында түрлендіріп қолдану арқылы қазіргі заманғы ұстаздың бойынан табылатын дағдыларға қол жеткізе алады.

Аңдатпа

Мақалада түркі әлеміне танымал тұлға Қожа Ахмет Ясауидің “Даналық кітабы” бойынша адамның бойындағы қасиеттерді заманауи тұрғыда оқытудың жолы көрсетіледі. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына назар аударылып, ақпараттық технологияны қалай қолдануға болатынын айтылады. Білім алушылар шығарманың идеясын түсініп, материалдық және рухани құндылықтарды ажыратады, адам бойындағы қасиеттерді заманауи тұрғыда салыстырады және шығарманың жаңашылдығына баға береді. Сондай-ақ мақалада білім алушылардың алға ілгерілуіне көмектесетін тапсырмаларды, интерактивті жаттығуларды түрлі оқыту платформаларында әзірлеудің жолдары және цифрлы сабақтың құрылымы туралы айтылады.

Түйін сөз: “Даналық кітабы”, құндылықтар, адамның бойындағы қасиеттер, оқыту платформалары, интерактивті жаттығу.

Аннотация

В статье освещается путь современного изучения качеств человека по “Даналық кітабы” Ходжи Ахмеда Ясауи, известного в тюркском мире человека. Основное внимание уделяется исторической и художественной ценности

произведения и рассказывается, как использовать информационные технологии. Обучающиеся, понимая суть произведения, различают материальные и духовные ценности, сравнивают качества человека в современном контексте и оценивают новизну произведения. В статье также рассказывается о способах разработки заданий, интерактивных упражнений на различных обучающих платформах, а также о структуре цифрового урока, который поможет учащимся продвинуться вперед.

Ключевое слово: “Даналық кітабы”, ценности, качества человека, обучающие платформы, интерактивное упражнение.

Abstract

The article highlights the path of modern study of human qualities based on the “Даналық кітабы” Khoja Ahmed Yasawi, a famous man in the Turkic world. The main focus is on the historical and artistic value of the work and tells how to use information technology. Students, understanding the essence of the work, distinguish between material and spiritual values, compare human qualities in a modern context and evaluate the novelty of the work. The article also talks about ways to develop assignments, interactive exercises on various learning platforms, as well as the structure of a digital lesson that will help students move forward.

The key word: “Даналық кітабы”, values, human qualities, learning platforms, interactive exercise.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б.
- 2.М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Йасауи. Хикмет жинақ. – Алматы:Жалын, 1998. – 324 б.
- 3.Қожа Ахмет Иассауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017
- 4.Цифрлық сауаттылық – бүгінгі заман талабы. <https://bilimdiler.kz/informatika/31532-cifrluk-sauattylyk-bugingi-zaman-talaby.html> (13 желтоқсан, 2021 жыл)
- 5.С.Дәрібаева, Г.Орда, А.Сатылова «Қазақ әдебиеті». 8-сынып. – «Мектеп» баспасы. – 2019
- 6.Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы» 2017 ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Акказина Алмагуль Садыбековна

Астана қаласы, Tamos space school

қазақ тілі мен әдебиет

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Категориясы: педагог-зерттеуші

Зерттеудің көкейтестілігі. Қазіргі заманда Қ.А.Ясауи шығармаларына, оның мұраларындағы ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтарын бағалаудамыз. Бүгінде Қ.А.Ясауи ілімінің мәні, маңызы мен ерекшелігін айқындау – бұл тарихымыздың өткені мен бүгінгі арасындағы арналар сабақтастығын қалпына келтіруге ықпал етеді.

Белгілі ғұлама ғалым Қожа Ахмет Ясауи - күнделікті өмірде болып жатқан әрбір саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени мәні бар мәселелер жөнінде жиі толғанатын әрдайым өзі өмір сүрген кезеңнің іргелі, оның рухани-адамгершілік мұраларында қамтылған тақырыптар сан-алуан. Сондай өзекті мәселелердің бірі -оқу-тәрбие тақырыбы. Ғұлама ғалым ұлттық педагогика мен психология ғалымдарының салаларына өшпес үлкен баға жетпес үлес қосқаны сөзсіз. Қожа Ахмет Ясауидің айтуынша «...ең ауыр майдан надандықпен, нәпсімен күресі майданы: әрі ұзақ, әрі ызасы көп...».

Оқу-тәрбие жұмысының тиімділігі, қадір-қасиеті мен пайдалылығының ерекше мән-маңызы осында жатыр.

Зерттеу нысаны: Қожа Ахмет Ясауидің әдеби-қоғамдық, ғылыми танымдық, рухани-адамгершілік, ағартушылық педагогикалық идеялары.

Зерттеу пәні: Қ.А.Ясауидің педагогикалық мұралары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне ендіру.

Зерттеудің мақсаты: Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылық, рухани адамгершілік мұраларын, ұстаздық ағартушылық қызметін тарихи педагогикалық тұрғыдан талдау, негіздеу, тәлім-тәрбиелік идеяларын жүйелеп, үздіксіз білім беру саласына ендіруде тәжірибелік-эксперименттен өткізу, оқу тәрбие үрдісінде пайдалану.

Зерттеудің міндеттері:

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері мен рухани адамгершілік, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық, ғылыми әдістемелік арналарын ашу және олардың әлеуметтік, саяси, рухани ағартушылық мәнін айқындау; Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық ой-пікірлерін жалпы білім беретін орта мектептегі және жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісіне ендірудің бағдарламасын құрастыру.

Зерттеудің болжамы: Егер, Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларындағы рухани адамгершілік, тәлім-тәрбиелік идеялары тарихы-педагогикалық тұрғыдан талдау жасалынып жүйеленсе, онда педагогикалық ойлардың қорлары молайып, орта және жоғары мектептердің педагогикалық үрдістеріне ендіру барысында оқушы жастардың тәлімдік тәрбиелік деңгейлері көтеріледі.

Ахмет Ясауидің рухани-адамгершілік мұралары тұнып тұрған ғылым, әрі тәлім-тәрбиеде құны жетпес байлық. Сондықтан, бүгінгі таңда, Ясауи мұраларын жаппай үздіксіз білім беру жүйесіне ендіру қажеттігі туындап тұр.

Еңбек тәрбиесі адамның адамгершілік қасиеттерін дамытып, ақыл-оймен қалыптастырады. Ұрпақты мал өсіруге, егін егуге баулыған қазақ халқы оларды қол өнеріне, түрлі кәсіптік мамандықтарға үйрететін тәрбиелеу ісін жаңғыртады.

Жеке адамды тәрбиелеуде, әсіресе, отбасының әсері өте зор. Сондықтан ата-ана отбасындағы тәрбиеге жауапкершілікпен қарап, оны реттеп отырады. Ұлттық тәрбие дәстүрлері бойынша ата-ананың балаға қамқорлығы арқылы инабаттылық, имандылық, қайырырымдылық, мейірімділік, көпшілік меймандостық - бәрі отбасындағы тәрбие жұмыстары негізінде қалыптасатындығын ұлы ұстаз көрсете білген.

Мұның бәрі Қ.А.Ясауи мұралары негізінде оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу бүгінгі қажетті мәселе. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз - оқушы өмірдегі орнын жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған ортамен кез келген затқа, жануарға және экологияға жақсылық тілеп жасауы. Сондықтан рухани адамгершілік жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады, оның көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау: жақсылаққа ұмтылу; өзін өзі дамытып жетілдіру.

Оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеуде, білім беру барысында Қ.А.Ясауи еңбектерін пайдаланып, оқу-тәрбие процесін жетілдіруде, Қ.А.Ясауи тағылымы мазмұнды болуы үшін, оқулықтарға, оқу құралдарына, оқу бағдарламаларына, әртүрлі жүргізетін іс-шараларға тағы басқа Қ.А.Ясауи шығармашылығының тиісті еңбектерін әр сыныптығы жас ерекшеліктеріне сай етіп енгізу қажет. Сонымен қатар, Ясауи ғибратына қатысты тәрбие сағаттарын өткізуге пікірталас, оқушылар арасында конференциялар, диспуттар ұйымдастыруға болады. Жаңа технология бойынша деңгейлеп саралап, интернет жүйесі арқылы бүкіл әлемге Ясауи тағылымын жіберіп, сол арқылы оқытуға болады. Ясауи еңбектерінің мазмұны қарапайым адамдарға күрделі болып келетіндіктен оған түбегейлі талдау жасап, түсінікті ету керек.

Мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде Ясауи мұраларын қолдану қандай деңгейде жүзеге асырылып жатқанын білу мақсатында, біз Астана қаласының Тамос мектебінің оқушыларынан сауалнама алдық. Сұралған 100% оқушылардың 38% пайызы сұраққа толық жауап берсе, қалған 62% пайызы толық жауап бермеген.

Оқу-тәрбие процесінде Ясауидің ұлағатты тағылымын жетілдіру үшін, оқушыларды саяхатқа шығару, кино, театрларға, мұражайға алып бару оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді. Кино театрдан көру арқылы, олардың есінде ұзақ уақытқа сақталуын қамтамасыз ету керек. Осыларды негізге ала отырып, біз мектебімізде тәрбие сағаттарында, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында Ясауи даналығын оқушыларға танытқанымызды жөн көрдік.

Осыдан көріп отырғанымыздай, Ясауитану сабағының мектептерде енгізілуі көптеген жемісін беруде. Сондықтан да, біз Ясауи бабамыздың асыл мұраларын келешек жас өскелең ұрпақтарға күнбе-күн айтып жеткізіп отыруымыз керек. Мектептерде, тәрбие сағаттарында, сұхбаттарда, кездесулерде осы мәселелерді жиі көтеріп отырса, тәрбиелі, саналы ұрпақты қалыптастыруға ықпал етеді.

Ясауидің еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қарасақ та, әлеуметтік, тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері кең қарастырылған.

Ғұлама еңбектерін кімде-кім оқып шықса, өз қателіктерін көріп, өзін-өзі тәрбиелеуге кіріседі. Сол себептенде Көңілдің айнасы деп аталған. Яғни көңілдегі кір-қоқыстарды айнадан көргендей көреді. Соның арқасында соларды тазалауға ұмтылады.

Қазіргі таңда жастарымыз үшін, еліміздің әр азаматы үшін, өсем, өнем деген әр пенде үшін елімізде жағдай жасалынып келеді. Шабам деген жігітке ат беріліп, жанам деген жүрекке от беріліп тұрған заман. Алайда, адамдар арасында соны бағаламай, дүниенің алтыны мен күмісіне қызығып, жемқорлық пен атаққұмарлықтың шырмауына байланып, құрбаны болып жатқаны қаншама. Осындай кезде тура жолдан адаспауымыз керек. Істеген ісімізге адал бола болсақ, айтқан сөзімізге абай болсақ, ата-ананың бойымызға сіңірген адамгершілік пен имандылық, инабаттылық пен адалдық қасиеттеріміз жоғалтпай, бізді биік белестерге апарары хақ.

Аңдатпа.

Қазіргі, тез өзгертін әлемде өскелең ұрпақты таныстыру, педагогикалық идеяларды, интеллектуалды тұлғалардың тәжірибесін тарату және пайдалану өскелең ұрпақтың руханиятын қалыптастыру болып табылады.

Мақалада Қ.А. Яссауи тұлғасының қалыптасуы, оның рухани байлығы, ағартушылық қызметі, баға жетпес еңбектері қарастырылды. Бұл мақала Қ.А. Яссауидің тарихи-шығармашылық еңбектері мен философиялық идеяларын талдауға негізделген.

Қожа Ахмет Яссауи еңбектерін терең зерделеу бүкіл адамзаттың рухани қалыптасуына да, жалпы қазақ әдебиетінің маңыздылығын арттыруға да зор мән береді. Қазақ әдебиеті өкілдерінің бірі Ахмет Яссауидің еңбектері ұрпақтан ұрпаққа мындаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан рухани мұра болып табылады.

Түйінді сөздер: Қожа-Ахмет Яссауи, Диуани хикмет, әдебиет, философия, кітаптар, тәрбие, адамгершілік.

Аннотация

В современном, быстро изменяющемся мире ознакомление подрастающего поколения, распространение и использование педагогических идей, опыта интеллигентных личностей является формированием духовности подрастающего поколения.

В статье были рассмотрены формирование отдельной личности К.А.Ясауи, его духовное богатство, просветительская деятельность, бесценные труды. Данная статья основана на анализе исторически-творческих трудах и философских идеях К.А.Яссауи.

Глубокое изучение трудов Кожы Ахмета Яссау, имеет огромное значение как духовному формированию всего человечества, так и повышению значимости казахской литературы в целом. Труды Ахмета Яссауи одного из

представителей казахской литературы являются духовным наследием, передающим из поколения в поколения тысячелетиями.

Ключевые слова: Кожа Ахмет Яссауи, Диуани хикмет, литература, философия, книги, воспитание, человечность.

Abstract

In the modern rapidly changing world, teaching young generation, sharing and using pedagogical ideas, experience of intelligent individuals are spirituality basic of the younger generation.

K.A. Yassawi's idea of personality formation, his spiritual wealth, educational activities, and invaluable works were studied in this article. The article is based on K.A. Yassawi's analysis of historical and creative works and his philosophical ideas.

Deep study of Kozha Akhmet Yassawi's works has great importance for spiritual formation of all mankind and for increasing the importance of Kazakh literature. Akhmet Yassawi is one of the representatives of Kazakh literature, his works are a spiritual heritage handed down for thousands of years.

Keywords: Kozha-Ahmet Yassawi, Diwani hikmet, literature, philosophy, books, education, humanity.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалар. – Алматы, Аруна Ltd. ЖШС, 2010-277 б.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б. М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б. Қожа Ахмет Ясауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017
3. Қамалқызы Ж. Қ. А. Ясауи хикметтері және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. /Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелуі. – Түркістан, 2008.- 218б./
4. Қыстаубайұлы Б. Елбасы және Түркістан. «Ясауи әлемі» ғылым көпшілік, тарихи-танымдық журнал. – Түркістан, 2010. №2/3/. - 198б.
5. Нұржан С. «Әулиелер әуезі» /Шығыс данышпан, әулие-ақындарының жырларының тәржімасы/.- Алматы, Эффект, 2009.-88б.

ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Акшолокова Лязат Кызыркановна

Астана қаласы ШҚЖ КММ №79 мектеп-лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қазіргі таңда еліміздің мектептерінде жаппай халықтық педагогика, халықтық психология, т.б. халқымызға тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, тарихымызды, дінімізді, ділімізді, тілімізді және басқа ұлттық сезімімізді оятатын көптеген қосымша пәндер мен арнаулы курстар оқу бағдарламасына кіргізіліп, соған сай дәрістер жүргізілуде. Осы дәрістердің бірі – «Ясауи еңбектерінің этнопедагогикалық мәселелері» бағдарламасы. Ясауи еңбектерінің рухани мағынасы құнды болып саналады. Жалпы дана ғалымның еңбектері өте күрделі болып келеді, оларды бірден игеріп алып кету мүмкін емес. Оның әрбір еңбегінде философиялық, әдеби, діни, психологиялық, этнопедагогикалық, әлеуметтік, тіл т.б. да тәлім-тәрбиелік мәселелер кеңінен қарастырылған. Сол себептен де өте ұқыптылықпен әрбір сөзіне талдау жасап өткізуді қажет етеді. Ясауи өз хикметтерін, құран кәріммен тең көрген. Ол туралы өзінің хикмет шумағы да бар,

Менің хикметтерім,

Алладан пәрмен.

Оқып ұққанға бар.

Мағынасы - «Құран» [3: 6]- деп, өз хикметтерінің Алла тарапынан келіп тұрғандығын баян етеді. Осылай Ясауи туралы қосымша мағлұмат беріп болған соң, әрбір еңбегіне жеке-жеке тоқталып өткен дұрыс сияқты.

Мәселен, оның әрбір еңбегіндегі отбасы, ақыл-ой, дүниетанымдық, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық, экономикалық, өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу т.б. тәрбие мәселелерін жеке дара қарастырып шығу керек.

Сонымен, негізінен біз қандай еңбектеумен таныспыз, соны қарастырып шығайық. Бірінші, «Хикметтер жинағы», «Диуани хикмет», бұл еңбегі осы уақытқа дейін көптеген тілдерге аударылған, ал енді, 1991 жылдан бастап қазақ тілінде шыға бастады.

Екінші еңбегі, «Пақырнама және Мұнажатнама» бұл шығармасында бұдан алдын бірнеше тілдерге тәржімаланып баспаларда басылып шыққан, 1991 жылдан бастап бұл еңбегі де қазақ тілінде жарық көре бастады. [1:14].

Үшінші еңбегі, «Мират-ул-Қулуб», бұл шығармасы жақында Швецияның Упсала деген қаласындағы бір университеттің кітапханасының қолжазбалар қорынан табылды. 2000-жылы Түркияда жарық көрген.

Төртінші болып, Ясауи өміріне байланысты аңыз әңгімелер мен хикметтер жинағы шықты. Бұлар да көптеген тілдерге аударылып, жарық көрген. «Тарихы терең көрген Түркістан» атты Түркістанның 1500 жылдық мерейтойына арналған мерекелік жинақта да Ясауи туралы көптеген мағлұматтар бар.

Сонымен Ясауидің бірінші еңбегі «Диуани хикмет».

«Диуани хикмет» сол замандар бойы ел аузында айтылып қол жазба түрінде сақталған.

Ахмет Ясауи тәрбиесінің адамға ықпал ету күшіне сенді, адамгершілігі мол адам қаталдыққа бармайды деп есептеледі. Тек дұрыс тәрбие ғана ақымақтық істерден сақтандырады, сондықтан мінез-құлықты түзеу тәрбиенің басты мақсаты деп тұжырымдады.

Адамгершілік қалыптарын ұсыну сол кездегі ойшылдардың алдында тұрған аса құнды проблемалық мәселе болды. А. Ясауи де халыққа дұрыс жол сілтеп, нағыз адам болу үшін қандай шарттар керек екенін көрсетуді өзінің басты парызы деп білген.

Қ. А. Ясауи мұраларындағы «Даналық кітабында» негізінен төрт ғақлия мадақталады.[2:14]

1. «Шариғат» - ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының негіздері, яғни мұсылмандық жолын қастерлеп, соны тәлім-тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, қиын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

2. «Тариқат» – сопылық ой мақсаттарды насихат – өсиет ету. Яғни жыр өрнектері арқылы ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділеттікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

3. «Мағрифат» – дін жолын танып, оқып білу, яғни Алланың ақ жолын ардақтап, соған тағзым етіп, тағлым алу – адамгершілік парыз екенін әсерлі сөзбен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелеу. Ақын ғаріп, пақыр, жетім-жесірлерді сүйсең, оларға жақсылық жасасаң, Алла тағала саған риза болып, ісінді оңдайды, мақсатыңа жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз оқырмандарға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіре жеткізеді, Алланың ақ жолы – адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

4. «Хақиқат» – құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы Алланы танып-біліп, оған табыну, құдайдың құдіретіне сену әрбір мұсылманның парызы екенін сөз құдіретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақіреттің азығы» арқылы адамның күнадан таза болуына жол ашып беру мақсаттарын жырлайды. Бұл еңбегінде ғұлама ғалым Түркістанның пірі негізінен төрт мәселені қарастырады. Біріншісі – Алланы тану, екіншісі – Алланы ұлықтау, үшіншісі – дүниедегі күналар мен әділетсіздікті қаралау және әділетсіздіктің құрбаны болған пенделерді қорғау, оларды әділеттілікке бастау, төртіншісі –бұл дүниенің кара дақтарын пенделерге жұқтырмау үшін жалған дүниеден бас тарту. Міне осындай күрделі-күрделі төрт мәселені үздіксіз қарастырып оны өз хикметтерінде жырлап отырады. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның жаттап алып айтуына ыңғайлы болып келеді. Сол себептен де Ясауи хикметтері ел арасына ауызекі тараған хикметтер, кейіншелік қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып кеткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен. Оған дәлелді мына хикмет шумақтарынан келтіруге болады.

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге баян қылсам, қалмас арма.
Төрт мың төрт жүз «Хикмет» айттым хақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгенімше сөйлесем мен.

Міне осылай өмір кезеңдерінде хикметтерінде айтып өткен. [3:6] Ал енді нақты қанша хикмет жазғандығы туралы беймәлім. Оған қосымша ұстаздары туралы. Түркістанға қай кезде келгендігі жайлы неше жасында пірін тапқандығы, ғұлама ғалымдық дәрежеге қанша жасында жеткендігі, неше жыл өмір сүргендігі, қай жасында «Қылуетке» түскендігі жайлы да хикмет шумақтарында келтірілген. Әрине осы мағлұматтарды оқырман қауымға жете түсіндіре алсақ, қандай құнды рухани, мағнауи азық алған болар еді. Иә, бұл еңбекті жете талдаудың арқасында оқырман қауым өзін имандыққа, әділеттілікке, инабаттылыққа, көрегенділікке т.б. жақсы мінез-құлықты қалыптастыруға ұмтылып, соған өзін тәрбиелейді.

Келесі еңбегі «Пақырнама және мұнажатнама» деп аталады. Пақырнамасында сопылық жолға түсудің үлкен үлкен төрт мақамын толық талдап өткен. Ол жерде шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат мәселелері түсіндіріліп олардың тағы да он-он мақамға бөлінетінін айтып берген. Міне осы қырық мақамды кімде-кім басып өтсе, сол кісі ғана дәруіш, шайх, пір, сопы, ишан, ұстаз бола алады деген. Бұл мақамдарды басып өтпеген кез-келген адам сопылық, дәруіштік, шайықтық, пірлік, ишандық, ұстаздық дәрежеге көтеріле алмайды, әрі сопы қырқасын /шапанын/ киюге қақысы жоқ делінген. Міне осы мәселерді оқырман қауымға талдап жете түсіндіріп, өту қажет, себебі бұл мәселе біздің оқырман қауымға таныс болмаған, сондықтан сопылық қағидаларымен таныстырып өткен дұрыс болады. Ал, енді «Пақырлық» дәрежеге көтерілу үшін тағы да қырық мақамды басып өтуінің қажеттілігін атап көрсеткен. Осы кезде ғана адамдардың яғни сопылардың «батин» /көкірек/ көздері ашық болады. Бұл сопылық жолдың негізгі мақсаты болып табылады. Осы көкірек көздердің ашылуының арқасында ғана адам баласы Алла тағаламен қауышуы мүмкін. Сопылар сол себептен де өмір бойы өздерін тазалап, көкірек көздерін ашуға ұмтылумен болады. Оның көптеген жолдары мен әдіс-тәсілдері бар. Соның бірі «Зікір» салу, яғни Алланы ұлықтап оның атын қайталап еске алып отыру. Міне, осындай кездері ғана адам баласы экстазға /есінен айырылу/ түседі, сол кезде Алла тағаламен қауышады.

Ал енді, «Мұнажатнамасына» келетін болсақ, ол екі шумақтан тұрып, хикметтер тәріздес өлең сөздеріен жазылған. Ясауидің Мұнажатнамасы негізінен екі бөлімнен тұрады.

Біріншісінде Алла тағала мұнажат етуді өсиет еткен болса, екіншісінде жалпы оқырман қауымға хикметтерді оқу арқылы Алланы тануды өсиет еткен. Өзі өте қысқа болғанымен, нұсқа жалпы оқырман қауымға түсінікті тілде жазылған. Тіл демекші ол замандарда түркі тілдес халықтар бірін-бірі түсіне беретін болған, ал жазуы болса, сол кездегі басым болып тұрған араб графикасымен жазылған. Міне осы еңбекті оқу арқасында жалпы оқырман қауым өздерін жамандықтан тежейді әрі нәпсілерін тыюға ұмтылады. Соған әрекет жасайды. Сопылардың басты мақсаты да нәпсіні тыю болып табылады.

Келесі еңбегі «Мират-ул Қулуб». Бұл шығармасында Иассахи негізіне шарифат, мағрифат, тариқат, ақиқат мәселелерін өте мұқияттылықпен талдап шыққан. Бұлай аталуының себебінің өзі де шығарманың ішкі мағынасына байланысты. Бұл еңбекті кімде-кім оқып шықса, өз қателіктерін көріп, өзін-өзі

тәрбиелеуге кіріседі. Сол себептенде «Көңілдің айнасы» деп аталған. Яғни көңілдегі кір-қоқыстарды айнадан көргендей көреді. Соның арқасында соларды тазалауға ұмтылады.

Келесі бір еңбек Ясауи өмір кезеңдеріне байланысты аңыз-әңгімелер мен хикаяттар. Бұл еңбекті оқудың арқасында оқырман қауым өздерін жақсы жоға салуға тырысады.

Жалпы Ясауидің өмір кезеңі үлкен-үлкен үш кезеңнен тұрады. Біріншісі – жастық шағы, екіншісі – ер жетіп жігіт болған кезі, ал үшіншісі – ғұлама ғалым болып әулиелік дәрежеге көтерілген мезгілі, оған қосымша «қылуатке» түсуі де суреттеліп берілген. «Аңыз түбінде ақиқат бар»- дегендей бұл әңгімелер мен хикаяттарға жете зер салып, көңіл аударып қарастырған жөн.

Ясауи үшін Хақ жолы дененіміз адамның рухани кемелдікке жету жолы, адамның адамгершілік қасиеттерімен өмір сүру жолы. Яғни адамның руханишылығы оның адамгершілік қасиеттерімен ғана танылады. Ал адамгершілік қасиеттер иман түрінде көрінеді. Иман адамның өмір сүру амалы, адами әлемнің шеңбері, рухани қор жинайтын құралы болып табылады. Сонда иман мәні, негізі не деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беруде Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін зерделейік.

Иман болды Хақ тағала тағатынан,

Кешпек керек бұл дүниенің рахатынан.

Яғни иман Хақ Тағатынан пайда болғандықтан, рухани әлемге тиесілі құбылыс. Сонда тағатты рухани әлемнің жүйелілігін, заңдылығын реттеуші күш деп алсақ, онда иман дегеніміз рухани қасиеттердің жинақталған формасы, көрінісі деп түсінеміз.

Ясауи түсінігінде, адамның кісілік келбеті, ішкі жан дүниесінің сәулесі, жақсылыққа жетелейтін тәрбиешісі дұрыс жолды үйретіп, түзу бағыт нұсқайтын жетекшісі және де «Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер» - иман адамның о дүниеде Хақ алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жанашыр, жақтасы болып табылады.

Иман - Алла Тағала құдіретімен барлық адамдарға тиесілі нұр, бірақ оны сақтау не жоғалту әркімнің өз қолында, ниетінде мақсатында. Иман адамгершілік қасиеттерінен нәр алатын гүл, оны солдырып, алмау әркімнің баптауына байланысты. Яғни иман - адамгершілік қасиеттердің жиынтығы. Ал осы иманды, имандылықты құрайтын адамгершілік, адамдық қасиеттер қандай?

Хақ тағала адамға иманды сыйға тартардан бұрын алдымен осы сыйға иегер бола алатындай ақыл және де осы тартудың тұрақтай алатындай мекені - сана берген. Яғни иманның мағынаға, мәнге айналуы адамның ойлау, зерделеу, пайымдау қасиетіне тығыз байланысты. Иман ақыл түрінде адамның бұл өмірдегі мақсатын белгілеп, ақ пен қараны, оң мен солды танытатын көңіл көзі болып табылады. Ақыл адамды ізденіске салып, парыз міндеттері, жауапкершілігі артып, шешім белгілейтін күш. Егер де надандық адамның көңіл ізденісін мешелдікке салып, сарп қылса, ақыл оны бұл аурудан жазып айықтырады. Ақылды адам тура жолмен бұрыс жолды айыра біліп, өз шешіміне жауап бере алады.

Имандылықтың екінші негізі сабырлық, төзімділік, шыдамдылық қасиеттеріне тұрады. Осы қасиеттер арқылы адам мехнат-машақат, азап көргенде, қиындықпен сыналғанда, рухани дүниесінің беріктігі, бекемдігі анықталады. Сабырлы төзімді адам өзіне-өзі берік, сенімі нық адам. Сабыр адамды асығыс іс-әрекеттен, жөнсіз қылықтан, ағат сөзден сақтап, ақылға салады, ойға жетелейді. Сабыр адамның тақат белгісі, әр не бәле келсе, сабырлық сақтап, шыдамды болуда ұлы күш жатыр. Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым тағатты болады, әмір қиындықтарынан қорықпай, машақатқа бекем келеді.

Адам өзінің қайраты, тәубесі арқылы өмірдегі таңдауын өмір сүру жолын, орнын белгілейді. Егер де адам жалтақтап, өмір мәселелерін шешуге батылы жетпей, жалған өмір мен хақ өмірге таңдау жасауға қорқып тұрса, онда ол жалған қорқыныш сезіміне бой ұрып, қолы да, жолы да байланып, шайтан құрығына түседі. [5:29]

Жалпы адамгершілік тәрбиесін, Ясауи еңбектерін бала бақшаларға, мектептерге, жоғары оқу орындарына, басқа да оқырман қауымға кеңінен жарияласақ нұр үстіне нұр болар еді. Ясауи еңбектерін жіті қарастырғанда онда көптеген ғылымның басының қосылғанын көруге болады. Мысалы, философия, әдебиет, педагогика, этнопедагогика, психология, этнопсихология, химия, биология, математика, астрономия т.б. көптеген табиғи ғылымдарының жиынтығы десе де болады. Ясауидің барлық еңбегінде адамгершілік мәселесі, имандылық, инабаттылық т.б. тәрбиенің түрлі жақтары қарастырылған.

Аннотация

Мақалада түркі әлемінің көрнекті ойшылы Қожа Ахмет Яссауидің еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тақырыбы қарастырылған. Қожа Ахмет Ясауи – өз дәуірінің әдеби-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған, туған әдебиетіміз бен тіліміздің биік тұлғасы тұғырына көтерілген ұлы ғұлама-ғалым, ұлағатты ұстаз, әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, тіліміздің, дініміздің, діліміздің «Ақиқатқа апаратын жол бастаушымыз – Білім иесі» өкілі. Оның сопылық идеяларға негізделген философиялық көзқарастары, түркі тіліндегі поэзияның дамуына қосқан үлесі, ғылыми еңбектерінің тұлға тәрбиелеудегі рөлі талданады.

Аннотация

В статье рассматривается тема нравственности в трудах выдающегося мыслителя тюркского мира Ходжи Ахмеда Яссауи. Ходжа Ахмет Ясави – великий ученый, великий учитель, который оставил неизгладимый след в литературно – культурной жизни своей эпохи, поднялся на пьедестал высокой личности нашей родной литературы и языка, он является представителем нашей литературной культуры, языка, религии, менталитета «первооткрыватель пути к истине – Повелитель знаний». Анализируются его философские взгляды, основанные на суфийских идеях, вклад в развитие поэзии на тюркском языке, роль его научных трудов в воспитании личности.

Abstract

The article discusses the topic of morality in the works of the outstanding thinker of the Turkic world, Khoja Ahmed Yasawi. Khoja Akhmet Yasawi is a great scientist, a great teacher who left an indelible mark on the literary and cultural life of his era, rose to the pedestal of a high personality of our native literature and language, he is a representative of our literary culture, language, religion, mentality "the discoverer of the path to truth – the Lord of knowledge." The author analyzes his philosophical views based on Sufi ideas, his contribution to the development of poetry in the Turkic language, the role of his scientific works in the education of personality.

Қолданылған әдебиеттері тізімі

1. А. Исин «Диуани хикметтің Теһеранда шыққан аудармалары» Абай-2001ж. 3-14 беттер
2. Г. Спандиярова «Диуани Хикметтегі сопылық сарын (Қожа Ахмет Иассауи еңбегі туралы Ұлағат-2003 ж. 1-10-14 беттер.
3. Қ. Қаратышқанова «Қожа Ахмет Ясауи және Диуани хикметте» қолданылған діни сопылық идеялардың зерттелуі. Ақиқат-2001 6-93 беттер
4. М. Жұмабаев. Педагогика. Алматы. «Ана тілі», 1992 - 65б.
5. Мамырханова Л. Н Оқушылардың пәнге қызығушыларын арттырудағы халықтық педагогиканың ролі / Л.Н Мамырханова // Педагогический вестник, 2003, -№2 – 29
6. Сіләмбекова Т. Адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат / Т Сіләмбекова // Қаз. Мектебі, -2003, -№5, -44б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Алдунгарова Жансая Серикказықызы

Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны педагог-медеротор, география пән мұғалімі

Бір халықты танып ішкі құндылықтарын зерттеп, зерделеу үшін ауыз әдебиетін, рухани байлығына көз саламыз да, сол халықтың тарихы, мәдениетіне қызығушылықпен зерттеу арқылы, өзіміздің таным санамызды рухани байлыққа жан сарайын ашамыз. Ясауи мұраларын зерделеу, адамға үлкен жан дүниесіне жан сарайын ашатын құдірет екенін оқып қарастырған сайын өзіне тартатын құдірет. Ясауи мұраларының кереметті сонда, оқып кету, меңгеріп алу оңайшылыққа түспейді. Еңбегінің әрбірінің мәні бар зор шығарма. Айталық, философиялық, әдеби, діни, психологиялық тұрғыдан болсын, адамның адам болып қалыптасуы үшін де, қоғам мен әлеуметтік ортада да қалыптасуы үшін де мәні бар дүниелер жазылған. Ясауи шығармаларын қарастыруда өз сөзімен келтіретін болсақ, ол туралы былай дейді:

Менің хикметтерім,
Алладан пәрмен.

Оқып ұққанға бар.

Мағынасы – «Құран»- деп, өз хикметтерінің Алла құдіретімен өз сөздерінің берілгенін айта отырып. Өз еңбектерінде ақыл-ой, отбасы, адамгершілік, экология, экономика мен қатар тіпті адамның өзін адам болудағы қиыншылықтарын таразылап философиялық ой түйді. Келесі мәселе еңбектерінің аттары мен басылып шығуы туралы тарихи деректерге тоқталсам. Себебі, ақын шығармалары бүгінгі күнге жетуі үшін көптеген түрлі бағыттағы ауыртпалықты бастан өткізіп келетіндіктен, сол туралы да аз ғана деректер берілуі керек.

1991 жылы қазақ тілінде аударылып, баспадан шыққан. «Хикметтер жинағы» мен «Диуани хикмет» еңбегі жүздеген елдің тіліне тәжірмәлағанымен бізге беймәлім еңбегі. Келесі «Пақырнама» мен «Мұнажатнама» еңбектерінде талай ел тілдеріне аударылып, талай оқырманды рухани сусындатуда. Ал «Мират-ул-Қулуб» еңбегі Швецияның Упсала қаласындағы оқу орны кітапханасынан табылып 2000 жылы Туркияда басылып шықты.

Түркістанның 1500 жылдыққа шығарылған жинақта Ясауи туралы құнды мәліметтер келтірілген ол еңбек «Тарихы терең Түркістан». Бұл шығармада шет тілдеріне аударылып шығарылды, себебі өмірі туралы жазылған хикметтер мен аңыз-әңгімелер келтірілген [1]. Алғашқы Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі, халық арасында ауызша таралып кейінен қол жазба түрінде сақталған. Қарастырып отырған тұлғамыз, Ахмет Яссауи тәрбиенің дұрысы адам баласына ықпал ету күшіне нақ сенді, адамдығы мен адамгершілігі жоғары адам жамандыққа бармайды деп санады. Дұрыс тәрбиенің көзі ғана жамандыққа бастар жаман істен сақтап, мінез бен болмысты түзеуге ықпал етпек.

Тіршілік иесінің алдындағы міндет, үлкен белес, бойындағы адамдық құндылығын сақтап және жетілдіре түсу заманындағы ғұламалардың алдындағы келелі мәселе еді. Ахмет Ясауи де адамзатқа оң жол көрсетіп, адами құндылықты болу үшін қандай шарттары керек екенін жазып, ғұламалық өзінің адамдық парызын орындау керектігін біле білді. Өмірде қамшының сабындай қысқа дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін қанатты тұжырымдарын оқып, үйренудің бүгінгі өмірде үшін мәні зор.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында «Даналық кітабында» төрт ғақлия ұсынылады:

1.«Шариғат» – ислам ережелері мен салт-дәстүр, мұсылмандықты ереже ұстап, осы жолда болуды дәріптеу. Мұсылмандық шарттың адамға сай екенін айтып, адамгершілік құндылығын құрметпен жеткізу.

2.«Тариқат» – діни-сопылық ұстанымды міндетті түрде өсиет ету. Қарапайым түрде жеткізсек, ұрпақты адалдыққа, имандылыққа, татулыққа, жақсылыққа, әділдікке қара өлең мен жеткізіп. Тыңдаушыны қайырымдылыққа, мейірімділікке, қонақжайлыққа тарта отырып, барлық жақсылық бастауы халық екенін баяндайды.

3.«Мағрифат» – дін жолына түсіп, имандылық айнасының бағытын бағдарлау. Дін жолына бет бұрып, жүрегін нұрға толтырып тек тазалықты дәріптеп өз шығармаларында насихаттайды. Яссауи құдайды танып жолында

ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны жеткізіледі.

4.«Хақиқат» – бір аллаға мінәжат ету. Жаратушыны бүкіл ғаламды жаратушы деп дәріптеп. Мұсылманның парызы Аллаға бес уақыт намазбен құлшылық екенін жеткізіп. Иман нұры, Хақиқат дариясы, Акіреттің азығы еңбектерімен адамды жамандықтан, күнәдан арашалау, тазарту. Ахмет Ясауи осы шығармаларында Түркістанның пірі деп негізгі төрт сұрақты қарайды.

Біріншісінде – Алланы тану, келесіде жаратушыны дәріптеу. Үшінші – күнәлар мен әділетсіздікті болдырмау, төртіншісі – осы дүниеден бас тарту. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан жазылып, оқырманның қабілетіне сай болды. Сондықтан да Ясауи хикметтері халық арасына кеңінен тараған хикметтер, кейін келе қағаз беттеріне түсе бастаған. Жалпы хикметтер саны өзі айтып өткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен. Дәлелді хикмет шумақтарынан алуға болады [2].

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге баян қылсам, қалмас арма.
Төрт мың төрт жүз «Хикмет» айттым хақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгенімше сөйлесем мен.

Ахмет Ясауи тіршілік кезеңдерін хикметтерінеде айтып отырған, нақты хикметтерінің қанша екені белгісіз. Ұстаздары туралы мәліметте аз. Белгілісі Түркістан қаласына қай кезде келіп, қай жасында кімді пір тұтқаны, «Қылуатке» қай жасында түскендігі жайында хикметтерінде жазған. Сондықтан, құнды дүниелерді оқырманға ғылыми дәрежеде жеткізсек мәртебе. Еңбектерін ерекше назарда ұстап үңіліп зерттеу керек. Тағы керемет еңбегі Ахмет Ясауидің «Пақырнама және мұнажатнама» еңбегі, «Диуани хикметтен»-ке қарағанда сопылық пен ислам өркениетіне арналған. Шығармасында сопылық жолда жүрудің үлкен төрт мақамын толығымен сөз қылып, шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат мәселесі. Төрт түрлі болып келгенімен әрқайсысы он-он мақамға бөлінеді. Қарастыратын қырық мақамды орындап өтсе, сол адам өзінің деңгейіне (дәруіш), шайх, пір, сопы, ишан, ұстаз бола алады деп жазды. Аталған мақамдардың бірін де орындап, басып өткенен құл аталған дәрежелердің біреуіне де көтеріле алмайды. Тіптен сопылық ілімін уағыздау сәтіндегі қарабайыр шапанның өзі киюге құқысы жоқ екенін айтады. Пақырлық дәрежесіне жету үшін айналып келіп қырық мақамды басу керек, келтірілген еңбектегі дәрежелер арқылы ғана адам баласы Алланың алдына баруы мүмкін. Сол себепті сопылар тіршілік бойы өздерін тазалап, көкірек көздерін ашумен болған және тазарудың өзіне тән әдіс-тәсілдері болған. Айталық, бірі «Зікір» салу Құдайды ұлықтап оның атын қайталап еске алып отыру.

«Мұнажатнамасына» еңбегі екі шумақтан тұрып, хикметтер тәріздес өлең сөздер. Ясауидің Мұнажатнамасы негізінен екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, Құдайға мінәжат етуді өсиет еткен болса, екіншісінде жалпы жұртқа хикметтермен сусындау арқылы Алланы тануға, танымға баруды өсиет айтады. Қысқалығы мен де әрі түсінікке жетер нұсқалығымен де шығарма құнын сақтап тұр. Оның көптеген елдердің тіліне аударылуы да тегін емес-ті. Сол

кезендерде түркі тілдес бір қауым жұрт бір-бірінің тілін түсіне алатын болған. Жазуларының негізі араб графикасына негізделген. Осы тіл және жазу арқасында көптеген сопылыққа бастар жолды меңзейтін еңбектер жазылды. Бірі – Ахмет Ясауи екенін атап көрсеттік. Сондықтан болар сопылар барынша нәпсімен күресуді алға қойып отырған.

Қожа Ахмет Ясауидің «Мират – ул Қулуб» еңбегі алдыңғы сопылық ілімін негіз еткен ілімнің жалғасы. Бұнда да, Иассахан негізіндегі шарифаттың, мағрифаттың, тариқаттың, ақиқаттың сұрақтарын ашып жеткізеді. Бұлай аталуы оның ішкі мазмұнына байланысты, еңбекті кім оқып шықса оқырман өзінің күнәларын білетін болады деген.

Ясауи өміріне байланысты аңыз-әңгімелерге толы хикаяттар мен еңбектерде бар. Мысалы, осы еңбекті оқудың арқасында оқырман бала кезі, жастық шағы, бозбала шағы, нәпсіні жеңіп әулиелік деңгейге көтерілген тұсын оқи алады. [3].

«Диуани хикмет» сопылық шығармалар қатарынан болсада, «Оғызнамамен» жазылу және баяндау, суреттеу, көркемдігі жағынан жанаса бермеуі заңдылық. Сондада, біртекті әдеби дәстүрден тамыр тартқан аталмыш шығармаларда ортақ образдар мен көркемдік-бейнелеу құралдары да едәуір. Ал «Оғызнамадағы» өлең үлгілері құрылымдық жөнінен Яссауи хикметтерінің табиғи бастауларының бірі болып табылады.

Түркілік дүниетанымнан бастау алатын Қорқыт жырларының көне қабаты- тілдік құрылымы, көркемдік құралдары, бейнелер жүйесі жөнінен «Диуани хикметпен» ұқсастығы болғанымен. Бірі – батырлық эпос, екіншісі сопылық лирика болып табылатын, екі еңбектің қаһармандық пафос та ортақ, тек бұл сезімдердің бағытталуы мен суреттелуі басқаша. Тоқталып өтсем, Қорқыт жырларында азаматтық тарихтың аңыздық үлгісі бар, Яссауи хикметтерінде агиографиялық сюжеттер бар. Халқымыздың қазақ педагогикасында адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің аса бай жолдары бар екені бәсенеден белгілі. Айтып өтсем, көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу және тағы басқа. Ясауи шығармаларындада айтылған. Мысалы «Хикметтерінде», «Пақырнама мен», «Мират-ул- Қулуб» атты шығармаларында бар. [4]. Қалған мәселелер өмірбаянына негізделіп жазылған аңыз-әңгімелер мен хикаяттарында көрсетіледі. Осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей, баули алады. Қандай халық болса да оның ұлтық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды.

Қ.А. Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, ал оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани

адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Аннотация

Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалпытасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен Қ.А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін негізге алып қарастыруы, философиялық танымдарын жүйелеу. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үңілу. Ахмет Ясауи ислам қанын сіңірген, даналығы рухани жан азықтың тамырына мың жылдар бойына нәр берген ұрпақтан-ұрпаққа мұра.

Аннотация

В основу данной статьи положены научные выводы о состоянии личности, систематизация философских познаний К. А. Ясави с его воспитательными работами в обществе на основе его нравственного воспитания, просветительской деятельности, творческих исторических трудов. Погружаясь в глубь учения Ходжи Ахмеда Ясави, углубляясь в его значение для человечества и казахской литературы. Ахмет Ясави-наследие из поколения в поколение, впитавшее исламскую кровь, мудрость которого на протяжении тысячелетий питала корни духовной пищи.

Annotation

This article is based on scientific conclusions about the state of personality, the systematization of K. A. Yasavi's philosophical knowledge with his educational work in society based on his moral education, educational activities, and creative historical works. Diving into the depths of the teachings of Khoja Ahmed Yasawi, delving into its significance for humanity and Kazakh literature. Ahmed Yasawi is a legacy from generation to generation that has absorbed Islamic blood, whose wisdom has nourished the roots of spiritual food for thousands of years.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қыстаубайұлы Б. Елбасы және Түркістан. «Ясауи әлемі» ғылымкөпшілік, тарихи-танымдық журнал. – Түркістан, 2010. №2 (3). – 198 б.
2. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, Аруна Ltd. ЖШС, 2010. – 277 б.
3. Нұржан С. «Әулиелер әуезі» (Шығыс данышпан, әулие-ақындарының жырларының тәржімасы). – Алматы, Эффект, 2009. – 88 б.
4. Камалқызы Ж. Қ.А.Яссауи хикметтері және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. / Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелуі. – Түркістан, 2008. – 218 б.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫН ЖАНДАНДЫРУДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Алипбаева Айнур Умирбековна
Қошқе Кеменгерұлы атындағы
№49 мектеп-гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог-зерттеуші

Мақсаты: Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі мен ерлігі, Қожа Ахмет Яссауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесін зерттеу, насихаттау.

Міндеті:

- Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен еңбектерін зерттеу;
- Жәнібековтың қазақ поэзиясы мен Қожа Ахмет Яссауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесін зерделеу.

Күтілетін нәтиже: нәтижесінде оқушылар Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ поэзиясы мен еліне қосқан үлесі мен еңбегімен таныс болады, Қожа Ахмет Яссауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесін біліп, өзінен кейінгі ұрпаққа мұра етіп жеткізеді.

I.Кіріспе

Халқымыздың салт-дәстүрінің білгірі, еліміздегі музей ісінің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібеков — ел үшін еңбегі ерен жан. Төрткүл дүниеге аты мәлім, түркі жұртының ортақ шаңырағы — Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазанның Санкт-Петербургтің Эрмитаж музейіндегі көрмеден елге оралғанша қаншама тар жол тайғақ кешуді бастан өткергені белгілі.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесін музей етіп құруда, Тайқазанды елге қайтарып, қайта орнына орнықтыруда сол кезде мәдениет саласында қызмет атқарған, белгілі қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың сіңірген еңбегі ерекше орасан.

Өзбекәлі Жәнібеков-өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы Қазақ КСР-нің көрнекті партиялық функционері.

Өзбекәлі Жәнібеков-өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы Қазақ КСР-нің көрнекті партиялық функционері, оның мәдениетті, білім беруді, тарихты дамыту мәселелеріндегі еңбегін көпшілік мойындайды. Өзбекәлі Жәнібековтің замандастарының естеліктерінің көпшілігі оның өмірлік құндылықтар жүйесінде саясаттан гөрі мәдениет мәселелері басым мәнге ие болғанын растайды. [2.1 б]

II.Негізгі бөлім

Қожа Ахмет Яссауи-ұлы Ислам ғалымы, ақын, философ және Қазақстан мен Орталық Азиядағы сопылық мектебінің негізін қалаушы. Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Яссауи мұрасын жандандыруға қосқан үлесі бірнеше аспектілерде жатыр.

Қожа Ахмет Яссауи ілімдерін зерттеу және тарату жолында Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Яссауи еңбектерін, сондай-ақ оның идеялары мен ілімдерін зерттеумен белсенді айналысады. Ол ғылыми мақалалар, кітаптар

шығарады және осы тақырып бойынша ғылыми конференциялар өткізеді, осылайша ғалымның мұрасын сақтайды және келешек ұрпаққа мұра етеді.

Қоғамдық іс-шаралар мен фестивальдерді ұйымдастыру жолында Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Яссауи мен оның ілімдеріне арналған түрлі қоғамдық іс-шараларды ұйымдастырып, өткізді. Мысалы, Қазақстанда жыл сайын өткізілетін және оның шығармашылығының көптеген жанкүйерлері мен зерттеушілерін жинайтын "Яссауи Айтады" фестивалі дәстүр болып келеді.

Қожа Ахмет Яссауи мұрасын ел ішінде және одан тыс жерлерде насихаттауда Өзбекәлі Жәнібеков түрлі елдердің Ислам ғалымдарымен, философтарымен және Қожа Ахмет Ясауи идеологиясының зерттеушілерімен белсенді ынтымақтасты.

Қожа Ахмет Ясауи зерттеу орталығын құру. Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Яссауи зерттеу орталығын құрып, басқарды, ол ұлы ғалымның мұрасы мен ілімдерін зерттеді. Қожа Ахмет Яссауи мұрасын сақтау және ілгерілету мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізді, семинарлар мен кездесулер ұйымдастырды, сондай-ақ жас ұрпаққа арналған оқыту бағдарламаларын өткізді.

Осылайша, Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Яссауи мұрасын жаңғыртуға қосқан үлесі оның идеяларын тарату, іс-шараларды ұйымдастыру, Халықаралық ынтымақтастық және осы көрнекті ғалымның тарихи және мәдени мұрасын сақтауға және жалғастыруға мүмкіндік беретін ғылыми орталық құру болып табылады.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорында Жәнібеков есімімен байланысты біршама жәдігерлер бар. Ол 1978 жылдан бастап қорық-мұражай қорына өткізген Қабіржапқыш, Қоңырат кілем, Шұғыла кілем, бөлме жиһазы (Асадалға ұқсас жасалған), кесене тарихы мен осы өңірдің тұрмыс-тіршілігіне, жағрафиясына қабысатын т.б. жәдігерлерді Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұражайынан алдырып, қорық-мұражай қорына табыстады. Соңғы жылдары көз майын сарқып «Алтынай», «Адырна» фольклорлық ансамбль қызметкерлеріне ұлттық нақышта тіктірген көйлегі, немересі Өзелге Ұлыстың Ұлы күні — Наурыз мерекесіне орай тіктірген қазақы көйлегі (1989 жыл), сондай-ақ тұтынған заттары жинақтала бастады. [1. 3 б.]

Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында қарапайым жанұяда дүниеге келіп, еңбекқорлығы мен ізденімпаздығы нәтижесінде жоғары білім алған. Еңбек жолындағы қызметін шәкірт тәрбиелеуден бастап, бойындағы тума талантының арқасында саяси қызметте аудандық комсомол комитетінен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Хатшысына дейінгі қызметті атқарған. Ө.Жәнібековтің өмір жолына қарап отырсаңыз қызмет бабымен Қазақстанның қай өңіріне барса да ел басқарудағы ерекше қасиеттері халқымыздың қазынасы-ұлттық өнер, салт-дәстүрді дәріптеудегі өнегелі істері ұшан теңіз. Сондықтан да халқымыздың біртуар ұлы Ө.Жәнібековті туған жері, тек оңтүстік өңірі ғана емес барша қазақ мақтан тұтады.

Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Яссауиге тиесілі Құранның былғары мұқабасы - тайқазанның өз Отанына оралуында маңызды рөл атқарды.

Тайқазан-ХІІ ғасырдың аяғында Қожа Ахмет Яссауи қайтыс болғаннан кейін Ясадан Түркістанға апарылған қасиетті жәдігер. Ол ғалымның ізбасарларына мұраға қалдырылды және Қазақстанда орналасқан Қожа Ахмет Яссауи есімімен байланысты храмдардың бірі Кязимийяда болды.

Алайда, ХХ ғасырдың басында, Ресейдегі Азаматтық соғыс пен революция кезінде тайқазан жоғалып кетті. Ол ұрланып, Иранға сатылды, онда ол бірнеше онжылдықтар бойы көзден таса болды. [3. 248 б.]

Өзбекәлі Жәнібеков өзінің назарын осы тарихи қазынаға аударып, белсенді ізденісті бастады. Ол құжаттарды зерттеді, Иран мұрағаттарына сұраныстар жасады және жергілікті тұрғындармен сөйлесті. Оның іздеуі оны Иранның шығысында орналасқан Тайбад қаласына апарды, ол ақырында тайқазанның орналасқан жерін тапты.

Өзбекәлі Жәнібеков өзінің білімі мен дағдыларын Иранның жергілікті билігін тайқазанның өз Отанына оралуының маңыздылығына сендіру үшін пайдаланды. Ол Иран ұйымдарымен келіссөздер жүргізіп, тайқазанның Қазақстанға оралуына ресми рұқсат алды.

Көп ұзамай Тайқазан мемлекеттік және діни ұйымдар өкілдерінің, сондай-ақ Қожа Ахмет Яссауидің көптеген жанашырларының қатысуымен Қазақстанға салтанатты түрде қайтарылды. Бұл оқиға мәдени мұраның маңыздылығын және Қожа Ахмет Яссауидің Қазақстанмен байланысын көрсететін тарихи сәт болды.

Осылайша, Өзбекәлі Жәнібеков Тайқазанды Қожа Ахмет Яссауидің отанына қайтарып, елеулі әрекет жасады. Оның табандылығы мен мәдени құндылықтарға деген адалдығы осы көрнекті ғалым мен философтың мұрасының маңыздылығын сақтауға және атап өтуге мүмкіндік берді. Тайқазанның оралуы қазіргі ұрпақты өз елінің тарихы мен мәдениетімен байланыстыратын символдық актіге айналды. [4. 220 б]

ІІІ.Қорытынды

Өзбекәлі Жәнібеков – бір дәуірдің дарабозы. Қазақстандағы мәдениет саласының дамуы оның есімімен тікелей байланысты. Әлі алдағы уақыттарда оның ұлттық руханиятқа қосқан орасан зор үлесі айтылады. Ғалымдарымыз бұл салада да зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Әр қазақ – иісі қазақтың жоғын жоқтаған тау тұлғаның іздеушісі, жанашыры, насихатшысы.

Жазушы Шерхан Мұртаза Өзбекәлі Жәнібековтің сіңірген еңбегін жоғары бағалап, оның халық алдындағы барлық еңбегін тізімдеу үшін үлкен кітап жазу керек екенін айтты.

Негізгілеріне тоқталсақ:

- Санкт-Петербург Эрмитажынан әйгілі "Тайқазанның" Түркістанға оралуға қол жеткізді;

- Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың және көптеген жылдар бойы тыйым салынған басқа да жазушылардың, ақындардың, саяси қайраткерлердің шығармаларын басып шығаруға қол жеткізді;

- Қожа Ахмет Яссауи, Қарахан, Айша-биді кесенелерін және республика бойынша басқа да тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру мәселесін көтерді. Онымен Қазақстандағы 80-ші жылдардағы" музей бумы " байланысты;

- оның қатысуымен көптеген мәдениет ұйымдары құрылды: фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, театрлар, мұражайлар, «Қазреставрация» және оның облыс орталықтарындағы филиалдары және басқалар;

-КСРО-да ұзақ уақыт бойы тыйым салынған Наурыз мерекесін қазақтардың тойлауына рұқсат алды. Бұл Роза Рымбаева орындаған осы мерекенің әнұранының пайда болуына және теледидарда айтылып, көрсетіле бастаған көптеген әдет-ғұрыптардың жандануына ықпал етті.

Өзбекәлі Жәнібеков таза түрдегі саясаткер болған жоқ және әрине, халық мойындауы мен сүйіспеншілігі үшін күресте республика мен елдің бірінші басшыларының тікелей бәсекелесі болған жоқ. Оның еңбегі негізінен саяси емес, мәдени-тарихи, шығармашылық мұраға қатысты болды.

Аннотация

Қазір біз өзіміздің өткенімізді түсінуге, өз тарихымызды қалпына келтіруге тырысқанда, қазақ халқының мәдениетімен мәңгілікке байланысты адамдар туралы білуге қызығушылық танытамыз. Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Яссауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесін толыққанды зерттеп, өскелең ұрпақтың бойында тарихқа деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру өзекті болып саналады.

Аннотация

Теперь, когда мы попытаемся разобраться в нашем прошлом, восстановить нашу историю, читателям будет интересно узнать об одном из людей, имя которого навсегда связано с культурой казахского народа. Признано актуальным всестороннее изучение вклада Узбекали Жанибекова в возрождение наследия Ходжи Ахмета Ясауи, повышение любви и интереса к истории среди подрастающего поколения.

Annotation

Now, when we try to understand our past, restore our history, readers will be interested to learn about one of the people whose name is forever connected with the culture of the Kazakh people. The comprehensive study of the contribution of Uzbekali Zhanibekova to the revival of the heritage of Khodzhi Akhmet Yasawi, the increase of love and interest in history among the younger generation is recognized as relevant.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Казахстанская правда газеті,26.08.2021жыл [1. 3 б.]
2. <https://azretsultan.kz/zbek-li-zh-nibekov-zh-ne-taj-azan/> [2.1 б]
3. Шәлекенов У. Х. V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. Алматы: Жібек жолы, 2006, [3. 248 б.]
4. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Құрастырушылар: Ә.Қ. Муминов, Б. Қорғанбек, С. Моллақанағатұлы, т. б. Алматы, 2009, [4. 220 б]

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Алпанова Жанар Бибитовна,
Бином “Таным”, қазақ тілі мен әдебиеті,
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары, педагог-шебер, педагогикалық
білім магистрі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы Жолдауында оқушылардың ата-аналарымен жұмыс істеудің мазмұнына ерекше назар аударды. Қазақстан балалары хал-ахуалының негізі ретінде позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту мақсатында өткен жылдан бастап Алматы қаласы мен Алматы облысының пилоттық білім беру ұйымдары «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы апробациядан өткізіле бастады. Академияның басты мақсаттарының бірі – ата-аналарды бала тәрбиесіндегі тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету. Зерттеулерге сүйенсек, 60 пайызға жуық ата-ана баланы тәрбиелеуде психологиялық-педагогикалық көмекке мұқтаж екен. Жаңа оқу жылынан бастап барлық мектеп қабырғасында ата-аналар академиясы құрылатыны туралы да Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев өткен жылы мәлімдеген еді. Мектеп – баланың бүкіл оқу кезеңінде отбасымен өзара әрекеттесетін маңызды әлеуметтік институт. Баланың мүддесі үшін отбасы мен мектептің ынтымақтастығы олар одақтас болған жағдайда ғана сәтті бола алады, бұл баланы жақсырақ тануға, оның қабілеттерін дамыту кезінде оның жеке ерекшеліктерін ескеруге, өмірлік бағдарлар мен құнды басымдықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі мектептегі тәрбие міндеттерінің көлемінің кеңдігіне байланысты ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше деп білемін. Сол себепті осы мақала арқылы ата-аналар академиясы жұмысына өте қажетті бір ресурсты насихаттағым келеді. Ата-аналар мен оқушылар алған білімінің және игерген машық -дағдысының сапалы және сұранысқа ие болуы үшін белгілі бір деңгейде жауапты екенін сезінуге тиіс. Сондықтан олармен үнемі әріптестік қатынас орнатуда Отбасы хрестоматиясы қорының “Отбасындағы 30 сабақ” кітабы мен жұмыс дәптерін енгізуді ұсынғым келеді. Себебі қазіргі жас өркен – мемлекетіміздің болашағы. Сондықтан да балаға бір отбасының ұрпағы деп емес, бар қазақтың баласы деп қарау керек. Хакім Абай: «Баланы, ең алдымен, ата-анасы, сосын ұстазы, сонан кейін қоршаған ортасы тәрбиелейді» деген екен. Демек, ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктірудің арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты бере алады. Олай болса, отбасы мектеппен бірлесе тәрбиелік ортаның тұтастай негізгі ықпал ету факторын жасайды. Бала өмірінің басым бөлігі әке-шешенің жанында өтеді. Сондықтан да баланың алғашқы ұстазы, тәрбиешісі, тәлімгері, баптаушысы, мотиваторы ата-анасы, оларға осылайша академиялық тұрғыда көмек қолын созатын дайын оқулықты пайдалану қажет дегім келеді. “Отбасы хрестоматиясы” қоғамдық қорының ресми парақшасында төмендегідей құнды ақпараттар орналасқан:

1. **“Даналық пен даралықтың насихаты;**

2. Мән іздеген жандарға арналған;
3. Экзистенциялық әдебиеттер;
4. Құндылықтар қоймасы

Қордың негізін қалаушылардың бірі - Санжар Керімбай. Санжар Керімбай –(Түркістан облысы, Арыс қаласы) - "Отбасы хрестоматиясы" жобасының авторы, шығыстанушы, ағартушы. Қор 2013 жылы Отбасы хрестоматиясы сериясымен шыққан алғашқы кітап “Әлдиден эпосқа дейін”-нен бастап, 2014-16 жылдары “Салт-дәстүр сөйлейді”, “Сияр-Шәріп” кітаптарын; “Логотерапия немесе өмірге ғашық болу”, “Яссауи феномені”, “Өмірге ғашық болу”, “Махаббаттың мәні”, “Өркениетті адам”, “Әділ патша”, “Мың сұрақ”, “Экософия немесе киелі табиғат” сынды кітаптарды жарыққа шығарды. Кітаптардың жалпы тиражы 150 мыңнан асады. Осы кітаптардың бәрі дерлік ұрпақ бойына құндылықтар қалыптастыруға тікелей бағытталған. Әрбірін парақтаған сайын, өлгеніңіз тіріліп, өшкеніңіз жанғандай күй кешесіз. Дегенмен, мектеп деген үлкен кеменің ішіне кіруі үшін осындай насихатталуды қажет ететіндей сезілді. Өйткені кітап презентациялары Алматы, Астана, Шымкент, Атырау, Орал, Ақтау, Семей, Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе, Талдықорған қалаларында өтіп жатса да, қызығушы тараптың қатысуымен ғана, жекелеген мектептер айналасында ғана қолға алынып жатқанын білеміз. Сол сияқты бұл қор Венадағы III психотерапия мектебін қалыптастырған Виктор Франкльдің Логотерапия еңбегін тұңғыш қазақ тіліне аударды. Осы еңбекті таныстыру мақсатында «Өмірге ғашық болу» тақырыбында түрлі лекциялар да өтті. Әлемнің бірнеше елінде кеңінен қолданыс тапқан «логотерапия», «экософия» идеясын алғаш қазақ аудиториясына таныстырды. Экософия, әсіресе, әлемдегі туристік секторы дамыған елдерде танымал. Мысалы, 1964 жылы Тайланд, Малайзия, Сингапур, Индонезия елдерінде қолға алынып, қоршаған ортадағы жан-жануарды өлтірмеу, тиіспеу жайлы киелі аңыздарды халыққа насихаттап бастайды. Арада 30-40 жыл өткенде, екі ұрпақ ауысқанда бұл елдерде табиғи түрде туризм секторы дамиды. Қоғамдық қор экософия идеясын дамыту арқылы қазақ қоғамында да жан-жануарға, табиғатқа тиіспейтін мәдениет қалыптастыруды көздейді. Осы мақсатта түрлі лекциялар ұйымдастырып, батыс қоғамындағы экософия принциптерін қазақ тіліне аударып келеді. Сонда да өз елімізде мектеп-ата-ана- оқушы деген үштіктің барлығының құлағына жетіп, қолына тиюін қалаймын. Неге десек, қор өзіне тән ерекшелік ретінде ҚИССА жанрын дәріптейді. Себебі бұл жанр 70 жыл СССР билігі тұсында қатаң цензураға ұшырап, халықтың санасынан өшуге айналған еді. Бірінші рет 2013 жылы қисса дәстүрін қайта тірілтіп, халыққа ұсынды. XIII ғасырда өмір сүрген Рабғузидің «Қисса-сүл-әнбия» еңбегін қайта насихаттады. Рабғузидің «Қисса-сүл-әнбия» еңбегін негізге ала отыра философия-экзистенциялық талдау жасап қазақ қоғамына арнап кітап жазды. Қисса жанры бойынша 5 кітап жарық көрді. «Сакралды география» терминін де қазақ қоғамына алғаш таныстырды. 2013 жылы америка ғалымы Карен Армстронгтың еңбектерін ықшамдап аударып, «сакралды география» терминін әлеуметтік желілерде айналымға енгізді. Осы идеяның негізінде 2017 жылы «Яссауи феномені» кітабын жарыққа шығарды. Кітап қазақ дүниетанымындағы

сакралды ұғымдардың қалай пайда болғанын салыстырмалы анализ тәсілімен түсіндіреді. Сондай-ақ қазіргі Батыс қоғамында өте танымал ғалымдардың идеясы, еңбектері, ғылыми жаңалығын қазақ қоғамына таныстыруды жоспарлайды. Қолымызда бар жақұттарымыздың қадір-қасиетін осылай салмақтау арқылы ата-ана мен баланың арасына құндылықтың алтын қақпасын тұрғызар жаңа кітапты жаппай қолданысқа енгізу қажет деген идея келді. Кітап авторларының: “Көп ата-ана бізге хабарласқанда: «Балама не айтып берсем болады? Дастарқан басында қандай әңгіме айтамын?» деп сұрайды. Баяғы ата-әжелер дәуірі келмеске кетті. Қайта әкеле алмайсың. Бірақ олардың көзі жоғалғанымен хатталып сөзі сақталды. Соларды қағазға теріп, кітап етіп құрастырып, ұсындық” деген алғысөзінен мақсаты мен міндеті айқын көрініп тұр: “Мақсатымыз – отбасы мүшелері дастарқан басында отырғанда ортақ әңгіме айтуына септігімізді тигізу” Сол сияқты кітап ата-ана мен баланың бірге жұмыс істеуіне арналған. Ата-ана үшін сары құрал кітап болса, бала үшін көк жұмыс дәптері бар. Оқу құралы және жұмыс дәптері ата-ана мен баланың құндылықты бірге игеруіне бағыт-бағдар береді. Атаулы кітаптың 2023 жылы Алматыда таныстырылымы өткен. 7-қаңтар күні өткен презентацияға еліміздің түкпір-түкпірінен оқырмандар келген. Таныстырылымда Санжар Керімбай, Айбек Нәби, Сәкен Нұрқабекұлы, Бағдат Құдияр, Әйгерім Аюбек, Арман Ғинаятұлы секілді кітап авторлары мен құрастырушылары оқырмандар сұрағына жауап беріп, кітаптың жазылуынан сыр шерткен. Жалпы саны 200-ге жуық адам жиналған презентацияда кітап таныстырылып қалың оқырманға жол тартса да, мектеп жұртшылығына толық жеткізу жұмысы - кезек күттірмес шара.

Аңдатпа

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі екені ҚР Біртұтас тәрбие бағдарламасында айтылған.

Қазіргі жаһандану заманында ғаламшардағы адамзаттың бәріне ортақ мәселе құндылықтардың азаюы немесе жоғалуы екені рас. Мақалада осы мәселені жоюдың оңтайлы жолы ретінде «Отбасындағы 30 сабақ» кітабы мен жұмыс дәптерін мектептегі ата-аналар академиясында қолданудың қажеттілігі талданған. Өзектілігі – кітап авторларының ерен еңбегімен жарыққа шыққан дайын кітаптарды барынша қолдануға насихаттай алуы. «Отбасындағы 30 сабақты» оқытуды мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бірлесіп қолға алатын орын ААА (ата-аналар академиясы) екеніне назар аудартып қана қоймай, қазіргі заманның өзекті мәселелерімен шындап күресе алатын ресурстарды таныстыруға арналған осы мақала қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға қарай принципімен тәрбие деген мүмкіндігі шексіз әлемге нақты жоспармен келудің тамаша үлгісінен үйренуге шақырады. Мақалада ұлттық құндылықтар

мектеп мұғалімдерінің жоспарында ғана емес, мемлекеттік орындар мен саяси құжаттарда да биік мінберлерден айтыла бастағанына сілтеме жасайды.

Аннотация

Привитие и воспитание подрастающего поколения духовно-нравственных качеств актуально во все времена. Наше будущее – молодое поколение, а образование следующего поколения – вечная тема человечества. Воспитание сегодняшних детей и подростков, которые станут будущим страны, максимальное обеспечение с социальной точки зрения, создание условий для полноценного образования, защиты их прав и законных интересов – одно из основных направлений национальной политики России. казахской стране, – говорится в Единой программе образования Республики Казахстан.

Это правда, что в сегодняшнюю эпоху глобализации общей проблемой всего человечества на планете является снижение или утрата ценностей. В статье анализируется необходимость использования книги «30 уроков в семье» и рабочей тетради в родительской академии в школе как оптимального способа устранения данной проблемы. Актуальность заключается в способности авторов книг своим упорным трудом способствовать максимальному использованию готовых книг, изданных. Данная статья не только обращает внимание на то, что ААА (родительская академия) – это место, где школьные учителя и родители совместно проводят преподавание «30 уроков в семье», но и знакомит с ресурсами, способными серьезно заняться актуальными проблемами. Наше время предлагает нам поучиться на прекрасном примере того, как войти в мир безграничных возможностей с четким планом. В статье говорится о том, что национальные ценности упоминаются не только в планах школьных учителей, но и в общественных местах и политических документах.

Annotation

Instilling and educating the younger generation of spiritual and moral qualities is relevant at all times. Our future is the young generation, and the education of the next generation is the eternal theme of humanity. Raising today's children and adolescents who will become the future of the country, providing maximum support from a social point of view, creating conditions for a full education, protecting their rights and legitimate interests is one of the main directions national policy. Kazakh country,” says the Unified Education Program of the Republic of Kazakhstan. It is true that in today's era of globalization, the common problem of all humanity on the planet is the decline or loss of values. The article analyzes the need to use the book “30 Lessons in the Family” and a workbook in the parent academy at school as the optimal way to eliminate this problem. The relevance lies in the ability of book authors through their hard work to contribute to the maximum use of finished books published. This article not only highlights the fact that ААА (Parent Academy) is a place where school teachers and parents work together to teach "30 Lessons in the Family", but also introduces resources that can seriously address current issues. Our time offers us to learn in a perfect example of how to enter a world of limitless possibilities with a clear plan. The article states that national values are mentioned not only in the plans of school teachers, but also in public places and political documents.

Әдебиеттер тізім:

1. “Отбасы хрестоматиясы” жұмыс дәптері
2. Қ. Тоқаевтың “Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам” Жолдауы.
3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
4. “Салт-дәстүр сөйлейді”
5. Пинт “Ата-ана, бұл сіздер үшін”
6. А.Құралов “Ұлттық дүниетаным”

Қ.А.ЯСАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Аманбай Динара Маратқызы

Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп
Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қожа Ахмет Ясауи тағылымды ойлары мен тамаша шығармалары арқылы тарихта алтын әріптермен аты жазылып қалған кемеңгер тұлға. Ол өз еңбектерінде адамгершілікті дәріптеп, сопылықтың сәулесін шашты. Өз заманында өзгелерден озып туған жанның шығармалары шыңырау биіктегі шынар тәрізді болғанымен, уақыт өте келе, озбыр саясат оны теріске шығаруға тырысып бақты.

XX ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап Қазақстанның дербес тәуелсіз ел деп танылып, қазақ халқының саяси – рухани азаттыққа ие болуы, осының нәтижесінде әлеуметтік, идеологиялық ахуалының өзгеруі – осылардың баршасы ұлттық сананың, жеке адамдардың рухани дүниесінің жаңа сипат алуына, жаңа сатыға көтерілуіне алып келді. Коммунистік идеология мен социализм мұраттары ығысты, олардың орынын басатын жаңа рухани – мәдени сұраныстар дүниеге келді. Жеке адамның рухани түлеуі басталды. Бұл үшін қазақ халқының дінге, ислам дініне ден қоя бастағаны, ескіні жаңартып, ұмыт болғанды еске алу қарекетіне кіріскені – бүгінгі тарихи шындық. Ислам дінін дұрыс ұстануға бет бұрғанымыздың белгісі: көптеп мешіттер тұрғызылды, діни оқу орындары ашылды, дін қызметшілері құрметтеле бастады, жеке басылымдар мен күнделікті баспасөз беттерінде ислам дінінің негіздері, шарттары түсіндіріле бастады...[1, 16 б.]

Міне, осындай қыруар қам – қарекеттердің ішінде XII ғасырда жасап өткен, түркі халықтары арасында белгілі діни – идеологиялық ағымның негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауидің қызметі мен шығармашылығына айрықша назар аударылып, оның «Хикметтер» деп аталатын поэтикалық мұрасы бүгінгі жұртшылыққа ұсынылып отыр, ол қазақ тіліне аударылып, көптеп жарыққа шығарылуда.

Әрине, ана тілінде Қ.А.Ясауидің еңбектері тәржімаланып, қалың оқырман назарына ұсынылғаны адами құндылықты одан әрі арттырып, заман өзгерсе де, жақсы қасиеттерге деген көзқарас ешқашан өзгермейтіндігі дәлелденіп,

адамгершілікті дәріптеудің жан – жақты үлгісі жүргізілгені көңілге қуаныш ұялатады.

Белгілі орыс түркітанушы ғалымы А.К.Боровков: «Ясауи өлеңдерінің көзі Сырдарияның төменгі ағысын жайлаған көшпелі түркі тайпаларының халықтық поэзиясы» дейді. Ол өлеңдер түркі тілінде белгілі бір поэтикалық жанрды қалыптастырып, дәстүрге айналдырғанын және бұл дәстүрдің Ясауиден кейін бірнеше жүзжылдықтар бойы жалғасып келгенін баса айтады. [2, 5 б.]

Расымен де, өзі тура жолдан таймауға тырысып, басқаларға да ізеттілікті дәріптеген жаннан алар үлгі көп екені анық. «Диуани хикметтің» өзін алып қарайтын болсақ, тұнып тұрған тәрбие мен имандылықтың тамаша үлгісін айқын аңғара аламыз.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» жинағының қазақ халқының рухани өміріндегі орны өлшеусіз екені көптен бері айтылуда. Бұл үдерістің бірінші кезекте «Диуани хикметтің» қазақ фольклорымен байланысынан көрінуі тиіс екені де шындық. Бірақ осы байланыстардың ғылыми дәлелдері бүгінгі күнге дейін көпшілік назарына ұсынылмай келеді.

Зерттеушілердің көпшілігі айтып жүргендей, «Диуани хикметтің» әуел баста дала өмірімен біте қайнасқан ортаға бағышталып жазылғаны күмән тудырмайды. Негізі тіршілік көзі мал шаруашылығы түркілер үшін жыл он екі ай мектеп – медресе қабырғасында жаппай діни білім алу мүмкіндігі бола қоймады. Алайда, бұл ортада осы олқылықтың орнын толтырарлық құндылықтар да болды. Олар – халықтың салт – дәстүрі, әдет – ғұрпы мен ауыз әдебиеті. Әсіресе, ауызша поэзия кез келген ақпаратты, хабарларды таратуда таптырмас құрал болды. Өз ілімін халыққа кеңінен таратуды көздеген Қожа Ахмет Ясауидің бұл ақиқатты да ескерері сөзсіз.[3, 176 б.]

Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтерін ауызша поэзия дәстүріне бейімдеп шығарғанын танытатын поэтикалық форманың бірі – дыбыс үндестігі. Хикметтерде ассонанс пен аллитерацияның көлбеу және тік түрлері аз кездеспейді. Дыбыстық негізде жасалған көркем тәсілдердің жазба әдебиеттен гөрі ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын жөні бар.

Түркілер әлемінде жазбаша да, ауызша да қатар тараған Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі сопылық ілімнің, дәлірек айтқанда, хал ілімінің мәнін ұғындыруға өлшеусіз қызмет етті. Әрине, бұл орта сопылық іліммен бұған дейін де біршама таныс болатын. Оған Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігі» мен Ахмет Югінекидің «Ақиқат сыйы» шығармалары куә. Алайда «Диуани хикметтің» бұл ілімді таратудағы орынының өзгеше болатынының ең басты себебі – оның мазмұнының тереңдігімен бірге, өлшемдік тұрғыда халық поэзиясына барынша жақындығы еді. М.Ф.Көпірілі: «Қ.А.Ясауи шығармасында әуелде айтылып өткендей, басты әрі негізгі екі нәрсе көзге түседі: исламдық, яғни діни – сопылық ерекшелік пен ұлттық, яғни халық әдебиетінен алынған элемент. Исламдық ерекшелігі негізінен шығарманың тақырыбынан, мазмұнынан, мағынасынан орын алса, ұлттық ерекшелік, керісінше, өлеңнің пішінінен, түрінен, өлшемінен орын алады. Исламды жаңадан қабылдаған және бұл діннің негіздерін түсінуге ұмтылған түркілер пішіні, пошымы жағынан өздеріне ешқандай жат емес бұл шығармаға

үлкен баға берген еді. Негізінен тақырыбы мен мазмұны да оларды қызықтырғаны үшін «Диуани хикмет» халық арасында қасиетті шығармаға айналды» дейді. [4, 3 б.]

Тарихи тұрғыдан алып қарасақ, Ясауи негізін салып қалыптастырған әрі исламият пен көшпелі өмір салтын ұстанған түрік халықтарының салт – сана, әдет – ғұрып тәрізді дүниетанымдық ерекшелігімен санаса отырып, табиғи тұрғыдан үйлесімді жол тапқан сопылық танымның яссаулік жолы, негізінен, көшпелі өмір салтын ұстанған ұлы дала түріктеріне бағытталған өзіндік ерекшелігі бар қайталанбас сопылық ілім болатын. [5, 5 б.]

Ясауи өзі таратқан рухани ілімді «хал ілімі» деп атады. Ол ғылымқалмен, яғни қал ілімімен қатар айтылады. «Қал» арабтың «қала» - «айту» деген сөзінен келіп шығады. Сопылықта қал – айтуға болатын, тілмен жеткізу мүмкін ілім, яғни адам үйрете алатын ілім болса, хал – тілмен жеткізу мүмкін ілім, яғни адам үйрете алатын ілім болса, хал – тілмен жеткізуге келмейтін, Жаратушының өзі ұстаздық қылатын ілім.

Қожа Ахмет Ясауи үйреткен хал ілімі жүректегі Құдайға деген махаббатты оятуды көздеген. Сол арқылы ол халықтарды адамсүйгіштікке тәрбиеледі. Түркі халықтарының мәдениеті мен өнерінде, әдебиетінде Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің қалыптастырған дәстүрлерінің орны өлшеусіз.

Рухани ілімді барынша терең меңгерген, оның биік шыңына жеткен тұлғаның бірегейі Қожа Ахмет Ясауидің қазақ даласынан шығуы бұл ілімнің осы ортада кеңінен тарауына үлкен себеп болды. Қазіргі кезде «Ясауи жолы» деген тіркестің жиі қолданылуы әбден заңды. [6, 43 б.]

Қожа Ахмет Ясауиге өзге мемлекеттердегі догмат діндарлардың жиі соққы жасамақ болғаны, бірақ олардың әрекеттерінің сәтсіз аяқталғаны бізге Ясауи хикметтері мен ол туралы халық аңыздарынан белгілі. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауиді дінбұзар деп есептеп, оны жөнге салмақ болып, ислам мемлекеттерінен келген Баба Машын мен Имам Меруазидің оңбай жеңіліске ұшырап, ақырында Ясауиге шәкірт болып қалғаны хикметтерде де, аңыздарда да қатар баяндалады.

Адамгершілікті ту етіп, сопылықтың негізін салған Қожа Ахмет Ясауи расымен текті туған жан. Саналы ғұмырын шығармашылыққа арнап, ғылымның тереңіне бойлаған, өмірі де, еңбегі де жоғары құрметке лайық жанға деген ілтипат ешқашан ортаймақ емес.

Аннотация

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидің еңбектеріндегі адамгершілік пен имандылық тәрбиесі жайында жан – жақты жазылған. Ол кісінің көпшілікке таныс «Диуани хикмет» еңбегі мысалға алынып, шығарманың өзектілігі мен ұлттық дәстүрге негізделген тұстары тағылымды тәрбиеге аса қажетті тақырып екені айқындалады. Діннің тазалығын сақтау, оны дәріптеу, халық ауыз әдебиеті негізінде халықтар арасында кең таралуына ықпал ету барысында Қожа Ахмет Ясауидің еңбегін басшылыққа алып, жалпы түркі еліне ортақ қасиеттерді саралау мақаланың басты мақсатына айналған. Танымал тұлғалардың Қожа Ахмет Ясауи жайында пікірлері ұсынылып, зерттеу жұмысына арқау етілген. Рухани ілімді еркін меңгерген жанның ұлты үшін

атқарған қызметі жан – жақты баяндалып, ұстанған қағидасы сарапқа салынады. Бүгінгі Тәуелсіз еліміз үшін нар тұлғалы азаматтың тағылымды тәрбиеге негізделген еңбектері қаншалықты маңызды екені тілге тиек етіліп, одан әрі кеңінен насихатталуы қажеттігі сөз етілген. Ғасырлар тоғысындағы ғұлама ғалымның қалдырған өсиет – насихатын қазіргі заманғы тәрбиемен ұштастырып, имандылықты одан әрі арттыруға пайдалану жіті қолға алынуы қажеттілігі баса айтылған.

Аннотация

В этой статье подробно рассказывается о нравственном и религиозном воспитании в трудах Ходжи Ахмета Ясауи. В качестве примера можно привести известное произведение «Диуани хикмет», в котором подчеркивается, что актуальность произведения и его особенности, основанные на национальных традициях, являются наиболее важной темой для практического воспитания. Сохранение чистоты религии, ее популяризация, содействие популяризации среди народов на основе народной устной литературы, руководствуясь трудами Ходжи Ахмеда Ясави, стали главной целью статьи. Были представлены мнения известных людей о Ходже Ахмеде Ясави и проведена исследовательская работа. За национальность человека, свободно владеющего духовными знаниями, обсуждается принцип, которым он руководствуется. Подчеркнуто, что для сегодняшней Независимой страны труд гражданина с особой личностью, основанный на опытной воспитании, должен быть еще более популяризован. Подчеркнуто, что пропаганда, оставленная великим ученым на рубеже веков, должна сочетаться с современным воспитанием и использоваться для дальнейшего повышения нравственности.

Abstract

This article details moral and religious education in the writings of Hoxha Ahmet Yasaoui. An example is the famous work "Dihvani hikmet," which emphasizes that the relevance of the work and its features based on national traditions are the most important topic for practical education. Maintaining the purity of religion, its popularization, promoting popularization among peoples on the basis of folk oral literature, guided by the works of Khoja Ahmed Yasavi, became the main goal of the article. The opinions of famous people about Khoja Ahmed Yasavi were presented and research work was carried out. For the nationality of a person who is fluent in spiritual knowledge, the principle by which he is guided is discussed. It is emphasized that for today's Independent Country, the work of a citizen with a special personality, based on experienced education, should be even more popularized. It is emphasized that the propaganda left by the great scientist at the turn of the century should be combined with modern education and used to further improve morality.

Библиографиялық тізім:

1. Ясауи "хикметтерінің" тілі [Мәтін] / Р. Сыздықова ; [ред. Қ. Қамбар, З. Ткишева] ; ҚР Білім және ғылым министрлігі, А. Байтұрсынов атын. Тіл білімі ин-ты... – Алматы : Сөздік-Словарь, 2004. - 549 б. - Шора Сарыбаев қоры. - Автор қолтаңбасымен Ш. Сарыбаевқа тартуы . – Библиогр.: 545-547 б.

2. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикметов Ахмада Ясви). – «Советское востоковедение». Т.5. М. – Л., 1948.
3. Қорғанбеков, Болат Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорындағы сабақтастық [Text] : Зерттеу / Болат Қорғанбеков // Жұлдыз. - 2010. - № 12. - 176-179 б.
4. Қорғанбеков, Б. Диуани хикмет - ұлттық тұтастық кепілі [Мәтін] / Б. Қорғанбеков // Жалын. - 2023. - № 2 (215). - 108-115 б. ISSN 1618-0842 .
5. Мырзахметұлы, М. Яссауи поэзиясы [Мәтін] : ғылымды жүйелеу көріністері жайында бірер сөз / М. Мырзахметұлы // Жалын. - 2014. - № 9. - 4-7 б. ISSN 1618-0842.
6. Қорғанбеков, Болат Сағынбекұлы Ақын Балғамбет Балқыбайұлының әдеби мұрасы [Text] / Болат Сағынбекұлы Қорғанбеков // Ясауи әлемі. - 2011. - № 2. - 37-46 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МОДЕЛІ

Амангельді Аружан Жақыпжанқызы
Т.Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Тіл білімінде компьютерлік лингвистика бүгінгі заманда қарқынды даму үстінде. Білім беру жүйесін цифрландыруды зерттеу әдістемесі жаңа цифрлық контексттер мен концепцияларды зерттеудің өзекті ғылыми бағытына айналуыда. Бұл жөнінде И.В. Дорофеевтің: «Модельдеу әдісі ғылымдағы орталық зерттеу әдісі болып табылады. Ғылымдағы модельдеу – объектінің моделін құрастыру арқылы оның қасиеттерін анықтау» дей келе оны толықтыра түседі: «Модельдеу әдісі әдетте таңбалық жүйелерге сүйенеді, бірақ тілдің өзі белгі жүйесі, т.б. Сөздерді пайдалана отырып, сөздерді үлгілейміз. Тіл біліміндегі модельдеудің негізгі мақсаты – тұлғаның тұтас тілдік қабілетін модельдеу» [1].

Тілді модельдеу қазақ тіл білімінде Қ.Жұбановтың еңбектерінен бастау алған. Бұл Асқар Жұбанов өзінің мақаласында: «Профессор Құдайберген Жұбановтың сөйлем құрылымына қатысты зерттеулерінде сөйлем ішіндегі сөзтұлғалар мен сөз тіркестер «граф» немесе «құрастырушылар моделі» деген терминдермен аталмаса да, сөйлемге енетін сөздердің әрбіреуін тиісті нөмірлермен таңбалау және олардың тәуелділіктерін сызба түрінде кесінділер мен төртбұрыштар арқылы беру молынан кездеседі» [2]. Модельдеу сол жылдары жаңалық болып айтылған жоқ, себебі ол жылдары компьютердің қолданысқа енді еніп келе жатқан кезеңі еді. Асқар Жұбанов модельдеу туралы: «тіл қызметін үш түрлі қарастыру негізінде тілді модельдеуді де үш түрге бөліп қарастыруға болады. Модельдердің бірінші түріне - тіл қызметінің түріне қарай «қайта жасау» (воспроизводящие) модельдері жатады. Бұлар: мәтін мазмұнын

түсіну немесе «талдау» (анализдеу) модельдері, тілдік шығармаларды туындату немесе «жинақтау» (синтездеу) модельдері, «автоматты аудару» модельдері, «тілге үйрету» модельдері, табиғи тілде диалог түрін пайдаланатын - «әр типтік ой өрісі жүйелерінің» (интеллектуальные системы) модельдері және т.б. Модельдердің екінші түрі - тілдік шығармалар (мәтіндер) модельдері деп аталады. Модельдеу проблемасының аспектісіне қарай олардың ерекшеліктері мынада: тілдік шығармалар, яғни мәтіндер тіл қызметінің кез келген типінің міндетті түрдегі компоненті болуынан, кез келген модельдің де міндетті құрамы болады. Солай бола тұра, тілдік шығармалар (немесе мәтін) болмыстың белгілі бір моделі немесе «әлем моделі» бола алады. Үшінші модельдер түрін - тілдік шығармаларды түсіну мен оларды құрастыруға қажетті тілдік заңдылықтарды айқындайтын «тілдік механизмдер моделі» деп атайды» [3].

Оқытуда модельдеуді қолдану бұл сабақты түрлендіре отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыра түседі. Оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқудағы ең маңызды дүние бұл - рухани құндылықтар. Әрбір ақын-жазушыны оқығанда, оның шығармашылығын талдауда оқушы адам бойындағы ізгі қасиеттерді бойына сіндіре білу қажет. Қожа Ахмет Яссауидің шығармаларда «кемел адам», «толық адам» деген түсінікті оқытуда балаға жеткізу қиын. Оңтайландырудың жолы балаға өзі түсінетін форматта үйрету қажет. Бұл жөнінде И.Я. Лернер өзінің әдістемесінде оқушыға бағдарланған, оқытудағы мәселені оқу үдерісінде инновациялық тәсілдерінің негізін құрады және ол ұсынған «мағыналық тапсырмалар» мағыналық әдістеме технологиясының біріне айналды. И.Я. Лернер осындай тапсырма психологиялық-педагогикалық түрде оқушыға әсер етеді деп есептеді, онда оқушы тапсырманы «қабылдайды», «өзінен өтеді», «жеке мәнді табады», оны өзін-өзі тану үстінде болады деген. Қожа Ахмет Яссауидің шығармаларындағы адамның кемелденуіне, бүгінгі күндегі басты мәселе «өзін табуға» көп дүние айтылған. Қазақ халқының философиялық мұрасы еңбегінде осы жөнінде толық айтылған: «Кемел адам» тұжырымдамасы – Иасауи ілімінің түпкілікті мұраты. Адамның мақсаты мен жаратылыс себебі – Хақиқатты тану, Оған қауышу. Бұл мақсатты Иасауи «Хақ болу» деп көрсетеді. Ал Иасауи үшін Хаққа ұласу – өзіңді тану деген сөз. "Өзіңді тану" ұстанымы өзінің ішкі әлемінің жеті қырын анықтап, тереңдеп тану арқылы адамның Аллаға ашылуын мақсат етсе, "Өлмес бұрын ол" ұстанымы - адамның моральдық-этикалық және сопылық рухани-тәжірибелік талаптар шеңберінде тәрбиеленіп, Алланың сипаттарымен сомдалуына негізделген. Бұл екі ұстаным бірін-бірі толықтырып тұратын теориялық және тәжірибелік қырлар емес, екеуі біртұтас. Қожа Ахмет Иасауи "Мират-ул Қулуб" атты мұрасында: "Көңіл әлемінің айыбы мен кірлері көп. Олар мыналар: дүниеқұмарлық, құмарлық, қызғаныш, ашу, дұшпандық, асылық, ұмытшақтық, менмендік, рия және көзбояушылық т.б." дейді [4]. Ал Н.Келімбетов өзінің еңбегінде: «Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикметін» адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Ахмет Яссауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді» [5] деген. Айтылған дүниелерді сабақта түсіндіруге арналған арнайы «бағдарлама» құрауымыз

қажет. Асқар Жұбановтың: «Тілдік шығармалардың әлемді модельдеуге қатыстылығын, модельдердің жалпы қасиеттерін талдау мен олардың тілдік шығармалар талабына сай келуін анықтау негізінде көз жеткізуге болады. Жалпы жағдайда, модельді ақиқат шындықтың қайсыбір жүйесін белгілі бір тәсілмен қайта өндірілетін конструкция (құрылыс) деп түсіндіруге болады» дегенін негізге аламыз.

Қожа Ахмет Яссауи шығармаларын оқытуда біз Ахмет Байтұрсынұлы «жеңілден ауырға» әдісін қолданамыз. Бірден Хикметтерін оқып, талдамай, оларды түсініп білуге идеялық мазмұнымен танысамыз. Ең алдымен, оларды «гайд» есебінде құрамыз (1-сурет). Модельдеу үшін бізге цифрлы батырмалар қажет болады: интербелсенді құрал және интербелсенді сілтеме (2-сурет).



Қожа Ахмет Яссауи

"Жетіде Арыстан Баба арнап келдім,
Мұстафа өсиетіне қаңбақ болдым.
Сол шақта мың бір зікір сарнап бердім,
Алаңсыз Аллаға бет бұрдым мен"



Қожа Ахмет Яссауи

"Жетіде Арыстан Баба арнап келдім,
Мұстафа өсиетіне қаңбақ болдым.
Сол шақта мың бір зікір сарнап бердім,
Алаңсыз Аллаға бет бұрдым мен"



1-сурет

2-сурет

«Ахмет Яссауи дүниетанымының жалпы желісін екіге бөліп қарастырған жөн. Біріншісі – моральдық-этикалық, ал екіншісі – сопылық хикметтер деп атауға болар еді. Ахмет Яссауи ілімінің моральдық-этикалық бөлімі адамның бойындағы адамгершілік қасиеттердің мәртебесін арттыра түсуді көздеген, «инсонни камал» дәрежесіне жетуді мақсат етеді» [5]. Шығармаларында: *сопылық, имандылық, қанағат, өмір туралы, Алланы тану* дүниетанымы бар, ал солар кездесетін хикметтерінің шумақтарын алып, оқушымен талдаймыз (3-сурет).



3-сурет

Кірме сөздердің мағынасымен танысып алу үшін электронды сөздікті қолданамыз: <https://sozdikqor.kz/> . Осы арқылы біз шығармаларын оқытудың моделін құрай түсеміз: <https://view.genial.ly/65b5251720cab90014b34108/guide-beauty-guide>

Дәл осылай модельдеу әдісі қазақ тіл білімінде Қ.Жұбановтан бастау алған. «Лингвистикалық модельдеуде» сөйлеу қызметі моделінің пішінін екі түрде қарастырады. Оның біріншісі – семантикасыз немесе тек грамматиканы игеруге ғана «еліктеуші» таза синтаксистік модель. Екіншісі – мағыналы сөйлемдерді түсіндіре білумен қатар, оларды дұрыс құра да білу мүмкіндігіне еліктейтін – семантикалық модельдер» [6]. Біз қолданған модель бұл – екіншісі,

мағыналы сөйлемдерді түсіндіру мақсатында қолдану. Профессор Қ.Жұбанов «О формах сочетания слов в казахском языке» атты мақаласында 15 сөзқолданыстан тұратын мындай сөйлемді қарастырады: «Сен(1) көрген(2) қымбат(3) алпауыттан(4) да(5) Қызыл(6) құрт(7) Ертай(8) ұстаның(9) Темірбайдан(10) алған(11) төрт(12) бесті(13) аты(14) жақсы(15)». Осы сөйлемдегі сөздердің орын ауысуынан сөйлем мағынасының өзгеру заңдылығын көрсету мақсатымен, әрбір сөзді нөмірлеп алып, бес түрлі айтылым ретінде бөлек-бөлек қарастырып, пайымдаулар жасайды. Сөйлемді орыс тіліне былайша аударады: «Чем(4) дорогой(3) помещик(4) виденный(2) тобою(1), лучше(15) и(5) гнедой(12) пятилетний(13) мерин(14), полученный(11) кузнецом(9) Ертаем(8) кызыл-куртовцем(6) от(7) Темирбая(10)» [7].

Бүгінгі күні біз оқитын мәтіндер цифрлық ортада үнемі кездесетін мультимодальды мәтіндер: әлеуметтік желілердегі жазбалар мен пікірлер, твиттер мен ұзақ оқулар, блогтар мен влогтар, электрондық хаттар мен қысқа хабарламалар сияқты сандық жанрлар гетерогенді семиотикалық сипатқа ие. Бірнеше белгі жүйесінен тұратын мұндай цифрлық мәтіндерді қабылдау баспа мәтінді қабылдаудан ерекшеленеді. Осылайша, цифрлық оқу процесі цифрлық мәтіннің құбылысын құраушы қасиеттерімен анықталатын нақты стратегиялармен және заңдылықтармен сипатталады. Күннен-күнге цифрлық технологияның дамуы бізге жаңа дүниелерді әкеледі. Бірақ біз қазіргі айтып жатқан жаңа заманның көрінісін алаш зиялылары бізге ХХ ғасырда-ақ таныстырып өткен. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы «Баулу арқылы оқыту» жөнінде: Тұрмыс түрі басқа болған соң баланы баулығанда үйрететін істің түрі де басқа болады. О күндегі тіршілік шарасына істелетін істің түрі аз болған соң, баланы баулып үйрететін әдістің де түрі аз болған. Бұл заман – машина заманы» [8] десе Қ.Жұбанов оқытудың моделін көрсетіп кеткен.

Аннотация

Мақалада кез келген ғылыми салада орталық әдіс болып табылатын модельдеудің әдісі сипатталған. Цифрландыру жағдайындағы білім беру үдерісінде модельдеу арқылы оқушылардың сезімдік ынтасын дамытатын дидактикалық технологияларды пайдалануға болады. Мақаланың өзектілігі – оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту факторы ретінде семантикалық бастамалардың дидактикалық негізін құру, оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де мультимодальды сауаттылықты дамытудың маңыздылығын арттыру. Цифрлық мультимодальды мәтінді қабылдауға арналған спецификалық қасиеттері – гипермәтіндік, интерактивтілік мәтінаралық байланыстарды түсінуді жақсартады, қабылдауды жеңілдетеді. Цифрлық мәтін әртүрлі модальділіктердің үйлесімімен сипатталатын гетерогенді семиотикалық құрылымға ие. Қазіргі коммуникацияда мультимодальды мәтіндердің пайда болуы және кең таралуына байланысты бұрын баспа мәтіндерінің материалына негізделген сауаттылыққа оқыту тәсілі өзгеруде. Мультимодальдық сауаттылық арқылы Қожа Ахмет Яссауи шығармаларын модельдей түсу – оқушылардың одар әрі оқуын ынталандыру.

Аннотация

В статье описан метод моделирования, который является центральным методом в любой научной области. В условиях цифровизации в образовательном процессе возможно использование дидактических технологий, развивающих эмоциональный энтузиазм учащихся посредством моделирования. Актуальность статьи заключается в создании дидактической основы смысловой инициативы как фактора развития цифровых компетенций учащихся, повышении значимости развития мультимодальной грамотности как для учащихся, так и для преподавателей. Особые свойства приема цифрового мультимодального текста - гипертекст, интерактивность улучшают понимание межтекстовых связей, облегчают прием. Цифровой текст имеет неоднородную семиотическую структуру, характеризующуюся сочетанием различных модальностей. В связи с появлением и широким распространением мультимодальных текстов в современном общении меняется методика обучения грамоте, которая ранее базировалась на материале печатных текстов. Обучение моделированию произведений Ходжи Ахмета Яссауи посредством мультимодальной грамотности призвано стимулировать дальнейшее обучение учащихся.

Annotation

The article describes the modeling method, which is a central method in any scientific field. In the context of digitalization in the educational process, it is possible to use didactic technologies that develop the emotional enthusiasm of students through modeling. The relevance of the article lies in creating a didactic basis for the semantic initiative as a factor in the development of students' digital competencies, increasing the importance of the development of multimodal literacy for both students and teachers. The special properties of receiving digital multimodal text - hypertext, interactivity - improve the understanding of intertextual connections and facilitate reception. Digital text has a heterogeneous semiotic structure, characterized by a combination of different modalities. In connection with the emergence and wide dissemination of multimodal texts in modern communication, the methodology of teaching literacy, which was previously based on the material of printed texts, is changing. Learning to model the works of Khoja Akhmet Yassawi through multimodal literacy is intended to stimulate further student learning.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. И.В. Дорофеева Общенаучный метод моделирования и специфика его применения в лингвистике // Вестник Московской международной академии. 2015. №2.
2. А.Қ. Жұбанов Құдайберген Жұбанов зерттеулеріндегі модельдеу әдісінің көрінісі ҚР ҒБМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2006. № 1. 3-9-бб.
3. А.Қ. Жұбанов Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер: оқу құралы. – Алматы «Қазақ университеті», 2006. – 277 б.
4. Қазақ халқының философиялық мұрасы Жиырма томдық. 4 том. Астана: Аударма, 2005. – 534 бет.

5. Н.Келімбетов Көптомдық шығармалар жинағы 4 том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2014. – 448 бет
6. М.И.Откупщикова. Моделирование языка // Прикладное языкознание: Учебник. Отв. редактор А.С.Герд. СПб.: Изд-во С.-Петербург. Ун-та, 1996. – С. 100-112.
7. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
8. А.Байтұрсынұлы Алты томдық шығармалар жинағы. *Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар*. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. VI: – 384 б.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Аманжолова Тана Тастановна

Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектеп» КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Алланы таныған – өзін де табады

Өз дәуірінде сопылық ілімді насихаттаған тұлғаның бірі – Қожа Ахмет Ясауи. Түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының рухани болмысы қалыптасуының бастауында жатқан қайнар көздердің бірі де бірегейі Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі екендігін ешкім жоққа шығармаса керек. Сопылық әдебиет түркілер арасында исламның Орталық Азия жеріне келген уақытынан-ақ, яғни YIII ғ. екінші жартысынан қалыптаса бастаған. Бұған дәлел ретінде түркілер арасынан шыққан мұсылман ғұламалары – Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, М.Қашқарилардың еңбектерін айтуға болады.

Қ.А. Ясауи ұлттық идеология дәрежесіне көтерілген бұртұтас ілімді жасаған даңқты тұлға. Ол түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарын қорытып, ислам дінінің қағидаларымен үйлестіріп, бұртұтас ілімге айналдырды. Ғұлама хикметтеріне ерте дәуірлерден-ақ қалыптасқан түркілік дүниетанымның негізінде Тәңірі діні, аруақтарға сиыну, көшпелі өмір салтынан туындайтын руханилықты материалдық құндылықтардан жоғары қоятын базалық түсініктер және т.б. жатады. Қ.А.Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адамның кемелдену жолында ислам шарифаттарының маңызыдылығын дәріптейді. Себебі адамзаттың жаратылысы белгілі бір қағидаға сүйенеді. Тіршіліктің маңыздылығы сол қағиданы өз өмір жолында негіз ете отырып ой-сананы ғылымға бағыттау, кемелдену жолы аясында іздену. Ахмет Ясауи дүниетанымның мәні – адамның өзін –өзі тануы деп ұғындырады.

Бүгінгі таңдағы мақсатымыз: Қ.А.Ясауи хикметтерін тереңірек зерттей отыра тәрбиелік мәнін көрсету. Ақынның мұрасын танып білу, зерттеу, оны қоғам игілігіне пайдалану маңыздылығын ұғыну.

Тақырыптың өзектілігі: талай ғасыр өтсе де ғұлама мұрасы бүгінгі өркендеу дәуірінде де өмірдің өзегіне айналуы.

Қожа Ахмет Ясауи халық арасында Өзірет (Хазрет) Сұлтан есімімен танымал болған. Шын есімі – Ясауи, «қожа» мұсылман жолы шарифат ілімін таратушы, уағыздаушы ретінде қойылған. Қожа Ахмет Ясауи – қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Ғалымның көрнекті туындысының бірі – «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) кітабы. Бұл кітап 1878 ж басылып шыққан.

Қ.А.Ясауи 63 жасқа келгенде, қылуатке (қылуат- арабша «оңашалану» деген сөз) түсіп, өмірінің соңына дейін сонда болады. Жарық дүниемен тек шәкірттері арқылы байланысып, сол жер астында «Даналық кітабын» жазған. Сөйтіп, ойларын өлең түрінде бір жүйеге түсірген. Барлығы 149 хикмет бар.

Мұсылман әлемінде аты әйгілі, сопылық әдебиеттің ірі өкілі, кемеңгер ақын әрі ойшыл Қожа Ахмет Ясауи артына өшпестей аса елеулі мұра қалдырды.

Ғұламаның хикметі ел ішіндегі күрделі мәселелерді жырлауға арналған. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, хаққа сиыну түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан сарапталады. Мұхаммед пайғамбардан үрдіс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын көру, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге де қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу.

Ақын өз өлеңдерінде Түркістанға алғаш келген кезін былайша баяндайды:

...Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне

Он сегізге Шілтеменен шарап іштім.

Рузы қылды, Жәннат кезіп қорлар құштым,

Хақ Мұстафа жүздерін көрдім, міне.

Ясауи хикметтерінің басы- Алланы бар және бір деп білу. Ақын ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ғалым өз дәуірінде араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін жақсы меңгерген. Осы қабілеттің арқасында араб тіліндегі шарифат жолдарын түрік халқына жеткізуде ерен еңбек еткен. Сондықтан да «Даналық кітабы» түркі халықтарына ортақ мұра болып есептеледі.

Ілім-білім жолы шарифаттан бастау алатындығына, құран сөзі шынайы екендігін шарифатта айтылған ойлармен дәйектейді. Адам шарифаттан алыстағанда қателіктерді көп жіберіп өмірде адасатындұғын, түрлі қияметтерге тап болатындығын сипаттап жеткізуге тырысқан. Мұсылман тура жолының ақиқаты бес парызды орындауы деп түсіндіріледі,. Ақыретті бұның сұрауы бар Аллаға иман келтірмеу күпірлік , ақыретте тозақ отымен сыналатындығы туралы ой қозғалады. Дін жолын ұстанған адам жөнсіздікке жол бермейді. Шындықтың, әділеттің жолында құрбан. Адамның сенімі неғұрлым нық болса, оның жүзі нұрлы, жан-тәні рухты болады дейді.

Қияметтің күні жақын жетті, достар.

Ел-халықтан мейір-шафқат кетті, достар.

Барша жұрттан әдеп кетті – қыйналған жоқ,

Әйелден – қыз, үлкеннен жас иба алған жоқ.

Расул айтты: «Ұят деген – иманнан» деп,

Арсыз қауым жайлады жер, көкті, достар- деген үзінді бүгінгі қоғамның дертін ашып тұрғандай. «Заманына қарай адамы» демекші бүгінгі ұрпақтың көзқарасы, ұстанымы басқаша. Ғұлама пікірінше, адамның өзін –өзі танудың бастамасы - Тәңірге құлшылық ету. Кез келген жаратылыстың мына тіршілікте өзіндік орны, мекен тұрағы, тіршілік қамы шектелген. Өзіне берілген аядан асып өзге шектеулерге қол салса онда қоршаған ортаның үйлесімділігі бұзылады. Алла әр жаратылыстың болмысын біледі деген ойды меңзейді.

Бүгінгі жаһандану үдерісінде Қ.А.Ясауидің орны ерекше деп ойлаймын. Қазіргі жастардың тура жолдан адасып жүру себебі Шолпан жұлдыздай жарық етіп шыққан Ясауи ілімдерінен алшақтап кеткендігінде. Ғалымның еңбектерін зерттеп, бүгінгі ұрпаққа тәрбиелік мәнін ұғындыратын болсақ, болашақ үшін үлкен рухани азық екені сөзсіз.

Әр істің адалдығы болса , Хаққа жақ болып шын ниетіңмен тіршілік қамын жасасаң ғана бұл жалғанның рақатын сезінуге болатындығын ашып айтқан. Ұлы ғұлама Абай, Мәшһүр сияқты ойшылдарымыз Хақтың жолын дұрыс түсініп қабылдағандықтан «толық адам», «түгел адам» қалыптастыруды шарифат ілімі негізінде ұғындыруға тырысқан. Қ.А. Ясауи да Даналық кітабында екі өмірдің мәнін аша келіп адамды имандылыққа, әділдікке, адалдыққа, мейірімділікке үндейді. Хикметтерінде тәрбиелік мәнің принциптері көрсетіледі. Олар: Аллаһқа деген махаббат, ықылас пен шынайылық, ілім мәселесі, адамға деген сүйіспеншілік, әйел мен еркек теңдігі, еңбекті бағалау.

Қ.А.Ясауи еңбектерінің басты құндылығы адам болмысының қалыптасуына кедергі болатын тұстарды ашып көрсетуінде. Мәселен адамның басты жауы - надандық дейді. Себебі арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді. Егер адам тек сырттан ғана құдайшылық болып, іштен басқа пейілде болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады деп баяндайды. Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа (жәһілдікке) ұрындырады деген ой ұсынады.

Қ.А.Ясауи өзінің ұстазы Арыстан Бабтың айтқан ақылдары мен үлгі-өсиеттерін зор ілтипатпен еске ала отырып, оның рухани тазалығын, адалдығы мен шыншылдығын өзгелерге үлгі тұтады.

Ғұлама еңбектерінің өзектілігі бүгінгі күнде ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі болып отырғандығында. Ғұламаның ойынша адамның өмірдегі орны оның ішкі жан дүниесіндегі рухани байлығымен өлшенеді. Адамның рухани өрістеуі биік шыңды бағындыруына себепші болады деген ой тастайды. Бүгінгі күнде тектілік деген сөзді біз жиі айтамыз, шындығына келгенде ол сөздің мәнін дұрыс түсіндіре алмаймыз. Тектілік - ішкі жан дүниенің тазалығы, Аллаға деген адал құлшылығы. Өйткені Құдайдың адамға қояр талабы – оның көркем құлықты, жамандыққа жаны қас, жақсылыққа жаршы болатын, Алланың шынайы құлы болу үшін адам, ең алдымен өз болмысымен тұтастықта болып, содан кейін қоршаған әлеммен үйлесімділік табу керек. Кеңістіктегі үндестікті қамтамасыз ету үшін Құдай Құран кітабы арқылы адамға құндылықтар жүйесін

ұсынады. Шарифатта баяндалған құндылықтар адамгершілік пен парасаттылықты қалыптастырудың негізгі қалыбы – тезі.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа «Ұлы даланың ұлы ұлғаларын тану», «Рухани құндылықтарды дарыту», «Бабалар өсиеті – балаға мұра» тақырыптарында тәрбие беру бағыттары жүзеге асырылып отыр. Осы мақсатта Қ.А.Ясауидің еңбектерінің тәрбиелік мәні зор деп түсінемін. Келешек ұрпақ ғұламаның еңбектеріндегі екі әлемнің де мән-жайын сипаттайтын туындысын оқу арқылы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелердің шешімін ұғынуына жол ашар еді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Қ.А.Ясауидің нақыл сөздерін көп қолдануға тырысамын. Оқушылар арасында «Бәйге», «Тоғыз құмалақ», «Сиқырлы сандық» ойындары арқылы ғұламаның нақыл сөздерінен жарыс ұйымдастырамын. Мәселен:

1. Ғайбат айтып әркімдерді тілдеу – надандық.
2. Арың сақта, болсаң да малға кедей.
3. Өтірікшінің орны – тозақ.
4. Білімнен бейхабарлар Алланы да білмейді.
5. Дінсіз жанда иман жоқ.
7. Кісі ақысын жеме.
8. Алланы таныған – өзін де табады.
9. Құдайдан қорыққан ынсапшыл келеді.
10. Жамандыққа жақсылықпен жауап бер: бұл – пайғамбарымыздың өнегесі.
11. Жеім, пақыр, ғарыпты жебей жүргейсің: бұл – пайғамбарымыздың өнегесі.
12. Тарихты білмегендер адалдық жолымен жүре алмайды. Әр сөздің мәнін ашып, тәрбиелік маңыздылығын түсіндіруге тырысамыз.

«Пазл» құрастыру (<https://learningapps.org/>) ойынында берілген сұрақтарға жауап беру бойынша ойшылдың портретін таныту немесе нақыл сөздердің авторын анықтау арқылы танымдылық қабілеттерін арттыруға болады.

Қ.А.Ясауи хикметтерінде «Менің хикметтерім Құран мәні» деп өзі айтқандай қазақ мұсылмандық түсінігінің негізінде ілім жатыр. Ясауиден бастап Асан қайғы, Абай Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіпке дейінгі қазақ данышпандары сопылық мәдениет негізінде ой толғады. Бұл – қазақтың дәстүрлі мұсылмандық түсінігінің айнасы – сопылық философия деген сөз.

Ислам негізі бойынша адамзат баласы Алланы ұлықтау, оған табыну үшін жаратылды. Әр дінде Аллаға табыну формасы әр түрлі. Ислам өмір философиясы, қоғамның әрбір мүшесінің ең ұлы кісілік, құндылық иесі болып қалыптасуына, адамды сүюге, әділет, адалдық, басқа дінге құрмет пен төзімділік түсінігін егетін дін деп түсінеміз. Сол үшін исламның тарихын, жүріп өткен жолын, өзіміздің осы жолдағы ата-бабаларымыздың ислам өркениетіне қосқан үлесін тану арқылы білу әрбір мұсылманның парызы.

Ясауидің шарифат шарттарын 10-ға жеткізуі, біріншіден, оның шарифат жәһніндегі танымының кеңдігін көрсетсе, екіншіден оның көпшілік байқай бермейтін дүниелерге мән беріп, олардың адамның рухани тәрбиесіндегі маңыздылығын түсінуінен туындаса керек.

Қорыта айтқанда, Құранда адамның қандай болмыс екендігін, өмір сүру ортасы мен тіршілігінің мәні, әлемдегі орны мен мақсаты туралы оның болмысын нақтылайтын тиянақты жауаптар бар. Құранның үндеуі адам санасына, рухы мен жүрегіне арналған. Адамға тек жүрек, көңіл арқылы ғана жол табу мүмкін. Міне, Ахмет Ясауидің хәл ілімінің басты мәселесінің рух, адам болуы да сондықтан.

Аңдатпа

Бұл мақалада түркі халықтарының рухани болмысының негізгі кездерінің бірі ретінде, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауидің ілімінің тәрбиелік мәні қарастырылады. Түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының рухани болмысы қалыптасуының бастауында жатқан қайнар кездердің бірі де бірегейі Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі екендігін ешкім жоққа шығармаса керек.

Ахмет Ясауидің есімін мұсылман әлеміне мәшһүр еткен шығармасы «Даналық кітабы» (Диуани хикмет). Ұрпаққа берер тәрбиелік мәні туралы ой қозғалады. «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») – Қожа Ахмет Ясауидің сопылық идеясын жыр еткен, дидактикалық – этикалық мазмұндағы әдеби шығарма.

Аннотация

В этой статье религиозные основы духовного единства тюркского народа были впервые изложены Кожой Ахметом Яссауи, который заложил основы тюркизма, выделив духовные ценности тюркского народа, включая духовное единство казахского народа, в одном из основных моментов. Чтобы полностью понять суть тюркизма, необходимо обратить внимание на учения Кожы Ахмета Яссауи, который считается великим мыслителем в тюркском мире.

Его произведение "Диуани Хикмет" (Книга мудрости) стало известным в мусульманском мире. Его труды посвящены вопросам воспитания и морали, а "Диуани Хикмет" представляет собой литературное произведение, в котором Кожой Ахмет Яссауи выражает свои идеи тюркизма.

Annotation

In this article, the religious foundations of the spiritual unity of the Turkic people were first outlined by Kozha Akhmet Yassawi, who laid the foundations of Turkism, highlighting the spiritual values of the Turkic people, including the spiritual unity of the Kazakh people, in one of the main points. To fully understand the essence of Turkism, it is necessary to pay attention to the teachings of Kozha Akhmet Yassawi, who is considered a great thinker in the Turkic world.

His work "Diwani Hikmet" (The Book of Wisdom) became famous in the Muslim world. His works are devoted to issues of education and morality, and "Diwani Hikmet" is a literary work in which the Skin of Ahmet Yassawi expresses his ideas of Turkism.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кенжетәев Д.Т Қожа Ахмет Ясауи – 238 б.

2. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1993 жыл.

3. Қожа Ахмет Яссауи диуани хикмет (Даналық жолы. Аударған С.Битенов. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. -196 бет.

4. Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы: Ел шежіре, 2007. – 256 б.

5. Кенжетаяев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Алматы, 2007. – 259б.

6. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері – тәрбиелік құрал Мақала. Әділбек Шафиқ -“Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қызметкері

7. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымы- Туркістан, 2004 - 341 бет

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Атекеева Айманкул Ергеновна

Астана қаласы №63 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі,
магистр, педагог-зерттеуші

Бүгінгі қоғам алдында зиялы тұлғалардың адамгершілікпен имандылық тақырыбында ақыл-ой мен тәлім-тәрбиелік тәжірибені көздеп болашақ ұрпақтың бойына сіңіру көзделген. Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалыптасуы жөнінде рухани адамгершілікке философиялық танымдарын жүйелеу.

Ахмет Яссауи де елге дұрыс жол сілтеп, нағыз адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттары керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарын оқып, үйренудің қазіргі сәт үшін мәні зор екендігін оқушыларымызға педагогтарымыз түсіндіре білу қажет.

Бүгінде педагог кадрларды даярлау әлемдік білім беру кеңістігіне ену жолында өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Педагогикалық кәсіптің өзіне тән ерекшелігі – ол тұлға дамуында әрі өзгертуші әрі басқарушылық қызмет атқарады. Сондықтан, тұлға дамуын басқару үшін педагогтен алдымен адамгершілік, тұлғалық сапалар талап етіледі. Педагогтің тұлғалық сапасы оның жалпы кәсіби іс-әрекетке даярлығының маңызды бөлігі болып табылады. Сол себепті, У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлға теориясы негізге алынды. «Адам» барлық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласына тән мәселе. Сондықтан «тұлға» ұғымы бәріне ортақ қолданылады. Бірақ әрқайсысы әртүрлі қырынан зерттеп, оның мәніне өзіне тән танымдық ұғым бергенімен, барлығының зерттеу нәтижелері өзара ықпалдасады. Тұлға және оның мақсатты ұйымдастырылған жағдайда дамуы қазіргі педагогиканың теориясы мен практикасында да ең күрделі де өзекті мәселелердің бірі. Т.Әбдіқадырованың

еңбегінде тұлға қоғамда өзінің орны бар, ерекше қасиет иесі деп анықталады [162].

Балалармен жұмыс істеудің практикалық әдістері мен тәсілдері

1. Ойын әдістері: балаларға жаңа дағдыларды үйрету үшін ойындар мен ойын-сауықтарды пайдалану.

2. Позитивті күшейту: мақтау, марапаттау немесе басқа әдістер арқылы балалардың қалаған мінез-құлқын ынталандыру.

3. Эмоциялармен жұмыс: балаларға өз сезімдерін білуге және білдіруге, эмоцияларын басқаруға көмектесу.

4. Релаксация әдістері: балаларға релаксация әдістерін және стрессті басқаруды үйрету.

5. Қарым-қатынас дағдылары: балаларда қарым-қатынас, тыңдау және өз ойлары мен сезімдерін білдіру дағдыларын дамыту.

6. Өзін-өзі реттеу әдістері: балаларды мінез-құлқы мен реакцияларын басқаруға үйрету.

7. Шығармашылық техникасы: балаларды өзін-өзі көрсетуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандыру.

«Өзін-өзі реттеу» жаттығу

Төменде берілген екі сұраққа өз жауабыңызды ұсыныңыз

Мен өз өміріме алғым келетін әдеттер	Мен бастартқым келетін әдеттер
--------------------------------------	--------------------------------

Адамның тумысынан өзіндік қабілеттері мен әлеуеті болады. Адам туа бітті қабілеттерін қолдана отырып өзін дамытады. Білім ордалары әсіресе мектепте, одан кейінгі қызмет барысында да осы туа бітті қабілеттерін дамыта береді. Кез-келген адам осы қабілеттерін қызмет барысында көрсете отырып, өзінің ерекшелігін арттыруға мүмкіндік алады [115]. Түрік ғалымы Акуйүз түркі әлеміндегі тәрбие беру тарихын зерттеуінде ибн Сина, әл-Фараби, Юсуб хас хаджиб, Кайқауыс сияқты ойшылдардың бала тәрбиесінде, оның қызығушылықтары мен қабілеттерінің болашақ мамандық таңдауындағы маңыздылығы және У.Кайқауыстың «Қабуснамасында» да балалардың еңбек етуі, ақылды және білімді болуы, епті және әділ болулары, жақсы бір маман иесі болуы үшін, өнер-білім үйрену керектігі айтылады [116]. Түркияның 1739 жылғы Ұлттық білім берудің басты Заңында да ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдарында оқушылардың өзін-өзі дамытуы мен жоғарғы білім алуға бағытталған ережелері болғандығы көрсетілген [117]. Демек адам қажетті білім, білік, дағдыларды меңгергенде «оның мамандығы бар» деп атай алады екенбіз. Кәсіп таңдау қай жас кезеңінде жүзеге асырылады? Болашақ кәсіп балада тіпті ерте жастан анықталуы мүмкін. Белгілі бір дарынның болуы бұл таңдауды жеңілдетте түседі. Бала үшін кәсіптер қандай болатындығын және кім немен айналысатындығын білу өте маңызды. Сондықтан бала кәсіптің не екенін балабақшадан меңгеретін болса, баланың санасын қалыптастыруға және оның ынтасын жылдамырақ анықтауға көмектеседі. Кәсіпті оқып үйрену рөлдік ойындар түрінде өтуі керек. Мысалы, балалар дәрігер немесе сатушы болып ойнауды өте жақсы көреді. Нақ осындай ойындар сол не өзге кәсіпке қандай ісәрекет тән екендігін түсінуге көмектеседі. Кәсіп адамға не бере алады? Ең

маңыздысы, өзін-өзі танытуына мүмкіндік береді. Ал қызмет – кез-келген адамның әлеуметте жеке тұлғалық дәрежесін көрсете алуының бірден бір жолы және оның айналасынан құрмет көруі, топта өз орнын таба алуы, сондай-ақ өзінің белсенділігін көрсете алуын айқындайтын орын [118]. Қызметтің әрқайсысын, оның барлық талаптары жүйесімен, мамандық деп атауға болады, оны меңгеру үшін оқу керек. Ал «Маман», «Мектепке дейінгі ұйым педагогі» дегеніміз кім? Маман – белгілі бір іспен айналысатын адам, ал МДҰ педагогі – мектепке дейінгі тәрбие ісі бойынша маман болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауидің сөзімен айтсақ, олар өте сәтті болды және оның ізбасарларының арасында кейіннен көптеген әйгілі есімдер, сопылық ақындар, діни және поэтикалық мектептер болды. Олардың бірінің мазмұнына сәйкес:

«Құдайдың уағызына ұстаз керек

Бұл мұғалімнің сенімді оқушысы болуы керек.

Еңбек ете отырып, олар ең жоғары ризашылыққа ие болуы керек.

Сондықтан сүйікті және адал

Оларды Алла Тағала белгілейді » [1, 59 б.].

Жақсылық пен мейірімділікке шақыру, кішігірім нәрсені қанағаттандыру, өтірік пен ашкөздіктен бас тарту, аскетизм мен жанды рухани-адамгершілік тазарту туралы уағыздар А. Ясауи ілімдерінің негізгі бағыттары болды және олар оның мюридтер мен ізбасарларының жауабын тапты [1, 182 б.]. Мұғалімнің шақырған рухани тазалығы және осы ережелерді өздігінен сақтау А. Ясауиді рухани тәлімгер дәрежесіне және ойшылдың есімін «данышпандардан шыққан данағөй», «екі әлемнің айнасы» деп атайды. Оның ізбасарларының бірі Сүлеймен Бақырғани өз еңбектерінде атайды (1186 ж.), XVIII ғасырда өмір сүрген Ясауи Юнус Амре (1250 ж.), Суфи Аллаяр және Ахмет Хазанидің идеялары тұрақты дамытуда. Әлішер Науаи Қожа Ахмет Ясауидің қасиеттілігі туралы және оның ілімінде ешқандай кемшілік жоқ екенін айтады [1, 188-192 бб.] Өнер-білімге қатысты: Егер ақыл болса, өнер үйрен, өйткені өнерсіз ақыл – киімсіз дене. «Білім – ақылдың ажар-көркі»-деп босқа айтылмаған. "Кәрі де жас та шамасына қарай білім алуы қажет"; өнерсіз жан - өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көлеңкесі жоқ тікенді шоғайнаға ұқсайды, өзіне де, өзгеге де пайдасыз болады; Егер адам текті асылзада әулетінен болса да, өнері болмаса, халықтың ізет-құрметінен мақұрым қалады. Атақтылардың балалары үшін тәрбиеден асқан мұра жоқ, ал қарапайым адамдардың балалары үшін, өнеркәсіптен асқан мұра жоқ; Өнеркәсіп, шындығында барлық мәдениеттің ұлығы; Ұлы дәрежелі болу шыққан тегіне емес, ақыл-біліміңе байланысты; "Білім [маърифат] парсыша – таным деген сөз, ал тану, сенің бір нәрсені тануды білу деңгейіне өткізуің екендігін білдіретіндігін білгін. Даналық [дониш] парсыша – білім [илм], жақсылық деңгейі мен жамандық деңгейін анықтау үшін, сенің таныс пен бөтенді, таныстығы мен бөтендігі бойынша толығымен ажырата білуің; 186 Алла тағаланы танығың келсе, алдымен өзінді-өзің таны. Әрбір жан өзін-өзі тани білсе, Алла тағаланы да таниды; Алла тағаланы тану – білімнің ең асылы, бүкіл ілім атаулының асқар шыңы; «Әрбір нәрсенің келумен басталып, кетумен аяқталатыны белгілі «Дүниеде өмір бар да заман да бар, бұл дүние мәңгілік

емес екендігін түсініп, қапы қалмау керек. Адамға жақсы қоғамдық ахуалды жаулап алу үшін, білім мен шешендік (ділмарлық) керек. Перзентің нашар, тіпті ақылсыз болған күннің өзінде білім беру мен тәрбиелеуде қателікке жол бермей, әкелік парызыңды өте, өйткені оны егер сен тәрбиелей алмасаң, уақыт өзі тәрбиелейді. Кез-келген істі ақылмен істе, бастамақ болған әрбір істі ақыл таразысына салғын, өйткені уәзірлердің жақсысы – ақыл Теория мен практика тән (дене) мен рух (жан) сияқты» екеуі де бірлікте, тәнсіз (денесіз) жан және жансыз тән толық емес Проза – райят (райят – төменгі тап өкілі) сияқты, ал өлең – патша сияқты «Өлеңді өзің үшін емес, жалпы халық үшін жазады б) шешендік өнеріне қатысты: Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу Қыңырлыққа әдеттенген кісіден бойыңды аулақ сақта. Өйткені қыңырлыққа әдеттенген жан туралыққа баспайды. Иір ағаш тезге салмай түзелмейді, жонбаса түзу болмайды.

Біз осы айтылғандарды қорыта келе, тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік-педагогикалық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі, қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым деп түсінеміз. Бүгінде білім беру парадигмаларының өзгеруіне орай бірінші кезекте тәрбиеленушіде пәндік білім, білік, дағдылар емес, тұлға қалыптастыру мәселесі қойылып, тұлғаға бағдарланған білім беру мен тәрбиелеуді іске асыру көзделуде. Негізі, тәрбие үдерісінде кез-келген тұғыр адамды дамытуға, оның мәнін жетілдіруде ізгілікті көзқарастарды біріктіретін, өзіндік санаттық бағыттарын қолданады. Ал тұлғаны іс-әрекеттік тұрғыдан қарау бағыты оның жеке белсенділігінің нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік сипатын түсінуге негізделіп, нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылуда. Жақсы сөз жан азығы, шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлем, сөйлесең шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын, бос сөз – ол да ессіздік. Халық адам парқын сөйлеген сөзі арқылы біледі, керісінше, сөз дәрежесін адам арқылы білмейді; Сөздің құнын дұрыс бағалай біл. Өйткені сөз жай нәрсе емес. Әрдайым шындықты сөйле, мәңгі сөйлеуге әдеттенбе, білмейтін ілімнен сөйлеп, нан талап етпе. Сөз тыңдаудан жалықпа. Адам сөзді тыңдай білген жағдайда ғана шешен бола алады. Даналар сөзінде ізгі ниет, үлгілі өсиет мол. Сен қаншама шешен болсаң да өзінді білгір, ділмар шешендерден төмен ұста. Сөз үйренуден жиренбе. Көп біліп, аз сөйле. Өйткені көпсөзділік – ақылсыздықтың нышаны. Аз сөйлеу сау-саламаттыққа тән қасиет; Жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың, қандай сөзді айтуды әдеттенсең тіл соны айтады,- дегендей төменді әдіс арқылы оқушылардың өз ойын анықтауға болады.

Аннотация

Тақырыбыздың зерттелу деңгейін тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығымен шектеп қоюға болмайды. Сондықтан да бұл мақалада педагогикалық тұрғыда тарихи сана қалыптастыруда пайдалану әдіс-тәсілдері бойынша қарастырылды.

Аннотация

Уровень исследования нашей темы не может ограничиваться прикладной ориентацией исторических данных. Поэтому в данной статье были рассмотрены методы использования при формировании исторического сознания в педагогическом смысле.

Annotation

The level of research on our topic cannot be limited to the applied orientation of historical data.

Therefore, this article examined the methods used in the formation of historical consciousness in a pedagogical sense.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кайқауыс «Қабуснама». - Алматы: Балауса, 1992. - 157 б.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1986. - 613 б.
3. Арзанбаева Б.О. Болашақ мұғалімдердің мектепке дейінгі балалардың ойын іс-әрекеттеріне кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру (қазақ халқының ойындары негізінде): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2001. - 155 б.
4. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Ахметсапаева Ақерке Қайратқызы

Астана қаласы Ақжан Әл-Машани атындағы
№92 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі

Рухани бастау болып табылатын «Қ.А.Ясауи дүниетанымы қазақ мәдениеті мен адам әлемінің ділдік түлеу құбылысы тұрғысынан маңызды». Бүгінде Ясауи ілімінің мәнін, маңызын, ерекшелігін айқындау тарихымыздың өткені мен бүгінгі арасындағы рухани арналар сабақтастығын қалпына келтіруге ықпал етеді.

Біріншіден, Ясауи дүниетанымы ішкі еркіндікке жетелейтін ар түзейтін ілім. Ал бүгінгі ашық және демократиялық қоғам құру жолындағы Қазақстан өз тәуелсіздігі мен еркіндігін баянды ету үшін ең алдымен еркін ойлайтын адамдарға мұқтаж.

Екіншіден, Ясауи ілімінің қалыптасу кезеңі мен өмір сүрген уақыты түркі халықтары үшін тарихи өтпелі кезең болуымен құнды. Сондай өтпелі кезеңде көрсеткен жолы мен әдісі тұрғысынан Ясауи мұрасын зерттеу бүгінгі жаңа сипаттағы құндылық қоғамын құрып жатқан Қазақстанның (мұрасын зерттеу) болашаққа нық қадам басуы үшін мәдени тарихи, дүниетанымдық және рухани әлеуметтік тұғырларын анықтауда да маңызды болып отыр.

Үшіншіден, Ясауи ілімі – қоғамдық-әлеуметтік ынтымақпен бірлікке ұйытқы болатын даналықтың кені, яғни оның ілімі адамдар арасындағы өзара

тең сұхбаттың, бауырластықтың, махаббаттың, діни-рухани ұстанымдарын қамтитын біртұтас тұжырымдамалар жүйесі болып табылады.

Төртіншіден, Ясауи ілімі – қоғамдық – практикалық маңызы тұрғысынан бүгінгі ғылым мен технология, ақпарат дәуірінде отырып, «өзінің ішкі әлемінен хабарсыз қалған, ар мен имандылықты ойлауға қабілетсіз, жаппай нәпсіқұмарлық жайлаған қоғамның әлеуметтік індетінің емі екендігі даусыз».

Түркі тілдес халықтарының жүрегінен үлкен орын алған «Диуани хикмет» деп аталатын қасиетті кітап – ұстаз ақынның 4400 өсиетінің негізгі бөлімі. Ертеден еліміз ерекше мән беріп жаттап жадында сақтап, тәлім-тәрбиеге пайдаланып, пайғамбар сөзіндей пайымдап қадірлеген даналық сөздер жаңаша жаңғырып, өз қасиетін тануда.

Даналық кітабында негізінен төрт «ғақлия» мадақталады.

1. «Шариғат» - Мұсылмандық жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, ақын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

2. «Тариқат» - жыр өрнектері арқылы ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділетікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеу, тақуалыққа үйрету:

«Ғаріп, пақыр жетімдерді қылғын шадман,

Құлдық қылып, ғазиз жанды еткін құрбан.

дейді ақын. Сөйтіп мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін айтады.

3. «Мағрифат» - дін жолын танып, оқып-білу, яғни Алланың ақ жолын ардақтап, соған тағзым етіп тағлым алу – адамгершілік парыз екенін әсерлі сөзбен, айшықты жырмен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттылыққа, бждахаттылыққа тәрбиелеу:

Ғаріп, пақыр жетімдерді әркім сүйер,

Риза болар сол пендеге пәруардіген, -

деп, ақын ғаріп, пақыр, жетімдерді сүйсең, оларға жақсылық жасасаң, Алла-тағала саған риза болып, ісінді оңдайды, мақсатыңа жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз ақын оқырманға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіріп жеткізеді. Алланың ақ жолы – адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

4. «Хақиқат» - Құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы құдіретті танып білу, оған табыну, Құдайдың құдіретіне сену, әр бір мұсылманның парызы екенін сөз құдіретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақыреттің азығы» арқылы адамдардың күнәдан таза болуына тілеп атап беру мақсаттарын өлең қуатымен іске асыру:

Хақиқат дариясынан ішкен кісі,

Өзі мұңлық, көңілі сынық, көзі жасты, -

дейді ақын. Шыншыл, қамқоршы, мейірман ақын ел өміріндегі хақиқат (шындық пен әділеттікті) іздеп, көп жерде шыншылдыққа қиянаттың қырсығын көріп, мұзданады, көңілі сынады (көңіліне қаяу түседі), көзіне жас алады, сөйтеді де ұрпағын «хақиқат дариясынан сусындауға», әділетсіздермен күресе білуге шақырады, әділдікке, кісілікке, шыншылдыққа тәрбиелейді.

Даналық өсиеттері арқылы ақын жалған ғалымдар мен жағымпаздарды, екі жүзділерді қатты сынайды:

Білгірі заман ақыр залым болды,
Жағымпаз жан алғыштар ғалым болды.
Сойқанды елге ашық айта алмаудан,
Ішіме менің дертті жалын толды, -

деп, ақын білгіштер білімін адамгершілік жолына жұмсамайтын залым болса, халықтың қаһарына ұшырайтынын, ал «жағымпаз, жан алғаш» болса, оның ғалымдығының пайдасыз екенін әшкерелейді. «Алла жолындағы адамгершілікке жат әділетсіздік, залымдық ел басшысында болса, онда бүкіл ел қасірет шегеді. Сол киелі, қасиетті елге жақсылық жасаған басшы ғана Алланың сүйген құлы болады» - дейді ақын. Сондықтан да әулие ақын елге бас иіп, тәжім етеді:

Қожа Ахмет басыңды елге ие біл,
Ақиқатты ары таза сүйе біл.
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық қана дүниеге ие бұл, -

деп халықты қастерлеуге, ашкөздіктен, дүниеқорлықтан аулақ болуға, адам бойындағы ізгі қасиеттерді қастерлеп мадақтап, оқырманды кішіпейіл, жомарт мейірімді болуға шақырады.

Ақын «иманын соқыр тиынға сатып кететін» табансыз талақтардың бұл дүниедегі орны – бақытсыздық, ол дүниедегі орны – тамұқ деп, қараниеттерді қатты сынайды, қаскүнемдер мен қастекілердің адамдық бейнесі болмайтынын өртеніп өкініп жырлайды да кісілердің ондай опасыздардан сақ болуын ескертеді.

Ясауидің үш қызметі:

1. Ахмет Ясауи– сопылық өлеңдер жазу дәстүрінің негізін қалады.
2. Түркі әлеміне жолдау арқылы халқымыздың арасына Ислам дінін жайды.
3. Түрік-Ислам ұғымдардағы діни қағиданың негізін қалады.

Ал енді жеті принципін қарастырайық:

1. Аллаға махаббатпен ұласу, жақындау,
«Махаббаты жоқтың діні де, иманы да жоқ» [19].
2. Ықылас. Яғни, таза, адал мұсылмандық, риядан, көріністен ұзақ, тек қана Алла үшін болған мұсылмандық.
3. Адамға деген махаббат пен сүйіспеншілік. Адам бүкіл жаратылғандардың ішіндегі ең құрметтісі - адам ү
4. Теңдік, түсіністік, ортақ тіл табушылық.
5. Әйел мен еркек теңдігі.
6. Ас пен істің қасиеттілігі. Ахмет Ясауи жолындағылардың өз маңдай терімен асын табуы, еңбектенуі негіздерге алынған.
7. Білім.

Бұл үш қызметі мен жеті принципі бізге ертеңімізді нұрландырып, болашаққа жөн сілтейді.

Қорытындылай келе, Қожа Ахмет Ясауидің еңбектеріндегі ілімі «ар түзейтін ілім» болса, онда келешек жас ұрпақ осы еңбектерді үйретудің

арқасында «толық адам» болып қалыптасып қоғамымыздың дамуына толық үлес қосарына күмән болмас еді. Өзін-өзі дамытып жетілдіру үшін төрт баспалдақты басып өту керек:

1. Өзін-өзі бақылау.
2. Өзін-өзі бағалау.
3. Өзін-өзі тәрбиелеу.
4. Өзін-өзі тану.

Қожа Ахмет Ясауи еңбектерін оқи отыра әр адам адамгершілік пен имандылықтың жолынан адаспай, өмірде өз орнын табары анық.

Аңдатпа

Қазіргі кезде Қожа Ахмет Ясауи еңбектерін оқып, өмірге пайдаланып, адамгершілік пен имандылықты бойымызға дарыту керекпіз. Осы еңбектерді пайдалану арқылы адамдар адамгершілікке, инабаттылыққа, имандыққа, Аллаһты, өз дінін құрметтеуге тәрбиелейді.

Қожа Ахмет Ясауи мұраларын оқу арқылы адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу.

Егер Қожа Ахмет Ясауи жайында толық мағлұмат боса, оны өмірде, тиімді пайдалануында барлық шарттар орындалса, онда материалды игеруі оңтайландырылады және жан-жақты рухани біліммен қаруланады және оны өмірде тиімді пайдалануына негіз болады

Аннотация

В наше время нам следует читать произведения Ходжи Ахмета Ясави, использовать их в своей жизни, прививать себе нравственность и веру. Благодаря использованию этих произведений люди воспитываются в нравственности, добродетели, вере, уважении к Аллаху и своей религии.

Воспитывать человечность и нравственность путем изучения наследия Қожа Ахмет Ясауи

Научный прогноз исследования: Если будет раскрыта полная информация о Қожа Ахмет Ясауи, будут выполнены все условия для ее эффективного использования в жизни, то усвоение материала будет оптимизировано и вооружено всесторонними духовными знаниями, и это станет основой за его эффективное использование в жизни.

Annotation

In our time, we should read the works of Kozha Akhmet Yasawi, use them in our lives, instill in ourselves morality and faith. Through the use of these works, people are educated in morality, virtue, faith, respect for Allah and their religion.

To educate humanity and morality by studying the heritage of Kozha Ahmet Yasawi If complete information about Kozha Akhmet Yasawi is revealed, all conditions for its effective use in life are met, then the assimilation of the material will be optimized and armed with comprehensive spiritual knowledge, and this will become the basis for its effective use in life.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қожа Ахмет Ясауи «Даналық кітабы» ауд. Ж.Абдірешов. Шымкент. 1991, 11-13 бет,17-19 беттер,20 бет
2. К.А.Ясауи өмірі мен шығармашылығы. З.Жандарбек. Түркістан 1991.
3. «Кейбір адамдардың ерекше кереметтері» Құрбанқоджаев Сансызбай Нызанұлы. Шымкент – Түркістан. 1995. 43-бет.
4. Құрбанқоджаев Сансызбай Нызанұлы. Йассауйтану. Түркістан 2006.
5. Қ.А.Ясауи. «Диуани Хикмет» Алматы. 1998. 65-бет.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ МҰРАСЫ

Аширбекова Женискул Бокеновна

Астана қаласы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицейі қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі, педагог –модератор
Педагогика ғылымының магистрі

Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166) – ғұлама, ақын, сопылық діннің негізін салушы және уағыздаушы қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Сайрам қаласында өмірге келіп, Яссы қаласында өмірден озған.

Ахмет Ясауидің әкесі Ибрахим өз заманының ілімді, білімді, сауатты адамдарының бірі болған. Аңыз-әңгімелерге сүйенсек, Ибрахим Арыстан бабтан тәлім-тәрбие, ілім-білім алған деген деректер бар. Әкесі Ибрахим дүнеиден өткеннен кейін он жеті жасар Ахмет Ясауи Яссы (қазіргі Түркістан) қаласына келеді. Жасынан ілім-білімге жақын болған Ахмет Ясауи бірнеше тілдерді еркін меңгеріп, шығыс поэзиясымен, әдебиетімен жақын танысып, араб, шағатай, парсы, түрік тілдерінде өлеңдер жазып, ақындық жолға аяқ басады. Ахмет Ясауидің рухани толысып, сопылық негіздерді бойын сіңіруі Бұхарадағы Юсуф Хамадани медресесінде оқыған кезінде болды деуге негіз бар. Білімін толықтырып, сопы атағына ие болып, Яссы қаласына оралады да «Ясауи» сопылық мектебін ашады.

Қожа Ахмет Ясауи пайғамбар жасы 63 ке келгеннен кейін Құдайға құлшылық ету мақсатында Яссы қаласының жер асты мешітінде өмірінің соңғы сәтіне дейін болған. Қожа Ахмет Ясауи 1166 жылы дүниеден өтіп, Яссы қаласында жерленген.

Қожа Ахмет Ясауидің шығарамшылық ғұмырбаяны Орта Азия, Шығыс халықтарының ғұламалары өмір сүрген, сонымен қатар, шығыс шайырларының шығармашылық қалыптасу заманымен тұспа тұс кезең болды. Шығыс шайырларының шығармашылық дамып, қалыптасып, өркендеуі дала мәдениеті мен қала мәдениетінің ерекшеліктерін, ғаламдық ақпараттық кеңістіктің айшықталуымен, сол заманғы «Ұлы жібек жолы» сауда саласының дамуын шығармаларына тиек етті. Әлбетте, Қожа Ахмет ясауи де бұл шығармашылық өсуді басынан өткерді. Десек те, Орталық Азия халықтарының әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани, зиякерлік дамуы ойшылдардың

шығармашылығының негізгі мақсат міндетіне айналды, яғни, халқына қызмет ету үрдісі айналасы оғыз-қыпшақ этникалық ортасында жүзеге асты.

Қожа Ахмет Яссауидің туындыларының түпнұсқасы жоқ болғандықтан, XVII ғасырларда жазылып қалдырылғанын ғалымдар дәлелдеген. Жалпы ғұламаның шығармалар қатарында: «Диуани Хикмет», «Фақырнама», «Миратул клуб» атты еңбектері бар. Бүгінгі күнге дейін жеткен, жас ұрпаққа мирас болған еңбегі «Диуани Хикмет (Даналық кітабы)» болып табылады [1, 178 б.] «Диуани Хикмет» туындысы әлемдік философияда өзіндік ойып алар орны бар, орта ғасырдан сыр шертетін, түбі бір ісі түркі халқын татулыққа, ізгілік пен имандылыққа, рухани тазалыққа шақырған баға жетпес еңбегі. XII ғасырларда жазылған түпнұсқаның көшірмелері әлемнің ірі-ірі кітап қорларында сақталып келеді. Аталмыш еңбектің түркі философиясында болсын, әдебиеті мен мәдениетінде де, руханиятында да ортағасырлық ұлы мұрасы болып саналады.

Ғылыми зерттеушілер еңбектеріне сүйенсек, «Диуани Хикмет» кітабы жүз қырық тоғыз хикметтен тұратынын, оның жүз тоғызын Қожа Ахмет Яссауидің өзі жазғанын, ал қалғанын шәкірттері толықтырып, жазып қалдырған деген жорамал жасайды. Жалпы, аталған еңбек төрт негізден тұрады, біріншісі, Шарифат (ол ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы), екіншісі Тарикат (Сопылық ілім-білімнің мақсат-міндеттерін баяндайтын бөлім), үшіншісі, Мағрипат (дін жолына бойлап, терең тану), төртіншісі, Ақиқат (құдайға иланып, мойынсұнып оған жақындау). Міне, осы төрт негіздегі ғаламат кітапта төрт тармақты өлеңмен жазылған аталған еңбекте Қожа Ахмет Яссауидің бала кезінен Пайғамбар жасына дейінгі өмір сатыларын, көрген-білгенін, тіршілік таукіметін ар ілімімен баян еткен. Сонымен қатар, өзі ғұмыр кешкен дәуірдегі үстемдік құрған хан-билердің, бектердің халыққа жасаған кемшілігін, елге жасаған қиянаттарын шығармасында көркемдікпен тіліне тиек етеді. Ұлы ғұлама осы еңбегі арқылы «Өмірдің жалған екендігін» ұғындырмақ болады. Ахмет Яссауидің еңбектерінің кеңінен таралуына себеп, оның еңбектерінде қара халықты ұстамдылыққа, өзін өзі дамытуға үндейтін этикалық идеяларды көтеруі. Осы еңбекте сол заманғы дәуір шындығы мен сұмдығын, ізденістері мен іркілістерін, ақиқатты таный отыра табудың жолдарын аса көрегендікпен дәлелдеген. «Диуани Хикметте» құдайға құлшылық жасау, ақиқатты тану ғана емес, қазақ халқының мәдениет, әдебиет, тарихы және философиясына қатысты көптеген деректер кездеседі. Ал, еңбектегі негізгі төрт таным, дүниенің төрт бұрышындағы ізгілік шырақшысы.

«Диуани Хикмет» - Орта Азия аумағындағы теңдесі жоқ еңбек, әдеби туынды. Жырларында баяндалатын адамгершілік, ізгілік, жомарттық, кішіпейілдік тағы басқа да адам бойындағы киелі қасиеттер ойшыл еңбегімен бірге жасап, «Темірқазық» жұлдызындай жол сілтеп келеді.

Жалпы, сопылық ұғым бойынша «шарифатсыз» тарикат, «тарикатсыз» мағрифат, «мағрифатсыз» хақиқат болуы мүмкін емес. Бұлар бірінен екіншісіне өту үшін бір-біріне баспалдақ болып табылады. Ал бұл баспалдақты Ахмет Яссауи Аллаға жақындау жолын өз хикметінде былай жеткізеді.

«Әркім қылса тарикаттың даулы ісін,

Әуел қадам шариғатқа қоймақ керек.
Шариқаттың істерін ада қылып,
Одан кейін осыны қылмақ керек.

Шариғатсыз дәм бұйырмас тариқатта,
Тариқатсыз дәм бұйырмас мағрипатта.
Мағрипатсыз дәм бұйырмас хақиқатта,
Баршасын да шариғаттан сұрамақ керек...»

Әрине, Яссауи хикметтерінде күдіреті шексіз Құдайға деген сүйіспеншілікті айқындап, түркі халықтарына түсінікті тілде баяндалады.

Қожа Ахмет Яссауидің хикметтеріндегі негізгі түйін: Мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан айтылады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Аллаға және пайғамбарға махаббатты дәріптей отырып, жаратылғандарға мейірімділікпен қарауды үйретеді. Сонымен қатар, ол Мұхаммед пайғамбардан үрдіс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын тек өзі көрмей, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге де қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу, Аллаға сол туралы шын көңілден жалынып-жалбарынудың қажеттігін хикметінде былай деп суреттейді:

«Мың түмен түрлі қате кетсе, ғафу қыл,
Артық-ауыс айтқан болсам, ғафу қыл.
Тәлауат қылмасам да қалам алла,
Білмес күна, қателерді ғафу қыл.

Оқып қапыл болып нұқсан, қате кетсе,
Жөнсіздіктер менен кетсе, ғафу қыл.
«Мәдд» пенен «тәшдидтерді» алмастырып,
Осы сынды қателер менен кетсе, ғафу қыл.
Қожа Ахмет міскіннің нұқсаны көп дүниеде,
Иа, раббы, құдайым, мың қатемді ғафу қыл».

X-XII ғасырлардағы көне Тараздың археологиялық мәдени қабаттарындағы түрлі заттарда, керамикасындағы суреттерде, қарастырылып отырған кезеңдегі «Ислам дінінің белгісі – арыстан» орын тауып, ғалымдардың пікірінше аталған жануардың бейнесі исламның қала халқының идеологиясында атқарған маңызды рөлін айғақтайды [2, 156 б.]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің есік тұтқаларындағы жыртқыш аңдардың (мүмкін арыстан) бейнесі олардың мазмұнына сәйкес келуі мүмкін. Бұл Бархандардың символы болуы мүмкін және ең қуатты тайпаның бағындырылғаны, олардың өздері шынайы сенім әлеміне жол ашқанын, олардың ислам дінін қабылдағандықтарын дәлелдейтін және растайтын және ұлы Қожа Ахмет Ясауидің рухына құрбан шалу рәсіміне қатысқаны туралы куәландырады.

Қасиетті символдың мазмұны тұрғысынан түркі халықтары мазарының орталық залында орнатылған қазандықтың қабырғасына Түркістан кесенесінде

орнатылған араб графикасымен жазылған. Тайқазанның қабырғасында «су үшін ыдыс» деп жазылған. Сыртқы жағынан, қазандықтың қабырғалары Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келіп, уәде беріп, ант суын ішкен 32 ру емізік түрінде безендірілген. Суға арналған ыдысқа арналған мұндай рәсімнің мазмұны ант беруді және өздерінің Жер-Аналарына сенімдерін білдіреді. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ортасында орнатылған Тайқазан (қазан) қасиетті жердің, ананың мейірбикесі және түрікілердің түсінігінде Жер-Су құдайын және оның айналасында бірігіп болғанын білдіреді. Көшпелілердің дүниетанымының негізін құрайтын дереккөздер бойынша бақылаулар жасауға мүмкіндік беретін құжаттары, мәдениеттілік өнер ескерткіштерін, ғибадат атрибуттарын, салттық және жерлеу құрылымдарын талдау, ақыл-ой мен қалыптасу, зияткерлік және рухани даму процестерін көрсетеді, ғарыш және өзі айналасындағы әлемде бірнеше мыңжылдық тарихы бар екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері жаратылыс тәжірибесі ерекше ырымның қалыптасуына және дамуына ықпал еткенін көрсетеді, оның мазмұны аспанға, жерге, суға, адамдарға адалдық туралы ант беру тәжірибесін қамтыды.

Кесененің өзегі – Қожа Ахмет Ясауидің жерленген орнына құлпытасы орнатылған [3, 655 б.]. Қабырғалар мен фриздердегі эпиграфиялық жазуларда Құран сүрелерінің үзінділері жазылған. Кесенесінің батыс бөлігінде орналасқан михрабтың мозаикалық өрнектері және көк-ақ майоликаны түрлі-түсті әдістермен пайдалану кесенеге ерекше жан береді және түрікі шоқысының шоқтығы шежіресінде мәңгі жасампаздықтың қайталанбас үлгісін жасаған ортағасырлық құрылыс және қолданбалы өнер шеберлерінің ерекше сәулет туындысы ретінде қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қаласында орналасқан. Қ.А. Ясауи халықаралық қазақ-түрік университеті аталған қалада орналасқан. Қазақстанның барлық дерлік қалаларында ойшылдың атымен көшелер аталған. Ғалым, ақын және философтың еңбегін зерттеуге арналған ғылыми конференциялар, түрлі іс-шаралар өткізіледі.

Орта Азия халықтарының мәдениеттану өнеріндегі тамырлы бейнелердің мазмұнын жоғарыда келтірілген талдау нәтижелері Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің негізгі атрибуты – тайқазанның мазмұнын түсіндіруге мүмкіндік береді. Өлшемі үлкен тайқазанның формальды белгілері, ол суға арналған деп жазылған шешендік жазуы, қазандықтың сыртқы қабырғаларында орналасқан емізікшелер қолданылған, олар сипатталған ыдысқа құндықтың суымен бірге түрікі жерін бейнелейтінін білдіреді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің негізгі рәміздерінің ішкі мазмұны туралы жоғарыда келтірілген тарихи мәліметтер Сырдария оазисіндегі түркі халықтарының далалық ортадағы сопылық діни ілімінің ерекшеліктерін баса көрсетуге мүмкіндік береді. Түркі әлемінде ислам идеяларын насихаттауда, оның жұмысында көрініс тапқан ойшының сіңірген еңбегінің дәлелі оның жалғасы бар және әлі де өзекті болып табылады, өйткені бұл этникалық ортаның дәстүрлі құндылықтарына еліктелген. Бейбітшілік пен адамгершілікті құрметтеуге негізделген негізгі философиялық ойларды жүзеге асыру мүмкіндігі Қ.А. Ясауи идеяларын зерттеуге және ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Андатпа

Бұл ұлы түркі ақыны және әулие Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен мұрасына арналған жұмыс. Оның рухани ілімдерін аша отырып, бұл материал Ясауидің ислам мәдениетіне қосқан үлесі мен Орталық Азиядағы рухани құндылықтардың қалыптасуына жарық түсіреді. Мақала пайдаланушылардың кең ауқымына ұсынылады

Это работа, посвященная жизни и наследию великого тюркского поэта и Святого Ходжи Ахмеда Ясави. Раскрывая его духовные учения, этот материал проливает свет на вклад Ясави в исламскую культуру и формирование духовных ценностей в Центральной Азии. Статья предлагается широкому кругу пользователей

This is a work dedicated to the life and legacy of the great Turkic poet and Saint Khoja Ahmed Yasawi. Revealing his spiritual teachings, this material sheds light on Yasawi's contribution to Islamic culture and the formation of spiritual values in Central Asia. The article is offered to a wide range of users

Пайдаланған әдебиеттер деректер және тізімі:

1. Кенжетәев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи – 238 б. – URL: [//http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1586566&simple=true&lang=kk#](http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1586566&simple=true&lang=kk#).
2. Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата: Наука, 1972. – 217 б.
3. Отарбаева А.Б. Ұлы қолбасшы Әмір Темір //Түрікологилық жинақ. – Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2012 – 768 б. – 641-662 бб.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРІНІСІ

Әбдешбек Айгул Балтабекқызы

Түркістан облысы,

Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы

«Д.Құрманбек атындағы №20 колледж»

МКҚК, тарих магистрі, педагог-зерттеуші

Қоғамның басты байлығы мемлекеттің негізгі факторы – Адам мен оның өмірі, еңбек мұраттары қай кезең, қай уақытта да маңызды болғаны анық. Әсіресе, Әділетті мемлекет құру бағытындағы батыл бастама, маңызды қадам жасар тұста – Адам факторы, оның өмірі мен еңбегі, болашақ, арман-мүддесі де айрықша мәнге ие болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын – «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам», – деп атап, ел дамуына қатысты алдағы кезеңдерде атқарылатын реформаның басты бағдарлары қатарында – «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» мәні кең орын алады. Бастысы, онда: «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. [1]. Мұның мәнісі: Әділеттілік қағидатын ұстанып, біртұтас идеяға кең өріс ашып, берекелі қоғамға қарышты қадам жасау. Ел дамуының басты дінгегі,

асыл арқауы осы. Мұның арғы-бергі тарихқа, тұғырлы тұлғалардың есімі мен еңбегін зерттеп-зерделеу ісінде демаңызы зор. Осы орайда, түркі жұртының рухани кеменгері, Қазақстан мен Орта Азиядағы софылық идеяның бастауында тұрған – Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») атты еңбегіндегі жалпы адамдық мәселелердің құндылық қырларын ашып, кеше-бүгін сабақтастығына, даму үрдістеріне мән берудің маңызы зор[5].

Ел дамуы мен руханият өрістеріне жітіден қойсақ, есімі мен еңбегі бүкіл түркі жұртшылығына кеңінен мәшһүр Қожа Ахмет Яссауидің шығармашылық мұрасы адами мұраттарды ардақ тұтып, имандылық нұрын жалпақ жұртқа жеткізген жаңа сопылық ағымның көрнекті өкілі һәм діни қайраткері ретінде бегілі болды. Иасауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам» [2]. Жасынан зерек, сергек болып өскен – Яссауи әкесін үлгі-өнеге тұтады. Өмірге, еңбекке құштарлығы ерте білінеді. Әкесінің сауатты һәм ақындығына жас кезінен-ақ мән береді. Бұхарға барып, сопылық бағытта білім алып, ізденіп-оқып, өзін жан-жақты дамытады. Софылық бағытты ұстанады. Адамдық істі ардақтайды. Адамгершілік, жасампаздық, мейірімділік, ізгілік, сыйластық сырына ерекше мән береді. Діни-софылық жолдың, бағыт-талаптарына адалдық танытады.

Адамшылық жолды, имани-рухани әлемді жаны қалайды. Өмірде осы бағытты таңдайды. Аллаға сыйынып, оның қасиеті мен құдіретіне мән береді. Өмір тағылымы мен пенделік тіршіліктің, қырлы-сырлы сипаттарын айқындайды. Діни-фәлсапалық бағытты ұстанып, Ислам жолына түсіп, осы жайттардың анық-қанығын танытатын біліми-ғылыми еңбектерге, дәстүр мен дінге, тарих пен таным арналарына, өмір тағылымына ден қояды.

Асылы, адам әлемі мен асыл мұраттарын адамгершілік қағидаттарына негіздеп, ақиқат жолын ұстанған – Қ.А.Яссауидің өмір тарихы, отбасылық құндылықтары да ғибраттық-өнегелік қырларымен мәнді. Жас кезінен исламдық тәрбие алып, софылық идея бағытында болған Қ. А. Яссауидің соңында қалған мұра-мирастарында ақиқат жолы, адамгершілік мұраттар, жан құбылыстары айқын аңғарылады. Елдік тарихнамаға ден қойған тұста, Тұран жерін мекен еткен түркі жұртына ғұламалық қырларымен, кеменгерлік қасиеттерімен, ақын һәм рухани ұстаз болған Қ.А.Яссауидің шығармашылық мұрасының алтын дінгегімен асыл өзегі – Ислам дінінің қағидаттарына адалдық танытып, ақиқат жолы мен софылық идеяға басымдық береді. «Диуани Хикмет» кітабында діни иман-дылықты, жан тазалығын, ізгілікті үлгі етеді. Сопы болу – мына дүниеде өмір сүріп, бұл дүниемен өмір сүрмеу. Бұл дүниенің пендешілігінен жоғары тұру, дүние құмарлық қызық құмарлықтан безу, арам нәпсіден тыйылу. Олар ғашықтықты Аллаға қарата айтады.

Материалдық құндылықтан жан тазалығын жоғары қояды...» Осы реттен келгенде, Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер»-«Хикметтер») кітабы Алланың ақиқат жолын, керемет те көркем қасиетін, адалдықпен адамдықты, адамгершілік пен қайырымдылық істі қадірлеп – құрметтеп, үлгі-ғибрат тұтудың ғажайып көрінісі, өрнекті-өнегелі өмір

тағылымы болып табылады[4]. Данышпандық дидары, ғұламалық ғибраты, кемеңгерлік келбеті, ақыл-парасаты мен білімі-ғылыми Һәм діни-сопылық сипаттары – Қ. А. Яссауидің даңқты есімі мен еңбегін, жарқын да жасампаз жолын, ғұламалық ғибратын, кемеңгерлік қасиетін, кемел болмысын биіктете түседі [5].«Хикметтер» мазмұнына ден қойып, табиғаты мен тағылымына мән берсек, Аллаісін мадақ етіп, Ақиқат жолын көрсетіп, ар-иманға сеніп, адамшылық-адамгершілік мұраттарды асқақтата түскенін анық аңғарар едік.Әділетті істі ардақтап, игілікті-ізгілікті іске жол ашады. Жасампаздық жолды ұстанып, жақсылық пен достықты ту етеді. Кісілікпен кішілікті, мейірім мен қамқорлықты, елшілдік пен отаншылдықты, бауырмалдық пен еңбекшілдікті, берік дәстүр мен терең дүниетанымды, тарих пен танымды, тәлім-тәрбиемен туыстықты, татулық пен тұтастықты, мөлдір махаббат пен сағыныш-сүйіспеншілікті, сыйластық сырларын т.с.с. асыл арна, кең өріскұрап, жан-жүректен қозғалып, көңіл толқынымен жүйелі жеткізіледі.Қ.А.Яссауидің «Диуани хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») еңбегін қайта оқып,мән-мазмұнына назар аударғанда, алдыменқоғамның басты байлығы – адам мен оныңөмірі, еңбегі мен әрекет-қимылы, Алла ісі, қасиет-құдіреті, ақиқат жолы, әділетті іс, кісілікпен кішілік, қарапайымдылық қағидаттары,дүние дидары, дәстүр мен дін, ақыл-парасат,білім-ғылым, тарих пен таным, жастық пендостық, жақсы мен жаман, тәлім-тәрбие арналары, сыйластық сыры, тіршілік тынысы терең танылады. Олар, негізінен сыр-сезімгеқұрылып, көркемдікке негізделген.

Ізденіспен ізгілік басым, бедерлілік пен бейнелілік мәні айқын, орамды ой мен ойлы өрнектерітабиғи өріс алып, «айналасы жұп-жұмыр»,көркемдік келісімі рухани-эстетикалық құндылықтарға суарылған шымыр шумақтардан тұрды.. Ақиқат жолын ұстанды. Әділетті істі мұрат тұтты. Өмір тағылымына ден қойды.Шындықты шырақ етті. Мақсаты айқын, бағыты берік болғандықтан, жүйелі түрде табиғи өріс алып, шеберлікпен Һәм шешендік пен арналы ағыс құрады.

Қ.А. Яссауи «Хикметтері» адамзаттық құндылықтар мен жалпы адамдық мәселелердікең түрде қозғап, қоғам мен заман шындығын,дүниелік құбылыстар мен жаратылыс жайын,адам мұраты мен өмір мәнін, ғалам ғажаптарын, дін-діл, ар-иман, жан-тән құбылыстарын,ақиқат мәні мен әділеттілік жолын, ақыл-парасат пен білім-ғылым жүйесін, еңбек мерейімен жүрек ісін, жастық пен достық салтанатын, қанағат, рахым, сабыр, сөз сырын, тіл құнарын, тәрбие тағылымдарын жан-жақты ашады[3]. Бұдан байқалатыны, «Хикметтер»мәні–адамзат қоғамы мен жалпыадамдық мәселелерді ақиқат жолы, әділетті іс аясындасөз етеді[4].Алла мен Құран баянын кең түрде айқындап, адам мұраты мен өмір мәнін,адамгершілік қағидатын ақыл-парасат биігінде танып,байыпты тұжырымдар жасайды.«Хикметтер» бағыты менбағдарынан,бүтін болмысы мен фәлсафалық өзегінен –адам әлемі, еңбегі мен өмірі, қоғам мен заман,ақыл-парасат нұры, дәстүр мен дүниетаным арналары, ізгілік пен жасампаздық жолы,халықтық қасиет, елдік-ерлік шежіресі, кемелдік пен қарапайымдылық қағидаттары,діни-иман жайттар, ар-намыс, мәдени-руханиарналар, отбасы құндылықтары, береке-бірлік, уақыт

бедері, салауаттылық салты, әлеуметтік теңсіздік, тұрмыс-тіршілік тынысытерең танылады. Бастысы, ақиқат жолы, адами мұраттар, адамгершілік пен қарапайымдылық қағидаттары маңызды мәнге ие болады. Мұның қазіргі кезеңде де мәні жоғары, өзектілігі айқын.

Андатпа

Мақалада түркі жұртының рухани атасына айналған Қожа Ахмет Яссауидің өмір тарихы мен асыл мұрасы – «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») кітабының табиғаты мен тағылымы, ондағы Алланың ақиқат жолы, адамдық мұратпен адамгершілік қағидаттары, қоғам мен заман шындығы, дүние дидары, дін-діл мәні, ар-иман иірімі, ақыл-парасат өлшемі, исламдық тәрбие, софылық идея, ел-жер қадірі, дәстүр мен дүниетаным арналары, жауапкершілік жүгі, жастық-достық сипаты, кісілік пен кішілік, сыйластық сырлары, тәлімдік сипаттар кең түрде сөз етіледі. Қ.А. Яссауидің данышпандық дидары, ғұламалық ғибраты, кемеңгерлік келбеті «Хикметтер» кітабындағы Отан мен отбасы құндылықтарымен байланыстырылып, тану мен құрмет тұту, Аллаға сиынып, оның қасиет-құдіретін білу, адамшылық жолға адалдық таныту ісі төңірегінде жан-жақты қозғалады. Елдік мүдде, ұлттық мұрат, руханият мәні мен тұғыры, сабақтастығы сақталады.

Аннотация

В статье история жизни и благородное наследие Ходжи Ахмета Ясауи, ставшего духовным отцом тюркского народа, природа и учение книги «Дивани Хикмет» («Мудрые слова», «Мудрости»), истинный путь Бога, человеческие идеалы и моральные принципы, реальность общества и мира, мировоззрение, смысл религии, нить совести, мера интеллекта, исламское образование, суфийская идея, ценность страны, каналы традиции и мировоззрение, бремя ответственности, характер молодости и дружбы, личность и малость, тайны уважения, педагогические характеристики в широком смысле. Гениальное видение, научные знания, блестящая внешность Ясауи связаны в книге «Мудрости» с ценностями Родины и семьи и вращаются вокруг вопроса признания и уважения, поклонения Богу, познания Его добродетелей и сил, проявления верности человеческому. путь. Национальные интересы, национальные идеалы, духовность и основы, преемственность будут сохранены.

Abstract

The article contains the life story and noble legacy of Khoja Ahmet Yasawi, who became the spiritual father of the Turkic people, the nature and teaching of the book “Divani Hikmet” (“Wise Words”, “Wisdom”), the true path of God, human ideals and moral principles, the reality of society and the world, worldview, the meaning of religion, the thread of conscience, the measure of intelligence, Islamic education, the Sufi idea, the value of the country, the channels of tradition and worldview, the burden of responsibility, the nature of youth and friendship, personality and smallness, the secrets of respect, pedagogical characteristics in a broad sense. Yasawi's brilliant vision, scientific knowledge, brilliant appearance are connected in the book “Wisdom” with the values of the Motherland and family and revolve around

the issue of recognition and respect, worship of God, knowledge of His virtues and powers, and manifestation of loyalty to humanity. path. National interests, national ideals, spirituality and foundations, continuity will be preserved.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Тоқаев Қ-Ж. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам (Қазақстан халқына Жолдауы).-«Егемен Қазақстан», 2022.
- 2.Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2000. – Б.424-425.
3. Мырзахметұлы М. Ясауидегі «жан ғалымы, тән ғалымы» хақында. Қ. А. Ясауи мұрасы менілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. – Б. 11.
4. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Оқу-құралы. – Астана: Елорда, 2001. – 79-80 бб.
5. Иасауи Қ.А. Хикметтер Аударған Ә.Жәмішұлы– Алматы: Өнер,1995–208
- 6.Яссауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет.-Алматы 1993 260 бет.
- 7.Отырар.Энциклопедия.-Алматы 2005.
- 8.А Сейдімбеков Елтұтқа кітабы.
- 9.Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 6 том.
- 10.ЖандарбекЗ. Йассауи жолы және қазақ қоғамы-Алматы:Ел шежіре,2007.-256
- 11.Муминов А.К.,Қожа М.Б.Х.А.Ясауи кесенесінің шет елдерде сақталатын артефактілері және құжаттары// Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы. Х.А. Ясауи халық аралық Түрік-Қазақ университеті Алматы,2017,5-73 б.
- 12.Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи. Алматы:1998.-112.
- 13.Тәжікова К. Ислам:дүниетаным,идеология,саясат. Алматы:1989.-99.

Қ.А.ЯСАУИ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Әкіш Жанат Егінбайқызы

Астана қаласы М.Әуезов атындағы
№86 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
педагог-зерттеуші

Бүгінгі таңда жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – өзекті мәселелердің бірі. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы болып қала бермек. Ел ертеңі болар бүгінгі оқушыларды тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау білім саласындағы басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Біз құндылыққа тәрбиелеу дегенде тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс жұмыстарды жүзеге асыру деп ойлаймыз. Осы тұста

күнделікті сабақ үрдісінде оқушы ойына құндылықты дарытуда көш төмен келе жатқанымыз қынжылтады.

Мектебімізде «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы екінші оқу жылында жүзеге асырылып келеді. Осы тұста тәрбие саласындағы шараламен қатар, сабақ үрдісіндегі құндылыққа баса назар аударудамыз. Пәннің оқу бағдарламасына сай әр айға бөлінген құндылықтарды сабақ үрдісінде жүзеге асыруда әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетіліп, жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, әр құндылыққа негіздеп сабақ эпиграфына нақыл сөздерді жазу арқылы оқушы бойына құндылықты сіңіру. Осы тұста Қ.А.Ясауи мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану таптырмас құнды дүние болды десек артық кетпегендігіміз.

Ясауитану — қазақ тарихы ғылымының бір саласы. Халқымыздың рухани мәдениеті саласында терең із қалдырған Ясауи ілімін зерттеу – ұлтымыздың түп негізін тану болып табылады. Жалпы дәстүрлі исламның қазақ даласындағы тарихи негіздері қандай? – «Дәстүрлі ислам», «дәстүрлі қазақ мұсылмандығы» деген ұғымдардың негізсіз еместігіне дәлел бола алатын екі салада қайнар көз бар: Біріншісі – ислам ілімін жетік меңгеріп, қазақы дүниетаныммен астастыра білген, қазақы мұсылмандыққа негіз болған бірегей ілімдер қалыптастырған ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының еңбектері; екіншісі – халқымыздың діни танымын, рухани құндылықтары мен ұстанымдарын танытатын шығармашылық мұралары (ауызша шежірелер, мақал-мәтел, жыр-аңыз, салт-дәстүр, ырым-тыйымдары). [2]

Қожа Ахмет Яссауи мұралары – тәуелсіз Қазақстанның іргесін шайқалтпай берік етіп ұстап тұратын рухани тіректің бірі екендігі даусыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Түркістанда өткен кездесуінде: «Біз Қожа Ахмет Ясауи ілімін алып жүруіміз қажет» деп атап көрсетуінде үлкен мән жатыр. 2011 жылы наурызда Түркістанда зиялы қауым өкілдерімен жүздескенде Елбасы ойшыл дана бабамызды руханиятымыздың асыл тірегіне балап, «қазақ даласының Конфуцийі» деп бағалаған еді. Сонымен бірге «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ұлт жоспарында: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек», — деп атап көрсеткен болатын. [7] Жас ұрпақ бойына ұлттық сана қалыптастыруда Яссауи еңбектерінен бастау алғанымыз жөн. Бүгінгі таңда «Ясауитану» бағыты әр салада қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Бұны да бір жетістігіміз деп санауға болары хақ.

Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылық, рухай-адамгершілік, мағыналы мұраларын, ұстаздық ағартушылық қызметін тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдау, негіздеу, тәлім-тәрбиелік идеяларын жүйелеп, үздіксіз білім беру саласына ендіруде тәжірибелік-эксперимент өткізуді бастадық.

Негізгі міндеттеріміз:

- Қожа Ахмет Ясауидің өмірлік, қоғамдық қайраткерлік, ақындық, ойшылдық, ұстаздық қызметтері мен шығармашылық іс-әрекетін саралап қарастыру;

- Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі, шығармаларындағы, педагогикалық ой-пікірлеріне талдау жасау және оларды бүгінгі күн талабы тұрғысыман негіздеу;

- Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері мен рухани адамгершілік, мағыналы мұраларының тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық, ғылыми әдістемелік, арналарын ашу және олардың әлеуметтік, саяси, рухани ағартушылық мәнін айқындау;

- Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық ой-пікірлерін жалпы білім беретін орта мектептегі барлық пәнге негізделген жинағын құрастыру, құндылықтарға бағыттау.

Алдымен, Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларындағы рухани адамгершілік, тәлім-тәрбиелік идеялары тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдау жасап, жүйелеуге ден қойылды.

Қ.А.Ясауидің құнды педагогикалық идеялары оқушылардың ұлттық құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, ата-анасын, дінін, ділін, тілін, елін, жерін сүюіне, елжандылық ұлттық сезімдерін арттырып рухани адамгершілік, имандылық, инабаттылық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тигізері сөссіз.

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі негізгі ой: адам баласының жалған дүниеден бақилық өмірге өтудегі үмбеттік жолдың дұрысы мен бұрысын көрсету, Аллаға шын берілген құлдың іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Осы орайда, ең алдымен, қандай ауыр қиыншылыққа тап болсаң да, шыдамдылық, сабырлылық танытуға мән бергенін көреміз. Әулие бабамыздың айтуынша, әр іске төзімділік, шүкірлік етіп. Құдайға жалбарыну, одан шапағат күту, дүние-мүлік, байлық үшін жанын жалдап, өтірік-өсекке ұрынбау тәрізді мәселелер күнәдан арылудың басты-басты талаптары делінеді. Қожа Ахмет Ясауидің кешірімділік, төзімділік туралы ой-пікір, тұжырымдары арқылы адам бойындағы құнды қасиеттерді саралап көрсетеді.

Қожа Ахмет Ясауидің ендігі бір мән берген, аяусыз әшкерелеген тақырыбы нағандық дер едік. Өйткені, оның түсінігінше, нағандық бүкіл жауыздық, зұлымдықтың таусылмас қайнар көзі. Мұнда арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді.

Имандылықтан туатын құндылықтарды әділеттілік, турашылдық, ар-ұят, намыс, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, мейірімділік, ата-анаға құрмет, отансүйгіштік, қанағатшылдық, тазалық махаббат, адамды сүю, жүректілік деп тізіп, жалпы парасат құндылықтарына, ал имансыздықтан туындаған зұлымдық, жалғандық, екіжүзділік, опасыздық, менмендік, қорқақтық сияқты жаман қылықтарды масқаралық сипатына жатқызып, бұлардан аулақ болуын ескертеді.

Қожа Ахмет бір хикметтерінде нағандарға сөзіңді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима,

өтірік айтпа, дүние байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ деген адамгершілік құндылықтарды жоғары ұстай отырып, жағымсыз қасиеттерден адамдарды сақтандырады.

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің тақырыбы мен мазмұнын саралай келе, құнды педагогикалық идеяларын топтастырдық.

Жауапкершілік құндылығы: Мал-мүлік жидым деп мәз болма - жан кеткенде кетеді. Кісі малын қымқырып, ары азғандар оңбайды. Күнәсін мойындағанды Құдай да кешеді. Көпке топырақтай төселіп қызмет қыл. Бейнеттен қашпа. Жақсыларға қызмет көрсетіп, жақсы атан. Кісі ақысын жеме. [4,5]

Құрмет, әдептілік құндылығы: Әділ сөйлеп, адал жүр. Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ, Өтірікке шындықтың қайраны жоқ, Шындық айттым осылай шырқыраған, Құл Қожа-Ахмет сөзінің жалғаны жоқ. Сырты – сұлу, іші – арам. Жалған сөйлеген имансыз қалады. Жамандыққа жақсылықпен жауап бер, бұл – пайғамбарымыздың өнегесі. Арамзамен сырлас болма, Олай етсең баспайды ісің оңға, Бастан-аяқ батумен пәле-сорға. [4,5]

Сүйіспеншілік, мейірімділік құндылығы: Қам көңілдің қайғысына дауа бол, Жолда шаршап шалдыққанға сая бол. Кекірейген кердеңдерден қаш.

Нәпсіне ерген адам адасады. Енді жатса да, тұрса да оның жолдасы шайтан болады. Арынды сақта, болсаң да малға кедей. Ұрыншақтың – дауы көп, Жамандардың – жауы көп. Күнәдан қорық. Ит дүниені қызықтама. Іші қулыққа толының, көкірегінде ары жоқтың жүрегі дірілдемейді. Мейірімі жоқ менмендерге қаспын мен. Ақ ниетімен ақ-адал дәмін ұсынғандарға ақ пейілді бол. Жан жылуын өшірме. Жамандыққа жақсылықпен жауап бер: бұл – пайғамбарымыздың өнегесі. [4,5]

Патриотизм құндылығы: Заман азар уағында - патша айналар залымға. Тарихты білмегендер адалдық жолымен жүре алмайды. Халқыңа қызмет ет,

Ізгілерге ізет ет, Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет. [4,5]

Табандылық, батылдық құндылығы: Не болса да - сабыр қыл. Қайғы-уайым қиналтар талай жанды, Үйретер әр нәрседен абайлауды. Қызмет еленбей қалмайды. Қиын да болса түзу жолмен жүр. Бәле келсе – сабыр ет: бәрі тәңірінің ісі. [4,5]

Кемелдену құндылығы: Тақуа болма, тентек болма – білуге, үйренуге ғашық бол. Көзі жанып тұрмағанның ғашық болдым дегені бекер. Ниетсіз, құлықсыз, қиналыссыз сөздің салмағы жоқ. Кітап аш та – мәнін ұқ. Өткендердің ғибрат ісін ал ойға. Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады. Парықсыздар өздері жақсы-жаманның не екенін білмей жатып мәнсіз біреулерді жер-көкке сиғызбай мақтайды. Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл. Ұстазына қызмет қылмаған – надан. Мұратқа жолын тапқан жетеді. Құр мақтанға құмартып, тұрғызба биік күмбездер. [4,5]

Тазалық (тән тазалығы, сөз тазалығы, ой тазалығы), денсаулық құндылығы: Көңілің тойсын қанағатқа. Тәубесі жоқтың – көңілі арам. Кердеңдік – пиғылы бұзылған пасықтың ісі. Пейіл бұзылған кезде – тазалық ұмыт қалады. Ғайбат айтып әркімдерді тілдеу – надандық. Тәні тәрбиелінің жаны жәннатта болады. Тойымсыздық – теріс нәпсі. Тәкаппар тозақта күйеді.

Бетпақ болма. Нәпсіге ерме, нәпсіге ерген қор болады. Тәубасы бардың – нұры бар. Әмәнда сауап жаса. [4,5]

Ынытмақтастық құндылығы: Ынсапсыздарға ұят-аят деген болмайды.

Безбүйректің сенің іштегі дертінде еш жұмысы болмайды. [4,5]

Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын осылай құндылықтарға негіздеп алуға себепіміз де жас ұрпақтың бойына рухани, жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту еді. Әр айда осы нақыл сөздер пән кабинеттерінде ілініп тұрады. Әр пән мұғалімі сабағымен сабақтастыра отыра, осы нақыл сөздің мағынасын күнделікті өмірде қолдана білуге, өнеге алуға бағыттап отырады. Әр нәрсе дағды арқылы қалыптасады дейміз. Ендеше, алынған нақыл сөздерді күнделікті айта отыра, жас ұрпақтың санасын, ой-түйсігін адами қабілеттерге барай баулитынымыз шындық деп айтқым келеді.

Сөз соңында айтарым, қай заманда айтылса да, саңлақ тұлғалардың ұлағатқа толы мирасы ұлтқа азық. Олардың өмірсүйгіш жауһарлары адамның ақыл-ойымен бірге жасап отырмақ. Ғұламаның халықтың өресін көтеретін ғибратты туындылары көңілге түрлі ой салары, алдымыздан даңғыл жол ашары ақиқат. Қожа Ахмет Ясауидің мұраларының әр сөзі ғибратты, тәлімі мол құнды дүние екенін біле тұра, бүгінгі «жойқын ақпараттың ағымында жүрген» жас ұрпақтың ұлттық рухани санасын ояту, тарихи жадымызды жандандыру, ұлттық құндылығымызды дарыту басты бағытымыздың бірі.

Аннотация

Баяндамада еліміздегі білім беру саласындағы өзекті тақырыптардың бірі – құндылыққа негізделген білім беру мәселесі қозғалады. Автор Қожа Ахмет Ясауи мұраларын жалпыадамзаттық құндылықтарға саралап жіктеген. Мақсаты: Қожа Ахмет Ясауи мұралары арқылы жас ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту. Өзектілігі: жалпыадамзаттық құндылықтар қазіргі таңда тәрбие үдерісінде жүйелі жүргізілу қолға алынған, ал сабақ үдерісінде жүзеге асыру жолдары туралы баяндамада қозғалады.

Аннотация

В докладе будет затронута одна из актуальных тем в сфере образования в стране – проблема образования на основе ценностей. Автор дифференцировал наследие Ходжи Ахмеда Яссауи на общечеловеческие ценности. Цель: привитие общечеловеческих ценностей подрастающему поколению через наследие Ходжи Ахмеда Яссауи. Актуальность: общечеловеческие ценности в настоящее время системно реализуются в воспитательном процессе, а в ходе урока затрагиваются в докладе о путях реализации.

Annotation

The report will address one of the topical issues in the field of education in the country – the problem of education based on values. The author differentiated the legacy of Khoja Ahmed Yasawi into universal values. Purpose: to instill universal human values to the younger generation through the legacy of Khoja Ahmed Yasawi. Relevance: universal values are currently being systematically implemented in the educational process, and during the lesson they are touched upon in the report on ways of implementation.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кульбаева Д.Д. «Абайдың діни көзқарастарына Қ.А.Ясауи ілімінің әсері» «М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің хабаршысы»
2. Абдикаримова.Р.У.«Ясауи хикметіндегі құндылықтар – рухани жаңғырудың, болашақтаң басты бағдары». «Түркістан-Түркі әлемінің бесігі» халықаралық конференция материалдары, Шымкент – 2019
3. Бекболиева.Г.А.«Хикметке толы бір ғұмыр». «Түркістан-Түркі әлемінің бесігі» халықаралық конференция материалдары, Шымкент – 2019
4. Қожа Ахмет Йассауи нақыл сөздері - Bilim - All
5. Қожа Ахмет Йассауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001.
6. Нұржан С. «Әулиелер әуезі» (Шығыс данышпан, әулие-ақындарының жырларының тәржімасы). – Алматы, Эффект, 2009.
7. Камалқызы Ж. Қ.А.Ясауи хикметтері және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелуі. – Түркістан, 2008.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДЫҢ АТАҚТЫ ҰСТАЗДАРЫ

Байболатова Жанар Мергеновна

К. Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Сайрам қаласында «Ақата баба» атты кесене бар. Жергілікті халық Ақата бабаның шын есімі Шахабатдин Исфиджаби екенін айтады. Тақуалығына байланысты жұрт оны «Ақ ата» деп атаған көрінеді. Сайрамдық осы Ақ Ата бабаны Қ.А. Ясауидің алғашқы ұстазы болған деседі. Ел арасына тараған аңыздарда Ақа Атаның шәкірттеріне «Құдай көрмейтін жерде қораз сойып әкеліндер» дегенінде, Ахмет қана бұл тапсырманы орындамайды. Оның даналығына тәнті болған Ақ Ата: «Бәрекелді, Ахметім! Менің өзім де сен туралы осындай бір сырлы құпияны білу үшін істеген едім», – деп батасын берген екен. Ғұмырын исламға бағыштаған отбасыдан шыққан ерен ұлдың Хақ дінді бала күнінен танып-білуге ұмтылғаны анық. Бұл жөнінде Қ.А. Ясауи былай деп хикмет айтады:

Бес жасымда белім байлап тағат қылдым,
Нәпіл ораза тұтып әдет қылдым.
Күндіз-түні зікір айтып әдет қылдым,
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Алты жаста тұрмай қаштым халайықтан,
Көкке шығып дәріс алдым мәләйіктен.
Арқан кесіп, барша әһлі әлайқдин (туыс),
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

Ақ Ата бабаның тарихи тұлғасын ашатын жазбаша деректер ездеспегендіктен, оның Сайрамдағы кесенесіне және осы өңірге тараған эпсаналарға қарап, Қ.А.Ясауиге бала күнінде хат танытып, алғаш діни білім берген сол болуы мүмкін деп тұжырымдаймыз. Бір қызығы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қызметкерлерінің пайымдауынша, Қ.А. Ясауи кесенесі маңайында да Шахабаддин Исфиджаби (Әзіреті Молла) атты тұлға жерленген екен. Оны да музейдің ғылыми қызметкерлері Қ.А. Ясауидің ұстазы деп біледі.

Қожа Ахметтің екі атақты ұстазы болған — олар Арыстан баб пен Қожа Жүсіп Хамадани.

Ұстаздардың ұстазы Арыстан баб — Қазақстан мен Орталық Азия аумағында ислам дінінің таралуына ықпал еткен, исламның сопылық бағытының негізін салушылардың бірі және Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Ясы (Түркістан), Сайрам, Отырар өңірлеріндегі сопылардың рухани ұстазы болған белгілі тарихи тұлға. Арыстан бабтың өмірі Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тілдес тайпалар арасында ислам дінінің таралу, жайылу кезеңімен сәйкес келеді. Оның бабтардың ұстазы деген мәртебесіне қарап, исламның таралуында ерекше рөл атқарғандығын аңғару қиын емес.

Арыстан бабтың өміріне қатысты деректер мүлде аз. Тек қана Ясауидің «Хикметтерінде» Арыстан баб туралы бір-екі мәлімет қана кездеседі. Бұл жөнінде мынадай аңыз бар: «Мұхаммед пайғамбардың (ол Алланың мәңгі шапағатына бөленсін) кезінде 33 дінді білген Арыстан баб ұстаз өмір сүріпті. Мұхаммед пайғамбар бүкіл халықтың көзінше оған аманатын — Исламның белгісі саналатын құрма сүйегін берген. Арыстан баб аманатты бүкіл өмір бойы алып жүрді және өмірінің тек соңғы кезеңінде ғана жоғалтып алмау үшін оны аузына салып сақтады. Ол Исламның белгісіне, өзінің аманатына лайықты адамды ұзақ іздеді, бірақ оны таба алмады. Аузына салған сүйек азая берді және жұқара түсті. Бірде далада келе жатқанда ол бір баланы кездестірді. Бала оған жақындап келді де: «Ақсақал, аманатымды беріңіз», — деді. Сол бала осы Қожа Ахмет Ясауи екен»⁷

Қожа Ахмед Ясауи Исфиджабта (қазіргі Сайрам) 1103 жылы дүниеге келгенін айттық. Осыдан кейін ол Отырарға әйгілі Арыстан бабуға барды, ол сол кезде жергілікті мубайидиттердің басшысы болған. Қожа Ахмет Ясауи одан күнделікті және рухани даналықты мұқият қабылдады. Арыстан баба шәкіртінің алдында болмыстың барлық құпияларын ашты: жақсылық пен жамандықты, шынайылық пен арамдықты, жанның байлығы мен рухани азғындықты тануға үйретті. Ол оған өзін тануға, ойлауға, өмірлік жағдайларды талдауға, біреудің қайғысына жанашыр болуға, әлсіздерге және әлсіздерге мұқият болуға, көмекке мұқтаж адамдарға мейірімді болуға үйретті. Дәл осы білім мен қасиеттер Х.А. Ясауи шетелде одан әрі оқыту мен адамдармен қарым-қатынаста пайдалы болды. ИЯ, үйге оралып, Ясаға тоқтағаннан кейін, сопы өмірінің соңына дейін Арыстан баба оған не үйреткенін есіне алып, бұл білімді басқаларға берді. Сонымен қатар, далада сопылықтың пайда болуы Арыстан баба есімімен тығыз байланысты.



Қожа Ахмет өзінің «Диуани Хикмет» атты еңбегінің 1-ші хикметінде өмір жолын баяндай келе, Арыстан бабпен кездесуін былайша жырлайды:

*Жеті жаста Арыстан бабқа
қылдым салам,*

Мұстапаның аманатын бер деп маған.

Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,

Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым, міне.

Құрма беріп, басым сипап, назар салды,

Бір сәтте ол дүниеге сапар салды.

Қоштасып бұл әлеммен кете барды,

Мектеп көріп, қайнап толып тастым, міне.

Жергілікті халықта мынадай аңыз бар. Өмір Темірдің бұйрығымен XIV ғасырда Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда, қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін Темірдің түсіне шал (Қызыр) еніп, ол, ең алдымен, Ахметтің ұстазы Арыстан бабқа мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Темір шалдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріседі. Қажылыққа келгендер алдымен Арыстан бабтың басына түнеп, содан кейін барып Ахметке тәу еткен.

Арыстан баба XII ғасырда Отырар маңында қайтыс болды. Мұнда жерленген. Шәкірттері мен ізбасарлары оған кесене тұрғызды. Жошы әскерлері Отырарды толығымен жойған кезде оған "Отырар апатынан" қалай аман қалғаны белгісіз. Бірақ Әміре Тимур XIV ғасырда Арыстан баба кесенесін қирап қалған деп тапты. Мен Құрмет белгісі ретінде жаңа ғимарат салуды шештім. Осыған байланысты тағы бір аңыз сақталды. Тамерлан қабірге бұйрық берген кезде Х. А. Ясауи кесене салуды бастау үшін құрылысшылардың қабырғаларды тұрғызу әрекеттері сәтсіз аяқталды. Оларды қатты дауыл соқты. Немесе басқа нұсқа бойынша, кенеттен жасыл бұқа пайда болып, бәрін қиратты. Содан кейін Әмірге Тимурға Әулие түсінде көрініп, алдымен әулие Арыстан бабтың қабірінің үстіне, содан кейін ғана — Х. А. Ясауи қабірінің үстіне кесене салу керек екенін айтты.

Арыстан баба қазақ халқының тарихына мұғалім және уағызшы ретінде енді. Ахмед Ясауи "Хикметтерде "былай деп жазды:" Арыстан баба ислам діні туралы айтты "(екінші хикмет)," Мың бір зікірге мейірімділік танытып үйретті " (тоқсаныншы хикмет). "Арыстан бабтың сөздерін тыңдаңыз", — деп Ясауи шақырды, өйткені мұғалім байлық пен мансап үшін жасалатын зұлымдық пен зорлық-зомбылықтан қалай аулақ болуға, ақиқат жолынан түспеуге кеңес береді. 1982 жылдан бастап Арыстан баба кесенесі мемлекеттің қорғауында. Бұл елдің ең үлкен мәдени мұраларының бірі.

Ұстазы қайтыс болған соң біраз уақыт сол медресеге басшылық та жасаған. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, оның айрықша қабілетіне қызыққан бір ірі ғалым Иранға ертіп әкетіп, жеке оқытқан сияқты.. Сонымен, оның есейіп, ержетуі, бесаспап білімдар азамат болып қалыптасуы сол тұстағы

Шығыстың дін мен білім орталығы Бұқар қаласымен тікелей байланысты. Ол сонда Ж.Хамаданидің медресесінде оқып, мол білім алады.

Жүсіп Хамадани Арыстан Баб ұстазбен әңгімелесті.

– Шәкірттерің қандай мақтауға да лайық, қадірменді Арыстан Баб. Олар енді, құстар сияқты, қанаттарын қағып, жер бетін шарлап ұшып кетеді. Тек солардың ішінде бір балғын жас бар, – ол бөгеліңкіреп қалды, бірақ ұстаз шайықтың

кімді айтып тұрғанын бірден білді. – Әңгіме сол жайында. Жақында мен Меккеге жүрмекшімін, сонда өзіммен бірге Ибраһим оғлы Ахметті ала кетпекші ойым бар.

Арыстан Баб:

– Өте дұрыс шешімге келіпсің, құрметлу Жүсіп, бұл жеткіншек өзінің ұстазынан озып кетті. Оған енді менің үйретерім жоқ. Жолға жиналсын! – деді ақ-жарқын көңілмен.



Шайық Қожа Жүсіп әл-Хамаданидің басшылығымен сопылық оқуын (өзін-өзі діни-адамгершілік кемелдендіру) тамам қылған Ахмет, ақыры, одан гершат алды. Бұл ақиқатты танудың сопылық жолы – тарихатқа енді өзі үйрете алатын құқық еді. Бірақ тағдыр оған тұтқиылдан тағы бір соққы жасады – сүйікті ұстазы һәм ақылшысы қайтыс болды.

Оның жүрегінен иірілген тағы бір өрмек жібі үзіліп, қанды ізін қалдырды. Алайда, ұстаз ықпалы, оның діни ұстанымдары сүйікті шәкірттің өмірлік таңдауын бұл кезде айқындап қойған болатын. Ибраһим Атаның ұлы Қожа Ахмет өз ізашарларының ісін жалғастыру үшін туған еліне бет түзеді. Ешқандай сыртқы кедергілер енді оны тоқтата алмайтын еді. Сопылықты уағыздап, ойшыл көбіне-көп қара басын қатерге тікті. Соған қарамастан, өз мақсатына қарай нық сеніммен жүре берді. Мұны өзінің айтқан мына сөздері айғақтайды:

Егер, тіпті, айырылсам да басымнан,

Енді қайтып осы жолдан айныман

Сөйтіп, ол Шығыстың талай ғұлама ғалымдарынан дәріс алып, білімін байытқан. Білім үшін өмірден баз кешіп, дәруіштік жолдың қиындықтарын да көп көрген. Шығыстың атақты қалалары мен діни орталықтарын көзбен көріп, Хорасан, Шам, Ғират шаһарларын аралап, көңілге көп дүние түйеді. Діни мұраттарды жүзеге асырудың сол тұстағы тәсілі сопылық жолға түсіп, дін ақыны ретінде өзінің басты еңбегі — «Диуани Хикмет» атты кітабын жаза бастайды. Диуан — жинақ, Хикмет — Алланың құдірет-күшін, яғни, «Алланың ақ жолын баяндайтын кітап» деген мағынаны білдіреді. Өйткені ол «менің хикметтерім — құдіреттің даналығы» дей отырып, пәни жалған мен бақи арман жайындағы ойларын ортаға салады. Мәңгілік махаббатты, жанпида ғашықтықты, риясыз адалдық пен асқақ адамгершілікті жырлайды.

Солардың бәрінің де негізі өмірге деген ұлы сенімде, оның алтын өзегі дінде жатқанын айтады. Оның жырларында Құранның қағидалары,

Шарифаттың шарттары, Пайғамбар хадистері мен мұнда лап тұрады. Олардан Алланың досы Мұхаммед пайғамбардың, оның ұлы серіктері Ғазиреті Ғалидың, ғаділ Ғұмар мен ғұлама Ғұсманның өмір тарихын да табасың. Тіпті кейбір хикаяттары түгелдей Құран сүрелерін өлеңмен өрнектеп түсіндіруге арналып, жұрттың көзін ақиқатқа жеткізуді мұрат тұтады.

Ясауи шығармасының тілін ұзақ жылдар бойы зерттеген орыс ғалымы А.К.Боровковтың пікірі бойынша, «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды.

Кезінде ақынның өлеңдері қарапайым көпшілікке түсінікті тілмен жазылған. Ғұлама ойшылдың Орта Азиядан бастап, Еділ жағалауына дейінгі ұланғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген түркі тайпаларының бәріне де түсінікті болатындай ауызекі сөйлеу тілінде жырлағаны дау тудырмайды. Бірақ бертін келе жинақты көшірушілер оған өз тарапынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып жіберген сияқты.

Арыстан баба XII ғасырда Отырар маңында қайтыс болды. Мұнда да жерленген. Шәкірттері мен ізбасарлары оған кесене тұрғызды. Жошы әскерлері Отырарды толығымен жойған кезде оған "Отырар апатынан" қалай аман қалғаны белгісіз. Бірақ Әміре Тимур XIV ғасырда Арыстан баба кесенесін қирап қалған деп тапты. Мен Құрмет белгісі ретінде жаңа ғимарат салуды шештім. Осыған байланысты тағы бір аңыз сақталды. Тамерлан қабірге бұйрық берген кезде Х. А. Ясауи кесене салуды бастау үшін құрылысшылардың қабырғаларды тұрғызу әрекеттері сәтсіз аяқталды. Оларды қатты дауыл соқты. Немесе басқа нұсқа бойынша, кенеттен жасыл бұқа пайда болып, бәрін қиратты. Содан кейін Әмірге Тимурға Әулие түсінде көрініп, алдымен әулие Арыстан бабтың қабірінің үстіне, содан кейін ғана — Х. А. Ясауи қабірінің үстіне кесене салу керек екенін айтты. Сондықтан Әмір Тимур жасады. Ол мұғалім Ясауи, содан кейін сопыға кесене тұрғызды.

Арыстан баба қазақ халқының тарихына мұғалім және уағызшы ретінде енді. Ахмед Ясауи "Хикметтерде "былай деп жазды:" Арыстан баба ислам діні туралы айтты "(екінші хикмет)," Мың бір зікірге мейірімділік танытып үйретті " (тоқсаныншы хикмет). "Арыстан бабтың сөздерін тындаңыз", — деп Ясауи шақырды, өйткені мұғалім байлық пен мансап үшін жасалатын зұлымдық пен зорлық-зомбылықтан қалай аулақ болуға, ақиқат жолынан түспеуге кеңес береді. 1982 жылдан бастап Арыстан баба кесенесі мемлекеттің қорғауында. Бұл елдің ең үлкен мәдени мұраларының бірі.

Андатпа

Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166) - қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Ясауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Қожа Ахмет Ясауи ұстаздарының көшбасшысы – Арыстан баб. Кашифи “Рашахат-ул айн-ил хайат” атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан заһир

және батын ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі, оған 16 жыл қызмет еткендігі туралы мәлімет береді. Қазіргі уақытта ақын-ойшылдың бай мұрасы жыл сайын зерттеушілерді көбірек тарта бастады.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясави (1093-1166) - великий поэт, основатель суфийской поэзии, великий мыслитель, религиозный деятель, который был духовным учителем мусульман всего восходящего солнца. Имя Ахмет, «Ходжа» перед его именем-имя, данное в честь проповеднической деятельности, распространяющей мусульманскую религию, а «Ясави» в конце указывает на происхождение поэта. Лидер учителей Ходжи Ахмеда Ясави-Арыстан баб. Кашифи в своей работе "Рашахат-уль айн-ил Хаят" рассказывает о том, как Ходжа Ахмет был учеником Арыстан баба, узнал у него секреты и суть учения Захира и Батина, прослужил ему 16 лет. В настоящее время богатое наследие поэта и мыслителя с каждым годом привлекает все больше и больше исследователей.

Abstract

Khoja Akhmet Yasawi (1093-1166) was a great poet, the founder of Sufi poetry, a great thinker, a religious figure who was the spiritual teacher of Muslims throughout the rising sun. The name Akhmet, "Khoja" before his name is a name given in honor of the preaching activity spreading the Muslim religion, and "Yasawi" at the end indicates the poet's origin. The leader of the teachers of Khoja Ahmed Yasawi is Arystan bab. Kashifi in his work "Rashahat-ul ain-il Hayat" tells how Khoja Akhmet was a student of Arystan baba, learned from him the secrets and essence of the teachings of Zahir and Batin, served him for 16 years. Currently, the rich heritage of the poet and thinker attracts more and more researchers every year.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://kazislam.kz/yasauiding-alghashqy-ustazy-aq-ata/>.
2. <https://kaz.tengritravel.kz/my-country/aryistan-jane-urtta-saktalgan-kurmanyin-okigasyi-turkstanga-315449/>.
3. <https://azretsultan.kz/yasauimen-bajlanysty-a-yz-gimeler/>.
4. https://www.youtube.com/watch?v=5aSHSNwofpY&ab_channel=%D0%96%D1%83%D0%BC%D0%B0%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%A7%D0%B5%D0%BA%D0%B0%D0%B5%D0%B2.
5. <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/turkistanda-jatqan-arystanbab-paigambar-sahabasy-degen-soz-ras-pa-2031/#gsc.tab=0>.
6. <file:///C:/Users/User/Desktop/%D2%9A.%20%D0%90.%20%D0%AF%D1%81%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%B8%20%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B%20%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5.pdf>.

Қ.А. ЯССАУИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Байсалбаева Карлыгаш Сапаровна
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Жітіқара ауданы білім бөлімінің
№10 жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қожа Ахмет Ясауи (1094 – 1166 ж.) қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жандүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады. «Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күш, әрбір адамға қажетті қанағат сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. Диуани хикметте» жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы тұжырымдар Адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы біз үшін хикметтер болып табылды. Қазақ әдебиеті- осындай еңбектердің және де көптеген тағдырлардың арқасында дүниеге келген рухани азық.

Ақынның «Хикметтер жинағы» одан кейін «Диуани хикмет», бұл еңбегі бүгінгі күнге дейін жүздеген елдің тіліне аударылған.

Яссауидің алғашқы еңбегі «Диуани хикмет, бұл ел аузында айтылып қол жазба түрінде сақталған. Біз сөз етіп отырған Ахмет Яссауи тәрбиесінің адам баласына ықпал ету күшіне кәміл сенді, адамдығы мен адамгершілігі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептелді. Тек дені дұрыс тәрбиенің көзі ғана ақымақтыққа бастар істерден сақтап, мінез бен болмысты түзеуге ықпал етпек.

Яссауи де елге дұрыс жол сілтеп, нағыз адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттары керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарын оқып, үйренудің қазіргі сәт үшін мәні зор.

Қожа Ахмет Яссауи мұраларындағы «Даналық кітабында» төрт ғақлия мадақталады:

1.«Шарифат» – ислам заңдары және салт-дәстүр негіздері. Мұсылмандық жолды қасиет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың адамзатқа тән екендігін жырлап, адамгершілік дүниесін асақак әуенмен жеткізу.

2. «Тариқат» – діни-сопылық идеяны мақсатты түрде өсиет ету. Кеңінен алып айтқанда, өлең арқылы ұрпақты имандылыққа, шынайылыққа, әділеттікке, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

3. «Мағрифат» – дін жолына түсіп, соның бағыт-бағдарын айқындау, тану. Яғни, Алланың ақ жолына түсіп, ала жіп аттамай, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпы сақталған тазалықты жекізу. Ақын хақты танып, соның жолында жиған-терген ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны айтылады.

4. «Хақиқат» – Аллаға құлшылық қылу. Он сегіз мың ғаламды жаратушыны дәріптеп, әрбір мұсылманның парызы Құдайға құлшылық екенін меңзеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Акіреттің азығы» деген дүниелермен адамды күнәдан арашалау, тазарту. Бұл еңбекте ғұлама Түркістанның пірі деп негізгі төрт мәселені қарастырған.

Алғашқысы – Алланы тану. Келесі Құдайды ұлықтау. Үшінші – күнәлар мен әділетсіздікті жоққа шығару. Төртіншісі – жалған дүниеден бас тарту. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның жаттап алып айтуына ыңғайлы болып келеді. Сол себептен де Ясауи хикметтері ел арасына ауызекі тараған хикметтер, кейіншелік қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып кеткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен.

Ал енді, «Мұнажатнамасына» келетін болсақ, ол екі шумақтан тұрып, хикметтер тәріздес өлең сөздерінен жазылған. Ясауидің Мұнажатнамасы негізінен екі бөлімнен тұрады. Алғашқысында Құдайға мінәжат етуді өсиет еткен болса, кейінгісінде жалпы жұртқа хикметтермен сусындау арқылы Алланы тануға, танымға баруды өсиет еткен. Қысқалығы мен де әрі түсінікке жетер нұсқалығымен де шығарма құнын сақтап тұр. Оның көптеген елдердің тіліне аударылуы да тегін емес-ті. Сол кезеңдерде түркі тілдес бір қауым жұрт бір-бірінің тілін түсіне алатын болған. Жазуларының негізі араб графикасына негізделген.

Қожа Ахмет Ясауидің келесі бір еңбегі «Мират – ул Қулуб». Бұл еңбек алдыңғы сопылық ілімін негіз еткен ілімнің жалғасы сынды. Мұнда да негізінен Иассахан негізіндегі шарифаттың, мағрифаттың, тариқаттың, ақиқаттың мәселелерін ашып көрсетеді. Шығарманың атауының өзі қызық әрі адам баласын өзіне тартып тұрады. Шығарманың бұл аталуы оның ішкі мазмұнына байланысты болмақ. Аталған еңбекті кімде-кім оқып шығар болса, қателіктерге бой алдырмай өзінің күнәларын танитын болады делінген.

Құдай тағала пендеге иманды сыйламастан бұрын ең алдымен осы сыйға ие бола алатындай ақыл және де сол тартудың тұрақты бола алтыныдай мекені – сананы берген екен. Яғни иманның нұры мәнге ие болуы тиіс. Иман жүрекке түскен сәуле. Оның нұры кез келген адамның жүрегін жібіте алады. Алла адамзатты жаратушы және иман жіберуші.

Иманды жүректің екінші негізі – сабырлық. Сабырлы болу үшін адамға төзім мен шыдамдылық керек, ол қасиеттер адам баласында о бастан бар. Сабырлы төзімді пенде өзіне берік, сенімі нық адам. Сабырлық адамды асығыс жолдан сақтайды. Жөнсіз қылық жасаудан алдын алады. Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым тағатты болады, әмір қиындықтарынан қорықпай, машақатқа бекем келеді.

Адам өзінің қайраты, тәубесі арқылы өмірдегі таңдауын өмір сүру жолын, орнын белгілейді. Егер де адам жалтақтап, өмір мәселелерін шешуге батылы жетпей, жалған өмір мен хақ өмірге таңдау жасауға қорқып тұрса, онда ол жалған қорқыныш сезіміне бой ұрып, қолы да, жолы да байланып, шайтан құрығына түседі. Яғни адам тек Хақ алдында қорқуы керек, ал бұл дүниелік қорқынышқа бой алдырса, жаны семіріп, құты қашып, иманынан айрылады.

Адам баласы жан-жағына рақымды болып, мейіріммен қараса, Хақ оған сондай рақымшылық танытатын болады. Содан болар Яссауи еңбектерінде адамгершіліктің биік үлгісі бола білген пайғамбар жетім басын сыйлаушы, ғаріптерге медет болушы тұлғасында көбірек сипатталады. Иmandылықтың басты шарты деп: адал болу, шынайлық, садик болу сынды жолдарды А.Яссауи еңбегінде атап көрсеткен. Яссауи пендені жалған дүние тұзағынан сақтанып, нәпсінің тұтқыны болмау үшін не жағдайда да иманынан айырылып қалмауына шақырады. Пенденің жүрегі таза, жан дүниесі пәк болуының кепілдігі ретінде әрдайым иманмен белгіленген ізгі қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіріп отыру қажет. Себебі пенде тек иман түріндегі адамгершілік қасиеттер арқылы дүниелік тірлік жинап, рухани толып, әулие кемеліне жетеді.

Ахмет Яссауи сияқты ойшылдар еңбегін оқып-үйренудің мақсаты олардың мұраларына құрмет сезімдерін қалыптастыру және адамгершілікке тәрбиелеу. Бүгінгі күні қоғам алдында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл – ой мен тәлім- тәрбиелік тәжірибені көздеп, заман талабына сай жетілдіру. Осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі. Ахмет Яссауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра. Бұл адам бойында жауапкершілік сезімді, иман, т.б. асыл құндылықтарды қалыптастырады. Адам хикмет, ғибраттар арқылы, оларды оқып – білу, шынайы өмірде қолдану негізінде ғана мәнді, мағыналы өмір сүре алады. Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды. Қ.А. Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, ал оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Андатпа

Қазақ әдебиеті бір арнаның ғана тоғысуы емес, бірнеше жанрлар мен еңбектердің және де мың тағдырлардың арқасында дүниеге келген рухани азық. Бүгінгі күні қоғам алдында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл – ой мен тәлім- тәрбиелік тәжірибені көздеп, замана талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану көзделген.

Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалыптасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен Қ.А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеу. Қожа Ахмет Яссауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үңілу. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра.

Аннотация

Казакская литература представляет собой не только слияние различных жанров и произведений, но и духовное наслаждение, возникшее благодаря множеству историй и тысячам судеб. Современному обществу необходимо умело использовать педагогические знания и образовательный опыт умных людей, совершенствуя их в соответствии с требованиями времени. Основа данной статьи является анализ научной информации о становлении личности, основные принципы и философские учения духовно-нравственного воспитания К.А. Ясауи, его просветительская деятельность, творческие и исторические труды, связанные с его проявлением в обществе. Мы погружаемся в учения Ходжи Ахмета Яссауи, изучаем их важность для гуманности и казахской литературы. Мудрость Ахмета Ясауи, который вложил исламские ценности в основы духовного развития, передается из поколения в поколение уже тысячелетиями, не только как символ казахской литературы.

Annotation

Kazakh literature is not just a fusion of one channel, but spiritual food, born through several genres and works and thousands of destinies. Today, society is called upon to use the pedagogical mind and educational experience of intellectuals, improving it in accordance with the needs of the time.

This article is based on the analysis of scientific data on the formation of personality, analysis, foundations and philosophical knowledge of the spiritual and moral education of K.A. Yasawi, educational activities, creative historical works with his educational role in society. We delve into the teachings of Khoja Akhmet Yassawi, studying its significance for humanity and Kazakh literature. The wisdom of Akhmet Yasawi, who poured the blood of Islam into the roots of spiritual food, has been passed down from generation to generation for thousands of years, not only as a representative of Kazakh literature

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б. М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б. Қожа Ахмет Яссауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017

2. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1993 жыл.

3.Кенжетаев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 259б

4.Ясауи Ахмет. Диуани хикметтен сежмелер. Әзірлеген К.Ераслан. Анкара. 1991ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ КӨРІНІСІ

Баймуратова Бану Алимжановна
Астана қаласы, №64 мектеп –лицей
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл Қожа Ахмет Ясауи жасаған ілім, түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарынан бастау алады. Рухани тазалық пен кемелдікті мақсат еткен Ясауи жан мен ар тазалығын алдыңғы орынға қойды.

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген [1]. Тәрбие - мәңгілік және жалпы адамзаттық категория. Алайда қай халықтың болмасын бұл салада өзіне ғана тән ерекшеліктері мен дараланып тұратын үлгілері болады. Оқыту мен тәрбиелеуде заман, уақыт талабына қарай зиялы қауымның, қоғам қайраткерлерінің педагогикалық көзқарастарын, тәлім-тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, жетілдіріп пайдаланып отырған. Атап айтсақ, орта ғасырдағы ұлы ғұлама ойшылдар – Әл-Фараби, Қ.А.Ясауи, М. Қашқари, Ж. Баласағұни, М.Х. Дулати т.б. тарихи мұраларындағы педагогикалық ой-толғамдары ұлттық тәлім-тәрбиенің мазмұнын кеңейтіп, келешек жас өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа, патриоттық рухта тәрбиелеуге тірек болып отыр. Халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазыналарының бірі – Ясауидің рухани мұрасы. Ясауиді оқыту, насихаттау, жаңа қырынан таныту – ұрпақты тәрбиелеудегі бағыттардың бірі деп санаймын.

Жалпы Ясауи еңбектері өте күрделі, оларды бірден игеріп алып кету мүмкін емес. Оның әрбір еңбегінде философиялық, әдеби, діни, психологиялық, этнопедагогикалық, әлеуметтік, тіл т.б. тәлім-тәрбиелік мәселелер кеңінен қарастырылған. Ясауи түсінігінде, адамның кісілік келбеті, ішкі жан дүниесінің сәулесі, жақсылыққа жетелейтін тәрбиешісі дұрыс жолды үйретіп, түзу бағыт нұсқайтын жетекшісі және де «Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер» - иман адамның о дүниеде Хақ алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жанашыр, жақтасы болып табылады.

Ғұлама ойшылдың тәлім тәрбиелік теориясын оқып-үйрене отырып, оның ғұлама ойшыл екендігіне көз жеткіздік. Ғұламаның адамзат қоғамы алдындағы маңызды үлесі – тұлғаны тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесі бойынша барлық құндылықтарды игере отырып, ізгілендіру идеясына негізделген педагогикалық ілімді жасауы. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі болып табылатын оның ілімі өзі

өмір сүрген қоғам үшін де, қазіргі қоғам үшін де, болашақ үшін де өміршең, ешқашан құндылығын жоймайтын, аса бағалы еңбек болып табылады.

Рухани құндылықтар қатарына діни қағидалар мен озық діни дәстүр, салттарды енгізбейінше, жан-жақты дамыған, рухани жан-дүниесі бай азамат қалыптастыру мүмкін емес. Мұндай көзқарасқа келуге көп жағдайда мұрындық болып отырған қоғамдағы соңғы жылдары болып жатқан рухани өзгерістер, жалпы дінге деген көзқарастың өзгеруі.

Ұлттық тәрбие идеяларына негізделген тәрбие мазмұны жас ұрпақты өз ұлтының мәдениетімен қауыштырып, оның құндылықтарын сақтап қалумен қатар мазмұнын әрі қарай әрдайым дамытып отырады. Ұлт идеяларына негізделген тәрбие ұрпақ бойында ұлттық сана, мінез-құлық қалыптастыруға бағытталады; өз ұлтының өмір сүру қағидаларын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін меңгеруіне әсер етеді; оқушыларды өз ана тілін, тарихы мен әдебиетін, өнерін терең біліп, қастерлеуге баулиды.

Кез-келген білім – таным мен тағылымның нәтижесі. Ал тәрбие алдымен ұлттық, сонан кейін ғана жалпыадамзаттық үрдіс. Олай болса, тәрбиеден тыс білім – рухани нысанадан алшақ, патриоттық, отансүйгіштік сезімі жоқ, біржақты ұрпақты тәрбиелеуге әкеледі. Ол белгілі бір қоғамда өмір сүруде, ұлыс пен ұлтты дамытуда нәтижеге қол жеткізетін, ұлты мен қоғамды дамытатын қозғаушы күш.

Жаратылысты танушы басты субъект - адам. Ал адамға тіл мен дін тән. Қазақ тілінде мәңгілік құндылық, замани құндылық және ұлттық құндылық деген үлкен философиялық – танымдық ұғымдар бар. Осылардың бәрі тілге қатысты, тілсіз бұл ұғымдарды елестете алмайсың. Адам баласы салт – дәстүрсіз, адамгершілікті ара қатынассыз өмір сүре алмайды. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен, таныммен, тағылыммен келеді.

Көне заманға көз жүгіртсек, ата-бабаларымыздың ілім іздеуден, жаңа көзқарастан, айырықша жаңалық тауып оны санада қалдыруға ұмтылған, сол арқылы тәлім-тәрбиелік идеяларын дамытқан. Сол идеяларды жаһандану кезінде жария ету – білім, ғылымдағы, тәрбиедегі басты шарт.

Ұлттық тәлім-тәрбие бастаулары тарихи дәуірлер көшінде заман талаптары мен құбылыстарының өзгерістеріне қарай өзінің даму мен қалыптасу генезисінің ерекшеліктерімен сипатталып отырды. Х-ХІХ ғасырларда түрік тайпалары мекен еткен Орта Азия, Қазақстан жерінде өмір сүрген М.Қашқари, Ж.Баласағұни, А.Иүйнеки, Қ.А.Ясауи т.б. ғұламалардың еңбектері мәдениеттің, өнердің, ғылым-білімнің, тәлім-тәрбиенің дамуына өлшеусіз ықпал етті.

Осы қасиеттер арқылы адам мехнат-машақат, азап көргенде, қиындықпен сыналғанда, рухани дүниесінің беріктігі, бекемдігі анықталады. Сабырлы төзімді адам өзіне-өзі берік, сенімі нық адам. Сабыр адамды асығыс іс-әрекеттен, жөнсіз қылықтан, ағат сөзден сақтап, ақылға салады, ойға жетелейді. Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық, инабаттылық, әдептілік т.б. тәрбиелер негізі халықта жатыр. Себебі Ясауи өз еңбектерін жазғанда халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйым, мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, сонымен қатар «Құран Кәрім» Мұхаммед /с.ғ.с/ Пайғамбар хадистерін басшылыққа алып отырған:

Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
Патшаменен Уазірлерде әділет жоқ.
Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ,
Түрлі бәле халық үстінде жауды достар [2].

Қ.А.Ясауи өз өсиетінің шын мәнінде шәкірттерге аманат қылу дәстүрін ұстанады. Аталмыш қағидалардың жоғарыда айтып кеткендей адамның танымдық қабілеттерінің жас ерекшеліктеріне негізделе отырып баяндалғаны байқалады. Жыр басын софы-данышпан:

«..Бісіміллә деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен “Дәптер сәни” сөзін аштым міне
Үмбет болсаң, ғаріптерге жақын болғыл,
Аят, хадис айтқандарға құлақ салғыл
Ырзық берсе, тағдырға қанағат қылғыл

Ғаріптердің жайын ұғып келдім міне..», - деп алғы сөзін адамгершілік құндылықтардан бастаса [3], әрі қарай:

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң мүсәпірді дәмдес болғыл.
Махшар [1] күні құзырына жақын болғыл,
Менменсінген халайықтан қаштым, міне.

Қайда жүрсеңде мүсәпірге көмектес, сыпай бол, көңілін жұмсақ жайдары бол, менмендіктен бойыңды аулақ ұста дейді.

Ырзық берсе, тағдырға қанағат қылғыл,
Қанағат қылып сауық шарабын іштім, міне.
Қанағатшыл бол,ысырапшыл болма дегенді түсіндіре келіп,
Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый.
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып дариядай тастым, міне.

Ақылға тоқтасаң, жаныңдағы әлсіздерді шын мейіріммен сүй, Мұстафадай жетімге қамқор бол, дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый дейді.

Қожа Ахмет Ясауидің ендігі бір мән берген, аяусыз әшкерелеген тақырыбы надандық дер едік. Өйткені оның түсінігінше, надандық – бүкіл жауыздық, зұлымдықтың таусылмас қайнар көзі. Мұнда арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай, осы надандыққа ғылым-білім мен даналықты үнемі қарама-қарсы қойып отырады. Сондықтан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсіруге ол бар ынтасы мен ықыласын сарқа жұмсайды. Тіпті өз ойын жинақтай келе ғұлама: «Надандармен бірге өткізген уақыттың өзі дозақпен тең», – деп қорытып, олармен бірге жүруге де, жолға шығуға да қарсы тұрады. Жалған молда, залымдарды да аяусыз түйреп, «Хал ілімін» үйренуге шақырады. Осындай әділетсіздіктер мен зұлымдықтарға қарсы әділдікті ту ете отырып, Хақ Тағала ісіне ғана сабырлық, төзімділік танытудың қажеттігін бейнелі жолдармен өрнектейді.

Наданмен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса тозақ одан қашар.
Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,
Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.

Ол надандықтың адам баласына келтірер зияны мен бүлігін жеріне жеткізе, өлтіре сынап, бұған жаңалықты ғана қарама-қарсы қояды, үміт-тілегін де даналарға арнайды.

Қ.А.Ясауи адамгершілік, кісілік және имандылық қасиеттер адамды тәрбиелеудің алтын дінгегі деген тәлімдік-танымдық идеяларды алға тартады.

Адам бойындағы адамгершілік пен мейірімділіктің, ержүректілік пен адалдықтың, инабаттылық пен ақылдықтың, шешендік пен тапқырлықтың көргенділік пен ақылдылықтың, қатігездік пен жауыздықтың тұқымнан тұқымға қан арқылы беріліп отыратын ерекше қасиеттер екенін бабаларымыз жақсы таныған.

Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор.

Ясауи ілімі халықтың болмысына сіңіп, қазақ дүниетанымының ұлт менталитетінің негізіне айналды. Өз ілімі арқылы тарих тереңінен бастау алатын ұлт құндылықтарын ислами сүзгіден өткізіп берді. Яссауи еңбектерін ел игілігіне жаратып, ақыл ойының өзегіне айналдыратын болсақ, ұтарымыз көп. Өйткені, ғұлама ілімі ағартушылыққа, ғылым –білімге шақырады. Сондай ақ азамат кемел, тұлға ретінде қалыптасуға бағытталған. Яссауи ілімінде қонақжайлылық, дәстүрі адамды рухани кемелдікке бастайтын ерекше дәстүр саналады. Көшпелі түркі халықтарының ағайындық, бауырмалдылық, сезімдерді басты орынға қояды. Оның елді сүйеге, бауырмалдылық пен жанашырлыққа сыйластыққа тәрбиелейді. Яссауи ілімі қазіргі қазақ қоғамына рухани бағдар болмақ.

Аннотация

Зерттеуде қазақ ұлтының ұлы ойшылы Қ.А.Ясауидің жасаған ілім шығармашылығындағы ұлттық тәрбиенің таным-тағылымдық тұрғыдан талдап таразыланады. Ұлы ойшылдың шығармашылығындағы көтерген мәселелеріне шолу жүргізіледі. А.Яссауи адамгершілік, кісілік және имандылық қасиеттер адамды тәрбиелеудің алтын дінгегі деген тәлімдік-танымдық идеяларды алға тартады.

В исследовании анализируется и взвешивается с образовательной точки зрения национальное образование в создании знаний, созданное великим мыслителем казахского народа Ходжа Ахметом Ясауи. Рассмотрены проблемы, поднятые великим мыслителем в его творчестве. А. Яссауи выдвигает просветительские и воспитательные идеи о том, что нравственность, личность и нравственные качества являются золотым столпом воспитания человека.

In the study, the national education in the creation of knowledge, created by the great thinker of the Kazakh people, Khoja Ahmet Yasawi, is analyzed and weighed

from an educational point of view. Considered the problems raised by the great thinker in his work. A. Yassavi puts forward enlightening and educational ideas that morality, personality and moral qualities are the golden pillars of human education.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Иассауи К.А. Диуани Хикмет / Қазақша аударған Н.Жармұхаметұлы. – Алматы, 1993. - Б.
2. Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбие қылу жолдары). - Алматы: Рауан, 1992.
- 3.Тәлім-тәрбие хрестоматиясы /Құрастырғандар С.Қалиев, Р.Ізғұттынова, Г.Жексембаева. -Алматы: Рауан, 1996. -.
4. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995
5. Яссауи Феномені. /Санжар Керімбай. –Алматы. 2021./
6. Қазақ әдебиетіндегі сопылық ілім. М. Мырзахметов. / Алматы. 1998

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» - РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Бардосова Лязат Советбековна

Астана қаласы әкімдігінің

№75 мектеп-гимназия ШЖҚ МКК,

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

педагог-сарапшы

«Диуани хикметтің» тұңғық мазмұны қарапайым адамдарды мейірімділікке, әділдікке шақырып, Алла мен адамға, күллі жаратылысқа деген сүйіспеншілікті сезуге жол салады. Бұл жинақтан алынатын рухани ілімдер көпшіліктің көңілінен орын алып, халық даналығымен астасып кетті. Халық рухани ілімді «хәл» ілімі деп те атады. Демек, «хәл» дегеніміз – адамдардың ішкі жан дүниесінің деңгейі. Оған А.Д.Мейірманов «Қал – теориялық ілім, хәл – бастан кешкен, өз тәжірибесінде іс-әрекет құлшылық ғибадатпен жеткен күйі» [5, 78-б.], – деген түсіндірме береді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ұлт жоспарында Ұлт көшбасшысы дін мәселелері жайында былай деп атап көрсеткен болатын:

«Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз» [3]. Сол себепті өскелең ұрпақты діни тұрғыдан білімді, саналы, иманды, адмагершілікті етіп тәрбиелеу мәселесі өзекті болып табылады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі «Ер Төстік», «Алпамыс батыр» сияқты жыр мен ертегілердің негізгі идеясы – ерлік пен батырлықты дәріптеу болды. Бұл мәселелер Ясауи хикметінде де айтылды. Мұндағы «ерлік» ұғымы қазіргі қабылдауымыздағыдай тар мағынада емес, батырлықпен бірге шүкіршіліктің, адамдық қадір-қасиеттің, адалдықтың, ең бастысы, Алла жолындағы

күрбандықтың мәнін де қамтиды. Ясауидің хикметінің бір шумағы толығымен батырлардың ерлігіне барабар қасиеттерді суреттейді:

Ғашық болсаң, асық жолда күрбан бол,
Дидарды іздеп, дүниеден бет бұрған бол.
Қайғы-дертке қайырымды нұрдан бол,
Қаза кезде қадір-құрмет ел қылар [2, 137-б.].

Сертке беріктік, досқа адалдық, мейірімділік, еңбек сүйгіштік, сұлулықты түсіне білу, отансүйгіштік сияқты ізгі мінездерді басқаларға үлгі ету кітабында кең орын алған.

«Кітап ашып, сурәлардың мәнін сұрап,
Ұққанымша асықтым, әзер шыдап,
Қол қусырып, ұстазымның сөзін сыйлап,


Жаутаң қағып, көңілін бағып тұрдым мен де...» [4, 44]. Осы хикметтердегі тәлімдік ой-пікірлері бүгінгі біз айтып жүрген имандылық тәрбиесімен ерекше қиюласып, ұрпақты жас бесігінен тәрбиелеуге көмектеседі. Қожа Ахмет Ясауидің 2- хикметінде:

«Жеті жаста Арыстан баб келді бабам,
Хақ Мұстафа аманат берді маған,
Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян,

Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де...» [4, 22]. Бұл жолдардағы психологиялық ой-толғаныстары да бүгінгі күнгі жастарымызды тәрбиелеуде көп көмегін тигізетіні белгілі. Оның адамның жас ерекшеліктеріне берген сипаттамалары қазіргі ғылыми қағидалармен ұштасады, әр жастағы адамның көңіл күйі, сезім эмоциялары, түсінік-толғамдары әр түрлі болатындығын дұрыс көрсетеді. Сондықтан бұл шығарманы сабақтарда қолданудың тиімді тәсілдерін ойлап тапқан жөн.

Орыс тілінде оқытылатын 8-сыныптардың қазақ тілі мен әдебиеті сабағында лиро-эпостық, эпостық жырларды өткен кезде оқушыларға берілетін әдістемелік материалдың түсінікті және қызықты болуы үшін сөздік, көрнекілік, практикалық әдістерді қолдану ыңғайлы. Өз тәжірибемде «Қиялдағы әлем» атты тәсілді қолданамын. Тоқталып өтетін болсам, «Адамгершілік» атты әлемнің қалаларына саяхат жасауды негізге ала отырып, оқушылар билеттерді бірқатар тапсырмаларды орындап, білімін пайдаланып сатып алады да, қаладан қалаға бару мүмкіндігіне ие болады. Жолдамада Балалардың тапсырма бойынша алған бағалары бірден қойылып отырады. Аталмыш әлемде «Батырлық», «Адалдық», «Ғашықтық», «Ерлік», «Отансүйгіштік», «Білімқұмарлық», «Имандылық» сияқты қалалар кездеседі.

Сурет 1. Балаларға берілетін картаның үлгісі Сурет 2. Билеттің үлгісі



Мысал ретінде «Батырлық» қаласына жету үшін жолдаманы ұтып алуға арналған көрнекілік әдістің өкілі кесте әдісін назарларыңызға ұсынамын.

Үзінді	Мағынасы	Тірек сөздер
Ғашық болсаң, асық жолда кұрбан бол, Дидарды іздеп, дүниеден бет бұрған бол. Қайғы-дертке қайырымды нұрдан бол, Қаза кезде қадір-құрмет ел қылар	Махаббатқа адалдық, қайырымдылық	Ғашық, дидар, қайғы, қайырымды, қадір-құрмет.
«Кітап ашып, сурәлардың мәнін сұрап, Ұққанымша асықтым, әзер шыдап, Қол қусырып, ұстазымның сөзін сыйлап, Жаутаң қағып, көңілін бағып тұрдым мен де...»	Білімсүйгішті к, ұстазға деген құрмет	Кітап, ұққанша, асығу, сөзін сыйлау, көңілін бағу.
«Жеті жаста Арыстан баб келді бабам, Хақ Мұстафа аманат берді маған, Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян, Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де...»	Аманатқа адалдық, имандылық	Арыстан баб, аманат, баян, нәпсі.

Бұл әдіс кестеде берілген үзінділермен жұмыс, мәтінді талдау, тірек сөздерді табу сынды тәсілдерді қамтиды. Оқушы берілген бөлікті оқи отырып, оның мағынасын түсінеді, өзіне ғибрат алады.

Қорыта келетін болсақ, өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік, адалдық, ерлік, батырлық, патриоттық, оқуға құштарлық т.б. адами қасиеттерді дарытып тәрбиелеу үшін «Диуани хикмет» еңбегінің маңызы зор. Сол себепті, бұл туындының философиялық ойларын сабақтарымызда тиімді ұсынуды ұсынамын. Бұл туындыны талдау білім алушыларды имандылыққа тәрбиелеп қана қоймай, оларды шүкіршілік етуге, сөз тыңдап, ұстаздарды сыйлауға бейімдейді. Оның үстіне қазіргі замандағы жалған діндердің көбейіп кеткендігі бәрімізге аян. Бұл шығарманы тиімді пайдалану біздің тәрбиеленушілерге тура жолдан тайып кетпеуге бағдар беретіні сөзсіз.

Аңдатпа

Қазақтың мәдениеті мен тәрбиелік ғибраттарының дамуында Қожа Ахмет Йассауидің еңбектері орасан зор орын алады. Бұл тұста «Диуани Хикмет» еңбегінің маңызын атап айтпасақ болмас. Аталмыш туынды - мазмұны жағынан

философиялық ой-толғаныстар, ғибрат сөздер мен мәтелдерден тұратын ауқымды шығарма.

Хикметтер жинағы – түркі халықтарының, әсіресе, алаш халқының мәдениеті мен әдебиетінің маңызды ескерткіші, ондағы даналық тұжырымдар мен философиялық ойлар қазіргі қоғам үшін де өзекті. Жинақ көшпелі тіршілік кешкен ортаға бағытталғандықтан, ауызша көркемдік дәстүрді басшылыққа алып жазылған.

Ғылыми мақаланың мақсаты – халқымыздың ауыз әдебиеті мен Ясауидің «Диуани хикмет» жинағы арасындағы мазмұндық тамырластықты айқындау. Мақала Ясауидің хикметтерінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері мен мазмұндық байланысын саралауға, екеуінің ортақ тамырларын айқындауға бағытталған.

Ясауи хикметтерін талдау арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қажетті ғибраттарды рухани жандандыру керек.

Аннотация

Произведения Ходжи Ахмета Яссауи занимают неопишное место в развитии казахской культуры и педагогического учения. Говоря об этом, мы не можем не упоминать важность произведения Дивани Хикмет. Данное произведение – это масштабное произведение, состоящее из множества философских мыслей, пословиц и крылатых слов.

Сборник мудрости является важным памятником культуры и литературы тюркских народов, особенно народа алаш, содержащиеся в нем мудрость и философские мысли актуальны даже для современного общества. Поскольку сборник ориентирован на кочевую среду, он написан под руководством устной художественной традиции.

Цель научной статьи – определить содержание связи между устной литературой нашего народа и сборником Ясави «Дивани Хикмет». Целью статьи является разграничение влияния мудрости Ясави на казахскую литературу и содержательная связь, определение общих корней того и другого.

Анализируя мудрость Ясави, необходимо духовно оживить учения, необходимые для обучения молодого поколения.

Abstract

The works of Khoja Akhmet Yasawi occupy an indescribable place in the development of Kazakh culture and pedagogical teaching. Speaking about this, we cannot fail to mention the importance of Divani Hikmet's work. This creation is a large-scale work consisting of many philosophical thoughts, proverbs and meaningful words.

The collection of wisdom is an important monument of the culture and literature of the Turkic peoples, especially the Alash people; the wisdom and philosophical thoughts contained in it are relevant even for modern society.

The purpose of the scientific article is to determine the content of the connection between the oral literature of our people and Yasawi's collection "Divani Hikmet". The goal of the article is to distinguish between the influence of Yasawi's wisdom on Kazakh literature and the meaningful connection.

By analyzing the wisdom of Yasawi, it is necessary to spiritually enliven the teachings needed to educate the younger generation.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бородовская Л.З. Отражение традиций Ясавия в исламско-суфийской символике татарских фольклорных мунаджатов // Исламоведение. – 2016. Т. 7. – № 3 (29). – С. 103–117. DOI:10.21779/2077-8155-2016-7-3-103-117
2. Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.
3. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, akorda.kz, 2012 ж.
4. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет. Аударған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.
5. Мейірманов А.Д. Қожа Ахмет Ясауи хәл ілімінің философиялық қырлары // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2010. – № 5. – Б. 77–79.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДЫҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ДАСТАНЫНДАҒЫ РУХАНИЯТ

Бекбергенов Асет Игликович

«Қарағанды агротехникалық колледжі»
КМҚК қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
оқытушысы, педагог-модератор
ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері

Дүйім түркі жұртына аты әйгілі, жаңа кезеңдегі сопылық әдебиеттің ірі өкілі, кеменгер ақын, әрі ойшыл, философ Қожа Ахмет Ясауи артына мәні өшпестей мұра қалдырды. Оның «Диуани хикмет» атты екі әлемнің мән-жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді арқау еткен. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік пен биіктік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан сарапталады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Осыған орай ақын Мұхаммед пайғамбардан үдеріс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын көру, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу, Аллаға сол туралы шын көңілден жалынып-жалбарынудың қажеттігін ұтымды түрде сипаттайды.

Тарлан Қожа Ахмет Ясауидың сүбелі туындысы «Диуани Хикмет» - дүйім түркі жұртының рухани азығы. Туындының алғашқы беттерінен-ақ жалпы мұсылман дінінің негізгі қағидаларын, шарттарын, парыздарын көре аламыз. Мұндағы ой-тұжырымдар төмендегі жүйелерден тұрады: тәубашылдық, ғибадатшылдық, махаббат, сабырлылық, шүкіршілік, ризашылдық, захидшілік (анықтық), ғаріптік. Мұнда сүйіспеншілік сияқты мәселелер де арнайы сөз болады.

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ сыпайы болғын,
Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғын.
Махшар күні тәңірге жақын болғын,
Менменсіген халықтан қаштым міне.

Бұл хикметінде ақын адамдардың бір-біріне деген бауырмалдығын, мейірімділігін, сүйіспеншілігін насихаттайды. «Диуани хикметті» әрі қарай парақтасақ, Аллаһқа сүйіспеншілік мәселесіне ерекше мән берілген. Әлемдегі өмірдің түйіні – Аллаһқа құлшылық ету, тәубеге келу, құдай жолына жанын пида ету секілді парыз міндеттерді суреттеп қана қоймай, оны іске асырудың нақты жолдарына да арнайы тоқталады. Аллаһ адамды махаббат сезімінен жаратқан. Мұсылмандық Аллаһты сүюден басталады және жалғасады. Сол себепті Қожа Ахмет:

Иман жоқ сүймегенде, жаны да жоқ,
Болмайды Расул сөзін танып әлек, - дейді.
Ақын өз өмірінен қорытынды шығара отырып:
Бар дүние менікі деген сұлтандарға,
Ғалам малын сансыз жиып айдағандарға.

Өмірі сауық-сайран құрғандарға,
Өлім неше бір опа қылмайды, - деп осындай дүние-мүлік үшін жанын жалдап, арамдық, сұмдық, зұлымдыққа барған кісілерді аяусыз әшкерелейді. Оларды тәубеге келтіріп, иманды ету үшін ақын ең алдымен өз басындағы міндеттерді тізбелейді.

Қожа Ахмет Яссауидің екінші хикметі:
«Жеті жаста Арыстан баб келді бабам,
Хақ Мұстафа аманат берді маған,
Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян,
Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де...».

Бұл жолдардағы психологиялық ой-толғаныстары да бүгінгі күнгі жастарымызды тәрбиелеуде көп көмегін тигізетіні белгілі. Оның адамның жас ерекшеліктеріне берген сипаттамалары қазіргі ғылыми қағидалармен ұштасады, әр жастағы адамның көңіл-күйі, сезім эмоциялары, түсінік-талғамдары әр түрлі болатындығын айқын ашып көрсетеді.

Дала ойшылының хикметтерінің бірқатары ғашықтық жайында сөз етеді. Бірақ онда әдеттегідей жігіттің қызға, қыздың жігітке деген сүйіспеншілігі емес, керісінше - ақынның Алла тағалаға деген махаббат, іңкәрлігі туралы. Қожа Ахмет Яссауидің даналық сөздерінің көпшілігінде ұстазы Арыстан баб жиі еске алынады, ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады.

Менмен, көрсеқызар, кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді, яғни бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді де мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы. Қожа Ахмет бір хикметтерінде: «надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние-байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ, дүние жалған ешкімге де опа болған емес, дүниеқоңыздықпен мәңгілік өмір сүргісі келген һарун

перғауындар заманындағы Хоманның да ғұмыры мәңгілік болмаған», - дейді. Ал хикмет соңындағы «Мінажаттар» жинақтың сөлі мен нәрі сияқты. Ойшыл бабамыз шапағат етіп, иман байлығын беруге уәде етеді.

А. Ясауи Исламға шақыруын, насихаттарын хикмет атымен уағыздаған. Бұл ақынның таңдауы болса керек. Өйткені Құран Кәрімнің Нахл сүресінің 125 аятында: «Адамдарды Раббыңның жолына хикмет (даналық және көркем үгіт) арқылы шақыр» - деп бұйырылған. Хикметтің мағынасын ашатын болсақ даналық, туралық, ақылдылық, ой-пікір, білімділік, өнер дегенді білдіреді. Одан басқа хикмет халал (адал) және харамды (арам) білу, білімді амал жасау мағыналарына келеді.

Ахмет Ясауидың «Даналық кітабында» негізінен төрт ғақлия, төрт рухани бағыт мадақталады:

- **«Шаригат» руханияты** - ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының негіздерін, мұсылмандық жолын қастерлеп, соны тәлім-тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, ақын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

- **«Тариқат» руханияты** - сопылық ой-мақсаттарды насихат-өсиет ету. Яғни жыр жолдары арқылы жас ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділеттілікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеп, тақуалыққа үйрету.

- **«Мағрипат» руханияты** - дін жолын танып, оқып-білу, яғни алланың ақ жолын ардақтап, соған тағзым ету, тағылым алу. Оның адамгершілік парызы екенін әсерлі сөзбен, айшықты жырмен жеткізіп, ұрпақты ынсап тойымдылығына, ыждағаттылыққа үндеуді мақсат етеді. «Ғаріп, пақыр жетімдерді әркім сүйер, риза болар сол пендеге пәруәрдігер» - деп, ақын ғаріп, пақыр, жетім-жесірлерді жебесең, оларға жақсылық жасасаң, алла-тағала саған да ризық-несібесін төгіп, ісінді оңдайды, мақсатына жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз ақын оқырманға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіре жеткізеді, алланың ақ жолы – адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

- **«Хақиқат» руханияты** - құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы күдіретті таныпбіліп, оған табыну, құдайдың күдіретіне сену әрбір мұсылманның парызы екенін сөз күдіретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақиреттің азығы» арқылы адамның күнәдан таза болып қана қоймай, оның жолының ашылуын өлең жолдарымен өрнектейді. «Хақиқат дариясынан ішкен кісі өзі мұңлық, көңілі сынық, көзі жасты», - дейді ақын. Шыншыл, қамқоршы, мейірман ақын ел өміріндегі шындық пен әділеттілікті іздеп, көп жерде шыншылдыққа қиянаттың қырсығын көріп, мұзданады, көңілі сынады, көзіне жас алады, сөйтеді де ұрпағын «хақиқат дариясынан сусындауға», әділетсіздермен күресе білуге шақырады, әділдікке, кісілікке, шыншылдыққа тәрбиелейді.

Шығармадағы адамзатты руханиятқа шақырудың ең маңыздысы және ең өзектісі - имандылық тәрбиесі, оқырманын имандылыққа баулу. Оның ойынша, адамның имандылығы оның тілегінен, мақсатынан, осыған орай жүріс-тұрысынан, кішіпейілділігінен туындайды.

Ясауидің өзі де сыпайылық танытып, ілтипат көрсетіп, қажет болса жанашырлық жасап жүрген деген дерек бар. Ол ата-ананы аялауға, қарттарды сыйлауға, туған жерді қорғауға әзір болу керектігін ерекше ескертеді. Қазақ халқының бар өмірінің іргелес елдердің басқыншылық әрекеттеріне қарсы күреспен өткендігін жырларына арқау ете отырып, сол сойқандарда ел бастаған даналар мен батырларды жастарға үлгі етеді. Өзінің шығармасында олардың өмірлерін кейінгі ұрпаққа өнеге тұтады. Ол халықты имандылыққа шақырып, ынтымаққа, бірлікке, ұл-қыздарын сол қоғамның белсенді адамдары етіп тәрбиелеуге шақырады. Сертке беріктік, достыққа адалдық, мейірімділік, еңбексүйгіштік, сұлулықты ұғына білу, отансүйгіштік сияқты ізгі мінездерді басқаларға үлгі ету ойшылдың туындыларында кең орын алған.

«Кітап ашып, сурәлардың мәнін сұрап,
Ұққанымша асықтым, әзер шыдап,
Қол қусырып, ұстазымның сөзін сыйлап,

Жаутаң қағып, көңілін бағып тұрдым мен де...». Осы жолдардағы тәлімдік ой-пікірлері бүгінгі біз айтып жүрген имандылық тәрбиесімен үндесіп, ұрпақты кішкене кезінен ізгілікке, жақсылыққа, адамгершілікке баулу мәселесін көздейді.

Өзінің хикметтеріндегі руханият арқылы ойшыл төмендегідей принциптерді жеткізген:

1. Аллахқа деген махаббат;
2. Ықылас пен шынайылық;
3. Адамға деген сүйіспеншілік;
4. Кішіпейілділік;
5. Әйел мен еркек теңдігі;
6. Еңбекті бағалау;
7. Ілім мәселесі

«Диуани хикмет» - әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын меже. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшеген. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасаған. Ал, имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Даналық кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.

Рухани ілім мен білімнің қайнар көзіне айналған «Даналық кітабы» сол даналық пен дархандыққа шақыратын шапағат нұры іспетті. Иmandылықтың иісі аңқып тұрған хикмет нығметтерінің шыншыл, әділетті, әділ әрі адал болуға

шақырады. Қазіргі қоғамдағы белең алған түрлі санаттағы «лас» әрекеттерден бас тартып, бойынды аулақ ұстау үшін «Даналық кітабына» сапар шексеңіз жеткілікті. Өзіңізден өзіңіз тап-таза, мөлдір адам болып шыға келесіз. Гибратқа толы хикметтердің қай-қайсысына болмасын көз жүгіртсеңіз, адамның бойындағы барлық оң қасиеттердің оянуына ой салады. Керісінші, жат қылықтардың барлығынан бойды аулақ салып, жиренуге жетелейді.

«Нағыз адам». Ясауи шығармаларының өзегі - осы. Дананың өзінше айтсақ:
Бір құдайға жеткізген соң бұл даусын,
Білгендерге шапағат нұр жаусын.

Аннотация

Мақалада Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани Хикмет» туындысы жайлы, ондағы «Шарифат», «Тарикат», «Мағрипат», «Хақиқат» руханияттары хақында кеңінен айтылған. Ақын шығармаларының тәрбиелік мәні, олардың «Толық адам» қалыптастырудағы мәні мен маңызы туралы жан-жақты ақпарат берілген.

В статье рассматривается произведение Кожы Ахмета Ясауи «Диуани Хикмет», говорится о духовности «Шаригата», «Тариката», «Магрипата», «Хакиката». Дается полная информация о воспитательной ценности произведения поэта, его значении в формировании полноценного человека.

The article shows Kozha Ahmet Yasawi's work "Diwani Hikmet" and talks about the spirituality of "Sharigat", "Tarikat", "Magripat", "Hakikat". Full information is given about the educational value of the poet's work, its significance in the formation of a full-fledged person

Библиографиялық тізім:

- 1.Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Құрастырған А. Қыраубаева, Алматы, 1991.
- 2.Кенжетеев Д. Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Автореферат. – Алматы, 2002.
- 3.Жанатова А. Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикмет» дастанындағы гуманистік идеялар. ҚазҰУ Хабаршысы. Мақала. – Алматы, 2011.
- 4.Құнапия Г. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тәрбиелік мәні. Мақала. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – Алматы, 2021.

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ ИМАНДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бигожина Бахина Олжабаевна


Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Педагог -зерттеуші

Қожа Ахмет Иассауи есімі барша қазақ халқы үшін, жалпы мұсылман қауым үшін қастерлі есім. Иассауитануға үлкен үлес қосқан белгілі зерттеуші

М.Е.Массон Қожа Ахмет Иассауидің Иасыда көзге түсіп, әйгілі Арыстан Бабтың тәрбиесін алғанын, әкесі Ибраһимнің түрік нәсілінен шыққанын айтады.

Ал, түрік ғалымы М.Ф.Көпірілі Қожа Ахмет Иассауи өмірі мен шығармашылығы туралы құнды деректер қалдырған. Ол «Жәвахир ул-әббар мин әмважил-биһарә» деген кітапқа сүйене отырып, Әзірет Сұлтанның Түркістан өлкесіндегі Сайрам қалашығында туғанын айтады. Қайтыс болған жылын шамамен 1166-1167 жыл (хижрамен 562 жыл) деп көрсетеді. Енді, Қожа Ахметтің неше жаста қайтыс болғанына келгенде, түрік ғалымы М.Ф. Көпірілі 120 жас деген жорамал айтады.

Демек, ол 63 жаста үмбет, сүндеттік жолмен жер астында да сонша жыл жасады деген аңыздың растығын дәлелдейді. Қожа Ахмет бабамыздың хикметтерін Сұбханнан келген ұлы пәрмен, оның түбі-Құран деп ұққан жөн. Иассауи бабамыздың «Диуани Хикмет» кітабы ақыл-әсиет сөз ретінде елден-елге тараса, тағылымы- ұрпаққа өнеге болып қалады.




Түркі жазба әдебиетінде орта ғасырда Қожа Ахмет Иасауи шығармаларының алатын орны ерекше. Оның қаламынан туған сопылық сарындағы шығармалар барша мұсылман түркілердің ортақ рухани мұрасына айналды. Құл Қожа Ахмет бабамыз халықтың қамын жеп, өзінің «Диуани Хикметін» жазды. Оның негізгі мақсаты-халықты Алланы сүйуге насихаттады.

Ахмет Иассауидің сопылық ілімі бойынша «Алла тағала өте терең және ең жоғары, бізді шебер жаратушы» - деп суреттеледі. Сопылық ілім бойынша негізгі категориялар: *сүйіспеншілік, махаббат, ғылым, таным, ақиқат.*

Ахмет Иассауидің «Диуани Хикмет» кітабында адамгершілікті, имандылық пен жан тазалығын үлгі етеді. Бабамыздың даналық ойлары Абай, Шәкәріммен жалғасып жатады. Әдебиетімізде Иассауидің Шәкәрімге дейін үзілмеген сопылық үрдісі бар. Кемеңгерлік келбеті мен ақыл-парасаты, данышпандық дидары-бабамыздың кемел болмысын биіктете түседі.

«Салыстырмалы талдау» әдісі



Қожа Ахмет Иассауи өзінен бұрынғы өткен пайғамбарлардың ішінде Мұхаммед пайғамбарға ерекше көңіл бөлген. Мұхаммедтің қызы Фатима арқылы мұсылман дінін таратуға бүкіл өмірін арнайтын ұрпағы болатынына Алла аян бергесін, Арыстан баб әулие арқылы құрманы Ахмет Иассауиге аманатқа бергендігі бәрімізге белгілі. Құранды оқып, терең зерттеумен қатар Ахмет Иассауи бабамыз пайғамбарымыздың өмірін де зер сала зерттеп, өз өмірімен ұқсас екендігін көреді.

Ұлылар үндестігі

Мұхаммед пайғамбар	Ахмет Иассауи
Мұхаммед ата-анасынан ерте жетім қалып, өмір қиындығын көп көреді.	Ахмет Иассауи де ата-анасынан ерте жетім қалып, өмірдің қиындық көреді.
Мұхаммедке мұсылман дінін тарату көп қиындықтар тудырды.	Ахмет Иассауиге де сопылық ілімін тереңірек тарату оңай болған жоқ.
Ислам дінін араб халқы арасында таратты.	Сопылық ілімін түркі халықтарының арасында таратты
Мұхаммед көптеген халықтарды мұсылман дініне енгізді.	Иассауи негізінен түркі тайпаларын дініне енгізді.

«Бірлескен жұмыс» әдісі

Қожа Ахмет бір күні Аллаға былай тілек білдіреді. «Осы өмірге әкелдіңіз, дарын сыйладыңыз. Түркі еліне имандылық пен қанағат сыйлайтын еңбек етуді нәсіп еттіңіз. Маған пайғамбарымыздың ғұмыр жасын қиыңыз. Жалғанның алдамшы қызығына айналмай еңбектенемін»-дейді. Жасы пайғамбардың жасынан асып бара жатқанында, күн сәулесі түспейтін қылуатке түсіп, өмірінің соңғы кезеңдерін өткізген.

Сопылардың Аллаға ғашықтығы- ең жоғары, қасиетті махаббат. Оған ақынның:

Рақметіңнен шет қалдырма мен заріпті,

Демімді алмай, көз ілмей, жылап дұға қылам саған.

Жағасын ұстап, егіле жылап, іші шерге толып,

Ықыласымен Аллаға алып келеді -дегені дәлел болады.

Жалпы, Ахмет Иассауи бабамыздың 149 хикметі бар. Бабамыз әр сөзін «Бисмилляхи рахмани рахим»-деп бастайды.

Бірінші хикметте Құранның қасиеті, ақиқаттың ақ жолы, аят, хадистер туралы айтылса, екінші хикметте Алла деген қасиетті сөзді жанына медеу етеді. Үшінші хикметте нәпсіқұмарлықтан арылғанын айтса, төртінші хикметінде 63 жастың маңыздылығын ашады. Бесінші хикметінде әр жастың ерекшелігіне тоқталса, алтыншы хикметінде ақиқат, ар-иман ұстанымы, өмір мұраты туралы, жетінші хикметінде 22-30 жас аралығы, сегізінші хикметінде 31-40 жас аралығы, тоғызыншы хикметінде 41-50 жас аралығы, оныншы хикметінде 51-63 жас сипатталады. Қожа Ахмет бабамыздың хикметтеріне

алтын арқау еткен басты мәселесі: *Алла тағаланың пенделеріне деген кеңшілігі, қайырымдылығы.*

Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінде адамзаттық құндылықтарды қозғай отырып, қоғам мен заман шындығын, өмір мәнін, дін, діл, ақыл мен парасат, тәрбие тағылымдарын жан-жақты ашады. Ақынның хикметтерін оқи отырып, ғылымға деген құмарлығын, халықты адамгершілікке тәрбиелеу, ақиқатқа жету, жастар тәрбиесі, сопылық таным теориялары туралы мәлімет аламыз.

63 жастан кейінгі бар өмірін жер астында өткізген бабамыз өз аты-жөніне «Құл» деген сөзді қосып атауының өзінде үлкен терең мәні бар екенін де ұғынамыз. Адам баласының болмысына тән пенделік құлқыннан бас тарта отырып, қарапайымдылық пен биік парасаттың үлгісін көрсеткен бабамыздың бізге жеткен хикметтері бүгінгі күнге мұқалмай жеткен асыл қазынамыз.

Сол себепті, әлем таныған ғұламаны, зор ақын, мықты дінбасыны келер ұрпаққа насихаттау - біздің парыз.

Аңдатпа

Мақалада ақын, ойшыл, түркі жұртының рухани атасы, сопылық әдебиеттің өкілі, Ахмет Иассауидің хикметтерінде берілген адамгершілік, имандылық, жан тазалығын үлгі ете отырып, қазақ халқының ұлы ақыны Абай, Шәкәрім туындыларындағы сопылық үрдістің үндестігіне туралы сөз болады. Қожа Ахмет Иассауи - ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтай отырып, артына өшпес із қалдырған ақын, ойшыл екендігіне сипаттама берілді. Әдебиетте дәстүр жалғастығы болатынын саралай келіп, түркі дәуіріндегі сопылық сарындағы жыр үлгісін «тарихи жыр» деп танып, қазақ тіліндегі ортақ ұқсастықтарды дәлелдеуді мақсат еттім. Мен жинақтап, саралаған әдебиет үлгілерінен алынған үзінділердің ерекшелігі-өмір сүрген ортаның сырын ұғынуға жетелейтінін, адами ізгі қасиеттерге бастайтынын сезіндім.

Абстракт

В статье говорится о гармонии суфийского процесса в творчестве Абая, Шакарима, великого поэта казахского народа, подражающего нравственности, вере и чистоте души, данной в мудрости поэта, мыслителя, духовного отца казахского народа. Турецкий народ, представитель суфийской литературы Ахмет Яссауи. Описано, что Ходжа Ахмет Яссауи – поэт и мыслитель, оставивший неизгладимый след, собирая образцы устной литературы. Я проанализировал преемственность традиций в литературе, признал пример песни суфийского ульяна тюркской эпохи «историческая произведения» и стремился доказать общие сходства в казахском языке. Я почувствовала, что особенность отрывков из литературных образцов, которые я собрал и дифференцировал, состоит в том, что они ведут к пониманию тайн среды обитания и дают начало человеческим добродетелям.

Abstract

The article talks about the harmony of the Sufi process in the works of Abai, Shakarim, the great poet of the Kazakh people, imitating the morality, faith, and

purity of soul given in the wisdom of the poet, thinker, spiritual father of the Turkish people, representative of Sufi literature, Ahmet Iassau. It was described that Khoja Ahmet Iassau is a poet and thinker who left an indelible mark by collecting examples of oral literature. I analyzed the continuity of traditions in literature, recognized the example of a song from the Sufi ulyan of the Turkic era as a "historical song", and aimed to prove common similarities in the Kazakh language. I felt that the peculiarity of the excerpts from the literary samples that I have collected and differentiated is that they lead to understanding the secrets of the living environment and initiate human virtues.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Бейсенбай К., Нурматов Ж. Е. Қ. А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы 2017ж.
- 2.Досай Кенжетай «Менің пірім-Иссаиу»
- 3.Қожа Ахмет Иассауи «Диуани Хикмет», Қызылорда мемлекеттік университеті,2007 ж.
- 4.«Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымы», Кенжетай Д.,2008ж.
- 5.«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы,2004ж, № 4
- 6.«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы,2001ж, № 2
- 7.«Сопылық махабаттың данышпан жаршысы» ,И. Арынғазыұлы 2003 ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Бимуратова Жазира Аргымбаевна,
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы,
№1 М.Әуезов атындағы мектеп-
гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагог-шебер

Кез келген елдің болашағы – білімді жастары десек, біздің елімізде де білім жүйесін жаңарту және дамыту мақсаттарында көптеген реформалау шаралары үздіксіз жүргізіліп келе жатыр. Әлемдік бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу мақсатында білімді өздігінен игеруге жетелеу, инновациялық әдістерді, ақпараттық-техникалық ресурстарды молынан шебер қолдану, оқушылардың ғылыми ізденісін дамытуға бағыттау сынды өзгерістер қазіргі мектептерде қолға алынып, өз нәтижесін берген жаңалықтар. Десек те, ғұлама ғалым Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дегеніндей, ең алдымен, білім алушы жас жеткіншектеріміздің бойына адамгершілік дәнін себу, ұлтын, елін сүйетін, алған білімін елінің мүддесі үшін жұмсай алатын тұлға қалыптастыру – біздердің, барша педагог қауымы мен отбасында тәрбие беруші ата-аналардың, басты міндетіміз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ойын айқындау басты міндет екендігі айтылған. Демек, оқу-танымдық үдерісін

ұйымдастыру мен сол үдерісті жүзеге асыруда білімді адамиластыру (гуманизациялау) қажеттілігі қай кезде де білім берудің өзегі болмақ.

Оқушыларды жаһандану дәуірінде рухани тоқырауға ұшырамай, халқымыздың бай салты мен дәстүрін, әдеп-ғұрыптарын біліп, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға, ғасырлар бойы қалыптасқан өз заңдылықтарын ұстануға тәрбиелеуде дала данышпандарының мол мұрасына жүгінгеніміз жөн. Арғысы түркі ғұламаларынан, бергісі өз бабаларымызға дейінгі барша ақын-жырауларымыз бен би-шешендеріміздің даналық ойларында ұрпақтың өзін-өзі тануы, адами қалпын сақтауы мен елін, жерін сақтауы мәселесі қозғалған. Мәселен, қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер – Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолы мен еңбектерін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда кеңінен қолдануға болады. Қазіргі мектептердегі тәрбие құндылықтары: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап тек тәрбие сағаттарында ғана емес, әр педагогтің сабағында жүзеге асырылатын білімнің ажырамас бөлігі болса, еліміздің өткен тарихы мен ұлттық құнды сөз өнерімізді көркем шығармалар арқылы бала санасына құятын тілшілер қауымы үшін негізгі міндет деуімізге негіз бар. Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінде қоғамда өзекті болып табылатын адамның өзін тани білуі, адамгершілік, адами құндылық, ел билеу ісі, елге қызмет ету, отансүйгіштік сынды мәселелер кеңінен қозғалған. Сондай өзекті мәселелердің бірі – оқу-тәрбие жайы. Ғұлама ғалым елдің, халықтың рухани-адамгершілігі мен мәдениетінің жоғары болуында оқыту мен тәрбиелеу ісінің маңызды екендігін білген. Сондықтан да оның жалпы шығармашылығында оқу-тәрбие жұмысы жөнінде пайымдаулар, тәлім-тәрбие, рухани-адамгершілік туралы ой-пікірлері ерекше орында тұрады. Сол арқылы ғұлама ғалым ұлттық педагогика мен психология ғылымдарының салаларына мол үлес қосқаны сөзсіз. Ол күнделікті өмірдің өзінде оқу-білім, халықты сауаттандыру, көкірек көзін ашу, ар түзейтін (хал) ілімін қалыптастыру жөнінде көптеген құнды ойлар айтып, осы игілікті іске өзі де белсене араласып отырды. Оның айтуынша «...ең ауыр майдан – надандықпен, нәпсімен күрес майданы: әрі ұзақ, әрі ызасы көп...».

Ұлы философ қараңғылық құрсауындағы халықтың көзін ашудың қаншалықты қиын екенін ашық, әрі дәл, дөп басып айтқан. Мұның бәрі хикмет шумақтарында келтірілген. Әрине, Ясауи өмір сүрген аумалы-төкпелі заманда елдің жағдайының, тұрмысының ауыр болғаны белгілі. Баршаның білім алу мүмкіндігі де болмады. Ал енді материалдық, экономикалық жағынан өсуі халықтың сауаттылығына, білімділігіне, рухани-адамгершілік, қайырымдылық ізгі қатынастарына, саяси саналылығы мен өмірге бейімділігіне, ынта-жігеріне тікелей байланысты. Міне, бұның бәрі де білім беру, тәрбиелеу жұмысының биік мәнін көрсетеді және ол білім балаға дер кезінде, жастық шағынан бастап берілуі тиіс. Оқу-тәрбие жұмысының пәрменділігі мен тиімділігін, қадір-қасиеті мен пайдалылығының ерекше мән-маңызы осында жатыр. Ясауидің бұл ойы қазақ даласында ғұламамен үндескен Абай атамыздың сөздеріндегі: «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки

алдаумен үйір қылу керек. Үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бала бір ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деген педагогикалық қорытындысы мен тағылымдық мәні бар тұжырымымен үндес келгендей. Расында да, баланы жас кезінде түрлі жолмен білім алуға үйір ету, өскенде өзіне қажет екенін біліп, өздігінен білім алуға жетелеп, алған білімін өмірде қолдана алуға үйрету – бүгінгі білім беру жүйесінің ең негізгі өзегі.

Оқу-білімге құмарлық, имандылық иірімдері, инабаттылық, адамгершілік қасиет, адал еңбек, патриоттық әуен, елжандылық, ұлтжандылық сезімдер, ақыл-ой тәрбиесі, табиғатты қорғау секілді тәлім-тәрбие салалары «Диуани хикмет», «Мұнажатнама», «Пақырнама», «Мират-ул-Кулуб» секілді еңбектерінде көрініс тапқан.

Ана тақырыбы – ғұлама ғалымның шығармашылығындағы өзекті тақырыптардың бірі. Өйткені, ана – өмірді жалғастырушы, ұлттың бойында бар жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, ділін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ырым-тыйымын, наным-сенімін, ұлттық сенімін келешекке жеткізуші, дарытушы. Сондай-ақ, дала данышпанының назарынан тіл мәселесі де тыс қалмаған. «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу, өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып, ана тілінде сақталып отырады. Ана тілі ғасырлар бойы жасалада береді, жасара да береді». Ана тілі дегеніміз – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытытын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ғабит Мүсіреповтің «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», - деген пікірі ғұлама ғалым Қ.А.Ясауи «Тіл – этностың жүрегі», - деген тұжырымымен сәйкес келеді.

Қ.А.Ясауидің мұраларын оқып үйреніп, оны ұлттық мүддемен үйлестіре үздіксіз білім беру жүйесіне ендірудің маңызы зор. Әсіресе, патриоттық тәрбие, яғни, жас буынды өз Отанын, туған жерін, елін, ұлтын, мемлекетін сүйуге баулуда, оларды азаматтық рухта тәрбиелеуде ақынның ғибраты мол шығармаларын тиімді пайдалана білуіміз керек. Мәселен, бүгінгі таңда елімізде өзекті мәселенің бірі – дін мәселесі. Мектеп қабырғасында білім алушылардың түрлі ағымдардың жетегінде кетпей, өз дүниетанымын дұрыс қалыптастырып, діни сауатты болуының негізі қаланады десек, сол сауаттылықты қалыптастыру жолында педагогтердің дұрыс бағыт көрсетуі маңызды. Иmandылық тәлімдері, негізінен, діни тағылымдар мен халықтық педагогика арқылы жүргізіледі. Иман дегеніміз – арабша сенім деген ұғымды білдіреді. Дін ізгілік көзі дейтін болсақ, дінге сенім – ізгілікке, жақсылыққа бойсұну болып табылады. Бұл ұғым халық арасында адами игі қасиеттердің мәнін беретін ұлы ұғыммен ұштасып, әлеуметтік биік мағынаға ұласып жатқандай. Педагог балаға қажет білімді, ақпаратты жалаң сөзбен жеткізбей, танымал тұлғалардың ой-пікірлерін орынды қолдана алуы қажет. Бұл мәселеде де Ясауи ілімінің алар орны ерекше. Ақын шығармашылығындағы маңызды тақырыптардың бірі – имандылық тәрбиесі. Бұл оның өмірден көрген тәжірибесінен, адамгершілік қасиеттерінен, білім-білік сауатынан, исламдық пікір-пайымынан, жалпы діни сопылық, діни-философиялық таным сауатынан туындаған. Алланы тану алдымен өзінді тану,

өзінді түзеу, ішкі рухани күшінді шыңдау екенін айтқан философ ілімін халқымыздың дара перзенті ұлы Абай да құптап, өз өлеңдері мен қарасөздеріне арқау еткен. Міне, қазіргі жаһандану дәуіріндегі жас ұрпақты адасудан сақтау үшін біздер, педагогтер мен отбасындағы ата-аналар, халық ішіндегі түрлі аңыз-әңгімелерді, даналар өсиетін жиі әңгімелеп, саналарына сіңіре алу керекпіз. Қазіргі әлемдік жаһандану, жаңару кезеңінде жастарды бүгінгі күн талабына сай халқының қамқор азаматы, Отанын қорғай білетін, ел табиғатын аялайтын ұрпақ етіп тәрбиелеуге назар аударғанымыз абзал. Ал, патриоттық сезім еліміздің әр азаматы өзін осы елдің төл перзенті, азаматы ретінде сезінгенде, тәуелсіз Қазақстанды өзінің туған елі, өсіп-өнген Отаны деп есептегенде, ар-ұятын биік қойып, өзіне де, өзгелерге де жоғары талап қоя білгенде ғана қалыптаспақ. Сол себептен, біздер бүгінгі жас өскіндерге тәлім-тәрбие беру жүйесінде ұлттық тарихымыздағы ел бірлігін ойлаған кемеңгерлеріміздің даналығын, ел қорғаны болған батырларымыздың ерлік істерін үлгі етіп, заманауи үлгіде түрлендіріп қолдана білуге тиіспіз.

Қорыта айтқанда, оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеуде, білім беру барысында Қ.А.Ясауи еңбектерін пайдаланып, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруде оқулықтарға, оқу құралдарына, оқу бағдарламаларына, әртүрлі жүргізетін іс-шараларға Қ.А.Ясауи шығармашылығының тиісті еңбектерін әр сыныпта жас ерекшеліктеріне сай етіп енгізу қажет. Сонымен қатар, Ясауи ғибратына қатысты тәрбие сағаттарын өткізуге, оқушылар арасында конференциялар, пікірталас, дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға болады. Пәнаралық байланыста да Хикметтерде айтылған түйінді ойларды сабақ мазмұнына орайластыра қолдану да тиімді болмақ. Жаңа технология бойынша деңгейлеп, саралап оқытуда тапсырмалар дайындауда да Ясауи шығармаларынан үзінділер беру арқылы да ғалым еңбектерін насихаттауымыз керек. Қожа Ахмет Ясауи ілімін тек білім ошақтарында ғана оқытып қоймай, ғаламтор желісі арқылы бүкіл әлемге Ясауи тағылымын жіберіп, сол арқылы насихаттауға болады. Ясауи еңбектерінің мазмұны қарапайым адамдарға күрделі болып келетіндіктен оған түбегейлі талдау жасап, түсінікті ету керек. Ата-аналармен жүргізілетін коучинг, семинарларда да Ясауи ілімінің отбасы жарастығы, бала тәрбиесі туралы, адалдық, елге қызмет ету, ел билеу ісі жайлы жазылған пікірлерін талдап, қазіргі педагог-психологтардың пікірімен салыстыра қарап, қажеттеріне жарата алуларыны мүмкіндік жарату керекпіз. Себебі, бүгінгі кей балалардың бойындағы үлкенді сыйламау, қарсы шығу, тек өзінікін дұрыс санау, өзіндегі барымен бөлісе алмау, әлімжеттік жасау, сөз көтере алмау сынды келеңсіз мінез-құлықтардың кездесуі де тәрбиеде жіберіп жатқан кемшілігіміз. Отбасында әке тәрбиесінің осалдығы, аналардың шектен тыс өбектеуі, баланың қоғамға бейімделе алмауы, әлеуметтен алмауы қоғам болып, ел болып назар аударатын өзекті мәселелерге айналуда. Бұндай ұлттық тоқырауға алып келетін, қоғам дертіне айналған келеңсіз жайттардан тек бабалар салған сара жолды сақтап, ұлттық тамырдан нәр алу, атадан қалған мол мұраны келешекке табыстау арқылы ғана арыла алатынымыз даусыз.

Аннотация

Бұл мақалада бүгінгі білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үрдісінің жүргізілуі, жаһандану дәуіріндегі ұлттық құндылықтарды сақтау мен бала санасына сіңіруде ұлы ғұламалардың даналық ойларын қолданудың маңызы сөз болды. Қожа Ахмет Ясауидің түркі жұртын сауаттылыққа шақыру, оқу-тәрбие туралы ойымен ойшыл Абайдың пікірін салыстыра талдап, үндес келетіні айтылды. Ана, тіл туралы тақырыптарда ой қозғағаны және қазақ ақын-жазушыларының пікірлерінің де дала данышпанының ойымен сарындас екендігіне көз жеткізген. «Алланы тану үшін алдымен өзінді таны» деген қай кезде де өзектілігін, маңызын жоғалтпайтын өсиетімен имандылыққа шақыратын діни еңбектері жайлы жазылды. Сондай-ақ, жас буынның діни сауатының қалыптасуына негіз болатын мектептегі берілетін тәрбиенің дұрыс жүргізілуінің де маңызын аша білген. Қазіргі күндегі отбасы мәселесінде ақын ойларын бала тәрбиелеуде ұштастыра білудің маңызы, қазақы болмысымыздан ажырап бара жатуымыздың себептері талданып, бұдан шығудың жолы ұсынылған. Ясауи ілімін насихаттаудың түрлі жолдарын ұсынып, заманауи үлгіде түрлендіре қолданып, тарату, насихаттау арқылы өткен мен келешекті жалғаудың ұлт келешегі үшін қажеттілігі жан-жақты талданған. Мақалада оқу-тәрбие үдерісінде Ясауи ілімін қалай пайдалану жолдары зерттеліп, тақырып ашылған және оң ұсыныстар ұсынылған.

Аннотация

В этой статье обсуждался образовательный процесс в современной системе образования, важность сохранения национальных ценностей в эпоху глобализации, а также применения мудрости великих учёных к детскому сознанию. Было сказано и сравнено мысли и мнение о призыве турецкого народа к грамотности и образованию Ходжа Ахмет Ясави и мыслителя Абая. Так же анализировано, что мнения казахских поэтов и писателей гармонирует с мыслями мудреца поля. О его религиозных произведениях, призывающих к вере, написано, что заповедь о том, что «чтобы познать Бога, прежде всего познай самого себя», никогда не теряет своей актуальности и важности. Также ему удалось раскрыть важность правильного проведения школьного образования, которое является основой формирования религиозной грамотности молодого поколения. Важность умения объединить мысли поэта в воспитании детей в современной семейной проблеме, анализируются причины, по которым мы отделяемся от своей казахской идентичности, и предлагается выход из этого. Всесторонне проанализирована необходимость соединения прошлого и будущего ради будущего нации путем предложения различных способов пропаганды доктрины Ясави, ее современного применения, распространения и пропаганды. В статье рассматривается, как использовать учение Ясави в образовательном процессе. Открыты и представлены положительные предложения.

Annotation

In this article we will talk about the importance of conducting the educational process, wing the wisdom Ving of great scientists in preuer- and instilling national values in the ira of globalization was emphanixed. It was noted that thoja Ahmed

Yasawi's ideas about literacy, educational and upbringing are in harmony with the views of Alai. (The purpose of the event was to promote the development of the Karach language) He related the topic of Holy Language and made sure that the opinions of Kazach poets and writers are also consistent with the thoughts of the steppe genius. It was written about religious works that call for morality with the commandment Know yourself first in order to know Allah", which does not lose its relevance and significance. He also recalled the importance of proper school education which is the basis for the formation of religious literacy of the younger generation. The importance of combining the poet's thoughts in the upbringing in the Modern Family problem, separation of children in learning from and and a way our out Kazach identity analyzed, is proposed, the need to connect the past and the future for the future of the nation is analyzed in detail, offering various ways to promote the teachings of Yasawi, transforming it in a modern way, spreading it, propagating it. the article explores how to use the teachings of Yasawi in the educational process, reveals.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://articlekz.com/kk/article/16202>
2. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 3-том
3. Диуани хикмет (Хикмет жинағы) / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «Ғылым» баспасы. 2016.–210 б.
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
5. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
6. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2
7. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл. ISBN 978-601-282-175

Қ.К. ЯСАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Боканова Айгул Ахметсапина

Астана қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы

Vinom School мектеп-лицейінің

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

шебер –педагог

педагогика ғылымдарының магистрі

Йассауи (1093-1166) – сопылық поэзияның негізін салушы, бүкіл Шығыс мұсылмандарының рухани ұстазына айналған, «Әулие Сұлтан» лақап атымен аталған дін қайраткері. Оның құрмет пен құрметке ие болғаны сонша, көзі

тірісінде-ақ «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деген сөз пайда болды.

Ахмет Яссы (Түркістан) қаласында дүниеге келген, анасы ерте, әкесі 7 жасында қайтыс болған. Баланың алғашқы ұстазы, тәрбиешісі туысы Арыстанбаб болды. Арыстанбаб қайтыс болғаннан кейін 17 жасар Ахмет Яссы қаласына келеді. Осы жастан бастап араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлең жазып, шығыс поэзиясы мен әдебиетін зерттей бастайды. Одан кейін Бұхара қаласындағы имам Юсуф Хамаданидің медресесінде білім алады. Медресені тәмамдаған соң, сопылық ілімді түсіндіру жолындағы бар қиыншылықтар мен қиындықтарды бастан кешіріп, талай қалаларды аралап, туған жері Түркістанға оралып, Арыстанбаб дәстүрін жалғастырады.

Қожа Ахмет Ясауи – өз шығармаларын оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған түркі халықтарының тұңғыш дарынды ақыны. Оның ең танымал шығармаларының қатарына «Диван-и хикмет» («Даналық кітабы»), «Мират-ул Кулуб» («Жан айнасы»), «Пакир-нама» («Кедей туралы әңгіме») жатады. Бірақ ең әйгілісі – көне түркі тілінде қыпшақ диалектімен жазылған және түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына жататын «Диван-и хикмет» («Даналық кітабы»). «Диван-и Хикмет» талай рет қайта жазылып, өңделіп, толықтырылды. Шығарманың қолжазбалары негізінен Ташкент, Санкт-Петербург, Ыстамбұл және Алматы кітапханаларында сақталған [1.26 б].

Соңғы онжылдықтарда «Диван-и Хикмет» шетелде де, Қазақстанда да бірнеше рет қайта басылып шықты. Батыс және Орталық Азияның көптеген аймақтарын кеңінен қамтитын және Қарахан мемлекетіне тереңдеп енген дәуір ойшылдарының тұтас галактикасымен ұсынылған мұсылман мәдениеті құндылықтарға негізделген мүлде жаңа идеологияны құруды объективті түрде қажет етеді. түркі тілдес халықтардың түсінікті де жақын болғаны Қожа Ахмет Ясауи ойларында өз көрінісін, өрнектерін тапты.

Автордың діни-философиялық сипаттағы шығармасында сопылықтың негізін салушы және насихаттаушы бола отырып, автор өзінің поэтикалық болмысын көрсете білді және айтарлықтай жоғары көркемдік стильде ислам дінінің ережелері мен сопылық түсініктің қағидаларын баяндады. Өмір және ондағы адамның рөлі туралы қозғайды. Адамның басты мақсаты –сопылардың пікірінше, түптеп келгенде Жаратушыға жақындап, Оған қосылу үшін өмірін толығымен Аллаға құлшылық етіп, күнәлардан тазартуға арнау. [4.239 б]. Дәл осы идеяны Ахмет Ясауи дәріптейді. Ол осындай мақсатқа жету үшін төрт жолды немесе кезенді белгілейді.

Бұлар – шарифат, тәрихат, марифат және хақиқат. Шарифат – исламның заңдары мен ережелерінің жиынтығы, тәрихат – сопылықты философиялық мазмұнды ілім ретінде тану, ма’рифат – бір Тәңірдің мәнін тану, ал хақиқат – Алланың болмысын түсіну және жақындауға ұмтылу. Осының барлығын Ахмет Ясауи адамгершілік мәселесі, өмірлік ұстанымы ретінде көрсетеді. Автор бірінші тұлғада баяндау тәсілін қатаң ұстанып, тазару мен өзін-өзі жетілдіру жолын өзінің Аллаға иман келтірген, Жаратушыға құлшылық етіп, құлшылық етуге толықтай берілген тұлға ретінде өсіп, қалыптасуының жас кезеңдерімен байланыстырады.

Қожа Ахмад Йасауи Пайғамбарымыздың «Иманның негізі – ар» сөзінің (хадисінің) ақиқаттығына баршаның көзін жеткізеді. және баршаны тақуалыққа, сабырлыққа, мойынсұнуға шақырады» [5.16 б].

Жақсылық пен мейірімге шақыру, азға қанағат ету, өтірік пен пайданы әшкерелеу, аскетизмді уағыздау және жан дүниесін рухани-адамгершілік тазарту А.Йасауи ілімінің негізгі қағидалары болып, оның мүридтері (шәкірттері) мен олардың арасында өз үндерін тапты. [1,б. 182]. Ұстаз шақырған рухани тазалық және оның осы ережелерді орындауы Яссауиді рухани тәлімгер дәрежесіне және ойшылдың «данышпандардың данасы», «екі дүниенің айнасы» деген атаққа көтереді.

Халық педагогикасындағы адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу барысындағы әдістер мен құралдарды Ясауи шығармашылығынан көреміз. Айта кетсем, көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу және т.б. әдістер Ясауи еңбектерінде толық қамтылған. Мәселен, «Хикметтерінде» қамтылса, екіншісі «Пақырнама мен Мұнажатнамасында», ал үшіншісі болса, «Мират-ул- Қулуб» атты еңбектерінде талданып кеткен. Қалған мәселелер өмірбаянына негізделіп жазылған аңыз-әңгімелер мен хикаяттарында келтіріледі. Міне, осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді [2.16 б].

Ясауи бабамыз хикметтерінде қайырымдылық пен зұлымдылық туралы жырлайды:

Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
Патшаменен Уазірдерде әділет жоқ.
Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ,
Түрлі бәле халық үстінде жауды достар.
Ақыр заман ғалымы залым болды,
Ізгі тілегін үзбеген ғалым болды.
Алланы айтқан дәруіштің жолы болды,
Ғажап сұмдық заман болды достар.
Бұл айтылғандар қазір де кездеседі.

Мінекей, мұның бәрі ақылмен білімнің шолақтығынан туындайтындықтан барынша жылдамырақ ұғынып, тезірек түсінгеніміз жөн. Халқымыздың даналығына сүйенсек, «...көзі соқырдан гөрі, көкірегі соқыр жаман», - деген ғой. Бұл тіршілікте әртүрлі жағдайлармен дұрыс тәрбие ала алмаған «көкірегі соқырлар» тым көп. Бұл жөнінде Ясауи «Хикметтерінен» үзінділер келтіре кетсем:

Қазы, имам болғандар – нақақ жала қылғандар,
Есектей болып жегіліп, жүк астында қалады.
Пара алған әкімдер арамдықпен жүргендер,
Өз бармағын өзі шайнап, өкінішпен қалады.
Тән сөйлемес, жан сөйлемес, Иман сөйлер,
Жаннан кешкен, шын гашықтар хақты көздер.
Ғұламаға қызмет қылып жолын түзер,
Сол ғашықты халыққа сұлтан қылар. [3.208 б].

Мінекей, мұның бәрі ақылмен білімнің шолақтығынан туындайтындықтан барынша жылдамырақ ұғынып, тезірек түсінгеніміз жөн. Халқымыздың даналығына сүйенсек, «...көзі соқырдан гөрі, көкірегі соқыр жаман», - деген ғой. Бұл тіршілікте әртүрлі жағдайлармен дұрыс тәрбие ала алмаған «көкірегі соқырлар» тым көп. Сонықтан да өмір шындығының асқар таудай ұлы көріністері, олар үшін күнделікті ішіп жегендерінен артық емес сияқтанып көрінеді. Егер шындық адам бейнесіне еніп, көкірегі көр тобырдың ортасына түссе, оны топастықтың қара күйесі қымтап алып, ыстандырып жіберері хақ. Міне бұл мәселе бойынша да Ясауи «Хикметтерінен» үзінділер келтіре кетейік.

Қазы, имам болғандар – нақақ жала қылғандар,
Есектей болып жегіліп, жүк астында қалады.
Пара алған әкімдер арамдықпен жүргендер,
Өз бармағын өзі шайнап, өкінішпен қалады.
Тән сөйлемес, жан сөйлемес, Иман сөйлер,
Жаннан кешкен, шын гашықтар хақты көздер.
Ғұламаға қызмет қылып жолын түзер,
Сол ғашықты халыққа сұлтан қылар.

«Хикмет» шумақтарынан шындық пен өтіріктің арасы анық айқын ашылып көрсетілген.. Сол себептен де адам баласы тек қана шыншыл болғаны дұрыс. Ол үшін ілімді, білімді ғалым болуы қажет оған жету үшін Алланың ілімін жете оқып, ұғуға ұмтылулары керек екен. Жалпы Ясауи жолының негізгі мақсатыда «Көкірек көздерін» ашу және Алламен қауышу болып табылды. «Көкірек көздерін» сопылық ілімде «Батин көзі» - дейді. Бұл «Батин көздері» ашылуы үшін үлкен-үлкен исламдағы төрт мақамды басып өтуі тиіс. Олар, Шарифат, Тариқат, Ақиқат және Мағрифат. Диван-и Хикметте төрт ұстанымды түсіндіруге көп көңіл бөлінеді: шарифат, тариқат, хақиқат, мағрифат. Ахмет Йассауидің айтуы бойынша шарифатсыз, Тариқасыз, Мағрифатсыз хақиқат (яғни Аллаға жақындау) мүмкін емес дейді. [1.40 б].

Ясауи үшін имандылықтың басты шарты – адал болу, шынайы болу, садик болу. Егер де адам арам көңілмен жақсылық істеген сияқты болса, оның әрекеті рия - екі жүзділік болып табылады. Адам делқұлыққа салынып, бұл өмірде рухани дүниесін жалған байлыққа айырбастап, нәпсіқұмарлыққа жол берсе, надандық ауруына шалдығады. Ал надандық дегеніміз - менмендік, тәкәппарлық сияқты иманға жат қасиеттердің күш алып, адамның бойын улайтын рухани мешелдік болып табылады. Наданның жүрегінің жылуы, көңілінің мейірі жоқ. Мұндай адамдар қатыгездік мұзымен құрсауланып, ешкімнің дертін, халін сұрамас, тасбауыр болады.

Қожа Ахмет Ясауи адамды жалған дүние тұзағынан сақтанып, нәпсінің тұтқыны болмау үшін не жағдайда да иманынан айырылып қалмауына шақырады. Адамның жүрегі таза, рухы пәк болуының кепілдігі ретінде әрдайым иманмен белгіленген ізгі қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіріп отыру қажет. Өйткені адам тек иман түріндегі адамгершілік қасиеттер арқылы дүниелік қор жинап, рухани толысып, Хақ кемелдігіне жетеді.

Бұл дүниеден ақыретке қылар сапар,
Бұл дүниеден азық алсаң, болар қадір.

Қожа Ахмет амал, иман, білгір қадір.

Иманменен қылған сапар ғаріптік жоқ.

Яғни бұл өмір адамгершілік қасиеттердің жиынтығы болып табылатын иман мен нәпсілік құлқынқұмар арасындағы майдан алаңын белгілейді. Адамгершілік қасиеттер нәпсіһауалық қасиеттерді жеңуде адам Хақ дәрежесіне лайық болып, өзінің адамдық келбетімен о дүниеде Хақпен табысып, таухидке жете алады. Сөйтіп, өмір мәні адамгершілік қасиеттердің сынға түсіп, шындалуында көрініс табады. Ал адам дегеніміз - Ясауи бойынша, сенім-иманынан кеме салып, жақсы қасиеттерінен, жақсы істерімен азық жинап, өмір атты дариямен Хақ аманатыман аман есен өз иесіне табыстау мақсатында сапар шеккен жолаушы деп білеміз.

Адамгершілік, имандылық тәрбиенің көзі - осында. Әрбір халық, халық, этнос болып қалыптасу үшін оған үш нәрсе қажет екен, оның біріншісі – тіл, екіншісі - дін, ал үшіншісі жазу. Осы үш мәселенің екеуінің Ясауи бабамыз негізін қалап кеткен. Яғни, түркі халықтарының өз тілдері, ол дінге келер болсақ Ясауи бабамыз «Ислам» деп жеке дара айтпаған. «Түркі - Ислам» деп қосарлап айтатын болған, әрі соны іс жүзіне асырған. Оған себеп, Ислам қағидаларын мүлтіксіз қабылдап оған Түркілердің ғасырлар бойы қалыптасқан Ата діні «Тәңірліктегі» әдет- ғұрып, салт-дәстүр, наным сенім, ырым-тыйымдарды заңдастырған. Міне, егер біз қазір осы жолмен жүрер болсақ, біздің жастарымыз басқа діндерге өтіп кетпеген болар еді, оның үстіне жаман жолдарға да түспеулеріне кәміл сенуге болады. Ал енді үшінші мәселеге келер болсақ, ол жазу. Бұл мәселе бойынша Ясауи ешқандай әрекет жасамаған сияқты. Себебі, ескі түркі жазуы ол кездері ұмыт болып оны ешкім оқи алмайтын еді. Бұл күндері оқуға болады. Яғни біз үш мәселені де тең көтеруімізге мүмкіндігіміз бар.

Аннотация

Автор бұл мақалада Қ.А.Ясауидың шығармаларын талдай отырып, рухани адамгершілік тәлім- тәрбие,адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттар керек екенін мысалмен жеткізіп,оның басты парызын ашып көрсете білген. Қожа Ахмет Ясауи діни-философиялық сипаттағы шығармасында сопылықтың негізін салушы және насихаттаушы бола отырып, туындының поэтикалық болмысын көрсетіп, көркемдік стильде ислам дінінің ережелері мен сопылық түсініктің қағидаларын баяндап, шынайы жеткізе білді.

Қазақ әдебиеті бір арнаның тоғысуы емес,бірнеше жанрлар мен еңбектердің және де мың тағдырлардың арқасында дүниеге келген рухани азық. Осындай туындылардың бірі Қожа Ахметтің осы шығармасы болмақ. Осы жұмыста қоғам алдында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл-ой мен тәлім-тәрбиелік тәжірибені көздеп,заман талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану көзделген. Рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра. Оқыған ойлы оқырманға ой салары анық. Кілт сөздер: Қожа АхметЯсауи,Диуани хикмет,сопылық тәртіп, шарифат,имандылық, адамгершілік,ұлттық тұтастық

Аннотация

Анализируя произведения К. А. Ясауи, автор в данной статье смог на примерах передать, какие условия необходимы для духовно-нравственного воспитания, проявления ценности человека, и раскрыл его главную обязанность. Ходжа Ахмет Ясауи, будучи основоположником и пропагандистом суфизма, в своем религиозно-философском творчестве показал поэтическую суть произведения в художественном стиле, изложил правила исламской религии и принципы суфизма.

Казахская литература – это не слияние одного русла, а духовная пища, рожденная благодаря нескольким жанрам и произведениям и тысячам судеб. Одной из таких работ станет творчество Ходжи Ахмета. В данной работе предполагается использовать педагогический ум и образовательный опыт интеллектуалов перед обществом, совершенствуя его в соответствии с требованиями времени. Мудрость Ахмета Ясауи, влившего кровь ислама в корни духовности, передавалась из поколения в поколение на протяжении тысячелетий. Понятно, что читатель задумается. Ключевые слова: Ходжа Ахмет Ясауи, мудрость Дивани, суфийский орден, шариат, вера, мораль, национальная целостность.

Annotation

Analyzing the works of K. A. Yasawi, the author in this article was able to convey with examples what conditions are necessary for spiritual and moral education, manifestation of human value, and revealed his main responsibility. Khoja Akhmet Yasawi, being the founder and propagandist of Sufism, in his religious and philosophical work showed the poetic essence of the work in artistic style, outlined the rules of the Islamic religion and the principles of Sufism.

Kazakh literature is not a fusion of one channel, but spiritual food, born through several genres and works and thousands of destinies. One of such works will be the work of Khoja Akhmet. This work intends to use the pedagogical mind and educational experience of intellectuals in front of society, improving it in accordance with the requirements of the time. The wisdom of Ahmet Yasawi, who poured the blood of Islam into the roots of spirituality, has been passed down from generation to generation for thousands of years. It is clear that the reader will think about it. Key words: Khoja Akhmet Yasawi, Divani wisdom, Sufi order, Sharia, faith, morality, national integrity.

Әдебиеттер тізімі

1. Жармұхамедұлы М.Қожа Ахмет Ясауи хикметтері.Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімнің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. –16 б
2. Иассауи Қ.А. Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995. – 208 б.
3. Мырзахметұлы М. Ясауидегі «Жан тағылымы, тән тағылымы» хақында. Қ.А. Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. –25-26 б

4. Кенжетев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 239б.

5. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 3-том ДИУАНИ ХИКМЕТ (ХИКМЕТ ЖИНАҒЫ) / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «Ғылым» баспасы. 2016. – 210 б.

Қ.А. ЯСАУИДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРІНІСІ

Боранбаева Раушан Ғазизқызы

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері

Түркістан аумағы мен Түрік ислам әлеміне өзінің пікірі, философиясы және ізгілік идеясы арқылы әсер еткен Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының құндылығы ерекше. Білімге негізделген діни түсінікті алға тарта отырып, түріктер арасында ислам дінінің таралуына Диуани Хикмет (Даналық кітабы) және басқа да шығармалары арқылы ықпал етіп, шынайы білім мен ғылымның қанат жаюы, адамзат баласының рухани жетілуі мен кемелденуі үшін еңбек етті. Орта ғасырдағы сопылық дәстүрдің негізгі өкілі ретінде қалыптасқан Қожа Ахмет Ясауи еңбектері қаншама ғасыр өтсе де құндылығы мен өзектілігін жоғалтқан емес.

Дүниедегі әр түрлі ұлттардың барлығына ортақ жалпыадамдық құндылықтармен қатар, әр халықтың өзіне тән мәдени-рухани, ұлттық құндылықтары да болатыны белгілі. Ұлттық құндылықтарды дамытып, дәріптеу әрбір халықтың ілгері дамуында, өсіп-өркендеуінде, қоғамдық ой-пікірлерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ұлттық құндылық ұғымының астарында әрбір ұлттың өзіне тән ана тілі, тарихы мен туған жері, мәдениеті және салт-дәстүрі, діні мен ділі жататыны анық. Аталған ұғымдар кез-келген халықтың маңызды ұлттық қазынасы, басып өткен қадамынан мәлімет беретін бөлшегі, бүгінгі мен келешегін бағдарлауға атсалысатын ұлттық құралдардың бірлігі болып саналады.

Қазақ ұлтының рухани байлығын, болмысын қарастырғанда Ясауи қалыптастырған дәстүрден аттап өтуге болмайды. Ахмет Ясауидің ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдырған пікірлері мен насихаттары бүгінгі күнге хикметтері арқылы жетті. Өз шығармаларында адамгершілік ізгі қасиеттерді, жақсылықты, кішіпейілділік пен қарапайымдылықты, білім-ғылымды дәріптеп, қоғамды тура жолдан таймай, адал өмір сүруге шақырады. Ахмет Ясауидің адамдарға рухани жетекшілік етіп, бағыт-бағдар беруінде бірнеше факторды атауға болады. Солардың бірі, Жүсіп Хамедани сияқты маңызды қайраткерлердің қасында өсіп, жетілуі болатын.

Ясауидің сопылық дәстүрінің маңызы ең алдымен шарифатқа негізделетінін көруге болады:

Шарифатсыз тариқатқа кіргендердің

Шайтан келіп иманын алады екен...(1, 66 б.)

деген жолдардан хикметтерінде жеткізген ой-пікірі екі үлкен міндет атқарғанын көруге болады. Солардың бірі – сол дәуірде халықтың рухани сұранысы болған дінге көңіл бөлгізгені, екіншісі – халықтың көркемдік-эстетикалық сұранысын қанағаттандыра білгені болатын. Р. Сыздықова өз еңбегінде Ясауи ілімі жалпыадамзаттық құндылықтарды қамтитынын, мораль мен суфизмнің өзара ұштасып жататынын айтады: «Исламдағы суфизм – Ясауи кезеңінен, яғни XII ғасырдан бұрын пайда болған мистикалық-аскеттік ағым. Ясауи ілімі – құдайды табиғатпен теңдестіретін, табиғатты құдайдың өзіне сіңген деп қарайтын мистикалық пантеизмнің көрінісі. Ясауи ұсынған суфизм жалпыадамзаттық идеяларды: теңдікті, әділеттілікті, жақсы іс-әрекеттерді уағыздады, бұлар халықтың көпшілік бөлігінің көңіл-күйі мен арман-тілегіне сай келді. Ясауи ілімінде мораль мен суфизм бір, суфизм – адамгершіліктің бір түрі» (2, 9 б.).

Қожа Ахмет Ясауи хикметінде адамгершілік қасиеттерді жоғары қояды. Әр істі шын көңілмен, пейілмен атқармаса соңында ешқандай пайдасы, берекесі болмайтынын ескерте отырып, мал-мүлік үшін арын да, дінін де сататын жалған мұсылмандықты сынға алады:

Сопы болмай не қылсын, үйде қылар ісі жоқ,
Сопылық дағуа қылады, жұртқа берер асы жоқ.

Ah-oh дейді ол, ал көзінде жасы жоқ,

Сопынақыш болдың бірақ, сірә мұсылман болмадың (3, 435 б.) –

деп ең бастысы адалдықты жоғары қоюды насихаттайды. Жалпы Ясауидегі сопылықтың бейнесін, танымын сипаттауға келсек, онда құдайдың бейнесі бірде от түрінде, бірде күн түрінде, енді бірде теңіз т.б. түрінде көрінеді. Тиісінше адам да бұл стихияның бір бөлігі болып, өзінің алғашқы бастауына, яғни құдайға оралуға бет бұрады...адам құдайдың бір бөлігі ретінде онымен табысады, құдайға қосылады, жалғасады. Құдайды тану – сопылар үшін бүкіл өмірінің мәні (4, 103 б.). Яғни, адамзат баласы өзін тануы үшін құдайды тану жолына бет бұруы тиістігін алға тартады.

Сопы болып нәпсі үшін, үнемі есікке қарайсың,

Нәзір алып келді ме деп үнемі кісіге қарайсың,

Алла лағынет мойныға әр дем сайын саласың,

Сопынақыш болдың бірақ, сірә мұсылман болмадың, (3, 435 б.) –

дей келе ниетің түзу болмаса қаншалықты Аллаға құлшылық жасасаң да қайырымы болмайтынын, адамның емес бір жаратқанның нығметін алу керектігін жеткізеді.

Менің хикметтерімді дертсізге айтпа,

Баға жетпес гауһарымды наданға сатпа,

Ясауи хикметін даналар естісін,

Естіген жандар мұратына жетсін, -

деп өз хикметінің сопылық ілімді дұрыс сіңірмей, өз пайдасына бұрып алатын адамдардың қажетіне жарамайтынын қатал ескертеді.

Жауһар кенінен бір түйір алсын,

Естімегеннің бәрі қасіретте қалсын,

Менің хикметтерім – кемел пір,
Кім Құдайды таныса, жанымен бір, (3, 435 б.) –

дей келе өзі ұсынған ілімнің салмағы мен маңыздылығын, қадір-қасиетін нақтылай түседі. Ясауи хикметінде риясыз құлшылық, адал еңбектің әрқашан да пайда әкелетіні сөз болып, ақиқатты танып-білу, ішкі жан дүниені таза ұстауда адамзат баласының көкірегі ояу, көзі ашық болу керектігін айтады.

Көкірек көзі ашылса, барлық перде,
Ашылар, кетер, қалмас сырда перде.
Жанның көзі таңғалар осы жерде,
Бақылап иман нұрымен көрер достар (3, 436 б.).

Осылайша, ислам дінінің түркі тайпаларының арасында таралып, беки түсуі мен халықтың сана-сезіміне сіңісуінде, адам баласын адамгершілік, ізгілік жолына шақырып, адалдық қасиеттерге сендіруде Ясауи ілімі зор қызмет атқарды. Хикметтері арқылы өз ілімін насихаттады, жақсылық пен жамандықты ажыратуды үйрете білді, әрбір жеке тұлғаның саналы, иманды болуын өтініп, кейде сөгіс беріп, ескертіп те отырды. Бұл тұрғыдан Ясауи шығармаларының қазақ фольклорымен сабақтасып, ортақ құндылықты алға тартқандығын байқауға болады. Хикметіндегі «Баябанда иалғуз қаздик нале қылсам» деген жолдар арқылы белгілі бір образдың фольклорлық сипатын аша түседі. Мұндағы шөл дала (баябан), қаз, көңіл күйдегі нала бейнесі халық эпостарында бір-бірімен тығыз байланыста беріледі. Көптеген халық жырларында қиындыққа түскен бас қаһарман туған-туыстарына қаз арқылы сәлем жолдайды. Хикметтерде көшпелі тіршілік бейнесін берерлік тілдік образдар жеткілікті. (5, 179 б.).

Eserde en çok değinilen değer dürüstlük değeridir. Hoca Ahmed Yesevî Divan-ı Hikmet'te dürüstlük değerini, yalandan kaçınmak olarak ifade etmektedir. Yalan söyleyen kişiyi Hz. Muhammed'in ümmet olarak kabul etmeyeceğini ve bu dünyada olmasa bile ahirette ceza göreceğini belirten Hoca Ahmed Yesevî, dürüstlükte rol model olarak Hz. Ebubekir'i örnek göstermiştir. Diğer değerlerin var olabilmesi için zemin oluşturan dürüstlük değeri toplumda huzurun sağlanması için gerekli görülmektedir (6, 181). Яғни, Ясауи хикметтерінде шыншылдық, адалдық сияқты құндылықтар ең басты орынға ие екендігін көруге болады. Бұдан басқа қоғам жүйесін қуаттандыру және адамдардың бір-бірлерімен байланысын қалыптастыру мақсатында көмек көрсету, ілімге құштарлықты арттыру, адалдық, сүйіспеншілік және махаббат, сенім мен еркіндік сияқты ұлттық құндылықтар да бой көрсетеді.

«Мират – ул Қулуб» еңбегінде де өзінің сопылық ілімін насихаттап, шарифат, тарихат, мағрипат, ақиқаттың мәселелерін талқыға салады. Ақиқат, рухани жаңғыру жолдарын іздестіріп, абсолюттік танымға негізделген принциптерді, құндылықтарды ұсынады.

Ясауитанушы ғалым А.Әбдірәсілқызы Ясауи қалыптастырған сопылық ілімнің дербес мектеп болып қалыптасып, жалғасқанын тілге тиек етеді: «Ясауи поэзиясының бүкіл болмыс-бітімінен автордың өзі сусындап өскен байырғы түркі әдебиетінің дәстүрлерін жалғап, дамытып, жаңа сатыға көтергені айқын аңғарылады. Бір шығармашылық аясында көрініс тапқан қос үдерістің –

дәстүршілдік пен жаңашылдықтың өзара тоғысуы жанр мәселесінде ғана емес, Ясауи негіздеген Орта Азиядағы ақындық мектептің қалыптасуы мен дамуы барысында да шешуші рөл атқарды» (7).

Ясауидің Пақырнама (Fakr-nâme - Кедей туралы аңыз) еңбегінің түпкі мақсаты да жоғарыда аталған еңбектерімен байланысты келеді. Адамилық, тазалық, имандылық һәм мәңгі тірі болу, хақты тану, хақтың дидарымен қауышу сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Аталған еңбегі өсиет беру түрінде жазылып, Алла тағаланың кәламы мен Пайғамбардың (с.а.у.) хадистерін дәріптеп, оған амал еткен үмметтеріне өте пайдалы екендігін айта кету керек. Шығармада бай мен кедейдің аражігі, байлықтың адам баласының болмысына тигізетін кері әсері, байлыққа құныққандардың Алланың лағынетіне ұшырауы туралы сөз қозғалады. Соның негізінде шарифаттың мақамдарын, негізгі қағидаларын ашып көрсетеді. Адалдық пен арамдықтың мәнін ұқтыруға тырысады.

Fakr bir dağdır, bütün değerli maden ocaklarının mekânıdır. Şeyhu'l-meşayih, Allahu Taâlâ onun ruhunu takdis etsin, buyurdular: Fakr bir denizdir. O denizin sonu yok, onun sonunu Hazret-i Muhammed Mustafa'dan, Allah'ın salât ve selâmı üzerine olsun, başka kimsenin gördüğü yok. Seyyidü't-tâife Hazret-i Cüneyd-i Bağdadî buyurdular: Fakr bir tepedir. Seyyid Ahmed-i Kübrâ buyurdular: Fakr Hüdâ'nın nurudur; her kime o nurun ışığı değse, onun ışığından aşkın kemâlini bulur. Şeyh Ahmed buyurur: Fakr bir devlet tacıdır: Her kim (onu) başına koydu ise, iki cihanda sultan oldu. Şeyh Şakîk-i Belhî, Allah'ın rahmeti üzerine olsun, fakr bir ateştir. Her kimin gönlüne düştü vücudu altın oldu. Şeyh Ahmed-i Câm buyurur: Fakr bir şaraptır; her kim ki bir yudum içti, tâ kıyamete kadar yüzü yerde (mest) oldu. Şeyh Kutbu'd-din Hayder buyurur: Fakr Allah'ın cezbesidir; her kime değse, iki cihanda muradı yerine gelir. Hâce Abdullah Hayder buyurur: Fakr ilâhî hidayettir; her kim ki (ona) yol buldu, ebedî sultanlık buldu. Şeyh Mansur-i Hallac buyurur: Fakr Hak Taâlâ'nın didarıdır; her kim ki gördü, görmedi. Lokman-i Serahsî buyurur: Fakr himmet doğanıdır; her kime konu ise, o kişi arşa uçtu (8, 50 б.). Мұнда пақырлықты тауға, теңізге, төбеге, Құдайдың нұрына, мемлекеттің тәжіне, от пен шарапқа, екі дүниеде де арман-мұратқа жеткізетін соққыға, Хақ тағаланың дидарына, қыранға теңейді. Даналықтың шыңы қандай қиын жағдай кездесе де сабырлықтан айырылмау, қаншалықты ауыр заман келсе де соңында бейбіт уақыт туатынына сену мен үміттенуді дәріптей түсетіндей сипат алады. Ясауи пақырлықтың мәртебесін жеті құндылықпен көрсетеді: жомарттық, батырлық, оғаштық, достық, сабыр, қанағат пен сенім.

Жалпы Қожа Ахмет Ясауидің қай шығармасын алсақ та онда ең алдымен, адам болып қалыптасу, адалдық жолында өмір сүру, ізгілікті насихаттау, рухани байлықты жоғары бағалау сияқты құндылықтар баяндалады. Шығармалары арқылы дін мен шарифат арасындағы айырмашылықты анық көрсетіп, әрбір халықтың араб дәстүріне түспей-ақ өзіне тән салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпын, ұлттық құндылықтары мен мәдениетін сақтап қала алатынын дәлелдеді.

Қорытынды

Қай халықтың болмасын өзіне тән ұлттық құндылықтары, сол құндылықтарды анықтаудағы белгілі бір қағидалары, ежелден қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа тарап отыратын таным-түсініктері болатыны анық. Түркі халықтарына ортақ тұлға – Қожа Ахмет Ясауи ілімі, еңбектері мен философиясы, рухани адамгершілік мұрасы қоғамның барлық саласында өзектілігін жоғалтқан емес. Барлық күш-жігерін туған жері мен түркі әлеміне жұмсап, келешек ұрпақтың оқу-білімге деген құштарлығын аша білген ғұламаның қазіргі әдеби тілдің дамуы, оқу-ағарту жүйесіндегі ілгерілеуі, ұлттық тәрбиедегі құндылықтарды саралаудағы ықпалы зор. Шығармалары арқылы фольклор мен жазба әдебиеттің өзара толысып, дамуына дәнекер болды.

Аннотация

Мақалада Қ.А. Ясауи шығармаларындағы сопылық ілім мен халық әдебиетіне негізделген ұлттық құндылықтар қарастырылады. Жалпы ұлттық құндылық ұғымына сипаттама беріліп, Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі көрінісі, насихатталуы мен игерілуі көрсетіледі. Ясауи іліміндегі адамгершілік, ізгілік, адалдық пен шынайылық, еркіндік, ғылым-білім және сенім сияқты танымдар талданып, адамзат баласының рухани жетілу жолындағы маңызы айқындалады. Сонымен қатар, бүкіл Түркі әлемінде ізгілік ілімінің жайылуына септігін тигізген Ясауи шығармаларының сан ғасыр өтсе де маңыздылығын жоғалтпай, әлі күнге дейін моральдік нормалар тұрғысынан жоғары бағалануы баяндалады.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, ұлттық құндылық, түрік әлемі, Ясауи философиясы

Аннотация

В статье рассмотрены национальные ценности, основанные на суфийском учении и народной литературе в творчестве Ясави. Описана концепция общенациональной ценности, показаны ее выражение, пропаганда и развитие в творчестве Ходжи Ахмета Ясави. Анализируются такие знания, как нравственность, добро, честность и искренность, свобода, наука и вера в учении Ясави, и определяется их значение в духовном развитии рода человеческого. Кроме того, сообщается, что произведения Ясави, способствовавшие распространению учения о добродетели во всем тюркском мире, не потеряли своего значения даже спустя многие столетия и до сих пор высоко ценятся с точки зрения моральных норм.

Ключевые слова: Ходжа Ахмет Ясави, национальная ценность, тюркский мир, философия Ясави.

Abstract

The article examines national values based on Sufi teachings and folk literature in the works of Yasawi. The concept of general national value is described and shown its manifestation, promotion and development in the works of Khoja Ahmed Yasawi. Knowledge such as morality, goodness, honesty and sincerity, freedom, science and faith in the teachings of Yasawi is analyzed, and its importance in the spiritual

development of the human race is determined. In addition, it is reported that Yasawi's works, which contributed to the spread of the teaching of virtue throughout the Turkic world, have not lost their importance even after many centuries, and are still highly valued in terms of moral norms.

Key words: Khoja Ahmed Yasawi, national value, Turkish world, Yasawi's philosophy

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметбек А. Қожа Ахмет Ясауи. – Алматы: «Санат», 1998. – 112 б.
2. Сыздықова Р. Яссауи хикметтерінің тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
3. Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 654 б.
4. Тәжікова К.Х. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат. – Алматы, 1989. – 103-104 бб.
5. Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорындағы сабақтастық. Жұлдыз журналы, №12, 2010.
6. Arslan, Akif., Çelik Handan (2016). “Divan-ı Hikmet’te Türkçe Eğitiminde Kullanılabilecek Değerler” (Диуани Хикметтегі түрік білім беру жүйесінде қолдануға болатын құндылықтар). Turkish Studies 11 (3), 169-184 бб.
7. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Ясауидің ақындық әлемі. Алматы, 2007.
8. Kemal Eraslan., Necdet Tosun (2016). Yesevî'nin Fakr-nâmesi ve İki Farsça Risalesi (Ясауидің «Пақырнамасы» және екі парсы тіліндегі трактаты). Ankara.

Қ.А.ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Букенова Гаухар Асканбековна
Астана қаласы, Алматы ауданы
№64 мектеп-лицейі, қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

«Диуани хикмет» түркі тілдес халықтардың XII ғасырдан сақталған әдеби жәдігерліктерінің бірі саналады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») атты еңбегіндегі жалпыадамдық мәселелердің құндылық қырларын ашып, кеше-бүгін сабақтастығына, даму үрдістеріне мән берудің маңызы зор. Ақын өз кітабын Орта Азия мен Қыпшақ даласының түркілеріне кезінде түсінікті болған шағатай тілінде жазған. Бұл өлеңдер жинағы қазақ әдебиетінің де орта ғасырлық нұсқасы болып табылады. Бұл өлеңдер жинағының алғашқы түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы ХУ ғасырдың орта кезінде араб емлесімен көшірілген. «Ақыл кітабы» Қазан (1887 және 1901ж.), Стамбул (1901 ж.), Ташкент (1902 және 1911 жж.) баспаларынан бірнеше рет жеке-жеке кітап болып басылып шығады. Ахмет Ясауи өлеңдер жинағының ең толық нұсқасы Қазан басылымы болып табылады. Мұнда 149 хикмет берілген. Соның 109 хикметі Ясауидің өзінікі екені даусыз дейді. Қалғандары шәкірттері тарапынан жазылып, жинаққа еніп кеткен жыр жолдары

болса керек [5, 47]. Белгілі орыс ғалымдары А. Н. Самойлович, Е. Э. Бертельс, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, т.б. Ахмет Яссауи жырларын зерттей келіп, кезінде оны жоғары бағалады, әрі ақынның өзінен кейінгі сөз зергерлеріне тигізген әсері зор болғанын ерекше атап көрсетті. Ахмет Яссауи поэзиясын зерттеу ісіне Э.Р. Рустамов, Н.М.Малаев, В.И.Зохидов сияқты өзбек ғалымдары да едәуір үлес қосқан. «Диуани хикметті» қазақ тіліне аударма жасағандар М. Жармұхамедұлы, М. Шафиги, Е. Дүйсенбайұлы, С. Дәуітұлы.

Яссауидің «Диуана хикмет» еңбегі түркі тілінде жазылған рухани және гуманистік бағыттағы кітап деуге болады. Оның хикметтерінің жеке өз басының түркілерге кеңінен танымал болу себебі – ол ұстамдылыққа және өзін-өзі жетілдіруге шақыратын құнды этикалық идеялар көтерді. [4,106]. «Қапалы жанды көрсең, бол оның сен емшісі», «Мен мойынсұнбайтындардың белгісін табуға тырысамын», «Еліктесең – пайғамбарға елікте, жетімдерді ұмытпа» т.б Оның мейірімділігі, әділеттілігі, өткір ойлылығы, қарапайым қалың бұқараның жанының шындығын түсінбек ынтасы, өзін басқалармен тең ұстаған, көкіректілігі жоқ, ақ пейілі Яссауидің « хикметінде былайша басталады.

«Бісміллә» деп баян еттім хикмет айтып,

Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.

Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен "дәптер сәни" сөзін аштым, міне.

Өзінің жырының басын «Бісміллә"сөзімен бастайды, ақын шәкірттеріне арнап жазған гауһар жырының, оңайлықпен келмегенін, осы жыр арқылы халықтың иман көзін ашқысы келетінін жеткізіп отыр.

Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,

Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.

Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,

Діні қатты халайықтан қаштым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерге қамқор болғанын, діні қатты қатыгез жандардан жанын аулақ ұстағанын, жақыныңды жақын тұт дегенді айтады.

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,

Көре қалсаң мүсәпірді дәмдес болғыл.

Махшар [1] күні құзырына жақын болғыл,

Менменсінген халайықтан қаштым, міне.

Қайда жүрсеңде мүсәпірге көмектес, сыпай бол, көңілін жұмсақ жайдары бол, менмендіктен бойыңды аулақ ұста дейді.

Ырзық берсе, тағдырға қанағат қылғыл,

Қанағат қылып сауық шарабын іштім, міне.

Қанағатшыл бол,ысырапшыл болма дегенді түсіндіре келіп,

Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,

Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый.

Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,

Бойым тыйып дариядай тастым, міне.

Ақылға тоқтасаң, жаныңдағы әлсіздерді шын мейіріммен сүй, Мұстафадай жетімге қамқор бол, дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый дейді.

Ұлы ғұлама ақын, ойшыл өзінің туындысында дін мұсылман қауымына Алланың ақ жолын-Ақиқат жолын айтып беруді, ұғындыруды мақсат еткен.

Кемеңгер бабамыз бұл жинағында өз уақытының шындығын өмірінің бүкіл болмысын, ғұмырлық тәжірибесін, ізденістері мен құлшыныстарын табу мен тану үшін не істеу керектігін өлеңдік өрнекпен, ғұламалық тереңдікпен, шын мұсылмандық ұғыммен жырлап отырған.

Ол өзінің даналық кітабында екі өмірдің мәнін аша келіп имандылыққа, әділдікке, адалдыққа, мейірімділікке үндейді. Осыған орай, ол Мұхаммед пайғамбардан үрдіс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын тек өзі көрмей, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге де қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу, Аллаға сол туралы шын көңілден жалынып-жалбарынудың қажеттігін ұтымды түрде сипаттайды:

Өмірдің қызығы мен қиыншылығын пенде бастан қанша кешірсе де, қиыншылыққа төзіп, қуанышқа сабыр, шүкірлік етуі шарт

Жалпы, Қ.А.Йассауи хикметтері арқылы жеті принципін жеткізген:

1. Аллахқа деген махаббат
2. Ықылас пен шынайылық
3. Адамға деген сүйіспеншілік
4. Кішіпейілділік
5. Әйел мен еркек теңдігі
6. Еңбекті бағалау
7. Ілім мәселесі [3].

Қожа Ахмет Ясауидің ендігі бір мән берген, аяусыз әшкерелеген тақырыбы надандық дер едік. Өйткені оның түсінігінше, надандық – бүкіл жауыздық, зұлымдықтың таусылмас қайнар көзі. Мұнда арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай, осы надандыққа ғылым-білім мен даналықты үнемі қарама-қарсы қойып отырады. Сондықтан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсіруге ол бар ынтасы мен ықыласын сарқа жұмсайды. Тіпті өз ойын жинақтай келе ғұлама: «Надандармен бірге өткізген уақыттың өзі дозақпен тең», – деп қорытып, олармен бірге жүруге де, жолға шығуға да қарсы тұрады. Жалған молда, залымдарды да аяусыз түйреп, «Хал ілімін» үйренуге шақырады. Осындай әділетсіздіктер мен зұлымдықтарға қарсы әділдікті ту ете отырып, Хақ Тағала ісіне ғана сабырлық, төзімділік танытудың қажеттігін бейнелі жолдармен өрнектейді.

Ол надандықтың адам баласына келтірер зияны мен бүлігін жеріне жеткізе, өлтіре сынап, бұған жаңалықты ғана қарама-қарсы қояды, үміт-тілегін де даналарға арнайды:

Наданмен өткен өмірің тозақ болар,

Надан барса тозақ одан қашар.

Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,

Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.

Қожа Ахмет Ясауи Құдайға беріліп құлшылық етушілердің өзін жалған ғашықтар, шын ғашықтар деп жүйелейді. Жалған ғашықтары, жоғарыда айтылғандай, екі жүзді аярлар, надандар делінсе, шын ғашықтары Алла жолына

жан-тәнімен берілген даналар деп сипатталады. Осының бәрін ол екі әлемнің (ол дүние мен бұл дүниенің) сыр-сипаттары тұрғысынан шендестіре суреттейді.

Ғұлама ұстазы Арыстан Бабтың айтқан ақылдары мен үлгі-өсиеттерін зор ілтипатпен еске ала отырып, ұстазының рухани тазалығын, адалдығы мен шыншылдығын өзгелерге үлгі тұта сөйлейді. Осыған орай ол кейбір надан шәкірттер мен арам сопылардың бет пердесін жұлып алып, олардың шын мәнісінде қандай жандар екенін айқара ашып әйгілейді:

Тақуамын деп зор санар, көзіңнен шықпайды жасың,
Көңілдерінде дерті жоқ, қалай ауырар басы.
Өтірік, айла қылса да, Құдайға мәлім бар ісі,
Арыстан Бадам сөздерін есітсеңіз тәбәрік деп жырлайды

Сөйтіп, арамдық пен өтірік-өсектен, нәпсіқұмарлықтан жиіркенбейтін шәкіртсымақтарды ақын өлтіре сынай отырып, «ғарыштардың ұлығы, заты таза» Арыстан Бабты сондай пасықтарға үлгі етіп ұсынады [3].

«Диуани хикмет» шығармасында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің үлкен бір саласы-имандылық тәрбиесі. Осы кезге дейінгі педагогикада тәрбиенің сан алуан түрлері сөз болғаны белгілі. Олар ақыл-ой, дене шынықтыру, адамгершілік тәрбиелері. Осынау тәрбие түрлерін ескі сарынмен топтастырмай-ақ, олардың барлығын жинақтап оны имандылық деп білеміз. Оның ойынша адамның имандылығы оның тілегінен, мақсатынан, осыған орай жүріс-тұрысынан, кішіпейілділігінен туындайды.

Яссаuidiң өзі де сыпайылық танытып, ілтипат көрсетіп, қажет болса жанашырлық жасап жүреді екен. Ол ата-ананды аяла, қарттарды сыйла, әрқашанда ата-бабаның қаны, Алланың жасы тамған туған жерді қорғауға әзір болу керектігін ерекше ескертеді.

Қазақ халқының бар өмірі іргелес елдердің басқыншылық әрекеттеріне қарсы күреспен өтті деуге болады. Осы кездегі ел бастаған даналар мен батырларды жастарға үлгі етеді. Өзінің шығармасында олардың өмірлерін кейінгі ұрпаққа өнеге тұтады. Ол халықты имандылыққа шақырып, ынтымаққа, бірлікке, ұл-қыздарын сол қоғамның белсенді адамдары етіп тәрбиелеуге шақырады. Сертке беріктік, досқа адалдық, мейірімділік, еңбек сүйгіштік, сұлулықты түсіне білу, отансүйгіштік сияқты ізгі мінездерді басқаларға үлгі ету кітабында кең орын алған.

«Кітап ашып, сурәлардың мәнін сұрап, Ұққанымша асықтым, әзер шыдап,
Қол қусырып, ұстазымның сөзін сыйлап,

Жаутаң қағып, көңілін бағып тұрдым мен де...» [2]. Осы хикметтердегі тәлімдік ой-пікірлері бүгінгі біз айтып жүрген имандылық тәрбиесімен ерекше қиюласып, ұрпақты жас бесігінен тәрбиелеуге көмектеседі.

Менмен, көрсеқызар, кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді, яғни бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді де мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы.

«Менің хикметтерімді дана естісін,
өзімді дос қылып, мақсатына жетсін.

Қияметте оған жетекші болармын,
Егер дертті болса, дәрі болармын...» [2], -

дейді ұлы кемеңгер бабамыз.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның өмірде алатын орнын оның ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Яссауидің адам және оның имандылығы, адамгершілігі туралы ілімінің маңызы зор. Әрбір адамның ары таза болса, онда оның ісі де нәтижелі, ұлттық тарихымыз да таза болады. Ендеше бұл дүниедегі негізгі әлеуметтік-мәдени байлық-парасатты, иманды іші мен сырты әсем, ылғи ойы мен ісі бірлікті болатын адам. Соның ішінде адамның өзін өзі тануы – ең қиын мәселе. Данышпан Абай атамыз айтқандай: «Адам бол!» атты гуманистік идеясы сонау Яссауиден халқымыздың бойына сіңген өзіндік философиясына тән. Осы идея қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында біздер үшін өте маңызды.

Аннотация

Мақалада Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінің зерттелуіне қысқаша тоқталып өтіп, ғұлама ақынның хикметте дін мұсылман қауымына Алланың ақ жолын-Ақиқат жолын айтып беруді, ұғындыруды мақсат етумен қатар, адамдарды имандылыққа, әділдікке, адалдыққа, мейірімділікке үндегенін жеткізеді. Ол ақыл-ой, дене шынықтыру, адамгершілік секілді тәрбие түрлерін жинақтап, имандылық деп білуді ұсынады. Демек, халықты имандылыққа шақырып, ынтымаққа, бірлікке, ұл-қыздарын сол қоғамның белсенді адамдары етіп тәрбиелеуге баса назар аудару керек екендігін сөз етеді. Сертке беріктік, досқа адалдық, мейірімділік, еңбек сүйгіштік, сұлулықты түсіне білу, отансүйгіштік сияқты ізгі мінездерді басқаларға үлгі ету «Даналық кітабында» кең орын алған жеткізеді.

В статье кратко рассматривается исследование работы Х. А. Ясави «Дивани хикмет», в котором поэт-ученый обращается к людям с призывом к вере, справедливости, честности, доброте, а также с целью рассказать мусульманскому сообществу о светлом, чистом пути Аллаха – пути истины. Он предлагает объединить формы воспитания такие как ум, физическая культура и человечность под общим названием нравственного воспитания. Иными словами необходимо призывать народ к нравственности, воспитывать солидарность, единство, воспитывать сыновей и дочерей как активных людей этого общества. Такие добродетели, как стойкость, верность другу, милосердность, трудолюбие, умение постигать красоту, патриотизм, широко представлены в «Книге мудрости».

The article briefly examines the study of the work "Diwani Hikmet" by H. A. Yasawi, in which the poet-scientist ask earnestly to people with an appeal to faith, justice, honesty, kindness, as well as to tell the Muslim community about the bright, pure path of Allah – the path of truth.

He proposes to combine forms of education such as mind, physical culture and humanity under the general name of moral education.

In other words, it is necessary to call the people to morality, to foster solidarity, unity, and to educate sons and daughters as active people of this society.

Virtues such as fortitude, loyalty to a friend, mercy, hard work, the ability to comprehend beauty, and patriotism are widely represented in "The book of Wisdom".

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Құрастырған А. Қыраубаева, Алматы, 1991.
2. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аударған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.
3. Кенжетәев Д. Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Автореферат. – Алматы, 2002.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Гайнуллина Гульмира Тлеугазиевна

Астана қаласы, ШЖҚ МКК

«№75 мектеп-гимназиясы»

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Педагог-зерттеуші

Гуманитарлық ғылымдар магистрі

«... Ахмет Ясауи деген кім? Теренірек зерттеп қарасаңыз, оның мұрасынан ұлттығымыздың рухани негізін табасыз!» (Түріктің ақиық ақыны Яхия Кемаль).

Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында қазақ жерін әлемге мәшһүр еткен данышпандардың бірі – Қожа Ахмет Ясауи. Ол Орта ғасырлық түркілік мәдениеттің ірі тұлғасы.

Қожа Ахмет Ясауи (1094-1167 ж.ж) өмір сүрген. Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық поэзиясының көрнекті өкілі, дуалы ауыз данышпан, кеменгер ақын ағартушы.

Болашақ ақын он алты жасынан шығыс поэзиясын, әдебиетін, философиясын жетік меңгерді. Он жеті жасынан бастап, өзі де өлең жаза бастады. Өз жырларын шығыс авторларынан бірінші болып, сол кездегі шойырлар секілді араб, парсы тілдерінде емес, өзінің ана тілі – түркі тілінде жазған. Ясауи шығармаларының құндылығы осында.

Ахметтің ағартушылық ой-пікірлерінің қалыптасуына игі әсер еткен табиғи арналардың бірі - ақынның дүниеге келген ортасы, ұстаздары. Талантты жастың өз бетінше ден қоя оқыған, құныға тыңдаған ауыз әдебиеті шығармалары - туған халқының өмірі мен дәстүрін, арманы мен мұңын ертерек танып білуіне себепші болды. Туған халқының рухани мұрасын жан-жақты игеріп, Шығыстың ғылыми ой-санасын сыншылдықпен бойына сіңіру арқылы Ахмет қазақтың қоғамдық ой-пікірін өзінің ағартушылық тұрғыдағы тұжырымдарымен байытты.

Қожа Ахмет Ясауидің жазған еңбектерінің бәрінде де этнопедагогикалық, педагогикалық, этнопсихологиялық және де жалпы тәлім-тәрбие мәселелері кеңінен қарастырылған. Сол үшін барлық түркі халқы Қ.А.Ясауи еңбектерінен өздеріне қажетті дүниені алып отырады. Соның ішінде этнопедагогикаларын қалыптастыруда да Ясауи еңбектерін кеңінен пайдаланады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қ.А.Ясауи шығармаларына, тағылымына оның мұраларындағы ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтарын игерудің педагогикалық әдістемелік нысаны туралы молырақ көңіл аударып, зер салуға мүмкіндік туды.

Бүгінде Қ.А.Ясауи ілімінің мәні, маңызы мен ерекшелігін айқындау - тарихымыздың өткені мен бүгінгі арасындағы арналар сабақтастығын қалпына келтіруге ықпал етуді. Ясауи дүниетанымдық ілімі - адамды ішкі еркіндікке жетелейтін ілім.

Ясауи ілімі – жаһандану дәуірінде отырып, өзінің ішкі әлемінен хабарсыз қалған, имандылық пен арды ойлауға қабілетсіз, жаппай нәпсіқұмарлық жайлаған қоғамның әлеуметтік індетінің емі екендігі даусыз. Осы мәселелерде өзімізге жаңаша сын көзбен қарау тұрғысынан Ясауи ілімін зерттеу - уақыт талабына айналды.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы өзекті мәселелердің бірі - оқу-тәрбие тақырыбы. Ғұлама ғалым бүкіл елінің, туған халқының рухани-адамгершілік, мағынауи мәдениетінің оқыту мен тәрбиелеу ісінің мәні мен маңызы зор екендігін терең сезінген. Сондықтан да, оның бар саналы ғұмырында, жалпы шығармашылығында оқу-тәрбие жұмысы жөнінде пайымдаулар, тәлімдік-тәрбиелік, рухани-адамгершілік, мағынауи мұраларындағы ой-пікірлерді ерекше орында тұрады десек қателеспейміз. Сол арқылы ұлттық педагогика мен психология ғалымдарының салаларына өшпес үлкен баға жетпес үлес қосқаны сөзсіз. Ол күнделікті өмірдің өзінде оқу-білім, халықты сауаттандыру, көкірек көзін ашу жөнінде көптеген құнды ойлар айтып, осы игілікті іске өзі де белсене араласып отырды. Оның айтуынша «...ең ауыр майдан надандықпен, нәпсімен күресі майданы: әрі ұзақ, әрі ызасы көп...».

Оқу-тәрбие жұмысының пәрменділігі мен тиімділігін, қадір-қасиеті мен пайдалылығының ерекше мән-маңызы осында жатыр.

Ахмет – ел ішінде әділдігімен аты шыққан адам. Шешендігі мен ақылгөй даналығы оны жерлестері арасында сый-құрметке бөлейді. Ахмет айтып еді деген қанатты, ғибратты, діни өсиет-насихатқа толы сөздер елден-елге тарайды. Сол кезде ел аузына кеңінен таралған қанатты сөздерінің тәрбиелік маңыздылығы әлі күнге өзекті деуге болады. Мысалы;

- «Кітап аш та мәнін ұқ»
- «Аяқ-қолыңды жерге түсірмей мақтағандарға қуанба»
- «Кердендік – пиғылы бұзылған пасықтың ісі»
- «Мейірімі жоқ менмендерге қаспын мен»
- «Мадақтар болсаң, шан асылды мадақта»
- «Бейнеттен қашпа»
- «Бетбақ болма»
- «Қиын да болса, түзу жолмен жүр»
- «Арың сақта, болсаң да малға кедей»
- «Жамандық ойламы»
- «Кісі ақысын жеме»
- «Ұрыншақтың жауы көп, жамандардың дауы көп»
- «Халқыңа қызмет ет, Ізгілерге ізет ет,
- «Жаны жақсы жайсаңдарға қызмет ет»
- «Менмен бай құдайға да ауыз салады» - деген қанатты сөздері.

Ақынның жастарды «Кітап аш та мәнін ұқ» - деп білім алуға, «Халқыңа қызмет ет, Ізгілерге ізет ет, Жаны жақсы жайсаңдарға қызмет ет» - деп

ғылымға, «Арың сақта, болсаң да малға кедей» - деп адамгершілікке үндеген педагогикалық топшылаулары шығыстың атақты ғұламалары Әлішер Науаи, әл-Фараби, Ғ.Дауани т. б. ой-пікірлерімен сабақтас, өзектес келеді. Ол осындай маңызды тәлім - тәрбиелік ой-толғаныстарын өзіндік құнды қағидалармен толықтырып, кейінгі ұрпаққа ағартушылық жаңа дәстүр қалдырды.

«Диуани Хикмет» атты атақты шығармада ақын діни-сопылық қағидалармен қатар оқу, білім алу, адалдық, имандылық, ізгі қасиетті болу, ақыл-парасатқа жету, жақсылық, жамандық, төзімді болу, достық пен махабатты қастерлеу, әділетті болу, адал жолмен жүру сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттады.

«Диуани Хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін күдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады.

Қожа Ахметтің даналық сөздерінің көбін ұстазы Арыстанбаб жиі еске алып, ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады. Менменділік, көрсе қызар кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді, яғни бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді-мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы.

Қожа Ахмет базбір хикметтерінде надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ деген адамгершілік құндылықтарды жоғары ұстай отырып, жағымсыз қасиеттерден адамдарды сақтандырады.

Шам айналып көбелектей түстім күйге,
Жалын атып, от боп жанып күйдім мен де.
Бұрынғыдан күрт өзгеріп бөгде болдым,
Алла түспес ауызымнан, пенде болдым.

Міне, осылай Аллаға деген сүйіспеншілігі арқылы адалдық пен ақиқат жолын таңдаған ақын ақыры сопылық жолға түсіп, өзі айтқандай «әділ сөйлеп, адал жүрер жолда болып, тазалық тұрағына енген. Ақын баба өз хикметтерінде, өзінен бұрын өткен даналар сөзіне зейін қойып, олардан үйренгендігін жасырмаған». [1]

Ахмет Ясауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі – ахлақ (мораль). Ахлақ – хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана “шындыққа”, “жан тыныштығына” қауышады. Қожа


Ахмет Ясауи ілімінде “жан тыныштығы”, “шындыққа жету” адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тариқатта жүзеге асады. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін-өзі меңгеруге қолы жетіп, “Кемел адам” тұрпаты қалыптасады. Көшпелі түркі қауымын имандылыққа шақыру арқылы Қожа Ахмет Ясауи ілімі барша түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Осы жердегі Кемел адам (араб. “инсан-и камил” – толық адам) дегеніміз – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік. Кемел адам ұғымы қазақ әдебиетінде кітаби ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді. [2]

Рухты кемелдендіру арқылы болмыстың бірлігін түйсіну, жаратылыс сырларын ұғыну, Жаратушының хикметін сезіну ілімі [3], бүгінгі жаһандану заманында да өз құндылығын жоймағандығына көз жеткізуге болады.

Қожа Ахмет Ясауидің ендігі бір мән берген, аяусыз әшкерелеген тақырыбы надандық болды. Өйткені оның түсінігінше, надандық - бүкіл жауыздық, зұлымдықтың таусылмас қайнар көзі-тұғын. Мұнда арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай, осы надандыққа ғылым-білім мен даналықты үнемі қарама-қарсы қойып отырады. Сондықтан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсіруге ол бар ынтасы мен ықыласын сарқа жұмсайды. Тіпті өз ойын жинақтай келе ғұлама: «Надандармен бірге өткізген уақыттың өзі дозақпен тең», – деп қорытып, олармен бірге жүруге де, жолға шығуға да қарсы тұрады.

Имандылықтан туатын құндылықтарды әділеттілік, турашылдық, ар-ұят, намыс, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, мейірімділік, ата-анаға құрмет, отансүйгіштік, қанағатшылдық, тазалық, махаббат, адамды сүю, жүректілік деп тізіп, жалпы парасат (фазилат) құндылықтарына, ал имансыздықтан туындаған зұлымдық, жалғандық, екіжүзділік, опасыздық, менмендік, риякерлік, қорқақтық сияқты жаман қылықтарды масқаралық (разилат) сипатына жатқызып, бұлардан аулақ болуын ескертеді. [4]

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» шығармасындағы осыншама құндылықтарды жастардың бойына сіңіруде оқытудың көптеген тиімді әдіс-тәсілдерін, насихаттауда әлеуметтік желілерді пайдалануға болады. Мысалы, Блум таксономиясы арқылы оқушыларға шығарма мәтінімен таныса отырып, сатылай кешенді талдау жасау, өлең мазмұны мен идеясын анықтау өте тиімді болды. Осы мақсатта оқушылардың білімін бекіту негізінде көптеген ойын

түрлерін де қолдануға болады. Мысалы,  платформасында тапсырмалар дайындап, тест тапсырмаларын орындаттық. Осы сілтеме арқылы кіріп оқушылар білімдерін бекітуге таптырмас ойын түрлері деуге болады. <https://learningapps.org/watch?v=p72otneyj24>

Сондықтан да, осы мақаладағы шолулар, қазіргі кездегі жеке тұлғаның қалыптасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдарды саралай отырып, Қ.А.Яссауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін негізге алып педагогикалық көзқарастарының құндылығын түсіну, философиялық танымдарын жүйелеу болып табылады.

Аңдатпа

Бүгінгі күні қоғам алдында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл – ой мен тәлім - тәрбиелік тәжірибені көздеп, замана талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану көзделген.

Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалыптасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдарды ала отырып, Қ.А.Яссауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын, педагогикалық көзқарастарын жүйелеу. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Яссауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра.

Кілт сөздер: Қожа-Ахмет Яссауи, Диуани хикмет, философия, хикмет.

В основу данной статьи поплажен анализ научных данных о формировании личности, основы и философские познания духовно-нравственного воспитания К.А.Яссави, просветительской деятельности, творческих исторических трудов с его просветительской работой в обществе. Мудрость Ахмета Ясауи, влившего кровь ислама в корни духовной пищи, на протяжении тысячелетий передавалась из поколения в поколение не только как представителя казахской литературы. Ключевые слова: Ходжа Ахмет Ясауи, мудрость Дивани, философия, мудрость.

Abstract. Kazakh literature is not just a channel of one channel, but there result of several genres, works and thousands of fates. Today, the public is being used by smart people to continue the pedagogical mentality and practice of teaching and developing the mind accordance with modern requirements. The basis of this article is the scientific conclusions about the person's personality, the analysis of spiritual moral education, educational activities, Kayassawi's creative historical works in educational work in society, the systematization of philosophical knowledge. The wisdom of Ahmet Yasawi, which is not only a representative of Kazakh literature, but also the roots of spiritual food, is inherited from generation to generation for millennia.

Key words: Khodja-Ahmed Yassawi, Diwani Hikmet, philosophy, wisdom.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IV том

2. ↑ Абай, Шығармалар жинағы, А., 1986; Улудағ С., Тасаууф терімлері сөздігі, ст., 1999; Әліпханұлы М., Құттың кілті – кісілік, Түркістан, 1997

3. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. (Дайын. М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы). – Алматы: Жалын, 1998 ж., – 290 б.

4. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Аударған Ж. Әбдірашев. Шымкент, 1993 жыл.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МЕН МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

Дженсыбаева Салтанат Калиолдановна
Астана қаласы әкімдігінің «31 мектеп-
гимназия» ШЖҚ МКК қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі «педагог – зерттеуші»,
гуманитарлық ғылым магистрі

Тақырыптың өзектілігі: Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») еңбегі - бүкіл түркі халықтарының рухани игілігіне айналған мұра. Автор шарифат, тарих, ақиқат сияқты бүкіл адамзатқа ортақ, маңызды мәселені көтерген. Ол адамдарды әділдікке, адалдыққа, мейірімділікке шақырады. Соның арқасында түркі тілі әдеби қолданысқа енгізілді. Сол себепті де Ясауи еңбегі ғылыми айналымға еніп, түркі тектес халықтармен қоса, басқа да әлемдік деңгейдегі түркітанушылардың назарын аударған. «Диуани хикмет» еңбегі жан-жақты талданып, әр қырынан қарастырылған, дегенмен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларымен қатар зерттеліп, өзара үндестігі, рухани сабақтастығы зерттелмеген. Мақала өзектілігі де осыдан туындайды.

Мақсаты: Қожа Ахмет Ясауи мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын салыстыра отырып, уақыт алшақтығына қарамастан, идея үндестігін дәйектеу.

Тақырыптың зерттеу әдістері: жинақтау, болжау, саралау, баяндау.

Тақырыптың ғылыми жаңалығы: Мақала Қожа Ахмет Ясауи мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы рухани сабақтастықтың талданып, қоғам өміріне байланысты мәселелер, адамның рухани болмысы, адамзат қоғамындағы ізгі қасиеттер сияқты ортақ тақырыптардың жырлануын жан-жақты ашуымен ерекшеленеді.

Адамның ішкі әлемінің нақты анықтамасы мен шекаралары жоқ. Философтар адамның ішкі әлемі ұғымына өз анықтамасын беріп, оны руханилық деп атайды. Шын мәнінде, руханият пен адамның рухани әлемі - бұл көптеген әртүрлі элементтерді қамтитын күрделі жүйе. Бұл дүниетаным және оны құрайтын бөліктер, сенім мен наным болуы мүмкін[1].

Осыдан біз «рухани» деген ұғымға көбінесе адами ізгі қасиеттер санаты кіретініне көз жеткіземіз. Ал сабақтастық дегенге түрлі анықтамалар берілген. Атап айтатын болсақ:

1. Жалпылық байланыс пен дамудың арақатынасын бейнелейтін материалистік диалектика ұғымы. Таза эмпирикалық қатынастар аясында оның мазмұны кейінгі құбылыстарды бұрынғы құбылыстардың кейбір мәнінде сақтап дамыту [2, 130].

2. Сарындастық, үндестік, байланыстылық. Өткен тарихпен сабақтастықтың жоғалмаған жағдайында біртұтас рухани дүние қалыптасады [3, 103].

Міне, сабақтастық, оның ішінде рухани сабақтастық адамзат ғасырлар бойы қалыптастырған игі, ізгі қасиеттерді ұрпақ ауысқан сайын сақтап қалу үшін маңызды философиялық мәнге ие. Олай болса, араларында бірнеше ғасыр алшақтығы бар екі ғұламаның рухани әлеміндегі сабақтастықтың болуын заңды құбылыс деп қараған жөн. Өйткені оның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, екеуінің де діни ұстанымды рухани кемелдену мен ізгілік негізі ретінде қабылдауы. Мысалы,

Қожа Ахмет Ясауиілімінде: нәпсі – жамандықтың, рух – жақсылықтың көзі. Оның хикметтерінің басы – Алланы бар және бір деп білу. Ол өзі өмір сүрген сопылық дүниетанымға тән теориялық-тұжырымдамалық ұстанымды түркілік дүниетанымның негізінде жаңғыртты. Тәңірді жазалаушыретінде ғана емес, оны сүю арқылы өзін-өзі танып, құрметтеу нәтижесінде адам бойында жауапкершілік, махаббат, имандылық, ізгілік сияқты асыл құндылықтар қалыптасады деп түсіндірді. Сол арқылы адам өмірінің мәні артады деп білді.

Ал Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Исламның бес парызы біреуі – иман,

Таппайды бұл бесеуін дүниежиған.

Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,

Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған», – деп жырлады.

Халқының арғы ата-бабасынан бері қалыптасқан ізгілік қағидаттарын діни сенімге негіздей отырып, насихаттады. Екі ғұлама да дінге соқыр сенім арқылы сеніп, парызын орындап қана қою деп білмейді. Керісінше, адамның діни сенімі адамзатқа игі, прогрессивті ықпал етеді деп біледі.

Екіншіден, өнер мен білімді де мақсатқа апарар, қоғамды ізгілендірер жол ретінде танулары. Сондай-ақ қоғамдағы адамдар арасындағы теңдікке жетуді де басты назарда ұстаған:

«Бісміллә» деп баяндайын хикмет айтып,

Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.

Жанды жаралап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен «Дафтар-и сани» сөзін аштым міне.

Сөзді айттым кімде болса дидар талап,

Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.

Ғаріп, жетім, пақырлардың көңілін сыйлап,

Көңілі бүтін, халайықтан қаштым, міне.

Қайда көрсең көңілі сынық жұмсақ, бол,

Ондай сорлы жолда қалса, сырлас бол.

Қиямет күні тәңірімізге жақын бол,

Менменсінген халайықтан қаштым, міне [4, 51].

Осы жолдар арқылы қайырымдылық, адам жанын түсінуге үндейді. Қайырымдылық жасау үшін де адам бірінші кезекте өз жандүниесін, сосын өзгенің болмысын түсіне білуі тиіс. Ол ғылымда «эмпатия» терминімен берілетінін білеміз. «Эмпатия» термині лингвистикаға психология ғылымынан алынған. Эмпатия дегеніміз - өзге адамдардың танымдық ортасына ене білу және түсіну, көңіл-күйін сезе білу, қабілеті. Эмпатия (лат. Empatheia - әсерлену) - өзге адамдардың жан-дүниесінің сыры мен күй-жайын білу қабілеттілігі және оған жанашырлық білдіру. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім [5].

Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бұл жайында:

Өнерге ғылым білім болсаң жерік - ,

Берілер ақыр бір күн басыңа ерік .

Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә ,

Табылар мұңлы зарлы саған серік, - деп келтіреді.

Қарап отырсақ, эмпатия арқылы адам ең ізгі қасиеттердің бірі – қайырымдылыққа бет бұрады екен.

Үшіншіден, екі ғұлама да халықты жарыққа шығарудың бірден-бір жолы – оқу-білім деп түсініп, соны бағыт-бағдар ретінде нұсқайды. Сонымен қатар, білім адам өмірін жеңілдетіп, ізгілендіреді деп біледі. Қожа Ахмет Ясауи:

«Сізді, бізді хақ жаратты тағат үшін,

Бұл бір ғажап: ішпек-жемек рахат үшін.

«Қалу бәлә» деді рухым мехнат үшін.

Қара бет боп жер астына кірдім, міне.

Нәпсім мені көп жүгіртті хаққа бақпай,

Күндіз-түні бейғам жүрдім жасым ақпай.

Нәпсім мен менмендікті отқа жақпай,

Қайғы жұтып жер астына кірдім, міне» - дейді. Бұл жерде де білім мен еңбек туралы ерте бастан ойлау, халық қамын жеу сияқты мәселелерді мақсатым деп қою керектігін айтады.

Сондай-ақ,

Жазуменен жасым жетті жиырма бес,

Субхан ием, зікірменен көкейім тес.

Көкірегімдегі түйіндерді сен өзің шеш,

Сол себептен хаққа сиынып келдім міне...

Отыз тоғыз жасқа кірдім, қылдым қасірет,

Уә дариға, өтті ғұмырым, қане тағат?

Қанағатшыл хақ қасында хош сағадат,

Қызыл жүзім тағат қылмай солды, достар - деген сөздері де үздіксіз еңбек, өнер-білімді насихаттауға негізделген.

Екі тұлғадағы халықтың қамы, адамдардың рухын қадірлеу сияқты ой үндестік табады.

М.Ж.Көпеевтің ағартушылық бағыты оның поэзия саласындағы туындыларында әсіресе айқын сезіледі.

Балалар жалқау болмай оқы сабақ ,

Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ .

Айрылса оқу оқып білгенінен ,

Біз оны деп айтамыз Арамтамақ , – деп жастарды ерінбей еңбек етуге, оқу оқып, білім алуға, сөйтіп ілгері ұмтылуға үгіттесе, енді бірде салақтық пе жалқаулықты сынға алады:

Парқы бар жақсының да жақсыменен ,

Балгер бірдей бола ма бақсыменен .

Артымда ненің барын мен білем бе ,

Жамандық қанша болса тапшы менен , - деп адамгершілікті мадақтап, оған жат қылықтарға жирене қарайды. Міне, дәл осы ойды 15 хикметінде:

Ей, достар, наданменен жолдас болып,

Бауырым күйіп, жаннан тойып, өлдім міне.

Тура айтсам да теріс жолға мойнын бұрар,

Қан жұтып қасірет уына тойдым міне.

Наданменен өткен өмірің тозақ болар,

Надан барса дозақ та одан қашар,- дей келе надан адамнан біздің мұсылмандық наным-сенім бойынша тозақтың да қашатынын сөз етіп отыр.

Осыдан біз екі дәуірде өмір сүргеніне қарамастан, Қожа Ахмет Ясауи мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы арасындағы терең рухани сабақтастықты байқай аламыз. Сонымен қатар рухани сабақтастықтың қанша ғасыр өтсе де, жалғастығы болатынын және оның міндетті құбылыс екеніне көз жеткіземіз. Онсыз сан жылдар бойы жинақталған адамзат тәжірибесінің мәні болмас еді. Әр ұрпақ өзіне жаңа тәжірибе жинақтап, өмір сырын түсінуіне көптеген уақыт кетері сөзсіз.

Қорытынды.

Сабақтастық – алдыңғы және соңғы уақыт аралығын жалғастырушы, өткенді бүгінмен байланыстырушы категория, байланыс пен дамудың арақатынасынбейнелейтін ұғым. Ол —адамзаттың өткен өміріндегі кезенді, қазіргі заман мен болашақтыбайланыстыратын алтын көпір. Сөйте отырып, адамзат дамуына тікелей ықпал етеді. Сабақтастық ұғымы -ұлттың, адамзаттың дамуы мен таралуына ерекше әсер ететін күш және осы шақпен өткен шақты байланыстырушы құндылық.

Олай болса, Қожа Ахмет Ясауи мен Мәшһүр ЖүсіпКөпейұлышығармаларындағы үндестікті көрсетіп, оның мәнін ашу бүгінгі күн үшін де, болашақ үшін де аса маңызды. Ол ұрпақтың адспауына, өз бағытын айқындауына ықпал ете отырып, тіршілік мәнін, ұлттық болмысты түсінуге әкеледі.

Аңдатпа

Мақаланың лейтмотиві - қазақ, тіпті түркілік әлемде ерекше орны бар, қайырымдылық, ізгілік қасиеттерді насихаттай отырып, адамзат үшін ерекше құндылықтарды шығармаларына арқау еткен тұлғалар: Қожа Ахмет Ясауи мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани үндестігі. Екі ғұлама тұлғаның шығармаларындағы негізгі үндестік талданған, нақты мысалдар арқылы негізделген. Олардың қалдырған мұраларының маңызы көрсетілген.

Аннотация

Лейтмотивом статьи является духовная гармония Ходжи Ахмеда Ясави и Машхур Жусупа Копеевича, которые занимают особое место в казахском и даже тюркском мире, пропагандируя благотворительность, добродетели и прививая уникальные для человечества ценности. Основное созвучие в произведениях двух ученых личностей анализируется, обосновывается на конкретных примерах. Показано значение оставленного ими наследия.

Annotation

The leitmotif of the article is the spiritual harmony of Khoja Ahmed Yasawi and Mashhur Zhusup Kopeevich, who occupy a special place in the Kazakh and even Turkic world, promoting charity, virtues and instilling values unique to humanity. The main harmony in the works of two scientific personalities is analyzed and justified on specific examples. The significance of their legacy is shown.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <https://kk.cultureoeuvre.com/10904028-what-is-the-spiritual-world-of-a-person>
2. Философиялық сөздік. Редкол: Р. Н. Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энци. баспасы. 1996. - 525 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст.А.Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
4. Қожа, А.И. Диуани хикмет (ақыл кітабы) / Ахмет Исасауи Қожа; Қазақшаға аударғандар: Жармұхамедұлы М, Дәуітұлы С, Шафиғи М.- 4, 91 МБ.- Алматы: Мұраттас орталығы, 1993.- 262 б.
5. Николаева. Т.М. Эмпатия//БСЭ, Языкознание -гл. Ред. В.Н.Ярцева. - 2.-е изд. М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. -685с.

Қ.А.ЯСАУИ ТҰЛҒАСЫ-ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТҮТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ

Дүйсебаева Анипа Маралбаевна

Түркістан облысы, Жетісай ауданы,

Асықата кенті, Абылкасимов №15 колледж

Түркі әдебиетінің бар болуы мен қалыптасуына ықпал еткен тұлғаларымыздың арасында Қожа Ахмет Ясауидың орны бөлек екені бәрімізге мәлім. Философ өз заманында сопылық өз мәдениетін және философиясын дамытып, жастарға тәлім-тәрбие бесігі болып табылатын еңбектерін қалдырды.

Түркі халқының ұлы ақыны, ойшылы, Ясауи тариқатының негізін салушы ретінде белгілі Қожа Ахмет Ясауи өз шығармалары түрінде бізге әлі күнге дейін Орталық Азияда ғана емес, бүкіл әлем халқының рухани өміріне әсер етіп келе жатқан ауқымды мұра қалдырды. әлем. Оның шығармашылығының философиялық және тәрбиелік мәніне тоқталайық.

Ясауидің педагогикалық көзқарасы, ең алдымен, шәкіртті адамгершілікке тәрбиелеуге үлкен мән береді. Ол ұстаздарды тек тәлімгер ғана емес, сонымен қатар шәкірттердің өзін-өзі жетілдіруге, тұлғалық қасиеттерін дамытуға шабыттандыратын дана дос, рухани жол көрсетуші болуға шақырады. Мұғалімнің адамгершілік беделі мен үлгі-өнегесі ретіндегі рөлін бұлай түсіну оның педагогикалық көзқарасының негізгі қағидасы болып табылады. Ясауи үшін ұстаздың әр шәкіртті қабылдауға, түсінуге, оның даралығын қастерлеуге, таланты мен қабілетін ашуға ұмтылуға әрқашан дайын болуы маңызды. Осы қасиеттерді шәкіртіне жеткізу үшін ұстаздың өзі тазалықтың, даналықтың, мейірімділіктің, төзімділіктің үлгісі болуы керек. Ол балаларға қатысты қатал тәртіп пен зорлық-зомбылықты жоққа шығарып, оның орнына сүйіспеншілікті, мейірімділікті және өзара түсіністікті уағыздады.

Ясауидің педагогикалық көзқарасының негізгі идеяларының бірі – «бүкіл әлемге деген сүйіспеншілік» қағидасы – ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына қарамастан барлық адамдарға құрмет пен төзімділік. Бұл принцип мәдени әртүрлілікті құрметтеу және әрбір студентті кім болса, сол қалпында қабылдау тәжірибесінде жүзеге асады.

Сонымен қатар, Ясауи тек ақыл-ой ғана емес, рухани тәрбиенің де маңыздылығына ерекше мән берген. Ол жан мен жүректі дамытуға, шындықты іздеуге, рухани өзін-өзі жетілдіруге шақырды. Оның ойынша, тәрбие жан-жақты және білімді де, адамгершілік құндылықтарды да қамтуы керек.

Сонымен, Ясауидің педагогикалық көзқарасы рухани тәрбие, гуманизм, төзімділік пен адамдарға деген сүйіспеншілік принциптерін біріктіреді. Оның идеялары мен әдіс-тәсілдері заманауи білім беруде өзекті және маңызды болып табылады, ұстаздарға әр оқушының жеке тұлғасының үйлесімді дамуына ықпал етіп, толерантты және рухани бай ұрпақ тәрбиелеуге көмектеседі.

Ясауи хикметінің мән-мағынасы оның шынайы білімге, имандылыққа, бақытқа адамның ішкі жан дүниесін өзгерту арқылы ғана жетуге болатынын дәлелдеуінде жатыр. Ол шындық пен білімді іздеуге шақырады, бірақ сонымен бірге рухани үйлесім мен жан тазаруға ұмтылады. Оның философиясында тұлғаның дамуының, оның рухани өсуінің және ішкі трансформациясының маңыздылығы туралы мәлімдеме орталық орын алады.

Ясауи философиясының негізі – адам баласына деген құрмет. Ол әр адамның мызғымас қадір-қасиеті және өз жолын еркін таңдауға құқығы бар екенін айтады. Жеке адамның құндылығы оның пікірінше, әлеуметтік жағдайына, нәсіліне немесе ұлтына байланысты емес. Ясауи өз шығармаларында өзгеге құрмет пен төзімділікке, рухани еркіндікке, өзін-өзі тануға шақырады.

Оның философиясының сауыты - адамдар арасындағы қарым-қатынас пен махаббаттың маңыздылығын түсіну. Ол адамгершілік пен келісімнің негізгі қағидалары ретінде риясыз сүйіспеншілік пен жанашырлық идеясын уағыздайды. Ясауи үшін ғашықтық – адамды асқақтататын, құдайға ұқсататын, келіспеушіліктер мен кедергілерді жеңетін қасиетті сезім.

Ендеше, Ясауи хикметінің адам баласының қадір-қасиетін танып, рухани үйлесімділік іздеп, махаббат пен төзімділікті уағыздауында жатыр. Оның

даналық өлеңдерімен, өсиеттерімен өрнектелген философиясы адамдарды ішкі шындықты іздеуге, рухани қасиеттерді дамытуға, қоғамда жасампаздыққа баулуды жалғастыруда.

Ясауи шығармаларындағы маңызды ұлттық құндылық – туған жерге, туған жерге деген сүйіспеншілік. Ясауи өз өлеңдері мен уағыздарында туған жерін асқақтатып, оның сұлулығын, байлығын суреттейді. Ол өз ұлтына деген мақтаныш сезімін уағыздады, бұл оның поэзиясы мен шығармаларында көрініс тапты.

Ясауи өз шығармаларында көрсеткен тағы бір ұлттық құндылық – руханилық пен адамгершілік тұтастық. Түркі мәдениетінен берік орын алып, оның ұлттық болмысының маңызды бөлігіне айналған ізгілікке, төзімділікке, мейірімділікке шақырды.

Оның шығармалары қай тілде жазылғаны да маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Ясауи қазақ тілін өз ойын, ілімін жеткізу құралы ретінде пайдаланып, сол арқылы түркі халықтарының мәдениетінің сақталуына, дамуына үлес қосты.

Сонымен, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында түркі халықтарының Отанға деген сүйіспеншілік, руханият, имандылық, мәдени мұра сияқты маңызды ұлттық құндылықтары көрініс тапқан. Оның шығармашылығы түркі әлемінің мәдени байлығының құрамдас бөлігі болып қала береді және ортақ мұраттар мен дәстүрлерді бағалайтын халықтарды рухтандырып, біріктіруді жалғастыруда.

Түркі халықтарының бірлігін қалыптастыруда түркі халықтарының ұлы ақыны, мистикі Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Ол әртүрлі түркі халықтары арасындағы рухани-мәдени байланыстың символына айналды, оның махаббат, толеранттылық және рухани даму туралы ілімдері осы халықтардың бірігуіне негіз болды.

Ясауи түркі халықтарын өзіне тартатын жалпыадамзаттық құндылықтарды жариялады. Ол көршіні сүйеге, ұлты мен діни сеніміне қарамастан басқа адамдарға татулық пен төзімділікке шақырды. Оның философиясы мен поэзиясы түркі халықтарын ортақ құндылықтар мен мұраттар төңірегінде біріктірудің қуатты құралы болды.

Ясауи түркі халықтарының мәдени дамуына да қатты әсер етті. Оның шығармашылығы түркі поэзиясы мен музыкасының дамуына негіз болды. Оның поэзиясын түркі халықтары әлі күнге дейін ана тілінде оқып, орындап келеді. Бұл түркі халықтарын біртұтас тұтастыққа біріктіретін өзіндік тілдік және мәдени көпір қызметін атқарады.

Біздің заманымызда Ясауи тұлғасы түркі халықтарының бірлігінде маңызды рөл атқарып келеді. Оның Қазақстандағы кесенесі барша түркі халықтары үшін түркі әлемінің түкпір-түкпірінен зияратшылар келетін киелі мекенге айналды. Ол түркі халықтарының ортақ мәдени-рухани болмысының қалыптасуына ықпал ететін терең мәдени-тарихи қызығушылық объектісі ретінде де қызмет етеді.

Қожа Ахмет Йасауи шығармашылығын зерттегенде мынадай тәжірибелерді жасап, жаңа идеяларды қалыптастырып және тәжірибе нәтижелерін айқындадым:

1. Ясауи өлеңдерін қабылдауға музыканың әсерін талдау. Бұл эксперимент арқылы Ясауи поэзиясына негізделген музыкалық шығармаларды пайдаланып, оның поэзиясын қабылдауға, эмоционалдық тәжірибеге және түсінуге музыканың қалай әсер ететінін зерттедім.

2. Ясауи шығармашылығындағы философиялық-рухани тақырыптардың зерттелуі. Бұл тәжірибені қолданудың арқасында Ясауи өлеңдері мен мәтіндерін талдап, негізгі философиялық-рухани ой-пікірлерін анықтауға бағыттап, одан кейін бұл идеялардың қазіргі адамдардың күнделікті өмірінде қалай жүзеге асатынын зерттедім.

3. Ясауи поэзиясының психологиялық саулыққа әсерін эмпирикалық зерттеу. Бұл тәжірибені қолдану арқылы Ясауи поэзиясын оқу немесе тыңдаудың қатысушылардың күйзеліс деңгейіне, эмоционалдық көңіл-күйіне және жалпы психикалық жай-күйіне әсерін анықтау үшін психологиялық зерттеу жүргіздім.

Олардың әрқайсысы эксперименттер Ясауи шығармашылығын және оның адам өмірі мен мәдениетінің әртүрлі салаларына әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ясауи еңбектеріндегі жаңашыл педагогикалық тәжірибе келесі нәтижелерді қамтиды:

1. Шығармашылық ойлауды ынталандыру: Ясауи шығармаларын оқу оқырманның шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Оның поэзиясы мен философиясы студенттерді жаңа идеялар мен шешімдер табуға шабыттандырады.

2. Руханиятты дамыту: Ясауи шығармалары руханияттың, ішкі тыныштық пен келісімнің дамуына ықпал етеді. Шығармашылығын зерделеуге негізделген педагогикалық тәжірибе студенттердің рухани құндылықтарын дамытуға ықпал ете алады.

3. Мәдениетаралық түсінік: Ясауи шығармалары Орталық Азияның мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып табылады. Оның шығармашылығын зерттеу мәдениетаралық түсіністік пен Орталық Азия халықтарының мәдениетіне құрметпен қарауды дамытуға ықпал етеді.

4. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту: Ясауи поэзиясы мен философиясын талдау оқырманның сыни тұрғыдан ойлауын, аналитикалық ойлауын, әдеби түсіндіру дағдыларын дамытады.

5. Адамгершілік тәрбиесі: Ясауи философиясы мен поэзиясы биік адамгершілік қасиеттермен сусындаған. Оның шығармаларын зерделеу студенттердің бойында адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ете алады.

Бұл нәтижелер Яасауи шығармаларының жаңашыл ұстаздық тәжірибе контекстіндегі елеулі құндылығын көрсетеді. Оның жұмысын зерттеу студенттерді шабыттандырады, олардың шығармашылығы мен руханилығын дамытады, мәдениетаралық түсіністік пен сыни ойлауға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Қожа Ахмет Ясауи – жай ғана кешегі өткен тұлға емес, ол төзімділік пен сүйіспеншілікке толы рухани мұра кесесінде ортақ құндылықтары, салт-дәстүрлері мен мәдениеті біріктірілген түркі халықтарының бірлігінің символына айналды. Сонымен бірге Ясауи поэзиясын зерттеуге жастарымызды шақырғым келеді. Бұл ұсынысымның себебі, Ясауи еңбектерінің әлі күнге дейін толық зерттелмеуінде болмақ.

Аннотация

Бұл мақалада түркі халқының кереметтей тұлғасы Қ.А.Ясауи туралы сөз қозғалады. Ясауи тұлғасының түркі халықтарының ынтымағына тигізген ықпалы, оның халықтар бірлігінің басты қағидалары болып табылатын жақынды сүю, татулық пен төзімділік туралы ілімдері зерттеледі. Сондай-ақ, Ясауи мұрасын қазіргі әлемде сақтау мен таратуға бағытталған іс-шаралар мен бастамалар, оның түркі халықтарының ортақ мәдени-рухани болмысын қалыптастырудағы маңызды рөлі атап көрсетілген. Сонымен қатар, ғалымның еңбектерінің тәрбиелік және философиялық мәні қарастырылып, философтың педагогикалық көзқарасы жайлы айтылмақ. Ясауи еңбектерінің адамгершілікке, имандылыққа жетелейтіні жазылып, хикметтерінің философия өзегі адам деп көрсетіледі. Хикметтерінің басым бөлігінде адам баласын құрметтеуді және бағалауды көрсеткен ғалым еңбегі жайлы өз мақаламда жазып өттім. Сонымен қатар, Ясауи еңбектерін зерттеу нәтижелерімен бөлістім.

Кілттік сөз: философ, ғалым, хикметтері, адам, Ясауи еңбектері, педагогикалық көзқарас.

Аннотация

В данной статье рассказывается о К. А. Ясави, замечательном человеке турецкого народа. Изучено влияние личности Ясави на единство тюркских народов, его учение о любви к ближнему, мире и толерантности, которые являются основными принципами единства народов. Также подчеркивается деятельность и инициативы, направленные на сохранение и распространение наследия Ясави в современном мире, его важную роль в формировании общей культурной и духовной самобытности тюркских народов. Кроме того, будет рассмотрено просветительское и философское значение трудов ученого, обсужден педагогический подход философа. Написано, что произведения Ясави ведут к нравственности и вере, а философское ядро его мудрости оказывается человеческим. В своей статье я написал о работе ученого, который в большей части своей мудрости проявил уважение и признательность к людям. Кроме того, я поделился результатами исследования творчества Ясави.

Ключевые слова: философ, учёный, мудрость, человек, произведения Ясави, педагогический подход.

Annotation: This article talks about K. A. Yasawi, a wonderful man of the Turkish people. The influence of Yasawi's personality on the unity of the Turkic peoples, his teaching about love for one's neighbor, peace and tolerance, which are the basic principles of the unity of peoples, have been studied. The activities and initiatives aimed at preserving and disseminating the Yasawi heritage in the modern world and its important role in the formation of the common cultural and spiritual

identity of the Turkic peoples are also emphasized. In addition, the educational and philosophical significance of the scientist's works will be considered, and the philosopher's pedagogical approach will be discussed. It is written that Yasawi's works lead to morality and faith, and the philosophical core of his wisdom turns out to be human. In my article, I wrote about the work of a scientist who showed respect and appreciation for people in much of his wisdom. In addition, I shared the results of a study of Yasawi's creativity.

Key words: philosopher, scientist, wisdom, man, works of Yasawi, pedagogical approach.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Диван: Таңдамалы өлеңдер» - Қожа Ахмет Йасауи жазған өлеңдер жинағы.
2. «Ясауи өмірі мен тағылымы» - бұл кітапты зерттеуші ғалым Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен ілімін және оның түркі халықтарына әсерін талдап жазған.
3. «Мейхана: поэтикалық және мистикалық жазбалар» – бұл басылымда Қожа Ахмет Ясауи поэзиясы мен уағыздары қамтылған.
4. «Ясауи және оның мұрасы» – бұл кітап Ясауидің түркі мәдениеті мен ислам мистикалық дәстүріне ықпалын талдауға арналған.
5. «Шығыс Қазақстанның мәдени тарихындағы Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы» – бұл басылым Ясауидің шығармашылық мұрасын Шығыс Қазақстанның мәдени-тарихи ортасы контекстінде қарастырады.
6. «Диуани хикмет».

АХМЕТ ЯСАУИ ЖӘНЕ ДАНАЛЫҚ ХИКМЕТТЕРІ

Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна
Астана қаласы «Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері педагогі
педагог-зерттеуші

Халқымыздың даналық ой маржаны мен дүниетанымы – терең философиялық мәні бар асыл қазынамыз. Сақ, ғұн дәуірлерінен, халықтың ауыз әдебиетінен бастау алатын бай мұраларымызда ел мен жер тағдыры, ұрпақ тәрбиесі басты назарда болды. Сонау Күлтегін мен Тоныкөк, Қорқыт ата мен Баласағұн мақсат-мұраттарының ақын-жыраулар поэзиясымен үндес болуы-бүгінге дейін дәстүр сабақтастығының үзілмей келе жатқандығының дәлелі. Дүниеге келген перзенттің жақсы тәрбиеленіп, білім алуы және еліне пайдасы бар келелі іс тындыруы - сөз зергерлерінің мәңгілік басты арманы. Олар «Келер ұрпақ кім болмақ?», «Не істемек?», деген сауалдарға жауапты өмірдегі түрлі қисындармен түйіндеп, бабалар мұрасындағы ой-тұжырымдармен сабақтастықта қарастырады. Ал біздің алдымызда «оқушыларға қалай жеткіземіз?» -деген сұрақтар туындайды. Өз тәжірибемді ортаға салып көрейін.


Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулықта берілген 1-бөлім. Дананың сөзі-ақылдың көзі.

Жоспар:

- А.Ясауи өмірі мен қызметі («10 дерек» әдісі арқылы);
- Қожа Ахмет Ясауидің ілімі. Даналық хикметтері (Оқулықтағы шартты белгілер арқылы тапсырма орындату);
- Қожа Ахмет Ясауидің ілімінің қазіргі қоғамдағы орны мен ерекшеліктері (Жыл күнтізбесі -2024);
- Қорытынды.

Жалпы менің ойымша, 5-8-сыныптарды суреткердің бүкіл өміріне тоқталудың қажеті жоқ. Өміріне тұжырымды түрде шолу жасап, әсіресе, оқығалы отырған шығармаға байланысты мәселелерге ғана көбірек көңіл бөлу керек. Егер мұғалім қосымша материалдар пайдалана отырып, оның тек өмірі ғана емес, азаматтық тынысы, халқына сіңірген еңбегі, өмір сүрген ортасына байланысты әр қилы өмір жолы, жеке басының қуаныш, қайғысы жайында ұтымды сөз қозғай білсе, ол оқушылардың жан-жақты ізденуіне ерекше әсері болар еді. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, «10 дерек» әдісін ұсынамын. «10 дерек» әдісін қолдану арқылы әр ақын, жазушының өмірі мен шығармашылығын толық меңгертуге болады. Мысалы, әр сыныпта 20 оқушы бар. Сол 20 оқушы 20 дерек айтса, балалар неге меңгермеске!?

Екіншіден, әр кітапта берілген **шартты белгілер арқылы тапсырмаларды орындату** өте қызықты,бірақ көбіне біз бұған мән бере бермейміз.Сондықтан сіздерге шартты белгілер арқылы тапсырма орындатуды ұсынамын.



Шартты белгілерге байланысты тапсырмалар:

1-тапсырма. Ақын өз шығармасында нені басты мақсат етіп көрсетеді? Шығарманың жанрлық ерекшелігі неде?

Жауап: Ақын өз шығармасында заманның өзгергенін, заманды адам өзгертетінін, ақылдыны ақымақтың жеңетінін, халықтан мейірім кететінін, үлкені кішіге ізет, кішінің үлкенге құрмет көрсете алмайтынын, қыз-бозбаланың бұзылатынын, мұсылманның мұсылманға жау болатынын, ел билеген патшаның әділетсіз болатынын, заманның азғандығын көрсетеді. Ал осындай қоғамның бейнесін шырылдап шындыққа қосатын Қожа Ахметтің сөздері екенін және оны заманның әрбір адамы өзіне арқау ету керектігін мақсат етеді.

Шығарманың жанры – Лирика: Азаматтық лирика.

2-тапсырма. Ясауи хикметтерінің идеясын анықтап, дәптерлеріңе жазындар.

ақылды болуға

мейірімді және рақымды

мінез-құлықты дұрыстауға

әділ болуға

адал болуға

шыншыл
болуға

3-тапсырма. Ясауи хикметтерінде қоғамға қандай баға беріледі? Ясауи жырлаған қоғамға мінездеме беріңдер.

Жауап: Ясауи хикметінде бейнеленген заман мынадай: ақылдының жеңілетін, ақымақтың жеңетін заманы, халықтың бір-біріне мейірім шапағаты жоқ рақымсыз болған заманы, жастардың әдепсіздікке бой алдыратын заманы, биліктің әділетсіз болған заманы.

4-тапсырма. Берілген өлеңді негізге ала отырып, қоғамдағы жастар тәрбиесіне байланысты келеңсіздіктерді шығарма түрінде жазыңдар.

«...Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті,

Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті.

Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті,

Бұл не деген замана болды, достар?...»

Жауап: Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғам, яғни ХХІ ғасыр мол мүмкіндіктер мен шексіз таңдаулар кезеңі. Жастардың озған заманы. Заман ағымына ілесе өмір сүріп жатқан жастарымызға заманның «берері мен алары» да көп. Жақсысы да бар, жаманы да бар, Мысалы, қазіргі заман жастарының қоғамдағы мінез-құлқын алайық. Өте дөрекі сөйлеу, менмендікке салыну, бір-бірінің намысына тию, өтірік «намысшылдық», зиянды әрекеттерге құштарлық, үлкенді сыйлай алмау көріністері жиі кездеседі. Болашағымыздың туын тік ұстайтын жастарымыздың осындай халге душар болғандары да бар. Бірақ бұған заманды кінәлай алмаймыз да... Өйткені, заманды жасайтын адам емес пе...?!

5-тапсырма: Жазғандарыңның шешімін қалай табуға болады?

Жауап: Ең алдымен тәрбиені дұрыстау керек. «Тәрбие – тал бесіктен» деген сөз бар. Ұрпаққа тәрбиені ес біліп, ер жеткенде емес, ана құрсағында жатқанда-ақ беру керек. Жастарымызды ең алдынан мейірім мен адамгершілікке баулу.

Жоспардың үшінші бөлімі бойынша А.Ясауи шығармаларын сынып сағаттары мен сыныптан тыс жұмыстарда қолдануға болады. Мысалы, оған дәлел ретінде «Ясаудың ғибратты сөздері», Ясауи шығармаларындағы бүгінгі адам бойындағы құндылықтар» тәрбие сағаттарымды айта аламын. Мұның басты мақсаты-адам бойындағы адами құндылықтарды таба білу, өмірде пайдалану. Дәлел ретінде «Жыл күнтізбесі – 2024» күнтізбесін ұсынамын.. Бір жылда он екі ай бар, сол он екі айда он екі хикмет меңгеретіні рас емес пе?! Оны QR арқылы көре аласыздар.

Ахмет Ясауидің айтайын дегенін былай түйіндеуге болады:

1. Арамдықтан аулақ бол;
2. Жастарға еріншек болма;
3. Дүние-мүлік үшін арынды сатпа;
4. Менмен тәкаппар болма.

Бүгінгі өткізіліп жатқан конференцияның өзі Ұлы бабамызға деген үлкен құрметтің белгісі болса керек. «Даналық кітабы» түркі халықтарының

бұрыннан қалыптасқан өлең үлгілерін кемелдендіріп, байыта түседі. Адам баласының жан азығына айналар құндылықтарды дәріптейді. Ақын адам мінезіндегі жағымсыз әдеттерден арылып, кемел адам болуға шақырады.

Сондықтанда өз заманының кесек тұлғаларының өзін және олардың қыл қаламынан туындаған шығармаларын, сол шығармалардың өзегіне айналған өміршең идеяларын біз және болашақ ұрпақ қастерлей білуіміз қажет. Ол – өмірдің талабы. «А.Ясауи -тек дін насихатшысы ғана емес, сонымен бірге ол адам бойындағы ізгі қасиеттерді көкке көтере мадақтаушы, өз оқырманын сабырлы, жомарт, кішіпейіл болуға шақырған ойшыл ақын. А.Ясауидің еңбегін адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күш, айқын бағдарлама деуге болады», - деген Немет Келімбетовтың сөзімен қорытындылаймын.

Аңдатпа

Халқымыздың даналық ой маржаны мен дүниетанымы – терең философиялық мәні бар асыл қазынамыз. Осы қазынаны әрбір ұрпақтың бойына ұялату үшін қоғам алдында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл – ой мен тәлім - тәрбиелік тәжірибені көздеп, замана талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану осы баяндамада көзделген.

Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалыптасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы оқу-тәрбиелік жұмыстарымен Қ.А.Яссауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеу. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – кейінгі ұрпаққа тәрбие беруде әрбір сөзінің мағынасын аша отырып, өмірде толық адам болып қалыптасуына септігін тигізу, құндылықтарды бойға қалыптастыру. «Даналық кітабы» түркі халықтарының бұрыннан қалыптасқан өлең үлгілерін кемелдендіріп, байыта түседі. Адам баласының жан азығына айналар құндылықтарды дәріптейді. Ақын адам мінезіндегі жағымсыз әдеттерден арылып, кемел адам болуға шақырады.

Сондықтанда өз заманының кесек тұлғаларының өзін және олардың қыл қаламынан туындаған шығармаларын, сол шығармалардың өзегіне айналған өміршең идеяларын біз және болашақ ұрпақ қастерлей білуіміз қажет. Ол – өмірдің талабы.

Аннотация

Жемчужина мудрости и мировоззрения нашего народа – наше драгоценное сокровище, имеющее глубокий философский смысл. Чтобы привить это сокровище каждому поколению, в настоящем докладе предусмотрено использование интеллектуалов перед обществом, направленное на педагогический ум и педагогически-воспитательный опыт, совершенствование его в соответствии с требованиями времени.

В основу данной статьи положены анализ, обоснование и систематизация духовно-нравственного воспитания К. А. Ясави, просветительской деятельности, творческих исторических трудов, научных выводов по вопросам формирования личности, воспитательной и воспитательной работы в обществе. Основная цель этой работы – помочь следующему поколению стать целостной

личностью, сформировать ценности на протяжении всей жизни, раскрывая значение каждого слова. «Книга мудрости» совершенствует и обогащает старинные поэмы тюркских народов. Они прославляют ценности, которые становятся пищей человека. Поэт призывает людей избавиться от вредных привычек и стать совершенным человеком.

Именно поэтому мы и будущее поколение должны иметь возможность уважать великих личностей своего времени и произведения, созданные их пером, жизнеспособные идеи, ставшие основой этих произведений. Это требование жизни.

Annotation

The pearl of wisdom and worldview of our people is our precious treasure with a deep philosophical meaning. In order to inculcate this treasure in every generation, this report envisages the use of intellectuals in front of the society, aiming at the pedagogical mind and teaching-educational experience, improving it in accordance with the requirements of the times.

The basis of this article is the analysis, basis, and systematization of K.A. Yassavi's spiritual and moral education, educational activities, creative historical works, and scientific findings on the formation of an individual, educational and educational works in society. The main goal of this work is to help the next generation to become a complete person, to form values throughout life, revealing the meaning of each word. "The Book of Wisdom" perfects and enriches the long-standing poems of the Turkic peoples. They glorify the values that become human food. The poet urges people to get rid of bad habits and become a perfect person.

That is why we and the future generation should be able to respect the great personalities of their time and the works created by their pen, the viable ideas that became the core of those works. It is a requirement of life.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін метептің 8-сыныбына арналған оқулық/ С.Дәрібаев, Г.Орда, А.Сатылова. –Алматы: Мектеп, 2018.
2. m.wikipedia.org
3. Диуани Хикмет (Хикмет жинағы).Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2016.-2016.
4. «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» Н.Келімбетов 1998

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» - РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Еңбекші Меңсұлу Сүиндікқызы

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы
№ 57 орта мектеп, қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі

Қазіргі қазақ жеріндегі көне Сайрам шаһарында XII ғасырда дүниеге келген Қожа Ахмет бала жасынан – ақ араб, парсы тілдерін жетік меңгеріп, өз

заманында Иран, Араб елдері арқылы дүмпуі жетіп, бүкіл Орта Азияны дәуірлете дамытып тұрған Шығыс өркениетін, оның білімі мен ғылымын терең игерді. Поэзияға, пәлсапаға, тарихқа бой ұрды. Ер жете келе Ғалам сырына құлақ түрді. Ойға батты. Ойшылдық пен даналық маржандарын жырға құйды. Оның поэтикалық ойлары Шығыс философиясы мен руханиятының жауһарына айналды. Жүрек қаламынан құйылған жырлар тұнық толқындардай болып Әлемге тарады.

Ұлы бабамыз Қожа Ахметтің атын асқақтатып күллі дүниеге мәшһүр еткен аса баға жетпес асыл еңбегі «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») екені баршамызға белгілі.

«Диуани хикметте» адамзаттың жарық әлемдегі жарқын өмірімен бірге, бақи дүние, мәңгілік екінші ғұмыры да жан – жақты терең талданып, әр қырынан сөз болады.

«Диуани хикмет» («Даналық кітабы») – түркі тілді халықтардың XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіштерінің бірі. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тілін ұзақ жылдар бойы зерттеген көрнекті орыс ғалымы А.К.Бороковтың пікірі бойынша «Даналық кітабы» оғыз – қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды» екенін ескерсек, бұл өлеңдер жинағын қазақ әдебиетінің де орта ғасырлық нұсқасы деп есептеуге негіз бар.

«Даналық кітабының» алғашқы түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы XV ғасырдың орта кезінде араб емлесімен көшірілген. Өлеңдер жинағы Қазан, Стамбул және Ташкент баспаларынан бірнеше рет жеке – жеке кітап болып басылып шығады. Ахмет Ясауи өлеңдер жинағының ең толық нұсқасы Қазан басылымы болып табылады. Мұнда 149 хикмет берілген. [1, 5 б.]

Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, «Диуани хикмет» жырын алғаш ақын Асқар Тоқмағамбетов аударған екен. Бірақ бұл аударманы Асекеңнің өз ықыласы бойынша ақын Әбіраш Жәмішевтың аударғаны жөн екен, дегенмен бұның ол уақытта сәті түспесе керек. Осылайша, араға жылдар салып, қаншама аудармашының қаламына арқау болған бұл шығарма, бүгінгі күні ана тілімізде тәржімаланып, оқырман назарына ұсынылған.

Асқан дана, ғұлама теолог, сезімтал ойшыл, дарқан философ, терең діндар – әлемге танымал Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың «Диуани хикметі» алғаш рет толық қазақшаға түсіріліп, 1993 жылы «Мұраттас» баспасынан жеке кітап болып жарыққа шыққан болатын. Оған дейін, 1990 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде С.Битеновтың аудармасы, бұдан соң, 1991 жылы Х.Иманжановтың «Қырық хикметі» басылды. Ж.Әбдірішовтың аудармасымен бір хикметтен тұратын шағын кітапша жарық көрген. 1995 жылы «Өнер» баспасынан «Хикметтер» деген атпен белгілі ақын Ә.Жәмішевтің аудармалары кітап болып шықты. Ал, 1998 жылы «Жалын» баспасынан «Хикмет жинақ» болып 1993 жылғы «Мұраттас» баспасынан шыққан осы хикметтер кітап болып өзгеріссіз қайта басылған болатын. [2, 3 б.]

Әрине, еліміз саяси сергелдеңге түскен жылдары халқымызды тарихынан жаңылдырып, дінінен алыстату басты мақсат болды. Сол себепті де қаншама уақыт бойы құнды қазынаға толы еңбектер зерттеу көрмей, халық назарына ұсынылмай, асыл маржандай сақталып келді. Өз алдына дербес ел атанып,

дінімізді қастерлеп, ұлттық құндылығымызды биік көтеріп келе жатқан тұста, ұлы ақынның аманатын ұлтына жеткізуге тырысып жүрген азаматтар қатары артты.

Софылық діннің басында тұрған Қожа Ахмет Ясауи ілімі енді – енді жан – жақты зерттеле бастады. Сол ілімнің бір ғана көрінісі «Диуани хикмет» кітабы да терең қарастыруды, мұқият тексеруді қажет етері сөзсіз. [3, 10 б.]

Біздің ойымызша, сопылықтың қазақ жерінде дамуы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» атты еңбегінің жазылуымен байланысты болса керек?! Қазан төңкерісіне дейінгі хат оқып, қара таныған қазақтардың көбінің үйінде осы аталған дүниенің көшірмесі болған, оны жұрт қадірлеп – қасиеттеп ұстаған әрі жатқа да білген. Ораза айында көпшілік қауым алқа – қотан жиналып алып, тарауықтан кейін софы ақынның хикметін сазды әуенмен бірлесіп айтады екен.[4, 8 б.]

Адамгершілік ұлағатының ұлы нұсқа жырына айналған «Даналық жырының» ең басты сыры неде? Фәни дүние есігін ашқан әрбір пенденің өмірінің бәрі құлшылық екенін көпшілігіміз ұғына бермейміз. Ал анықтай айтсақ, Жаратушы хақ тағаланың адам баласын артықша жаратып, ұлықтап берген ақыл – парасаты білген құлға шапағатты нұр болып табылады. Сол ақыл сені шарықтатып көкке де көтереді, құлдилатып табанға да тастайды.

Бұл еңбек шынтуайтына келгенде жазып қалдырған деген өлшемге сыймайтын өнегенің өрелі биігі деуімізге әбден лайық. Негізінде, бұл кісінің «екінші дәптерім» деуінде де бізге беймағлұм құпия сыр жатқандай болуы керек.

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметінің» де шертер сыры, толғар түйіні де осы шындық. Ақиқат – адамның ең жоғары байлығы, шегі – Құдайды, әлемді, жаратушыны көру.

Халқымыздың аузында қасиетті сөз болып тараған, тарих көшіндегі небір сұрапыл да сындарлы шақтардан сүрінбей жетіп, Қазақстан, қала берді бүкіл түркі әлемінің рухани асыл жауһарына айналған даналық кітабы «Диуани хикмет» - шығармасы – баға жетпес мұра.

Бұл шығарманың оқушыларға да берер пайдасы өте зор. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар ойшыл қайраткердің «Диуани хикмет» еңбегінен үзінділер оқи отыра, шығармашылық жұмыстар жасаған болатын. Еңбектегі адамгершілік пен ізгілік, имандылықты оқушы бойына сіңіріп, мол тәжірибе жиналды.

Қожа Ахмет Ясауи – түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы аса көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне мәшһүр болған ойшыл қайраткер. Ол мұсылман қауымының дәстүрлі қағидаларын жырлаған сопылық әдебиеттің түркі халықтары арасындағы мейлінше танымал, ірі өкілдерінің бірі болды. [5]

Қожа Ахмет Ясауидің халық ішінде айрықша ірі тұлғаға айналып, ел – жұрттың құрметіне бөленгені жайлы А.Ахметбекова өзінің авторефератында: «Ясауи өзінің көзқарасы, дүниетанымы, талғамы, барлық білімімен өзгеше тарихи тұлға. Ясауиді қазақ әдебиеті тарихында ең алдымен өнер адамы, ақын екенін танытуға тырыстық. Діни қызметінің сол замандағы ағартушылық мазмұнын, прогрессивтілігін ашуда, хикметтеріндегі гуманистік идеяларын

белгілеуде, ақынның «Диуани хикметі» түрікі сопылық әдеби ағымның бастамасы әрі биік рухани мұрасы екенін тұжырымдадық», [6, 23 б.] – десе бізде А.Ахметбекованың ғылыми пікіріне қосыламыз.

Қожа Ахмет хикметтері адамды биік парасатқа, тұңғық сезімге, хақ сенімге, мол адамгершілік пен таза сүйіспеншілікке, мөлдір мейірбандыққа бастайды. Хикметтер – адамға өзінің Жаратушы иесі – Аллаһты танытатын жырлар. Адамның рухы, жаратылысы мен иманын терең орнықтыратын Ясауи хикметтері бүгінгі – ХХІ ғасырдағы қазақ оқырмандарына рухани, имани бойтұмар болатыны анық.

Бүкіл түркі әлеміне ортақ данышпан Қожа Ахмет Ясауи хикметтері – әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылатын асыл мұра.

Таза адамгершіліктің таңғажайып жұмағындай болған киелі мекенде тыныстап, мәңгілік орын тапқан Құл Қожа Ахмет Ясауи бабамыздан қалған ұлағатты ойларды одан әрі жаңғырту біздің алдымызда тұрған міндет.

Аннотация

Зерттеу жұмысында Қожа Ахмет Ясауиді күллі түркі еліне танытып, атын шығарған, кемеңгер ойы кестеленген «Диуани хикмет» туралы жан – жақты жазылған. Кітаптың шығу тарихы сөз етіліп, ең алғаш қай баспаларда жарық көргені талданады. Қазақ тілінде аударма жасаған жандардың есімдері мақалаға арқау етіліп, олардың хикметтерді аудару барысында басшылыққа алған тұстары баян етілген. «Даналық кітабының» мақсаты мен автордың халыққа жеткізер ойын талқылап, мазмұнына қысқаша тоқталатын боламыз. Хикметтерді Қожа Ахмет Ясауи тұсында қалай құрметтегіні зерттеліп, тарихи деректерге назар аударылады. Сопылықты дәріптеу барысында Ахмет Ясауидің тағылымды ойлары ортаға салынып, өмірлік ұстанымы айқындалады. Ұлы тұлғаға қатысты ғылыми зерттеу жүргізген жандардың пікірі ескеріліп, зерттеу жұмысына кіріктірілген. «Диуани хикметтің» қазақша нұсқасының қазіргі ұлтымыз үшін маңызы кеңінен дәріптеліп, ұлттық құндылықты дәріптеуге маңызы бар екені айтылады. Тарихи деректер мен имандылықты арттыруға шығармалардың ықпалы қаншалықты жоғары екені мақала арқылы жеткізілген. Қожа Ахмет Ясауидің құнды шығармалары арқылы адамгершілік, рухани, ұлттық құндылықтарды арттырып, адамның бойындағы игі қасиеттерді одан әрі арттыра алатынымыз күмәнсіз. Сол себепті, сопылық жолдың ізін салған жанды жан – жақты зерттеу өзінің өзектілігін байқатпақ. Ұлты ұландарын тәрбиелеу барысында хикметтерді қажетті құрал ретінде пайдаланып, заманауи үлгіде кеңінен насихат жасау арқылы құндылықты арттыратынымыз сөзсіз. Сол себепті мен зерттеу жұмысымда Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметін» кеңінен талдап, оның мағынасын талдауды жөн көрдім.

Аннотация

В исследовании подробно описан «Диуани хикмет», в котором Ходжа Ахмет Ясауи прославился на всю тюркскую страну и прославился. Обсуждается история издания книги и анализируется, в каких изданиях она была впервые издана. В основу статьи легли имена переводчиков на казахском языке, которые руководствовались при переводе хикметов. Мы обсудим цель

«Книги мудрости» и идеи автора, которые будут доведены до населения, и кратко остановимся на содержании. При Ходже Ахмеде Ясави изучается то, как он читал хикметы, и уделяется внимание историческим фактам. В ходе популяризации религиозных течений обсуждаются практические идеи Ахмета Ясави, определяется его жизненная позиция. С учетом мнения людей, проводивших научные исследования в отношении великого человека, он был включен в исследовательскую работу. Отмечается, что казахская версия «Диуани хикмет» имеет широкое значение для современной нации и имеет значение для популяризации национальных ценностей. О том, насколько сильно влияние произведений на повышение исторических данных и нравственности, сообщается в статье. Бесспорно, через ценные произведения Ходжи Ахмета Ясави мы сможем приумножить нравственные, духовные, национальные ценности, еще больше приумножить человеческие качества. Поэтому всестороннее изучение души, проложившей путь овалов, покажет свою актуальность. В воспитании своих национальностей мы, безусловно, приумножаем ценности, используя мудрость как необходимый инструмент, широко пропагандируя ее в современном стиле. Поэтому в своей исследовательской работе я решил подробно проанализировать «Мудрость Диуани» Ходжи Ахмеда Ясави и проанализировать его смысл.

Abstract

The study details the "Dihvani hikmet," in which Khoja Ahmet Yasavi became famous throughout the Turkic country and became famous. The history of the publication of the book is discussed and analyzed in which editions it was first published. The article was based on the names of translators in the Kazakh language, who were guided by the translation of hikmet. We will discuss the purpose of the "Book of Wisdom" and the ideas of the author, which will be brought to the population, and will briefly dwell on the content. Under Khoja Ahmed Yasavi, the way he honored hikmets is studied and historical facts are given attention. During the popularization of religious movements, the practical ideas of Ahmet Yasavi are discussed, his position in life is determined. Taking into account the opinion of people who conducted scientific research in relation to the great man, he was included in the research work. It is noted that the Kazakh version of "Diuvani hikmet" is of wide importance for the modern nation and is important for popularizing national values. How much the influence of works on improving historical data and morality is reported in the article. Undoubtedly, through the valuable works of Khoja Ahmet Yasavi, we will be able to increase moral, spiritual, national values, and further increase human qualities. Therefore, a comprehensive study of the soul that paved the way for the ovals will show its relevance. In educating our nationalities, we certainly multiply values by using wisdom as a necessary tool, widely promoting it in a modern style. Therefore, in my research work, I decided to analyze in detail the "Wisdom of Diuvani" by Khoja Ahmed Yasavi and analyze its meaning.

Библиографиялық тізім:

1. Диуани хикмет / Яссауи, Қожа Ахмет ... – Астана : Фолиант, 2007. - 478 б.

2. Диуани Хикмет [Text] / Қ. А. Иассуи ... – Алматы : Онер, 2007. - 312 б. : Ғасырлар үні . . – 2000 дана
3. "Диуани Хикмет" хақында [Text] / Дәуітұлы Сәрсенбі ... – Алматы : Қазақстан, 1998.. - 168 бет . . – 3000дана. – 5-615-01869-0
4. Тәжібаев Ә. «Парасат». 1990. №8.
5. Қорғанбеков, Б. Диуани хикмет - ұлттық тұтастық кепілі [Мәтін] / Б. Қорғанбеков // Жалын. - 2023. - № 2 (215). - 108-115 б. ISSN 1618-0842 .
6. Ахметбекова А. Автореферат, 1995. 23 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Ерешова Базаргүл Абдиказиевна
Астана қаласы, №60 мектеп-лицейі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық поэзиясының көрнекті өкілі, дуалы ауыз данышпан, кемеңгер ақын ағартушы Ахмет Ясауи 1093 жылы немесе 1094 жылы көне Исфидзат (Сайрам) қаласында дүниеге келген. Оның ата-анасы Ибраһим Ата мен Қарашаш Ана осында тұрып, осы жерде қайтыс болған. Араб, парсы авторларының жазбаларына қарағанда Ахметтің әкесі өз заманының сауатты, көзі ашық адамы болған. Тіптен балауса, бүлдіршін Ахметке араб, парсы тілдерін Таяу Шығыстағы Исфахан, Бағдат қалаларынан ұстаздар жалдап үйретеді. Қожа Ахмет Ясауи анасынан бүлдіршін кезінде айырылды, әкесі де жеті жасында қайтыс болды. Әкесі ақтық демінде Гауһар Шахназ атты қызына: "Қарағым, қызым! Інің өскенде адамдардың абзалы болады. Оған көз-құлақ бол."-деп өсиет қалдырады. Осылайша, әпкесі Гауһар Шахназбен бірге тым жас жетім қалады. Кейбір деректерде, Сайрам қаласында орналасқан Әкесі мен анасының кесенесін Қожа Ахмет Ясауидің өзі салдырғаны туралы айтылады. Он алты жасында-ақ болашақ ақын, шығыс поэзиясын, әдебиетін, философиясын жетік меңгереді. Он жеті жасынан бастап, өзі де өлең жаза бастайды. Өз жырларын шығыс авторларынан бірінші болып, сол кездегі шойырлар секілді араб, парсы тілдерінде емес, өзінің ана тілі – түркі тілінде жазған. Ясауи шығармаларының құндылығы осында.

Бүгінгі күнге дейін әр түрлі елдердің мешіттерінде оның «Хикмет» деп аталатын жинағындағы шығармалары уағыздалуда, онда: тату ғұмыр кешу, ашкөздікке, жалған куә болуға бой алдырмай, ата-ананы құрметтеп, балаларға қамқорлық жасап, дінге адал болып, өз қасиеттеріңмен мақтанып, менменсімеуге және тағы басқа да маңызды ақыл-кеңестер берілген.

Ясауи түркі тілдес халықтардың ортақтығына сүбелі үлес қосып, олардың мәдениеттерін жақындастыра түскен.

Жалпы алғанда Ясауи мұраларын бірден оқып кету мүмкін емес. Оның еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қарасақ та, әлеуметтік, тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар

дүниелері кең қарастырылған. Сондықтан болар ол мұраларды ұқыптылықпен талдау отырып оқу және оны сүзгіден өткізу қажет. Тіпті Яссауи өзінің хикметтерін Алланың кітабымен (Құран) тең көрген-ді. Ол туралы былай дейді:

Менің хикметтерім,

Алладан пәрмен.

Оқып ұққанға бар.

Мағынасы – «Құран»- деп, өз хикметтерінің Алла тарапынан келіп тұрғандығын баян етеді.

Сонымен алғанда, біз ақынның бізге мәлім қандай еңбектерімен таныспыз, сол жағын қарастырып алсақ. Алдымен «Хикметтер жинағы» одан кейін «Диуани хикмет», бұл еңбегі бүгінгі күнге дейін жүздеген елдің тіліне аударылған. Тек 1991 жылдан бері қазақ тілінде жарық көріп, аударылып келеді.

Қ.А.Яссауидің келесі еңбегі «Пақырнама және Мұнажатнама». Бұл шығармаларға ден қойып сараламасақ та бұл еңбектердің де көптеген елдердің тіліне аударылып, оқылғанын естен шығармау керек «Мират ул-Қулуб», «Көңілдің айнасы» – 14 ғасырда шағатай тілінде жазылған Қожа Ахмет Иасауи рисаласы. Ол Швецияның Упсала қаласы кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы. Көлемі 534 беттен тұратын кітапты Қ.А. Иасауи шәкірті сопы Мұхаммед Данышменди жинақтаған. «Мират ул-Қулуб» Қожа Ахмет Иасауидың сопылық ой-тұжырымдарын жариялау мақсатында жазылған. Еңбекте Нәжмеддин Кубра мен Мұхаммед Данышмендидің өз ойлары да ұшырасады. Туынды шарифат, тариқат және хақиқат атты үш бөлімнен тұрады. 1-бөлімде ислами сопылық ахлақ, 2-бөлімде тариқат әдебі, 3-бөлімде мағрифатуллах (Алланы тану) туралы әңгімеленеді. Еңбекте сопылық ілімнің өзегі саналатын «көңіл көзін ашу» мен «рухани жетілу» басты мәселе ретінде қаралған, дүниетаным сатылары Иасауидың сопылық философиясын тұжырымдауға негіз болады. «Нұр-и мұхамадия», «умм-ул аруах» танымдары, рухани жоғарылау мен дәрежелік өсу басқыштары айқындалып, кемелдікке жету қағидалары түсіндірілген.

Қожа Ахмет Ясауидің кешірімділік, төзімділік туралы ой-пікір, тұжырымдарын жүйелеп әңгіме еткенде, оның «Рисала» атты еңбегіндегі мына бір қорытындыларына тағы бір рет назар аударып көрелік. Ол мұнда қай пайғамбардан нендей үлгі қалды деген мәселеге орай былай дейді: «Тәуба қылу Адам пайғамбардан, ғибадат қылу Ідірістен, зікір-сабыр Аюбтан, зікір ғаріптік Мұхаммедтен (с.ғ.с.) қалды, ал сыпайылық хазірет Сүлейменнен қалды», – деп жазады. Бұдан тыс мағрипат, шарифат, хақиқат, тариқат туралы баяндағанда әулие Құдай рахметінен үміт үзбеу, тәубаға келу, насихат алу, пақырларға пана болу, Хақты тануда шыдамды болу тәрізді мәселелерге ерекше мән береді. Сонымен қатар жүрек дерттерін баяндайды, адамның рухани кемшілігіне қатты мән береді. Бұл дүниетаным Исламдағы көптеген ғұламалардың еңбектерінде ұшырасады. Мәселен, имам Ғазали «Тіпті «жүрек дерті жоқ» деген ұранмен бұл аурудың бар екені теріске шығарылды. Нәтижеде адамдар дүниені сүйюге, құлшылықты сырт көз үшін, рия амалдар жасауға ден қойды. Жүрек дерттерінің белгілері міне, осылар – дейді [3, 41]» Ғашық болу мен адамдар

арасындағы ғашықтықты да әулие орнын тауып, екеуін астастыра, жалғастыра жырлайды. Мәселен, қорлықтан естен танған Мәнсур, ғаріптіктен құл болған Махмут сұлтан, Құдай дидары үшін арманда өткен Ысмағұл, басына түскен бәлеге сабыр тұтқан Аюб, көкірегі күйіп-жанған Мұса пайғамбарды айтумен қатар, Ләйлі мен Мәжнүн, Фархад пен Шырын, Жүсіп пен Зылиха бейнелері де аталған мақсатқа сәйкес хикметтерге қосылады. Қожа Ахмет Ясауидің ендігі бір мән берген, аяусыз әшкерелеген тақырыбы надандық дер едік. Өйткені оның түсінігінше, надандық бүкіл жауыздық, зұлымдықтың таусылмас қайнар көзі. Мұнда арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай, осы надандыққа ғылым-білім мен даналықты үнемі қарама-қарсы қойып отырады. Сондықтан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсіруге ол бар ынтасы мен ықыласын сарқа жұмсайды. Тіпті өз ойын жинақтай келе ғұлама: «Надандармен бірге өткізген уақыттың өзі дозақпен тең», – деп қорытып, олармен бірге жүруге де, жолға шығуға да қарсы тұрады. Жалған молда, залымдарды да аяусыз түйреп, «Хал ілімін» үйренуге шақырады. Осындай әділетсіздіктер мен зұлымдықтарға қарсы әділдікті ту ете отырып, Хақ Тағала ісіне ғана сабырлық, төзімділік танытудың қажеттігін бейнелі жолдармен өрнектейді. Құранда адамның табиғаты мен мінезіне байланысты анықтамалар өте көп. Сонымен қатар адамның рухани даму сатылары, адам типологиясы сияқты мәселелер кеңінен қамтылған. Құранда адам ең жоғарғы мақамда жаратылғанымен, оның нәпсінің зынданына түсіп, төрдегі басын есікке сүйрейтін, «ең төменгі дәрежеге дейін құлдилатып моральдық азғындауға берілген анықтамаларда оның әлсіз, қан төгуші, жоюшы, залым, қиянатшыл, ашкөз, арамтамақ, сараң, надан» екендігі сыналып, осылардан қашуға, жиіркенуге үндейді.

Ахмет үшін құдай жолы дегеніміз пенденің рухани кемелдікке жол алып, адамның адамдық қасиеттерімен өмір сүруі. Атап айтқанда адамның рухани жан дүниесі оның адамдық қасиеттерімен ғана танылады. Ал адам қасиеттер иман жүзінде көрініс табады. Иман дегеніміз адамның өмі сүру амалы, адам әлемнің шеңбері, рухани қор жинағы.

Иман болды Хақ тағала тағатынан,

Кешпек керек бұл дүниенің рахатынан.

Яғни, имандылық Алладан пайда болғандықтан, рух әлеміне тиесілі құбылыс. Сабырлық рухани әлемнің реттеуші күші деп санайтын болсақ, онда иман дегеніміздің өзі рухани дүниелердің жинақталған құрамы, көрінісі деп түсінеміз. Ахмет Яссауи түсінігінде, адамның кісілік келбеті, ішкі рухани дүниесінің нұры, жақсы жаққа жетелейтін тәрбиешісі оң жолы нұсқап, түзу бағыт-бағдар нұсқайтын жекешісі және де иман пенденің ана әлемде Хақ алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жақтасы болып қалмақ. Иман – Құдайдың құдіретімен жеткен, адамзатқа берілген үлкен нұр. Оны сақтап қалу үшін көп еңбек ету керек. былайша айтқанда әркімнің өз қолдында тұрған дүние. Иман адамгершілік қасиеттерінен нәр алатын гүл, оны солдырып алмау әркімнің өз баптауында. Яғни иман – адам қасиеттердің жиынтығы. Осы аталған имандылықты құрайтын адамдық қасиет, адамгершілік қандай еді

Құдай тағала пендеге иманды сыйламастан бұрын ең алдымен осы сыйға ие бола алатындай ақыл және де сол тартудың тұрақты бола алтыныдай мекені – сананы берген екен. Яғни иманның нұры мәнге ие болуы тиіс. Оны зерделеу, пайымдап баптау қасиетіне тығыз байланысты болмақ. Иман жүрекке түскен сәуле. Оның нұры кез келген адамның жүрегін жібітіп, ерітіп те жібере алады. Алла адамзатты жаратушы және иманды жіберуші. Ал сол үлкен сыйдың адам рөліндегі теңдесіз дүние екенін түсіну Мұхаммед пайғамбардан бар. Ақылды адам ақ пен қарасын айыра алатын әрі бұрыс жолға кеткенді ауруынан айыра алатын бірден- бір себепкер.

Иманды жүректің екінші негізі – сабырлық. Сабырлы болу үшін адамға төзім мен шыдамдылық керек. ол қасиеттер адам баласында о бастан бар. Сабырлы төзімді пенде өзіне берік, сенімі нық адам. Сабырлылық адамды асығыс жолдан сақтайды. Жөнсіз қылық жасаудан алдын алады. Сабыр пенденің төзім белгісі, әр не бәле келсе, сабырлық сақтап, шыдамды болуда ерен күш жатыр. Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым тағатты болады, әмір қиындықтарынан қорықпай, машақатқа бекем келеді.

Адам өзінің қайраты, тәубесі арқылы өмірдегі таңдауын өмір сүру жолын, орнын белгілейді. Егер де адам жалтақтап, өмір мәселелерін шешуге батылы жетпей, жалған өмір мен хақ өмірге таңдау жасауға қорқып тұрса, онда ол жалған қорқыныш сезіміне бой ұрып, қолы да, жолы да байланып, шайтан құрығына түседі. Яғни адам тек Хақ алдында қорқуы керек, ал бұл дүниелік қорқынышқа бой алдырса, жаны семіріп, құты қашып, иманынан айрылады .

Ахмет Яссауи хикметтерінде Құдай рақымды, кешірімді, құлы қанша күнә жасап жатса да, тіпті иесін танымай жатса да, әмірге бағынбаса да, бұзақылық жолға түссе де, рақымымен кешіруге дайын. Алла тағала адасқанның жақсылыққа, адамгершілікке қайтып келгенін күтеді. Ал адам баласы жаратушының бір бөлшегі болғаннан кейін, оның мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерінің уәкілі, жаршысы болуға міндетті.

Қожа Ахмет Ясауидің барлық хикметтерінің тәрбиелік мәні халықты имандылыққа шақыру.

Адамдарға өз бойындағы адалдық, имандылықтың күшеюіне ең керектісі иман екенін жеткізген. Адам баласын жаратқан Аллаға кіршіксіз сеніп, арам пиғыл ойлардан аулақ жүруге үйреткен. Әрбір жақсылыққа қанағат етуді жазып қалдырған. Осы жобаның ең маңызды бөлігіне келе отырып Қожа Ахметтің хикметтерінің мәні дұрыс жолға бағытталғанын білеміз. «Әрбір адамның қадірін, ішкі дүниесі, адамгершілігін жетелеу үшін имандылық керек, мен соған жетелеймін»- деген арманын арқалап, жасы келсе де болашаққа қажетті азық қалдырам деп тыным таппай еңбек етіп хикмет жазған тұлпардың тұяғының әрбір сөзі мен ісі жас ұрпаққа үлгі болып қалуы тиіс деп ойлаймын.

Ясауи хикметтеріне қатысты әлемде қанша қолжазба жатқаны белгісіз. Кезінде түркітанушы Х.Ф. Гофман өз зерттеулерінің бірінде «Диуани хикметтің» қолжазбалары Берлин, Кэмбридж, Упсала, Париж, Принстон Мәскеу, Ыстанбұл секілді қалалардағы кітапхана қорларында жатқанын жазған болатын. Бұл зерттеулер өткен ғасырдың 70-жылдары жүргізілген. Бұл кітап кезеңдерді асып

өтіп, жаңа баспа шығуы арқылы халыққа жетіп келеді. Осының өзі Ясауи шығармаларының өміршеңдігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, түркі әдебиетінде хикмет ілімін алғашқы болып поэзия тілімен өрнектеген Қожа Ахмет Ясауи болып табылады. Ақын шығармашылығын түркі халықтарының әдебиет тарихында даралап тұратын басты ерекшелік осы. Ясауи хикметтерінің жанрлық бітімін, стильдік табиғатын саралауда аталған ерекшеліктің негізгі роль атқаратыны даусыз.

Аннотация

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі, жалпы шығармашылығындағы адамгершілікке, имандылыққа деген көзқарасы, мағынасы жас ұрпаққа кеңінен түсіндіріледі. Осы арқылы бұрынғы жақсы мен бүгінгі жаңаны ұштастырып, ұлттық болмыстан айнымай, адами, имани тәлім-тәрбиенің мәнін ұғындырады. Мақалада ес жиған кезінен бастап, «қылуетке» кіргенге дейінгі аралықтағы өмірінің мәні дұрыс жолға бағытталғаны барынша қамтылған.

Аннотация

В этой статье объясняется для подрастающего поколения значение мудрости Ходжа Ахмеда Ясави в его произведениях, его точка зрения на человечность, гуманность, мораль. Благодаря этому совмещено традиционное и современное, без изменения национальной принадлежности, способствует пониманию воспитания человечности, порядочности. Статья включает в себя сущность жизни, начиная с образной памяти до периода, пока он не спустился в «подземелье», периода жизни направленной на «правильный путь»

Abstract

This article explains to the younger generation the importance of Khoja Ahmet Yasawi's wisdom in his works, his point of view on humaneness, morality and humanity. In this way, the traditional and modern are combined, without changing the nationality, contributes to the understanding of the education of humaneness and integrity. The article encompasses the essence of life, from the figurative memory to the period until he descended into the «underground», a period of life directed towards "the correct way".

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы, 2 том, «Evo Press», Алматы., 2020 ж;
- 2.Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010
- 3.Kazislam.kz порталы Қожа Ахмет Ясауи хикметтері – тәрбиелік құрал | Қазақстандағы Ислам
- 4.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ж
- 5.Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 ж.
- 6.Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005
- 7.Тарихи тұлғалар, сегізінші басылым- Алматы «Алматыкітап Баспасы» 2022ж.

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» - РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Естаева Сандуғаш Мухтаровна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы,
Сұрат ауылы Сыпатай Әлібекұлы атындағы
№19 жалпы орта білім беретін мектебі
бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты:

Қожа Ахмет Ясауидің даналығының басты мақсаты-сопылық жолының хикмет ілімін қарастыру.

Міндеттері:

- 1.Қ.А.Ясауидің Түркістан тарихынан қысқаша тарихымен танысу.
- 2.Қ.А.Ясауидің даналығы тәрбиелік мәні.
- 3.Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» ілімінің қазақ руханиятында орнын сақтап қалу.

Өзектілігі:

Ясауи мұралары барлық даналық жағынан ерекшелігімен маңызды.

Зерттеу нәтижесі:

«Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш деуге болады.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуана хикмет» (Ақыл кітабы) деген өлеңдер жинағы қыпшақ даласы мен Орта Азияда түсінікті болған көне түркі тілінде ауызша тараған. «Диуана хикметтің» жазылған түпнұсқасы табылған жоқ. Ең ескі нұсқасы XVI ғасырда араб әрпімен шағатай тілінде қағазға түсірілген. Онда сопылық ілім, Жаратқанға деген сүйіспеншілік, мойындаушылық, сопылық, мәдени – дәстүрлі өмір, имандылық, қанағат тұту, кішіпейділік, жомарттық, адамгершілік қасиеттері уағыздалған. Хикметте Ахмет Ясауи өзінің ұстазы Арыстан баптың өсиет сөздерін насихаттайды. Ел арасында «Арыстан бапқа түне, Қожа Қожа Ахметтен тіле» деген сөз бар. Халық арасында қалыптасқан сенімге сәйкес алдымен Арыстан бапқа, содан кейін Қожа Ахмет Ясауи басына барып тәу етеді. Ясауи ислам діні тарихында «сопылық ағымның» негізін қалады. Ясауи ілімі көшпелі түркі қауымын имандылыққа шақырып, түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс әкелді. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, діни-сопылық әдебиеттерін көне түркі тілінде, шағатай тілінде жазып отырған. Құранның мағынасын, шариғаттың қыр-сырын, діни қағидаларды жергілікті халыққа өз тілінде танытты, түркі халықтарының түсініп оқуына мүмкіндік берді.

«Диуана Хикметте» негізінен төрт нәрсеге аса көңіл бөлінеді. Олар:шариғат, тарихат, хақиқат, мағрихат. «Хикметтің» түп нұсқасы сақталмаған. Бізге жеткені ғасырлардағы көшірмелері ғана. Көшірмелері өте көп. Олар негізінен Стамбулда, Қоқанда, Ташкентте, Мәскеуде, Алматыда сақтаулы. Көптеген түркі халықтары «Хикметті» аудармасыз ақ қиналмай оқый алады. Дін исламнан хабары бар жанға «Хикмет» тілі өте жеңіл. Оны беріліп

оқып, тереңірек үңілген адам, Ахмет жырларының қыпшақ тілдеріне өте жақын екенін байқар еді. Шығарманың тілдік лексиконы, әсіресе, лексикогеографиялық ерекшеліктері, этносипаттары «Хикмет» тілінің қыпшақ диалектісіне жақындығын айтуымызға белгілі дәрежеде мүмкіндік береді. Яссауи өз хикметтерінде сопылық дін ілімі туралы өте көп әрі шын беріле айтады, ол бұл шын мәніндегі білім деп атайды, ал сопылықтың барлық ұсақ түйегін білмейтін адамды ол «надан» «түк білмейтін», «жалған сүюші», «жалған сопы» деп есептейді. Ахмет Яссауи арқылы сопылық түркі тілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүние-танымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Алайда кейбір хикметтерде сопылық пен ынта білдіру оларды қарапайым өлеңдермен күтқарды. Ахмет Яссауидің ислам қағидалары мен сопылықтың нәзік тұстарын түрік сопыларының түсіндіруі және оларды халық әдебиетінің белгілі түрлерінде силлабометрмен және қарапайым тілмен кез – келген адам түсінетін етіп көрсетуі даналық стилін тудырды және бұл стиль уақыт өте келе Яссауи дервиштері арқылы дәстүрге айналды. Яссауидің хикметінде не айтқанын білу үшін оның хикметтерін белгілі бір позицияда оқып, тарату маңызды мәселе. Осылайша, уақыт өткен сайын кеңірек аймаққа таралған даналық оқылып, жатталып, үреймен жазылды, тілі жағынан да, мазмұны жағынан да өзгеріп, түрлі толықтырулармен байыды. Осы себепті даналықтың мазмұны исламнан, Түркістандағы сопылықтан, Яссауидің дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарынан тұрады. Диуана Хикметтің көшірмелерінің негізінен өзбек-түрік, сонымен қатар қазақ, түрікмен және татар тілдерінің ерекшеліктері бар екенін көруге болады. Алайда бұл туралы біржақты тұжырымға келу үшін «Диуана Хикметтің» ескі данасы қолымызда болу керек. Яссауидің барлық даналығын қамтитын «Диуана Хикметтің» толық және сенімді көшірмесі жоқ. Ясауи бірінші болып өз еңберін түркі тілінде жаза бастады. Сонымен Ясауидің бірінші еңбегі «Диуани хикмет». «Диуани хикмет» сол замандар бойы ел аузында айтылып қол жазба түрінде сақталған. Ахмет Ясауи тәрбиесінің адамға ықпал ету күшіне сенді адамгершілігі мол адам қаталдыққа бармайды деп есептеледі. Тек дұрыс тәрбие ғана ақымақтық істерден сақтандырады, сондықтан мінез-құлықты түзеу тәрбиенің басты мақсаты. Міне осындай сарынмен «Хикметтер» тереңдеп кете береді. Мұндағы негізгі мақсат Алланы сүю, оған шын ғашық болу. Яғни Алланың жолына түсу, оны сүю, оған мінсіз ғашық болу оңай іс емес, әркімнің қолынан келе бермейтіндігін ескертеді. Сонда да болса оған ұмтылуға, дол көрсетуге әрекет жасайды. Аллаға ғашық болу, оны сүю ханға да қараға да бірдей екендігін, Алла алдында кім болса да тең дәрежелі болатындығын ашып айтып отырған. Өзінен бұрын өткен ғашықтарды құрметтеп қатты сыйлаған, сонымен қатар замандастарында ұмыт қалдырмаған. Сонымен Ясауидің бірінші еңбегі «Диуана Хикмет». «Диуана Хикмет» сол замандар бойы ел аузында айтылып қол жазба түрінде сақталған. Ахмет Ясауи хикметтерінде ғаріптің ахуалын ғаріп түсінеді. Диуана хикмет әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын

оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың басты ең басты көрінісі- мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады. Диуани хикметте әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. Ақыл кітабы адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады. Бүкіл әлемдегі түрік халқы «Диуани хикмет» арқылы исламның рухани әлемімен, сол дәуір үшін ілгерішіл саналған сопылық ағымның философиялық ой-пікірлерімен танысты. «Диуани хикмет» оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келегн әдеби туынды. Кезінде ол өлеңдер өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған., бірақ бертін келе жинақты көшірушілер оған өз тарапынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып жіберген деген болжам бар. Ясауи ислам діні тарихында «сопылық ағымның» негізін қалады. Ясауи ілімі көшпелі түрткі қауымын имандылыққа шақырып, түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс әкелді. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, діни – сопылық әдебиеттерін көне түркі тілінде , шағатай тілінде жазып отырған. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты уақыт болатын . Осы шақта елдің бірлігін, халықтың татулығын, Түркі халықтары алғашқы халық болып қалыптасқанда олардың тілдері де, діндері де, жазулары да,мәдениеттері де, тарихы да,әдебиеттері де бір болған еді. Бүкіл түркі дүниесінің тілінің, дінінің, ділінің, қалыптасуына Ясауи еңбектерінің тигізген әсері өте мол екендігіне күмән келтіруге болмайды. Ясауи еңбектерін кеңінен пайдаланады. Ол еңбектерінде өзіне дейінгі өз заманындағы ғұламалардың ақыл кеңесін пайдаланып, оны келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Ясауи бірінші болып өз еңбектерін түркі тілінде жаза бастады.

Ясауи әулиелік дәрежеге көтерілді. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» тілі атты көлемді зерттеу еңбегін жариялап «Диуани хикмет» де біршама қарастырылғанын көреміз. Демек бұл біздің ата-баба алдындағы үлкен борышымыздың ақтала бастағанынан дәлел деп білеміз.

Қорыта келе Ясауидің даналық өсиеттері мен хикметтері халықтың әлеуметтік өмірінен кең орын алған. Оның басты ұстанымы адамгершілік, әділдік, имандылық, тақуалық, тазалық, ілім талап ету, т.б. Қожа Ахмет Ясауи тек қана қазақ даласына емес, түркі әлеміне түркілік мұсылмандық мектебін қалыптастырған тұлға ретінде танылады. Ясауи ілімі мәдениет, тіл, өнер, дәстүр, ғұрып, руханият, т.б сабақтастырып, ұлттық танымның өрісін кеңейтті. Ясауи ілімінің қазақ руханиятындағы орны күні бүгінге дейін дәстүр жалғастығының сипаты ретінде өміршеңдігін сақтап келеді.

Аннотация

Олай болса, бұл қайшылықты шешуде қазақ әдебиетінің, ұлы ғалым, ұстаз тілінің қалыптасып, дамуына, ал оқу-ағарту саласында бүкіл түркі дүниесінің педагогикалық ой-пікірлерінің дамуына рухани-адамгершілік ықпалы зор, оның ішінде республикада мұра. Ясауи өз шығармаларында замандастарының ақыл-кеңестерін, тәжірибесін пайдалана отырып, ұрпақтарына өсиет қалдырды. Кез келген шығармадан мейлі проза болсын, мейлі поэзия болсын, өмірлік тәжірибеге толы ойды байқаймыз. Бұл туралы «Хикмет» еңбегінде де айтылады, жазылады.

Демек, Ясауи шығармалары түркі халқы үшін жалпы қабылданған. Қымбат таралымдар мен қайта басылған басылымдар олардың құндылығының дәлелі. Егер олар қажетсіз болса, көп рет басылуы екіталай еді. Ясауи ілімінің ізбасарларының дүние жүзінің әр түкпірінде пайда болуының тағы бір дәлелі. Осылайша ұлы ағартушы-философтың есімі түркі халықтары мәдениетінің қалыптасу және даму тарихында өзінің лайықты орнын алды.

Аннотация

Таким образом, в решении данного противоречия большое влияние на становление и развитие казахской литературы, языка великого ученого, учителя, а в учебно - просветительской сфере - на развитие педагогической мысли во всем тюркском мире, том числе в республике, в национальном воспитании оказывают духовно - нравственное наследие. Ясауи в своих трудах оставил наказ для потомков, используя советы и опыт своих современников. В каждом труде, будь это проза или поэзия, мы можем заметить идею, полную жизненного опыта. В труде «Хикмет» тоже сказано и записано об этом.

Итак, труды Ясауи для тюркского народа являются общепринятыми. Огромные тиражи и повторные издания являются доказательством того, что они являются ценными. Если бы они были ненужными навряд ли издавались много раз. Еще одним доказательством является появление в разных концах света последователей учения Ясауи. Таким образом, имя великого просветителя, философа заняло достойное место в истории становления и развития культуры тюркских народов.

Annotation

"Diwana Hikmet" focuses on four things. They are: Shari'ah, history, truth, maghrihat. The original version of "Hikmet" has not been preserved. Only copies from centuries have reached us. There are many copies. They are mainly stored in Istanbul, Kokan, Tashkent, Moscow, Almaty. Many Turkic peoples can easily read "Hikmet" without translation. The language of "Hikmet" is very easy for a person who knows about Islam. A person who read it carefully and looked deeper would notice that Ahmet's poems are very close to Kypchak languages. The language lexicon of the work, especially the lexico-geographical features, ethnic features allow us to say that "Hikmet" language is close to the Kipchak dialect. In his wisdom, Yassawi talks a lot about Sufi religion, he calls it true knowledge, and he considers a person who does not know all the details of Sufism to be "ignorant", "ignorant", "false lover", "false Sufi". Through Ahmet Yassau, Sufism took a decisive place in the spiritual knowledge of Turkic-speaking peoples.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.А. Ясауидің өмір жолы мен шығармашылығы
2. Қ.А. Ясауи еңбектерінің тәлім-тәрбиелік мәні
3. Мектептегі тәрбиелік іс-шаралар Қ.А.Ясауидің тағылымын пайдалану тәжірбиесімен

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маман Жанар Сейтахметқызы

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері

Ясауи үшін имандылықтың басты шарты – адалболу, шынайы болу, садик болу. Егер де адам арам көңілмен жақсылық істеген сияқты болса, оның әрекеті рия - екі жүзділік болып табылады. Адам делқұлыққа салынып, бұл өмірде рухани дүниесін жалған байлыққа айырбастап, нәпсіқұмарлыққа жол берсе, надандық ауруына шалдығады. Ал надандық дегеніміз- менмендік, тәкәппарлық сияқты иманға жат қасиеттердің күш алып, адамның бойын улайтын рухани мешелдік болып табылады. Наданның жүрегінің жылуы, көңілінің мейірі жоқ. Мұндай адамдар қатыгездік мұзымен құрсауланып, ешкімнің дертін, халін сұрамас, тасбауыр болады.

Қожа Ахмет Ясауи адамды жалған дүние тұзағынан сақтанып, нәпсінің тұтқыны болмау үшін не жағдайда да иманынан айырылып қалмауына шақырады. Адамның жүрегі таза, рухы пәк болуының кепілдігі ретінде әрдайым иманмен белгіленген ізгі қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіріп отыру қажет. Өйткені адам тек иман түріндегі адамгершілік қасиеттер арқылы дүниелік қор жинап, рухани толысып, Хақ кемелдігіне жетеді.

Бұл дүниеден ақыретке қылар сапар,

Бұл дүниеден азық алсаң, болар қадір.

Қожа Ахмет амал, иман, білгір қадір.

Иманменен қылған сапар ғаріптік жоқ.

Яғни бұл өмір адамгершілік қасиеттердің жиынтығы болып табылатын иман мен нәпсілік құлқынқұмар арасындағы майдан алаңын белгілейді. Адамгершілік қасиеттер нәпсіһауалық қасиеттерді женуде адам Хақ дәрежесіне лайық болып, өзінің адамдық келбетімен о дүниеде Хақпен табысып, таухидке жете алады. Сөйтіп, өмір мәні адамгершілік қасиеттердің сынға түсіп, шыңдалуында көрініс табады. Ал адам дегеніміз- Ясауи бойынша, сенім-иманынан кеме салып, жақсы қасиеттерінен, жақсы істерімен азық жинап, өмір атты дариямен Хақ аманатыман аман есен өз иесіне табыстау мақсатында сапар шеккен жолаушы деп білеміз.

Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық, инабаттылық, әдептілік т.б. тәрбиелер негізі халықта жатыр. Себебі Ясауи өз еңбектерін жазғанда халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйым,

мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, сонымен қатар «Құран Кәрім» Мұхаммед /с.ғ.с/ Пайғамбар хадистерін басшылыққа алып отырған. Сондықтан да, Ясауи еңбектерінде адамгершілік, имандылық т.б. тәлім-тәрбие мәселелерін қарастырып шығуды жөн көрдік.

Сонымен халықтың адамгершілік, имандылық сипаттары ғасырлар бойы қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, өткендердің келер жас әулетке сыйы ретінде үздіксіз беріліп отырды. Нағыз адамдық мораль - бұл халықтық мораль деп сүйсіне жазды, өзіміздің ойлы ғалымдар, ғұламалар, педагогтар мен жазушы, ақындарымыз.

Адамгершілік, имандылық тәрбиенің мазмұнын моральдық кодекс, сондай-ақ педагогикалық білімдердің өзіндік энциклопедиясы болып табылатын этикалық қалыптар жиынтығын құрайды. Халықтың Отанға берілгендік, адамға сүйіспеншілік, еңбекті, сүю сыпайылылық, ерлік, адалдық, қарапайымдылық секілді адамгершілік, имандылық, инабаттылық т.б. сапаларды қашан да дәріптеді. Мұнымен қатар жалқаулық, мақтаншақтық, дөрекілік, өзімшілдік, қызғаншақтық, қорқақтықты мейлінше айыптады.

Мысалы, адамгершілікке тәрбилеудің негізгі әдіс-тәсілдеріне түсіндіруді жатқызуға болады. Оның құралдары ретінде мақалдар мен мәтелдер, әңгімелер мен ертегілер, аңыздар мен аңыз-әңгімелер қызмет етті. Халық әндері сезім мен санаға ықпалды әсер ету құралдары болып табылады. Осы сынды Ясауи еңбектеріндегі хикметтерді, өсиеттерді, аңыз-әңгімелер мен хикаяттарды түсіндіру барысында келешек өскелең жас ұрпақты адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеуге болады. Мәселен, балалармен әңгіме үстінде тап сол жағдайға қолайлы да байланысты хикметтерден үзінділерді арнайы сұрыптап, реттеп алу мүмкін. Сонымен қатар өмірбаянына байланысты аңыз-әңгімелерді қысқа түрде айтып өтуге, әндер туралы мысал қажет болса, Ясауидің «Зікір» салу әдіс-тәсілдерін оның жан дүниеге әсерін айтып өтсе өте құнды болады. Бірі «Құфи» яғни іштен дауыс шығармай, ал екіншісі дауыстап «Жахри» немесе «Арра». Міне осы «зікірлер» туралы азда болса мағлұмат беріп өту қажет. Мысал ретінде айтар болсақ, жалпы зікір Мұхаммад /с.ғ.с/ Пайғамбар арқылы Әбу Бәкір Сыдықпен Әзіреті Әліге өткен. Міне осы екі халифаның, біріншісі «Қуфи» ал екіншісі «Жахри», зікірін таратқан. Содан осы күнге жетіп отыр. Яғни Ясауи «Зікірі», «Жахри» «Арра» болып табылады. Бұл мүмкін бұрынғы бақсылардан қалған ізде шығар. Қалай дегенде де ғасырлар бойы жібін үзбей келуде.

Адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің үлкендер яғни алдыңғы аға буындар үлгісі, тікелей және жанама ескертулер, мадақтаумен жазалау әдістері, ишараның балалармен жастар ортасында ғана емес, сондай-ақ үлкендер арасында да, кеңінен тараған көптеген түрлері бар. Бұл мәселелер бойынша Ясауи хикметтерінде көптеп жырланады басқа еңбектерінде де бар.

Халық педагогикасында адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің аса бай жолдары белгілі болғанына көз жеткізу үшін, келесі әдістер мен құралдарды атап өтуге болады. Олар көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу және т.б. Бұл айтылғандар жөнінде Ясауи еңбектерінде

толық қамтылған. Мәселен, «Хикменттерінде» қамтылса, екіншісі «Пақырнама мен Мұнажатнамасында», ал үшіншісі болса, «Мират-ул-Кулуб» атты еңбектерінде талданып, берілген. Қалған мәселелер өмірбаянына негізделіп жазылған аңыз-әңгімелер мен хикаяттарында келтірілген. Міне, осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі.

Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды.

Сондықтан да сан тасырлар бойы халықтың өзімен бірге жалғасып, бірге өмір сүріп келе жатқан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып өмір сынынан екшеленіп, сыналып, еленіп, електен өтіп бүгінгі өмірге жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйымдарды адамгершілік, имандылық тәрбиесінде пайдалану үшін, өткен тарихи дәуірлердегі халық педагогикасына сүйенген дұрыс. Біздің халқымыздың сенімдері, ырым-тыйымдары әуелі «Тәңірге» табынушылықпен танылғаны баршаға мәлім. Ислам діні содан кейін келсе дағы, халық танымымен нанымындағы «тәңірдің» құдіретін біржолата ысырып тастай алған жоқ. Әлі күнге дейін өзінше үндесіп даму үстінде келеді. Жалпы, «Тәңірлік» таным-наным сенімнің құдіреті «Табиғат» болғандықтан, тіршіліктегі көп жағдайлардың қадір-қасиеттері табиғат заңдылықтарымен шиеленісе байланысып жатады. Сондықтан Ислам дінінің «Тәңірлік» таным-наным сенімдерімен үндесетін жерлері көп. Бұл көріністер халқымыздың аса ерте, көне аңыздары мен ертегілерінде анық, айқын байқалады. Осыдан келіп адамдар өздерінің тәлімдерімен, тәрбиелері жайында баяғыдан бері бар нәрселерді түлете дамытып, ежелгі адамшылдықтың негіздеріне сүйенгендері жөн дейміз. Олай болса, өміріміздің алтын діңгегі болып табылатын халық педагогикасында қайырымдылық, шындық, әділет, сенім, үміт, үрей, зұлымды, қызғаншақтық, көре алмаушылық, т.б. сол сияқты, негізгі имандылықтың көріністеріне даралай жіктеп баға бергеніміз дұрыс болар еді ойлаймыз.

Қайырымдылық адам баласының тәрбие мен тәлім арқылы қалыптасатын мінез-құлықтардың ішінде, әсіресе, қайырымдылық пен зұлымдық өз алдына ерекше орын алады. Бұл мәселелер бойынша сонау Адам Ата мен Хауа Анадан басталып осы күнге дейін жалғасын тауып келуде. Мұхаммад /с.ғ.с/ Пайғамбарда өз Хадистерінде көптеп келтірген. Ал енді Ясауиге келер болсақ өз бастауын «Құрани Кәрім» мен «Хаддистерден» алғандықтан «Хикметтерінде» де басқада еңбектерінде де көптеп жырлап өткен.

Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
Патшаменен Уазірдерде әділет жоқ.
Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ,
Түрлі бәле халық үстінде жауды достар.
Ақыр заман ғалымы залым болды,
Ізгі тілегін үзбеген ғалым болды.
Алланы айтқан дәруіштің жолы болды,
Ғажап сұмдық заман болды достар.

Міне, осылай, қайырымдылық пен зұлымдылық туралы өз хикметтерінде Ясауи бабамыз жырлап өткен. Бұл айтылғандар қазірдің өзінде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Шындық – біреу ғана болғанымен оның мың сан түрлі қырлары көп. Әр адам шындықтың бірғана сырын ұғады ал, екіншісі болса, басқа бірін ұғады.

Мінекей, мұның бәрі ақылмен білімнің шолақтығынан туындайтындықтан барынша жылдамырақ ұғынып, тезірек түсінгеніміз жөн. Халқымыздың даналығына сүйенсек, «...көзі соқырдан гөрі, көкірегі соқыр жаман», - деген ғой. Бұл тіршілікте әртүрлі жағдайлармен дұрыс тәрбие ала алмаған «көкірегі соқырлар» тым көп. Сонықтан да өмір шындығының асқар таудай ұлы көріністері, олар үшін күнделікті ішіп жегендерінен артық емес сияқтанып көрінеді. Егер шындық адам бейнесіне еніп, көкірегі көр тобырдың ортасына түссе, оны топастықтың қара күйесі қымтап алып, ыстандырып жіберері хақ.

Рухани адамгершілік, имандылық, инабаттылық тәрбиесіндегі негізгі басты қажетті мәселе адамды құрметтеу, сыйлау, әрбір келешек жас өспірім оның ішінде студент жастар өзін-өзі дамыту, жетілдіру үшін өзін өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылу қажет екендігін түсінуі тиіс.

Сонда ғана ол өздігінен жетілу, даму жолына түседі. Рухани-адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу ісі тек білімберу мен ғана шектелмейтіндігі айқын. бұл студент жастардың сана сезіміне әсер ету арқылы, ішкі жан-дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. Осы тұрғыда Ясауи мұраларын оқу-тәрбие процесінде қолдану арқылы төмендегідей көріністе тәрбие жұмысын жетілдіре дамытуымыз мүмкін. Олар: 1.Шарифат, 2.Тарифат, 3.Ақиқат, 4. Магрифат. Бұған қосымша бүгінгі таңда ең қажетті болып отырған ұлттық ерекшеліктерімізді ескерсек. Онда: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйым негіздерінде

1. Өзін-өзі бақылау.
2. Өзін-өзі бағалау.
3. Өзін-өзі тәрбиелеу.
4. Өзін-өзі тану

Келешек өскелең ұрпақты жетілдіру дамыту үшін мектептерде бағдарламаға сәйкес дінтану, Ясауитану, мектеп оқушыларын рухани дамыту, жетілдіру негіздері дәрістерін жүргізер болсақ, онда олардың рухани азық алуына үлкен көмек көрсеткен болар едік.

Ұлы ғұлама, екінші ұстаз, шығыстың Аристотелі атанған Әл-Фарабидің жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін адамды өте жоғары бағалап, оны «Мәңгі нұрдың қызметшісі» деп атауы бекер емес. Бүгінгі жасөспірімдердің адам болып қалыптасуында, мұғалімдер қауымының атқарар еңбегі баға жетпес орасан зор. Оларға болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген.

Рухани адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейтіні анық. Бұл баланың сана сезіміне әсер ету арқылы, ішкі жан-дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымы қалыптасады. Жасөспірімдердің жеке басының даралық ерекшеліктеріне мінез жатады. Мінез дегеніміз - адамның өзіндік

бағыт-бағдарының жан дүниесінің ерекшелігінің тұрлаулы белгісі. Тәрбиелі мінез - адам бойында имандылық қасиеттердің бар екендігін көрсетеді. Басқаларға қамқорлық, қадірлеу, сыйлау, құрметтеу, жауапкершілікпен адалдық мінез сапасының негізгі бітістері. Мінездің тұрақтылығы адамның адамгершілік түсініктерінен туындайды. Жалпы адамдарды бес топқа бөлуге болады.

1. Ақылы жоқ адам,
2. Ақылды адам,
3. Зерек адам,
4. Кемел адам,
5. Ғарши адам.

Сондықтан да біз Ясауи бабамыздың асыл мұраларын келешек жас өскелең ұрпақтарға күнбе-күн айтып жеткізіп отыруымыз керек. Мектептерде, тәрбие сағаттарында, сұхбаттарда, кездесулерде осы мәселелерді жиі көтеріп отырса, қандай жақсы болар еді. Мұндай «Кәміл Инсаны» бар ел еш уақытта да азып тозбайды.

Аннотация

Бүгінгі таңда еліміз алдыңғы қатардағы өркениетті елдермен терезесі тең мемлекет ретінде халықаралық ықпалдастыққа бет бұрып, саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени мәселелерді ұлттық мүддеге, танымға, сезімге, нанымға, менталитет пен психологияға т.б. құндылықтарға араластыра отырып, тиімді дамудың сара жолдары мен нық басып әрі сенімді жүріп келеді. Мұны ішкі және сыртқы саясаттағы өзіндік ерекше байыпты бағыттары арқылы жүзеге асырып отыр. Бұл орынды да. Себебі егеменді халқымыздың көп ғасырлар бойы біртіндеп қорланып, қанатын кең жая алмай, қалыптасқан рухани, мағнауи мол дәстүрлі де құнды қазынасы тоталитарлық жүйе кезеңінде орасан зор дағдарысқа ұшырап, тоқырап қалғаны баршаға аян. Ол өз кезеңінде жалпы жұртшылықтың, әсіресе өскелең жас ұрпақтың өз туған халқының рухани, мағнауи құндылықтарынан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйым, наным-сенім, танымдарынан ажырап қалуына әкеліп соқтырды. Міне сондықтан да жас өскелең ұрпақ халқымыздың рухани, мағнауи тереңге жайылған тамырынан толық қол үзіп қалмауы біздің қазіргі кезеңдегі елдігіміз бен егемендігіміздің негізгі өлшемдерінің бірі болып тұр.

Аннотация

Сегодня наша страна, как государство с равными окнами с передовыми цивилизованными странами, уверенно и уверенно идет по пути эффективного развития, вовлекая политико-экономические, социальные, культурные вопросы в национальные интересы, чувства, убеждения, менталитет и психологию и другие ценности. Это делается через специфические ориентиры внутренней и внешней политики. И это правильно. Потому что всем очевидно, что наш суверенный народ на протяжении многих веков впал в колоссальный кризис и впал в депрессию в эпоху сложившейся традиционной, богатой духовностью и смыслом тоталитарной системы. Это привело к тому, что широкая общественность, особенно подрастающее поколение, лишились духовных,

духовных ценностей своего родного народа, традиций, обрядов, убеждений, убеждений. Именно поэтому подрастающее поколение глубоко укоренилось в духовности нашего народа.

Annotation

Today, our country, as a state with equal windows with advanced civilized countries, confidently and confidently follows the path of effective development, involving political-economic, social, cultural issues in national interests, feelings, beliefs, mentality and psychology and other values. This is done through specific guidelines for domestic and foreign policy. And it is right.

Because it is obvious to everyone that for many centuries our sovereign people fell into a colossal crisis and fell into depression in the era of the established traditional totalitarian system, rich in spirituality and meaning. This has led to the fact that the general public, especially the younger generation, have been deprived of the spiritual, spiritual values of their native people, traditions, rituals, beliefs, convictions. That is why the younger generation is deeply rooted in the spirituality of our people

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1. Алтаев Ж.,- Қазақфилософияныңқалыптасуы; Философ. ғыл,докт. дис. автореф.-Алматы,1997-47б.
2. Ы.Алтынсарин. ,- Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар,очерктер-Алматы: Жазушы,1988-320б.
3. Ал Фараби.,- Естественно-научные трактаты-Алма-Ата,1987-282с.
4. Ананьев Б.Г. ,- О проблемах современного человекознания- М:Наука,1977-380с.
5. Артықбаев Ж.О.,- Қазақэтнографиясы: этнос жәнеқоғам. ХҮІІІ ғ. Қарағанды : ҚарМУ,1995-266б.
6. Арғынбаев Х. ,- Қазақотбасы-Алматы: Қайнар, 1996-288.
7. Афанасьев В.Ф.,- Этнопедагогика восточного народа –128

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Жанузакова Индира Кабылқалықовна

Астана қаласы №28 мектеп-лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Қожа Ахмет Ясауи – ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы, ойшыл, діни қайраткер. Оның туындылары – біздің баға жетпес құнды мұрамыз. Мен өз мақаламда Қожа Ахмет Ясауидің әдебиет саласына әкелген жаңалығы туралы және оның әдебиетте қалдырған мұраларын жас ұрпаққа жеткізудің жолдары туралы айтықым келеді.

Жұмыстың мақсаты – жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларын оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі мен маңыздылығын анықтау.


Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеген болатын. Түркі халықтарында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келуімен қатар, оны түр жағынан дамыта түсіп, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиетін жақындастыра түсті. Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан Құран Кәрімде айтылатын тарихи аңыздар мен әңгімелерді өз хикметтерінде ұтымды пайдаланды. Ислам ғұламаларының еңбектерімен танысып, Құран аяттарының сырын, пайғамбарлардың тарихын терең зерделеген.

Қожа Ахмет Ясауидің еңбектері күрделі әрі оларды бірден меңгеріп алу да, түсініп оқу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән бар, әрбір туындысында тәрбиелік мәні бар дүниелер кеңінен қарастырылған. Сондықтан Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларын ұқыптылықпен талдау жасап, оны ой елегінен өткізу керек. Тіпті, Ясауи өзінің хикметтерін Алланың кітабымен, Құранмен, тең көрген. Мысалы, «Менің хикметтерім, Алладан пәрмен, Оқып ұққанға бар» дей отыра, өз хикметтерінің Алла тарапынан келіп тұрғанын айтады. Осылайша жас ұрпақты Ахмет Ясауи туралы қосымша мағлұмат беріп барып қана әдеби шығармаларымен таныстырған жөн. Оқушыларға Ахметтің қандай еңбектері бар екенін, олардың аттары және баспа арқылы жарыққа шығуы жайлы тарихи деректерге тоқталып өткен дұрыс. Ақынның кез келген еңбегінде отбасы, ақыл-ой, адамгершілік, экологиялық, өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу сияқты көптеген мәселелер сөз болады. Ақынның шығармаларын оқытуда осы құндылықтарға басым көңіл бөлген жөн.

8-сыныпта, қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда, қазақ әдебиетінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» шығармасы оқытылады. «Даналық кітабы» - адам баласының рухани жетілу, даналық игеру жолын өрнектеген ғибратты өлеңдер жинағы. Қожа Ахмет Ясауи бұл еңбегінде адам баласының нәпсісін тізгіндей білуі туралы, өмірдің мәні туралы баяндап, адамгершілік, имандылық туралы философиялық тұжырымдар жасайды. Өзінің бала кезінен бастап, Мұхаммед пайғамбардың жасына келгенге дейінгі өмірін баяндай отырып, адам баласының жан азығына айналған құндылықтырды дәріптейді және насихаттайды. Өз хикметтерінде рухани жетілу үшін білімді игеру керектігіне мән беріп, ортағасырлық әдеби жәдігерлердің негізгі идеяларының біріне айналған «кемел адамға» тән қасиеттерді саралайды. Нәпсіге құл болған адамдардың ізгі істерден, жақсы амалдардан алыс болатынын айтады. Мысалы, «Даналық кітабындағы» «Өмірдің мәні, ақиқат туралы тұжырымдар» өлеңін оқытуда ең бірінші көңіл бөлетін нәрсе ол – **сөздік жұмысын** жүргізу. Оқушыларға таныс емес немесе сирек қолданатын сөздер кездесуі мүмкін (зікір, пақыр, жетесіз, жыртық үй, пәни жолы және т.б.), сондықтан сөздік жұмысын жүргізіп, сөздердің мағынасын түсіндіріп өткен жөн.

Келесі әдіс – **«9 ромб» әдісі**. Тақырыпқа қатысты 9 түйінді сөз беріледі, осы сөздерді топ оқушылары торға маңыздылығы бойынша орналастырады. Үстіңгі

жағына маңызды сөздерді орналастырады, ал астыңғы жағына маңыздылығы аз сөздерді орналастырады. Оқушылар әр сөздің мағынасына терең үңіліп, оның маңыздылығын анықтайды. Әр топ кез келген түйінді сөзді маңызды деп шешуі мүмкін, бірақ сол шешімдерін өлең мазмұны бойынша дәлелдеп бере алуы тиіс.



9 түйінді сөз: 1.ақыл, 2.жетім-жесірге қамқор болу, 3.жамандықтан жирену, 4.көмек көрсету, 5.күнәдан айығу, 6.жыртық үйдің құдайы бар, 7.зікір беру, 8.білім алу, 9.адалдық.

Бұл әдістің тиімділігі оқушылар сөздердің мағынасын және өлеңнің мазмұнын терең түсінеді. Өлеңге қатысты өз пікірлерін, көзқарастарын білдіреді.

«**SWOT талдау**» әдісі – бұл шығарманың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерін анықтауға арналаған әдіс. Шығарманың мықты жақтары мен әлсіз жақтары нақты шығармадан алынады, ал мүмкіндіктері мен қауіп-қатері шығармаға болжам жасау арқылы анықталады. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау дағдыларын, болжай алу дағдыларын дамытады. Сұрақтарға жауап беру арқылы өлеңге талдау жасайды:

- Өлеңнің қандай мықты жақтары және әлсіз жақтары бар?
- Қандай мүмкіндіктері бар?
- Қандай қауіп-қатер болуы мүмкін?

«Ей, мұсылман, тағат қылсаң, тынбағын» өлеңіне талдау.

Оқушылардың болжам жауаптары:

<p>мықты жақтары: <i>ғашық болу, дидарды іздеу, қайырымды болу, шәкірттердің ырысы, қара қылды қақ жару, ғылымға бет бұру</i></p>	<p>әлсіз жақтары: <i>надандардың хикметтерді түсінбеуі, пәнидің жалғаны, ойдың таяздығы, көңілі қаралар</i></p>
<p>мүмкіндіктері: <i>еліне адал қызмет ету, жағымсыз әдеттерден арылу</i></p>	<p>қауіп-қатері: <i>Адамның ізгі қасиеттеріне қарай бет бұрмауы</i></p>

«SWOT талдау» әдісін «8.Т/Ж4.Шығарма үзінділерімен жұмыс. Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану» оқу мақсатын жүзеге асыруда қолдану тиімді. Оқушылар «Даналық кітабын» оқи отыра, кітаптың тек қана жақсыға жол көрсетенін, ақылы көп тек ізгілікке, мейірімге білімге, тәртіптілікке, адамгершілікке және т.б. ізгі істерге, қасиеттерге жетелейтінін түсінеді және шығарманың мүмкіндіктері мен қауіп-қатерін болжай отырып, өз көзқарастарын дәлелді жеткізуге тырысады.

«**Ауадағы тапсырмалар**» стратегиясын қолдану да тиімді әрі қызықты. Оқушылар қызығушылықпен бұндай тапсырмаларды орындайды. Әр топқа бір шардан беріледі. Мысалы, Ясауидің өлеңінен бір ұғымды жазып, келесі топқа шарды лақтырады, сол топ ұғымға өлеңнен мысал келтіреді. «Ауадағы тапсырмалар» стратегиясын сергіту сәті ретінде де қолдануға болады.

Қожа Ахмет Ясауи еңбектері – қазіргі дамыған қоғамда ең өзекті тақырыптардың бірі. Ясауидің шығармалары ұлттық және жалпыадамзаттық

құндылықтарға толы. Ясауидің шығармаларын оқытқанда құндылықтарға аса назар аударған жөн. Ясауидің шығармаларын оқыту арқылы біз жас ұрпаққа тәрбие, білім, ғылымының не екенін ұғындыра аламыз. Қазіргі кезде жастарды діни сауаттылыққа тәрбиелеу – өзекті мәселелердің бірі. Қожа Ахмет Ясауи мұсылмандық жолды қасиет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлады. Мұсылмандықтың ең негізгі қасиеті – адамгершілік екенін жас ұрпаққа түсіндіре білу керекпіз. Ясауидің шығармаларын оқушылар оқи отыра, өздерін жақсы бір бағыттан көруге тырысады. Ахмет Ясауи үшін құдай жолы дегеніміз – пенденің рухани кемелдікке жол алып, адамның адамдық қасиеттерімен өмір сүруі. Атап айтқанда адамның рухани жан дүниесі оның адамдық қасиеттерімен ғана танылады. Ал адамдық қасиеттері оның өмір сүру амалдары арқылы байқалады. Осыны жас ұрпаққа жеткізе білу – бұл, әрине, мұғалімнің еншісіндегі дүние.

Қожа Ахмет Ясауи өлеңдерін оқытуда «Ясауи сөздерінен бүгінгі тәрбиеге сай келетін жолдарын тауып жазыңдар. Ясауи сөздерінің бүгінгі күнде



құндылығы неде?» деген тапсырмалар арқылы өлеңдеріндегі құндылықтарды анықтатып, қазіргі заман құндылықтарымен салыстыру жұмыстарын жүргізген тиімді. Бұл жұмыстарды «Т кестесі» әдісі арқылы жүргізуге болады. «Т кестесінің» сол жағына Ахмет Ясауи заманындағы құндылықтарды жазса, оң жағына қазіргі заман құндылықтарын

жазады. Соңында ақынның заманы мен қазіргі заман құндылықтарын салыстыра отырып, дәлелел келтіре отырып, ұқсастығы мен айырмашылығына тоқталады. Бұл тапсырманы «8.Б/С2. Заманауилығы мен жаңашылдығы. Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру» оқу мақсатын жүзеге асыруда қолдануға болады. Оқушылар ақын заманындағы рухани құндылықтар қазіргі кезде де өз өзектілігін жоғалтпағанын анықтай отырып, ақынның бай мұрасы қай кезеңде де болмасын өз құндылығын жоғалтпайтынын түсінеді.

Қорытындылай келе, Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларын мектепте оқыту арқылы жас ұрпақтың бойында адамгершілік пен имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастырамыз, жастардың діни сауатын ашамыз және дін туралы дұрыс түсінік береміз деп есептеймін. Ахмет Ясауидің шығармаларын жаңғырту – біздің мақсатымыз. Ғұламаның бүкіл жарқын өмірін жас ұрпақтың тәрбиесіне жұмсағаны, күш жігерін туған еліне, халқына жұмсағаны жөнінде оқушыларға жеткізе білу тиіспіз, себебі Қожа Ахмет Ясауидің ілімі бүгінгі күнге дейін өз маңыздылығын, өзектілігін жоғалтқан емес.

Аннотация

Мақалада мектеп оқушыларына ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы, ойшыл, діни қайраткері Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын оқытудың тиімді жолдары туралы жазылған. Автор Қожа Ахмет Ясауидің туындылары баға жетпес құнды мұра екеніне тоқталады. Қожа Ахмет Ясауидің әдебиет саласына әкелген жаңалығы

туралы және оның әдебиетте қалдырған мұраларын жас ұрпаққа жеткізудің жолдарын қарастырады.

Жұмыстың мақсаты – жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларын оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі мен маңыздылығын анықтау. Ақынның өлеңдері кейінгі ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, туған жер мен адамзатты сүйеге апаратын жол іспетті. Ясауидің шығармалары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Ясауидің шығармаларын оқыту барысында құндылықтарға аса назар аударған жөн екендігін ерекше атап өтті. Жастардың діни сауаттылығын қалыптастыруда да Ясауидің шығармаларын оқытып, мұсылмандықтың ең негізгі қасиеті – адамгершілік екенін және адамдық қасиеттері оның өмір сүру амалдары арқылы байқалатынын жас ұрпаққа түсіндіре білу қазіргі таңда өзекті екені туралы сөз қозғалады. Автор өзінің Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларын оқытуда қолданған тиімді әдіс-тәсілдерімен бөліскен.

Аннотация

В статье описаны эффективные способы преподавания школьникам богатой наследии великого поэта, основоположника суфийской поэзии, духовного учителя востока - Ходжи Ахмета Ясави. Автор подчеркивает, что произведения религиозного деятеля являются бесценным наследием. Так же автор анализирует достижения Ахмета Ясави в области литературы, и способы ее передачи будущему поколению.

Цель работы – рассмотреть эффективные методы, используемые при преподавании произведений поэта учащимся 8-го класса общеобразовательной школы. Стихи поэта проложили путь будущему поколению к нравственности, вере, любви к родной земле и ее рекливиам. Труды Ясави наполнены национальными и общечеловеческими ценностями. Автор обращает внимание на то, что необходимо уделять особое внимание ценностям при преподавании произведений Ясави. Актуальное значение в формировании религиозной грамотности молодежи имеет преподавание произведений Ясави и разъяснение молодому поколению того, что самым основным качеством ислама является нравственность и что человеческие качества можно увидеть через образ жизни. Автор поделился эффективными методами, которые он использовал при преподавании произведений Ходжи Ахмета Ясави.

Annotation

The article describes effective ways to teach schoolchildren the legacy of the great poet, founder of Sufi poetry, spiritual teacher of all Muslims of the East, thinker, religious figure Khoja Ahmed Yasawi. The author emphasizes that the works of Khoja Ahmed Yasawi are an invaluable heritage. It also examines Ahmet Yasawi's innovations in the field of literature, and ways of passing on his literary heritage to the younger generation.

The aim of the work is to consider effective methods used in teaching the works of Khoja Ahmed met Yasawi to 8th grade students in a secondary school. The poet's poems paved the way for the future generation to morality, faith, love for the native land and humanity. Yasawi's works are full of national and universal values. The

author stressed that special attention should be paid to values in the teaching of Yasavi's works. Teaching the works of Yasawi and explaining to the younger generation that the most basic quality of Islam is morality and that human qualities can be seen through the way of life is of current importance in the formation of religious literacy of young people. The author shared the effective methods he used in teaching the works of Khoja Ahmed Yasawi.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Қасқабасов. «Қазақ әдебиеті» – Алматы, «Жазушы», 2018
2. Ә.Пірманов. «Яссауи Хикметтері» – Алматы, «Атамұра», 1995
3. <https://adebiportal.kz/> Әдебиет порталы, Қожа Ахмет Ясауи өлеңдері

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Жаныбекова Гүлжахан Есенбековна

Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары

Жамбыл облысы Тараз қаласы

Қаратай Тұрысов атындағы

№ 53 мектеп гимназиясы

Қожа Ахмет Яссауи – көрнекті философ және жаңашыл, оның идеялары білім мен мәдениетке орасан зор әсер етті. Ол әр адамның жеке қасиеттерінің маңыздылығын ұғынып, білім мен мәдениеттің үйлесімділігін уағыздады. Оның білім берудегі көзқарасы жеке тұлғаның интеллектуалдық және рухани аспектілерін, соның ішінде мәдени әртүрлілікті құрметтеуді дамытуға бағытталған. Яссауи дәстүрлі және заманауи тәсілдерді біріктіре отырып, бірегей оқыту әдістерін жасады. Оның педагогикалық философиясы қоғамдағы мүдделердің үйлесімділігі мен үйлестірілуіне, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық ойлауы мен жеке қасиеттерін дамытуға ұмтылады.

XI-XII ғасырларда өмір сүрген Қожа Ахмет Яссауи өз заманының ғалымы ғана емес, өзі белсенділік танытқан өлкенің мәдени-әлеуметтік және білім беру келбетін терең өзгерткен тарихи оқиғалардың көрнекті қатысушысы болды. - қазіргі Қазақстанда. Бұл кезең Яссауидің педагогикалық көзқарасының қалыптасуына тікелей әсер еткен оқиғалар мен процестерге толы болды, оның тәлім-тәрбиеге деген көзқарасын өз дәрежесінде ерекше етті.

Яссауидің білім беру философиясын қалыптастырған негізгі контексттердің бірі аймақтағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер болды. Орталық Азия ол кезде әртүрлі этностардың, соның ішінде түркі және моңғол тайпалары араласа өмір сүрді. Бұл мәдени мозаикалық ландшафт бірегей көп ұлтты қоғамды құрды, бұл әрине білім мен тәрбиеге әсер етті. Осындай көп мәдениет жағдайында тәрбиеленген Яссауи өлкенің бай мәдени мұрасын ескеретін тәрбие әдістерін жасауға ұмтылды.

Оның педагогикалық наным-сенімінің қалыптасуының маңызды жағы ислам дінінің де әсері болды. Діни ұстанымдар қоғамдық өмірдің әртүрлі

салаларына, соның ішінде білімге де еніп кетті. Діни терең ғұлама Яссауи ислам қағидаларын жергілікті дәстүрмен ұштастырып, құндылықтар мен руханиятқа негізделген бірегей педагогика жасады.

Моңғол шапқыншылығы сияқты тарихи сәт Яссауи өмірінің шешуші сәтіне айналып, қоғамдық құрылысты сақтау мен нығайту құралы ретінде білімнің маңыздылығын айқындады. Осы қиын-қыстау кезеңдер оны оқу-тәрбие мәселелерін шешудің жана жолдарын іздеуге итермеледі және оның көзқарасы уақыт талабына жауап берудің бір түрі болды.

Қалалардың гүлденуі, сауда және мәдени алмасулар интеллектуалдық дамуға және жаңа білім беру тәсілдерінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасады. Яссауи мұнан тек білім беру мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар шәкірттердің адамгершілік-рухани қасиеттерін дамыту құралын да көрді. Оның көзқарасы негізінен ғылыми және мәдени дәстүрлердің үйлесімді үйлесімі болды, бұл оның ағартушылық идеяларын өз заманы үшін бірегей және прогрессивті етті.

Қожа Ахмет Яссауидің педагогикалық көзқарастары қарқынды әлеуметтік-мәдени және тарихи процестер жағдайында қалыптасты, бұл оның көзқарасын өлкенің білім беру және мәдениет тарихының құрамдас бөлігіне айналдырады. Оның білім беру философиясы күрделі уақыттың қиындықтарына жауап болды және оның мұрасы бүгінде білім беруді шабыттандырады және ынталандырады.

Ұлы ойшыл, ағартушы Қожа Ахмет Яссауи рухани, этикалық және практикалық аспектілерді ерекше біріктіретін көрнекті оқыту әдістемесін жасады. Оның тәрбиелік көзқарасы үйлесімділік принципіне құрылған, мұнда руханилық пен этиканың дамуы прагматикалық дағдылармен тығыз байланысты. Яссауи әдістемесінің басты ерекшелігі – оқушының адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға бағытталған білім берудегі сабақтастық принципі.

Оның әдістемесінің негізгі элементтерінің бірі адамгершілік тәрбиесі болды, ол оны тәрбиенің негізгі құрылыс материалы ретінде қарастырды. Яссауи шәкірттің адамгершілігіне жоғары мән беріп, тәрбиенің мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен бірге шыншылдық, әділдік, төзімділік қасиеттерін қалыптастыру екенін атап көрсеткен. Оның педагогикалық философиясы жеке тұлғаның тек психикалық ғана емес, адамгершілік қасиеттерінің де дамуына түрткі болды.

Қожа Ахмет Яссауи әдістемесінің маңызды аспектісі тәжірибелік оқыту, оның ішінде тәжірибелік оқыту және белсенді білім алмасу болды. Ол тек теориялық аспектілерге ғана емес, практикалық дағдыларға да үлкен мән берді, шынайы білім тек белсенді тәжірибе арқылы жүзеге асады деп есептеді. Бұл тұрғыда оның оқыту әдістемесі студенттерге тек теориялық білім алуға ғана емес, сонымен қатар оны практикада қолдануға мүмкіндік берді, бұл материалды неғұрлым толық меңгеруге ықпал етті.

Яссауидің оқыту әдістемесінде де әр оқушының жеке қабілетіне баса мән берілген. Ол әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуына жағдай туғызып, жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің маңыздылығын атап өтті. Бұл жеке қажеттіліктердің алуан түрлілігі туралы

қамқорлық оның білім беруді стандарттауға болмайтынын, бірақ әр оқушының ерекшелігіне сәйкес келуі керек екенін түсінді.

Яссауи әдістемесінің маңызды қыры рухани аспектілердің оқу процесімен өзара байланысы болды. Ол білім тек ақыл-ойға ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның ішкі әлемінде үйлесімділік тудыратын рухани тәрбиеге де ықпал етуі керек деп тұжырымдады. Оның әдіс-тәсілдері рухани-этикалық сабақтарды оқу үдерісіне кіріктіруге мүмкіндік берді, оны тереңірек және мазмұнды етті.

Қожа Ахмет Яссауи өз сабақтары мен трактаттарында рухани-адамгершілік тағылымдарын жеткізу үшін астарлы әңгімелер, әңгімелер, астарлы сөздерді белсенді қолданды. Бұл студенттерге нақты ақпаратты қабылдауға ғана емес, терең мағына мен құндылықтарға ие болуға мүмкіндік берді. Оның даналығы мен ұстаздық шеберлігі білім беруді тек көңілді ғана емес, сонымен қатар шабыттандыратындай етіп көрсете білуінен көрінді.

Жалпы, Қожа Ахмет Яссауидің ұстаздық әдістемесі білімді ғана емес, дана, толерантты, этикалық саналы тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталған. Оның ілімі ішкі және сыртқы дүниенің үйлесіміне, қоғамға пайда әкелетін саналы да біртұтас тәрбиеге ұмтылғандарға бағыт бағдар берді.

Қожа Ахмет Яссауидің педагогикалық көзқарасын заманауи қолдану, әсіресе, қоғамның заманауи талаптары мен талаптары жағдайында тәрбие тәжірибесі эволюциясының құрамдас бөлігі болып табылады. Яссауидің адамгершілік тәрбиесі туралы ойлары қазіргі білім беру жүйелерінде әсіресе өзекті болып табылады, мұнда оқушылар бойында құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру өзекті бола бастады.

Адамгершілік-этикалық мәселелер өзекті бола бастаған бүгінгі қоғамда Яссауидің адамгершілік тәрбиесіне деген көзқарасы жаңғыруда. Көптеген оқу орындары білім беруді ғана емес, сонымен қатар моральдық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдауға қабілетті саналы азаматтарды дамытуды мақсат етіп, оқу бағдарламасына этика мен мораль элементтерін енгізуде.

Яссауидің практикалық тәжірибе мен жеке дамуға негізделген оқыту әдістері жекелендірілген білім беру мен белсенді оқытудың қазіргі тенденцияларына сәйкес келеді. Теориялық білім ғана емес, практикалық дағдылар да бағаланатын заманда Яссауидің көзқарасы қазіргі мектептер мен жоғары оқу орындарында жалғасын табуда.

Мәдениетаралық өзара әрекеттестік пен толеранттылық мәселелері өзекті болып отырған қазіргі қоғамда Яссауидің айырмашылықтарды құрметтеу және толеранттылық ұстанымдары өз көрінісін тапты. Заманауи білім беру ұйымдарындағы білім беру бағдарламалары студенттердің мәдениеттер мен діндердің әртүрлілігін құрметтеуге, сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ұмтылады. Бұл бағыт қоғамдағы толеранттылыққа, ерекшеліктерді құрметтеуге үйретудің маңыздылығын атап көрсеткен Яссауи ұстанымдарына сәйкес келеді.

Білім берудегі заманауи технологиялар да Яссауи әдістемесінің элементтерін сәтті біріктіреді. Виртуалды білім беру платформалары тереңірек және есте қалатын оқуды жасау үшін әңгімелер, аллегориялар және интерактивті әдістерді тиімді пайдалана алады. Бұл фактілік ақпаратты

жеткізуге ғана емес, сонымен қатар үйлесімді және мазмұнды білім беру ортасын құра отырып, студенттік құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, Қожа Ахмет Яссауидің педагогикалық көзқарасы қазіргі оқу тәжірибесіне ықпалын тигізіп, құндылық-адамгершілік аспектілерімен байытып келеді. Ол жан-жақты және біртұтас білім алуға ұмтылатын заманауи педагогтар мен оқушылар үшін шабыт көзі бола отырып, үйлесімділік пен өзара түсіністік рухында тұлғаны дамытудың құнды құралдарын ұсынады.

Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық көзқарасы тек тарихи жәдігер ғана емес, сонымен қатар заманауи білім беру тәжірибесіне әсер етіп, қазіргі жеке тұлғаны қалыптастырудың бірнеше іргелі аспектілеріне жарық түсіретін үздіксіз шабыт көзі болып қала береді.

Білімді ғана емес, адамгершілігі мол жеке тұлғаны қалыптастыруға ұмтылыс өзекті бола бастаған қазіргі заманда Яссауидің адамгершілік тәрбиесінің қайталанбас маңызы туралы ойлары ерекше құндылыққа ие болып отыр. Оның жеке қабілеттерін дамытуға деген көзқарасы мен оқуға дараланған көзқарасы қазіргі білім беру тұжырымдамасымен үйлесімді үйлеседі, бұл әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Яссауи ұстанымдары рухани аспектілердің оқу-тәрбие үрдісімен байланысын айшықтай отырып, эмоционалдық интеллект пен әлеуметтік дағдылардың қазіргі заманғы дамуы жағдайында өзінің қазіргі көрінісін табады. Оның толеранттылық, айырмашылықты құрметтеу және мәдениетаралық өзара әрекеттесу туралы ілімдері ашық және толерантты қоғам құруға бағытталған білім беру бағдарламаларында қайталанатын.

Яссауидің белсенді тәжірибе мен жеке тәжірибеге негізделген оқыту әдістері белсенді және практикалық оқытудың заманауи тенденцияларына үйлесімді сәйкес келеді. Білім берудегі виртуалды технологиялар оның әдістемесінің элементтерін сәтті біріктіреді, тереңдетілген және есте қалатын оқытуға ықпал ететін неғұрлым тиімді және интерактивті білім беру тәжірибесін жасайды.

Демек, Қожа Ахмет Яссауи ағарту саласында ақиқат мұра қалдырып, заманауи ағартушылар мен шәкірттерді жігерлендіріп отырды. Оның руханиятпен, адамгершілік пен жан-жақтылықты құрметтеумен сусындаған педагогикалық көзқарасы заманауи әлемнің үйлесімді және саналы азаматтарын қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасын құрудың құнды қағидаларын ұсынады. Бұл мұра біздің заманымыздың сын-қатерлеріне жауап беріп қана қоймайды, сонымен қатар үйлесімді қоғам құруға қажетті құндылықтар мен рухани принциптерге бай білім беру ортасын құруға ұмтылатындар үшін шабыт көзі болып қала береді.

Аннотация

Бұл мақала XII ғасырдағы көрнекті түркі ақыны, сопылық мистик Қожа Ахмет Яссауидің тәлім-тәрбие философиясына арналған. Ислам руханиятынан бастау алатын Яссауи ілімінде адамгершілік құндылықтар, тәжірибелік білім алу және рухани интеграция арқылы үйлесімді дамуға баса назар аударылады.

Зерттеуде Яссауи іліміндегі мәңгілік хикметтерге нұр құйып, оның заманауи білімге деген көзқарасының бүгінгі өзектілігі қарастырылады.

Аннотация

Данная статья посвящено педагогической философией Ходжа Ахмета Яссави, выдающегося тюркского поэта и суфийского мистика XII века. Укорененные в исламской духовности, учения Яссави подчеркивают гармоничное развитие через моральные ценности, опытное обучение и духовную интеграцию. Исследование рассматривает современную актуальность его подхода для современного образования, проливая свет на вечную мудрость в учениях Яссави.

Annotation

This article delves into the pedagogical philosophy of Hodja Ahmed Yassawi, a 12th-century Turkic poet and Sufi mystic. Rooted in Islamic spirituality, Yassawi's teachings emphasize holistic development through moral values, experiential learning, and spiritual integration. The research explores the contemporary relevance of his approach for modern education, shedding light on timeless wisdom in Yassawi's teachings.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1."Хожа Ахмет Яссауи - тәрбие мен мәдениеттік бірлескендіруші" – А. Макатаев
- 2."Яссауи тарихы мен педагогикасы" – З. Сейітбек
- 3."Педагогикалық қадамдар - Яссауиның тәрбие философиясы" – А. Қамит
- 4."Яссауи мен әдебиет" - Марал Жұмабаева
- 5."Тілдік педагогикасы - Яссауиның тіл педагогикасы" - Динара Сейітқали
- 6."Яссауи пен ойындар педагогикасы" - Асылжан Нұрмамбек
- 7."Мемлекеттік педагогика - Яссауиның өмірі мен жаршысы" – Н. Жолдасбаев
- 8."Толық жастар педагогикасы - Яссауи пен жасөспірімдер" - Гауһар Абай
- 9."Бала тәрбиесі - Яссауи тарихы мен педагогикасының практикалық жолдары" - Жанар Серік
- 10."Ұстаздың жаттығулары - Яссауи пен мектептік педагогика" – А. Нұрмолда
11. Мінезінің сыры - Яссауи пен Қазақ әдебиеті" - Арман Сыралы
- 12."Тұлға келгендеріміздің біл - Яссауи тарихы мен өмірі" - Руслан Абайұлы
- 13"Яссауи пен тәрбиелеу - Қазақстанда мектептік педагогика" – Г. Кажимбет
- 14"Шығармашылық ғұмыры - Яссауи өмірі мен өмір пен педагогика" - Жансая Абдуалиева

ҚОЖА АХМЕТ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ МӘНІ – АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАЛУЫ

Жексенбина Арай Балтабековна
«Silk-Roadcorporation» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі «Дара» Бизнес-
академиясы» мектеп – лицейі директорының
ғылыми және инновация ісі жөніндегі
орынбасары

Тарихты білу-өзінді білу. Қоғамға қызмет ететін, ұлтын сүйетін, қоғамның дамуына жеке тұлға ретінде үлес қосатын әрбір азамат өткенін, ата-бабасының тарихын оқып-біліп, зерделеп, саралап өзіндік көзқарасын қалыптастыруы тиіс. Халықтың өсуі мен дамуына, рухани жетілуіне көз жіберіп қарасақ, артқа шегінуге тура келеді. X-XII ғасырға шегініс жасасақ Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, М.Қашқари, Ж.Баласағұн мұраларына, одан беріде ақын-жыраулар мұрасы, би-шешендер өнеріне, XIX-XX ғасырға шолу жасасақ ақын-әнші, сал-серілер мұрасына жолығамыз. Бұл біздің өткеніміз, тарих сабақтары... Осы аталған халықтың арасынан шыққан біртуар тұлғалардың шығармашылығына тақырып болған адамдық мұрат, ақыл-парасат, ақиқат-әділдік, жауапкершілік, діл-дін жайы, парыз-қарыз, білім-ғылым, адамгершілік жолы, сыйластық сыры т.б. Осы тұлғалардың ішіндегі бүкіл түркі әлемінде өшпес із қалдырған Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығын ғұламаның дүниетанымы, жалпы адамды танудағы рөлі жайында сөз қозғамақпыз. Жалпы бүгінгі жаһандану заманында, бүгінгі жаңа дүниенің ертеңгі тарихқа тез, оңай айналып жатқан кезеңінде өзгермейтін, өмірдің өзегі болып тұрған мәселе бар. Ол – адам, жеке тұлға. Адамның адамгершілік қасиеттері, қоғамды қоғам етіп ұстап тұрған осы адамдардың адами қасиеттері. Қай кезде болмасын, өткенімізде де, қазіргі кезеңде де, кейін де бұл тақырып күн тәртібінен түспек емес. Тәрбие мәселесі, сол тәрбие арқылы адам бойына сіңетін жақсы қасиеттер, адамның адам ретіндегі қоғамдағы орны, өзін-өзі тануы бұлардың барлығы қашанда өзектілігін жоймайтын тақырып. Осы тұрғыдан қарай отырып Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларындағы ғұламаның дүниетанымы, оның жалпы адамзатқа қатысы туралы қарастыратын болсақ, ғұламаның «Диуани Хикмет» еңбегіне тоқталмау мүмкін емес. Жалпы ғұламаның қай туындысын алсақ та ондағы басты тақырып – адам тақырыбы.

Қожа Ахмет Ясауиді шығармашылық мұрасы арқылы оқып-тани отырып, адами мұраттарды қадір тұтып, имандылықты адамдардың бойына себуге бар ғұмырын арнаған ағартушы деп тануымызға болады.

Қожа Ахмет Ясауи Қазақстанның Түркістан өңірінде, Сайрам қаласында туып, Ясы қаласында тұрған. Ясауи шығармаларын зерттеген ғалымдар: «Иасауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам,–дейді [1, 424-425]. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының арасында ислам дінін таза күйінде емес, түркілік наным-сенімді, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты ала отырып, біріне-бірін байланыстырып, адами қасиеттердің дінмен байланысын, имандылықты, оның адамның жүрегінде болуы керектігін насихаттаған адам.

Ол өз хикметтерінде адам басқаларға жақсы көріну үшін сырттан ғана құдайшыл болып, іштей пейілі басқадай болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады деп түсіндіреді. Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа (жәһілдікке) ұрындырады деген ой айтады.

Ол адамның көңілінің надандығы сол адамның өзіне, айналасына зиян келтіріп, бүліндіреді дей отыра оған жақсылықты қарама-қарсы қойып, жамандықтан сақтауға тырысады. Ғұлама:

Наданмен өткен өмірің тозақ болар,

Надан барса тозақ одан қашар.

Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,
Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.
Надан хәлін менен сұрама, көңілім қапа,
Хақтан қорқып, қайғы тұтсам, күлер «қақа».
Араны ашық, нәпсі ұлық, мысалы лақа,
Надандардан қорқып саған келдім мен-ә.
Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып дұға тілеймін жомарттардан.
Ғаріп жаным мың садаға даналардан,

Дана таппай жер астына кірдім мен-ә! – деп, 63 жасында жер астынан салдырған мешітіне түсіп сонда өмір сүргендігін айтады. Зерттеулер бойынша бірінде адамдардың жамандығын көргісі келмеді десе, бірінде «63 жас пайғамбар жасы, пайғамбардан артық өмір сүрмеймін» деген оймен жер астына өз еркімен түсті деп айтылады.

Ғұлама «Диуани Хикмет» кітабында адам баласына діни имандылықты, жан тазалығын, ізгілікті үлгі етеді. Даналық ойларын айтады, Ясауи бұл кітабын «Дәфтар сани» («Екінші дәптер») деп атаған. Жалпы Ясауи шығармаларында сопылық дүниетанымның үрдісі бар. Сопы болу – мына дүниеде өмір сүріп, бұл дүниемен өмір сүрмеу. Яғни дүниелік, дүниенің пендешілігінен жоғары тұру, дүниеқұмарлық, қызыққұмарлықтан безу, арам нәпсіден тыйылу. Жан тазалығын материалдық құндылықтан жоғары қояды. Ата-бабаларымыз айтатын «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ұстаным сонау Ахмет Ясауи шығармаларында да болған екен. [2, 79, 80]. Шығармасында адамға тән жақсы, көркем қасиеттер: адалдық пен адамдықты, адамгершілік пен қайырымдылық істі қадірлеп, құрмет тұтуды ғибрат етеді.

Әділетті істі ардақтап, игілікті-ізгілікті іске кең жол ашады. Жасампаздық жолды ұстанып, жақсылық пен достықты ту етеді. Кісілік пен кішілікті, мейірім мен қамқорлықты, елшілдік пен отаншылдықты, бауырмалдық пен еңбекшілдікті, берік дәстүр мен терең дүниетанымды, тарих пен танымды, тәлім-тәрбие мен туыстықты, татулық пен тұтастықты, мөлдір махаббат пен сағыныш-сүйіспеншілікті, сыйластық сырларын т.с.с. жырлайды. Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») еңбегін қайта-қайта саралай оқысақ, мән-мазмұнына назар аударғанда, алдымен қоғамның басты байлығы – адам мен оның өмірі, еңбегі мен әрекет-қимылы, қасиет-қүдіреті, ақиқат жолы, әділетті іс, кісілік пен кішілік, қарапайымдылық қағидаттары, дүние дидары, дәстүр мен дін, ақыл-парасат, білім-ғылым, тарих пен таным, жастық пен достық, жақсы мен жаман, тәлім-тәрбие арналары, сыйластық сыры, тіршілік тынысы терең танылады [3, 208]. Өз тәжірибемде Ахмет Ясауи шығармаларының мәнін, жоғарыда тоқталған шығармаларына арқау болған тақырыптарды білім алушыларға түсіндіруде тәрбие сағатында қолданамын. Мысалы, 8-сыныпта «Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы дүниетаным» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында жеке, жұппен, топпен жұмыс жасай отырып, ғұламаның шығармаларының мазмұнымен таныстық. Топтық жұмыста әр топ шығармаларындағы адами қасиеттерді қалай дәріптегендігін шығарма

мазмұны арқылы талдап дәлелдеді. Әр топ бірі татулық пен сүйіспеншілікті, бірі шыншылдықты, бірі отаншылдықты, бірі еңбекқорлық пен сабырлылықты жырлаған жолдарын тауып талдаса, соңғы бақылаушы топ осы қасиеттердің барлығы адамгершілік деген ұғымға сыйатындығын айтып, өз ойларын дәлелдеді. Яғни біздің білім алушы бойына дарытуға тиісті мемлекеттік стандартта көрсетілген құндылықтарды Ясауи шығармаларының он бойынан таба алатындығымызды, оны білім алушы бойына өздерін жұмыс жасата отырып дарытуға болатындығын байқадық. Алдағы уақытта педагогтің авторлық бағдарламасына тақырып болар қомақты дүние екендігін байқап, авторлық бағдарлама дайындауды жоспарлап отырмыз. Бұл тақырыптарды білім алушыларға меңгертуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, саралай оқыту өз нәтижесін беретіндігін байқадым. Баланың қабылдау деңгейіне қарай шығармаларды талдауда тапсырмаларды саралап құру сыныптағы балаларға бір мезгілде көп материалды меңгеруге мүмкіндік береді.

Ясауи шығармаларындағы басты тақырып адам тақырыбын ары қарай талдар болсақ, Ясауи түсінген кең ұғымда адам – рухани қор жинағы. Хикметтерінің бірінде:

«Иман болды Хақ тағала тағатынан,

Кешпек керек бұл дүниенің рахатынан»,– деп имандылыққа шақырады. Иман жүрекке түскен сәуле. Оның нұры кез келген адамның жүрегін жібітіп, ерітеді. Ақылды адам ақ пен қарасын айыра алатын әрі бұрыс жолға кеткенді жөнге салатын, жақсылықтың бірден- бір себепкері.

Иманды жүректің екінші негізі – сабырлық. Сабырлы болу үшін адамға төзім мен шыдамдылық керек. Ол қасиеттер адам баласында о бастан бар. Сабырлы төзімді пенде өзіне берік, сенімі нық адам. Сабырлылық адамды асығыс жолдан сақтайды. Жөнсіз қылық жасаудан алдын алады. Сабыр пенденің төзім белгісі, қиын жағдайда сабырлық сақтап, шыдамды болу рухтың мықтылығын қажет етеді. Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым рухы мықты болады, қиындықтардан қорықпай, өмірге бекем келеді. Адам өзінің қайраты, тәубесі арқылы өмірдегі таңдауын өмір сүру жолын, орнын белгілейді. Егер де адам жалтақтап, өмір мәселелерін шешуге батылы жетпей, жалған өмір мен хақ өмірге таңдау жасауға қорқып тұрса, онда ол жалған қорқыныш сезіміне бой ұрып, қолы да, жолы да байланып, тығырыққа тіреледі. Яғни адам тек Хақ алдында қорқуы керек, ал бұл дүниелік қорқынышқа бой алдырса, жаны семіріп, құты қашып, иманынан айрылады»– дейді [4]. Егер де адам өзінің арам пиғылымен жақсылық жасар болса ол екіжүзділік болып табылады. Адам мәңгүртікке салынып, бұл дүниеде рухани дүниесіне өтірік байлыққа айырбастап, нәпсілікке жол беріп, надандық ауруға душар болады. Ал надан болу дегеніңіз – тәкәппарлық. Менмендіктің түрі. Мұндай кісілер қатыгез қайығымен жүзіп жүретін жандар. Яссауи пендені жалған дүние тұзағынан сақтанып, нәпсінің тұтқыны болмау үшін не жағдайда да иманынан айырылып қалмауына шақырады. Пенденің жүрегі таза, жан дүниесі пәк болуның кепілдігі – ізгі қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіріп отыру қажет. Себебі пенде тек иман түріндегі адамгершілік қасиеттер арқылы

дүниелік тірлік жинап, рухани толып, әулие кемеліне жетеді деген ой айтады. Ясауи:

Бұл дүниеден ақыретке қылар сапар,
Бұл дүниеден азық алсаң, болар қадір.
Қожа Ахмет амал, иман, білгір қадір.

Иманменен қылған сапар ғаріптік жоқ,-деп имандылық адами қасиеттің тірегі екендігін айтады.

Қожа Ахмет Ясауи тәрбиенің адамға жақсы қасиет дарытатынына сенді, адамгершілігі мол адам қаталдыққа бармайды деп есептеледі. Тек дұрыс тәрбие ғана ақымақтық істерден сақтандырады, сондықтан мінез-құлықты түзеу тәрбиенің басты мақсаты деп санады.

Қорыта келе, жалпы адамгершілік қасиеттерін ұстану сол кездегі ойшылдардың алдында тұрған аса құнды проблемалық мәселе болды. А.Ясауи де халыққа дұрыс жол сілтеп, нағыз адам болу үшін қандай шарттар керек екенін көрсетуді өзінің басты парызы деп санаған. Оның шығармаларындағы өмірде неге ұмтылып, неден безіну керектігін баяндайтын моральдық ұғымдарын оқып, үйренудің бүгінгі күндегі бала тәрбиесіне, оның тұлға болып қалыптасуына берері көп, жастардың тәртібі, этикалық және эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру ісінде тәлім-тәрбиелік бағдар болатын құнды дүние.

Ахмет Ясауи шығармаларын оқу барысында оның дүниетанымы, туындыларындағы айтылған ойлар адамның өзін-өзі танып, тәрбиелеуіне негіз болатын еңбек.

Аннотация

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығындағы ғұламаның дүниетанымы, жалпы адамды танудағы рөлі жайында сөз қозғалады. Жалпы бүгінгі жаһандану заманында, өзгермелі кезеңде өзгермейтін, өмірдің өзегі болып тұрған мәселе бар. Ол – адам, жеке тұлға. Адамның адамгершілік қасиеттері, қоғамды қоғам етіп ұстап тұрған осы адамдардың адами қасиеттері. Қай кезде болмасын, өткенімізде де, қазіргі кезеңде де, кейін де бұл тақырып күн тәртібінен түспек емес. Тәрбие мәселесі, сол тәрбие арқылы адам бойына сіңетін жақсы қасиеттер, адамның адам ретіндегі қоғамдағы орны, өзін-өзі тануы бұлардың барлығы қашанда өзектілігін жоймайтын тақырып. Осыларды тәрбие сағаттарында тақырып етіп ала отырып, Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларындағы ғұламаның дүниетанымы, оның жалпы адамзатқа қатысы туралы қарастырып, жалпы ғұламаның қай туындысында болса да ондағы басты тақырып – адам тақырыбы екендігін байқадық. Ясауи дүниетанымындағы адами қасиеттер, оларды саралап, талдап беруі, адамның өзін-өзі тануына мүмкіндік жасайтын құнды дүние деп санаймыз.

Қожа Ахмет Ясауиді шығармашылық мұрасы арқылы оқып-тани отырып, адами мұраттарды қадір тұтып, имандылықты адамдардың бойына себуге бар ғұмырын арнаған ағартушы деп тануымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2000. – Б.424-425.
2. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Оқу-құралы. – Астана: Елорда, 2001. – 79-80 бб.
3. Иассауи Қ. А. Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995. – 208 б.
4. Қожа Ахмет Иассауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. –18 б

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРІНІСІ

Женисова Макпал Канатовна
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-
лицей бастауыш сынып мұғалімі, магистр

Қожа Ахмет Ясауи – сопылық поэзияның негізін салушы, бүкіл Шығыс мұсылмандарының рухани ұстазына айналған ойшыл, «Әулие Сұлтан» лақап атымен аталған дін қайраткері. Оның құрметке ие болғаны соншалық, көзі тірісінде-ақ «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деген халықтық есім пайда болды. Әкесі Ибраһим Махмуд Сайрамның білімді адамы болған.

Мақсаты: Қожа Ахмет Ясауидың шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды зерделеу

Міндеттері:

- ✓ Ұлттық құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларына насихаттау
- ✓ Ойшылдың шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды насихаттау

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек Ахмет Ясауи Шымкент қаласының шығысында орналасқан Шахияр өзенінің кішігірім саласы Қарасудың жағасындағы Сайрам қалашығында дүниеге келген. Исфиджап немесе Аққала (Акшехир) деп аталған Сайрам маңызды елді мекен болған. Халқы түріктерден және парсылардан тұратын. Кейбір деректерде оның Яссыда туылғандығы жайында айтылғанмен, мұның шындық екендігін растау мүмкін емес. Бір хикметінде туған жерін Түркістан ретінде көрсеткенмен, мұны Яссы қаласы емес, Түркістан аймағы деп түсінсек дұрысырақ болар еді. [1.198б]

Ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпаққа насихаттауда Ясауи шығармаларындағы ұлттық құндылық көріністері өте өзекті. Мектеп оқушыларына Ясауидың шығармаларын насихаттап, ондағы ұлттық болмысты дәріптеу ұстаздардың басты мақсаты деп білемін, себебі қазіргі таңда жастар бойында батысқа еліктеушілік басым.

Қазақ халқының тарихында ұлттық-мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерілген біртұтас ілімдерді жасаған даңқты тұлғалар болды. Ұлтымыздың болмысын қалыптастырған, құндылықтық бағдарын белгілеген осындай ілімдердің бірегейі – Қожа Ахмет Ясауи ілімі.

Қ.А. Ясауи – бүкіл түркі халықтарының атасы, XII ғасырда көне түркі тілінде жазылған «Диуани хикмет» кітабының авторы. Қ.А.Ясауи халықты исламға шақыруын, насихаттарын хикмет атымен уағыздаған. Бұл таңдау болса керек. Өйткені Құран Кәрімнің Нахл сүресінің 125 аятында: «Адамдарды Раббыңның жолына хикмет (даналық және көркем үгіт) арқылы шақыр» деп бұйырылған. Хикметтің мағынасын ашатын болсақ ол даналық, ұлттық құндылық, туралық, кәміл ақылдылық, ой пікір, білімділік, өнер дегенді білдіреді. Одан басқа хикмет халал (адал) және харамды (арам) білу, білімді амал жасау мағыналарына келеді.

Ясауи өзінің хикметтері арқылы жеті принципін жеткізген:

- 1 Аллаһқа деген махаббат
- 2 Ықылас пен шынайылық
- 3 Адамға деген сүйіспеншілік
- 4 Кішіпейілділік
- 5 Әйел мен еркек теңдігі
- 6 Еңбекті бағалау
- 7 Ілім мәселесі

«Диуани хикмет» (Даналық кітабы) оғыз-қыпшақ тілінде өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған әдеби туынды ретінде барша көпшілікке танылған болатын. [2.277б]

Хикмет тілі дін Исламнан хабары бар жанға жеңіл. Хикметтерді тереңірек үңіліп, мән бере оқыған адам Ясауи жырларының қыпшақ тіліне өте жақын екендігін аңғарады. Сондықтан, Қ.А.Ясауи шығармалары бүкіл түркі халықтарына ортақ рухани мұра. Ақынның шамамен 143 хикметі бар. «Диуани хикметтің» алғы сөзінде жалпы мұсылман дінінің негізгі қағидаларын, шарттарын, парыздарын байыппен баяндайды. Мұндағы ой-тұжырымдар төмендегі жүйелерден тұрады: тәубашылдық, ғибадатшылдық, махаббат, сабырлылық, шүкіршілік, ризашылдық, захидшілік (анықтық), ғаріптік. Мұнда сүйіспеншілік сияқты мәселелері арнайы сөз болады. «Диуани хикмет» адамзатты имандылыққа, бауырмалдыққа, сүйіспеншілік пен ізгілікке тәрбиелеуді мақсат ете отырып жазылған шығарма. Ақын «Диуани хикмет» еңбегінде адамзатқа ақыл, өсиет айта отырып үлгі, өнеге көрсетуге шақырған.

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ сыпайы болғын,

Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғын.

Махшар күні тәңірге жақын болғын,

Менменсіген халықтан қаштым міне.

Бұл хикметінде ақын адамдардың бір-біріне деген бауырмалдығын, мейірімділігін, сүйіспеншілігін насихаттайды. [3.88б]

Қ.А.Ясауи өзінің «Диуани хикмет» шығармасында Аллаһқа сүйіспеншілік мәселесіне ерекше мән берген. Осы әлемдегі өмірдің түйіні – Аллаһқа құлшылық ету, тәубеге келу, құдай жолына жанын пиде ету секілді парыз міндеттерді суреттеп қана қоймай, оны іске асырудың нақты жолдарына да арнайы тоқталады. Аллаһ адамды махаббат сезімінен жаратқан. Мұсылмандық

Аллаһты сүюден басталады және жалғасады. Сол себепті Қожа Ахмет: Иман жоқ сүймегенде, жаны да жоқ, Болмайды Расул сөзін танып әлек,—дейді. Ақын өз өмірінен қорытынды шығарып, былай дейді:

Бар дүние менікі деген сұлтандарға,
Ғалам малын сансыз жиып айдағандарға.

Өмірі сауық-сайран құрғандарға,
Өлім неше бір опа қылмайды деп.

Осындай дүние-мүлік үшін жанын жалдап, арамдық, сұмдық, зұлымдыққа барған кісілерді аяусыз әшкерелейді. Оларды тәубеге келтіріп, иманды ету үшін ақын ең алдымен өз басындағы міндеттерді тізбелейді. Күрмеуге келмес қысқа жіптей аз күн жалғанда, нарықтық заман қыспағында Қ.А.Ясауи бабамыздың хикметтерінің маңызы зор.

Дәуірлер, замандар көші алға озуда. Алайда, ата-бабаларымыздан қалған асыл сөз ешқашан көнермек емес, «Ғалымның хаты өлмейді» дегендей Ясауи кітабын тек әдеби шығарма деп бағалау аз. Мұндай асыл-мұралар, тарихи туындылар адамды тығырықтан шығарып, тұтқиылдан босатар, инабатшыл көңілдерге иман ұялатар мәнді шығарма. Бұл туындылардың түп төркіні, маңыздылығы ар-ұят аталған әлемдік жарасым әміршісі-Аллаһқа деген сенімде, шексіз махабатта жатыр. Тәртіптілік пен тәрбиелілік жатыр. [4.2186]

Қазақ халқының діни-ислами түсініктері Ясауи ілімінің аясында қалыптасты. Ұлттың ар-ождан кодексі ролін атқарған Ясауи ілімінің негізгі ұстанымдары қазақ халқының рухани-моральдық қағидаларында көрініс тапты. Мұның нақты мысалын біз халқымыздың ізгілікке, имандылыққа негізделген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінен, жыр-аңыздары мен мақал-мәтелдерінен, кешегі жыраулар поэзиясы мен би-шешендердің нақыл сөздерінен, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп секілді көрнекті тұлғаларымыздың туындыларынан айқын аңғарамыз.

Қорытындылай келе халқымыздың ұлт болып қалыптасуы мен дамуына, ұлттық ерекшеліктерінің берік сақталуына Ясауи ілімі тікелей әсер етті деп біз сеніммен айта аламыз. Соңғы кездері айтылып жүрген: «Қытай халқы үшін Конфуций ілімінің мәні қандай болса, Қазақстан қоғамы үшін Ясауи ілімінің маңызы да сондай ерекше» деген пікір осындай келелі ойлардан түйінделген тұжырым.

Ұсыныс:

✓ Бастауыш сынып оқушылары арасында Ұлы ойшыл туралы ғылыми жобалар сайысын өткізу

✓ Ұлы ойшыл туралы танымдық іс-шаралар өткізу.

Аннотация

Қазіргі зайырлы, өркениетті Қазақстан қоғамына зәру парасатты идеология мен қастерлі қағидалар Ясауи ілімінде көрініс тапқан. Рухани тәжірибесі аса бай қазақ халқы өзінің ұлттық бастауларындағы осындай табиғи, тұнық ілімдерді жаңғырту арқылы жаһандану жағдайында да өзінің бірегей болмысын сақтап қала алады. Тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде ұлтты ұйыстыра білген

Яссауи ілімі қазіргі қазақ қоғамына да рухани бағдар болмақ. Тамырын туған топырағымыздан алатын, ұлттық болмысымыз бен ділімізге етене жақын Яссауи ілімін бүгінгі Қазақстан мемлекетінің идеологиялық тұғырнамасы ретінде орнықтыруға барлық негіздер бар.

Қожа Ахмет Ясауи шығармасы өскелең ұрпақты шынайылық пен әділдік үшін ғұмыр кешуді көздейді. Адал еңбегімен халыққа қызмет етумен байланыстырылады. Қ.А.Ясауи өзінің ерекше қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдебиетінің және әдеби тіліміздің кемелденуіне ерекше ықпалын тигізді. Ал, оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде ерекше мәнге ие. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Аннотация

Рациональная идеология и благородные принципы, необходимые современному светскому, цивилизованному обществу Казахстана, нашли отражение в учении Яссауи. Казахский народ, обладающий богатым духовным опытом, может сохранить свою уникальную самобытность даже в условиях глобализации, возродив столь естественные, чистые учения своего национального происхождения. Учение Ясави, сумевшее организовать нацию на узком и скользком пути истории, станет духовной ориентацией современного казахского общества. Есть все основания для утверждения доктрины Ясави, берущей свои корни на нашей родной земле, очень близкой нашему национальному самосознанию и религии, в качестве идеологической платформы сегодняшнего государства Казахстан.

Работа Ходжи Ахмета Ясави направлена на то, чтобы вдохновить молодое поколение жить ради честности и справедливости. К. А. Ясави – учёный, посвятивший свои особые способности, таланты и усилия турецкому народу, своей родной стране, тюркскому миру в целом и особенно воспитанию будущего поколения. Его литературные произведения оказали особое влияние на весь тюркский мир, в том числе на развитие современной казахской литературы и нашего литературного языка. А его взгляды в области образования имеют особое значение в развитии педагогических идей во всем тюркском мире, в том числе и в нашей стране, а его мудрость и духовно-нравственное наследие в отечественном образовании. Именно поэтому учение Ясави не утратило своего значения и по сей день.

Annotation

Rational ideology and noble principles necessary for the modern secular, civilized society of Kazakhstan are reflected in the teachings of Yassawi. The Kazakh people, with their rich spiritual experience, can preserve their unique identity even in the context of globalization by reviving such natural, pure teachings of their national origin. The teachings of Yasawi, which managed to organize the nation on the narrow and slippery path of history, will become the spiritual orientation of modern Kazakh

society. There is every reason to approve the Yasawi doctrine, which takes its roots in our native land, very close to our national identity and religion, as the ideological platform of the modern state of Kazakhstan.

Khoja Akhmet Yasawi's work aims to inspire the younger generation to live for honesty and justice. K. A. Yasawi is a scientist who dedicated his special abilities, talents and efforts to the Turkish people, his native country, the Turkic world as a whole and especially to the education of the future generation. His literary works had a special influence on the entire Turkic world, including the development of modern Kazakh literature and our literary language. And his views in the field of education are of particular importance in the development of pedagogical ideas throughout the Turkic world, including in our country, and his wisdom and spiritual and moral heritage in domestic education. That is why Yasawi's teaching has not lost its significance to this day.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қыстаубайұлы Б. Елбасы және Түркістан. «Ясауи әлемі» ғылымкөпшілік, тарихи-танымдық журнал. – Түркістан, 2010. №2 (3). – 198 б.
2. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, Аруна Ltd. ЖШС, 2010. – 277 б.
3. Нұржан С. «Әулиелер әуезі» (Шығыс данышпан, әулие-ақындарының жырларының тәржімасы). – Алматы, Эффект, 2009. – 88 б.
4. Камалқызы Ж. Қ.А.Яссауи хикметтері және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. / Қожа Ахмет Яссауи мұралары мен ілімінің зерттелуі. – Түркістан, 2008. – 218 б.

Қ.А.ЯСАУИ ТҮЛҒАСЫ- ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТҮТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ

Жорабаева Жанар Ергеновна

І. Есенберлин атындағы № 67 гимназия,
тарих пәнінің мұғалімі педагог – модератор

Сопылықтың түркілік мектебінің қалыптасуы, бүкіл түркі халықтарының арасында Әзірет Сұлтан атанған, атақты шайхы Қожа Ахмет Яссауидің атымен байланысты. Ол Орта Азия Түркістан географиясында, Түрік және Ислам әлемінде терең із қалдырған қадірлі тұлғалардың бірі. Түркілік сопылық дәстүр ұлттық руханиятымыздың да қайнар бұлағы болып табылады. Атақты жерлесіміздің сопылық бағыттағы қызметін, оның түркі халықтарының дүниетанымы мен рухани болмысының қалыптасуындағы орнын тереңінен танып білу үшін, тарихи факторларды анықтау маңызды. Мұндай факторлардың қатарындағы бастысы, әрине, ислам діні екені даусыз. VII ғасырда қалыптасқан ислам діні IX -X ғ.ғ. өзінің шарықтау шегіне жетіп, одан кейінгі уақытта бірте -бірте құлдырай бастады. Жалпы XII-ғасыр қарсаңында ислам дінін қабылдаған түркі мемлекеттері: Қарахандықтар, Селжүктер, Хорезм мемлекеттері түгелімен тоқырауға ұшырады. Бұған бір жағынан түркілердің

дәстүрлі мәдениетін жоғалтуы себеп болса, екінші жағынан бүкіл ислам әлемін жайлаған саяси, рухани тоқыраушылықпен тікелей байланысты байланысты болды. Исламдағы құлдырау исламның көптеген бағыттарға бөлініп кетуінен, еркін ойшылдықтың қудалауға ұшырап, соқыр сенімнің белең алуынан көрініс тапты. Осы кезенді өзін сабақ беретін жеткіншектерге түсіндіруде қазіргі кездегі дінаралық қайшылықтармен сабақтастырамын. Яғни ислам дініндегі әртүрлі бағыттар мен ағымдардың қалыптасуы қазіргі қоғам үшін күрделі болып отыр. Осы мәселерді шешуде Ясауи іліміне сүйенсек қайтелеспейтініміз анық. Осы бағытта 6 -сыныптарда 8 минуттық оқу жобасы аясында Ясауи хикметтерін жаттап, хикмет мазмұнына талдау жасадық. Дәстүрлі мәдениеті мен мемлекеттік жүйесінен айырылған, ислам дінін қабылдаған түркі халықтары рухани, мәдени дағдарысқа ұшырады. Сол кездегі түркі қоғамының қалыптасқан бейнесін Ахмед Ясауи былайша суреттейді:

Ораза, намаз, иман, ислам қолдан кетті.

Күннен күн бетер деген хадис жетті.

Пайғамбар айтқандарды келіп жетті,

Бұл дүниені қараңғылық басты достар. [1, 15].

Осындай қиын кезеңде Ислам дінін тоқыраудан алып шығып, қайтадан құдіретті рухани күшке айналдырған, ислам дінін қабылдаған халықтардың жаппай арабтану үдерісін тоқтатқан, әр халықтың ислам дінінде бола тұрып, өзінің дәстүрі мен мәдениетін сақтап қалу мүмкін екендігін әлемі халықтарына дәлелдеп берген Қожа Ахмет Ясауи болатын.

Ясауи іліміне ықпал еткен келесі маңызды фактор- дәстүрлі түркілік дүнитаным. Түркілік дүниетанымның негізінде көк тәңірге табыну, көшпелі өмір салынан туындайтын тіршіліктің жалғандығы, руханилықты материалдық құндылықтардан жоғары қоятын базалық түсініктер жатыр.

Ең ақырында, Ясауи ілімінің қалыптасуына ықпал еткен факторлардың бірі, әрине, ол өмір сүрген тарихи кезең, яғни XI ғ. Аяғы XII ғ. Түркістан өлкесіндегі саяси- әлеуметтік ахуал. Тарих тұрғыдан алғанда бұл өзіндік бір аласапыран, қым қуат кезең болған еді. Бүкіл мұсылман әлемін біріктіп тұрған Халифат ыдырап, Саманилер, Қарахан, Хорезмшах мемлекеттерінің Орта Азия, Сыр бойы мен Шығыс Түркістан өлкесін жаулап алуда билік үшін талас тартыс, саяси тұрақсыздық жағдайы осыған дәлел бола алады. Міне осындай аумалы – төкпелі заман Ясауи ілімінің қалыптасуының алғышарттары еді.

Ендігі кезекте Ясаудің сопылық іліміне тоқталып, оның ішкі мәнін ашуға тырысайық. Түрлі аңыздар мен өзінің хикметтерінде баяндалғандай, Ахмет Ясаудің діни қызметі ол дүниеге келмей тұрып анықталған Алланың жазуы еді. Мұхаммед пайғамбар өзінің атақты миғраж түнінде болашақ Ясаудің рухын көріп, өзінің рухани ізбасары ретінде өмірге келгеннен кейін түркілердің арасында исламды уағыздауға батасын берген [2, 26].

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы - «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке орай туындының түпнұсқасы біздің заманымызға

жетпеген. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Ондай нұсқалары өте көп. Олардың көбі Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шықты.

Ясауи жолындағылар осы шығарманы Құран Кәрімдегі Нахл сүресінің 125 аятындағы Аллаһ Тағаланың: “Адамдарды Раббыңның жолына хикмет (даналық) және көркем үгіт арқылы шақыр”, - деген бұйрығы бойынша, халыққа ислам дінін даналықпен (хикмет) шақыру мақсатында Ясауидің әйгілі шығармасын Диуани Хикмет деп атаған. Өйткені, оның өлеңдерінің әрбір сөзі шеберлікпен жазылған даналық (хикмет) болып табылады. Диуани Хикмет - түркі тілінде исламға дейінгі түркі жырауларының сөз саптау, өлең пішімдерін қолдана отырып діни-сопылық оймен жазылған алғашқы шығарма, яғни, ислам-түркі әдебиетінің “Құтты біліктен” кейінгі ең ескі шығарма үлгісі.

Сонымен бірге, Ясауи бабамыздың бізге дейін жеткен келесі бір еңбегі - «Фаһрнама» рисаласында Ясауи бабамыз шарифаттың тариқатқа апаратын негізгі жол екендігін көрсете отырып, шарифаттың он шартын көрсетіп береді, бұл 1) Алланың Бірлігі мен Мұхамедтің елшілігін тану, осыған сену; 2) намаз; 3) ораза; 4) қажылық; 5) зекет; 6) жылы сөзді, кішіпейіл, қарапайым болу; 7) дінді пайғамбар жолына сай ұстау; 8) жақсылықты жаю; 9) жамандықты тыю; 10) білім-ғылым табу [2, 19]. Көпшілік мұсылмандар шарифаттың тек бес шартын басшылыққа алатындығы бел-гілі.

Ясауидің сопылық ілімі өз кезінде «Хал ілімі» деп те аталған екен. Мұның мағынасы адамның жан-дүниесінің, рухының кіршіксіз, таза, Аллаға деген ерекше махаббатқа толы халіне жеткізетін ілім дегенді білдірсе керек. Бабамыздың өз ілімін осылай атағаны оның ең мықты шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғанидың (Хакім ата) өз ұстазына арнаған мына арнауынан көрінеді:

Басса таулар шегінген, Бақса Қағба көрінген.

Хал ілімі берілген Шайхым Ахмет Ясауи. Асыл еді нәсілі,

Білмес адам пасығы,

Хақтың ғана ғашығы Шайхым Ахмет Ясауи.

Заманында кеңінен қанат жайған Ясауидің «хал ілімінің шарапатынан елімізде түрме, жетімдер үйі, қарттар үйі, маскүнемдік, нашақорлық, зинақорлық секілді және басқа азғындық атаулының ешбірі болмаған [3, 88].

Қожа Ахмет Ясауи қалыптастырған сопылық жол, араб-парсылардың ықпалымен ұмыт бола бастаған дәстүрлі түркі мәдениетін қайтадан қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Ең бастысы ол дін ілімін түркі тілінде сөйлетті. Оған Ясауи хикметтеріндегі мына жолдар дәлел бола алады:

«Қоштамайды ғалымдар біздің айтқан түркіні.

Білгендерден есіткіл, ашар көңіл мүлкінің,

Аят, хадис мағнасы түркі болса муафиқ (жақсы), Мағынасына жеткендер жерге қояр бөрігін»

Дін тілі түркіше сөйлеген соң, жалпы ғылым, білім, әдебиет, мәдениет тілі қайтадан түркілене бастады. Кезінде шарифат жолы аясына сыймай

қолданыстан шығарылған түркілердің әдет-ғұрып, салт-дәстүрі тариқат жолы үкімімен қайта қолданысқа енді. Осы кезден бастап түркі халықтарында тариқат жолы үстемдік ете бастады. Қазіргі қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің негіздері осы Ясауи жолының тарих сахнасына шығуымен қалыптасты десек артық айтпаймыз [4, 140].

Мамандардың көрсетуі бойынша сопылық дәстүр қазақ халқының фольклорына, музыка, би, сәулет өнерінің дамуына, сондай-ақ бай да түпнұсқа мәдениетіміздің басқа да салаларына зор ықпал етті [4, 143]

Ясауи және оның шәкірттері түркілердің озық дәстүрлерін исламның мәйегімен сусындатып, оны одан әрі жетілдіре отырып, халыққа қайтарып берді. Сонымен, Ясауидің сопылық жолының тарихи маңызы түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының рухани болмысының қалыптасып, дамуында аса зор рөл атқаруы болып табылады. Ислам енді ғана тамыр жібере бастаған түркі тайпалары Ясауиді өздерінің рухани басшысы ретінде мойындап, оны ерекше құрметпен «ата» деп атап кетті. Қожа Ахмет бабамыз өз тариқатын қалыптастырып, шәкірт тәрбиелеумен айналысқан Яссы қаласы далаға мұсылмандық пен жаңа өркениетті таратушы басты рухани-мәдени орталыққа айналды. Кейінірек Түркістан атауын алған Яссы қаласы түркілердің тек саяси орталығы ғана емес, басты рухани орталығы ретінде «екінші Мекке» деп аталып кетті.

Аннотация

Мақалада түркі халықтарының рухани болмысының негізгі көздерінің бірі ретінде, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің ерекшеліктері қарастырылады. Ясауи ілімінің қалыптасуына ықпал еткен тарихи факторларды талдап, оларды түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымымен байланыстырады. Ғұлама өмір сүрген дәуірдегі ислам дінінде орын алған дағдарыстық жағдайлардың, сопылықтың қалыптасуына ықпалы талданады. Ясауи қалыптастырған сопылық жолдың, араб- парсылардың ықпалымен ұмыт бола бастаған дәстүрлі түркі мәдениетін қайтадан қалпына келтіруге мүмкіндік бергендігі анықталды.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности учения Ходжи Ахмеда Ясави, основателя тюркского суфизма, как одного из основных источников духовного бытия тюркских народов. Анализирует исторические факторы, способствовавшие формированию учения Ясави, связывает их с традиционным мировоззрением тюркских народов. Анализируется влияние на формирование суфизма, кризисных ситуаций, имевших место в исламской религии в эпоху, когда жил Улама. Установлено, что суфийский путь, сформированный Ясави, позволил вновь восстановить традиционную тюркскую культуру, которая стала забытой под влиянием арабо - персов.

Annotation

The article examines the peculiarities of the teachings of Khoja Ahmed Yasawi, the founder of Turkic Sufism, as one of the main sources of the spiritual existence of the Turkic peoples. Analyzes the historical factors that contributed to the formation of

the Yasavi doctrine, connects them with the traditional worldview of the Turkic peoples. The influence of crisis situations that took place in the Islamic religion in the era when Ulama lived on the formation of Sufism is analyzed. It has been established that the Sufi path formed by Yasawi made it possible to restore the traditional Turkic culture, which had become forgotten under the influence of the Arab-Persians.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Диуани хикмет:Отбасы хрестоматиясы.Авторы:Қожа Ахмет Яссауи,- Алматы: «Отбасы хрестоматиясы»,-2021.
- 2.Муминов Ә. Ясауийа бастаулары // Ясауи тағлымы. – Түркістан: Мұра, 1996.
- 3.Жүнісбаев Ұ. // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция. 29 қыркүйек – 1 қазан 2008 ж. Түркістан қаласы. – Алматы, 2008.
- 4.Қартабаева Е. //Ясауи дәстүрінің Түркі руханиятындағы орны. Халықаралық конференция. Қыркүйек 2017 ж. Түркістан қаласы. – Алматы 2017.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ФИЛОСОФИЯСЫ – ТҮРКІЛЕРДІҢ ИСЛАМДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Жуманова Дамира Ниятбековна
Түркістан облысы, Сайрам ауданы
№29 К. Тленшин атындағы ЖББМ
тарих пәнінің мұғалімі

Қожа Ахмет Ясауи – XII ғасырдағы ең танымал Орта Азияда айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Ол түркі сопылық ақындарының алғашқысы болды, оның атақ-даңқы туған жерінен әлдеқайда асып, үлкен аумақты – Қыпшақ даласы, Мауереннахр, Солтүстік Хорасан, Еділ, Әзірбайжан, Анадолы-яғни мұсылман түріктері өмір сүрген барлық аудандарды қамтыды. Қожа Ахмет Ясауи ақиқатты білудің алғашқы түркі мұсылман мектебінің негізін қалаушы болып саналады.

Сопылықтың түркі тармағының негізін қалаушы ретінде ол әлемдік өркениеттің дамуына елеулі үлес қосқан атақты ойшылдар Абдулхалық Гиждуани, Қожа Юсуф Хамадани, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан Бируни, Махмуд Қашғари, Юсуп Хас Хаджиб Баласағұнидің замандасы болды. Сопылық тұжырымдамаларға ортағасырлық Шығыстың көптеген көрнекті Рудаки, Омар Хайям, Саади, Хафиз сияқты ақындары әсер етті.

Сырдария аудандарында және Шығыс Түркістанда терең тамыр жайған Ясауи ілімі өзінің ізбасарлары–саяхатшы шайхтар мен қарапайым дәруіштер арқылы Хорезмде, Мауереннахрда, Дешті Қыпшақ даласында тарады. Бұл аймақтарда Ясауи сопылық ілімі даланың көшпелі тұрғындарының

исламдануына (әсіресе моңғол шапқыншылығынан кейін) және «түркі тілі мен мәдениетінің ұстанымдарының күшеюіне» ықпал етті .

Моңғол шапқыншылығы жылдарындағы және одан кейінгі онжылдықтардағы түркі халқының жаппай қозғалысы XII-XIV ғасырларда Ясауи ілімі мен практикасы Хорасан, Иран, Әзірбайжан және Анадолы аймақтарындағы түріктер арасында өз жақтастарын тапқанына ықпал еткен болуы мүмкін. Ахмет Ясауи орта және Кіші Азияның (Анадолы) Нақшбанди сияқты танымал және ықпалды сопылық мектептеріне апаратын рухани сабақтастық тізбегінде бірінші болып тұр.

Қожа Ахмет Ясауи өз шығармаларын оғыз қыпшақ диалектісінде жазған алғашқы талантты түркі ақыны болды. Ясауи еңбектері жалпыадамзаттық құндылықтарға – тектілікке, мейірімділікке, рух пен ойдың тазалығына, жақсы адам болуға деген ұмтылысқа негізделген. Оның ең танымал шығармаларының қатарына «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»), «Миратул Кулуб» («Жан айнасы»), «Пакырнама» («Кедей туралы аңыз» парсы тіліндегі кедей-дәруіш дегенді білдіреді) жатады. Бірақ бізге бірнеше нұсқада жеткен ең танымал «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»).

Бұл жұмыста Ясауи тариқатының негізгі ережелері жинақталған. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет»-те исламды уағыздап, халықтағы мұсылмандықты нығайтуға ықпал етті. Түркітілдес халықтардың арасында «Диуани Хикмет» «Түркі Құран» деп аталды, өйткені олар құранды Қожа Ахмет Ясауидің Диуани Хикметі арқылы қабылдады, сондықтан түріктер оны «Әзірет Сұлтан» – «Әулие Сұлтан», ал Түркістанды-екінші Мекке деп атай бастады. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері исламды уағыздап қана қоймай, түркі тілдес халықтарды рухани бірлікке, егемендікке шақырды.

Қожа Ахмет Ясауидің Диуани Хикметі – діни сопылық әдебиеттің ескерткіші ғана емес, сонымен қатар көне түркітілдес ескерткіштердің бірі болып табылады және ЮНЕСКО-ның пікірінше, көптеген түркітанушылардың пікірінше, қараханидтік әдеби дәстүрге жатады.

Тарихи құжаттар Қожа Ахмет Ясауидің Диуани Хикметі бірнеше рет жазылғанын, редакцияланғанын, толықтырылғанын куәландырады. Диуани Хикмет қолжазбалары негізінен Ташкент, Санкт-Петербург, Стамбул кітапханаларында сақталған. Ресей Ғылым Академиясының Шығыстану институтының Санкт-Петербург филиалының қолжазбалар қоймаларында XVIII-XIX ғасырларға жататын 23 Диуани Хикмет тізімі бар. Ташкент тізімдері Өзбекстан Ғылым Академиясының Шығыстану институтының қолжазба жинағында, қолжазбалар институтында (56 дана) сақталған. Негізінен тізімдер XIX ғасырға жатады. Қолмен жазылған тізімдерден басқа, Қазанда Қожа Ахмет Ясауи өлеңдері араб графикасымен жарық көрді. Ең толық басылымда 1896, 1905 жылдарға жататын 149 «хикмет» бар. Соңғы онжылдықтарда Диуани Хикмет шетелде де, біздің елімізде де, Қазақстанда да бірнеше рет қайта басылды.

Ислам рухы, Ахмет Ясауи өлеңдерінің айқын миссионерлік бағыты түріктер арасында мұсылман дінінің нығаюына ғана емес, сонымен қатар әдебиетте белгілі бір бағыттың пайда болуына ықпал етті: басқа дүниені

мадақтау, Алла Тағалаға деген жанқиярлық сүйіспеншілік, шарифатты түсіндіруге деген табандылық және т. б. Ахмет Ясауи шығармалары ғасырлар бойы мұсылмандардың үстел кітабы болды, медресе және мектептерде оқулықтар ретінде қолданылды. Соның арқасында қазақ әдебиетінде хикмет және насихат (тәлімгерлік) сияқты түркі поэзиясының жанрлары, сондай-ақ силлабикалық өлеңнің лирикалық формалары мен негіздері орнықты. Сопылық әдебиетте арнайы рәміздер, аллегориялар, образдар мен өзіндік көркемдік-агиографиялық мотивтер жүйесінің пайда болуына ықпал етті, олар сопының тәжірибесімен байланысты, «шындықты» (Алланы) іздейді, оны түсінуге және біріктіруге тырысады.

Ясауидің барлық болмыстың біртұтас мәні, өзін-өзі тану арқылы құдайды тану процесінің жақындығы және тіпті сәйкестігі, ойлау, қарым-қатынас, құдаймен байланыс жолында өзінің рухани тәжірибесінің қажеттілігі туралы идеяларының маңыздылығын мойындай отырып, зерттеушілер бұл идеялардың халықтық дүниетанымға бейімделуін атап өтеді. Бірақ, жоғарыда айтылғандардан басқа, Ясауи қарапайым адамға түсінікті және жақын көркем сөздің үлкен шебері ретінде араб-парсы-түркі тілдік өзара әсер ету процесіне қатысу тұрғысынан рухани мәдениет тарихына енді.

Ясауи шығармасы-барлық түркі халықтарының ортақ рухани қазынасы. Осы уақытқа дейін барлық түріктер «Хикметтер» мәтінін түпнұсқада аудармасыз оқи алады. «Хикметтер» Ясауи құрған қауымдастықты біріктірудің идеологиялық негізіне айналды

Ясауидің ізбасарлары-Сүлейман Бақырғани, Аллаяр, Ахсани және т.б. мұғалімінің жұмысын жалғастыра отырып, сопылықтың уағызшысы болды. Халық арасында А. Ясауидің көптеген қанатты сөздері таралды. Сонымен қатар, оның «Даналық кітабында» қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті, тарихы мен этнографиясына қатысты көптеген фактілерді табуға болады. Оның жерленген жерінде салынған қабір халық қазынасына айналған ірі сәулет кешені. ОНДА қазақ халқының Есім хан, Хан Жиһангир, Тәуке хан, Абылай хан сияқты ұлы тұлғаларының және кейбір көрнекті билердің қалдықтары көшіріліп, жерленді. Қазіргі уақытта Шығыстың ортағасырлық сәулетінің барлық әсемдігін бейнелейтін сәулет кешені тек түркі әлемі үшін ғана емес, бүкіл әлемдегі мұсылмандар үшін де үлкен мұра болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи Шығыстың көрнекті дін қайраткері ретінде ғана емес, ерекше даналығымен және шексіз адамгершілігімен ерекшеленетін дарынды ақын, философ ретінде де танымал.

Оның ақылды ақыл-ойы өзі өмір сүрген дәуірдің барлық өмірлік процестерін қамтыды. Ол халықтың болашағы туралы, билеушілердің рухани жағдайы және адамдардың тағдырын шешкен қоғам қайраткерлерінің моральдық келбеті туралы ойлады және қамқорлық жасады.

Шайх Ахметтен кейін мұндай өлеңдерді бірнеше ғасырлар бойы көптеген түркі ақындары-сопылар жазған. Осылайша, «Хикметтер» авторын діни мистикалық қана емес, поэтикалық мектептің негізін қалаушы деп санауға болады

Осы уақытқа дейін Ахмет Яссауи есімі көптеген аңыздармен қоршалған мұсылман түріктерінің құрметімен айтылды. Бүгінде Түркістан шайхтерінің алғашқысының өмірі мен шығармашылығына деген қызығушылық қайта жандануда. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи есімі мен оның әйгілі кесенесі идеологиялық мәнге ие, Түркиядан қазіргі ТМД мемлекеттерінің Шығыс шекараларына дейінгі барлық түрік-мұсылмандардың рухани бірлігінің символына айналды.

Ясауидің шығармалары өте танымал болды, олар ауыздан-ауызға өтіп, адамдар теңдестірілген моральдық кодекстің функцияларын орындады. Діни трактаттар мен негіздерге сүйене отырып, ол отандастарын өзін-өзі жетілдіруге, адамгершілікке, мейірімділікке, діни төзімділікке, сабырлыққа шақырды. Осылайша, Түркі әлемі тарихындағы Қожа Ахмет Ясауидің рөлі зор, еңбектері үлкен тәрбиелік мәнге ие.

Аңдатпа

Қожа Ахмет Ясауи – өз заманының көрнекті ғалымы. Ол Құдайды тану жолында өзінің күшін қалыптастырған ақын, сопы. Ахмет Ясауи сопылық жолдың негізін қалаушы. Оның нұсқауын ұстанған ақын бұл ілімді өмірінің соңына дейін таратты. Оның ойлары даналығынан көрінеді. Мақалада сопылық әдебиет, сопылық, түркі әлемінің ең танымал ақыны Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасы мен ислам мен түркі мәдениетін біріктіретін ақынның сопылық ілімі талданады. Ол өзінің ілімінде идеалды адам, шариғат, жарық, шыдамдылық, тақуалық, диалог, түсініктеме сияқты ұғымдарды қолданады. Сонымен қатар, «жүрек», «көңіл-күй» сияқты ұғымдар сопылықта да кеңінен қолданылады.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауи – выдающийся ученый своего времени. Он – поэт, суфий, сформировавший свою силу на пути познания Бога. Ахмед Яссауи основатель суфийского пути. Поэт, следовавший своему указанию, распространял это учение до конца своей жизни. Его мысли нашли отражение в его мудрости. В статье анализируются суфийская литература, суфизм, самый известный поэт тюркского мира, Ходжа Ахмет Ясави и его произведение “Диуани хикмет”. В статье анализируются суфийское учение суфийского поэта, который сочетает в себе ислам и тюркскую культуру. В своем учении он использовал такие понятия, как идеальный человек, шариат, свет, терпение, благочестие, диалог, комментарии. Кроме того, такие понятия, как «сердце», «настроение» также широко используются в суфизме.

Annotation

The skin of Ahmet Yasawi is an outstanding scientist of his time. He is a poet, a Sufi who has formed his power on the path of knowing God. Ahmed Yassawi is the founder of the Sufi way. The poet, following his instructions, spread this teaching to the end of his life. His thoughts were reflected in his wisdom. The article analyzes Sufi literature, Sufism, the most famous poet of the Turkic world, Khoja Ahmet Yasawi and his work "Diwani Hikmet". The article analyzes the Sufi teachings of the Sufi poet, who combines Islam and Turkic culture. In his teaching, he used such

concepts as the ideal person, Sharia, light, patience, piety, dialogue, comments. In addition, concepts such as "heart" and "mood" are also widely used in Sufism.

Қолданылған дереккөздер:

- 1.Еуропалық шығыстағы Ислам. Энциклопедиялық сөздік. Қазан: 2004ж. - 383 бет.
- 2.З. Жақсылықов. Ахмет Ясауи поэзиясы . «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімін зерттеу мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы: Арыс. 2008 ж. - 250 бет.
- 3.Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер. Жалпы басылым және алғы сөз. М. Х. Әбусейітова; Баяндама. Қазақ тіліне аударма. А. И. Ибатова.
3. Жандарбек, А. Ш. Нұрманова; Баяндама. Орыс тілінде - Алматы:Дайк-Пресс, 2004 ж. – 208 бет.
- 4.Н.Сағындықова «Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылық мұрасын оқытудағы аударманың рөлі». «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімін зерттеу мәселелері» ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы: Арыс, 2008. - 250 Б.

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» - РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Жусупова Мирамкүл Муратхановна
Астана қаласы әкімдігінің «Ш.Мұртаза
атындағы № 63 мектеп-гимназия»
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог -сарапшы

Қожа Ахмет Ясауи XII ғасырда өмір сүрген Түркі әлемінің сопылық дүниетанымның негізін қалаушы, ақын, ойшыл, ұстаз, ағартушы, ғұлама пір. Толық аты-жөні: Ахмет бин Ибраһим бин Иляс. «Пір Түркістан», «Хазреті Түркістан», «Хазірет Сұлтан», «Қожа Ахмет», «Құл Ахмет Қажы» есімдерімен тарихта қалған. Орта Азия түркі халықтарының пірі болған Қожа Ахмет Ясауи, қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы тұлға.

Қожа Ахмет Ясауидің туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Әкесі- Ибраһим сол кезеңінің сауатты, көзі ашық білімді, діндар адам болған. Қожа Ахмет Ясауи, алғашқы сауатын жеті жасына дейін әкесінен алады. Жеті жасында әкесі қайтыс болған соң ұстазы Арыстанбабтан дәріс алады. Ол жерде араб, шағатай, парсы тілдерін үйреніп, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Оны тәмәмдаған соң сопылық жол ұстанып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырды.Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет», «Фақырнама» (Пақырнама), «Мираткул кулуб» атты еңбектері бар.

Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи оқиғалар мен пайғамбарлар қиссаларын хикметтерінде ұтымды

пайдаланды. Оның 90 мыңдай шәкірт -мүриттері болғандығы айтылады. Олар ұстазының ілімін Орта Азияға таратып әкеткен. XIII–XV ғасырлар арасында Ясауи ілімі Хорезм, Мәуренаһр, Анадолияға дейін жеткен. Түрік жұртында Ясауиді құрметтеп, пір тұтқаны соншалық: «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда -Қожа Ахмет», - деген. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Ясауи әзіреті сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында Ақсақ Темір күмбез орнаттырды. Оның бүгінгі таңда ұрпақтан-ұрпаққа жеткен еңбегі- «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Әр түрлі нұсқалары өте көп. Олардың көбі Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл еңбек алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шыққан. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше рет басылған. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы.

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт баспалдақ өтуі керектігін айтады. Біріншісі – шариғат. «Шариғат»- ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі құдайға тебіреніспен құлшылық жасауды талап етеді. Екіншісі, «Тариқат» – дін ғұламаларына мүрит (шәкірт) болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту, Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады. Үшіншісі, «Мағрифат» дін жолын толық танып-білу сатысы деуге болады. Бұл баспалдақтың негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі «бір Алла» екенін танып-білу, түсіну. Төртіншісі, «Хақиқат»-Аллаға жақындап, оны танып-білудің ең жоғары баспалдақ.

«INSERT» әдісі арқылы оқушылар мәтінмен жұмыс жүргізеді.

«v»- білемін	«+»-мен үшін жаңа ақпарат	«-»-менің білгеніме қарама-қайшы	?-нақтылау, түсіндірулер қажет

Қожа Ахмет Ясауи Аллаға жету жолында міндетті түрде төрт асудан мүдірмей өтуі керектігін өзінің химетінде былай баяндайды:

«Әркім қылса тариқаттың даулы ісін,
 Әуел қадам шариғатқа қоймақ керек.
 Шариқаттың істерін ада қылып,
 Одан кейін осыны қылмақ керек.
 Шариғатсыз дәм бұйырмас тариқатта,
 Тариқатсыз дәм бұйырмас мағрипатта.
 Мағрипатсыз дәм бұйырмас хақиқатта,
 Баршасын да шариғаттан сұрамақ керек...»

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі негізгі түйіні: Мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан айтылады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат,

адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Аллаға және пайғамбарға махаббатты дәріптей отырып, жаратылғандарға мейірімділікпен қарауды үйретеді.

Әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды Ахмед Ясауи ислам дінінің шарттары арқылы түсіндіруге әрекет жасады. Соның өзінде, ақын әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді сынап, халық мүддесін ескергісі келмеген тәкәппар жандарды әшкерелеп отырады. Халықты ізгі қасиеттерге, адамгершілікке үндейді.

Ахмет Ясауидің сопылық- мистикалық сарындағы ой-пікірлерін оның шәкірттері жалғастырып, кезінде көптеген хикмат – жырлар жазғаны мәлім. Ғұлама ақынның ел ішінде ең танымал болған дарынды шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғани еді. Ақынның туған жылы белгісіз, 1186 жылы қайтыс болған. Оны жұрт Хакім ата деп атаған.

«Диуани хикмет» – түркі жұртының ұлы ұстазы Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауидің Құран мен хадистердің сыры мен мән-мағынасын, маңызын мұсылман әлемі бойынша хикмет жанрының негізінде ең алғашқылардың бірі болып түркі тілінде сөйлеткен этикалық-дидактикалық мазмұндағы ұлы поэзиялық туындысы. Ол турасында Әулие бабамыз хикметтерінде: «Хикметтерім-келген пәрмен Сұбханнан, Бар мағынасы Құран оның ұқ, қарғам!» және «Хикметтерім- хадистің кен — мазмұны, Ұқпағандар – адамзаттың азғыны» деп арнайы атап өтеді. Аят, хадис мағынасы – түркі болса лайық, Мағынасына жеткендер жерге қояр бөркіні» деп еңбектерін, әсіресе, «Диуани хикметті» түркі тілінде жазып шығып, түркі тілінің дін, ғылым-білім, әдебиет, мәдениет, мемлекеттік тілге айналуына ерекше ықпал етеді. Еңбек сонымен қатар, әулие бабаның өзінің «кім?», «қандай тұлға?» болатындығы және болғандығы жөнінде айрықша хабар берумен ерекшеленеді. Яғни, хикметте Пайғамбар ғаләйһис-саламның миғраж түнінде әулие Әзірет Сұлтан бабаның дүниеге келмеген, тәнге кірмей тұрып толысқан, кемелдікке жеткен Жерге түсіп, пәни дүние есігін ашқан күннен жер астына кірген 63 жасына дейінгі өмірі және Хақты тану, Хақтың разылығын табу, оған жету жолдары -құстың қанатындай тең ұстайтын «Аллаға деген шынайы махаббат пен одан шынайы қорқыныш табу» екені шығармада өте көркем, шебер түрде көрініс табады.

«Кестені толтыр» әдісі

Не білдің?	Не үйрендің?	Не білгің келеді?

Қазір Ясауи бабаның осы күнге жеткен «Диуани хикмет» атты мұрасын үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші, қолжазбалар. Көне шағатай тілі ХХ-ғасырдың басына дейін ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының арасында кеңінен қолданылғандықтан әлі де хикметтердің қойын дәптерлерге болсын жазылған қолжазбалық нұсқалары табылуда. Жалпы ғалымдар «Диуани хикметке»

байланысты ең көне қолжазба 1593-1594 жылға тән екенін айтады. Ал біздің қордағы қолжазбаның ең көнесі 1281 жылы, шәууәл айында, яғни, 1865-жылы жазылған.

Екінші, қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген «Диуани хикметтер». Оған XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында 1887 мен 1901 жылдар аралығында Қазанда, 1901 мен 1911 жылдар аралығында Ташкентте, 1901 жылы Ыстамбұлда тасбаспадан жарық көрген хикметтерді жатқызамыз. Осы кездерде хикметтер алғаш рет қазақ, орыс тілдеріне аударылып баспадан жарық көре бастайды. Алайда 1917-1990 жылдары Кеңес үкіметінің билігі кезінде хикметтерді зерттеуге тиым салынғандықтан, рухани мұраны зерттеу, аудару мәселелері мүлдем қолға алынбай қалады.

Үшінші, Кеңес одағы тарқағаннан кейінгі жарық көрген хикметтер. 1990 жылдан бері хикметтер түрік, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, татар, т.б. түркі халықтарының тілдеріне аударыла бастайды. Оның ішінде қазақ тілінде 17 аударма нұсқасы жарық көрді. Бұл кезеңде жарық көрген хикметтердің алдыңғы кезеңдерде жарық көрген хикметтерден айырмашылығы аудармасымен бірге хикметтердің мәтіндерінің латын, кирилл графикасына түсірілген транскрипциясы және араб әрпімен терілген электрондық нұсқалары қоса жарық көруде.

Ой-толғау жазу:

«Ахмет Ясауи хикметтерінің тәрбиелік мәні» тақырыбына ой-толғау жазу

.....
.....
.....

Қорыта келе, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің негізгі түйіні: Мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан айтылады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Аллаға және пайғамбарға махаббатты дәріптей отырып, жаратылғандарға мейірімділікпен қарауды үйретеді. Сонымен қатар, ол Мұхаммед пайғамбардан үрдіс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын тек өзі көрмей, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге де қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу, Аллаға сол туралы шын көңілден жалынып-жалбарынудың қажеттілігіне тоқталады.

Аңдатпа

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи өз шығармаларында қоғамдағы өзекті мәселелерді көтергенін дәлелдей отырып, әдебиетте дәстүр жалғастығы болатындығын және оның қоғам мен заманға тәуелді екендігі нақты мәліметтерге сүйене отырып анықтадым. Өскелең ұрпақты сана-сезімі, ақыл-ойы қазақи ұлттық құндылықтарды жоғары бағалайтын, бар асылды бойына сіңірген саналы ұрпаққа жеткізу ең өзекті мәселе болып келеді. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабағында Қожа Ахмет Ясауидің құнды

мұраларын оқырман қауымға тереңірек жеткізу-басты мақсатым болып табылады.

Аннотация

В статье приводятся доказательства тому, что Ходжа Ахмед Ясави поднимал в своих произведениях актуальные проблемы общества того времени, что существует преемственность традиций и что это зависит от общества и времени. Самая актуальная задача – воспитать в подрастающем поколении сознательность, казахские национальные ценности, традиции и обычаи. В связи с этим моя главная цель на уроке казахского языка и литературы – донести до читателей ценное наследие Ходжи Ахмеда Ясави.

Abstract

In the article, proving that Khoja Akhmet Yasawi raised current problems of society in his works, I found out from real data that there is a continuity of tradition in literature and that it depends on society and time. The most urgent task is to educate the younger generation into a conscious generation that values Kazakh national values and has absorbed all the virtues. In this regard, my main goal in the lesson of the subject Kazakh language and literature is to convey to readers the valuable heritage of Khoja Akhmet Yasawi.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Бейсенбай К., Нурматов Ж. Е. Қожа Ахмет Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы 2017ж.
- 2.Досай Кенжетай «Менің пірім-Иссаиу»
- 3.«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы,2004ж, № 4
- 4.«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы,2001ж, № 2
- 5.Қожа Ахмет Иассауи «Диуани Хикмет», Қызылорда мемлекеттік университеті,2007 ж.
- 6.«Қожа Ахмет Ясауи дүниетаным», Кенжетай Д.,2008ж.
7. «Сопылық махабаттың данышпан жаршысы», И. Арынғазыұлы 2003 ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ «НЕ СЕБЕПТЕН АЛПЫС ҮШТЕ КІРДІМ ЖЕРГЕ?» САУАЛЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Жүсіпова Ақерке Орынбасарқызы
Төлеген Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистр

Ислам әлеміндегі сопылық дүниетанымның негізін қалаушы ретінде танылған ойшыл Қожа Ахмет Ясауи – ғасыр данасы. Дін қайраткері болған әкесі Шейх Ибрахимнен, Қарашаш ана атанған атақты Мұса шейхтың қызы, анасы – Айшадан тараған Қожа Ахметтің сопылық жолды таңдауы тегін емес-ті. Жеті жасында Арыстан Баб пен Жүсіп Хамадани сияқты ғұламалардан дәріс

алып, зеректігін ашқан Ахмет – ғұмырының соңына дейін ислам ілімін таратумен айналысқан.

Ұлы Абайды оқыған кезімізде бар ойы мен мұң-мұқтажын, қазақтың бейнесін «Қара сөздерінен» оқи алсақ, дәл солай Қожа Ахметтің өмір жолын жазылған хикметтерінен оқи аламыз. 35-тен аса хикмет жазып қалдырған діндардың жазбалары Түркі жұртшылығына ғана емес, бүкіл әлемге танымал. «Диуани хикмет» деген атпен 1896, 1904, 1912 жылдары қайта жарық көрген. Алғашқы басылым 1200 тиражбен басылса, кейінгісі 6000 тиражбен басылған. Сондай-ақ, Кәримовтер баспаханасында 1901 жылы басылған хикметтер жинағы 4000 данамен жарияланса, 1905 жылы 10 000 тиражбен қайта жарық көрген. Яғни, бір ғана Қазанда он шақты рет он мыңдаған тиражбен жарияланғанын көреміз. Ал сол замандарда басқа қалалардағы баспаханалар өнімдерін қоссақ, онда оқырмандар тарапынан қаншалықты сұранысқа ие болғанын аңғаруға болады. Бір ғана ӨР ҒА Шығыстану институтының литографиялық баспалар бөлімінде бірін-бірі қайталамайтын «Диуани хикметке» қатысты 33 тасбаспа кітап бар екендігі айтылады.

Ескі нұсқасы (1693-1697) Ыстанбұл қаласында сақталса, тағы бір қолжазбалары бүгінде Санкт-Петербургтағы Шығыс қолжазбалар институтында сақтаулы. Сондай-ақ Берлин, Кэмбридж, Упсала, Париж, Принстон, Мәскеу және Ташкент қалаларындағы ірі кітапханалардың қорында да біршама еңбектері жатыр. «Диуани хикмет» қолжазбалары өз өмірін хикметтерінен ғана сыр шертіп қоймай, сопылық кезеңнің әр тармағын тарам-тарам жолдармен таңбалап жазып кеткен жазбасы.

Олай болса, XVII ғасырға тиесілі «Диуани хикметіндегі» Ахмет Ясауидің еңбегіне тоқталсақ. Зерттеу жұмысының да басты мақсатында хикметтеріндегі «*Не себептен алпыс үште кірдім жерге?*» сауалына жауап іздеу. Олай болса, ойшылдың не себепті 63 жаста жер астына түсіп, ақтық демі қалғанша Алла жолын таңдап, түскеніне өзінің берген жауабын хикметтері арқылы саралап көрдік.

Жетіде Арыстан Бабқа арнап келдім,

Мұстафа өсиетіне қанбақ болдым.

Сол шақта мың бір зікір сарнап бердім.

Алаңсыз Аллаға бет бұрдым міне, - деген өлең жолдарында 63 жастан бұрын-ақ Алла жолын таңдағаны, сол жолға бет бұрғаны белгілі болып тұр.

Ойшылдың 2-ші хикметінде не себепті «Алпыс үште жерге кіргенін» түгелдей жазады. Ең алдымен, Хақ Мұстафаны рухым көрді сол себепті кірдім дейді. Екіншіден, Хақ Мұстафа Жебрейілден бұл қандай рух тәнге кірмеген деп таңданысса, үшіншіден Жебрейіл: періштелерден сабақ алып, наласына жетінші қабатта нала қылар деген. Бұл дегеніміз, қазақта: «Жеті қабат жер астында жатыр», не істесең де жеті деген киелі санның тегінде еместігіне апарады. Төртіншіден, «Перзентім» деп Хақ Мұстафа тіл қатып, кәлам қылды содан алпыс үште кірдім жерге дейді. Кенеттен «Зікір айт» дегендей дауыс келіп, денелерім қимылдай бастады содан алпыс үште жерге кірдім дейді. Неше жол жүріп халыққа қызмет қыл, он төрт мың мүжтәһидтер қызмет қылған деген соң алпыс үште жерге кірдім дейді.

Берген аянның өңі мен түсінің арасында содан 9 ай, 9 күн жерге түсіп, 9 сағат тұра алмадым содан барып алпыс үште жерге кірдім дейді. Тіземді бүгіп, намаз оқыдым, Хаққа қарап, көз жасымды төгіп, жалғандықпен өмір сүргенімді түсініп, сол себепті алпыс үште жерге кірдім дейді. Өзі де, сөзі де пенһан (жасырын) Хақтың жолында мың сауалға жауап іздеу үшін де жерге түскен екен. Одан кейін Қожа Ахмет химетінде бір жасынан бастап әруақтардың аян бергенін, пайғамбарларды көргенін айтады.

Бір жасымда әруақ маған үлес берді,
Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді,
Үш жасымда шілтен келіп халімді сұрады,
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге, - десе,
Төрт жасымда Хақ Мұстафа берді құрма,
Жол көрсеттім, жолға кірді нешә гүрмаһ (адасқан)
Қайда барсам, Қызыр бабам маған һәмраһ (жолдас)

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге, - деп пайғамбарлардың жолдас болып, жодан адаспай Қызыр бабаның жол сілтеуімен жүргенін айтады.

Одан кейін бес жасында ораза тұтуды әдет қылады. Осылайша алпыс үш жасында жер астына кіруді ниеттейді. Алты жасымда халайықтан қашып, туысқандардан жіпті үзіп, мәләйиктен (періштелерден) дәріс үйрендім сондықтан да жерге кірдім дейді. Жеті жасымда Арыстан бабамды іздеп тауып, ол менен сыр көріп, бетімді пердемен бүркеп жапты, сол себептен жерге кірдім дейді.

Қабыз (әзірейіл періште) келіп Арслан бабам жанын алды,
Хорлар келіп, жібек тоннан кебін қылды,
Жетпіс мың періштелер жылап келді,

Сол себепті алпыс үште кірдім жерге, - десе, одан кейін Арыстан бабаны жерден көтеріп, жұмаққа кіргізгенін көріп, сол себептен алпыс үште жерге енгенін айтады.

Қожа Ахмет Ясауи дін жолына тектен келген жоқ. Оған тікелей ұстазы болған Арыстан бабам маған Ислам туралы баяндағандықтан, алпыс үште жерге кіргенін айтады.

«Ақылың болса, адамдардың жақсылыққа шақырғандарға ізет қылып, жамандықтан кері қайтқандарға құрмет қыл», деп Арыстан бабтың айтқанынан алпыс үште жерге кіргенін баяндайды.

Сегізімде сегіз жақтан жол ашылды,
«Хикмет айт» деп бастарыма нұр шашылды,
«Биссимилла» деп пірмұған (бір құман) шарап ішірді,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге, - деп хикмет жазуының өзіне де сегіз жасында жол көрсеткенін байқауымызға болады.

«Хақ Мұстафа күдіксіз, шынайы сондықтан соған оған мадақ айтыңдар, Хақтың барына сеніңдер, үмбет қылыңдар», - дегеннен кейін риясыз сеніммен алпыс үште жерге кірдім дейді.

Тоғызымда қадам бастым тура жолға
Теберік деп алып жүрді қолдан-қолға,
Қуанбадым бұл сөздерге қаштым шөлге,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.
Он жасында ұлан болдың Құл Қожа Ахмет,
Қожалыққа қадам қойып, қылмай тағат,
«Қожамын» деп, жолда қалсаң қандай қасірет,

Сол себепті алпыс үште кірдім жерге, - деген өлең жолдарында тура жолға тоғыз жасында түсіп, дүние-мүліктен қашып, оның қолдың кірі екенін, сол жолда қалған адасатынын біліп жерге кіргенін айтқан.

Әр таңда дауыс келді құлағыма,
«Зікір айт» деді, зікірін айтып жүрдім міне.

Қисынсыздарды көргенімде жолда қалды,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге, - деген шумақтарында зікір айтумен, түрлі дауыстардың таң уақытында құлағына келіп, қайталуымен жер астына түскен себебін 2-хикметінде айтып береді.

Санап отырсақ, алпыс үш жасында жер астына түскенінің 23 себебін айтқан екен. Одан әрімен 3-хикметінде 11 жасынан бастап 63-жасына дейінгі өмірі, Ұлық Қожаға сыйынып, Мұстафаға азан тұтқаны жайында айтады.

Қожа Ахметтің хикметтерін оқи отырып, алғашқыда өз өмірбаянын, жер астына кіргенге дейінгі жылдарын түгелдей жазғанын оқимыз. Одан кейінгі хикметтерінде адамшылық, моральдік-этикалық және сопылық тұрғыдан адамзат баласына қарата айтқан сөздерін оқимыз. Берген нақыл сөздері мен өмір сүру жолын көрсеткенін және адамзатқа жол көрсетуші Хақ Тағала екенін қайта-қайта ескертіп, дін жолына, таза жолға шақырғанын байқауға болады.

Қорыта айтқанда, парасаттылық, адамгершілік пен хайуандықсыз ғұмыр кешу керектігін, барлығы адамның нәпсісінің шырмауында кетпей, ғылым жан мен тәнге басшы екенін баса жазғанын хикметтерін оқуда түсінуге болады.

Міне, тақырыбымызға орай Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі философиялық ойдың дүниетанымын, алпыс үште жер астына кетіп, хақты тануға қалған ғұмырын не себепті арнағанын саралағандаймыз. Үлкен кісілерден Пайғамбар жасы 63 деп көп естуші едік. Қазірде оның мән-мағынасын, кімге, неге қаратып айтылғанын, философиялық ұғымын, терең пайымын түсінгендейміз.

Андатпа

Мақалада сопылық дүниетанымның негізін қалаушы, ойшыл, қайраткер Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің зерттелуі, қолжазбаларының сақталуы жайында сөз етіледі. Оның ішіндегі басты мәселе, «Не себептен алпыс үште кірдім жерге?» сауалына жауап табу үшін 35-хикметі қаралып, зерттеу нәтижесінде: «Не себептен алпыс үште кірдім жерге?» сауалына жиырма үш түрлі жауап жазылып, өлең түрінде қарастырылады.

Аннотация

В статье рассказывается об хикметов, сохранении рукописей Ходжи Ахмеда Ясави, основоположника суфийского мировоззрения, мыслителя, деятеля. Главный вопрос в нем «Почему в шестьдесят три я вошел на землю?». В результате исследования был задан вопрос: «почему в шестьдесят три года я

вошел на землю?» на вопрос написано двадцать три разных ответа, которые рассматриваются в стихотворной форме (химеты).

Annotation

The article tells about the Hikmets, the preservation of the manuscripts of Khoja Ahmed Yasawi, the founder of the Sufi worldview, thinker, activist. The main question in it is "Why did I enter the earth at sixty-three?". As a result of the research, the question was asked: "why did I enter the earth at the age of sixty-three?" twenty-three different answers were written to the question, which are considered in verse form (himetas).

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ӨзР ҒА Шығыстану институтындағы Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінің қолжазба каталогы. Түркістан: Тұран, 2006. – 328 б.
2. Ахмет Яссауи «Диуани хикмет». Астана: Сарыарқа БҮ, 2009.–212 б.
3. «Ұлы дала жауһарлары» сериясы. «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы»: Бес томдық. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Е.Қыдыр, Б.Нұриман. Алматы: «Evo Press», 2020.
4. Келімбетов Немат. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 бет.

Қ.А.ЯССАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БАЛА БОЙЫНА СІңІРУ ЖОЛДАРЫ

Закирова Зарина Серикбаевна

Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Сұрат ауылы, Сыпатай Әлібекұлы атындағы

№19 жалпы орта білім беретін мектебі

бастауыш сынып мұғалімі сарапшы-педагог

Әрбір халық өзінің ұлттық құндылықтарының арқасында ел, мемлекет ретінде танылады. Ұлттық құндылықтарынан ажыраған халық ұлт ретінде жойылады. Сондықтан жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың бойына өз елінің ұлттық құндылықтарын сіңіруде мектеп мұғалімдерінің рөлі зор. Ал осы ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Оларға не жатады? Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде Қ.А.Яссауи мұраларын қалай қолданамыз?-деген сауал әрқайсысымызды толғандырады анық.

Ұлттық құндылықтар-атадан-балаға мұра болып келе жатқан, баға жетпес байлығымыз. Олардың қатарына салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ана тіліміз, әдебиетіміз бен мәдениетіміз кіреді. Міне, осы құндылықтар Қожа Ахмет Яссауи шығармаларында қалай көрініс тапқан? Біз бүгінгі мақаламызда осы мәселе бойынша талқылау жүргізбекпіз. Ол үшін ең алдымен, Қожа Ахмет Яссауи туралы азды-көпті мәлімет келтіре кетейік.

Тарихи деректерде ұлы ақын, философ, ойшыл ұстаз Қожа Ахмет Яссауи қазіргі Түркістан облысы Сайрам (бұрынғы Испиджаб) ауданы

Йасы қаласында (қазіргі Түркістан) өмір сүргендігі айтылады. Зерек те, зерделі Қожа Ахмет бала жасынан білім алуды мақсат тұтқан екен. Сондықтан алғыр азамат араб елдерінің білім ордаларын аралап шыққан. Ол әкесі Ибраһим мен шешесі Қарашаштың ақ тілектерін арқалап, білім іздеді. Мерке қаласында ұстаздық еткен. Білім арқалап Түркістанға оралды. Ол-түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни ағартушы, сопылық ілімнің негізін қалаушы болды[1.52].

Жеті жаста Арыстанбабқа қылдым сәлам,

Осы халде мың зікір қылдым тәмам...

Құрма беріп, басымды сипап назар қылды...

Мектеп барып, қайнап толып, тасыдым міне,-[2.341]

деп Арыстан бабты өзінің рухани ұстазы тұтқан. Ахмет Яссауи он жасынан он жеті жасына дейін мұсылман ілімін оқып, жетік меңгереді. Соның арқасында Арыстан бабтың жолын нағыз жалғастырушы ретінде елге танылған екен.

Алайда Арыстан бабтың орнын басуға лайықты болу үшін білімінің әлі жеткіліксіз екенін біліп, 27 жасында Бұқараға барып, Юсуф Хамаданидан діни білім алған. Ислам дінін уағыздаушы сопы болған.

Мен жиырма жеті жасымда пірді таптым...

Мен жиырма сегіз жаста ғашық болдым...

Отыз төртте ғалым болдым, дана болдым...

Отыз бесте мешіт кіріп дәурен сүрдім...

Отыз алты жаста болдым сақып кемел...[2.341]

деген Хикмет жолдарында Яссауидің Хамадани мектебінде «ғашық», «ғалым», «сақып кемел» сияқты мұсылман ілімі сатыларын меңгергені туралы айтылады. Сөйтіп, ол отыз алты жасында толық кемеліне келіп, Хамадани мектебінің сопылық (сопылық-мұсылман дінінің суфизм деп аталған ағымы) оқуын толық аяқтайды. Ол өзіндік мектеп ашуға құқысы бар ең жоғарғы діни лауазымға ие болады да, 1119-1120 жылдары Түркістанға қайта оралады. Міне, Қ.А.Яссауидің білімді жанына серік етіп, шығармаларында рухани және ұлттық құндылықтарды арқау еткендігі осы өмір жолынан-ақ көрініп тұр. Енді ақын шығармаларында ұлттық құндылықтарымыздың көрініс табуын нақты дәлелдер арқылы дәлдеп көрейік.

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі салт-дәстүр болса, Қожа Ахмет те түркілердің ежелгі шамандық наныммен ислам дінін ұштастырады. Сөйтіп, ежелгі салт-жораларға мұсылмандық сипаттар беріледі: киім үлгілері, бақсылық сарнау мәнерімен айтылатын зікірлер (яғни зікірлер айту кезінде бақсылар бұрынғы бақсылық кереметтерін, әуен, қимыл-әрекеттерін қолдана береді), құрбандық шалудағы жергілікті әдет-ғұрыптардың сақталуы (мысалы, күннің жаууы үшін тәңірден жауын сұрап, құрбандық шалу, т.б.) Сондықтан қазіргі таңда ата-бабамыздан жеткен көптеген салт-дәстүрлерімізді харам деп тану дұрыс емес екендігін, осы деректер арқылы оқушы санасына сіңіруіміз қажет. Сонда оқушыларымыз жат ағымның адастыруынан сақтанады.

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі тіл болса, Яссауи да тіл мәселесіне байыппен қарағанын байқаймыз. Себебі ол өзінің сопылық ілімін түркі тілінде жүргізді. Сондықтан біз оны Құран тілі, яғни, араб тілі Алла Тағала белгілеген тіл деп, сондықтан ислам дінін тек араб тілінде ғана тануға болады деген бұлжымас қағидаға қарсы тұра білген бірден-бір өкіл ретінде танимыз. Оған дәлел Ахметтің өз шығармаларын түркі тілінде жазып таратуы болып табылады. Ал қазіргі таңда қазақтың көнеден келе жатқан тілін бұрмалап «халал», «харам», «мәһр» секілді сөздермен шұбарлап жүргендер көп. Міне, осыларға дәлел ретінде Яссауи тағылымдарын ұсынуымызға болады.

Ұлттық құндылықтардың тағы бірі-қазақ халқының бойындағы рухани құндылықтардың басым болуы. Халқымыз еш уақытта ар жібінен аттамаған, адалдық пен мейірімділікті, қанағатшылдықты бойында тең ұстаған. Яссауи хикметтері де дәл осы рухани құндылықтарды насихаттауға негізделген. «Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуге әбден болады. Себебі Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. Ақын сондай-ақ адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі- мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.

Ақын өз шығармаларында, әсіресе, ислам дінін таратушы, уағыздаушы болуға міндетті ишан, молда, мүфти сияқты дінбасыларды қоғамдық сана-сезімнің алдыңғы өкілдері ретінде қарастырады. Олардың іс-әрекеттерінің, мінез-құлқының, адамгершілік қасиеттерінің рухани биіктікте көрінуін талап етеді. Сондықтан да қоғам қаймағы, рухани жалауы болған сол топтың азғындыққа түсуі-заман азғындауының себепшісі екендігін айтады. Оған дәлел мына хикметінің үзіндісі:

Ишан, шейх, қожа, молда дүние іздер,
Сырын білмес топ халықты келіп алдар,
Аят, хадис сөзін қойып малды іздер...
Шейх деп салар сарай, жинар дүние,
Алла үшін қылған зәрре амалы жоқ...
Ғалымдардың айтқан сөзін дұрыс білмес,
Нағыз дәруіштерді көзге ілмес,-[3.290]

деп ашынады.

Хикметтерім білімділер қолына алсын,
Мақсаттары ойға алған орындалсын.
Хикметтерім жүрсе кімнің ойында,
Қолдаушысы болсын тәңірім оның да,-[3.290]

деп, хикметтерін тыңдаушыларға үлгі-өнеге қалдырады.

«Қожа Ахмет Яссауи өзінің хикметтері арқылы түркі тілінің сақталып қалуына зор үлес қосты. Кеменгер ойшыл сонысымен тұтас түркі жұртына қадірлі», -деп бағалайды Яссауи еңбектерін зерттеуші ғалымдар.

Міне, жоғарыда айтылған ғұлама хикметтерінде ұлттық құндылықтар өте керемет насихатталған. Ал осыны бала бойына сіңіруде не істеуіміз қажет?

Біріншіден, оқушыларға Яссауидің өмір жолы мен шығармашылығын жан-жақты танытуымыз қажет. Ол үшін мынадай тапсырмалар беруге болады:

Тапсырма

1. Қожа Ахмет Яссауидің өмір жолы мен шығармашылығы туралы ізденіп, «Инсерт» картасын толтырыңыздар

Инсерт картасы

Білемін	Білдім	Білгім келеді

2. Қожа Ахмет Яссауи хикметтеріндегі ұлттық құндылықтарды анықтап, «Фишбоун» әдісімен берілген тапсырманы орындаңыздар



3. Яссауи неліктен сопылық ілімді түркі тілінде насихаттады? Ойларыңызды «Бес сөйлем» әдісі арқылы жеткізіңіздер

4. Яссауи өлеңдеріндегі қазақ халқына тән құндылықтарды «Күн шуағы» әдісімен топтастырыңыздар



Қожа Ахмет Яссауи хикметтеріне қосқан мынадай келеңсіздіктер бүгінгі заманның да бет-бейнесін танытады:

Халайықтан мейірім мен рақым кетті,
Момынға телі-тентек зақым етті.
Тал түсте талапайда ақыл кетті,
Бұл не деген замана болды, достар?!

Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті,
Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті.
Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті,
Бұл не деген замана болды достар?![4]

Замана бейнесін дәл таныта білген ақын хикметтері дәстүрлі құндылықтарымызбен тығыз астасып жатыр. Халқымыздың дәстүрлі құндылықтары әдептілік, имандылық, момынға қастық жасамау болса, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде осы мәселелерден алыстап барамыз. Сондықтан ақын өлендерінде айтылған дәстүрлі құндылықтарды ақын шығармалары арқылы бүгінгі ұрпақ бойына сіңіруіміз қажет.

«Диуани хикмет» діни-сопылық қағидалармен бірге оқу, білім алу, адалды, имандылық, ізгі қасиетті болу, ақыл-парасатқа жету, жақсылық, жамандық, төзімді болу, достық пен махаббатты қастерлеу, әділетті болу, адал жолмен жүру сияқты адамгершілік құндылықтарды дәріптейді.

Қожа Ахмет Яссауи даналық сөздерінің көбінде ұстазы Арыстан бабты жиі еске алады. Ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады. Менменділік, көрсеқызар, кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді. Яғни, бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді-мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы.

Ақынның жоғарыда аталған шығармаларының қай-қайсысын алмайық, бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жоймағандығын, яғни, ақын шығармаларындағы ғибратты ойлардың әлі де өміршең екендігін байқаймыз. Өйткені, ақын шығармаларында айтылған дәстүрлі құндылықтар бүгінгі күнде де жас ұрпақты тәрбиелеуде өз үлесін қоспақ.

Ендеше, ақын шығармаларының мән-маңызын ұғынып, көңілге тұщынып, одан әрі насихаттай берейік дей отырып, өз мақаламды қорытындылаймын. Қорыта келе, Ахмет Яссауи шығармаларындағы айтылған ой халқымыздың баға жетпес құндылығы екендігін естен шығармауымыз керек. Асылдарымыздан жеткен ғибратты ойларды көзіміздің қарашығындай сақтап, ондағы дәстүрлі құндылықтарды келер ұрпаққа жеткізу біздің еншімізде.

Аннотация

Бұл мақалада Қ.А.Яссауи шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру жолдары туралы баяндалған. Сонымен қатар ұлттық құндылықтардың жаһандану дәуіріндегі маңызы талданып, ұлы тұлғаларымыздың шығармаларындағы құндылықтарды кең көлемде насихаттау мәселесі қарастырылған.

Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы оларды өз халқының әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы өзекті мәселені шешуде «Қ.А.Яссауи шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру жолдары» тақырыбында жазылған мақала өз ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Ұлттық құндылықтар-бағзы заманнан бері келе жатқан мұраларымыз. Сондықтан әрбір ұлт өз болмысын жоғалтпау үшін ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруге тиісті. Осы орайда мектеп мұғалімдерінің алдында әдет-ғұрып, салт-сананы насихаттау міндеті тұр. Осы мақала мектеп мұғалімдеріне жоғарыда айтылған өзекті мәселені шешуге өз септігін тигізеді.

Аннотация

В этой статье рассказывается о путях усвоения детьми национальных ценностей в произведениях К. А. Яссауи. Кроме того, проанализировано значение национальных ценностей в эпоху глобализации, рассмотрена проблема широкомасштабной пропаганды ценностей в произведениях наших великих личностей.

Одной из актуальных проблем сегодняшнего дня является повышение уровня литературы и культуры, традиций своего народа путем привития детям национальных ценностей. Думаю, что в решении этой актуальной проблемы будет способствовать статья на тему «Пути усвоения детьми национальных ценностей в произведениях К. А. Яссауи».

Национальные ценности-это наше наследие с незапамятных времен. Поэтому каждая нация должна прививать национальные ценности подрастающему поколению, чтобы не потерять свою идентичность. В этой связи перед учителями школы стоит задача пропаганды обычаев и традиций. Данная статья поможет школьным учителям решить актуальную проблему, о которой говорилось выше.

Annotation

This article describes the ways in which children learn national values in the works of K. A. Yassawi. In addition, the importance of national values in the era of globalization is analyzed, the problem of large-scale propaganda of values in the works of our great personalities is considered.

One of the urgent problems of today is to raise the level of literature and culture, traditions of their people by instilling national values in children. I think that an article on the topic "Ways for children to assimilate national values in the works of K. A. Yassawi" will contribute to solving this urgent problem.

National values have been our heritage since time immemorial. Therefore, every nation must instill national values in the younger generation in order not to lose its identity. In this regard, school teachers are faced with the task of promoting customs and traditions. This article will help schoolteachers solve the urgent problem mentioned above.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды: КарГУ баспасы, 1991.
2. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2004. – 348б.
3. Қожа Ахмет Ясауи Хикмет жинақ. Дайындаған М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи. С.Дәуітұлы –Алматы: Жалын, 1998. 290 б
4. Уикипедия материалдары

Х.А.ЯССАВИЙ ҲИҚМАТЛАРИНИНГ МОҲИЯТИ- ИНСОННИНГ ЎЗ-ЎЗИНИ АНГЛАШИДАДИР

Зарбитдинова Муяссар Маматсабировна
Туркістан облысы Сауран ауданы
Х.А.Яссауи атындағы ЖББМ
Өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
магистр педагог- шебер

Кимни кўрсам Хизр билиб кўлин тутай
Хизру Илёс мадад қилиб ушласам мен
Аҳмад Яссавий
Ҳар бир инсонда Хизрни кўрган
Ҳам ўзи Хизр – даҳо Яссавий

Фарҳод Яссавийзода

Мен бугун ўзимни кўпдан ўйлантириб юрган, лекин кўл урушга қалбим ожизлик қилаётган жуда улкан мавзуга мурожаат қилмоқчиман.

Нега? Нега бу улкан мавзу? Чунки ХХІ аср инсонияти ҳаётга енгил қарайдиган, ҳар бир нарсанинг юзаки қисминигина кўрадиганларга айланиб бормоқда Яссавийда эса ҳар бир сўзнинг ботини бор. Яссавийнинг ҳиқматларини бир марта ўқиган киши эса, буни англамай қолмайди

Албатта, ҳиқматларнинг барча – барчаси инсоннинг ички оламининг пок, нияти тоза бўлиши кераклигини таъкидлаб туради.

Биргина:

Ишқим тошти, руҳим қочти, қайдин топай,
Орқасидан ишқ отини миниб чопай,
Кимни кўрсам Хизр билиб, кўлин тутай
Хизру Илёс мадад қилиб ушласам мен.

Ҳиқматининг мағзини чақиш ер юзадаги 7 миллиарддан ортиқ одамни Хизр ҳисоблаш учун инсон ўзи Хизр бўлмоғи керакмасми?

Ҳиқмат оптимистик руҳда ёзилган бўлиб, инсонлар бир – биридаги фақат яхшилиқни кўрса ўзи ҳам яхшиланиб боради дейилмоқда. Бу борада мен машҳур психолог Ронда Берннинг “Инсон нимани ўйласа ўшанга айланади” гапларига ҳамоҳанг айтилган фикр деб ҳисобладим.

Яна Яссавий бобомиз ҳар бир “Ҳиқмат” ини сирли қилиб ёзган. Бу жойда (сиз эсланг) Мусо Алахийссаломнинг ўликни тирилтирувчи дуосини ҳаммага ўргатавериш керакмаслиги, у ёмон ниятли кишининг бошига ўлим олиб келганлиги каби донишманд бобомиз таълимотида ҳам шундай дейилади:

Менинг ҳиқматларим дардсизга айтманг,
Баҳосиз гавҳарим нодонга сотманг..

Ёки:

Қул Хожа Аҳмад, сўзингни номардларга айтмагин,
Сўзни айтиб ,нодонга пучак пулга сотмагин.

Очдин ўлсанг номарддин ҳаргиз миннат тортмагин,

Арслон бобом сўзларин ,эшитдингиз табаррук.

Бу ҳақида улуғ авлиёнинг шундай ҳикмати ҳам бор

Девонан Жулидаман Ҳақни топқон

Ҳақ шамширин кўлга олиб нафсни чопқон

Қайда борса кўзни юмиб сирни топқон

Андоғ сирни топқон киши Мардон бўлур

Демак, Ҳақни қандай топишимиз мумкин? Назаримда девоналар Ҳақни топқон кишилардир. Улар Ҳақ Шамшири билан (У. Жеймис айтганиддек куч билан) нафсни ўлдирадилар, чопиб ташлайдилар. Бугунги кунда медитация бажаришнинг турлари кўпайиб кетган, лекин барча медитация кўзни юмиб амалга оширилади.

Сирни топган киши – мардон авлиё бўлади. Нафсни ўлдириш учун сўфийлар девоналик йўлини босиб ўтадилар. Ҳақлаб нон топиш одамдаги барча ёмон одатларни ўлдиради, манманликдан қутилтиради. Яссавий эса ўзимиздаги ёмон одатлардан қутулишнинг биринчиси нафсни ўлдириш, кейин бизнинг олдимизда барча “сир” лар очилади демоқчи – да.

Алишер Навоий Яссавий тўғрисида: “Мақомоти олий ва машхур, каромати матаволий ва номасхур эрмиш. Мурид ва ашоб ғоятсиз ва шоҳу гадо анинг иродат ва ихлоси остонида ниҳоятсиз эрмиш... Туркистон аҳлининг қиблаи дуосидир”- дейди Бу фикри орқали Навоий ҳам Яссавийнинг қалб кўзи очилганлигини ,ҳар бир сўзи кароматли эканлигини таъкидлайди Шунинг учун ҳам шоҳу гадо унинг остонасидадир. Маълумки, киши ўз-ўзини тўлиқ англагандагина олам “сир”лари очила бошлайди,ҳар айтган сўзлари гўё каромат сифатида янграйди:

Чин дардликка ўзим дору ,ўзим дармон,

Ҳам ошиқман,ҳам маъшукман,ўзим жонон.

Раҳм айлайин,отим Раҳмон,зотим Субҳон,

Бир назарда ботинларни сафо қилдим.

А.Яссавий тириклик чоғларидаёқ пайғамбаримиз Муҳаммад (С.А.В) каби Аллоҳу таолонинг ваъдасини эшитгандир.

Ўттиз икки ёшда етди Ҳақдин фармон:

“Бандаликка қабул қилдим,қилма армон,

Жон берурда бергум сенга нури иймон!”.

Ғариб жоним шодмон бўлиб кулди,дўстлар.

Раҳм айлабон Аллоҳ ўзи назар солди.

Чин ошиқни Аллоҳ суйиб,бандам,деди.

Мен айтмадим,Аллоҳ ўзи ваъда қилди.

Бу даражага етиш учун ,Аллоҳ назари тушган инсон бўлиш учун ,ҳар вақт рост гапириш,кечиримли бўлиш,хиёнатга йўл қўймаслик каби фазилатларга эга бўлишимиз муҳимлардан муҳимдир.Одамларнинг азият ва жафоларига фавқулодда сабрли бўлиб ,бизни ҳам шундай бўлишга чақиради:

Золим агар жафо қилса,Аллоҳ ,дегил,

Илкин очиб,дуо айлаб,бўйин сунгил.

Ҳақ додинга етмас бўлса,гила қилгил,

Ҳақдин эшитиб,бу сўзларни айтдим мано.

Замонавий илм, психология жафо кўрсанг кечиргин, яна уни ҳам дуо қилиб қўйгин дейишидаги ҳамоҳанглик асрлар ўтсада моҳиятини йўқотмаганлигига ажабланарли ҳолатда

Мақоламни донишманднинг дарсликда берилган, кўпчилик ўқувчилар ёд олган ҳикмати билан яқунламоқчиман:

Бешак билинг бу дунё, барча халқдин ўтаро,
Инонмагил молингга, бир кун қўлдан кетаро...
Дунё учун ғам ема, Ҳақдин ўзгани дема,
Киши молин ема, сирот узра тутуро.

Ҳикмат ниҳоятда кўтарингки руҳда ёзилган. Чунки одамзод ер юзида қанча яшамасин, қандай яшамасин барибир ўтади. Бу ўткинчи дунёда мард бўлиб, меҳмон каби бир – биримизнинг қадримизга етиб яшаш кераклигини айниқса, ота – онани яқин ёр – қариндошларни худди меҳмон каби иззатлаш лозимлиги уқтирилади.

XX асрнинг файласуф шоири машҳур Махтумқули эса шундай дейди:

Ҳар қанча яшасанг ернинг юзинда,
Одам ўғли бир – бирига меҳмондур.

Хулоса қилиб айтадиганим шуки Яссавий бобомизнинг ҳикматидаги ҳар сўз одамзодни комилликка чорлайди. Меҳмон келса, ёки меҳмонга борсак бир – биримизга фақат яхши томонимизни кўрсатгимиз келиб қолганидек, биз фақат яхшилик ўйлаб, яхшилик қилиб яшашимиз жудаям кераклигини авлиё бобомиз XI асрдаёқ қайта-қайта айтиб кетган. XXI аср инсонияти эса шу “сир” ни очиши зарур. Улуғ бобомиз, юртдошимизнинг жаҳонга машҳур ҳикматлари бизнинг бугунимиз учун ҳам дастуруламалардан бўлиб қолажак.

Ғариблиғда Арслон бобом излаб топди,
Ҳар сир кўриб парда бирла букиб ёпди.
Биҳамдуллоҳ, кўрдим деди, изим ўпди,
Ушбу сирни кўриб ҳайрон қолдим мано

Азиз ўқувчим, тингловчим, “сир” га , “сеҳр” га тўла мазмунли ҳаёт кечиргингиз келса, ўзингизни англагингиз келса, узоққа кўз ташламанг, ўзимиздан, Яссавий бобомиздан изланг.

Нафақат ёшларимизнинг, балки биз катталарнинг ҳам ўзлигимизни англашимизда, миллий, умуминсоний қадриятларга хурмат руҳида ривожланишимизда “СИР” га тўла ҳикматларнинг ўрни бекиёсдир

Зеро, биринчи Президентимиз Н. Назарбаев айтганидек: “... Янги даврнинг ижобий жиҳатларини тафаккуримизга сингдирсак” кина биз Яссавийни тушуна бошлаймиз.

Аннотация

Мақолада Х.А. Яссавий ҳикматларининг мазмун ва моҳиятидаги инсоннинг ўз-ўзини англаши, тавсифи ҳамда унинг таъсирида ахлоқий қадриятларга содиқлик ғояси фалсафий “сир” ёритилган.

Яссавий бобомизнинг илмий йўли бугунги замонавий илмларнинг дебчаси, ислом маданиятининг бўлинмас аслиятидир. Яъни, Қуръони карийм

оятлари, замонавий “сир”, ҳамда бобомизнинг ҳикматлари бир тўлқинда, бир мазмундалиги билан ҳанузгача “сир”излаган китобхонни ўзига чорлайди. Ҳикматларнинг ўзгачалиги, маъно –мазмуни ҳақида фикр, янги талқинда кўрсатилган ушбу баённома ўқувчини, тингловчини ўзига жалб қила олиши билан ҳам кадрлидир. Жамиятимизда бўлаётган илмий ривожланиш, ўсиш, яхши ва ҳалол қалб хотиржамлигида яшашни ўрганмоқчи бўлганлар Яссавийни қайта –қайта ўқисалар, ўргансалар бобомизнинг “ботин” илмини илғаб олсалар. Илғаш учун англаш учун узоққа бормай Муяссар Зарбитдинованинг рисоласидаги калит сўзларни, “маънавий руҳий тозаланиш” қандай бўлмоғини излаб топмоқлари даркор. Бобомизнинг “исён и” ўз-ўзи билан, ўз ботини исёнди. Неликдан инсон ўз-ўзини енгандагина унга олам сирлари очилиши бугун ҳаммага аён бўлиб қолди. Ўзбекистон халқ шоири Абдулла Ориповнинг шундай сатрлари бор:

Нафс ила дунёга дил берган фосиқлар сиз бу кун,
Яссавий хок пойидан айлаб олинг туморлар.

Аннотация

Мақалада Ясауи хикметтерінің философиялық "сыр" адамның өзін-өзі жүзеге асыру идеясында, оның жалпақ мақал-мәтелдерінің мазмұны мен мәніндегі ықпалымен адамгершілік құндылықтарды сипаттау мен адалдық та ашылады.

Біздің арғы атамыздың ғылыми жолы-қазіргі заманғы ғылымдарға, ислам мәдениетінің бөлінбейтін қайнар көзіне кіріспе. Яғни., Құран аяттары, заманауи "құпия", сондай-ақ атамыздың даналығы, бір бетте, бір мазмұнда, әлі де "құпияны" іздейтін оқырманды тартады. Мақал-мәтелдің өзгешелігі, оның мағынасы туралы пікір, бұл жаңа интерпретацияда көрсетілген мәлімдеме оқырманды, тыңдаушыны тарта алатындығымен де құнды. Біздің қоғамда болып жатқан ғылыми даму, өсу, мейірімді және адал жүрек әлемінде өмір сүруді үйренгісі келетіндер Ясауиді қайта-қайта оқиды, атамыздың "Ботин" ғылымын зерттейді және насихаттайды. Кілт ілгерілету үшін іске асырудан алыс кетпеген Муяссар Зарбитдинованың брошюрасында "рухани тазарту" деген не екендігі туралы сөздерді тізбектелген. Біздің атамыздың "бүлікшіл өзін" өзіне жүктейді, бүлікшілдік оның ішінде. Неілектен, келген адам өзіні-өзі жеңгенде ғана, бүгінде оған ғаламның құпиялары ашылғаны бәріне белгілі болды. Өзбекстанның халық ақыны Абдулла Ориповтың осындай жолдары бар:

Әлемге өз қалауымен жүректерін берген зұлымдар-сіз бүгін,
Ясауи тегіс тұмар ілмектерін түбіне бұраңыз.

Аннотация

Научный путь нашего деда Яссавий является введением, преамбулой сегодняшних современных наук, неделимой сущностью исламской культуры.

В статье освещены содержание и сущность мудрых слов в сознании человека также идея верности моральным ценностям как философская "тайна". То есть содержание хикматов наших дедов, а также аяты из Корана, современные "тайны" находится на одной волне призывает и манит к себе читателя ищущего "тайны".

Мысль о содержании и об оригинальности хикметов настолько ценна ещё и тем что высказывания изложенное в новом толковании способно привлечь к себе учащихся, и слушателя.

Если те которые хотят научиться жить в спокойствии с доброй и честной душой,научное развитии и рост общества, то будут снова и снова читать Яссави, будут продвигать науку дедов и предков.

Чтобы это понять не надо идти далеко,а должны поискать из статьи М.Зарбитдиновой ключевые слова,и понять суть каким должно быть "духовное моральное очищение".

Сегодня всем стало ясно, что, когда человек сможет преодолеть себя, мысль тогда ему лишь тогда ему откроются тайны Вселенной.

У народного поэта Узбекистана Абдуллы Арпипова есть такие строки:
Нечестные грешники отдавшись свою душу пахоти, сегодня вы,
Сделайте себе талисман оберег от тропы Яссави.

Annotation

In This article there is given the philosophical “mystery” which is covered by the idea of a person's self-realization, description and loyalty to moral values under his influence in the content and essence of X.A.Yassawy’s esprit .

The scientific path of our grandfather is the prelude of today's modern sciences ,the Indivisible origin of Islamic culture.I.e., The Quranic verses, the modern "secret“, as well as the wisdom of our grandfather, in one wave, in one content, still appeal to the reader who is looking for a”secret".The opinion about the otherness of Proverbs ,its meaning ,this statement ,shown in a new interpretation, is also valuable in that it is able to attract the reader, the listener.Those who want to learn to live in the peace of scientific development ,growth,a good and honest heart that is happening in our society,read Yassawy over and over again, learn and advance the” Botin” science of our grandfather. In order to learn this science , you may apply to the brochure of Muyassar Zarbitdinova, who did not go far to realize for progressing the search for words, what”spiritual, spiritual cleansing” is at the exact point. Our grandfather's "rebellion " is self-imposed, his own godfather’s rebellion. Only when a person has reached the end of his self-existence has it become clear to everyone today that the secrets of the universe are revealed to him. One of the greatest poets of Uzbekistan Abdullah Oripov has such lines:

The wicked who have given hearts to the world with their desires are you today,
Make an amulet from the pure step of the Yassawy.

Фойдаланилган адабиётлар:

- 1.А.Яссавий :Девони хикмат”
- 2.Аширмат Толиб:”Кул Хожа Аҳмад Яссавий”
- 3.Намық Кемал Зейбек:”Қожа Аҳмет Йасауи жолы және таңдалмалы хикметтер»
- 4.А.Яссауи:»Даналық кітабы”
5. “ 100 Марказий Осиё мутаффакирлари “
6. Аброр Мухтор:Аҳмад Яссавий ҳақида”
- 7.А.Навоий “Насойим ул- муҳаббат”

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Зекенова Гүлім Ерланқызы

«Бизнес академия «Дара» мектеп-лицейі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Директордың тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары, педагог-модератор

Филология ғылымдарының магистры

Халық тағдыры мен мемлекет болашағы ұрпақ тәрбиесімен тікелей байланысты.

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен рухани құндылықтарды өзара ұштастыра алатын білімді, білікті, ұлтын сүйетін тұлғаны тәрбиелеу білім ордасы, ұстаздар алдындағы негізгі басты мақсат. Әрине, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздармен бірге отбасының орны да ерекше зор. Білім алушы, ұстаз, отбасы – осы үштік біріккен кезде жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген құндылықтар білім саласында болсын, тәрбие құралдары арқылы болсын толыққанды жүзеге асады. Тәрбие арқылы берілген білім – ішкі тұрақтылықтың тұғыры, рухани қауіпсіздіктің тірегі және бастысы – ұрпақтар сабақтастығының негізі болмақ.

Рухани тәрбиенің негізі қашанда ұлттық құндылықтарға негізделуі керек. Ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыру, дамыту – рухани құндылықтың бастауы. Бұл біздің қарастырып отырған тақырыбымыздың өзектілігін көрсетеді.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру. Рухани байлық – жан-дүниенің ізденісі, білімі, білігі, өмірден жинаған тәжірибесі. Бабадан қалған мұраны бойға сіңіру. Осы тұрғыдан келгенде Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының мазмұны күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ, керісінше сабақтастықты көреміз. Ясауи шығармаларының өң бойы адамгершілік тәрбиесіне тұнып тұр.

Ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, Абайдың толық адам концепциясына сай рухани құндылықтарды бойына сіңірген сауатты, салауатты, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу қазіргі қоғамның басты қажеттілігі. Қай кезде болса да ұрпақ тәрбиесі – орта мектептің күн тәртібінен түскен емес. Бүгінгі ұрпақтың тәрбиесі – ертеңгі күннің кепілі.

Негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды білім алушы бойына сіңіруде «Қазақ тілі» пәнінің рөлі ерекше. Ал қазақ тілі бізге бабалардан қалған аманат, сондықтан ана тілін сүюді, қадірлеуді шәкірт бойына құндылықтар арқылы сіңіру міндетіміз.

Күнделікті сабақта білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына дарытуда қандай жұмыстар жасалып жатқандығын білу маңызды. «Қазақ тілі» пәнінің оқу мақсаттары педагог пен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормаларын сақтау.

Білім берудің негізгі міндеттері білім алушылардың: рухани-адамгершілік қасиеттерін; ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін; өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын; оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын; сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Оқу мақсаттары жобалау және зерттеу іс-әрекеттерінің мақсатты ұйымдастырылған тәрбие жұмысымен үйлесімі арқылы іске асырылатын академиялық дайындықты, білім алушылардың дербестігін дамытуды және рухани-адамгершілік тәрбиені кіріктіру негізінде айқындалып отырады. Сабақта оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың біртұтастығы қамтамасыз етіледі. Кез келген пәнді оқыту процесін ұйымдастыру оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидатын іске асыруға бағытталған.

Оқыту процесінде оқу пәні арқылы тәрбие мәселесі шешіледі. Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. Білім беру бойынша білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріліп отырады.

Сабақты ұйымдастыруда құндылықтарды қалыптастыру оқу мақсаттарына тікелей байланысты. Мысалы, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құруда білім алушы меңгерген білімін барынша нақты көрсетуге тырысып, жоспарға ой өзегін ашатын сөздер жазады. Мұнда бұл жоспардың мәні неде, қаншалықты тиімді, пайдалы болатынына сын тұрғысынан баға береді. Лексикалық нормада берілген фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану оқу мақсатының қолжетімділігі білім алушының өздігінен баяндау тәсілін игеруге, тыңдаушының назарын өзіне аударуға, өзіндік идеяны алға жылжытып, серіктестер табуына ықпал ету арқылы көрінеді. Адами құндылықтарды дарытуда әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (пікірталас, жаңалық) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау арқылы ортақ шешім мен өзгенің пікірін тыңдай білу дағдысы қалыптасады.

Оқушы бойына құндылықтарды қалыптастыруды мысалдар арқылы берер болсақ:

Жалпы 5-сыныпта қазақ тілі пәнінен 5.3.3.1 Сюжетті суреттерді (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру; 5.3.5.1 Оқылым және

тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу; 5.1.1.1 Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; 5.1.6.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай одағай сөздерді еркін қолданып, диалогқа даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру. Осы мақсаттар білім алушыларды оқытуда сабақтың оқу мақсатына жету әрекеттерінде суреттерге қарап әңгіме құрастыру барысында ойын жүйелеп жазу мен байқампаздыққа, жинақы мәтін құрастыру кезінде тыңдалым барысында негізгі ақпараттарды іріктей алатын аңғарымпаздыққа, болжампаздық пен ауызекі сөйлеу барысында тілдік нормаларды өз орнында қолдана алып, ойын дұрыс жеткізе алатын қабілетке, сөздердің мағынасын түсіне отырып, шешен сөйлей алу құндылықтарына баулиды. 6-сыныптың Қазақ тілінен «Ерлік – елге өнеге» лексикалық тақырыбын талдайық. Сабақтың мақсаты: Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.

Лексикалық тақырып мазмұны арқылы білім алушыларды қандай құндылықтарға баулиды?

- оқушылардың сана-сезімін қалыптастырады; - ұлттық рухын дамытады;
- жас ұрпақтың бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерді қалыптастырады.

Жалпы, қай пәнді оқытуда болмасыноқу мақсаттары білім алушылардың бойына құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарды дарытуға бағытталады.

Сонымен қатар, тілдік пәндерді оқытуда ата-баба мәдениетін, ұлттық құндылықтарды саналы түрде игеру, білім алушыларды тіршіліктің мәнін түсінуге, өмірді сүйеге жетелеуге бағытталған тапсырмалар орындалады. Даналықтың көзі болған мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, бейнелі сөздер, афоризмдер арқылы баланың бойында адамзаттық құндылықтар қалыптасып отырады. Осы орайда білумен қатар, түсінудің негізін, яғни ой қорыту, шығармашылық жұмыстарды жасай алу, дұрыс сөйлей және жаза білу, ойлаудың даралығы, өзіндік ұсыныстар, ой-пікірлер мен көзқарастарға ұштастыра білу негізін қалыптастырады.

Жалпы орта білім берудегі жалпыға міндетті білім беру стандартында басшылыққа алынатын құндылықтар білім мен тәрбие беруде қатар қолданыла отырып, бүгінгі тақырыбымызға өзек болып отырған Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінен қалай көрініс табады деген мәселені қарастырайық. Қожа Ахмет Ясауи туындылары тәрбиелік мәні зор адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған туынды. Еңбекте адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, адами қарым-қатынас мәселелері сарапталады. Қожа Ахмет Ясауидің «Даналық кітабында» қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды.

Ол адамзаттың бойындағы ең жаман нәрсе надандықты сынай отырып, надандықтың адам баласына келтірер зиянын көрсетіп, оған қарама-қарсы

жақсылықты, ғылым-білім мен даналықты үнемі қарама-қарсы қояды, үміт-тілегін даналарға арнайды:

Наданмен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса тозақ одан қашар.
Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,
Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.
Надан хәлін менен сұрама, көңілім қапа,
Хақтан қорқып, қайғы тұтсам, күлер «қақа».
Араны ашық, нәпсі ұлық, мысалы лақа,
Надандардан қорқып саған келдім мен-ә.
Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып дұға тілеймін жомарттардан.
Ғаріп жаным мың садаға даналардан,

Дана таппай жер астына кірдім мен-ә!,- деп екіжүзді адамдардан жан-тәнімен қашқандығын айта отырып, Арыстан Бабтың айтқан ақылдары мен үлгі-өсиеттерін зор ілтипатпен еске алып, ұстазының рухани тазалығын, адалдығы мен шыншылдығын өзгелерге үлгі тұта сөйлейді. Ұстазға күле қарап, іштей бақай есеппен өмір сүретін көңілі арам, жаны надан кейбір шәкірттердің жамандығын бетіне басады:

Тақуамын деп зор санар, көзіңнен шықпайды жасың,
Көңілдерінде дерті жоқ, қалай ауырар басы.
Өтірік, айла қылса да, Құдайға мәлім бар ісі,
Арыстан Бабам сөздерін есітсеңіз тәбәрік.
Шәкіртімін деп айтады, көңілінде жоқ шындығы,
Шын шәкіртті сұрасаң, іші-тысы гәуһәр дүр,
Хаққа аян сырлары, жемістері таза дүр,
Арыстан Бабам сөздерін есітсеңіз тәбәрік!

Сөйтіп, арамдық пен өтірік-өсекті, арамдықты, надандықты жаман деп санамай, бойынан аластатуға асықпайтын шәкіртсымақтарды сынай отырып, ұстазы Арыстан Бабты сондай пасықтарға үлгі етіп ұсынады [1].

XII ғасырда жазылған Қожа Ахмет Ясауи туындыларындағы рухани құндылықтар мәселесі бүгінгі күнде күн тәртібінен түспегендігін, керісінше сабақтастық тауып, бүгінгі күннің талабымен білім мен тәрбиенің қатар жүруінің маңызды екендігіне көз жеткізіп отыр.

Қорытындылай келе ғасырдан ғасырға келе жатқан Қожа Ахмет Ясауи шығармалары идеясының бүгінгі қоғам талабымен сабақтастығына көз жеткіземіз. Қ.А.Ясауи мұраларын оқытуда авторлық бағдарлама дайындай отырып, білім алушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу құралы ретінде қолдануға болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Рухани адамгершілік білім алушының ішкі сезіміне әсер ету арқылы жан дүниесін ояту, яғни өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған ортамен кез келген затқа, адамға, табиғатқа жақсылық жасауы. Яғни, рухани адамгершілік жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады, оның көрсеткіштері: басқаларға жақсылақ жасау; жақсылаққа ұмтылу; өзін-өзі дамытып жетілдіру.

Аннотация

Мақалада ұрпақ тәрбиесіндегі рухани құндылықтардың рөлі көрсетіледі. Оны білім алушының бойына қалай сіңіру керек, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алумен сабақтастығын көрсете отырып, мақала тақырыбының өзектілігін ұрпақтар сабақтастығындағы, яғни ғұлама ғалым Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының көтеретін мәселелерін талдай отырып, тәрбиеге әсерін талдайды. Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығы екендігін айта келе, рухани байлық – жан-дүниенің ізденісі, білімі, білігі, өмірден жинаған тәжірибесі деп тоқталады. Тәрбие беруде рухани байлығымыздың көзі болып саналатын Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының мазмұнының күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығын, білім алушыларға тәрбие берудегі оның маңызының мақалаға өзек болып тұрғандығын айтады.

Аннотация

В статье показана роль духовных ценностей в воспитании поколений. Как привить его обучающемуся, основные ценности, определенные в содержании основного среднего образования в соответствии с государственным общеобязательным стандартом основного среднего и общего среднего образования: казахстанский патриотизм и гражданская ответственность; уважение; сотрудничество; труд и творчество; открытость; отражая преемственность с обучением на протяжении всей жизни, анализируя актуальность темы статьи в преемственности поколений, то есть проблемы, которые поднимают произведения ученого Ходжи Ахмеда Ясави, анализирует влияние на воспитание. Говоря о том, что духовное богатство человека-это, знания, умения, опыт, приобретенный в жизни. Ходжа Ахмед Ясави, являющийся источником нашего духовного богатства в воспитании, отметил, что содержание его произведений до сих пор не утратило своей значимости, его значение в воспитании обучающихся является стержнем статьи.

Annotation

The article shows the role of spiritual values in the education of generations. How to instill in its student, the basic values defined in the content of basic secondary education in accordance with the state compulsory standard of basic secondary and general secondary education: Kazakhstani patriotism and civic responsibility; respect; cooperation; work and creativity; openness; reflecting the continuity with lifelong learning, analyzing the relevance of the topic of the article in the succession of generations, that is, the problems that raise the works of the scholar Khoja Ahmed Yasawi, analyzes the role of spiritual values in the continuity of generations. Saying that the spiritual wealth of man is, knowledge, skills, experience acquired in life. Khoja Ahmed Yasawi, who is the source of our spiritual wealth in education, noted that the content of his works still has not lost its significance, its importance in the education of students is the core of the article.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ясауи Ахмет. Диуани хикметтен сежмелер. Әзірлеген К.Ераслан. Анкара. 1991ж.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б.

Қ.А.ЯССАУИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫН БҮГІНГІ ПЕДАГОГИКАМЕН ҰШТАСТЫРА ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Ибрагимова Жібек Ибрагимқызы

«Мұхтар Әуезов атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог модератор

Қазіргі таңда білім беру саласының алдында тұрған басты міндет-оқушыға білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, бәсекеге қабілетті тұлға даярлау. Бұл міндет бағзы заманнан келе жатқан міндет. Осы орайда бұрынғы өткен ғұламаларымыздың педагогикалық көзқарастарын бүгінгі күнмен ұштастыра отырып пайдалану асқан шеберлікті талап етеді. Сондай ғұламаларымыздың бірі-Қожа Ахмет Яссауи. Оның шығармаларындағы рухани-адамгершілік, тәлім-тәрбиелік идеялары ұлы тұлғаның педагогикалық көзқарастарын танытады. Яссауидің құнды педагогикалық идеялары жалпы оқырман қауымды, әсіресе, оқушыларды ұлттық құндылықтарды бағалауға, өзін-өзі тәрбиелеуіне, ата-анасын, ділін, тілін, елін, жерін сүйуге, елжандылық ұлттық сезімдерін арттырып, бойларында адамгершілік, имандылық, инабаттылық секілді сезімдерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан мен бүгінгі мақаламда оқу-тәрбие жұмыстары үрдістерінде оқушыларға адамгершілік, имандылық тұрғысынан тәрбие бере отырып, әлеуметтендіру мәселесін қозғамақпын.

Қ.А.Яссауи-оғыз-қыпшақ тілдерінде сөйлейтін түркі халықтарының барлығына ортақ тұлға[1]. Ол өз шығармаларына адамгершіліктің негізгі қағидаттарын арқау етіп, жас ұрпаққа адами құндылықтар тұрғысынан тәрбие беруді көздейді. Сондықтан оның шығармалары арада қанша жылдар өтсе де құнды болып саналады. Әсіресе, дәл бүгінгідей адам бойында ізгі қасиеттер кем кездесетін біздің заманымызда оқушылардың бойында ізгілік нұрын себуге таптырмас мұралар болып отыр. Сол үшін де біздің ең негізгі жүзеге асыратын ісіміз-Қ.А.Яссауидің педагогикалық көзқарастарын негізге алып, балалардың бойында адамға деген сүйіспеншілік, махаббат, бірін-бірі жақсы көру, сыйлау, құрметтеу және ғылымға ден қоюға үйрету болып табылады. Ол үшін қазіргі сандық технологияның құзыреттіліктерін жан-жақты пайдалана отырып, ұлы ғұламаның педагогикалық көзқарастарын жас ұрпақтың бойына сіңіру міндетін орындауымыз қажет. Осы айтылғандарды жүзеге асыра алсақ, тек

қана білім мен ғылымға сүйенген құлтемір ұрпақты емес, адамгершілік дағдыларды бойына сіңірген «Кемел» адамды қалыптастыра аламыз.

Қ.А.Яссауидің педагогикалық көзқарастарын сараласақ, дінді дұрыс танып-білу, басқа діндегілерге құрметпен қарау, әйел затына құрметпен қарау, надандықтан аулақ болып, ілім-білімге ұмтылуға үндейді. Міне, сондықтан да Яссауи іліміне, руханиятына бүкіл әлем сусап отыр деуге толық негіз бар. Оның хикметтерінің өзі оқушыға рухани-адамгершілік ережелерін насихаттауға бағытталған. Ол өзінің хикметтері туралы:

Менің хикметтерім,
Алладан пәрмен.
Оқып-ұққанға бар
Мағынасы-Құран,-[2.52]

деп, өз хикметтерінің бағасын ашып көрсетеді. Оның еңбектеріндегі отбасы, ақыл-ой, дүниетанымдық, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық, экономикалық және өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін қазіргі педагогикалық аспектілерімен ұштастыра пайдалану үшін сабақ үдерісінде тапсырмаларды жүйелі ұйымдастыруымыз қажет. Ол үшін әрбір сабақта хакім шығармаларынан үзінді келтіре отырып, оның мағынасын ашуға, алған ғибратын бойға сіңіруге ықпал етеміз.

Қожа Ахмет Яссауи педагогикалық дүниетанымдарын өзінің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») еңбегінде баяндайды. Бұл өлеңдер жинағы түркі тілді халықтардың XII ғасырда дүниеге келген әдеби ескерткіштердің бірі саналады. Соынмен қатар ол қазақ әдебиетінің де алғашқы нұсқасы болып табылмақ. Себебі «Диуани хикмет»-түркі халықтарының оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды. Кезінде бұл туынды өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған екен. Алайда уақыт өте келе оны көшірушілер өз тараптарынан көптеген араб-парсы сөздерін қосып отырған.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз жоғарыда айтып өткеніміздей, 63 жастан кейін қылуатке түсіп, жер астынан жай тұрғызып, жарық дүниемен тек шәкірттері арқылы ғана байланысқан екен. Қылуат-арабша «оңашалану» деген сөз. Ахмет Яссауи 63-73 жасында қылуатте осы кітабын жазған. Өзінің ойларын өлең түрінде бір жүйеге түсірген. Барлығы-149 хикмет-жыр[1].

Бұл кітапты тақырыбы жағынан екі топта жіктеп қарастыруға болады. Біріншісі-сопылық ілімнің мазмұнын өлең түрінде жырлаған хикметтер тобы. Бұған үгіт, насихат, өлең үлгісінде жазылған тәлім-тәрбие сипатындағы хикметтері жатады. Ал екінші тобы-ақынның өз дәуіріндегі қоғам бейнесін жасайтын лирикалық шығармалары.

Бұл жинақ ұстаздың шәкірттеріне, болашақ ізбасарларына, оқушыларына арнаған сөзі түрінде жазылған.

Бісміллә деп баян етіп хикмет айтып,
Тәліптерге дұрр уа гауһар шаштым, міне,-[3.167]
деуі содан. Мұндағы тәліптер деп отырғаны-шәкірттер деген сөз.

Жинақта бүкіл адамзатты толғандырған «Тіршілікті жаратушы кім?», «Өмір дегеніміз не?», «Адамның өмір сүрудегі мәні мен мұраты не?» деген сұрақтарға Яссауи жауап беруге тырысады. Яссауи хикметтері бойынша ғарышты, шексіз әлемді, рух дүниесін жаратқан-құдіретті Алла Тағала. Бұл туралы хикметінде:

«Дүние-дүние» дей берме, бір Алла болсын айтарың,
Кісі ақысын жей көрме, ысырт көпір бар байқағын.
Ешкім де саған жолдас боп, бірге еріп кетпейді,
Бірге тұрған бауырың мен аялап сүйген жан-жарың.
Құл Қожа Ахмет, тағат қыл, білмеймін ғұмырың неше жыл,
Не болса да жазмыштың көрерсің басқа салғанын...[3.167]

-деп жырлайды. Міне, осы өлең жолындағы ойларды тапсырма ретінде беруге болады.

Тапсырма

1. Ақынның бұл өлеңінде қандай ой айтылған?
2. «Кісі ақысын жемеу» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіздер?
3. Неліктен Яссауи «Ешкім саған жолдас болмайды» деп айтып тұр?
4. Өлеңнен қандай ой түюге болады?
5. Өлеңде айтылған ойды бүгінгі өмірмен қалай байланыстыруға болады?

Қожа Ахмет Яссауи адамның өмірінің мәні мен мұраты Алланың аманат етіп тапсырған рухани жанын дүние күнәсінен ада, таза түрінде Алланың өзіне ахиретте қайтарып беру парызында деп түсіндіреді. Сөйтіп, адам Алланың тұтастығынан бөлініп жаралған бола отырып, қайтадан сол тұтастыққа, Алламен рухани бірігуге дайын болуы тиіс деп санайды. Бұл ұлы сезімді ақын махаббат деп атайды. Хақ тағалаға сенім, онымен рухани бірлікке ұмтылу-махаббат. Сондай махаббат қана нағыз пәк, берік болмақ деп, оның керемет көркем бейнесін жасайды. Ғұламаның бұл ойы діннен ауытқып, өзге ағымның жетегіне еріп кетушілер көп болып тұрған мына заманда діннің ақиқат жолын тануға мүмкіндік береді.

Ақын хикметтерінде әділеттілікті, хақ істі жақтаушылар азған заманда қуғындалып, ал мансап үшін пара беріп, дүние үшін арсыздыққа барғандар билік құратынын сынап әшкерелейді. Яссауи өз заманынан сонда да күдер үзбей, адамгершілікке шақырады, жақсыны үлгі тұтады. Сөйтіп, ол өз уақытының бейнесін жасап кеткен ақын болды.

Жаратса, ықылас қойып ақылға кім,
Жалғанда тұтар соны жақын жаным.
Жедім де жетім-жесір, пақыр қамын,
Жетесіз кердендерден қаштым міне,-[4.341]

деп, жетім-жесірдің қамын жеу керектігін, оларға мейірімді болу керектігін ескертеді. Ал, жетесіз, менмен адамдарға жоламау керектігін ескертеді. Яссауидің бұл ойлары қазіргі күнде де маңызды болып отыр. Өйткені, қазіргі таңда жетім мен жесірдің ақысын жеушілер, жетесіз кердендер толып жатыр. Міне, осындай қасиеттен аулақ болуға үйрету үшін оқушыларға мынадай тапсырмалар беруге болады:

Тапсырма

1. Ақын хикметінде кімдерді жанына жақын тұтады?
2. Жетім-жесірдің ақысын жеу деген сөздің мағынасы қандай?
3. «Пақыр» деген сөздің мағынасын түсіндірме сөздік арқылы анықтаңыздар.
4. Жетесіз кердең болмау үшін қандай қасиеттерді бойымызға сіңіреміз?

Сонымен қатар бұл шумақ әдебиет теориясы бойынша аллитерацияны түсіндіруге де мүмкіндік беріп тұр.

Ақынның мына хикметіндегі рухани-адамгершілік қағидаттарын бала бойына сіңіру үшін мынадай тапсырмалар беруге болады:

Қайда да қайырымдылыққа талаптан да,
Кемтарға қайрыла жүр, қарап қалма.
Жақын боп мақшар күні жаратқанға,
Мейірімсіз менмендерден қаштым міне.
Миғражда алла адалдық ниетін берді,
Расул сүйді міскін, жетімдерді.
Қайтып кеп, ғарыптыққа бекінген-ді,
Ізіне ізгіліктің түстім міне...[5.290]

Тапсырма

1. Ақын хикметінің негізгі идеясы қандай?
2. Ақын өлеңіндегі ойды Абайдың қай өлеңімен салыстыруға болады?
3. Мейірімсіз менмен деп қандай адамдарды айтып тұр?
4. Мағынасы түсініксіз сөздерді ғаламтордан тауып, мағынасын ашыңыздар.
5. «Қайырымдылық», «мейірімсіз» сөздерінің антонимін тауып жазыңыздар.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, Қ.А.Яссауидің педагогикалық көзқарастарын бүгінгі педагогикамен ұштастыра пайдалану-адамгершілік қағидаттарын бала бойына сіңіртудегі негізгі құрал. Оқушыларға заман талабына сай білім берумен қатар ұлттық құндылықтарды, рухани құндылықтарды сіңіру қажеттілігін естен шығармауымыз қажет. Бұл орайда, Яссауидің педагогикалық көзқарастарын бүгінгі заманға лайықтап қолданғанымыз жөн. Өйткені, Ахмет Яссауи өзінің ұзақ жылғы өмір жолын түйіндей келіп бұл өмірде ақиқаттан артық қасиет жоқ деген қорытындыға келеді.

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,
Ақиқатты ары таза сүйе біл.
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен
Халқы ғана дүниеге ие бұл[5.293].

Сөйтіп, Ахмет Яссауи тек дін насихатшысы ғана емес, сонымен бірге ол адам бойындағы ізгі қасиеттерді көкке көтере мадақтаушы, өз оқырманын сабырлы, жомарт, кішіпейіл болуға шақырған ойшыл. Сол үшін оның педагогикалық көзқарастары бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде де маңызды.

Аннотация

Бұл мақалада Қ.А.Яссауидің педагогикалық көзқарастарын бүгінгі педагогикамен ұштастыра пайдалану жолдарын ұсыну көзделеді. Яссауидің хикметтерінде айтылған ғибратты ойлардың оқушы тәрбиесіндегі ықпалын

таныту, сабақ барысында қолдану жолдарын ұсыну мақсатында жазылған. Мақала барысында Яссаuidiң педагогикалық көзқарасын бүгінгі педагогикалық идеялармен ұштастыру, педагогикалық көзқарастарының мәнін анықтау және қорытынды шығару жолы қарастырылған. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан ұрпаққа мұра. Ясауидiң педагогикалық мұраларын бүгінгі педагогикамен байланыстыра отырып, жас ұрпақты ізгілік жолында тәрбиелей аламыз. Мақала Қ.А.Яссаuidiң педагогикалық көзқарастарындағы идеяларды бүгінгі педагогикалық идеялармен байланыстыруымен өзекті.

Аннотация

В данной статье предполагается представить пути использования педагогических взглядов К. А. Яссауи в сочетании с современной педагогикой. Оно было написано для того, чтобы продемонстрировать влияние поучительных мыслей, выраженных в мудрости Яссауи, на воспитание учащихся, и предложить способы их использования во время урока. В ходе статьи рассматривается, как соединить педагогический подход Яссауи с сегодняшними педагогическими идеями, определить сущность его педагогического подхода и сделать вывод. Мудрость Ахмета Ясауи, влившего кровь ислама в корни духовной пищи, на протяжении тысячелетий передавалась из поколения в поколение не только как представителя казахской литературы. Соединив педагогическое наследие Ясауи с современной педагогикой, мы сможем воспитать молодое поколение на пути добродетели. Статья актуальна, поскольку связывает идеи педагогических взглядов К. А. Яссауи с сегодняшними педагогическими идеями.

Annotation

In this article, it is intended to present the ways of using K. A. Yassau's pedagogical views in combination with today's pedagogy. It was written in order to demonstrate the influence of the instructive thoughts expressed in Yassawi's wisdom in the education of students, and to suggest ways to use them during the lesson. In the course of the article, it is considered how to combine Yassau's pedagogical approach with today's pedagogical ideas, to determine the essence of his pedagogical approach and to draw a conclusion. The wisdom of Akhmet Yasawi, who infused the blood of Islam into the roots of spiritual food, has been inherited from generation to generation for thousands of years, not only as a representative of Kazakh literature. Connecting Yasawi's pedagogical heritage with today's pedagogy, we can educate the young generation on the path of virtue. The article is relevant because it connects the ideas of K. A. Yassau's pedagogical views with today's pedagogical ideas.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уикипедия материалдары
2. Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды: КарГу баспасы, 1991. 52 б.
3. Көпрүлү М.Ф. Ясауи танымы мен тағылымы (Ауд. К.Коч). – Шымкент, 1999.
4. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2004. – 341б.

5.Қожа Ахмет Ясауи Хикмет жинақ Дайындаған: М.Жармұхаммедұлы.
М.Шафиғи. С.Дәуітұлы- Алматы: Жалын, 1998. 290-293- б

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ТҰЛҒАСЫ – ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ

Ибраева Айгүл Аронқызы

Астана қаласы әкімдігінің

«№71 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

директордың бейіндік оқыту

жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші

Қожа Ахмет Ясауи түркістандық әулие, тау тұлға, шынайы, тарихи тұлға. Әкесі де, нағашы атасы да даңқы шыққан әулие кісілер болған. Әкесі Шейх Ибраһим, анасы Қарашаш текті ұрпақтың балалары болған. Қожа Ахмет Ясауи ұлы ойшыл, философ, жазушы, ислам дінін уағыздаушының отбасынан болған, әйелі Айша, ұлы Ибраһим, қызы Гауһар. Қожа Ахмет Ясаудің ұрпағы қызынан тараған. Қазақ даласындағы ең киелі, қасиетті мекеннің бірі – Түркістан жерінде өмірге келген Қожа Ахмет Ясауиді көзі тірі кезінде «Мұсылмандардың қасиетті ұстазы» деп атаған.

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында өмір мен өлім мәселесіне ерекше мән берген. “Өлімнің ақиқатын түсіну үшін, өмірдің мәніне жету керек, ал рухты білмей тұрып, өмірді тани алмайсың” дейді. Сонымен қатар, Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтып өткен. Қожа Ахмет Ясауи өмірін ағартушылыққа, ұстаздық қызметке, сопылыққа арнаған діндар адам. Түркістан қаласында 12 ғасырда жер асты мешітін салдырған. Бұл мешіт 12 ғасырдан 1942 жылға дейін 8 ғасыр бойы қызмет атқарған. Бұл мешітте араб, парсы тілдерін оқытып, ислам дінінің негізін үйреткен, әрі мешіт, әрі медресе болған бұл ғимаратта 99 мыңнан астам әлемнің әр елдерінен келген шәкірттер тәрбиеленген. Қожа Ахмет Ясаудің шәкірттері Орта Азия аумағында Ислам дінін таратушылардан болған. Бұл мешіт кезінде 18 бөлмеден тұрған ішінде монша, демалу орны, қонақ бөлме, сынып бөлмелері, асхана, кітапхана болған, өкінішке орай, осының бәрі Кеңес Одағы кезінде жойылған. 1942 жылы май заводын саламыз деген ниетпен мешіттің кірпіштері жермен- жексен болып құлатылған, мешіттің тек жер асты бөлігі ғана сақталған. Бір ғажабы Ахмет атамыздың жертөлесі, қайтыс болған жері, ақтық демі таусылған жері қаз қалпында сақталған. Тереңдігі 4 метр шұңқырдың ені 1,5 да 1,5 «Қылуат» деп аталады. Қылуат- жалғыз жеке өмір сүру, оңашалану деген мағынаны білдіреді. Бұл мешіт Ясауи атамыздың маңдайы сәждеге тиген жер, намаз оқыған жер.

Қожа Ахмет Ясауи ұстаздарының көшбасшысы – Арыстан баб. Қожа Ахмет Ясауи Арыстан бабтың шәкірті болған. Арыстан баб Қожа Ахмет Ясауиді, шәкірттерін шақырып, - мен жан тапсырар сәтке жеттім. Менің сүйегімді түйеге артып, еркіне жіберіңдер, түйе қай жерге шөксе, сол жерге жерлендер - деген екен. Түркістаннан шыққан түйе Отырарға келіп шөккен,

сол жерге Арыстан баб жерленіп, кесене тұрғызылған. Бұл кесенеге де 7 ғасыр болған. Арыстан баб кесенесі уақыт өте келе құлап, Әмір Темірдің дәуірінде қайта қаланған. Арыстан баб жанында Қарға баб және Лашын баб деген екі шәкірті жатыр. Арыстан баб 33 елдің дінін білген ғұлама ғалым, көріпкел, әулие кісі болған.

Қожа Ахмет Яссауи 63 жасқа толғаннан кейін, Пайғамбардан ұзақ жасамаймын, өмірімді тек қана Құдайға арнадым деп, барлық жер бетіндегі өмірден баз кешіп, өзі салдырған Қылуат жер асты мешітінің ішінен үңгір қазып, күннің көзін көрмей, қара су ішіп, қара мейізбен қоректеніп сонда өмір сүрген. Күндіз шәкірттеріне білім берсе, түнде үңгірде түнеген. Әлемге әйгілі туынды, шығармашылығында шоқтығы биік "Диуани хикмет" даналық кітабын осы жерде жазған. Бұл кітабында Ясауи бала кезінен Пайғамбар жасына дейінгі өмір жолын баяндайды.

Менің хикметім, даналығым

Алладан келген бұйрық

Ұққаны бар мағынасы

Құран бір-ақ сәтте жасайды

Шөлстанды, гүлстан...

Жаратушы жан Аллам, жарылқаушым ғаламда,

Мейірімінен дәм етем, кірпігімді жабам да.

Лә илләхә иллә алла

Иллә Аллада пайда бар

Барар жерің қараңғы

Шам шырағың сайлап ал

Опасыз дүние бұл жалған

Жұтады жуан, жұқаны...

...Кісі ақысын жеме,

Құдайдан өзгені деме.

Қыл көпір сені тұтат.

Тар адамға тар дүние, кең адамға кең дүние

Аллажан берме адамға надандықты

Бағыма кезіктірме жамандықты... – дейді өз кітабында. Кітаптың аудармасы Құдайдың даналығы. Құран Кәрім кітабына жақын жазылған кітап.

Сөйтіп, Яссауи жер асты мешітінде 62 жыл өмір сүрген. Барлығы 125 жыл жасаған Қожа Ахмет Яссауи сол үңгірде жан тапсырған, мүрдесін кесенеге апарып жерлеген.

Ахмет Яссауи қайтыс болғаннан кейін кішкене ғана мола орнатылады. Арада 2 ғасыр өткеннен кейін Әмір Темірдің бұйрығымен қасиетті ғимаратты Ирандық ұсталар салады. Әмір Темірдің таңдауы неліктен ирандық ұсталарға түсті? Әлемде ең мықты құрылысшылар, алтын қолды ұсталар, шеберлер ирандықтар, құрылыс салса сан ғасырлар тұрған, оған дәлел Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. 14-20 ғасыр аралығында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мешіт рөлін атқарған, мешіт деген сөз «машиф» Алланың үйі, ал негізінде Кеңес үкіметінде 1978 жылдан бастап бұл ғимарат қараусыз қалған, сол кездегі мемлекеттің қоғам қайраткері, мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібеков бұл жерді мұражайға

айналдырған 45 жылдай бұл кесене музей қызметін атқарған. Бұл ғимаратқа жеті ғасыр. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі 2 қабаттан тұрады. Кесене биіктігі 41 метр, ал жоспарында кесене 63 метр болуы тиіс болған. 1 қабатта 12 бөлме, 2 қабатта 23 бөлме, барлығы 35 бөлмеден тұрады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күмбезі Орта Азиядағы ең үлкен күмбез болып саналады. Күмбездің астында: «Кім өз – өзін таныса Алласын таниды, Алла айқындайды, пенде жоспарлайды» деп жазылған. Осы кесене екі ғасыр 14-16 ғасыр бойы салынған. Әмір Темірдің кенеттен қайтыс болуына байланысты кесене толық салынып бітпеген. Әлі күнге дейін аяқталмаған болып есептеледі. Сол кезде ұлы адамдар, игі жақсылар жиналып, Осы кесене алдында хандардың ұлықтау салтанаты өткізілген, хан болып сайланған. Сол кездегі хандар мен билер Ясауидің кітабын оқып, алдында не күтіп тұрғанын болжаған екен.

Кесене ішіндегі Тай қазанды әдейі арнап Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне Әмір Темір 1399 жылы жасатқан. Салмағы 2 тонна, сыйымдылығы 3 мың литр тай қазанның жан жағына Құран Кәрім кітабынан алынған аяттар жазылған. Тай қазанның бірінші қатарында «Кім де кім Алланың жолына арнап, құдық қазса, орнатса, жаны жәннатта болған кезде Құдай оған арнайы о дүниеде Хаус көру орнатады» - делінген. Құдық қазу халық үшін үлкен сауапты іс. Екінші қатарында «Байқаңыздар, билік Алланыкі емес пе?!» деп 22 рет жазылған. Үшінші қатардағы жазу «Бұл су ішетін ыдысты жасаған Әмір Темірдің бұйрығымен Ирандық ұста, шебер Шарифиддиннің баласы Әбділ Әзиз 14 ғасыр 25 маусым 1399 жыл» деп жазылған. Әр жұмада осы қазанға су толтырылып, мешітке келген әр адамға берілген. Тай қазан ішіндегі су қасиетті деп есептелген. 7 түрлі металдан жасалған тай қазанның құрамында: алтын, күміс, мыс, қола, синца и темір бар.

Қожа Ахмет Ясауи жер асты мешітінде өзінің қайтыс болған бөлмесінде Аллаға арнап жазылған бата сөзі ілініп тұр: «Біссіміллә, есімдердің жақсысы Құдайдың атымен ешқандай аспанның еш жамандығы келмесін. Алла білуші, естуші» деп жазылған. Жорыққа шыққан сайын Әмір Темір осы жазуды тұмар етіп мойнына тағып, талай соғыста жеңіске жеткен деген аңыз бар. жанында жұбайы Айша да жерленген. қызы Гауһардың мазары қала сыртында орналасқан.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауи киелі мекен Түркістанда өмірге келген дана, ойшыл, философ, әулие, діндар кісі. Ағартушылық қызмет атқарып, 99 мыңға жуық әлемнің түкпір – түкпірінен келген шәкірт тәрбиелеген. Өз өмір жолында ұстанымына берік адам. «Мұсылмандардың қасиетті ұстазы» атанған Қожа Ахмет Ясауи даналық кітап жазып, әлемнің бірнеше тіліне аударылып, халықтың сүйікті де сенімді танымал тұлғасына айналған. Халықтың ықыласына бөленген Қожа Ахмет Ясауидің кесенесінің алдында елдің жақсылары жиналып, жиын өткізген, хан тағына сайлаған, билер өз шешімін шығарған. Киелі де, қасиетті Қожа Ахмет Ясауге арнап Әмір Темір үлкен кесене тұрғызып оның күмбезі Орта Азиядағы ең үлкен күмбез болып есептелген. Ұстазы әрі туысы болған көріпкел әрі әулие Арыстан бабтың

жанында 14 жыл бойы қызмет етіп, тәлім алған Қожа Ахмет Ясауидің қайтыс болған бөлмесінің жоғарғы жағында Аллаға арнап жазылған бата сөзі ілініп тұр: «Біссімиллә, есімдердің жақсысы Құдайдың атымен ешқандай аспанның еш жамандығы келмесін. Алла білуші, естуші» деп жазылған. Жорыққа шыққан сайын Әмір Темір осы жазуды тұмар етіп мойнына тағып, талай соғыста жеңіске жеткен деген аңыз бар.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясави – мудрый мыслитель, философ, святой и религиозный человек, родившийся в святом месте Туркестана. Он работал педагогом и обучил около 99 000 учеников со всего мира. Человек, твердо стоящий на своем жизненном пути. Ходжа Ахмет Ясави, известный как «святой учитель мусульман», написал книгу мудрости, переведенную на несколько языков, и стал любимым и пользующимся доверием, народным деятелем. Лучшие люди страны собирались перед мавзолеем Ходжи Ахмета Ясави, пользовавшегося популярностью у народа, провели собрание, избирали ханов не престол, и судьбы выносили свое решение. Амир Темір построил огромный мавзолей, посвященный святому Ходже Ахмету Ясави, купол которого считается самым большим в Средней Азии. Вверху комнаты, где умер Ходжа Ахмет Ясави, 14 лет служивший и обучавшийся у провидца и святого Арыстан баба, который был его учителем и родственником, написано благословение для Бога: «Биссмила, во имя Бога, лучшее из имен, пусть не придет зло небесное»

Написано, что Аллах – Всезнающий, Всеслышащий. Существует легенда, что Амир Темір носил эту надпись на шее как талисман каждый раз, когда отправлялся в поход и выигрывал множество войн.

Annotation

KojaAhmet Yasawi is a wise thinker, philosopher, saint, and a religious person who was born in the holy place of Turkestan. He worked as an educator, and educated about 99,000 students from all over the world. A person who stood firm in his life path. Koja Ahmet Yasawi, known as the "holy teacher of Muslims", wrote a book of wisdom, translated into several languages, and became a beloved and trusted popular figure of the nation. The most prominent people of the country gathered in front of the mausoleum of Koja Ahmet Yasawi, who was popular with the public, and held a meeting to elect the khan to the throne. Amir Temir built a huge mausoleum dedicated to the holy Khoja Ahmet Yasawi, whose dome is considered the largest in Central Asia. Above the room of Koja Ahmet Yasawi, who was his teacher and relative, the fortuneteller and saint Arystan Bab, who served and studied for 14 years, there is a word of blessing written to God: "Bissimillah, in the name of God, the best of names, let no evil in the sky come. Allah is All-Knowing, All-Hearing". There is a legend that Amir Temir wore this inscription around his neck as a talisman every time he went to the wars and won many them.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет.
2. Қожа Ахмет Яссауи «Диуани Хикмет» кітабы 320 бет.

МҰҒАЛІМНІҢ ҚАРУЫ – ҚҰЛ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ

Ибраева Перизат Муратовна

Қосшы қаласы ІТ мектеп-лицейінің
информатика пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші, магистр

Бір жылдығын ойлаған ел – бидай егеді,
Жүз жылдығын ойлаған ел - ағаш егеді,
Мәңгілігін ойлаған ел - ұрпағының бойына ізгіліктің дәнін
егеді.

Халық даналығы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін, бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін нақты атап өтті.

Кез келген ұлт келешекке көз тіккенде бірінші мәңгілікті көздейді. Ендеше, бұл баяндаманың мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы шәкірт тәрбиелеу үшін Ахмет Ясаудің хикметтерін қолдану. Мақсатқа жету үшін үш басты міндеттер қарастырылды. Біріншісі, Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» (ақыл кітабы) даналығын анықтау үшін, кітапты толық оқып, талдау жасау. Екіншісі, «Диуани хикмет» кітабы негізінде Ясауи дүниетанымын ой елегінен өткізіп зерделеу. Үшіншісі, білім беру үрдісінде хикметтерді жағдаяттарға байланысты қолдану.

Кемеңгер ойшыл Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» адам баласын туыстық-бауырмалдыққа, адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа шақырып, мұсылман дінінің қағида-шарттарын қазақи танымға жақын, шағатай – көне түркі тілінде өлең түрінде насихаттайды. Бүгінде қазақ халқы үшін Ясауи ілімі тізбектен ажырап бара жатқан өскелең ұрпақ үшін аса қажет. Ұрпақ тәрбиелеуде ата-бабамыздың қолданған қисса-аңыз, хикаяларды оқыту үдерісін қайта жаңғырту бүгінгі күннің талабы. Мәнді оқиғаларға құрылған қиссалар, ауыз әдебиетінің ең үздік жауһарлары – баланың кеудесіне ар-ұят, жауапкершілік, қайсарлық, ерік-жігер, махаббат, уәдеге беріктік, ізеттілік, қайырымдылық қасиеттер дарытып, адами құндылықтарды сіңіруіне таптырмас құрал. Британдық ғалым Карен Армстронг «The battle for God (Тәңір үшін талас)» атты еңбегінде миф туралы былай деп жазады: «Мифті рационалды жолмен танып білу – қате. Мифтер салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға араласып, сіңісіп олармен біте қайнасқанда ғана барлық ырымдар мен тыйымдарға эстетикалық жағынан жан бітеді» дейді. Яғни киелі аңыздармен байытылған салт-дәстүр мен ғұрыптарды қолданғанда, өмірдің мәнін терең түсінеміз. Сол себепті «Отбасы хрестоматиясы» жинақтаған қисса-аңыздарды балаға жай ғана айтып бермей, рухани азық болатындай, өмірде қолдана

алатындай мүмкіндік жасауымыз керек. «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын» дейді қытай данышпаны Конфуций. Қазіргі балалар сөзге илана қоймайды. Сондықтан білімді әрекет арқылы ғана игеру дәлелденіп отыр. «Менің өзіме жасатсаң – үйренемін!» (Конфуций) дегендей, әр сабақта оқушылар тек тыңдап және көшіріп қана қоймай – ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікір таластыру сияқты белсенді әрекеттер жасағанда ғана нәтиже болады. Жан–Жак Руссо XVIII ғасырда «Бізде физиктер, геометрлер, химиктер, астрономдар, ақындар, музыканттар, суретшілер бар, алайда азаматтар жоқ» демекші, шынымен де, бүгінгі білімді жастар жеткілікті, ал рухани құндылыққа бай тұлғалар тапшы. Кеше адамның ақылы, зияты бірінші орында еді, ал қазір адамды жан дүниесі мен иманы, рухани ахуалы мен адамгершілік қасиеттеріне қарап бағалаймыз. Қазіргі қоғамға тек білімді, білікті мамандар емес, адами құндылықтарды басты назарға қойған тұлғалар мен азаматтар керек. Сол себепті моралдік–рухани көзқарас қалыптасқан тұлға қалыптастыру – біздің басты қағидамыз. Баланың түпсанасы 12 жасқа дейін қалыптасатындықтан, әдістемелік құрал құрастыру қолға алынды. АҚШ–тың Мэн штатының психологтары дәлелдегендей, адам алған білімін есінде кітапты жай оқу, лекция тыңдау арқылы 5-15% ғана сақтаса, практикалық іс–әрекеттер мен білімді дереу қолдану, талқылау, пікірталас, басқаларды үйрету арқылы 50-90% есте сақтайды. Оқыту тәсілдер: дәріс, оқу (мәтін, кітап оқу), аудио және видео құралдарды қолдану, көрсету (жобалар, кестелер, басқа да көрнекіліктер), пікірталас, талқылау, үйренген білімді дереу қолдану, басқаларға үйрету. Белсенді оқыту әдістері өз тәжірибемізден алынады.

Ясауи бабамыздың «Хәл ілімін» енгізу арқылы балаға қисса, аңыз, жыр–дастандарды оқыта отырып, ұлттық құндылықтарды дарытып, рухани жағынан жетілдіруге мүмкіндік болып табылады. Диуани хикмет бойынша Ясауи дүниетанымын зерделеу үшін барлық 69 хикметті көңілге түйіп, сараптама жүргізіп, қарастыруға 5 хикметтен үзінді, мінәжаттан біреуі алынды.

№	Хикмет	Зерделеу
1	1-хикмет	1.«Бісмілла» деп баян еттім хикмет айттып, 2.Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
2	3-хикмет	200.Он төртінде топырақ сипат болдым міне.
3	34-хикмет	1435.Ұстаздарға қызмет қыл еркінменен, 1436.Күнәлі ол өз бетіммен келдім деген.
4	40-хикмет	(Баба Мәшін) 1683.Сұхбат құрмай қыз-келіншектермен онда, 1684.Тиым салғалы Түркістанға келді, достар.
5	51-хикмет	1955.Мұхамметтің жасы он жетіге келеді, 1956.Сол уақытта Хадиша оны көреді.
6	Мүнәжат	42. Өзін білгені, - хақты білгені, Құдайдан қорқып ынсапқа келгені.

1-хикмет үзіндісінде ұстаздың кез келген сабақта кездесетін тосын жағдаяттардан шығып, шәкірт бойына дүр мен гауһар шашу үшін даналық сөздерді қолдануды әдетке айналдыру. Қожа Ахмет Яссауи бабамыз шәкірттерімен сұхбат құрып отырып: Қазір бәрің бір ауыз аталы сөзден айтыңдар. Миғраждағы сұхбаттың көлеңкесі сияқты жұрт аузында сақталсын, «мақал-мәтел» деп аталсын, - деді. Олардың қызмет қылып жүрген біреу, сөз таба алмай отырып қалыпты. Содан шәкірттері жиналып: - Егер жанымызда жүрген қуыс кеуде болатын болса, мұны ертіп не қыламыз? Қол-аяғын байлап суға тастайық, - деп, жабыла кеткенде «Терең батырып, көп қорқытады екен-ау», - депі. Бұл да бір ғибратты сөз айтты, Құран мен хадистің астарлы сыры айтылған жер кейін келе Сырдария аталыпты. Мақал-мәтелдер Ахмет Ясауи заманынан бері атадан балаға мирас ретінде беріліп келе жатқан халық даналығын жандандыру. Даяр тұрған мұра ретінде ұстап, өзінің күнделікті тұрмысында, бір-бірімен қарым-қатынас кезінде пайдалануға, сол арқылы өз ойларын, танымдарын құнарлы да тұшымды, көрікті жеткізуге тырысады.

47-хикметтен үзінді: р жылдығын ойлаған ел - бидай егеді,

Құл Қожа Ахмет құл болған,

Жол үстінде құл болған.

Шәкірттерге ырыс болған,

Одан ғибрат алыңдар.

Оқушының бойына 14 жасқа дейін жақсы қасиеттер қалыптастыру үшін, ұстаздың да ішкі жігері шындалған тұлға болу керек екені айқын. «Адам топырақтан жаралған хақ» қиссасы оқушылардың бейсанасында тұру үшін, еңбектенуді қажет етеді. Философ А. Печчеи былай айқындаған: «Адамзаттың бүгінгі қиыншылықтарының түп-тамыры – адам табиғатының жетімсіздігінде». Ал бұл жетіспеушілік адамның рухани азғындауынан туындап отыр. Шындығында да біз, бүгінде тіпті рухани мәселелерге назар аудармай, басқа құндылықтарды ұстанып кеттік емес пе?! Біздің (жеке адамның және жалпы қоғамның) басты мақсаттарымыз бен құндылықтарымыз экономикалық (тұтынушылық) тұрғыға ауысқан, ал бұл үрдіс рухани, моральдік, этикалық қағидаларды ұстанбауға, иманның әлсіреуіне әкелуде. XX ғасыр ізгі мақсаттарды ұстанбаған білімнің қандай қатерлі нәтижелерге әкелетіндігін жан түршігерлік мысалдар арқылы көрсетті. Жер бетінде тіршілік атаулыны жойып жібере алатын жойқын атомдық және ядролық қару, экологиялық апаттардың өршуі – сондай білімнің нәтижесі. Адамгершілік қағидаларды ұстанбаған білім адамзатты қатерлі нәтижелерге әкеліп соқтырды. Сондықтан, сабақ тақырыбына қызықты леп қосып, жаңа мәліметтерді келтіру, проблеманы шешудің жаңа жолдарын ұсыну немесе әдістеме тұрғысынан жаңа әдіс-тәсілдер, ойсергектер, топқа бөлу тәсілдерін қолданған орынды. Қожа Ахмет Ясауи бала оқытқанда ХАЛ іліміне ерекше екіпін қойған. Тілдің құдіреті жетпейтін құпия құбылысты құр сөзбен айтуға қарсы болған. Абай атамыз мұны «көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда ажары қашады» деп әдемі түйіндейді. Әдетте, көңілге тоқылып, адамның бітім болмысына әбден сіңіп, өмір дағдысына айналған рухани ілім тілдеспей-ақ басқаның мысын басады.

34-хикметтен үзіндісінде ұстазға қызмет қылу жайында айтылады. Ұстазға құрмет көрсету, шыншылдық таныту, жалған сөйлемей сияқты мінез бітім-болмыстың ұлттық тәрбиеде қалыптасу жүйесіне Әзірет Сұлтанның дүниетанымынан тамыр тартып жатыр. «Ұстазды құрметте» қиссасында Қожа Ахмет Яссауи Түркінің пірі бола тұра, қабаған итті күшік кезінен айыруды үйреткен кісіні ұстаз деп, жүгіріп барып құрмет көрсетуі шәкірттеріне үлгі болыпты.

Басса, таулар шегінген,
Бақса, Қағба көрінген,
«ХАЛ» ілімі берілген
Шайқым Ахмет Иасауи.

Иассауиді жырлаған ақын-жыраулар Сүлеймен Бақырғаниден бері толассыз жалғасып келеді. Аңызда Иасауидің тоқсан тоғыз мың шәкірті болған деседі.

40-хикмет үзіндісінде:

Есітті Баба Мәшін ол заманда,
Ахмет атты бір шаих шығар деп Түркістанда.
Сұхбат құрмай қыз-келіншектермен онда,
Тиым салғалы Түркістанға келді, достар.

Әзірет Сұлтан рухани сұхбаттарға әйелдерді де қатыстыра береді екен. «Иасауи әйелдерге еркекпен тең қарайды» деген гу-гу әңгіме араб пен парсы жұртын түгел шарпиды. Ғұлама-шейхтарды Түркістанға түгел алдырып, жер асты мешіті ішіне шоқ пен мақта салынған құмыраны ортаға қояды. Мақта лаулап отқа жанбады. Керісінше шоқты тұншықтырып өшіруге айналды. Неше жерден үрлесенде ортада от жанбайды. Бұның хикметі мақтаның шоқпен, шоқтың мақтамен ісі жоқ. Ендеше, әйелдің ермен, ердің әйелмен ісі жоқ. Әркім өзінің ісімен әуре. Ғылым іздеу ер мен әйелге парыз.

Диуани хикметте (51-хикмет), тек Хадиша анамыздың айтылуының сыры: Мүбәрәк пайғамбарым алғаш уахи алғанда, дініне тіреу, жанына жалау болған Хадиша анамыз еді.

Өзін білгені, - хақты білгені,

Құдайдан қорқып ынсапқа келгені. – мінәжатын басшылыққа алып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарын құрғанда, «Отбасы хрестоматиясы» топтамаларынан шыққан «Әлдиден эпосқа дейін», «Яссауи феномені», «Махабаттың мәні», «Өмірге ғашық болу», «Өркениетті адам», «Экософия», «Логотерапия немесе өмірге құштарлық» кітаптарының ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда маңыздылығы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында әдістемелік ұсынымдары басшылыққа алынды. Алғашқы сабақ «Бесік жыры» тақырыбына арналды.

1. Суретке қарап, тақырыпты болжайды.



2. Ой қозғау. Бесік сөзін айтқанда ойыңа не келеді?
3. Баланы бесікке бөлегенде, қандай жыр айтылады? Бесік жырын тыңдап көрдің бе? Үзінді айтылады.
4. Бесік жырын ютубтан тыңдайды.
<https://www.youtube.com/watch?v=t42FMvDVCUw>
5. Бесік жырын оқиды. Топпен қайталап оқиды. Жаттап алады.
«Әлди, әлди, әлди-ай»
Балам менің Жүсіптей
Болар ма екен келбетті?
Ажарың айдай толсын деп,
Иллалалап тербеттім
Әлди, әлди, әлди-ай. ...
6. Жырдағы пайғамбар аттарына түсініктеме беріледі: Жүсіп, Дәуіт, Сүлеймен, Нұх, Қызыр ата, Мұса, Ғайса, Мұхаммед пайғамбарлар, Ғайып ерен, қырық шілтен.
7. «Бос бесікті тербетпе» қиссасын оқиды. Жеке оқиды. Мазмұнын түсініп, кезекпен айтады.

Күнтізбелік тақырыптық жоспар 34 сағатқа құрастырылып жасалған: Бата. Батаның түрлері. Ата-ананы, үлкенді құрметтеу. Қыз баланы құрметтеу, қызды төрге шығару. Бақыттың тұрағы, Қызыр баба қиссасы, Өлі риза болмай, тірі байымайды. Дұғаның шарапаты. Ау, шадиар. Достық туралы. Ыбырайымның қонақ күтуі, қызына өсиеті. Ұлықпанның ұлына өсиеті, шәкірттері мен залым патша. Не ексең, соны орасың? Тілдің хикметі. Зұлқарнайын қиссасы. Ескендірдің дүниеден өтуі. Қолға су құю. Сүлейменнің жүзігі. Жан-жануар, жәндікті өлтіру неліктен обал? Суырдың, кірпінің пайда болуы. Құмырсқа, дәуіт туралы аңыз т.б.

Абай облысы, Семей қаласының №6 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Берікханова Бағым Назарханқызының тәжірибесінің негізінде жүзеге асырылды.

Түйіндей келе, Ясауи ілімі бір және бар жалғыз болмыстың дидарына ынтық болуға шақырады. Сол арқылы шәкіртінің ар-ұятын оятуды мұрат тұтады. Ар-ұяты оянған адамның ақылына сәуле түседі. Ақылды адам әділетті қоғам құруға құмар болады. Әділетті қоғам бақытты һәм берекелі тіршіліктің жалғыз кепілі. Қоғам алдындағы басты міндетіміз тек интелектісі жоғары ғана емес, кеудесі құндылыққа, мәнге толған, адамзатқа пайдалы ұрпақ тәрбиелеу болғандықтан, білім беру жүйесінде Ахмет Ясауи хикметтерін қолдану ұсынылады.

Аңдатпа

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен дүниетанымы қарастырылады. Ясауи хикметтерінің білім беру үрдісінде ізгіліктің қайнар көзі ретінде қолдануға талдау жасалады.

Аннотация

В этой статье рассматриваются учение и мировоззрение Ходжи Ахмеда Ясави. Проводится анализ использования хикметов Ясави как источника добродетели в образовательном процессе.

Annotation

This article discusses the teachings and worldview of Khoja Ahmed Yasawi. The analysis of the use of yasawi's wisdom as a source of virtue in the educational process is carried out.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикмет», Алматы – 1993
2. С. Керімбай, М. Төлеген «Яссауи феномені», Алматы – 2017
3. Әзірет Сұлтан аңыздары, Отбасы – 2023
4. Karen Armstorong «The battle for God », Knopf/HarperCollins – 2000
5. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі», Алматы, Санат - 1995
6. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы «Ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», Астана - 2022
7. А.Ш. Кусаинова, Г.Р. Абдирова «Отбасы хрестоматиясы» жобасы кітаптарын оқытуға арналған әдістемелік көмекші құрал, «Nurbook» баспасы, Алматы - 2022

Қ.А.ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Имакова Лаура Оспановна

Астана қаласы Ф.Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназиясының қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер

Ясауи ілімі ислам мәдениетінің алтын дәуірінде, мұсылман әлемі, христиан және еврей, сондай-ақ ежелгі грек дәстүрінің ғалымдары арасында қарқынды білім алмасу кезінде пайда болды. Ясауи ілімі әр адамның жеке даралығын, оның ішкі қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ерекше атап көрсетуімен ерекшеленеді. Ол ілім тұлғаның дамуы мен оның барлық аспектілерін, соның ішінде интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтитын біртұтас ілім болып есептеледі. Осылайша, Ясауи ілімі әрбір адамның жеке қажеттіліктері мен дамуына бағытталған заманауи педагогикалық-психологиялық тәжірибелерді түсінуге және жүзеге асыруға құнды негіз болып табылады.

Ясауи ілімі мен заманауи педагогика, психология салаларының арасында тығыз байланыс бар. Ясауи ілімі адам болмысын терең түсінуді көрсетеді. Педагогикада тәрбиеге жеке көзқарастың маңызы зор. Өйткені әр адамның бірегей екенін білеміз, сондықтан оқу үрдісін әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілетіне қарай бейімдеу керек. Педагогика оқытуда жеке тұлғаның барлық жақтарын: интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік және рухани дамытуды көздейді, Ясауи ілімінде де адамның тұлғалық қыры жан-жақты болуы айтылады. Сондай-ақ жеке тұлғаның адамгершілік-этикалық қасиеттерін қалыптастыруға көңіл бөлінеді. Демек, Ясауи ілімі тәрбие арқылы жан-жақты дамыған, адамгершілігі мол жеке тұлғаны қалыптастыруға негіз болады, өйткені сабырлылық, шыдамдылық, адалдық пен кешірім көл-көсір жылау мен көлгірсу, қайғыру, мәңгүрттік сияқты кесел әдеттерге қарсы тұра алатын адамзаттың асыл қасиеттері ретінде айтылады.

Психологияда ерік-жігердің, адамгершіліктің, эмоционалдық салауаттылықтың дамуы сияқты тұлға дамуының ішкі процестеріне ерекше мән берілсе, Ясауи ілімінде де тұлғаның дамуының этикалық-рухани аспектілерінің маңыздылығына тоқталып, адамның ішкі дүниесінің үйлесімділігі мен тепе-теңдігінің қағидалары бейнеленеді. Сондықтан да Ясауи ілімі педагогика мен психологияда маңызды құрал болып табылады, өйткені ол әрбір жеке тұлғаның бірегейлігін және жеке тұлғаның барлық қырларын дамытудың ерекшелігін көрсетеді.

Ясауи ілімінің педагогикалық-психологиялық қағидаларына мыналар жатады:

1. Оқытуды даралау
2. Тәрбиенің адамгершілік-рухани аспектілері
3. Әр адамның даралығы мен мүмкіндігі.

Ясауи еңбектерінде тұлғаның имани мүмкіндіктерін ашу, жеке тұлғаның даралығы, тәрбиедегі адалдық, мейірімділік, төзімділік, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттер

Есің болса өкпелеме жалғанға

Ертеңді алдағыңды арманда.

Пенде болсаң, түзет мінез құлқынды,

Бой алдырма қызықтарға бір күнгі,- деп ислам педагогикасы мен адамгершілік тәрбиесінің канондары ретінде көрсетіледі.

Педагогикада Ясауи ілімі тұлғаның дамуына ықпал ететін білім беру ортасын құру және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген білім беру бағдарламаларын ұсыну, этикалық және рухани қасиеттерді дамытуға жағдай жасау, әділдік пен имандылық принциптерін ұстану тұрғысынан көрінеді. Сондай-ақ адамгершілік құндылықтар мен қағидаларды қалыптастыру, толеранттылық пен басқа мәдениеттерге құрметпен қарауды дамыту, жеке тұлғаның үйлесімді рухани-эмоционалдық дамуына қолдау көрсету болып табылады. Ясауи шығармашылығы

Ақыл алсаң жарандарға қызмет еткін,

Ізгі жүрек әзиздерге іззет еткін,-үйлесімді тұлғаны қалыптастыру ізгілік, адалдық, жауапкершілік, жанашырлық сияқты адамгершілік қасиеттерді

дамытудан басталатынын көрсетеді. Ол иманға келу арқылы жоғары рухани-адамгершілік нормаларды сақтау – ішкі келісім мен тыныштыққа жетудің негізі деп санайды.

Ясауи шығармашылығының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – адамгершілік құндылықтар. Замануи білім беру ортасында да мейірімділік, адалдық, жауапкершілік, жанашырлық ұстанымдары жоғары бағаланып, белсенді түрде насихатталуы тиіс, бұл оқушылардың адамгершілік жағынан жауапты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Ясауи шығармаларында адамның рухани қасиеттерін дамытуға мән берілген. Ол ішкі үйлесімділікті құруға, сана мен өзіндік рефлексияны дамытуға, руханиятпен байланысты нығайтуға бағытталған.

Сөзімді айтам зейін қояр барша жанға,
Жан жылуын, жүрек отын аңсағанға.
Демеу болсын ғаріп, пақыр, шаршағанға,
Кекірейген кердеңдерден қаштым міне.
Қам көңілдің қайғысына дауа болғын,
Жолда шаршап шалдыққанға сая болғын,
Махшар күні мархабат ет, пана болғын,

Мейірімі жоқ меңіреулерге қаспын міне,-деп, мейірімділік, адалдық, төзімділік, жанашырлық сияқты адамгершілік құндылықтарды уағыздайды. Өз кезегінде бұл құндылықтар қазіргі педагогиканың да тәрбие үрдісіндегі басты құралы болып отыр.

Ясауидің педагогика мен психологияда қолданылуы оның философиялық-этикалық ұстанымдарын білім беру, тәрбиелеу, тұлғаны дамыту тәжірибесінде пайдалануды қамтиды. Педагогикада Қожа Ахмет Ясауи ілімін оқушылардың тұтас, адамгершілік, рухани тәрбиесін қалыптастырудың негізі ретінде пайдалануға болады. Ясауи ілімінің өзегі болып табылатын жанашырлық, төзімділік, шыншылдық, өзін-өзі тәрбиелеу принциптерін педагогикалық үдеріске кіріктіріп, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, руханиятын дамытуға болады. Бұл оқу орындарында психологиялық қолайлы жағдай жасауға да ықпал ете алады. Психологияда Ясауи ілімі өзін-өзі тану, рухани үйлесімділік және ішкі жан дүниесін дамыту принциптеріне негізделген психотерапевтикалық әдістемелердің дамуына негіз бола алады.

Білім беруде Ясауи ілімі тұтас, этикалық тұрғыдан тексерілген, рухани бай тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Ясауи қағидаларын ұстаздық іс-тәжірибеге кіріктіру оқушылардың бойында құндылық бағдарын қалыптастыруды, өзге мәдениеттер мен дәстүрлерді құрметтеуді, руханият пен имандылықты дамытады.

Осылайша, Ясауи ілімін педагогика мен психологияда қолдану рухани дамуға қабілетті үйлесімді және адамгершілік тұлғаны қалыптастыруға, сондай-ақ толерантты және тәрбиелік-терапиялық ортаны құруға әсер ете алады. Бұл Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы арқылы қалыптасқан ілімнің қазіргі замандағы маңыздылығын және жеке тұлғаның терең рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға септігін тигізе отырып, педагогикалық-психологиялық тәжірибеге игі ықпал ете алатынын көрсетеді.

Аңдатпа

Заманауи білім беруде зиялы тұлғалардың педагогикалық ойлары мен тәрбиелік шығармаларын заман талабына сай жетілдіре отырып, оқыту мен тәрбиелеу ісінде қолдану педагогтің шеберлігі мен біліміне байланысты.

Бұл баяндамада педагогика мен психологияда Қ.А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, шығармашылығын құндылықтарға негізделген білім беру аясында қолдану, Ясауи ілімінің жеке тұлғаны қалыптастыру, оқыту мен тәрбиелеудегі ерекшеліктері талданды.

Ясауи ілімі – ислам философиясы негізіндегі педагогикалық-психологиялық жүйе. Ол әр адамның жеке даралығын, оның ішкі қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ерекше атап көрсетуімен ерекшеленеді. Ол ілім тұлғаның дамуы мен оның барлық аспектілерін, соның ішінде интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтитын біртұтас ілім болып есептеледі.

В современном образовании от умения и знаний учителя зависит использование педагогических идей и воспитательных работ интеллигенции в обучении и воспитании, совершенствуя их в соответствии с требованиями времени.

В данном докладе анализируются применение духовно-нравственного учения и творчества К. А. Ясави в педагогике и психологии в рамках ценностного образования, особенности учения Ясави в формировании индивидуальной личности, обучении и воспитании.

Учение Ясави представляет собой педагогическую и психологическую систему, основанную на исламской философии. Его отличает подчеркивание индивидуальности каждого человека, его внутренних потребностей и возможностей. Это учение считается единым учением, включающим в себя развитие человека и все его аспекты, включая интеллектуальное, эмоциональное, социальное и духовное развитие.

In modern education, the use of pedagogical ideas and educational work of the intelligentsia in teaching and upbringing, improving them in accordance with the requirements of the time, depends on the skill and knowledge of the teacher.

This article analyzes the application of the spiritual and moral teachings and creativity of K. A. Yasawi in pedagogy and psychology within the framework of education's value, the features of Yasawi's teaching in the formation of an individual personality, training and education.

The Yasawi teachings are a pedagogical and psychological system based on Islamic philosophy. It is distinguished by emphasizing the individuality of each person, his internal needs and capabilities. This teaching is considered to be a unified teaching that includes human development and all its aspects, including intellectual, emotional, social and spiritual development.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырзахметұлы М. Ясауидегі «жан ғалымы, тән ғалымы» хақында. Қ. А. Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. Алматы: Арыс.- 2008.

2. Қарамурзина А. Қожа Ахмет Ясауи мұралары. Мәдени мұра. - 2010.
3. Сыздықова Р. Ясауи хикметтерінің тілі. Алматы: Ел-шежіре.- 2014.
4. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран.- 2004.
5. Абдель-Хафиз М. Исламдық білім және оқыту: құндылықтар мен тәжірибе. «Кумар» баспасы.
6. Жармұхамедұлы М., Шафиғи М., Дәуітұлы С. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. Алматы: Жалын.-1998.

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» – РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Иманбаева Шынар Аширбаевна

Астана қаласы К. Ақышев атындағы

№69 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

педагог-зерттеуші

Бүкіл түркі әлеміне ортақ данышпан Қожа Ахмет Ясауи хикметтері – әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылатын асыл мұра.

Баланы оқытумен қоса оларды тәрбиелеу біздің ұстаз ретінде міндетіміз деп білемін. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін оқи отыра, бала бойына көптеген құндылықтарды сіңіре аламыз. Қазіргі қазақ жеріндегі көне Сайрам шаһарында XII ғасырда дүниеге келген Қожа Ахмет бала жасынан-ақ араб, парсы тілдерін жетік меңгеріп, өз заманында Иран, Араб елдері арқылы дүмпуі жетіп, бүкіл Орта Азияны дәуірлете дамытып тұрған Шығыс өркениетін, оның білімі мен ғылымын терең игерді. Поэзияға, пәлсапаға, тарихқа бой ұрды. Ержете келе ғалам сырына құлақ түрді. Ойға батты. Ойшылдық пен даналық маржандарын жырға құйды. Оның поэтикалық ойлары Шығыс философиясы мен руханиятының жауһарына айналды. Жүрек қаламынан құйылған жырлар тұнық толқындай болып әлемге тарады.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтері адамды биік парасатқа, тұңғыық сезімге, хақ сенімге, мол адамгершілік пен таза сүйіспеншілікке, мөлдір мейірбандыққа бастайды. хикметтер – адамға өзінің Жаратушы иесі Аллаһты танытатын жырлар. Адамның рухы, жаратылысы мен иманын терең орнықтырды. Ясауи хикметтері бүгінгі ХХІ ғасырдағы қазақ оқырмандарына рухани, имани бойтұмар болатыны анық.

Яссауиді жан – жақты тану, одан жүйелі түрде үйрену, онымен пікір таластыру және сұхбаттасу, оның философиялық – этикалық ілімін одан әрі дамыту, жастарды оқушыларды оның гуманистік іліміне баулу және оны бүкіл Шығыс мәдениеті шеңберіне ұлы ойшыл ретінде зерттеу – бұл ғұлама атамыз Қожа Ахмет Ясауидің әлемдік философия классигі, тұлғасы, оның еңбектерінің бүкіл адамзат мәдениетінің рухани санасына қосқан үлесі екенін білдіреді

Асқан дана, ғұлама теолог, сезімтал ойшыл, дархан философ, терең діндар – әлемге танымал Ясауи бабамыздың осы «Диуани Хикметі» алғаш рет толық қазақшаға түсіріліп, 1993 жылы «Мұраттас» баспасынан жеке кітап болып жарыққа шыққан болатын. Оған дейін 1990 жылы «Орталық Қазақстан»

газетінде С.Битеовтың аудармасы, бұдан соң 1991 жылы Х.Иманжановтың «Қырық хикметі» басылды. Ж.Әбірашевтің аудармасымен бір хикметтен тұратын шағын кітапша жарық көрген. 1995 жылы «Өнер» баспасынан «Хикметтер» деген атпен белгілі ақын Ә.Жәмішевтің аудармалары кітап болып шықты. Бұл «Диуани хикмет» жинағының қазақ оқырмандарына жету тарихы осындай жолдар арқылы жүрген болатын.

«Диуани хикмет» қазақша «Даналық кітабы» деген атаумен ел ішіне кеңінен тарады. «Даналық кітабы» – түркі тілді халықтардың XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіштерінің бірі. Ясауи хикметтерінің тілін ұзақ жылдар бойы зерттеген көрнекті орыс ғалымы А.К. Боровковтың пікірі бойынша «Даналық кітабы» оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген әдеби туынды» [1, 95] екенін ескерсек, бұл өлеңдер жинағын қазақ әдебиетінің де орта ғасырлық нұсқасы деп есептеуге негіз бар.

Қожа Ахмет Ясауидің «Даналық кітабы» адам баласының ішкі құпиясына терең үңілетін туынды. Мұнда пайғамбарлардың өмірбаяны, ислам дінінің адамзат ғұмырындағы аса заңғар орны, оның қағидалары әрі мағыналылығы шынайы жырланған. Біздің ақын-жырауларымыздың хикметтен үйренгені көп әрі оны өз әлдерінше кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп ұсынған. «Қожа Ахметтің ілімінен бастап еліміз біржола ислам дініне бет бұрып, отыз күн ораза, бес уақыт намазды оқитын болыпты, ата-ананың қарызын Меккеге үш рет арқалап барсаң да өтей алмайсың» деп әке мен шешені қасиеттей біліпті» [2, 185] делінген Мәшһүр жазбаларында.

Алланың ақ жолы – адалдық, әділдік, қанағат, имандылық, шыншылдық, тура сөзділік, білім-ғылым іздеу, ата-ананы сыйлау, досқа мейірімді, дұшпанға қатал болу, т.б. осының бәрі «Даналық кітабында» жан-жақты жырланған. Әсіресе, өсек-аяң, бос сөз сөйлеу, өтірік айту, кісіні сыртынан ғайбаттау барып тұрған ауыр күнә.

Түріктің ақиын ақыны Яхия Кемал Қожа Ахмет Ясауи туралы былай депті: «Тереңірек зерттеп көрсеңіздер, біздің ұлттығымыздың негізін содан табасыз» [3, 18].

Адамгершілік ұлағаттық ұлы нұсқа жырына айналған «Даналық жырының» ең басты сыры неде? Фәни дүние есігін ашқан әрбір пенденің өмірінің бәрі құлшылық екенін көпшілігіміз ұғына да бермейміз. Ал, анықтай айтсақ, Жаратушы хақ тағаланың адам баласын артықша жаратып, ұлықтап берген ақыл-парасаты білген құлға шапағатты нұр болып табылады. Сол ақыл сені шарықтатып көкке де көтереді, құлдилатып табанға да тастайды.

«Даналық кітабының» өн бойына алтын арқау болып өрілген бір ғана ДИДАР сөзінің құдіретіне таң қаласыз. Бұл жердегі ДИДАР деген сөз бір ғана адамның жүзі емес, Жаратушы хақ Тағаланың ажар-көркін жеткізіп тұрғандай. Оған қоса өзінің адами жаратылысындағы ар-иман тазалығын қоса қамтыған ДИДАР көре аласыз. Көре отырып, сезіне аласыз. Сезіне отырып, Хақ тағаланың құдіретіне баба рухымен бірге іштей ғибадат етесіз.

Қожа Ахмет Ясауидің «Даналық кітабы» бір ғана ислам дінін насихаттау болып табылмайды, ол өз заманының заңғар ғұламасы болғандықтан, оның асыл туындысын өмірдің барлық жағын тұтас қамтитын сан-салалы кесек

жәдігерлік дүние деп тану орынды. Ақын «Менің хикметтерім Алладан пәрмен, оқып ұққанға бар мағынасы Құран» деп халайық-қауымды имандылыққа шақыру арқылы мұсылманшылықтың шынайы жолын нұсқайды. Әсіресе, ар тазалығы мен жан тазалығына жан-жақты зер сала көңіл бөліп, «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген халықтың пәлсапа тұрғысынан ақтарыла отырып, бүкіл түркі жұртына жар салды.

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі негізгі түйіні: Мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан айтылады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Аллаға және пайғамбарға махаббатты дәріптей отырып, жаратылғандарға мейірімділікпен қарауды үйретеді.

«Даналық кітаптың» мейлінше түсіндіріліп айтқан мағыналы ойлары ақын-жырауларымыздың өлең-толғауларында, дастан мен қиссаларында әр қырынан шынайы сөз болып келген. Ясауи мұрасын зерделеу барысында өзіміздің төл әдебиетімізбен үндестігін байқадым. Оған мысал Абай айтқан жалпыадамзаттық құндылықтар. Мәшһүр Жүсіптің туындыларының негізгі түп қазығы Ясауидің хикметтерінде де кездеседі. Олардың идеясы бір-бірімен сабақтасып отырады.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті деңгейдегі білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылысы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсетеді. Ал, нәпсі құмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттер. Ол жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға тура, ақиқаттың ақ жолын сілтейді.

Ясауи шығармасы өскелең ұрпақты шынайылық пен әділдік үшін ғұмыр кешуді көздейді. Адал еңбегімен халыққа қызмет етумен байланыстырылады.

Қорыта айтқанда, Қ.А.Ясауи өзінің ерекше қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдебиетінің және әдеби тіліміздің кемелденуіне ерекше ықпалын тигізді. Ал, оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде ерекше мәнге ие. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Ұсыныс:

Әлеуметтік желі арқылы таралу мақсатында жұмыстар жиі өткізілсе.

«Отбасы хрестоматиясы» бойынша шыққан Ясауи туралы еңбектер мектеп қабырғасында қарастырылса.

Аннотация

Халқымыздың аузында қасиетті сөз болып тараған, тарих көшіндегі небір сұрапыл да сындарлы шақтардан сүрінбей жетіп, Қазақстан, қала берді бүкіл

түркі әлемінің рухани асыл жауһарына айналған даналық кітабы «Диуани хикмет» шығармасы – баға жетпес мұра. Адамзат санасының темірқазығы, ислами шарифаттың негізгі қағидаларын жыр еткен Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың даналық хикметтерінің әлем әдебиетінен де алар орны ерекше екендігі қарастырылған. Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің қазақ тіліне аударылып, баспа бетін көргендігі, еңбектің адам баласының ішкі құпиясына терең үңілетін туынды екені қарастырылған.

Аннотация

Книга мудрости «Дивани хикмет», ставшая священным словом в устах нашего народа, пережила несколько страшных и созидательных периодов в истории, стала духовной жемчужиной всего тюркского мира Казахстана. Это - великое наследие поэта. Считается, что в мировой литературе особое место занимает мудрость Ходжи Ахмета Ясави, воспевавшего основные принципы исламского шариата, железный столп человеческого сознания. В этой статье о том, что мудрость Ходжи Ахмета Ясави была переведена на казахский язык и опубликована, и что произведение является произведением, глубоко заглядывающим в сокровенные тайны человека.

Annotation

The book of wisdom “Divani hikmet”, which became a sacred word in the mouths of our people, survived several terrible and creative periods in history, and became the spiritual pearl of the entire Turkic world of Kazakhstan. This is the great legacy of the poet. It is believed that the wisdom of Khoja Akhmet Yasawi, who sang the basic principles of Islamic Sharia, the iron pillar of human consciousness, occupies a special place in world literature. This article states that the wisdom of Khoja Akhmet Yasawi was translated into Kazakh and published, and that the work is a work that looks deeply into the innermost secrets of man.

Пайдаланған әдебиетер тізімі:

1. Н. Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: «Мектеп» баспасы, 1986.
2. Әдебиет алыптары / Д. Ысқақұлы. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б.
3. Қожа Ахмет Яссауи. Динауи хикмет. (Баспаға әзір. – М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы). – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.
4. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының түркі ислам философиясы тарихындағы орны [Мәтін] : (монография) / Д. С. Кенжетев; [ред. алқа.: Л. Ташимов [ж. б.]]; ҚР Білім және ғылым министрлігі; А. Ясауи атын. Халықаралық қазақ-түрік ун-ті; Түркология ғылыми-зерттеу ин-ты... – Түркістан: [б. ж.], 2012., 287 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Исмайлова Нургуль Асыкбаевна

Әлихан Бөкейхан атындағы 76 мектеп-лицей бастауыш сынып мұғалімі, магистр

Қазақстанда ХІ ғасырдың ұлы ойшылы Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланыстырылған сопылық философия қазақ дүниетанымының қалыптасуына

үлкен ықпал етті. Өз көзқарастары бойынша ол сопылық, пен аскетизмді уағыздайтын исламның мистикалық ілімін ұстанушы болған.

Сопылық таным теориясында ақиқаттың мистикалық түсінігі басты орын алады. Сопы ойшылдары рационалды білімнің құндылығын жоққа шығармады, сонымен бірге оның мүмкіндіктерінің шектеулілігін де атап өтті. Сопылар үшін білім тақырыбы діни шекарамен шектелді. Олар үшін ең бастысы – Құдай мен адам деген не, Құдайды түсінуге бола ма, адам өзінің өмірлік мінез-құлқында нені және қалай басшылыққа алу керек, т.б сұрақтарға жауап іздеу.

Мақсаты: Мектеп оқушыларына Қожа Ахмет Ясауи туралы мағлұмат бере отырып, оның педагогикалық көзқарастарын дәріптеу

Міндеттері:

- ✓ Ойшылдың өмір-баянына шолу жасау
- ✓ Педагогикалық көзқарастарын зерттеу
- ✓ Оқушылармен топтық жеке жұмыстар жасау

Даналық пен ақиқат дәндері, жақсылық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, ілім мен надандық туралы толғаулар Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» поэтикалық шығармасында көрініс тапқан. Ол өзінің даналық сөздерімен жерлестерін өмірде тура жол табуға шақырып, білім мен иманның пайдалылығын ашып, тағдырдың тәлкегінен сақтандырады. Ол өз заманын айта отырып, жастардың үлкенді сыйлау, әдептілік, билік басындағылардың әділдігі жоғалып бара жатқанына қынжылады. [1,246]

Шығармаларының әрбір жолы ұрпаққа парасат пен білімнің қоймасы ретінде танылған. Өкінішке орай, бүгінгі таңда ұлы ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің рухани-адамгершілік көзқарастарының гуманистік идеялары педагогика ғылымы мен практикасында әлі де лайықты орында қамтылған жоқ.

Ойшылдың өмір сүруі мен қалыптасу кезеңдері Орталық Азия халықтары тарихындағы белгілі бір дәуірді белгілейді. Қала мәдениетінің гүлденуі, ақпарат кеңістігінің ашықтығы негізінен Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-саттықтың дамуымен байланысты, бұл сипатталған кезеңге тән ой алмасуға мүмкіндік туғызды, ал онда ақын, ойшыл Ахмет Ясауи өсіп, қалыптасқан. Сонымен бірге Орталық және Батыс Азия кеңістігін мекендеген халықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің даму деңгейі рухани және интеллектуалдық дамуға сәйкестікті талап етті.

Негізінен түркі тектес халықтың рухани тәлімгері ретіндегі ойшыл қызметінің қалыптасуы оны қоршаған оғыз-қыпшақ этникалық ортасында жүзеге асады. Ахмет Ясауи шыққан Оңтүстік Қазақстан жерінде орналасқан Исфиджаб (қазіргі Сайрам) қала мен көшпелі мәдениеттің тоғысқан жерінде болды.

Отырықшы мәдениет орталықтары Бұхара, Самарқандпен тікелей шекаралас, зияткерлік, білім беру және білім беру қоныстары, негізгі қызметі исламның таралуы рухани және интеллектуалдық білімнің дамуында орасан зор рөл атқарды. [2,476]

Ұлы ұстаз Қожа Ахмет Ясауидің халқына қызмет етсем деген ұмтылысы оның «Диуани хикмет» (ақыл, даналық кітабы) жинағында айқын көрініс тапқан. Халық даналығы мен тәлім-тәрбиесі туралы оған түсінікті ойларды

жалпылай отырып, оларды ерекше түрлендіріп, халықтың өзіне енгізді. Мұнда орындалу бүгінгі күні де мәнін жоймаған келешек ұрпаққа және халықтың болашаққа деген үрейлі көзқарасы мен өнегелі тағылымы болған тарихи саналарға арналған өсиеттер бар.

Көшпелі жартылай көшпелі қыпшақтардың, оғыздардың тұрмыс-тіршілігін, көзқарасын, қарым-қатынасын ескере отырып, бұл шығарманың, сонымен бірге, бұл халықтардың өз тілінде жырлаған, өз тілінде суреттеген педагогикалық көрнекті шығарма екені даусыз. Құран аяттары мен шарифат заңдарын араб тілінде жариялап, көпшілік қауымға танымал болған.

Ахмет Ясауи тәрбиенің басты мақсаты жеке адами тұлғаның жетілуіне қамқорлық жасау екенін үнемі еске салып отырады.

Мысалы шығармадағы "Басты ізгіліктердің" олардың маңыздылығын еске ала отырып, бірізділікпен орналастыруы қызығушылық тудырады: жетілудің нәтижесі – ақыл дейді, бірақ анықтаушысы адамгершілік тұрғыда кемелдену деп берген:

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы болғын,
Көре қалсақ мүсәпірді сырлас болғын,...

Әрі қарай еңбек ақыл, денсаулық, әсемдік және басқалары ілеседі. Және де ақыл ұтымы адамгершіліктің кептеген маңызды белгілерін енгізетін аса ауқымды мәнге ие:

Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый,
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый...

Жетілудің шексіз және ете кең мүмкіндіктері айрықша атап көрсетіледі.

Автор өзін-өзі тәрбиелеу жолымен жастар өз бойына ең жақсы адамдық сапалар; мейірімділік, әдептілік, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, әділеттілік, ададдық пен шыншылдықты сіңіре алатынына сенімді болады, жастарға арнап көптеген нақыл сөздерін, педагогикалық еңбектерін, оның ішінде тәрбиені бірінші жолға қояды. Шығармадағы педагогикалық тұрғыдан қызығушылық туғызатын орталық сюжетті желілердің бірі - ол адамның жас сипаттамалары болады:

Бір жасымда аруақ маған үлес берді,
"Екі жаста пайғамбарлар келіп керді.
Үш жасымда шілтен келіп халім білді,...

Бес жасымда шарифатқа белім будым,
Өзінің діни жолында ораза ұстап әдет қылдым... деп аяқтаған.

Зерттеушілер "Қазақ поэзиясындағы жас мерзімдерін шалқыта суреттеу де" осы Қожа Ясауи дәстүрінің әсерінен екенін аңғару қиын емес деп, өз зерттеулерінде басты назарға алған.

Рас, мұның көптеген ұқсастықтарымен қатар, кейбір өзгешелік белгілері де жоқ емес. "Диуани Хикметте" жас бейнелерін жинақтап түйіп айту басымырақ болса, бізде бұл үрдістің жалғаса жырлану арқылы тың сапаға ие болғанын көреміз – деп шығарманың байлауы болып табылатын жасқа бөлу идеясын жоғары бағалайды. Еңбекте автордың өмірі педагогикалық цикл ретінде толық баяндалумен қамтамасыз етілген.

Ахмет Ясауидің тарихи-педагогикалық зерттеулері, жалпы педагогикалық зерттеулермен салыстырғанда, яғни дидактика, тәрбие теориясы немесе мектептану салаларындағы зерттеу жұмыстарынан, немесе қазіргі педагогиканың басқа бағыттарынан тыс, бірқатар өзгеше ерекшеліктерімен сипатталады.

Солардың бірі – уақыт факторы болып саналған. Оған қажетінше зерттелінетін тарихи-педагогикалық құбылыстар белгілі тарихи кезең шеңберінде орналастырылады. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауидың педагогикалық көзқарастары ортағасырлық дәуір шеңберінде қарастырылады.

Сол себептен Ясауидың тәрбие туралы ойлары осы заманда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай, жетекші философиялық тұжырымдамалар мен көзқарастар тұрғысынан қаралады. [4,186]

Қожа Ахмет Ясауидың педагогикалық көзқарасы бір жағынан ислам діни ықпалымен, екінші жағынан осы заманғы түркі өркениетіне тиісілі болды. Сондықтан Ясауидың педагогикалық көзқарастарында екі ерекше сипатты табуға болады: бір жағынан оның ислам діни құндылықтары шеңберіндегі тәрбие туралы ойлары болса, екінші жағынан түркі халықтар өркениетінің әсері де айқын байқалады. Қарапайым тілмен айтқанда, Ясауидың педагогикалық көзқарастарында ислами және түркі педагогикалық құндылықтар ұштасады. Ясауидың педагогикалық көзқарастарын Ислам өркениетіндегі ойшылдардың (мысалы Таяу Шығыс ислам мәдениеті өкілдерінің) көзқарастарынан айрықша, түркі өркениетке тән белгілерді табуға болады. [5,246]

Қорытындылай келе, мен жаңа ғасыр ұстазы ретінде Қожа Ахмет Ясауидың бізге қалдырған мұрасындағы педагогикалық ой-пікірлерді зерттеудің мынандай әдіснамалық мәселелерін ажратып көрсетуге болатының айтқым келеді:

- ✓ Қожа Ахмет Ясауидың шығармаларында тәрбиенің мәні мен мағынасы, тәрбие заңдылықтары мен ұстанымдарының көрініс табуы;
- ✓ Қожа Ахмет Ясауидың әдеби-фалсафи мұрасындағы тәрбие идеалы мәселесі;
- ✓ Қожа Ахмет Ясауидың діни-философиялық идеяларының зайырлы қоғам рухани өмірі қажеттіліктері мен нормаларынан туындайтын педагогикалық құндылық-бағдарлылық сипаты;
- ✓ Ясауи шығармашылығында педагогикалық әсер құралдарының көрініс табуы (тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу әдістері мен құралдары);
- ✓ Ясауи шығармашылық мұрасының қазақ халқы, Орталық Азия мен түркі әлемнің мәдени-тарихи, педагогикалық құндылықтарын қалыптасуына әсері;
- ✓ Ясауи шығармашылығындағы әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлердің жалпыадамзаттық сипаты, дүниежүзілік педагогикалық ойлармен ара қатынасы; [6,116]

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңғырту кезеңінде Ясауи шығармашылығын жалпы орта білім беретін мектептердің және жоғары оқу орындарының білім беру мазмұнына кірістіру, оқушы-жастар тарапынан оқып-үйрену, ғұлама тарихи-педагогикалық ой-пікірлерін одан әрі зерттеудің

басым бағыттарын айқындау, біз ұстаздардың басты мақсаттарының бірі ретінде қабылдаймын. Ұрпағымызға ең бірінші білім мен тәрбие, және имандылық қажет!

Ұсынысым:

- ✓ Ұлы ойшылдың еңбектерін мектеп оқушылар арасында насихаттау
- ✓ Қожа Ахмет Ясауидың шығармашылығы аясында оқушылармен семинарлар мен конференциялар өткізу

Аннотация

Түркі-ислам жолының негізгі ірге тасын қалаушы Құл Қожа Ахмет Ясауидің есімінің алар орны ерекше. Қожа Ахмет Ясауи — өз дәуірінің әдеби-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған, туған әдебиетіміз бен тіліміздің биік тұлғасы тұғырына көтерілген ұлы ғұлама-ғалым, ұлағатты ұстаз, өзі айтатындай әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, тіліміздің, дініміздің, діліміздің Ақиқатқа апаратын жол бастаушымыз – Білім иесі өкілі. Қ.А.Ясауи оғыз қыпшақ тілдерінде сөйлейтін түркі халықтарының бастауларының бірі болған – Ұлы әрі қасиетті тұлға. Оның жазған хикметтері әлі күнге дейін сақталған, тілі сақталған өзімізбен туыстас халықтар арасында кеңінен мәлім. Өкінішке орай, біз қазақ халқы олай мақтана алмаймыз. Біздің жастар, әсіресе соңғы буын Ұлы баба мұрасынан мүлде хабарсыз. Жалпы білім беретін мектептерде Ясауи шығармашылығына тоқталып, оның педагогикалық еңбектерін жаңғырту өзекті мәселеге айналууда. Қазіргі таңдағы дамыған технологияның жан-жақты барлық мүмкіндіктері мен салаларын пайдалану арқылы ұлттық мәдениетіміздің, руханиятымыздың қайнар көздері болған ғұлама тұлғаларымыздың пікірлерін, ілімдерін, бүкіл адамзатқа, халқымызға жеткізуіміз керек. Осы мақаланың ең маңызды бөлігіне келе отырып Қожа Ахметтің хикметтерінің мәні дұрыс жолға бағытталғанын білдім. Ясауидың педагогикалық еңбектерін оқыту мен насихаттау барша қазақ еліне ортақ мәселе.

Аннотация

Особое место занимает имя Кул Ходжи Ахмета Ясави, заложившего главный камень тюрко-исламского пути. Ходжа Ахмет Ясави – великий учёный-ученый, великий педагог, оставивший неизгладимый след в литературной и культурной жизни своего времени, поднявшийся до положения высокого деятеля нашей родной литературы и языка, по его словам, пионер наша литература, культура, язык, религия и религия – представители обладателя знаний. К. А. Ясави был одним из основоположников тюркских народов, говорящих на огузско-кипчакских языках, – великий и святой человек. Его письменная мудрость сохранилась до сих пор, и она широко известна среди родственных нам народов, у которых сохранился язык. К сожалению, мы, казахи, не можем так гордиться. Наша молодежь, особенно последнее поколение, совершенно не знает наследия Прадеда. Актуальным вопросом становится акцентирование внимания на творчестве Ясави и модернизация его педагогической работы в общеобразовательных школах. Мы должны донести до всего человечества и нашего народа мнения и учения наших ученых, являющихся источниками нашей национальной культуры и духовности,

используя все возможности и области современной передовой техники. Подойдя к самой важной части этой статьи, я узнал, что смысл мудрости Ходжи Ахмета направлен на правильный путь. Преподавание и пропаганда педагогического творчества Ясави – общая проблема всех казахстанцев.

Annotation

A special place is occupied by the name of Kul Khoja Akhmet Yasawi, who laid the main stone of the Turkic-Islamic path. Khoja Ahmet Yasawi is a great scholar-scholar, a great teacher, who left an indelible mark on the literary and cultural life of his time, rising to the position of a high figure in our native literature and language, in his words, a pioneer of our literature, culture, language, religion and religion - representatives of the knowledge holder. K. A. Yasawi was one of the founders of the Turkic peoples speaking the Oghuz-Kipchak languages - a great and holy man. His written wisdom has survived to this day, and it is widely known among our kindred peoples who have preserved their language. Unfortunately, we Kazakhs cannot be so proud. Our youth, especially the last generation, are completely unaware of the legacy of our Great-Grandfather. A pressing issue is focusing on Yasawi's creativity and modernizing his pedagogical work in secondary schools. We must convey to all humanity and our people the opinions and teachings of our scientists, who are the sources of our national culture and spirituality, using all the possibilities and areas of modern advanced technology. Coming to the most important part of this article, I learned that the meaning of Khoja Akhmet's wisdom is aimed at the right path. Teaching and promoting Yasawi's pedagogical creativity is a common problem for all Kazakhstanis.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ясауи дүниетанымының құпиялары – Qojalar. kzkozhalar. kz>20186388 - iasauı - dunietanymynun
2. Досай КЕНЖЕТАЙ. «МЕНИҢ ПІРІМ – ИАСАУИ» abai. kz>post/11238
3. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық философиясы... ppt - online. org>618094
4. Иасауи мұрасы және қазақ мұсылмандық түсінігидinvko. gov. kz>...bayandamalar...zder/2014
5. Иасауи дүниетанымының құпиялары – Qojalar. kzkozhalar. kz>20186388 - iasauı - dunietanymynun
6. Бейсенбай К., Нурматов Ж. Е. Қ. А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы // Молодой ученый. — 2017

Қ.А.ЯСАУИ ТҰЛҒАСЫ-ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ

Кайранбаева Альмира Болатовна
Астана қаласы әкімдігінің
«№ 71 мектеп – лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

I.Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166) – сопылық поэзияның негізін салушы, бүкіл Шығыс мұсылмандарының рухани ұстазына айналған, «Әулие Сұлтан» лақап атымен аталған дін қайраткері. Оның құрметке ие болғаны сонша, көзі тірісінде-ақ «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деген сөз пайда болды.

Әкесі Ибраһим Махмуд Сайрамның білімді адамы болған. Ахмет Яссы (Түркістан) қаласында дүниеге келген, анасы ерте, әкесі 7 жасында қайтыс болған. Баланың алғашқы ұстазы, тәрбиешісі Арыстанбаб болды. Арыстанбаб қайтыс болғаннан кейін 17 жасар Ахмет Яссы қаласына келеді. Осы жастан бастап араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлең жазып, шығыс поэзиясы мен әдебиетін зерттей бастайды. Одан кейін Бұхара қаласындағы имам Юсуф Хамаданидің медресесінде білім алады. Медресені тәмамдаған соң, сопылық ілімді түсіндіру жолындағы бар қиындықтарды бастан кешіріп, талай қалаларды аралап, туған жері Түркістанға оралып, Арыстанбаб дәстүрін жалғастырады.

Ал 63 жасынан бастап қалған өмірін жер астында, яғни қылуette өткізді. Бұны Ахмет: «Пайғамбар жасына жеттім. Маған одан артықтың қажеті жоқ», - деп түсіндіреді. Ахмет Ясауидің қанша жыл өмір сүргені туралы әртүрлі деректер бар. Кейбір деректерде – 73 жыл, кейбір деректерде – 85 жыл. Ж.Аймауытов ақынның 149-шы өлеңіне сүйене отырып, Ясауи 125 жыл өмір сүрген деп есептейді (бірақ кейін ол 1041 жылы туған болып шығады).

Бабамыздың ғасырлар бойы өшпей келе жатқан асыл мұрасы «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») көне түркі тілінің қыпшақ диалектісінде жазылған. Түпнұсқа сақталмаған. Бізге тек көшірмесі (XV-XVI ғғ.) жеткен. Мұндай үлгілер өте көп, олардың көбі Стамбулда, Қоқанда, Ташкентте, Мәскеуде, Алматыда сақталған. Ахмет Ясауидің «Хикметін» түркі тілдес халық еш қиналмай оқи алады. Бұл шығарма - түркі халықтарының рухани жетістігі. Ахмет Ясауи – оғыз-қыпшақ диалектінде жазған тұңғыш дарынды түркі ақыны.

Сопылық ағым ретінде исламда 7-8 ғасырларда пайда болды. Диуани Хикмет исламның негізгі ережелері мен қағидаларын ашып көрсетеді. Демек, шарифат – ислам заңдарының, әдет-ғұрыптарының, дәстүрлерінің жиынтығы. А.Ясауи имандылыққа, сабырлыққа, кішіпейілділікке шақырады, пайғамбардың: «Иманның негізі – ар» сөзінің (хадисінің) ақиқаттығына баршаны сендіреді. О дүниеде бұл жандарды жәннатқа апаратын «Алтын көпір» деп, осылайша ол адамдарды адал, мейірімді, болуға шақырды.

Сопылық уағыздаушылар мен А.Ясауи шәкірттері оның көзқарасын дүние жүзіне таратқан.

II.Негізгі бөлім

Қожа Ахмет жаңа ислам өркениетіндегі түркі халықтарының рухани даму бағытын айқындап берді. А.Ясауидің арқасында сопылық философиялық жүйе ретінде түркі халықтарының рухани дүниетанымы шешуші рөл атқарды.

Түркі халқы тек Аллаға ғана құлшылық ете бастады. Сенім арқылы түріктер шығыстың да, дүниежүзінің де діни философиясын үйренді.

Қожа Ахмет Ясауидің ең танымал шығармаларының қатарына «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»), «Мират-ул Кулуб» («Жан айнасы»), «Пакирнама» («Кедей туралы әңгіме») жатады. Бірақ бізге бірнеше нұсқада жеткен ең әйгілісі – Қожа Ахмет Ясауидің қыпшақ диалектісімен көне түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»). Ол - түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы. Түпнұсқа бізге жеткен жоқ, тек 15-16 ғасырлардағы көшірмесі ғана жеткен. Бұл еңбекте Ясауи тариқатының негізгі ережелері жинақталған. «Диуани Хикмет» Қожа Ахмет Ясауи ислам дінін уағыздап, халық арасында ислам дінін нығайтуға үлес қосты.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметінің» талай рет қайта жазылып, өңделіп, толықтырылғаны тарихи құжаттарда көрсетілген. «Диуани Хикметтің» қолжазбалары негізінен Ташкент, Санкт-Петербург, Стамбул кітапханаларында сақталған. Соңғы онжылдықтарда «Диуани Хикмет» шетелде де, Қазақстанда да бірнеше рет қайта басылып шықты.

Сопылық ілімнің түркі тармағын зерттеушілердің пікірінше, Қожа Ахмет Ясауидің сопылық мектебінің өзіндік ерекшеліктері бар. Адамгершілік-рухани кемелденудің және Алланы түсінудің алғы шарты ретінде негізгі кезеңдері: Шариғат, Тариқа, Хақиқат, Мағрифат болған жолдан өтуді талап етті.

Ахметтің еңбектері адамдарды әділдікке, адалдыққа, мейірімділікке шақырады. Соның арқасында түркі тілі әдеби қолданысқа енді. Ясауидің арқасында сопылық философиялық жүйе ретінде түркі халықтарының рухани танымында, дүниетанымында шешуші рөл атқара бастады. Ясауиге дейін түркі халықтары Тәңірге сыйынса, одан кейін Аллаға сене бастады. Сопылық ілімнің көмегімен түркі халықтары шығыс философиясын меңгерді.

Ясауи туындыларындағы адамның ішкі рухани әлемімен тікелей айналысатын жан ғалымы және сыртқы ғылым салаларымен шұғылданатын тән ғалымы туралы тосын танымының шығу төркініне назар аударар болсақ, бұл танымдардың түп-төркіні әл-Фараби қалыптастырған ғылымды классификациялаудың негізіне соғатыны анық байқалады.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында ұшырасатын осы жайлы пікір ұшқыны:

Ілім екеудүр: жан мен тәнге басшы тұрар,

Жан ғалымы хазіретіне жақын тұрар...

Тән ғалымы залымдарға ұқсар-ерміс, -

деген өлең жолдарында (М. Мырзахметұлы. Абайтану. 2 том. 28-бет) ұшырасатын жан ғалымы, тән ғалымы деп аталатын теологиялық және философиялық мағынадағы терминдік мәні бар сөздердің орын алуы кімді болса да ойландырғандай күрделі құбылыс. Ойшыл Абайдың 7-қара сөзінде: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады», -деп ой толғауының төркіні қайда жатқанын аңғартады.

Ясауи жан мен тәнге байланысты ілім екеу деп айтады. Жан ғалымы айтар танымы мен пікірін Құран Кәрімге сүйене отырып, көбінесе, теология, психология, философия, физиология ғылымдарындағы ой-танымға иек артады.

Қазақ әдебиеті тарихында жантану ілімінің болмысы жөніндегі аса күрделі ой-толғаныстарды заманында Абай мен Шәкәрім тереңнен қозғап, зор ізденістер жүргізген. Олар –адам жанының, рухының кеселді, зиянды жағынан оқырмандарын аулақ ұстап, рухани жағынан іштей түлеп жетілу, кемелдену жолына үндеген ойшылдар.

Сопылық ағымның ең басты да өзекті мәселесі – хақиқатқа жету. Міне, осы хақиқатқа жетудің жолында адам рухы жағынан тазарып, іштей түлеп пәктенгенде ғана адам камили инсани(Абайда толық адам) қалпына қол жеткізе алмақ. Абайдың ілімі деп жүргеніміз абайдың толық адам жайлы ой танымының жиынтығы немесе Абайдың өзі «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» дегендегі жұмбағы да осы толық адам жайлы ілім болса керек-ті. Мұнда айтылатын пенде, адам, жарым адам, толық адам ұғымдарына қосыла айтылатын нұрлы ақыл, суық ақыл, жүрек культі туралы түбірлі ұғымдардың ақын шығармаларында таратылып, отыруында терең сыр жатыр. Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі молынан таратылатын ақыл, рақым, қайрат, қанағат, әділет жайындағы танымдары –Абайдың сопылық ілімге қарым-қатынасын ашатын күрделі мәселелер. Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» және 17, 38-қарасөзінде тікелей пікір айтылып, «... діни сенім адамгершілік моральдің ең жоғары түрі деп ұғатыны»,–белгілі болып отыр. Абай танымында:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сенде сүй ол алланы жаннан тәтті,-

деп отырғаны үш сүю туралы пікірінің бірінші сүюіне жатады. Бұл Алла сені махаббатпен сүйіп жаратса, сен де Аллаға бар жаныңмен сүйіп берілуің керек дегенді ұқтырады. Ал бұл айтылған таным, бірінші сүю сопылық әдебиетте Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінде» сопылық поэзияның басты сарынына айналған ерен құбылысты көреміз.

Абай сөз етіп отырған бірінші сүю тақырыбы мен ондағы таным Ясауи хикметтерінде:

Шын ғашықты аллам сүйіп пендем деген
Ғашық болмай танып болмас Алла сені...

деген өлең жолдарында бүкіл сопылық поэзияның басты сарыны не екенін ашық көрсетіп тұр.

Абай айтып отырған бірінші сүю жолындағылар «дүниені, дүниеге тиерлік пайдасын ұмытты», дейтін пікірі де Ясауи хикметтерінде көптеп ұшырасады:

Хаққа ғашық болған құлдар көзіне ілмес,
Мақсұтына жетпесе риза емес, -

немесе:

Шын ғашық дүние азабын мойнына алмас,
Менің де бұл дүниеден безгім келер,-

деген ой- пікірлер желісі-осының айғағы.

Қожа Ахмет халық жадында далаға исламның нұрын шашқан адам, өте әділ өмір сүрген, ерекше дана тұлға ретінде қалды. Ол қайтыс болғаннан кейін оның бейіті мұсылман түріктерінің ғибадат орнына айналды, ал қалыптасқан Қожа

Ахмет культі бүкіл түркі әлемі сияқты өңірдің дала өміріндегі рөлін одан әрі күшейтті. Ясы – Түркістан екінші Мекке болды.

Қожа Ахмет Ясауи көзі тірісінде-ақ дервиш философы ретіндегі қарапайым халық арасында орасан зор танымалдыққа ие болды, өйткені ол адамдарды мейірімділікке шақырды, ақша мен сараңдықтан арылуға үйретті және адамдарды сүюге шақырды. Ең жоғары ар-ұждан ретінде күдіретті. Ақынның «Хикмат» атты қолжазба кітабында жинақталған өлеңдері өте танымал болды, олар Дешті Қыпшақтан тыс жерде жатқа айтылады.

«Аян кітабы» – «Диуани хикмет» ислам дінін уағыздайды, осы діннің мәні мен мәнін ашады.

III. Қорытынды

Түркістан атақты сопы шейхы және философ Қожа Ахмет Ясауидің уағыз-насихат жұмыстарының арқасында кең әлемге әйгілі болды. Ол кезде (XII ғ.) қала Яссы деп аталды. Осыдан шығыстағы ең әйгілі мұсылман әулиесі – Ясауидің атына нисба (туған жеріне байланысты лақап ат) шыққан.

XVI-XVIII ғасырларда. Түркістан Қазақ хандығының астанасы болды. Қазақ хандары бұл қаланың қазақ халқының бірлігі үшін саяси-рухани маңыздылығын жақсы білген. Түркістан және оның айбынды ескерткіші – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – қазақ мемлекеттілігі идеясымен байланысты. Осындай елеулі де қастерлі жердің уақыт өте көрнекті мемлекет қайраткерлерінің, белгілі ғалымдар мен ақындардың пантеонына айналуы бұл рөлді одан әрі айшықтай түседі. Кешен ішінде Әбілқайыр хан, Рабиға сұлтан-Бегім, Жолбарыс хан, Есім хан, Ондан сұлтан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би және тағы басқалар тарихта белгілі тұлғалар жерленген.

Ясауи шығармашылығы бүкіл түркі халықтарының ортақ рухани мұрасы. Осы уақытқа дейін «Хикметтердің» мәтіні қыпшақ диалектінде жазылғанымен, оны аудармасыз бүкіл түркілер оқи алады. Ясауидің сөздік қорынан, көшпелі өмір шындығын көреміз. Ойшыл ақынның рухани ізденістерінің түркі санасына қаншалықты берік енгенін, әсіресе, қазақ ақындарының шығармашылығы арқылы бағалауға болады. Адамның өзін-өзі анықтауы рухани шиеленіссіз, өмірді құрбан етуге дайын болмайынша, шын ниетпен берілуі мүмкін емес – бұл Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығы ұсынған ең маңызды идеялық-адамгершілік тағылымы.

Аннотация

Түркі тілдес елдер ешқашанда араб мәдениетімен өсіп-өркендеген емес. Олардың толыққанды өз мәдениеті болған. Өйткені дін бөлек, араб мәдениеті бөлек. Ал Қожа Ахмет Ясауи ислам дінін түркі тілдес халықтарға, олардың мәдениетін, салт-дәстүрін сақтай отырып, бейбіт жолмен насихаттай білген, уағыздай білген ұлы тұлға. Қожа Ахмет жаңа ислам өркениетіндегі түркі халықтарының рухани даму бағытын айқындап берді. А.Ясауидің арқасында сопылық философиялық жүйе ретінде түркі халықтарының рухани дүниетанымы шешуші рөл атқарды.

Аннотация

Тюркоязычные страны никогда не росли вместе с арабской культурой. У них была своя культура. Поскольку религия другая, арабская культура другая. А Ходжа Ахмет Ясави – великий человек, который смог пропагандировать и проповедовать ислам тюркоязычным народам, сохраняя их культуру и традиции мирным путем. Ходжа Ахмет определил направления духовного развития тюркских народов в новой исламской цивилизации. Благодаря А. Ясави духовное мировоззрение тюркских народов сыграло решающую роль как суфийская философская система.

Annotation

Turkic-speaking countries never grew together with Arab culture. They had their own culture. Because the religion is different, the Arab culture is different. And Khoja Akhmet Yasawi is a great man who was able to promote and preach Islam to the Turkic-speaking peoples, preserving their culture and traditions peacefully. Khoja Akhmet determined the directions of spiritual development of the Turkic peoples in the new Islamic civilization. Thanks to A. Yasawi, the spiritual worldview of the Turkic peoples played a decisive role as a Sufi philosophical system.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Бретаницкий Л. С., Веймари Б.* Искусство Азербайджана IV-XVIII веков. Москва: «Искусство», 1976.- 232 бет.
2. *Гаврилов М.* О ремесленных цехах Средней Азии и их статутах – рисоля. Известие Средне - Азиатского комитета по делам музеев и охран памятников старины, искусство и природы. Ташкент, 1928.-225 бет.
3. Мырзахметұлы М. Абайтану. 2 кітап. Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014.-524 бет.
4. Құрастырушылар: Муминов Ә.Қ., Қорғанбек Б., Моллақанағатұлы С., т. б. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Алматы, 2009.- 200 бет.
5. *Шәлекенов У. Х.* V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. Алматы: Жібек жолы, 2006.- 248 бет.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Кайсанова Индира Исбековна

Астана қаласы әкімдігінің

«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы

№11 мектеп-лицей» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Педагог-сарапшы

Қожа Ахмет Ясауи XII ғасырда өмір сүрген, Шын аты Ахмет бин Ибраһим бин Иляс. Ол түркі әлемінің сопылық дүниетанымының негізін қалаушы, ойшыл, ұстаз, ғұлама. Ахмет Ясауи «Пір Түркістан», «Хазірет Сұлтан», «Қожа Ахмет» деген атымен тарихта қалған. Түркі халықтарының пірі атанған Қожа

Ахмет Ясауи, қазақ халқының ежелгі мәдениетінің тарихында ерекше орын алған, ұлы тұлға.

Қожа Ахмет Ясауидің туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы. Әкесі Ибраһим сол кездегі сауатты, көзі ашық білімді адам болған. Қожа Ахмет Ясауи, алғашқы сауатын жеті жасына дейін әкесімен ашады. Жеті жасында әкесі қайтыс болады. Одан кейін білімін жалғастырады. Ол Арыстанбабтан дәріс алады. Арыстанбаб өмірден қайтқаннан кейін, Бұқараға аттанып, Жүсіп Хамаданидің медресесінде түсіп, білімін шыңдап, үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Ұстазы қайтыс болған соң біраз уақыт медресеге басшы болады. Ол жерде араб, шағатай, парсы тілдерін үйреніп, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Одан кейін сопылық жол ұстанып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады. Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырды. Осы жерде түркі еліне аты шыққан кемеңгерге айналды. Ясауи 63 жасына келгенде қалған өмірін жер астында, яғни қылуette өткізуді ұйғарады. Бұны өзі «Пайғамбар жасына жеттім. Маған одан артық ештеңенің керегі жоқ», - деп түсіндіреді. Оның неше жасқа дейін өмір сүргендігі туралы әр түрлі деректер бар. Бірінде 73 жыл десе, екіншісінде 85 жасқа дейін өмір сүрген делінеді.

Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінің түп нұсқалары жоқ. Қолда бар түпнұсқалар болса, XVII ғасырлардан кейінгі кезеңдерге тиісті екендігі анықталған. Оның өзін стилді формасы мен мазмұнына қарап Қожа Ахмет Ясауиге тиісті болу керек деген болжам жасайды. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет», «Фақырнама» (Пақырнама), «Миратул клуб» атты еңбектері бар.

Ахмет Ясауи түркі тілінде бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи оқиғалар мен пайғамбарлар қиссаларын хикметтерінде ұтымды пайдаланды. Оның 90 мыңдай шәкірт – мүриттері болғандығы да айтылады. Олар ұстазынан алған білімін Орта Азияға таратқан. XIII–XV ғасырларда Ясауи ілімі Хорезм, Мәуренаһр, Анадолыға дейін тараған. Түрік жұртында Ясауиді құрметтеп: «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет», – деген. Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында жерленіп, оның басына XIV ғасырдың аяғында Ақсақ Темір күмбез орнатады.

Оның бүгінгі таңда бізге жеткен еңбегі – «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілері мен көне түркі тілінде жазылған. Бізге жеткені XV–XVI ғасырлардағы көшірмесі. Олардың көбі Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл еңбек алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шыққан екен. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл хикметте ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмірін баяндайды, өмірде көтерген азабын, көрген қайғысын жыр еткен, қарапайым халыққа үстемдік еткен хандардың, қазылардың жасаған кемшіліктерін, қиянаттарын сөз етеді, бұл өмірдің жалған екендігін білдіреді.

Қожа Ахмет хикметтерінің жазылу тарихын, поэтикасын, сопылық-философиялық идеясын, қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынасын, ислам дінін

таратудағы рөлін М.Ф.Көпрүлузаде, Н.С.Банарлы, Е.Э.Бертельс, А.К.Боровков т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеген. Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт баспалдақтан өтуі керек екендігін айтады. Біріншісі баспалдақ ол – шарифат. «Шарифат» – дегеніміз ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды, құдайға сеніп, құлшылық жасауды талап етеді. Екіншісі, «Тарикат» – дін ғұламаларына мұрит (шәкірт) болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту делінген, демек Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады. Бұл баспалдақтар сопылықтың негізгі идеясы мен мұрат-мақсатын көрсетеді. Үшіншісі, «Мағрифат», ол дегеніміз - дін жолын толық танып-білу сатысы деуге болады. Бұл баспалдақтың негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізін қалаушы «бір Алла» екенін тану, ұғыну. Төртіншісі, «Хақиқат» – Аллаға жақындап, оны танудың ең жоғарғы баспалдағы. Сопылық ұғым бойынша, осы аталғандар, яғни «шарифатсыз» «тарикат», «тарикатсыз» «мағрифат», «мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес. Бұлар - бірінен екіншісіне өту үшін қажетті баспалдақ болып табылады. Қожа Ахмет Иасауи Аллаға жету жолында адамзат төрт асудан мүдірмей өтуі керектігін өзінің хикметінде былай баяндайды:

«Әркім қылса тарикаттың даулы ісін,
Әуел қадам шарифатқа қоймақ керек.
Шарикаттың істерін ада қылып,
Одан кейін осыны қылмақ керек.

Шарифатсыз дәм бұйырмас тарикатта,
Тарикатсыз дәм бұйырмас мағрипатта.
Мағрипатсыз дәм бұйырмас хақиқатта,
Баршасын да шарифаттан сұрамақ керек...»

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі негізгі түйіні: Мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан айтылады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Аллаға және пайғамбарға махаббатты дәріптей отырып, жаратылғандарға мейірімділікпен қарауды үйретеді. Сонымен қатар, ол Мұхаммед пайғамбардан үрдіс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын тек өзі көрмей, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге де қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу, Аллаға сол туралы шын көңілден жалынып-жалбарынудың қажеттігін хикметінде былай деп суреттейді:

«Мың түмен түрлі қате кетсе, ғафу қыл,
Артық-ауыс айтқан болсам, ғафу қыл.
Тәлауат қылмасам да қалам алла,
Білмес күна, қателерді ғафу қыл.

Оқып қапыл болып нұқсан, қате кетсе,
Жөнсіздіктер менен кетсе, ғафу қыл.

«Мәдд»* пенен «тәшдидтерді»* алмастырып,
Осы сынды қателер менен кетсе, ғафу қыл.

Бұзып айтсам не бір сөзін, не әрпін,
Дұғаларды шала оқысам, ғафу қыл.
Аят, уәде, айттарды қылмасам жөн,
Түсінбестік жетіспеулер менен өтсе, ғафу қыл.

Ізет икрам Құранына қыла алмасам,
Бейәдептік, бейибалық менен өтсе, ғафу қыл.
Қателері көп сірә мен сияқты құлдардың,
Қарабет боп қате кетсе, ғафу қыл.
Қожа Ахмет міскіннің нұқсаны көп дүниеде,
Иа, раббы, құдайым, мың қатемді ғафу қыл», - дейді.

Ясауидің өлеңдері мен нақыл сөздерінің де тәрбиелік мағынасы өте зор.
Оның 50 ге тарта өлеңдері бар көрінеді. Соның бір-екеуінің мазмұнына үңілетін
болсақ, тәрбиелік мағынасын ашуға болады.

Оның «Заман» атты өлеңі сол замандағы адамдардың ниетінің
бұзылғандығын, жастардың тірбиеден алшақтап бара жатқанын көруге болады.

Үлкен-кіші адамнан иба кетті,
Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті,
Мінез-құлық бұзатын әдет жетті,
Бұл не деген заман болды, достар?!

Келесі қарастыратын өлеңі «Кепіл болам». Мұнда ғұлама адамзатты
дұрыс жолмен жүруге шақырады, ол үшін өзін құрбан етуге дайын екендігін
көрсетеді.

Әуелі – Һу, ақыры – Һу деп, өзіңнен кет,
Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам.
Хақ жолына кемел жан боп төзіммен жет,
Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам.
«Лә иләһа илл-Алла-лап» зарлы түнің
Өткей; жәрдем бер кім айтса Хақ зікірін.
Пірімұғанға қызмет қылсын бар бітімің,
Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам.
«Лә иләһа илл-Алланы» тіліңе сал,
Діліңе сал, әр тыныста нұрын ашар;
Сол Пірімұған назар бұрса түріңе сәл –
Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам.

Әрине, даналық ету оңайға соқпаған, өзіне сенген халқын қалайда дұрыс
жолға салып, құдайға сеніп, мейірімділікке шақырып отырған.

Аш, ей, момын, көзіңді
Сахар мезгіл болғанда,
Құтқар оттан өзіңді
Сахар мезгіл болғанда.
Сахарларда барша гүл

мадақтайды Құдайды,
Айтып бұлбұл аңсарын,
махаббаттан жылайды.
Зікір қылсаң еңісте,
сахар мезгіл болғанда,
Түсер көктен періште –
сахар мезгіл болғанда.
Жазықта нұр аққасын
сахар мезгіл болғанда,
Ашар жәннат қақпасын –

осы бір өлең жолдарынан бұл фәниде құдайға құлдық етіп, зікір қылсаң, о дүниеде саған жәннәттің есігі ашық дейді.

Оның Аллаға деген шексіз махаббаты осы бір өлең жолдарынан анық көрініп тұрғандай. Хақ жолына түссең, талаптансаң мұратқа жетесің дейді. Бұл дүниенің жалған екеніне сендірген. Шындықты көре білуге тәрбиелеген. «Махаббаттың ішпесем шарабынан» өлеңінен үзінді ұсынамын.

Махаббаттың ішпесем шарабынан,
Жан мен ділім қайғымен кетер, достар.
Аулақта өлсем Алламның талабынан,
Есіл ғұмырым арманмен өтер, достар.
Алла деген шын ғашық пырақ мінер,
Бейнет шегіп ышықтан, жылап сүрер.
Тарихаттың базарын мұрат білер,
Хақиқаттың дариясын кешер, достар.
Хақиқаттың селіне шомылған жан, –
Өзі мұндық, көзде жас, көңілде арман.
Қорлық, зорлық көргені – небір зордан,
Хақ Дидарын талап қып, жетер, достар.
Хақиқатқа ғашықтың – нәпсісі өлі,
Нені іздесе шын сопы – тапты соны.
Тілі – шырын, шындықтың ақты сөлі,
Пұшық пұлға дүниені сатар, достар.
Ғашық болсаң, азапқа әсте батқын,
Хаққа қарай дария-жаспен аққын.

Адамгершілік, имандылық тәрбиенің көзі. Негізінде әрбір халық, этнос болып қалыптасу үшін оған үш нәрсе қажет, біріншісі – тіл, екіншісі – дін, үшіншісі жазу. Осы үш мәселенің алғашқы екеуін Ясауи ғұлама нақтылап көрсетіп кеткендей. Ясауи еңбектерін мектептер мен жоғары оқу орындарына, қарапайым халыққа жарияланса, керемет болар еді деп ойлаймын. Ахмет Ясауи еңбектері мағынасы жағынан көптеген ғылымның жиынтығын байқауға болады. Мысалы, философия, әдебиет, педагогика, этнопедагогика, психология, этнопсихология, химия, биология, математика, астрономия т.б. Ахмет Ясауидің кез-келген еңбектерін алып қарастырсақ, адамгершілік, имандылық, инабаттылық т.б. тәрбиенің барлық жақтары қарастырылғанына көз жеткізуге болады.

Андатпа

Бұл жұмыста XII ғасырда өмір сүрген ғалым, дана Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі тәрбиелік мәнін ашу. Сопылық дүниетанымның негізін қалаушы ретінде танылған Ахмет Ясауидің үлкен еңбегі «Диуани Хикмет» мазмұны бойынша құран мен хадистердің мән-мағынасын, маңызын егжей-тегжей қарастырылған, түркі тілінде жазылған, этникалық ірі мазмұнды туындысы. Одан кейін өлең жолдарымен жазылған «Заман», «Кепіл болам» шығармалары қарастырылады. Осы еңбектері арқылы оқырмандарын түзу жолға түсуіне, адамгершілік, қайырымдылық, кешірімділік жолына шақырады.

Аннотация

В данной работе будет раскрыто просветительское значение трудов мудрого учёного Ходжи Ахмета Ясави, жившего в XII веке. Великий труд Ахмета Ясави «Дивани Хикмет», признанный основоположником суфийского мировоззрения, представляет собой произведение большого этнического содержания, написанное на тюркском языке, в котором подробно рассматривается смысл и значение Корана и хадисов. После этого будут рассмотрены произведения «Заман» и «Кепіл болам», написанные в стихах. Этими произведениями он предлагает своим читателям идти прямым путем, путем человечности, милосердия и прощения.

Abstract

This work will reveal the educational significance of the works of the wise scientist Khoja Akhmet Yasawi, who lived in the 12th century. The great work of Ahmet Yasawi “Diwani Hikmet”, recognized as the founder of the Sufi worldview, is a work of great ethnic content, written in the Turkic language, which examines in detail the meaning and significance of the Koran and Hadith. After this, the works “Zaman” and “Kepil Bolam”, written in verse, will be considered. With these works, he invites his readers to follow the straight path, the path of humanity, mercy and forgiveness.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г. Спандиярова «Диуани Хикметтегі сопылық сарын (Қожа Ахмет Ясауи еңбегі туралы) Ұлағат-2003 ж. 1-10-14 беттер.
2. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. Алматы: «Ел-шежіре» 2006-256 бет.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ УАҚЫТ СЫНЫНАН ӨТІП ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОҒАЛТПАҒАН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚУ- ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫП, ТӘЖІРИБЕ АРҚЫЛЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТІП, ТИІМДІЛІГІН КӨРУ

Какжанов Амантай Айдарханович
«№95 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
тарих пәні мұғалімі, зерттеуші-педагог

Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи рухани құндылықтарын оқу-тәрбие үрдісінде тәжірибе арқылы нәтижеге жету жолдарымен таныстыруға арналған мақаламның

Жаңашылдығы: Қожа Ахмет Ясауи құндылықтарын оқу-тәрбие үрдісінде қолданып нәтижесін көру идеясы туындап, сол құндылықтарға негізделген элективтік курс жазылды, 3 жыл апробациядан өтуде, тікелей тәжірибеге кіргізіліп шынайы пайдалылығы анықталды.

Өзектілігі-тәжірибе арқылы жоспарлаған нәтижеге жетуіміз Қожа Ахмет Ясауидің құндылықтары бала тәрбиесінде туындаған мәселелерді оң шешуге жарамды болу мүмкіндігі бар екенін көрсетті.

Мақсаты: Қожа Ахмет Ясауидің рухани құндылықтарын бала бойына дарытуды ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ТӘЖІРИБЕ АРҚЫЛЫ ЖЕТУ жолдарымен таныстырып тарату, ғұламаның мұрасын жандандыру.

Міндеттері: 1.Тәжірибеде нәтижеге жетудегі іс-әрекеттерді көрсету.

2. Тәрбиедегі тиімділігін көрсеткіштер арқылы таныстыру.

Қожа Ахмет Ясауидің рухани құндылықтарына 2016 жылы қызығушылық танытып 2016-2018 жылдар аралығында зерттеп зерделедім. Ғұламаның құндылықтарын 2018 жылдан жетекшілік жасап келе жатқан «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубында тікелей қолданудамыз. Барлық түркі әлеміне танымал тұлғаның құндылықтарын 2020 жылы «Ұлттық құндылықтар және құқықтық сауаттылық» деген элективтік курсының теориялық бөліміне және осы курсқа арнайы арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарларына кіргіздім.

«Адалдық алаңы» және «Адал дүкен» жобаларында Қожа Ахмет Ясауидің құндылықтарын іс-әрекеттерімізде кеңінен қолдандық.

Негізгі бөлім

1-ші кезең. Қожа Ахмет Ясауидің даналық ойларға толы хикметтерін зерттеп, саралап, зерделеп рухани құндылықтарын айқындадым.



2-ші кезең. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубында ғұламаның құндылықтарын 6 жыл бойы қолданудамыз

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубында атқарылып жатқан іс-шаралар тізімі

1.Сынып сағаттары

2.Мектепшілік конференция

3. Викторина

6. Дебат

7.Сауалнама


8.Сахналау, бейнероликтер

4. Сайыс
жарыстар

9. Аудандық,

қалалық

5. Дөңгелек стөл



Ұлттық құндылықтарға арналған аудандық, қалалық сайыстарға қатыстық-жүлделі орындарды иелендік-«Адал Ұрпақ» аудандық турнирінде 2-орын, «Адал Ұрпақ» қалалық турнирінде 2-орын, адалдыққа, әділдікке, ашықтыққа негізделген «Транспарентті және есеп беретін мемлекетті қалыптастыру» тақырыбында қалалық бейнероликтер байқауында 1-орын алдық

Қожа Ахмет Ясауидің рухани құндылықтарына арналған сахналық көріністер мен бейнероликтер

3-ші кезең. Қожа Ахмет Ясауидің құндылықтарын 2020 жылы «Ұлттық құндылықтар және құқықтық сауаттылық» деген элективтік курсының теориялық бөліміне және осы курсқа арнайы арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарларына кіргіздім.

«Ұлттық құндылықтар және құқықтық сауаттылық» элективтік курсы және осы курсқа арналған сабақтар жинағын қолданудағы





№63 мектеп-гимназия мен №77 мектеп гимназияның зерттеу қорытындылары

5 сынып оқушыларының ұлттық құндылықтар ұстанымы сапалық жақтан зерттеулер жүргізген үш мектепте-№63 мектеп-гимназияда 15%, №77 мектеп-гимназияда 11%, №74 мектеп-гимназияда 10% өскен, яғни шынайы пайдалылығы тәжірибе арқылы анықталып отыр.

Ұлттық құндылықтар ұстанымы сапалық жақтан орташа есеппен 12% өскен.

4-ші кезең. Қожа Ахмет Ясауидың құндылықтарын тікелей тәжірибеде қолданып тәрбиеде пайдалылығын анықтау.





Дүкенге қойылған затты оқушы сатып алады ма, әлде тегін алады ма, оны оның ар-ұяты біледі. Ұлттық құндылықтар-адалдық, ар-ұят, әділдікке негізделген тәжірибеміздің нәтижесі біз ойлағаннан асып түсті-бір оқу жылы бойында «Адалдық дүкенінде» **бірде-бір алдау, ақша төлемей іс-әрекетін жасыру болған жоқ.**

Тәжірибеде ұтымды әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып игілікті нәтижесін осы жоба арқылы көрдік
Қорытынды

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін зерттеп, зерделеп, тәрбиелік мәнге және ұлттық құндылықтарға толы бай мұрасын орта білім саласында оқу-тәрбие беру үрдісінде жан-жақты тиімді қолдандық. Тәжірибе арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде мүдделеген мақсатымызға жетіп жақсы нәтижесін көрдік.

Біздің ұсынымымыз:

1. Қожа Ахмет Ясауи рухани құндылықтарын тәрбие саласында кеңінен қолдану
2. Тікелей тәжірибеге кіргізу арқылы тиімділігін көру.

Қожа Ахмет Ясауи атақты әдеби шығармасында оқу, тәрбие және отбасылық құндылықтар жөнінде жазған жырлары арада тоғыз ғасыр өтсе де өз өзектілігін жоғалтпаған, керісінше уақыт өте айқындалып жалпыадамзаттық игілікке айналып отыр. Оған дәлел әлем қауымдастығы Қожа Ахмет Ясауидің мұрасын жалпыадамзаттық рухани құндылық деп бірауыздан тануында. Өз кезегімізде адамзаттың ортақ мұрасына айналған рухани жауһар қазақ топырағында дүниеге келіп бүтін жалпытүркілік игілікке айналғанына, түркі әлемін ортақ қасиеттерге біріктіріп отырғанына қуаныштымыз.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауидің сан ғасыр өтсе де өзектілігін және құндылығын жоғалтпаған оқу, тәрбие және отбасылық құндылықтарға арнап жазған жырлары жинақталған, олардың мағынасы мен оқу-тәрбиелік және адами құндылықтары анықталып маңызы кең көлемде көрсетілген. Мақалада қазіргі кездің мәселесі, мақсаты күтілетін нәтижесі жазылған. Мақаланың негізгі

мақсаты Қожа Ахмет Ясауидің осыдан 9 ғасыр бұрын жазған жырларының қазіргі кезеңде де өзектілігін және еліміздің жастарын ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудегі маңызын көрсету, мұрасын насихаттау, орта білім беру саласындағы оқу-тәрбие үрдісінде кең түрде қолдануға болатынын қазіргі қауымға дәріптеп жеткізу, қандай нәтижеге жететінін көрсету.

Стихи-назидания Қожа Ахмет Ясауи, несмотря на то, что они написаны несколько веков назад, не потеряли актуальность и значимость. В приведенных стихах определены их содержание, учебно-воспитательные и человеческие ценности, в широком смысле показаны их важность. В этой статье даны проблемы текущего времени, цель для разрешения этой проблемы и достигаемый результат. Основная цель статьи показать актуальность значение стихов, написанных 9 веков назад, в текущее время и важную роль в воспитании подрастающего поколения, пропагандировать его произведения, довести до современного общества то, что можно использовать произведение Қожа Ахмет Ясауи в учебно-воспитательном процессе в сфере среднего образования и каких результатов достигнем.

This collection features didactic poems by Khoja Ahmed Yasawi. Despite being written centuries ago, their relevance and significance have not diminished. The given verses define their content, educational values, and human virtues. In a broader sense, the verses highlight their importance. This article addresses current issues, the goal for resolving them, and the achievable outcome. The primary aim is to demonstrate the contemporary relevance of the verses penned nine centuries ago, emphasizing their crucial role in educating the younger generation. It advocates for promoting Yasawi's works and integrating them into the modern educational process, illustrating the potential results.

Библиографиялық тізім

1. Қожа Ахмет Ясауи. ХИКМЕТ ЖИНАҚ. Алматы ЖШС «Жалын» 1998
2. Уикипедия

Қ.А. ЯСАУИ МЕН АБАЙ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Калибекова Гульнур Каниятовна

Астана қаласы С.Сейфуллин атындағы

№80 мектеп-гимназиясы

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

педагог-сарапшы

«Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік — жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл»[1],-деп еліміздің көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз жолдауларында

жастарды үнемі қолдап, жігерлендіріп отырды. Бүгінгі кеңістік пен уақытта бәсекеге қабілетті елге айналуға басты көрсеткіштердің бірі – білім екендігін айтты. Қазақтың ақын, жазушысы Мағжан Жұмабаев жастарға арнаған өлеңінде:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін! [2] – дегендей, халқымыздың бай мұрасын келер ұрпаққа жеткізу жастарымыздың қолында. Жас ұрпақтың отаншылдық рухта тәрбие алып, білімді болуы - елімізді бәсекеге қабілетті әлемдік елдермен терезесін теңестіруге алып баратын бірден-бір жол. «Ұлы даланың жеті қыры» жолдауында айтылған еліміздің бай мұрасының ұмытылмасы хақ. Сол мұрамыздың бірі – Қожа Ахмет Ясауидің даналық ойларына толы хикметтері.

«Орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан...» [3]

Қожа Ахмет Ясауи - сопылық ағымның түркілік бағытының негізін салушы, ғұлама. Ұлы бабамыз Ахмет Ясауидің атын асқақтатып, күллі дүниеге мәшһүр еткен аса баға жетпес асыл еңбегі - «Диуани хикмет»-«Даналық кітабы».

Қожа Ахмет Ясауи бүгінгі күні өзі болмаса да, артынан ғибратқа толы көзі – хикметтері қалды. Ендеше, мектеп қабырғасында баланың санасына құйылып, көкірегін ашатындай оқытылып, талдануға тиіс сөздер – ұлы Абайдың қарасөздерімен қатар, Ясауидің хикметтері болуы керек.

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Ясауише хикмет жазу дәстүрге айналды.

Абайдың мына бір өлеңіне назар аударсақ, көтерілген тақырып Ясауи хикметтерімен іштей үндесіп келеді:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас [5]
Хикметте осы тақырыпта былай жазылған:

«Алланы жиі есіңе ал», - деп келді аят,
Сарнап мен, сан қиналып жүрдім міне...
Жаратқан: «Аз күлің», - деп қылады жар,
«Көбірек, - дейді және, - жылаңыздар».

Мәніне бұл аяттың құлаңыздар,

Күлместен пәниде осы жүрдім міне» [4] - деп, 18-хикметінде осы фәни дүниеде Алланы ұмытпай, үнемі еске алып, тәубеге келіп тұру керектігін айтады. «Мына жалған дүниеде кісінің ақысын, малын жемей, адал өмір сүр, о дүниелік болғанда бәріміз қылкөпірден өтеміз» деген ескертуін айтады. Кімнің бұл дүниеде қанша жасайтыны белгісіз, бірақ түбінде барлық пенденің барар

жері - бір. Қарап отырсақ, хикметтерде тәрбиелік мәні зор қаншама даналық ойлар айтылады.

Ясауидің даналығы мен Абайдың өлең жолдарының сөз орамдары өзара ұқсас болып келеді. Мәселен, Абайдың «Патша құдай, сыйындым» өлеңінде:

Патша құдай, сыйындым

Тура баста өзіңе...

...О да - құдай пендесі,

Түспей кетер деймісің,

Тәңірінің құрған тезіне? – деген жолдар Ахмет Ясауидің 6-хикметіне сәйкес келеді:

Иә, алла, құдіретіңе сыр ағыттым,

Сыйынып, патша құдай, келдім саған.

Тәубе қып, күнәм үшін құрағыттым,

Сыйынып, патша құдай, келдім саған.

Ясауидің өлең жолдарында «Сыйынып, патша құдай, келдім саған» деп берілсе, Абай өлеңінде бастауыш пен баяндауыштың орнын ауыстыра отырып, «Патша құдай, сыйындым» деп берілген.

Аллаға деген махаббатты Ясауи мен Абай өз өлеңдерінде жарыса жазғандай. Екі дана да бұл дүниедегі ең ұлы махаббат – Аллаға деген махаббат екендігін көрсеткісі келеді.

Алланы шын сүйгендер махаббатпен

Нәпсіден безіп тынды қапалы еткен.

Құйды нұр құдай өзі шапағатпен,

Содан соң дария болып тастым міне [4] деп 18-хикметінде берілсе,

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті [5] – деп, адамзат, заман өзгерсе де, Аллаға деген сенім, махаббат еш өзгермес.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтері өмірлік тәжірбиесі мол, сарқылмас сары қазына. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің негізгі дінгегі -тазалық. «Тазалық» сөзін қалай түсінеміз, кейінгі ұрпақ қалай түсініп жүр? Соған сәл санамызға сәуле түсіріп көрейікші.

Иә, «таза» яғни, киімнің, астың дененің таза болуы деп бірізділікпен қабылдауымыз мүмкін. Сірә, осы жерде сәл қателесеміз. Себебі басты тазалық - жан дүниенің тазалығы.

Рухани тазалық, байлық жайлы Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде толық айтылған. Әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. «Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Қазіргі таңда діннен, тілден айырылып жүрген жандар қаншама.

Қожа Ахмет Ясауи 46-хикметінде:

«Алла деп құр жүргендер –алдап өмір сүргендер,

Аузы қанша айтқанмен , істе көзге ілмейді» [4] делінген. Осыдан бірнеше ғасыр бойы айтылып, жазылған дүние бүгінгі қоғамның дертін дәл тапқандай.

«Тауық құс емес, жалқау кісі емес, бос сөз іс емес» [6], көлгірсіген сөзден жерден көтерген жүк артық емес пе?Өзін бос сөзбен, болмашы қиял әлемімен алдайтын, екі сөздің бірін өтіріксіз айта алмайтын надан адам кейпімен сөйтіп өз-өзін мақұрым етеді.

Қожа Ахмет Ясауидің мына бір хикметі керісінше алланы аузына алмай, жер бетін мәңгі басып жүретіндей көреді. Оған мына бір хикметі дәлел:

«Мақсатсыз ойын-тойға бұлай ынтық-

Аллалап ауызға алмас құдайын түк.

Дүниеқор дәруішпін деп мүләйімсіп,

Думан қып дүние үшін жүрді, достар»[4.91 бет].

Иә, «дүниеқор, дүниеқоңыз» секілді біріккен сөздер жиі естіледі. Адамнан мейір қашып, сүйектей ортаға бір зат түссе туғанның да арасын ашу жеңіл.

«Жақсы силағанның құлы,

Жаман қорыққанның құлы»[6] тәрізді мақалды толықтырады. Ол өзінің даналық кітабында екі өмірдің мәнін аша келіп имандылыққа, әділдікке, адалдыққа, мейірімділікке үндейді. Өзінің жиған-тергенін тек өзі үшін ғана пайдаланбай, дүниеқоңыз болмай, жетім-жесірлерге де көңіл бөлу керектігін айтады:

«...Ел кезіп Мұстафаша, ақылды ал да,

Көңіл бөл жетім-жесір, пақырларға.

Дүниеқор, безбүйрекке жақын барма,

Бездім де, дариядай тастым міне.» [4]

Өзінің хикметтерінде Қожа Ахмет Ясауи өз өмірін баяндай отырып, өмірден көп сабақ алғандығын айтады.

Ясауи де, Абай да өз сөздерінде «имандылыққа» тоқтала кетеді. Мысалы, 65-хикметте:

«Алла бізге иман сыйлық жеткірді,

Ол Мұстафа хақ расулы деп білді» [4] – деп, «иман» сөзіне көп тоқталады.

Қожа Ахмет Ясауидің осы имандылық мәселесін Абай Құнанбаевтың өзінің он үшінші қарасөзінде жалғастырады.

Қожа Ахмет Ясауидің даналығы мен қазақ ақын-жазушыларының еңбектері бір-бірімен өзара сабақтасып, ұштасып жатқанын байқаймыз.

Ы.Алтынсариннің сөзімен қорытындылайтын болсақ, «мұсылманшылдықтың тұтқасы - сенім, иман, имандылық». Иmandылыққа бастайтын негізгі дінгек дін болса, сол дінді уағыздап, тазалыққа, имандылыққа шақыратын Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері – бүгінгі заманның бойтұмары. Жоғарыда атап өткендей, мұсылмандықты насихаттап, тура жолды көрсететін Ясауидің хикметтері осы уақытқа дейін жабулы күйінде қалмай, бүгінгі таңда елінің ертеңін ойлайтын саналы жас ұрпақтың арқасында барша жұртқа насихатталып жүр. Тағы бір дәлел ретінде Ясауи хикметтерінің көтерген тақырыбын, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан да кездестіреміз. Бабалар шығармашылығынан үлкен үндестік байқаймыз. Сондықтан жас ұрпаққа тәрбие беру үрдісінде Ясауидің хикметтерін негізге ала отырып, ақын-жазушыларымыздың өлең жырлары мен қарасөздерінің мағынасына әр уақытта терең үнілуіміз керек.

«Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ,
Өтірікке шындықтың қайраны жоқ,
Шындық айттым осылай шырқыраған,

Құл Қожа-Ахмет сөзінің жалғаны жоқ» [4]- деген аталы сөздің дүниеге құр көзбен емес, ойлы көзбен қарау керек екендігін айтады.

Дана жұртымыз сөздің салмағын сезіне білген. Дүниеде сөзден көне, сөзден берік ескерткіш жоқ, көненің көзі болған хикметтер - жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты қару.

Аннотация

Жұмыстың мақсаты - зайырлы қоғамда өмір сүріп жатқан жастарымызға өз діні мен тілінен адаспай, бабалар өсиеті арқылы тура жолды нұсқап көрсету. Ұлттың ұлы тұлғаларын білу – тарихи тамырыңды тану, сол арқылы өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына отаншылдық сана-сезімдерін қалыптастырып, ұлттық рухта тәрбиелеу. Сонымен қатар, «алтын тірек» болған арыс тұлғаларымыздың рухына тәу етіп, барымызды баршаның игілігіне арнау.

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен қазақ ақын-жазушыларының туындылары салыстыра отырып талданды. Имандылыққа негізделген хикметтердегі өткір мәселелер кейінгі ғасырда да қазақ ақындарының арасында жалғасын тапты. Ғасырлар желісімен санаға жетіп, адамзаттың ортақ құндылығына айналды.

Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,

Өлмейтін, өшпейтұғын күнім білем.

Таппайтын күнде тыным, түнде тыным,

Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін, - деген өлең жолдары әр мұсылманның жүрегінде жүрсе дейміз!

Аннотация

Цель работы – показать нашей молодежи, живущей в светском обществе, не отклоняться от своей религии и языка, а указать ей правильный путь по воле предков. Знать великих личностей нации — значит осознавать свои исторические корни, формируя тем самым патриотическое сознание у подрастающего молодого поколения, воспитывая его в национальном духе.

В статье сравниваются и анализируются мудрость Ходжи Ахмета Ясауи и произведения казахских поэтов и писателей. Острые проблемы мудрости, основанной на вере, продолжались среди казахских поэтов и в следующем столетии. Оно достигло сознания на протяжении веков и стало общей ценностью человечества.

Annotation

The purpose of the work is to show our youth living in a secular society, not to stray from their religion and language, but to show them the right path through the will of their ancestors. To know the great personalities of the nation is to recognize your historical roots, thereby forming patriotic consciousness in the growing young generation and educating them in the national spirit.

The article compares and analyzes the wisdom of Khoja Ahmet Yasawi and the works of Kazakh poets and writers. The sharp problems in wisdom based on faith

continued among Kazakh poets in the next century. It has reached consciousness over the centuries and has become a common value of humanity.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2030 " Жолдау.
2. Мағжан Жұмабаев. Екінші том – Алматы «Жазушы» 2004.
3. «Ұлы даланың жеті қыры» Н.Ә.Назарбаевтың мақаласы, 2018 жыл
4. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ – Алматы ЖШС «Жалын», 1998.
5. Абай Құнанбаев. Өлең – сөздің патшасы. – Халықаралық Абай клубы, Жидебай 2006.
6. Қазақ мақал-мәтелдері. – «Алматыкітап» ЖШС, 2007.

ЯСАУИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Калиева Акжанай Еркинбаевна

Астана қаласы әкімдігі «Б.Майлин атындағы
№52 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші

*Болашақтың таңына
Қиялдап қана қойған жоқ.
Май тамызап, от берді.
Ой-сананың шамына.*

- Иә, қиялдап қана қоймай, жанын салып ұмытылған болашақтың таңы мен ой-сананың шамына май тамызып от берген Қожа Ахмет Ясауи бабамыз. Күллі мұсылман еліне танымал «Диуани Хикмет» атты баға жетпес туындысы - имандылық пен инабаттылықтың, адамгершілік пен әділдіктің жаршысындай. Тарих беттеріне зер салсақ, бабамыздың 11-12 ғасырларда өмір сүргеніне қарап, еңбегінің де сол уақыттан қалған жақұт екенін біле аламыз. Мұсылман әлемінде аты әйгілі, орта ғасырлық сопылық әдебиеттің ірі өкілі, Қожа Ахмет Ясауи артына мәні өшпестей аса елеулі мұра қалдырды. Оның «Диуани Хикмет» атты екі әлемнің де мән-жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан сарапталады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Осыған орай, ол Мұхаммед пайғамбардан үрдіс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын тек өзі көрмей, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге де қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу, Аллаға сол туралы шын көңілден жалынып-жалбарынудың қажеттігін ұтымды түрде сипаттайды. Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтеріне алтын арқау еткен басты мәселесі: Алла Тағаланың пенделеріне

деген кеңшілігі мен олардың жасаған күнәларын кешудегі қайырымдылығы, нұр шапағатын талмай сипаттап бергендігі дер едік. Ол бұл мақсатта Құдай дидарына ғашық болған пенделерінің өзге қызықтың бәрінен баз кешіп, күндіз-түні тек Аллаға құлшылық етуі қажет, бұл жолда жан мен тәнін де аямауы керек.

Ахмет хикметтеріндегі тәрбиенің көрініс табуы. Ғұлама өзі жеті жасында пайғамбарымыздың Мұхаммед Мұстафа ғалайссаламның арнап қалдырған құрмасын табыс еткен Арыстан Бабтың айтқан ақылдары мен үлгі-өсиеттерін зор ілтипатпен еске ала отырып, ұстазының рухани тазалығын, адалдығы мен шыншылдығын өзгелерге үлгі тұта сөйлейді. Осыған орай ол кейбір надан шәкірттер мен арам сопылардың бет пердесін жұлып алып, олардың шын мәнісінде қандай жандар екенін айқара ашып әйгілейді: Тақуамын деп зор санар, көзіңнен шықпайды жасың, Көңілдерінде дерті жоқ, қалай ауырар басы. Өтірік, айла қылса да, Құдайға мәлім бар ісі, Арыстан Бадам сөздерін есітсеңіз тәбәрік. Шәкіртімін деп айтады, көңілінде жоқ шындығы, Шын шәкіртті сұрасаң, іші-тысы гәуһәр дүр, Хаққа аян сырлары, жемістері таза дүр, Арыстан Бадам сөздерін есітсеңіз тәбәрік! Сөйтіп, арамдық пен өтірік-өсектен, нәпсіқұмарлықтан жиіркенбейтін шәкіртсымақтарды ақын өлтіре сынай отырып, «ғарыштардың ұлығы, заты таза» Арыстан Бабты сондай пасықтарға үлгі етіп ұсынады [2]. Қожа Ахмет Ясауидің есепсіз көп хикметтеріндегі негізгі түйін: адам баласының жалған дүниеден бақилық өмірге өтудегі үмбеттік жолдың дұрысы мен бұрысын көрсету, Аллаға шын берілген құлдың іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Осы орайда оның, ең алдымен, қандай ауыр қиыншылыққа тап болсаң да, шыдамдылық, сабырлылық танытуға мән бергенін көреміз. Әулие бабамыздың айтуынша, әр іске төзімділік, шүкірлік етіп Құдайға жалбарыну, одан шапағат күту, дүние-мүлік, байлық үшін жанын жалдап, өтірік-өсекке ұрынбау тәрізді мәселелер күнәдан арылудың басты-басты талаптары делінеді. Сондай-ақ, ол адамның Аллаға деген сенімінің, ой-пиғылының тазалығына баса назар аударады. Осыдан барып Құдайға деген ықылас артып, мұның ақыры оған қалтқысыз берілген шын сүйіспендікке ұласады деп көрсетеді. Шын ғашықтықтың ұшына шыққандарын Алланың сүйген құлы – жарандар деп жүйелейді. Құдай жолына біржола бет қойған, соның азап-қиыншылықтарына бас қойған ғашықтықты ол ең қиын, машақаты мол жол деп бейнелейді. Қожа Ахмет Ясауидің кешірімділік, төзімділік туралы ой-пікір, тұжырымдарын жүйелеп әңгіме еткенде, оның «Рисала» атты еңбегіндегі мына бір қорытындыларына тағы бір рет назар аударып көрелік. Ол мұнда қай пайғамбардан нендей үлгі қалды деген мәселеге орай былай дейді: «Тәуба қылу Адам пайғамбардан, ғибадат қылу Ідірістен, зікір-сабыр Аюбтан, зікір ғаріптік Мұхаммедтен (с.ғ.с.) қалды, ал сыпайылық хазірет Сүлейменнен қалды», – деп жазады. Бұдан тыс мағрипат, шарифат, хақиқат, тариқат туралы баяндағанда әулие Құдай рахметінен үміт үзбеу, тәубаға келу, насихат алу, пақырларға пана болу, Хақты тануда шыдамды болу тәрізді мәселелерге ерекше мән береді. Сонымен қатар жүрек дерттерін баяндайды, адамның рухани кемшілігіне қатты мән береді. Бұл дүниетаным Исламдағы көптеген ғұламалардың еңбектерінде ұшырасады. Мәселен, имам Ғазали «Тіпті «жүрек

дерті жоқ» деген ұранмен бұл аурудың бар екені теріске шығарылды. Нәтижеде адамдар дүниені сүйюге, құлшылықты сырт көз үшін, рия амалдар жасауға ден қойды. Жүрек дерттерінің белгілері міне, осылар – дейді [3, 41]» Ғашық болу мен адамдар арасындағы ғашықтықты да әулие орнын тауып, екеуін астастыра, жалғастыра жырлайды.

Ондағы моральдық, адамгершілік тағылымын ол түркі қоғамы үшін аса қажет үлгі деп түсінді. Адам бойында кездесетін намыссыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, қулық пен зорлық сияқты келеңсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде мағыналы трактаттарын ұсынды, түрлі қарым-қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады.[4, 31б]

Ахметтің хихметтері адамның мінез – құлық нормаларын қалыптастыруға арналған. Автор адам мінезінің сан алуан жақсы–жаман жақтарын, мысал кейіпкерлері сияқты адамдарды оларды қоршаған ортасынан тани білуге, олардың мінез – құлық ерекшеліктерін зерделей білуге, сөйтіп өзіндік ой тұжырымдауға шақырады. Осы тақырыпты қарастыру барысында мен Ахмет Яссауи хикметіндегі тәрбиелік құндылықтарды тақырыптарына қарай, мағынасы мен берер үлгісі, түйініне қарай топтастырдым.

1. Елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақыратын, бірлікке, ынтымаққа шақыратын құндылық Аллаға деген сүйіспеншілік.

2. Адамдар психологиясымен сарындас шынайы махаббат.

3. Адамды жақсылық жасау, достыққа қиянат жасамау, өзінің мүмкіндігін пайдалану, әділетсіздікке қарсы тұру сынды қасиеттерге баулу.

4. Бұл дүниенің баянсыздығы мен мен ол дүниенің бақилығын салыстыру, адамгершілік, мейірім-шапағат, ізеттілік.

5. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық.

Ахмет хихметтері бірнеше қоғам өміріне қажетті ұлттық құндылықтарға тәрбиелейтін біршама тақырыптарды қамтиды. Хихмет мазмұнындағы ой-түйініне назар аудара отырып, оларды түрлі тақырыптарға бөліп қарауға болатынын байқадым.

Ахмет хихметтерінің өзіндік ерекшелігі ол өзіндік қорытынды ойлары кез-келген жас оқырманды өзінше қорытынды жаса, қандай ғибрат алдым, - деп ойлан деген әрекетке итермелеп тұрғандай. Мысал ретінде бірнеше хихметін көрсетіп кетсем,

Хихметтері	Хихметтерінің мазмұндық құндылықтары	Мақал-мәтелдер
Ғашықтық жол саған бастар, Бір және Бар, Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар. Қолым жайып дұға қылам, Ием Жаббар, Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.	Айтылған хихметтен өзімізге көп нәрсе түйе аламыз. Адамдар Алладан өзгеге ғашық болып кетті. Алланы білген және оған мойынсұнған адам ғана барлық қиындықты жеңе алады. Жақсылық көрсең де,	Адамның басы- Алланың добы.

<p>Ғашықтық – от. Басылмайды жанның шөлі, Ғашықтыққа бөгет емес таудың селі. Ғашық болмай танымаспын, Мәулім*, Сені, Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.</p>	<p>жамандық көрсең де адам баласына жасаған істерінен.</p>	
<p>Сөзді айттым кімдерге де етсе талап, Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап. Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап, Діні қатты халайықтан қаштым, міне.</p>	<p>«Жетім» деген сөз қазақ халқына жат, дегенмен қазіргі таңда қоғамдағы ең бір етек алып отырған өзекті мәселелердің бірі. Қай мұсылман баласы болмасын жетімдерге тиіспей, мейірімін көрсетуі керек.</p>	<p>Жерде жетім жыласа, әуеде періште тітіркенеді.</p>
<p>Ғашық жыры сыймас Достың сарайына, Жүмілә ғашық жылап барар пәнәйына. Жеті тозақ төзбес ғашық арайына, Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар. Шын ғашықты көрсет маған, сағынды жан, Ара кессе – Зәкәриядай тәлім қылам. Бәле келсе – Аюб құсап сабыр қылам, Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.</p>	<p>Ғашықтық– адамдардың бір-біріне сезім, рух жақындығын, ерекше сүйіспеншілігін білдіретін ұғым. Ол құмарлықтан өзге жол. Ғашықтықтың таза рухани сипаты бар, ол жаратылыстың ішкі мазмұны. Ғашықтық – адамның рухани қуатының өлшемі әрі көрінісі. Ғашықтық жақсы істер жасатуға бастама береді.</p>	<p>Махабб ат-өмір көркі</p>
<p>Ғашық базары – ұлық базар, сауда харам, Ғашықтарға жалғағай тек – тәуба- тобам. Дүние – харам. тек Өзіңнен сауға табам, Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.</p>	<p>Адам баласы бұл жалғанда көбіне-көп осынау қу дүниемен сыналады. Ендеше, аталмыш дүниеқұмарлықтың қай түрі болмасын мұсылманға жараспайтын жат қылық. Ал шынайы мұсылманға жарасатын іс - бұл дүниенің бар игілігін жақсылық жасауға, адамгершілікке, қиянат жасамауға, өтірік айтпауға арнау.</p>	<p>Абзал арын ойлайды, Надан дүниеге тоймайды.</p>

2-ХИКМЕТ. Пәруардигар

Ғашықтық жол саған бастар, Бір және Бар,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.
Қолым жайып дұға қылам, Ием Жаббар,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.
Ғашықтық – от. Басылмайды жанның шөлі,
Ғашықтыққа бөгет емес таудың селі.
Ғашық болмай танымаспын, Мәулім*, Сені,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.

Бұл жерде жиі кездесетін Пәруардигар сөзі – құдай, тағала деген мағынаны береді. Қожа Ахмет Яссауи өзінің хикметтерінде мұсылман болудың негізгі жолдарын, соның ішінде Аллаға деген сүйіспеншіліктің әрдайым адал болу керектігін айтып отырған. Осы екінші хикметтің де негізгі айтар ойы - Аллаға деген шексіз сүйіспеншілік, иман жолындағы пенденің шынайы сезімі. «Қолым жайып дұға қылам» - бұл жерде бабамыз жаратушыдан Аллаға деген сенімінің кір шалмауын, Аллаға деген ниетінің пәк болуын сұрайды. Мұсылманның бірден бір сыйынары да, сенері де, сұрайтыны да тек бір Алла деп айқындап тұр.

Ғашық жыры сыймас Достың сарайына,
Жүмілә ғашық жылап барар пәнәйына.
Жеті тозақ төзбес ғашық арайына,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.
Шын ғашықты көрсет маған, сағынды жан,
Ара кессе – Зәкәриядай тәлім қылам.
Бәле келсе – Аюб құсап сабыр қылам,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.

Әр пенденің алдында сан түрлі сын мен қиыншылықтар кездеседі. «Жеті тозақ төзбес ғашық арайына» - шын ғашық адам ешқандай қиыншылыққа мойымай, әрдайым жүрегінде тыныштық, жарқын өмірге деген үміт оты сөнбейді. Осындай сәттерде жаратушымызға деген сенімімізге күмән келтірмеуіміз керек. Бұл жерде аталған Аюб пайғамбар өзінің сабырлығымен, шыдамдылығымен ерекшелінген жан болған. Қандай қиындыққа тап болсам да, Аюб сияқты сабыр қыламын дегені де осы. Бірнеше жолдар сайын «Не қылсаң да ғашық қылшы» деген жолдар қайталанатынын байқаймыз. Осы арқылы бабамыз кез келген сынағына төземін, бірақ саған деген сеніміме қаяу түспейтіндігін айтқысы келгендей.

Ғашық базары – ұлық базар, сауда харам,
Ғашықтарға жалғағай тек – тәуба-тобам.
Дүние – харам. тек Өзіңнен сауға табам,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.
Ғашықтықты уағыз қылып жүре алмадым,
Нәпсім жеңіп, әміріңді қыла алмадым.
Надандықпен Хақ әмірін біле алмадым,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.

Ахмет хикметтерінің мағынасын, тәрбиелік мәнін қарастыру барысында төмендегідей мақал-мәтелдер автордың түйін сөзі ретінде сәйкес келетінін анықтадым.

1. «Жазмыштан озмыш болмас», «Адамнан тілеген арыды, Құдайдан тілеген жарыды»;
2. «Имаммен қаптап қойғандай», «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің»;
3. «Сыйға – сый», «Садаға бастан құлақ»;
4. «Жақсылықты басыңа қыл, Басыңнан асса – досыңа қыл»;
5. «Жалғаншыдан безе қаш, Жалақордан көше қаш»;
6. «Ойсыздың бәрі өркөкірек».

Хикметтердің мағынасын түсіне алсақ, зерттей білсек қазіргі заман пенделеріне айтылғандай насихат пен тура жолға бағыттайтын даналық сөздерін оқи аламыз. Қазіргі таңда жастарымыз үшін, еліміздің әр азаматы үшін, өсем, өнем деген әр пенде үшін елімізде жағдай жасалынып келеді. Шабам деген жігітке ат беріліп, жанам деген жүрекке от беріліп тұрған заман. Алайда, адамдар арасында соны бағаламай, дүниенің алтыны мен күмісіне қызығып, жемқорлық пен атаққұмарлықтың шырмауына байланып, құрбаны болып жатқаны қаншама. Осындай кезде тура жолдан адаспау үшін – жол көрсетер Алламыз бар. Істеген ісімізге адал бола болсақ, айтқан сөзімізге абай болсақ, ата-ананың бойымызға сіңірген адамгершілік пен имандылық, инабаттылық пен адалдық қасиеттеріміз жоғалтпай, Аллаға деген шексіз құрметіміз бен сеніміміз бізді биік белестерге апарары хақ.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Яссауи мұралары – тәуелсіз еліміздің іргесін шайқалтпай берік етіп ұстап тұратын рухани тіректің бірі екендігі даусыз және біз өмірден өз тетігімізді тауып, еліміздің бір мықты кірпіші болып қалануымызға жол көрсетері айқын.

Андатпа

Бұл баяндаманың негізі ретінде жеке тұлғаның қалпытасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен Қ.А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеу. Қожа Ахмет Яссауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үңілу. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра. Кілт сөздер: Қожа-Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, әдебиет, философия, хикмет.

Аннотация

В основу данного доклада положены научные выводы о состоянии личности, анализ, за основу, систематизация философских познаний К. А. Ясави с его воспитательной работой в обществе, духовно-нравственное воспитание, творческие исторические труды. Погружаясь в глубь учения Ходжи Ахмеда Яссауи, углубляясь в его значение для человечества и казахской литературы. Мудрость Ахмета Ясави, который не только является одним из представителей казахской литературы, но и впитал исламскую кровь в корни

духовной пищи, передавалась из поколения в поколение на протяжении тысячелетий. Ключевые слова: Ходжа-Ахмет Ясави, Дивани хикмет, литература, философия, хикмет.

ABSTRACT

Kazakh literature is not just a channel of one channel, but there is a result of several genres, works and thousands of fates. Today, the public is being used by smart people to continue the pedagogical mentality and practice of teaching and developing the mind in accordance with modern requirements. The basis of this article is the scientific conclusions about the person's personality, the analysis of spiritual moral education, education activities, Kayassawi's creative historical works in educational work in society, the systematization of philosophical knowledge. Deeply delving into the teachings of Khoja Ahmet Yasawi, it is worth concentrating on humanity and Kazakh literature. The wisdom of Ahmet Yasawi, which is not only a representative of Kazakh literature, but also the roots of spiritual food, is inherited from generation to generation for millennia.

Key words: Khodja-Ahmed Yassawi, Diwani Hikmet, literature, philosophy, wisdom.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1993 жыл.
2. Ясауи Ахмет. Диуани хикметтен сежмелер. Әзірлеген К.Ераслан. Анкара. 1991ж.
3. Әл-Афкар гинда әл-Газалий. – Байрут-Любнан: Әл-Мактаба әл-Арабия, 1983. – 242 б.
4. Құран хикаялары. Құрастырған Мұхаммед Ахмет Жадмолла. Алматы. 1992 ж
5. Кенжетев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 259б. Әділбек Шафиқ -“Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қызметк

Қ.А. ЯСАУИ МҰРАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Карамурзина Маржан Жолаубаевна
Астана қаласы «Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ-сінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, шебер-педагог, магистр

Мұсылман әлемінде аты әйгілі, орта ғасырлық сопылық әдебиеттің ірі өкілі, бүкіл түркі жұртын татулыққа, имандылыққа, ізгілікке, рухани тазалыққа үндеген ұлы әулие атанған Құл Қожа Ахмет Ясауи еді. Ясауиді жан-жақты тану, одан жүйелі түрде үйрену, онымен пікір таластыру және сұхбаттасу, оның

философиялық-этикалық ілімін одан әрі дамыту, жастарды оқушыларды оның гуманистік іліміне баулу және оны бүкіл Шығыс мәдениеті шеңберіне ұлы ойшыл ретінде зерттеу – бұл ғұлама атамыз Қожа Ахмет Яссауидің әлемдік философия классигі, тұлғасы, оның еңбектерінің бүкіл адамзат мәдениетінің рухани санасына қосқан үлесі екенін білдіреді [3, 87].

Қожа Ахмет Ясауидің “Диуани хикмет” (Даналық кітабы) туындысы негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған “Қазақ әдебиеті” пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасында 8-сыныптың I тоқсанында өткізу жоспарланған. Мақала барысында оқушыларды «білу мен түсіну» ойлау дағдысы деңгейінен «бағалау мен салыстыру» жоғарғы оқыту дағдысы деңгейіне дейінгі оқыту жолдары талданады. 8-сыныпта Қожа Ахмет Ясауидің “Диуани хикмет” (Даналық кітабы) туындысы бойынша өткізілетін алғашқы сабақта үлгілік оқу бағдарламасында берілген “Түсіну мен жауап беру” бөлімі бойынша әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау не болмаса әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу оқу мақсаттарының бірін алуға болады [2].

Бірінші сабақ болғаннан соң оқушылар Қожа Ахмет Ясауидің өмірі және “Диуани хикмет” (Даналық кітабы) жайлы ақпаратпен танысады, хикмет үзінділерін оқып талдайды. Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау оқу мақсатын жүзеге асыру үшін “хикмет” сөзінің мағынасымен таныстырып алған жөн. Ол үшін оқушыларға «Адамгершілік, имандылық, ұлттық болмыс» сөздерін қатыстырып хикмет сөзіне өздеріне анықтама бергізуге болады. Оқушылар өз болжамдарын оқи отырып, мұғалімнің тапсырманы орындап болған соң таратып берген ғалымдар пікірі бойынша өз пікірлерін нақтылайды.

Оқушылар автордың «Даналық кітабына» оқу мақсатына сай талдау жасау үшін төрт топқа бөліп, төмендегіше тапсырмалар жүктеледі.

Бірінші әдебиетшілер тобына:

Хикметтердің поэтикалық сұқбатқа (автордың өзіне, тыңдаушысына қарата жырлауы) жататынын түсіндір.

Жеті жаста Арыстан баб келді маған,

Хақ Мұстафа аманатын берді маған.

Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян,

Нәпсім өліп, тәңірі жолына түстім мен де.

Құрма беріп, мейірлене назар салды,

Сол заматта кеудемде бір шырақ жанды.

Еркелете шақырып қасына алды,

Мектеп барып, бек қуанып тұрдым мен де [1,23].

Автордың хикметтерде өмірінің әр кезеңін санамалап бергендегі мақсаты не?

✓Кемелдікке жету жолдарын баяндау;

✓Көркем сөзбен есеп беру;

✓Хикметтер – ғұмырнамалық өлеңдер.

Екінші тарихшылар тобына:

Қожа Ахмет Ясауи, Ақсақ Темір – тарихи тұлғаларымен Түркістан арасындағы байланысты түсіндір. Берілген хикметтерден тарихи кезеңге қатысты сөздер мен сөз тіркестерін, өлең жолдарын теріп жаз.

Үшінші этнографтар тобына:

Хикметтерден афоризмдерді теріп жаз.

Ясауи хикметтерінің маңызын түсіндір.

Төртінші лингвистер тобына:

Берілген хикметтердің көтерген тақырыбы мен идеясын анықта.

Иассауи тілінің сөздігін құрастыр.

Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу оқу мақсатын бойынша оқушыларға хикметтен үзінділер таратып, көтерілген мәселесі мен идеясына талдау жасату қажет. Мысалы:

Хикмет	Көтерілген мәселе	Идеясы
<i>Даналардың айтары келер болды, Қияметтің қиянаты төнер болды. Ақымақтар айқаймен жеңер болды, Бұл не деген замана болды, достар?</i> <i>Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті, Қыз-бозбала, жастардан әдеп кетті. Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті, Бұл не деген замана болды, достар?</i> [1,25]		

Сонымен қатар оқушыларға хикмет мазмұнын «ұстаным», «мүдде», «қажеттілік» формуласы бойынша жинақтатып, автордың “Бұл не деген замана болды, достар?” деген сұрағына түйінді пікірлерін сұрауға болады.

8-сынып оқу бағдарламасының “Түсіну және жауап беру” бөлімінде “көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану” деген оқу мақсаты да бар. Бұл мақсат та бірінші тоқсанда қарастырылады. Оқушылардан ақынның адамгершілік, ізгілік туралы ойларының өзектілігі жайлы көзқарастарын сұрау және берілген хикметтерді өз көзқарастарын дәлелдеу үшін пайдалануды тапсыру жұмысы оқу мақсатына сай тапсырма болмақ. Барлық мақсатты алу міндет емес, біріктіріп алуға болады не болмаса екеуін қарастырса да жеткілікті.

I тоқсан бойынша 8-сынып оқу бағдарламасының “Анализ мен интерпретация” бөліміндегі “Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу” деген оқу мақсаты бойынша оқушыларға хикметтерді қарасөзге айналдырып жаздыруға немесе Ясауи монологын жаздыртуға болады. Ал “Анализ мен интерпретация” бөліміндегі “Автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау” деген оқу мақсаты

бойынша тапсырмаға тоқталатын болсақ:

Хикметтерден автор сынаған қасиеттерді тап. Кластер құрастыр. Құрастырған кластердегі автор сынаған кейіпкерге қарым-қатынасын дәлелдейтін өлең жолдарынан мысал жаз.

Автор сынаған қасиет	Дәлел болатын сөз тіркесі	Мағынасын ашу	Сөз қолданысы
Дүниеқоңыздық	“Дүние-дүние” дей берме, бір Алла болсын айтарың, Кісі ақысын жей көрме, ысырт көпір бар, байқағын... [1,26].		

Кестені толтыра отырып, автор бейнесіне талдау жаса. Осындай тапсырмалар жүйесі оқушылардың әдеби туындыны өз беттерінше талдап, туынды мағынасын барынша түсінулеріне мүмкіндік береді.

Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау оқу мақсаты бойынша тапсырма түрі:

Хикмет (оқулықта берілген) құрылысына талдау жаса. Хикметке тән басты ерекшеліктерді анықта. Хикмет құрылысына талдау жасау арқылы шығармадағы көркемдегіш құралдарды да анықтай алады.

Кестені толтыру арқылы хикметтердің стиліне тән тілдік ерекшеліктерді анықта. Берілген үзіндінің көркемдік сипатын талда.

Араб-парсы тілінен енген сөздер	Діни сөздер	Синонимдер	Ауыспалы мағыналы сөздер	Афоризмдер

8-сынып оқу бағдарламасының “бағалау және салыстыру” бөліміндегі шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру мақсаты бойынша тапсырма үлгісі:

Үзіндіні оқы. Өлең жолдарындағы материалдық пен рухани құндылықтарды анықта. Қазіргі заманда өзекті ме? Тұжырымды ойыңды жаз.

Материалдық құндылық	Рухани құндылық	Менің тұжырымды ойым

Бұл тапсырманы оқушыларды төрт топқа бөліп, төрт топқа әртүрлі хикмет үзінділерін алып орындатса болады. Тапсырманы орындамас бұрын құндылық пен оның түрлері туралы ақпаратты талдап алған жөн.

“Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау” деген оқу мақсатын жүзеге асыру үшін алдымен «Диуани хикмет» шығармасында насихатталатын адамгершілік құндылықтарға талдау жасау тиімді.

адалдық	имандылық	жақсылық	парасаттылық	достық
Хикметтерінен мысалдар				

Содан кейін төмендегі тапсырмаларды орындату арқылы оқу мақсатына жетуге болады: Хикметтердің тақырыбы мен идеясын Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстыр.

Авторы	Тақырыбы	Идеясы
<i>Ясауи</i>		
<i>Абай</i>		

Ясауи хикметі мен Абай өлеңінің көркемдік ерекшеліктерін бағала.

Көркемдік ерекшеліктері	Иассауи хикметі	Абай өлеңі
<i>Теңеу</i>		
<i>Эпитет</i>		
<i>Метафора</i>		
<i>Риторикалық сұрау</i>		
<i>Қайталау түрлері</i>		

Ясауи хикметтерімен үндес Қорқыт ата нақыл сөздерін тауып, кестені толтыр.

Ясауи хикметі	Қорқыт ата нақыл сөзі	Тақырыбы	Идеясы

Екі оқу мақсатының бірін тандап орындаған соң, келесі сабақта оқушыларға әдеби эссе жазғызу тапсырылады. Оқушылар эссе жазуда алдыңғы сабақта алған білімдерін қолдана алады. Эссе жазуға бағытталған оқу мақсаты: шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу. Оқу мақсатын жүзеге асыру үшін гуманизм сөзінің мағынасын ашып көрсету керек, одан кейінгі тапсырма шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын ашуға бағытталған жөн. Оқушылар талдау жүргізгеннен кейін ғана эссе жазуға тақырып беріледі. Эссе жазуға ұсынылатын тақырыптың бірі:

Ясауи хикметтерінің көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жаз.

Жалпы, сабақ барысында оқушылар хикметті өздері оқып, талдау жасау арқылы өз бетінше меңгереді, пікірін білдіреді, ой қорытады, баға береді. Бұдан шығатын қорытынды: білім алушы – қоғамда жаңа идеяларға талпынып, өмірдің мәнін іздеуде өз білімін кеңейтуге талпынатын тұлға. Білім алушылардың білім алуына ата-ананың, мұғалімдердің, достарының ойы, қоғамдық ақпарат құралдары, оқыған кітаптары әсер етеді. Білім олардың құндылықтарының дамуына ықпал етеді. Сондықтан білім алушылардың бойында тұлғалық құндылықтарын дамыта отырып, қазіргі өмірге сай бейімдеу, заманға сай өзгере алуына жағдай жасау мұғалімнің міндеті болмақ. Ал Қ.А. Ясауи еңбегі – тәрбиелік мәні зор құнды әдеби туынды.

Аннотация. Мақалада Қ.А. Ясауидің хикметтерін мектепте оқытудың әдістемесі туралы мәселе қарастырылады. Үлгілік оқу бағдарламасында берілген Қ.А. Ясауидің хикметтерін оқытуға бағытталған оқу мақсатына сәйкес тапсырмалар жүйесі талданады. Мұғалімнің жинақтаған іс-тәжірибесі сөз етіледі.

Тірек сөздер. «Диуани хикмет», оқу мақсаты, тапсырмалар жүйесі, құндылық

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о методике преподавания хикметов К. А. Ясави в школе. Анализируется система заданий в соответствии с учебной целью, направленной на обучение хикметов Х. А. Ясави, представленных в типовой учебной программе. Речь идет об опыте, накопленном учителем.

Ключевые слова. "Дивани хикмет", цель обучения, система заданий, ценность

Annotation. The article considers the question of the teaching methodology of K. A. Yasavi Hikmetov at school. The system of tasks is analyzed in accordance with the educational goal aimed at teaching Hikmetov H. A. Yasavi, presented in the standard curriculum. We are talking about the experience gained by the teacher.

Keywords. "Divani hikmet", the purpose of training, the task system, the value

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/ С.Дәрібаев, Г.Орда, А.Сатылова .– Алматы: Мектеп, 2018 – 176 бет
2. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
3. Философия. Мырзалы С. – Алматы: «Бастау», 2010.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТИҢ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫН ЖАНДАНДЫРУДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Карыбаева Гульнар Сапаровна

Астана қаласы әкімдігінің

«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы

№11 мектеп-лицей» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Бісміллә» деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен «дәптер сәни» сөзін аштым, міне, -
деп тіпті 930 жыл өтсе де өміршендігін жоймаған, барша түркі қауымы бас иіп
құрмет тұтқан түркістандық ғұлама, қожалар әулетінен шыққан Қожа Ахмет
Ясауи әулие бабамыз өзінің бірінші хикметінің алғысөзінде шәкірттерге дүр

мен гауһардай баға жетпес хикметтер жеткізуді өмірлік мақсат-мұратына айналдырғанын көреміз.

Мақалама арқау болып отырған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кім екендігін көпшілік қауымға таныстырудың еш қажеті жоқ деп есептеймін. Олай дейтін себебім, әйгілі бабамыздың мүбәрак есімін, кім болғандығын білмейтін жан кемде-кем болар, бәлкім?!

Ал енді мақаламның басты тақырыбында көрсетілген мемлекет қайраткері, этнограф, тарих тарланы, бар саналы ғұмырын елінің ертеңі, жұртының қамына арнаған тау тұлғалардың бірі Өзбекәлі Жәнібек атамыздың Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жандандырудағы қосқан баға жетпес үлесін біреу білсе, біреу білмес...

«Түркістан, ондағы Әзірет Сұлтан кесенесі қазақ тарихының ең қасиетті жерінен саналады. Бұл — біздің ең жанды жеріміз. Соған қарамастан, білетіні бар, білмейтіні бар — талай адам араласып, қасиетті Түркістанның тағдырын дұрыс шеше алмай келеді. Қалай дегенде де біз бұл күрделі мәселеге аса сақтықпен қарауымыз керек», - деп Өзбекәлі Жәнібек атамыз өзі ерекше құрмет көрсетіп, қасиет тұтқан тарихы тереңде жатқан еліміздегі аса құнды жәдігер, сәулет өнерінің керемет туындысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жандандыруға қосқан үлесі зор.

Осы тұста «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының авторлары С.Керімбай мен Ә.Нәби ағаларымыздың Өзбекәлі атамыздың қасиетті орын Ясауи бабамыздың кесенесін қайта қалпына келтірудегі, мәдени мұрасын жандандырудағы атқарған екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерен ерлігін дүйім жұртқа паш етіп, жан-жақты жалпақ тілмен жеткізген мына бір тарихи деректерді тарқатып жаза кетуді жөн көрдім: «Өзбекәлі-оңтүстіктің жігіті. Өзі Отырар төбеде туып, Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесін бала кезден көріп өскен. Бір атасы әулиенің басына жерленген. Осындай қасиетті мекеннің совет кезінде қалай қорланғанын жақсы біледі. «Сыртқы байланыстар» бөлімі оған тамаша мүмкіндік берді. Ясауи кесенесінің іші-сыртын құм басып, жарықсыз тұрған. Арыстат баб қараусыз қалып, күмбезі құзданып кеткен. Оларды жөндеуден өткізу мүмкін емес еді. Кесенеге жолап кетсең, басың пәлеге қалады...».

Аңғарып қарасаңыздар, сонау қылышынан қан тамған Кеңестік тоталитарлық қоғамның тар құрсауына қарамастан киелі кесенені қайта қалпына келтіруі, талай ұрпақ ауысып, тіпті көзден кетіп, көкіректен ұмытыла бастаған қасиетті тайқазанымызды тарихи орнына қайтаруы, өзінің саналы ғұмырын қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғырту, дамыту ісіне арнағаны баршамызға үлгі боларлық ерен еңбек деп айтсам, артық айтқандығым емес деп ойлаймын.

Ары қарай жоғарыда келтірілген оқырманға берері мол мазмұнды кітаптан Өзбекәлі атамыздың тіпті төл тарихымызды тануға тыйым салынған сонау бір алмағайым заманның өзінде тума тарихына, есімдері ел есінде мәңгілікке сақталған ұлы тұлғаларына деген құрметін көріп, тәлім аларыңыз сөзсіз. Бұл жайлы Рахия Жүзбаеваның мына естелігінен байқаймыз: «Бір күні Ясауи кесенесіндегі құлпытастарға идентификация жасадық. «Мынау пәленше ханның тасы, ал анау Абылай ханның тасы»,-деп Өзбекәлі хатқа түсірді. Сол

кезде мен: -Ағай, бастықтар «Абылайханның құлпытасын бадырайтып көрсетпе, бұл-саяси қателік» деп жатыр,-дедім. Сонда Өзбекәлі: -Қарағым, ханның құлпытасын қаранікі деп айтып, тарих алдында қарабет болар жайымыз жоқ. Қорықпай атымен атау керек,-деп жауап берді».

Сондай-ақ аталған кітапта оны Ясауи ілімін алғаш зерттеушілердің бірі деп танысақ та қателеспейміз дейді. Оған дәлел ретінде атамыздың 1976 жылдан бастап «Диуани хикмет» кітабын іздей бастағанын келтіреді. Тіпті киелі кесенені зиярат етіп келушілер, шетелдік қонақтарға баба мұрасы, оның тарихымен таныстыру, жан-жақты таныту мақсатында өзі тікелей мұрындық болып ашқан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне арнайы экскурсовод тағайындауы да баба мұрасын жандандыруға қосқан зор үлесі емес пе?!

«Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының авторы Санжар Керімбай: «Өзбекәлінің және бір үлкен ерлігі – Тайқазанды қайтарды. Өзбекәлі болмаса Ясауи кесенесінен Тайқазанды көру бақыты бізге бұйырмас еді...», - деп тарихи жәдігердің елге қайтуына тікелей себепкер болған Өзбекәлінің ерен еңбегін ерекше атап өтеді.

Араға 54 жыл салып, 1989 жылдың 18 қыркүйегінде Тайқазан тарихи отанына қайта оралды. Бұның бәрі – Өзбекәлі Жәнібектің жанқиярлық еңбегі.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесін музей етіп құруда, қазақ мәдениеті, салт-дәстүрі мен музей саласын дамытуда өзіндік қолтаңбасын қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібектің кесенедегі Тайқазанның Санкт-Петербургтің Эрмитаж музейіндегі көрмеден елге оралғанша қаншама тар жол тайғақ кешкенін бағамдай беріңіз...

«Түркі жұрты бас иген Құл Қожа Ахмет Ясауи бабамыз және игі жақсылар мәңгілік ұйқыға кеткен кеткен қасиетті де тарихи жердің мұраларын сақтап қалуда Өзбекәлі Жәнібековтің де қосқан үлесі мол. Тайқазанның елге оралу тарихынан да ел хабардар. Тайқазан – Түркістанның символына айналған ең құнды жәдігеріміз. Бүгінгі таңда, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорында Жәнібеков есімімен байланысты көптеген жәдігерлер бар. Музей қызметкерлері ел тұлғасын құрмет тұтып, қашан да әруағына бас иеміз», - дейді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Қадырұлы.

Нар тұлғаның «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының құрылуына ұйытқы болып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынылуына мұрындық болуы — ел болашағы үшін жасалған ұлы іс.

«Өзекең өзіндік ізі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомданып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталды» деп жазған екен академик Манаш Қозыбаев. «Оның халыққа сіңірген ерекше еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек. Ол – киелі адам» – деп бағалапты Шерхан Мұртаза. Біле білсек, осыдан артық Өзағамыз жайлы не айтуға болады?!

Ал енді жоғарыда айтылған Өзбекәлі Жәнібеков атамыздың түбі бір бар түркі халқы кие тұтқан қасиетті бабамыз Қожа Ахмет Ясауи мұрасын

жандандыру жолында атқарған ерен істерін біздер, яғни, ұстаздар қауымы алдымызда отырған жеткіншектердің жетесіне жеткізіп, санасына сіңіру ең басты мақсаттарымыздың біріне айналдырмақ қажет дегім келеді. Осы орайда З.Қабдоловтың: «Адамнан азамат шығаратын, баладан дана жасап шығаратын күдіретті күш – ұстаз еңбегі. Өзінің уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау ұстазға ғана тән. Өзбекәлі Жәнібеков арда туып, өмірде арман қуған жан. Адамдардың неге қабілеті бар, соны өсіруге күш-жігерін жұмсаған жан, өнер жанашыры» деген пікірі еріксіз еске оралады.

Атап айта кетсем, мектебіміздің ұжымы, ата-аналар, білім алушыларына қайталанбас өр тұлғамыз Өзбекәлі Жәнібек атамyzдың болмысын, елінің ертеңі үшін атқарған ерлік істерін жан-жақты таныту мақсатында жоғарыда өзім атап өткен құнды кітап авторының бірі, Өзбекәлідей тарлан тұлғаны қайтсем де халқымның санасына жеткізіп, «мәдени майданға» жол көрсетемін деп тынбай еңбектеніп жүрген Санжар Керімбай ағамен мектебіміздің инстаграмм парақшасында тікелей эфир өткіздім. Осы арқылы тыңдарман қауымға мектебімізге атауы берілген тарлан тұлға Өзбекәлі атамyzдың елі үшін атқарған ерен істерін Санжар ағаның өз аузынан естіртіп, үлгі тұтарлықтай деңгейге жеткізуге тырыстым және мына бір Абирова Жанатгүл есімді тыңдарман жазған пікірден – ақ, расымен де, Санжар ағамyzдың баршаға берері мол құнды сұхбат жүргізгенін, эфир жүргізудегі түпкі мақсатымыздың еш кетпегенін аңғардық десек, артық айтқаным емес деп есептеймін: «Тамаша эфир. Құндылыққа бас ұрған мектеп басшысы мен ұжымына бас иемін. Рухани дүниеге шөлдеген пенделерміз ғой, әңгіме-дүкенге бас қойдық, енді тек «Алға!» десек, Өзбекәлі Жәнібеков атамyzдың өмір жолы мен ұстанымы сан адамға болашақта бағдаршам болары хақ!».

Сонымен қатар, Өзбекәлі атамyzдың есімімен аталатын қара шаңырақ мектебімізде Өзбекәлі Жәнібек атамyzдың баласы Ниетжан ағамен, атамyzдың көзін көріп, тәрбиесін алған актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Мұхтархан Сәдуақасұлы Манап, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің басқарма төрағасы қызметін атқарған Ғалым Байназарұлы Байназаров, Қазақстан Республикасы Президенті іс басқармасында қызмет атқарған Болатбек Жұмабекұлы Ысқақов, саяси ғылымдарының докторы, профессор Бәкір Қошқарұлы Әбдіжәлел сияқты тұлғалармен тәлімі мол «Ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді...» атты мектебіміздің ұжымы мен білім алушыларының санасына атамyzдың елінің ертеңі үшін еткен ерен еңбегін таныту мақсатында кездесу ұйымдастырып өткізіп, атамyzдың тікелей ұрпағы Ниетжан ағаның, көзін көрген тұлғалардың өз ауыздарынан атамyz жайлы құнды естеліктер мен өмірдеректі, Қожа Ахмет Ясауи бабамyzдың кесенесін қалпына келтіру, тайқазанды қайтару жолында еткен қажырлы еңбегі жайлы естіртуіміз тарихи тәлімі мол, келер ұрпаққа берері мол есте қаларлық кездесу болды деп ойлаймын.

Сондай-ақ, мектебімізде өткізілген «Көрнекті қайраткер Өзбекәлі Жәнібектің мәдени мұрасы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясына басыныптағы білім алушым Какимова Айханым қатысып, Өзбекәлі атамyz атқарған маңызды істерді баса көрсетіп жазып, Өзбекәлідей өр тұлғаның

атымен аталатын мектепте оқитынын мақтаныш етуі де менің күнделікті сабақтарымда жүргізген жүйелі жұмысымның жемісі деп ойлаймын. Оны мына Айханымның баяндамасының үзіндісінен де көруге болады: «...Өзім білім алып жатқан білім ордасына атауы берілгеннен кейін «Өзбекәлі Жәнібеков деген кім екен?» деген сұрақ туындап, қызығушылығым оянып, түрлі ақпарат көздерінен мағлұмат жинап, іздене бастадым. Өз еліміздің тарихын, танымал тұлғаны танысам, білсем деген құштарлығым арта бастады... Атап айтқандай, тұлғаны танысам деген құлшынысым, жан-жақты ізденісім көп күттірмей өз нәтижесін берді...

...Өзбекәлі Жәнібеков атамыз барша түркі әлемі өз тұтатын киелі Ахмет Яссауи бабамыздың кесенесін қалпына келтіруге, қасиетті тайқазанның қайтарылуына зор үлес қосқанымен таныстым.

Өз басы әр ауылды аралап жүріп тарихи жәдігерлерді, көптеген діни, тарихи кітаптарды жинап, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорын едәуір толықтырған екен...

Ойымды қорыта келе айтсам, жан-жақты ізденуімнің арқасында мектебімізге атауы берілген Өзбекәлі Жәнібековтің кім екенін танып білдім, елі үшін атқарған ерен еңбектерімен таныстым, ізденіп білімімді шыңдадым, ұлы тұлғаның халқы үшін атқарған өнегелі істерінен тәлім-тәрбие алдым, танымал тұлғалардың есімдерімен білім ошақтарын атаудың тәрбиелік маңызы зор екендігін түсіндім, тарихи тұлғаны тану арқылы өзім білім алатын мектебіме деген мақтаныш сезімім оянып, сүйіспеншілігім артты дегім келеді».

Сондай-ақ, 6-сыныптың «Қазақ тілі мен әдебиеті» кітабындағы «Түркістан-киелі мекен» тақырыбын жан-жақты талдап, түрлі белсенді әдіс-тәсілдер қолданып өткеннен кейінгі білім алушым жазған ойтолғауынан да сабақтың берерлік тәрбиелік мәні зор болғандығын, алға қойған мақсаттың еш кетпей орындалғандығын аңғаруға болады: «Тарих пәнінің мұғалімі Алмас Жәнібекұлына маған Қожа Ахмет Ясауи кім екенін, ал қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Гульнар Сапарқызына маған Өзбекәлі Жәнібековтің кім екенін үйреткеніне рақмет айтамын.

Қожа Ахмет Яссауи – Орта Азияның философы, ислам уағызшысы, сопы ақын. Оның құрметіне Түркістанда кесене салынды. Кесенеде белгілі тайқазан бар.

...Мен бір адамды еске алдым. Ол кесенені қалпына келтіру мәселесін көтерді... Ол болмаса ше? Тарихи және мәдени ескерткіштермен не болар еді? ...Менің ойымша, егер кесене сөйлесе: «Уайымдағаныңызға көп рақмет!»-деп айтар еді!...».

Білім алушылардың осындай ойтолғауы жас жеткіншек санасына сіңіріп жатқан ұлттық құндылықтарымыздың еш кетпей, өз нәтижесін бере бастауы дегім келеді.

Ойымды қорытындылай келе, Құлбек Ергөбек ағамыздың мына айтылған құнды пікірімен аяқтағым келеді: «Өзекең әрдайым халықтың мұң-мұқтажын, өткен тарихы мен мәдениетін түгендеді. Ол Арыстанбаб, Әзірет Сұлтан т.б. әулиелерді демеді, әулиелер оны жебеді. Қарапайымдылығы мен іскерлігі халықтың мәңгі жадында қалды. Торғай облысына қызметке барғанда жоқтан

бар жасады. Атқорадан драма театрын, қоймалардан мұражай, «Торғай әуендері» этнографиялық ансамблін жасақтады. Қазақ ССР-нің Сыртқы саясат бөлімінің де жұмысын дұрыс жолға қоя білді. Қазақ жастарына шет мемлекеттерде білім алуға үлкен мүмкіндіктер жасады. Өзекең жайында таңнан таңға дейін естеліктер айтуға болады»...

Аңдатпа

Мақаламның басты тақырыбында көрсетілген мемлекет қайраткері, этнограф, тарих тарланы, бар саналы ғұмырын елінің ертеңі, жұртының қамына арнаған тау тұлғалардың бірі Өзбекәлі Жәнібеков атамыздың Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жандандырудағы қосқан баға жетпес үлесін өскелең ұрпаққа жеткізу басты мақсат болып есептеледі. Ұлт тағдыры үшін ұлы тұлғалардың атқарған ұлағатты істерін жас жеткіншектерге жеткізу қашан да болсын өзектілігін жоймайтын маңызды істердің бірі деп есептеймін. Ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ санасына сіңіру әр ұстаздың міндеті екенін әрқайсымыз сезініп, жан-жақты жұмыс атқаруымыз қажет дегім келеді.

Аннотация

Главной целью статьи является донести до подрастающего поколения неоценимый вклад государственного деятеля, этнографа, историка, одного из самых сознательных деятелей страны Узбеки Жанибекова в возрождение наследия Ходжи Ахмеда Ясави. Я считаю, что донести до молодежи великие дела, совершенные великими людьми ради судьбы нации, – это одно из важнейших дел, которое никогда не потеряет своей актуальности. Я хотела бы сказать, что каждый из нас должен осознавать, что долг каждого учителя – внедрять в сознание поколения наши национальные ценности, вести комплексную работу.

Annotation

The main goal of the article is to convey to the younger generation the invaluable contribution to the revitalization of the legacy of our grandfather Kozha Ahmet Yasawi, a statesman, ethnographer, historian, one of the mountain personalities who devoted his whole conscious life to the future of his country, to the care of his people. I believe that it is one of the most important things that will never lose its relevance to convey to young people the great deeds done by great people for the destiny of the nation. I want to say that each of us should realize that it is the duty of every teacher to inculcate our national values in the mind of the generation and do comprehensive work.

Библиографиялық тізім:

- 1.ДИУАНИ ХИКМЕТ (ХИКМЕТ ЖИНАҒЫ) / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «Ғылым» баспасы. 2016.
- 2.Өзбекәлі және мәдени майдан: Отбасы хрестоматиясы, С.Керімбай, Ә.Нәби – Алматы: «Отбасы» Баспа үйі, 2023ж.
- 3.<https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=3&id=13856>

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Келес Рая

Қазақ тілі және әдебиет пәнінің
мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қожа Ахмет Яссауидің адамгершілік, имандылық тәлім-тәрбиесі, ағартушылық қызметі, шығармашылық тарихи еңбектері, философиялық танымдары, руханияттың тамырына ислам қанын сіңірген даналығы-оның болашақ ұрпаққа қалдырған мұрасы, біздің- ұлттық байлығымыз. Осы ұлттық байлығымызды ата-бабаларымыздың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстырып әр баланы дамытуға, талантын ашуға, қабілетін шыңдауға пайдалануымыз керек. Жалпы жан-жақты, көкірегі ояу, саналы азаматты тәрбиелеу -ұзақ әрі күрделі үдеріс. Сондықтан жаһандану заманында бұл мәселе өткір қойылып,өз шешімін табуды қажет етіп отыр. Аталмыш мәселені шешуде көптеген даналар мен ғалымдар өз үлестерін қосқан. Негізінде балаларды саналы тәртіпке тәрбиелеу ісі – оқыту процесімен бірлікте жүргізіледі. Мұны атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Кім жақсы оқыта білсе, ол тәртіпке де бағындыра біледі» деген ұлағатты сөзінен аңғаруға болады. Сондай-ақ М.Жұмабаев «Педагогика» атты ғылыми еңбегінде «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» деп түйін жасайды. Ал ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», -деп ой түйген. Демек, бала өміріне қажетті тәлім-тәрбие ата-ана арқылы отбасында және мектепте қаланады. Қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың «тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару»- дегендей заманына лайық тұлға тәрбиелеуде Қожа Ахмет Яссауидің мұралары көмектесері сөзсіз.

Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мектепте жағдай өзгеруде: оқу және тәрбие процесінің құрылымы мен мазмұны, мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары, олардың өзара қарым – қатынасы, сабақтың ұйымдастыру формалары мен өткізу технологиясы, көптеген оқу пәндерін оқытудағы жаңа көзқарас, сонымен қатар сыныптан тыс тәрбие жұмысы. Яғни, педагогикалық әрекеттегі үшбұрыш – мұғалім – оқушы – ата-анаға қатысты жағдай да жаңа демократиялық қарым - қатынасқа ие болуда. Атап айтсақ, қазіргі «Оқуға құштар мектеп», «8 минуттық оқу» жобалары аясында атқарылған іс-шаралар. Осы жобалардың аясында мұғалім, ата-ана, оқушымен бірігіп Ахмет Ясауи шығармаларын оқып талдасақ және оқыту мен тәрбиелеуде, отбасында, мектепте бірігіп Ахмет Ясауи шығармаларындағы қағидаттарды ұстансақ- бала тәрбиесінде ұтарымыз көп болады.

Қожа Ахмет Яссауидің еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән, тәрбие бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қарасақ та, әлеуметтік, тіл және де

тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері кең қарастырылған. Сондықтан ғалымның мұраларын балаларға түсіндіре, ұқыптылықпен талдау отырып оқыту маңызды.

Әлемде әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады. Ислами құндылықтар- ақыл-нақыл екендігі әммеге аян. Ахмет Ясауи үшін құдай жолы дегеніміз адамның рухани кемелдікке жол алып, адамның адамдық қасиеттерімен өмір сүруі. Ал адами қасиеттер иман жүзінде көрініс табады. Иман дегеніміз адамның өмір сүру амалы.

Иман болды Хақ тағала тағатынан,

Кешпек керек бұл дүниенің рахатынан-дегендей имандылық Алладан пайда болғандықтан, рух әлеміне тиесілі құбылыс.

«Дүниеқор малға тойып секіреді,
Астамсып аспан тірер көкірегі...»

«Дүние менікі дегендер-малға иманын сатқандар,

Құзғын құстай нәжіске белшесінен батқандар»-деп нәпсіге құл болған адамның ізгі істерден, жақсы амалдардан алыс болатынын ескертеді. Дүниеқоңыздықтың кез келген пендені орға жығатынын, қайырымды болуға, жоқ-жітіктерге көмек беруге шақырады.

Халайықтан мейірім мен рақым кетті,
Момынға телі-тентек зақым етті.

Тал түсте талапайда ақыл кетті,

Бұл не деген замана болды, достар?-деп заманның азғанына, адамгершілік пен мейірімділіктің жоғалып бара жатқанына күйінеді. Адамдардың паракорлығын әшкерелеп, жағымсыз әдеттерді сынайды. Азғындыққа түсуі, ғылым мен білімнің жоғалып бара жатқанына ашынады.

Ахмет Ясауидің шығармаларына ата-аналардың, балалардың қызығушылығын туғызуға, талдауға арналған тапсырмаларға кезек берейік.

”Tarsia”әдісі,яғни пазл жинау ойыны

1.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі нені насихаттайды?

Рухани жетілу, даналық игеру жолын өрнектеген.

2. Ясауи «Диуани хикметте» қандай өсиет айтады?

Адам баласының нәпсісін тізгіндей білуі, өмірдің мәні туралы тұжырым жасайды.

3. Рухани жетілу үшін не істеу керек?

Білім игеру керек.

4.Нәпсіге құл болған адам- қандай адам?

Ізгі істерден, жақсы амалдардан алыс адам.

5. Қандай адам халқына адал қызмет ете алмайды?

Нәпсісін тыя алмаған адамдар.

6. «Диуани хикмет» халыққа қандай тәрбие береді?

Жағымсыз әдеттерден арылу, кемел адам болуға шақырды.

7. «Дүние менікі дегендер» қандай адамдар?


Малға иманын сатып, нәжіске батқан адамдар.

8. Өлеңдерінде ақын неге күйініп, қапаланады?

Адамгершілік, мейірімділіктің жоғалып бара жатқанына күйінеді.

9. Шығармадан автордың өмірлік мақсатын көре аламыз ба?

Автордың өмірлік мақсаты-халқына адал, кемел адам болу.



2. «Қазына іздеу». Қазына ретінде автор бейнесін айқындайтын өлең жолдарынан үзінділер беріліп, қандай құндылықтар дәріптелгенін дәлелдеп, шығармадағы кейіпкердің жиынтық бейнесін анықтайды.

3. «Конверттегі сұрақ»

2-3 сұрақ жазып конвертке саламыз. Әрқайсысына екі минут беріледі. Оқушы стикерге атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі. Стикерлерді жинап, бірнеше жауап дауыстап оқылады, сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды.

Қорытындылай келе, білім алушыларға рухани тәрбие беруде, олардың рухани кемелдік қағидаларын, адамгершілік құндылықтарын меңгеруіне Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының орны ерекше. Сондықтан оқу- мен тәрбиеде, сыныптан тыс және ата-анамен бірлескен іс-шараларда Қожа Ахмет Ясауи тағылымдарын пайдаланып, шығармаларын кеңінен насихаттап, түрлі іс-шараларда пайдаланудың ұрпақ тәрбиесіне тигізер пайдасы зор.

Аннотация

Мақалада сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының тәрбиелік мәні туралы айтылған. Әулиенің тіршілігі, ізгілігі, киелі істері, біліктілігі- ұрпаққа үлгі.

Шығармаларындағы адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы этикалық-дидактикалық тұжырымдар - бала тәрбиесіне таптырмайтын құрал. Сондықтан мақалада қазіргі «Оқуға құштар мектеп», «8 минуттық оқу» жобалары аясында мұғалім-ата-ана-оқушымен шығарма оқып талдаудағы әдіс- тәсілдер көрсетілген.

Кілт сөздер:сопылық,рухани ұстаз,этикалық-дидактикалық

Аннотация

В статье рассматривается воспитательное значение трудов основателя поэзии суфизма, духовного наставника всех мусульман Востока, мыслителя, религиозного деятеля Ходжа Ахмета Яссави.

Такие главные постулаты его учения как призывы к милосердию, к добру, удовлетворения малым, проповедования духовно-нравственного очищения являются необходимым средством для воспитания подрастающего поколения.

С этой целью в статье показаны методы взаимоотношений учитель-родители-ученик в работе над проектами «Читающая школа» и «8 минутное чтение».

Annotation

In the article, the great thinker, religious figure Khoja, who was the founder of Sufi poetry, the spiritual teacher of all Muslims.

The educational value of the works of Ahmed Yassawi is mentioned. The life, goodness, holy deeds and qualifications of a saint are an example for posterity.

Morality, satisfaction, humility in his works, ethical and didactic conclusions on generosity - an indispensable tool for a child's education. In the article, teachers-parents within the framework of the current projects "School eager to learn", "8-minute reading- the reader shows the methods and techniques of reading and analyzing the work.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. Мектеп, 1992-122б.
2. Жармұхамедұлы М., М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998ж.
3. Қожа Ахмет Яссауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001ж.
4. Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. Алматы. «Рауан», 1990.
5. Қыраубаев. А. “Ежелгі әдебиет” Астана, 2001ж.
6. Келімбетов. Н. “Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі” Алматы, 1996
7. Нұрғазы Нұрболатұлы «Қожа Ахмет Ясауи - Хикметке толы бір ғұмыр»
8. Ұ.Т.Тәшкенбаева «Қ.А. Яссауи еңбектерінің философиялық және тәлім-тәрбиелік мәні»
9. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
10. <https://zhasalash.kz/news/qozha-ahmet-yasaui-turaly-ne-bilemiz-21532/>

ПСИХОЛОГИЯ И СУФИЗМ (НА ПРИМЕРЕ УЧЕНИЯ КОЖА АХМЕДА ЯССАУИ)

Кожанова Гульмира Кабиденевна
психолог школы - гимназий №49
имени Кошке Кеменгерулы

Проблема формирования поведения человека в обществе изучается давно, ввиду своей актуальности в современном мире она также находится под

пристальным вниманием ученых и практиков в области психологии. В данной работе рассматривается формирования поведения человека, руководствующими знаниями психологии и суфизма.

Как утверждают психологи для того, чтобы понять человеческое поведение, требуется очень много исследований. Суфизм уверенно заявляет, что существуют наставники, могущие передать своим ученикам знание того, как пробудиться к своему подлинно естественному состоянию и стать настоящими людьми [7 с.134].

В центре гуманистического подхода, одного из основных направлений в психологии, лежит присущая человеку внутренняя свобода и его стремление реализовать себя, где его поведение человека связано с его внутренними чувствами и Я-концепцией.

Яркий представитель гуманистического подхода, американский психолог А. Маслоу в своей книге «Мотивация и личность» описывает, что человеческое поведение определяется удовлетворением потребностей, а также приводит свои исследования по самоактуализаций человека, согласно которым человек начинает ощущать потребность в самоактуализации только после того, как удовлетворит потребности нижележащих уровней [5, с.51].

Анализируя вышесказанное, можно утверждать, что современный человек — это самоактуализирующая себя личность, которая должна обладать высоким интеллектом, умением коммуницировать с другими людьми и иметь социальную ответственность.

Согласно психологическим исследованиям в перечисленных достоинствах современного человека не достаёт место его духовным качествам, и тут мы обращаемся к суфизму, в котором духовные или высшие душевные качества человека представлены как смирение, кротость, умение любить, творить добрые дела, терпение, прощать. Перечисленные духовные качества человек может приобрести в духовной практике суфизма, в связи с чем в психологической практике возникает необходимость сочетать техники психологической коррекций поведения с наставлениями представителей суфизма, одним из которых является великий мыслитель и поэт XII века, основатель суфийской поэзии, известный на Востоке глава тюркской ветви суфизма, любимый, почитаемый и уважаемый всеми людьми казахской степи Кожа Ахмед Яссауи [6, с. 32].

Значение суфизма в развитии перечисленных выше качеств личности велико, так как это учение призывает к честности, чистоте, равенству, сохранению человеческих ценностей, к труду, без ущемления прав других людей.

Согласно теории З.Фрейда, поведение человека активизируется единой энергией, согласно закону сохранения, где каждый имеет определенное количество энергии, питающее психическую активность. Цель любой формы поведения человека состоит в уменьшении напряжения, вызываемое неприятным скоплением энергии. Поэтому в процессе эволюции у человека возникает ид (оно), Эго (Я) и Суперэго (Сверх – Я).

Ид (Оно) – сфера самосознания личности, где господствуют бессознательные импульсы, обусловленные сексуальной энергией и агрессивные побуждения.

Эго (Я) - сфера самосознания личности, который стремится контролировать побуждения бессознательного компонента в приемлемой для обществе форме.

Суперэго (Сверх-Я) - сфера сверхсознания личности, включающие моральные нормы, принятые в данном обществе. [1, с 82-83].

Как показывает проведенный нами анализ трудов известных психологов для эмоциональной проявленности и искренности человека в отношении с людьми человеку не хватает новое эго, которая называется субэго (например, в работе Х. Калера), то есть, глубочайшее «Я», которое формируется с момента зачатия до 2 лет [2, с 29]. Таким образом, мы видим, что как в трудах признанных психологов, так и в произведениях Кожа Ахмед Яссауи уделяется большое внимание развитию субэго души человека, согласно которому человек приобретает полезные знания, способствующие ему понять самого себя, собственную личность и ее границы, а также обнаружить в себе божественную искру.

Линн Вилкоккс в своей книге «Суфизм и психология» определяет суфизм как путь исцеления душевной болезни отчуждения от истинного бытия и Бога, поражающего современного человека, связанного с Источником жизни», далее он продолжает: «Суфизм – это необъяснение. Это путешествие и поиск на пути к знанию, путь к соединению с источником Света» [4 с. 10, 11]

В западной литературе суфизм характеризуется как исламский мистицизм, подлинно изучающий суфизм познает Божественную любовь посредством интуитивного опыта сердца, которое открыто духовному хозяину.

Итак, согласно трудам, посвященный суфизму, это одна из форм познавательной деятельности человека в исламе, представляющее собой религиозно-философское учение, посредством которого через личный психологический опыт, можно установить духовное общение с божеством или созерцать его [8, с. 143].

В процессе изучения элементов суфизма, связанных суб-эго человек приходит к следующим выводам:

1. К истине (или к Богу), в котором существует столько же путей, сколько людей в мире. Каждый путь включает в себя преображение эго и служение творению.

2. Умению жить в гармонии с другими людьми, развивая в своей душе чувство справедливости, поборов свой эгоизм и невежество.

3. Понимаю любви как одного из главных источников морали, которая возникает как результат работы над собой и выражает себя в служении другим.

4. Главная истина заключается в самопознании. Познание себя вызывает в познание людьми Бога [8 с.135].

Формирование духовно- нравственных качеств личности школьника является важной составляющей образовательного процесса в школе, поскольку оно направлено на формирование духовных потребностей, нравственных

мотивов поведения, развития общественно- значимых чувств и выработку привычек нравственного поведения учащихся.

С этой целью для развитие духовных и моральных ценностей учащихся в школе нами используется учение Кожа Ахмеда Яссауи, при психологическом сопровождении школьников, где за основу берутся его идея творить добро. При проведении психологического тренинга «Спешите творить добро» ученики знакомятся с понятием добра, как ценности, которая передается из поколения в поколения и присутствует в человеческих отношениях как проявление уважения к людям и мудрости. Ученики изучают цитаты из произведения Кожа Ахмед Яссауи, например, цитаты из его известного труда «Хикметы»:

Если ты мудрый, то делай добро людям.

К людям с чистыми сердцами обращайся,

Уважай людей, с прекрасными душами общайся. [3, с 14]

В результате проведенной работы ученики сами приходят к выводу, что делать добро — это путь, который непременно приведёт человека к спасению мира от огромной рутины злобы, что способствует им раскрыть свои внутренние качества. В процессе тренинга школьники выполняя упражнения убеждаются, что доброта всегда приносит больше пользы, эмоций, а люди начинают тянуться к добрым людям намного больше, нежели к злым. Важно помнить, что каждое доброе дело обязательно вернется бумерангом.

Для разрешения конфликтных ситуаций, которые возникают между подростками, с ними проводятся психологические консультации, по результатам которых нами выявлено, что ученические конфликты имеют свою специфику, они протекают бурно, с громким выяснением отношений. Анализ характера конфликтов и поведения показывают, что путь решения конфликта – это желание сторон прийти к одному справедливому решению, к истине, как указывается в трудах Кожа Ахмед Яссауи:

Твердо уверовал я в Истину (справедливость). [3, с 32]

Те, кто не понял истины, обречен.

Такие люди не станут учеными, о, друзья! [3, с 34]

Для изучения уровня и характера тревожности, связанной со школой в октябре 2023 года через АСППМ платформу прошли Филипс тест 125 учеников 5- ых классов, где у 28 учеников выявлено повышенная тревожность. Для 19 учеников при проведении психокоррекционных занятий были использованы такие методы как АРТ -терапия и Гештальт – терапия. А для 11 учеников получили задание читать и учить стихи Кожа Ахмед Ассауи.

На дне реки лежит драгоценный камень

Кто нырнет и достанет, тот счастливец.

Похотливый не будет себя утруждать,

Он за копейку может продать честь и совесть. [3 с.51]

Не все ученики справились с этим заданием, но 5 учеников, которые стабильно учили по четыре строки с ноября до января месяца следующего года отметился результат – снижение уровня тревожности, В феврале месяца 2024 года была проведена повторная диагностика, результаты были радостными: по всем восьми параметрам наблюдалось снижение уровня тревожности. Исходя

из своего опыта рекомендую психологам в школе: знакомить со стихами Кожы Ахмед Яссауи своих учеников, просить их читать и учить его стихи.

В нашей школе я совместно с учителем казахского языка и литературы Шабдар А.М. организовали раз в неделю часы знакомства с наследием Кожы Ахмед Яссауи, где ученики читают свои заученные из «Хикмета» стихи о том, каким должен быть человек. А также на таких встречах обсуждаются с учениками мудрые слова ученого, такие, например, как жамандыққа жақсылықпен жауап бер (на зло отвечай добром), кісі ақысын жеме (чужой труд – оплачивай) , ойдағы оңай орындала бермейді (задуманное не быстро исполняется), бос үмітке алданба (пустыми надеждами не обманывай себя), жамандық ойлама- қиын болса да түзу жолмен жүр (не думай о плохом, даже если трудно идти прямой дорогой). Такими встречи необходимы для учеников для принятия ими ценностей, которые будут ориентирами в дальнейшей жизни.

Таким образом, как показывает проведенный нами анализ, использование произведений Кожы Ахмед Яссауи при проведении психологических тренингов, психологических консультаций и психокоррекционных работ положительно сказывается на поведении школьников, на формирование духовных потребностей, нравственных мотивов поведения, развития общественно-значимых чувств и выработку привычек нравственного поведения учащихся.

На основе изучения теоретических вопросов по исследуемой теме и проведенных практических работ предлагаю свои рекомендации, а именно использовать психологами Кожы Ахмед Яссауи при психологическом сопровождении учеников в школе.

В заключении можно сделать выводы, что формирование духовно-нравственных качеств личности школьника является важной составляющей образовательного процесса в школе. Изучив работы, Кожы Ахмед Яссауи, мы находим применение его при психологическом сопровождении учеников в школе и в образовательно-воспитательной работе.

Следовательно, для своего стабильного развития развивающее общество должно стремиться приобрести знания на стыке психологии и суфизма.

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема формирования поведения человека через науку (психологию) и религию (суфизм). Автор обосновывается идея о том, что движущей силой поведения человека являются его потребности.

В статье дается определение суфизма и описывается значение занятия суфизмом. Автор на основе собственных исследований выдвинута гипотеза, что если использовать знания из суфизма и психологии, то формирование духовно-нравственных качеств личности учащихся в школе проходит быстрее и легче. Автору на практике удалось определить ту структуру личности, которая отвечает за развитие его высших духовных качеств.

Автор в своей работе, раскрывает как опирается на произведения Кожы Ахмед Яссауи при психологическом сопровождении учеников, а именно при

проведении психологических консультирований и психологических тренингов, и приводит примеры позитивного влияния его идей на переосмысления ценностей учащимися и как следствие отражения этого в их поведении.

Работа носит междисциплинарный характер, написана на стыке психологии и суфизма и представляет интерес как специалистам в области психологии, педагогики и религии, так и учителям-предметникам.

Аңдатпа

Бұл мақалада ғылым (психология) және дін (сопылық) арқылы адам мінез-құлқын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Автор адам мінез-құлқының қозғаушы күші оның қажеттіліктері деген пікірді негіздейді.

Мақалада сопылық ілімге анықтама беріліп, сопылықпен айналысудың мәні сипатталған. Автор өз зерттеулеріне сүйене отырып, егер сопылық пен психологиядан алынған білімдерді пайдаланатын болсақ, мектеп қабырғасында оқушылардың жеке басының рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы тез әрі жеңіл болады деген гипотезаны алға тартады. Автор іс жүзінде тұлғаның жоғары рухани қасиеттерін дамытуға жауапты құрылымын анықтауға қол жеткізе алды.

Автор өз еңбегінде оқушыларға психологиялық қолдау көрсетуде, атап айтқанда психологиялық кеңес беру мен психологиялық тренинг өткізуде Қожа Ахмет Йассауи шығармаларына қалай сүйенетінін аша отырып, оның идеяларының оқушылардың құндылықтарды қайта қарауға деген оң ықпалы және сәйкесінше олардың мінез-құлқындағы көрінісі туралы мысалдар келтіреді.

Психология мен сопылық ілімнің тоғысында жазылған шығарма пәнаралық сипатқа ие. Жұмыс психология, педагогика және дінтану саласындағы мамандардың, сондай ақ пән мұғалімдерінің қызығушылығын тудырмақ.

Annotation

The problem of shaping human behavior through science (psychology) and religion (Sufism) is considered in this article. The author substantiates the idea that the driving force of human behavior is his needs.

The article defines Sufism and describes the meaning of practicing Sufism. Based on her own research the author has put forward a hypothesis that if you use knowledge from Sufism and Psychology, then formation of spiritual and moral qualities of the personality of students at school is faster and easier. In practice, the author managed to determine personality structure that is responsible for the development of his highest spiritual qualities.

The author in his work reveals how she relies on the works of Kozha Ahmed Yassawi when providing psychological support to students, namely when conducting psychological counseling and psychological training, and gives examples of the positive influence of his ideas on the rethinking of values by students and, as a result, the reflection of this in their behavior. The work is interdisciplinary in nature, written at the intersection of Psychology and Sufism and is of interest both to specialists in the field of psychology, pedagogy and religion, and to subject teachers.

Использованная литература

1. Игенбаева Ф.А. Социологиям: инфра * М, 2012
2. Калер Х. Практическое руководство по использованию теста, выявляющего основные эмоциональные структуры. Издательство «Знак» 2000 г.
3. Кожа Ахмед Яссауи. Хикметы. / Общ. ред. и предисл. М. Х. Абусейтовой; Излож. пер. на каз. яз. А. И. Ибатова, З. Жаңдарбека, А. Ш. Нурмановой; Излож. пер. на рус. яз. Н. Ж. Сағандыковой; Коммент.
4. Линн Вилкоккс. Суфизм и психология.
5. Маслау А. Мотивация и личность.
6. Сағандыкова Н.Ж. Хикметы Ходжа Ахмеда Яссауи как письменный памятник средневековья. // Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. – Алматы: Ғылым, 2001. – С. 143–148
7. Фрейджер Роберт, Джеймс Фейдимен Религиозные теории личности. Йога, дзен, суфизм. Издательство «АСТ» 2007
8. Шиммель А. Мир исламского мистицизма. ООО «Садра» Москва 2012

Қ.А. ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Кунпеисова Салтанат Джумахановна

Астана қаласы № 71 мектеп –лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі
педагог-зерттеуші

Еліміз егемендік алған жылдардан бері өркениетті ел қатарына қосылу мақсатында білім беру жүйесінде көптеген табыстарға қол жеткізіп келе жатқанымыз айғақты. Кешегі күнге дейін қаншама ғұлама шайырларымыз, ұлы дала ойшылдарымыз өздерінің еңбектерімен, көптеген рухани мұраларын қалдырды. Солардың ортасынан оқ бойы озық тұратын ғұламаларымыздың бірегейі Орта Азия өңірінде сопылық ілімінің негізін қалаушы Қ.А.Ясауи есімін ерекше атауымыз заңды құбылыс.

Қожа Ахмет Ясауи- Ислам дінінің Орта Азияда кеңінен таралуына түрткі болған, Түркі әлемінің рухани өміріне зор ықпалын тигізген дін ғұламаларының бірі. Қожа Ахмет Ясауи Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам (Исфижаб) қалашығында дүниеге келген.

Қожа Ахмет Ясауидің бүкіл Ислам әлеміне дін жаю үшін таратқан дәруиштерінің саны 99 мыңға жетеді-мыс. Бұл көрсеткіш дәлме-дәл тура болмаса да, Ясауи шәкірттерінің аса көп болғанын білдіреді. Қожа Ахмет Ясауи Ислам мен тариқат әдебін өлеңдерімен жеткізді. Кейіннен бұл өлеңдер "хикмет" атымен танылып, 15-16 ғасырларда бір кітапқа жинақталып, "Диуани Хикмет" атымен кейінгі ұрпаққа мұра боп қалды. Бұл шығарма жай бір өлең емес. Бұл "хикметтерді" Түркі әлемін рухани жақтан алтын шуаққа шомылдырған сырлы шырағдан деу керек [1].

Ислам ілімінің исламға дейінгі түркі дүниетанымымен ұштасуы түркі-ислам синтезін алып келді. Мәуереннаһр және Түркістан аймағының ең маңызды тұлғаларының бірі – түркі халықтарының жүрегін жаулаған Түркістан пірі Қожа Ахмет Ясауи. Қысқасы, Қожа Ахмет Ясауи ислам өркениетінің негізгі құндылықтарына сүйене отырып, өзі өмір сүрген ортада осы құндылықтарды насихаттады.

Соңғы жылдары ел ішінде де, халықаралық аренада да Ахмет Ясауи іліміне деген қызығушылықтың артқанын байқауға болады. Бұның түрлі әлеуметтік, саяси, діни және мәдени себептері бар. Әсіресе соңғы жылдары ислам әлемінде орын алып жатқан қатерлі оқиғалар, діни фанатизм, тәкәппаршілдік, радикализм, саяси қайшылықтар мен қақтығыстар мұсылмандарды рухани ізденіс жасауға итермелеп, өз мәдени кодтарындағы ақыл мен жүрек бірлігін алға тартатын идеяларға әкелді. Солтүстік мұсылмандық деп те аталатын бұл тармақ Әбу Ханифа, Имам әл-Матуриди және Қожа Ахмет Ясауи пікірлері мен хикметтерін негізге алып, Анадолы ілімін қалыптастырды [2].

Бүгінгі күні Қожа Ахмет Ясауидің мұрасының маңызын қайта еске түсіріп, келешек ұрпаққа жеткізу және бұл еңбектерді неғұрлым жоғары деңгейге көтеру мақсатында еліміздің жоғары оқу орындарында дәстүрі семинар-практикумдар, ғылыми конференциялар жиі өткізіліп келеді. Қожа Ахмет Ясауидың өмірін, шығармашылығын, идеяларын қоғамға кеңінен түсіндіру және осы салада жасалған ғылыми зерттеу жұмыстарыда жетерлік.

Атап кетер болсақ Қожа Ахмет Ясауидың бейбітшілік, бауырластық және төзімділік сияқты құндылықтарға негізделген хикметтері жалпы ислам діні, оның ішінде түркі әлеміндегі мағыналар дағдарысына шешім табу әлеуетіне ие. Мұсылман зиялы қауымының міндеті осы рухани мұра мен әлеуетті ашып, олардың түпнұсқа нысандарын бұзбай қазіргі адамзат өміріне әкелу арқылы рухани құндылықтарын болашақ өскелең ұрпақтың бойына сіңіре білу әрбір мұсылман парызы деп түсінеміз.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипатты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Қожа Ахмет Ясауи кемелдікке жету үшін адамда ашқ (қуатты махаббат) пен дерт болу керек дейді. “Дертсіз адам адам емес, мұны аңла; Ашқсыз инсан хайуан жынысы, бұны тында”. Осы хикмет жолындағы “дертсіз адам” адамдық сезімнен жұрдай, өз ұлтының, қоғамының, Отанының алдында жауапсыз, мұңсыз, қара басының қамын күйттейтін жан. “Ашқсыз адам” – илаһи фитраттан, яғни Алла тарапынан адамға берілген құдайлық сыйдан мақрұм қалған, өзінің адамдық қадірін бағалай алмайтын, парасаттылыққа ұмтылмайтын, өзін қоршаған әлемге, адамға, табиғатқа, осының бәрін Жаратушы иеге мән бермейтін жан.

Дертті адамның Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде “Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май” болсын дейді. Дертті, шерлі адам пілте болып жанып, ашқ отына түсіп, қоғамның кемшілік тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, көз жасы, қайрат-жігерімен одан шығар жол, дауа іздейді. Шынайы ашққа осы дерт арқылы ұласады. Ал

ашқ - кемелдікке жетелейтін күш-қуат көзі. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде адамның жаратылыс мақсаты – Хаққа құлшылық ету (ибадат), ол “Сізді, бізді Хақ жаратты ибадат үшін” – дейді. Бұл ибадат (убудийат) – Хақты тану жолындағы ең жоғарғы мақам. Құдайлық ашқты, Аллаға деген махаббатпен тұтастықта көретін Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы Алла жаратқан адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде құрметтеуді парыз деп қарайды.

Қ.А. Ясауи еңбектерінің философиялық және тәрбиелік мәні туралы сөз етер болсақ: қазақ әдебиеті бір арнаның ғана тоғысуы емес, бірнеше жанрлар мен еңбектердің және де мың тағдырлардың арқасында дүниеге келген рухын азық. Бүгінгі күні қоғам алдында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл –ой мен тәлім- тәрбиелік тәжірибені көздеп, замана талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану көзделген. Біздің зерттеу жұмысында жеке тұлғаның қалпытасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен Қ.А.Яссауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеу арқылы ұллы ойшыл еңбектерінің мәні тереңдей түседі[3].

Қожа Ахмет Яссауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үңілу. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Яссауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра. Бүкіл бір халықтың ішкі жан дүниесіне үңілу үшін оның әдебиетін жетік білу керек. Сонда ғана оның тарихы мен мәдениеті сүт бетіне шыққан қаймақтай көзге көрініп тұрмақ. Жалпы алғанда Яссауи мұраларын бірден оқып кету мүмкін емес. Оның еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қарасақ та, әлеуметтік, тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері кең қарастырылған. Сондықтан болар ол мұраларды ұқыптылықпен талдау отырып оқу және оны сүзгіден өткізу қажет. Тіпті Яссауи өзінің хикметтерін Алланың кітабымен (Құран) тең көрген-ді. Ол туралы былай дейді:

Менің хикметтерім,

Алладан пәрмен.

Оқып ұққанға бар.

Мағынасы – «Құран» - деп, өз хикметтерінің Алла тарапынан келіп тұрғандығын баян етеді. Осылай Ясауи туралы қосымша мағлұмат беріп болған соң, әрбір еңбегіне жеке-жеке тоқталып өткен дұрыс сияқты. Мысалы, ақынның кез келген еңбегіндегі отбасы, ақыл-ой, адамгершілік, экологиялық, тіпті экономикалық одан қала берді өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу т.б. көптеген мәселелерін жеке дара қарастырып шығу абзал. Қожа Ахметтің қандай еңбектері бар екенін, олардың аттары және баспа арқылы жарыққа шығуы жайында азда болсын тарихи деректер беріліп өткені дұрыс. Өйткені, ақын еңбектері біз жас ұрпаққа жетуі үшін көптеген түрлі бағыттағы қиындықтарды бастап кешіріп, өткізіп келетіндіктен, солар туралы да аз ғана деректер берілуі керек.

Сонымен алғанда, біз ақынның бізге мәлім қандай еңбектерімен таныспыз, сол жағын қарастырып алсақ. Алдымен «Хикметтер жинағы» одан кейін «Диуани хикмет», бұл еңбегі бүгінгі күнге дейін жүздеген елдің тіліне аударылған. Тек 1991 жылдан бері қазақ тілінде жарық көріп, аударылып келеді.

Қ.А.Ясауидің келесі еңбегі «Пақырнама және Мұнажатнама». Бұл шығармаларға ден қойып сараламасақ та бұл еңбектердің де көптеген елдердің тіліне аударылып, оқылғанын естен шығармау керек «Мират-ул-Қулуб». Бұл еңбегі жақында Швецияның Упсала деген қаласындағы бір университеттің кітапханасының қолжазбалар қорынан табылды. Түркияда 2000 жылдары жарық көрген.

Келесі еңбегі, Ахмет Яссауи өміріне қатысты аңыздар мен әңгімелер, хикметтер жинағы болып табылады. Бұлар да көптеген тілдерге аударылып, таратылған. «Тарихы терең көрген Түркістан» атты Түркістанның 1500 жылдық мерей тойына арналған мерекелік жинақта да Ясауи туралы көптеген мағлұматтар бар. Ясауидің алғашқы «Диуани хикмет» еңбегі ел аузында айтылып, қол жазба түрінде сақталған. Біз сөз етіп отырған Ахмет Яссауи тәрбиесінің адам баласына ықпал ету күшіне кәміл сенді, адамдығы мен адамгершілігі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептелді. Тек дені дұрыс тәрбиенің көзі ғана ақымақтыққа бастар істерден сақтап, мінез бен болмысты түзеуге ықпал етпек.

Адамзат баласының алдында үлкен белес тұрды. Ол адам бойындағы адагершілік қасиетін сақтап қалу еді. Сол тұстағы ойшылдардың алдында да осы мәселе болды. А.Яссауи де елге дұрыс жол сілтеп, нағыз адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттары керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарын оқып, үйренудің қазіргі сәт үшін мәні зор[4].

Түркілік төл дүниетанымнан бастау алатын Қорқыт жырларының ең көне қабаты тілдік құрылымы, көркемдік құралдары, бейнелер жүйесі жөнінен «Диуани хикметпен» қапысыз қабысады. Жырдың хикметтерге айқын әсерінің негізгі көрініс тапқан тұсы – осы дәстүрлі көркемдік қабат. Бірі – батырлық эпос, екіншісі сопылық лирика болып табылатын қос шығармаға қаһармандық пафос та ортақ, тек бұл сезімдердің бағытталуы мен суреттелуі түрліше. Сюжет мәселесіне келсек, Қорқыт жырларында азаматтық тарихтың аңыздық үлгісі жинақталса, Ясауи хикметтерінде агиографиялық сюжеттер қамтылған.

Қорыта айтқанда, түркі әдебиетінде хикмет ілімін алғашқы болып поэзия тілімен өрнектеген Қожа Ахмет Ясауи болып табылады. Ақын шығармашылығын түркі халықтарының әдебиет тарихында даралап тұратын басты ерекшелік осы. Ясауи хикметтерінің жанрлық бітімін, стильдік табиғатын саралауда аталған ерекше. Халық педагогикасында адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің аса бай жолдары белгілі болғанына көз жеткізу үшін, келесі әдістер мен құралдарды атап өтуге болады. Олар көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу және т.б. Бұл

айтылғандар жөнінде Ясауи еңбектерінде толық қамтылған. Мәселен, «Хикменттерінде» қамтылса, екіншісі «Пақырнама мен Мұнажатнамасында», ал үшіншісі болса, «Мират-ул-Кулуб» атты еңбектерінде талданып, берілген[5].

Міне, осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі. Қандай халық болса да, оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды. Қ.А. Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, ал оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Аннотация

Бұл мақалада бүкіл түркі әлеміне аты әйгілі ақын, сопылық ілімнің негізін салушы Қожа Ахмет Ясауидің діни уағыз, ғибрат өлеңдер жинағы болып табылатын «Диуани хикмет» еңбегі арқылы ислам дінін түркі тілдес халықтарға, олардың мәдениетін, салт-дәстүрін сақтай отырып, бейбіт жолмен насихаттай білген, уағыздай білген ұлы тұлға ретінде жан-жақты қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен қызметіне, шығармасы мен шығармашылығына, аталған ескерткіш тілінің зерттелу тарихына аса зор мән беріледі. Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолы және оның хикметтері түркі халықтары — қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай және қырғыз ұлттарының рухани қалыптасуы мен дамуында басты рөл атқарып, түркі халықтары тұтастығының символы ретінде дәлелденген.

Аннотация

В настоящей статье рассматривается всесторонний образ великого тюркского поэта, основоположника суффизма Кожа Ахмета Иасауи. Через религиозный проповедческий сборник песен -хикметов «Диуани хикмет» поэт-суффист мирным путем пропагандировал тюркским народам (казахи, узбеки, каракалпаки, киргизы, ногайцы) религию ислама, при этом сохраняя их культуру, традиции и обычаи. Рассматривается также такой важный вопрос, как исследование жизни и творчества поэта, названное произведение «Диуани хикмет» является символом единства и дружбы, духовного становления и развития этих тюркских народов.

Annotation

This article examines the comprehensive image of the great Turkic poet, the founder of the Kozha Akhmet Iasawi suffism. Through the religious sermon collection of Hikmet songs "Diwani Hikmet", the suffist poet peacefully propagandized the religion of Islam to the Turkic peoples (Kazakhs, Uzbeks, Karakalpaks, Kirghiz, Nogais), while preserving their culture, traditions and customs.

Such an important issue as the study of the poet's life and work is also considered, the work "Diwani Hikmet" is a symbol of unity and friendship, spiritual formation and development of these Turkic peoples.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы. “Аруна” ЖШС Ltd 2010.
2. Қожа Ахмет Йассауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Анықтамалық. Алматы. 2008.
4. М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы. Қожа Ахмет Йасауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324
5. Отырар. Энциклопедия. Анықтамалық. “Арыс” баспасы. 2005
6. Темірхан Рыскелдиев «Даналыққа тағзым»
7. «Түркістан нұры» журналы 2009 жыл №1

Қ.А.ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫНЫҢ БІРІ – НАҚЫЛ СӨЗДЕРДІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНЕ ҚОЛДАНУ

Курманғалиева Раушан Рысбековна
Жетісу облысы Талдықорған қаласы
«Құлжабай Қасымов атындағы
№ 28 ІТ мектеп-лицей» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-шебер
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы
және білім беру бағдарламасы бойынша
педагогика ғылымдарының магистрі

Үлгілік оқу бағдарламасының талаптары білім алушыларды креативті ойлауға бағытталады. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Міндетті оқу пәндерінің ішінде қазақ әдебиеті - баланың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған болса, ұлттық құндылықтармен сусындатуда ұлылардан жеткен жәдігерлерді танып-білу - сол алған білімін өз өмірлерінде пайдалана білуге жетелейтін таптырмас құралдардың бірі. Сонымен қатар, бабалардан жеткен асыл мұраларды қастерлеп үйренген жас жеткіншек – өткен тарихты, руханиятты құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды. Сондай асыл мұраларымыздың бірі - Қожа Ахмет Ясауидің нақыл сөздерін оқу-тәрбие үдерісіне қолданудың маңызы зор. Азды-көпті өз тәжірибемде, мектеп қабырғасында қалай қолдануға болатыны жөнінде тоқталғым келеді. Мысалы, мектеп бағдарламасында 8-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығында Қожа Ахмет Ясауи «Даналық кітабы» бөлімін оқытуға 6 сағат берілген.

«Қожа Ахмет Ясауи өмірі мен шығармашылығы»	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;	1
«Қожа Ахмет Ясауидің еңбектері»	8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу	1
Қожа Ахмет Ясауи «Даналық кітабы» еңбегі	8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;	1
«Даналық кітабы» еңбегіне талдау	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау;	1
«Қожа Ахмет Ясауи мен Абай мұрасындағы үндестік»	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;	1
«Даналар сөзі – ақылдың көзі»	8.3.3.1 шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.	1

Біз неге ұрпақ тәрбиесінде ең әуелі ұлы адамдардың сөзін, ісін үлгі етеміз? Өйткені, «мәуелі ағашқа бәрі де қарайды». Өмір болған соң біз кейде бірді білсек, бірді білмей жатамыз, қиындықтан шыға алмай дағдарып қаламыз. Сондай сәттерде Ұлы халықтың ұлағатты сөздері, жүрген жолы бағдаршырақ тәрізді адастырмас жарық сәуле нұсқайды. Айтылған ойдың астарына үңілсек, бұл - кітап оқуға, ізденіске келіп тіреледі. Біз әр баланың үніне құлақ асу қажеттігі мен жас ұрпаққа білім беріп, олардың жан-жақты дамыту – біздің басты мақсатымыз. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық мүддеге, құндылықтарымызды ұлықтауға баса назар аударып отырғаны көңіл қуантады. Бәрі дұрыс болса деген үмітіміз бар. Біз білімді ұрпағымыз ғаламдық кеңістікте өз орнын тауып, жоғары жетістіктерге жеткенін үміт етеміз. Бәріміз ұлқызымыз білімді, ақыл-ойлы, абыройлы болғанын қалаймыз. Десе де, ұлттық болмысынан айрылмау, тілінді, салт-дәстүрің мен түп-тамырың секілді құндылықтарды қадірлеу - бәрінен жоғары тұрғанын ұмытпау керек. Бүгінде білім саласына қатысты түрлі мемлекеттік жобалар мен бірнеше тұжырымдамалар бойынша ұлтымыздың жас ұрпағының баянды болашағын қамтамасыз ететін мәні аса зор жобаларды қолға алғаны қуантады.

Осы орайда өз тәжірибемнен кітап оқытуға қалай қызықтыруға болатынын айтқым келеді. Оқушылар оқыған кітабының мазмұны бойынша жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып суреттер салып, түрлі комикстер, анимациялық мультфильмдер түсіреді. Жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып сурет салып келеді. Қ.А.Ясауи нақыл сөздерінің мазмұны бойынша салынған суреттер, слайд-презентациялармен ой қозғаймыз. Өйткені, ұлттық код – тілімізде жәдігерлерді оқып-біліп, ол жайлы ой бөлісуге үйретуді көздейді. Өнертапқыштарды жаңа нәрселер жасауға итермелейді және

жаңа ғылыми ашылымдар процесіне тікелей әсер етеді. Мысалы, хикметтердегі ойды түрлі бейнелермен, өмірмен сабақтастыра сипаттауға болады. Ақын «*Мұратқа жолын тапқан жетеді*», бардың қадірін біл дейді.

Алдымен дүние-керуен, бәрі өткінші, бүгінге, барына тәубе қыл деген ойдың мағынасын талдап, сәйкесінше Ахмет Ясауидің нақылынан 2-суреттегі үзіндіні ашуға болады. Келесі нақыл сөзі: «*Жамандық ойлама. Қиын да болса түзу жолмен жүр*» дейді.

Сол сияқты, «Даналық кітабындағы» нақыл сөздің бірі «Арынды сақта, болсаң да малға кедей» тәрізді үзіндіні оқушылар былай сипаттады.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың келесі бір нақылы жайлы;
- деп топшыладық.

Ал еңбек жайлы даналық ойларында ғұлама «*Көпке топырақтай төселіп қызмет қыл*» дейді. Сол ойды оқушылар GPT4-пен былай бейнеледі:

Әрқашан білім мен мәдениеттің бір қазанда қайнап, бірлесе дамуын дұрыс деп бағамдаймын. Жалпы тәжірибеде соның дұрыстығына көз жеткіздім десем де болады. Неге десеңіз, мұндай шығармашылық жұмыстар арқылы балалардың абстрактілі ойлауы мен санасын дамытуына, Ясауи даналық ойдарын кеңінен насихаттап, танымдық дамыту мен оқырманның ойлануына түрткі болады. Абай Құнанбаев «Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез. Нұрын сырын көруге көкірегінде болсын көз» дейді. Әдебиеттің міндеті – оқырманды тәрбиелеу, оның тілектерін жауап беру болса, мұндай жобалар – жаңа ұрпақты сергек, өз ісінен сенетін, кедергілерден қорықпайтын, күрескерлік рухта тәрбиелейді.

Ақпараттық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушыны кітап оқуға деген қызығуылығын арттырамыз. Әрі оқыған шығармасын талдап таразылауға, мазмұндау шеберлігін арттыруға ықпал етеді. Осындай креативті дүниелер арқылы біз жаңа әлемдерді зерделейміз, кейіпкерлерді талқылаймыз және бір-бірімізді шығармашылық ойлауға баулимыз. Бұл жай ғана іс-шара емес – бұл біздің өмірімізге интеллектуалды тұрғыда ықпал ететін маңызды дүние. Біз қиял мен шығармашылықтың күші арқылы адамдарды қалай тіл табысырып, жаңа идеялар мен жобаларға деген шабытын байқамыз. Бұл балалардың және біздердің идеяларымызды жүзеге асыруға шақыратын маңызды құрал екенін ескеруіміз керек.

Оқу-ағарту министрлігінің әзірлеген түрлі құжаттарының бірі – «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Аталған тұжырымдамада «Мектептегі білім берудің сапасы мен тиімділігін сипаттайтын негізгі параметрлердің бірі дарынды балаларды анықтау және дамыту» делінген. Ал, дарынды баланы пәнді оқыту барысында қалай анықтайсыз және қалай дамытамыз?! Азды-көпті еңбек жолымда әр кезеңнің өз сұранысын қанағаттандыратын талаптар болды. Мектептегі білім берудің сапасы мен тиімділігін сипаттайтын негізгі параметрлердің бірі – дарынды балаларды анықтау және дамытуда ең алдымен, жұмыс кезінде уақытты үнемдеуге көмекші құралдарды дұрыс таңдалғаны жөн.

Ұлттық құндылықтар мен көркем шығарма оқыту арқылы бала бойына біліммен қатар рухани азық болар көркем дүниені меңгертуге күш саламыз. Ақын Мағжан Жұмабаев: «бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер,

жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», – деген сөзінде үлкен мағына жатқаны ақиқат. Балаларымызды ұлы мақсаттарға бірге құлшындыра берейік!

М.Дулатов «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегеніндей, жас ұрпақтың білім сапасы деңгейін, білім негіздерін меңгеруіне мұғалімнің тапқырлығына, икемділігіне, көшбасшылық қабілетіне тікелей байланысты. А.Байтұрсынұлы: «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады» деп сол себепті де айтқан болар.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауидің нақыл сөздерін оқу-тәрбие үдерісіне қолданудың маңызы - өскелең ұрпаққа хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін тиімді тәсілдермен жеткізу және ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы өз тәжірибемді тарату. Үлгілік оқу бағдарламасының талаптары білім алушыларды креативті ойлауға бағытталғандықтан, бұл еңбекте ақпараттық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушыны кітап оқуға деген құлшынысын, қызығушылығын қалай арттыруға болатыны зерделенеді. Сонымен қатар, оқушыға оқыған шығармасын талдап таразылауға, мазмұндау шеберлігін арттыруға ықпал етеді. Осындай креативті дүниелер арқылы кейіпкерлерді немесе көтерілген мәселелерді талқылаймыз және шығармашылықпен ойлауға баулитындығымен өзекті болмақ. Нәтижесінде мектептегі білім берудің сапасы мен тиімділігін сипаттайтын негізгі параметрлердің бірі дарынды балаларды анықтау және дамыту қағидаларын назарда ұстауға жетелейді.

Тірек сөздер: «Даналық сөз», нақыл сөз, оқу-тәрбие үдерісі, ұлттық құндылық, креативтілік, шығармашылық ойлау, дарынды баланы анықтау және дамыту.

Аннотация

Важность использования пословиц Ходжи Ахмета Ясави в образовательном процессе заключается в эффективной донесении воспитательной ценности мудрых мыслей мудрости до подрастающего поколения и распространении моего опыта привития национальным ценностям детям. Поскольку требования типовой учебной программы направлены на творческое мышление учащихся, в данной работе рассматриваются способы повышения у школьника желания и интереса к чтению книг за счет эффективного использования информационных технологий. Кроме того, это способствует умению учащегося анализировать и оценивать прочитанное произведение, совершенствованию его содержательных навыков. В таких творческих мирах мы будем обсуждать персонажей или поднимаемые проблемы, и это будет актуально, потому что вдохновит вас мыслить творчески. В результате одним из основных параметров, характеризующих качество и эффективность школьного образования, становится акцент на принципах выявления и развития одарённых детей.

Ключевые слова: «Слово мудрости», пословица, воспитательный процесс, национальная ценность, творчество, творческое мышление, выявление и развитие одаренного ребенка.

Abstract: The importance of using the proverbs of Khoja Akhmet Yasawi in the educational process lies in effectively conveying the educational value of wise thoughts of wisdom to the younger generation and disseminating my experience of instilling national values in children. Since the requirements of a standard curriculum are aimed at students' creative thinking, this paper examines ways to increase a student's desire and interest in reading books through the effective use of information technology. In addition, this contributes to the student's ability to analyze and evaluate the work he has read and improve his content skills. In these imaginative worlds, we will discuss the characters or issues raised, and it will be relevant because it will inspire you to think creatively. As a result, one of the main parameters characterizing the quality and effectiveness of school education is the emphasis on the principles of identifying and developing gifted children.

Key words: "Word of wisdom", proverb, educational process, national value, creativity, creative thinking, identification and development of a gifted child.

Әдебиеттер:

1. А.С.Ақтанова, А.К.Жундубаева, Л.К.Жүмекеновалар «Қазақ әдебиеті» оқулығы, 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы, «Атамұра» 2018ж. 25-33- беттер.

2. Б.С.Қорғанбеков «Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры» // Алматы 2012, «Сарыарқа» баспасы.– 11-19 б./.

3. «Вакуф». Ахмет Чсауидің Түркістандағы құтхана мешітіне. Түркістан – 2006 ж

4. Жүзбаева Р. «Қ.А.Ясауи есімімен байланысты мұражай қорындағы тарихи жәдігерлер» // «Қ.А.Ясауи мұралары мен әләмәнәі зерттеу мәселелері» - Алматы «Арыс» 2008 99-бет.

Қожа Ахмет Иассауи «Диуани хикмет» Алматы: «Арыс» 2001, 18-бет.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Кусегенова Райгуль Урынбаевна

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,

М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-нің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Құндылық ұғымына ғылыми әдебиеттерде көптеген анықтамалар берілген, оларды саралай келе құндылықтың әр адам үшін маңызды, қастерлі болып табылатын ұғым екенін айқындауға болады. Және де адамзат қоғамының тұрақты дамуы, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуі үшін адам баласы рухани құндылыққа ұмтылып, материалдық құндылықты тек соған жетудің құралы ретінде қолданғаны абзал. Бұл туралы бізге дейінгі қанша ғалым, педагог, ел ағалары айтып кеткен. Ал ол құндылықты қалыптастыруда көркем шығарманың орны ерекше.

Әдебиет адамды тәрбиелеу құралы деген қызметінен әлі де ауытқи қойған жоқ. Сондықтан да қазақ әдебиеті, оның ішінде Қожа Ахмет Яссауи шығармалары арқылы халықты рухани құндылыққа шақыру бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып табылады. Себебі ғылым мен техниканың дамыған заманында оны басқаратын адамның бойынан рухани, ұлттық құндылықтар табылатын болса, қай жағынан болса да үйлесімді, адамзат үшін қауіпсіз, пайдалы қоғам қалыптасары анық.

Қазақ тарихында құндылық туралы сөз қозғаған қаламгерлер жетерлік. Ғылыми еңбектерде «ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптасу негіздері ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, М.Жұмабаев, Ж.Айтмауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың рухани мұраларынан бастау алатыны» айтылады [4]. Әрине, адамзат баласына тән құндылық мәселесінің тарихын одан әріден іздеген дұрыс. Біздіңше, қазақ әдебиетінде құндылық ұғымы ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралған фольклорлық туындылардан бастап, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн т.б. сияқты түркі әдебиеті өкілдерінің шығармаларында, одан бері жыраулар поэзиясында, ежелгі және орта ғасыр әдебиетінде де сөз болады.

Қазақ әдебиетінде рухани құндылық мәселесін көтерген қаламгерлердің бірі – ақын, ойшыл, ғалым, сопылық ілімнің негізін қалаушы Қожа Ахмет Яссауи. Рухани құндылыққа имандылық, адамгершілік, шығармашылық т.б. көптеген құндылықтарды жатқызсақ, Яссауи еңбектерінде аталғандардың барлығы бірдей сөз болады.

«Бісміллә» деп баян еттім хикмет айтып,

Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.

Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен «дәптер сәни» сөзін аштым, міне. – деп басталатын хикметтерінде ол төрт ғақлияны мадақтайды [1]:

1. «Шариғат» - исламдық әдет-ғұрыптардың негізі, басқаша айтсақ, имандылық жолды құрметтеп, соны оқырманға үлгі етіп жырлау. Яғни, хикметтері арқылы Қожа Ахмет Яссауи адамгершілік тәрбиесінің биік өнегесін насихаттайды.

2. «Тариқат» – жыр шумақтары арқылы оқырманды тазалыққа, әділеттілікке, шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Соның негізінде имандылыққа үйрету.

3. «Мағрипат» - дін жолын ардақтауға, Алланы сүюге шақырып, оқырманды мейірімділікке, қайырымдылыққа, жомарттыққа тәрбиелеу.

4. «Хақиқат» - құдайға құлшылық ету арқылы ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу.

Ақиқатты – Алла жолы деп түсінген, жүрегі мейірімге толы ақын қоғамда шындық пен әділеттілікті іздеп, көп жағдайда әділетсіздіктің үстемдік ететінін көріп, налиды, сөйтіп, оқырманын «хақиқат дариясынан сусындауға шақырады, оларды әділдікке, қайырымдылыққа, жүрек тазалығына тәрбиелейді.

Мәселен, ол 1-хикметте өзін түзу жолдан адасқан, нәпсінің жемі болып жүрген «қарабет» ретінде суреттейді:

Уа, жаратқан! Хақ есігін аш алыстан,

Мен бір жемтік, жеді нәпсім – аш арыстан.
Күнәм шексіз, бақытсыздық батпағынан
Шығара гөр мен бейбақты қасарысқан.

Дүние – нәпсі, соны іздеген соры қалың
Иттей болдым, сүйек тастар жолыма кім?
Қара басты! – Хақ жолынан мен адастым,

Қайда барам, ей, достарым, не қыламын? – дей келе, өзіне нәпсі жарлық қылатынын, жалғыз бұл емес, елдің көбі соған бағынатынын айтып, күнәһар адам ретінде ендігі жанын тазалау жолын – имандылықтан іздейтінін айтып, «басқа барар жерім жоқ, жылап кеп тұрған Қожа Ахметті панаңа ал» деп жаратушысына жалбарынады. Демек, осы алғашқы хикметтен-ақ автор оқырманға дүниеге құмартпай, әділдік, имандылық жолын таңдауды, өзгеге қайырымды болуды, түзу жолмен жүруді насихаттайды.

«Паруардигар» деп аталатын екінші хикметте Қожа Ахмет Яссауи жаратқанынан жүрегіне иманға ғашықтық сезімін ұялатуды сұрайды.

Ғашықтық жол саған бастар, Бір және Бар,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.
Қолым жайып дұға қылам, Ием Жаббар,
Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.

Байқап отырғанымыздай, ғашықтықты иманға жақындаудың бір ғана жолы екенін айтқан автор одан әрі «ғашық болмай танымаспын сені» деп, бұған дейін нәпсі соңында жүріп, хақ жолын аңғармағанына өзін кінәлі сезініп, тек ғашық етуді, ал ғашық болса, «Ара кессе – Зәкәриядай тәлім қылатынын, бәле келсе – Аюб құсап сабыр қылатынын» айтады да тіпті сөз аяғында хақ жолында өмірін құрбан етуге дайын екенін ескертеді. Осылайша, автор жалған өмірде Алланың жолы – ақиқат жолы екенін, ал ол жолды тек жүрегінде иманы бар, жаратушыға ғашық жанның ғана адаспай табатынын айтып, оқырманын әділеттілікке, имандылыққа шақырады.

Одан кейінгі үш хикмет қатарынан жанына дауа, көңіліне медеуді Жаратушы жолынан іздеп шарқ ұрған Қожа Ахметті көреміз де алтыншы хикметте:

Он сегіз мың ғаламға сәруар болған Мұхаммет,
Отыз үш мың асхабқа сардар болған Мұхаммет.
Жоқшылық пен індетке қанағатшыл Мұхаммет,
Күнә тартқан үмбетке шапағатшыл Мұхаммет.

Кірпік ілмей талықты, – сабыр табар Мұхаммет,
Жетім, міскін, ғаріпті жарылқаған Мұхаммет.

Үлес берген пендеге сара жолдан Мұхаммет,
Азап кешкен әммеге пана болған Мұхаммет, - деп, қаншама адамды иман жолына шақырған, «шариғатқа үмметін тоғыстырған», «ақиқатты баршаға табыстырған», «жамандыққа жақсылық бағыштаған» пайғамбарға салауат айтады да, оқырманға оның жолы тура жол екенін ескертіп, сол жолды таңдауға тәрбиелейді. Одан әрі көптеген пайғамбар, әулиелердің өмірі мен хақ

жолындағы еңбегін насихаттаған Қожа Ахмет Яссауи оқырманын соларға қарап бой түзеуге шақырады. Ал хақ жолын таңдаушылар көп болса, адамзат қоғамы да түрлі дертінен айрылатынына сенімділік танытады. Ендеше, автордың аталған хикметтерінің барлығы да – ұрпаққа ой салатын, адаспай тура жолды таптыратын, әділеттілікті ту ететін, оқырманын рухани құндылыққа тәрбиелейтін шығармалар.

Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі» - рухани, адамгершілік құндылықтар бағытындағы құнды еңбек. «Оның хикметтерінің жеке өз басының түркілерге кеңінен танымал болу себебі – ол ұстамдылыққа және өзін өзі жетілдіруге шақыратын құнды этикалық идеялар көтерді» [2]. Ол кейінгі ұрпаққа ата-ананы құрметтеу, үлкендерді сыйлау, туған ел мен жерді қорғау мәселелерін сөз етіп, ел арасындағы танымал даналар мен батырларды жастарға үлгі етеді.

Даналардың айтқаны келер болды,
Қияметтің қияпаты төнер болды,
Ақымақтар айқаймен жеңер болды,
Бұл не деген замана болды, достар?

Халайықтан мейірім мен рақым кетті,
Момынға телі-тентек зақым етті,
Тал түсте талапайда ақыл кетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті,
Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті,
Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

Қоғамда белең алып келе жатқан келеңсіз жайттарды осылайша өткір тілмен түйреген ақын ашуды ақылға жеңдіруді, адамдардың бір-біріне мейіріммен қарауды, үлкен мен кіші арасындағы ізеттілікті жырлап, қазіргінің молдасында әділдік жоқ, дәуіріштер дұғасында шипа жоқтығын айтады. Сонымен қатар шындық үшін шырылдаған адамдар шеттетіліп, жағымпаздар мен қулардың дәуірі жүріп тұрғанына қынжылады. Тіпті ғалымдардың өзі зұлымдықпен достасқан заманда олардың жүректерін иманға бөлеудің бірден-бір жолы – Ақиқат жолы екенін одан сайын дәлелдей түседі.

Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінде басты идея – хақ жолын тану болса, оған жету үшін адам мен қоғамның қандай болуы да ашып көрсетіледі. Мәселен, «Ғаріп, пақыр, жетімдерді әркім сүйер, риза болар сол пендеге пәруәрдігер» деген жолдар арқылы ғаріп, жетім-жесірлерді, кемтарларды сүйіп, оларға жақсылық жасасаң, Жаратушы Алла да саған риза болып, әрдайым қолдап, мақсатыңа жеткізетінін түсіндіреді.

Ақын хикметтерінде «сен сондай бол» деп оқырманына нұсқау беріп қана қоймайды, ол өз бойындағы қате әдеттерді әшкерелей сынап, өзіне де қандай болу керек, неге ұмтылу қажеттігін нұсқайды. Бұл жолда да автордың ой тұжырымы ақиқаттан артық қасиет жоқ дегенге тоқталады.

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,

Ақиқатты ары таза сүйе біл.

Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,

Халық қана дүниеде ие бол... – деген сияқты жыр жолдарымен ақын шығармаларында өзі айтатын «нағыз адам» қандай болу керек деген талапты алдымен өзіне қояды. Өзіне қою арқылы оқырманға үндеу тастайды. Ғұлама ғалым еңбегінің өміршеңдігінің, өтімділігінің, оқырманның көңілінен шығуының бір сыры осында болса керек.

Сонымен қатар автор хикметтерін жазудағы басты мақсатын да жырға қосады:

Менің хикметтерімді дана естісін,

Сөзімді дос қылып, мақсатына жетсін.

Қияметте оған жетекші болармын,

Егер дертті болса, дәрі болармын [3].

Түсінген жанға Яссауи өзі айтқан төрт қағиданы бойына сіңірген, жаман әдеттен арылып, бойына мейірімділік, имандылық, адамгершілік, қанағат, әділеттілік, шыншылдық сияқты қасиеттерді жинаған адамның жолы болып, бойындағы ізгі қасиеттері екі дүниеде де өзіне азық болатынын меңзеп отыр.

Мектеп қабырғасында оқушыларды Яссауи шығармалары негізінде рухани құндылыққа тәрбиелеу – бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Себебі зерттеушілер тілімен айтсақ, «Яссауиді жан-жақты тану, одан жүйелі түрде үйрену, онымен пікір таластыру және сұхбаттасу, оның философиялық-этикалық ілімін одан әрі дамыту, жастарды оқушыларды оның гуманистік іліміне баулу және оны бүкіл Шығыс мәдениеті шеңберіне ұлы ойшыл ретінде зерттеу – бұл ғұлама атамыз Қожа Ахмет Яссауидің әлемдік философия классигі, тұлғасы, оның еңбектерінің бүкіл адамзат мәдениетінің рухани санасына қосқан үлесі екенін білдіреді» [4]. Олай болса, қазіргі құндылыққа негізделген білім беру жүйесінде Қожа Ахмет Яссауи еңбектері арқылы оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу – уақыт талабы.

Аңдатпа

Адамзат қоғамында құндылықтар ерекше орын алады. Сондықтан да қазіргі білім беру жүйесінде құндылыққа негізделген білім беру мәселесі өзекті болып отыр. Сөз өнері туындысы ретінде әдеби шығарманың мақсаты – адам баласын тәрбиелеу десек, Қожа Ахмет Яссауи шығармалары арқылы оқушыларды рухани құндылыққа тәрбиелеу маңызды болып табылады. Мақалада автор Қожа Ахмет Яссауидің хикметтеріндегі рухани құндылық мәселесіне тоқталып, автордың айтпақ ойын оқушылар тәрбиесімен ұштастырады.

Аннотация

Ценности занимают особое место в человеческом обществе. Поэтому в современной системе образования актуальна проблема ценностного образования. Говоря о том, что целью литературного произведения как произведения искусства является воспитание человека, важно воспитывать духовную ценность учащихся через произведения Ходжи Ахмеда Яссауи. В

статье автор акцентирует внимание на проблеме духовной ценности в хикметах Ходжи Ахмеда Яссауи, и связывает их с воспитанием учащихся.

Annotation

Values have a special place in human society. Therefore, the problem of value education is relevant in the modern education system. Saying that the purpose of a literary work as a work of art is to educate a person, it is important to educate the spiritual value of students through the works of Khoja Ahmed Yasawi. In the article, the author focuses on the problem of spiritual value in the hikmets of Khoja Ahmed Yasawi, and compares them with the education of students.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанатова А.Ж. Қожа Ахмет Яссауидың «Диуани хикмет» дастанындағы гуманистік идеялар/ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы. №4 2011 ж.
2. Кенжетеев Д. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Алматы, 2002 ж.
3. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Алматы, 1993 ж.
4. Мырзалы С. Философия. Алматы, 2010 ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ МҰРАСЫН ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Камитбекова Ақмаңғаз Думанқызы
«№39 кешкі (ауысымды) мектеп КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
педагог-модератор

Тіл әрбір жаратылыстың, іс-әрекеттің, абстрактілі заттың, т.б ұзақ уақыт бойына атау беру арқылы қалыптасады. Әр сөз ата-бабаларымыздан қалған мұра деп түсіну қажет. Белгілі бір уақытта белгілі бір жерді мекендеген әрбір халық қоршаған дүниені зерттеу барысында көрген, естіген, қолмен ұстаған және пайдаланған нәрселеріне атау берген. Соның салдарынан олар бейсаналық түрде өз тілінің сөздіктері мен сөздік қорын жасады.

Егер бүгінгі күні кейбір ғалымдар, мысалы, Ричардс пен Шмидт тілді тұлға аралық вербалды қарым-қатынас құралы немесе жүйесі ретінде анықтаса [1, 311], онда біз тілді - іс-әрекеттерді, заттардың қасиеттері, сыртқы түрі, болмыстарды белгілеу үшін қолданатын атаулар қоймасы деп айта аламыз. Тіл білімінде атауды белгілі бір болмысты атап өткенде немесе оған сілтеме жасағанда қолданатын сөз ретінде анықтауға болады. Ал лингвистика – жеке атауларды зерттейтін ғылым, сондықтан да тіл білімі адам, жер, зат атауларын қарастырады.

Адамдар балалы болған кезде оларға ат қояды және сол есімдерді кім қойғанын тіпті естеріне де алмайды. Бұл мәселелерді маңызды деп санамайды. Оны топонимдерге қатысты да байқауға болады. Тент пен Блэр сияқты бірнеше ғалымдарды қоспағанда, адамдардың көпшілігі картада кездесетін жер

атауларының авторларын анықтауға мүлде мүдделі емес. Олар топонимика бойынша еңбектерінде интенсивті топонимиканы бір жер атауының тарихы мен табиғатын мұқият зерделеу арқылы немесе жер атауларының шағын, бағдарланған үлгісі арқылы белгілі бір жер атауын терең түсінуді дамытуға бағытталған әдіс деп анықтады [2, 67].

Жер-су атауларының мағынасы, олардың атқаратын қызметі мен жер атауларының мотивтері қашанда топонимикалық зерттеулердің негізгі тақырыбы болды. Белгілі бір географиялық нысандарға атау берген адамдар қарапайым адамдар емес, ғасырлар бойы халық жадында сақталған тарихи тұлғалар екені тарихтан анық. Мәселен, Моркот ол жөнінде былай деп пікір білдіреді: «Ежелгі Македония патшасы және жаулап алушы Ескендір Зұлқарнайын көптеген қалаларды, соның ішінде Египеттегі Александрияны, Арестегі Александрияны және Эсхаттағы Александрияны өз атымен байланыстырып атаған.

Қ. А. Ясауидің «Диуани Хикмет» [3], Сүлеймен Бақырғанидің «Ақырзаман» [4], Б. Қорғанбековтің «Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, апсана, хикаялары» [5] атты еңбектерінен топонимикалық зерттеулерге қатысты көптеген деректерді табуға болады. Осы еңбектерде кездескен «Түркістанның тәлімгері», «бүкіл түрік халқының рухани атасы», «түрік дінінің негізін қалаушы» сияқты сипаттамалардың барлығы ортағасыр дәуіріндегі түрік халқынан шыққан бір көрнекті тұлға Қ. А. Ясауиге қатысты.

Ахмед Ясауи өмір бойы ислам дінін түрік халқына жеткізуге тырысты. Ол бұл міндетті өз халқына барынша түсінікті етіп орындауға тырысты. Оның «Диуани хикмет» атты туындысында оның қалай адам болғаны, исламның негізгі ережелерін түрік халқының салт-дәстүрімен тығыз байланыстыра отырып үйреткені жөнінде айтылады.

Қожа Ахмет Ясауиге байланысты топонимикалық мұраларды филологиялық талдау негізінде бірқатар маңызды нәтижелерді анықтауға болады. Топонимдердің құрылымы мен этимологиясын талдау жергілікті атаулардың эволюциясын көрсететін тілдік ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижелер кейбір топонимдердің Ясауи дәуіріндегі мәдени және діни ағымдардың ықпалын көрсететін семантикасының өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Осы зерттеулер Ясауидің рухани ілімінің әсерінен жер-су атауларының мағыналарының өзгеруіне, оның философиясының аймақтардың мәдени-географиялық бірегейлігінің тініне қалай енгенін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Кейбір құрылымдар мен мағыналық элементтердің сақталуы ашылып, жер-су атауларындағы мәдени мұраның тұрақтылығын айғақтауға септігін тигізеді.

Осы мәселелерді ескере отырып, «Ахмет Ясауи» топониміне филологиялық талдау жасап көрейік:

Құрылымдық талдау: «Ахмед Ясауи» топонимі құрылымы жағынан «Ахмед» есімі мен «Ясауи» тегінен тұрады. Бұл ретте «Ясауи» жер немесе іліммен байланысты білдіретін жұрнақ болып табылады.

Этимологиялық зерттеу: «Ахмед» есімінің этимологиясы араб тіліндегі «دمح» (хамада) түбіріне қатысты, ол «мадақтау» немесе «мақтау» дегенді білдіреді.

«Ясауи» тегі түркі тілдерінде «білім беру» немесе «үйрету» дегенді білдіретін «ясау» немесе «ясауу» сөзінен шыққан.

Семантикалық аспект: Семантикалық жағынан бұл топоним білім беру, оқыту дегенді білдіреді. «Ахмед Ясауидің» семантикасын «Мақтаулы, білімі мен тәрбиесі бар» деп түсіндіруге болады.

Топоним эволюциясы: Тарихи дереккөздерді талдау арқылы «Ахмед Ясауи» топонимінің уақыт өте өзінің құрылымы мен семантикасын сақтап қалғанын көрсетеді, бұл оның мағынасының және Ясауи ілімінің тұрақтылығын көрсетеді.

Салыстырмалы талдау: Әр аймақтардағы ұқсас жер-су атауларын салыстыру арқылы Қазақстандағы «Ахмед Ясауи» мен Түркиядағы «Ахмед Ясауи» атауларын түсіндіруде және оған байланысты ілімдердің әртүрлі мәдени контексттерде айырмашылықтардың бар екендігіне көз жеткізуге болады. Оны 1-кестеден анық түсінуге болады:

1-кесте. Қазақстандағы «Ахмед Ясауи» мен Түркиядағы «Ахмед Ясауи» топонимдерін салыстырмалы талдау:

Тілдік ерекшеліктері	
Қазақстан	Түркия
«Ахмед» атауы араб тілінен шыққан атауын сақтап, «Ясауи» жермен (тәрбиемен) байланысты болып отыр. Лингвистикалық тұрғыдан топоним «Ахмедтің білім алған жері» деген ұғымды береді.	Түрік тіліндегі «Ахмед Йесеви» араб тіліндегі «Ахмед» сөзінің түбірімен транскрипциялық тұрғыда бара-бар, ал «Йесеви» қосымшасы түркі тіліндегі «ұлы» немесе «ұстаз» деген мағынаны білдіреді. Бұл топоним де Ахмет Ясауидің маңыздылығын, құрметін көрсетеді.
Семантика және интерпретация	
Тәрбие мен білім идеясына көбірек көңіл бөле отырып, Ахмет Ясауи өзінің рухани ілімін үйреткен жерді көрсетеді. Семантика қазақ мәдениеті жағдайында білім берудің маңыздылығын атап көрсетеді.	Түрік контексіндегі «Йесеви» семантикасы Ахмет Ясауидің ұстаз ретіндегі ұлылығын ескере отырып, құрмет пен қастерлеуге бейімділігін көрсетеді. Сондай-ақ, түрік аудармасы рухани басшылық аспектісіне жақынырақ болуы мүмкін.
Тарихи контекст	
Қазақстанның тарихи мұрасы мен мәдениетімен байланысты, Ясауидің рухани із қалдырған жерін атап көрсетеді.	Түрік контекстінде де тарихи мұрамен байланысты, дегенмен түркі тарихының контекстіне көбірек кірігуі мүмкін.
Тілдік бірегейлікті сақтау	
Дәстүрлі қазақ тілі мен айтылымына негізделіп, тілдік бірегейлікті сақтайды.	Түрік транскрипциясы жергілікті бейімделу үшін түркі жұрнағын енгізіп, түпнұсқа атауын сақтайды.

Бұл талдау филологиялық зерттеулердің топонимнің тілдік құрылымын ашып қана қоймай, оның семантикасы мен эволюциясын аймақтың мәдени-тарихи дамуы контекстінде жақсырақ түсінуге қалай мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Талдау нәтижелері мәдени дәстүрлерді сақтау және түсіндіруде маңыздылығы жоғары. Сондай-ақ, Ясауи топонимикалық мұрасының тіл, дін және мәдениет байланысын зерттеудегі негізгі элемент екені, оның өзгерістері уақыт ағымындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қайталанбас көрінісі бола алатынына көз жеткізуге болады. Бұл зерттеудің нәтижелері Қожа Ахмет Ясауидің рухани ілімі аясында тілдік элементтер мен мәдени мұра арасындағы байланыстарды терең түсінуге негіз болады.

Жалпы, мақалада топонимдерді филологиялық талдау тек тілдік құрылымдарды ашу құралы ғана емес, сонымен қатар терең мәдени және діни мағыналарды көрсетеді деген тезис алға қойылған. Бұл зерттеу күрделі мәдени және тілдік аспектілерді түсінудегі филологияның маңыздылығын көрсете отырып, тіл, мәдениет және рухани мұра арасындағы байланысты одан әрі зерттеуге шақырады.

Аннотация

Бұл мақала сопы Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығына байланысты топонимикалық мұраны филологиялық талдауға арналған. Зерттеу осы ұлы рухани тұлғамен байланысты географиялық атауларға лингвистикалық талдау мен этимологиялық талдауды қамтиды.

Филология пәні арқылы Ясауидің тұлғасы мен іліміне байланысты тілдік мұраның тереңдігін ашу мақсатында оның ықпалында болған өңірлерге тән жер-су атауларының құрылымы мен семантикасы талданады. Жұмыс осы кезеңге байланысты жазба деректер мен әдеби шығармаларда кездесетін тілдік ерекшеліктерді мәтіндік талдауға және зерттеуге негізделген.

Ясауи дәуірінің мәдени-әдеби көріністері аясында топонимдердің мағыналарына қайта қаралады. Бұл филологиялық тәсіл тек тарихи мұраны түсінуге ғана емес, оның есімімен байланысты аймақтардың географиялық бейнені құрайтын тілдік ерекшеліктерге, семантикаға тереңірек үңілуге көмектеседі.

Қожа Ахмет Ясауидің топонимикалық мұрасына қатысты бұл зерттеудің өзектілігі -оның рухани ілімінің ықпалындағы аймақтардың мәдени байлығын сақтау қажеттілігінен көрінді. Жер-су атауларына филологиялық талдау жасау жергілікті атаулардың лингвистикалық эволюциясы туралы түсінік беріп қана қоймайды, сонымен қатар осы аумақтардың мәдени ерекшелігін түсінудің негізгі элементі болып табылады. Бұл зерттеу жаһандану жағдайында дәстүрді сақтау контекстінде өзекті болып табылады, сонымен қатар филология, мәдениет және дінтану ғылымдарына құнды үлес қосады.

Аннотация

Данная статья посвящена филологическому анализу топонимического наследия, связанного с жизнью и творчеством Суфи Ходжи Ахмета Ясави.

Исследование охватывает лингвистический разбор и этимологический анализ географических названий, связанных с этим великим духовным лидером.

Через призму филологии мы анализируем структуру и семантику топонимов, присущих регионам, оказавшимся под влиянием Ясави, с целью раскрыть глубину лингвистического наследия, связанного с его личностью и учениями. Работа опирается на текстологический анализ и исследование языковых особенностей, встречающихся в письменных источниках и литературных произведениях, связанных с этим периодом.

Мы призваны выявить переосмысление значений топонимов в контексте культурных и литературных проявлений эпохи Ясави. Этот филологический подход помогает не только понять историческое наследие, но и глубже вникнуть в языковые тонкости и семантику, формирующую географическую картину регионов, связанных с его именем.

Актуальность данного исследования о топонимическом наследии Ходжи Ахмета Ясави проявляется в необходимости сохранения культурного богатства регионов, оказавшихся под влиянием его духовных учений. Филологический анализ топонимов не только предоставляет инсайты в лингвистическую эволюцию местных названий, но и является ключевым элементом в понимании культурной идентичности этих территорий.

Это исследование актуально в контексте сохранения традиций в условиях глобализации, а также предоставляет ценный вклад в филологические, культурные и религиозные исследования.

Annotation

This article is devoted to philological analysis of the toponymic heritage associated with the life and works of Sufi Hoja Ahmet Yasawi. The study covers linguistic parsing and etymological analysis of place names associated with this great spiritual leader.

We aim to reveal the reinterpretation of the meanings of toponyms in the context of the cultural and literary manifestations of the Yasawi era. This philological approach helps not only to understand the historical heritage, but also to delve deeper into the linguistic subtleties and semantics that form the geographical picture of the regions associated with his name.

The relevance of this study on the toponymic heritage of Hoja Ahmet Yasawi is manifested in the need to preserve the cultural wealth of the regions influenced by his spiritual teachings. The philological analysis of toponyms not only provides insights into the linguistic evolution of local names, but is also a key element in understanding the cultural identity of these territories.

This study is relevant in the context of preserving traditions in the context of globalization, and also provides a valuable contribution to philological, cultural and religious studies.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Richards, J. C., & Schmidt, R. Longman dictionary of language teaching and applied linguistics. - Pearson Education Limited, 2010.

Tent J, Blair D. I. Motivations for naming, the development of toponymic typology For Australian Placenames. Names, 2011, 59 (2), 67-89.

Иасауи А. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Алматы: Мұраттас, 1993

Бақырғани С. Ақырзаман. Таймас, 2008

Қорғанбеков Б. «Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, апсана, хикаялары». Екінші басылым. Эффект, 2011

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ӨРКЕНИЕТТІҢ КОНСТРУКТИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НЕГІЗДЕУШІ

Қисамбина Аякөз Науанқызы

«Қ.Қайсенов атындағы орта мектебі» КММ

Тарих пәні мұғалімі модератор магистрант

Қазақ ғылымы мен мәдениетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан түркістандық ғұлама ақын, әулие Ахмет Ясауи. Түркі халықтарының мәдениетінің сан салалы қырларына өзінің әсерін тигізген үлкен ғұлама, ойшыл. Әсіресе, хикмет дәстүрі кезінде Әзірет Сұлтан Ясауи бабамыз өмір сүрген кезеңнен бері, бертінге дейін соқпағы өшпей үлкен бір даму жолымен өркендеп жеткен. Өткеніне үңіле бастаған елдің тарихының өшкенін тауып, қайнар бастауын зерттеп-білуде Ахмет Ясауисыз мүмкін емес тәрізді. Күні бүгінге дейін Қазақстан мен Орта Азия елдеріне аты шыққан, тіптен түркі тілдес халықтардың мәдениетін зерделеген ғалымдардың қай-қайсысын алсақ та, еңбектері туралы айтылып өтеді.

Адамзат тарихында көптеген тілдер мен мәдениеттерден, табиғилықтан тыс қолдан жасалған мәдениеттің жемісі мен қирандылар болғанымен, олардың өте аз бөлігі өркениет ретінде сақталды. Өркениеттер кездейсоқ пайда болған жоқ. Кез келген өркениет туралы айту үшін құндылықтар жиынтығы, адам жетістіктері ретінде нақтылануы және салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жалпы жұрт таныған дағдылар, адамдар тобы немесе тұтас халық үшін басым сипат алып отырған мінез-құлық [1]. Демек, өркениет ғылым, білім, тіл, дін, имандылық және құқықтан тұрады деп түсіндіріледі. Ислам өркениетінің құрылуы мен өмір сүруін кездейсоқтықпен түсіндіруге болмайтыны сөзсіз. Өркениеттегі ең маңызды нәрсе – негізін қалаушы құндылықтарды бойына сіңіру және оларды ұрпақтан-ұрпаққа беру.

Қожа Ахмет Ясауи шын мәнінде түрік-ислам өркениетінің негізін қалаушы, оның негізгі құндылықтарының ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз еткен ата-бабаларының бірі. «Даналық кітабы» дастаны арқылы өз ойларын адамзатқа танытты. Бұл хикметтер Құран Кәрім мен Пайғамбардан, Пайғамбарымыздың хадистерінің көрінісі. Олардың түрік тілінде айтылуы бұл ақиқаттардың түріктер арасында тез таралуына және қабылдануына себеп болды. Ахмет Ясауи хикметтер арқылы діни және рухани шындықты білдіріп, дүние жалғасқанша күшінде болатын өркениеттің негізін қалаушы құндылықтарды үйретіп, танытты.

Қожа Ахмет Ясауи мұраларындағы «Даналық кітабында» төрт ғақлия мадақталады: Алғашқысы – Алланы тану. Келесі Құдайды ұлықтау. Үшінші – күнәлар мен әділетсіздікті жоққа шығару. Төртіншісі – жалған дүниеден бас тарту. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның жаттап алып айтуына ыңғайлы болып келеді. Сол себептен де Ахмет Ясауи хикметтері ел арасына ауызекі тараған хикметтер, кейінірек қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып кеткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен [2].

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде айтылған ақиқат адам баласының шынайы түрде дамуы үшін қажетті талаптарды көрсетеді. Адам – жаратылыс және ол ғаламның түйіні іспеттес. Оның барлық жоғары құндылықтарды қабылдау, тәжірибе жасау, көрсету және қоршаған ортаға жеткізу қабілеті бар. Бұл қабілеттің ашылуы үшін адамға ояну, сана керек. Ахмет Ясауи ілімінде адамның қоғамдағы және ғаламдағы эволюциясы құндылықтарымен бірге қарастырылады. Бұл адамды жануарлардан және басқа тіршілік иелерінен ерекшелендіретін аспект. Адам парасатты тіршілік иесі ретінде өзін және сыртқы әлемді бағыттай алатын білуші тіршілік иесі. Адамның болмыстың ретін танып, түсінуі – ғылымның бір түрі. Бірақ ғылыммен айналысудың нағыз мақсаты – өзіңді тану және білу. Ол сондай-ақ оның бар болу себебін және не істеу керек екенін білуді қамтиды. Бұл да бір танымның түрі. Білімсіз адам бұл жағынан тәкаппар. Сондықтан достары орта жолда қалады [3].

Бұл сөзімен ол білімсіз адамның тәкаппар болатынын, өзін танымайтынын, орнын танымайтынын баса айтады. Исламның рухани әлемінен, сол дәуір үшін ілгерішіл саналған сопылық ағымының ой-пікірлерімен таныстыру және адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден ада болуына үндеу тастау негізгі идея болды десек артық айтпаспыз.

Даналардың айтқаны келер болды,
Қияметтің қияпаты төнер болды,
Ақымақтар айқаймен жеңер болды,
Бұл не деген замана болды, достар?

Ғалым ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін және де надан адам ешқашан ғұламаның сөзін тыңдамайтындығы, ешқашан сөзінің мәнін түсінбейтіндігі туралы жазды. Яғни, өмірдің өткінші қызығына елікпей, адамзаттың қарапайым әрі мәңгілік мұраларын мақсат тұтқан тұлға болу.

Ахмет Ясауидің ілімінде адамның өзін надан қарапайым таптан құтқарып, ғылыммен айналысу арқылы адамды жаратуда Алланың қалауын орындауға ден қоюы керектігі әр жолдарда баса айтылады. Сопылық дәуірді ту еткен бұл шығарманың мәні зор. Өлеңнің өн бойында имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күдіретті күш бар.

Қожа Ахмет Ясауи ойының негізгі қағидаларының бірі – ғылым – хикмет, ақыл – жүрек, дүние – ұқба бірлігін орнату. Бұл тұрғыда ғылым адамға тек дүние немесе ұқба үшін ғана емес, екеуі үшін де бірегей серік, жол көрсетуші болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық оқуының өзегі және барлық қағидалар түсініктемелері «әл-Мисак» келісіміне негізделген:

Мен айтмадим, Алла узи уағда қылды,
Иолсыз едим латиф айлабан иолға салды.
Ғариб болып нале қылдым, қолым алды,
Андағ ғашық шоуқ шарабын ичар, достлар [4].

Йасауи өзінің ғашықтық жолына түсуіне, яғни сопылыққа түсуіне Аллаһтың уәдесі себеп болғанын және бұл уәде әуелі Хақ тарапынан болғанын анық айтып тұр.

«Руз аласт» худа узи нида қылған(үндеу салған),
«Қалу бала» дибан рухлар жауап берған.
Хазрат Таба рухлар учуб қарши келған,
Андағ ғашық хақ жамалин куар, достлар [4].

Егер де бұл қай уәде, қай «аласт» күні десек, барлық сопылар «әл-Мисақ» келісіміне сілтері хақ:

Ә ләсту бираббикум диміш уақтиде
Қалу бала жауабини бердим мәнә [5].

Аудармасы:

«Мен емеспін бе сендердің Раббыларың?» деген уақытта
«Олар айтқан: Иә» жауабын бердім міне.

Ғұлама болудың Алланың алдында құнды екендігіне баса назар аудару дінімізде білімнің ең жоғары құндылық екенін еске салады. Әрбір ғұлама мыңдаған надандарға лайықты, өйткені олар қоғамды тірілтеді.

Ғылым – нағыз өркениет құрушы құндылық. Өйткені ғылым арқылы адам болмысын танып, түсінуге және соған сәйкес қоғамдық-саяси тәртіп орнатуға болады. Әділдік орнату адами және қоғамдық құндылықтарды жүзеге асыру арқылы мүмкін. Табиғатпен үйлесімді өмір салтын қалыптастыру табиғаттың заңдылықтары мен қызметін құрметтеуді және білуді талап етеді. Адамзаттың жер бетінде бейбіт, бақытты өмір сүруі үшін ғылыми негіз бен сана керек. Сондай-ақ жаратушының құдіреті мен көрінісін түсінуде ғылым – адамның ең үлкен көмекшісі. Әйтпесе адам өзіміштің тіршілік иесіне айналады, өзіміштің – өзіміштіңке ұмтылу, құндылықтардан алыстау. Өзіміштің пен мақтаншақтық – адамды төмен түсіретін жүк сияқты. Бостандық кек пен менмендіктен арылу арқылы мүмкін:

«Һу» алқасы* құрылды,
Ей, дәруіштер, келіңдер,
Хақ сыпырасы* жайылды,
Одан үлес теріңдер.
«Қал»* ғылымын оқыңдар,
«Хәл»* ғылымға бекіңдер.
Жоқтыққа шым батыңдар,
Барлыққа шын жетіңдер.
Жырт пердесін түнектің,
Тілеп Хақтың дидарын.
Ашып көзін жүректің,
Көзбен көріп иланың [6]

Ахмет Ясауи хикметтері де әрбір мүмкіндікте білімнің барша мұсылманға парыз екенін және надандықтың сақтану керек ең төменгі күйлердің бірі екенін баса айтады.

Қожа Ахмет Ясауи хикметінің мақсаты: адам баласы ақыл мен жүрек, ғылым мен хикмет, жан мен тән, тіпті дүние мен ұқба бірлігі аясында тұтастай түсінуі. Өркениет те бірлік. Адам өз тұлғасын құндылықтармен қарулану арқылы қалыптастыратыны сияқты, өркениеттер де жоғары құндылықтармен қалыптасып, сақталады.

Қожа Ахмет Ясауи ойынша, өркениеттің негізін қалаушы құндылықтар діни, адами және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады. Қай қоғам, қай дәуірде болмасын, осы құндылықтарға бет бұрса да оң өзгерістерді бастан кешіріп, дамып, ілгері басатыны сөзсіз. Ахмет Ясауи жиі баса айтатын ғылым, даналық, даналық, әділдік, сенім, сүйіспеншілік, жомарттық сияқты құндылықтар барлық уақытта жарамды өркениет құрушы құндылықтар болып табылады. Бұлардан алыстау немесе оларға қарсы әрекет ету – жасы мен қоғамына қарамастан өркениетке қауіп төндіретін ауру көзқарастар. Ахмет Ясауи тілімен айтқанда; Өтірік айту, екіжүзділік, айуандық, фанатизм, күншілдік, өшпенділік, тәкаппарлық, сараңдық, надандық, білім мен даналықтан алыстау – аулақ болу керек және олармен күресу керек ауру жағдайлар.

Сондықтан Қожа Ахмет Ясауиден үйренген құндылықтарымыз әлем жалғасып келе жатқанда өзінің жаңалығы мен жарамдылығын сақтайды және өркениет құрушы және жандандырушы болып қала береді. Қожа Ахмет Ясауи өркениеттің конструктивті құндылықтарын негіздеуші.

Аңдатпа

Өркениет ұғымы адамзат қол жеткізген ең біріктіруші және интеграциялық ұғымдардың бірі болып табылады. Өркениеттер жоғары құндылықтармен орнығып және ұлықталады. Жабайылық, надандық пен фанатизм өркениеттердің жойылуына әкеледі. Ахмет Ясауидің ойының ортасында асқақ құндылықтар жатыр. Бүгінгі таңда Ахмет Ясауи туралы ойлау – даналық жолында біліммен, әдептілікпен жүріп, оған әділдікпен қарауға мүмкіндік. Зерттеуімізде ғылым, даналық, әдептілік және әділеттілік сияқты исламдық және адамзаттық құндылықтардың өркениет құрушы және қорғаушы рөлдерін қарастыруға тырысамыз. Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалпытасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен Қожа Ахмет Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, өркениеттің конструктивті құндылықтарын жүйелеу.

Аннотация

Концепция цивилизации является одной из наиболее объединяющих и интегрирующих концепций, которых достигло человечество. Цивилизации устоявшиеся, стабильные и прославленные высокими ценностями. Дикость, невежество и фанатизм ведут к уничтожению цивилизаций. Высокие ценности находятся в центре мысли Ахмета Ясауи. Сегодня размышления об Ахмете

Ясави – это возможность идти по пути мудрости со знанием и порядочностью и относиться к нему справедливо. В наших исследованиях мы пытаемся рассмотреть создающую цивилизацию и защитную роль исламских и общечеловеческих ценностей, таких как наука, мудрость, порядочность и справедливость. В основу данной статьи положены анализ, основа и философские знания духовно-нравственного воспитания Ходжи Ахмета Ясави, просветительской деятельности, творческих исторических трудов, просветительской работы в обществе, как основа научных выводов о побивании камнями человека.

Annotation

The concept of civilization is one of the most unifying and integrating concepts that humanity has achieved. Civilizations are established, stable and renowned for their high values. Savagery, ignorance and fanaticism lead to the destruction of civilizations. High values are at the center of Ahmet Yasawi's thought. Today, reflecting on Ahmet Yasawi is an opportunity to walk the path of wisdom with knowledge and integrity and to treat him fairly. In our research we try to consider the civilization-creating and protective role of Islamic and universal values such as science, wisdom, decency and justice. This article is based on the analysis, foundation and philosophical knowledge of the spiritual and moral education of Khoja Akhmet Yasawi, educational activities, creative historical works, educational work in society, as the basis for scientific conclusions about stoning a person.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998

М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Йасауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б.

Қожа Ахмет Ясауи, Günümüz Aşk Yolcusuna Divân-ı Hikmet, Стамбул, 2015.

Йасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). А., 1993. – 178-б. 190-б

Қожа Ахмет Йасауи. Диуани хикмет ғаус-л-уасилина. Қазан, 1901. –13-б.

<https://azretsultan.kz/yasauitanu-2022-bajqauyny-hikmetteri/>

Қ.А.ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРІНІСІ

Манашова Жанат Шынасиловна

Тұрсынхан Айтжанов атындағы жалпы
білім беретін мектеп тарих пәнінің мұғалімі
Педагог-зерттеуші, тарих пәнінің магистрі

Қоғамның басты байлығы Нәм мемлекеттің негізгі факторы – Адам мен оның өмірі. Әділетті мемлекет құру бағытындағы батыл бастама, маңызды қадам жасар тұста – Адам факторы, оның өмірі мен еңбегі, болашақ бағыт-бағдары, арман-мүддесі де айрықша мәнге ие болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын – «Әділетті мемлекет.

Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам», - деп атап, ел дамуына қатысты алдағы кезеңдерде атқарылатын реформаның басты бағдарлары қатарында – «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» мәні кең орын алады. Маңыздысы, онда: «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды», - деп атап көрсетеді [1]. Мұның мәнісі: Әділеттілік қағидатын ұстанып, біртұтас идеяға кең өріс ашып, берекелі қоғамға қарышты қадам жасау. Осының негізінде – Жаңа Қазақстан құру, әлеуметтің әлеуетін арттыру, азаматтық қоғамды нығайтып, заң үстемдігіне жол ашу - береке-бірлікке бастайды; жауапкершілік жүгіне мән беріледі; ұлттық байлық тең бөлінеді; ел-жерге құрмет артады; саяси жаңғыру – экономикалық өзгерістерге әкеледі; «Халық үніне құлақ асатын» мемлекет тұжырымдамасы жүзеге асады. Мұның арғы-бергі тарихқа, тұғырлы тұлғалардың есімі мен еңбегін зерттеп-зерделеу ісінде де маңызы зор. Осы орайда, түркі жұртының рухани кеменгері, Қазақстан мен Орта Азиядағы соғылық идеяның бастауында тұрған – Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» атты еңбегіндегі жалпыадамдық мәселелердің құндылық қырларын ашып, кеше-бүгін сабақтастығына, даму үрдістеріне мән беру маңызды.

Иасауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам» [2, 424-425]. Қ.А. Ясауидің өмірнаамасы, шығармашылық мұрасы көптен айтылып – жазылып һәм зерттеу нысаны етіліп келеді.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабы Алланың ақиқат жолын, керемет те көркем қасиетін, адалдық пен адамдықты, адамгершілік пен қайырымдылық істі қадірлеп – құрметтеп, үлгі-ғибрат тұтудың ғажайып көрінісі, өрнекті-өнегелі өмір тағылымы болып табылады. Данышпандық дидары, ғұламалық ғибраты, кеменгерлік келбеті, ақыл-парасаты мен білім-ғылыми һәм діни-сопылық сипаттары – Қ. А. Ясауидің даңқты есімі мен еңбегін, жарқын да жасампаз жолын, ғұламалық ғибратын, кеменгерлік қасиетін, кемел болмысын биіктете түседі [3, 208].

Қ.А.Ясауидің еңбегін қайта оқып, мән-мазмұнына назар аударғанда, алдымен қоғамның басты байлығы – адам мен оның өмірі, еңбегі мен әрекет-қимылы, Алла ісі, қасиет-құдіреті, ақиқат жолы, әділетті іс, кісілік пен кішілік, қарапайымдылық қағидаттары, дүние дидары, дәстүр мен дін, ақыл-парасат, білім-ғылым, тарих пен таным, жастық пен достық, жақсы мен жаман, тәлім-тәрбие арналары, сыйластық сыры, тіршілік тынысы терең танылады.

Жалпы, Ясауи еңбектері өте күрделі болып келеді, оларды бірден игеріп алып кету мүмкін емес. Оның әрбір еңбегіне философиялық, әдеби, діни, психологиялық, этнопедагогикалық, әлеуметтік т.б. да тәлім-тәрбиелік мәселелер кеңінен қарастырылған. Сол себептен де ұқыптылықпен әрбір сөзіне талдау жасап өткізуді қажет етеді. Ясауи өз хикметтерін, құран кәріммен тең көрген. Ол туралы өзінің хикмет шумағы да бар,

Менің хикметтерім,
Алладан пәрмен.
Оқып ұққанға бар.

Мағынасы - «Құран» - деп, хикметтерінің Алла тарапынан келіп тұрғандығын баян етеді.

Жаһандану жағдайында еліміздегі басты міндеттердің бірі ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру болып отыр.

Білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпы адамзаттық және рухани құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Бұл тәсіл білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, білім беру әдістемесін, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымдарының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс жұмыстар аясында бірлескен жобаларды ұйымдастыра алады. Жобалар ғылыми зерттеулерді, мәдени және тарихи ескерткіштерді зерделеуді көздеуі мүмкін.

Мұндай жобалардың мақсаты - білім алушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Жобамен жұмыс жасау барысында жобаға жетекші педагог білім алушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды. Жоба барысында педагогтер ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, достық жауапкершілік, бір-біріне сыйластық, адамгершілік, ізгілік, отансүйгіштік құндылықтарын дарытуға мән беруі қажет.

Жалпы білім беретін мектептер ұлттық мерекелер, халықтық салт-дәстүрлер негізінде балалардың рухани – адамгершілік бағытта тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруы керек.

Қазақстандық патриотизмді, ұлттық бірегейлікті, әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық және рухани құндылықтарға баулуға «Ясауи хикметтерінің тәрбиелік мәнін дәріптеу» жобасы ықпал етеді. Жобаның мақсаты - жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

Ясауи шығармаларының маңызын түсіну және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін Ясауи хикметтерін дәріптеу жобасының тақырыптары ұсынылады. «Қожа Ахмет Ясауи тағылымы», «Ахмет Ясауи және даналық хикметтері», «Ясауи кесенесінде сақталған құнды жәдігерлер», «Қожа Ахмет Ясауи – мұсылмандардың рухани ұстазы», «Ясауи шығармасы түріктердің рухани бастауы» т.б. Нәтижесінде Ясауи ілімі мен хикметтері арқылы рухани құндылықтар адамзаттың бойында қалыптасады. Жоба аясында әр тоқсанда бір-бірден іс-шара өту жоспарланған.

Бірінші тоқсанда көшпелі көрме өткізу жоспарланған. Тақырыптары:

«Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл», «Кесенеде жерленген тарихи тұлғалар», «Кесенедегі құнды жәдігерлер» т.б. Ұлы ғұламаның ілімі мен ізгілік жолын, кесене тарихы т.б. құнды мұраларды терең меңгереді.

Екінші тоқсанда тарихи-мәдени орындарға экскурсия жасау ұйымдастырылады. Бағыттары: Сауран қалашығы, Ясауи кесенесі, Укаша ата Арыстанбаб кесенесі т.б. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қастерлеп, елдік сана қалыптасады.

Үшінші тоқсанда «Ясауитану» байқауы өткізіледі. Хикметтерді мәнерлеп, белгілі бір жанрда орындауға үйреніп, тәрбиелік мәнін ұғынады.

Төртінші тоқсанда ғылыми жоба зерттеу жұмысы өткізу ұсынылады.

Ясауи ілімін терең зерттеуге ынталандырады, алған білімдерін өмірде қолдануға үйренеді.

Ахмет Ясауидің мұралары тұнып тұрған ғылым, әрі тәлім-тәрбиеде құны жетпес байлық. Бүгінгі таңда Ясауи мұраларын жаппай үздіксіз білім беру жүйесіне ендіру, таптырмас тәрбие құралы болары сөзсіз. Ясауи бүкіл елінің, туған халқының рухани-адамгершілік мәдениетінің, оқыту мен тәрбиелеу ісінің мәні мен маңызы зор екендігін терең сезінген. Сондықтан да оның бар саналы ғұмырында, жалпы шығармашылығында оқу-тәрбие жұмысы жөнінде пайымдаулар, тәлімдік-тәрбиелік ой-пікірлер ерекше орында тұрады. Сол арқылы ғалым ұлттық педагогика мен психология ғылымдарының салаларына баға жетпес үлес қосқан. Ол күнделікті өмірдің өзінде оқу-білім, халықты сауаттандыру, көкірек кезін ашу ар түзейтін (хал) ілімін қалыптастыру жөнінде құнды ойлар айтып, осы игілікті іске өзі де белсене араласып отырды. Оның айтуынша «...ең ауыр майдан надандықпен, нәпсімен күрес майданы: әрі ұзақ, әрі ызасы көп...».

Қожа Ахмет Ясауи - күнделікті өмірде болып жатқан әрбір саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени мәні бар мәселелер жөнінде жиі толғанатын, әрдайым өзі өмір сүрген кезеңнің іргелі, келелі жайттарын тереңнен тербеп, жалпы жұрттың, қалың қауымның назарына шығарып отыратын, оның мұраларында қамтылған тақырыптар сан-алуан.

Қ.А.Ясауи Отан сүйгіштік тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Отан сүйгіштікті тәрбиенің ең биік шыңына балайды. Өйткені әрбір адам өз отаны туралы толғанбауы, тебіренбеуі, оны сүймеуі мүмкін емес. Сондықтан да ұлтын сүйуге, азаматтылыққа тәрбиелейтін тәрбиенің бұл түрі жас ұрпаққа өте қажет. Ұстаздың пікірі бойынша, отан сүйгіштік тәрбиенің қозғаушы күштері-ұлттық мақтаныш пен ұлттық намыс болып есептеледі.

Еміренемін ел-жұртқа қаумалаған,
Бабам жатқан ақ топыраққа аунап алам.

Бабам рухын көремін де ойға қалам,
не істерімді біле алмай таңмын енді.

...Шаһарыма аңсаған келдім қайтып,

Түркістанда мазар болып қалдым енді, -деп туған жердің қасиеті мен құдіретін мазмұнды сипаттап көрсетеді. Ал имандылыққа тәрбиелеу - қайырымды, қаһарман, қабілеті қазақ халқының ұлттық намысты қорғау - сол халықтың ұрпағы ретінде, оның ұлттық қасиеттігін сақтап, жас ұрпақты нағыз азамат болып өсуге тәрбиелеудің негізі іспетті. Ғұлама ғалым ұлы ұстаз әрбір адамды елін, жерін, мемлекетін сүйуге, отаны үшін ерінбей еңбек етуге, иманды, инабатты, адамгершілігі мол болуға шақырады.

«11-хикмет» мәнінен адам әлемі, дүние дидары, өмір сипаты, ғаріптік мәні, қамкөңіл жайы терең көрініс береді. Өмір тағылымы, уақыт рухы да танылады.

Уа, дариға, не істермін, ғаріп болдым,

Ғаріптікте қамкөңіл боп жүрмін енді.

Хорасан, Шам, Иракқа жол түсті де,

Ғаріптіктің мәнін әбден білдім енді.

Жеке адамды тәрбиелеуде, әсіресе, отбасының әсері өте зор. Сондықтан ата-ана отбасындағы тәрбиеге жауапкершілікпен қарап, оны реттеп отырады. Ұлттық тәрбие дәстүрлері бойынша ата-ананың балаға қамқорлығы арқылы инабаттылық, имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, көпшілік меймандостық - бәрі отбасындағы тәрбие жұмыстары негізінде қалыптасатындығын ұлы ұстаз көрсете білген.

Еске алсақ, «1-хикмет» бастапқы тұстан-ақ ақиқатты айтып, әділеттілікті жақтап, тақуалық жолды ұстанып, барша жұртқа сөз арнайды. «Жан жылуын, жүрек отын» мейірім шуағымен ұсынып, ғаріп-кемтарларға демеу болып, қол ұшын береді. Бос белбеу, қуыс кеуде, қуыршақ кейіптегі «кекірейген кердеңдерден» бойын аулақ ұстайды. Тиісті тұста: «Махшар күні мархабат ет, пана болғын», -десе, «мейірімі жоқ меңіреулерге» қас екенін де анық-қанық жеткізеді. Аят, хадис мәніне ден қойып, ғаріп-кемтарларға көңіл бөліп, бойын да, ойын да таза ұстайды.

Сөзімді айтам зейін қояр барша жанға,

Жан жылуын, жүрек отын аңсағанға.

Демеу болсын ғаріп, пақыр, шаршағанға,

Кекірейген кердеңдерден қаштым міне.

Қам көңілдің қайғысына дауа болғын,

Жолда шаршап шалдыққанға сая болғын,

Махшар күні мархабат ет, пана болғын,

Мейірімі жоқ меңіреулерге қаспын міне, -деп ақиқат мәніне ден қойып, ізгілік жолына бет бұрады.

Ғарып, пақыр, жетімдерге қол ұшын беріп, демеу жасау – басты ұстанымына айналады.

Бірқатар хикметтер мәні мен мазмұнынан, табиғаты мен тағылымынан ақиқат мәні мен қасиеті, жүрек ісі, рахым нұры, жан мен тән сипаты терең көрініс береді («26-30 хикмет»)

«Хикметтер» жүйесінен адами мұраттар мен абзал борыш, қарыз-парыз ісі, жауапкершілік жүгі, ізгілік пен мейірім, қарапайымдылық пен қайырымдылық кеңінен өріс береді. Әсіресе, «Өз көркіңе өзің мәз бола берме, Өзіңе-өзің сұқтанғаның, сірә жөн бе?»- деп өмір-дүниенің сыр- сипаттарына ден қояды. Өмір-дүниенің сыр-сипаттарына ден қою, аз ұйықтап, сергек жүрудің – салауатты өмір салтындағы орын-үлесі, адалдық мәні мен әділет жолы, дәуір дидары мен заман шындығы, адам әлемі мен еңбек орны, өмірге келгендегі басты миссияны ұмытпауға жол сілтейді («21-хикмет»). Ақиқат жолына батыл бағыттап, дәстүр мен дүниетанымға, діл-дінге, өткеннен өнеге, ғибрат алудың мәнін, қыр-сырын ашады.

Профессор М. Жармұхамедұлы айтқанындай: «Қожа Ахмет Ясауи өзінің өлмес мұрасы «Диуани хикметі» арқылы алдымен түрік әдебиетіндегі, қала берді қазақ әдебиетіндегі дидактикалық сипаттың кең қанат жайып, өркендеуіне елеулі ықпал етті. Мұсылмандық шарттарын сөз етіп, сопылықтың дәні – имандылық, адамгершілік, сабырлылық, әділдік, шындық мәселелерін жырлауда тыннан жол тауып, жаңа бағытқа өріс ашты» [4, 16].

Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларындағы рухани адамгершілік, тәлім-тәрбиелік идеялар тарихы - педагогикалық тұрғыдан талдау жасалынып жүйеленгенде, педагогикалық ойлар қоры молаяды, мектептердің педагогикалық үрдістеріне ендіру барысында, оқушылардың тәлімдік-тәрбиелік деңгейлері көтеріледі. Қ.А.Ясауидің құнды педагогикалық идеялары жалпы оқырман қауым, жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, ата-анасын, дінін, ділін, тілін, елін, жерін сүюіне, елжандылық ұлттық сезімдерін арттырып, рухани адамгершілік, имандылық, инабаттылық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Аннотация

Мақалада Ислам дінінің Орта Азияда кеңінен таралуына түрткі болған, Түркі әлемінің рухани өміріне зор ықпалын тигізген дін ғұламаларының бірі - Қожа Ахмет Ясауи мұрасын оқу-тәрбие процесінде пайдалану, қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған хикметтерді насихаттау, шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың көрінісіне назар аудару қажеттілігі қарастырылады.

Қожа Ахмет Ясауидің өмір тарихы мен асыл мұрасы – «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») кітабының табиғаты мен тағылымы, ондағы Алланың ақиқат жолы, адамдық мұрат пен адамгершілік қағидаттары, қоғам мен заман шындығы, дүние дидары, дін-діл мәні, ар-иман иірімі, ақыл-парасат өлшемі, исламдық тәрбие, софылық идея, ел-жер қадірі, дәстүр мен дүниетаным арналары, жауапкершілік жүгі, жастық-достық сипаты, кісілік пен кішілік, сыйластық сырлары, тәлімдік сипаттар кең түрде сөз етіледі.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамның әлеуметтік құрылымы айтарлықтай өзгеріске түсті. Ұлттар мен этностар өзара саяси-экономикалық қарым-қатынас

барысында бір-біріне рухани ықпал ету арқылы дамып отыр. Осыған байланысты этнос пен ұлт, таным мен дін, ұлттық тәрбие мен білім мәселелері этнология, этнография, әлеуметтану және философия ғылымының өзекті зерттеу тақырыбына айналып отыр. Мақалада Ахмет Ясауидің түріктік сопылық мәдениетінің негізі қарастырылған. Бұл ғылым – қазақтың дәстүрлі мұсылмандық ұғымының, жалпы қазақ мұсылмандығының қалыптасуына негіз болды. Түрік қоғамында діни-рухани өзгеріс ұлттық дүниетаным, түсінік және дәстүр ұғымдарының исламдық сипатқа ие болуы арқылы жүзеге асуы жайлы сөз болады.

Аннотация

В статье рассматриваются необходимость использования в учебно - воспитательном процессе наследия Ходжи Ахмеда Ясави-одного из духовных ученых тюркского мира, способствовавшего широкому распространению ислама в Средней Азии, пропаганда мудрости, сформировавшей духовную целостность казахского народа , обращающего внимание на отражение национальных ценностей в его произведениях.

История жизни и благородное наследие Ходжи Ахмеда Ясави - ставшего духовным отцом тюркского народа, а также содержание и просветительские наставления его бесценного наследия - книги «Дивани Хикмет» («Слова мудрости» – «Хикметы»), касающиеся пути истины Аллаха, человеческих идеалов и нравственных принципов, реалий общества и времени, сущности жизни, религии, совести, чести и здравого смысла, исламского воспитания, софистических идей, ценностей и традиций народа, мировоззрения и ответственности, молодости и дружбы, человечности и проявления уважения к старшим, секретов взаимоуважения и нравственных качеств.

В современную эпоху глобализации социальная структура общества претерпела значительные изменения. Нации и этносы развиваются в ходе взаимных политико-экономических отношений посредством духовного влияния друг на друга. В этой связи вопросы этноса и нации, познания и религии, национального воспитания и образования становятся актуальными темами изучения этнологии, этнографии, социологии и философской науки. В статье рассматриваются основы турецкой суфийской культуры Ахмета Ясави. Эта наука стала основой для формирования традиционного казахского мусульманского понятия, казахского мусульманства в целом. Речь идет о том, чтобы религиозно-духовные изменения в турецком обществе осуществлялись через обретение исламского характера концепциями национального мировоззрения, понимания и традиций.

Abstract

The article considers the need to use in the educational process the heritage of Khoja Ahmed Yasawi, one of the spiritual scientists of the Turkic world, who contributed to the widespread spread of Islam in Central Asia, publicity of wisdom that formed the spiritual of the Kazakh people, paying attention to the reflection of national values in his works.

The life story and noble legacy of Khoja Ahmed Yasawi, who became the spiritual father of the Turkic people, as well as the content and educational edification

of his priceless legacy - the book «Divani Hikmet» («Words of wisdom» – «Hikmet») concerning the way of Allah's truth, human ideals and moral principles, the realities of society and time, the essence of life, religion, conscience, honor and sanity, Islamic education, sophistic ideas, values and traditions of the people, worldview and responsibility, youth and friendship, humanity and respect for elders, secrets of mutual respect and moral qualities.

In the modern era of globalization, the social structure of society has undergone significant changes. Nations and ethnic groups develop in the course of mutual political and economic relations through spiritual influence on each other. In this regard, the issues of ethnicity and nation, cognition and religion, national upbringing and education are becoming relevant topics for the study of ethnology, ethnography, sociology and philosophical science. The article examines the basics of Turkish Sufi culture by Ahmet Yasavi. This science became the basis for the formation of the traditional Kazakh Muslim concept, Kazakh Islam as a whole. The point is that religious and spiritual changes in Turkish society should be carried out through the acquisition of an Islamic character by concepts of national worldview, understanding and traditions.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ-Ж. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам (Қазақстан халқына Жолдауы). - «Егемен Қазақстан», 2022.
2. Қ. А. Ясауи Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995. – 208 б.
3. Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2000. – Б.424-425.
4. Жармұхамедұлы М. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері. Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. – 16 б.
5. Астана.БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА 2023. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат 12-856

ЯСАУИ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Матенова Жадра Галиевна

А.Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары, тарих мұғалімі
Педагог-зерттеуші

Қожа Ахмет Ясауи (1094-1166 ж) қазақ халқының тарихында ерекше орны бар ғұлама. Қожа Ахмет Ясауи есімі ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Өз есімі Ахмет, Қожа атын дінді таратып, уағыздауына қарай халық берген, ал Ясауи ақынның туған, тұрған жерін көрсетеді. Йасы қаласы ақынның туған жері емес, ата-анасынан ерте айырылғаннан кейінгі туыстарының қолына

келіп тұрған, өскен жері. Ақынның туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы.

Қожа Ахмет Ясауи Бұхара қаласындағы Юсуф Хамаданидан діни білім алып, Түркістанға келгеннен кейін ислам дінін таратуда ірі насихатшы болған адам.

Қожа Ахмет Ясауидің өмірбаяны, шығармашылығы көптеген зерттеулерге нысан болды. Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі Қазанда (1889, 1902), Ыстамбұлда (1901), Ташкентте (1902,1911) бірнеше рет басылып шыққан. Бұл бағытта, әсіресе Ресей шығыстанушылары – Е. Э. Бертельс, А.Н. Самойлович, С. Е. Малов, А.К. Боровков, Ә. Наджиб, түрік оқымыстысы - Ф. Куприлизде, өзбек ғалымдары - Э. Рүстемов, Н. Маллаев, И. Хаққұлов, қазақ зерттеушілері - М. Жармұхамедов, Ә. Дербісәлі, М. Мырзахметұлы, С. Дәуітов, М. Шафиғи, Х. Сүйіншәлиев, А. Қыраубайқызы, Ә. Жәмішұлы, И.Жеменей, Кенжетай Д, Б. Қорғанбеков т.б. біліми-ғылыми, тәрбие тұрғысынан танып-талдап, зерттеп-зерделеп, кең түрде қарастырған.

Ахмет Ясауидің тұрған қаласы Түркістанның көп хандар қызыққан, атақты шаһар болуын М.Дулатов: «...Қожа Ахмет Яссауи хазіреттері хақында сөйлеген Һәм халыққа тараған неше түрлі кереметтер жалғыз қара халық пен саудагерлерді ғана емес, заманындағы қаһармандарды да өзіне тартқан... Түркістанның мұнша атақты шаһар болып, замандағы хандар көз тігіп әрқайсысы өзіне қаратып алуға қан төгіп, тарих жүзінде белгілі орын алуға себепші болған Қожа Ахмет Яссауидің бейіті Һәм оның үстіне орнатқан мешіт – белгі екені мағлұм болды»,– деп көрсетеді [1, 229, 231]. Қазақ әдебиетінің тарихы оқулығында зерттеуші ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Ахмет Яссауи – Түркістан қаласының тұрғыны. Өз кезіндегі сауатты, білімді адамның бірі. Жасынан исламдық тәрбие алған, діни мистиканы жақтаушы ақын. Ол - софылық идеядағы поэзияның көрнекті өкілі. Оның бізге мәлім шығармасы – «Диуани Хикмет» атты діни уағыз, ғибрат өлеңдер жинағы. Туған және тұрған қаласы Ясы (Түркістан) атымен өзі де Яссауи атанып кеткен. Оның ата-бабалары Қарахан мемлекетіне қызмет етіп, Сайрам төңірегінде мекендеген адамдар», – деп анықтама береді [2, 128]. Ахмет Ясауидің адамгершілік қағидаттарына негізделіп жазылған шығармасы ақынның кім екендігін, отбасы тәрбиесін, ойына түйген ілімі мен білімін айқын аңғартады. Ясауидің өмір тарихы, отбасылық құндылықтары білім алушыларға тәлім-тәрбие беруде үлгі боларлық еңбектер. Қ. А. Ясауидің еңбектерінде ақиқат жолы, адамгершілік мұраттар, жан құбылыстары айқын аңғарылады. Ол жайында профессор М. Мырзахметұлы былай дейді: «...Ясауидің өзін жан ғылымының көшбасшысы, сол ілімнің ғалымы ғана емес, оза шапқан хакімі болуы себепті де, Әзірет Сұлтан аталып кеткені жай нәрсе емес» [3, 11]. Қ.А.Ясауидің басты шығармасы: «Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады» [4, 61].

Қ.А.Ясауи шығармаларын білім беру ұйымдарында білім алушыларға оқу-тәрбие үрдісінде қолдану білімі мен білігін қалыптастыруда, дамытуда көп көмегін тигізеді.

Негізгі орта білім деңгейінің 6-сыныбында «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнында «Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті» бөлімінде зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты? деген зерттеу сұрағына, «6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру» оқу мақсаты сәйкес келеді. Білім алушыларға осы оқу мақсатын меңгертуде тарих пәні мектептегі оқу пәні ретінде жалпы білім беретін ұйымдарда білім алушы бойына ұлттық сана – сезімді және адамгершілік этикалық нормаларын қалыптастыратын бірден-бір пән болып танылады. Бүгінгі әлемдік жаһандануға еніп, тарих аренасынан Қазақстан мемлекеті болып, қазақ ұлты болып таныла, көріне бастаған кезеңде ең маңыздысы мәселе өскелең ұрпаққа туып өскен мәдениетінің әдеп-ғұрпын жетік меңгерту, өз елінің тарихын, мәдениетін, ділін, тілін жақсы көретін, елдің болашағын сеніп тапсыратын ұрпақ тәрбиелеу.

Ал ол тәрбиені білім алушы бойына қалай сіңіреміз? Қазіргі әлемдік жаһандану, компьютерлік технологиялардың дамуы, бүгінгі жаңалық тез жылдамдықпен ертеңгі тарихқа айналып жатқан заманауи үдерістер ғасырындағы кезеңде ортағасырлық тарихи ескерткіштерді зерттеу, құндылығын саралап, сақтау әрбір қоғам, оның адамдары үшін маңызды мағынаға ие болып отыр.

Мемлекеттің мәдени дамуындағы кезеңде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық сананы жаңғыртып, болашаққа дұрыс бағдар алудағы отаншылдықты, ұлттық патриотизмді дамыту әрбір ұстаздың қасиетті парызы. Ұстаздар алдындағы басты міндеттердің бірі – ақпарат көп заманда ақпараттарды саналы түрде іріктеп, өзіне қажетін ала алатын, өзінің ұлттық негізі мен тамырын танитын, құрметтейтін, дамытатын саналы көшбасшы ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін біздің қоғамның болашағы білім алушылар елінің бай тарихын терең біліп, еліміздің өткен тарихынан сыр шертетін ескерткіштермен байланысты қайраткерлердің тұлғалық қасиеттерін бойына сіңіре білуіміз керек. Осыған орай, білім алушыларға жоғарыда талдап өткен Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмат» шығармасын идеясын түсіндіре отырып меңгерту тәрбиенің басты құралы болмақ. Бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды. «Диуани Хикмат» шығармасынан барлық түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы өзінің ертедегі мәдениетін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын, экономикасын, жалпы өмір сүру қағидаттарын бейнелейтін бағалы деректер табуға болады.

Шығармадағы ақынның ой тұжырымдары сегіз жүйеден тұрады. Олар: тәубешілдік, ғибадатшылдық, махаббат, сабырлық, шүкіршілік, ризашылдық, заһидшілдік (анықтық), ғаріптік. Сонымен қатар адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым, сүйіспендік сияқты мәселелер арнайы сөз болады [5].

«Диуани Хикмат» шығармасының мазмұнына ден қойып, табиғаты мен тағылымына мән бере қарастырсақ – ақиқат жолын көрсетіп, ар-иманға сеніп,

адамшылық-адамгершілік мұраттарды асқақтата түсетінін байқаймыз. Әділетті істі ардақтап, игілікті-ізгілікті іске кең жол ашады. Жасампаздық жолды ұстанып, жақсылық пен достықты ту етеді. Кісілік пен кішілікті, мейірім мен қамқорлықты, елшілдік пен отаншылдықты, бауырмалдық пен еңбекшілдікті, берік дәстүр мен терең дүниетанымды, тарих пен танымды, тәлім-тәрбие мен туыстықты, татулық пен тұтастықты, мөлдір махаббат пен сағыныш-сүйіспеншілікті, сыйластық сырлары сияқты адамгершілік қағидаттарын жүйелі жеткізеді. Қ.А.Ясауидің «Диуани хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») еңбегін зерделеп оқып, мән-мазмұнына назар аударсақ, қоғамның басты байлығы – адам мен оның өмірі, еңбегі мен әрекет-қимылы, қасиет-құдіреті, ақиқат жолы, әділетті іс, кісілік пен кішілік, қарапайымдылық қағидаттары, дүние дидары, дәстүр мен дін, ақыл-парасат, білім-ғылым, тарих пен таным, жастық пен достық, жақсы мен жаман, тәлім-тәрбие арналары, сыйластық сыры, тіршілік тынысы терең танылады.

Осы айтылған адамгершілік қағидаттарының барлығы Ясауи еңбектерінде толық қамтылған. Мысалы, бірі «Даналық Хикметтерінде» қамтылса, екіншісі «Пақырнама мен Мұнажатнамасында», ал үшіншісі, «Мират-ул- Қулуб» атты еңбектерінде талданып, берілген. Міне, білім алушыларға осы еңбектерді оқудың, оқытудың негізінде адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуге болады.

Қожа Ахмет Ясауи адамның жаман жағы екіжүзділікті сынайды. Егер адам тек сырттан ғана құдайшыл болып, іштен басқа пейілде болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады дегенді айтады. Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа (жәһілдікке) ұрындырады деген ой айтады.

Ол надандықтың адам баласына келтірер зияны мен бүлігін жеріне жеткізе, өлтіре сынап, бұған жаңалықты ғана қарама-қарсы қояды, үміт-тілегін де даналарға арнайды:

Наданмен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса тозақ одан қашар.
Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,
Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.
Надан хәлін менен сұрама, көңілім қапа,
Хақтан қорқып, қайғы тұтсам, күлер «қақа».
Араны ашық, нәпсі ұлық, мысалы лақа,
Надандардан қорқып саған келдім мен-ә.
Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып дұға тілеймін жомарттардан.
Ғаріп жаным мың садаға даналардан,
Дана таппай жер астына кірдім мен-ә!

Қожа Ахмет Ясауи Құдайға беріліп құлшылық етушілердің өзін жалған ғашықтар, шын ғашықтар деп жүйелейді. Жалған ғашықтары, жоғарыда айтылғандай, екіжүзді аярлар, надандар делінсе, шын ғашықтары Алла жолына жан-тәнімен берілген даналар деп сипатталады. Осының бәрін ол екі әлемнің (ол дүние мен бұл дүниенің) сыр-сипаттары тұрғысынан шендестіре суреттейді.

Ғұлама Арыстан Бабтың айтқан ақылдары мен үлгі-өсиеттерін зор ілтипатпен еске ала отырып, ұстазының рухани тазалығын, адалдығы мен шыншылдығын өзгелерге үлгі тұта сөйлейді. Осыған орай ол кейбір надан шәкірттер мен арам сопылардың бет пердесін жұлып алып, олардың шын мәнісінде қандай жандар екенін айқара ашып әйгілейді:

Тақуамын деп зор санар, көзіңнен шықпайды жасың,

Көңілдерінде дерті жоқ, қалай ауырар басы.

Өтірік, айла қылса да, Құдайға мәлім бар ісі,

Арыстан Бадам сөздерін есітсеңіз тәбәрік.

Шәкіртімін деп айтады, көңілінде жоқ шындығы,

Шын шәкіртті сұрасаң, іші-тысы гәуһәр дүр,

Хаққа аян сырлары, жемістері таза дүр,

Арыстан Бадам сөздерін есітсеңіз тәбәрік!

Сөйтіп, арамдық пен өтірік-өсектен, жағымсыз қылықтан жиіркенбейтін шәкіртсымақтарды ақын өлтіре сынай отырып, «ғарыштардың ұлығы, заты таза» Арыстан Бабты сондай пасықтарға үлгі етіп ұсынады [6].

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның өмірде алатын орнын оның ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Міне, Қожа Ахмет Ясауидің хикметінің тәрбиелік құрал болуы да сондықтан.

Аңдатпа

Мақалада Қожа Ахмет Ясауидің туындыларын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану туралы айтылады. Ахмет Ясауидің адамгершілік қағидаттарына негізделіп жазылған шығармасы ақынның кім екендігін, отбасы тәрбиесін, ойына түйген ілімі мен білімін айқын аңғартады. Ясауидің өмір тарихы, отбасылық құндылықтары білім алушыларға тәлім-тәрбие беруде үлгі боларлық еңбектер. Қ. А. Ясауидің еңбектерінде ақиқат жолы, адамгершілік мұраттар, жан құбылыстары айқын аңғарылады.

Автор Ясауи шығармаларының мектеп бағдарламаларында берілуіне тоқтала отырып, оқу мақсаттары бойынша білім алушыларға қалай оқыту керектігіне тоқталады. Ұстаздар алдындағы басты міндеттердің бірі – ақпарат көп заманда ақпараттарды саналы түрде іріктеп, өзіне қажетін ала алатын, өзінің ұлттық негізі мен тамырын танитын, құрметтейтін, дамытатын саналы көшбасшы ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін біздің қоғамның болашағы білім алушылар елінің бай тарихын терең біліп, еліміздің өткен тарихынан сыр шертетін ескерткіштермен байланысты қайраткерлердің тұлғалық қасиеттерін бойына сіңіре білуіміз керек.

Аннотация

В статье говорится об использовании произведений Ходжи Ахмета Ясави в образовательном процессе. Произведение Ахмета Ясави, написанное на основе моральных принципов, ясно раскрывает личность поэта, его семейное воспитание, его учение и знания. История жизни Ходжи Ахмета Ясави, семейные ценности являются образцовыми произведениями для обучения студентов. В произведениях Ходжи Ахмета Ясави ясно осмысливаются путь истины, нравственные идеалы, явления души.

Автор акцентировать внимание на представлении произведений Ходжи Ахмета Ясави в школьных программах и способах обучения обучающихся в соответствии с образовательными целями. Одна из главных задач учителей – воспитать поколение сознательных лидеров, способных осознанно отбирать информацию и получать необходимое, осознающих, уважающих и развивающих собственные национальные корни в век большого количества информации. Для этого будущее нашего общества должно познать богатую историю страны, а мы должны суметь впитать в себя черты личности деятелей, связанных с памятниками прошлой истории страны.

Annotation

The article describes the use of the works of Khoja Ahmed Yasawi in the educational process. The work of Ahmet Yasawi, written on the basis of moral principles, vividly reveals the personality of the poet, his family upbringing, his teachings and knowledge. The life story of Khoja Ahmed Yasawi, family values are exemplary works for teaching students. The works of Khoja Akhmet Yasawi clearly comprehend the path of truth, moral ideals and phenomena of the soul.

The author focuses on the presentation of Khoja Ahmet Yasawi's works in school programs and ways of teaching students in accordance with educational goals. One of the main tasks of teachers is to educate a generation of conscious leaders, capable of consciously selecting information and obtaining necessary information, realizing, respecting and developing their own national roots in the age of large amount of information. For this purpose, the future of our society must learn the rich history of the country, and we must be able to absorb the personality traits of the figures associated with the monuments of the country's past history.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. –229 -231 бб.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық.– Алматы:Санат, 1997. – 128 б.
3. Мырзахметұлы М. Ясауидегі «жан ғалымы, тән ғалымы» хақында. Қ. А. Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. – Б. 11.
4. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. – Астана: KUL TEGIN, 2001.– 61б.
5. Қазақ жеріндегі тарихи ескерткіштер: Қожа Ахмет Яссауи кесенесі https://www.inform.kz/kz/kazak-zherindegi-tarihi-eskertkishter-koza-ahmet-yassau-kesenesi_a2741069
6. Ясауи Ахмет. Диуани хикметтен сежмелер. Өзірлеген К.Ераслан. Анкара. 1991ж.

Қ.А.ЯСАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Мәндібет Гулсезім Нұржанқызы

Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор

Еліміздің сан ғасырлық өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Ал халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиеті парыздарының қатарына жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар қатпарларында жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасыр данышпаны – Қожа Ахмет Яссауи қазақ жерін әлемге мәшһүр етті.

Ахмет Ясауидің діни философиясы бір қарағанда тек адал өмір сүру мұраттарын насихаттайтын тұтас ілімді негіздеу болғанмен, түп мәні – тұлға қалыптастыру. Жетілген адам болмысының таза рухани-моралдік жағынан толыққандығының өзіндік бір үлгісін жасап шығарған оның ілімінде, мистикалық бейнелер мен қоғамдық өмірдің шынайы бейнелері қатыстырылып, өзіндік бір талғау мен шындалу, салыстыру мен ұмтылдыру сияқты стимулдарға айналған деуге де болады. Бірақ тұлға аскеттік өмір стилінде болған жағдайда ғана өзіндік бір жаңа руханияттық өрлеу сатысына көтеріледі, ол психологиялық, философиялық, педагогикалық арналар арқылы өзінің бағдарын айқындап алатындығы туралы айтылады. Нәтижесінде, діни ғашықтық сезім адамды кемелдендіруге алып келетін негізгі қозғаушы күш болып саналады. Көшпелі мәдени құндылықтарды сақтап, оның тіршілік етуін қамтамасыз еткен, "білектің күші, найзаның ұшымен" қорған болғандар - сол қоғамның төл перзенттері - алыптар. Сондықтан қуат пен құдіретті айшықтайтын бұл батырлық, ерлік, алыптық сияқты құндылықтар көшпелі адамдар үшін мақсат, үлкен мұрат болатын. "Қорқыт Ата" кітабындағы Байындыр Хан, Қазан Хан, Бамсы Байрақ, Боғаш Хандардың әрбірі алып тұлға, батыр, ер. Өйткені қоғамның мұрат еткен адамы осындай болу керек. Ал Ясауидің қоғамға қабылдатуы мақсат еткен идеал адам типі - кемел адам, яғни сопы, дәруіш. Қорқыт Ата дүниетанымы бойынша әрбір адам батыр, ер болуға ұмтылуы тиіс болса, Ясауиде барлық адам "кемел адам" болуға ұмтылуы керек. Көшпелі мәдениеттегі ең негізгі құндылық болып табылатын батырлық, ерлік, алыптық ұғымы ислам мәдениетінде де дәріптелетін, мұрат болып саналатын басты құндылықтар. Дегенмен, Ясауи сопылық ілімі арқылы батырлықтың білекте емес, жүректе екендігін, адамдық мәннің сыры оның рухы арқылы ашылатындығын басты тұғыр қылып көрсетті. Осының негізінде батырлық, ерлік, алыптық ұғымы мазмұны жағынан тереңдетіліп, толықтырылды. Көшпелі мәдениеттегі негізгі күш материалды қуат, батырлық, білектілік ретінде дәріптеліп, "қанша батыр болса да, жауға салма жалғызды,

қанша шешен болса да, дауға салма малсызды" деген қағида бойынша шектеліп, таразыланып қойылатын болса, ал Ясауи ілімінде батырлық жүректе, ал жүрек болса, шексіздікті - Тәңірді де сыйдыра алатын адамдағы ең асыл жауһар (субстанция) болып дәріптелген. Бұрын "көп қорқытатын" болса, енді ол жүректілікпен, яғни Құрандық аяттармен азықтанған ар тазалығымен тереңдікке жетіп, Абайша айтқанда "мыңмен жалғыз алысатын" дәрежеге, рухани кемелдікке көтеріледі. Өзінің орнын анықтау үшін қоғамға тайсалмай кіріп, етене араласа алады. Яғни "өзіндік менін" "қоғамдық менмен" үйлестіре алады, диалог-сұхбатқа түседі. Еркін сұхбатқа түсу үшін алдымен рухтың тазалығы, сенім, жауапкершілік сезімі қалыптасуы керек. Өйткені адамның бойындағы сезім, қорқыныш, үрей, жауапкершіліктен қашу сияқты психологиялық хәлдерді реттеп отыратын күш - иман нұры болып табылады. Ясауи кемел адам типін мақсат еткен ілімін қоғамға мойындату, қабылдату үшін дәстүрлі түркілік дүниетанымдық ұстындарға жүгінеді. Бұл ұстындар көшпелі мәдениеттің төңірегінде қалыптасқан түсініктер, категориялар, құбылыстар, ұғымдар екені анық. Көшпелі адам үшін табиғаттың барлық элементтері ерекше мән мен киеліліктің объектісі ретінде көрінетін болса, Ясауи ілімі сол мән мен киеліліктің объектісі ретінде адамды көрсетіп, табиғаттың адам игілігі үшін Тәңір тарапынан жаратылғандығын, барлық әлемнің адамға сәжде етіп тұрғандығын уағыздайды. Барлық жаратылғандардың жаратылыс мақсаты - адам және оның игілігін қамтамасыз ету. Ясауи ілімінде табиғат езінің жаратылыс мақсаты мен мәнін толық біледі, сезінеді. Табиғатқа бұл қызметті Тәңір бергендіктен, оның еркі Тәңірде. Ал адамның еркі өзінде, сол ерікті қалай қолданғанына байланысты Тәңір алдында жауапқа тартылады. Ясауи ілімі - сол ерікті қалай қолдансақ адамдық мәнге жетеміз, Тәңірге лайықты құл боламыз деген сұраққа жауап іздеу жолы, адамдық мәнің ақиқатын табу, өзін-өзі тану жолы.

Адамзат баласының алдында үлкен белес тұрды. Ол адам бойындағы адагершілік қасиетін сақтап қалу еді. Сол тұстағы ойшылдардың алдында да осы мәселе болды. А.Яссауи де елге дұрыс жол сілтеп, нағыз адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттары керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарын оқып, үйренудің қазіргі сәт үшін мәні зор.

Қожа Ахмет Ясауи мұраларындағы «Даналық кітабында» төрт ғақлия мадақталады:

«Шариғат» – ислам заңдары және салт-дәстүр негіздері. Мұсылмандық жолды қасиет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың адамзатқа тән екендігін жырлап, адамгершілік дүниесін асақал әуенмен жеткізу.

«Тариқат» – діни-сопылық идеяны мақсатты түрде өсиет ету. Кеңінен алып айтқанда, өлең арқылы ұрпақты имандылыққа, шынайылыққа, әділеттікке, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

«Мағрифат» – дін жолына түсіп, соның бағыт-бағдарын айқындау, тану. Яғни, Алланың ақ жолына түсіп, ала жіп аттамай, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпы сақталған тазалықты жекізу. Ақын хақты танып, соның жолында жиған-терген ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны айтылады.

«Хақиқат» – Аллаға құлшылық қылу. Он сегіз мың ғаламды жаратушыны дәріптеп, әрбір мұсылманның парызы Құдайға құлшылық екенін меңзеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақіреттің азығы» деген дүниелермен адамды күнәдан арашалау, тазарту. Бұл еңбекте ғұлама Түркістанның пірі деп негізгі төрт мәселені қарастырған.

Ахмет Ясауи - осы ақиқатты түсінген ұлы ойшыл. Оның пікірі бойынша әлем мен әлемдегі бүкіл жаратылыстар ұлы Жаратушының құдіреті шексіз екендігін көрсетеді. Ұлы бабамыздың көзқарасы бойынша дүниедегі барлық жаратылыстар Алланың ұлы, жомарт, мейірімді де рақымды екенін дәлелдейді. Жаратылысқа өмір берген де, бейне берген де тек олғана. Ол - шексіздік (мұтлақ) қайнары. Ясауи ілімінде нәпсі жамандықтың, ал рух болса жақсылықтың қайнар көзі болып табылады [4]. Жақсылық пен жамандықтың бірге болуы мүмкін болмағаны сияқты, нәпсі мен рухтың қатар өмір сүруі де мүмкін емес. Екеуінің бірі ғана өмір сүруі керек. Ал рухтың өмір сүруі үшін, нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының ашылуында жатыр. Рух тазалығынан мақсат, ғашық мәртебесіне ұласып, Хақидарын көру болып табылады. Олай болса, түркі халқының тарихындағы дін туралы толғаныстар мен ондағы адам мәселесінің негізгі даму бағыттарын былайша жүйелеп көрсетуімізге болады. Бірінші, діннен адам болмысын туындатып, оның этикалық жақтарына баса назар аудару. Екіншісі, дәстүрлі исламдық діни философияны жаңғырта отырып, адам туралы ортодоксальді діни антропологияны негіздеу беталысы болды. Үшіншісі, еркін-ой мен ислам дінінің жаңа арналарын іздеуге талпыныс және діни сенімнің өзіндік бір «қазақы» үлгісін жасауға деген ұмтылыс [5]. Шын мәнінде де, табиғи-биологиялық түрде сабақтасқан ұлттық болмыс бірлігі арқылы, ділдік-архетиптік түрде жалғасқан қоғамдық сананың тарихи жадысының тұтастығы арқылы, мәдени-әлеуметтік түрде ізденістер арқылы табылған руханияттар бойынша ата-бабамыздың діни философиясындағы адам мәселесі туралы толғаныстары қазіргі таңдағы осы мәселеге қатысты қазақ руханиятынан ерікті-еріксіз түрде көрініс тауып, жаңғырып отырады.

Аннотация

Бұл мақалада Қ.А.Яссауидің рухани адамгершілік, имандылық тәлім-тәрбиесін, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеу сынды мәселе сөз болады. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үңілу. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра. Оның «Диуани Хикмет» атты екі әлемнің де мән-жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік, имандылық,

әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан сарапталады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды.

Аннотация

В данной статье рассматривается важнейший вопрос анализа, обоснования и систематизации философских знаний о духовной морали, нравственном воспитании, творческих исторических произведениях К. А. Яссауи. Углубляемся в учение Ходжи Ахмета Яссауи, изучаем его значение для человечества и казахской литературы. Мудрость Ахмета Яссауи, влившего кровь ислама в корни духовной пищи, на протяжении тысячелетий передавалась из поколения в поколение не только как представителя казахской литературы. Его работа «Дивани Хикмет», описывающая обстоятельства обоих миров, призвана описать и прояснить сложные вопросы, такие как мораль, вера, справедливость и доброта. С точки зрения религиозных требований анализируются различные взаимоотношения между людьми в этом мире: карьера и богатство, власть, бедность и довольство, похоть и покаяние, а также такие ключевые вопросы, как поклонение Истине. Сравнивая неизреченность этого мира и вечность того мира, он говорит о довольстве, человечности, милосердии и заступничестве, честности, достоинстве.

Annotation

This article deals with the critical issue of analyzing, basing, and systematizing the philosophical knowledge of K. A. Yassauï's spiritual morals, moral education, creative historical works. Going deep into the teachings of Khoja Akhmet Yassauï, looking into the significance of it for humanity and Kazakh literature. The wisdom of Akhmet Yassauï, who infused the blood of Islam into the roots of spiritual food, has been inherited from generation to generation for thousands of years, not only as a representative of Kazakh literature. His work "Diwani Hikmet" which describes the circumstances of both worlds is intended to describe and clarify complex issues such as morality, faith, justice, and kindness. Various relationships between people in this world: career and wealth, power, poverty and contentment, lust and penitence, and key issues such as worshipping the Truth are analyzed from the point of view of religious requirements. Comparing the ineffableness of this world and the eternity of that world, he talks about contentment, humaneness, mercy and intercession, honesty, dignity.

Пайдаланған әдебиеттер:

Әл-Афкар гинда әл-Ғазалий. – Байрут-Любнан: Әл-Мактаба әл-Арабия, 1983. – 242 б.

Кенжетәев Д.Т. Қожа Ахмет Иасауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 259б.

Құран хикаялары. Құрастырған Мұхаммед Ахмет Жадмолла. Алматы. 1992 ж
Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1993
жыл.

Ясауи Ахмет. Диуани хикметтен сежмелер. Әзірлеген К.Ераслан. Анкара.
1991ж.

АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ШЫҒАРМАСЫ

Молдахан Жанбота

Астана қаласы әкімдігінің «Өзбекәлі
Жәнібеков атындағы № 11 мектеп-лицейі»
математика-информатика пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

Қожа Ахмет Иассауи қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам қаласының маңында емір сүрген сөз қадірін түсінетін өз заманының білімді адамы болған Шайх Ибрахимнің от басында X — ғасырдың соңында дүниеге келеді. Қай жылы туылып қайсы жылда дүниеден өткені жайлы әзірше нақты дерек жоқ. Диуани хикметте өзінің жазғанына сүйенсек бір жүз жиырма бес жас жасағаны жайлы баяндайды. Әзіргі Қолда бар нақты дерек 1992 жылы Түркістандағы "Мұра" баспаханасында басылған, Қожа Ахмет Иассауи атындағы қазақ-түрік халықаралық Түркістан университеті жанындағы Ахмет Иассауидің лабораториясы, "Әзірет Сұлтан" қорық-музейі" қызметкерлерінің қатысуымен жарыққа шыққан Сафи ад-дин Орын Қойлақының "Насаб-нама" — қолжазба шежересі. Сафи ад-дин Орын Қойлақы Қожа Ахмет Иассауи мен туыс Садр шайхтың немересі, Ахмет Иассауидің ізбасар мұрагері ретінде шежерені XII ғасырдың соңы немесе XIII ғасырдың басталу кезеңінде жазған көрінеді.

Қожа Ахмет өзі Диуан хикметте баяндаған 125 жасқа Насабнамада Сафи ад-дин айтқан 120 жас қайшы келеді. Бұл екі деректің қайсысын негізге алған жөн деген сауал туады. Біздің ойымызша, екі деректе дұрыс, айырмашылығы тек алғашқысы ай есебі мен, соңғысы бір жылды — күн есебімен есептеген. Арабтарда бұл астраномиялық есепті "Қамари" "Шамси" Яғный ай, күн, жыл есебі деп аталған. Біздің қолданып жүрген Мілләттік жыл есебіміз күн тізбегіне сай келетінін ескеріп Насабнамада жазылған 120 жасты негізге алғанымыз жөн деп есептейміз. Ахмет Иассауи туылған және дүниеден өткен жылы жайлы әртүрлі болжамдар бар соның ішінде 1993 жылы "Жібек жолы" журналындағы мұражай қорығының бөлім меңгерушісі шығыс танушы Зікірия Жандарбековтың Түрік ғалымы Ф. Көпурлуның дерегіне сүйене отырып Иассауи 1080 жылдар шамасында туылып 1200 жыл төңірегінде дүниеден өткен болжамы Насабнамадағы дерекке сәйкес келетін сияқты.

"Сүфра" және "сүфрадарлік" терминін насап намань шығарушылар алқасы "Көнөден қалған құнды мұра" деген айдармен берген алғы сөзінде, екі жақты мағнаға ие дейді. Біріншісі, араб елдеріндегі аңыз бойынша Мұхаммет ибн ал-Ханафиядан қалған "сары орамал кімде болса имамдық соған өтеді — деген аңызға байланысты болса, екіншісі "сүфрадарлік" термині қазіргі түркі

халықтарының әдет-ғұрпында қалыптасқан кісі қайтыс болғаннан кейінгі берілетін жетісі, қырқы, жылы әруақтарға атап құдайы беру сияқты, жол жорамалдардың пайда болуына, және түркі халықтарының діни сенімдерімен исламның әдет ғұрыптарының синтезделуіне тікелей әсер еткен сияқты" депті. "Насаб-нама".

Насабнамадағы "Сұфра" сөзінің мәні жоғарыда айтылған екі пікірдіде қуаттамайтын сияқты. Олай деуіміздің себебі "Сұфра" араб сөзі ол әлдеқашан түркі тектес халықтардың тіліне сіңісіп, үн елеп нан илегенде басқада тағамдар дайындағанда жаятын бұйым, Науайи шығармаларының лұғатында Суфра араб сөзі оның баламасы дастархан екенін жазып қойыпты. Науани асарлари Луғаты.

Ахмет Иассауи өте дарынды өз дәуірінің жақсы жаманын жетік білетін сөз зергері болған. Өз тұстарының психологиясын терең үйреніп бұл жолда өзінің ақындық дарынын да іске қосқан. Қожа Ахмет Иассауидің бізге жеткен "Диуани хикмет" (Даналық жайындағы) кітабы XII ғасырдан сақталған ең құнды әдеби ескерткіштердің бірі. Түркі тілді халықтардың Орта ғасырлық әдеби мұрасы.

Диуани хикмет қазақ әдебиетінің де ескі үлгісі болып саналады. Ахмет Иассауи өлеңдерін хикмет деп атап, білімдарлық данышпандыққа теңейді. Оның хикметтері діни-мистикалық, дүние қызығынан безетін, тәркі-дүниелік, жұмбақ, түсініксіз ұғымдарға құрылған күйрек дүние деп жетпіс жыл бойы сын соққысының астына алынып оны зерттеген зиялы ғалымдар жазалануына қарамастан халық оны қастерлеп оқып теберік етіп жасырын күйде сақтап келген. Бұл жәйт хикметтің тәрбиелік мәні мен адамға әсер ету ықпалының ерекше күштілігін аңлатады.

Тәуелсіздік алған елімізге демократия мен жариялылық, сөз бостандығының желі есе бастады. Шөліркеген халқымыз сусындарлық қайнар бұлағының көзі ашылды. Сүйікті отанымыз Қазақстан тәуелсіздік құқығына иеленіп, күшімізге-күш, жігерімізге жігер қосылып, қуанышымыз қойнымызға сыймауда. Ұлттық байлығымыз болып есептелінетін жәдігерліктің жарық көруіне кең жол ашылды. Құран кәрім, Мүһәммет пайғамбардың хадистері қазақ тіліне көпшілік халқымыз тарабынан үлкен ризашылықпен қолдау табуда. Арабта Құран кәрім, Түркіде Диуани хикмет деп дәріптелген Құл Қожа Ахмет Иассауидің жазып қалдырған жәдігерлігінің көркем аудармасы тиіп-қашып аударыла бастаған мен оның толық қанды нұсқасы жарық көре алған жоқ.

Қазақ Кеңес энциклопедиясының үшінші кітабының, 594 бетінде Маңғыстау Тыныштық ұғлының Қазанда бастырған нұсқасы әрі толық, әрі қазақ тіліне жақын. Бұған ақынның 159 хикматы енген" деген дерек болған мен ол нұсқа жұртшылықтың қолына тиіп оқи алған жоқ. "Ежелгі дәуір әдебиеті — хрестоматиясынан" Алматы "Ана-тілі" 1991 — жыл Б. Сағындықовтың 1911 жылы Ташкент баспасы бойынша жасалған жолма жол тәржимадан тек үзінділер мен ғана таныстық. Шымкент баспаханасы басып шығарған "Қожа Ахмет Иассауи Даналық кітабы" 1983 жылы шыққан Кемал Эрасланның Анкарадан шығарған тәржимасынан алынған Жарасхан Әбдірашовтың аударған бірінші хикметі мен ғана таныстық. Бұлардан басқа 1991 жылғы Парасат журналының N8 — санынан "Ахмет Иассауи ғазалдары" аударғандар:

М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, М- Шапиғов, 1993 жылғы Заман Қазақстан үн қағазының №9 санында жарық көрген Әбіраш Жәмішұлының тәржималаған "Адалдық пен ақиқат жолын толғаған хикметтер". Бұлардан басқа жуырда "Қазақ әдебиеті үн қағазының 37 саны 1993 жылы жарық көрген Есенбай тәржималаған "Хикметтерім кетті та-рап жалғанға" дсйтін Иассауидің мінәжаты мен таныстық. Бұлардан басқада үзінді тәржималар баршылық, бірақ олардың ішінде сын көтеретіні шамалы, жоғарыдағы аты аталған тәржима иелерінің барынша жауапкершілікпен қарағаны сезіліп тұр. Дегенмен көпті көрген Қазақстанның халық жазушысы, атақты абыз ақыны Әбділда Тәжібаевтың 1991 жылы №8 «Парасат» журналындағы «Қожа Ахмет Иассауи газалдары» тәржимасына айтқан. «Мына оқырмандар назарына ұсынылып отырған ғазал тобы — әбден піскен, ой жағынан да поэзиялық жағынанда жетілген нәрсе емес, кейде толық өлең болып оқылса, кейде ырғағы жетпей жатқан сөзбе сөз аудармадай шоқырақтап қалады. Мен мұндай аудармалардың да жарияланып, жұртшылық талқысына түсуін қостаймын». Деген сарапкерлік сөзі «Диуани хикмет» тәржималаушылардың бәріне де қатысты сияқты. Бұл пікірден менің ұсынып отырған тәржимам оқ бойы ұзап алға шығып кетті деуден аулақпын. Ғалым, тәжірибесі мол, ақын аға Әбекеңнің жоғарыда аталған Парасат журналында айтқан «Қожа Ахмет Иассауи ғазалдары сан түрлі білгір түсіндірмелер мен өзі жазған күйінде біздің баспаларымыздан кітап боп шығып жатуы қажет деп білемін» деген тұжырымын басшылыққа ала отырып, ұсынылып отырған тәржимамның денін Қожа Ахмет бабамыздың өз сөзі мен жазуға тырыстық. Буын тармақ ұйқас құрылымдарын мүмкіндігінше қалпында сақтап, кейбір араб, парсы, шағатайша, сөздер қазақшаланды. Халыққа түсінікті болуды көздеп, бабаның өлең өрнегін құру әдісінің жақындығын ескере отырыш тәржима Қазақтың қара өлең, жыр үлгісінде жазылды. Түсініксіз деген сөздер қазақшаланыш, арнайы нөмірлеп түсініктеме беріп, сөздікті барынша қысқарттық. Сонымен қатар қазақ тіліне сіңіп кеткен кейбір араб парсы сөздерінің түсініктілері өз қалпында қалдырылды.

Диуани хикметтің ұсынылып отырған тәржимасы 1904 — жылы Қазан Император университетінің типолитографиясында басылып 10-қараша 1904-жылы Санк-Петербург цензурасы рұқсат еткен, кітап негізінде аударылыш, Ташкенттегі Ғафур Ғулам атындағы баспадан 1992 жылы шыққан Р. А. Абдушукуров баспаға дайындаған «Деуани — хикмат» және осы баспадан 1991-жылы шыққан Түрік ғалымы Кемал Эраслан аудармасы негізінде өзбек тіліне аударып, баспаға дайындалып, Ибрахим Хаққуловтың алғы сөзі мен шыққан Ахмет Яссави «Хикматлар» үзінді аударма нұсқалары мен жол ма жол салыстырылып бірінде жоғын бірінде барымен толықтырылды. Білікті ғалым Ибрахим Хаққуловтың кітаптың сөз басында Иассауи жайлы баяндаған кейбір өзекті ой пікірлерін осы тәржима сөз басына пайдаланғанымды айта кетіп үлкен ілтипатпен алғысымды айта кетуді парызым деп есептеймін.

Қазан баспасында басылған Диуан хикмет нұсқасының екінші бетінде парсы тілінде алғы сөз жазылып, соңына Муаллиф Ғалым Мухаммад бин муфті Рахималла Қариаши Әсті-Хашми Аллиури деп жазыпты. Үшінші беттен Фақырнама он жетінші бетке дейін баяндалып, он жетінші бетте он бір

Ахметтің аты жазылған Иассаудің мөрі түсірілген. Он сегізінші беттен екі жүз алпыс екінші беттерде 149 хикмет бір мінажат жазылып, кітап тамам, жаратушы жалғыз Алла өзің падишасында, көрегенсінде деп жазылған. Айта кеткен жөн хикметтердің нөмірлік санын қойғанда қателікке жол берілгендіктен кітаптағы 152 хикмет 149 болып жазылып кеткен. Яғни үш хикмет кем көрсетілген. Кітаптағы Фақырнаман Иассауи жазбай екінші бір адам жазғандықтан тәржімаланбады. Бірақ, фақырнамадағы он шумақ хикмет Иассаудікі болғандықтан кітаптың соңына қосымша тіркелді. Сол сияқты Әмір Темірдің «Жеңіс жолы» атты кітабынан алынған бір шумақ Иассауи рубайы да қосылды.

Диуани хикметті тәржімалау барысында байқағанымыз хикметтің кейбіреулері Иассаудікі емес екінші бір адам жазып қосқан сияқтанып кетеді. Атап айтқанда Бабамашин сұлтан жайлы 47-хикмет, және ең соңғы 152 хикмет Иассаудің шәкірті Хақим ата Сүлейман Бақырғанидікі сияқты. 47-хикмет соңында Жад етейік Құл Қожа Ахмет әулиені» деп екінші жақтан сөйлесе, соңғы 152-хикметте «Бабамашин ол сұлтан, Хақим қожа Сүлеймен шайқым Ахмет Иассауи» дегенде Иассаудің өзінің сөзі емес, екінші бір адамның айтып отырған сөзіне ұқсап кетеді.

Қазан баспасынан 1904-жылы шыққан Диуан хикмет нұсқасында 2-3-4 хикметтерінде бір жастан отыз жасқа дейінгі өмірі жырланып, қателікке жол беріліп 5-хикметте қырық жастан қырық тоғыз жасқа дейін жырланып отыз бір мен қырық жастың аралығы үзіліп қалып кетеді. Сол сияқты елу бір мен алпыс үш жасқа дейін жырланатын хикметтері үзіліп қалады да оны кітаптың соңына таман 12 хикметте беріп хикметтегі жырлардың тұтастық композициясы бұзылады. Осы қателік 1992 жылы шыққан Р.А. Абдушукуровтың өзбекше аудармасында да қайталанатын. Бір жастан алпыс үш жасқа дейін Иассауи өмірі жырланатын хикметтердің тұтастық композициясын бұзбау мақсатымен бұл хикметтерді Түрік ғалымы Кемал Эрасланның 1983 жылы Анкарада шығарған «Девани хикметлар сочмалар» — «Диуани хикметтен үзінділер» кітабынан өзбек тіліне 1991 — жылы Ибраһим Хаққулов аударған нұсқадан аударылды. Басқа Хикметтердің бәрі Қазан баспасы негізінде тәржімаланып Хикметке қойылған нөмір санындағы қателіктер түзетілді.

Диуани хикметте Иассауи бала күнінен бастап алпыс үш жасқа дейінгі өмірін баяндап, тірлікте көрген азабын, қайғы-қасіретін тізеді. Хан мен бек, қазы, мүфтілердің бұқара халыққа көрсеткен жәбір жапасын аяусыз әшкерелеп сынайды. Бұл дүниенің өткінші жәбір жапасын аяусыз әшкерелеп сынайды. Бұл дүниенің өткінші жалғандығын айтып, о дүниенің мәңгілігін дәріптеп, дүние қызығынан безіп, жұртты сопылық жолға түсуге шақырады. Иассауи зорлық зомбылықты, үстем таптың нысапсыздығын, өлтіре сынап, гуманистік көз қарасын танытады. Тағылықпен опасыздыққа қарсы шығып адамдар арасындағы достық, бірлікті жырлайды.

«Диуани хикметтен» «Қазақ халқының ежелгі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы фактылар табуға болады...» Түркі тілді халықтардың орта ғасырлық әдеби мұрасы. Ол қазақ

әдебиетінің де ескі үлгісі боп саналады деп жазылған Қазақ Кеңес энциклопедияларында I-том 613 бет, 3 том 593 бет .

Мысалы 88-хикметте:

Таза-таза хикматларым сани дафтар

Есіз сөзім надандарға қилур абтар

Бұл: Таза-таза хикметтерім екі дәптер,

Есіл сөзді надан қылар әптер-тәптер деп аударған жағдайда мән мағынасы да, көркемдігі де кемімесе керек. Мұндағы бізге түсініксіз ұқсап тұрған араб тіліндегі «абтар» сөзінің мәні — жұлып-жұлқы, бассыз аяқсыз паршаланған, бұзылған, бақытсыз деген екен. Науаи асарлары лұғаты. Арабтың «абтар» сөзі қазақ тіліне әлдеқашаннан сіңісіп емле сөздігінде жазылып қойылыпты. Бұдан шығатын түйін бабаның қасиетті сөздерін сан-саққа жүгіртіп әптер-тәптерін шығармай, мән-мағынасын сақтап көркем аударма жасау басты мәселе болуға тиіс демекпіз. Бұл мәселеде бауырлас озбек ағайындардан үлгі алғанымыз артық болмас еді. Олар 1983 жылы Кемәлдың Анкарада шығарған «Девани хикматтан сочмалар» кітабы негізінде Ибрахим Хаққуловтың алғы сөзі мен 1991-жылы 300000 дана; Расулмухаммат Абдушукуровтың дайындауы мен 1992 жылы 200000 дана таралым мен Диуані хикмет кітаптарын Ғ. Ғұлам атындағы баспадан жарыққа шығарып үлгерді. Алдағы кезде хикмет толық және қатесіз болу үшін Түрік, Қазан нұсқасы ғана емес басқада елден табылған нұсқалар мен салыстырып терең зерттеулер жасауға қолжазбаларды іздестіруде. Бізде әлі Диуани хикметтің үзінділері, немесе қалта қамы үшін жеке баспаларда үзіп жұлқып жұқа кітапшаларды шығару әдетке айналуда.

«Диуани хикмет» кітабын шығару мәселесіне бүгінгі күннің талабына сай мемлекеттік тұғырдан қарау қажет-ақ.

Құл Қожа Ахмет әрбір сөзің дертке дәрмен.

Талапкерге баян қылсам қалмас арман.

Төрт мың төрт жүз хикмет айттым хақтан пәрмен.

Пәрмен болса өлгенімше сөйлей берем».

Деп жазған Иассауидің басқада дәптері болмауы мүмкін емес. Тек оны толассыз іздену қажет.

Дүние жүзін өзінің қаһармандық жауынгерлігі мен дүр сілкіндірген Әмір Темір кураған — (патша-зада) өзі хатшысыша жаздырған «Жеңіс Жолдары» кітабында: «Рұм мемлекетіне жүрерден алдын мақсатыма жетуді алдын-ала білу үшін Иасауидің қабіріне зиярат қылып, сол жерде пал аштырдым. Палдың мәлімдеуінше жорық уақытында маған қауіп душар болатынын, деген мен төмендегі Иассауидің рубайым оқысам шұбасыз табысқа жететінімді айтты. Сол бір ауыр сәтте маған жәрдем беретін рубайдың мазмұны мына төмендегіше еді:

Ей қараңғы түннің шамын жарық еткен,

Бір сәтте ғаламды гүлстан бақ еткен,

Басыма түскен істі жеңілдеткін,

Ей, баршаның мүшкілін асан еткен.

Бұл рубайды мен жақсылап жаттап алдым. Қайсар мен болған ұрыста мен өзімше оны жетпіс рет қайталадым нәтижеде ғажап жеңіске жеттім деп

жазыпты Әмір Темір «Жеңіс жолдары — Ақуалы таржимасында» 17 — бет 1992 — жыл Ташкент (Нұр) баспасы.

Әмір Темір жиһангердің Қожа Ахмет Иассауиді құрметтеп оның қабірінің үстіне Қарахандықтардан соң қайтадан зәулім архитектуралық ескерткіш салуы тегін емес. Ол Иассауидің қадір қасиетінің шығыс мұсылмандары арасында қаншалықты биік дәрежеде екенін жетік түсінудің жемісі деуге болады. Әмір Темірдің жоғарыдағы жат алыш айтып жүрген рубайы шамасы бірінші дәптерде болса керек деген ойға қаласың. Диуани хикметтегі «дафтари сани» сөзін әркім әр саққа жүгірткені жөн емес сияқты. Өйткені Иассауи араб тілін жетік білген кісі. Араб тіліндегі Сәна мен сәни сөздерін шатастыруы мүмкін емес.

Иассауидің өзі айтқан төрт мың төрт жүз хикметі бір шумақтан болғанның өзінде, тіпті мінажатындағы сияқты егіз жолдардан құрылғанның өзінде бірнеше кітап болатыны айдан анық. Кім білсін Әмір Темірдің жадына алған рубайлары сияқты басқа біреулердің кітаптарынан да шығып қалуы ықтимал. Бұл мәселе жалықпай, терең ғылыми ізденуді күтіп тұрған іс. Әзірше қолда барды салыстыра отырып, түп нұсқамен аударманы қабат қойып, араб, парсы, шағатай сөздері Құран кәрім аяттарына пайғамбар хадистеріне, жер, су, кісі аттарына ғылыми түсініктеме жазып Диуани хикметтің толық академиялық нұсқасын шығару қажет-ақ. Бұл іске дін назаратының мүфтісі ғұлама араб парсы тіліне жетік Әбдісаттар Дербісәлиев сынды шығыстанушы ғалымдар тартылса нұр-үстіне нұр болар еді.

Құл қожа Ахмет Иассауи халық басына қара бұлт төніп, қиыншылық пен қаралы қайғылар қаптаған дәуірде өмір сүрген ақын. Түрік билеушілері — Қарахандықтар мен қара қытайлар ортасындағы ұрыстар нәтижесінде белең алған зұлымдық пен мейірімсіздік маскүнемдік, басқада азғындықтың алуан түрлерінің кесепатты салдарын жіті сезінген Иассауи: «Ақырзаман нышаны ол қайрат кетті,

Қаһар ием қаһары мен үкім етті,

Халайықтар бұзық болып дінін жұтты,

Ислам күшсіз болып қолдан шықты көргін.

Ғалымдары бар ілімін малға сатты,

Көре біле өздерін отқа атты,

Өзі амал қылмастан халыққа үйретті,

Дүние үшін діндерін сатты көргін,

Бақыл арсыз нысабы жоқ құлдар әкім,

Менмендікпен зұлымдыққа жаны жақын,

Ел ішінде қор болуда кемел ақыл, Сол себептен халық кәпір болды көргін» деп тебренеді.

Қожа Ахмет Иассауидің дүниеге көзқарасы ахикат, әділет, қанағат, нысап сияқты мәселелерге өз дәуірінің перзенті сипатында ислам дінінің қағидаларына сүйеніп, оны қалтқысыз басшылыққа алып отырады. Ф. Энгелс: «Феодализмге қарсы бағытталған төңкеріс әрекеті бүтін орта ғасыр дәуірін бойлап өтеді. Дәуір жағдайына қарап ол кейде мистика, кейде әшкере күмән, кейде құралды қозғалыс көрінісінде майданға шығады» деп көрсеткен екен. Жоғарыдағы айтылған Иассауидің ағымы феодалдық сауда-саттық

буржуазиясын қолдайтын Нақшибандық ағымға қарама-қарсы тәркі дүниелік діни мистикалық ағым делініп сыш сойылның ермегі больш келгені жайлы сөз айтылған еді. Біз соңғы жетпіс жыл ішінде насихаттап келген «Иассауидің реакциялық мәні бар халыққа зиянды мистикалық ағымы» қайсы мистика? Энгельс феодализмге қарсы бағытталған төңкеріс әрекетінің мистикасы ма, жоқ әлде біздің құлағымыз үйреніп қалған реакциялық мәні бар халыққа зиянды мистика ма?

Осы бір даулы мәселенің бетін ашып алу Иассауи тану ғылымындағы басты бағыт болуы керек, Бертран Раселдің «Мистицизм және логика» деген мақаласында айтқандай дүниені мистикалық ұғымда түсінуде данышпандықтың сондай бір толқыны дүниеге келеді оған небір ұшқыр нәрсе менде ілесіп болмайды» деген екен. Міне сол данышпандық толқынын Иассауи мистикасынан іздесек, адамның рухани жан дүниесін нұрландыратындай жарық сәулені көруге болады. Иассауилік сопылық ағымның негізі: бірінші — шариғат, екінші — тарихат, үшінші — мағрифат, төртінші — хақиқат.

Шариғат — ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы;

Тарихат — сопылықтың мұрат мақсатына жеткізетін жол;

Мағрифат — дін жолын танып оқып білу;

Хақиқат — Алла тағала мен табысыш бірлесу; Жаратушы Алла- тағала ең ұлық хақиқат. Ондағы барлық нәрсе толық жетілген, саф таза да әдемі де, оның әділеттілігіне ешкім де нұсқан келтіре алмайтын өзіне ғана тән әділет. Көзқарасы да қарама қайшылықсыз деген қисынды қамтиды. Иассауидің мистицизмге құрылған «данышпандық толқының тиімді мәйегі де дәнегі де Ұлық Алланы тану, табысу ілімі мен өзінің шырқау биігіне көтеріледі. Иассауидің махаббат — ғашықтығы Аллаға ғашық болып оны мен табысуы. Ол үшін небір қиын» бейнет азабын тартып, қайғы қасіреттерді шегіп, ғашықтық жолында жан бергеннің арманы жоқ» дейді. Адам рухани жан дүниесін тазалау үшін қиыншылықтарды басынан өткізіп жәбір-жапа шегуді мойнына алмағы шарт деп үгіттейді.

Ғашықтар халық ішінде күйіп жылар,

Шын соны жан күйдіріп тағат қылар,

Ажал кел деп өлімге белін буар,

Машығына хал жайын айтады екен.

Ғашықтар хақиқаттан қашпас болар,

Надандарға сырларын ашпас болар,

Намардке дүр-гәуһар шашпас болар,

Өзі ұғып у запыран жұтады екен.

Демек, Аллаға ғашық жандар шын көңлімен беріле күйіп-жанып, жәбір-жападан қашпай қажетті жағдайда өлімге бой ұсынып, надандар мен намарт, опасыздардан өзін аулақ ұстап хақиқат жолы мен Алла мен табысып, бірлесуі керек дейді.

Иассауи Алла жолы-хақиқатгы нәпсі аранынан арашалап оның тізгінін тежей ұстап тапсам дейді. «Күчә қылып тәубә қылмай әдден астым,

Нәпсім менің судай тасты топырақ шаштым.

Шүкір Алла кәміл пірім жаққа қаштым.

Қолға алып нәпсі тізгінін ұстасам мен.

Ақынның діни мінез-құлық фәлсафасында дүниеден басы бүтін баз кешу мәселесі көзделмейді. Керісінше нәпсі тізгінін тежеп нысапқа келуді, жамандық, надандық, қараңғылық қаптаған опасыз дүниенің кесапатты кесірінен адам баласының жан дүниесін таза ұстауды көздейді. Бұл мәселеге байланысты. Иассауи жұртшылықтың назарын нахақтан дау қылған «қазы, имамдар» «арам жеген әкімдер» «дүние менікі деп жұрттың малын алған амалдарлар», «ақты қара қылған молда мүфтілер,» елдің еңсесін көтертпей, желкесіне мініп алып, «тәтті-тәтті жегендер» «түрлі-түрлі кигендерге» қарсы қойып, көңілдеріне өшпенділік шамын жағып оятады.

«Диуани хикмет» сияқты қасиетті кітапты аударуға кеңес беріп келелі пікірлерін айтып қол ұшын берген филология ғылымының кандидаты Әсілхан Оспанұлына, Диуани хикметтің ұсынылып отырған тәржімасының жарыққа шығуына себепкер болған баспагер редакция алқасына ыстық ықылас үлкен ілтипатпен алғысымды айту мен қатар, оқырман қауымнан тәржіманың кемкетігі жөнінде пікірлерін айтқандарға алдын ала алғысымды айтуды парызым деп есептеймін.

- Сөз соңында осы кітаптың жарыққа шығуына атсалысып демеушілік жасап қаражат бөлген Сарыағаш «ауданы Қабыланбек ауылындағы іскер азамат Мейірбектегі Зәріпбекұлы Сәдір мырзаға ерекше илтипатпен рахметімізді айтып, дені сау болсын, табысы тау болсын, Алла жар болсын Қожа Ахмет бабамыздың рухы-қолдап жүрсін деген тілекті айтуды жөн көрдік.

Аңдатпа

Бүгінгі қоғам алдында зиялы тұлғалардың адамгершілікпен имандылық тақырыбында ақыл-ой мен тәлім-тәрбиелік тәжірибені көздеп болашақ ұрпақтың бойына сіңіру көзделген. Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалыптасуы жөнінде рухани адамгершілікке философиялық танымдарын жүйелеу.

Аннотация

В современном обществе предполагается прививать интеллектуалы будущему поколению с целью интеллектуального и образовательного опыта по вопросом морали и веры. В основу данной статьи легла систематизация философских знаний о формировании личности, духовнонравственном.

Annotation

In modern society, it is intended to inculcate intellectuals in the future generation for the purpose of intellectual and educational experience on the issue of morality and faith. This article is based on the systematization of philophical knowledge about the formation of personality, spiritual and moral.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Ұ.Т. Ташкенбаева. Қ.А. Яссауи еңбектерінің философиялық және тәлім-тәрбиелік мәні
Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аударған М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.

Қожа Ахмет Яссауи . Хикметтер. Қазақ тіліне аударғандар: Ә.М.Ибатов, З.Жандарбек, А.Ш.Нұрманова. -Алматы: Дайк-Пресс, 2000.-208 б
Яссауи, Қожа Ахмет. "Диван мен Хикмет: Қожа Ахмет Яшсавидің даналығы мен поэзиясы." Аударған Талат С.Халман. П.Яйынжилик, 1991 ж.

А. ЯССАУИ ЕҢБЕГІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мукаева Сауле Нурсултановна

Астана қаласы «Әлихан Бөкейхан атындағы

VINOM SCHOOL мектеп-лицейі»

бастауыш сынып мұғалімі

педагог-зерттеуші

Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде жарық дүниедегі өмірдің мән-жайын ашып сипаттаудың басты бір тәсілі ретінде Мұхаммед пайғамбар мен оның шахрияларының салған жолы мен үлгілі істерін, өсиеттері мен өнегелі ойларын жұртқа жайып насихаттауды басты мақсат етіп қойды. Ең алдымен, Алла Тағаланың қамқорлығын, кешірімділігін алға тарта отырып, Баянсыз бұл дүниенің адам балластын сынау үшін берілгенін, осыған орай адамшылдық пен әділдік, адалдық, имандылықтың бұл өмірдегі басты шарт, негізгі ұстаным болуын бұлжымас қағида ретінде ұсынды. Осы ұлы мүддені іске асыру үшін, ол құдайға құлай құлшылық ету мен оның жердегі соңғы уәкілі Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарды ол кісінің сүйікті шаһариарларын, сан алуан шайых, машайых, әулиелердің үлгілі іс, мінез-құлықтарын насихаттай отырып, Алланың уәкілі Мұхаммед пайғамбардың толыққанды да асқақ бейнесін жасауға талпынады [1]. Ал осынау насихаттап жазған сөздері қазіргі күннің жастарына бұл фәнидің уақытша екендігін, сол уақытты тек адамгершілік, имандылық қасиеттеріне арнау керектігін көрсетеді.

Мақсаты: Қожа Ахмет Яссауидің ерлік пен елдікті, азаматтық пен адамгершілікті, туған жер, ел тағдыры туралы жырлаған өршіл өлеңдері мен еңбектері арқылы өскелең ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, дүниетанымын қалыптастыру;

Өзектілігі: Қожа Ахмет Ясауидің ағартушылық қызметі, өсиеттері мен өнегелі ойлары, шығармашылық тарихи еңбектерінің жеке тұлғаны қалыптастыруда мәні зор.

Әулие бабамыздың айтуынша, әр іске төзімділік, шүкірлік етіп Құдайға жалбарыну, одан шапағат күту, дүние-мүлік, байлық үшін жанын жалдап, өтірік-өсекке ұрынбау тәрізді мәселелер күнәдан арылудың басты-басты талаптары делінеді. Сондай-ақ, ол адамның Аллаға деген сенімінің, ой-пиғылының тазалығына баса назар аударады. Осыдан барып Құдайға деген ықылас артып, мұның ақыры оған қалтқысыз берілген шын сүйіспендікке ұласады деп көрсетеді. Шын ғашықтықтың ұшына шыққандарын Алланың сүйген құлы – жарандар деп жүйелейді. Құдай жолына біржола бет қойған, соның азап-қиыншылықтарына бас қойған ғашықтықты ол ең қиын, машақаты мол жол деп бейнелейді.

Ғашық дертіне дауа іздеген болар делбе,
Іші-сырты жалған жанға әсте сенбе.
Арың таза болса, әр кез жеңіс сенде,
Ғашық дертіне рахым қылса Алла қылар.
Кімді көрсен бұл жолдарда жалған ғашық,
Іші таза болмайды көңілі ашық.

Қараңызшы қандай келіскен, мәні мен мағынасы бірден тайға таңба басқандай ашылып көрсетілген. Тура осы үзіндіде айтылған ар мәселесі ислам ғұламаларының сөзінде де кездеседі, үндестіктері үзілмегені белгілі. "Кім маған тілі мен ар-намысын (ұятын) қорғау жайында уәде беретін болса, мен оған жәннатты уәде етемін" деген хадистен осыны байқауға болады. (Бухари, Рикақ 23) оған қоса, Қожа Ахмет Ясауи кешірімділік, төзімділік туралы ой-пікір, тұжырымдарын жүйелі әңгіме еткен. Ол қай пайғамбардан нендей үлгі қалды деген мәселеге орай былай дейді: "Тәуба қылу адам Пайғамбардан, ғибадат қылу ідірістен, зікір-сабыр Аюбтан, зікір ғаріптік Мұхаммедтен (с.ғ.с.) қалды, ал сыпайылық хазірет Сүлейменнен қалды", – деп жазады. Сонымен бірге, Ясауи ұстазымыз адамның рухани кемшілігіне қатты мән береді. Батыл әшкерелеп, бел шешіп күрескен бітіспес жауы - надандық, рухани жанның төмен болуы. Ұстаз барлық бәленің қайнар көзін надандықтан деген қорытындыға келіп, одан аулақ болуға шақырады. Надандықтан әрімен қарай зұлымдық, арсыздық, менмендік, бәлеқорлық туады деп, бұдан арылудың бір-ақ жолы оқу, білім екендігін баса айтады:

Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып дұға тілеймін жомарттардан.
Ғарып жаным мың садаға даналардан,
Дана таппай жер астына кірдім мен-о.
Табалама надандарда Қадыр болмас.
Қараңғыда адассак, жолға салмас.

Міне қазіргі бойымыздағы рухани құлдырауды, надандықты тамырымен жою үшін Ясауи бабамыз айтпақшы нағыз даналардың бірі болған сол қожа Ахмет Ясауи хикметтерінен іздеуіміз керек. Білім мен ілімді осы хикметтерден жинауымыз керек [2].

"Ынтасыздың күні қараң. Кекірейген кердеңдерден қаш. Нәпсіне ерген адам адасады. Енді жатса да, тұрса да оның жолдасы шайтан болады. Әділ сөйлеп, адал жүр. Құштарлықсыз жаратқанды да тани алмайсың. Арыңды сақта, болсаң да малға кедей. Не болса да - сабыр қыл. Көзі жанып тұрмағанның ғашық болдым дегені бекер. Кісі малын қымқырып, ары азғандар оңбайды" бұл жіпке тізген моншақтай нақыл сөздердің барлығы дерлік Іасауи ұстаздың келелі ойлары. Осы сөздер қазіргі адасқан қоғамға ең бір керек дәрумен тәрізді. Нәпсісіне ерген адам адасады дейді, бұл өмірде өз нәпсісін өз тұрақтай алмаған, өз еркіне өзі жегізген адамнан артық ынжығы жоқ шығар. Шыныменде ол ынжықтың қасында шайтан жүрері анық. Не болсада Сабыр да, төзімділікте болу, әділ сөйлеп, дұрыс баспалдақтарға қадам басу, қанша қиналып тұрсаңда, кедейшілік жаныңды жеп бара жатса да, адал жолмен мал табу, ар сақтау біздерге ең керекті мәселелер екені белгілі. Тек осыны бүкіл

халықтық етіп дәріптеп, жас жеткіншектің санасына құя алсақ нұр үстіне нұр болмақ.

Бұдан бөлек, Ахмет Ясауи хикметтерінде Құдай рақымды, кешірімді, құлы қанша күнә жасап жатса да, тіпті иесін танымай жатса да, әмірге бағынбаса да, бұзақылық жолға түссе де, рақымымен кешіруге дайын. Алла тағала Адасқанның жақсылыққа, адамгершілікке қайтып келгенін күтеді. Ал адам балласты Жаратушының бір бөлшегі болғаннан кейін, оның мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерінің уәкілі, жаршысы болуға міндетті. Адам балласты жан-жағына рақымды болып, мейіріммен қараса, хақ оған сондай рақымшылық танытатын болады. Мейірімді адам басқалардың қайғы-қасіретіне ортақ болып, шер бөлісе алады. Жүрегі махаббатқа толы жылытар, көңіл қуантар. Содан болар Ясауи еңбектерінде адамгершіліктің биік үлгісі бола білген пайғамбар жетім басын сыйлаушы, ғаріптерге медет болушы тұлғасында көбірек сипатталады. Мейірімді болу, рақымды болу пенденің сезімталдық сынды ең нәзік деген сезімдерінен құралған. Адам баласы қаншылықты момын, жүрегі жұмсақ, көңілі жібiген сайын, бұл дүниеде соншалықты дәрменсіз, бейшара болады мыс. Олардың жауға, қорлыққа, зорлыққа қарсы тұрар хәлдері жоқтың қасы. Ахмет Ясауи өз хикметтерінде сопы-дәруіштерді мәңгүрт кейіпінде, бейшара образында бейнелеп көрсеткен. Ал бұлардың мұсылмандық қаруы, яғни осы өмірдегі амалсыздық белгісі жылау, көз жасын көл қылу түрінде сипатталып, мейірім, махаббат, рақымдылық, кешірімді болу, қайырымдылық қасиеттерінің ұғымын жылауда көрсеткен. Тегінде шынайы жылау, адамның жан жүрегінен шыққан аяушылық сезімнің көз жасы сауап. Пәк жүрек пен көңілде бүршік жарып тұрған көз жасы адамның ішкі жан дүниесін шынайы көрсете алмақ деген сынды дүниелерді жырға қосып өткен. Імандылықтың басты шарты деп: адал болу, шынайлық, Садиқ болу сынды жолдарды А.Ясауи еңбегінде атап көрсеткен [3]. Сонымен осынау айтылған сөздің барлығын дерлік қазіргі шатасқан адамдар оқып, маңызын түсінетін болса, кішігірім қоғамымыз жайқалған жақсылыққа, жұмаққа, Асан қайғы бабамыздың аңсаған жерұйығына айлар ма еді? Адам балластының барлығы рухани жағынан тек тазалыққа құштар болар ма еді? Қоғамда үлкен, кіші демей силастық орнап, діни сауатты адамдар, жүрегі пәк жандар, білімді ұлылар көбейер ме еді?

Андатпа

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидай ғұлама ғалымның еңбектерін не үшін оқу керектігін, бұл туындылардың адам баласын жеке тұлға деңгейіне дейін жеткізе алатындығын дәлелді түрде түсіндіріледі.

Аннотация

В этой статье объясняется почему необходимо читать работы ученого Ходжа Ахмет Яссави, могут ли эти произведения довести человека до уровня личности.

Abstract

This article explains why it is necessary to read the works of the scientist Khoja Ahmed Yassawi, whether these works can bring a person to the level of personality.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. 2-т. Ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті. – 332-387 бет
2. Kazislam.kz Қожа Ахмет Яссауи хикметтері – тәрбиелік құрал Қазақстандағы Ислам
3. Ұ.Т. Ташкенбаева. Қ.А. Яссауи еңбектерінің философиялық және тәлім-тәрбиелік мәні
4. Қ.А. Яссауи. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1993 жыл.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК МӘНІ

Мукашева Бибигуль Абужусуповна

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

№ 18 орта мектеп, Астана қаласы

Қожа Ахмет Ясауи шығармалары оқушылардың дамуы мен тұлғалық қалыптасуына әсер ете алатын маңызды педагогикалық, психологиялық, рухани-адамгершілік құндылықтарға толы құнды мұра екендігі белгілі. Атап айтар болсақ,

Ясауи шығармалары мәдени-рухани құндылықтың қайнар көзі. Ясауи шығармалары оқушыларға махаббат, жанашырлық, төзімділік, әділдік және адалдық сияқты негізгі құндылықтарды түсінуге және бағалауға көмектеседі. Бұл жұмыстар оқушылардың моральдық принциптері мен этикалық құндылықтарын дамытуға көмектеседі. Ясауи шығармаларында рухани даму, өзін-өзі тану туралы көптеген ой-пікірлер бар. Олар оқушыларға өмірдің мәні, әлемдегі өзінің рөлі және жоғары рухани құндылықтармен қарым-қатынасы туралы ойлауға көмектесе алады. Бұл руханият пен ішкі үйлесімділіктің дамуына ықпал ете алады.

Эмоционалды интеллектті дамыту құралы.. Ясауидің эмоционалды тереңдік пен бейнелілікке толы шығармалары оқушыларға эмоционалды түсінуді, эмпатияны және сөздер мен шығармашылық арқылы өз ойын жеткізу қабілетін дамытуға көмектесе алады.

Ақпараттық-танымдық дерек көзі. Ясауи шығармаларын оқып-үйрену оқушылардың бойында мәдени сананың дамуына ықпал етеді. Олар Қазақстан мен Орталық Азияның мәдени дәстүрлерімен, құндылықтарымен және тарихи контекстімен таныса алады. Бұл олардың әртүрлі мәдениеттерге деген құрметін дамытуға және олардың ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі.

Толеранттылық пен сыйластықты дәріптеу көзі. Ясауи шығармалары төзімділікті, сыйластық пен түсіністікті уағыздайды. Оларды үйрену оқушыларды әр түрлі көзқарастар мен құндылықтарды құрметтей білуге, үйлесімді тұлғааралық қарым-қатынастарды құруға үйренуге көмектеседі.

Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи шығармалары шәкірттердің рухани-адамгершілік дамуына игі ықпалын тигізетін, олардың өнегелі, эмоционалды дамыған, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін терең педагогикалық-психологиялық әлеуетке ие.

Халық ағартушысы Ы.Алтынсарин оқушыларға білім бере отырып тәрбиелеу ісінде төмендегідей негізгі тақырыптарды қамтып көрсеткен:

1. Адамгершілік;
2. Еңбекке баулу;
3. Ұлттық тәлім-тәрбие;
4. Эстетикалық тәрбие;
5. Отбасылық тәрбие;
6. Заманға сай білім алу.

Міне, осы аталғандардың басым бөлігін Қожа Ахмет Иассауи шығармаларынан байқауға болады.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінің» («Даналық кітабы») негізгі тақырыбы – ақиқатты іздеу, рухани өзін-өзі жетілдіру және үндестікке жету. Шығармада Ясауидің өмір, руханият, имандылық, Аллаға апарар жол туралы ойлары қамтылған.

«Диуани хикметтің» астарында шынайы бақыт пен дүниені терең тануға адамның ішкі түрленуі мен шынайы болмысын білу арқылы жетуге болады деген ой жатыр. Ясауи білімді ізденуге, өз іс-әрекетін іштей танып, түсінуге шақырады. Ол басқалармен қарым-қатынаста адалдық, әділдік, сүйіспеншілік пен жанашырлықтың маңыздылығын көрсетеді.

Ясауи «Диуани Хикмет» шығармасында наным-сенімі мен ой-пікірін жеткізу үшін метафора, таңба, астарлы сөздерді пайдаланады. Ол рухани ағартуға, материалдық дүниеден алшақтап, адамның ішкі дүниесіне бет бұру жолын суреттейді. Ясауи өзіміздік пен дүниелік істерден бас тартып, кішіпейіл де асыл өмір салтын ұстануға шақырады.

Ясауи 11-12 ғасырларда өмір сүріп, оның еңбектері қазіргі заманауи білім жүйесінен гөрі рухани дамуға, имандылыққа, рухани парасатқа көбірек арналғаны белгілі. Дегенмен, Ясауи жастарды тәрбиелеу мен дамытуға қатысты болуы мүмкін идеялар мен ұстанымдарды айтқан. Ол өзін-өзі тәрбиелеудің, білім мен шындықты іздеудің маңыздылығын атап өтті. Ол адамдарды рефлексияға, интроспекцияға және өз әрекеттерін үйлестіре білуге шақырды. Ясауидің бұл идеясын қазіргі білім беру жағдайында жастарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуға, сыни тұрғыдан ойлауға, өзіне-өзі сын көзбен қарауға және өзін-өзі жетілдіруге шақыру деп түсіндіруге болады. Сондай-ақ ол қазіргі білім берудің маңызды аспектісі бола алатын руханилықты, этикалық сананы және өмірдің барлық салаларында үйлесімділікті дамытуға шақырды.

Даналардың айтқаны келер болды,
Қияметтің қияпаты төнер болды,
Ақымақтар айқаймен жеңер болды,
Бұл не деген замана болды достар.

Халайықтан мейірім мен рақым кетті,
Момынға телі-тентек зақым етті,
Тал түсте талапайда ақыл кетті,
Бұл не деген замана болды достар.

Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті,
Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті,
Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті,
Бұл не деген замана болды достар.

Мұсылманды мұсылман түтіп жейді,
Бірін-бірі ұқпайды, түсінбейді,
Мұриттер пірге көз қырын түсірмейді,
Бұл не деген замана болды, достар.

Жамағаттың жақсыға құрметі жоқ,
Кішілердің үлкенге ізеті жоқ,
Патшаларға әділдік міндеті жоқ,
Бұл не деген замана болды, достар.

Дәруіштер дұғасының шипасы жоқ,
Тым болмаса үстінде лыпасы жоқ,
Құнарсыз қу тақырдай бұтасы жоқ.
Бұл не деген замана болды, достар.

Азған заман ғалымы залым болар,
Қошаметшіл қулықпен мәлім болар,
Анығын айтқан адалдар жазым болар,
Бұл не деген замана болды, достар.

Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ,
Жалғандыққа шындықтың қайраны жоқ,
Шындықты айтып осылай шырқыраған
Құл Қожа Ахмет сөзінің жалғаны жоқ.

Қожа Ахмет Яссауидің бұл айтқандары қазіргі кезде аса өзекті мәселе болып отыр. Бұның ішінде «үлкенге-құрмет, кішіге-ізет ету» керектігі, ақымақтар айқаймен жеңіп жатқан, ал момынға әлімжеттік жасағандар жеңіп жатқан қазіргі күннің бейнесі көрінеді. Жақсыға құрмет жоқ, ғалымы залым заман болды деген, арамдар құтылып, адалдар тұтылған заман келді дегені дәл осы бүгінгі жағдайды суреттеп отырғандай күйде боламыз. Бұл Қожа Ахмет Ясауи мұрасының мәңгілік құнды идеяларға толы екендігін көрсетеді. Ақынның мына бір жолдарына қарап, жастық шақты босқа өткізбей ізденіп, өзін шығармашылық тұрғыдан жан-жақты дамыту қажеттігі туралы ой түюге шақырады:

Жастық-бақта күте алмаппын көңіл гүлін,
Қарттық шақта сөндіріппін өмір нұрын.

Қазіргі жас буынға жастық шақ пен қарттық шақтың қадірін жете білуге, әр кезеңнің өз құндылығын қолдана алуға қалыптастыруымыз қажет.

Қожа Ахмет Ясауидің мына бір өлең жолдары кез келген адамды алға жетелеп, жігерлендіре түседі деп ойлаймыз:

Жігерлен, сілкін, ғаріп бас,
Ғұмырың желдей зытады.

Өмірдің өтпелілігі, жастық шақтың қолда мәңгі тұрмайтындығы, қарттық шақта сый-құрметке ие болудың барлығы әр ғасырда өмір сүрген қаламгерлердің, ойшылдардың қаламына арқау болған, негізгі өзегі адам өмірінің әр кезеңін бағалай білуге насихаттайтын дидактикалық уағыздар жетіп артылады. Біз жас буынға осы шығармалардың мән-мазмұнын түсіндіріп, оларды салауатты, дұрыс өмір салтын ұстануға шақыра білуіміз қажет. Атадан-балаға мұра болып жеткен әрбір туындыны рухани мұра ретінде бағалап, бүгінгі жастардың одан өзіне керегін алып, өздерінен кейінгі ұрпаққа аманат ретінде жеткізе білуіне біз мұрындық болуымыз қажет деп санаймыз.

Аннотация

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи мұраларының педагогика-психологиялық, адамгершілік рухани нәрі жайлы мәселелер қарастырылған. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінен үзінді келтіре отырып, оның қазіргі таңдағы өзектілігі талданды. Жастарға жол сілтеудегі үздік хикметтері ұсынылды. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің педагогика-психологиялық, адамгершілік рухани мәнінің аса зор екендігі сипатталды.

Аннотация

В статье рассматривается педагогико-психологическое, нравственное и духовное значение наследия Ходжи Ахмета Ясави. Ссылаясь на хикметы Ходжи Ахмета Ясави, была проанализирована ее нынешняя актуальность. Молодым людям была предложены лучшие хикметы, которая помогла бы им указать путь. Было отмечено, что педагогико-психологическое, нравственное и духовное значение мудрости Ходжи Ахмета Ясави велико.

Annotation

The article examines the pedagogical, psychological, moral and spiritual significance of the legacy of Khoja Akhmet Yasawi. Referring to the khikmets of Khoja Ahmet Yasawi, its current relevance was analyzed. The young people were offered the best khikmet, which would help show them the way. It was noted that the pedagogical, psychological, moral and spiritual significance of the wisdom of Khoja Akhmet Yasawi is great.

Әдебиеттер:

Диуани Хикмет / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «Ғылым» баспасы. 2016. – 210 б.

Диуани Хикмет: отбасы хрестоматиясы. Авторы: Қожа Ахмет Ясауи. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», 2021. – 144 б.

Кенжетәев Д.Т Қожа Ахмет Ясауи – 238 б. – URL: //http:// kazneb.kz/bookView/view/?brId

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж. 3-том.

Қожа Ахмет Ясауи — сопылық поэзияның негізін салушы ақын, Күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы. <https://articlekz.com/kk/article/16202>

Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аударған М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.

7. Сагандыкова Н.Ж. Хикметы Қожа Ахмета Яссави как письменный памятник средневековья. //Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Алматы: Ғылым, 2001. – 143-148 бб.

ЯССАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Мусаева Гулсара Кошмагамбетовна

«Немере» жалпы білім беретін мектеп,
Алматы обл., Қарасай ауданы, Қаскелен қ.
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қожа Ахмет Хазрети Сұлтан Яссауи - көрнекті діни ақын, діни қайраткер және мұсылман. 12 ғасырда кеңінен таралған оғыз-қыпшақ тілінде жазылған "Дивани Хикмет" (Даналық кітабы) кітабының авторы.

Яссауи іліміндегі орталық Құдай идеясы болып табылады. Ясауидің ілімдерінің ортасы - бұл Құдайдың идеясы. Құдайдың идеясы пантеизм рухында және монотеизм идеясы арқылы ұсынылған. Яғни Құдай әр нәрсе, сонымен бірге Құдай бір. Құдайдың абсолюттік ақиқат ретінде білуі адамның (микрокосманың) білімін болжайды, яғни, Яссауи үшін Құдайды білу - Адамды білу дегенді білдіреді. Құдай туралы білім арқылы микрокосмос немесе адам Әлеммен біріктіріледі. Өзінің өлеңдерінде Яссауи Құдайға Жаратушы-Адам ретінде сілтеме жасайды, және де оның шексіз мистикалық махаббатын байқауға болады. Яссауидің мистикалық өлеңдері-бұл Құдайға деген сүйіспеншілікті жан-жақты адамның мойындауы, яғни, Құдайға деген махаббат үшін жер игілігін жоққа шығаратын махаббат актісінде Құдаймен құштарлық экстатикалық бірігу сияқты мағынаны білдіреді.

Яссауи ілімінің орталық идеясы адамды (микрокосм) екі бағытта әрекет ететін іс-әрекеттік-адамгершілік бастама ретінде түсіндіріледі: ең алдымен субъектінің рухани тәжірибені тану бағытында, өйткені Мәңгілік ақиқатқа өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік береді. Сезімтал әлемде Адамның өзіндік қабылдауының елесін ғана білдіреді. Сезімтал әлем тек адамдық қабылдаудың иллюзиялық сипатын көрсетеді. Сонда адам сыртқы әлемге өзінің ішкі рухани тәжірибесін өздігінен білдіру бағытында әрекет етеді, бұл негізінен суфии түсінудегі қажетті міндет емес, ол оңай емес.

Мектепте Яссауидің «Пахи Нама» («Кедейлердің аңызы») деп сипатталатын сопылық жолын қалаған. Ол өзін-өзі тазартудың және өзін-өзі көтерудің ұзаққа созылған ішкі рухани өміріндегі өзін-өзі көтеру процесін көрсетеді, нәтижесінде адамның жан-жақты барлық негіздерден және жануарлардан босатылып, ізгілік пен сүйіспеншіліктің қайнар көзі болады. Рухани өзін-өзі жетілдіру қызметін Яссауидің ұлы жихад ретінде танытады. Оның кітаптарындағы рухани көзқарасы рухани өрлеудің процесінде адамның жанымен және Құдайымен ішкі диалогы ретінде ештеңе болып табылады.

Ясауи ілімінің мақсаты-Құдаймен кездесу, оны көру. Құдайға сопылық ілімі үшін түсінуге ұмтылу бүкіл өмірдің мәні болып табылады. Яссауи "кім құдайды есіне алады, ол онымен кездесуді көре алады"дейді. Сопылықтың негізгі доктринасы Құдайға мистикалық махаббат болып табылады. Сопылық ілім Құдаймен мистикалық махаббат, Құдаймен экстатикалық бірігу арқылы, сондай-ақ сүйікті Құдай ретінде рухани үн арқылы кездесуге ұмтылады.

Яссауи іліміне сәйкес, Құдай күшті эмоциямен және оған бауыр басу арқылы танылады, таным жүрек арқылы жүреді. Құдайды жоғары абсолютті ақиқат ретінде танып, адам микрокосмды болады, яғни өзін таниды.[1]

Яссауи гуманистік идеяларды дін арқылы түсіндіретіні сөзсіз. Адамның барлық моральдық қасиеттері, жақсылық пен жамандық идеяларымен байланысты, адамгершілік және моральдық әрекеттер оның Құдайға деген сенімімен байланысты. "Кім зұлымдық жасайды, ол күнәдан тазартылмайды, кім жақсылық жасайды, ол Құдайдың сүйген құлына айналады" - деп Яссауи өз хикметтерінде айтып өткен.

Яссауидің айтуы бойынша, рухани өзін жоғары көтеруге шақырған адам, өздігінен қатыгезденіп, әлемдегі әділетсіздік пен зұлымдықты көбейте алмайды. Ол өзінің ізбасарларын рухани және моральдық жағынан өзін-өзі жетілдіруге шақырды, өйткені филантропия Құдайдың өзі болып есептелінген. Ясауидің саяси және әлеуметтік нанымдарының негізінде моральдық қағида жатыр. Хикметте болу туралы идеялар ислам космогониясына негізделген. Өмірдің мағынасы - өзімнің «мен», Құдай алдындағы табынудан, күнәдан тазарудан бас тарту. Өз-өзіңді жеңу арқылы Құдаймен біріктіру жолында, Құдайда болу үшін жол бар деген.

Яссауидің рухани дәстүрі мен діни қызметі қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде үлкен маңызға ие. Сондықтан Яссауидің дүниетанымы қазақтың әлеуметтік ой-санасына айтарлықтай әсер етті. Ясауидің рухани және адамгершілік бейнелері қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болды және ақындар, жырау және халық эпосының шығармаларында көрініс тапты. [2]

Ясауидің поэтикалық белсенділігі мен шығармашылығының арқасында қазақ поэзиясы әлем түсінігінің сопылық ілімі тұжырымдамасын ашты.

Ясауидің еңбегі - бұл оның Оңтүстік Қазақстан аумағында исламның әлемдік дінінің үйлесімді таралуына әкелді. Яссауидің ілімдерінде Тәңірі мен Парсы Құдайының түсінігімен Құдайдың ажырамас түсінігі мен байланысы қазақ ортадағы ислам идеяларын үйлесімді қабылдауды тудырды. Яссауи шын мәнінде исламды және танымал дінге тән дәстүрлерді синтездеді. Сондықтан, Орта ғасырда Оңтүстік Қазақстан аумағында ислам мемлекет дініне айналды. Және бұл Яссауидің басты діни жетекші ретіндегі еңбегі болды.

А. Яссауидің педагогикасы қазақ ұлтының, қазақ мемлекеттілігінің, тілінің және мәдениетінің қалыптасуының 14-15-ші ғасырлардағы ұзақ үрдісі болып табылады. Қазақ ортасында сопылық ілім поэтикалық дәстүрі ретінде саналды. Және де бұл сопылық ілім Абай Құнанбаевтың сөздерінің мағынасында көрінді, онда басты нышан - махаббат пен мейірімділіктің шоғырлануы сияқты жүрек болды. Сопылық дәстүрі Шәкәрім Құдайбердиевтің поэтикалық түсініктемелерінде де жалғасын тапты, мұнда адамгершілікке көтерілу мәңгілік

бақыт пен осы дүниеде адамның лайықты өмір сүруінің шарты ретінде қарастырылды. [3]

Тұлғаның рухани даму мәселесі-заманауи педагогикалық ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі. Оның шешімі түркі ойшылдарының мұрасына ықпал етуі мүмкін. Түркі халқының санасында рухани және діни бастаулар арасындағы байланыс байқалады. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбардың рухани мұрасына сілтеме жасай отырып айтуға болады. Рухани тұлға үшін өмір мәнінің ақиқаттығы, әрбір адамның өмірі үшін жауапкершілігі, өмір шындығын түсіну, әрбір адамның жер бетіндегі мақсатына сену маңызды. Мұндай құндылықты бағдарлар "жақсылық", "адалдық", "гуманизм" жалпыадамзаттық категориялармен тікелей байланысты. Мұхаммед Пайғамбардың хадистерінде: "Ислам ілімдері - рухани басы мен сенімі тұлғаның ішкі аясына салынған" деп оқимыз. Бұл мәлімдеме діни дүниетанымның күрделілігін, ақиқаттылығын, тұлғалық мәнін көрсетеді. Ислам дінінің теологтары адамның шынайы сенімінің үш құрамдас бөлігі бар деп санайды: Ішкі сенім (итикад), Құдайдың сөзіне сенім (икрар) және мейірімді істер (амал). Кейбір діни уағыздаушылар шын мәнінде шындықты сезімдер арқылы түсінуге болады деп санайды, басқалары ақиқат адамға сөз, көзқарас арқылы келеді және діни канондар мен салттарды (Исламның "бес өсиеті") міндетті түрде орындау маңызды деп санайды. Ал олардың сақталуы мұсылман үшін міндетті болып саналады. [4]

Құран аяттары адамның рухани әлемін қалыптастыруға және оның жан-жақты дамуына бағытталған. Ислам дінінің өсиеттері мен Мұхаммед Пайғамбардың тәлімі көптеген көрнекті ғалымдардың, Шығыстың ағартушыларының философиялық теориясының қалыптасуына ықпал етті. Сондай-ақ, қазақ ағартушылары мұсылман дінінің рухани құндылықтарының жалпы ойластырылған мәнін атап өтті. Рухани-діни идеялардың негіздері туралы ой-пікірлер Қорқыт ата, әл-Фараби, Юсуф Баласағұни, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Дулати, Қадырғали Жалайыри және т.б. сияқты ортағасырлық ұлы ойшылдардың мұрасынан бастау алады. [5]

Өз дәуірінде рухани-діни тәлімгер және түрік-мұсылман әлемінің мұғалімі Яссауидің философиялық - діни "хикметтері" (Даналық кітабы) мазмұны, тарихи және философиялық бейнесі жағынан халықтың мүддесі мен ықыласына бөленген еді. Ойшыл ислам дінінің идеялық мазмұнын "тек діни наным таза мораль мен жоғары адамгершілік танытуы мүмкін" деп ашты. Түркі тілдес елдерде бейбітшілікті дұрыс танудың негізін қалаушы Қожа Ахмет Яссауи өзінің ілімінде ақиқатты, руханилықты тану жолына тұрған адамның діни таным мен адамгершілік дамудың төрт сатысынан, яғни, шарифат, тариххат, мағрипат, хакихат арқылы өтуі тиіс деп айтады. Егер алғашқы кезеңде Аллаһқа сенген адам бес мұсылмандық салт-дәстүрді орындайтын болса, екінші сатыда ол моральдық және психологиялық тұрғыдан тұлғаны жетілдіріледі деп сендірген. Тариххат сегіз күйден тұрады: өкіну, дұға ету, махаббат, төзімділік, құдайға даңқ, келісім, қанағаттану, аскетизм, жалғыздық (қарттық, дәрменсіздік).

Қорыта келе айтарым, түркі тілдес халықтар ортақ тарихына ортақ тұлға болған ғұлама ойшыл, ағартушының жан-жақты ғылыми мұрасының бүгін де

жастарды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде және рухани құндылықтарымызды насихаттауға мәні ерекше.

Аннотация

Қожа Ахмет Яссауи тек Шығыстың көрнекті діни қайраткері ретінде ғана емес, сонымен қатар дарынды ақын, философ ретінде де белгілі. Оның ақыл-ойы өмір сүрген дәуірдің барлық өмірлік процестерін қамтыды. Ол халықтың болашағын, билеушілердің рухани жағдайын және адамдардың тағдырын шешкен қоғам қайраткерлерінің моральдық келбетін ойлады және қамқорлық жасады. Яссауидің шығармалары өте танымал болды, оларды ауыздан ауызға берді, олар адамдар тең болған өзіндік моральдық Кодекстің функциясын орындады. Зертеу нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауидің әдеби-қоғамдық, ғылыми танымдық, рухани-адамгершілік, ағартушылық педагогикалық идеялары оқу тәрбие үдерісінде жүзеге асатындығы дәлелденді.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясави известен не только как выдающийся религиозный деятель Востока, но и как талантливый поэт и философ. Его разум охватывал все жизненные процессы эпохи, в которой он жил. Он думал и заботился о будущем народа, духовном состоянии правителей и моральном облике общественных деятелей, решавших судьбы народа. Произведения Ясави пользовались большой популярностью, передавались из уст в уста, они выполняли роль своеобразного морального кодекса, в котором люди были равны. В результате исследования было доказано, что в образовательном процессе реализуются литературно-общественные, научно-познавательные, духовно-нравственные, просветительские педагогические идеи Ходжи Ахмета Ясави.

Annotation

Khoja Akhmet Yasawi is known not only as an outstanding religious figure of the East, but also as a talented poet and philosopher. His mind covered all the life processes of the era in which he lived. He thought and cared about the future of the people, the spiritual state of the rulers and the moral character of public figures who decided the fate of the people. Yasawi's works were very popular, passed on from mouth to mouth, they served as a kind of moral code in which people were equal. As a result of the study, it was proven that the literary-social, scientific-cognitive, spiritual-moral, educational pedagogical ideas of Khoja Akhmet Yasawi are implemented in the educational process.

Пайдаланылған әдебиеттер

Сагандыкова Н.Ж. Хикметы Ходжа Ахмеда Яссауи как письменный памятник средневековья. // Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. – Алматы: Ғылым, 2001. – С. 143–148. [2]

Devin De Weese Islamization and native religion in the golden Horde. Baba tukles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition.- Pensilvania State University, 1994. [3]

Яссави Ходжа АхметДиуанихикмет / Перевод на каз.яз. Кари К., Камбарбекова Г., Ис-маилзаде Р. - Тегеран: Әл-Хұда, 2000. - 134 хик-метов. [1]

КопрулуФ.М. КожаАхметаЯссавита-нымыментағылымы. - Шымкент, 1999. - 45 б. [4]

Яссави Ходжа Ахмет. Мират-улКулуб (Зеркало души). - Анкара: Билигбаспасы, 2000.- 114 б. [5]

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАЛАРЫН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Мухамадиева Махаббат Ермекбаевна

Астана қаласы «М.Әуезов атындағы

№86 мектеп-гимназиясы» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Егеменді еліміздің жастарының жоғары моральдық қасиеттері олардың Отанға деген жалынды сүйіспеншілігі, адалдық пен шыншылдық, жолдастық өзара көмек, ерлік пен батырлық - бұлардың барлығы, көбінесе, еліміздегі мектептердің ойдағыдай жүргізген тәрбие жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Мұғалімдер біздің егеменді еліміздегі жастарын ұлттық рухта тәрбиелеу міндетін атқаруы тиіс. Балалар отбасында моральдың алғашқы мектебінен өтсе, мектеп соның жалғасы болады. **Өзектілігі:** Қ.А.Ясауидің педагогикалық мұралары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне ендіру.

Балаларды тәрбиелеу мәселесі ата-аналарды терең ойландырады. Әрбір ана, әрбір әке мүмкіндігінше өз балалары дені сау және күшті, еңбексүйгіш, батыл, жоғары мәдениетті және өз отанына шексіз берілген саналы азамат етіп тәрбиелеуге тырысады. Өз балаларын сүймейтін ата-аналардың табыла қоюы мүмкін емес.

Отбасында балаларды дұрыс тәрбиелеу аса жауапты және күрделі іс. Ата-аналардың білім дәрежесі мен білім қоры қандай күнде де олардың барлығы да балаларды тәрбиелеу туралы ғылыми педагогиканың жинақталған тәжірибелерін меңгеруге талпынулары керек. Еліміздегі балалардың әкелері мен аналарының көпшілігінде мұндай талпынушылықтың бар екендігі даусыз мәселе.

Әсіресе, балаларды ең жоғарғы моральдық қасиеттерге ие болуға қалай тәрбиелеу керек: оларды адал және шыншыл, тәртіпті және еңбексүйгіш етіп қалай өсіру керек деген мәселелер ата-аналарды өте көп қызықтырады.

Отбасында балаларды әдепті тәрбиелеудің міндеті тәрбиелік әдістері мен түрлі құралдарын пайдаланған жағдайда ғана табысты орындалатыны сөзсіз. Әсіресе адамгершілікке тәрбиелеуде сендіру, жаттықтыру, мадақтау сияқты әдістер үлкен маңыз алады.

Сендіру - жағымды моральдық қасиеттерді қалыптастырып, тиянақты ету мақсатымен балалардың санасына әсер ету болып табылады. Сендірудің өзі түсіндіру, нұсқау беру, моральдық және этикалық сұхбат, әңгімелер жеткізу арқылы жүзеге асырылады.

Жаттықтыру - жағымды істермен әрекеттердің көп қайталануы, балаларды ұлттық, моральдық нормалары мен ережелерін орындауға үйретеді. Ол біздің балаларымызға қажетті дағдылар мен жоғары адамгершілікке жататын мінез-құлық әдеттерін қалыптастырып, тиянақты етуге көмектеседі.

Бірақ балаларды жоғарыда аталған құралдармен әдістердің көмегімен Ясауи өмірі желісімен жазылған ауызекі хикаяттар мен аңыз әңгімелерді қарастырып өтетін болсақ, мұның да үлкен тәлім-тәрбиелік мәні бар.

Тәрбие үрдісінде адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтамас бұрын, шарттар ұғымының мәнін ашу қажет.

Сондықтан оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың деңгейі мына төмендегідей педагогикалық шарттарды ескеріп сақтағанда ғана көтеріледі. Егер:

1) тәрбие үрдісі оқушылардың адамгершілік құндылықтарды игеруіне бағытталса:

2) оқушылар адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында рефлексивтік іскерлік дағдыларды игерсе:

3) оқушылар жеке тұлғаның және әлеуметтік мәні бар адамгершілік құндылықтарды өз іс-әрекеттерінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін таңдаса.

Оқу-тәрбие үрдісіндегі оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырып, тиімсіз болған жағдайда оны ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін табуға болады.

П.Ф.Каптеров «білім беру-тәрбие үрдісі» ұғымын былайша түсіндіреді: «Білім беру үрдісі дайын нәрсені біреуден біреуге жеткізу ғана емес, ол ұрпақтар арасын жалғастырушы ғана емес; оны мәдениеттің бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін құбыры деп айтуға да болмайды», дейді.

Жан-жақты білімді мәдениетті дамыған жеке тұлға, ең алдымен бір тұтас дүниетанымға ие болуы қажет. Ал оның негізі ұлттық дүниетанымнан бастау алады. Міне осы тұрғыдан дүниетанымды жас бүлдіршіндерден, яғни бала бақшалардан бастасақ өте құнды болар еді. Балабақшадағы бүлдіршіндердің ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің, сонымен қатар Қ.А.Ясауи ұсынған түркі-ислам дүниетанымының алатын орны ерекше. Қазақ жастары ұлттық дүниетанымнан бейхабар болып өсіп жетілгендіктен, басқа ұлт өкілдерінің дәстүріне әрі діндеріне өтіп кетіп жатыр. Оның үстіне тәрбие ауқымы жастар арасында күн сайын төмендеп барады. Міне осы тұрғыдан ұлттық дүниетанымды қолға алып оны балабақшаларға ендіріп, оқу-тәрбие процесінде үздіксіз пайдалану қажет деп ойлаймыз. Оқу-тәрбие жұмыстарын бала бақшалармен мектептерде пайдаланғанын бағдарламалармен сәйкестендірілген. Мәселен, балабақшаларға барғанда бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне байланысты Ясауи мұраларынан үзінділер алынып соларды оқып немесе жатқа айтып береді. Міне соның әсерінен бала бақша бүлдіршіндері жастайынан Ясауи дүниетанымын есітіп жатқа айтып үйрене бастайды. Мұндай бүлдіршіндер ер жетіп есейгенде ешқандай жамандыққа бас ұрып, басқа ұлт өкілдерінің дініне өтіп кетпейтін

болады, әрі толық адам болып қалыптасады. Сондықтан Ясауи дүниетанымын балабақшалардан бастаған өте құнды. Ясауи мұраларынан бірнеше үзінді хикметтер мен әңгімелер беріп өтейік. Егер жас бүлдіршіндер бір жастан үш жасқа дейін үйлерінде тәрбиеленсе, ал үш жастан бастап балабақшаларға бара бастайды.

Ясауи өмір жолына байланысты қысқа-қысқа хикаяттар мен аңыз әңгімелерді де оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалануға болады. Мәселен, кішкентай бүлдіршіндерге амандасу, тамақтанып болған соң бата жасау, үлкенді сыйлау, құрметтеу, тағы сол сияқтыларды үйренулеріне болады.

Ясауи жастайынан дүниедегінің бәріне құрметпен қараған. Солардың ішінде ұстазға, медресеге, адамдарға, Құранға, Хадиске деген құрмет ерекше орын алған. Себебі, «Ұстазды ата-анаңнан артық сыйла» деген ұлағатты сөз бар. Өмірге, білімге, ғылымға жол бастаушы тек ұстаз екендігін есте сақтаған жөн. Ясауи өз тариқатын мурид пен муршид арасындағы қарым-қатынасқа көп көңіл бөліп, соларға арнап он ережені дүниеге келтірген. Осы ережені қатты қадағалайтын болған. Қараңғылықтан шығарушы бірден бір жол білім болса, онда білім ордасы медресе екендігін ұмытпау керек. Соны білген Ясауи медресесінде құрмет тұтқан Алланың құрметі үшін адамдарға қызмет етіп болғандықтан Алланың сүйіп жаратқан құлы адамдарды да Ясауи ерекше құрметтеген.

Құтты заманның саф, таза бұлақтарынан сусындаған Қожа Ахмет медреседен үйіне қайтқанда, сый тұтатын ұстазымен медресе қызметін атқарып жүріп кетеді екен. Бұл жас шәкірттің діліне, жүрегіне салынған Аллалық тағылым немесе ата-ана, ұстаз тағылымы ма көрген кісілерді ойландыра еді.

Жолда кездескендерге бірінші болып сәлем бергенде жоғары әуезбен дауыстан «Ассалаумаалайкум» дейді. оның Мұхаммад пайғамбар Хадисінен алған тағылымы секілді емес пе. Жас Ахмет Құрани Кәрімді төбесіне қойып жүретін еді. Бұл да Құранға деген шексіз құрмет болуы керек.

Оқушылардың, яғни бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда да Ясауи ұсынған түркі-ислам дүниетанымының алатын орны ерекше. Мәселен, бастауыш мектептерде бірінші сыныпта дүниетаным сабақтарын жүргізу. Сәлемдесу, қоғамдық орында әдепті болу, үлкендерді құрметтеу және кішіге ізет көрсету, өзара әдепті болу. Сөз тыңдау және сөзде тұру, дастархан басындағы және ас ішудегі әдептілік, жақындық қарым-қатынасты білдіретін атаулар т.б. Үшінші сынып, түбі бір туыспыз, үш жүз туралы түсінік, бірлік елдің берекесі туған жер туралы әңгіме, қоршаған ортаға қатысты тыйымдар, табиғатқа байланысты тұрақты тіркестер т.б. Төртінші сынып, Қазақ мемлекеті. егеменді қазақ елі, қазақ хандығының хандары, казак халқының ақын-жыраулары мен күйшілері, қазақтың ұлттық киімдері, ғұлама ғалым, әулиелер жайлы т.б. Осы сынды тақырыптарға сәйкес Ясауи мұраларынан үзінділер алып қарапайым тілде әңгімелеп берер болсақ өздеріне өнеге тұтып өмір бойына қажетті рухани азық алатындарына күмәнсіз сенуге болады.

Қожа Ахмет Ясауидің мұралары негізінде, бастауыш сыныптарды, оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру. Мұны оқу-тәрбие үрдісіне пайдаланғанда, оны

мектептің оқу-тәрбие бағдарламасына сәйкестендіру жолдарын көпшілік оқырман қауым ортасына ұсынғымыз келіп отыр. Еңбектері: «Диуани хикмет, еңбегінде баланы дамытудың кезеңдеріне бөліп қарастырсақ:

- 1) сәбилік кезеңі, отбасы тәрбиесі;
- 2) балабақша жасындағы кезең;
- 3) бастауыш мектеп;
- 4) орта мектеп;

Осылай жіктемейінше Ясауи еңбектерін жете түсіну қиын. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болып әрі оқу-тәрбие бағдарламасына сәйкестендірілуі қажет. Сонымен қатар жас өскелең ұрпақ ұлт жанды болып жетіледі, еліне, жеріне деген сенімдері оянады. Ал қазір біздің жастарымыз басқа діндерге өтіп кетіп жатыр, оның үстіне нашақор, маскүнем, наркомания, зинақор т.б. сол сияқты келеңсіз мінез-құлықтар қалыптасуда. Мұны қалай кімге тапсыруға болады деп ойласаңыздар, біздің ұсынысымыз, «Ұлттық дүниетаным» дәрісінде, «сыныптан тыс жұмыстарда», «әдеп» дәрісінде, тәрбие сағаттарында, қосымша дәріс ретінде, сұхбаттарда, кездесулерде, «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиет», «Тарих» т.б. жалпы мектепте өтілетін дәрістерде орын-орнымен тақырыптарға сәйкес пайдалануға болады.

Орта мектеп оқушы жастарының ұлттық дүниетанымын, рухани байлықтарын қалыптастыру үшін қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі сан гасырлар бойы тірнектеліп жинақталған мәдениетінің алатын орны ерекше көрініс тапқан. Дегенменде, халқымыздың осы аталмыш баға жетпес, құнды да бай асыл мұраларын ғылыми тұрғыдан жүйеге жүйелеген, орі оны мектептің оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану талапқа, бағдарламаларға сәйкестендірілмеген.

Рухани адамгершілік, имандылық, инабаттылық тәрбиесіндегі негізгі басты қажетті мәселе адамды құрметтеу, сыйлау, әрбір келешек жас өспірім оның ішінде студент жастар өзін-өзі дамыту, жетілдіру үшін өзін өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылу қажет екендігін түсінуі тиіс.

Сонда ғана ол өздігінен жетілу, даму жолына түседі. Рухани-адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу ісі тек білім беру мен ғана шектелмейтіндігі айқын. бұл студент жастардың сана сезіміне әсер ету арқылы, ішкі жан-дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. Осы тұрғыда Ясауи мұраларын оқу-тәрбие процесінде қолдану арқылы төмендегідей көріністе тәрбие жұмысын жетілдіре дамытуымыз мүмкін. Олар: 1.Шарифат, 2.Тарифат, 3.Ақиқат, 4. Магрифат. Бұған қосымша бүгінгі таңда ең қажетті болып отырған ұлттық ерекшеліктерімізді ескерсек. Онда: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйым негіздерінде іске асады.

Балаларды тәрбиелеу - мемлекеттік зор маңызы бар іс. Еліміздің балалары - егеменді ел ретінде жаңа қоғамның келешек құрылысшылары және азаматтары. Сондықтан балалар мен жастарды тәрбиелеу мәселелері ұлттық рухани жолмен алға баса беруіміздің және біздің еліміздің келешегінің мәселесі.

Сондықтан да біз Ясауи бабамыздың асыл мұраларын келешек жас өскелең ұрпақтарға күнбе-күн айтып жеткізіп отыруымыз керек. Мектептерде, тәрбие

сағаттарында, сұхбаттарда, кездесулерде осы мәселелерді жиі көтеріп отырса, қандай жақсы болар еді.

Аңдатпа

«Құл Қожа Ахмет Ясауидің рухани, мағнауи мұралары негізінде мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру» - істерін жүзеге асыру болып табылады. Осының арқасында келешек жас өскелең ұрпаққа рухани, мағнауи азық беру. Қоғамға тәрбиелі де мәдениетті жастарды алып келу. Әрине мұны мектептердегі оқу-тәрбие процесіне пайдалану барысында, оны мектептің оқу-тәрбие бағдарламасына енгізіп, оқушылардың бойынша адамгершілік, имандылық қасиеттерді бойына дарытуға жұмыстар жасау.

Аннотация

«Совершенствование воспитательной работы в школе на основе духовно-нравственного наследия Кул Ходжи Ахмета Ясави» – реализация мероприятий. Благодаря этому можно дать духовное и духовное питание будущему молодому поколению. Привести в общество образованную и культурную молодежь. Разумеется, в процессе использования его в образовательном процессе в школе его следует включать в образовательную программу школы и работать над привитием морально-нравственных качеств учащимся.

Annotation

“Improving educational work in school based on the spiritual and moral heritage of Kul Khoja Akhmet Yasawi” - implementation of activities. Thanks to this, it is possible to provide spiritual and spiritual nourishment to the future younger generation. Bring educated and cultured youth into society. Of course, in the process of using it in the educational process at school, it should be included in the school’s educational program and work should be done to instill moral qualities in students.

Пайдаланған әдебиеттер:

Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б. М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы:Жалын, 1998. – 324 б. Қожа Ахмет Ясауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017

Ясауи дүниетанымының құпиялары – Qojalar. kzkozhalar. kz>20186388 - iasau - dunietanumyng...

Бейсенбай К., Нурматов Ж. Е. Қ. А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы // Молодой ученый. — 2017. — №7. 1. — С. 7 - 9.

Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымындағы Құранның... е - islam. tarmpu. kz>index. php...

Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық еңбектеріндегі... kznews. kz> bilim/qozha - ahmet – j

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ХИКМЕТТЕРІН ОҚИ ОТЫРА ТӘРБИЕЛІК МӘНІН КӨРСЕТУ

Мұхамадиянова Айнұр Мұхамадияқызы
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-
лицейі» КММ, тарих пәнінің мұғалімі,
зерттеуші-педагог

Байтақ еліміздің қай қиырында да, қай кезеңде де ойшыл-ғұламалар маңызды рөл атқарған. Олар халықты бірлікке үндеп, қазақ көгінде күндей болып жарқырады. Дінде терең, ғылымда кемел, тарих пен әдебиетке жетік болды. Жаһандану тасқыны артқан уақытта біз ұлт тұлғаларына жүгінеміз. Алдымыздағы заман көк тұман болып тұрған кезде бет түзейтін бағдарымыз - Қожа Ахмет Ясауи, Әл-Фараби сынды кемеңгерлер. Ұлы дала даналарының дін, иман, жан, рух жөніндегі ілімі еш уақытта маңызын жоғалтқан емес. Халқымыздың бітім-болмысы да адамгершілік, сыйластық, имандылық, білімге құштарлық сияқты ізгі қасиеттермен көмкерілген. Түркі әлеміне ислам дінінің кірігіп, ағартушылық мән-маңызға ие болуына айтарлықтай үлес қосқан кемеңгердің бірі Қожа Ахмет Ясауи екендігі мәлім. Ғұламаның ғибратқа толы телегей-теңіз шығармашылық мұрасын заман талабына сәйкес жаңаша дәріптеу бүгінгі күннің басты міндет-мақсаты.

Алдымен, артында көптеген мемлекеттердің мәдениетіне енген туындылар қалдырып, саналы ғұмырын руханиятты дамытуға арнаған тұлғаның өміріне тоқталсақ. Тарихи деректерге сүйенсек, Қожа Ахмет Ясауи 1093 жылы көне Исфиджаб, қазіргі Сайрам жерінде дүние есігін ашқан. Ал, оның тұлға ретінде қалыптасуы байырғы Ясы, қазіргі Түркістан қаласымен тығыз байланысты. Оның ұстазы – әйгілі ислам уағызшысы, бабтардың бабы – Арыстан-баб болған. Тиісінше, ол да исламды түркі әлеміне таратуға сүбелі үлес қосып, нәтижесінде Ясы шаһары – бүгінгі Түркістан күллі түркі халқының рухани дінгегіне айналған. Қожа Ахмет Ясауидің діни қайраткер ғана емес, ұлы ойшыл және адуынды ақын болғанын әлемге мәшһүр болған шығармаларынан аңғаруға болады. Мәшһүр болған дейтін себебіміз, оның жазған-сызғанын көшпенділер жатқа айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырмаса, бізге де жетпеуі әбден мүмкін еді. Тіпті, Ясауидің философиялық еңбектері бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоймаған адамзаттың асыл қазынасы іспеттес. Себебі, оның әрбір ойы түбі бір түркі жұртын біріктіруге шақырады [4].

Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шыққан тегі, өскен ортасы, әдеби дәстүрі туралы мәліметтер аз сақталған. Бұған басты себеп: ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы зерттелмей келді, ал өзі бірыңғай діншіл, мистик ақын, оның шығармалары зиянды деп теріс қорытынды жасалды, сөйтіп Қожа Ахмет Ясауидің адамгершілік, имандылыққа үндейтін асыл жырлары жасырын ұсталып, мүмкіндігінше ұмыттыру мақсаты көзделді. Алайда айды алақанмен

жасыру мүмкін емес еді. Ұлы ақынның өзі де шығармалары да туған халқына қайта оралды, бірақ көптеген мұра-жәдігерлер қолдан құртылып келмеске кетті.

Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Ахмет деген есімнің алдына қосылған «қожа» сөзі оның ислам дінін насихаттап, уағыз жасауына байланысты пайда болған. Ал «Ясауи» сөзі оның қай қаладан шыққанын білдіреді [1].

Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларының негізі түп нұсқасы жоқ. Қолда бар түпнұсқалар болса, XVII ғасырлардан кейінгі кезеңдерге тиісті екендігі нақтыланған. Тек стилді формасы мен мазмұны жағынан Қожа Ахметке тиісті деген болжам жасалынады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет», «Фақырнама» (Пақырнама), «Миратул клуб» атты еңбектері бар.

Оның бүгінгі таңда ұрпақтан-ұрпаққа жеткен еңбегі – «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Әр түрлі нұсқалары өте көп. Олардың көбі Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл еңбек алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шыққан. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше рет басылған. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл хикметте ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді [5].

Қожа Ахмет Ясауи – заманның бар шындығын ашып айтқан, әділдік пен адамгершілік мұраттарын аңсаған және уағыздаған, халықты имандылық пен қайырымдылыққа шақырған, Ақиқат жолын іздеген және оны таба біген данағөй. Ғұлама ақынның басты бір туындысы – «Хикметтер жинағы». Ол өзінің бұл туындысын «Дәптер сәни» деп те атапты. Бұл екінші дәптер деген сөз. Бұған қарағанда ұлы ойшыл ақынның бұған дейін де жазылған осы тектес туындысы болса керек [7].

Қазір Ясауи бабаның осы күнге жеткен «Диуани хикмет» атты мұрасын үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші, қолжазбалар. Көне шағатай тілі XX - ғасырдың басына дейін ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының арасында кеңінен қолданылғандықтан әлі де хикметтердің қойын дәптерлерге болсын жазылған қолжазбалық нұсқалары табылуда.

Екінші, қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген «Диуани хикметтер». Оған XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында 1887 мен 1901 жылдар аралығында Қазанда, 1901 мен 1911 жылдар аралығында Ташкентте, 1901 жылы Ыстамбұлда тасбаспадан жарық көрген хикметтерді жатқызамыз. Осы кездерде хикметтер алғаш рет қазақ, орыс тілдеріне аударылып баспадан жарық көре бастайды.

Үшінші, Кеңес одағы тарқағаннан кейінгі жарық көрген хикметтер. 1990 жылдан бері хикметтер түрік, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, татар, т.б. түркі халықтарының тілдеріне аударыла бастайды. Оның ішінде қазақ тілінде 17 аударма нұсқасы жарық көрді. Бұл кезеңде жарық көрген хикметтердің

алдыңғы кезеңдерде жарық көрген хикметтерден айырмашылығы аудармасымен бірге хикметтердің мәтіндерінің латын, кирилл графикасына түсірілген транскрипциясы және араб әрпімен терілген электрондық нұсқалары қоса жарық көруде.

Хикметтің мағынасын ашатын болсақ даналық туралы, кәміл ақылдылық, ой пікір, білімділік, өнер дегенді білдіреді. Одан басқа хикмет халал (адал) және харамды (арам) білу, білімді амал жасау мағыналарына келеді. Өзінің хикметтері арқылы жеті принципін жеткізген:

1. Аллахқа деген махаббат;
2. БҚылас пен шынайылық;
3. Адамға деген сүйіспеншілік;
4. Кішіпейілділік;
5. Әйел мен еркек теңдігі;
6. Еңбекті бағалау;
7. Ілім мәселесі.

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері де ел арасына кеңінен таралған. Ол хикметтерінің мағынасына үнілсеңіз, адамды тек қана жақсылыққа шақырып, игі істерге үндейді. Содан да болар, қазір елімізде жыл сайын оқушылар арасында Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін жатқа айтып, мән – мағынасын ашу негізінде республикалық байқау өтеді. Бұл – мемлекеттік идеологияның нағыз рухани діңгегі десек, қателеспейтін шығармыз. Себебі, оның хикметтерінен рухани азық алған адамның қандай да бір қиянатқа бара қоюы екіталай. Адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы біз үшін хикметтер табылды [6].

Ясауи хикметі әр адамзат үшін жағылған шамшырақтардың бірі болды. Әр хикметтің бір жолы адамзат тарихына сай жазылған, тәрбиелік мәнді айқындап тұр. Әр сөзі адамды ізгілікке баулап тұрғандай. Мына бір сөздерінде: «Ғылымына амал қылған сауап алар...», яғни бұл сөзінде ғылымға құштар болудың өзі үлкен ғибадат екенін баяндап тұр. Тек ілім, білім туралы емес, адам бойындағы жат қылықтарды да сынға алып сөйлейді. Мәселен, «Дүние құған батпаңдар – жаһан малын сатқандар, Құзғыш құсқа айналып, арамға әбден батпаңдар» - деп дүниеқоңыздықтың, нәпсіқұмарлықтың ғадауатын шертеді. «Пенде болсаң мехиат тарт, ғафыл қылма» деген хикмет сөзінде еңбектің тәрбиелік мәні биікте тұрғанын меңзейді. Егер осылай жалғасытра берсек, хикмет маңызын түсіндіру үшін бір мақала жетпей қалады – ау.

Қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Яссауи хикметін дәріптеуге, өскелең ұрпақты ұлы ата-баба мұрасын тереңірек зерттеуге және игеруге ынталандыруға бағытталған мектебімізде Тарих пәні апталығында «Ясауитану - 2024» байқауы ұйымдастырылды. Байқау жеңімпазы Зулфиева Севинч республикалық «Ясауитану» білім байқауының облыстық кезеңіне қатысып жүлделі ІІ орын иеленді. Зулфиева Севинч: «осындай сайыстар көп болса екен деймін, себебі мұндай байқаулар жастардың Ясауи хикметі арқылы өмірдегі хақ жолды таңдауына мүмкіндік береді. Әрі адам бойындағы ізгі қасиеттерді жандандырады. Меніңше, әр қазақ баласы хикметтерді жаттамаса да, оқып жүрсе өмірлік ақиқатты түсініп, үлгілі де

ғибратты болуына сенемін. Ясауи хикметі – салихалы ұрпақтың пайда болуының негізгі септігі» - деп өз ойын ортаға салды.

Аталмыш шара арқылы қазақтың қазақ болып қалыптасуына, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, ұлтымыздың болмысына, мемлекетіміздің іргетасының қалыптасуына Яссауи ілімі ерекше рөл атқаратындығын атап өтуге болады. Мемлекетіміздің болашағы жастардың бұл ілімді терең меңгеруі қазақ халқының ынтымақ-бірлігін нығайтуға зор септігін тигізетіні даусыз.

Сонымен, ойымды қорыта айтсам, бұл қолжазба - Қожа Ахмет Ясауидің мұсылман дінінің қағида-шарттарын ашып баяндайтын ғана шығарма емес, оның бүкіл өмірге деген түсінік-танымдарын да жүйелейтін кітап. Оқушы жұртшылыққа күні бүгінге дейін мәлім болмай келген бұл қолжазбаны тек Ясауитанушылар үшін ғана емес, жалпы ислам дінінің тарихын зерттеушілерге де аса пайдалы зерттеу деген жөн.

«Әрбір адамның қадірін, ішкі дүниесі, адамгершілігін жетелеу үшін имандылық керек, мен соған жетелеймін» - деген арманын арқалап, жасы келсе де болашаққа қажетті азық қалдырам деп тыным таппай еңбек етіп хикмет жазған тұлпардың тұяғының әрбір сөзі мен ісі жас ұрпаққа үлгі болып қалуы тиіс деп ойлаймын.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңғырту кезеңінде Ясауи шығармашылығын мектептің және жоғары оқу орындарының білім беру мазмұнына кірістіру, оқушы-жастар тарапынан оқып-үйрену, ғұлама тарихи-педагогикалық ой-пікірлерін одан әрі зерттеудің басым бағыттарын айқындау қажет деп ұсынамын.

Аңдатпа

Байтақ еліміздің қай қиырында да, қай кезеңде де ойшыл-ғұламалар маңызды рөл атқарған. Олар халықты бірлікке үндеп, қазақ көгінде күндей болып жарқырады. Дінде терең, ғылымда кемел, тарих пен әдебиетке жетік болды. Жаһандану тасқыны артқан уақытта біз ұлт тұлғаларына жүгінеміз. Ұлы дала даналарының дін, иман, жан, рух жөніндегі ілімі еш уақытта маңызын жоғалтқан емес.

Түркі әлеміне ислам дінінің кірігіп, ағартушылық мән-маңызға ие болуына айтарлықтай үлес қосқан кемеңгердің бірі Қожа Ахмет Яссауи екендігі мәлім. Ғұламаның ғибратқа толы телегей-теңіз шығармашылық мұрасын заман талабына сәйкес жаңаша дәріптеу бүгінгі күннің басты міндет-мақсаты.

Яссауи адамзатқа хақ жолы деп ар-ождан, имандылық, әділет құндылықтарын ұсынды. Ұлтына, жынысына, түр-түсіне немесе абырой-дәрежесіне қарай кісі баласын алалауға қарсы болды. Ұлттар арасындағы, бай мен кедей арасындағы қайшылыққа жол бермеуге үндеді. Қай заманда айтылса да саңлақ тұлғалардың ұлағатқа толы мирасы ұлтқа азық.

Аннотация

Мыслители играли важную роль в разные периоды в далеких странах. Они призывали народ к единству и сияли, как солнце на казахском газоне. Они в совершенстве владели историей, литературой, глубоко верили в религию и развивали науку. Мы обращаемся к людям нации, в то время, когда растёт

поток глобализации,. Учение мудрецов Великой Степи о религии, вере, душе, духе ни в коем случае не утратило своего значения.

Известно, что Ходжа Ахмет Яссауи –является одним из ковчегов, внесших значительный вклад в интеграцию ислама в тюркский мир и обретение им его просветительского значения. Сегодня главная задача-популяризация творческого наследия ученого в соответствии с современными требованиями.

Яссауи предложил человечеству ценности совести, нравственности, справедливости. В не зависимости от национальности, пола, цвета кожи или статуса человек выступал против алиментов на ребенка. Он призывал не допускать противоречий между народами, между богатыми и бедными. Мир, наполненный народом, в какой-то момент, как говорится, является пищей для нации.

Annotation

Thinkers played an important role in different periods in distant countries. They called the people to unity and shone like the sun on the Kazakh lawn. They were fluent in history, literature, deeply believed in religion and developed science. We are addressing the people of the nation at a time when the flow of globalization is growing. The teachings of the sages of the Great Steppe about religion, faith, soul, and spirit have by no means lost their significance.

It is known that Khoja Ahmet Yassawi is one of the arks that made a significant contribution to the integration of Islam into the Turkic world and its acquisition of its educational significance. Today, the main task is to popularize the creative heritage of the scientist in accordance with modern requirements.

Yassawi offered humanity the values of conscience, morality, and justice. Regardless of nationality, gender, skin color or status, a person opposed child support. He called for avoiding contradictions between nations, between rich and poor. A world filled with people, at some point, as they say, is food for the nation.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000.
2. Кенжетай. Д. Иасауи хикметтерінің мәні. – Көкшетау. Қожа Ахмет Яссауи. Конференция материалдары, 2016 ж.
3. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы ЖШС «Жалын», 1998.
4. Қожа Ахмет Иассауи. «Хикметтер». – Алматы: «Өнер», 1995.
5. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: «Мұраттас», 1993.
6. Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет. – Алматы: «Арыс», 2001.
7. Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1995.
8. Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар. Алматы: «Эффект», 2009.
9. Хазірет сұлтан Ахмет Иасауи. Хикмет. – Алматы: «Жалын баспасы», 2002.

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ДАНАЛЫҚ ОЙЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мұхтар Жадыра Бақтыбайқызы
Түркістан облысы, Отырар ауданы,
Шәуілдір ауылы Д.Құрманбек атындағы
№20 колледж МКҚК
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Бүкіл бір халықтың ішкі жан дүниесіне үңілу үшін оның әдебиетін жетік білу керек. Сонда ғана оның тарихы мен мәдениеті сүт бетіне шыққан қаймақтай көзге көрініп тұрмақ. Жалпы алғанда Яссауи мұраларын бірден оқып кету мүмкін емес. Оның еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қарасақ та, әлеуметтік, тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері кең қарастырылған.

Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» еңбегі және оның мазмұн-мағынасы, түркі халықтарына соның ішінде қазақ халқына оның ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты тұстары туралы көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің бүгінге дейін зерттеген еңбектері жеткілікті. Біз олардың бәріне тоқталып жатпастан, «Диуани хикметте» айтылған ойдың тәрбиелік мәніне, олардың ерекшеліктері жайында тоқталатын боламыз.

Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі» – тек сопылық әдебиеттің көрнекті ескерткіші ғана емес, түркі халықтарының ежелгі рухани ескерткіштерінің бірі болып табылады. Яғни Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» еңбегін біз Махмұд Қашғаридің «Түркі тілдерінің сөздігі», Сайф Сараидің «Түрікше Гүлстаны», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы», Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырған кітабы» т.б. түркі ренессансы дәуіріндегі аса танымал туындылар қатарына жатқызамыз.

Ахмет Яссауий – түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы аса көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне машһур болған ойшыл қайраткері. Ол мұсылман қауымының дәстүрлі қағидаларын жырлаған сопылық әдебиеттің түркі халықтары арасындағы мейлінше танымал, ірі өкілдерінің бірі болды. Ахмет Яссауи кезінде “жахрия” (экстаз) немесе “Яссауия” деп аталып кеткен сопылық-мистикалық ағымның негізін қалады.

Біз сөз етіп отырған Ахмет Яссауи тәрбиесінің адам баласына ықпал ету күшіне кәміл сенді, адамдығы мен адамгершілі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептелді. Тек дені дұрыс тәрбиенің көзі ғана ақымақтыққа бастар істерден сақтап, мінез бен болмысты түзеуге ықпал етпек.

Қ.А.Яссауидің өмір сүру кезеңін үлкен үш бөлікке бөліп қарастырсақ. Біріншісі – жастық шақ, бала кезі, екіншісі – бозбала шағы, үшіншісі – ғалым, ғұлама атануы. Осы үш бөлік бойынша ғұламаның ғұмырына зер салып қарау керек. Әрі солай қабылдай алу да керек. «Аңыз түбінде ақиқат бар»-демекші, аталған әңгімелер мен аңыздарға жете қарап, көңіл бөліп қарастырған абзал.

Ахмет үшін құдай жолы дегеніміз пенденің рухани кемелдікке жол алып, адамның адамдық қасиеттерімен өмір сүруі. Атап айтқанда, адамның рухани жан дүниесі оның адамдық қасиеттерімен ғана танылады. Ал адамдық қасиеттер иман жүзінде көрініс табады. Иман дегеніміз- адамның өмір сүру амалы, адам әлемнің шеңбері, рухани қор жинағы.

Орта Азиядағы аса ірі қайраткері, ислам дінінің гүлденіп, өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан Қожа Ахмет Яссауиді біз, жалпы түркі жұртының, соның ішінде қазақ халқының әдеби-мәдени өміріне бар қажыр-қайратын арнаған шығармашыл тұлға ретінде танимыз. Қожа Ахмет Яссауи – ислам дінін ұстанатын барша түркі халықтарының ортақ ұстазы, біздің халықтарымыздың материалдық құндылықтарға шексіз табынудан, пенделік пиғылдан биік тұратын асқақ рухының символы екендігі сөзсіз. Адамзат қоғамы өзінің сан мың жылдық даму кезеңдері барысында жаңа рухани биіктерді бағындырып отырды. Сонымен қатар тарихи, геосаяси, климаттық және т.б. факторларға байланысты қол жеткізген рухани биіктігінде тоқыраулар мен күйзелістердің де жиі орын алып отырғаны белгілі.

Ұлы Дала төсіндегі түркі халықтары өмірінде ҮІІІ ғасырдан бастап Ислам діні маңызды факторға айналды. Тарихтан белгілі, 961 жылы Қарахан мемлекетінде ислам мемлекеттік дін деп жарияланғаннан бастап, бұл үрдіс тіпті қарқын алғаны белгілі. Ежелден бір құдайлықты қолай көрген тәңіршіл түркілердің ендігі өмір сүру салты исламмен тығыз байланыста болғанымен, жалпы ислам, соның ішінде Орта Азиядағы түркілік ислам ХІІ-ХІІІ ғасырларда рухани тоқырауды бастан кешірді. Бұл ислам дінінің өз ішіндегі консервативті бағыттардың күш алуы мен Ислам әлеміне Батыс пен Шығыстан қатар жасалған шапқыншылықтарына байланысты еді. Осы кезең туралы Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінде біршама айтылады. Соның бірі мынау:

Ораза, намаз, иман, ислам қолдан кетті.

«Күннен күн бетер» деген хадис жетті.

Пайғамбар айтқандарды келіп жетті,

Бұл дүниені қараңғылық басты достар.

Дінсіз, ұстаздарға еш қауіп жоқ.

Дүние малын жиып, еш тояры жоқ.

Ұшып, қонып, өлімнен еш хабары жоқ.

Ол жанның діні дүние болды көргін [1].

Бұл ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағындағы»:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты [2], -

дейтін халмен ұқсас кезең еді. Қоғам өміріндегі осындай тығырықтан шығаратын жолды тауып, халықты жарқын жолға бастайтын, өз дәуірінің феномені туып шығатыны сөзсіз болса, түркі әлеміндегі осындай тұлғаның бірі де бірегейі Қожа Ахмет Яссауи болды.

... Қожамын деп лепірме, өшбу дүние би паян,

Білемін деп айтпас сен, көңілдегі шәркіні.
Раһнама дүр, Қожа Ахмет, гүлстан дүр мағрифат,
Сөйлер сөзі ақиқат, ашар көңіл құлпыңды.
Міскін зағип Қожа Ахмет, жеті атаңа рахмет,
Парсы тілін білемін, құп көремін Түркімді! [3]

Осы бір жолдардан біз Қожа Ахмет Яссауидің түркі тіліне деген зор махаббатын анық танимыз. Түркі тілін ұмыттырмай ұрпағына аманаттаған жеті атасына рақмет айтуы осыны меңзейді. «Парсы тілін білемін, құп көремін Түркімді!» деген жолдағы айтылар ой ХХ ғасырдағы қазақтың дана ақыны Қадыр Мырза Әлінің «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дейтін афоризмге айналып кеткен ойымен үндесіп жатыр. Ал ХХІ ғасырдағы қазақ ақыны Алмас Темірбай бұл ойды «Өз тіліңді бәрің біл, Өзге тілді құрметте!» деген уәжбен байытқан болатын.

Арамдықтан аулақ болуға былай дейді:

Арам жеген әкімдер, құныққандар параға,
Өз бармағын тістелеп, өкініш отқа жанбақшы,

Жастарға еріншек болма дейді:

Еріншек болмай оқуға, алыңдар білім кеңінен,
Жоққа әрине дауа жоқ, бардың жолын табыңдар.

Дүние мүлік үшін арынды сатпа:

Дүние мүлікке құмартып, жаһан малын жиғандар,
Құзғын жемін жегендер, арамға әбден батпақшы.

Менмен тәкәппар болма:

Менмен болсаң, тамұқ күтіп алар алда,
Тәкәппардың халі ауыр, дозақ ол да.

Қожа Ахмет Яссауи мұралары – тәуелсіз Қазақстанның іргесін шайқалтпай берік етіп ұстап тұратын рухани тіректің бірі екендігі даусыз және біз мұны азаттық жылдар тарихының беттері қалындаған айқын сезіне түсудеміз. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» [11]. Қожа Ахмет Яссауидің ұстанған жолы, бауырлас түркі халықтарына қалдырған рухани қазынасы – жоғарыдағы проблемалардың алдын алу мен түбірімен жоюда таптырмас көмек болары анық. Өйткені, Яссауи ілімдері – халқымыздың қанында, жанында ғасырлар бойы өрілген таным-түсінік. Қожа Ахмет Яссауидің ғажайып сырға толы хикметтерін жинақтау, аудару, бастырып шығару, нұсқаларға салыстырмалы сипаттамалық зерттеу жүргізу жұмысын жалғастыру – қазақ руханияты әлемінің мәңгілік миссиясы болғай.

Қорыта айтқанда, оның «Диуани Хикмет» атты екі әлемнің де мән-жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан сарапталады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен

мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Қожа Ахмет Ясауидің қанатты дана сөздері қай кезеңде де, қай заманда да болсын өз құндылығын ешқашан жоймайтын асыл қазынамыз. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына ислам қанын сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра.

Аңдатпа

Қазақ әдебиеті бір арнаның ғана тоғысуы емес, бірнеше жанрлар мен еңбектердің және де мың тағдырлардың арқасында дүниеге келген рухани азық. Қазіргі қоғам алдында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл – ой мен тәлім-тәрбиелік тәжірибені көздеп, замана талабына сай жетілдіре отырып, пайдалану көзделген.

Аннотация

Бұл мақаланың негізі ретінде Қ.А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, философиялық танымдарын жүйелеу. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үңілу.

Кілт сөздер: Қожа-Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, әдебиет, философия, хикмет.

Аннотация

Воспитательный аспект мудрых мыслей в труде «Дивани Хикмет» казахская литература – это не просто переплетение одной волны, а духовная пища, рожденная благодаря нескольким жанрам и трудам, а также тысячам судеб. Перед современными обществом предусмотрено использование интеллектуальными личностями педагогического интеллекта и учебно – воспитательного опыта с их совершенствованием в соответствии с современными требованиями. В основе данной статьи лежит анализ, за основу, систематизация философских познаний духовно-нравственного воспитания, просветительской деятельности, творческих исторических трудов К.А Ясауи. Погружаясь в глубь учения Ходжи Ахмеда Ясауи, углубляясь в его значение для человечества и казахской литературы.

Ключевые слова: Ходжа Ахмет Ясауи, Дивани хикмет, литература, философия, хикмет.

Annotation

Kazakh literature is not only a fusion of one channel but a spiritual food that has come to the world thanks to several genres and works Today's society is faced with the use of the pedagogic mind and educational experience of according to intellectuals by improving it according to the needs of the times

This article is based on K.A.Yassawi's spiritual and moral teachings. To analyze, base, and systematize knowledge of education, enlightenment, creative historical labors. Following the teachings of Koja Akhmet Yassaui in depth, he pondered the meaning he gives to humanity and Kazakh literature. Kazakh literature is not only a duality, but the blood of Islam has permeated the roots of spiritual life.

Key words: Koja- Akhmet Yassau, Diwani wisdom, literature, philosophy.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожа Ахмет Йасауи. Диуани Хикмет. –Түркістан: Тұран, 2010. 39 б.
2. М. Дулатов Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1991.- 384 б
3. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007
4. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет (Көкшетау нұсқасы). – Астана: Фолиант, 2016

ҚОЖА АХМЕТ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ МӘНІ-АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАЛУЫ

Нарматов Илхомжон Суннаттулаевич

Түркістан облысы, Түркістан қаласы
Төле би атындағы №19 білім беру мекемесі
тарих пәні мұғалімі, магистрант
педагог-сарапшы

Мақсаты: Суфизмнің түркі тармағын зерттеушілердің пікірінше, Қожа Ахмет Яссауи суфийлік мектебінің өзіндік ерекшеліктері бар. Адамгершілік-рухани жетілдірудің және Құдайды түсінудің міндетті шарты ретінде ол шарифат, тарикат, хакикат, магрифат сияқты негізгі кезеңдері болып табылатын жолдан өтуді талап етті. Шарифат - исламның ұйғарымдарына сәйкес Құдайға сенетін өмір сүруді білдіреді; тарикат - әлемнен бас тартуды білдіретін мистикалық жол; магрифат - мистикалық таным жетістігі, Құдаймен уақытша бірігу, хакикат - Құдаймен үнемі жанкүйер күйінде қарым-қатынас жасау сатысы, ол кезде суфийлер дүниелік тілектерді басу арқылы кемелдіктерге жетеді.

Міндеттері: Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі еркіндік мәселесі негізінен адамның «ішкі еркіндігі» шеңберінде қарастырылады. Ішкі еркіндікті ислам дүниетанымында «моральдық еркіндік» дейді.

Оның ілімінде нәпсі – жамандықтың, рух – жақсылықтың қайнар көзі болып табылады. Хикметтің басы – Алланы бар және бір деп білу. Ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп біледі. Сонымен қатар, Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады.

Негізгі бөлім: Қожа Ахмет Яссауи ілімі түркілік дүниетанымның негізгі категориясына сай дамыды. Тәңірді жазалаушы, қорқыныш иесі ретінде ғана емес, Тәңірді сүю және оның үкімдерін құрметтеу арқылы Аллаға деген махаббатты қалыптастырды. Бұл адам бойында махаббат, жауапкершілік сезімді, иманмандылық, ізгілік т.б. асыл құндылықтарға негіздейді. Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері арқылы және оның нәтижелі жемістерінің негізінде ғана мәнді, мағыналы өмірді, «адамша тіршілік ету өнерін» меңгере алады. Қожа Ахмет Яссауи өз шығармаларын оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған алғашқы талантты түркі ақыны болды. Оның ең танымал шығармаларының қатарында «Диван-и хикмет» («Даналық кітабы»), «Мират-ул Құлуб» («Жан айнасы»), «Пәкір-нама» («Кедей туралы ертегі») бар. Бірақ бізге бірнеше нұсқада жеткен

танымал Қожа Ахмет Яссавидің «Диван-и хикмет» («Даналық кітабы») болып табылады, ол қыпшақ диалектімен ескі түрік тілінде жазылған және түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына жатады. Түпнұсқа сақталмаған, бізге тек XV-XVI ғасырдың көшірмесі ғана жеткен. Бұл шығармада ясауи тарикатының негізгі ережелері жинақталған. Қожа Ахмет Яссауидің «Диван-и хикмет» кітабы ислам дінін уағыздап, халықтың мұсылмандығын нығайтуға септігін тигізді.

Тарихи құжаттар Қожа Ахмет Яссауидің «Диван-и Хикмет» кітабының бірнеше рет жазылғанын, редакцияланғанын, толықтырылғанын көрсетеді. «Диван-и Хикмет» қолжазбалары негізінен Ташкент, Санкт-Петербург, Стамбул кітапханаларында сақталады. Соңғы онжылдықта «Диван-и Хикмет» шетелде де, Қазақстанда да бірнеше рет қайта басылды.

Суфизмнің түркі тармағын зерттеушілердің пікірінше, Қожа Ахмет Яссауи суфийлік мектебінің өзіндік ерекшеліктері бар. Адамгершілік-рухани жетілдірудің және Құдайды түсінудің міндетті шарты ретінде ол шариғат, тарикат, хакикат, магрифат сияқты негізгі кезеңдері болып табылатын жолдан өтуді талап етті. Шариғат - исламның ұйғарымдарына сәйкес Құдайға сенетін өмір сүруді білдіреді; тарикат - әлемнен бас тартуды білдіретін мистикалық жол; магрифат - мистикалық таным жетістігі, Құдаймен уақытша бірігу, хакикат - Құдаймен үнемі жанкүйер күйінде қарым-қатынас жасау сатысы, ол кезде суфийлер дүниелік тілектерді басу арқылы кемелдіктерге жетеді

Қожа Ахмет Яссауи ілімі түркілік дүниетанымның негізгі категориясына сай дамыды. Тәңірді жазалаушы, қорқыныш иесі ретінде ғана емес, Тәңірді сүю және оның үкімдерін құрметтеу арқылы Аллаға деген махаббатты қалыптастырды. Бұл адам бойында махаббат, жауапкершілік сезімді, иманмандылық, ізгілік т.б. асыл құндылықтарға негіздейді. Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері арқылы және оның нәтижелі жемістерінің негізінде ғана мәнді, мағыналы өмірді, «адамша тіршілік ету өнерін» меңгере алады

«Диуани хикмет» еңбегімен мәшһүр болған тұлғаның қаламынан жыр жолдар елдің рухани азығы мен тәлім-тәрбиелік қасиеттерін молайтуға ықпалын тигізері айдан анық. Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметтері» сопылық идеясын жыр еткен, этикалық-дидактикалық мазмұндағы әдеби шығарма. Шариғаттың қыр-сырын терең меңгеруде, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты айқын поэзия тілімен жазды. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасып, дамып келе жатқан суырып салмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұнды өзгерістер алып келумен қатар, оны түр және мазмұн жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Бұрыннан дидактикалық сипаты басым түркі әдебиеті насихаттық негіздегі ой тұжырымдармен толыға түсті. Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен жан-жақты таныла отырып, Яссауи ізімен хикмет жазу дәстүрге айналды.

Оның «Диуани хикмет» атты еңбегі – діни сопылық әдебиет ескерткіші ғана емес, олар көне түркі тілдес ескерткіштердің бірі болып табылады. «Диуани Хикмет» - түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы, ұрпақтан ұрпаққа таралды, халықты имандылыққа, адалдыққа, адамгершілікке, әділдікке,

мейірімділікке және шыдамдылыққа шақырды. Хикметтері ислам дінін насихаттады және халық арасында мұсылмандықтың, еліміздің бірлігінің нығаюына ықпал етті. Құранды Қожа Ахмет Яссауи «Хикметтері» арқылы қабылдады.

"Бісмиллә" деп баяндайын хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
Жанды жаралап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен "Дафтар-и сани" сөзін аштым міне.

Сөзді айттым кімде болса дидар талап,
Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.
Ғаріп, жетім, пақырлардың көңілін сыйлап,
Көңілі бүтін, халайықтан қаштым, міне.

Міне осылайша, Яссауи – исламда Алланы танудың «түркі» жолдарының (тарикат) негізін салушы. Бұл өмірдегі тіршіліктің тұтас мәні мен мағынасы туралы, жақындық және тіпті Құдайды өз санасымен тану процесінің тепе-теңдігі жайында, пайымдау, халықтық дүние танымдарына бейімделуін атайды. Яссауи қарапайым халықтың жүрегіне жақын әрі түсінікті және көркем сөздердің шеңберінде әсер етті. Араб-парсы-түркі тілдерінің өзара әсер ету процесінде рухани мәдениеттің тарихына енді. Яссауидің шығармалары – барлық түркі халықтарының құнды рухани игілігіне айналды.

«Диван-и-хикметте» шариат, тарикат, хакикат, магрифат сияқты төрт ұстанымды түсіндіруге көп көңіл бөлінеді. Ахмет Яссауи пікірінше, шариғатсыз, тарикатсыз, магрифатсыз хакикат (яғни, Аллаға жақындау), рухани күш-жігерсіз, шынайы қайсарлықсыз, тіпті өз өмірін құрбан етуге дайын болғанша адамды айқындау мүмкін емес. Яссауи аскетизмге, сыртқы әлемнен бас тартуға және шыдамдылыққа шақырады, өйткені бұл ақырғы дүниенің бақыттылығын қамтамасыз етеді. Ол адамдарды әділдік, адалдық, мейірімділікке шақырады. Соның арқасында түркі тілі әдеби өмірге енгізілді. Яссауи арқасында суфизм философиялық жүйе ретінде түркі халықтарының рухани танымы мен дүниетанымында шешуші рөл атқара бастады. Егер Яссауи алдында түркі халықтары Тенгриге сиынса, одан кейін

Яссауи өз хикметтерінде сопылық дін ілімі туралы жан –жақты ерекше мән бере отырып, ол бұл шын мәніндегі білім деп айтады.

"Менің хикметімді дертсізге айтпа,
Бағасыз гауһарымды наданға сатпа"

деп, бар жан-дүниесімен сопылыққа берілген Яссауи, "егер мен басымнан айырылсам да, бұл жолдан маған жалт беру жоқ"-деп, өзінің осы адал жолда екендігін аңғартады. Ахмет Яссауи түркі тілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философия адамдардың дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Сопылар Жаратушыны тануда және жаратушыға деген махаббатқа жету жолында рухани тазалыққа және ішкі жан дүниенің тазалығына ерекше мән береді. Яссауи тариқатының түркі халықтары арасында ислам дінінің таралуында өзіндік орны бар.

Төрт тармақты өлеңмен жазылған шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте көрген қиыншылықтарын қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын өз шығармасында көркемсөз үлгілерімен жеткізе білді. «Диуани Хикметтен» түркі халықтарына, әсіресе өз елімізге қатысты, ертедегі мәдениетімізге, әдебиетімізге, тарихымызға, этнографиямызға, экономикамызға қатысты бағалы деректерді табуға болады.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті деңгейдегі білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылысы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсетеді. Ал, нәпсі құмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттер. Қожа Ахмет Ясауи – халқына жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға тура, ақиқаттың ақ жолын сілтейді. Қожа Ахмет Ясауи шығармасы өскелең ұрпақты шынайылық пен әділдік үшін ғұмыр кешуді көздейді. Адал еңбегімен халыққа қызмет етумен байланыстырылады.

Түркілік төл дүниетанымнан бастау алатын Қорқыт жырларының ең көне қабаты тілдік құрылымы, көркемдік құралдары, бейнелер жүйесі жөнінен «Диуани хикметпен» қапысыз қабысады. Жырдың хикметтерге айқын әсерінің негізгі көрініс тапқан тұсы – осы дәстүрлі көркемдік қабат. Бірі – батырлық эпос, екіншісі сопылық лирика болып табылатын қос шығармаға қаһармандық пафос та ортақ, тек бұл сезімдердің бағытталуы мен суреттелуі түрліше. Сюжет мәселесіне келсек, Қорқыт жырларында азаматтық тарихтың аңыздық үлгісі жинақталса, Ясауи хикметтерінде агиографиялық сюжеттер қамтылған. Халық педагогикасында адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің аса бай жолдары белгілі болғанына көз жеткізу үшін, келесі әдістер мен құралдарды атап өтуге болады.

Олар көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу және т.б. Бұл айтылғандар жөнінде Ясауи еңбектерінде толық қамтылған. Мәселен, «Хикметтерінде» қамтылса, екіншісі «Пақырнама мен Мұнажатнамасында», ал үшіншісі болса, «Мират-ул-Кулуб» атты еңбектерінде талданып, берілген. Қалған мәселелер өмірбаянына негізделіп жазылған аңыз-әңгімелер мен хикаяттарында келтірілген. Міне, осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі. Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды. Қ.А. Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, ал оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани

адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи ислам діні мен жергілікті дәстүрді сабақтастырып, халықтың рухани тұрғыдан кемелденуіне өз үлесін қосты. Оның қарымды қаламынан туған «Диуани Хикмет» атты еңбегінде Құран-Кәрімнің сүрелері мен аяттарына мысалдар келтірілген. Елді бейбіт өмір мен имандылыққа шақырды. Хақты танудың бірден бір жолы ислами ілім жинау екендігін жете түсіндірді. Сауаттылық пен еңбекқорлық арқылы тұлғаның қараңғылықтан құтылып, жарық сәулеге енетіндігін жазды. Сәбилік күннен берілген өнегелі тәлім-тәрбиесі мен білімі баланың өміріне азығы боларын айтты. Қожа Ахмет Ясауидің қанатты дана сөздері қай кезеңде де, қай заманда да болсын өз құндылығын ешқашан жоймайтын асыл қазынамыз.

Андатпа

Қожа Ахмет Ясауи – сопылықтың түркі тармағының негізін салушы, ойшыл, ақын. Оның «Диван-и-хикмет» атты еңбегі күні бүгінге дейін сақталған. («Даналық кітабы» – көбінесе «Хикметтер» деп қысқартылған). Ахмет Яссауи өмірдің мәні туралы сопылық идеяның дамуында ерекше орын алады. Құдай барлық жерде және барлық жерде бар әркім мәңгі бар, деп дәлелдеген шындыққа жету үшін тағдырдың мәні, адамның белгілі бір мақсат үшін Құдай берген еркіндігі бар.

Түйін сөздер: Ахмет Яссауи, сопылық идея, сопылық әдебиет, сопылық тәртіп, шарифат.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясави – основатель турецкой ветви суфизма, мыслитель, поэт. Его произведение «Диван-и-хикмет» сохранилось до наших дней. Ахмет Ясави занимает особое место в развитии суфийской идеи о смысле жизни. Бог везде и каждый, кто везде, вечен, чтобы достичь истины, сути судьбы, человек имеет свободу, данную Богом для определенной цели.

Ключевые слова: Ахмет Ясави, суфийская идея, суфийская литература, суфийская дисциплина, шариат.

Abstract: Khoja Ahmet Yasavi is the founder of the Turkic branch of Sufism, thinker, poet. His work "Divan-i-hikmet" has survived to this day. Ahmet Yassavi has a special place in the development of the Sufi idea of the meaning of life. God proved that everyone who is everywhere and everywhere has the meaning of fate to achieve Truth, that man has the freedom given by God for a particular purpose.

Key words: Ahmet Yassavi, Sufi idea, Sufi literature, Sufi order, sharia.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қожа Ахмет Яссауи . Хикметтер. Қазақ тіліне аударғандар: Ә.М.Ибатов, З.Жандарбек, А.Ш.Нұрманова. -Алматы: Дайк-Пресс, 2000.-208 б
2. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: Арыс баспасы, 2005.
3. Дәуітұлы С «Диуани хикмет» және қазақ поэзиясы. Монография –Алматы: Экономика, 2001.-351б

4. Ж. Камалқызы. Қ.А. Яссауи хикметтері және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы / Қожа Ахмет Яссауи мұралары мен ілімінің зерттелуі – Түркістан, 2008.
5. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің тілі».–Алматы: Сөздік-словарь, 2004

Қ.А.ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Неталина Венера Уримбаевна
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы
Талдысай ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі педагог-зерттеуші

Тамырынан ажырамаған ұлт қана болашағын бекемдей алады. Ал тамырынан ажыраған ұлттың болашағы бұлыңғыр. Осыған орай қазіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында жалпыға бірдей, халықтық педагогика, халықтық психология және осы сарындас т.б. халқымызға тән салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, ұлттық иммунитетті күшейтуге негізделген тарих пен тіл, дін мен діл сияқты қосымша курстар пен арнаулы пәндер оқу бағдарламасына еніп жатыр. Сондай-ақ, осы талапқа сай дәрістер жүргізілуде.

Осындай дәрістердің бірі – Қ.А.Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі. Халықтық педагогиканың негізгі бағдарламасына сай Ясауи ілімі, оның ішінде адамгершілік және имандылық тәрбиесі рухани азығы мол және адам баласына өте керекті құндылықтар болып табылады. Жалпы айтатын болсақ, Ясауи еңбектері әдеби, діни, әлеуметтік, философиялық, психологиялық, этнопедагогикалық, тіл, мәдениет және т.б. тәлім-тәрбиелік құндылықтарға негізделген. Сондықтан оның шығармашылығына назар аударған кезде әрбір сөзіне дейін талдау жасау керектігін түсіндіріледі.

Ясауи өз хикметтерін қасиетті Құран кәріммен тең көрген тұлға. Ол туралы өзінің хикметі де бар:

Менің хикметтерім,
Алладан пәрмен.
Оқып ұққанға бар.

Мағынасы – Құран, – деп, өз хикметтерінің Алла Тағала тарапынан келіп отырғанын айтады. Бұл Ясауи хикметтері туралы ең түсінікті анықтама десек те болады. Енді оның әрбір еңбегіне жеке-жеке тоқталып өткеніміз дұрыс сияқты. Мысалы, Қ.А.Ясауи еңбектеріндегі отбасы, ақыл-ой, дүниетанымдық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық, экологиялық, экономикалық, өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу т.б. тәрбие мәселелерін жеке дара қарастырып шығуға болады.

Ясауидің шығармашылық әлеміне еңбестен бұрын қандай еңбектері бар және бүгінгі күнге қалай жетті деген сауалдарға жауап іздеуден бастау керек сияқты. Өйткені, Ясауи шығармашылығы бізге оңай жетпеді. Кіріспеде бұл туралы да айта кетуіміз керек деп ойлаймын.

Біз, қандай еңбектерін білеміз? Бізге жеткен рухани мұралары қандай? Бірінші, Диуани хикмет. Яғни, хикметтер жинағы. Бұл еңбегі қазіргі таңда әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, адамзат қоғамының игілігінде десек те болады. Ал қазақ тілінде 1991 жылы жарық көрді.

Екінші еңбегі Пақырнама және Мұнажатнама деп аталады. Автордың бұл шығармасы да бірнеше тілге аударылып, 1991 жылы қазақ тілінде жарық көрді.

Үшінші кітабы, Мират-ул-Қулуб деген атпен жарыққа шыққан. Бұл еңбегі Швецияның Упсала атты қаласының университетіндегі қолжазбалар қорынан табылды. 2000 жылдары Түркияда жарық көріп, оқырмандарға жол тартты.

Төртінші деген санатқа, Ясауи өміріне қатысты аңыз әңгімелер мен хикметтер жинағы жатады. Бұл да көп тілге аударылып, әлемнің бірнеше мемлекетінде жарық көрген. Қ.А.Ясауиге қатысты мағлұматтермен танысу барысында Түркістанның 1500 жылдық мерейтойына арналған мерекелік жинақтарды да қарастырған артық болмайды.

Біз өз зерттеу нысанамызға сәйкес, Ясауи іліміндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесін бірінші еңбегі «Диуани хикметтен» іздейміз. «Диуани хикмет» ел аузында айтылып, қолжазба түрінде сақталып, бүгінгі күнге жеткен.

Ясауи ілімінде адамгершілік ұғымы қалай сипатталған? Адам тәрбиесінде Ясауи ілімі бойынша адамгершілік қасиеті мол адам қаталдыққа бармайды деп жазылған. Тек жақсы тәрбие ғана ақымақ істерден сақтандырып, мінез-құлықты түзеу тәрбиенің басты мақсаты екені айтылады.

Адамгершілік қасиетті қалыптастыру, ұсыну сол кездің ойшылдарының алдында тұрған ең басты мәселесі болды. А.Ясауи де халыққа дұрыс жол сілтеп, нағыз адам болу үшін қандай шарттар керек екенін көрсетуді өзінің басты парызы деп білген. Оның өмірде неге ұмтылып, неден безіну керектігін бейнелейтін моральдық ұғымдарын оқып, үйренудің бүгінгі кезең үшін мәнді тұсы жастардың тәртібі, этикалық және эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру ісінде тәлім-тәрбиелік бағдар бола алатын мүмкіндігінде.

Қ.А.Ясауи мұраларындағы Даналық кітабында негізінен төрт ғақлия мадақталады.

1. Шарифат – ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының негіздері, яғни мұсылмандық жолын қастерлеп, соны тәлім-тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, қиын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

2. Тарикат – сопылық ой мақсаттарды насихат — өсиет ету. Яғни жыр өрнектері арқылы ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділеттікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

3. Мағрифат – дін жолын танып, оқып білу, яғни Алланың ақ жолын ардақтап, соған тағзым етіп, тағлым алу – адамгершілік парыз екенін әсерлі сөзбен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелеу. Ақын ғаріп, пақыр, жетім-жесірлерді сүйсең, оларға жақсылық жасасаң Алла тағала саған риза болып, ісінді оңдайды, мақсатыңа жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз оқырмандарға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіре

жеткізеді, Алланың ақ жолы – адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

4. Хақиқат – құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы Алланы танып-біліп, оған табыну, құдайдың құдіретіне сену әрбір мұсылманның парызы екенін сөз құдіретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу Иман нұры, Хақиқат дариясы, Акіреттің азығы арқылы адамның күнадан таза болуына жол ашып беру мақсаттарын жырлайды. Бұл еңбегінде ғұлама ғалым Түркістанның пірі негізінен төрт мәселені қарастырады.

Біріншісі – Алланытану, екіншісі – Алланы ұлықтау, үшіншісі – дүниедегі күналар менәділетсіздікті қаралау және әділетсіздіктің құрбаны болған пенделердіқорғау, оларды әділеттілікке бастау, төртіншісі – бұлдүниенің қара дақтарын пенделерге жұқтырмау үшін жалған дүниеден бас тарту.

Міне осындай күрделі-күрделі төрт мәселені үздіксіз қарастырып оны өз хикметтерінде жырлап отырады. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның жаттап алып айтуына ыңғайлы болып келеді. Сол себептен де Ясауи хикметтері ел арасына ауызекі тараған хикметтер, кейінше қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып кеткендей, төрт мың төрт жүзге тарта екен. Оған дәлелді мына хикмет шумақтарынан келтіруге болады.

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге баян қылсам, қалмас арман.
Төрт мың төрт жүз Хикмет айттым хақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгенімше сөйлесем мен.

Міне осылай өмір кезеңдерін де хикметтерінде айтып өткен. Ал енді нақты қанша хикмет жазғандығы туралы беймәлім. Оған қосымша ұстаздары туралы. Түркістанға қай кезде келгендігі жайлы неше жасында пірін тапқандығы, ғұлама ғалымдық дәрежеге қанша жасында жеткендігі, неше жыл өмір сүргендігі, қай жасында Қылуатке түскендігі жайлы да хикмет шумақтарында келтірілген. Әрине осы мағлұматтарды оқырман қауымға жете түсіндіре алсақ, қандай құнды рухани, мағнауи азық алған болар еді. Иә, бұл еңбекті жете талдаудың арқасында оқырман қауым өзін имандыққа, әділеттілікке, инабаттылыққа, көрегенділікке т.б. жақсы мінез-құлықты қалыптастыруға ұмтылып, соған өзін тәрбиелейді.

Ясауи үшін Хақ жолы дегеніміз адамның рухани кемелдікке жету жолы, адамның адамгершілік қасиеттерімен өмір сүру жолы. Яғни адамның руханишылығы оның адамгершілік қасиеттерімен ғана танылады. Ал адамгершілік қасиеттер иман түрінде көрінеді. Иман адамның өмір сүру амалы, адами әлемнің шеңбері, рухани қор жинайтын құралы болып табылады. Сонда иман мәні, негізі не деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беруде Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін зерделейік.

Иман болды Хақ тағала тағатынан,
Кешпек керек бұл дүниенің рахатынан.

Яғни иман Хақ Тағатынан пайда болғандықтан, рухани әлемге тиесілі құбылыс. Сонда тағатты рухани әлемнің жүйелілігін, заңдылығын реттеуші

күш деп алсақ, онда иман дегеніміз рухани қасиеттердің жинақталған формасы, көрінісі деп түсінеміз.

Ясауи түсінігінде, адамның кісілік келбеті, ішкі жан дүниесінің сәулесі, жақсылыққа жетелейтін тәрбиешісі дұрыс жолды үйретіп, түзу бағыт нұсқайтын жетекшісі және де Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер – иман адамның о дүниеде Хақ алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жанашыр, жақтасы болып табылады.

Иман адамгершілік қасиеттерінен нәр алатын гүл, оны солдырып, алмау әркімнің баптауына байланысты. Яғни иман — адамгершілік қасиеттердің жиынтығы. Ал осы иманды, имандылықты құрайтын адамгершілік, адамдық қасиеттер қандай?

Хақ тағала адамға иманды сыйға тартардан бұрын алдымен осы сыйға иегер бола алатындай ақыл және де осы тартудың тұрақтай алатындай мекені – сана берген. Яғни иманның мағынаға, мәнге айналуы адамның ойлау, зерделеу, пайымдау қасиетіне тығыз байланысты. Иман ақыл түрінде адамның бұл өмірдегі мақсатын белгілеп, ақ пен қараны, оң мен солды танытатын көңіл көзі болып табылады. Ақыл адамды ізденіске салып, парыз міндеттері, жауапкершілігі артып, шешім белгілейтін күш. Егер де надандық адамның көңіл ізденісін мешелдікке салып, сарп қылса, ақыл оны бұл аурудан жазып айықтырады. Ақылды адам тура жолмен бұрыс жолды айыра біліп, өз шешіміне жауап бере алады. Ал наданның құрсауындағы ақымақ адам, өз ой-пікірі, тұжырымы, көзқарасы болмағандықтан, кез келгеннің жетегінде қалып қояды.

Имандылықтың тағы бір негізі сабырлық, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерінен тұрады. Осы қасиеттер арқылы адам мехнат-машақат, азап көргенде, қиындықпен сыналғанда, рухани дүниесінің беріктігі, бекемдігі анықталады. Сабырлы төзімді адам өзіне-өзі берік, сенімі нық адам. Сабыр адамды асығыс іс-әрекеттен, жөнсіз қылықтан, ағат сөзден сақтап, ақылға салады, ойға жетелейді. Сабыр адамның тақат белгісі, әр не бәле келсе, сабырлық сақтап, шыдамды болуда ұлы күш жатыр. Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым тағатты болады, өмір қиындықтарынан қорықпай, машақатқа бекем келеді.

Қожа Ахмет Ясауидің барлық хикметтерінің тәрбиелік мәні халықты имандылыққа шақырып, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Адамдарға өз бойындағы адалдық, имандылықтың күшеюіне ең керектісі иман екенін жеткізген. Адам баласын жаратқан Аллаға кіршіксіз сеніп, арам пиғыл ойлардан аулақ жүруге үйреткен. Әрбір жақсылыққа қанағат етуді жазып қалдырған. Қорытындылайтын болсақ, Ясауидің әрбір сөзінен жас ұрпақтың алар тағылым, тәрбиесі мол.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауи –Түркі әлемінің мақтанышы. Біздің әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, руханиятымыздың, дініміздің, тіліміздің, діліміздің бастаушысы. Ол бар ғұмырын жалпы түркі дүниесіне, әсіресе келешек жас өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне арнаған ғұлама ғалым. Оның хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде зор ықпал

етуде. Сол себепті де Қожа Ахмет Ясауи ілімі қазіргі таңда да өз маңызын жойған емес.

Біз өз баяндамамызда Қ.А.Ясауидің шығармашылығына ден қойып, оның еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесіне айрықша назар аудардық. Ясауи ілімі ұлттық құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, ата-анасын, дінін, ділін, тілін, елін, жерін сүюіне, елжандылық ұлттық сезімдерін арттырып рухани адамгершілік, имандылық, инабаттылық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясави – гордость тюркского мира. Он основатель нашей литературы, культуры, духовности, религии, языка, религии. Это ученый ученый, посвятивший всю свою жизнь тюркскому миру в целом, особенно воспитанию будущего молодого поколения. Его мудрость и духовно-нравственное наследие оказали большое влияние на отечественное образование. Именно поэтому учение Ходжи Ахмета Ясави не утратило своего значения и сейчас.

В нашем докладе мы остановились на творчестве К. А. Ясави и уделили особое внимание воспитанию нравственности и нравственности в его произведениях. Образование Ясави способствует осознанию национальных ценностей, самообразованию, любви к своим родителям, религии, языку, стране, земле, национальному чувству патриотизма, формированию духовной нравственности, веры и добродетели.

Abstract

Khoja Ahmet Yasawi is the pride of the Turkic world. He is the founder of our literature, culture, spirituality, religion, language, religion. He is a learned scientist who dedicated his whole life to the Turkic world in general, especially to the education of the future young generation. His wisdom and spiritual and moral heritage have a great influence on national education. That is why the teachings of Khoja Ahmet Yasawi have not lost their importance even now.

In our report, we focused on the creativity of K.A. Yasawi and paid special attention to the education of morality and morality in his works. Yasawi education contributes to the appreciation of national values, self-education, love for one's parents, religion, language, country, land, national feelings of patriotism, and the formation of spiritual morals, faith, and virtue.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ахметбек А. Қожа Ахмет Иассауи. Алматы. Санат, 1998.
- 2.Әліпхан М. Қ.А.Ясауи хикметтерінің адамгершілік іліміне қатысы // Ясауи мұраларының бүгінгі таңдағы зерттелу көрінісі. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008.
- 3.Диуани хикмет. Аударған Ә.Жәмішұлы. Алматы: Өнер, 1998. – 65б.
- 4.Жеменей И. Діни терминдер // Ақиқат, 2005.
- 5.Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008.

6. Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы (Дайындаған М. Қани). Алматы: Жалын, 1994.

7. Қыраубайқызы Алма. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.

Қ.А. ЯСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ОҚУ ОРНЫНДА-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ БЕРЕТІН МАҢЫЗЫ

Ниязметова Зарифа Муратовна

Шымкент қаласы № 110 З.Хусанов
атындағы жалпы білім беретін мектептің
өзбек тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Кіріспе

Қ.А. Ясауи мұрасының оқу орнында-тәрбие процесінде беретін маңызы

Қазіргі білім беруде ұлттық мәдениет пен тарихты зерделеуге көп көңіл бөлінеді, сондай-ақ білім алушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда. Қазақстан мәдениетінің көрнекті өкілдерінің бірі – белгілі түркі ақыны Қожа Ахмет Ясауи, ойшыл және ағартушы. Бұл зерттеуде Қ. А. Ясауи мұрасының маңыздылығы қарастырылады. оқу орнында-қазіргі білім берудің тәрбие үдерісі және оның оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыруға әсері. Зерттеудің мақсаты Қ. А. Ясауи мұрасының әсерінің негізгі аспектілерін анықтау болып табылады. Ясауи ілімі және оның ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраны дамытудағы маңызын айқындау.

Зерттеу аясында келесі міндеттер қойылады:

1. Қ.А. Ясауидың өмірбаяны мен шығармашылығын зерделеу.
2. Қ.А. Ясауидың мұрасының заманауи білім беруде ілімін талдау.
3. Қ.А. Ясауидың мұрасын қолданудың негізгі аспектілерін анықтау оқу орнында-тәрбие процесінде.
4. Қ.А. Ясауидың мұрасын зерттеудің маңызын анықтау .

Осы зерттеудің нәтижелері педагогтар, оқытушылар мен оқушылардың, білім алушылар үшін пайдалы болуы мүмкін.

II. Қ. А. Ясауи өмірі мен қызметі

Қожа Ахмет Ясауи (Қожа Ахмет Яссауи) ақын, мистик және әулие болған. Ол дүниеге 1093 жылы Иршава ауылында келген, ол қазіргі Қазақстанда орналасқан. 63 жасында ол сопылық тәртіптің өмірін жылдар бойы Құдайға қызмет етуге және сенімсіздікпен күресуге арнады. Ол 1166 жылы қайтыс болды.

Қожа Ахмет Ясауидың негізгі еңбектерінің бірі "Диуан- Хикмет", өлеңдер жинағы, уағыздар мен теологиялық ойлар болып табылады. Оның еңбектері терең діни мағынаға ие және мәдениетте кеңінен зерттелген. Оның қазақ халқының мәдениеті мен біліміне тигізген әсерін бағалау керек.

Қожа Ахмет Ясауидың араб тіліндегі шығармаларымен де танымал, орталық Азиядағы әдебиет пен діни ойлаудың дамуына әсер еткен. Оның поэзиясы мен философиясы осы аймақтың тарихын түсіну үшін маңызды болып қала береді.

Қожа Ахмет Ясауидың өмірі мен қызметі Қазақстанның мәдениеті мен біліміне ғана емес, қазіргі бүкіл Орталық Азия үшін де елеулі ықпал етті. Оның толеранттылық туралы ілімі, бейбітшілік пен жақынына деген сүйіспеншілік барлық жастағы және ұлттағы адамдарды шабыттандыруды жалғастыруда.

III. Қ. А. Ясауи мұрасын оқу орнында-тәрбие процесінде пайдалану

Қожа Ахмет Ясауидың мұрасын білім беру мекемелеріндегі

пайдалану:

- Қожа Ахмет Ясауидың өмірі мен шығармашылығын әдебиет сабақтарында, тарих, мәдениет мен діндер сабағында зерттеу
- Қожа Ахмет Ясауидың шығармаларын әдебиеті және діни әдеп сабақтары аясында талдау және талқылау
- Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру, ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған: мәнерлеп оқу сайыстары, әдеби кештер, ескерткіштер мен орындарға экскурсиялар, оның қызметіне байланысты
- Қожа Ахмет Ясауидың шығармаларынан әр түрлі оқу тапсырмалары мен жобалары аясында дәйексөздер мен үзінділерді пайдалану

2. Қожа Ахмет Ясауидың мысалдары

Қ.А. Ясауи мұрасын оқу орнында-тәрбие процесінде пайдалану:

1. Әдебиет пәндерінен шығармашылыққа және іліміне арналған тақырыптық сабақтар ұйымдастыру.
- 2.Қ.А. Ясауи мұрасы бойынша интерактивті әдістемелер мен технологияларды пайдалана отырып
- 3.Мәдениет және өнер өкілдерімен кездесулер өткізу.
- 4.Конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру,
5. Қ. А. Ясауи шығармашылығына арналған, мақалаларды жариялау мектеп және университет басылымдарында, сондай-ақ ғылыми журналдарда.

Мұндай әдістер оқушылардың Қ. А. Ясауи тұлғасы туралы білімдерін тереңдетіп қана қоймай. Қожа Ахмет Ясауи және оның шығармашылығы туралы, өз халқының тарихы мен мәдениетін жақсырақ түсінуге көмектеседі, және де толеранттылықты және әртүрлі мәдени дәстүрлерге деген құрметті дамытады.

IV. Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қ. А. Ясауи мұрасын пайдалану білім беруде тиімді болып табылады. Оқулықтар, оның өмірі мен ілімі туралы материалдардан тұрады, оқушылардың бойында адамгершілік және рухани құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ патриотизмді дамыту және өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін құрметтеу бойынша. Дегенмен, зерттеу барысында Қ. А. Ясауи мұрасын енгізу мәселелері де анықталды. Қ. А. Ясауи оқу орнында-тәрбие үдерісі. Негізгі мәселелердің бірі - мұғалімдердің бұл тақырыпқа назарының жеткіліксіздігі, сондай-ақ Қ. А. Ясауи өмірі мен ілімдерін зерттеуге арналған арнайы әдістемелік әзірлемелер мен оқу құралдарының жоқтығы.

Бұл мәселелерді шешу үшін арнайы білім беру бағдарламалары мен әдістемелік материалдарды әзірлеу қажет, Қ. А. Ясауи мұраларын зерттеуге бағытталған. Сондай-ақ педагогтар үшін оқыту семинарлары мен курстарын

өткізу маңызды, олардың осы саладағы құзыреттілігін арттыру мақсатында.

Осылайша, Қ. А. Ясауи мұрасын пайдалану, білім берудегі әлеуеті зор, бірақ оны тиімді жүзеге асыру үшін мұғалімдерді даярлау және оқу материалдарын әзірлеу бойынша қосымша жұмыстар жүргізу қажет.

V. Қорытынды

1. Қ. А. Ясауидің мұрасы. Орталық Азия халықтары үшін мәдени және рухани орасан зор маңызы бар тарихи мұрасы болып саналады.

2. Қ. А. Ясауидің поэзиясы мен философиясы түркі әдебиеттері мен ислам ойының дамуына айтарлықтай әсер етті.

3. Қ. А. Ясауидің шығармашылығын зерделеу сол өлкенің тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ұсынымдар:

1. Қ. А. Ясауидің мұрасын жаңа әдістер мен тәсілдерді ескере отырып. зерттеуді жалғастыру

2. Қ. А. Ясауидің шығармашылығының әртүрлі аспектілерін қамтитын, мәдениет пен дінге ықпалы, сондай-ақ қазіргі қоғамның келешегі бойынша кеңірек зерттеулер жүргізу.

3. Қ. А. Ясауидің мұрасын халық арасында кеңінен насихаттау және оған жастарды жұмысқа тарту, оны сақтау және болашақ ұрпаққа жеткізу бойынша.

4. Қ. А. Ясауидің мұраларының болашағын одан әрі зерттеу.

Қ. А. Ясауидің Орталық Азияның мәдени мұрасын сақтау және насихаттау үшін маңызы зор. Оның бейбітшілік философиясы, толеранттылық пен жақынына деген сүйіспеншілік қазіргі қоғам үшін өзекті және маңызды болуы керек. Сондықтан оның мұрасын одан әрі зерделеу Орталық Азия халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін жақсырақ түсінуге және құрметтеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оларды сақтау мен дамытудың жолдарын табу.

Аннотация

Бұл зерттеудің мақсаты-оқу орнындағы Қ.А. Ясауи мұрасының маңыздылығын-тәрбие процесін зерттеу. Зерттеудің негізгі міндеті- Қ.А. Ясауи мұрасы мен оның ілімі адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, тұлғаның рухани-адамгершілік саласын дамытуға және оқушылар арасында патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге қандай әсер ететінін анықтау. Зерттеу аясында Қ. А. Ясауи мұрасын зерттеуге қатысты оқу бағдарламаларына, жоспарларға және әдістемелік материалдарға талдау жүргізілді, сондай-ақ осы тақырыпқа арналған ғылыми жұмыстар зерттелді. Нәтижелерді алу үшін оқушылар мен оқытушыларды бақылау, сауалнама жүргізу және сұхбаттасу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері Қ. А. Ясауи мұрасы оқу орнында-тәрбие процесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Оның ілімдерін зерттеу оқушылардың моральдық құндылықтарын қалыптастыруға, олардың рухани-адамгершілік саласын дамытуға және патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге ықпал етеді. Қ. А. Ясауи мұрасымен танысқан оқушылар толеранттылық, басқа мәдениеттерге құрмет, ынтымақтастық пен әділеттілікке дайын екендіктерін көрсетеді.

Аннотация

Цель данного исследования заключается в изучении значения наследия К. А. Ясави в учебном заведении-воспитательном процессе. Основная задача исследования - определить, какое влияние оказывают наследие К. А. Ясави и его учение на формирование моральных ценностей, развитие духовно-нравственной сферы личности, и воспитание патриотических чувств среди учеников.

В рамках исследования были проведены анализ учебных программ, планов и методических материалов, относящихся к изучению наследия К. А. Ясави, а также были изучены научные работы, посвященные этой тематике. Для получения результатов были использованы методы наблюдения, анкетирования и интервьюирования учеников и преподавателей. Результаты исследования показали, что наследие К. А. Ясави играет значительную роль в учебном заведении-воспитательном процессе. Изучение его учения способствует формированию моральных ценностей у учеников, развитию их духовно-нравственной сферы и воспитанию патриотических чувств. Ученики, ознакомившиеся с наследием К. А. Ясави, проявляют большую толерантность, уважение к другим культурам, готовность к сотрудничеству и справедливости.

Annotation

The purpose of this study is to study the significance of K. A. Yasavi's legacy in the educational process. The main objective of the study is to determine the impact of K. A. Yasavi's legacy and his teachings on the formation of moral values, the development of the spiritual and moral sphere of personality, and the upbringing of patriotic feelings among students. Within the framework of the study, an analysis of curricula, plans and methodological materials related to the study of the legacy of K. A. Yasavi was carried out, as well as scientific works devoted to this topic were studied. To obtain the results, methods of observation, questioning and interviewing students and teachers were used.

The results of the study showed that the legacy of K. A. Yasavi plays a significant role in the educational process. The study of his teachings contributes to the formation of moral values among students, the development of their spiritual and moral sphere and the education of patriotic feelings. Students who have become familiar with the legacy of K. A. Yasavi show great tolerance, respect for other cultures, willingness to cooperate and justice.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. "Хазірет Ахмед Ясауи. Өмір мен шығармашылық" - Мұхаммед Әли.
2. "Қазіргі педагогикадағы Қожа Ахмет Ясауи идеялары" – Н.Қойшыбаев.
3. "Қожа Ахмет Ясауи: философиялық-педагогикалық көзқарастар" - Данияр Құлиев.
4. "Қожа Ахмет Ясауи қасиетті мұрасы: тарих, мәдениет, білім" – Р. Байтақов

8-СЫНЫПТА ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

Нурмуханов Бекай Жаббарович

Ақмола облысы Ерейментау ауданы

Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

педагог-зерттеуші

Бүкіл түркі жұртының рухани атасы, ислам мәдениетіндегі сопылық ағымның өкілі, ойшыл ұстаз Қожа Ахмет Ясауидың даналық ойлары, рухани ұстанымы бүгінгі күнде де өзекті. Оқырманының «ойына ой қосатын», білім мен тәрбие бірдей насихатталатын Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің жазылғанына бірнеше ғасыр өтсе де маңызы жоғалған жоқ. Ұлы ұстаздың поэтикалық-философиялық шығармалары уақыт сынынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, оқырмандарының жүрегі мен санасында жаңғыруда.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын оқыту дәстүрлі әдіс-тәсілдерден асып түсетін, шәкірттерді оның поэзиясы мен философиясының бай өрнегіне қанықтыратын әдіс, тәсілдерді қажет етеді. Бұл мақалада оқушыларды ойшыл ұстаздың терең дүниесіне баулудың тиімді әдістерін зерттеп, оның түркі әдебиетіне қосқан үлесін терең түсініп, бағалайтын боламыз. Мектеп бағдарламасында Ясауи шығармалары «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша 8-сыныпта оқытылады. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы бойынша берілген мақсаттар Қожа Ахмет Ясауи хикметтері оқушыларды терең мәдени-философиялық көзқарастармен таныстыруға бірегей мүмкіндік береді. Оқытудың инновациялық әдістерін қолдана отырып, ұстаздар білім беріп қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлауға және Ясауи хикметтерін терең түсінуге тәрбиелейді. Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын 8-сынып оқушыларына оқыту олардың жасына, қызығушылықтарына және оқу деңгейіне сай ойластырылған және тартымды тәсілді талап етеді. Білім алушылар даналық ойларды оқып қана қоймай, ұлы ұстаздың әр сөзінің мәнін терең ұғынып, ол өмір сүрген заманның ерекшелігін де сезіне білу керек.

Қожа Ахмет Ясауидың хикметтерінің терең сырына үңілместен бұрын, оқушыларға ұлы ағартушы өмір сүрген мәдени және әлеуметтік ортаны түсіндіретін тарихи контекстті қамтамасыз ету қажет, тарихи деректер мен мәліметтерді білу арқылы білім алушылар ақын шығармашылығының қалыптасуындағы қиындықтар мен оған шабыт берген не екендігін анықтай алады. Қожа Ахмет Ясауидың ислам мәдениетінің ірі ошағы болған Түркістан қаласында дүниеге келгені белгілі. Қазақтың сыршыл ақыны М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңін оқыту арқылы түркі халқына имандылық нұрын шашқан ойшылдың өмір сүрген ортасын, дала тарихын білеміз.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой, – деп басталған өлеңді оқи отырып, оқушылар ақынның дүниеге келген өңірдің бар тарихын, атақты тұлғаларын, мәдениетін табиғатын көз алдына елестеді. Өлеңнің соңғы шумағындағы «Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін», - деген өлең жолдарындағы «баба бейіті» Қожа Ахмет Ясауи кесенесі екендігін ұғады. Этномәдениетіміздің тарихынан сыр шертетін ғимаратқа виртуалды саяхат жасап, ақын шығармашылығына арналған бірінші сабағымызды қорытындылауға болады.


Қазіргі білім берудің басты мақсаттарының бірі – функционалды сауаттылық, яғни алған білімді өмірлік міндеттерді шешу үшін қолдана алу қабілеті. Оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын мектептен бастап дамыту болашақта әр салада кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілетін арттырады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – өмірлік міндеттерді шешудің құнды құралы болатыны сөзсіз. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда «Блум Кубигі» немес «Блум түймедағы» әдісінің тиімді екендігін байқадым, оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, ойланады, пайымдайды, талдайды, тұжырым жасайды.



1-кесте

«Даналық кітабында» берілген заман туралы ойларды іріктеп, SWOT-талдау арқылы «Даналық кітабында» айтылған заман бейнесін талдап, түйін жасайды, қазіргі заманмен салыстырады. Бұл талдау арқылы оқушылар рухани құндылықтардың, адами құндылықтардың қай заманда да өзгермейтініне көздерін жеткізеді.

«Заман» бейнесіне талдау жасаңыз (SWOT-талдау)

Үзінділер	SWOT-талдау
<p>Даналардың айтқаны келер болды, Қияметтің қияпаты төнер болды, Ақымақтар айқаймен жеңер болды, Бұл не деген замана болды достар. Халайықтан мейірім мен рақым кетті, Момынға телі-тентек зақым етті, Тал түсте талапайда ақыл кетті, Бұл не деген замана болды достар. Азған заман ғалымы залым болар, Қошаметшіл қулықпен мәлім болар, Анығын айтқан адалдар жазым болар, Бұл не деген замана болды, достар. Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ, Жалғандыққа шындықтың қайраны жоқ, Шындықты айтып осылай шырқыраған Құл Қожа Ахмет сөзінің жалғаны жоқ.</p>	

2-кесте.

Қожа Ахмет Ясауидың даналық тұжырымдары Абай ойларымен ұқсас, үндес. Екі ғұламаның асыл мұраларындағы үндестікті салыстырып, оқушыларға зерттеу, ізденіс жұмыстарын беруге болады. Олардың руханиятқа, даналыққа және адам болмысын терең түсінуге негізделген идеялары оқушылар үшін құнды. Оқушылар Қожа Ахмет Ясауидың даналық ойларын Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстыра отырып, екі дана әр түрлі дәуірде өмір сүрсе де, ой-пікірлері сәйкестігін түсініп, тағы бір мәрте рухани құндылықтардың ешқашан өз маңызын жоймайтындығын түсінеді. Үш дананың үндестігін оқытуда «Т» кестесі, яғни «салыстырмалы кесте» деп те аталатын кестені тиімді қолдануға болады, оқушылар екі ғұламаның шығармашылығын салыстыра отырып, зерттеу дағдыларын да дамытады.

«Т» кестесі: Ұлылар үндестігі

Ясауи сөзі	Абай сөзі
<p>Ғашық дертке ем сұрама, әсте, тегі, Ойран қылып кетеді оның дауасы жоқ. Жан қыйналып, жасың ағып, ес кетеді, Ол бір дерт қой ей, достарым, шарасы жоқ.</p>	<p>Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып, Жүдетер безгек ауру сықылданып. Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе, Дәмеленсе өртенер күйіп- жанып. («Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңінен)</p>
<p>Ғалым біткен кетті айналып сұм- залымға, Әмірлер көп шаруасы жоқ мұң- зарыңда.</p>	<p>Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ я мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. (5-қарасөзден)</p>
<p>Әділет күші , ақиқат, адалдық та, Жол бермес ол, сұмдыққа,- жамандыққа.</p>	<p>Қиянат - <u>хақиқат</u> пен растықтың дұшпаны. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, эрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. (38- қарасөзден)</p>
<p>Шын ғалымның төсегі тастан да қатты, Оқып білгенін ол бұл ғаламға таратты.</p>	<p>Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз. («Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен)</p>

3-кесте.

Бұл кесте оқушыларға даналық ойлар ұқсастықтары туралы өз түсініктерін, ойларын, сұрақтарын ортаға салуға, ақпаратты көрнекі түрде жүйелеуге, ортақ жақтарды анықтауға және әр философың ойларының ерекше аспектілерін пайымдауға мүмкіндік берді. Ойшыл даналардың сөздері ғана емес, өмірінің кей кезеңдері де ұқсас екендігін айта кету керек. Қожа Ахмет Ясауи 63 жасында қылуатке түсіп, бар уақытын кітап оқуға, шығарма жазуға арнаса, ұлы Абай да өмірінің соңында тек шығармашылыққа ден қойғаны белгілі.

Тарихи контекст, интерактивті іс-әрекеттер мен шығармашылық жобаларды біріктіре отырып, хикметтерді 8-сыныпта оқу арқылы оқушылар Қожа Ахмет Ясауи ілімін түсініп қана қоймай, білімге деген құштарлықты оята алады, ұлы ойшыл даналығының шырағын өз өмірінде алып жүруге мүмкіндік беретін тәжірибе бола алады.

Аннотация

«Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын 8-сыныпта оқыту» атты мақалада автор Ясауи шығармаларын оқытудағы өз тәжірибесімен бөліскен. Қожа Ахмет

Ясауидың терең мағыналы шығармаларын оқытуда қолданылатын жаңашыл әдіс-тәсілдермен бөлісе отырып, оқушылардың әдебиетті, руханиятты, мәдени мұраны терең түсіну құралы ретіндегі маңыздылығы қарастырылған. Сонымен қатар, Ясауи поэзиясы мен тағылымдары арқылы оқушылар өз жолын қалыптастыруда өмір бойы рухани азық алатындығы туралы түсіндіреді. Ясауи шығармаларын орта мектепте жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудың әдістемесі өте аз, сол себепті бұл мақала мектеп мұғалімдері үшін, ұлы ойшыл мұрасын терең түсінгісі келетін оқырмандар үшін құнды.

В статье «Преподавание произведений Хожа Ахмета Ясауи в 8 классе» автор поделился опытом преподавания произведений Ясауи. Рассказывая о новаторских методах, используемых при преподавании глубоко значимых произведений Хожа Ахмета Ясауи для учащихся, данная статья рассматривается как инструмент глубокого понимания литературы, духовности и культурного наследия. Кроме того, он объясняет, что через поэзию и уроки Ясауи, студенты получают духовную пищу на протяжении всей жизни, прокладывая свой собственный путь. Сейчас в средних школах по обновленной учебной программе существует очень мало методик преподавания его произведений, поэтому данная статья ценна для школьных учителей и читателей, желающих глубоко понять наследие великого мыслителя.

In the article “The Education of wisdom: teaching the works of KhojaAhmetYasawi in the 8 –th Grade”, the author shared his experience in teaching the works of Yasawi. Telling about the innovative methods used in teaching of deeply significant works ofKhojaAhmetYasawi, the importance of students as the tool for deep understanding of literature, spirituality and cultural heritageis considered. In addition, the author explains that through Yasawi’s poetry and lessons, students get spiritual nourishment throughout their lives leading their own way. There are very few methods of teaching his works in secondary schools according to the updated curriculum, so this article is valuable for school teachers and readers who want deeply understand the legacy of the great philosopher.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2018
2. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аудармашы: Ә. Мұхамеджанұлы. Астана: Фолиант, 2007
3. Қорқыт ата кітабы. Алматы: Жазушы, 1990
4. Құнанбайұлы Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге... : Абай туындыларының мектепке арналған хрестоматиясы .- Алматы : Рауан, 1994. - 174 б.
5. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Нуршеков Ергазы Манатович

Астана қаласы әкімдігінің

Әдістемелік орталығының әдіскері

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қожа Ахмет Ясауи –тағдыры тылсамға өте күрделі тұлға. Қожа Ахмет Ясауи есімі аталса болды көпшіліктің есіне тазалықтың, адамгершіліктің, әулиеліктің үлгісіндей болған діндар сопы бірден түседі. Оның осы уақытқа дейін ұрпақтар санасынан өшпестей орын алуы ұлт руханиятындағы аса айшықты тұлға екендігінің көрінісі.

Адами құндылықтардың, қасиеттердің баламасына айналған діни ғұлама болмысының уақыт ағымымен, заманамен бірге түлеп, түрленіп отыруы рухани кеңістіктегі орын сақтап қалуы – шайыр шығармаларының өн-бойындағы ізгілік қасиеттерінің құдіреті болса керек. Шығармасы дегенде есімізге бірден тілге жеңіл, түсінуге ұғынықты, иман мен мейірімге тұнған «Диуани хикмет» шығармасы санамызда қылаң береді.

Аталған шығарманы қазіргі мектеп оқушылары да жатқа айтып, байқауларда бақ сынағанда молынан пайдаланып жүргенін пайымдасақ, адами құндылықтардың қай заманда болсын ізгілік жолынан ауытқымайтынан аңғарамыз.

Қожа Ахмет Ясауи тұлғасын тануда ғалымдар, дінтанушылар, тарихшылар, әдебиет сыншылары, мәдениеттанушылар жасаған талдаулар негізінде «Диуани Хикмет» шығарамасындағы адами құндылықтардың мәніне тоқталсақ, талай сырды білуге болады.

Шығыс поэзиясын, әдебиетін, философиясын жетік меңгерген, сопылық ғылымның өкілі, тұңғыш рет қасиетті Құранды түркі тілінде сөйлеткен, оның мазмұн-мақамын, әуезін, ырғағын, ішкі ұйқасын сақтай отырып, ғажап сазбен кереметтеп, көркем де жиһазды мұра қалдырған оның есімін дүниежүзінде естімеген жан жоқ шығар. Қожа Ахмет Ясауи адамгершілік, имандылық, адалдық, сабырлылық, тазалық, әділдік, мейірімділік, кішіпейілділік сияқты ізгі қасиеттерді насихаттаған көреген де ғұлама ақын.

Бұл кісіні сопы десек те, абыз десек те жарасады, тіпті өз заманында парасат биігіне көтеріліп, ел-жұртына ертегідей болған аңыз адам деуге де толық негіз бар. Өйткені ол өзінің соңында өнегелі сөз ғана емес, әлі талай жылдар бойы тілге тиек етер, ұрпақтан соң ұрпаққа жетер ұлан-ғайыр рухани еңбек, ғасырдан-ғасырға жалғасар көркем қазына қалдырып кеткен ойшыл.

Қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтерін насихаттау, өскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терең меңгеріп, зерттеуге ынталандыру, білім алушыларды адамгершілікке, ізгілікке баулу, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында мектеп бағдарламасында Қожа Ахмет Ясауидің трактаттары оқытылады.

Дана сопының ең танымал еңбегі «Диуани хикмет» (ақыл-парасат кітабы) – ой-толғамдар топтамасы. Онда әуелі Жаратушыға, сосын хазіреті Мұхаммедке мадақ айтылады. Сонымен бірге қасиетті Құранның маңызын тереңдете ашып, мәртебелей түскен. Ғұламаның бұл еңбегі, кей деректерде көрсетілетіндей, бір кітап емес, төрт кітап болыпты. Яғни, ол Шариғат, Тарихат, Мағрифат және Хақиқат рухани жетілу арналарына арнап жыр жауһарын қалдырды. Бұған қоса «Миратул кулуб» («Көңіл айнасы») деген өмір-танымды белгілейтін еңбегін де жазған. Өкінішке қарай, бұл еңбегінің толық нұсқасы біздің қолымызға әлі күнге дейін тимей келе жатыр. Бүгінгі оқып-талдап жүргеніміз – сол шоғырдың бір бөлігі, яғни бір тарауы ғана секілді. Сөйте тұра, оның сопылықты мәртебелеген хикметтері арқылы атақ-даңқы өз кезінде-ақ қазақ топырағында ғана емес, бүкіл Орталық Азияға тараған.

«Диуани хикмет» (ақыл-парасат кітабы) – абыз Ахметтің жазып қалдырған ең ғажайып әдеби жазба еңбегі. Осы жазба еңбек бүкіл түркі әлемінің жазба әдебиетінің бастауында тұрғаны, өзінен соңғы бүкіл түркілік көркем әдебиетке ерекше ықпал еткені енді ашық айтылуға тиіс.

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң мүсәпірді дәмдес болғыл.
Махшар күні құзырына жақын болғыл,
Менменсінген халайықтан қаштым, міне, –деп ізгі адам болудың хақ жолын нұсқайды.

Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның жаттап алып айтуына ыңғайлы болып келеді. Сол себептен де Ясауи хикметтері ел арасына ауызекі тараған хикметтер, кейін қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып кеткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен. Оған дәлелді мына хикмет шумақтарынан келтіруге болады.

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге баян қылсам, қалмас арма.
Төрт мың төрт жүз «Хикмет» айттым хақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгенімше сөйлесем мен.

Ақын дәл осылай өмір кезеңдерін хикметтерінде айтып отырған. Енді нақты хикметтерінің қаншау екені белгісіз. Ұстаздары жайында да дерек аз.

Ахмет үшін құдай жолы дегеніміз пенденің рухани кемелдікке жол алып, адамның адамдық қасиеттерімен өмір сүруі. Атап айтқанда адамның рухани жан дүниесі оның адамдық қасиеттерімен ғана танылады. Ал адам қасиеттер иман жүзінде көрініс табады. Иман дегеніміз адамның өмі сүру амалы, адам әлемнің шеңбері, рухани қор жинағы.

Иман болды Хақ тағала тағатынан,
Кешпек керек бұл дүниенің рахатынан.

Яғни, имандылық Алладан пайда болғандықтан, рух әлеміне тиесілі құбылыс. Сабырлық рухани әлемнің реттеуші күші деп санайтын болсақ, онда иман дегеніміздің өзі рухани дүниелердің жинақталған құрамы, көрінісі деп түсінеміз.

Ахмет Ясауи түсінігінде адамның кісілік келбеті, ішкі рухани дүниесінің нұры, жақсы жаққа жетелейтін тәрбиешісі оң жолы нұсқап, түзу бағыт-бағдар нұсқайтын жекешісі және де иман пенденің ана әлемде Хақ алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жақтасы болып қалмақ.

Иманды жүректің екінші негізі – сабырлық. Сабырлы болу үшін адамға төзім мен шыдамдылық керек. ол қасиеттер адам баласында о бастан бар. Сабырлы төзімді пенде өзіне берік, сенімі нық адам. Сабырлық адамды асығыс жолдан сақтайды. Жөнсіз қылық жасаудан алдын алады. Сабыр пенденің төзім белгісі, әр не бәле келсе, сабырлық сақтап, шыдамды болуда ерен күш жатыр. Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым тағатты болады, әмір қиындықтарынан қорықпай, машақатқа бекем келеді.

Пенденің жүрегі таза, жан дүниесі пәк болуының кепілдігі ретінде әрдайым иманмен белгіленген ізгі қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіріп отыру қажет. Себебі пенде тек иман түріндегі адамгершілік қасиеттер арқылы дүниелік тірлік жинап, рухани толып, әулие кемеліне жетеді.

Бұл дүниеден ақыретке қылар сапар,
Бұл дүниеден азық алсаң, болар қадір.
Қожа Ахмет амал, иман, білгір қадір.
Иманменен қылған сапар ғаріптік жоқ.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің жазылу тарихын, поэтикасын, сопылық-философиялық идеясын, қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынасын, ислам дінін таратудағы рөлін М.Ф.Көпрүлузаде, Н.С.Банарлы, Е.Э.Бертельс, А.К.Боровков, Э.Р.Рустамов, В.И.Зохидов сияқты ғалымдар жан-жақты зерттеді. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады. Біріншісі – шариғат. «Шариғат» – ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі құдайға құлшылық жасауды талап етеді. Екіншісі, «тариқат» – дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту, Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады.

Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармада ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді.

Бұл басқыш сопылықтың негізгі идеясын, мұрат-мақсатын аңғартып тұр. Үшіншісі, «мағрифат» негізінен дін жолын танып-білу сатысы деуге болады. Бұл басқыштың негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі «бір Алла» екенін танып-білу, түсіну. Төртіншісі, «хақиқат» («фано») – Аллаға жақындап, оны танып-білудің ең жоғары басқышы. Сопылық түсінік бойынша, «шариғатсыз» «тариқат», «тариқатсыз» «мағрифат», «мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес. Бұлардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи Аллаға (яғни Хаққа) жету жолында міндетті түрде төрт асудан мүдірмей өтуі керек деген пікір айтады. Ақынның айтуы бойынша, Хаққа жету жолындағы әрбір асудың он-оннан мақамы (тоқтамы) бар. Демек,

осы төрт асудың қырық мақамын игерген пенде ғана «жабарут» (адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік), «мәләкут» (өмірдің мәнмағынасына қанық болу), «лахут» (бұл жалғаннан безіп, о дүниенің рухани әлемін меңгеру), «насут» (жоғарыда аталған үш өлшемнің басын қосып тұрған күш) деп аталатын рухани дүниенің сырын пайымдауға мүмкіндік алады.

«Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді.

Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады.

«Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.

Бүкіл әлемдегі түркі халқы «Диуани хикмет» арқылы исламның рухани әлемімен, сол дәуір үшін ілгерішіл саналған сопылық ағымның философиялық ой-пікірлерімен танысты. «Диуани хикметте» жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы этикалық-дидактикалық тұжырымдар бертін келе, қазақ ақын-жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік жалғасын тапты.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі эпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Оның жолын ұстанған шәкірттері мен сопылықты уағыздаушылар түркістандық ғұламаны күллі әлемге танытты. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б.
2. М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б.
3. Қожа Ахмет Ясауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С.
4. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017
5. А. Сейдімбеков, «Елтұтқа» кітабы
6. «Тарихи тұлғалар» кітабы

А. ЯСАУИ ІЛІМІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Орынбаева Гульназ Аубакировна

Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Жамбыл облысы Тараз қаласы

Қаратай Тұрысов атындағы № 53

мектеп гимназиясы

Адам санасы іс-әрекетінен бұрын жаңарып, жаңғырып отыруы тиіс. Жаңа ғасырда ұлттық сана туралы мәселенің жаңаша тұрпат, мазмұн иеленуі де осының куәсі. Ұлттық сананың өз кезегінде біздің жеке ұлт ретіндегі бәсекеге қабілеттілігімізге, бірегейлігімізге, біркелкі дамуымызға, әлемдік әлеуметтік өзгерістерге ашықтығымыз бен үн қосуымызға тигізер әсері шексіз. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан құру бағытында да біз ұлттық кодымызды сақтап, елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алу, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтуге баса назар аударуымыз қажет. Себебі, бұрынғы тарихымыз бен бабалар сөзін, аталар нақылын ескермей, бүгінгі ұрпақ ұлтжандылық, отаншылдық рухында қарулана алмайды. Бүгінгі оқушылардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыруда орта ғасырда өмір сүріп, күллі күншығыс мұсылмандарының ұстазы болған Ахмет Ясауи ілімінің маңызы ерекше.

Түркі әлемінде Қожа Ахмет исламның негізгі таратушысы болды. Ал оның арқасында Ясы қаласы Түркістан күллі түркілердің рухани орталығына айналды. Бірақ Ахмед Ясауи тек діни қайраткер болған жоқ. Оның философиялық және поэтикалық шығармалары танымал және құрметті болды. Сауатсыз көшпенділер оның өлендерін, салған суреттерін жатқа айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Қожа Ахмет Ясауи қарахандықтар кезеңінен бастап қалыптасып, XVI ғасырда шарықтау шегіне жеткен түркі-ислам өркениетінің өне бойында өшпес із қалдырды. Оның осы ерен еңбегін әрқашан есте сақтап, ұлықтауымыз, ғылыми тұрғыда зерделеп отыруымыз қажеттік. Ахмет Ясауидің хикметтері

оқыған сайын тереңдей беретін түпсіз тұңғыық тәрізді терең дәрия. Ғұлама сопылық ілімін шарифат, тарикат, мағрифат және хақиқат шеңберінде негіздеп, ислам дінінің түгел түркі топырағына жерсінуге үлкен рухани еңбек сіңірді.

Ұлы өркениеттер заманауи адамның зияткерлік және экзистенциалдық тұрақсыздықтарына қарсы өзінің ішкі динамикасы мен тарихына сүйене отырып ізденістерге кірісті. Әсіресе соңғы үш жүз жылда дағдарыс кезеңін басынан кешірген ислам өркениеті түрлі себептерге байланысты жаңғырту және жаһандану үдерісінен ауыр зардап шекті. Бүгінгі таңда мұсылман қауымы ислам әлемінің барлық елдерінде дерлік өз ішінде де, әлемде де тіршілік үшін күресуде.

«Сіз, біз деген халайықтан қаштым мен» деп ескертіп кеткен Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың аманат-өсиетін жадымызда сақтап, кеңпейілділікпен, төзімділікпен өзіміздің біртұтас қазақы мәдениетімізді зерделеуде, зерттеуде өте мұқият әрі сергек болуды сезінгеніміз абзал.

Қ.А. Ясауи ілімінің негізгі мазмұны – дін болып табылады. Діннің негізгі мақсаты - адамдарды күнәдән сақтандыру. Қ.А.Ясауи іліміндегі дін мәселесі сопылық мазмұнда түсіндіріледі. Ұлттық мәдениетіміздің кез-келген саласына жетпіс жылдан астам үстемдік еткен кеңестік ғылымдағы атеистік идеология сопылық ағымды теріс ұғындырып келді. Сопылық поэзия туралы мүлде теріс пікірлер айтылып, діндар, сопы саналған сөз зергерлерінің, дін уағыздаушы шығармалар зиянды деп танылды. Сопылық ағым өзінің табиғатында әділдікті, тазалықты, төзімділікті, тақуалықты уағыздайды. Шығыстанушы ғалым Бертельс Е. Э. өзінің «Суфизм және сопылық әдебиет» атты еңбегінде сопылық әдебиетті танып-білмей, ортағасырлық мұсылмандық Шығыстық мәдени өмірі туралы нақты түсінік қалыптастырудың мүмкін еместігін, өйткені оның классиктерінің дәл ХХ ғасырдың басына дейін Шығыс әдебиетіне түгелге дерлік әсер еткендігін, мұсылмандық Шығыс авторлары шығармаларының суфизммен тығыз байланыстылығын өте орынды атап көрсеткен [1, 54].

Басқа да түркі халықтары сияқты қазақ халқының да мәдениеті мен әдебиетіне, салт- дәстүріне, ой-санасы мен мінез-құлқына да сопылық ілім әсер етті.

Сопылық- мінез-құлықтың кемел мәртебесіне жету үшін Расулаллаһ көрсеткен жолмен жүру, нәпсіні тазалап, көркем мінез- құлық иесі болуға ұмтылу. Сопылар-тағамды аз жеп, аз ұйықтап, мол дәулетке қызықпай, адамдармен қатынасты азайтып, оңашалану арқылы нәпсіні тежеп, рухани күштерді жетілдірушілер.

Зерттеуші Назира Нұртазина «Қазақ мәдениеті және ислам» деп аталатын тарихи- мәдениеттанулық зерттеуінде сопылықты тек шартты түрде ғана ілім немесе бағыт де атайды. «Сопылықтың мәні - дінді аса биік дәрежеде ұстану, оны терең түсініп, Аллаға шын жүрекпен құлшылық ету, үлгілі, кемелденген мұсылман азаматы болу, рухани жетілу жолына түсіп пәктікке, Аллаға деген хақиқи махаббатқа ұмтылу»[2,45], - деп тұжырымдайды.

Ал, сопылықтың негізі - Құран мен хадисте, бір жаратушыға деген ерекше махаббаттан бастау алады. Кейбір еуропалық шығыстанушылар исламды

әлсіретпек болып, сопылықты исламға қарсы қойды. Мұндай пікірлер кеңес өкіметі дәуірінде кең етек алды.

Діни әдебиеттерде Мұхаммед пайғамбардың бір сұхбатының үстіне Жебірейіл періште адам кейпінде келіп: «Ислам деген не? Иман деген не? Ихсан деген не?» - деген сұрақтар қойғандығы жайлы айтылады. Пайғамбарымыз мұсылмандықтың үш сатыдан: ислам, иман және ихсаннан тұратындығын айтады. Ислам - діннің сыртқы жағы, иман - ішкі жағы, ихсан - ақиқаты. Осындағы «ихсан» сөзі сопылық ұғымын білдірген. Хадистердің бірінде: «Ихсан дегеніміз- яғни ғибадат қылсаң, Алланы көріп тұрғандай құлшылық ет, сен бұл уақытта Алланы көрмесең де, ол сені көріп тұратындығы анық» - делінген.

Ислам дүниесіндегі ғылым мен мәдениеттен өздеріне лайықты орын алған, қазақ даласынан шыққан Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари секілді Қожа Ахмет Ясауи, т.б. сопылық дүниетанымды қалыптастырып, дамытуға өзіндік үлес қосты.

Әсіресе, Ясауи ілімі сопылық негізінде исламды түсіндіріп, оның ішінде халықтың ұлттық ұғымына, санаға сіңген шариғат негізінде жан-жақты түсіндіріп, қарапайым тұжырымдауымен ерекшеленеді.

Мәселен, А. Ясауи былай дейді: «Кімде-кім құдайды есіне алса, ол онымен табысқанын көре алады». Сондықтан да Ясауи үшін құдайды тану өзін-өзі танумен бірдей. Сопылықтағы доктрина құдайды мистикалық сүю болып табылады. Ясауи ілімінде бұл доктрина оның «таным» теориясының бөлінбес бөлігі бола тұрып, ерекше орын алады.

Қ.А. Ясауиден бұрын түркі нәсілдері Тәңірге табынатын болса, енді олар Аллаға сыйынатын болды. Ясауи сопылығы арқылы бүтін шығыс философиясымен, әлемдік діни философиямен хабардар боламыз. Сопылықтың ықпалын, Ясауиден кейін өмір сүрген көптеген ақын, ойшыл ғұламалардың еңбектерінен де кездестіреміз.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Рухани дүниеміз бен мәдениетімізде үлкен орны бар, жөн сілтеуші әулие – Ясауи бабамыздың ілімінде «алдымен өзінді тану» маңызды.

Адамның өзін-өзі тануы – қай уақытта да болмасын маңызды екендігін ғұлама жете түсінген. Өзін-өзі толық танымаған адамның жалпы қоғамды танып, айналасындағылар мен өз Отанына ешқандай пайда әкеле алмайтындығын хикметтерінде санамалап көрсетеді.

Қ.А. Ясауи сияқты әулиелер қоғамның рухани тірегі, руханияттың күй-реуіне, азғындауына тойтарыс беретін, Алланың жер бетіндегі «кұты» ретінде танылған. Сондықтан оған тарихта, «күтб ул ақтаб, «султан ал арифин», хазрат ал султан», «ахмад ус сани», «пир и Туркистан» деген сияқты атақтар берілген. «Кез келген мемлекет немесе қоғам рухани іргетасының шайқалуының, азғындауының нәтижесінде тарих бетінен жойылады» деген исламдық қағида бар.

Исламдық дүниетанымды, оның рухын, мәнін терең түсінген, ақиқатына жеткен Ясауи ғұлама да ең алдымен қоғамның қараңғылығы мен рухани азғындауына қарсы күресу қажет деді.

Бүгінгі мақсат - Ясауи ілімін «өзімізді табуға» жол сілтер сүрлеу ретінде ұғындыру болып отыр.

Ең бастысы, Ахмет Ясауи - рух тәрбиешісі, сана қалыптастырушы ұстаз ретінде қоғамға жаңа тыныстағы толық адам жетілдіру жолында күрескен кемеңгер дана, әулие. Қожа Ахмет Ясауи ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп біледі. Сонымен қатар, Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады. Адам – микрокосмос болса, рух, бүкіл әлем, болмыс – макрокосмос, Алланың аяттары, яғни белгілері.

Жаратушы – Жан-АЛЛА,

Жарылқаушым ғаламда.

Мейіріңнен дәметем

Кірпігімді жабарда.

Өзірейіл төнгенде,

Қарқараға келгенде

Не қылармын, Құдай-ай!?[3], - деп басталатын «Даналық кітабы» - шын мәніндегі бүгінгі ұрпақтың тәлімдік бұлағы.

Бүгінгі қоғамдағы діни ахуал өте күрделі сипат алуда. Әсіресе, жат ағымдар мен секталардың көбеюі жастарымыздың болашағына қауіп төндіруде. Әсірешілдік, дінді толық түйсінбегендіктің зияны да өте көп болып жатыр. Осы тұрғыда, ислам дінінің бар өзегін көрсететін А.Ясауи тұжырымдарын зерделеп отыру өте қажет. Ал,

«Он сегіз мың ғаламға сәруар болған Мұхаммет,

Отыз үш мың асхабқа сардар болған Мұхаммет.

Жоқшылық пен індетке қанағатшыл Мұхаммет,

Күнә тартқан үмбетке шапағатшыл Мұхаммет»[3, 7], - деген жолдар Мұхаммед пайғамбарды дәріптеп қана қоймайды, әрбір жанның аузынан тастамайтын тәмсіліне айналуы қажет.

Пенде болсаң, мехнат тарт, ғафыл қалма,

Ғанибет – сол, тозбас киім ақыл жанға.

Жан – аманат, қиянатқа хақың бар ма?! –

Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет[3, 9], - деген жолдардан да осы уақытқа дейінгі ізгілік идеясы, Құранда айтылатын барлық түсініктерді пайымдаймыз.

Қорыта айтқанда, жаңа Қазақстан құру жолында саяси жаңару мен жаңғыру мәселесі қоғамдық ортада жан-жақты қолдау табуда. Мемлекет басшысының Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыру бастамалары мен идеялар тұжырымдамасының негіздері жалпы халықтың көңілінен шықты. Осы тұрғыдан алғанда, Қожа Ахмет Ясауи ілімін тұлғалық тәрбиелеудің негізіне айналдыру, жалпыұлттық рухани мәселелерді шешуде, саналы ұрпақ тәрбиелеудің негізі ретінде зерделеп отырудың берері мол деп ойлаймын.

Даңқы күн санап кең тарап, түркі әлемі, қазақ жұртшылығына танымал болған ғұлама Ахмет Ясауидің туғанына биыл 930 жыл толып отыр. Ясауи қараңғылық заманның аспанына жарық жұлдыз болды. Еліміз егемендік

алғаннан бастап әдеби-мәдени мұраларымыздың асыл қазыналарын насихаттауға ерекше басымдық берілді. Сондай бетбұрыстың бірі – Қожа Ахмет Ясауи мұрасына жаңаша көзқарас, тарихи жаңа таным аясында зерттеулер жүргізіп, талдау жасау. Өйткені, жаңа ғасырда озық идеялар желісінде рухани дамуға бет алған Жаңа Қазақстан қоғамы үшін Қ.А.Ясауи ілімінің маңызы аса зор.

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Рухани дүниеміз бен мәдениетімізде үлкен орны бар, жөн сілтеуші әулие – Ясауи бабамыздың ілімінде «алдымен өзінді тану» маңызды.

Аннотация

По словам Ходжи Ахмета Ясави, служение истине начинается со служения людям. А условие служения народу и нации – быть земным и воздерживаться от похоти. В учении Ясави Бабы, святого, занимающего большое место в нашем духовном мире и культуре, важно «сначала познать себя».

Annotation

According to Khoja Akhmet Yasawi, serving the truth begins with serving people. And the condition for serving the people and the nation is to be earthly and abstain from lust. In the teachings of Yasawi Baba, a saint who occupies a large place in our spiritual world and culture, it is important to “know yourself first.”

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – Москва: Издательство восточной литературы, 1965. - С. 447
- 2.Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002.- 206б
- 3.Қожа Ахмет Ясауи. *Диуани* хикмет. Аударған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы:«Мұраттас», 1993

ЯСАУИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Орынбаева Рабиға Амангелдиевна

«Жанқожа батыр атындағы

№70 орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

педагог-зерттеуші

Есімі әлем әдебиеті мен ислам әлеміне танымал, сопылық дүниетанымның бастауын қалаған Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабы – адам философиясына негізделіп жазылған әдеби туынды. Әдеби жәдігерді адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін құдіретті күш, мақсаты мен нәтижесі айқын бағдарлама деуге болады. Ақын өз еңбегінде адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық мәселелерін философиялық тұрғыдан қарастырған.

«Адам кемелдік деңгейіне жету үшін топырақ секілді ұлтына қалтқысыз қызмет етуі керек» дейді. Яғни, адам азғырушы нәпсісінің соңына ермей, көкірек көтеріп, өзін өзгеден жоғары санамай, қарапайым қалпын сақтау арқылы қоғамның мәселесін шешу жолында жанын аямай қызмет етсе, бұл адамның ең жоғары деңгейі деп көрсетеді. Ясауи ілім бойынша кемелдікке жету үшін адамда «ашқ» (қуатты махаббат) пен жүрегінде «дерт» болуы керек.

Дертсіз адам адам емес, мұны аңла;

Ашқсыз инсан хайуан жынысы, бұны тыңда.[1]

«Дертсіз адам» тіркесі өзінен басқа ешкімді ойламайтын, бойында жанашырлық қасиеті дамымаған, қоғамда орын алып жатқан мәселелерге бас қатырып, елдің қамын жеп ұйқысыз түн өткізбеген адамға қатысты қолданылған. «Ашқсыз инсан» тіркесі жаратылыстың сырын тануға ұмтылмайтын, өзін бағаламайтын, өзгеге махаббат бере алмайтын санасы бар, жүрегі жоқ мақұлық деген мағынаны білдіреді.

Адам баласы жан-жағына рақымды болып, мейіріммен қараса, Хақ оған сондай рақымшылық танытатын болады. Мейірімді адам басқалардың қайғы-қасіретіне ортақ болып, шер бөлісе алады. Мейірімді болу, рақымды болу пенденің ең нәзік сезімталдық сезімінен құралған. [2]

Ұстаз - әр шәкіртінің болашағына бағдар беруші, оқушының бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына игі әсер етуші тұлға. Осы жолда мұғалім өз тәжірибесінде Ясауи хикметтеріндегі қоғамға пайдалы болу туралы ойларын қазіргі ұрпақтың бойына сіңіру-өзекті мәселе. Ғұлама ақын ғылым адамды ақиқатқа жеткізетін бірден-бір жол деп санаған. Өз еңбектерінде ғылымға ұмтылу, надандықтан қашу мәселелерін жиі көтерген, шынайы ғалымдарды ерекше құрметтеген. Ұлы ойшылдың «Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май» [1] тіркесін оқу үрдісінде қолдану оң нәтиже берері анық. Шырақтың жағылуына шырақ, пілте, май керегі секілді адамның өмір жолындағы шырағының жағылуына оның білімі, халі (дерті), көз жасы (махаббаты) керек. Яғни, адам тек білім алып қана қоймай, сол алған білімін ұлтының керегіне махаббатпен жаратқанда ғана өмірден өз жолын табады.


Рухани тазалық пен кемелдікті мақсат еткен Ясауи жан тазалығы, ар тазалығы, жүрек тазалығы қағидаларын бірінші орынға қойды. Ол өз ілімін қоғамды тәрбиелеуші, түзетуші ар ілімі ретінде түсіндірді. [3] Ясауи ілімінде қонақжайлық дәстүрі адамды рухани кемелдікке бастайтын ерекше дәстүр саналады. Ясауи ілімін таратушылар барған жерлерінде «суфра тұту», яғни «дастарқан жаю» дәстүрін ұстанған. Көпшілікке, келімді-кетімді жолаушыларға арнап жайылған дастарқан басындағы сұхбатқа рухани ілім иесі – Қызыр келіп қатысады деп саналған. Қазақ халқының «Қонақ келсе, Қыдыр келеді», «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген мақалдары осы дәстүрден туындаған. Осындай қағидалар арқылы Ясауи ілімі халықтың болмысына сіңіп, қазақ дүниетанымының, ұлт менталитетінің негізіне айналды. [4]

Технологияның көз ілестірмес дәуірінде оқушылардың бойына рухани құндылықтарды сіңіру өзекті тақырыпқа айналды. Мектеп мұғалімдеріне оқушылармен тәрбиелік жұмыс жасау үшін қазақ даласында болған ұлы ғұламаларымыздың өмірін, өткен жолын, еңбектері мен елі үшін жасаған

ерліктерін насихаттап отыру керек. Осы орайда Ясауи философиясындағы адамзаттық ойларды оқушыларға талдап, ұғындыру үшін сыныптан тыс сабақ форматында өткізілетін жұмыс үлгісін ұсынамын. Ғұламаның адам философиясы жайлы ойларын «**ТЕОРИЯ-ТӘЖІРИБЕ-НӘТИЖЕ**» үштігіне құрылған тапсырма негізінде түсіндіруге болады.

Теория бөлімін орындау нұсқаулығы:

Мақсаты – Ясауи хикметінде көрсетілген «Білімнің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май болсын» [1] нақылын оқушыларға теория түрінде салыстырмалы әдіс арқылы түсіндіру. Орындалу реті бойынша оқушылар Қожа Ахмет Ясауидің хикметін ұлылардың афоризмдерімен салыстырып, әрқайсысын жеке талдау арқылы ортақ түйін шығаруы керек.



Тәжірибе бөлімін орындау нұсқаулығы:

Мақсаты – ұлтқа қызмет ету теориясын оқушыға тәжірибе жүзінде дәлелдеу. Алдыңғы тапсырмада теориялық тұрғыда ақпараттар алған оқушылар енді тәжірибе жүзінде білгенін айқындайды.

Тапсырма екі кезеңге бөлінген. **1-кезеңде** оқушылар ұлтына қылған еңбегі тарих беттерінде сақталған қазақ хандары мен зиялылары жайлы тоқталады. Суретте берілген тұлғалардың елі үшін еткен қызметін Ясауи ілімінің негізінде тарихи оқиғалар арқылы дәлелдеп жазады.



Екінші кезеңде мұғалім Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының жинақталуына, зерттелуіне атсалысқан, кесенесін қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген, елі үшін тайсалмай қызмет ете білген Өзбекәлі Жәнібеков туралы тоқталады. Себебі Ясауи туралы айтқанда Ө.Жәнібековтің еңбегін айтпасқа болмайды. Оқушыларға берілген ақпарат бойынша Өзбекәлі Жәнібековтің атқарған қызметін Ясауи ілімінің негізінде талдау ұсынылады.

Нәтиже бөлімін орындау нұсқаулығы: Мақсаты – теория мен тәжірибе бөлімінде алған білімді оқушылардың өз өмірінде қолдануына үйрету. Оқушының Ясауи философиясы туралы тұжырымдарын тексеру мақсатында шығармашылық тапсырма беріледі. Тапсырма үш бөлікке бөлінеді: арман, мақсат, нәтиже. Әр бөліктегі сұрақтарға төменгі сыныптар сурет арқылы постер түрінде, жоғары сыныптар кестеге жазып қорғауы керек.

Тапсырма сұрақтары:

Арман → Оқушы кім болғысы келеді?


Мақсаты → Осы арманға жету үшін қандай мақсат қою керек?

Қандай білім алуы керек?

Нәтиже → Арманындағы мамандықтың халыққа берер пайдасы қандай? Нәтижесі ұлтқа бола ма әлде тек өзіне бола ма? Халықтың қай дертіне ем бола алады?

Хақында әр мамандық ұлт үшін, халық үшін пайдалы болып келеді. Адам өз жұмысының пайдасын түсінген сәтте жұмысына деген махаббаты артып, ел алдында жауапкершілігі жоғарылайды. Ал өз жұмысының өзгелер үшін пайдасын ұқпаса, жауапкершіліктен қашатын, жасқаншақ, қалтасының қамын ғана ойлайтын тұлғаға айналады. Бұл жолда мұғалімнің басты мақсаты-оқушының білімін арттырып қана қоймай, адамгершілік қасиетін де бойына сіңіру, адам баласына жанашырлықпен қарауды үйрету - адам бойындағы рухани құндылықтарды дамыту. Сол кезде ғана адам кемелдікке ұмтылады. Оқушы мектеп қабырғасында осы ұстанымды бойына қалыптастырса, ел болашағы үшін аянбай еңбек ететін «кемел тұлғаға» айналады.

Үлгі:

Арман	Мақсат	Нәтиже
 <p>Медицинада өнертапқыш ғалым болу</p>	<p>Биологияны оқуым керек.</p> <p>Химияны оқуым керек.</p> <p>Адам организмі туралы толық білуім керек.</p>	<p>Әлемде ақ қан (лейкемия) ауруын жеңетін дәрі ойлап табар едім. Сол кезде әлемдегі сәбилер, қарттар бұл аурумен ауырып қиналмайтын еді, жақындарының жанында болар еді.</p>

Үш бөлімге негізделген кешенді тапсырманы орындату нәтижесінде оқушы Ясауи шығармаларында берілген ұлтжандылық, еңбекқорлық, білімге ұмтылу, мейірімділік секілді рухани құндылықтарды теория жүзінде меңгеріп, тәжірибе

жүзінде дәлелдеп, нәтиже түрінде өз өмірінде қолданатын болады. Нәтижесінде:

ұлжандылық сезімі артады,
білімге ұмтылысы жоғарылайды,
мейірімді болуға тырысады.

сынып ішінде бір-біріне деген қарым-қатынасы өзгереді.

Кешенді тапсырманың нәтижесін көру мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында жалпы есеппен алғанда 200 оқушыға сыныптан тыс сабақ өткізілді. Білім алушылардан кешенді жұмыс жүргізілгенге дейін және жұмыс жүргізілгеннен кейін сауалнама алынды. Сауалнамада оқушылардың Қожа Ахмет Ясауи туралы алған білімі салыстырылды.



Сыныптан тыс жұмыстың алдында алынған сауалнама нәтижесінде философ жайлы білетіндерден білгісі келетіндердің көптігі анықталды. Ал кейін алынған сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың 94% кешенді тапсырманы орындау нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи туралы тың мағлұматтар ала алған. «Жаңа ақпарат айтылмады» нұсқасын ешкім таңдамаған. «Ясауи туралы білгім келеді» нұсқасын таңдаған оқушылар ғұламаның ойларына қызығушылық танытты. Сауалнама нәтижесін талдай келе, осындай кешенді тапсырмаларды орындау нәтижелі болады деп есептеймін.

Ұсынылып отырған кешенді тапсырманы қазақ әдебиеті пәнінде Қожа Ахмет Ясауи жайлы тақырыпты өткен кезде және Ясауи мұрасына арналған сыныптан тыс сабақтарда қолдануға болады. Хикметтерін құр жаттатып, туған жылы мен шығармасының атын ғана білгеннен гөрі оқушылармен осындай әдістер арқылы тереңінен жұмыс жасасақ, Қожа Ахмет Ясауидің ойлары өскелең ұрпақтың көкірегінде сайрап тұрары хақ. Ал бұл жолда аянбай еңбек ету – әр ұстаздың кемелдігі.

Қорытындылай келе, оқу үрдісінде Қожа Ахмет Ясауи философиясын оқушыларға рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында қолдану тәжірибесі тиімді тәсіл дей аламыз. Ғұламаның хикметтерінде айтылған ойды айқындап, оқушы санасына сіңіру – тәрбиенің кешенді жолы. Осындай жұмыстарды жүргізу Ясауи ілімінің білім беру мен тәрбие саласының маңызын ашуға өз септігін тигізеді деп ойлаймын.

Аннотация

Баяндамада Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде көрсетілген рухани құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіру үшін қолдануға болатын тапсырмалар жазылған. Ясауидің адам өмірінің мәні, ұлтқа қызмет ету, білім

мен тәрбие, ұлттық құндылықтар жайлы ойларын ұрпақ тәрбиесінде қолдануға болатынын тәжірибе жүзінде көрсетілді. Баяндаманың мақсаты – Ясауи философиясы арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, рухани құндылықтарын қалыптастыру.

Аннотация

В докладе изложены задания, которые можно использовать для усвоения учащимися духовных ценностей, отраженных в хикметах Ходжи Ахмеда Ясави. Экспериментально было показано, что мысли Ясави о смысле человеческой жизни, служении нации, образовании и воспитании, национальных ценностях можно использовать в воспитании возрастающего поколения. Цель доклада – расширение кругозора и формирование духовных ценностей учащихся через философию Ясави.

Annotation

The report outlines tasks that can be used for students to assimilate the spiritual values reflected in the hikmets of Khoja Ahmed Yasawi. It has been experimentally shown that Yasavi's thoughts on the meaning of human life, service to the nation, education and upbringing, and national values can be used in the upbringing of the growing generation. The purpose of the report is to broaden the horizons and form the spiritual values of students through the philosophy of Yasavi.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Диуани хикмет (Хикметжинағы) / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «Ғылым» баспасы. 2016. – 210 б.

Әліпхан.М. Қ.А.Яссауи хикметтерінің адамгершілік іліміне қатысы // Қожа Яссауи мұраларының бүгінгі таңдағы зерттелу көрінісі. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: «Арыс» баспанасы, 2008. – 405 бет.

Кенжетай Д. «Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымын зерттеу проблемелары» - Түркістан, 2004, - 341 б.

Бейсенбай Қ. Қ.А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы / Куаныш Бейсенбай, Ж. Е. Нурматов. // Молодой ученый. — 2017. — № 7.1 (141.1). — 7-9 б.

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» - РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Пахирдинов Алимжан Акимжанович

Түркістан облысы Түркістан қаласы

Ш.Ниязов атындағы жалпы білім беретін

мектебінің география пән мұғалімі

педагог- зерттеуші

Зерттеу өзектілігі: Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» шығармасындағы Алла сүйіспеншілігі, махаббат, ғашықтық мәселелерін зерттеп- зерделеу арқылы, оның ғасырлар бойы қазақ дүниетамының, сопылық ілімдегі негізгі тұжырымдар мен қағидалардың дамуына тигізген ықпалын, әсерін көрсету арқылы сопылықтағы ең өзекті мәселелерді танып-білуге жол ашады.

Зерттеудің мақсаты: Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» шығармасындағы иләһи сүйіспеншілік, махаббат ұғымдардың негізі сипаттамасын, сабақтастығын анықтау.

Зерттеудің нысаны: Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» шығармасындағы ғашықтық, махаббат ұғымдарының сипаттарын, қағидаларын сопылық ілім аспектісі тұрғысынан қарастыру.

Зерттеудің міндеттері.

Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» шығармасының мәні мен маңызын көрсету, ондағы ғашықтық махаббат ұғымдары мен қағидаларын айқындау.

Қазақ қоғамындағы Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі махаббат философиясының әсері мен ықпалын салыстыру

Зерттеудің ғылыми болжамы: Қожа ахмет Яссауидің еліміз үшін аса зор құндылық болып табылатын мұраларының, оның ішінде «Диуани Хикмет» шығармасындағы Аллаға ғашықтық, махаббат мәселесін зерттеп, оларды бүгінде еліміздегі оқу және тәрбие үдерісіне енгізуге жол ашылады, соның арқасында кәміл ұрпақ тәрбиесі мен ғылыми жағдайда ұштастыру Қазақстан қоғамында қажетті процесс ретінде жүзеге асырылады.

Ұлы Тұран өңірі әлемдік ғылымға үлес қосқан қанша танымал ғұламаларды дүниеге әкелген топырақ. Асылында, Ахмет Ясауи діни-энциклопедиялық білімнің білгірі, сопылардың сұлтаны. Бұл оның «Диуани хикметтерінде» айқын көрінеді. Қожа Ахмет ең әуелі адамды сүйіп, адамды құрметтеп, адамға аса бір мейірімділік танытқан жалпыадамзаттық қағиданы ұстанды. «Диуани Хикметтің» мазмұны осы қағиданы дәріптейді. Адамға мәнді өмірдің жолдарын көрсетуге Ясауиді жетелеген осындай сүйіспеншілік сезім еді.

Адам болмысы – адамның сыртқы тұлғасын да, ішкі жан дүниесін де көріктендіріп тұратын көркем мінездер жиынтығы. Ахмет Яссауи хикметтерінде осы мәселе түбегейлі шешімін тапқан. Бұл, бір есептен өмірмәндік сауалдардың шешімін шығарар құндылықтар жүйесі. Ендеше, өмірден мән іздеген жандар үшін Ахмет Яссауидің «Хикметтеріндегі» экзистенциалдарды талдап көрелік. мен даналыққа, шындық пен құтқарылуға қол жеткізетінін айтады». Ислам дінінің әлсірей бастаған тұсында Яссауи Диуани хикметтерін жарлау арқылы, Ислам әлемін қайта жаңғыртып, түркі әлеміне паш етті. Діннің адам экзистенциалын қалыптастырудағы рөлі ерекше. Себебі, дін нормалары арқылы адам өз бойындағы теріс қылықтардан арылады. Жүрегінде иманы бар адам надандықтың қас жауы. Дінсіз адам бассыздыққа (вседозволенность) бой алдырады.

Яссауи діни адамгершілік арқылы осы мәселелерді талқылайды. Ол – экзистенциалық ұстанымға бағытталған рухани тазару, адам жаны туралы ілім, өз болмысына үңіліп, кемелдікке жеткізетін Ар ілімі.

Отандық ғалым Г.Ж. Нұрышева былай деп өрбітеді: «Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанда көп тараған ағымы сопылық ілім осы Қожа Ахмет Яссауидің есімімен тығыз байланысты.

Суфизм- ислам дінінің рухы, мәні, сананың өсуінің, жан тазарып, ар-ұят оянуының, рухани жетілудің белгісі, арлы, адал болу, алланы сүю, адамды сүю» болса, Ясауи осы сопылыққа жеткен бірден-бір ойшыл.

Қожа Ахмет Ясауи суфизмнің ең биік сатысына өзі жетіп қана қойған жоқ, басқаларды да жеткізуге тырысты, осы мақсатпен әйгілі

«**Диуани Хикмет**» кітабын жазды. Ақыл, даналық кітабы деп аталып келген бұл еңбекті араб, парсы тілдерінде жазылған құран мен мұсылман діні қағидаларын түркі халықтарына таныстыратын туынды деп қарау жеткіліксіз. Біз Ясауидің мақсаты тереңірек - адамға оның адами міндеттерін түсіндіру, өмірге келгендегі мақсатын анықтау, оның жүрегі мен рухын ояту деп түсінеміз»

Қ.А Ясауи өзінің хикметтерін Алланың кітабымен (Құран) тең көргенді. Ол туралы былай дейді:

Менің хикметтерім,

Алладан пәрмен.

Оқып ұққанға бар.

Мағынасы – «Құран»- деп, өз хикметтерінің Алла тарапынан келіп тұрғандығын баян етеді. Ақынның кез келген еңбегіндегі отбасы, ақыл-ой, адамгершілік, экологиялық, тіпті экономикалық одан қала берді өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу т.б. көптеген мәселелерін жеке дара қарастырып шығу абзал.

Қожа Ахмет Ясауи мұраларындағы «Даналық кітабында» төрт ғақлия мадақталады:

1.«Шариғат» – ислам заңдары және салт-дәстүр негіздері. Мұсылмандық жолды қасиет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың адамзатқа тән екендігін жырлап, адамгершілік дүниесін асақак әуенмен жеткізу.

2.«Тариқат» – діни-сопылық идеяны мақсатты түрде өсиет ету. Кеңінен алып айтқанда, өлең арқылы ұрпақты имандылыққа, шынайылыққа, әділеттікке, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

3.«Мағрифат» – дін жолына түсіп, соның бағыт-бағдарын айқындау, тану. Яғни, Алланың ақ жолына түсіп, ала жіп аттамай, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпы сақталған тазалықты жекізу. Ақын хақты танып, соның жолында жиған-терген ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны айтылады.

4 «Хақиқат» – Аллаға құлшылық қылу. Он сегіз мың ғаламды жаратушыны дәріптеп, әрбір мұсылманның парызы Құдайға құлшылық екенін меңзеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Акіреттің азығы» деген дүниелермен адамды күнәдан арашалау, тазарту. Бұл еңбекте ғұлама Түркістанның пірі деп негізгі төрт мәселені қарастырған.

Алғашқысы – Алланы тану. Келесі Құдайды ұлықтау. Үшінші – күнәлар мен әділетсіздікті жоққа шығару. Төртіншісі – жалған дүниеден бас тарту. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның жаттап алып айтуына ыңғайлы болып келеді.

Сол себептен де Ясауи хикметтері ел арасына ауызекі тараған хикметтер, кейіншелік қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып

кеткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен. Оған дәлелді мына хикмет шумақтарынан келтіруге болады .

**Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге баян қылсам, қалмас арма.
Төрт мың төрт жүз «Хикмет» айттым хақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгенімше сөйлесем мен.**

Ақын дәл осылай өмір кезеңдерін хикметтерінед айтып отырған.

Яссауи пендені жалған дүние тұзағынан сақтанып, нәпсінің тұтқыны болмау үшін не жағдайда да иманынан айырылып қалмауына шақырады.

Пенденің жүрегі таза, жан дүниесі пәк болуның кепілдігі ретінде әрдайым иманмен белгіленген ізгі қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіріп отыру қажет. Себебі пенде тек иман түріндегі адамгершілік қасиеттер арқылы дүниелік тірлік жинап, рухани толып, әулие кемеліне жетеді.

**Бұл дүниеден ақыретке қылар сапар,
Бұл дүниеден азық алсаң, болар қадір.
Қожа Ахмет амал, иман, білгір қадір.
Иманменен қылған сапар ғаріптік жоқ.**

Түркістандық даналардың пірі санал- ған Қожа Ахмет Яссауидің даналығы - даналар салған сара жолда кездесетін ең бағалы аялдамалардың бірі. Оның даналық мұрасын еске түсіру ол, әрине, қараңғылық пен қатыгездіктен зардап шеккен біздің әлемдегі жолымызды жарықтандырады және ақиқатқа неғұрлым көбірек халықтың жетуіне мүмкіндік береді

Ясауи 69-хикметте былай насихаттайды:

**Ғашық болсаң, көз жасыңды төгіп жүргін,
Баязидтей дүние қызығын тыйып жүргін.
Адамдайын тақ пен бақтан басым тартып,**

Жәрдем берсең, дүние қызығын тепкім келер, - деп, Аллаға ғашық болудың ең жоғарғы формасын ұсынады. Яссауи мен Абай әлемінің ұқсастығы көп. Бұл олардың РУХ ұқсастығында жатыр. «Рухы ұқсастар оңай тіл табысады».

Яссауи дүниетанымында өлімнен қорқу деген ұғым жоқ. Керісінше, Өмірдің Мәнін түсіне отырып, өлімменбетпе-бет кездесуге деген дайындық анық байқалады. Себебі, түркі түсінігінде ӨЛІМ деген ұғым жоқ. Керісінше, ҚАЙТТЫ дейді. ӨЛІМ ұғымы Еуропалық дәстүрден келген түсінік. ФӘНИ мен БАҚИдың арасы ӨМІРдің өту жолы. «Екі дүниенің әбиұрын берсін» деген бата- тілектің мәні содан. Бұл, Түркі әлемі қалыптастырған дәстүрден туындаған метафизикалық қағиданың нәтижесі. Ахмет Яссауи ұстанымы да осыны меңзейді:

Жалпыадамзаттық идеяны насихат- таған Ахмет Яссауи «Хикметтерінің» экзистенциалық сарынын өмірмәндік қағидатқа айналдыра білу - ұрпақтар еншісінде! Ойшылдың сөзімен қорытындыласақ:

**Менің хикметтерім хақтың мадағы,
Құдайдың дертті құлының дауасы.
Менің хикметтерім шекер мен балдай,
Сөздерім өтер теңдесі болмай /134-хикмет/.**

Ахмет Ясауи хикметтерінде Құдай рақымды, кешірімді, құлы қанша күнә жасап жатса да, тіпті иесін танымай жатса да, әмірге бағынбаса да, бұзақылық жолға түссе де, рақымымен кешіруге дайын. Алла тағала адасқанның жақсылыққа, адамгершілікке қайтып келгенін күтеді. Ал адам баласы жаратушының бір бөлшегі болғаннан кейін, оның мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерінің уәкілі, жаршысы болуға міндетті.

Ақыл - иманның сақшысы. Ақылды да иманы берік адам ешбір қиянатқа, жамандыққа, жауыздыққа баспайды. Сол себепті хикметтердің де мазмұны имандылықты, ақылдылықты, әділет, адалдықты, бір сөзбен айтқанда, адамгершілікті өзек етеді.

Хикметтерде өмір ойын мен сауықтан тұратынын жазады. Дүние - бұл ойын, ойын-сауық, әшекей және бір мағынасында адамдар арасындағы жарыс. Осыған байланысты ойынға көп уақыт жібермей, бүкіл өміріңізді ойын-сауықпен өткізбеу керек.

Сондықтан, Ахмет Яссауи хикметтері осы діни-адамгершілік ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, Адам болудың, Адами және өмірлік мәнің рухын меңгерудің экзистенциалық жолдарын ұсынады. Оны танып, игеру бізге парыз!

Аннотация

Мақалада салыстырмалы зерттеу әдістерінің көмегімен терең тамырланған түркілік сопылық бағытын қалыптастырушы Ахмет Ясауидің «Диуани хикметтеріндегі» экзистенциалық ұғымдар талданады. Хикметтердің мазмұны діни тұрғыда уағыздық бағыттағы және қазақ даласында дамыған көшпелі өркениеттің қағидаттарына толы экзистенциалық түсініктерге толы.

Түйін сөздер: Яссауи дүниетанымы, адамгершілік, шынайы Ғашықтық, Адам болмысы, мән, өмір мен өлім феномені.

Аннотация

В статье с помощью сравнительных методов исследования анализируются экзистенциальные концепции в произведении Ахмета Ясауи, основателя глубоко укоренившегося тюркского направления суфизма.

Ключевые слова: мировоззрение Ясауи, нравственность, истинная Любовь, бытие человека, сущность, феномен жизни и смерти.

The Existential Nature of the Hikmets of Ahmed Yassawi

Abstract. This article analyzes existential concepts in the work of Ahmet Yassawi “Diwani hikmet”, which forms the Sufi direction of the deeply rooted Turkic civilization, using comparative research methods.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аударған М. . Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.
2. Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Кенжетев Д. Автореферат. – Алматы, 2002.
3. Адам өмірі мәні мәселесі- нің қазақ философиясындағы көрінісі. – Докт. ғыл. дәреж. алу. дайын. дисс. автореф. Нұрышева Г.- Алматы, 2002.-174б
4. Көшпелі өркениет тарихындағы Қазақстан.

ХЎЖА АҲМАД ЯССАВИЙ -МУСУЛМОН ОЛАМИНИНГ ФАХРИ

Раимова Патима Шакировна

Туркистон вилояти Кентов шаҳри
Қарноқ қишлоғи М. Қошғарий мактаб –
лицей Ўзбек тили ва адабиёти фани
ўқитувчиси педагог – зерттеуши

Субҳон изим ўзидир, ул Мустафо буюрди,
Бобом Арслон тегирди, шайхим Аҳмад Яссавий.
Мустафонинг ҳирқасини кийди, еди лукмасин,
Тутди Каъба халқасин шайхим Аҳмад Яссавий.
Сулаймон Боқирғоний

Кўхна тарихимизнинг зарварақларида Чўлпон юлдузидай ярқираб турган Имом ал - Бухорий, Исмоил ат - Термизий, Сулаймон Боқирғоний, Сўфи Оллоёр, Абу Довуд, ал - Кушайрий, ан - Нишопурий каби буюк мутафаккирларнинг ҳадис ва маърифатпарварлик, инсонпарварлик ва одоб дурдоналари наинки бошқа элатлар, хаттоки, ўз халқига ҳам етказилмасдан асрлар давомида қора пардалар билан беркитиб қўйилган эди.

Шулар қатори буюк файласуф, шоир, мусулмон оламининг фаҳри ва азиз фарзанди бўлган Хўжа Аҳмад Яссавий ижодиёти ва таълимоти ўз она юрти бўлмиш Туркистон диёридан бадарға қилиниб, эслаш, ўқиш ва ўрганиш, ҳикматларини босиб чиқариш ва тарқатиш, ҳоки - пойини зиёрат қилиш буткул ман этилган эди. Мустақиллик шарофати ила бу ғурбатлар узоқлашиб, тарихимизнинг олтин варақларини безаб турган олиму фузалолар, алломаю уламолар, оқилу донолар, фозилу донишмандлар, мутафаккиру маърифатпарвар йўлбошчиларимизнинг илму урфон чашмаларидан баҳраманд бўлмоқдамиз.

Мана шу ерда мусулмон аҳлига бевосита боғлиқ бўлган ҳақли савол туғилади.

Хўш, Хўжа Аҳмад Яссавий ким? Нима учун бугунги кунда кўпчилик мусулмонлар унинг таълимотига амал қилиб, ул зот тутган йўлни танлашмоқда, унинг таълимотини ўрганишмоқда ва очилмаган сиру асрорларини излашмоқда?

Мен ислом олами олимларининг асарларини ўқиб чиқиб, юқоридаги саволларга жавоб топгандай бўлдим. Бу асарларда тасаввуф таълимотининг келиб чиқиш тарихи, тавба, ўз - ўзини баҳолаш илми, тафаккур, хилват ва узлат, ибодат, ҳаё, ихлос, тавозе, сабр, ҳаё, саховат ва эҳсон каби тушунчалар шу даражада кенг ёритилганки, ўз - ўзингиздан кўзингизга ёш келиб, мусулмон бўлиб яратилганингизга, шунча халқларнинг орасида Оллоҳнинг назарига тушганингизга ва унинг қилган танловига, эрталаб азон чақириғи билан уйғонадиган заминда туғилганингизга беҳисоб ҳамду санолар, шукроналар айтгингиз келади.

Аҳмад Яссавий - дунё адабиётида ҳикмат жанрини, ўзига хос Яссавия оқимини яратган шарият, тариқат, ҳақиқат ва маърифатни куйлаган, ислом

оламида соф туркий (ўзбек) тилида ижод этган, буюк тасаввуф таълимотининг асосчиси ва мутафаккиридир.

Тасаввуф - дил поклиги ва Рух комиллигини ўргатадиган таълимот.

Энг сўнги топилган "Сажараи саодат " маълумотларига кўра Иброҳим ўғли Аҳмад 1041 йилда Чимкент музофотининг Сайрам туманида таваллуд топган. Аҳмад Яссавийнинг ҳаёт йўли билан танишадиган бўлсангиз, ул зотнинг ўзи дунёни яратиб, дунёга, бойликка қайрилиб ҳам қарамаган Оллоҳ Таолога қаттиқ боғланганлигининг, бу дунёнинг ўткинчи ва бевафо эканлигини жуда яхши англаб етган кучли ақл эгаси эканлигининг, инсонларга бу дунёга бежиз келмаганлигини англатмоқчи бўлганлигининг, энг тўғри ва ҳалол йўлни диндошларига кўрсатмоқчи бўлган йўлбошчи эканлигининг, қанча таҳқирланса ҳам, заррача кўнгли оғримаганлигининг, диндошларининг икки дунё саодатини, охиратини ўйлаб ўз ишини давом эттирган кучли шахс эканлигининг гувоҳи бўласиз.

Унинг ҳар бир ҳикмати мусулмонларга чақирик, яъни ҳикматларимни ўқиса, мағзини чақса, қалби покланса, каломи ҳақни очса дея орзу қилади, имонга, инсофга ва диёнатга чорлайди.

Менинг ҳикматларим фармони субҳон,

Ўқиб, уқсанг, маъоний Қуръон.

Мани ҳикматларим оламда султон,

Қилур бир лаҳзада чўлни гулистон.

Дуру гавҳар сўзимни эшитиб уқ,

Агар олим бўлса, жоним тасаддук.

Дуру гуҳар сўзни оламга сочса,

Ўқиб уқса, каломи ҳақни очса.

Мани ҳикматларим доно эшитсун,

Сўзим дoston қилиб мақсадга етсун.

Аҳмад Яссавий Мавлоно Лутфий, Иброҳим Ҳаққий, Зуннун ал Мисрий, Фаридиддин Аттор, Фузулий, Шайх Саъдий, Мавлоно Румий, Нақшбандий каби улуғ инсонлар қаторида жудаям фақирона умр кечириб, тасаввуф таълимотининг кенг тарқалишида жонбозлик кўрсатган, ҳаттоки, бизларгача етказишга муваффақ бўлган буюк шахсдир. Аҳмад Яссавийнинг ҳикмат дурдоналарига, дуру гавҳарларга тўла бўлган "Девони ҳикмат" китоби ер юзидаги барча инсонлар кўзига суртиб, ўқиб - ўрганадиган тўтиё ва ноёб дурдонадир. Аҳмад Яссавий ўз ҳикматларида ҳақиқатни очиб беради, инсонларни ғафлат уйқусидан уйғониб, бедор бўлишга, хушёр бўлишга чақиради.

Бу дунёга бино қўйган Хорун қани?

Даъво қилган Фиръавн билан Ҳоман қани?

Вомиқ Узро, Фарҳод Ширин, Мажнун қани?

Қаҳр айласа бир лаҳзада яксон қилур.

Аҳмад Яссавийнинг ҳикматларини ўрганар эканмиз, унинг хикматлари асосан инсонларни одамгарчиликка, илмли инсонларни қадрлашга чорлашга йўналтирилганлигининг гувоҳи бўламиз.

Кўрмасмусиз, замоналар жўш айлади,

Бурунги кадрдонлар ҳеч қолмади,
Кадр билмас нокасларга ўрун тегди,
Олим, дарвеш,яхшилар хор бўлди, кўрунг.
Яна бир ҳикматида

инсонларнинг бири - бирига бўлган меҳрнинг, оқибатнинг, ҳурмат -
эътиборнинг қолмаганлигини куюниб баён қилади.

Мусулмон мусулмонга ўлди қотил,
Ноҳақ тутуб ҳақ ишларин қилди ботил,
Мурид - пирға қилмадилар юзу хотир,
Ажаб шумлуқ замонлар бўлди, дўстлар.

Қуйидаги ҳикматида эса оталар фарзандларидан, оналар эса
жигаргўшаларидан юз ўгирган даврда бандаларни уларнинг бошларига
ёғиладиган кулфатлардан, ёмон оқибатлардан огоҳ эта туриб:

На отода раҳм қолди, на онода,
Оға - ини бир - бирига можарода,
Мусулмонлар даъво қилар, ичар бода,
Мастлиғ билан қариндошдан тонди, кўринг,
дея мурожаат қилади.

Бу ҳикматлар Аҳмад Яссавийнинг доно ҳикматларидан бир томчидир,
Агар биз ул зотнинг барча ҳикматларини ўқиб - ўрганадиган бўлсак, шак -
шубҳасиз ҳақиқий инсонийлик фазилатларни ўзимизда жо қилган ва амал
қилган бўлар эдик.

Мен ёзувчи Элназарнинг Аҳмад Яссавий ҳақида ёзган қўлёмаларини ўқир
эканман, қизиқарли маълумотга кўзим тушди. Унда ёзилишича, Германиянинг
Франкфурт шаҳрида Аҳмад Яссавийнинг китоблари ва унинг сурати солинган
вмпеллар нуфузли ташкилотларнинг бирида сақланар экан. Буларни ўқиб,
кўнглим фаҳрга тўлди, ўз - ўзимдан шундай афсонавий инсоннинг зурриёди
бўлганимдан бошим осмонга етди, бобомиз таълимотини янада чуқурроқ
ўрганишга бел боғладим.

Бир ёши улуғ инсондан:

"Шунча ёшга кирибсиз, умрингизда бахт топдингизми?" деб сўрашганида:

" Ҳа, топдим, бахтни Исломдан топдим, динимиздан топдим" деб жавоб
берган эканлар. Ҳақиқатан ҳам, динимиз инсоннинг бу ҳаётда бахтли ва
чиройли яшаб ўтиши учун барча шароитларни ҳисобга олган ҳолда
режалаштирган десак муболаға бўлмайди. Биргина мисол: дардига ҳеч бир
шифо топа олмаётган инсонлар Қуръон дуолари орқали шифо топмоқдалар.
Қуръон дуолари тушкунликка, бахтсизликка, бошига кулфат тушган инсонлар
дардига малҳамдир. Қуръон мусулмон инсоннинг юраги эканлигини, бахти -
саодати давлати ва охирати эканлигини мусулмон аҳлига уқтирмакчи бўлган
бобоколонимиз Хўжа Аҳмад Яссавийнинг ишларини давом эттириш ҳар бир
мусулмоннинг ҳам фарзи ва қарзидир.

Мақоламни Аҳмад Яссавийнинг қуйидаги ҳикматлари билан якунлар
эканман, мен буюк бобоколонимиз Хўжа Аҳмад Яссавий ҳазратларини
Оллоҳдан жойларини жаннатдан қилиб, охиратларини обод қилишини сўраб
қоламан.

Ғариб Ахмад сўзи ҳаргиз қаримас,
Агар ер остига кирса чиримас,
Яна мансух бўлиб ул хор бўлмас,
Ўқиған бандалар бемор бўлмас,
Ўқиғонға қилурман анда шафқат,
Қиёмат кунида қилгум анга шафоат,
Мани ҳикматларим оламға тўлғон,
Эшитгай ҳар ким ўлса, қилгай армон.
Яссавий ҳикматин доно эшитсун,
Эшитмаган бари ҳасратда қолсун.

Андатпа

Бұл мақалада сопылық ілімді таратушы Хожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығы, жүріп өткен жолы, хикметтерінің тәрбиелік мәні баяндалады.

Аннотация

В этой статье написана о жизни и творчестве, жизненном пути и воспитательные значения мудрых слов проповедника образования воображения Ходжа Ахмеда Яссавий.

Annotation

This article describes the life and work of Khwaja Ahmed Yassavi, the propagator of Sufism, his path, and the educational value of his wisdom.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аударған М. . Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.
2. Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Кенжетаев Д. Автореферат. – Алматы, 2002.

Қ.А.ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Рамазанова Роза Турсынбаевна

Астана қаласы, Сарыарқа ауданы

№ 18 орта мектеп

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Өскелең ұрпаққа тәуелсіз ел болудың қадірін ұғындырып, жан-тәнімен сезіндірте алу ұстаздар мен ата-аналар мойнындағы жауапкершілікті іс. Өйткені мемлекеттің болашағы – бүгінгі ұрпақ, тәуелсіздіктің тұтқасы – ұлттық құндылықтар. М.Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», - дегені дәл осы ойға қатысты айтылған. Біздің ел болып, тәуелсіз мемлекет болып қалуымыз тікелей қазақ ұлтының ертеңімен анықталады. Сан ғасырлар бойғы тарих қойнауына көз жүгіртер болсақ, ұлт ретінде жер бетінен жойылып кеткен халықтар, тілі қолданыс аясынан шығып «өлі тілдер» қатарына енген ұлттар аз емес. Ал біз өз мемлекетіміздің болашағы жарқын болуы үшін ата-бабамыздан

бізге жеткен ана тілімізді, ұлттық діліміз бен дінімізді, ұлттық болмысымызды сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп жеткізуіміз қажет. Әсіресе, жаһандану үрдісі жүріп жатқан қазіргі заманда жастардың санасын улайтын ақпараттар легі өте көп. Тіпті жастарға теріс тәрбие беретін тик-ток түсірілімдерінің, инстаграмдағы жағымсыз ақпараттар тарататын парақшалардың көздегені не екенін ұқпай дал болатынымыз да анық. Кейде бұның барлығы жастарды білім ауылынан алыстатып, ұлттық құндылықтарымыздан қашықтатып жатқан сияқты сезіледі.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы Қазақстанның және Орталық Азияның басқа аймақтарының мәдениетінде үлкен маңызға ие. Ясауи мұрасын оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың мынадай өзектілігі бар:

Ясауи және оның шығармашылығы Орталық Азияның бай мәдени және тарихи дәстүрінің бөлігі болып табылады. Оның мұрасын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу балалар мен жастардың өз мәдениетіне, салт-дәстүріне, ұлттық мұрасына деген түсінігі мен құрметін дамытуға мүмкіндік береді.

Ясауи шығармашылығында даналық, руханият пен адамгершілік құндылықтары көрініс тапқан. Оның мұрасын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу оқушылардың рухани дамуына, олардың рухани болмысын терең түсінуіне, ішкі құндылықтарын нығайтуға ықпал етеді.

Ясауи ілімі әртүрлі мәдениеттер мен конфессиялар арасындағы толеранттылық, бейбітшілік пен түсіністік принциптерін насихаттайды. Оның мұрасын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу балалар мен жастардың басқа мәдениеттер мен діндерге деген толерантты көзқарасын дамытуға, сондай-ақ олардың мәдениетаралық түсіністігі мен құрметін арттыруға көмектеседі.

Ясауи поэзиясы қазақ әдебиеті мен өнерінің тамаша үлгісі. Оның шығармашылығын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу оқушылардың көркемдік талғамын, эстетикалық қабылдауын, шығармашылығын дамытуға ықпал ете алады.

Ясауи ілімі мен толғауларында адам өмірі, махаббат, әділдік, бейбітшілік туралы көптеген хикмет пен терең ойлар бар. Оның мұрасын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу студенттерге шабыт көзі болып, олардың ақыл-ой икемділігін, рефлексиясын және эмоционалдық интеллектін дамытуға көмектеседі.

Жалпы, Ясауи мұрасын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану Орталық Азия мәдениетінің құндылықтары мен байлығын сақтауға және жеткізуге көмектеседі, сонымен қатар балалар мен жастардың бойында сыйластық, төзімділік, руханилық және шығармашылық сияқты құнды дағдыларды дамытады.

Қожа Ахмет Ясауидің басты еңбегі – «Диуани хикмет». Даналық кітабы деп аталатын бұл еңбектен адамгершілікке, даналыққа шақыратын сан алуан мысалдарды келтіруге болады. Бұл еңбектегі әрбір сөз қысқа да нұсқа, нақыл сөз тәрізді айтылған. Ол сопылық поэзия өкілі болғандықтан шығармасының басты миссиясы адамдары иманды болуға шақырады. Ал имандылықтың негізгі көрінісі мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау деп санайды.

Ясауи өз шығармаларында адалдық, әділдік, төзімділік, жанашырлық, басқаларды құрметтеу сияқты этикалық қағидаларға көңіл бөледі. Ясауи

шығармаларындағы маңызды тақырып – махаббат пен бірлік. Ол Құдайға, көршіге және жалпы әлемге деген сүйіспеншіліктің мәні туралы айтады. Ол алауыздықты жеңуге шақырып, адамзат деп аталатын отбасының бірлігіне назар аударады. Ясауидің төмендегі хикметтерін оқу және тәрбие ісінде тақырыпқа сай қолдануға болады:

Қайда жүрсең көңілі жұмсақ сырдаң болғын,
Мүсәпірлер жолда қалса, қорған болғын.

Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый.
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып дариядай тастым, міне.

Наданменен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса, дозақ та одан қашар.

Сонау орта ғасырда ғұмыр кешкен Қожа Ахмет Ясауи өзінің 28-хикметінде сол кездегі адамдардың пейіл, ниеті бұзылып, заман өзгерді деп ашына жырлайды:

Үлкен, кіші адамдардан әдеп кетті,
Қыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.
Мұсылман мұсылманға болды қатал,
Нақақ істеп хақ жұмысын бұзды батыл.
Ғажап сұмдық замана болды, достар.

Қожа Ахмет Ясауидің бұл жерде көтеріп отырған мәселесі әдепті сақтау, әдептен озбау, өзгелерге арамдық ойламай, жылы жүзбен қарау - бұл қанша уақыт өтсе де өзінің өзектілігін жоймайтын, мәңгілік құнды тақырып екендігі белгілі.

Ақын сопылық поэзияның өкілі болғандықтан, өзінің хикметтерінде дүниенің жалғандығын тілге тиек етеді. Әрбір адам өзінің әрекетін дұрыстап, ниеті мен пиғылын адал, таза ұстағаны дұрыс, өйткені ол жаратушының алдында жауап береді деген ислами қағиданы насихаттайды:

Дүние менікі дегендер - жаһан малын алғандар,
Құзғын құстай арамға белшесінен батқандар.
Молда, мүфтий болғандар - жалған жала жапқандар,
Ақты қара қылғандар: ол тамұққа түседі.
Қазы, имам болғандар -нақақ жала қылғандар,
Есектей болып жегіліп жүк астында қалады.
Пара алған әкімдер - арамдықпен жүргендер,
Өз бармағын өзі шайнап өкінішпен қалады.
Жылы жұмсақ жегендер, әсем киім кигендер,
Алтын тақта отырса да, топырақ астына түседі.

Қожа Ахмет Ясауидің сонау XII ғасырда жазған бұл хикметі қазіргі заманның да шынайы болмысын сипаттап отыр. Арамнан аулақ бол, адал еңбек ет, ешкімге нақақ жала жаппа деген ұстанымға негізделген бұл хикметтер кез келген тәрбие мақсатындағы іс-шараның лозунгісіне айналуы шарт.

Жасымда жаспын деп айтар едім,
Қол жеткенді аз ғой деп байқар едім.
Әрбір іске дау-дамай қылар едім,
Енді отырмын бұл істің таппай емін.
Бар дүние менікі деген сұлтандарға,
Ғалам малын сансыз жиып алғандарға,
Өмірі сауық-сайран құрғандарға,
Өлім келсе, бірі опа қылмайды екен.

Бұл жерде дүниенің өтпелі екендігін көрсетумен қатар, қазіргі қазақ поэзиясында талданып жүрген «кәрілік» концептісін оқушыларға түсіндіре білуіміз қажет. Бұл жерде ақын кәрілікті тілге тиек етуімен қатар, жас ұрпаққа үлкен тағлымды ой айтып отыр. Поэзия саласында «кәрілік» ұғымы ғасырлар бойы ақындар қалам тербеген, әлі де ақындар шығармашылығынан орын алатын мәңгілік тақырып екендігі белгілі. Оны ақындар уақыттың өтпелілігін, адам жаратылысының кәрілік алдында дәрменсіздігін көрсету мақсатында жырауы мүмкін. Немесе кәрілік ол ақыл тоқтатып, өмірден ой елегін өткізетін, жастарға жол сілтейтін даналық кезеңі деп жырлауы мүмкін. Қарттықты физикалық құлдыраумен байланыстыруға болатын болса, ақындар кәрілікті қиындықтарға қарсы тұруға болатын төзімділікті де көрсете білді. Ол өмірдің сынақтары мен қиыншылықтарынан қалыптасқан даналықты қабылдаудың маңыздылығын атап, оқырмандарға қарттықтың күш-қуат пен өзін-өзі тану уақыты болатынын еске салады. Ақындар өз өлеңдері арқылы оқырмандарды уақыттың өткінші табиғатын, өлімнің болмай қоймайтынын және жастың өзгертуші күшін ой елегінен өткізуге шақырды. Кәрілік концептісін шығармасына арқау ете отырып, ақындар да, оқырмандар да өз өмірлері туралы ой елегінен өткізіп, жұбаныш, шабыт тауып, адам тәжірибесін тереңірек түсінуге шақырады.

Жас буынға бұл кәрілік тақырыбы не үшін қажет деген ой туындамауы қажет. Кез келген адам бұл өмірдің өткінші екендігін түсінуі керек. «Бес күндік мынау жалғанда» деп ата-бабамыз айтқандай, аз ғұмырда адам баласы бір-бірімен сыйласып, жастайынан салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болып, әдемі қартая білуі керек, қартайғанда даналықты бойына жинақтап, кейінгі ұрпаққа жол нұсқаушы, үлгі-өнеге бола білуі керек деп санаймыз.

Жоғарыда біз мысалға келтірген хикмет үзінділері оқу-білім туралы тікелей мәлімдеме болмаса да, олар оқу процесінде сүйіспеншіліктің, даналықтың, мейірімділіктің және шындықтың маңыздылығын көрсетеді. Олар тек интеллектуалдық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар білім берудің маңызды аспектісі болып табылатын эмоционалдық және рухани дамуға шақырады, тәлім-тәрбие көзі болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығын оқу-тәрбие ісінде қолданудың тиімді тәсілдері ретінде төмендегі мәселелерді ұсынар едім:

тәрбие бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру барысында Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінен үзінді алып, тақырыпқа сай дәйексөз ретінде қолданып келеміз. Бұл біріншіден, жас ұрпақтың Қожа Ахмет Ясауи есімін құлағына

сіңіріп өсуіне, оның айтқан қанатты сөздерін санасына құйып, рухани дамуына жол ашады.

қазақ әдебиеті, тарих пәндерінде «Ясауитану» авторлық курсы ұйымдастыруға болады. Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында өз заманының тарихы мен мәдениетіне қатысты мәліметтер бар. Оның шығармаларымен танысу оқушыларға сол дәуірдегі өмірдің әлеуметтік, діни, мәдени және саяси аспектілері туралы, сондай-ақ Ясауидің аймақтың мәдени және тарихи мұрасын қалыптастырудағы рөлі туралы түсінік береді.

Қожа Ахмет Ясауи туралы білу және еңбектерін оқу оқушыларға оның еңбектерінің аймақты дамытудағы және оның мәдени дәстүрлерін дамытудағы маңызын түсінуге және бағалауға көмектеседі. Қожа Ахмет Ясауи өлеңдерінің құрылысын, стилін, образдылығын, тақырыбы мен идеясын зерттеп, поэзияның ортағасырлардағы даму сипатын меңгерте аламыз, жас буынның тағлымдық жырлардан өзіне қажетті дағдыларды дарыта білуіне мұрындық боламыз. Оның шығармаларын оқу оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге, ана тілінде оқу және жазу дағдыларын дамытуға, өз мәдениеті мен тіліне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеуге көмектеседі.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын оқыту мен оқу үдерісінде пайдаланудың бұл әдіс-тәсілдері оқушыларға оның идеяларын терең түсінуіне көмектеседі, сонымен қатар Қазақстан мен Орта Азияның мәдениеті, тарихы мен әдебиеті туралы білімдерін байытады, рухани құндылықтарға құрметпен қарауға қалыптастырады.

Аңдатпа

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын оқу-тәрбие процесінде қолданудың маңызы мен тиімді жолдары қарастырылған.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын оқытудың маңызы оқушылардың рухани кемелденуіне ықпал етіп, адамгершілік, ар, әдеп, адал еңбек, мейірім мен ізгілік туралы түсініктерін кеңейтетіндігі сипатталған.

Ақын хикметтерінің тілі мен сөздік қоры арқылы, оның тақырыбы мен идеясын талдау нәтижесінде ортағасырдағы поэзияның даму сипатын бағдарлай біледі, сол кезеңдегі тарихи, саяси-әлеуметтік, мәдени жағдайлармен танысады деген тұжырымдар жасалған.

Тәрбие бағытындағы іс шараларда ақын хикметтерінен тақырыпта сай үзінді қолдануды, «Ясауитану» курсы ұйымдастыруды ұсынған.

Аннотация

В статье рассматриваются важность и эффективные способы использования произведений Ходжи Ахмета Ясави в образовательном процессе.

Описано, что важность преподавания произведений Ходжи Ахмета Ясави способствует духовной зрелости учащихся и расширяет их представления о нравственности, чести, манерах, честном труде, доброте и доброты.

Через язык и словарный запас мудрости поэта, в результате анализа его темы и идей сделан вывод, что он может ориентироваться в характере развития

поэзии в средние века, знакомиться с исторической, политической, социальными и культурными условиями того периода.

В просветительской деятельности он предложил использовать соответствующие теме отрывки из мудрости поэта, организовать курс «Ясауитану».

The article discusses the importance and effective ways of using the works of Khoja Akhmet Yasawi in the educational process.

It is described that the importance of teaching the works of Khoja Akhmet Yasawi contributes to the spiritual maturity of students and expands their ideas about morality, honor, manners, honest work, kindness and kindness.

Through the language and vocabulary of the poet's wisdom, as a result of the analysis of his themes and ideas, it is concluded that he can navigate the nature of the development of poetry in the Middle Ages, get acquainted with the historical, political, social and cultural conditions of that period.

In educational activities, he proposed using excerpts from the poet's wisdom relevant to the topic and organizing a course "Yasahuitan".

Әдебиеттер:

Диуани Хикмет / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «Ғылым» баспасы. 2016. – 210 б.

Диуани Хикмет: отбасы хрестоматиясы. Авторы: Қожа Ахмет Ясауи. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», 2021. – 144 б.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж. 3-том

Қожа Ахмет Ясауи — сопылық поэзияның негізін салушы ақын, Күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы. <https://articlekz.com/kk/article/16202>

Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет. Аударған М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.

«ЯССАУИТАНУ» БАҒДАРЛАМАСЫН КЕШЕНДІ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Рашева Гульжан Умирзакқызы

Алматы қаласы Қ.А.Ясауи атындағы №123
МГ, тарих ғылымдарының кандидаты,
педагог-зерттеуші, тарих пәнінің мұғалімі

Түркістанды Ясауисіз елестету мүмкін емес. Әйгілі ғұлама тұтас түркі дүниесінде ислам дінінің орнығуына зор үлес қосты. Ясауиден бастау алатын қазақ жеріндегі рухани сабақтастық қазірге дейін үздіксіз жалғасып келеді. Ясауидің туғанына 930 жыл толып отыр, осы орайда ғұламаның еңбектерін жан - жақты зерттеп, дәріптеу маңызды, - деп ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев атап көрсетті. [1]

Тәуелсіздігіне енді ғана қолы жеткен ашық қоғам құру жолындағы жас мемлекетіміз Қазақстан үшін "жаңа әрі саналы адам" тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл

жерде жаңа, саналы адам деп, қоғамның тұтастыққа, өзара үйлесімділікке жету жолындағы "еркін адам" типін айтып отырмыз. Өйткені, Қазақстан сияқты жас мемлекеттің тәуелсіздігі мен еркіндігін баянды ету үшін ең алдымен "еркін ойлайтын" адамдарға деген сұраныс бар. Еркіндікті баянды етудің басты шарты саяси себептерден бұрын рухани ар-ождан феномендерінен туындайды. Міне, осы мәселеде бізге жол көрсете алатын бірден-бір қоғамға пайдалы ілім Иасауи ілімі екендігі анық. [2 , 186.]

Қазіргі ақпараттық қоғам дамыған заманда баланы рухани тәрбиелеу басты мәселе болып отыр. Осы мәселеде бізге жол көрсете алатын бірден-бір қоғамға пайдалы ілім Иасауи ілімі екендігі анық, - деп Яссауитанушы ғалым Д. Кенжетай нақты көрсетіп отыр.

Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой,-деп Мағжан Жұмабаев жырлағандай, Қазақстан – түркі әлемінің киелі мекені болса, Түркістан – рухани астанасы, қара шаңырағы. Қожа Ахмет Яссауи – түркі әлемінің ғана емес, бүкіл әлемдік өркениеттің рухани көшбасшыларының бірі. Сол заманның өзінде дала кемеңгерінің «Диуани хикмет» атты екі әлемнің де мән жайын сипаттайтын туындысы имандылық, адамгершілік, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап, ашып көрсетуге арналған. Ұлы ойшылдың «Диуани хикмет» туралы ілімі жер бетіндегі бүкіл адамзат үшін маңызды.[3]

«Диуани хикметтің» қай бетін ашсаң да, әрбір сөздің астарынан ұлылық, парасаттылық, даналықтың ішкі иірімдері, ел жұртын адалдыққа бастаған таза пәк ниеті байқалып тұрады.[4,-18 б]

Қ. А. Яссауидің пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу қағидасы ғасырлар бойы сараланған шындық болып отыр. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, дұрыс тәрбие беруге аса көңіл бөлу керек.[5,-341 б.]

Егемен еліміздің өркендеп дамуында, қазіргі жаһандану заманында жас ұрпақ тәрбиесінде ғұламаларымыздың еңбектері аса ерекше маңызға ие. Заманауи басты бағыттың бірі де бірегейі техникалық прогрес. Бұл үшін ғұламаларымыздың еңбектері мен өсиеттерін басшылыққа ала отырып, ата-ана, мектеп және бүкіл ел болып, жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей атсалысуымыз керек. Дана халқымыз «Бірлік бар жерде – тірлік бар», «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» дейді.

Алматы қаласы, Әуезов ауданы , Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп - гимназия ұжымы қазіргі таңда, өскелең ұрпақты білім нәрін беруде , « Яссауи» ілімін басшылыққа алып отыр.

«Яссауитану» элективті курсы оқыту, бұл мектепте 1989 жылы ашылғаннан бері үрдіс болып қалыптасқан. Осы жылдар барысында бірнеше қайта жазылды. Соңғы үлгісі « Жаңаша оқыту» бағдарламасының негізінде толықтырылып, Алматы қалалық білім берудегі Жаңа технологиялардың ғылыми – әдістемелік орталығы 2023 жылы наурызда 5-11 сынып арасында «Яссауитану» элективті курсы бекітіп, сертификаттады. Қазіргі таңда бұл

бағдарлама Алматы қаласының мектептерінде оқытылуда.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың есімін иеленген киелі шаңырақ №123 мектеп- гимназиясында егеменді еліміздің болашағы - оқушылардың сапалы білім алуымен қатар, олардың мәдениетті, рухани байлығы мол ұлтжанды болып өсуіне жақсы көңіл бөлінуде. Елі мен жерін сүйетін, тілін қастерлейтін нағыз патриот, білімі шындалған жастарды тәрбиелеу –бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Мектеп мұғалімдері мектеп басшысы Ашимбаева Багила Мәсімақынқызы мен директордың ғылыми-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары Шойбекова Райхан Манапқызының басшылығымен, оқушыларға білім беру мен тәрбиелеу жұмыстарында әдептілік, мәдениеттілік және имандылық іс-шараларының негізі ретінде Яссаутану бағдарламасы құрастырылды. «Яссаутану» оқу бағдарламасы 5-11 сыныпқа арналған аптасына 1 сағатпен, әр сыныпта жылына 34 сағатпен оқытылады.

«Яссаутану» бағдарламасы бойынша үлкен ізденіспен еңбек етіп жүрген ұстаздарымыз да баршылық. Осы орайда 2023 жылы мектеп ұстаздары бағдарламаны қайта жазып, Алматы қалалық білім берудегі Жаңа технологиялардың ғылыми – әдістемелік орталығы бекітіп қала көлемінде тартылды.

Бағдарламаның авторлары:

Аты-жөні	Сыныпта	Сабақ беретін пәні
Ашимбаева Багила Мәсімақынқызы	11-сынып	Тарих пәнінің мұғалімі
Киізбай Мөлдір Құдайбергенқызы	10-сынып	Тарих пәнінің мұғалімі
Азербайбаева Айнаш Тлеугазыновна Зулбухарова Гулмира Муханқызы	9-сынып	Тарих пәнінің мұғалімі Биология пәні мұғалімі
Азербайбаева Айнаш Тлеугазыновна	8-сынып	Тарих пәнінің мұғалімі
Рашева Гульжан Умирзакқызы	7-сынып	Тарих пәнінің мұғалімі
Шойбекова Райхан Манаповна	6-сынып	Математика пәні мұғалім
Мамытова Кульбаршин Макиновна	5-сынып	Математика пәні мұғалім

5 - 11сыныпқа арналған «Яссаутану» элективті курсы бағдарламасы: Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес құрылған.

Бағдарлама жасалу барысында, оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, тарихи кезеңдерді басшылыққа алып жасалған.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеті:

Яссауи хикметтері арқылы, адами ізгі қасиеттерді насихаттайтын, рухани тұрғыдан жетілуге, болмыстың сырын, жаратылыстың мәнін ұғынуға, адамның өмірдегі орны мен мақсатын айқындауға, мәнді, мағыналы өмір сүруге жетелейтін рухани тәрбие құралы ретінде ұждан тазалығына баулу.

Оқушыларға Яссауидың өмірі мен шығармашылығына, іліміне қатысты мәліметтерді, аңыз-әңгімелер мен шежірелерді талдауға үйрету;

Яссауи ілімінің түркі халықтарының тарихына, әдебиетіне, дүниетанымына, салт-дәстүріне, қоғамдық құрылымына әсері туралы деректерді ғылыми тұрғыда ізденуге, зерттеуге баулу;

Оқушыларды Отанды шын сүйеге, адалдыққа, ерлікке, имандылыққа тәрбиелеу;

Яссауи ілімін дәріптеу мақсатында Алматы қаласы, Әуезов ауданын Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп – гимназиясында «Яссауитану» элективті курс бағдарламасы 5 – 11 сыныптар арасында кешенді оқытылады. Мектеп те заманауи форматта жабдықталған мұражай бар. Мұражай жұмысын тарихшы Жаныкулов Калдыбек Оразбаевич атқарады.

Қазіргі таңда мектеп Қ. А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетімен және Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетімен меморандумдар жасалып бірге жұмыс атқарылуда. 2023 жылы сертификатталған “Яссауитану” элективті курс бағдарламасына Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің, дінтанушы, теолог, философия ғылымының докторы, профессоры Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы пікір жазып, кеңес беріп өз үлесін қосты.

Екі конференция ұйымдастырылды: 1. «Жаңа Қазақстан келбетіндегі – Түркістан: Заманауи білім мен тәрбие көкжиегі» - атты халықаралық ғылыми – практикалық конференциясы оның материалдар жинағы электрондық форматта шығарылды. Алматы: 2022 жыл, - 724 бет.

2. 2024 жылдың 26 қаңтарда «Қ.А. Яссауидің туғанына-930 жыл: Тарих тағылымы қазіргі білім мен тәрбие кеңістігінде» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференцияға мектеп мұғалімдері мен ЖОО профессор- оқытушылары, Алматы қалалық білім берудегі Жаңа технологиялардың ғылыми – әдістемелік орталығы, сондай – ақ Қытай, Монғолия, Жапония, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан және т.б. елдердің ғалымдары офлайн – онлайн түрде қатысты.

Қорыта айтқанда мектептің мақсаты «Яссауитану» элективті курс бағдарламасын 5 – 11 сыныптар арасында кешенді оқыту нәтижесінде, Қожа Ахмет Яссауи тұлғасын бүгінгі қазақ қоғамындағы жас ұрпаққа насихаттау құндылық тұрғысынан да, құзыреттілік тұрғысынан да білім алушылардың тарихи сауаттылығы мен дәстүрлі діни мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. «Яссауитану» элективті курсы жоғары білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы мен Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп - гимназиясының педагогикалық ұжымы ынтымақтаса отырып, ғылыми-

әдістемелік тұрғыдан негіздеп, жүйелілікпен сабақтастықта жұмыс атқару барысындағы

Ұсыныстары:

1.«Яссауитану» элективті курс бағдарламасын 5 – 11 сыныптарға арналғанда оқытуды Республика көлемінде тарату;

2. «Яссауитану» элективті курс бағдарламасының келешекте оқу – әдістемелік кешенін жасау.

Андатпа

Баяндамада «Яссауитану» бағдарламасын кешенді оқыту әдістемесі, Алматы қаласы Білім басқармасы, М.Әуезов ауданы, Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясы тәжірибесі негізінде қарастырылған. «Яссауитану» элективті курсы оқыту, бұл мектепте 1989 жылы ашылғаннан бері үрдіс болып қалыптасқан. Осы жылдар барысында бірнеше қайта жазылды. Соңғы нұсқасы.

«Жаңаша оқыту» бағдарламасының негізінде толықтырылып, Алматы қалалық білім берудегі Жаңа технологиялардың ғылыми – әдістемелік орталығы 2023 жылы наурызда 5-11 сынып арасында «Яссауитану» элективті курсының бағдарламасы бекітіліп, сертификатталды. Қазіргі таңда бұл бағдарлама Алматы қаласының мектептерінде оқытылуда.

Аннотация

В докладе рассматривается методика комплексного обучения программы «Яссауитану» на основе опыта Управления образования города Алматы, Ауэзовского района, школы-гимназии № 123 имени К.А. Яссауи. Преподавание элективного курса «Яссауитану», который стал тенденцией с момента его открытия в 1989 году. За эти годы элективный курс несколько раз переиздавалась. Последняя версия была дополнена программой «Обновленное обучение». Научно-методический центр новых технологий в образовании города Алматы 4 марта 2023 года утвердили и сертифицировали программу элективного курса «Яссауитану». В настоящее время эта программа обучается в школах города Алматы.

Abstract

The report provides for a comprehensive teaching methodology for the «Яссауитану» program based on the experience of the school-gymnasium №123 named after K.A.Yassawi, M. Auezov district, the Department of Education of Almaty. Teaching the elective course «Яссауитану» which has become a trend since its opening in 1989. Over the years, there have been several correspondence. The last model was supplemented by the "New Learning" program, and the Scientific and Methodological Center for New Technologies in the Education of the City of Almaty from 5 to 11 grades, in March in 2023 approved and certified the program of the elective course «Яссауитану». Currently, this program is being held in schools in the city of Almaty.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [https://abai.kz/post/17.06.23Түркістандағы Ұлттық құрылтай: Жиын қалай өтті?](https://abai.kz/post/17.06.23Түркістандағы_Ұлттық_құрылтай:_Жиын_қалай_өтті?)

2.«Жаңа Қазақстан келбетіндегі–Түркістан: Заманауи білім мен тәрбие көкжиегі» - атты халықаралық ғылыми – практикалық конференциясының материалдар жинағы. Алматы: 2022 жыл, - 724 бет. Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы « Яссауи құндылықтар әлемі». Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университетінің, дінтанушы, теолог, философия ғылымының докторы, профессоры(18б.)

3.Ә. Нысанбаев, Д. Кенжетайев. Қожа Ахмет Яссауи // Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: 2000.– 425 б.

4.Қожа Ахмет Яссауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б

5.Д. Кенжетай. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымын зерттеу проблемелары. – Түркістан, 2004.– 341 б.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Сабанбаева Жанар Мухаметбаевна

Астана қаласы әкімдігінің

Міржақып Дулатұлы атындағы

«№68 мектеп - гимназиясының»

тарих пәнінің мұғалімі

педагог-шебер, ҚР «Үздік педагогы»

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген.

Баяндаманың өзектілігі: Жаһандану заманында тек экономика ғана емес, мәдениет пен тіл бәсекелестікке түсіп жатқан ғаламда ерлік, елдік, отансүйгіштік секілді рухани құндылықтар ұлт тағдырымен байланысты.

Мақсаты: Қазіргі жасөспірімдердің бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру.

Міндеттері:

- “Құндылық”, “Рухани құндылық”, “Жалпы адамзаттық құндылық” ұғымдарының ғылыми–теориялық мәнін, әлеуметтік– педагогикалық маңызын анықтау

- жасөспірімдердің рухани құндылықтарын қалыптастырудың модульдік технологиясын жасап, оның тиімділігін тәжірибелік педагогикалық эксперимент арқылы тарату.

Жаңашылдығы:

-«Міржақыптану ізімен» экспедициясы құрылды, республиканың 21 елді мекеніне танымдық саяхаттар жасалды.

- «Алаш жолы» субъективті мұражайы қызметін жандандырды.

-«Шұғыла» білім беру орталығы оқушыларға оқу мен тәрбиені егіздей ұштастырды.

-Дөңгелек үстелдер, кездесулер, пікірталас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу, мұражайларға бару сияқты тәрбие сағаттарын өткізу формалары өзгерді

Зерттеу объектісі: Міржақып Дулатұлы атындағы «№ 68 мектеп гимназиясы» 500 респонденттен сауалнама алынды. 5-11 сыныптар қатысты.

Әдістемелік тұрғыдан тиімділігі:

Ұлттың сипаты тілі, діні, тарихы, дәстүрі, атамекені. Сол себепті оқушылар бойындағы қажеттілікті және баланың сұранысын қанағаттандыру

Білім алушыларға Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінің тәрбиелік маңызын түсіндіру үшін жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда бірнеше тәрбие сағаттарын өткіздім. «Ар-ұят және жауапкершілік», «Біздің қоғамдағы әділеттілік», «Іс-әрекеттегі мейірімділік», «Мейірімділік құндылығы» «Күнделікті өмірдегі адалдық», «Этикалық құндылықтарды дамыту», «Отаншылдық және оның мәні», «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік», «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері», «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»,

«Рухани құндылықтар жасөспірімдерді қалыптастырудың негізі» атты зерттеу жұмысының әлеуметтік мониторингісі:

Міржақып Дулатұлы атындағы «№ 68 мектеп-гимназиясында» «Шұғыла» қосымша білім беру орталығы жұмыс атқарады. Көктал 2 кентінің тұрғындары үшін бұл орталық балалардың рухани дамуы мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізудің ең озық үлгісі болды. Қосымша білім беру орталығында жалпы бала саны: 825 оқушы, соның ішінде 16 үйірме түрі бар: театр, қолөнер, қазақ күресі, сурет, жетіген, домбыра, шахмат, робототехника, ән айту, қобыз т.б.

Ұсынылып отырған әлеуметтік сауалнама материалдары осыған дәлел.


1. **Респонденттердің өмірлік құндылықтарға нелер жатады?** деген сауалға 40%-ы рухани адамгершілік, 18%-ы адами, 17%-ы тұлғалық, 16%-ы материалдық құндылықтарды көрсеткен. Бұдан байқайтынымыз жасөспірімдердің рухани адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалайтынын көреміз.



2. **Рухани құндылықтарды қалай қалыптастыруға болады?** - деген сауалға респонденттердің 27%-ы отбасы, 29%-ы әдеби кітаптар арқылы, 44%-ы мұражай, таным-жорық, театр деп көрсеткен. Бұдан құндылықтар мәдени орындарға бару және байланыс арқылы қалыптасатынын байқадық.

Рухани құндылықтарды қалай қалыптастыруға болады?


■ Отбасы ■ Әдеби кітаптар ■ Мұражай, театр, мәдени орындар



3. Адам үшін қандай құндылықтар маңызды? -деген сауалға респонденттердің басым бөлігі рухани құндылықтарды көрсеткен. Респонденттердің жауабынан байқағанымыз әрине, бірінші кезекте Рухани құндылық деген. Осыдан Мәңгілік құндылық деген ұғымды қалыптастыруға болады.

4. Рухани құндылықтарға нелер жатады? –деген сауалға респонденттердің 23%-ы сүйіспеншілік, 15 %-ы достық, 12 %-ы қайырымдылық, 11 %-ы құрмет, 9 %-ы өзін-өзі тану, 9 %-ы шығармашылық, 21%-ы еркіндік, өзіне деген сенім кіреді. Мұның бәрі өзімізбен және қоршаған адамдармен үйлесімділікке қол жеткізуге көмектеседі. Бұл құндылықтар ерекше маңызға ие, өмірге мән беріп, бізді адамдарға айналдырады.

■ сүйіспеншілік ■ достық ■ қайырымдылық ■ құрмет
■ өзін-өзі тану ■ шығармашылық ■ еркіндік



Адамның рухани білімі оның ішкі жан дүниесіне, біліміне, мәдениетіне, парасаттылығына байланысты. “Адам үшін үш жұрт” бар дейді халық. Бірі өлім, екіншісі - кәрілік, үшіншісі тексіз бала.

Біріншісі алмай қоймайды, кәрілік келмей қоймайды, ал баланың тексіз болуы, болмауы – тәрбиеден. Баланы, яғни болашағымызды тексіздіктен сақтап, ұлттық тәрбиеден еншісіз қалдырмау, мәңгірт етіп жібермеу өз қолымызда екенін ұмытпауымыз керек.

Қорытынды

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталас,

талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады.

Құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізу ұсынылады.

Мұғалім, ұстаздардың жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі. Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазіргі оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу т.б. мәліметтерді әр кезде біліп отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын ала бастады. Әсіресе баланың даму барысын есепке алу, бейімділігін, қызығушылықтарын, сабаққа деген көзқарасын т.б. кейбір объективтік көрсеткіштерді назардан тыс қолдануға болмайды.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіру үшін экспедициялық жобалар мен саяхаттар тиімді болды.

Киелі Түркістан, Торғай экспедициясы, Баянауыл, Қарағанды, Қарқаралы, Семей, Көкшетау, Ботай мәдениетіне шеккен сапарлардың нәтижесін презентацияда суреттер арқылы көрсеттік. Міржақыптану ізімен мектепте өткізілген тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз.

Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

«Қазақ хандары тарихы», «Туған жерге тағзым», «Алаш мұраты Тәуелсіз Қазақстан» атты 6-9 сыныптарға арналған авторлық бағдарламаларым қала, республика мектептеріне таратылды.

Аннотация

Бұл жұмыстан жасөспірімдер мен білім алушылардың бойына рухани құндылықтар мен ұрпақ тәрбиесіне арналған тәрбиені қалыптастыру үшін сауалнама жұмысы мектепте жүргізілді. “Құндылық”, “Рухани құндылық”, “Жалпы адамзаттық құндылық” ұғымдарының ғылыми–теориялық мәнін, әлеуметтік–педагогикалық маңызын анықтау үшін сұрақтар қосымша білім берудің бала тәрбиесіне ықпалын тигізді.

Жасөспірімдердің рухани құндылықтарын қалыптастырудың модульдік технологиясын жасап, оның тиімділігін тәжірибелік педагогикалық эксперимент арқылы тарату үшін Міржақып Дулатұлы атындағы «№ 68 мектеп гимназиясы» 500 респонденттен сауалнама алынды. Зерттеу жұмысының нәтижесі берілді. Мұражай, кітапхана, кітап оқу, саяхаттар жасау білім алушылардың рухани құндылығына беретін әсері өте көп.

Бұл баяндама мектепте теориялық білімді жасап жүрген практикалық жұмыстардың нәтижесінде қолдануға үлесін тигізді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіру үшін экспедициялық жобалар мен саяхаттар тиімді болды.

Киелі Түркістан, Торғай экспедициясы, Баянауыл, Қарағанды, Қарқаралы, Семей, Көкшетау, Ботай мәдениетіне шеккен сапарлардың нәтижесін презентацияда суреттер арқылы көрсеттік. Міржақыптану ізімен мектепте өткізілген тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз.

Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Аннотация

По этой работе в школе проводилась анкета по формированию у подростков и обучающихся духовных ценностей и воспитания поколений. Вопросы для определения научно-теоретического и социально-педагогического значения понятий «ценность», «духовная ценность», «общечеловеческая ценность» показали влияние дополнительного образования на воспитание детей.

Для разработки модульной технологии формирования духовных ценностей подростков и распространения ее эффективности посредством педагогического эксперимента был проведен опрос среди 500 респондентов «Школы-гимназии № 68» имени Миржакыпа Дулатулы. Получен результат исследовательской работы. Музей, библиотека, чтение книг, путешествия оказывают огромное влияние на духовную ценность обучающихся.

Этот доклад способствовал применению в школе теоретических знаний в результате проделанной практической работы. Таким образом, на сегодняшний день, чтобы воспитывать сознательную и добросовестную молодежь, в первую очередь, были эффективны экспедиционные проекты и путешествия, чтобы привить в молодежь национальные традиции, обычаи, религию, пропаганду-наследие наших предков. Результаты посещений сакральной Туркестанской, Тургайской экспедиций, Баянаульской, Карагандинской, Каркаралинской, Семипалатинской, Кокшетауской, Ботайской культур мы показали в презентации с помощью фотографий. Если говорить, что источником воспитания, проводимого в школе, являются наследие наших предков и мудрые слова, то мы являемся ведущими пропагандистами. Когда общество полностью приступит к воспитанию и каждый из нас начнет быть культурным, примерным, воспитание подрастающего поколения, бесспорно, принесет свои плоды.

В концепции развития образования Республики Казахстан говорится, что «Цель образования - формирование здоровой личности, способной свободно ориентироваться, к самореализации, саморазвитию и самостоятельно принимать правильные, морально ответственные решения на основе глубоких

знаний, профессиональных навыков, полученных в условиях быстро меняющегося мира».

Annotation

A survey based on the scientific research was conducted in our school, aimed at identifying spiritual values and education of adolescents. Questions concerning the scientific-theoretical meaning of the concepts of “Value”, “Spiritual value”, “Universal value” influenced the rethinking of approaches to the upbringing of children.

In order to create a modular method regarding the formation of spiritual values of the youth, a questionnaire survey of 500 respondents was conducted in the school-gymnasium No.68. The results of the study emphasized the Influence of museums, libraries, reading books and traveling in shaping the spiritual values of students.

This report confirmed the application of theoretical knowledge in school through practical experiments. The results showed that expedition projects are highly effective in rearing estimable and intelligent young people who prioritize national traditions and heritage.

The presentation summarized the results of trips to cultural places such as Sacred Turkestan, Burabai, Bayanaul, Karaganda, Karkaraly, Semey, Kokshetau and Botay. The education of the young generation based on the heritage of Mirjakiptan includes national traditions, customs and religion.

As a result of these works, authorship programs such as “Ideas of Alash – Independent Kazakhstan”, “History of Kazakh Khans” and “Bow to the Motherland” were distributed in schools of the city and the whole country.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби
2. Көне дәстүрлерді қайта жаңғырту – Алматы, 2010 жыл
3. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері – Алматы, 1995.1 б..
4. Қалиев С., Майгаранова Ш., Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері - Алматы. “Білім”, 2001. 57 б.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-10 томдар. – Алматы, 2009.
6. Қозыбаев М. Тарих зердесі. 1-2 – кітап. – Алматы, 1998.
7. Қозыбаев М. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. 1994
8. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні – Алматы, 2001. 2 б.
9. Майгаранова Ш. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері – Алматы. “Ғылым”, 2002.10 б.
10. Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016.41б.
11. Өтешова Б. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту - Алматы, 2007.14 б.
12. Сәрсенова Ж, Тәңірбергенова Ғ. Әлеуметтану – Алматы, 2000.55 б.
13. Серікқалиұлы З. Дүниетану даналығы - Алматы, 1994.7 б.
14. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны. - Алматы, 2004.2.4 б.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТИҢ ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ КЕСЕНЕСІН ЖАНДАНДЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Сагитова Аигул Ануарбековна

Астана қаласы әкімдігінің «№38 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК тарих пәні мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші

Өзбекәлі Жәнібеков билік басында жүрсе де еліміздегі тарихи-мәдени мұраларды түгендеу, зерттеу, қайта қалпына келтіру жұмысына бейжай қарамағандығы әмбеге аян. Саналы ғұмырын қазақтың жоғын түгендеумен өткізді. Айрықша күмбезі көкпен таласқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің болашағына қатты алаңдағаны да белгілі. Алып кешенді қайта жөндеуден өткізіп, мұражай жасақтауы да екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа еді.

Өзбекәлі-оңтүстіктің жігіті. Өзі Отырар төбеде туып, Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесін бала кезден көріп өскен. Бір атасы әулиенің басына жерленген. Осындай қасиетті мекеннің совет кезінде қалай қорланғанын біледі. Күш қазандай қайнағанмен, дәрмен жоқ. «Сыртқы байланыстар» бөлімі оған тамаша мүмкіндіктер берді. Ол кезде Тараздағы Айша бибі мазары үйінді астында жатқан. Яссауи кесенесінің іші-сыртын құм басып, жарықсыз тұрған. Арыстан баб қараусыз қалып, күмбезі құзданып кеткен. Оларды жөндеуден өткізу мүмкін емес еді. Кесенеге жолап кетсең, басың бәлеге қалады. Коммунизм идеясы сүйегінен өтіп, кемігіне сіңген партократтар «ескілікті аңсады», «дінді жаңғыртып жатыр», «Лениннің жолынан тайды», -деп үстіңнен арыз түсіретін,- деп жазады С. Керімбай, Ә. Нәби «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабында [1].

Ол заманды айтпағанда, қазірдің өзінде көп шенеунік өзінің болмысын Арыстан баб, Яссауимен байланыстырмауға тырысады. Яссауи әулиенің абыройын көтеру-саяси карьерасына кері әсер етеді деп қорқады.[193 бет]. Өзбекәлі Қазақстанның тарихи мекендеріне турист тартамын деген сылтаумен өз заманында ақша бөлдіріп, тарихи орындарға, яғни кесенелерге жөндеу жұмысын жүргізді. Тіпті ЮНЕСКО-ның тізіміне енгіземіз деп құжат жинады. Сол-ақ екен, арыз бұрқ етті де, мәселе Бюродан бірақ шықты. Мыңмен жалғыз алысудан шаршамайтын Өзбекәлі Бюрода олардың аузына құм құйды. «Кешіріңіздер!» «Сыртқы байланыстар» бөліміне тағайындаған өздеріңіз. «Қазақстанға турист тарт!»-деп тапсырған да өздеріңіз. Енді мынаны айтыңыздар, Еуропадан келген туристі қайда апарып қыдыртамын? Өздеріңіз шетелде болып жүрсіздер. Бізді қонақ қылып күткенде мемлекет басшылары қайда апарады? «Біздің тарихымыз, бай мәдениетіміз»,-деп көне шіркеуін аралатады. Өздері әулие деп танитын киелі кісілердің қорымын көрсетеді. Әлем жұрты сол тарихты көреміз деп турист болып ағылады. Неге бізге солай етпеске? «қазан төңкерісіне дейін ғылым, білім, өнер, әдебиет, мәдениет, архитектурадан мақрұм, жабайы ел болдық»,-деп айтамыз ба? Қайта мың жылдық тарихы бар ескі архитектураны мақтанышпен көрсетіп, елімізді

танытып, туристерді молынан тартпаймыз ба? Олардың бәрі Алматы мен Шымкентті аралай бермейтін шығар,-деп қарсы шабуылға шықты. Бюро мүшелері дау айта алмады. Себебі, Өзбекәлінің уәжі Сыртқы байланыстар бөлімінің концепциясына сай келетін [1].

Өзбекәлі 1977 жылы Мәдениет министрінің орынбасары болып тағайындалды. Қолына билік тиген сәттен бастап Өзбекәлі бюджетті өзі бекітуге кірісті. Сауатты жылдық жоспар әзірледі. Қаржы министрлігіне өзі барып, табандап тұрып алып, бюджеттің бір тиынын да қысқартпастан, керек қаражатты бөлдіріп алды. 1977 жылы Өзбекәлі қызметке келгенге дейін Яссауи, Арыстан баб, Айша бибі сияқты тарихи ескерткіштерді ғылыми-зерттеу, реставрация жасау жұмысына-300 мың сом бөлінетін. 1981 жылы мұның мөлшері 3,5 млн сомнан асты. Яғни Өзбекәлі бюджетті он есе өсірді. Ал, 1984 жылы ол қызметінен алынып, және бір «мәдени айдауға» кетер тұста, бөлінетін қаржыны 9 млн-ға жеткізді. Бұл кезде СССР-дің «рубль», қазақша «сом» деп аталатын валютасы долларға шаққанда бірге бір болатын. Сонда 9 млн доллар бөлінген. Енді он доллардың қазіргі қуатына шақсаң, он есеге тағы өседі. Демек, Өзбекәлі ұлттық мәдениетті нығайту үшін бір ғана тарихи ескерткіштерді жөндеуге бюджеттен 90млн долларды жұлып алды деуге болады. Ақшаның мұндай сомасын реставраторлар өңі түгілі түсінде көрмеген. Ал бұл ақшаны сіз бүгін де көзбен көріп, қолмен ұстай аласыз. Өзірет Сұлтанның күмбезі, ою-өрнегі, есігі, едені Өзбекәлі бөлдірген қаржының күшімен қалпына келді. 1978 жылы топыраққа көміліп қалған жер асты мешітін қазып алған да осы ақшаның қуаты. Қазір Арыстан баб пен Яссауи кесенесіне келетін турист саны жылдан жылға көбейіп жатыр. Жұрт зиярат етіп, тамашалап жүрген құндылықтың бәрі-бір кездері Өзбекәлі тірілітіп кеткен руханият әлемі.

Өзбекәлі Мәдениет министрінің орынбасары болып жұмыс істеп жүрген кезінде бағына орай, қайраткердің жанынан Жұмабек Ташенов табылды. Ұлттық мүддеден басқа арманы жоқ екі арыстан Яссауидің кесенесінде тоқайласты. Ердесбек Әшенов есімді куәгер естелігінде былай деп жазады:

«Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне шетелден келіп жатқан туристер легі көп-ақ. Кесенені таныстыру үшін Өзбекәлі ағылшын, түрік, француз, орыс, қытай тілін білетін жастарды жинап, оларды қамқорлыққа алда. Бірнеше жерден кафе аштырып, ұлттық тағамдар дайындауды қалпына келтірді. Қымыз бен қымыранның қысы-жазы үзілмей келіп тұруын қадағалады. Дастарханнда ыстық тоқаш пен бетіне сәйдене сепкен ыстық тандыр нанның тұруын талап етті. Әшекеймен өрнектеле салынған дүкендерді сувенирмен толтырды. Сувенирдің көбін Түркия мен Сауд Арабиясынан алдырды.» Өзбекәлі кесенеге жиі келетін. Бірде жазушы Саттар Ерубаеттың мұражайын ашты. Сол кезде Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің көркі де, байлығы да-Петербордағы Тайқазанды алдыру жайлы сөз болды. Мұны ең алғаш қолға алған Өзбекәлі, Оны қостаған Ташенов болды. Өзбекәлінің қолындағы тарихи дерекке сүйеніп, Жүмекеңнің Мәскеу, Петербор қаласының басшыларына соққан қоңырауы аз болған жоқ [2].

1978 жылы Өзбекәлі Орталық музейдің көне қоймасын ақтарады. Қоймада күйе жеп, тозып кеткен көне заттарды музей мамандары акт жасап, жойғалы жатыр екен. Өзбекәлі үстінен түседі. Екі білегін түріп жіберіп, күйе жеп қойған жәдігерлерді бір тексеріп шықпақшы болады. Бір қызығы, әлемді шарқ ұрып іздеп жүрген ескі қасабасын сол қоқыс арасынан табады. Кенет тағы бір жәдігер көзіне оттай басылады. Қараса, Қожа Ахмет Яссауидің қабіржапқышы екен. Заманында Әмір Темір Әзірет Сұлтан кесенесіне арнап бірнеше сыйлық жасатады. Соның біреуі-Тайқазан, біреуі-Лауһы, біреуі-әулиенің қабірханасында тұрған шырағандар, енді біреуі-осы қабіржапқыш.

Қабіржапқыштың тарихы XV ғасырдан басталады. Яғни Әмір Темір заманының куәгері. Білген жанға тарих үшін бұл бағалы жәдігер.

Қазақстан Республикасы Орталық мұражай XIV ғасырдан жеткен Қабіржапқышты Орталық мұражай қорына қашан, кім әкеліп тапсырғандықтары туралы мәлімет бере алмаған. 2016 жылы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханада болған сапарымызда «Сирек кездесетін қолжазбалар» секторының меңгерушісі А. мұқабасы өгіз терісінен жасалған алып қолжазба Құран кітабын көрсетті. Кітапты 1951-1952 жж. кесенеден алып келгендігі жөнінде айтты. Бұл біз көзімізбен көрген ғана жәдігерлер. Біз білмейтін қанша жәдігерлер қолды болғандығы бір Аллаға ғана аян [3].

1970-1975 жылдары Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Ясауидің мұрасы мен іліміне алғаш бетбұрыс жасаған тұлғалардың бірі. Көне «Диуани хикмет» кітабының қолжазба, баспадан шыққан нұсқаларын мұражай қорына жинақтауды тапсырып, өз бақылауына алған болатын. Ауылды жерлерді аралап көптеген діни, тарихи кітаптарды қорық-мұражай қорына топтастыруға мұрындық болды.

Өзбекәлі ағаны алғаш көруім дейді белгілі ақын-сазгер Ә.Манапов «бала кезімде ауылға ұзын бойлы, сұсты, бұйра шашты кісі әкем Манап Көкеновпен үйге келді. Мәке, өзіңіз білесіз қазіргі таңда Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жоғалған дүниелерін түгендеп жүрміз. Мұражай құруды жоспарлап отырмыз. Ауылдан көне кітаптар жинап жүрген жағдайымыз бар. Осы жағына көмек қолын созсаңыз деді. Әкем осыдан біраз жыл бұрын тау бөктеріндегі ауыл маңында бір құдықтан көптеген ескі кітаптарды көргендігін айтты. Жас балаша қуанған Өзбекәлі машинаға мініп сол жақа тартты. Араға едәуір уақыт салып келді. Еңселері түсіп кеткен. Таппапты. Өзекең базыналыққа басып; «Мәке, өзің айттың, өзіңнен көр, маған енді, көне кітаптар табасың»-деді әңгімені төтесінен қайырып. Сөйтіп әкем ауылдан біршама көне кітаптарды жинап беруге қолғабыс жасаған болатын»-дейді естелік айтушы Ә.Манапов [4].

Сондай-ақ 1980 жылдар басында кесене ішінде сақталған құлпытастарды ғалым Әбсаттар қажы Дербісәліге (ол кезде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің оқытушысы) оқытып, алғаш болып ғылыми айналымға енгізді. Есім хан кесенесі, Шілдехана діни-ғұрыптық орны, Қылуат жерасты мешіті, белгісіз сағаналар, қам кірпіштен тұрғызылған қамал қорғанның шығыс бөлігі қалпына келтірілуіне, Рабия Сұлтан Бегім күмбезінің қайтадан бой көтеруіне септігін тигізді. Бұл тұрғысында «...Тарихымыздың, әсіресе ескерткіштеріміздің

білімпаздарының бірі – Өзбекәлі ағамыз еді» – дейді қоғам қайраткері М.Жолдасбеков.

Кесенеге жүргізілген қайтажаңғырту жұмыстарының кейбір тұстарына көңілі толмады. Алматыда жұмыс бөлмесінде отырса да, тұрса да көңілі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жүргізілген жұмыстарға алаңдаушылық танытты. Осы ойды Өзбекәлі Жәнібеков өзінің «Тағдыр тағылымы» еңбегінде одан әрі былай сабақтайды:

«Қолымызды байлай бергені – заттық-техникалық ресурстарды былай қойғанда, «Әзірет Сұлтан» қорығы сияқты аса күрделі сәулет ғимаратын қалпына келтіретіндей озық тәжірибенің жетісе бермейтінінде, маманданған шілеңгерлердің аздығында, әртүрлі себептермен бірін-бірі алмастыра берген шеберхана басшыларының тұрлаусыздығында еді» - деп жазды.

Осы орайда Өзбекәлі ағаға қатысты бір қызықты тарихи деректі келтіруді жөн санадым. 1982 жылдың күзінде «Казмузейреставрация» Түркістан бөлімі мамандары Қожа Ахмет Ясауи кесенесі күмбезінің ұшына қойылған «құббаны» алу туралы Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне хат жазады. Мақсат «құббаны» жаңғыртудан өткізіп орнына қайта қою болатын. Алдымен «құбба» сөзінің мағынасына тоқтала кетсек. Құбба жайында ғылыми әдебиеттерде жазылған материалдар жоқтың қасы десек те болады. «Құбба» арабтың сөзі күмбез дегенді білдіреді. Бұл тұжырымды шығыстанушы тарих ғылымдарының кандидаты А.А.Иванов та растайтындығын ғалым тарих ғылымдарының докторы, М.Қожа өз еңбегінде келтірген. Құбба ғылыми әдебиеттерде күмбездің ұштарына орнататын шошақтарды айтады. Ол көбінесе діни және сәулеттік құрылыстарға тән. Оны керамикадан, ағаштан немесе металдан жасайды. Құббаның іші қуыс, табан жағы кеңейтілген, жоғары жағы шар үстіне орнатылған конус тәріздес. Мойны мен табан бөліктері белдемше-буындарға бөлінген. Отырар ауданындағы Мыңшұңқырға жүргізілген археологиялық қазбадан төрт бүтін құбба және оның бөліктері табылған. Киелі шаһарды алғашқы болып зерттеген ғалым А.К.Кларе құббаларды мола ішінен де көп кездестіргендігін өз еңбектерінде жазып қалдырған.

Ал Қожа Ахмет Ясауи кесенесі күмбезінің ұшына қойылған «құбба» қоладан жасалған. Көлемі: биіктігі 79 см., диаметрі 45см құрайды. Пішіні құмыра тәріздес, ұшар басындағы кішкене табақшаның ортасында металл шабақтары айқаса орналасқан да оған жарты ай бейнесі салынған бөлігі бекітілген болу керек. Өкініштісі бұл бөлігі біздің заманымызға дейін жетпеген. Құббаның онан төменгі бөлігі құмыраның ернеуіне ұқсас, бірақ бүтін жұмырланып келген де мойын тұсына айналдыра жартылай дөңгелек тәрізді дөңестелген белдемше жасалған. Бүйірі дөңгелене сыртқа қарай шығып табанына қарай қайта қусырылған. Төменгі бөлігі құмыраның тұғыры іспеттес, яғни күмбездің ұшар басындағы ойыққа кигізіліп қоятын бөлігі болуы керек. Құббаның ғасырын анықтау үшін екі түрлі болжам жасауға болады. Біріншіден, XIV ғасырдан жеткен жәдігер болуы мүмкін. Себебі күмбез жұмысы аяқталған кезде ғана құбба қойылады. Бұл құрылыс саласының заңдылығы. Құбба XIV ғасырдан сақталған қола шырағандарға, қабірхана есігінің оң және сол жақ қабырғасына мозайкалық кірпішпен конус тәріздес салынған бейнеге де өте

ұқсас. Екіншіден, 1405 жылы Тұран билеушісі Әмір Темір Көреген дүние салған соң кесене құрылысы тоқтап қалғаны тарихтан мәлім. XVI ғасырда Сыр бойында орналасқан қалалар түгелімен Бұқар билеушісі Абдолла II қол астына өтеді. Тарихи дерек бойынша Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аяқталмай қалған құрылыстарын осы билеуші тұсында аяқталғандығы айтылады. Мүмкін құмба XVI ғасырда жасалып күмбез ұшына қойылған болуы да ықтимал. Кесенеге сый ретінде жасалған тайқазан, шырағандар, есіктер, лауха тәрізді жәдігерлерде қай жылы, не мақсатпен жасалғандығы жөнінде деректер кездестіруге болады. Ал құмбада өкініштісі ешқандай жазулар мен ою-өрнектер кездеспейді. Сондықтан құмба XVI ғасырда жасалған жәдігер деген пікірге келіп отырмыз.

Аннотация

Өзбекәлі Жәнібековтың аңызға айналған есімі аталғанда, нұрлы бет-бейнесін көз алдымызда елестеткенімізде, «кие» деген сөз ойымызға орала береді. Дәл осы бір-ақ ауыз сөз оның бүкіл болмыс-бітімін, тұлғалық қасиетін ашып тұрғандай көрінеді. Өзбекәлі Жәнібеков – өзінен кейінгі ұрпақ "Шераған" деп атап кеткен ұлт мақтанышы Шерхан Мұртаза айтқандай, киелі адам. Өйткені қазіргі қолда бар көп құнды тарихи жәдігерлердің, қасиетті мекендердің бүгінге бұзылмай жетуі туралы әңгіме қозғағанда, сөзсіз Өзбекәлі Жәнібековтің аты аталады. Шынтуайтына келгенде, Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің әрбір деталіне, бүге-шүгесіне дейін Өзбекәлі Жәнібеков көзінің қарашығындай қарап қалпына келтірді. Бұл – нағыз қайраткерге ғана тән қасиет.

Аннотация

Когда мы думаем об имени Узбека Жанибекова, слово «кие» вернется к нам, когда мы представим лицо Нурлы. Именно эта речь, кажется, раскрывает всю его личность и личность. Узбек Жанибеков – святой человек, что отметил гордость нации Шерхан Муртаза, который отметил, что следующее поколение – это «Шераган». Узбек Жанибеков, несомненно, будет назван, когда речь заходит о том, что многие существующие исторические памятники и сакральные поселения остаются нетронутыми. В свою очередь, Ходжа Ахмет Яссауи в мгновение ока отреставрировал каждую часть своего мавзолея со стороны Узбека Жанибекова. Это личность, которая предназначена только для истинной фигуры.

Annotation

When we think about the name of Uzbek Zhanibekov, the word "kie" will come back to us when we imagine the face of Nurlu. It is this speech that seems to reveal his whole identity and personality. Uzbek Zhanibekov is a holy man, as noted by the pride of the nation Sherkhan Murtaza, who noted that the next generation is "Sheragan". Uzbek Zhanibekov will undoubtedly be named when it came to the fact that many existing historical monuments and sacred settlements are undisturbed. In his turn, Khoja Ahmet Yassauy restored every part of his mausoleum with a blink of an eye from Uzbek Zhanibekov. This is a personality that is only for a true figure.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Әлімтаева Н.А. «Аталы сөз-баталы іс» Алматы, 2006ж, 103-105 беттер
- 2.Байниетова С. «Қожа Ахмет Иассауи» Алматы, 2007ж, 4-95 беттер
- 3.Керімбай С., Нәби Ә. «Өзбекәлі және мәдени майдан» Алматы, «Отбасы» 2023ж. 3-380 беттер
- 4.Тоғысбаев Б., Сужикова А. «Тарихи тұлғалар» Алматы, «Алматыкітап» 2012ж. 91-96 беттер

Қ.А.ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Садуакасова Назигуль Мухамедсагиевна
Астана қаласы әкімдігінің
«№38 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

Адамгершілік тәрбиесі – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол жанұя, мектеп, ұстаз, еңбек, қоғам, жеке ықпал арқылы іске асырылады. Адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, парасатты, сенімді, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағды. Қожа Ахмет Ясауи еңбектерінде осы қасиеттер кеңінен жазылғандықтан адамгершілік пен имандылық көріністерінің маңызын айқындау қазіргі ұрпақ үшін аса маңызды болып келеді. Сондықтан мақсатымыз Қожа Ахмет Ясауидің еңбектеріндегі адамгершілік пен имандылықтың көріністерін айқындау болып келеді.

Міндеті:

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын зерттеу;

Мектеп бағдарламасына сай хикметтерді талдау;

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын сыныптас тыс іс-шараларда пайдалану алғышартын жасау.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарты – оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасы анықталады. Ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды, себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады. Тарихымызда адамгершілікке байланысты пайда болған категориялар: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ар мен намыс тағы басқалары. Адамгершілік– адамдардың практикалық өмірінен тамыр алып, пайда болған әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, олармен бірге дамиды.

Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі – адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу. Арлы адам – ардақты.

Халқымыз кір жуып, кіндік кескен туған жерін аялап, елінің тілі мен мәдениетін, әдебиеті мен тарихын, аяулы перзенттерін мақтан тұтып, қадірлеп, қастерлеуді ұрпағына аманат еткен.

Білім берудің өзекті мәселесі – адамгершілік тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның дүние есігін ашқан кезінен бастау алуы керек. Халықта ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болатыны айтылады. Сондықтан да бала бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Адамгершілік, имандылық тәрбиесін мектеп қабырғасында бойға сіңіру – жауапты да, үлкен міндет. Адамгершілік, имандылық тәрбиенің мақсаты – жалпыадамзаттық құндылықтармен, нормалармен, дәстүрлермен үйлесетін моральдық қасиеттер мен көзқарастар қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндері арқылы адамгершілік тәрбие беруге болады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сүйене отырып, жеке тұлғаның нағыз адам болуын, мінез-құлықты жетілдіру тәрізді міндеттерді жүзеге асыруда Қожа Ахмет Ясауи еңбектерінің алар орны ерекше. Ясауи хикметтері арқылы адамзат тарихында ескірмейтін, мәнін жоймайтын тәрбиенің бағыттарына талдау жасатып, маңызын ашып, қорытынды жасауға төселдіру – өзекті мәселе. Жаһандық өзгермелі заманда тағылымы мол Қожа Ахмет Ясауи еңбектерін мектеп бағдарламасына енгізу өзекті мәселе.

Қожа Ахмет Ясауи – қазақ тарихында сопылық поэзияның негізін қалаушы. Жастайынан мұсылманша білім алып, осы салада ерен еңбек еткен. Өз дәуірінің әдеби-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған, туған әдебиетіміз бен тіліміздің биік тұлғасы тұғырына көтерген ұлы ғұлама - ғалым, ұлағатты ұстаз. Ол келешек ұрпақтың тәлім -тәрбиесіне өзінің талантын, білімін арнаған, ақиқатқа жол бастаушы қаламгер. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне, оның ішінде қазіргі қазақ әдебиетінің, тілінің қалыптасып дамуына әсер етті. Хикметтері мен рухани - адамгершілік мұралары ұлттық тәлім – тәрбие беруде үлкен орын алуда. Оның еңбектері: «Диуани хикмет», «Пақырнама», «Мұнажатнама», «Көңілдің айнасы» және өмірбаяны ретінде түрлі аңыз әңгімелер мен хикаяттары бар.

Қожа Ахмет Ясауидің еңбегінде отбасы, ақыл – ой, дүниетанымдық, адамгершілік, өзін-өзі тәрбиелеу мәселелері көтеріледі. Ол халыққа дұрыс жол сілтеп, нағыз адам болу үшін қандай шарттарды орындау керектігін де ашып айтып берген. Хикметіне назар аударайық:

Сөзді айттым кімдерге де етсе талап
Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым, міне.
Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,


Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый.
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып дариядай тастым, міне.

(1-6 хикметтер қазақ тіліне аударған М. Жармұхамедұлы)

Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтері адамды Адам ретінде қалыптастырар концепция ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Қожа Ахмет ең әуелі адамды сүйіп, адамды құрметтеп, адамға аса бір мейірімділік танытқан жалпыадамзаттық қағиданы ұстанды. «Диуани хикметтің» мазмұны осы қағиданы дәріптейді. Адамға мәнді өмірдің жолдарын көрсетуге Ясауиді жетелеген осындай сүйіспеншілік сезім еді. Адам болмысы – адамның сыртқы тұлғасын да, ішкі жан дүниесін де көріктендіріп тұратын көркем мінездер жиынтығы. Олай болса, Ахмет Ясауи хикметтерінде осы мәселе түбегейлі шешімін тапқан. Бұл, бір есептен өмірмәндік сауалдардың шешімін шығарар құндылықтар жүйесі.

Осы шығармалармен сусындаған білім алушылар бойынан жақсы қасиеттерді көре аламыз (1-сызбанұсқа).



1-сызбанұсқа

Міне, осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі. Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды.

Имандылықтан туатын құндылықтарды әділеттілік, турашылдық, ар-ұят, намыс, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, мейірімділік, ата-анаға құрмет, отансүйгіштік, қанағатшылдық, тазалық махаббат, адамды сүю, жүректілік деп тізіп, ал имансыздықтан туындаған зұлымдық, жалғандық,

екіжүзділік, опасыздық, менмендік, риякерлік, қорқақтық сияқты жаман қылықтарды масқаралық сипатына жатқызып, бұлардан аулақ болуын ескертеді. Осы құндылықтарға баулу сабақ барысында және сыныптан тыс іс-шаралар кезінде қамтылады. Алдымен, сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерге тоқталайық.

6-сынып оқушыларына *INSERT* әдісі сынды әдісті қолдануға болады (сурет 1). Сонымен қоса осы сынып оқушылары Қазақстан тарихынан орта заман тарихын өтетіндіктен пәнаралық байланысты негіздей отырып орындау жақсы әсерін береді. Сабақ барысында «Сіздер Қ.А.Ясауи еңбектерінің негізгі тақырыбы туралы не ойлайсыздар?» сынды тапсырма ұсынуға болады. Берілетін дескриптор:

- бұрыннан білетін ақпаратын жазады – 1 балл;
- жаңадан білген ақпаратын жазады – 1 балл;
- дәйек келтіре отырып өз ойын жазады – 1 балл;
- сыныптасына сұрақ ұсынады – 1 балл.

Бұрыннан білемін	+ Жаңадан білдім	- ойладым	? Сұрағым бар

Сурет 1

Бұл тапсырма арқылы оқушы орта деңгей дағдыларын игереді, яғни ақпаратты біледі, түсінеді және қолдана алады.

7-сынып оқушыларына қолдануға болатын әдіс-тәсілдің бірі *ПОПС* формуласы болып келеді (сурет 2). Мәселен, «Қ.А.Ясауи еңбектерінде адамгершілік қасиетті насихаттайды». Берілетін дескриптор:

- Позициясын таңдайды – 1 балл;
- позициясын түсіндіреді – 1 балл;
- позициясын дәлелдейді – 1 балл
- қорытындылайды – 1 балл.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша ...»
Екінші сөйлем «Оны мен былай түсіндіремін ...»
Үшінші сөйлем «Оны мен ... сынды фактілермен дәлелдей аламын»
Төртінші сөйлем «Осыған байланысты ... деген шешімге келдім».

Сурет 2

Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушылар Қ.А.Ясауи еңбектерін саралай алады.

8-сынып оқушыларына ұсынатын әдіс – «Салыстыру» әдісі. Оқушылардың жас ерекшеліктері жоғарғы деңгейлі тапсырманы орындауға сәйкес келеді. Сонымен қоса салыстыруға ұсынатын Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, зар заман өкілі Шортанбай Қанайұлымен таныс болғандықтан ақпаратты қолданады, бағалай алады. Яғни оқушылар Қ.А.Ясауи шығармаларын Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шортанбай Қанайұлы шығармаларымен салыстырып, ұқсастығын зерделей алады.

Салыстыру әдісін алудың өзіндік себептері бар. Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында да сопылық ілімнің негізі бар деуге негіз жетерлік. Мәселен Қ.А.Ясауидің «Диуани» хикметі мен Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңі салыстыруға болады (1-кесте).

<p>“Ғылым таппай мақтанба” А.Құнанбайұлы</p>	<p>“Диуани» хикмет” Қ.А.Ясауи</p>
<p>Ғылым таппай мақтанба. Орын таппай баптанба. Құмарланып шаттанба. Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның, білсеңіз.</p>	<p>Сөзді айттым кімдерге де етсе талап Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап, Діні қатты халайықтан қаштым, міне. Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй, Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый. Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый, Бойым тыйып дариядай тастым, міне.</p>

1-кесте

Бұл салыстыруда Абай Құнанбайұлы мен Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінде адами қасиеттерге жат еріншектік, өсек айту, өтірік сөйлеу, мақтаншақтық, дүниеқоңыз, пасық болудан аулақ болуды ашық айтады.

Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығын “зар заман” өкілі Шортанбай Қанайұлының да еңбегімен салыстырып көрелік (2-кесте).

<p>“Диуани хикмет” Қ.А.Ясауи</p>	<p>“Өкінсең жоқ келері” Ш.Қанайұлы</p>
<p>Үлкен, кіші адамдардан әдеп кетті, Қыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті. «Ұят барда иман бар» деп Расул айтты, Арсыз қауым бүлдіріп бітті, достар. Мұсылман мұсылманға болды қатал, Нақақ істеп хақ жұмысын бұзды батыл. Мүрит пірге жылы жүзбен болмай жақын, Ғажап сұмдық замана болды, достар. Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ, Патша менен уәзірлерде әділет жоқ. Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ, Түрлі бәле халық үстіне жауды, достар.</p>	<p>Мейір кетті пендеден, Сөйтіп ердің алдынан, Ақыл сұрасаң азбассың, Көпті көрген көнеден. Қасиет кетті төреден, Ғаділдік кетті билерден, Абырой кетті әкімнен. Қайын енесі ас ішпес, Қабағын түйген келіннен. Жалғыз құдай болмаса, Енді үміт жоқ өзгеден.</p>

2-кесте

Шортанбай Қанайұлы Ресей империясының қол астына өту кезеңіндегі халықтың мұңын жырлап, заманға өкпелесе, Ахмет Ясауи адамға өкпелі. Шортанбай қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған Қазақ хандығының дәуренін кеткенін айтып жырласа, Ясауи адамның Құдайын ұмытқанына налиды.

Осылайша екі тұлғаның ортақ тақырыбы адамзаттың қасіреті, азғындық. Қожа Ахмет Ясауи осы қасіретпен күресу үшін адам бойында адамгершілік, имандылық, мейірімділік сынды қасиеттерді дамыту қажеттігін айтады.

Тапсырмаға берілетін дескриптор:

- екі еңбектің айырмашылықтарын табады – 1 балл;
- екі еңбектің ортақ тақырыбын табады – 1 балл;
- екі еңбектің негізгі тақырыбын анықтайды – 1 балл;
- екі еңбектің тарихи дәуірін анықтайды – 1 балл.

Бұл салыстыру әдісі 8-сынып оқушылары үшін ұтымды деп есептейміз. Өйткені аталған әдіс оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін сыни ойлауды дамытатын ұтымды әдіс. Оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну әрине, ынта-зейінді қажет ететін күрделі әрекет. Сондықтан бұл әдіс те ұтымды деген тұжырым жасаймыз.

Талдау жұмыстарына төселдіру мақсатында факультатив сабақтарында, үйірме жұмыстарында 9-11 сынып оқушыларына Қ.А.Ясауи хикметтерін оқытып, идеясын ашуға, өмірдегі маңызына талдауға болады.

Сыныптан тыс іс-шара ретінде «Кино-quiz» әдісі арқылы «Қ.А.Ясауи» кинофильмін талдау, «Дара жол» форматындағы кездесу кешін өткізу, «Подкаст» әдісі арқылы оқушылармен «Диуани» хикметінің тақырыбы мен идеясына талдау ұйымдастыруға болады. Бұл іс-шаралар аудиал, визуал, дигитал оқушылардың ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, анализ жасауына оң ықпал етеді. Қожа Ахмет Ясауидің кемелденген шағындағы өмірін зерделеу - өскелең ұрпақ үшін маңызды іс. Сондықтан мектеп қабырғасында түркі дәуірінің атақты ғұламасының еңбегін талдау, насихаттау аса маңызды болып келеді.

Қ.А. Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе, өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, ал оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай, өміршендігі арта түсуде. Қожа Ахмет Ясауидің қазақ мәдениетіндегі орны өлшеусіз. Ұлттық дүниетанымымыздың қалыптасуында Ясауидің хал-хикмет ілімі жетекші рөл атқарған болса, оның «Диуани хикмет» жинағы осы ілімді таратудағы ең басты құрал болды, сондықтан да пәнаралық байланысты арттыруда, ақын-жазушылар шығармаларын талдағанда үзінділерін беріп, идеясын ашқызу имандылық пен адамгершілік тәрбие беруге үлкен үлес қосары сөзсіз. Ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарыту үшін қазақ халқына жат, жаңа дүниені енгізгеннен, тәрбиеге тұнып тұрған Ясауи шығармаларымен сусындату анағұрлым дұрыс деп тұжырымдаймыз.

Аннотация

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары – оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Осы жолда Қ.А.Ясауидің еңбектерін басшылыққа алып, идеясын, өмірдегі маңызын ашқызып, нақты деректермен дәлелдету – маңызды. Қожа Ахмет Ясауи жалпы түркілік мәдениет кеңістігінде өзіндік ерекше ілім түрін қалыптастырып, ойлау жүйеміз бен тұрмыс салтымызға исламдық рухани құндылықтарды дарыту жолын, ар түзейтін ғылымның негізгі этикалық-моральдық шарттары мен үлгісін көрсетіп кеткен тарихи тұлға.

Ясауи: «Сіздің біріңіз, жамандық іс көре қалсаңыз, оны қолыңызбен түзелтіңіз», -деп, жақсылыққа үндейді. Бойында имандылығы бар адам жамандыққа бармайды деп ашық жазады, сондықтан да адамгершілік, имандылық тәрбиесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы мәселені шешуде Қ.А.Ясауи еңбектерін сыныптан тыс шараларда, тәрбие мәселесінде негізге алған өте орынды. Мақаламда Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтері адамды Адам ретінде қалыптастырар концепция екеніне дәлелдемелер келтірдім. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сондықтан да Қ.А.Ясауи мұраларын зерттеп, мектеп бағдарламаларына енгізу – өзекті мәселе.

Аннотация

Важными педагогическими условиями нравственного воспитания являются формирование у учащихся активной жизненной, сознательной позиции, единства слова и дела, предотвращения отклонений от нравственных норм. При этом важно руководствоваться работами К. А. Ясауи, доказывать его идеи и их значение в жизни реальными данными. Ходжа Ахмет Ясауи – историческая личность, создавшая свой особый тип учения в общетурецком культурном пространстве, показавшая путь внедрения исламских духовных ценностей в нашу систему мышления и образ жизни, основные этико-нравственные условия и модель реформирования науки.

Ясауи, призывая к добру писал: «Один из вас, если увидишь плохой поступок, исправь его своими руками». Он открыто пишет, что человек, который верит в него, не делает плохих поступков, поэтому морально-нравственное воспитание является сегодня актуальной проблемой. В решении этой проблемы весьма уместно положить в основу работы К. А. Ясауи внеклассную работу и вопросы воспитания. В своей статье я привела доказательства того, что мудрость Ахмета Ясауи – это концепция, формирующая человека как личность. Его литературные, культурные и суфийские произведения оказали большое влияние на развитие современного казахского литературного языка, его мудрость и духовно-нравственное наследие оказали большое влияние на национальное образование. Вот почему исследования наследия К. А. Ясауи является актуальной задачей по внедрению в школьную программу.

Annotation

Significant pedagogical conditions for moral education are the formation in students has an active, conscious position in life, unity of word and deed, and prevention of deviations from moral norms. To demonstrate the importance of K. A. Yassawi's ideas and their relevance in life, it is necessary to follow his works and present actual data. In the all-Turkish cultural space, Khoja Akhmet Yassawi is a historical figure who has created a unique form of education that demonstrates how to incorporate Islamic spiritual values into our way of thinking and lifestyle, as well as fundamental ethical and moral requirements, and a model for science reform.

Yassawi advises, «If you notice something negative, change it with your own hands and turn it around». He openly writes that a person who believes in him does not do bad things, therefore, moral education is a pressing problem today. In solving this problem, it is very appropriate to base the work of K. A. Yassawi on extracurricular activities and educational issues. In my article, I provided evidence that the wisdom of our grandfather Akhmet Yassawi is a concept that shapes a person as a person. His literary, cultural and Sufi works had a great influence on the development of the modern Kazakh literary language, his wisdom and spiritual and moral heritage had a great influence on national education. That is why researching the legacy of K. A. Yassawi and including it into school curricula is an urgent task.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. А, 1977.
2. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. М, 1974. Стр. 191-230
3. Кенжетаяев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 259б.
4. Қожа Ахмет Ясауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б.
5. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017ж
6. Интернет көзі <http://azretsultan.kz/?p=3204>
7. Ясауи Қожа Ахмет. Хикметтер (жалпы ред. басқарған және алғы сөзді жазған М.Қ.Әбусейітова: қазақшалаған Ә.М.Ибатов, З.Жандарбек, А.Ш.Нұрманова; түсініктемесі З.Жандарбек). Алматы: Дайк-Пресс, 2000, 83-б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Садыкова Гульмира Жумабаевна

Астана қаласы, № 31 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің
мұғалімі, бакалавр, педагог- модератор

«Кей адам, дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»-

деп, Ұлы Абай атамыз айтып кеткендей, өз заманында «Атасының емес, адамның баласы болған» дүние-мүлік жинамай, бар ғұмырын білім-ғылым жолына сарп еткен, Ортаазиялық философ, ислам уағызшысы, сопылық ақын, пәлсапашы, халықты ислам дініне жетелеген Ахмет Ясауидің шығармасы бүгінгі мақаламның арқауы. Ұлы ойшылдың ұлтына тигізген пайдасын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Мақсаты: Ғұламаның ғибратқа толы телегей-теңіз шығармашылық мұрасын заман талабына сәйкес жаңаша дәріптеу;

Өзектілігі: «Адам болу – адамгершіліктен басталады» және «Тәрбие- адам тағдырын шешетін ұлы іс», адамгершілік пен тәрбиенің қаймағын, Ясауи шығармаларынан таптым.

Негізгі бөлім: Байтақ еліміздің қай қиырында да, қай кезеңде де ойшыл-ғұламалар маңызды рөл атқарған. Олар халықты бірлікке үндеп, қазақ көгінде күндей болып жарқырады. Дінде терең, ғылымда кемел, тарих пен әдебиетке жетік болды. Жаһандану тасқыны артқан уақытта біз ұлт тұлғаларына жүгінеміз. Алдымыздағы заман көк тұман болып тұрған кезде бет түзейтін бағдарымыз – Қожа Ахмет Яссауи, Әл-Фараби сынды кемеңгерлер. Ұлы дала даналарының дін, иман, жан, рух жөніндегі ілімі еш уақытта маңызын жоғалтқан емес. Халқымыздың бітім-болмысы да адамгершілік, сыйластық, имандылық, білімге құштарлық сияқты ізгі қасиеттермен көмкерілген. Ұлттың рухани мұралары қанша ғасырдан бері дін қағидаларымен берік үйлесім тауып келеді. Түркі әлеміне ислам дінінің кірігіп, ағартушылық мән-маңызға ие болуына айтарлықтай үлес қосқан кемеңгердің бірі Қожа Ахмет Яссауи екендігі мәлім. Биыл Түркі жұртының рухани ұстазы Ясауидің дүниеге келгеніне 930 жыл толып отыр.

Ойшыл туындыларындағы дін мен іргелі ілім өскелең ұрпақ үшін құнды мұра. Жастардың таным көкжиегін арттыруда Ясауи еңбектері көбірек қолданылса нұр үстіне нұр болар еді дейді олар. Көрнекті тұлғаның зерттелмей жатқан еңбектері аз емес. Соларды ыждахаттап, ғылыми айналымға енгізсе жастар үшін жасаған ілкімді іс болмақ. Ясауи адамзатқа хақ жолы деп ар-ождан, имандылық, әділет құндылықтарын ұсынды. Ұлтына, жынысына, түр-түсіне немесе абырой- дәрежесіне қарай кісі баласын алалауға қарсы болды. Ұлттар арасындағы, бай мен кедей арасындағы қайшылыққа жол бермеуге үндеді. Мұндай ізгі ойлардың тамыры ойшыл еңбектерінде толып тұрғаны айқын.

Ясауи бабамыздың еңбектеріндегі адамгершілік тақырыбты талдағанда, шоқтығы биік болып тұратын бір еңбегі ол - **ДИУАНИ ХИКМЕТ**.

«Диуани хикмет» – көшпелі елдің ауыз әдебиеті. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің идеясы, жазылу тарихын, мәнін, ислам дініндегі рөлін Көпрүлузде, Баднарлы, Бертельс, Боровков, Рустамов, Зохидов, тағы басқа ғалымдар жан-жақты зерттеді. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады. Біріншісі – шарифат. Екіншісі – тариғат. Үшіншісі – мағрифат. Төртіншісі – хақиқат. «Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күш. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін,

өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады.«Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.Диуани хикметте» жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы тұжырымдар бертін келе, қазақ ақын-жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік жалғасын шығарды.Адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы біз үшін хикметтер табылды.

ЖАРАТУШЫ ЖАН-АЛЛА

Жаратушы – Жан-АЛЛА,

Жарылқаушым ғаламда.

Мейіріңнен дәметем

Кірпігімді жабарда.

Әзірейіл төнгенде,

Қарқараға келгенде

Не қылармын, Құдай-ай!?

Жан тапсыру уайымын,

Әзәзілдің ойынын –

Сенен жәрдем болмаса

Не қылармын, Құдай-ай!

Қожа Ахмет Ясауи өзінің хикметтерінің бірі «Жаратушы жан-Алла»-деген шығармасында халыққа үлкен бір ой салды. Ажалы жеткен адамдардың жанын алатын кезде Әзәрейілдің төнетінін, ажалы уайым екенін, сондай-ақ қабірде сұрақ алғанда өзінің жасаған істеріне жауап беретін еске салып, халыққа нәпсі-кірге алданбауға алданбауын ескерткен. Дәл осылай ол өзінің басқа шығармаларында (хикметтерінде) халыққа ислам дінін уағыздап, жақсылыққа шықырып, арам ойдан қаштырған. Ол жазған барлық хикметтерінің тәрбиелік мәні түсінген адам үшін үлкен бақыт.

Жалпы Ясауи еңбектері өте күрделі болып келеді, оларды бірден игеріп алып кету мүмкін емес. Оның әрбір еңбегінде философиялық, әдеби, діни, психологиялық, этнопедагогикалық, әлеуметтік, тіл т.б. да тәлім-тәрбиелік мәселелер кеңінен қарастырылған. Сол себептен де өте ұқыптылықпен әрбір сөзіне талдау жасап өткізуді қажет етеді. Ясауи өз хикметтерін, құран кәріммен тең көрген. Ол туралы өзінің хикмет шумағы да бар, әрбір еңбегіне жеке-жеке тоқталып өткен дұрыс сияқты.

Ахмет Ясауи тәрбиесінің адамға ықпал ету күшіне сенді, адамгершілігі мол адам қаталдыққа бармайды деп есептеледі. Тек дұрыс тәрбие ғана ақымақтық істерден сақтандырады, сондықтан мінез-құлықты түзеу тәрбиенің басты мақсаты.

Адамгершілік қалыптарын ұсыну сол кездегі ойшылдардың алдында тұрған аса құнды проблемалық мәселе болды. А.Ясауи де халыққа дұрыс жол сілтеп, нағыз адам болу үшін қандай шарттар керек екенін көрсетуді өзінің басты парызы деп білген. Оның өмірде неге ұмтылып, неден безіну керектігін

бейнелейтін моральдық ұғымдарын оқып, үйренудің бүгінгі кезең үшін мәнді тұсы жастардың тәртібі, этикалық және эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру ісінде тәлім-тәрбиелік бағдар бола алатын мүмкіндігінде.

Тәжірибелік мақсаты: қазіргі кезде Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың еңбектері мектеп бағдарламаларына еніп жатқаны көз қуантады. Дегенмен де, бастауыш орыс сыныптарының қазақ тілі оқулығына әлі де болса еш еңбегі енбеді. Бастауыш сыныптарда «Сәулет» тақырыбын өткенде, біз Ұлы ғұламаның кесенесі туралы көп мәлімет береміз. Сол кезде оқу бағдарламасында жоқ болса да, Ахмет Ясауидің кім екенін айтып, даналық сөздерін сабағымға арқау етемін. Бірақ та, мен әр сабағымда, ұлы ойшылдың тақырыпқа сай келетін кез-келген нақыл сөздерін эпиграф ретінде аламын. Мысалы: «Отбасы» тақырыбын өткенде «Ата-анаңның батасы, бақытыңның бастауы» деген даналық сөзін алғанымда, сабағымның тақырыбы керемет ашылып, сабағым өз мақсатына жеткен болатын. Сонымен қатар «Қазақ тілін үйренейік!» деген қосымша үйірме сабағымда да ақынның шығармаларын талдаймыз. Орыс сыныбының оқушылары өздері қазақ тілін енді үйреніп, тіліміздің алғашқы сатыларында жүргеннен кейін, оларға Ұлы ойшыл ақынның тілге жеңіл, даналық сөздерін үйретіп жүрмін.

Мысалы: «Әділ сөйлеп, адал жүр», «Не болса да, сабыр қыл», деген даналық сөздерін оқытып, оқушылармен бірге талдадық. Оқушыларымның ойына «Өмірде ең алдымен тура жолда жүріп, адалдықты ту етіп ұстау керектігін, Не жағдай болса да, ең бастысы сабыр сақтау қажет екендігінде айтып» ақын шығармасы арқылы ой сала білдім, деп ойлаймын.

«Сабырлық білдіру, адамдық қадір-қасиетті жоғары биікке көтере білу», Қожа Ахмет бабамыздың даналық сөздерінің бірі. Бұл нақыл сөзін талдағанда, оқушылар керемет әсер алды.

Сонымен қатар, «Адал достық» тақырыбын өткенде «Жамандық ойлама, қиын да болса түзу жолмен жүр», «Кісі ақысын жеме», «Өзгеге жақсылық жасағаның, бақыттың жолын ашқаның» деген, ғұламаның тағы асыл сөздерімен таныстық. Қазіргі оқушылар өте ақылды, дарынды десем де болады. Олардың өз ойларын айтып, пікірталас жасағанын көрсеңіздер таң қаласыздыр.

- Халқыңа, еліңе әділ бол, жаныңды Отан құрбаны қыл;

- Қолыңа түскенді жоқ-жітіктен аяма, жомарт бол;

- Дүниеқұмар, боққұмар, пейілсіз болма.

- Қанағат, рақым сақта;

- Үлкен сөзін, ғұлама сөзін, ұстаз сөзін, ақылдарын екі етпей тыңдап, ұғын, нағыз тура жол осы! - деген басқа да нақыл сөздерін де 3-4 орыс сыныптарының оқушыларымен талдап, керемет ой түйіп, жақсы әсер алдық.

Сондай-ақ, ұлы бабамыздың «**Ұстазыңа бар ықылас ниетіңмен қызмет қыл!**» деп ұстаздың мәртебесін жоғары қоятын, дана сөзі менің де оқушыларымның басты ұстанымы десем де, болады. «Тәрбиесіз берілген білім-адам баласының қас жауы» деп Әл-Фараби атамыз айтып кеткендей, әр сабағымда оқушыларымның бойына адамгершілік пен имандылықтың бір дәнін себе білсем және оның нәтижесін көре білсем, мен үшін одан асқан бақыт жоқ. Ал тәрбиенің бастауы – ғұламалардың біздерге қалдырған асыл қазынасында,

соның ішінде қаймағы- Қожа Ахмет Ясауидің шығармасында дер едім. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына ұлттық құндылықты дарыту қажет, ал ұлттық құндылықтың қайнар көзі-Ясауи атамыздың шығармасында.

Қорытынды.Қожа Ахмет Ясауидің барлық хикметтерінің тәрбиелік мәні халықты имандылыққа шақыру. Адамдарға өз бойындағы адалдық, имандылықтың күшеюіне ең керектісі иман екенін жеткізген. Адам баласын жаратқан Аллаға кіршіксіз сеніп, арам пиғыл ойлардан аулақ жүруге үйреткен. Әрбір жақсылыққа қанағат етуді жазып қалдырған. Осы мақаламның ең маңызды бөлігіне келе отырып Қожа Ахметтің хикметтерінің мәні дұрыс жолға бағытталғанын білдім. «Әрбір адамның қадірін, ішкі дүниесі, адамгершілігін жетелеу үшін имандылық керек, мен соған жетелеймін»-деген арманын арқалап, жасы келсе де болашаққа қажетті азық қалдырам деп тыным таппай еңбек етіп хикмет жазған тұлпардың тұяғының әрбір сөзі мен ісі жас ұрпаққа үлгі болып қалуы тиіс деп ойлаймын. Болашақта бабамыздың құрметіне мектептерде ұлттық құндылықты дамыту мақсатында, «Ясауитану» қосымша пәні енгізілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қазақ тілі маманы ретінде де сондай пәннің ары қарай дамуы үшін өз үлесімді қосар едім.

Аннотация

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолын» жазу үшін, өмірінің сан жылдарын арнаған болса, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын зерттеу үшін де, ғалымдардың сан жыл уақыттары арналуда, себебі ғұлама бабамыздың ұрпақтарына қалдырған мұрасы өте көп.

Ұлы ғұламаның артына қалдырған еңбектері ұшан-теңіз. Күллі түрік ғалымдары Ахмет Ясауидің еңбектерін мойындап, әлі күнге зерттеу үстінде. Менің бүгінгі мақалама да арқау болған, ол кісінің еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі.

Түркі әлемінің атақты ұлы ойшылының өмірбаяныны жайлы әр қазақ баласы біледі, мен өз баяндамамада ғұламаның өміріне емес, оның еңбектерінің ішіндегі тәрбиенің, адамгершіліктің қаймағы болған, маржан ойларына тоқталғым келеді. Ғұламаның ғибратқа толы телегей-теңіз шығармашылық мұрасын заман талабына сәйкес жаңаша дәріптеу бүгінгі күннің басты міндет-мақсаты.

Бабамыздың қасиетті мекеніне де көп дерек жинап келу үшін, 2023 жылдың жаз айында барып, бір рухани байып келдім. Содан бері әр сабағымда тақырыпқа байланысты, бабамыздың бір нақыл сөзін алып, сабағымның тәрбиелік мақсатына жетіп отырдым.

Великий казахский писатель Мухтар Ауэзов посвятил» Абай жолы", годы своей жизни, а также исследования произведений Ходжи Ахмеда Ясави, годы ученых посвящены, потому что наследие, оставленное потомкам нашего великого предка, очень велико.

Работы, оставленные великим ученым - это большое море. Все турецкие ученые признали труды Ахмета Ясави и до сих пор работают над исследованием. В моей сегодняшней статье, это нравственное, нравственное воспитание в трудах человека.

О биографии выдающегося великого мыслителя тюркского мира знает каждый казах, и в своем докладе я хочу остановиться не на жизни Улама, а на том, что в его трудах есть смысл воспитания, нравственности, кораллы. Сегодня главная задача-популяризация в соответствии с современными требованиями творческого наследия ученого

Летом 2023 года я отправился в святое место Туркестана, чтобы собрать много информации о наших предках, и ушел духовно обогащенным. С тех пор на каждом уроке, в зависимости от темы, я брал одно из изречений нашего дедушки и запоминал его своим ученикам, достигая воспитательной цели моего урока.

If the great Kazakh writer Mukhtar Auezov devoted many years of his life to writing the " path of Abai", then many years of scientists are devoted to the study of the works of Khoja Ahmed Yasawi, because the legacy of our great ancestor left to his descendants is very much.

The works left behind by the great scientist are flying. All Turkish scientists have recognized the works of Ahmet Yasawi and are still studying it. My article was also based on the education of morality and morality in the works of this man. Every Kazakh child knows about the biography of the famous great thinker of the Turkic world, and in my report I would like to focus not on the life of a scientist, but on the thoughts of marzhan, which were the cream of upbringing, morality among his works. The main task-the goal of today is to popularize the instructive Telegram- sea creative heritage of the scientist in a new way in accordance with the requirements of the Times.

In the summer of 2023, I went to a holy place in Turkestan to gather a lot of information about our ancestors and came away spiritually enriched. Since then, in every lesson, depending on the topic, I took one of our grandfather's sayings and memorized it to my students, achieving the educational goal of my lesson.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Учительские университеты «Өнегеммен ұлысың ұла баба. /А.Яссауи туралы»
- 2.Ұ.Т. Ташкенбаева. Сулейман Демирел университеті (Алматы қ., Қазақстан) Қожа Ахмет Ясауидың педагогикалық еңбектеріндегі адамгершілік тәрбие мәселелері 7 Наурыз, 2019,
- 3.Қожа Ахмет Ясауи мұрасындағы тұлға қалыптастыру мәселесінің қарастырылуы, 14.07.2020 Алия Тимуровна

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЗАМАНЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНДАҒЫ АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Сальменова Жадыра Куатовна

Т.Айбергенов атындағы № 16 орта мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-модератор

Тарихта халықты тәрбиелейтін, қоғамға бағыт-бағдар беріп, оларды қалыптастыруға тырысатын үлгілі, тұлғалар болған. Бұл қайраткерлерді өз

қоғамының да, басқа қоғамдардың да тұлғалары қызықтырып, үлгі алуға тырысқандары сөзсіз. Сопы ретінде танылған, ақын, түркілердің сенімінде, қоғамында, рухани өмірінде маңызды орынға ие болған Қожа Ахмет Ясауи де солардың бірі. Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидің адам тәрбиешісі тұлғасы мен үлгісі зерттеліп, оның адам тәрбиесіндегі табыстары мен қолданған әдістеріне баса назар аударылып, оларды бүгінгі күні қалай қолдануға болатыны қарастырылады.

Білім беруде жаттықтырушы мен тәрбиешінің рөлі мен үлгісінің қаншалықты маңызды екенін айтып жатудың қажеті жоқ. Тәрбиеші өз пәнінен хабардар болуы және өз іс-әрекетінде шынайы болуы керек. Әйтпесе, тиімді және табысты болу мүмкіндігі өте аз. Бұл тұрғыда Қожа Ахмет Ясауидің кемелдікке жақын екенін көреміз. Құранды, сүннетті, сопылықты, қысқасы, өзі үйретуге тиісті Ислам дінін өте жақсы білген. Қожа Ахмет Ясауидің бұл мақсатқа жетуінде Алланың рақымынан бөлек, оның жақсы отбасы мен жақсы ортада өскендігі де үлкен рөл атқарса керек. Анасы мен әкесінен жастай айырылса да, балалық шағы адамның алғашқы мінез-құлық сызықтары қалыптасқан жақсы отбасылық ортада өтті. Отбасы мүшелері сияқты үлгілі адамды тәрбиелеуде, оларға мінез-құлық, кісілік етуде маңызы зор. Сонымен қатар, бұл тұрғыда Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген кезең мен географияға қарасақ; Саяси тұрғыда мемлекеттік биліктің жоғалуы, тақты төбелестер орын алатын, елеулі экономикалық қиындықтар туындайтын, жеке және әлеуметтік мәселелердің басынан өткеретін дағдарыс кезеңі ретінде көрінеді. Сол кездегі осы географияны мекендеген халық, әсіресе түрік тайпалары Ислам дінімен танысқанымен, олар Ислам дінін және оның өздері үшін маңыздылығын әлі толық түсінген жоқ. Келіспеушіліктер жалғасты. Шын мәнінде, бұрынғы мәдениеттердің, атап айтқанда шамандық, буддизм және пұтқа табынушылықтың іздері әлі де болған. Екінші жағынан, бұлардың сопылық ой-пікір үстемдік еткен кезеңде болғаны таң қалдырады. Ясауи дәл осындай кезеңде, ортада туып-өскен.

Қожа Ахмет Ясауи халықты тәрбиелей отырып, өзі өмір сүрген осындай дәуірде және ортада Алланың бар және бірлігіне, ислам дінінің мәніне қайшы келмейтін ескі түрік ұлттық дәстүрлерін жоққа шығармады, оларды төзімділікпен қарсы алды және олардың өмір сүруін қамтамасыз етті. Олар оның дінмен араласқан мәдениетіне түс қосқан мағына мен құндылыққа ие болды. Түрік-ислам мәдениетінің қалыптасуы осылай басталды. Оның әдісі түріктердің еш қиындықсыз мұсылман болуын қамтамасыз етіп қана қойған жоқ, сонымен бірге олардың болмысын жоғалтпауын қамтамасыз етті. Бұл жерде Ахмет Ясауи өз білімін кең аумаққа таратуда, ислам дінін танытуда «мінез-құлық еркіндігі» қағидасын негізге алғанын айта аламыз. Бұл тұрғыда Ахмет Ясауидің Түрік-Ислам әлеміне жасаған ең үлкен қызметі – оның ескі түрік әдет-ғұрыптарын, заңдарын және моральдық құндылықтарын исламдық ахлақ қағидаттарымен жақындастыруы және үйлестіруі болды.

Осы тұста Қожа Ахмет Ясауидің тәрбиелік қырын айқын ашу үшін мәселеге педагогикалық тұрғыдан қарау керек. Білім беру идеясы, стилі немесе тәжірибесі талқыланды кезде білім беру философиясы (адамға көзқарас, адам

туралы түсінік), принциптері, мақсаттары, білім мазмұны, таңдалған әдістер мен саясаттар, құралдар мен жабдықтар, білім беру мен оқытуды ұйымдастыру және олардың негізгі элементтері сараптама объектілері ретінде қарастырылады. Бұл жеке тұлғаларды тексеруге де қатысты. Енді Қожа Ахмет Ясауиді мына өлшемдер аясында қарастыруға болады:

Қожа Ахмет Ясауидің адам туралы түсінігінің негізіне исламдық ойдан шыққан элементтер болып табылатын төзімділік, кішіпейілділік, тақуалық сияқты мінез-құлық, сондай-ақ жоғары дәрежелі адамның бейнесі мен мұраты жатады, бұл жоғары деңгейдегі тәрбиенің нәтижесін білдіреді. концептуализация. Қожа Ахмет Ясауи осы қасиеттерге ие адамды кемел адам, кемел рухани жол көрсетуші, пір мен фана филлах дәрежесіне жеткен адам деген ұғымдармен анықтауға тырысады. Қожа Ахмет Ясауи идеалды адамы, әсіресе сопылық өлшемдегі тәрбиені түсіну арқылы айқындалған адам үлгісі фана филлах дәрежесіне жеткен адам. Дегенмен, бұл ұстаным сопылық тәрбиені түсінуге негізделген.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі – ахлақ (мораль). Ахлақ – хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана “шындыққа”, “жан тыныштығына” қауышады. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде “жан тыныштығы”, “шындыққа жету” адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тариқатта жүзеге асады. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін өзі меңгеруге қолы жетіп, “Кемел адам” тұрпаты қалыптасады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – нәпсіні тыю. Қожа Ахмет Ясауи ілімі бойынша, еркіндік мәселесінде адамдарды екі топқа бөліп қарауға болады: □ Бірінші топ – “еркіндікті аңсаушылар”. Бұлар тек қана Хаққа табынып, құлшылық етеді. Екінші топ – “еркіндіктен қорқатындар”. Бұлар – нәпсі, мансап, байлық, атақ, дүние, адамға, т.б. табынып, құлдық ұрады. Хикметтің басы – Алланы бар және бір деп білу. Қожа Ахмет Ясауи адам баласы осы шындықтан бейхабар қалғанда өзінің негізінен алыстай бастайтындығын айтады. Осы ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп біледі.

Жаңа заман жаңа адамды дүниеге әкелетіні тарихтан белгілі. Есімізге түсірейік, қайта өрлеу дәуірінен басталатын жаңа капиталистік заман, Ф.Энгельстің сөзімен айтсақ, “алыптарды қажет етіп, алыптарды туғызған заман” болды. Сол заманның алыптары кім болғанын және қандай болғанын біз мәдениет, философия, ғылым тарихынан білеміз. Сондай жаңа дәуірді тәуелсіздік алғаннан кейін біз де бастап жатырмыз.

Тәуелсіз елдің жастары да тәуелсіз ойлайды, анаған да, мынаған да жалтақтап, алаңдамайды. Олар өзіне өзі сенеді, ертеңіне үміт артады. Істің тиімділігін көздейді. Бұрынғыларға қарағанда қазіргі жастар прагматик болып келеді. Бұл да – заман талабы. Адам баласы адам болып өмір сүру үшін өзіне не керек екенін, алдымен, тап осы кезде не қажет екенін білуі керек. Естілік деп осыны айтамыз. Жаңа заманның жаңа адамын даярлау үшін қоғамда әртүрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық жағдайлар болуы керек дедік. Мұнсыз жаңа адам идеясы идеалдық жоба болып қалар еді. Қазақстанда тәуелсіздік жылдары аз уақыттың ішінде осы бағыттағы шаралар қолға алынып, жүзеге аса бастады.

Қорыта айтқанда, адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағатынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жандүниесінің түрлі теріс ойпығылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.

Аннотация

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидің адам туралы түсінігі жайында айтылған. Ислам Аллаһқа иман келтіруді Аллаһқа бет бұру және барлық нәрсені Аллаһты түсінуге бағыттау қағидасы ретінде қарастырады.

Аллаға сүйіспеншілікпен құлшылық ету, адамзатқа деген сүйіспеншілік, пендешілікке қызмет ету – Исламның әмірі, адам баласының тыныштығы мен бақыты. Оны Исламның мақсаты деп біледі. Бұл идеяларға тағы да көптеген идеяларды қосуға болады. Негізінде, оның шәкірттері Олар өздерінің «даналықтарын» ауылдарға, қалаларға, қыстауларға және жайылымдарға апарды. Бұл өлеңдер, нақыл сөздер, кеңестер, даналық сөздер.

Сөз бен афоризм ретінде олар түрік әскерлері барған жеріне жетті. Қожа Ахмет Ясауи өзінің барлық сөздерін, насихаттарын, ақыл-кеңестерін «Хикмет» атымен айтқан. Ясауидің даналығында; Түрікшілдігімізге және Исламға қарыздарымыз өнеге кітаптарында түсіндірілді. Осы қарыздардың ішінде; Тіліміздің дамып, байығанын, дініміздің теріс көзқарастардан сақтанғанын қалаймыз. «Ұлттық мәдениетіміз наным-сенімімізбен тығыз байланысты» дегеннің таза, дұрыс түсіндірмесін көрсетуге болады.

Аннотация

В этой статье рассказывается о понимании человека Ходжи Ахмета Ясави. Ислам рассматривает веру в Аллаха как принцип обращения к Аллаху и направления всего к пониманию Аллаха.

Поклонение Богу с любовью, любовь к человечеству, служение человечеству – это порядок Ислама, мир и счастье человечества. Это известно как цель Ислама. К этим идеям можно добавить еще много идей. Фактически, его ученики принесли свою «мудрость» в деревни, города, зимние лагеря и пастбища. Это стихи, поговорки, советы, слова мудрости.

Как поговорка и афоризм, они дошли туда, куда пошли турецкие войска. Ходжа Ахмет Ясави все свои слова, увещевания и советы давал под именем «Хикмет». В мудрости Ясави; Мы обязаны нашим тюркизму и исламу в моральных книгах объяснил. Среди этих долгов; Мы хотим, чтобы наш язык развивался и обогащался, а наша религия была защищена от негативного отношения. «Наша национальная культура тесно связана с нашими верованиями» можно дать чистое и правильное объяснение.

Annotation

This article talks about the understanding of the man Khoja Akhmet Yasawi. Islam views faith in Allah as the principle of turning to Allah and directing everything towards the understanding of Allah.

Worshiping God with love, loving humanity, serving humanity is the order of Islam, the peace and happiness of humanity. This is known as the goal of Islam. There are many more ideas that can be added to these ideas. In fact, his disciples brought their “wisdom” to villages, towns, winter camps and pastures. These are poems, proverbs, advice, words of wisdom.

As a proverb and aphorism, they went where the Turkish troops went. Khoja Akhmet Yasawi gave all his words, admonitions and advice under the name “Hikmet”. In the wisdom of Yasawi; We owe ours to Turkism and Islam in moral books explained. Among these debts; We want our language to develop and be enriched, and our religion to be protected from negative attitudes. “Our national culture is closely related to our beliefs” can be given a pure and correct explanation.

Пайдаланған әдебиет тізімі:

[1824262 \(dergipark.org.tr\)](http://1824262(dergipark.org.tr))

Нысанбаев Ә.Н. Қ.А.Яссауи дүниетанымындағы адам проблемасы // Түркістан тарихы мен мәдениеті. –Түркістан

Йассауи Қ. А Диунай хикмет. Алматы, 1993. 17-б.

Қ.А.ЯССАУИ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сандықбаева Эльнура Калмаханбетовна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Сұрат ауылы
Сыпатай Әлібекұлы атындағы
№19 жалпы орта білім беретін мектебі,
бастауыш сынып мұғалімі сарапшы-педагог

Қожа Ахмет Яссауи -түркі халықтарына ортақ тұлға. Оның артына қалдырған мұралары арада қанша ғасыр өтсе де өз құндылығын жойған

жоқ. Сондықтан ұлы тұлғаның мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану аса тиімді болып отыр.

Мен өз тәжірибемде Қожа Ахмет Яссауи мұраларын бастауыш сынып білім алушыларына жиі қолданып жүрмін. Ондағы мақсатым: білім алушыларға ақын мұраларын таныту арқылы адами құндылықтар негізінде тәрбие беру. Ал тәрбиелі білім алушы міндетті түрде білімді өзіне күнделікті өмірде серік етеді. Ал ғұлама хикметтерінде қандай ізгіліктер насихатталады? Білім алушыға ақын хикметтеріндегі ойды танытып, соның негізінде білім берудің артықшылықтары қандай? Ендеше, ақын хикметтеріндегі ойды талдап, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдары бойынша өз тәжірибеммен бөлісейін.

Ақын хикметтерінде әділеттілікті, хақ істі жақтаушылар азған заманда қуғындалып, ал мансап үшін пара беріп, дүние үшін арсыздыққа барғандар билік құратынын сынап әшкерелейді. Қ.А.Яссауи өз заманынан сонда да күдер үзбей, адамгершілікке шақырады, жақсыны үлгі тұтады. Сөйтіп, ол өз уақытының бейнесін жасап кеткен ақын болды.

Жаратса, ықылас қойып ақылға кім,
Жалғанда тұтар соны жақын жаным.
Жедім де жетім-жесір, пақыр қамын,
Жетесіз кердеңдерден қаштым міне,-[1.52-б]

деп, жетім-жесірдің қамын жеу керектігін, оларға мейірімді болу керектігін ескертеді. Ал, жетесіз, менмен адамдарға жоламау керектігін ескертеді.

Қайда да қайырымдылыққа талаптан да,
Кемтарға қайрыла жүр, қарап қалма.
Жақын боп мақшар күні жаратқанға,
Мейірімсіз менмендерден қаштым міне.-[2.167-б]

деп толғанады.

Қожа Ахмет хикметтері әділдік, шапағаттық, тақуалық, шыншылдық, ойлылық, тазалық секілді игі істерге арналған[2.167-б].

Міне, осы жоғарыда айтылған хикметтеріндегі мейірімді болу, жетесіз жандардан аулақ болу керектігі туралы кішкентай кезінен-ақ білім алушының санасына күйеу қажет. Ол үшін білім алушыларға мынадай тапсырмалар беруге болады:

Тапсырма

Өлеңді оқып, өлеңде айтылған ойды мұғалім көмегімен анықтаңыздар

Сөзімді айтам зейін қояр барша жанға,
Жан жылуын, жүрек отын аңсағанға.
Демеу болсын ғарып, пақыр шаршағанға,
Кекірейген кердеңдерден қаштым міне...[3.341-б]

Өлеңнен қандай ой түюге болады?

«Ғарып», «пақыр» сөзінің синонимдерін анықтаңыздар.

«Диуани хикмет» діни-сопылық қағидалармен бірге оқу, білім алу, адалдық, имандылық, ізгі қасиетті болу, ақыл-парасатқа жету, жақсылық,

жамандық, төзімді болу, достық пен махаббатты қастерлеу, әділетті болу, адал жолмен жүру сияқты адамгершілік құндылықтарды дәріптейді.

Қожа Ахмет Яссауи даналық сөздерінің көбінде ұстазы Арыстан бабты жиі еске алады. Ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады. Менменділік, көрсеқызар, кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді. Яғни, бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді-мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы.

Қожа Ахмет кейбір хикметтерінде «Надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсізден қайыр күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жинама, өтірік айтпа, дүние-байлыққа қызықпа»-деп өсиет айтады. Осы орайда оқу-тәрбие үдерісінде мынадай тапсырмалар беруге болады:

Тапсырма

Төменде берілген өленді мәнерлеп оқыңыздар.

Өлең мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар

Өлеңдегі мағынасы түсініксіз сөздердің мағынасын мұғалім көмегімен анықтаңыздар

Ақын өлендерінде қандай ізгі қасиеттерді насихаттайды?

Безбүйректер қайтсін іште дерттің барын,
Ұқпайды олар ышқылықтың төркін, мәнін.
Сатылмасын суайтқа көркің, бағың,
Бейхабардың оны ұғар саңылауы жоқ
Тақуа болма, тентек те болма, ғашық болғын,
Бейнет шегіп, бүкпесі жоқ, ашық болғын.4.290-б]

Ақын бұл хикметінде түзу сөзді ұғуға, нәпсіні тыюға шақырады. Жалпы, Қ.А.Яссауи хикметтері арқылы жеті принципін жеткізген:

- 1.Аллаһқа деген махаббат
- 2.Ықылас пен шынайылық
- 3.Адамға деген сүйіспеншілік
- 4.Кішіпейілділік
- 5.Әйел мен ер теңдігі
- 6.Еңбекті бағалау
- 7.Ілім мәселесі [1]

Қожа Ахмет Ясауидің ендігі бір мән бергені, аяусыз әшкерелеген тақырыбы надандық дер едік. Өйткені оның түсінігінше, надандық-бүкіл жауыздық, зұлымдықтың таусылмас қайнар көзі. Мұнда арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік-өсек, әділетсіздік те содан табылады деп түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай, осы надандыққа ғылым-білім мен даналықты үнемі қарама-қарсы қойып отырады. Сондықтан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсіруге ол бар ынтасы мен ықыласын сарқа жұмсайды. Тіпті өз ойын жинақтай келе ғұлама: «Надандармен бірге өткізген уақыттың өзі тозақпен тең», – деп қорытып, олармен бірге жүруге де, жолға шығуға да қарсы тұрады. Жалған молда, залымдарды да аяусыз түйреп, «Хал ілімін» үйренуге шақырады. Осындай әділетсіздіктер мен зұлымдықтарға қарсы әділдікті ту ете отырып, Хақ Тағала ісіне ғана сабырлық, төзімділік танытудың қажеттігін бейнелі жолдармен өрнектейді. Міне, ақын шығармаларында айтылған осы

ойлар арқылы оқушыларға білім мен тәрбие беру үшін мынадай тапсырмалар беруге болады:

Тапсырма

Ақын өлеңдерінде надандық туралы қандай ой айтады?

«Хал ілімі» қандай ілім?

Сабырлылық туралы қазақтың қандай мақал-мәтелдерді білесіздер?

Қожа Ахмет Ясауи бір Аллаға деген қалтқысыз сенім-нанымның ақыры оған жан-тәнімен берілген шын сүйіспендікке, ғашықтыққа ұласуын қалайды. Егер адам тек сырттан ғана құдайшыл болып, іштен басқа пейілде болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады деп баяндайды. Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа (жәһілдікке) ұрындырады деген ой ұсынады.

Ол надандықтың адам баласына келтірер зияны мен бүлігін жеріне жеткізе, өлтіре сынап, бұған жаңалықты ғана қарама-қарсы қояды, үміт-тілегін де даналарға арнайды. Осы орайда оқушыларға сапалы білім, сналы тәрбие беру үшін мынадай тапсырмалар дайындауға болады:

Тапсырма

Наданмен өткен өмірің тозақ болар,

Надан барса тозақ одан қашар.

Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,

Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.

Надан хәлін менен сұрама, көңілім қапа,

Хақтан қорқып, қайғы тұтсам, күлер «қақа»4.293-б]

Өлеңдегі идеяны анықтаңыздар.

Ақын осы өлең жолдары арқылы бізге не айтпақ болды?

Осы өлең жолдарыңыздан түйген ойларыңызды 5 сөйлем арқылы жеткізіңіздер

Қожа Ахмет Ясауи Құдайға беріліп құлшылық етушілердің өзін жалған ғашықтар, шын ғашықтар деп жүйелейді. Жалған ғашықтары, жоғарыда айтылғандай, екі жүзді аярлар, надандар делінсе, шын ғашықтары Алла жолына жан-тәнімен берілген даналар деп сипатталады. Осының бәрін ол екі әлемнің (ол дүние мен бұл дүниенің) сыр-сипаттары тұрғысынан шендестіре суреттейді.

Ғұлама өзі жеті жасында пайғамбарымыздың Мұхаммед Мұстафа ғалайссаламның арнап қалдырған құрмасын табыс еткен Арыстан Бабтың айтқан ақылдары мен үлгі-өсиеттерін зор ілтипатпен еске ала отырып, ұстазының рухани тазалығын, адалдығы мен шыншылдығын өзгелерге үлгі тұта сөйлейді. Осыған орай ол кейбір надан шәкірттер мен арам сопылардың бет пердесін жұлып алып, олардың шын мәнісінде қандай жандар екенін айқара ашып әйгілейді.

Жоғарыдағы хикметтерден байқағанымыздай, Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның өмірде алатын орнын оның ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Демек, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің тәрбиелік мәні орасан зор. Тек сол жауһарларды тап басып тани білуіміз, содан ғибрат алуымыз

керек. Оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану арқылы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру мәселесін шешуге болады.

Аннотация

Бұл мақалада Қ.А.Яссауи мұраларын оқу –тәрбие үдерісінде қолданудың тиімділігі туралы баяндалған. Қожа Ахмет Яссауидің мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың тиімділігін дәлелдеу қарастырылған. Сол арқылы бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім, саналы тәрбие беру мүмкіндіктерін қарастыру екендігі айқындалған.

Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы оларды өз халқының әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы өзекті мәселені шешуде «Қ.А.Яссауи мұраларын оқу –тәрбие үдерісінде қолданудың тиімділігі» тақырыбында жазылған мақала өз ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Ұлттық құндылықтар-бағзы заманнан бері келе жатқан мұраларымыз. Сондықтан әрбір ұлт өз болмысын жоғалтпау үшін ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруге тиісті. Осы орайда Яссауи мұраларын оқу – тәрбие үдерісінде қолданудың тиімділігін насихаттау міндеті тұр.

Аннотация

В данной статье описывается эффективность использования наследия К. А. Яссауи в образовательном процессе. Он призван доказать эффективность использования наследия Ходжи Ахмета Ясауи в образовательном процессе. Таким образом, было решено рассмотреть возможности обеспечения качественного образования и сознательного обучения учащихся начальных классов.

Улучшение литературы, культуры и традиций своего народа путем привития студентам национальных ценностей является одной из актуальных задач современности. Полагаю, что статья, написанная на тему «Эффективность использования наследия К.А. Яссауи в образовательном процессе», окажет влияние на решение этой актуальной проблемы.

Национальные ценности – наше наследие с незапамятных времен. Поэтому, чтобы не потерять идентичность каждого 03, необходимо прививать молодому поколению национальные ценности. В связи с этим стоит задача способствовать эффективности использования наследия Яссауна в образовательном процессе.

Annotation

This article describes the effectiveness of using the heritage of K. A. Yassau in the educational process. It is intended to prove the effectiveness of using the heritage of Khoja Ahmet Yassau in the educational process. Thus, it was decided to consider the possibilities of providing quality education and conscious education to primary school students.

Improving the literature, culture, and traditions of their people by instilling national values in students is one of the urgent issues of today. I believe that the article written on the topic "Effectiveness of using K.A. Yassau's heritage in the educational process" will have an impact in solving this urgent problem.

National values are our heritage from time immemorial. Therefore, in order not to lose the identity of each 03, national values should be inculcated in the young generation. In this regard, there is a task to promote the effectiveness of the use of Yassaun heritage in the educational process.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды: КарГУ баспасы, 1991. 52 б.
2. Көпрүлү М.Ф. Ясауи танымы мен тағылымы (Ауд. К.Коч). – Шымкент, 1999.
3. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2004. – 341б.
4. Қожа Ахмет Ясауи Хикмет жинақ Дайындаған: М.Жармұхаммедұлы. М.Шафиғи. С.Дәуітұлы- Алматы: Жалын, 1998. 290-293- б
5. Уикипедия материалдары

ҚАЗАҚ БОЛЫП ТУМАҒАНДА НЕ ЕТЕР ЕМ?

Сапарбекова Гульнар Жайдаровна

Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің жоғары санатты педагогы, ф.ғ.к.

Яссауи ілімі болмаса, қазақ шежіресі қалай өрбуі мүмкін еді? Көзге елестету мүлдем мүмкін емес сияқты. Бұрын түркі халықтарының шежіресін тотемнен өрбітетін. Ит, қыран, қасқыр, бұғы, аққу, қарға, аюдан таратқан. Бірақ адамтануға негізделген гуманистік философия бұл тотемдік шеңберге сыймайды. Себебі адамдық сана өскен сайын «Адам деген кім?», «Қайдан келді?», «Қайда кетеді?», «Тіршіліктегі міндеті не?» деген сұрақтар тотемнен берілетін жауапқа жубанбайды. Қазір адамның тіршілігін зерделейтін ғылымды экзистенциализм деп атайды. Адами болмыстың түбін, онтологиясын зерттейді. Бұл ғылымға «Біз қасқырдан тараймыз» деген көне түркілік танымды салсаң, тұйыққа тірелесің. Адам міндетті түрде трансцендентті Тәңірлік әлемге жалғану керек [1].

Енді осы бір ірі сілкініс қайдан келді? Ілім сәулесі қай тұстан енді, кім көрсетті? Оны түркі даласында Яссауидің ізбасарлары, сопы дәруіштер, қожалар мектебі атқарды. Шежірелер қайта жазылды. Бұрынғы аң-құстың орнына Адам Ата келді. Адамзат Адам Атадан тарқатты.

Тірегі мұсылманның әжам, араб

Мұхамбет пайғамбардан өскен тарап.

Қожа Ахмет Ясауи Түркістанда

Кіші Мекке атанған алтын дарақ.

Алланың арыстаны Ер Әлінің

Мұхамбет – Ханафиясынан шыққан тарап [2].

Егер шежіре осылай жазылмаса, онда не болар едік? Бөлшек-бөлшек болып ыдырап кетер едік. Одан бөлек әлемдік дінге жалғанбаған түркі тайпалары

қуаты мықты мемлекеттердің Қытай мен Ресейдің құрамына кіріп, біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысына оңай ұшырады. Аты-жөндері түгел орыстанып немесе қытайланып кетті. Салт-дәстүрі мен мәдениеті этнографиялық деңгейде қалды. Тува, саха, якут халықтары әлі күнге дейін тегін бөрі, төбет, аюдан таратады. Тіпті бір ұлттың ұқсастығының өзі мұсылманданған түркі халықтарымен ортақ мақсатқа бірлесе қол жеткізуге әсер ете алмаған. Себебі мәдениеттің мәні локальді аймақтан шыға алмады. Ал қазақ ше? Қазақ мәдениеті ше? Қазақ мәдениеті глобальді деңгейде дамуға мүмкіндік алды.

Ассимиляция барысында бір халық өзінен үлкен екінші доминант халыққа сіңіп кетіп, ана тілін, әдет-ғұрпын, дінін, мәдениетін, өзіндік сана-сезімін және т.б. ұлттық ерекшеліктерін жоғалтып үлгерді. Бұл екі жолмен жүрді: бірі-күштеу арқылы, екіншісі- табиғи жолмен.

Бірде Ресей мемлекетінде педагогтардың бас қосуымен Сочиде конференцияда болдық. Қазақстаннан, оның үшінде Астанадан екі азамат болып, Ресей Федерациясының ұстаздар қауымымен үлкен жиында бас қостық. Қыс мезгілі. Күн суық. Ресейдің ең алыс шет аймақтарынан да ұстаздар қауымы жиналды. Байқағаным, климаты салқын өңірде тұратын ұстаздар осындай мүмкіндікті пайдаланып, қуана-қуана «оңтүстік жылы аймақ» деп ағылады екен. Әсіресе, Якутия, Сахалиннен, Тувадан, Красноярск, Хабаровскіден. Пленарлық, секциялық отырыстар өтті. Кешкі ас ішуге, үлкен мейрамханаға жиналды. Орын іздеп, ортадан өте бергенімде, бір дөңгелек стол басына жиналған азаматтарға көзім түсті. Түрлеріне қарасаң, қазақтар. Қуанып кеттім, олар қалай тап болды екен? Қазақстаннан екі ғана азамат бара жатыр дегенді естігенім бар. Орын бар ма? Жоқ па? Қарамай сол маңға қарай аяңдадым. Туысқандарымды көргендей - қуаныш. Менің күлімсіреп, жандарына барғаным жылы шырай танытып, отырыңыз, мұнда орын бар деп, ұсыныс жасап жатыр, ішім жылып кетті. Орыс тілінде сөйлейді, таңқалмадым, себебі ел астанасында да барша жұрт қазақша сұрасаң, орысша сөйлеп, жамыраса кетеді ғой. Таңқалатын жайт емес. Танысу басталды. Сіздер қандай рейспен келдіңіздер? Сіздер қай регионнан? - деп сұрақты бастырмалатып сұрап жатырмын. Сөйлесе келе білгенім, якуттер екен. Бастан аяқ осы топпен жақын болып, секциялық жұмыстар, үзіліс сәттерінде көп әңгімелестім. Талай ақпарат алдым. Пұтқа табыну, жеті шелпек пісіру, құдайды еске алу және т.б. салт-дәстүрлерді сақтайтынын білдім, бірақ ислам мәдениетінің жұрнағы да жоқ.

Ресей мемлекетінің боданында қалып, соның қол астына кіріп, өзінің ұлттық болмысынан ажыраған ұлтты көріп, іштей ойланып қайттым. Ұлттың «екінші сортты ұлт» болып қалғанын, психологиясынан, өмір сүру тіршілігінен байқағандаймын. Билігі жоқ, жеке болмыс ретінде өздерін жоғалтуға шақ тұрған, халық қой деген ой түйдім. Түрі демесең, бәрі өзгенікі. Ол жұртта тек біліміңмен ғана күресіп жүріп, өмір кешерсің. Болмаса қара жұмыс сенікі. Біздің де осындай ұлт болып кетпеуімізге не кепіл? Қазақ халқы басынан қандай зұлматты кешірді? Әйтсе де мықты халықпыз. Мықты ұлтпыз. Өткен ғасырға бармай-ақ қояйық. XX ғасырдың тарихына көз жіберсек: ақ патшаның ақ қылышы, жұт, ұлы аштық қырғыны, репрессия, Ұлы Отан соғысы, одан

қалса соғыс жылдарынан кейінгі кері саясат. Бәрінен де өттік.

Рухани ілімнің төрінде Құл Қожа Ахмет Яссауи, оның ар ілімі мен Яссауи көрсеткен тура жол тұр. Ар ілімінің адам болмысын ізгілікке, екі дүниенің бақытына жеткізетіне тар кеудені кеңітетінін, тас жүректі жібітетінін Яссауидің «Диуани хикметіне» терең бойлау, қайта оқу арқылы ғана бойымызға сіңіре алатынымызды - Шәкәрім :

Қайта-қайта оқысаң, бір дұғаны

Сөніп қалған жүректе жанады шоқ [3]

Яссауидің ар ілімі - әлемдік діндерді біріктіруші күшке ие.

Ар ілім тек қазақ үшін бір ғана ел үшін қызмет етпейді. Ол Адам Ата мен Хауа Ана ұрпақтарына арналған, жалпыға ортақ құндылық. «Диуани хикметтегі» даналықты бойына жинаған, ұрпағына үйреткен ел ғана даналық дәрежеге жетеді. Қазақ үшін - құранның аудармасы іспеттес. Яссауи хикметтері адамның өлген жүрегін тірілтумен тікелей байланысты.

«Сопы дәруіштер осы ілімді жалаң аяқ, жалаң бас ел ақтап жүріп жұрттың санасына сіңірді. Бұл таным процесі Құран қиссалары, аңыз-әпсана, миф, ертегі, жыр, дастан, түрінде жүрді. Адамның түпкі табиғатын тануға деген рухани құмарлық оянды. Аң-құспен шектелетінескі дүниетаным тар қапастан шығып, түпсіз тылсымға жол тартты. Бұл өркениет жолына түстің деген белгі» - деп жазады Санжар Керімбай [1].

Осы өркениет қазақ дүниетанымында былайша жырланған.

Атамыз Адам пайғамбар,

Топырақтан жаралды.

Мұсылман, кәпір барша жұрт,

Сол кісідан таралды [4].

Адам Ата – пайғамбар,

Хауа ана еді енеміз.

Құдіретімен жаратып,

Топырақтан болған денеміз [5].

Құдайым он сегіз мың ғалам қылған,

Бұл сөзден ғибрат ал, ей, мұсылман!

Адам ата, Хауа жұптасқан соң,

Келеді өсіп-өніп осынша жан [6].

Атамыз Адам пайғамбар,

Алланың сүйген құлы еді,

Артықтыңғы Адамның –

Жаралған Хақтың нұры еді [7].

«Осы бір шумақтың иляһи мәні кез келген қазақтың санасын түпсіз тылсымға жетелей жөнеледі. Әлемдік өркениетке ілесу осыдан басталады, яғни түп негізінде тура табу. Мұны түпсанадағы интеграция деп атайды, яғни түпкі болмыста бірігіп тұру. Бұл түсінікке хикметтен құнар берсек, бір ұлттың шеңберінен шығып, адамзатты бауырым дейтін әлемдік деңгейге көтеріледі.

Қазірде осы таным болмаса, модерн қазақтардың өзі ру-тайпасын, ата-бабасын тағы да жан-жануардан таратып алуы мүмкін немесе дезинтеграция процесі басталады. Айрандай ұйып отырған бір ұлт іркіттей іріп кетеді. «Көң қатса, қалпына барады» дегендей, тағылық кездегі танымына қайта оралар. Өркениет сәулесінен кесіледі»- деп жазады Санжар Керімбай [1].

Қожа Ахмет Яссауи халқына:

«Ей Алла, сөзімнің әрбір әрпі жер астына түссе де көнермес, шірімес, сөзімді оқыған кісі қор болмас, сырқат болмас. Құдайым жаннаттан сыйлық етсе, қиямет күнінде шапағатымды тигіземін. Не тілесен де тәңірім тілегенінді бергей, махаббат шоғын көкірегіңе салғай.

Менің хикметтерімді есітпей өлсең, арманда кетесің, дертке дәрмен, алладан пәрмен, оқып білсең, бар мағынасы - Құран.

Менің хикметтерімді надан естімес, ділі, көңілі қара ақылымды алмас, алланы жоқ дер, бірақ діні, иманы жоқ пенденің - исламы ойран болып, қиямет таңы атқанда жолда қалған.

Жасы жиырма беске жетпей өзін ірі санап, іші қуысқа айналып, өзін шайқы санар. Жақсы менен жаманды өзі түсінбей, үлкен-кішіге ақыл айтар. Шарифатты білген кісі бұл елден – ұялар. Хақиқат сөзбенен наданды сөктім, егер ғалым болса, жаным - тасаттық, бұл ғалымға жанымды - бар мүлкіммен құрбан қылармын. Шын ғалым жастығын тастан жаратар, не оқыса да оны ғаламға таратар. Өзін білгені - хақты білгені құдайдан қорқып ынсапқа келгені.

Менің хикметтерімді дана есітсін, сөзімді дастан қылып, мақсатына жетсін, жәуһар кенінен бір түйір алсын, естімегеннің бәрі қасіретте қалсын.

Менің хикметтерімді жақсыға айтыңыз, рақметіне батыңыз.

Менің хикметімді жан-тәнімен тыңдаса, кеудесіндегі жаны иманымен шығар. Бұл сөзімді надан адам құлағына да ілмес, ондай адамды адам демей, жүрген бір хайуан де.

«Менің хикметімді кім бекем тұтса, құдайым оны қайғысыз қылып, қуаныш пен бақыттан айырмасын, жаннатқа кірерде шат шадыман ете гөр.

Менің хикметтерім хақтың мадағы, дертті құлының дауасы.

Менің хикметтерім алланың сыйы, тек уақытында «астапыралла» деп үйренсін. Яссауи «хикметтің қадіріне жетіңіз» деп мінәжат айтады [8].

Жүрек іліміне қол жеткізген әулиелердің терең сырларына бойлай алмайтын, жан азығынан гөрі тәннің күйін көп күйттейтін, қазіргі жастарымызға осы заманғы оқыту жүйесіне онтайландыратын рухани білім беру көзін қайдан алып, қандай тәсілмен егуге болады деген сауал ұлт жанашырларының қай қайсысын да мазалайтыны сөзсіз.

Бүгінгі таңда Яссауи мұрасын талдауда ғылыми еңбектер көп-ақ, диссертациялар да қорғалған. Жоғары оқу орнында Қожа Ахмет Яссауи – тарихта болған ғұлама адам ретінде ғана айтылады. Ғұламаның ар ілімі хикметтеріндегі құдайға ғашықтық, ақыл өсиеті, әулиелік болмысы ашықталмай, құрғақ жалаң сөз ретінде бірсыдырғы қарастырылған. Бүгінде ең маңызды болып тұрған дүние «Отбасы хрестоматиясы» сериясымен шыққан теолог Санжар Керімбайдың «Яссауи феномені» еңбегі. Бұл еңбек 2022 жылы Яссауи дүниетанымына қызыққан күллі оқырманға жол тартты, құнды туынды

болды. Оның хикметтері экзистенция тұрғысынан талданып, жаңаша форматта көпшілікке жол тартты. Мұнда Яссауи ілімі мен дүниетанымы жайлы толғау жатыр. Болашақ ұрпаққа Қожа Ахмет Яссауи жайлы аңыздарды, Яссауи дүниетанымын, «Диуани хикмет» мазмұны мен идеясын, Яссауи шәкірттері туралы, Яссауи ілімін, Яссауидің жырлануын, Қал ілімі мен хәл ілімін, Махаббат дерті, Киелі дәстүр, Пайғамбарлар образы, Киелі дүниетаным, Киелі ғұмырнама, Киелі жыр, Киелі шежіре, Киелі география, Киелі музыка, Киелі жанр, Болмыстың потенциалы, Өлім хикметі және т.б түпсіз, терең мазмұнды түсіну еншімізде.

Қазақстанда Тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық идеология ресми түрде жоқ десек болғандай. Бірақ ұлттық идеология халықтың ішінде Санжар Керімбай бастаған сарбаздардың идеясы мен бастамасы. Қазақ болып тұрмағанда не етер ем? Артына ерген «Ұлттық идеологияны» қазақ халқы керек етеді. Яғни саяси билік оған бетпе-бет жақындамай, сол саясатты жүргіземін деп айтпаса да, халық өзі жүргізіп жатыр. Бүгінгі таңда осы идеология «мен қазақпын» деген азаматтардың еңбегі арқасында жүріп жатыр.

Тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Сондықтан Яссауи дүниетанымын, көзқарасын, оның ой-санасын оқу орындарында оқулықтарға және факультативтік, тәрбиелік сабақтар, арнайы курстарға жүйелі бағдарламалар құрастыру керек. Яссауи ілімі келешекке рухани серпін сыйлайтын, рухы биік халықтың өлмейтін тамырына нәр болатына тек білімнің, ілімнің көкжиегінен алыс кетпеген шақта ғана, кітап деген киелі затқа байланғанда ғана қол жеткізе аламыз. Бізге адал, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятын ұрпаққа жұмыс жасау парызымыз.

«Яссауи феномені» кітабынан: «Яссауи жолы қазақтың ең соңғы рухани панасы. Бұл ілімнің шырағы сөнгенде қоғам діни фанатизмнің құрбаны болуы әбден мүмкін. Мың жыл бұрын дәл осындай қауіп пен қатер Түркі баласының басына төнген еді. Діни радикализм мен фанатизм жанданып келе жатқан заманда Яссауи іліміне сұраныстың артуы табиғи құбылыс».

Аннотация

Мақалада қазақ деген «киелі халықтың» тарихи тізбектен қол үзбей өмір сүруінің сыры - түркі жұртының ұлы ұстазы Қожа Ахмет Яссауидің есімімен тікелей байланысты екені айтылады. «Диуани хикметінде» нені айтқысы келгенін қара сөзбен тізбектеле беріледі. Теолог Санжар Керімбайдың «Яссауи феномені» еңбегінен экзистенциялық талдауынан бере отырып, философиялық байламдарға тоқтау жасалады. Ұлттың феноменіне айналған Яссауи дүниетанымын түсіну, ғұламаның айтқан өсиетнамасын ұғыну барша халықты тура жолға апарар сара жол екені дәріптеледі.

Аннотация

В статье говорится, что тайна «священной нации» казахского народа, живущей, не разрывая исторической цепи, напрямую связана с именем великого учителя тюркского народа Ходжи Ахмета Яссауи. В «Дивани Хикмат» то, что он хочет сказать, выражено черными словами. Теолог Санжар

Керимбай дает экзистенциальный анализ из труда «Феномен Яссауи» и останавливается на философских связях. Подчеркивается, что понимание мировоззрения Яссауи, ставшего феноменом нации, и прислушивание к учению учёного – это путь, ведущий всех людей на правильный путь.

Annotation

The article says that the mystery of the "sacred nation" of the Kazakh people, living without breaking the historical chain, is directly related to the name of the great teacher of the Turkic people, Khoja Ahmet Yassawi. In "Diwani Hikmat" what he wants to say is expressed in black words. The theologian Sanzhar Kerimbay gives an existential analysis from the work "Yassawi's Phenomenon" and dwells on the philosophical connections. It is emphasised that understanding Yassawi's worldview, which has become a phenomenon of the nation, and listening to the teachings of the scholar is the path that leads all people to the right path.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Керімбай С., Төлеген М., Әділбек Н., Асылтай Т. Яссауи феномені.- Алматы: Отбасы хрестоматиясы, -2022.
2. Бұдабай ақын Қабылұлы, Өлеңдері
3. Құдайберді Ш., Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құрастырғандар: Жармұхамедов М., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1988
4. Қанайұлы Ш., Өлеңдері
5. Барманбетұлы А., Өлеңдері
6. Тілегенұлы Сүйіндік, Өлеңдері
7. Қазжанұлы Ұзақбай, Өлеңдері
8. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет–Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», -2021ж.

Қ.А.ЯСАУИДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРІНІСІ

Сарбасова Жулдузай Самуратовна
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші

Елімізде жыл сайын көпшілікке аты мәлім болған азаматтардың мерейтойы кең көлемде атап өтіледі. Сондықтан биыл қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының тарихында ерекше орын алатын кемеңгер ақын, сопылық ілімнің негізін қалаушы, күншығыс елдері мұсылмандарының рухани шырағы болған ойшыл, діни қайраткер Қожа Ахмет Ясауидің (1093-1166) туғанына 930 жыл толғанын естен шығарған жоқпыз. Тиісінше, бүгінгі мақаламыз есімі түркі халқының рухани астанасы – Түркістанмен егіз ұғымға айналған қазақ жерінің даңқты перзенті жайында болмақ. Алдымен, артында көптеген мемлекеттердің

мәдениетіне енген туындылар қалдырып, саналы ғұмырын руханиятты дамытуға арнаған тұлғаның өміріне тоқталсақ. Тарихи деректерге сүйенсек, Қожа Ахмет Ясауи 1093 жылы көне Исфиджаб, қазіргі Сайрам жерінде дүние есігін ашқан. Ал, оның тұлға ретінде қалыптасуы байырғы Ясы, қазіргі Түркістан қаласымен тығыз байланысты. Оның ұстазы – әйгілі ислам уағызшысы, бабтардың бабы – Арыстан-баб болған. Тиісінше, ол да исламды түркі әлеміне таратуға сүбелі үлес қосып, нәтижесінде Ясы шаһары – бүгінгі Түркістан күллі түркі халқының рухани дінгегіне айналған. Қожа Ахмет Ясауидің діни қайраткер ғана емес, ұлы ойшыл және адуынды ақын болғанын әлемге мәшһүр болған шығармаларынан аңғаруға болады. Мәшһүр болған дейтін себебіміз, оның жазған-сызғанын көшпенділер жатқа айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырмаса, бізге де жетпеуі әбден мүмкін еді. Тіпті, Ясауидің философиялық еңбектері бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоймаған адамзаттың асыл қазынасы іспеттес. Себебі, оның әрбір ойы түбі бір түркі жұртын біріктіруге шақырады. Қожа Ахмет Ясауидің 63 жасқа толғаннан кейін жер астындағы қылуette өмір сүргені де баршаға мәлім. Ол бұл шешіміне өзінің жазбаларында: «Мен пайғамбар жасына келдім, алпыс үшке келдім, бұл маған жетеді, пайғамбар берген уақыттан артық өмір сүрудің қажеті жоқ» - деп түсінік берген. Ясауидің қанша жыл өмір сүргені туралы бірнеше дерек бар. Бір ақпаратта 73 жыл делінсе, тағы бірінде 85 жасқа дейін күн кешкені айтылады. Ал, Жүсіпбек Аймауытов ақынның 149-хикметіне сүйеніп, «Ясауи 125 жас жасаған» деп пікір білдірген. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Ахмет деген есімнің алдына қосылған «қожа» сөзі оның ислам дінін насихаттап, уағыз жасауына байланысты пайда болған. Ал «Ясауи» сөзі оның қай қаладан шыққанын білдіреді. Дегенмен біз оның алдымен Испиджабта туылып, жастайынан жетім қалғандықтан Ясы қаласындағы туыстарының қолына келгендігін айтуымыз қажет. Ол 17 жасында Ясы қаласына келіп, араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлең жаза бастап, шығыс поэзиясы мен әдебиетіне ден қойған. Содан соң, Бұхара шаһарындағы Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде білім алып, сопылық жолында қалаларды аралап, туған жеріне оралып, ұстазы салған жолды жалғастырады. Ясауидің бүгінге дейін жеткен ең атақты шығармасы – көне түркі тілінде қыпшақ диалектілерімен жазылған «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»). Бірақ, бұл шығарманың түпнұсқасы сақталмаған. Төрт тармақты өлеңмен өрілген бұл шығарма ақынның бала кезінен пайғамбар жасына жеткенге дейінгі өмірінен сыр шертеді. Көрген азабы мен қайғысы, халыққа үстемдік жүргізген хандар, бектер мен қазылардың қателіктері, қиянаттары, бұл фәнидің жалғандығы – бәрі-бәрі айтылған. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері де ел арасына кеңінен таралған. Ол хикметтерінің мағынасына үңілсеңіз, адамды тек қана жақсылыққа шақырып, игі істерге үндейді. Содан да болар, қазір елімізде жыл сайын оқушылар арасында Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін жаттау бойынша республикалық байқау өтеді. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады. Қожа Ахмет Ясауи мұраларындағы «Даналық кітабында» төрт ғаклия мадақталады:

«Шариғат» – ислам заңдары және салт-дәстүр негіздері. Мұсылмандық жолды қасиет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың адамзатқа тән екендігін жырлап, адамгершілік дүниесін асақак әуенмен жеткізу.

«Тариқат» – діни-сопылық идеяны мақсатты түрде өсиет ету. Кеңінен алып айтқанда, өлең арқылы ұрпақты имандылыққа, шынайылыққа, әділеттікке, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

«Мағрифат» – дін жолына түсіп, соның бағыт-бағдарын айқындау, тану. Яғни, Алланың ақ жолына түсіп, ала жіп аттамай, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпы сақталған тазалықты жекізу. Ақын хақты танып, соның жолында жиған-терген ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны айтылады.

«Хақиқат» – Аллаға құлшылық қылу. Он сегіз мың ғаламды жаратушыны дәріптеп, әрбір мұсылманның парызы Құдайға құлшылық екенін меңзеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақіреттің азығы» деген дүниелермен адамды күнәдан арашалау, тазарту. Бұл еңбекте ғұлама Түркістанның пірі деп негізгі төрт мәселені қарастырған.

Алғашқысы – Алланы тану. Келесі Құдайды ұлықтау. Үшінші – күнәлар мен әділетсіздікті жоққа шығару. Төртіншісі – жалған дүниеден бас тарту.

«Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күш, әрбір адамға қажетті қанағат сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. Диуани хикметте» жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы тұжырымдар Адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы біз үшін хикметтер болып табылды. Бұл адам бойында жауапкершілік сезімді, иман, т.б. асыл құндылықтарды қалыптастырады. Адам хикмет, ғибраттар арқылы, оларды оқып – білу, шынайы өмірде қолдану негізінде ғана мәнді, мағыналы өмір сүре алады. Түркістан қаласында мәңгілік тыныштық тапқан Қожа Ахмет Яссауи «Әзіреті сұлтан» деген атқа ие болып, оның қабірінің басына XIV ғасырдың соңында даңқты билеуші Әмір Темір күмбез орнаттырған. Ол күмбезді орнату барысы да қызық жағдаймен ерекшеленеді. Дәлірек айтсақ, ел аузында: «Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып немесе қара бұқа бұзып кете береді. Бір күні Әмір Темірдің түсіне Қызыр баба кіріп, алдымен Ахмет Ясауидің ұстазы Арыстанбабқа мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Темір Қызырдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысын іске асыра алған екен» - деген аңыз бар. Сондықтан әлі күнге дейін Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне келіп зиярат етушілер алдымен Арыстан баптың басына барады. Байтақ еліміздің қай қиырында да, қай кезеңде де ойшыл-ғұламалар маңызды рөл атқарған. Олар халықты бірлікке үндеп, қазақ көгінде күндей болып жарқырады. Дінде терең, ғылымда кемел, тарих пен әдебиетке жетік болды. Жаһандану тасқыны артқан уақытта біз ұлт тұлғаларына жүгінеміз. Алдымыздағы заман көк тұман болып тұрған кезде бет

түзейтін бағдарымыз – Қожа Ахмет Яссауи, Әл-Фараби сынды кемеңгерлер. Ұлы дала даналарының дін, иман, жан, рух жөніндегі ілімі еш уақытта маңызын жоғалтқан емес. Халқымыздың бітім-болмысы да адамгершілік, сыйластық, имандылық, білімге құштарлық сияқты ізгі қасиеттермен көмкерілген. Ұлттың рухани мұралары қанша ғасырдан бері дін қағидаларымен берік үйлесім тауып келеді. Түркі әлеміне ислам дінінің кірігіп, ағартушылық мән-маңызға ие болуына айтарлықтай үлес қосқан кемеңгердің бірі Қожа Ахмет Яссауи екендігі мәлім. Ғұламаның ғибратқа толы телегей-теңіз шығармашылық мұрасын заман талабына сәйкес жаңаша дәріптеу бүгінгі күннің басты міндет-мақсаты. Ойшыл туындыларындағы дін мен іргелі ілім өскелең ұрпақ үшін құнды мұра.

Ойымды қорыта келе Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері жастарға өнеге тұтатын, тәлім-тәрбие беретін және көркем мінезді қалыптастыруға ықпал ететін, балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйеге, ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге талпындыруға бағытталған деп айтсам, артық болмас. Өйткені ойшыл - ғұламаның шығармашылығы ғасырлар өтсе де мән мағынасын жоғатпақ түгіл, өзектілігі кеше жазылғандай.

Аңдатпа

Байтақ еліміздің қай қиырында да, қай кезеңде де ойшыл-ғұламалар маңызды рөл атқарған. Олар халықты бірлікке үндеп, қазақ көгінде күндей болып жарқырады. Дінде терең, ғылымда кемел, тарих пен әдебиетке жетік болды. Жаһандану тасқыны артқан уақытта біз ұлт тұлғаларына жүгінеміз. Алдымыздағы заман көк тұман болып тұрған кезде бет түзейтін бағдарымыз – Қожа Ахмет Яссауи, Әл-Фараби сынды кемеңгерлер. Ұлы дала даналарының дін, иман, жан, рух жөніндегі ілімі еш уақытта маңызын жоғалтқан емес.

Аннотация

В каждом периоде нашей истории, в каждом уголке огромной страны важную роль играли мыслители-ученые. Они призывали народ к единству и сияли как солнце освещая путь. Также они были глубоко религиозны, совершенны в науке, хорошо разбирались в истории и литературе. Наши ориентиры – Ходжа Ахмет Яссауи, Аль-Фараби. По мере нарастания волны глобализации мы обращаемся к национальным деятелям. Учение мудрецов о великой степи о религии, вере, душе, духе ни в коем случае не утратило своего значения.

Annotation

In every period of our history, in every corner of the vast country, thinkers and scientists played an important role. They called the people to unity and shone like the sun, lighting the way. They were also deeply religious, accomplished in science, and well versed in history and literature. Our reference points are Khoja Akhmet Yassawi, Al-Farabi. As the tide of globalization rises, we turn to national figures. The teaching of the sages about great steppe, religion, faith, soul, spirit has not lost its meaning.

Пайдаланған әдебиеттер:

- Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б.
- М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Йассауи. Хикмет жинақ. – Алматы:Жалын, 1998. – 324 б.
- Қожа Ахмет Йассауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С.
- Демирел атындағы университеттің хабаршысы. № 4 (43). 2017
- Қожа Ахмет Йассауи. ««Диуани Хикмет». «Ежелгі дәір әдебиеті» 2 кітап, Алматы, 1991ж
- Сыздықова Р, Яссауи Хикметтерінің тілін зерттеу жайы/// Яссауи тағылымы, Түркістан, 1996ж.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Сауранбаева Гулбану Амантаевна

Астана қаласы Шерхан Мұртаза атындағы
№63 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Ахмет Ясауи - түркі халықтарының орта ғасырдағы көрнекті ақыны, сопылық әдебиеттің ірі өкілі, ислам әлемінің ойшылы. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» – тек сопылық әдебиеттің көрнекті ескерткіші ғана емес, түркі халықтарының ежелгі рухани ескерткіштерінің бірі болып табылады. Ғұламаның өмірлік танымы мен қағидасы - әділдік жолына түсу, ақиқатты тану, рухани жан дүниенің тазалығына дақ түсірмеу, ар мен ождан өлшемдерін биік қою. Ойшыл «Диуани хикмет» мұрасында ізгіліктің көркем үлгісі болар бұл сынды құбылыстарды ислам дінінің шарттары арқылы түйсіндіруді мақсат тұтты. Даналық кітабында ислам заңдары мен әдет ғұрып, сопылық ілімнің идеясы, дін жолын тану, Аллаға жақындау сынды ойлар мадақталады. Ахмет Ясауи бұл төрт құндылықтың өзара байланыста болуы шарт деп таныған. Ғұлама Алланың ақ жолын ұстану имандылық пен ардың ісі деп таныды.

Имандылықтан бастау алатын әділеттілік, ар ұят, намыс, сабыр, төзімділік, мейірімділік, жомарттық, шыншылдық, жүректілік, қанағатшылдық, елмандылық, үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік сынды парасат құндылықтарын адамзаттың жүрегі мен санасына септі. Имансыздықтан туындайтын тәкәпарлық, менмендік, зұлымдық, екіжүзділік, опасыздық сынды жаман әдеттерді масқаралық деп танып, бойды аулақ салуды ескертті.

Бұл дүниедегі адамдар арасындағы байлық пен билік, мансап, кедейлік, қанағатшылдық пен тәубашылдық Хақ тағалаға сыйыну сынды жәйттерді дін талабы тұрғысынан зерделенген. Қолында бармен бөліс, көмекке шын мұқтаж жандарға көмек қолынды соз деп үлгі насихат айтады. Қайырымды болу, мейірімділік таныту ақиқаттың жолы деп таныды. Ғұлама адам жанының рухани байлығы ақиқат жолында деп таныды. Шын мәнісінде ары таза адамның жан дүниесі тылсым күшке ие болғандай.

Ақын өз жырларында халықты адамгершілікке үндеп, теңсіздікті сынғаалған. Ғұлама бұл жалғандаақиқаттан артық қасиет жоқ деп танып, оны барлық дүние мен байлықтан да жоғары қойды. Ар тазалығын«жан тыныштығы» деп білді. Бұл орайда, Ясауи даналығы сан ғасырлар бұрын емес, бүгінгі уақыт табалдырығынан аттағандай әсерде қаларымыз сөзсіз. Себебі Ясауи тұжырымы өміршендігімен ерекшеленбек.

Ясауи ілімі- шексіз махаббат жолы. ҒұламаАллаға қауышу адамзатқа қалтықсыз қызмет ету жолында рухани тазалықпен «Кемел адам» келбеті қалыптасады деп таныған. Яссауи өзінің еңбектрінде имандылыққа баулудың, кемел адам қалыптастырудың жеті қағидатын қарастырған: 1. Аллаһқа деген махаббат 2. Ықылас пен шынайылық 3. Адамға деген сүйіспеншілік 4. Кішіпейілділік 5. Әйел мен ердің теңдігі. 6 Еңбекті бағалау 7. Ілім мәселесі.

Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтерінеАлла Тағаланың пенделеріне деген кеңшілігі мен олардың жасаған күнәларын кешудегі қайырымдылығы арқау етілген. Соған жету үшін негізінен төрт нәрсегеаса көңіл бөлінеді. Олар: шарифат, тарихат, хақиқат, мағрифат. «Шарифат» — ислам дінінің заңдары мен әдет ғұрыптарының жинағы «тарихат» — сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізген жол, «хақиқат» — құдаймен бірігу оған жақындау, «мағрифат»— дін жолын танып, оқып білу. Ахмет Ясауидің пікірінше «Шарифатсыз», «Тарихатсыз» «Мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес.ҚожаАхмет Ясауидың пайымдауынша, әр іске төзімділік, шүкірлік етіп Жаратқ жалбарыну, одан шапағат күту, дүние-мүлік, байлық үшін жанын жалдап, өтірік-өсекке ұрынбау тәрізді мәселелер күнәдан арылудың басты талаптары делінеді.Ақын «Диуани хикмет»еңбегіндеадамзатқаақыл, өсиет айта отырып үлгі, өнеге көрсетуте шақырған. Қайда жүрсең көңіл жұмсақ сыпайы болғын, Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғын. Махшар күні тәңірге жақын болғын, Менменсіген халықтан қаштым міне. Бұл хикметіндеақын адамдардың бір - біріне деген бауырмалдығын, мейірімділігін, сүйіспеншілігін насихаттайды.

ҚожаАхмет Яссауи еңбектерінде қалыптасқан негізгі қағидаттардың біріайналасындағыларға мейірімділік пен жанашырлық идеясын уағыздау болып табылады. Оның шығармаларында кейіпкерлер әртүрлі сынақтар мен шытырман оқиғалардан өтеді, мұнда олардың моральдық әрекеттері мен басқаадамдармен қарым-қатынасы ерекше маңыздылыққа ие. Осы әңгімелерді оқыған немесе тыңдаған балалар мейірімділік пен жанашырлықтың құндылығын кейіпкердің негізгі қасиеттері ретіндетүйсіне алады.

«Диуани Хикмет» кітабында діни имандылықты, жан тазалығын, ізгілікті үлгіетеді. Сопы болу – мына дүниеде өмір сүріп, бұл дүниемен өмір сүрмеу. Бұл дүниенің пендешілігінен жоғары тұру, дүниеқұмарлық, қызыққұмарлықтан безу, арам нәпсіден тыйылу. Олар ғашықтықты Аллаға қаратаайтады. Материалдық құндылықтан жан тазалығын жоғары қояды...» [1, 79, 80]. Осы реттен келгенде, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабы Алланың ақиқат жолын, керемет те көркем қасиетін, адалдық пен адамдықты, адамгершілік пен қайырымдылық істі қадірлеп – құрметтеп, үлгі-ғибрат тұтудың ғажайып көрінісі, өрнекті-өнегелі өмір тағылымы болып табылады.

Данышпандық дидары, ғұламалық ғибраты, кемеңгерлік келбеті, ақыл-парасаты мен ғылымилық және діни-сопылық сипаттары – Қ. А. Ясауидің кемел болмысын биіктете түседі [2, 208]. «Хикметтер» мазмұнына ден қойып, табиғаты мен тағылымына мән берсек, Аллаісін мадақ етіп, Ақиқат жолын көрсетіп, ар-иманға сеніп, адамшылық-адамгершілік мұраттарды асқақтата түскенін анық аңғарар едік. Әділеттіістіардақтап, игілікті-ізгіліктііске кең жол ашады. Жасампаздық жолды ұстанып, жақсылық пен достықты ту етеді. Кісілік пен кішілікті, мейірім мен қамқорлықты, елшілдік пен отаншылдықты, бауырмалдық пен еңбекшілдікті, берік дәстүр мен терең дүниетанымды, тарих пен танымды, тәлім-тәрбие мен туыстықты, татулық пен тұтастықты, мөлдір махаббат пен сағыныш-сүйіспеншілікті сөз етеді.


Бала тәрбиесі-бұл жеке тұлғаның дамуының моральдық, рухани және моральдық аспектілеріне назар аударуды қажет ететін күрделі және көп қырлы процесс. ҚожаАхмет Яссауидің еңбектері бала тәрбиесіне терең әсер ететін даналық пен рухани ағартудың құнды көзі болып табылады.

Сыныппен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» басшылыққааламын. Атаулы бағдарлама негізінде ұлттық құндылықтың қайнары болған адамгершілік пен ар талабын бала бойына сіңіру қашан да маңызды.

Замануи тәрбие құндылығы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиеден және құндылықтардан бастау алуы заңды құбылыс. Ал ұлттық тәрбиеміз адамгершілік, ар, құрмет пен сыйластық, мейірімділік пен жанашырлық сынды жоғары адамилық талап биігінен тұрары әліптік ақиқат.

Адамгершілік пен ар ілімін жоғары қойған Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін бала бойына отбасылық құндылық негізінде сіңіру мақсатын көздедім. Бұл орайда оқушылардың Ясауи хикметтері бойынша алған білімдерін пысықтату мақсатында joyteka платформасын қолдану арқылы «Квест» ойны өткізілді. Joyteka платформасындағы «Квест» ойыны сұрақтарға жауап іздеу барысында оқушының кретивті ойлау дағдысын дамытады. Бұл тапсырманы сілтеме немесе белгілі бір кодты енгізу арқылы орындауға болады.

<https://joyteka.com/100591512>



Уақыт
сынынан

екшеліп, ғасырлар бойы маңызын жоймаған дананың даналық кітабының бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесінде деалар орны ерекше. Ендеше ғұламаАхмет Ясауидің адамгершілікпен салған сары жолын әр кез бала тәрбиесінде ұстану бізге міндет.

Аннотация

Мақалада түркі халқының рухани данасыболған Қожа Ахмет Ясауидің асыл мұрасы – «Диуани Хикмет» кітабының табиғаты мен тағылымы, ондағы Алланың ақиқат жолы, адамдық мұрат пен адамгершілік қағидаттары, ар-иман иірімі, ақыл-парасат өлшемі, софылық идея, ел-жер қадірі, кісілік пен кішілік, сыйластық сырлары туралы сөз қозғалды.

Қ.А. Ясауидің данышпандық дидары, ғұламалық ғибраты, кемеңгерлік келбеті – «Хикметтер» кітабындағы Отан мен отбасы құндылықтарымен байланыстырылып, Жаратушыны тану мен құрмет тұту, Аллаға сиынып, оның қасиет-құдіретін білу, адамшылық жолғаадалдық таныту ісі төңірегіндеой қозғалады. Қ.А.Ясауи әлемінен анық аңғарылатыны, адамдық мұрат пен игіліктіістіардақтайды. Адамгершілік, әділеттілік, жасампаздық, жауапкершілік, мейірімділік, ізгілік, сыйластық сырынаеркін еніп, қоғамдық-әлеуметтік мәні, тарихи-мәдени арналары мен көркемдік-рухани сипаты кең түрдеашылады. Аллаға сыйынып, оның қасиеті мен құдіретіне мән береді. Ислам әлемі мен адами мұраттарға ден қойылады. Қ.А. Ясауи «Хикметтер» арқылы жалпыадамдық мәселелерді қозғап, Ислам жолын уағыздап, Аллаісінеадалдық танытады. Ақиқат пен Тарихат жолын, софылық идея мен шарифат шарттарын қатаң сақтайды. Елдік мүдде, ұлттық мұрат, руханият мәні мен тұғыры, сабақтастығы сақталады.

В статье рассматриваются история жизни Ходжи Ахмеда Ясави, ставшего духовным отцом тюркского народа, а также содержание и просветительские назидания его бесценного наследия - книги «Дивани Хикмет», касающиеся пути истины Аллаха, человеческих идеалов и нравственных принципов, реалий общества и времени, сущности жизни, религии, совести, чести и здравогомыслия, исламского воспитания, софистических идей, ценностей и традиций народа, мировоззрения и ответственности, молодости и дружбы, человечности и проявления уважения к старшим, секретов взаимоуважения и нравственных качеств. Гениальный облик, ученое назидание и мудрость К.А. Ясави переплетаются с ценностями Родины и семьи в книге «Хикметы», всесторонне двигаются вокруг познания и уважения Творца, поклонения Аллаху, познания его добродетели, верности человеческому пути. Из мира К. А. Ясави очевидно почтение человеческой цели и благородного дела. Через «Хикметы» К.А. Ясави затрагивает общечеловеческие вопросы, проповедует путь Ислама и проявляет верность волеАллаха. Он глубоко понимает реалии общественной ситуации и времени, человеческий фактор, жизнь народа, интересы и мечты. Строго соблюдает путь истины и историзма, условия Софийской идеи и шариата.

The article examines the life story of Khoja Ahmed Yasawi, who became the spiritual father of the Turkic people, as well as the content and educational edifications of his priceless legacy - the book "Diwani Hikmet", concerning the path of truth of Allah, human ideals and moral principles, the realities of society and time, the essence of life, religion, conscience, honor and sanity, Islamic education sophistic ideas, values and traditions of the people, worldview and responsibility, youth and friendship, humanity and respect for elders, secrets of mutual respect and moral qualities. K.A. Yasawi's brilliant appearance, learned edification and wisdom are

intertwined with the values of the Motherland and family in the book "Hikmet", comprehensively moving around the knowledge and respect of the Creator, worship of Allah, knowledge of his virtue, loyalty to the human path. From the world of K. A. Yasavi, the reverence for human purpose and noble cause is obvious. Through the "Hikmets" K.A. Yasawi touches on universal human issues, preaches the path of Islam and manifests.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иассауи Қ. А. Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995.
2. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Оқу-құралы. – Астана: Елорда, 2001.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық–Алматы:Санат, 1997.

**Қ.А. ЯССАУИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Сауытбаева Айымгуль Бейбитшиликовна
Әлихан Бөкейханов атындағы BINOM
SCHOOL мектеп-лицейі бастауыш сынып
мұғалімі, педагог-зерттеуші

Бүкіл бір халықтың ішкі жан дүниесіне үңілу үшін оның әдебиетін жетік білу керек. Сонда ғана оның тарихы мен мәдениеті сүт бетіне шыққан қаймақтай көзге көрініп тұрмақ. Жалпы алғанда Яссауи мұраларын бірден оқып кету мүмкін емес. Оның еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қарасақ та, әлеуметтік, Тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері кең қарастырылған. Сондықтан болар ол мұраларды ұқыптылықпен талдау отырып оқу және оны сүзгіден өткізу қажет.

Мақсаты: Қожа Ахмет Яссауи хикметтеріндегі ұлттық танымды қазіргі жас ұрпаққа үлгі боларлық, тәлім-тәрбие беретін тұстарын ашып, өмірде қолдануға бағыттау.

Өзектілігі:Қожа Ахмет Ясауидің ағартушылық қызметі,әсиеттері мен өнегелі ойлары, шығармашылық тарихи еңбектерінің жеке тұлғаны қалыптастыруда мәні зор.

Ахмет Яссауи өміріне қатысты аңыздар мен әңгімелер, хикметтер жинағы болып табылады. Бұлар да көптеген тілдерге аударылып, таратылған. "Тарихы терең көрген Түркістан" атты Түркістанның 1500 жылдық мерей тойына арналған мерекелік жинақта да Яссауи туралы көптеген мағлұматтар бар [1]. Яссауидің алғашқы еңбегі "Диюани хикмет. Бұл "Диюани хикмет" еңбегі ел аузында айтылып қол жазба түрінде сақталған. Біз сөз етіп отырған Ахмет Яссауи тәрбиесінің адам балластына ықпал ету күшіне кәміл сенді, адамдығы мен адамгершілі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептелді. Тек дені дұрыс тәрбиенің көзі ғана ақымақтыққа бастар істерден сақтап, мінез бен болмысты түзеуге ықпал етпек.

Қожа Ахмет Яссауи мұраларындағы "Даналық кітабында" төрт ақиқат мадақталады:

1. "Шарифат" – ислам заңдары және салт-дәстүр негіздері. Мұсылмандық жолды қасиет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың адамзатқа тән екендігін жырлап, адамгершілік дүниесін асақақ әуенмен жеткізу.

2. "Тариқат" – діни-сопылық идеяны мақсатты түрде өсиет ету. Кеңінен алып айтқанда, өлең арқылы ұрпақты имандылыққа, шынайылыққа, әділеттікке, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

3. "Мағрифат" – дін жолына түсіп, соның бағыт-бағдарын айқындау, тану. Іағни, Алланың ақ жолына түсіп, ала жіп аттамай, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпы сақталған тазалықты жекізу. Ақын Хақты танып, соның жолында жиған-терген ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны айтылады.

4. "Хақиқат" – Аллаға құлшылық қылу. Он сегіз мың ғаламды Жаратушыны дәріптеп, әрбір мұсылманның парызы Құдайға құлшылық екенін меңзеу. "Иман нұры", "хақиқат дариясы", "Ақіреттің азығы" деген дүниелермен адамды күнәдан арашалау, тазарту. Бұл еңбекте ғұлама Түркістанның пірі деп негізгі төрт мәселені қарастырған.

Қожа Ахмет Яссауидің келесі бір еңбегі "Мират – ул Қулуб". Бұл еңбек алдыңғы сопылық ілімін негіз еткен ілімнің жалғасы сынды. Мұнда да негізінен Иассахан негізіндегі шарифаттың, мағрифаттың, тариқаттың, ақиқаттың мәселелерін ашып көрсетеді. Шығарманың атауының өзі қызық әрі адам балластын өзіне тартып тұрады. Шығарманың бұл аталуы оның ішкі мазмұнына байланысты болмақ. Аталған еңбекті кімде-кім оқып шығар болса, қателіктерге бой балдырмай өзінің күнәларын танитын болады делінген.

Тағы бір еңбек жайында сөз қозғап өтсек. Ол Яссауи өміріне байланысты аңыз-әңгімелерге толы хикаяттар мен еңбектер. Бұл шығармаларды оқудың арқасында оқушы оқырман өздерін жақсы бір бағыттан көруге тырысады. Біз айтып отырған ғұлама әрі дана Қожа Ахмет Яссауи өмірі үлкен үш арнадан тұрады. Атап айтқанда біріншісі – бала кезі, жастық шағы, екіншісі – бозбала шағы, үшіншісі – нәпсіні жеңіп әулиелік деңгейге көтерілген тұсы.

Яғни, имандылық Алладан пайда болғандықтан, рух әлеміне тиесілі құбылыс. Сабырлық рухани әлемнің реттеуші күші деп санайтын болсақ, онда иман дегеніміздің өзі рухани дүниелердің жинақталған құрамы, көрінісі деп түсінеміз. Ахмет Яссауи түсінігінде, адамның кісілік келбеті, ішкі рухани дүниесінің нұры, жақсы жаққа жетелейтін тәрбиешісі оң жолы нұсқап, түзу бағыт-бағдар нұсқайтын жекешісі және де иман пенденің ана әлемде Хақ алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жақтасы болып қалмақ. Иман – Құдайдың құдыретімен жеткен, адамзатқа берілген үлкен нұр. Оны сақтап қалу үшін көп еңбек ету керек. былайша айтқанда әркімнің өз қолдында тұрған дүние. Иман адамгершілік қасиеттерінен нәр алатын гүл, оны солдырып алмау әркімнің өз

баптауында. Яғни иман – адам қасиеттердің жиынтығы. Осы аталған имандылықты құрайтын адамдық қасиет, адамгершілік қандай еді

Құдай Тағала пендеге иманды сыйламастан бұрын ең алдымен осы сыйға ие бола алатындай ақыл және де сол тартудың тұрақты бола алтыныдай мекені – сананы берген екен. Яғни иманның нұры мәнге ие болуы тиіс. Оны зерделеу, пайымдап баптау қасиетіне тығыз байланысты болмақ. Иман жүрекке түскен сәуле. Оның нұры кез келген адамның жүрегін жібітіп, ерітіп те жібере алады. Алла адамзатты жаратушы және иманды жіберуші. Ал сол үлкен сыйдың адам рөліндегі теңдесіз дүние екенін түсіну Мұхаммед пайғамбардан бар. Ақылды адам ақ пен қарасын айыра алатын әрі бұрыс жолға кеткенді ауруынан айыра алатын бірден - бір себепкер.

Иманды жүректің екінші негізі – сабырлық. Сабырлы болу үшін адамға төзім мен шыдамдылық керек. ол қасиеттер адам балластында о бастан бар. Сабырлы төзімді пенде өзіне берік, сенімі нық адам. Сабырлылық адамды асығыс жолдан сақтайды. Жөнсіз қылық жасаудан алдын алады. Сабыр пенденің төзім белгісі, әр не бәле келсе, сабырлық сақтап, шыдамды болуда ерен күш жатыр. Адам неғұрлым сабырлы болса, соғұрлым тағатты болады, Әмір қиындықтарынан қорықпай, машақатқа бекем келеді.

Адам өзінің қайраты, тәубесі арқылы өмірдегі таңдауын өмір сүру жолын, орнын белгілейді. Егер де адам жалтақтап, өмір мәселелерін шешуге батылы жетпей, жалған өмір мен хақ өмірге таңдау жасауға қорқып тұрса, онда ол жалған қорқыныш сезіміне бой ұрып, қолы да, жолы да байланып, шайтан құрығына түседі. Яғни адам тек Хақ алдында қорқуы керек, ал бұл дүниелік қорқынышқа бой алдырса, жаны семіріп, құты қашып, иманынан айрылады [3].

Адам балласты жан-жағына рақымды болып, мейіріммен қараса, хақ оған сондай рақымшылық танытатын болады. Мейірімді адам басқалардың қайғы-қасіретіне ортақ болып, Шер бөлісе алады. Жүрегі махаббатқа толы жылытар, көңіл қуантар. Содан болар Яссауи еңбектерінде адамгершіліктің биік үлгісі бола білген пайғамбар жетім басын сыйлаушы, ғаріптерге медет болушы тұлғасында көбірек сипатталады. Мейірімді болу, рақымды болу пенденің сезімталдық сынды ең нәзік деген сезімдерінен құралған. Адам балласты қаншылықты момын, жүрегі жұмсақ, көңілі жібіген сайын, бұл дүниеде соншалықты дәрменсіз, бейшара болады мыс. Олардың жауға, қорлыққа, зорлыққа қарсы тұрар хәлдері жоқтың қасы. Ахмет Яссауи өз хикметтерінде сопы-дәруіштерді мәңгүрт кейіпінде, бейшара образында бейнелеп көрсеткен. Ал бұлардың мұсылмандық қаруы, яғни осы өмірдегі амалсыздық белгісі жылау, көз жасын көл қылу түрінде сипатталып, мейірім, махаббат, рақымдылық, кешірімді болу, қайырымдылық қасиеттерінің ұғымын жылауда көрсеткен. Тегінде шынайы жылау, адамның жан жүрегінен шыққан аяушылық сезімнің көз жасы сауап. Пәк жүрек пен көңілде бүршік жарып тұрған көз жасы адамның ішкі жан дүниесін шынайы көрсете алмақ деген сынды дүниелерді жырға қосып өткен. Имандылықтың басты шарты деп: адал болу, шынайлық, садиқ болу сынды жолдарды А.Яссауи еңбегінде атап көрсеткен. Бұл шарттар адам баласының өмір бойғы жемісі болып табылмақ. Егер де адам өзінің арам пиғылымен жақсылық жасар болса ол екіжүзділік болып табылады. Адам

мәңгүртікке салынып, бұл дүниеде рухани дүниесіне өтірік байлыққа айырбастап, нәпсілікке жол беріп, надандық ауруға душар болады. Ал надан болу дегеніңіз – тәкәппарлық. Менмендіктің түрі. Мұндай кісілер қатыгез қайығымен жүзіп жүретін жандар. Яссауи пендені жалған дүние тұзағынан сақтанып, нәпсінің тұтқыны болмау үшін не жағдайда да иманынан айырылып қалмауына шақырады. Пенденің жүрегі таза, жан дүниесі пәк болуының кепілдігі ретінде әрдайым иманмен белгіленген ізгі қасиеттерді тәрбиелеп, жетілдіріп отыру қажет. Себебі пенде тек иман түріндегі адамгершілік қасиеттер арқылы дүниелік тірлік жинап, рухани толып, әулие кемеліне жетеді.

Түркілік төл дүниетанымнан бастау алатын Қорқыт жырларының ең көне қабаты тілдік құрылымы, көркемдік құралдары, бейнелер жүйесі жөнінен "Диюани хикметпен" қапысыз қабысады. Жырдың хикметтерге айқын әсерінің негізгі көрініс тапқан тұсы – осы дәстүрлі көркемдік қабат. Бірі – батырлық эпос, екіншісі сопылық лирика болып табылатын қос шығармаға қаһармандық пафос та ортақ, тек бұл сезімдердің бағытталуы мен суреттелуі түрліше. Сүжет мәселесіне келсек, Қорқыт жырларында азаматтық тарихтың аңыздық үлгісі жинақталса, Яссауи хикметтерінде агиографиялық сүжеттер қамтылған. Халық педагогикасында адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің аса бай жолдары белгілі болғанына көз жеткізу үшін, келесі әдістер мен құралдарды атап өтуге болады. Олар көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу және т.б. Бұл айтылғандар жөнінде Яссауи еңбектерінде толық қамтылған. Мәселен, "Хикметтерінде" қамтылса, екіншісі "Пақырнама мен Мұнажатнамасында", ал үшіншісі болса, "Мират-ул - Қулуб" атты еңбектерінде талданып, берілген. Қалған мәселелер өмірбаянына негізделіп жазылған аңыз-әңгімелер мен хикаяттарында келтірілген. Міне, осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам балласты өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі. Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды. Қ.А. Яссауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, ал оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Яссауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Педагогикалық практикада қолдануға болатын мысалдар келтіре кетсем: бастауыш сынып оқушыларына тәжірибиеге енгізу үшін ата-аналарымды жұмылдырдым. Себебі, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін зерделеу, бастауыш сынып оқушылары үшін өте күрделі. Ата-аналармен «Family-оқу», «8-минуттық оқу», Қожа Ахмет Ясауи «Даналық мектебі» жобасы арқылы оқушыларға түсіндіре білдім.

Аңдатпа

Бұл мақаланың негізі ретінде жеке тұлғаның қалпытасуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар, қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен Қ.А.Яссауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеу. Қожа Ахмет Яссауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үнілу. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азықтың тамырына Ислам қанын сіңірген Ахмет Яссауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра.

Аннотация

В основу данной статьи положены научные выводы о состоянии личности, воспитательной работе в обществе Х.А.Яссауи. Анализ, обоснование, систематизация философских познаний духовно-нравственного воспитания и асавия, просветительской деятельности, творческих исторических трудов. Ходжа Ахмет углубляясь в глубь учения Яссауи, углубляясь в его значение для человечества и казахской литературы. Не только как один из представителей казахской литературы, но и впитавший в себя исламскую кровь в корме духовной души, мудрость Ахмет Яссауи на протяжении тысячелетий передавалась из поколения в поколение.

Abstract

At the heart of this article are scientific conclusions about the personality of a person, analysis of spiritual and moral education, educational activity, creative historical works of Kayassavi in educational work in society, systematization of philosophical knowledge. Having delved into the teachings of Khoja Ahmed Yasawi, it is worth paying attention to humanism and Kazakh literature. The wisdom of Akhmet Yasawi, who is not only a representative of Kazakh literature, but also the root of spiritual food, has been inherited from generation to generation for thousands of years.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б.
2. М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы.
3. Қожа Ахмет Яссауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б.
4. Қожа Ахмет Яссауи. "Диюани хикмет". - Алматы: Арыс, 2001. – 18 б.
5. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017

Қ.А.ЯССАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Сеитова Сандугаш Капсалановна
Сыпатай Әлібекұлы атындағы №19 жалпы
орта білім беретін мектебі, директор
бастауыш сынып мұғалімі
педагог-зерттеуші

Қазақ халқының байырлы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзиясының негізін салушы, күллі күншығыс

мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Яссауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ нақтылық үшін айтсақ, Ясы қаласы-оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының қолына келіп, бала кезінен өскен жері. Ақынның туған жері-қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Әкесі Ибрахим мұсылманша сауаты бар, сөз қадірін білетін адам болған. Шешесінің аты Қарашаш. Бала Ахметтің басты ұстазы, тәрбиешісі аталас туысы болып келетін Арыстан баб болды. Ол өмірден қайтқаннан кейін Ахмет 17 жасында Ясы қаласына келеді. Дәл осы кезден бастап араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетіне ден қойды. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы- «Диуани хикмет». Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Стамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылды. Соның бірі 1901 жылы қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бал күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың әкімшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады. Яссауи кейін Бұқара қаласында Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде оқыды. Оны бітірген соң сопылық жолдың біраз ащы-тұщысын татып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстан баб қалап кеткен дәстүрді жалғастырды. Осында ол ислам дүниесі кең таныған кемеңгерге айналды. Қожа Ахмет Яссауи түркі тілінде жатық, әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырып салмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері болған. Оның жолын ұстанған шәкірттері мен сопылықты уағыздаушылар түркістандық ғұламаны күллі әлемге танытты. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруден көп еңбек етті. Ахмет Яссауи ілімі түркітілдес халықтардың сопылық рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Бұған дәлел Яссауиден кейінгі көптеген қазақ ақын, жырауларының шығармаларынан да сопылықтың тікелей әсерін байқаймыз. Ол 63 жасынан бастап қалған өмірін жер астында, яғни қылуette өткізді. Мұны Ахмет «Пайғамбар жасына жеттім. Маған одан артықтың қажеті жоқ», -деп түсіндіреді. «Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Исауи

әзіреті сұлтан аталып, басында XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір күмбез орнаттырды. Бұл жайында жергілікті халықта мынадай аңыз бар «Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін Ақсақ Темірдің түсіне Қызыр еніп, ең алдымен Ахметтің ұстазы Арыстан бабқа мазар тұрғызу жөнінде аян берді. Темір Қызырдың айтқанан екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріскен екен». Қожа Ахмет Ясауиге тәу етушілер алдымен Арыстан бабтың басына барып түнейді. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауидің Республикалық мұражайы ашылды. 28.08.1989 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымды Парижге өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Кесененің бүкіл архитектуралық-жобалық композициясының орталығы-Жамағатхана (Қазандық). Оның 2 жағынан 8 құжыра бөлмелер салынған. Ортасында көлемі 3 мың л су сыятын тайқазан тұр. Жамағатхананың айналасын қоршай орналасқан бөлмелерге шығатын 14 есігі бар. Бүкіл құрылыстың негізгі кіндігі-қабірхана бөлмесі болып есептеледі. Оның оң жағында мешіт бөлмесі мен кітапхана, сол жағында-екі күмбезді Үлкен ақсарай бөлмесі орналасқан. Онда сопылық ілім, Жаратқанға деген сүйіспеншілік, мойындаушылық, сопылық, мәдени дәстүрлі өмір, имандылық, қанағат тұту, кішіпейділік, жомарттық, адамгершілік қасиеттері уағыздалған, рухани жебеушісі, кейінгі ұрпақ тәуіп етер қасиетті Хикметте Ахмет Ясауи өзінің ұстазы Арыстан бабтың өсиет сөздерін насихаттайды. Ел арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз бар. Халық арасында қалыптасқан сенімге сәйкес алдымен Арыстан бабқа, содан кейін Қожа Ахмет Ясауи басына барып тәу етеді. Ясауи ислам діні тарихында «сопылық ағымның» негізін қалады. Ясауи ілімі көшпелі түрткі қауымын имандылыққа шақырып, түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс әкелді. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, діни – сопылық әдебиеттерін көне түркі тілінде, шағатай тілінде жазып отырған. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты уақыт болатын. Осы шақта елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты, адалдықты көкसेген, соны ту етіп, өз шығармаларында арқау еткен ақын – шайырлар тобы тарих сахнасына шықты. Бұлардың арасында асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен, қайырымдылық пен мейірімділікті өміріне арқау етіп, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген, қасиетті әулие атанған Қожа Ахмет Ясауи еді. Бұл ретте түркі дүниесінің оның ішінде халқымыздың бүкіл рухани адамгершілік, мағыналы әлемінен тәлім – тәрбиелік ой – пікірлері тарихынан аса көрнекті ғұлама ғалым, сопылық мектеп пен әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын, кеменгер ойшыл, философ ұстаз, Түркістанның пірі, Түркі- ислам жолының негізгі ірге тасын қалаушы Құл Қожа Ахмет Ясауидің алар орны ерекше. Ахмет Ясауи тек насихатшы емес, өмір сүрген философ, ұлы ғұлама мейірімді, кішіпейіл ойшыл ақын ретінде түркі жұртына танымал болды. Сондай- ақ Түркістан қаласынан

ашылған университетке Қожа Ахмет Яссауи аты берілуі ұлы бабамызға деген үлкен құрметтің белгісі болса керек. Бұл кейінгі ұрпақ парызы. Түркі халықтары алғашқы халық болып қалыптасқанда олардың тілдері де, діндері де, жазулары да, мәдениеттері де, тарихы да, әдебиеттері де бір болған еді. Бүкіл түркі дүниесінің тілінің, дінінің, ділінің, қалыптасуына Яссауи еңбектерінің тигізген әсері өте мол екендігіне күмән келтіруге болмайды. Яссауи еңбектерін кеңінен пайдаланады. Ол еңбектерінде өзіне дейінгі өз заманындағы ғұламалардың ақыл кеңесін пайдаланып, оны келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Яссауи бірінші болып өз еңбектерін түркі тілінде жаза бастады.

Яссауи әулиелік дәрежеге көтерілді. Жазған еңбектерінің бәрінде де этнопедагогикалық, педагогикалық этнопсихологиялық және де жалпы тәлім-тәрбие мәселелері кеңінен қарастырылған. Қ.А.Яссауи еңбектерінен өздеріне қажетті дүниені алып отырады. Яссауи еңбектерін кеңінен пайдаланады. Яссауидің қайсы бір еңбегін алмайық, бәрінде де этнопедагогика мәселелері кеңінен беріліп отырады. Оның үстіне еңбектерінің бұл еңбектерінің бәрі де түркі халықтарына теңдей қажетті дүние болып табылады. Бұл еңбектің қайта-қайта баспадан жарық көруі, оның құнды әрі халыққа қажетті дүние екендігіне көз жеткізудің бірден-бір дәлелі. Яссауи еңбектерінің құндылығы тағы дәлелдей түсетін мағлұматтардың бірі кейінгі кездері дүниенің түкпір-түкпірінен табылып жатқан Яссауи шәкірттерінің есімі. Олар тек түркі дүниесі, ислам әлемі емес, сонымен қатар батыс елдерінде де шығып жатыр. Бұл деген Қ.А.Яссауи еңбектерінің құндылығына тағы бір дәлел. Бұл дүниелер құнсыз әрі олардың халыққа тигізер тәлім-тәрбиелік мәні болмаса, онда оларды ешкім де пайдаланбаған болар еді. Міне, осыдан-ақ Яссауи еңбектерінің баға жетпес құнды рухани дүние екендігіне көз жеткізуге болады. Ал енді бұл еңбектерінің барлық түрі халықтарының этнопедагогикасының қалыптасуына әсері тимеді деуге қақымыз жоқ сияқты. Себебі Яссауи еңбектерін түркі халқы ғасырлар бойы пайдаланып келуде. Ол еңбектерінде өзіне дейінгі өз заманындағы ғұламалардың ақыл кеңестерін пайдаланып, оны келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Қайсы еңбекті алмайық, тұнып тұрған өсиет сөздер, олар кара сөзбен де, өлең шумақтарымен де, «Хикмет» түрінде де жазылған және айтылған. Жоғарыда айтып өткендей, Яссауидің біраз еңбектері баспадан түркі тілдерінде жарық көрген.

Тәуелсіз елімізде оқушы жастарды бүгінгі жастарды бүгінгі күн талабына сай ұлттық тәлім-тәрбие беруде халқымыздың бай мәдени мұраларын, педагогикалық ой-пікірлерін жинақталған ұлттық құндылықтарды зерттеп, зерделеп, жалпы оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісіне пайдаланып қолданудың маңызы зор әрі қажетті. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі таңдағы бәсекеге қабілетті жасөспірімдерді тәрбиелеп, тәлім-тәрбие беру ұлт тұрмыс-тіршілігін өркендетіп өсіруші, сапалы да салауатты, ұлтжанды патриот, мәдени-ғылыми ой-өрістері кең жас өскелең ұрпақ өсіру-қоғам, әлеуметтік орта алдында тұрған кезек күттірмейтін басты міндеттер мен мақсаттар болып табылады. Әрбір қоғам өзінің даму барысында зиялы қайраткерлерінің педагогикалық ақыл-ойын, тәлім-тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған. Сондықтан да ғылыми

дәстүрлі педагогиканың бастауы деп санайтын орта ғасырлық ұлы санайтын орта ғасырлық ұлы ғұлама-ғалым ойшылдар Қорқыт ата, Әл-Фараби, А.Яссауи, т.б тарихи педагогикалық мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлері ұлттық тәлім-тәрбиенің мазмұнын кеңейтіп, келешек жас өскелең ұрпақтарды елжандылыққа, патриоттық жалынды жазушы, арқалы ақын, зерделі зерттеуші, өз ұлтының шын мәнінде ұлы ұстаздары іспетте еді. Олар өздерінің үлгілі өнегелі істерімен, ұлағатты сөздерімен, қайырымды істерімен, мінез-құлықтарымен сол дәуірдің өзінде де иісі қазақ жұртының зор қызметіне иеленген беделді, рухани, мағуани көшбасшыларымыз болды. Яссауи үшін имандылықтың басты шарты-адал болу, шынайы болу. Егер де адам арам көңілмен жақсылық істеген сияқты болса,оның әрекеті рия- екі жүзділік болып табылады. Адам делқұлыққа салынып, бұл өмірде рухани дүниесін жалған байлыққа айырбастап, надандық ауруына шалдығады. Ал надандық дегеніміз-менмендік, тәкәппарлық сияқты иманға жат қасиеттердің күш алып, адамның бойын улайтын рухани мешелдік болып табылады. Наданның жүрегінің жылуы, көңілінің мейірі жоқ. Мұндай адамдар қатыгездік мұзымен құрсауланып, ешкімнің дертін, халін сұрамас, тасбауыр болады. Адамгершілік, имандылық тәрбиенің көзі міне, осыда жатқан сияқты. Негізінде әрбір халық, халық, этнос болып қалыптасу үшін оған үш нәрсе қажет екен, оның біріншісі-тіл, екіншісі- дін, ал үшіншісі жазу. Яғни үш мәселені де тең көруімізге мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Жалпы адамгершілік тәрбиесін, Яссауи еңбектерін бала бақшаларға, мектептерде, жоғары оқу орындарына, басқа да оқырман қауымға кеңінен жарияласақ нұр үстіне нұр болар еді.Тәрбие үдерісі оқушылардың адамгершілік құндылықтарды меңгеруге бағытталуы тиіс. Адамгершілік құндылықтардың қалыптасуындағы еңбек тәрбиесі адамның адамгершілік қасиеттерін дамытып, ақыл-оймен қалыптастырады. Яғни адамның рухани адамгершілік қасиеттерімен ғана танылады. Ал адамгершілік қасиеттер иман түрінде көрінеді. Ахмет Яссауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық, әдептілік т.б тәрбиелер негізі халықта жатыр. Яссауи еңбектерінде ғасырлар бойы қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, өткендердің келер жас әулетке сыйы ретінде үздіксіз беріліп отыр.

Аннотация

Бұл мақалада Қ.А.Яссауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесін мұғалім мен ата-ана бірлесе жұмыс жасап, ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру жолдары туралы баяндалған. Сонымен қатар ұлттық құндылықтардың жаһандану дәуіріндегі маңызы талданып, ұлы тұлғаларымыздың шығармаларындағы құндылықтарды кең көлемде насихаттау мәселесі қарастырылған.

Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы оларды өз халқының әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы өзекті мәселені шешуде «Қ.А.Яссауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі» тақырыбында жазылған мақала өз ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Ұлттық құндылықтар-бағзы заманнан бері келе жатқан мұраларымыз. Сондықтан әрбір ұлт өз болмысын жоғалтпау үшін ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруге тиісті. Осы орайда мектеп мұғалімдерінің алдында әдет-ғұрып, салт-сананы насихаттау міндеті тұр. Осы мақала мұғалімдердің ата-анамен байланыс жасауында бала бойындағы тәрбие құндылықтарын дамыту жолдарын шешуге өз септігін тигізеді.

Аннотация

Таким образом, в решении данного противоречия большое влияние на становление и развитие казахской литературы, языка великого ученого, учителя, а в учебно - просветительской сфере - на развитие педагогической мысли во всем тюркском мире, том числе в республике, в национальном воспитании оказывают духовно - нравственное наследие. Ясауи в своих трудах оставил наказ для потомков, используя советы и опыт своих современников. В каждом труде, будь это проза или поэзия, мы можем заметить идею, полную жизненного опыта. В труде «Хикмет» тоже сказано и записано об этом.

Как говорилось выше, многие труды Ясауи вышли в свет на тюркском языке. Но в последнее время издавались в типографии Алматы уже на казахском языке.

Итак, труды Ясауи для тюркского народа являются общепринятыми. Огромные тиражи и повторные издания являются доказательством того, что они являются ценными. Если бы они были ненужными, вряд ли издавались много раз. Еще одним доказательством является появление в разных концах света последователей учения Ясауи. Это не только представители тюркских народов или приверженцы ислама, но и представители западных народов.

В учении К.А.Ясауи проповедуются идеи гуманизма, милосердия, патриотизма, уважения и почитание культуры народа, его языка, духовной морали, идеи преемственности поколений, а также необходимость внедрения в учебно-воспитательный процесс школ и вузов. На данный момент существуют противоречия.

Таким образом, имя великого просветителя, философа заняло достойное место в истории становления и развития культуры тюркских народов.

Annotanion

A. Yasawi takes what he needs from his works. Yasawi's works are widely used. Let's not take any of Yasawi's works, ethnopedagogy issues are widely discussed in all of them. Moreover, all these works are equally necessary for the Turkic people. The fact that this work has been repeatedly published is the only proof that it is valuable and necessary for the people. One of the pieces of information that further proves the value of Yasawi's works is the names of Yasawi's students who are found in all parts of the world. They are appearing not only in the Turkic world, the Islamic world, but also in Western countries. This is another proof of the value of the works of K. A. Yasawi. These things are worthless and if it were not for their educational value to the people, then no one would have used them. From this, we can be sure that Yasawi's works are an invaluable spiritual world. And now it seems that we have no right to say that all these works did not influence the formation of ethnopedagogy of their people. Because the Turkish people have been using the works of Yasawi for

centuries. In his works, he used the advice of the scholars of his time before him and left it as a testament to the next generation. No matter which work we take, the words of the will are buried, they are written and spoken in black words, verses, and in the form of "Wisdom". As mentioned above, some of Yasawi's works were published in Turkish languages.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. “ Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
- 2.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, V том
- 3.Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
- 4.«Қазақ әдебиеті» 8 сынып 22-26бет – Алматы «Мектеп» 2018ж

АХМАД ЯССАВИЙ ҲИКМАТЛАРИ - МАЪНАВИЙ КАМОЛОТ САРИ ЕТАКЛАЙДИ

Сидикметова Зухрай Турдиматовна

108 – сонли Ҳамза номли умумтаълим ўрта мактабининг ўзбек тили ва адабиёти фани ўқитувчиси, педагог – тадқиқотчи. Алишер Навоий номидаги Тошкент Давлат ўзбек тили ва адабиёти университети она тили ва адабиёт таълим факультетининг магистри

Аҳмад Яссавий ҳаёти йўли

Хожа Аҳмад Яссавий – тасаввуф таълимотининг буюк намоёндаси, дунё адабиётида ҳикмат жанрини яратган атоқли мутасаввуф шоир, ўзига хос “Яссавия” тариқатининг асосчиси, шариат, тариқат, ҳақиқат ва маърифатни куйлаган, ислом оламида соф туркий(ўзбек)тилида ижод этган улуғ мутафаккир.

Аҳмад Яссавий XI асрнинг иккинчи ярмида (1166 йилда) Ясси яқинидаги Сарём (Сайрам) шаҳрида дунёга келади. (Кейинчалик у ўз она юртини асарларида “Ул муборак Туркистон” деб тилга олади).

Отаси Шайх Иброҳим жавонмардлик тариқатига мансуб улуғ зотлардан бўлган. Яссавий туғилганидан сўнг, кўп ўтмай онаси – Мусо Шайхнинг қизи Ойша хотун оламдан ўтади. Етти ёшида эса отаси вафот этади. Кичик Аҳмаднинг тарбияси опаси Гавҳар Шаҳноз зиммасига тушади. Яссавий опаси билан Яссига кўчиб боргандан сўнг биринчи устози Арслон боб билан учрашиб, ундан таҳсил олади. Аҳмад Яссавий Арслонбоб кўрсатмаси билан ўша даврдаги илм ва маърифатнинг Моварауннаҳрдаги марказларидан бири бўлган Бухорога боради. Ўша даврда Бухорога Туркистоннинг турли томонларидан толиби илмлар йиғилишган эди. Аҳмад Яссавий шу ерда ўз даврининг энг пешқадам, элга таниқли олими ва сўфийси Шайх Юсуф

Ҳамадоний билан учрашиб, унга мурид тушади. Илмга чанқоқ, шу билан бир қаторда тиришқоқ Аҳмад Яссавий араб тили ҳамда форс тилини ҳам мукамал ўрганади.

Аҳмад Яссавий ҳикматлари

Аҳмад Яссавий тасаввуфий таълимоти орқали поклик, адолат, инсоф ва қаноат каби олижаноб инсоний ҳислатларни, шу билан бир қаторда шариат, тариқат, маърифат ва ҳақиқат йўлини улуғлади. Нодонлик, таъмагирлик, гумроҳлик, жаҳолат, тенгсизлик ҳамда манқуртликни қоралади.

Хожа Аҳмад Яссавийнинг орзуси олижаноб камолотга эга бўлган инсон авлодини вояга етказиш, тарбиялаш, илмли қилиш эди. Бу учун маърифатли, Яратганга чин дилдан ихлос қўйган, ҳақгўй, иймон-этикодига содик бўлмоқликни таъкидлайди.

Шариатнинг бўстонида жавлон қилдим,
Тариқатнинг гулзоринда сайрон қилдим,
Ҳақиқатдин қанот тутуб тайрон қилдим,
Маърифатнинг эшигини очтим дўстлар.

Аҳмад Яссавийнинг “Девони ҳикмат” асарини ҳақ ва ҳақиқат ҳамда илоҳий ишқни куйловчи тасаввуфга оид қомуснома десак, дил яйрайди. Сабаби, ушбу асар бошдан то якунига қадар фақирлар, етим – есирлар, ғарибу ғураболарга шафқат, меҳр - мурувват кўрсатиш, нодонлар ва илми йўқ охир замон шайхларига кескин танқид руҳи билан суғорилган оташнафас, олижаноб файласуфнинг дил нидосидир.

Уммат бўлсанг, ғарибларга тобеъ бўлғил,
Оят, ҳадис ҳар ким айтса. Сомеъ бўлғил,
Ризку рўзи ҳарна берса, қонеъ бўлғил,
Қонеъ бўлуб, шавқ шаробин ичтим мано.

Ўз даврида жуда кучли илоҳий куч соҳиби бўлган Аҳмад Яссавий ўзининг “Девони ҳикмат” асари билан бутун дунё илғор фикрли инсониятни, айниқса мусулмон умматларини ўзига ром эта олди. Асар жуда чуқур ва бой мазмунга эга бўлганлиги, сўфийлик ҳамда улуғ мутафаккирнинг ўзгаларга мутлоқ ўхшамаган фалсафий дунёқараши, бутун борлиғи билан китобхон диққатини тортади.

Аҳмад Яссавий ислом динига этиқод, тасаввуфий таълимотни илоҳий қудрат сифатида танлади. Яратганга нисбатан чин муҳаббат, Оллоҳга ошиқлик руҳида ижод қилди.

Ё илоҳим, ҳамдинг билан ҳикмат айттим,
Зоти улуғ Хожам, сиғниб келдим санго,
Тавба қилиб, гуноҳимдин қўрқуб қайттим,
Зоти улуғ Хожам, сиғниб келдим санго.

Буюк мутаффакир Алишер Навоий Яссавий тўғрисида “Мақомоти олий ва машхур, каромоти матаволий ва номаҳсур эрмиш. Мурид ва асҳоб ғоятсиз ва шоҳу гадо анинг иродат ва ихлоси остонида ниҳоятсиз эрмиш”, - дейди. Бу фикр Яссавийнинг Туркистонга қайтиб, янги тариқатга асос солган муршид сифатида танилган даврларига тегишли.

Ҳазрат Аҳмад Яссавийнинг ҳар бир ҳикмати, ҳар бир лутфида бир олам маъно мужассамдир. Уни ўқиб, уқсанг бутун вужудинг покланади, дилинг яйрайди, қалбинг ором топади. Осмону фалакка, жамоли оламини мунаввар этган офтобга, жаннат бўйини таратган ранг – баранг гулларга, жаннат неъматлари бўлмиш ширин – шакар меваларни одамзотга тухфа этган серҳосил боғларга минг бора таъзим этиб, Оллоҳга минг бора шукрона айтгинг келади.

Яссавий инсонларни инсофли, иймонли, эътиқодли ҳамда диёнатли бўлишга, бу ўткинчи, беш кунлик дунёда ўз нафсига қул бўлмасликка, молу дунёга ружў қўймасликка, ўзгаларнинг ҳақиқага хиёнат қилмасликка, фақат Ҳақ йўлида юришликка, фақат Яратганга итоат этишга чорлайди:

Бешак билинг бу дунё барча элдан ўтаро,
Инонмағил молинга, бир кун қўлдан кетаро.
Ота-она, қариндош қаён кетди фикр қил
Тўрт оёқлик чўбим от бир кун сенга етаро.
Дунё учун ғам ема, Ҳақдин ўзгани дема,
Киши молини ема, Сирот узра тутаро.
Аҳли аёл, қариндош, ҳеч ким бўлмайди йўлдош,
Мардона бўл ғариб бош, умринг елдек ўтаро.
Қул Хўжа Аҳмад тоат қил, умринг билмам неча йил,
Аслинг билсанг қаро гил, яна гилга кетаро.

Ушбу мисралар орқали Аҳмад Яссавий ёруғ оламда яшаётган ношукур, аҳли – таъмиз, риёкор, инсон қадрини поймол этувчи, молпараст, ўзгаларнинг ҳақини ейдиган, мол – дунё кетидан қувадиган ноинсоф инсонларни нишонга олганлиги кўриниб турибди.

Ҳазрат Хожа Аҳмад Яссавийнинг бебаҳо, беназир ҳамда беқиёс саналган ҳикматлари бахтли ва фаровон, тинч ва осойишта ҳаётда яшаш истиқболини кўрсатувчи, яккаю ягона Оллоҳга эътиқод қилувчи бандаи мўъминни балоғатга етказувчи бир уммонки, ундан ҳам дили, ҳам тили пок не – не мусулмон бандалари баҳраманд бўлиб, ислом динига эътиқоди янада кучаймоқда.

Қул Хожа Аҳмад, ҳар бир сўзинг дардга дармон,
Толибларга баён қилсам, қолмас армон.
Тўрт минг тўрт юз ҳикмат айтдим, Ҳақдин фармон,
Фармон бўлса то ўлгунча сўзласам ман.

Аҳмад Яссавий инсонлар қалбининг пок бўлишини, ўз нафсини жиловлай олишини, унга қарши кураш лозимлигини истарди. Мол – дунёга хирс қўйишни, баднафсликни, нокаслик, разолат ва жаҳолатни қоралади. Агар инсон ўз нафсининг қулига айланса, у нафақат ўзининг, балки бутун жамиятнинг таназулга учрашини башорат қилади ва шундай ёзади:

Нафс йўлига кирган киши расво бўлур,
Йўлдан озиб, тойиб, тўзиб, гумроҳ бўлур.
Ётса, қўпса шайтон бирла ҳамроз бўлур,
Нафсни тепкил, нафсни тепкил, эй бадкирдор.
Нафсинг сени охир дамда гадо қилгай,
Дин уйини ғарот қилиб, адо қилгай.
Ўлар вақтда имонингдан жудо қилгай,

Оқил эрсанг, нафси баддин бўлгин безор.

Султон Орифин ҳазратлари ўз замонасида ҳамда айни ҳозирги яшаш тарзимиздаги сахийлик, меҳр – оқибат, шафқатнинг қалблардан кўтарилганлигини, одоб – ахлоқнинг ер билан яксон этилганлигини, бева – бечораларга қилинаётган зулмни, баъзи бир аёллардаги ибою ҳаёнинг йўқлигини ва яна баъзи кичигу ёши улуғларнинг одамийликдан, оддий инсоний фазилатлардан жудо бўлаётганлигини, иймоннинг занг босаётганлигини, молу давлати етарли бўлса ҳам мурувватсиз инсонларнинг кўпайиб бораётганлигини ушбу мисралар орқали мусулмон аҳлига, исломият умматларига етказди. Аммо даҳоларча айтилган бу ибратли мисраларга кимлар амал қилади, кимлар завоқ қилади, баъзи бир нонкўрлар эса поймол этади.

Халқи элдин меҳру шафқат кетди, дўстлар,

Улуғ – кичик ёронлардан одоб кетди.

Қизу жувон – заифлардан ҳаё кетди,

Баҳаё қавм ажойиблар бўлди, дўстлар.

Дунё яралибдики, яхшилик ва ёмонлик, разолат ва адолат бетиним олишувда, аммо шайтон разолатга эшлиги туфайли баъзи- баъзида ҳаёт тизгинини кўлга олишга ҳаракат қилади. Аммо одил ва буюк кучлар нури разолатни чил – парчин этади. Разолатнинг энг оддий бир тури бу – нодонлик, деб кўрсатади Аҳмад Яссавий. Энг оддий нодонлик ҳам инсоният учун қирғин келтирувчи улкан офат эканини, нодонлардан ҳаттоки дўзах ҳам ҳазар қилишини, нодон билан ўтган умрнинг хазонга айланишини куйидагича тасвирлайди:

Аё дўстлар нодон бирла улфат бўлиб,

Бағрим куйиб, жондан тўйиб. Ўлдим мано.

Тўғри айтсам: эгри йўлга бўйнин тутар,

Қонлар ютиб, ғам захрига тўйдим мано.

* * *

Нодон бирла ўтган умринг нору сақар,

Нодон борса, дўзах андин қилғой ҳазар.

Нодон бирла дўзах сари қилманг сафар,

Нодон ичра хазон янглиғ сўлдим мано.

Аҳмад Яссавий нодонлик туфайли ҳаётда саводсизлик, диёнатсизлик, ота-она ва устозларга ҳурматсизлик, маънавий қашшоқлик, ёвузлик, такаббурлик, нодон инсоннинг энг тубан шахс эканлиги, нодонлик, разолат ҳукм сурган жойда, маърифат бўлмаган ўлкада мамлакатнинг инқирозга юз тутишини алоҳида қайд этиб ўтади. Аҳмад Яссавий томонидан илгари сурилган ғоялар инсонни ёмон иллат, нафс балосидан воз кечишга ундайди. Ёмон иллатлар ва нафс балосидан халос бўлиш инсонни руҳий ва жисмоний комиллик сари етаклайди

Хожа Аҳмад Яссавий туркийзабон халқларнинг, шу билан бир қаторда Хуросон ва Мовароуннаҳрнинг ҳам маънавий тарихида мутасаввуф донишманд, руҳий ва жисмоний комиллик сари етаклайдиган инсонпарвар шоир бўлган. Яссавий туркий халқларни исломга янада кенгроқ жалб қилиш ва тасаввуф ғояларини омма кўнглига чуқур сингдириш мақсадида шеърятдан

хам фойдаланган. Унинг ҳикматларида панд-насихат асосий ўрин тутди. Инсон руҳи ва онгини ҳар қандай иллат, қабоҳатдан озод этиш керак, ана шундагина инсонда ахлоқида кўзга ташланувчи айрим нуқсонлар юзага келмайди, деган фикрлар комил инсонни шакллантиришнинг асосий йўлларида бири сифатида эътироф этилади.

Аҳмад Яссавий ўз ижодида, асосан “ Девони ҳикмат “ асарида инсоннинг таълим – тарбияси уни асл комилликка элтадиган дин, иймон, Оллоҳ йўлида фидойилик, ҳалоллик ва поклик ғояларини илгари суради. Яссавийнинг орзуси олижаноб, камолотга эга инсон авлодини вояга етказиш, бу учун маърифатли, илмли, Яратганга ихлос қўйган, ҳақгўй, иймон эътиқодига содиқ бўлишликни таъкидлайди.

Ҳар бир миллат, ҳар битта халқ комил ва баркамол авлодни вояга етказишни орзу қилади, шу йўлда не – не машаққатларни бошидан кечириши ва уларни енгиб ўтади, баркамол авлоднинг келажаги учун қайғуради. Одамзотга хос бўлган энг юксак жисмоний баркамолликни ўзида мужассам этган, маънавияти бой, маърифати юксак бўлган авлоднинг қалбида эзгулик, олийжаноблик туйғулари жўш уради.

Ҳикматлар руҳий – маънавий эҳтиёж туфайли дунёга келган. Ҳикматларга муқаддас асар сифатида қарашларининг асл сабаби ҳам ана шундадир. Қани эди, инсонлар ҳақ ва ҳақиқат йўлида ажойиб ўзгаришлар қилиб, халқимизнинг, Ватанимизнинг оламга машҳур буюк давлатга айланишига зўр ҳисса қўшса?!

Пок қалбларга муҳрланиб, инсофу диёнатга чорлаётган Аҳмад Яссавийнинг ҳикматларини ўқиган, эшитган ҳар бир мўмин киши кучли ҳаяжон ҳамда зўр эҳтиром ила бу ёруғ оламга боқмоқда, серчашмадай тиниқ ва беғубор қалблар камолат сари янада юксак парвоз қилмоқда. Неча юз йиллаб Ҳазрати Султон орзу этган ҳақ ва ҳақиқату маърифатпарварлик замонларига хос покдамонлик, ошқоралик шабадаси эсаётгандай! Зеро, ушбу далғали, кўхна оламнинг бир дақиқасини бўлса ҳам инсофу адолат, саховат бирла хотиржамлик, меҳру муҳаббат эгалласа!

Улуғ мутафаккиримиз Аҳмад Яссавийнинг инсонларни маънавий баркамолликка, комилликка, ахлоқий етукликка, чин инсонийликка чорловчи таълимотлари ва ҳикматлари бугунги истиқлолимизнинг, маданиятимиз ҳамда маърифатимизнинг олтин пойдеворидир.

Аннотация

Мақалада Қожа Аҳмет Ясауи хикметтерининг ықпалымен тәрбие мен адамгершілік тәрбие, отбасы құндылықтарына адалдық идеялары кеңінен қамтылған.

В статье широко освещены идеи образования и нравственного воспитания, верности семейным ценностям. В статье широко освещены идеи образования и нравственного воспитания, верности семейным ценностям под влиянием мудрости Ходжи Ахмеда Яссави.

In the article, the ideas of education and moral upbringing, loyalty to family values, under the influence of the wisdom of Khoja Ahmed Yassavi, are widely covered.

Негізгі сөздер: «Девани хикмет», мағрифат, шарифат, ақиқат, тариқат, кемелдік, әділет, қанағат, мистика.

Ключевые слова: «Девани хикмат», просветление, шариат, истина, тариқат, совершенство, справедливость, довольство, мистика

Key words: "Devani hikmat", enlightenment, sharia, truth, tariqat, perfection, justice, contentment, mysticism.

Фойдаланилган адабиётлар рўйхати

- 1.Мақсуд Акрамов. Ахмад Яссавийнинг “ Девони ҳикмат “ асарида комил инсон ғояси. Тошкент . 2018.(<https://www.naqshband.uz/makola...>)
- 2.Мираҳмад Мирхолдор ўғли. Сайрам тарихи. Чимкент 1991.
- 3.Элназар. Ахмад Яссавий. Туркистон.1992.
- 4.Элназар. Муҳаммад пайғамбар ва Ахмад Яссавий. Туркистон 1995.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Сисанова Гульназ Кудайбергеновна
М.Жұмабаев атындағы №65-мектеп-
гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі, педагог-шебер
филология магистрі

Рухани құндылық – адам баласына тән тәрбие, жақсы қасиеттерді қалыптастыру. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – М. Жұмабаев айтқандай, үлкенді сыйлау, кішілерге ізет, ешкімге қиянат жасамау, өтірік айтпау, адам болу, арды сақтау, кішіпейілділік, әділеттілік, әдептілік, еңбек сүйгіштікке, сәбиді және әйел баласын құрметтеу, ата-анаға деген құрмет, мейірім, т.б. сияқты қасиеттерді жас ұрпаққа үйретіп, қалыптастыру – бүгінгі күннің талабы.

Ұлттық тәрбие – бала бойына жалпы адам баласына ортақ жақсы қасиеттерді дарыту. Ол адамзат қоғамының пайда болуымен бірге дамып келе жатқан үрдіс.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Қ.А.Ясауидің көзқарасы туралы философиялық жүйелі тұжырымдалған деректер негізінде оның түркі философиясы тарихындағы орны мен маңызын көрсету. Мақсатты жүзеге асырудағы міндеттер: рухани – адамгершілік тәрбиесін қоғамның барлық сатысында зерттеу нысаны етіп негізге алу. Ясауи еңбектеріндегі негізгі тақырыптардың идеясын, даналығының мәнін ашу, бүгінгі өмірдегі маңызына тоқталу.

Қазіргі таңда оқыту үдерісінде оқушыларға рухани құндылықтарды дарыта отырып, тәрбие беру – өзекті мәселе. Осы талаптарға азық болар рухани – адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы – педагогтардың ой – пікірлері мен көзқарастарын оқып, еңбектерін басшылықта ұстаған абзал. Осы

орайда, түркі дүниесінің оның ішінде халқымыздың бүкіл рухани – адамгершілік ой-пікірлері тарихынан орын алатын аса көрнекті ғұлама ғалым, сопылық мектеп пен әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын, кеменгер ойшыл, ұлағатты, философ ұстаз, Түркі-ислам жолының негізін қалаушы Қ.А.Ясауидің есімі ерекше. Оның қайсыбір еңбектерін алмайық, бәрінде де этнопедагогика мәселелері кеңінен беріліп отырады. Негізінен, Қ.А.Ясауи Түркілердің исламдық түсінігін, ұғымын қалыптастырып, осы түсініктің негізінде адал, шынайы, мұсылмандықты жайған ғұлама. Соның нәтижесінде білімге, адал еңбектенуге, әйел затына, оның теңдігіне мән беру пайда болып, қалыптасты. Сондықтан да Қ.А.Ясауи іліміне, руханиятына түркі дүниесімен қатар, бүкіл адамзат зәру болып отыр.

Қ.А.Ясауи тәрбие адамға ықпал етеді, адамгершілігі бар адам қаталдыққа бармайды деп есептеді. Дұрыс тәрбие ғана ақымақтық істерден сақтандырады деді. Мінез - құлықты түзеу – тәрбиенің басты мақсаты екенін баса айтты. Нағыз адам болудың алғышарттарын көрсетті. Өмірде неге ұмтылып, неден безіну керектігін бейнелейтін моральдық ұғымдарын оқып, үйренудің бүгінгі кезең үшін оңды тұсы жастардың тәртібі, этикалық, эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру ісінде тәлім - тәрбиелік бағдар болатын мүмкіндігінде екенін баса көрсеткен.

Қ.А. Ясауидің хикметтерін мазмұнына қарай құндылықтарға жіктеуге болады:

Патриотизм құндылығы: Заман азар уағында - патша айналар залымға. Тарихты білмегендер адалдық жолымен жүре алмайды. Халқына қызмет ет, Ізгілерге ізет ет, Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет. [4,5]

Табандылық, батылдық құндылығы: Не болса да - сабыр қыл. Қайғы-уайым қиналтар талай жанды, Үйретер әр нәрседен абайлауды. Қызмет еленбей қалмайды. Қиын да болса түзу жолмен жүр. Бәле келсе – сабыр ет: бәрі тәңірінің ісі. [4,5]

Ынтымақтастық құндылығы: Ынсапсыздарға ұят-аят деген болмайды.


Безбүйректің сенің іштегі дертінде еш жұмысы болмайды. [4,5]

Оның ілімі – даналықтың кені, тұжырымдамалар жүйесі. Адамгершілік қалыптарын ұсыну – үлкен мәселе еді. Ясауи де халыққа дұрыс жол сілтеп, нағыз адам болуды нақтылап бере білді. Яғни, адамның руханишылығы оның адамгершілік қасиеттерімен ғана танылады деген. Олай болса, Ясауи хикметтерін сыныптан тыс оқуда, тәрбие сағаттарында кеңінен талдап, идеясын ашқыза білу – біздің міндет.

Түрік ғалымы К.Ерасиан «хикмет дәстүрі», ортаазиялық деректерде «турки ілім» ретінде қарастырылса, бүгінгі таңда «иасауитану» деп қарастырып жатқаны өте орынды дер едім, өйткені хикметтеріндегі сопылық көзқарастары мен ғибраттық ойларын кейінгі ұрпақ біліп, түйінді ой шығаруға мүмкіндік туады.

Ясауи кемелдікке жетудің үш тұғырын анықтап берді: Біріншісі - адамның өзіндегі ақиқатты табу, тану мәселесіне қатысты «Қағбаны өзіңнен тап» нақылы, екіншісі – «ей, достар, міндетті түрде тәртіпті сақтаңыздар» дегендегі әдеп, тәртіп мәселесі. Үшіншісі- ман сабара фазафара (сабырлы адам сөзсіз

жеңіске жетеді) хадисіндегі фақр жолының өмірлік тұғырнамасы. Осы пікірдің өзі рухани құндылықтар мен ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше екенін нақты көрсетіп тұрған бағдаршам іспетті.



Қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Білім алушы бойында саналы тәрбие мен байыпты мінез қалыптастыру – заман талабы. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәні арқылы ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып, рухани-адамгершілік тәрбие беруге болады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Қ.А.Ясауидің жыр шумақтарын оқытып, идеясына талдау жасайды.

Өктемдікке үйретілген әлдекім
 Байлығының артып ауыр теңдерін,
 Өлексені шұқып жейтін қарғадай,
 Батпағында көрдік шіріп өлгенін.
 Мүфти, молда тек өздерін мақтаған,
 Жақсы атанып, ойда қулық сақтаған.
 Қияметтің тозағына сол түсер –
 Ақты қара қып, қиянатты жақтаған!
 Қазының да менмендігі тым асты,
 Тәкаппарсып имамменен таласты.

Өлең шумақтарына талдау кезінде «Сұрақтар жауыны» әдісі қолданылады. Осы тақырыппен үндес ақындарды айту сұралғанда, Шәкәрімнің де мәдениет тұрғысынан Ясауи мәдениетіне тән екенін айтуға болады. Мысалы Шәкәрім «Анық пен Танық» өлеңінде танымның көзі ретінде жүректі бағалайды [11,58-596]

Ибраһим Махмұт Ясауи сөзі: – Байлық арқылы да жазалауға болады. Ал ақыл - ессіз құр қара күштің мәуесіне құрт түседі. Қара күшке салып ауыртып ұратын адам күшті емес, сол бейшарамен соның азабын бөлісе білген адам күшті. Қатыгездің емі жоқ, қатқан қара тастай мейірімсіздер бақытты бола алмайды. Осы үзіндіні беріп, бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып, қорытынды жасатуға, дебат, дөңгелек үстел өткізуге болады.

Идеясына талдау жасалынып, қорытынды шығару, өзекті мәселеге тоқталып, ой түйю «Бір тезис, үш ұсыныс» әдісі арқылы жүзеге асырылады.

Жамандыққа – жаса әркез жақсылық,
 Қанды қанмен жуа алмайсың жуықта.
 Жал - жаянды басқаларға ас қылып,
 Жаңа кисең – жалаңашты ұмытпа.
 Қылма зорлық, жәбірлеме ешкімді,
 Кешіре біл қиянатын кімнің де.
 Саған жаман қылса біреу – көзге ілме,
 Сен жақсылық жаса оған,
 Білдің бе!
 Біл. Адамдық басталады осыдан.
 Бір жақсылық жасай қалса кімде-кім,
 Қос дұғана, бөліп беріп асыңнан,
 Алғыс айтқын оған жүз рет күнбе – күн.
 Жұл жаулықтың терең кеткен тамырын,
 Келсе алдыңа кінәсін де кешіргей.
 Алаулаған ашу - ыза жалынын
 Ақылыңның суын құйып өшіргей.


(Ахметтің жатқа айтқан өсиет – өлеңі)

Жүгінекидің осы ғақлия жыры жайында не айтар едіңдер?

(Дана ақын ізгілік пен теңдік мұратын алға қояды)

Қамқор бол мүсәпірге, мейірді ойлан,
 Ар сақта, айырылма абыройдан.
 Шапағат күнін күтіп шыдамменен,
 Қаш аулақ қайырымсыз сұмырайдан.

(Ахметтің Меккеге барғанда қаламынан шыққан туындысы)



«**9 ромб**» әдісі. Тақырыпқа қатысты 9 түйінді сөз беріледі, осы сөздерді топ оқушылары торға маңыздылығы бойынша орналастырады. Үстіңгі жағына маңызды сөздерді орналастырады, ал астыңғы жағына маңыздылығы аз сөздерді орналастырады. **9 түйінді сөз:** 1.ақыл 2.мүсәпірге қамқор болу,

3.жамандықтан жирену, 4.көмек қолын созу, 5.күнә жасамау, 6.қадіріңді жоғалтпау, 7. садақа беру, 8.білім алу, 9.адалдық.

Міне, осы еңбектерді оқудың, оқытудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі. Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең жас ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырды.

Жұрт оқып тыңдар менің жырларымды,

Жырладым кәусар таза нұр жанымды.

Безбүйрек, тас жүректі жырмен шалып,

Аядым жетім менен кембағалды,-деп Қ.А.Ясауи өзі жазып кеткендей,

хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етті. Сол себепті Қ.А.Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпады, жоғалтпайды да.

Аннотация

Мақаланың негізгі көтерген жүгі білім алушыларды Қ.А.Ясауи мұралары негізінде адамгершілік, имандылық, инабаттылық құндылықтармен әлеуметтендіру. Болашақ өскелең ұрпақты өмірге даярлау болды.

«Әр адамның бойында күн бар, нұр бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріндер" деген Сократ қағидаларының негізгі мазмұны құндылықтарға саяды, сондықтан да білім алушыларды рухани құндылықтарға тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі өзекті, кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалар бойына жақсы әдет пен мінез-құлықты қалыптастыру.

Қ.А.Ясауи еңбектерінің өмірлік, ойшылдық іс-әрекеттерін саралап қарау міндеттерін басшылықта ұстап, хикметтеріндегі, шығармаларындағы ой-пікірлеріне талдау жасалынды. Ғалымның жыр шумақтарын оқытып, идеясына талдау жасауда «Сұрақтар жауыны» әдісін қолдануға бағыт-бағдар берілді. Бүгінгі өмірмен байланыстыруда «Бір тезис, үш ұсыныс» әдісі тиімді болатынына дәлелдер келтірілді. Қ.А.Ясауи шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік идеялары педагогикалық тұрғыдан толық талдау жасалынып жүйеленіп, мектеп бағдарламаларына енгізілсе, білім алушылардың тәлім-тәрбиелік деңгейлері көтеріледі деген болжам жасалынды.

Аннотация

Основная тема статьи – наследие К. А. Ясауи. Социализация с ценностями морали, нравственности, добродетели. Подготовка подрастающего поколения к будущей жизни. «У каждого человека есть солнце, есть свет, только есть возможность ему светить основное содержание сократовских принципов «давать» основано на ценностях, поэтому воспитание школьников на духовных ценностях, руководство их в будущее является сегодня актуальной и актуальной задачей. Основной задачей является формирование у детей хороших привычек и поведения. Особое место в воспитании детей добродетели, доброты и уверенности в себе с раннего возраста занимают произведения К. А. Ясауи. Он оставил неизгладимый след в области народного образования, просвещения и школьной работы. Предполагалось, что если педагогические идеи в творчестве К. А. Ясауи будут полностью проанализированы и систематизированы с педагогической точки зрения, и включены в школьные программы, то образовательный уровень учащихся повысится.

Annotation

The main burden of the article is the legacy of K. A. Iasawi socialization with the values of morality, morality, virtue. Preparing the younger generation for future life.

"Every person has the sun, there is light, only there is an opportunity for it to shine.

The main content of the Socratic principles "give" is based on values, therefore educating students on spiritual values, guiding them to the future is an urgent and urgent issue today.

The main task is to form good habits and behavior in children.

It was assumed that if the pedagogical ideas in the works of K.A. Iasawi are fully analyzed and systematized from the pedagogical point of view, and included in school programs, the educational levels of students will increase.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманова Х.К.Қ.А.Иасауидің «Диуани Хикмет» еңбегіндегі септік жалғауларының ерекшеліктері.- Алматы: «Үш қиян».2003.-136б.
2. Абуов А.П.МировозрениеХоджа Ахмета Ясави.-Алматы:Институт философии МН-АН РК 1997.-194б
3. Ахметбек А. Қожа Ахмет Иасауи: Көмекші оқу құралы.- Алматы:»Санат», 1998.-112б
4. *Аударған Ж.Әбдірашев. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы.Шымкент, 1993 жыл.*
5. Әлжан Қ.Ақын –жырауларпоэтикалық мұрасының эзотериялық негіздері.3-кітап.-Алматы: 2001.-199б
6. Байниетова С.Қожа Ахмет Иасауи. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна»,2007. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы.
7. Интернет желісі <https://ortalyq.kz/ruhani-t-rbie-ndyly-m-ni/>
8. Кенжетаяев Д.Т. Қожа Ахмет Иасауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 259б
9. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы:Жалын, 1998. –324 б.
10. Тәжікова К.Х.Ислам: дүниетаным,идеология, саясат.- Алматы : Қазақстан,19897-176 б.
11. Ш.Құдайбердіұлының «Анық пен Танық» өлеңі. Интернет желісі: <https://iref.kz/sh-k-rimni-filosofiyalyi-lirikasyi/>

Қ.А.ЯССАУИДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ НЕГІЗДЕУ

Смагулова Гайша Файзуллаевна

Қарағанды қаласы «№82 жалпы білім беру мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог – сарапшы

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби.

Бұл сөздің растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Осы орайда біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере білу – өлшеуі жоқ қазына.

Мақсаты: Қ.А.Яссауидың шығармаларындағы жақсылық пен мейірімділікке шақыру, рухани-адамгершілік идеяларын, рухани құндылықтарды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұрпақ тәрбиесіне негіздеу

Міндеттері: Қ.А.Яссауидың шығармаларындағы жақсылық пен мейірімділікке шақыру, рухани-адамгершілік идеяларын, рухани

құндылықтарды сабақтарда ұрпақ тәрбиесіне негіздеу үшін тапсырмалар жиынтығын құрыстыру, сабақтарда қолдану.

Қожа Ахмет Ясауи жазған «Даналық хикмет» («Диуан-и Хикмет») поэтикалық және идеологиялық жұмыстың іргелі және идеялық шығармасында ұсынылған адам болмысының керемет мазмұнына негізделген:

«Егер сіз ғашық болсаңыз, оны да жақсы көріңіз, махаббатыңыздың күші адамдарға хош иісімен жетсін. Алланың атын естіген бойда ол бәріне дайын. Мұндай сүйген адамға жердегі заттар қажет емес»

Ғалымның идеялары мен ойларының жарықтығы және адамдардың іс-әрекетінің ғылыммен, ағартушылықпен байланысы Қараханид мемлекетінде араб және парсы тілдерінде таралған, ислам дінін ұстанған А. Ясауидің діндарлық және адамгершілік ілімдерінің негізін құрайды, ойшылдың түрікітілдес халықтар арасында танымалдығы оның жазылуымен түсіндірілді. Түсінікті оғыз-қыпшақ диалектісі мен оның хикметтері ауызша таралады және қарапайым халық өкілдері арасында өте танымал болды. Сонымен бірге, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани-хикметі» (12 ғасыр) сопылық жазба болған және исламның канондарын түсіндіруге арналды. Оны құранның түрікі тіліне аударылуы деп атауға болады. Бұған Ахмет Ясауи өмір сүрген түрікі тайпаларының араб тілін жетік білмеуі және исламның және оның институттарының шын мәнін толық түсінбеуі себеп болды.

Қожа Ахмет Ясауи өз туындыларын оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған алғашқы талантты түрікі ақыны болды. Оның ең танымал шығармаларының бірі – Диуан-и Хикмет (Даналық кітабы), Мират-ул Кулуб (Жан айнасы), Пақыр-нама (Кедей туралы аңыз). Бірақ ең танымал – «Диуан-и Хикмет» («Даналық кітабы»), ол көне түрікі тілінде қыпшақ диалектісімен жазылған және түрікітілдес халықтардың ортақ мұраларына сілтеме жасайды. Ахмет Ясауи адамгершілік мәселесі, өмір қағидасы ретінде ұсынады. Алғашқы адамда өзін-өзі көрсету тәсілін және тазару мен өзін-өзі жетілдіру жолын қатаң ұстанады, оның өсіп-жетілуінің жас кезеңдерімен байланыстырады және Аллаға сенетін және Жаратушыға құлшылық етуге және исламға қызмет етуге толығымен бағышталған.

Жақсылық пен мейірімділікке шақыру, кішігірім нәрсені қанағаттандыру, өтірік пен ашкөздіктен бас тарту, аскетизм мен жанды рухани-адамгершілік тазарту туралы уағыздар А. Ясауи ілімдерінің негізгі бағыттары болды және олар оның мюридтер мен ізбасарларының жауабын тапты

Бүкіл бір халықтың ішкі жан дүниесіне үңілу үшін оның әдебиетін жетік білу керек. Сонда ғана оның тарихы мен мәдениеті сүт бетіне шыққан қаймақтай көзге көрініп тұрмақ. Жалпы алғанда Ясауи мұраларын бірден оқып кету мүмкін емес. Оның еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу да қиын. Оның әрбір еңбегінде мән бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қарасақ та, әлеуметтік, тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері кең қарастырылған. Сондықтан болар ол мұраларды ұқыптылықпен талдау отырып оқу және оны сүзгіден өткізу қажет.

Адамзат баласының алдында үлкен белес тұрды. Ол адам бойындағы адагершілік қасиетін сақтап қалу еді. Сол тұстағы ойшылдардың алдында да осы мәселе болды. А.Яссауи де елге дұрыс жол сілтеп, нағыз адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттары керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарын оқып, үйренудің қазіргі сәт үшін мәні зор.

Қожа Ахмет Яссауи мұраларындағы «Даналық кітабында» төрт ғақлия мадақталады:

«Шариғат» – ислам заңдары және салт-дәстүр негіздері. Мұсылмандық жолды қасиет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың адамзатқа тән екендігін жырлап, адамгершілік дүниесін асақал әуенмен жеткізу.

«Тариқат» – діни-сопылық идеяны мақсатты түрде өсиет ету. Кеңінен алып айтқанда, өлең арқылы ұрпақты имандылыққа, шынайылыққа, әділеттікке, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Сөйтіп оқушыны мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

«Мағрифат» – дін жолына түсіп, соның бағыт-бағдарын айқындау, тану. Яғни, Алланың ақ жолына түсіп, ала жіп аттамай, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпы сақталған тазалықты жекізу. Ақын хақты танып, соның жолында жиған-терген ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны айтылады.

«Хақиқат» – Аллаға құлшылық қылу. Он сегіз мың ғаламды жаратушыны дәріптеп, әрбір мұсылманның парызы Құдайға құлшылық екенін меңзеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақіреттің азығы» деген дүниелермен адамды күнәдан арашалау, тазарту. Бұл еңбекте ғұлама Түркістанның пірі деп негізгі төрт мәселені қарастырған.

Сабақтарда Қожа Ахмет Яссауи мұраларындағы рухани құндылықтарды үйрете отырып, оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру, Мәңгілік Елдің елжанды ұрпағын қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті болып табылады.

Конструктивистік теория бойынша, оқушылар әлемді жаңа ақпаратты өздерінің бар білімі мен схемаларымен сүзгіден өткізу арқылы ұғынуға тырысқанда саналы оқытуға қол жеткізуге болады. Құндылықтарды ұрпаққа дарыту педагогтың қолынан келетін іс. Кез келген мұғалім шебер-педагог бола алады. Шебер – педагог болу – үлкен еңбек. Оқушылардың бойында құндылықтар мен қатар коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру. Коммуникативтік дағдыларға: білім мен тәжірибені қатар меңгеру, көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерінің қалыптасуы, өзін – өзі шынайы бағалауы, қоғамдық өмірге араласуы мен белсенді болуы.

Оқыту мен тәрбиелеудегі қазіргі таңдағы мәселелерді шешудің жолдары:

1. Ешқашан шәкіртіңізден көп еңбектенбеңіз
2. Оқушылардың өз мінез – құлқын өзі басқаруға үйрету.

3. Оқушыларға ізденіс жұмыстарын берумен қатар жауапкершілікті сезінуді қадағалау керек.

4. Оқушының қиындықпен бетпе – бет келуі

5. Өзін – өзі бағалай алуы, кері байланыс арқылы іске асу.

6. Оқушылардың білім деңгейін көрсету

Оқушылардың білім деңгейін көрсету

1 – деңгей Қанағаттанарлықсыз	2 – деңгей Негізгі	3 – деңгей Кәсіби	4 – деңгей Үздік
Оқытушы оқушылардың қалай оқитындары туралы және олардың оқуға, білімге деген қызығушылығы туралы, олардың дағдылары және мәдениеті туралы білімнің аз болуы. Әдіс- тәсілдерді жетік білмейді, бұндай білім құнды саналмайды.	Оқытушы оқушылардың қалай оқитындары туралы және олардың оқуға, білімге деген қызығушылығы туралы, олардың дағдылары және мәдениеті жайында нақты білімін көрсетеді, бірақ бұл білімін жеке оқушыларға емес, түгел сыныпқа жалпылай түрде қолданады	Оқытушы белсенді оқытуды жақсы түсінеді. Оқушылар тобының оқуға, білімге, дағдыларға, арнайы қажеттіліктерге және мәдени мұрасына қарай қолданатын түрлі әдістерді дамыта отырып ақпараттарды қабылдайды.	Оқытушы белсенді оқытуды түсінеді. Оқушылардың жеке даму деңгейлеріне назар аударады. Сонымен бірге әрбір оқушының оқуға, білімге, дағдыларға және қызығушылықтарға мәдени мұрасына қатысты білімді бірнеше дереккөздерден жүйелі түрде меңгереді.

Күтілген нәтиже: Сабақтарда шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар саны артады, ойын еркін жеткізе алатын елжанды ұрпақ қалыптасады. Қ.А.Яссауидың шығармаларындағы рухани құндылықтарды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұрпақ тәрбиесіне негіздеп, бойларына дарыған тұлғалар қалыптасады.

Аннотация

Қ.А.Яссауидың шығармаларындағы жақсылық пен мейірімділікке шақыру, рухани-адамгершілік идеяларын, рухани құндылықтарды сабақтарда ұрпақ тәрбиесіне негіздеу

Призыв к добру и доброте в творчестве К.А.Яссави, основывающий духовно-гуманистические идеи, духовные ценности на уроках для воспитания поколений.

A call for goodness and kindness in the works of K.A. Yassawi, basing spiritual and humanistic ideas, spiritual values in the lessons of the Kazakh language and literature for the education of generations.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы: Ел шежіре, 2007. – 256 б.
2. Муминов А.К., Қожа М.Б. Х.А. Ясауи кесенесінің шет елдерде сақталатын артефактілері және құжаттары // Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы. Х.А. Ясауи халық аралық Түрік-Қазақ университеті. – Алматы, 2017. – 65-73 бб.
3. Зуев Ю.А. Самое сильное племя //Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака. Материалы международного круглого стола. – Алматы, 2004. – 31-68 бб.
4. Мустапаева Д. Түрікістандағы тайқазанның тарихы. Қолжазба. – Түрікістан, 2006. – 139 б.
5. Досымбаева А. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков. – Алматы: Service Press, 2013. – 250 с.

**Қ.А. ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Спанова Ақгүл Спанқызы

«Қ. Мырза Әлі атындағы Vinom School»
мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, педагог-шебер

Адһам құсап ақиқаттың жүзін өпкін,
Желік, менмен, байлық үйін бұзып өткін.

26-ХИКМЕТ. КЕПІЛ БОЛАМ

“Тәрбие – тал бесіктен” деп, ұрпағының саналы да сапалы ұрпақ болуына аса қырағылықтан қарайтын халықтың ұрпағымыз. Ғасырдан ғасырға ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан баға жетпес қазыналарымыз, ұлттық құндылықтарымыз: ұлан-ғайыр кең жерімізді, тау суындай мөлдір, сұлу тілімізді, адамзаттық құндылықтарға негізделген ғажайып салт-дәстүрімізді, ұлттық асыл қасиеттерімізді аманат ететін, болашаққа жеткізетін жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Еліміздің ертеңін жарқын етер өскелең ұрпаққа бүгін сапалы білім, саналы тәрбие беру – біздің, ұстаздар қауымының басты мақсаты. Президентіміз Қ.К.Тоқаев “Әділетті Қазақстан - Адал азамат” атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде “Адал адамға тән қасиеттер әрбір жастың бойында табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі” дей келіп ұрпақ тәрбиесіне қатысты келелі мәселе қозғады. Осы мақсатта биылғы жылы оқу жылының басты жаңалығы – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” жасақталып,

еліміздің барлық жалпы білім беру мектептерінде іске қосылды. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде ата-анасын сыйлайтын, перзенттік парызын сезінетін, Отаншыл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді мақсат етуді мақсат ететін, жан тазалығы мен тән тазалығының құндылығын сезінетін азамат тәрбиелеу. Осы айтылғандай, жаны таза, жүрегі мейірімді, санасы сергек, рухы мықты, парасатты ұрпақ тәрбиелеуде Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерін, хикметтерін, педагогикалық тұжырым тәрбие құралы ретінде қолдануды ұсынамын. Рас, ғұламаның еңбектерін насихаттау, оқу-тәрбие ісінде, сабақ барысында жүзеге асыру туралы бұған дейін де әр өңірлерде, жекелеген тәжірибелерде айтылып, ұсынылып жүр. Менің айтпағым, Республикалық деңгейде тұтас ұлттық тәрбие бағдарламасын Ясауи еңбектері мен тұжырымдары негізінде жүзеге асыруға болады. Ясауи ілімі – бүгінгі қоғамдағы түрлі өзекті мәселелерді, әлеуметтік індеттің емі.

Ахмет Ясауидің тәрбиелік тұжырымдары «Диуани хикмет», «Мұнажатнама», «Пақырнама», «Мират-ул-Қулуб» секілді еңбектерінде жинақталған. Ол өзінің хикметтерін жеті принципке жинақтап жеткізген:

1. Алланы сүю. Тәңірге ғашықтық.
2. Ықылас пен шын жүректілік.
3. Адамға сүйіспеншілік. Мейірім, рахым.
4. Білім. Ілім.
5. Еңбекті бағалау. Асқа құрмет.
6. Әйел-еркек жұптылығы.
7. Жақсы көру. Адамзаттың бәрін құрметтеу.

Жеті принципті қарапайым сөзбен тарқатып шығайық. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің басты тақырыбы - Алланы сүю. Алланы сүйген адамның ниеті ашық, жүрегі таза болады. Ықылас, шын жүректілік кіршіксіз тазалық Алланы сүйген, таныған жаннан күтетін асыл қасиеттер. Әр адам баласында Аллаға махаббат болса, онда ол адмда өз өзінен адамға деген шынайы сүю, махаббат қалыптасады. Қ. Ясауи әрбір адам баласы алдымен өзін танысын дейді, өзін білгені – хақты білгені, Құдайдан қорқып, ынсапқа келгені. Ынсапқа келген жан өзгенің дертін бөлісу, аяушылық ету, жәрдемдесу, көмектесу, қол үшын беру сияқты қасиеттерге ие болады. Өзгелерге құрмет көрсетеді, мейірімін береді, бауырмалдық танытады. Еңбекті бағалау, асқа құрмет қай заманда болса да бірінші орында тұрған. Халық арасында “жоғарыда тұрған құранды, нанның үстіне шығып алуға болмайды, ал керісінше құранның үстіне шығып нанды алуға болады” деген пәлсапа бар, бұл теңеу ғана. Бұл нанға деген құрмет, ас ең қасиетті болып саналған, санала да береді. Бұл жерде құранды басып нанды ала бер деген сөз емес, тек астың қадірін танытатын ұғым. Адам баласы адал еңбек етіп, маңдай термен өз нан тауып жеудің маңызын сезінеді, кісі ақысын жемейді, жаман істерге бармайтын болады. Ясауи еңбектерінің тағы бір маңызды тұжырымы әйел мен еркек дәрежесі. Олар өндірісте, жұмыста, мәжілісте, әділетте, оқуда, әр жерде дәрежелері қатар. Тіпті дін саласында да атақты сопы әйелдерде өткен. Өзге дін иелеріне құрметпен қарау, білімге ұмтылу, адал еңбекті ұстаным ету, әйел затына, оның тұлғалық маңызына мән беру туралы өз «Хикметтерінде» жырлап өткен. Ғалым болу

онай емес, ол жолға түскен адам, көп қасірет шегеді, өзің сенімді болсаң ғана сол жолға түс болмаса ғылымды, білімді мазақ етпе дейді. Осы қиын жолдардан өте алсаң ғылым, білім шыңына шығасың, хақ тағалаға жақын боласың деп ескертеді. Қ.А.Ясауи еңбектеріндегі бүгінгі өскелең ұрпаққа хикметтері арқылы оқытып тәрбие көзі ретінде сіңіретін оқу білімге құмарлық, имандылық иірімдері, инабаттылық, адамгершілік қасиет, адал еңбек, патриоттық, тілін, дінін сақтау, ақыл-ой тәрбиесі, табиғатты қорғау т.б. тақырыптарды саралап шығайық.

1.Оқу-тәрбие тақырыбы. Ол: «...ең ауыр майдан надандықпен, нәпсімен күресі майданы: әрі ұзақ, әрі ызасы көп...»,- дей келіп, “Ер мен әйел, ұл-қызға білім парыз,” “Ажал жетіп, өлгенше оқы білім, достар,” дейді хикметтерінде. Халықты оқыту, көкірек көзін ашу – маңызды іс деп қараған.

2.Ана тақырыбы. Әр отбасының ұйытқысы, ұлттың бойындағы бар асыл қасиетті ұрпаққа сіңіруші, дарытушы әйелдің, ананың қоғамдағы, адамзат өміріндегі алатын орны ерекше. Ананың қадыр-қасиетіне байланысты идеялар жиі кездеседі.

3.Махаббат, достық тақырыбы. Адамзат баласы үшін өмірдің мәніне айналатын осындай асыл сезімдерді ақын ерекше насихаттайды.

4.Рухани-адамгершілік тақырыбы. Жетімді көрсеңіз, азар бермеңіз, Ғаріпті көрсеңіз көңіліне дақ салмаңыз. Руханият иірімдері, өмірдің тәжірибе тағылымдары талқыланады.

5.Тіл тақырыбы. Ана тілі – әр халықтың бұрынғысын да, бүгінгісін де, болашағын да жалғап тұрар алтын арқау. Халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Тіл –этностың жүрегі деп тұжырымдаған. Өзі де түркі тіліннің қоғамда маңызын арттыру үшін көп күш жұмсаған, еңбектерін тек ана тілінде жазған.

6.Имандылық тақырыбы. “Ұят – иманнан” деп Расул айтты, Ұятсыз қауым ұятсыз болды достар,” Ғұлама ғалымның шығармашылығының өзегіне айналған имандылық - әр адамның бойында болуы тиіс ізгі қасиеттердің, адамгершіліктің, адамшылықтың негізі. Имандылық тәрбиесінің адам баласына ықпал ету күшіне кәміл сенді, адамдығы мен адамгершілі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептелді.

7.Отан тақырыбы. Бүгінгі біздің қоғамымыздағы басты мәселе – жастардың бойында Отаншылдық, Отанын қорғау, еліне жанашыр болу, халқының қамқоршысы болу деген түсініктердің азайып кетуі немесе мүлде болмауы жиілеп кетті. Ол отан сүйгіштікті тәрбиенің ең биік шыңына балайды. Ғұлама ғалым ұстаздың пікірі бойынша, отан сүйгіштік тәрбиенің қозғаушы күштері - ұлттық мақтаныш пен ұлттық намыс.

8.Еңбек тақырыбы. Еңбек тәрбиесі адамның адамгершілік қасиеттерін дамытып, ақыл-оймен қалыптастырады. Ұрпақты мал өсіруге, егін егуге баулыған қазақ халқы оларды қол өнеріне, түрлі кәсіптік мамандықтарға үйрететін тәрбиелеу ісін жаңғыртады.

Яссауи адамның мәнін рух деп біліп, рухани дамудың (кәміл адам) идеясын ұсынады. Бұл ғылымды «адами ілім» және «діни ілім» деп екі түрге бөлуге

болады. Ясауи ілімі – ғұламаның өз әрекетімен қол жеткізген мағлұматтар мен тәжірибелері, өзі өмір сүрген қоғамнан және тарихи тәжірибелерден алынған.

Сөзімді қорытындылай келе айтпағым, Қожа Ахмет Ясауи адамзат баласының осы өмірде жететін жетістігі оның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен рухани байлығына тікелей қатысты екенін тұжырымдаған. Сондықтан біз ғұлама ғалымның даналық сөздерін ұрпағымызға дұрыс тәрбие беруде тәрбие құралы етіп қолдана алуымыз керек.

Андатпа

Ұсынылған жұмыс жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысында, жалпы тәрбие бағыттарын жүзеге асыруда ғұлама ғалым Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін басты құрал ретінде пайдалануды ұсынады. Ясауидің шығармаларының өзегі имани, рухани құндылықтар болғандықтан, елімізде жүзеге асырылып отырған “Тәрбиенің біртұтас бағыттары” тұжырымдамасымен сәйкес келеді.

Түйінді сөздер: хикметтер, тәрбие бағыттары, рухани-адамгершілік, тәрбие тұжырымдары оқу-тәрбие.

Аннотация

В предлагаемой работе предлагается использовать мудрость ученого Ходжи Ахмета Ясави в качестве основного инструмента в воспитательной работе в общеобразовательных школах, при реализации общеобразовательных направлений. Поскольку в основе произведений Ясави лежат вера и духовные ценности, они соответствуют реализуемой в нашей стране концепции «Единых направлений образования».

Ключевые слова: мудрость, направления воспитания, духовно-нравственные, выводы воспитания, воспитание.

Abstract

The proposed work proposes to use the wisdom of scholar Khoja Ahmet Yasawi as the main tool in educational work in general education schools, in the implementation of general educational directions. Since the core of Yasawi's works are faith and spiritual values, they correspond to the concept of "Unified directions of education" implemented in our country.

Key words: wisdom, directions of education, spiritual and moral, conclusions of education, education.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдірашев Ж. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Шымкент, 1993 ж.
2. Жармұхамедұлы М. Шафиғи М., Дәуітұлы С. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б.
3. Жармұхамедұлы М. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері. Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. – 16 б.
4. Жәмішұлы Ә. Иассауи Қ. А. Хикметтер. Алматы: Өнер, 1995. 208 б.
5. Ыылдырым А. ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ ХАДИС МӘДЕНИЕТІ (ӘДЕБИЕТІ) Түркістан, 2012ж.

6. Мырзахметұлы М. Ясауидегі «жан ғалымы, тән ғалымы» хақында. Қ. А. Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008.
7. Тұрысбек Р.С. “Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі адамдық мұрат пен имандылық негіздері” Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. No 1(142)/2023

АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМДЕРІНІҢ ЖАСТАРҒА РУХАНИ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Султанмуратова Улжалгас Худайбергеновна
Көпсалалы индустриалды техникалық колледж
тарих пәнінің оқытушысы, педагог-сарапшы

XXI ғасыр геосаяси-экономикалық, ақпараттық-технолоиялық, қоғамдық-элеметтік өмірдегі өзгерістермен, рухани-мәдени сілкіністермен аттаған тарихи-мәдени және ұлттық салт-сананың, діни-ділдік рухты жаңғыртуға деген талпыныс күннен күнге артуда.

Қожа Ахмет Ясауи Түркі жұртының ұлы ғұламасы күллі ислам әлеміне танымал философ сопы, ақын, ғұлама, данагөй ұстаз. Ол түрік\қазақ халқының байырғы рухани мәдениетін сақтап байытуға айрықша еңбек еткен, барша түрік әлемін бір рухани арнаға тоғыстырған кемеңгер философ. Ахмет Ясауи Түркістан өңіріндегі Сайрам қаласында өмірге келіп, Түркістан қаласында өмірден озған. Әкесі Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим, Испиджаб жерінде құрметке ие болған әулие. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана) Ахмет Ясауи Түркістан қаласында жерленіп, Хазірет Сұлтан аталып, басына Әмір Темір күмбез орнатты.

Түркі жұртының ұлы ұстазы Қожа Ахмет Ясауи ежелгі әдеби, мәдени дәстүрді Құран рухында қайта жаңғыртып, діни рухани насихаттар шоғырына айналдырды. Оның «Диуани хикмет» шығармасы Алтайдан Анадолыға дейінгі ұлан ғайыр өлкеде тіршілік ететін түркілер арасында кең тарап, олардың өмір салтының, дүниетанымының, әдет - ғұрпының, тәлім – тәрбиесінің ажырамас бір бөлшегін құрады. Хикметтер мың жылға жуық уақыт бойы көшпелі және отырықшы халықтардың дінін, тілі мен ділін мәдени негізге қайта сомдап шықты. Қазақ, өзбек, түрік, қырғыз, түркімен, қарақалпақ т.б. түркі тілдес елдердің рухани тарихи, таным жүйесі, ұлттық сана-сезімі, этнопедагогикалық көзқарасы «Диуани хикметтен» тамыр тартып жатыр.

Кез келген ұлт келешекке көз тіккенде бірінші мәңгілікті көздейді. Ұлттың, ұлыстың, этностың преспективасын дүниетанымына қарап анықтайды. Дүниетаным ұлттың бүкіл тәнге қан айдап тұрған жүрегі сияқты. Халықтың ғайыптағы киеге сенетін әрбір сенімі жүректің қуыс-қалтасына оттегі жеткізетін қан тамыры секілді.

Енді дүниетанымды қандай критериймен өлшейміз? Оған не жатады? Ең бірінші ғайыпқа сену. Ғайыптың онтологиясы – Тәңір тағала. Қазақтар сенетін кие, құт, береке, шарапат, медет феномендерінің қайнар бұлағы Тәңірі деп

білеміз. Бірақ мұндай мәңгілік шабыт сыйлаушы, преспективасы зор дүниетанымды қалыптастыру оңай шаруа емес. Әулие – әмбие болмаса, надан халық кие мен құтты көрінген тау мен тастан іздеп кетеді. Ұлан-ғайыр далада көшіп-қонып жүрген қалың жұрттың дүниетанымын бір Тәңірге бағыттау бірнеше ғасырға созылатын ауыр жұмыс.

Жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рух пен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні маңызы «Диуани хикмет», «Мират-ул Кулуб», «Пақырнама» сияқты мұраларынан көрінеді. Бұлардың ішінен лингвистикалық бағыттағы ғылыми зерттеулердің нысанаға көбірек ілігіп, қолжазба нұсқалары мен мәтіндері, аудармалары ұсынылып, тілдік түп-негізі, қазіргі түркі тілдеріне қатысты тұрғысынан біршама зерттелгені – «Диуани хикмет».

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың бұл еңбегі – Ясауи поэтикалық көркем туынды, сопылық дәстүрде жазылған жыр жинағы. Шығарманың мазмұндық арқауын мұсылман дінінің негізгі қағида шарттары, парыз-қарыздары, адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым, Аллаға деген сүйіспеншілік мәселелері құрайды.

Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы құбылыс – тіршілік. Адам тіршілік ете отырып, өмірдің мәні туралы ойларын, ұстанымын қалыптастырады. Тіршілік – адамға берілген болмыс, ал болмыстың мәні – адамның осы болмыстың барлық көріністерінен Мән іздей отырып, саналы ғұмыр кешуінде.

Адамның экзистенциалын құрайтын категориялар философияда кеңінен талқылануда. Олардың қатарына адам Болмысын құрайтын мінездерді жатқызамыз. Яғни, БОЛМЫС, АДАМГЕРШІЛІК, ҰЖДАН, НАМЫС, ЖАУАПКЕРШІЛІК, ҮМІТ..... Бұлар адам өмірінің мәнін айшықтай түсетін экзистенциалық генезистер. Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтерінің де адамды Адам ретінде қалыптастырар концепсиясы осы. Қожа Ахмет ең әуелі адамды сүйіп, адамды құрметтеп, адамға аса бір мейірімділік танытқан жалпы адамзаттық қағиданы ұстанды. «Диуани Хикметтің» мазмұны осы қағиданы дәріптейді. Адамға мәнді өмірдің жолдарын көрсетуге Ясауиді жетелеген осындай сүйіспеншілік сезім еді.

Адам болмысы – адамның сыртқы тұлғасын да ішкі жан дүниесін де көріктендіріп тұратын көркем мінездер жиынтығы. Ахмет Ясауи хикметтерінде осы мәселе түбегейлі шешімін тапқан. Бұл, бір есептен өмірмәндік сауалдардың шешімін шығарар құндылық жүйесі.

«Диуани Хикмет» сияқты рухани құндылықтар адам БОЛМЫСЫНА бесіктен сіңбесе, есейгенде «экзистенция фрустрациясына» (рухани күйреу) ұшырайды.

БОЛМЫС десе, адамға абстракциялы, түсініксіз ұғым елестейді. Бірден жалығып ұйқымыз келеді. Мағынасын түсіну жүйкеге салмақ салады. Түрлі терминмен, абстракциялы ойлармен мағынасын қыйындатып жібереді. Қарапайым айтсақ, БОЛМЫС – РУХ деген сөз. АДАМНЫҢ БОЛМЫСЫ – АДАМНЫҢ РУХЫ.

Адамгершіліктің алтын дінгегі болар асыл мінездер – экзистенциализмнің бұлжымас категориялары. Яғни адам БОЛМЫСЫН қалыптастыратын факторлар. Ахмет Ясауи хикметтеріндегі экзистенциалық идеяларды қазіргі замандық дүниетанымға сәйкестендіріп, адамның болмысын қалыптастырар адамгершілік құрал ретінде пайдалану аса тиімді.

Ясауи ілімінде әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адами қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуімізге болады. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір – қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен» өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиетін ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы, сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Қожа Ахмет Ясауидің айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді болу. Диуани Хикметте адамға қажетті қанағат – ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарты екендігін оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. Қазақтың жандүниесін, оның рухын Ислам нұрымен байытты. Түрік қоғамында Тәңірлік дүниетаным, наным – сенім, салт – дәстүр және материалдық құндылықтар жойылмады. Олар Исламдық жаңа сипат алып, қайта жаңғырды.

Қожа Ахмет Ясауи баса мән беріп, қатты әшкерелеген тақырыбы – надандық. Оның ұғымында, надандық – бүкіл жауыздық, зұлымдықтың қайнар көзі. Арсыздық пен бәлеқорлық, өтірік – өсек пен әділетсіздік содан табады деп түсідірді. Ол өз хикметінде надандыққа тәрбие – білім мен даналықты қарсы қойып отырады. Содан наданның көзін ашып, Құдайдың сара жолына түсуге бар ынтасы мен ықыласын жұмсайды. Ясауи жалған молда залымдарды сынап «Хал ілімін үйренуге шақырды.

«Һу» алқасы құрылды,
Ей дәруіштер, келіндер,
Хақ сыпырасы жайылды,
Одан үлес теріндер.
«Қал» ғылымын оқындар,
«Хәл» ғылымға бекіндер.
Жоқтыққа шым батындар,
Барлыққа шын жетіндер.

Имандылықтан туатын құндылықтарды ар-ұят, намыс, әділдік, турашылдық, тазалық махаббат, адамды құрметтеу, парасат құндылықтарына, ал имансыздықтан туатын зұлымдық, жалғандық, екіжүзділік, опасыздық, менмендік сияқты барлық жаман қылықты масқаралық сипатына жатқызып, адамның бұлардан аулақ болуын ескертеді.

Қазақ философиясында көне түріктердің ғарыштық түсінігі бойынша әлемді жаратқан, жер бетіндегі барлық жанды мен жансыздың тағдырына иелік ететін құдай – Тәңір. Көк Тәңір ұғымының терең философиялық және рухани - әлеуметтік мәні бар. Жастар жаратылысты тануға, өз халқының тарихын терең білу мен сыйлауға, ата – бабаны құрмет тұтуға тәрбиеленді. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде жастар тәрбиесінде бірінші орында «Білім» тұр. Ол өз хикметінде «Білімнің – шырақ, халің – пілте, көз жасың жағатын – май» болсын дейді.

XV ғасырда тұрғызылған Ахмет Ясауи кесенесі Түркістанның архитектуралық мұрасын жандандырып тұрған темірқазыққа айналған. Кесене тек сәулеттік мәдениеттің ғана емес, күллі ТҮРКІ халықтары тоғысқан тоғыз жолдың рухани торабы.

Жалпы адамзаттық идеяны насихаттаған Ахмет Ясауи «Хикметтерінің» экзистенциалдық сарынын ӨМІРМӘНДІК қағидатқа айналдыра білу – ұрпақтар еншісінде. Ойшылдың сөзімен қорытындыласақ:

Менің хикметтерім хақтың мадағы,
Құдайдың дертті құлының дауасы.
Менің хикметтерім шекер мен балдай,
Сөздерім өтер теңдесі болмай.

Қорытынды: Бүгінгі күні Қазақстанның болашағы, Елдің ертеңі, ұлт ұрпағының алдағы уақытта саналы ғұмыр кешуі, мемлекеттің тыныштығы мен қауіпсіздігі, қоғамның рухани тұтастығы ешкімді бей жәй қалдырмайды. Өткеніміз бен болашақтың арасын қандай рухани күшпен жалғаймыз, болмысымызды қалай сақтап қаламыз?! Осының бәрі мызғымас «рухани бірлік пен ұлттық тұтастық» мәселесі. Қазақстан Республикасының дамуы барысында білім беру саласының басты міндеті – дүниетанымы кең, ұлттық менталитеті мен көзқарасы қалыптасқан, ғылым мен білім, техникалық жаңалық саласындағы әрекетке бейім жас мамандар дайындау.

Кез келген қоғамда «ұлттық тәрбие» - жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру әр заманда өзекті мәселе. Сондықтан жастарға Ахмет Ясауи ілімінде түркі жұртына рухани бірлік пен ұлттық тұтастықты қалыптастыруы туралы ақпарат беру.

Қ. А. Ясауи хикметтерінің мәні – адам. Демек, Ахмет Ясауи хикметтері осы адамгершілік ұстынамдарды басшылыққа ала отырып, Адам болудың жолдарын ұсынды. Ясауи мұрасы қазақтың рухани панасы. Оны танып, игеру бізге парыз!

Аннотация

Баяндамада салыстырмалы зерттеу әдістермен Қожа Ахмет хикметтерінің мәні талданады. Хикметтердің мазмұны қазақ даласында дамыған көшпелі өркениеттің қағидаттарына тола экзистенциалдық түсініктер берілді. Хикметтердің негізгі мақсаты діни бағытта болғанымен, жаратылыс және адам болмысы, өмір, адамгершілік, әділдік, жауапкершілік, ар-ұждан сияқты экзистенциалдар кездеседі. Ясауидің сопылық ілімі және оның негізінде Түрік қоғамында ұлттық тұтастықтың қалыптасуы мәселесі қарастылды. Ғұламаның сопылық ілімі мен мәдениеті арқылы көп ұлтты Түрік қоғамында діни-рухани бірлік пен ұлттық тұтастық қалыптасты. Түркі елінде рухани бірлік пен ұлттық тұтастықтың жергілікті халықтардың дәстүрлі Тәңірлік дүниетанымының, наным – сенімінің, салт – дәстүрінің, рухани – материалдық құндылықтарының Исламдық сәйкес ұғымдармен баяндалды. Баяндамада жастарға Ахмет Ясауидің сопылық ілімі түрік жұртында рухани бірлік пен ұлттық тұтастықты қалыптастыруы туралы ақпарат беруді мақсат еткен.

Түйін сөздер: Ясауи диниетанымы, экзистенциалдық категориялар, адам болмысы, мән, өмір феномені.

Абстракт

В статье ценность мудрости Ходжи Ахмета Ясави анализируется с использованием методов сравнительного исследования. Содержание мудрости было передано экзистенциальным концепциям, наполненным принципами кочевой цивилизации, развивавшейся в казахской степи. Хотя основная цель мудрости религиозная, понятия существования творения и человеческой природы, жизни, морали, справедливости, ответственности и совести совпадают. Рассмотрено суфийское учение Ясави и формирование на его основе национального единства в турецком обществе. Религиозно-духовное единство и национальная целостность формировались в многоэтническом турецком обществе благодаря суфийскому учению и культуре учёного. Духовное единство и национальное единство в стране тюрков объяснялись исламскими представлениями о традиционном божественном мировоззрении, верованиях, традициях, духовных и материальных ценностях местных народов. Цель доклада информирование молодежи о формировании духовного единства и национальной целостности в турецком народе суфийским учением Ахмета Ясави.

Ключевые слова: религия Ясави, экзистенциальные категории, природа человека, сущность, феномен жизни.

Abstract

In article the value of Khoja Ahmet Yasawi's wisdom is analyzed using comparative research methods. The contents of the wisdom were given existential concepts full of the principles of the nomadic civilization developed in the Kazakh steppe. Although the main purpose of wisdom is religious, the existence of creation and human nature, life, morality, justice, responsibility, conscience meet. Yasawi's Sufi doctrine and the formation of national unity in Turkish society based on it were considered. Religious and spiritual unity and national integrity were formed in the multi-ethnic Turkish society through the Sufi teachings and culture of the scholar. Spiritual unity and national unity in the country of Turki were explained with Islamic concepts of the traditional divine worldview, beliefs, traditions, spiritual and material values of local peoples. The purpose of the report was to inform young people about the formation of spiritual unity and national integrity in the Turkish people by the Sufi teachings of Ahmet Yasawi.

Key words: Yasawi religion, existential categories, human nature, essence, life phenomenon.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақиқат жаршысы А П Абуов \\\ Түркістан 2000ж 15б
2. Диуани хикмет Отбасы христоматиясы \\\ Алматы 2021ж 10-14б
3. Қожа Ахмет Яссауи Диуани Хикмет \\\ Алматы 1993ж
4. Хикметтер (Даналық кітабы) \\\ Алматы 1998ж 33б
5. Хикмет – ғұмыр А Әбдрәсілқызы \\\ Алматы 2013ж 8-12б
6. Яссауи феномені С Керімбай, М Төлеген, Ә Нәби, А Тасболат. \\\ отбасы христоматиясы Алматы 2017ж 119б

«ДИУАНИ ХИКМЕТ»-РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Схаг Шолпан

Астана қаласы К. Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
педагог-зерттеуші

Бүгінгі таңда адам баласына ақыл мен жүрек бірлігін алға тартатын идеялар ауадай қажет екендігі сөзсіз. Рухани аштыққа тап болған заманда өскелең ұрпаққа қалдырған таптырмас мұралары бар бабаларымыздың қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар.

Орта ғасырда Түркі халықтарында Ислам мәдениетінің ықпалының күшеюі және біржола араб жазуына көшуі, өмірге көптеген ойшылдарды алып келді. Осы шақта жаратушы көксеген елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты, адалдықты ту етіп, өз шығармаларына арқау еткен ақын-шайырлар тобы тарих сахнасына шықты. Солардың ішінде ерекше талантымен көзге түскен, асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен, қайырымдылық пен мейірімділікті өміріне арқау етіп, бүкіл түркі жұртын рухани тазалыққа үндеген, қасиетті әулиесі атанған әрі бірегейі

-Қожа Ахмет Хазіреті Сұлтан Ясауи. Ол- түркі әлемінің рухани өміріне ықпал еткен ақын әрі дін ғұламаларының бірі ғана емес, ортақ құндылықтарды соның ішінде халықтардың басын бір арнаға тоғыстырған ислам дінін бейбіт түрде насихаттап, бізге жеткізген тұлға.

Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Ясауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Ахмет Бұхара қаласында Юсуф Хамаданидан діни білім алғаннан кейін, Түркістанға келіп, сол кезде Орталық Азияда кең тараған софылық, діни-тақуалық идеялардың ірі насихатшысына айналады. Оның еңбектерінде жазылып кеткен сопылық ілімі- адам жанының және оның ішкі жан дүниесінің кемелдену жолы екендігі ақиқат. Бұл ілімнің бүгінгі жас ұрпақтың «толық адам» боп өсуіне яғни ақыл, қайрат, жүректі қатар ұстауына да себер дәні бар.

Ата-анасынан ерте айырылған ол атақты түркі шейхы Арыстан баб және Жүсіп Хамадани деген шейхтардан тәлім-тәрбие, білім, бата алады. Білімін Бұхарадан жалғастырады. Өзінің ұстазы қайтыс болған соң көп ұзамай туған қаласына оқымысты адам, сопы ретінде қайтып оралады.

Ахмет Ясауи-ХІІ ғасырдағы көне түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» кітабының авторы. «Диуани Хикмет» -Диуан-жинақ, хикмет – Алланың ақ жолы деген мағынаны білдіреді. «Даналық кітабы» -оғыз-кыпшақ тілінде өмірге келген, өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған төл әдеби туынды. 149 хикметтен тұратын бұл кітап-күллі түркі әлемін даналыққа бастаған құрал десек артық айтқандық емес. Ақынның кең өлкені көшіп — қонып жүрген түркі тайпаларының бәріне де түсінікті ауыз екісөйлеу тілінде әдемі жеткізе алғандығына күмән келтірмейміз. Сол кезде жұрт

жадында – Ахмет айтты деген ақыл-нақыл, қанатты-ғибратты, өсиет- насихат сөздер, танымдық-тағылымдық мәні мол ойлары мен толғаныстары кең тараған. Ел арасында өзінің де есімі мен еңбегі, беделі мен жауапкершілігі, қадыр-құрметі, бауырмалдығы мен мейірім-сыйластығы еселеп арта түседі. 63-73 жас аралығында жазған шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды. Тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани хикмет» кітабының XV-XVI ғасырларда жазылған көшірме-қолжазбасы кеңестер заманына дейін Қазан, Ташкент қалаларынан бірнеше рет басылып шығып, халықтың рухани сусынына айналған.

«Диуани хикметте» негізінен төрт нәрсеге аса көңіл бөлінеді. Олар: шарифат, тарихат, хақиқат, мағрифат. «Шарифат»- ислам дінінің заңдары мен әдет ғұрыптарының жинағы, «тарихат»- сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізген жол, «хақиқат» -құдаймен бірігу оған жақындау, «мағрифат»— дін жолын танып, оқып білу. Ахмет Ясауидің пікірінше «Шарифатсыз», «Тарихатсыз», «Мағрифатсыз» «Хақиқат» болуы мүмкін емес. Ақынның күллі түркі тілдес елдерге яғни ислам әлеміне дін жаю үшін таратқан 99 мың шәкірті болғаны бізге белгілі. Ол осы шәкірттеріне: «Құран және Хадис үкімдеріне сай өмір сүруді, бос дүниеге алданбай, шарифат пен тариқатты біте қайнастырып, әрдайым нәпсімен күресу» өсиетін қалдырды.

Көптеген түркі халықтары «Хикметті» аудармасыз-ақ қиналмай оқи алады. Сондықтан да бұл құндылық- түркі халықтарына ортақ. Дін исламнан хабары бар жанға «Хикмет» тілі өте жеңіл. Оны беріліп оқып, тереңірек үңілген адам, Ахмет жырларының қыпшақ тілдеріне өте жақын екенін байқар еді. Себебі Ахмет Ясауи шығармалары тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ рухани мұра екені бәрімізге мәлім. Сондықтан біз жалпы адамзаттық биік мәдениет тұрғысынан қарауымыз керек.

Бұл кітапта имандылықты, ізгілік пен жан тазалығын үлгі етеді. Ақынның даналық ойлары Баласағұни, Абай, Шәкәріммен жалғасып, тамырласып жатады. Иассауи бұл кітабын «Дәфтар сани» («Екінші дәптер») деп атаған. Оның себебі анық емес... Әдебиетімізде Иассауидің Шәкәрімге дейін үзілмеген сопылық дүниетанымның үрдісі бар.

Сопы болу – мына дүниеде өмір сүріп, бұл дүниемен өмір сүрмеу. Бұл дүниенің пендешілігінен жоғары тұру, дүниеқұмарлық, қызыққұмарлықтан безу, арам нәпсіден тыйылу. Олар ғашықтықты Аллаға қарата айтады.

Осы реттен келгенде, «Даналық» кітабы Алланың ақиқат жолын, керемет те көркем қасиетін, адалдық пен адамдықты, адамгершілік пен қайырымдылық істі қадірлеп – құрметтеп, үлгі-ғибрат тұтудың ғажайып көрінісі, өрнекті-өнегелі өмір тағылымы болып табылады. Ойшыл қашан да материалдық құндылықтан жан тазалығын жоғары қояды...» [6, 79, 80]

Ақынның жазған мына бір сөзіне құлақ түрсек:

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,

Ақиқатты таза сүйе біл.

Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық қана дүниеге ие бұл, —дейді.

Бүгінгі таңда біз , керісінше, жан азығы емес тән азығына қол созып кетпедік пе?-деген күдік бізді ойландыра ма?! Осы орайда, ақынның ақылға толы рухани ескерткіші басты құрал болмақ. Ақынның шығармаларындағы идея-тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі, ата-ана, тілін, дінін, ділін, елін, жерін сүюіне рухани адамгершілік пен имандылық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалын тігізеді. Бұл, әрине, болашақ ұрпақты осыбір асыл қасиеттер арқылы халқымыздың тереңге тамыры жайылған рухани құндылығынан айырылып қалмауы- егемендігіміз бен елдігіміздің өлшемі екенін аңғартады.

Данышпандық дидары, ғұламалық ғибраты, кемеңгерлік келбеті, ақыл-парасаты мен білімі-ғылыми һәм діни-сопылық сипаттары –Ясауидің даңқты есімі мен еңбегін, жарқын да жасампаз жолын, ғұламалық ғибратын, кемеңгерлік қасиетін, кемел болмысын биіктете түседі. [7, 208]. «Хикметтер» мазмұнына ден қойып, табиғаты мен тағылымына мән берсек, Алла ісін мадақ етіп, Ақиқат жолын көрсетіп, ар-иманға сеніп, адамшылық- адамгершілік мұраттарды асқақтата түскенін анық аңғарар едік. Әділетті істі ардақтап, игілікті-ізгілікті іске кең жол ашады. Жасампаздық жолды ұстанып, жақсылық пен достықты ту етеді. Кісілік пен кішілікті, мейірім мен қамқорлықты, елшілдік пен отаншылдықты, бауырмалдық пен еңбекшілдікті, берік дәстүр мен терең дүниетанымды, тарих пен танымды, тәлім-тәрбие мен туыстықты, татулық пен тұтастықты, мөлдір махаббат пен сағыныш- сүйіспеншілікті, сыйластық сырларын т.с.с. асыл арна, кең өріс құрап, жан- жүректен қозғалып, көңіл толқынымен жүйелі жеткізіледі.

Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегін қайта оқып, мән-мазмұнына назар аударғанда, алдымен қоғамның басты байлығы – адам мен оның өмірі, еңбегі мен әрекет-қимылы, Алла ісі, қасиет-құдіреті, ақиқат жолы, әділетті іс, кісілік пен кішілік, қарапайымдылық қағидаттары, дүние дидары, дәстүр мен дін, ақыл-парасат, білім-ғылым, тарих пен таным, жастық пен достық, жақсы мен жаман, тәлім-тәрбие арналары, сыйластық сыры, тіршілік тынысы терең танылады.

«Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағым,

Баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағын», — деп, бар жан дүниесімен сопылыққа берілген Ясауи: «егермен басымнан айырылсам да, бұл жолдан маған жалт беру жоқ»,— дейді. Ясауи арқылы сопылық түркі тілдесхалықтардың рухани орын алды. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүниетанымының қалыптасуына танымында шешуші үлкен ықпал жасады. Бұған дәлел Ясауиден кейінгі көптеген қазақ ақын, жырауларының шығармаларынан да сопылықтың тікелей әсерін байқаймыз.

Ясауи былай дейді: «Кімде-кім құдайды есіне алса, ол онымен табысқанын көре алады». Сондықтан да Ясауи үшін құдайды тану өзін-өзі танумен бірдей. Ол адамгершілік мәселесін, өмір қағидасы ретінде ұсынды. Адамның өзін-өзі көрсету, тазару, жан-жақты жетілу жолын сілтей отырып, исламға қызмет ету керектігін айтады. Осы арқылы ол түркі халықтарының рухани бағытын анықтады. Айтқан ортақ ойларында: Ұстаз керек, оның сенімді оқушысы болу

керек, олар ең жоғарғы ризашылыққа ие болу керек. Сонда ғана олар жаратушының адал әрі сүйікті құлына айналатындығы туралы керемет айтылған .

Ясауи сопылығы арқылы бүтін шығыс философиясымен, әлемдік діни философиямен хабардар боламыз. Сопылықтың ықпалын, Ясауиден кейін өмір сүрген көптеген ақын, ойшыл ғұламалардың еңбектерінен кездестіреміз. Оның қай еңбегі болмасын тұнып тұрған өсиет сөздер, қара сөзбен де, өлең шумақтарымен де хикмет түрінде де жазылған. Оның басты жүзеге асыратын істерінің бірі-адамның адамға деген сүйіспеншілігі, махаббат, жақсы көру, сыйлау, құрметтеу және ғылымға ден қоюды негізге алғандығы. Сол үшін іздену, үйрену, тану үшін ұмтылу қажеттігін назарда ұстайды.

Қазіргі дамыған технологияның мүмкіндіктері арқылы рухани құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіруіміз керек. Мектеп бағдарламасында хикметтерін оқыту арқылы рухани бай жеке тұлғаның қаталдыққа бармайтындығы , ақымақ істерден сақтанудың жолы екендігін ұқтырады.

Хикметте нәпсімен күресе білу-жаны таза адамның ісі екенін айтады.

Нәпсімен күресуде біз әлсіздікті алдымызда отырған шәкірттеріміздің түн ұйқысын бұзып, ұялы телефонның құшағында атқызған таңдарын тілге тиек ете аламыз. Өкінішке орай, біз жеке тұлғаның сол гаджет арқылы алып жатқан ақпараттарының барлығының оған пайдасы бар ма? Осылар арқылы олардың қандай адами құндылықты жан дүниесінде сүзгіден өткізіп, азық етіп жатыр деген мәселеден бейхабармыз. Сондықтан да осындай мәселелерді шешуде ақын еңбегіне жүгінуімізге тура келеді. Нақтап айтсақ, даналық кітабының «Шариғат» бөлімінде адамгершіліктің асқан өнегесін көрсетеді. Ал «Тариқат»-та ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділеттілік пен адалдыққа , татулыққа үйретсе, Мағрифатта Алланың ақжолымен жүру-адамгершілік парыз екендігін әсерлі сөзбен жеткізеді. «Хақиқат» бөлімінде Алланы тану, оған сену жайлы түсіндіре келер ұрпақты имандылыққа тәрбиелеуге шақырады. Осы еңбекті жете талдау арқылы біз шәкірттерімізге имандылық пен адамгершілік қасиетін дарыта аламыз.

М. Мырзахметұлы айтқанындай: «...Ясауидің өзін жан ғылымының көшбасшысы, сол ілімнің ғалымы ғана емес, оза шапқан хакімі болуы себепті де, Әзірет Сұлтан аталып кеткені жай нәрсе емес» [5, 11]. Ясауи «Хикметтері» адамзаттық құндылықтар мен жалпыадамдық мәселелерді кең түрде қозғап, қоғам мен заман шындығын, дүниеәуи құбылыстар мен жаратылыс жайын, адам мұраты мен өмір мәнін, ғалам ғажаптарын, дін-діл, ар-иман, жан-тән құбылыстарын, ақиқат мәні мен әділеттілік жолын, ақыл-парасат пен білім-ғылым жүйесін, қанағат, рахым, сабыр, сөз сырын, тіл құнарын, тәрбие тағылымдарын жан-жақты ашады.

Бұдан байқалатыны-бастысы, ақиқат жолы, адами мұраттар, адамгершілік пен қарапайымдылық қағидаттары маңызды мәнге ие болады. Мұның қазіргі кезеңде де мәні жоғары, өзектілігі айқын екенін жақсы білеміз

Хикметте адамның Алланы танып, оның Хақ жолымен жүру маңызын, бір сөзбен айтқанда, Алланы таныған адам ешқашан ала жіп аттамайтындығын айтады. Хақ жолмен жүру- оның рухани кемелдікке жетуі деп танылса, ондай

адам адамгершілік қасиетімен танылады . Ал адамгершілік қасиет иман түрінде көрінеді. Иман адамның адам әлемінің шеңбері әрі өмір сүру амалы, сонымен қатар рухани қор жинайтын құралы болмақ. Әрине, сол кезде иманның мәні не деген сұрақ туындайды. Ол сұрақтың жауабы хикметте толық берілген. Иман-рухани қасиеттердің жиынтығы. Ол Яссауи түсінігінше, адамның кісілік келбеті ішкі жан дүниесінің сәулесі, жақсылыққа баулитын тәрбиешісі, дұрыс жолға салушысы дейді. Ендеше, иманын жоғалту әр адамның өз қолында . имандылықтың негізі ақыл, сабыр, төзімділік қасиеттерінен тұрады. Ал бұл имандылық мейірім, рақым, кешірім, қайырым қасиеттерін қамтиды. Біз бұл қасиеттердің шәкірт бойына сапалы білім мен саналы тәртіп негізінде қалыптасатынын да естен шығармау керекпіз.

Аннотация

Баяндамада түркі жұртына ортақ имандылық нұрын шашқан, діни ағартушы, ойшыл, ақын Қожа Ахмет Ясауидің рухани ескерткіші – «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер» - «Хикметтер») еңбегі жайлы, оның адамзат баласына берер тағылымы, Алланың ақ жолы, жалпы адами құндылықтар жайлы тілге тиек етіледі. Ясауи «Хикметтер» арқылы жалпы адамдық мәселелерді қозғап, Алла ісіне адалдық таныту, ақиқат пен тарихат жолын, софылық идея мен шарифат шарттарын қатаң сақтау жайлы айтылады.

Аннотация

В докладе говорится о труде духовного просветителя, мыслителя, поэта Ходжи Ахмета Ясави – «Дивани хикмет» («Мудрые слова» — «Мудрость»), который пронизан гуманистическими идеями, призывом людей к справедливости, честности, доброте, к любви, как стать посвященным в тайны суфизма, соблюдать требования шариата (норм ислама), направлять свои помыслы к Всевышнему.

Annotation

The report talks about the work of the spiritual educator, thinker, poet Khoja Akhmet Yasawi - “Divani khikmet” (“Wise words” - “Wisdom”), which is permeated with humanistic ideas, calling people to justice, honesty, kindness, to love, how to become dedicated into the secrets of Sufism, comply with the requirements of Sharia (Islamic norms), direct your thoughts to the Almighty.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2000. – Б.424-425.
- 2.Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. –229 -231 бб.
- 3.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық.– Алматы:Санат,1997–128
- 4.Мырзахметұлы М. Ясауидегі «жан ғалымы, тән ғалымы» хақында. Қ. А. Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. – Б. 11.
- 5.Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Оқу-құралы. – Астана: Елорда, 2001. –79-80 бб.
- 6.Иассауи Қ. А. Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы–Алматы: Өнер,1995–208 б.

SPIRITUAL VALUES AND GENERATIONAL EDUCATION IN THE WORKS OF KHOJA AHMED YASSAWI

Zhuldyz Syzdykova

№54 school-lyceum named after A.Seidimbek,
teacher of English, teacher-researcher, Master
of Philological Sciences

It is generally known that the works of Khoja Ahmed Yassawi are significant and valuable in terms of generational education and spiritual values. Considered to be outstanding example of religious and scientific issues that contributed to the development of Islamic religion, the works of Khoja Ahmed Yassawi have preserved their educational and cultural value.

Many famous philosophers of medieval time believed that their science fit well with religious and moral issues. They realized the great moral potential of religion in society. This potential was associated with spiritual and moral improvement of a person, who is realized in his own ways and means. According to the views of medieval thinkers, the main function of religious life is participation in the processes of education, training and management. And it is precisely in Yassawi's khikmets that many things are noticeable that really became that spiritual food – the basis for interdisciplinary approach.

Khoja Ahmed Yassawi is the author of the well-known work "Hikmet", written in Turkic Chagatai language. The people then deeply morally accepted the Sufi Islamic philosophy of Yassawi; moreover, it became close to him and helped to solve the problem of confrontation between "darkness" and "light", "bad" and "good". To some extent, ideas set out in his famous khikmets became the guide for Muslim practices, thanks to which the Turks perceived Islam with their souls and hearts through prism of the teachings of Khoja Ahmed Yassawi.

In his book of wisdom, he addresses morality, justice, honesty, kindness, qualities that should be instilled in a person from an early age. By advocating these values in his works it is possible to be an influential force in the broader teaching experience and practice.

The works of Khoja Ahmed Yassawi often contain moral values that are still relevant today. One of the most celebrated works attributed to him is the "Divan-i Hikmet," a collection of poetry that encompasses various moral teachings and lessons. Here are examples of moral values found in the works of Khoja Ahmed Yassawi:

1. **Compassion and Empathy:** Yassawi's poetry often emphasizes the importance of compassion and empathy towards others. He encourages individuals to understand and feel for the pain and struggles of others, promoting a sense of unity and understanding.

2. **Humility and Modesty:** the writings frequently advocate for humility and modesty as virtues that lead to inner peace and harmony. His emphasis on inner qualities rather than external displays of wealth or power reflects the importance of humility in his moral teachings.

3. Altruism and Generosity: Yassawi's works highlight the significance of generosity and selflessness. He encourages individuals to be charitable and to share with those in need, promoting a sense of kindness and community.

4. Integrity and Honesty: Yassawi's poetry often addresses the importance of integrity and honesty in one's actions and interactions with others. He stresses the value of being truthful and upright in all dealings, promoting a society based on trust and integrity.

5. Respect and Tolerance: Yassawi's teachings emphasize the value of respect and tolerance towards people of different backgrounds, beliefs, and cultures. His works advocate for peaceful coexistence and understanding among diverse communities.

These examples illustrate how Khoja Ahmed Yassawi's works contain a rich tapestry of moral values that continue to resonate with readers today. His poetry serves as a timeless source of wisdom and guidance, promoting virtues that are essential for personal and societal well-being.

It goes without saying, in our teaching practices such values as respect and tolerance, integrity and honesty, modesty and generosity should be widely emphasized and propagandized.

Khoja Akhmed Yassawi's teachings and the Yassawi order are rooted in the rich tradition of Sufism, a mystical dimension of Islam that emphasizes the inward journey towards spiritual enlightenment and union with the divine. Yassawi's spiritual philosophy and the practices of the Yassawi order are deeply influenced by Sufi principles, and they continue to shape the spiritual lives of many individuals in Central Asia and beyond. At the heart of Khoja Akhmed Yassawi's teachings is a profound emphasis on love and devotion to the divine. His poetry and writings express a deep yearning for closeness to God and highlight the transformative power of love in transcending worldly attachments and experiencing spiritual union. In addition, Yassawi emphasized the importance of inner purification, self-discipline, and self-awareness as essential steps on the spiritual path.

Through introspection and self-examination, individuals are encouraged to purify their hearts and minds, transcending ego-driven impulses and negative qualities. Yassawi's teachings underscore the value of humility and service to others. He emphasized the virtues of compassion, kindness, and selflessness, encouraging his followers to express their devotion to God through acts of service and charity. Besides, Yassawi promoted the idea of spiritual unity beyond religious and cultural differences. His teachings emphasize the essential oneness of all beings and the interconnectedness of humanity, fostering a sense of universal brotherhood and compassion.

The poetic works of Khoja Akhmed Yassawi, particularly his epic poem "Diwan-i-Hikmet" (The Wisdom Book), serve as a vehicle for conveying his spiritual teachings. His poetry is characterized by its profound symbolism, allegorical language, and lyrical expressions of divine love, serving as a source of inspiration and contemplation for his followers.

Generational education in the works of Akhmed Yassawi is a multifaceted process that extends beyond formal instruction, encompassing cultural, ethical,

spiritual, and historical dimensions. By engaging with the teachings of Akhmed Yassawi, successive generations gain access to a profound repository of wisdom that guides their intellectual, moral, and spiritual development, fostering a deep connection to Sufi tradition and its timeless relevance.

Generational education in the works of Akhmed Yassawi revolves around the transmission of wisdom, ethical values, and spiritual teachings to successive generations, ensuring the preservation and perpetuation of Sufi principles. The works of Akhmed Yassawi play a significant role in this intergenerational educational process, offering valuable insights and guidance for individuals at various stages of life.

There are some aspects of generational education in the context of Akhmed Yassawi's works, for instance oral tradition and storytelling. The transmission of Akhmed Yassawi's teachings often occurs through the oral tradition, where elders and spiritual leaders impart knowledge and wisdom to the younger generation through storytelling, parables, and anecdotes. This method of imparting knowledge fosters a deep connection to the teachings and allows for the preservation of cultural and spiritual heritage.

In addition, there are ethical and moral instructions. As Akhmed Yassawi's works provide a rich source of ethical and moral instructions, they offer guidance on virtuous conduct, compassion, humility, and integrity. These teachings are imparted to younger generations to instill a strong moral compass and ethical framework, shaping their character and behavior.

The works of Akhmed Yassawi serve as a guiding light for spiritual mentors and educators, enabling them to offer personalized guidance and instruction to individuals at different stages of their spiritual journey. Through the mentor-disciple relationship, spiritual knowledge is transmitted from one generation to the next, ensuring the continuity of Sufi wisdom and practices.

Taking into account cultural and historical insight, Yassawi's works provide profound insights into the cultural and historical context of the time, offering valuable lessons on societal values, traditions, and the interconnectedness of human experience. These teachings are essential for fostering an understanding of heritage and identity among younger generations.

Moreover, the teachings of Akhmed Yassawi inspire community engagement and collaborative learning, creating spaces where individuals from diverse age groups come together to study, discuss, and embody the principles of Sufi wisdom. This participatory approach fosters the exchange of knowledge and experience across generations.

It goes without saying, Akhmed Yassawi's works are studied by scholars and students, ensuring their preservation and scholarly exploration. By engaging with these texts, younger generations gain a deep understanding of the intellectual and spiritual legacy of Sufi tradition, fostering continuity and development of knowledge.

Educators and leaders draw from Akhmed Yassawi's teachings to adapt and contextualize Sufi principles to address contemporary challenges faced by younger generations. This process ensures the relevance of spiritual teachings in navigating modern complexities and moral dilemmas.

Yassawi's works offer insights that resonate across various disciplines, including literature, philosophy, theology, and art. By integrating these teachings into interdisciplinary learning, younger generations gain a holistic understanding of Sufi wisdom and its multifaceted influence.

Khoja Ahmed Yassawi's works are rich with profound quotes that embody moral and spiritual values. Here are examples of quotes from his works along with their sources:

1. "The key to all knowledge is with God." – Taken from Yassawi's poetry and teachings, this quote emphasizes the value of humility and the recognition of divine wisdom as the source of true knowledge.

2. "Kindness towards parents is the best deed." – This quote can be found in Yassawi's writings, where he highlights the importance of honoring and respecting one's parents, emphasizing the value of filial piety and family relationships.

3. "Patience is half of faith." – Yassawi expresses the value of patience as an essential component of faith and a virtue that leads to spiritual growth and resilience in his works.

4. "He who knows himself knows his Lord." – This profound quote can be found in Yassawi's teachings, emphasizing the value of self-awareness and introspection as a path to understanding and connecting with the divine.

5. "The heart is the seat of God." – Yassawi's writings contain this quote, reflecting the value of purity of heart and the belief that God resides within the innermost being of an individual.

These quotes are derived from different sources within Khoja Ahmed Yassawi's poetry, teachings, and philosophical writings, showcasing his profound insights on humility, kindness, patience, self-awareness, and spiritual connectedness. While teaching, these quotations can be widely used to improve young learners' critical thinking skills, as well as their speaking.

It is important to note that Yassawi's teachings and poems were often presented in the form of allegory and metaphor, reflecting the mystical nature of his Sufi beliefs. Therefore, interpreting his thoughts on values may require a deeper understanding of the cultural and historical context in which he lived.

While his works do not explicitly outline a comprehensive philosophy of values, his teachings and poetry emphasize certain principles and concepts that can be related to values. For instance, "Value the journey towards inner enlightenment and spiritual growth. Seek wisdom and self-realization, for the pathway to divine truth lies within oneself. Embrace humility and gratitude in your pursuit of spiritual values."

In conclusion, the philosophical thoughts and teachings of Khoja Akhmed Yassawi are of great value nowadays. His works are considered to be unique treasure for the entire generation. By teaching and propagandizing his wisdom to younger generation, it is obvious that we will bring up and cultivate such spiritual values as kindness, patience, self-awareness and wisdom. Integrating these teachings into interdisciplinary learning will definitely benefit the growing generation.

Аңдатпа

Қожа Ахмет Ясауидің философиялық ілімі мен еңбектерінің өскелең ұрпақ тәрбиесіне қосып жатқан үлесі зор. Қазақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыру мен бала бойына ұлттық құндылықтарды дарытудың маңыздылығы әр уақытта өзекті мәселе болып қала бермек.

Ғылыми мақаланың мақсаты – ғасыр данасы Қожа Ахмет Ясауи еңбектерін жан-жақты насихаттау, әрі жас ұрпақ тәрбиесіне маңызды болып табылатын ұлттық құндылықтарды бойларына сіңірудің оңтайлы жолдарын айқындау. Мақалада Қожа Ахмет Ясауидің хикметтер жинағынан алынған ой түйіндеулері, ғибратты нақыл сөздері барлық адамзатты имандылыққа, сүйіспеншілікке, мейірімділікке және сабырлыққа тәрбиелейтіні жайлы мысалдар қарастырылған. Сабақ барысында өскелең ұрпақ арасында даналық тұжырымдар мен философиялық ойларды талқылау арқылы білім алушылардың сыни көзқарастары дамиды, танымдық белсенділіктері артады.

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін талдауға негіз болған мысалдар мен талдау нәтижелері алдағы уақытта теориялық туындылар жазуға негіз бола алады.

Кілт сөздер: хикмет, ұлттық құндылықтар, философиялық ойлар, рухани тәрбие.

Аннотация

Философские учения и труды Ходжи Ахмета Ясави вносят большой вклад в воспитание подрастающего поколения. Важность формирования казахской национальной культуры и привития детям национальных ценностей всегда будет оставаться актуальным вопросом.

Цель научной статьи – всесторонняя пропаганда творчества мудреца века Ходжи Ахмета Ясави и определение лучших путей усвоения национальных ценностей, важных для воспитания молодого поколения. В статье приведены примеры того, как краткое изложение мыслей и пословиц, взятых из сборника мудрости Ходжи Ахмета Ясави, воспитывают все человечество вере, любви, доброте и терпению. В ходе урока посредством обсуждения мудрости и философских идей среди подрастающего поколения развиваются критические взгляды учащихся, повышается их познавательная активность.

Примеры и результаты анализа, положенные в основу анализа мудрости Ходжи Ахмета Ясави, могут стать основой для написания теоретических работ в будущем.

Ключевые слова: мудрость, национальные ценности, философские мысли, духовное образование.

Abstract

The philosophical teachings and works of Khoja Akhmed Yasawi make a great contribution to the education of the younger generation. The importance of forming the Kazakh national culture and instilling national values in children will always remain a pressing issue.

The purpose of the scientific article is to comprehensively promote the work of the sage of the century, Khoja Akhmed Yassawi, and to determine the best ways to assimilate national values that are important for the education of the younger

generation. The article provides examples of how a brief summary of thoughts and proverbs taken from the collection of wisdom of Khoja Akhmed Yassawi educate all humanity in faith, love, kindness and patience. During the lesson, through the discussion of wisdom and philosophical ideas among the younger generation, students' critical views develop and their cognitive activity increases.

The examples and results of analysis that form the basis of the analysis of the wisdom of Khoja Akhmed Yassawi can become the basis for writing theoretical works in the future.

Key words: wisdom, national values, philosophical thoughts, spiritual education.

References

1. Iasau Q.A. Hikmet jinaq: Danalyq syr [A collection of Hikmet: The Secret of Wisdom]. – Almaty: Jalyn, 1998. – 656 b. [in Kazakh]
2. Iassau Q.A. Diuani hikmet: Aqyl kitaby [Diwani Hikmat: The Book of Wisdom]. – Almaty: Oner, 2007. – 312 b. [in Kazakh]
3. Suleimenova J.A., Qorganbekov B.S. «Diuani hikmet» jinagy jane onyn qazaq halqynyn auyz adebietimen bailanysy [The Diwani Hikmet Collection and Its Relation to the Kazakh People Oral Literature] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2 (128). – B. 114–124. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.09>
4. https://es.unesco.org/sites/default/files/collection_of_the_manuscripts_of_khoja_ahmed_yasawi.pdf
5. <http://diwanihikmet.com/>

Қ.А.ЯССАУИДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРІНІСІ

Табиева Бақытгул Алпысбайқызы
Шығыс Қазақстан облысы білім
басқармасының Өскемен қаласы бойынша
«Ш.Уалиханов атындағы № 3 мектеп- лицей»
Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Тақырыптың өзектілігі: «Оқушылардың бірлескен жұмыстары арқылы Қожа Ахмет Яссауи шығармаларын талдай отырып, рухани құндылық пен ұлттық бояу негізін таныту».

Мақсат: «Қожа Ахмет Яссауи шығармаларының рухани әлемі құндылықтары мен ұлттық бояуын анықтау».

Міндеттер:

✓ «сауалнамалар ала отырып, ұлттық бояу мен құндылықтарды Қожа Ахмет шығармаларынан анықтау»;

✓ «оқушыларды зерттеу жұмысына баулу».

Күтілетін нәтиже: оқушылар сол құндылықтар мен ұлттық бояуларды өмірде қаншалықты қолдана алатынын бағамдау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдығы:

- Неліктен Қ.А.Яссауидің рухани әлеміндегі құндылықтар мен ұлттық бояуларды шәкірттер бойына насихаттауымыз керек?
- Бүгінгі күнде қаншалықты мәні бар?
- Оны тану оқушылардың бойында нені өзгерте алады?

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың даналығы мен білгірлігі баршамызға мәлім, Күллі түркі елінің ірі қайраткері шығармаларында рухани әлемдегі құндылықтар мен ұлттық бояуы кеңінен таныған. Оның бірегейі рухани – адамгершілікті насихаттайтын жазбалары. Біз Қожа Ахметті ширек ғасыр қалам алып, қоғамды өзгертуге ой салған талант иесі, суреткер жазушы, көрнекті ақын ретінде жақсы білеміз.

Рухани әлемдегі құндылықтар мен ұлттық бояулар айқын көрінген шығармалары оның адамгершілік, құндылық пен өмір жайлы жазылған хикметтері. Оның «Диуани хикметі» ағартушылық идеяның жаңаша көрінісі мен бастауы.

Ясауи шығармаларының тағы бір рухани құндылығы – адам болмысы. Адам болмысын сипаттай келе адамдарды жақсылыққа жетелеуге, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге, адалдықпен нан табуды, аянбай еңбек етуге талаптандырады.

Ақын өлең арқылы ұлттық ұстанымды насихаттап, үлгі – өнеге беруді мұрат еткен. Сондықтан да өлең жолдарында ұлттық философия мен ұлттық таным тұтастықта жарасым тауып, нәтижесінде қазақ ұғымына сай келетін ұлттық поэзияның жаңаша түрі, жаңа мазмұны өлеңдік өрнектер мен келісті суреттеулер, тың түр мен мазмұн болып ұлттың рухани әлемін жаңа бір сатыға көтерген.

Қожа Ахмет шығармаларының өміршеңдігі де осында. Ата-бабаның көз қарашығы болған бұл мұраны келешек ұрпаққа жеткізу – басты мақсатымыз!

Қожа Ахмет Ясауи ғұламаның хикметтері адамзат тарихындағы тура жолға бастайтын шамшырақтардың бірі болды. Хақ жолмен адами таза, ізгі құндылықтар осы хикметтерінің негізі болып табылады. Тіпті хикметтерінің әр жолы мағыналы ізгілікті айқындап тұр. Дәлел келтіре айтсақ «дүние- нәпсі, соны іздеген соры қалың, иттей болдым, сүйек тастар жолыма кім» деген жолдарынан нәпсі құмарлық адам баласын жануардан айырмасы болмайтындай дәрежеге түсіретінін байқай аламыз. Ал мына бір сөзінен «Ғылымына амал-сауап алар» ілім білімнің көмекші іспеттес екенін түсіне аламыз. «Хаһ жолама кемел жан боп төзіммен жет» деген нақыл сөзі әр ақиқат шыдамдылықты керек қылатынын айтады. Ал, мына сөзіне тіпті ғашық боласыз. Дүние байлап жүрек көзін шын асылға, Қолы жетпей қалды жұрттың ұғасың ба»- яғни ізгі қазынамызды, өмір байлығына ауыстырып алма деп тұр.

Хикметтерінің қай тақырыбын алмайық, адамгершілік құндылықтарға тұнып тұр.

Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде бұрынғы ата-бабаларымыздың асыл мұраларын, өсиеттерін, ғибраттарын шеберлікпен ұғымға сай ұсына білді. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылықты барынша хикметтеріне арқау ете білген данышпан хикметтерінде рухани тәрбие ерекше орын алады. Адамзат баласын адастырмайтын жолды айқын

көрсетеді. Соның ішінде рухани-адамгершілікті жеткізе айтады. Дана адам үшін өмірде адамгершілік пен ар-ұятты жоғары қою керектігін айтады. Адам бойындағы асыл қасиеттерді айқындай келіп, кісіліктің келбетін жазып өтеді.

Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының өміршеңдігі -Қожа Ахмет Ясауидың хикметтері рухани әлемдегі құндылықтар мен ұлттық бояуларға тұнып тұр. Өйткені ол рухани құндылықты жеткізе жырлаған. Хақ алдында адал қызмет ете білді. Халқына деген адал қызметін таныған қазақ елі де ұлы данышпанды ардақтап жарыққа шығара білді. Ғұлама данышпанның рухани әлеміндегі құндылықтары не? Әділдік, адамгершілік, оқу-білім, жақсылыққа ұмтылу, ар-ұятты сақтау, қайырымдылық жасау. Өмірдің шындығына тура қарау, фәнилік дүниені ұмыту, жаратушыға деген ғашықтық. Рухани әлемдегі құндылықтар мен өмір мәнін тереңнен түсіндіретін хикметтері: «Қаһар атты қаһарын», «Жылап дүн қылам саған», «Хай пікірі», «Жасыл құс», «Сын сағат», «Ашей, момын көзінді», Хикметтерінің басты тақырыбы не? Адам бойындағы рухани құндылықтарды қастерлеу, өмірдің жамандығынан жирендіру, жақсылыққа ұмтылдыру, дүние нәпсі құмарлықтай бой алдырып, өмір мәнін таныту, еліміздің тәуелсіздігін, еңбек етіп еркін өмір сүруін, азат болуына ұмтылу. Игі қасиеттерді ұлы тұлғалар арқылы бойға сіңіру, жүректі хикмет нәрі арқылы тазалау.

Ясауи хикметтерінің поэтикалық жүйесіндегі ұлттық бояу мен рухани құндылықтарды қалай сипаттауға болады?

Біріншіден, ақын хикметтері арқылы рухани ұстанымды насихаттап, үлгі – өнеге беруді мұрат еткен. Сондықтан да шығармаларында рухани философия мен адами таным тұтастықта жарасым тауып, нәтижесінде кісілік ұғымына сай келетін шығарманың жаңаша түрі, жаңа мазмұны хикметтік өрнектер мен келісті суреттеулер, тың түр мен мазмұн болып рухани әлемін жаңа бір сатыға көтерген.

Екіншіден, Ясауи хикметтері рухани құндылықтарды қалыптастыруға ұмтылыс жолын сала білді. Өзіндік қолтаңбасы арқылы көлемді хикметтері мен рухани құндылық негізінде сабақтастық тауып, ой мен сөздің мән мағынасын, әсерін арттыра түсетін: «таза ой», «от жүрек», «таза жан» сияқты эпитеттік қолданыстарды түрлендіре қолдануы хикметтерді көркемдік құралдарды тыңнан түлетіп қана қоймай, адами болмысымызды дәріптейтін рухани құндылықтарға жол ашады. Оқушылардан ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда көлемді хикметтерінің қаншалықты білетіндігі туралы сауалнама алынып, оқушылардың әлі де рухани ұстанымды насихаттап, үлгі-өнеге беруді көздейді.

Әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды Ахмед Ясауи түсіндіруге әрекет жасады. Жоғарыдағы аталған әр бір қасиеттерді болашақ ұрпақтың бойына сіңіре отырып, әр түрлі тағлымы терең мағыналы шаралар, пікір алысу, дөңгелек үстел ұйымдастыру арқылы шәкірт жүрегіне жол таба аламыз деп ойлаймын. Сондай-ақ, аталған қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруге ата-ананың да ықпалы өте жоғары. Өйткені, әр ата-ана осы қасиеттерді балаға күнделікті айтып, дәріптеп отырса, бала бойына адами қасиеттер ұялап, адами тұрғыдан адамгершілігі

бар,ар-ұятты сақтай білетін өскелең ұрпақ жалғасады деген ойдамын. Осы орайда өткен ата-аналармен бірлескен оқуға құштар мектеп жобасы бойынша ұйымдастырылған шығарманы талдауды айта кетсем, шығарманы талдау арқылы ата-анамен бірлесе отырып адамгершілік,ар-ұят,әділдік,адамның рухани өмірінің таза болуын,таза ой,от жүрек сияқты қасиеттерді бірге талдап пікір алыстық.Осындай ұйымдастырулар ата-анаға да жеткіншек ұрпаққа да ой салып, қолдау табады дегім келеді. Республикалық «Ясауитану» білім байқауының облыстық кезеңіне қатысып,Зулфиева Севинч жүлделі екінші орынды жеңіп алды.Адамгершілік пен имандылықты ту етіп,бүкіл күш-қайратын ізгілік жолына арнап ақиқатты жыр еткен оқушымды тілге тиек еткім келеді. Ахмет Ясауи хикметтері рухани құндылықтарды қалыптастыруға әр оқушыға ұмтылыс жолын сала біледі деп ойлаймын.

Аңдатпа

Қожа Ахмет Яссауи мұрасын зерттей келе шығармиаларындағы адамгершілік, біліктілік пен адалдық құндылықтарды ұлттық деңгейде қарастыру, Оқушылардың бойына ұлттық тәрбие мен қатар мұраны жетілдіріп, жеткізу.

Аннотация

Изучение наследия Ходжи Ахмета Яссауи, учет ценностей нравственности, компетентности и честности в его работах на национальном уровне, совершенствование и передача студентам национального образования и наследия.

Annotation

Studying the heritage of Khoja Ahmet Yassau, considering the values of morality, competence and honesty in his works at the national level, improving and conveying national education and heritage to students.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. –Түркістан: Тұран, 2010
2. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007
3. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет (Көкшетау нұсқасы). – Астана: Фолиант, 2016
4. Қырық хикмет / құраст: С.Нұржан. – Алматы: Эффект, 2013
5. Д.Кенжетай. Иасауи хикметтерінің мәні. – Көкшетау. Қожа Ахмет Ясауи.Конференция материалдары, 2016
6. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет.- Астана: Конференция материалдары,2019
7. Қожа Ахмет Ясау. Дикани Хикмет-Астана: 2020ж

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Тажигаева Гулнур Мынбаевна

Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс
Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ
МКК педагог-модератор, тарих пән мұғалімі
магистр

Қожа Ахмет Яссауи-қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі шығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер, түркістандық ғұлама, әулие. 1033 жылы Сайрам (Испиджаб) қаласында дүниеге келген. Арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі-Испиджабта даңқа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы. Анасы-Мұса шейхтің қызы Айша (Қарашаш ана). Алғашқы білімді өз әкесінен алады. Кейіннен отырарлық ғұлама Арыстан бабаға шәкірт болады. Жиырма жасқа толғанда әкесі Яссы еліне сопылық ілім үйренуге аттандырады. Яссауи сол кездегі ғылым мен ағартудың орталығы ретінде белгілі болған Отырар қаласында білім алады да, кейіннен Бұхарадағы Юсуп Хамадани басқарған сопылар қауымына кіріп, дәруіштік мектептен өтеді.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі-адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары-хикмет. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі-ахлақ (мораль). Ахлақ-хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана «шындыққа», «жан тыныштығына» қауышады. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде «жан тыныштығы», «шындыққа жету» адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тарихатта жүзеге асады. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету-тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін-өзі меңгеруге қолы жетіп, «Кемел адам» тұрпаты қалыптасды.

Түркі жұртының ұлы ұстазы Қожа Ахмет Яссауи ежелгі әдеби, мәдени дәстүрді Құран рухында қайта жаңғыртып, діни-рухани насихатар шоғырына айналдырады. Оның «Диуани хикмет» шығармасы Алтайдан Анадолыға дейінгі ұлан-ғайыр өлкеде тіршілік ететін түркілер арасына кең тарап, олардың өмір салтының, дүниетанымының, әдет-ғұрпының, тәлім-тәрбиесінің ажырамас бір бөлшегін құрады. Хикметтер мың жылға жуық уақыт бойы көшпелі және отырықшы халықтардың дінін, тілі мен ділін ахлақи, мәдени негізде қайта сомдап шықты. Қазақ, өзбек, түрік, қырғыз, түркімен, қарақалпақ т.б. түркітілдес елдерінің рухани тарихы, таным жүйесі, ұлттық сана –сезімі, этнопеддагогикалық көзқарасы «Диуани хикметтен» тамыр тартып жатыр [1, 144 б.]

Оның әрбір еңбегінде мән бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық жағынан алып қараса та, әлеуметтік, тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері кең қарастырылған. Ақынның кез келген

еңбегіндегі отбасы, ақыл-ой, адамгершілік, экологиялық, тіпті экономикалық одан қала берді өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу т.б. көптеген мәселелерін жеке дара қарастырып шығу жөн.

Сонымен, біз ақынның бізге мәлім қандай еңбектерімен таныспыз. Алдымен «Хикметтер жинағы», «Диуани хикмет», бұл еңбегінің қолжазба нұсқалары 30-дан асады. Хикметтердің қазақ тіліндегі ең алғашқы тәржіма нұсқасы 1901 жылы шыққан.

Қожа Ахмет Яссауидің келесі еңбегі «Пақырнама және Мұнажатнама» бұл еңбектердің де көптеген елдердің тілінде аударылып, оқылғанын естен шығармау керек. Швецияның Упсала деген қаласындағы бір университеттің кітапханасының қолжазбалар қорынан табылды. Түркияда 2000 жылдары жарық көрген.

Осы аталған еңбектер Яссауи тәрбиесінің адам баласына ықпал ету күшіне кәміл сенді, адамдығы мен адамгершілігі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептеді. Тек дені дұрыс тәрбиенің көзі ғана ақымақтыққа апарар істерден сақтап, мінез бен болмысты түзетуге ықпал етпек. Адамзат баласының алдында үлкен белес тұрды. Ол адам бойындағы адамгершілік қасиетін сақтап қалу. Сол кездегі ойшылдардың алдын да осы басты мәселе болды. Қожа Ахмет Яссауи де елге дұрыс жол сілтеп, нағыз адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттары керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарын оқып, үйренудің қазіргі сәт үшін мәні зор.

Қожа Ахмет Яссауи мұраларындағы «Даналық кітабында» төрт ғақлия айтылады: «Шариғат», «Тариқат», «Мағрифат», «Хақиқат».

«Шариғат»-ислам заңдары және салт- дәстүр негіздері. Мұсылмандық жолды қайет тұтып, оны тәрбиеге үлгі-өнеге етіп жырлау. Мұсылмандықтың адамзатқа тән екендігін жырлап, адамгершілік дүниесін асқақ әуенмен жеткізу.

«Тариқат»-діни-сопылық идеяны мақсатты түрде өсиет ету. Кеңінен айтқанда, өлең арқылы ұрпақты имандылыққа, шынайылыққа, әділеттікке, адалдыққа тәрбиелеп, татулыққа үйрету. Мейірімділік, қайырылымдылық, қонақжайлық тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін қалдықсыз айтады.

«Мағрифат»-дін жолына түсіп, соның бағыт-бағдарын айқындау, тану. Яғни, Алланың ақ жолына түсіп, ала жіп аттамай, ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпы сақталған тазалықты жеткізу. Ақын хақты танып, соның жолында жиған-терген ілімін насихаттап, дастан етіп жазу парыз етілген. Бұл бөлікте де соның нышаны айтылады.

«Хақиқат»- Аллаға құлшылық қылу. Он сезіз мың ғаламды жаратушыны дәріштеп, әрбір мұсылманның парызы Құдайға құлшылық екенін меңзеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Акіреттің азығы» деген дүниелермен адамды күнәдан арашалау, тазарту [2, 324 б].

Алғашқысы-Алланы тану. Келесі Құдайды ұлықтау. Үшіншісі- күнәлар мен әділетсіздікті жоққа шығару. Төртіншісі-жалған дүниеден бас тарту. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның

жаттап алып айтуына ынғайлы болып келеді. Яссауи хикметтері ел арасында ауызекі тараған хикметтер, кейінірек қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып кеткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен. Оған дәлелді мына шумақтардан келтіруге болады

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзін дертке дәрмен,
Тәліптерге баян қылсам, қалмас арма.
Төрт мың төрт жүз «Хикмет» айттым хақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгенше сөйлесем мен.

Тағы бір еңбектерінің бірі Яссаудің «Пақырнама және Мұнажатнама».

Бұл еңбек «Диуани хикметтен» гөрі барынша сопылық ілім мен ислам өркениетіне арналып негіз болған. Яғни, пақырнамасында сопылық жолда жүрудің үлкен төрт мақамын толығымен сөз етеді. Олар шарифат, тарихат, мағрифат, ақиқат мәселелері еді. Бұлардың өзі төрт түрлі болып келгенімен әрқайсы он-он мақамға бөлінеді. Осы аталған, басы-аяғын қосқанда қырық мақамды кімде-кім басып өтсе, сол пенде ғана өзінің дәруіш, шайх, пір, ишан, ұстаз бола алады деп көрсетеді. Бұл мақамдардың бірін де орындап, басып өтпеген кез келген құл аталған дәрежелердің біреуіне де көтеріле алмайды. Тіптен сопылық ілімін уағыздау сәтіндегі қарабайыр шапанынның өзін киюге құқысы жоқ екенін айтады. Сонымен «пақырлық дәрежесіне жету үшін айналып келіп қырық мақамды басу керек. Жоғарыдағы келтірілген еңбектегі дәрежелер арқылы ғана адам баласы Алланың алдында баруы мүмкін. Сондықтан болар сопылар өмір бойы өздерін тазалап, көкірек көздерін ашуға асыққан. Оның өзіне тән әдіс-тәсілдері болған. Солардың бірі «Зәкір» салу еді.

Қожа Ахмет Яссаудің келесі бір еңбегі «Мират-ул Кулуб». Бұл еңбек алдыңғы сопылық ілімін негіз еткен ілімнің жалғасы сынды. Мұнда да негізінен Иссахан негізіндегі шарифаттың, мағрифаттың, тариқаттың, ақиқаттың мәселелерін ашып көрсетеді. Тағы бір еңбекгі яссауи өміріне байланысты аңыз-әңгімелерге хикаяттар мен еңбектер. Атап айтқанда біріншісі- бала кезі, жастық шағы, екіншісі- бозбала шағы, үшіншісі- нәпсіні жеңіп әулиелік деңгейге көтерілген тұсы. Ахмет үшін құдай жолы дегеніміз пенденің рухани кемелдікке жол алып, адамның адамдық қасиеттермен өмір сүруі. Адамның рухани жан дүниесі оның адамдық қасиеттерімен ғана танылады. Ал адам қасиеттер иман жүзінде көрініс табады. Иман дегеніміз адамның өмір сүру амалы, адам әлемінің шеңбері, рухани қор жинағы.

Сонымен, Яссауи еңбектері адам баласы жан-жағына рақымды болып, мейіріммен қараса, Хақ оған сондай рақымшылық танытатын болады. Мейірімді адам басқалардың қайғы-қасіретіне ортақ болып, шер бөлісе алады. Жүрегі махаббатқа толы, адамгершіліктің биік үлгісіне жетеді.

Қожа Ахмет Яссауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты-нәпсіні тыю. Қожа Ахмет Ясауи ілімі бойынша, еркіндік мәселесінде адамдарды екі топқа бөлініп қарауға болады. Бірінші топ-«еркіндікті аңсаушылар», екінші топ-«еркіндіктен қорқатындар». Бұлар –нәпсі, мансап, байлық, атақ, дүние, адамға, т.б. табынып, құлдық ұрады. Хикметтің басы-Алланы бар және бір деп білу. Қожа ахмет Ясауи адам баласы осы шындықтан бейхабар қалғанда өзінің негізінен алыстай

бастайтындығын айтады. Осы ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі-Құран деп біледі[3,647 б.].

Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиетерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі-мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан дүниесінің түрлі теріс ой пиғылдарын, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.

Міне, осы еңбектерді оқудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей түседі. Қандай халық болса да оның ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, білікті қасиеті ұлттық болуы арқылы болашақ өскелең ұрпақтың төл ұлтына тән қабілетін қалыптастырады.

Қ.А.Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама.

Халық педагогикасында адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің құралдары: үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу жөнінде Яссауи еңбектерінде толық айтылған. Қандай халық болса да өзіннің өскелең жас ұрпағына рухани, адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде.

Ясауи ілімін қолдану арқылы баланың бойына құндылықтар құйылады ол - имандылық,сабырлық, төзім мен шыдамдылыққа үйретеді. Сабырлы төзімді пенде өзіне берік, сенімі нық мол адам. Сабырлылық адамды асығыс жолдан сақтайды. Жөнсіз қылық жасаудың алдын алады. Адам өзінің қайраты, тәубәсі арқылы өмірдегі таңдауын өмір сүру жолын, орнын белгілейді. Сол себепті Яссауидың ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Аннотация

Мақалада Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінің философиялық мәні сипатталады. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, оқу-ағарту саласындағы көзқарастары мен педагогикалық тәрбиенің, адамгершіліктің жоғарғы үлгісі туралы еңбектерін қарастырдық.

Аннотация

В статье описывается философское значение трудов Ходжи Ахмеда Яссауи. Мы рассмотрели его литературные, культурные, суфийские произведения на весь тюркский мир, в том числе о совершенствовании казахского литературного языка, его взглядах в области просвещения и о высшем образце педагогического воспитания, нравственности.

Annotation

The article describes the philosophical significance of the works of Khoja Ahmed Yasawi. We have reviewed his literary, cultural, Sufi works for the entire Turkic world, including the improvement of the Kazakh literary language, his views in the field of education and the highest standard of pedagogical education, morality.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақ совет энциклопедиясы.-том.-Алматы, 1972. -647 б.
2. М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Йасауи.
- 3.Хикмет жинақ.-Алматы:Жалын, 1998.-324 б. Қожа Ахмет Йассауи.
- 4.Диуани хикмет:Отбасы хрестоматиясы.Авторы:Қожа Ахмет Яссауи,- Алматы: «Отбасы хрестоматиясы»,-2021.-144 б.

Қ.АХМЕТ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ МӘНІ АДАМНЫҢ ӨЗІН ӨЗІ ТАҢУЫ

Танабекова Жазира Қуатовна

Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қаратай Тұрысов атындағы

№53 мектеп гимназиясы

Жамбыл облысы Тараз қаласы

Қожа Ахмет Йассауи дүниетанымы, иассауилік деген атпен белгілі ислам дінінің өзіндік ерекшеліктері мен қағидалары бар бір тармағы. Бұл доктринаға кіріспе әдетте оның рухани және әлеуметтік аспектілерін қамтитын негізгі принциптерін қамтиды. Яссауилік діни және зайырлы білімнің арасын жарастыруға, сондай-ақ қазіргі қоғам жағдайында исламды түсінуге ұмтылады.

Яссауизм айырмашылықтарды құрметтеуге және басқа нанымдар мен мәдениеттерге төзімділікке шақырады. Бұл қағида Исламды бейбітшілік пен әділет діні ретінде түсінуге негізделген.

Заманауилық пен модерация: Яссауилік дүниетаным модерация мен қазіргі қоғамдық және ғылыми дамуларға сәйкестіктің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұған білім беруді қабылдау, ғылым мен техниканы дамыту, қоғамдық өмірге белсене араласу жатады.

Яссауилік дүниетаным бойынша барлық амалдар мен істердің негізі Алланың қалауына бағыну және Құран мен Сүннет негіздерін ұстану болып табылады.

Яссауизм әлеуметтік теңсіздік пен езгіге қарсы күресу қажеттігін алға тартады. Әділеттілік пен заң алдындағы теңдік қағидалары осы сенімнің маңызды бөлігі болып табылады.

Рухани өсу және өзін-өзі жетілдіру: Иманды адам Йассауилік дүниетаным бойынша үнемі дұға, медитация және тәлім-тәрбие арқылы рухани өсуге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы керек.

Бұл қағидалар йассауизмді түсіну мен тәжірибеге негіз болып, оның ізбасарларын рухани және әлеуметтік салауаттылыққа бағыттайды.

Қожа Ахмет Йассауи ілімінің мәні өзін-өзі тану мен рухани дамуға бағытталған, бұл осы сенімнің негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады. Негізгі идея Құдайды және рухани шындықты шынайы түсінуге сыртқы рәсімдер мен ресми тәжірибелер арқылы ғана емес, ішкі тәжірибе мен өзін-өзі тану арқылы қол жеткізуге болады.

Бұл концепцияда өзін-өзі тану адамның өз жан-дүниесін, оның қалауларын, құмарлықтарын және оларды басқару қабілетін терең түсінуді білдіреді. Мақсат - адамның шынайы мәнін және оның әлемдегі орнын түсінуге әкелетін ішкі тепе-теңдік пен үйлесімділікке қол жеткізу.

Рухани даму йасауи ілімі бойынша жан мен рухты жетілдіруге үнемі ұмтылуды қамтиды. Бұған дұға, медитация, интроспекция, қасиетті мәтіндерді зерттеу және рухани басшылық арқылы қол жеткізіледі. Өзін-өзі тану және рухани даму мүміннің өз мүмкіндіктерін ашуға, жағымсыз мінездерін жеңуге және Құдайға жақындауға көмектеседі.

Йассауи үшін рухани даму тек тұлғалық өсумен ғана шектелмейтінін айта кеткен жөн. Иманды адам да басқаларға көмектесіп, қолдау көрсетуге, қоғамда жақсылық пен әділеттілікті таратуға ұмтылуы керек. Демек, йассауиліктегі рухани даму әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамға қызмет етумен тығыз байланысты.

Қожа Ахмет Йассауи дүниетанымы оның ізбасарларына, жалпы қоғамға айтарлықтай әсер етіп, руханияттың, толеранттылықтың, әлеуметтік әділеттіліктің дамуына ықпал етті. Міне, оның ілімдерінің қоғамға әсер етуінің бірнеше жолы:

Қауымдастықтар мен рухани орталықтар құру: Йассауизмді ұстанушылар өздерінің сенімдерін жүзеге асыратын, ілімдерді зерттейтін және рухани өсуде бір-біріне қолдау көрсететін рухани орталықтар мен қауымдар құрады. Бұл қауымдастықтар көбінесе мұқтаждарға көмек көрсетіп, қоғамға қызмет ететін әлеуметтік белсенділіктің орталықтарына айналды.

Йассауизм ілімінде толеранттылыққа, айырмашылықтарды құрметтеуге және бейбітшілікке баса назар аударылады. Бұл әртүрлі конфессиялар мен мәдениеттердің өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін үйлесімді қоғам құруға ықпал етеді.

Тәрбие және өзін-өзі жетілдіру: Йассауилік ілімнің ықпалымен оның көптеген ізбасарлары рухани және интеллектуалдық тұрғыдан білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады. Бұл қоғамның дамуына, оның мәдени деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Мысалдар, әңгімелер мен анекдоттар арқылы йассауилік ілімдердің басқалардың өзін-өзі тануына қалай түрткі болғанын көрсетуге болады. Ішкі тыныштықты табу туралы әңгіме: Йассауизмді ұстанғандардың бірі медитация мен дұғаның арқасында ішкі тыныштық пен өзін-өзі және әлеммен үйлесімділікке қалай қол жеткізгені туралы әңгіме. Бұл мысал өзін-өзі тану және рухани даму тәжірибесі жеке әл-ауқат пен тыныштыққа қалай әсер ететінін көрсетеді.

Әңгіме толеранттылық пен жанашырлық ілімінің арқасында өз көзқарасын қайта қарап, өзімшілдік сезімін жеңіп, басқаларға белсенді түрде көмектесіп, өз

ресурстарымен бөлісе бастаған адам туралы. Бұл анекдот яссауизм ілімінің адамдардың санасын кеңейтуге және қоғамдық игілікке өз құндылықтарын қайта қарауға қалай көмектесетінін көрсетеді.

Қожа Ахмет Йасауи ілімі бойынша адам өзінің азап шегуін өзін-өзі тану және дүниедегі орнын түсіну жолының бір бөлігі ретінде қабылдауы керек. Қайғы-қасірет қоғамдағы кемшіліктерді сезінуге жетелейді және адамды өзін және айналасындағы әлемді жақсарту жолдарын іздеуге ынталандырады. Махаббат, өз кезегінде, біріктіруге және кемелдікке жетуге әкелетін күш.

Қожа Ахмет Йасауи ілімі бойынша өмірдің мақсаты – Аллаға құлшылық пен сүйіспеншілікпен құлшылық етуді қамтитын ақиқатқа қызмет ету. Ол нағыз ер адам батыл болуы керек және кедергілер мен сынақтарға қарамастан өз сенімін қорғауы керек деп санайды. Бұл ілім басқалардың пікірі мен сеніміне құрметпен қарауды бағалайтынын атап өткен жөн.

Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымында да тән мен жан тіршілігінің айырмашылығын, ар тазалығы мен адамгершілік тазалығының маңыздылығын атап көрсетеді. Ақиқатқа қызмет ететін нағыз адам материалдық тәуелділіктен арылып, рухани кемелдікке ұмтылады.

«Қ.Ахмет дүниетанымының түйіні – өзін-өзі тану» – Қозы Ахмет ілімінің ислам және түркі мәдениеті қағидаттарына негізделген философиялық-рухани аспектілерін қозғайтын тақырып. Оның Қ.Ахметтің дүниетанымын суреттеуінде адамның өз болмысын, дүниедегі орнын және Құдаймен қарым-қатынасын сезінуінің маңыздылығын ашатын өзін-өзі тану ұғымы басты рөл атқарады.

Бұл концепцияның мәні мынада: адам өзін Ғаламдағы микрокосмос ретінде сезіне отырып, Құдаймен қарым-қатынас жасау арқылы өзін-өзі тануға ұмтылуы керек. Ол үшін Аллаға жақын күйге жетуге көмектесетін зікір (медитация), уәж (экстаз), сема (рухани сапарлар) сияқты әртүрлі рухани амалдар қолданылады.

Дегенмен, жеке тұлғаның өзін-өзі тануымен қатар, өзін-өзі адамгершілік жағынан жетілдіру де маңызды рөл атқарады. Ахлақ (адамгершілік) ұғымы Қ.Ахмет іліміндегі рухани эволюцияның негізі болып табылады. Адамгершілік қасиеттерді, рухани ұстанымдарды дамыту арқылы адам өмірінің шынайы мәніне қол жеткізе алады, өзімен және әлеммен үйлеседі.

Қ.Ахмет дүниетанымының мәні рухани іс-әрекеттер арқылы өзін-өзі тануға ұмтылу ғана емес, сонымен бірге адамның өзін және әлемдегі орнын шынайы түсінуге мүмкіндік беретін адамгершілік қасиеттерін үнемі дамытуда.

Олай болса, Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы махаббат, қасірет, сыйластық, рухани даму принциптеріне негізделген шындыққа қызмет ету және өзін әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі ретінде қабылдау арқылы өзін-өзі тану процесі.

Қорыта келгенде, Қожа Ахмет Йассауи дүниетанымының өзін-өзі тану, рухани даму аясындағы маңыздылығын атап өтуге болады. Оның толеранттылық, бейбітшілік, өзін-өзі жетілдіру және әлеуметтік әділеттілік туралы ілімдері қоғамдағы келісімге және әрбір жеке тұлғаның ішкі өсуіне ықпал етеді.

Яссауизм өзімізді және Құдайды шынайы тану ішкі тәжірибе, өзін-өзі тану және рухани даму арқылы қол жеткізілетінін үйретеді. Медитация, дұға ету, данышпандармен араласу және қоғамға қызмет ету арқылы біз жағымсыз қасиеттерімізді жеңіп, жақсы қасиеттерді дамытып, илаһи шындыққа жақындай аламыз.

Яссауилік дүниетаным ішкі дүниенің маңыздылығын және оның біздің мінез-құлқымызға, басқалармен қарым-қатынасымызға әсерін еске салады. Ол бізді руханилық пен заманауи өмір салты арасындағы үйлесімділікті іздеуге шақырады, өміріміздің мәні мен мақсатын табуға көмектеседі.

Олай болса, Қожа Ахмет Яссауидің өзін-өзі тану және рухани даму туралы ілімі тұлғалық және рухани өсуге ұмтылғандар үшін құнды шабыт көзі болып табылады. Бұл өзіміз үшін де, қарым-қатынаста болатын барлық адамдар үшін де жақсы әлем құру үшін ішкі тыныштық пен даналықты іздеудің маңыздылығын еске салады.

Аннотация

Қожа Ахмет Яссауидің ислам діні мен түркі мәдениеті қағидаларына негізделген дүниетанымында өзін-өзі тануға ерекше мән берілген. Бұл ілім адамның өзінің болмысын, дүниедегі орнын және Құдаймен қарым-қатынасын білуінің маңыздылығына баса назар аударады. Маңызды аспектілерге толеранттылық, рухани даму, әлеуметтік әділеттілік және қоғамдағы келісімге ұмтылу жатады.

Аннотация

Мировоззрение Ходжа Ахмета Яссауи, основанное на принципах ислама и тюркской культуры, уделяет особое внимание самопознанию. Это учение подчеркивает значимость осознания человеком своей сущности, его места в мире и отношений с Богом. Важные аспекты включают толерантность, духовное развитие, социальную справедливость и стремление к гармонии в обществе.

Annotation

The worldview of Khawaja Ahmad Yassawi, based on Islamic principles and Turkic culture, emphasizes self-awareness. This doctrine underscores the importance of individuals understanding their essence, place in the world, and relationship with God. Key aspects include tolerance, spiritual development, social justice, and the pursuit of harmony in society.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қожа Ахмет Яссауи өмірі мен ілімі: өзін-өзі тану жолы» - Абдулла Әлиев
2. «Яссауизм іліміндегі өзін-өзі тану және рухани трансформация» - Назим Нұрмұхамедов
3. «Ішкі жанға саяхат: Қожа Ахмет Яссауи ілімі» - Гүлнар Қасымова
4. «Өзін-өзі тануға жеті қадам: Қожа Ахмет Яссауи ілімі» - Әлім Тұрсынов
5. «Жанға апарар жол: Яссауилік ілімдегі өзін-өзі тану философиясы» - Рүстем Ахметов

6. «Ішкі нұрдың көзі: Қожа Ахмет Яссауи ілімі бойынша өзін-өзі тану негіздері» - Жәмиля Кенжебаева
7. «Исламдағы өзін-өзі тану сырлары: Қожа Ахмет Яссауи тағылымы» - Ләйлә Сағдиева
8. «Даналыққа жол: Қожа Ахмет Яссауидің өзін-өзі тану және жетілдіру туралы ілімі» - Руслан Әлібеков
9. «Яссауизмнің рухани тағылымдары: өзін-өзі тану мен ішкі дамуға саяхат» - Эльмира Тахирова
10. «Эпифания: Қожа Ахмет Яссауи ілімі бойынша адамның өзіндік құпиясын ашу» - Фариза Мурадова
11. «Ақиқат іздеуде: өзін-өзі тану мен ағартушылық йасауи ілімдері» - Айдана Алиева
12. «Жан жүрегі: Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі өзін-өзі тану жолы» - Әділет Жұмаділов
13. «Ішкі әлеуетті ашу: Қожа Ахмет Яссауидің өзін-өзі тану және дамыту туралы ілімі» - Нұрлан Бекмурзин
14. «Іштегі нұр: Қожа Ахмет Яссауимен жан сырын ашу» - Гүлнар Сейтқалиева
15. «Сана жолы: Қожа Ахмет Яссауидің өзін-өзі тану және рухани даму ілімі» - Рафаэль Асқаров.
16. «Ішкі үйлесімділік: Қожа Ахмет Яссауи ілімі бойынша өзінді іздеу және өмірдің мәні» - Шолпан Амангелдина.
17. «Рух ашулары: Қожа Ахмет Яссауимен өзін-өзі тану» - Әсел Құлбаева

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИДІҢ ТҰЛҒАСЫ - ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ

Тапелова Шынар Муратовна
Жамбыл облысы Тараз қаласы
Қаратай Тұрысов атындағы
№53 мектеп гимназиясы
Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Заманның бастауында және мәдени қабаттың сансыз қабаттарынан нәр алған тарихтың терең тамырларының арасында Қожа Ахмет Яссауидің айнымас тұлғасы жатыр. Оның ұлылығы қарапайым тарихтың шегінен асып, түрік халқының бірлігі мен келісімінің символына айналады. Бұл кіріспеде біз оның өмірбаяны мен жетістіктерін ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзатқа қалдырған терең мәдени мұрасын зерделеу үшін шымалдықты көтеріп, ғасырлар бойына серуендейміз. Түрік халқының сан алуан этностары арасындағы ұлттық бірегейлік пен өзара түсіністікті қалыптастырудағы рөлін сезіне отырып, осы бірлік символының мәніне үңіліп көрейік. Қожа Ахмет Яссауидің ұлылығы түрік халқының мәдениетінің, дінінің және білімінің сан қырлы қырларын нұрландырып, оның миллиондаған шәкірттерінің жүрегінде

өшпес із қалдырады. Оның бірегей ілімдері шынайы бірлік пен даналыққа ұмтылғандарды шабыттандырады және көтереді.

XII ғасырда қазіргі Қазақстан жерінде дүниеге келген Қожа Ахмет Яссауи өз заманының ұлы ақындарының, философтарының және мистиктерінің бірі болып саналады. Оның өмірі мен шығармашылығы сопылық және түркі әдебиетінің дамуымен тығыз байланысты. Жас кезінде Иран мен Иракта білім алып, ислам мистицизмі зерттеумен айналысады. Кейін туған елге оралып, ілімін уағыздап, рухани келісім мен жақынға деген сүйіспеншілік туралы ойларын білдіретін көптеген өлеңдер мен уағыздар жазды.

Қожа Ахмет Яссауидің түркі халықтарының мәдениетіне қосқан үлесін бағаламау мүмкін емес. Оның өлеңдері мен шығармалары түркі әдебиеті мен философиясының дамуына зор ықпал етті. Оның толеранттылық, сүйіспеншілік пен жанашырлық туралы ілімдері тек түркі халықтарының ғана емес, Орталық Азиядағы және одан тыс жерлердегі басқа да көптеген этностардың мәдени мұрасының маңызды бөлігіне айналды. Қожа Ахмет Яссауи дүниеден өтіп, артында дүние жүзіндегі адамдарды шабыттандырып, қуантып келе жатқан мол мұра қалдырды.

Қожа Ахмет Яссауи Орталық Азиядағы ең маңызды сопылық ағымдардың бірі йасауиліктің негізін салушы ретінде де белгілі. Оның ілімдері рухани жетілдіру және қоршаған әлеммен үйлесімділік арқылы жанды көтеруге бағытталған. Оның ілімдерінің маңызды аспектісі барлық заттардың бірлігі және адам мен Құдай арасындағы кері байланыс идеясы болды. Қожа Ахмет Яссауи тек түркі халықтары үшін ғана емес, басқа да көптеген мәдениеттер мен халықтар үшін рухани ағартушылық пен толеранттылықтың символына айналды. Оның шығармалары адамдардың ойлары мен жүректеріне әсер етуді жалғастырып, жоғары рухани құндылықтарға және әлеммен үйлесімділікке ұмтылуға шабыттандырады.

Қожа Ахмет Яссауи туралы ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан аңыз-әңгімелер қашанда таңданыс пен шабыттандырады. Оның даналық пен руханиятпен сусындаған өмірі түрік халқының ұлттық мұрасының бір бөлігі ғана емес, бірлік пен келісімнің символына айналды. Оның толеранттылық, татулық және жақынға деген сүйіспеншілік туралы ілімдері ғасырлар бойы өзекті болып қана қоймай, көптеген ұрпақтарды шабыттандырады. Бұл ұлы рухани тәлімгер түрік халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың тарихы мен мәдениетінде өшпес із қалдырды.

Оның трактаттары мен өлеңдерінің ерекшелігі терең рухани-философиялық ойларды жеткізіп қана қоймай, рухани ағартушылық жолын іздеген жандардың жол сілтейтін жұлдызына айналуында. Оның шығармалары оқырмандарды бейбітшілік, келісім және өзара түсіністік туралы ойлауға итермелейді, бұл оларды қазіргі заманымызда өзекті етеді.

Ол түркі халқының бірлігі мәселелерін жалпыұлттық міндет ретінде ғана емес, әлемдік келісімнің іргелі құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Оның бірлік пен ынтымаққа шақырған үндеулері талай ұрпақтың жүрегінен орын алғаны оның ілімінің біздің заманымызда өзектілігін дәлелдейді.

Қожа Ахмет Яссауи түркі халқының бірлігінің нышаны болып қана қоймай, көптің ойына, даналығына айналды. Оның нұсқаулары үйлесімді қоғамды қалыптастыруда жақынымызға деген құрметтің, төзімділіктің және сүйіспеншіліктің маңыздылығын еске түсіре отырып, қазіргі заманымызда өзекті болып қала береді.

Қожа Ахмет Яссауидің мәдениет пен қоғамға әсерін зерттеу – кең ауқымды және қызықты зерттеу саласы. Оның шығармашылығы, оның ішінде поэзия, проза және діни мәтіндер терең даналық пен махаббат, мейірімділік және әділдік туралы ілімдерге толы. Бұл идеялар түркі халықтарының мәдениеті мен әлеуметтік өмірінің көптеген аспектілеріне негіз болды.

Оның мұрасын қарастыру оның ілімдерінің өмірдің әртүрлі салаларына қалай әсер еткенін көруге мүмкіндік береді: өнер мен әдебиеттен заңнама мен білімге дейін. Оның толеранттылық, айырмашылықтарды құрметтеу және халықтар бірлігі туралы идеялары түркі қоғамдарының мәдени-әлеуметтік ландшафтының қалыптасуына негіз бола отырып, ұрпақтарды шабыттандырды.

Түркі халықтарының ұлттық болмысының қалыптасуындағы Қожа Ахмет Яссауидің рөлін бағаламау мүмкін емес. Оның нұсқаулары мен өнегесі өз халқының салт-дәстүрін, құндылықтарын және мәдени мұрасын сақтау және жеткізу қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Оның тұлғасы түркі халықтарының мәдени ландшафтын нығайтып, көркейте отырып, талай ұрпақ үшін мақтаныш пен шабыттың символына айналды.

Қожа Ахмет Яссауидің мәдениет пен қоғамға әсерін зерттеу түркі халықтарының тарихы мен мәдени дамуын зерттеудің маңызды аспектісін білдіреді. Оның мұрасы халықтың жүрегі мен санасында өмір сүріп, жарасымдылыққа, әділдік пен бірлікке ұмтылдырады.

Жоғарыда айтылған аспектілерді ескере отырып, Қожа Ахмет Яссауи тұлғасы шын мәнінде түрік халқының бірлігінің символы деген қорытынды жасауға болады. Оның өмірі, тағылымы мен мәдениет пен қоғамға қосқан үлесі түркі халықтарының тарихында өшпес із қалдырып, талай ұрпақтың рухын оятып, рухын биіктете берді.

Оның толеранттылық, әділеттілік және бейбітшілік идеалдарының өзектілігін айта отырып, біз оның мұрасын қазіргі әлемде сақтауға және құрметтеуге шақырамыз. Қожа Ахмет Яссауи мәдениеттер мен наным-сенімдердің әртүрлілігіне қарамастан бірлік пен ынтымақтың маңыздылығын еске салады.

Қожа Ахмет Яссауи тұлғасын зерделеп, тану түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтап, келешекке шабыт беруде маңызды деген қорытындыға келеміз. Оның мұрасы адамдардың жүрегі мен санасында мәңгілік даналық пен шабыттың қайнар көзі болып қызмет етуде.

Аннотация

Қожа Ахмет Яссауи тұлғасы түркі халқының бірлігін білдіреді. XII ғасырда өмір сүрген түркі халықтарының ардақты ақыны, философы, сопылық мистикі Яссауидің өмірі мен маңызын қозғайды. Ислам руханиятынан бастау алған Яссауи ілімінде адамгершілік құндылықтарға, толеранттылыққа, жеке

тұлғаның жан-жақты дамуына ерекше мән беріледі. Оның ықпалы бүкіл Орталық Азиядағы мәдени, рухани және білім беру тәжірибесін қалыптастыра отырып, өмірінің шегінен асып түседі. Бұл зерттеу түркі халқының тарихы мен мәдениетін біріктіруші тұлға ретінде Яссауидің өшпес мұрасы туралы түсінік береді.

Аннотация

Личность Ходжи Ахмета Яссауи символизирует единство тюркского народа. Это краткое исследование затрагивает жизнь и значимость Яссауи, почитаемого тюркского поэта, философа и суфийского мистика XII века. Учения Яссауи, укоренённые в исламской духовности, подчёркивают моральные ценности, терпимость и всестороннее развитие личности. Его влияние простирается за пределы его жизни, формируя культурные, духовные и образовательные практики по всей Центральной Азии. Это исследование предоставляет представление о неугасимом наследии Яссауи как объединяющей фигуры в истории и культуре тюркского народа.

Annotation

The personality of Hodja Ahmed Yassawi symbolizes the unity of the Turkic people. This brief exploration delves into the life and significance of Yassawi, a revered Turkic poet, philosopher, and Sufi mystic from the 12th century. Yassawi's teachings, rooted in Islamic spirituality, emphasize moral values, tolerance, and the holistic development of individuals. His influence extends beyond his lifetime, shaping cultural, spiritual, and educational practices across Central Asia. This insight offers a glimpse into Yassawi's enduring legacy as a unifying figure in Turkic history and culture.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Қожа Ахмет Яссауи өмірі мен шығармашылығы» - Әлім Нұрмұхамедов
- 2.«Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі бірлік пен толеранттылық идеялары» - Гүлмира Жұмағалиқызы
- 3.«Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі рухани құндылықтар» - Асылжан Бекжанов
- 4.«Қожа Ахмет Яссауи ілімі контексіндегі этникалық бірегейлік» - Назерке Сабырғалиева
- 5.«Қожа Ахмет Ясауи: Тұлға және мұра» - Мағжан Құрманбек
- 6.«Қожа Ахмет Яссауи философиясы мен уағыздарындағы түркі бірлігі» - Данияр Бекзатов
- 7.«Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі даналық пен имандылық» - Гүлнұр Шоманова.
- 8.«Қожа Ахмет Яссауи шығармаларындағы рәміздер мен таңбалар» - Айдан Абаева
- 9.«Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі бірлік пен татулық қағидалары» - Ерке Кенжеғалиев
- 10.«Қожа Ахмет Яссауидің шығармашылық мұрасы қазіргі мәдениет контексінде» - Нұрсұлтан Мұратбек
- 11.«Қожа Ахмет Яссауи ілімінің философиялық аспектілері» - Жанар Темірбек

- 12.«Қожа Ахмет Яссауи тұлғасының мәдени мәні мен әлеуметтік әсері» - Рашида Сағынбек
- 13.«Қожа Ахмет Яссауидің түркі әлемі руханиятының қалыптасуындағы рөлі» - Нұрлыбек Бейсенов
- 14.«Қожа Ахмет Яссауи символикасының тарихи тамыры» - Динара Жұмабаева
- 15.«Қожа Ахмет Яссауи мұрасының қазіргі қоғамға әсері» - Мұрат Тоқтар
- 16.«Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі түркі бірлігі мен рухани байланысы» - Сандық Қарағандыев

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ МҰРАСЫНДАҒЫ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Ташикова Роза Даулетовна

Астана қаласы, Әлихан Бөкейхан атындағы

BINOM SCHOOL мектеп-лицейі

Бастауыш сынып мұғалімі

Педагог-сарапшы

Қожа Ахмет Ясауи оғыз-қыпшақ тілдерінде сөйлейтін, түркі халықтарының рухани бастауларының бірі болған ұлы, әрі қасиетті тұлға. Оның жазған еңбектері туыстас халықтар арасында кеңінен мәлім.

Қожа Ахмет Ясауи қазіргі деректерге қарағанда 1103 жылы көне Сайрам қаласында дүниеге келіп, 1166 жылы Йассы қаласында дүние салған.

Қожа Ахмет Ясауидің шыққан тегі қазіргі қазақ ішіндегі қожа әулиеті. Сопылық әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын, кемеңгер ойшыл. Қожа Ахмет Ясауи қат-қабат қайшылығы мол күрделі кезеңде дүниеге келген. Қожа Ахмет Ясауидің шыққан тегі мен өмірі әдеби дәстүрі, өскен ортасы туралы мәлімет аз. Бұған себеп соңғы 70 жыл ішінде ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы зерттелмеген.

Мақсаты: Қожа Ахмет Яссауи "Диуани Хикмет" атты еңбегін қарастыру

Қожа Ахмет Яссауи мұралары арқылы болашақ ұрпақтың рухани құндылықтарын дамыту арқылы жеке тұлға қалыптастыру

Өзектілігі: Оқу мен тәрбие процесінде қоғамға лайықты азаматты «бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Әр адам өз заманына лайықты қалыптасуы тиіс. Осы орайда кемеліне жеткен тұлға болмысы мен келбетін қалыптастыруда Қожа Ахмет Яссауи мұраларының маңызы зор

Қожа Ахмет Ясауидің адамгершілікке, имандылыққа үндейтін асыл жырлары жасырын ұсталып, мүмкіндігінше ұмыттыру көзделді. Бірақ айды алақанмен жабу мүмкін емес. Ұлы ақынның өзі де шығармашылығы да халқына қайта оралды [1].

Ясауи еңбектерінің біразы түркі тілінде жарық көрген. Олар: «Диуани хикмет», «Пақырнама және мінәжатнама», «Көңілдің айнасы» және өмір баяны ретінде түрлі аңыздар. Қожа Ахмет Ясауидің қайсы бір еңбектерін алмайық тұнып тұрған өсиет сөздер. Олар қара сөзбен, оның шумақтарымен, «хикмет»

түрінде жазылған және айтылған. Бұл «Диуани хикмет» бастан аяқ ақыл, өсиет, үлгі-өнеге айтуға құрылған. Бұл еңбектерінде ғұлама-ғалым, түркінің пірі 4 мәселені қарастырған:

1. Аллаһты тану.
 2. Аллаһты ұлықтау.
 3. Дүниемен әділетсіздікті қаралау, дүние құрбаны болған пенделерді қорғау.
 4. Бұл дүниенің қара дақтарын пенделерге жұқтырмау.
- Міне осындай күрделі мәселелерді қарастырып, өз хикметтерінде жырлаған.

Даналық кітабында негізінен төрт «ғақлия» мадақталады.

1. «Шариғат» - Ислам заңдарымен әдет-ғұрыптарының негіздері, яғни мұсылмандық жолын қастерлеп, соны тәлім-тәрбиеге үлгі өнеге етіп жырлау. Мұсылмандық жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, ақын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

2. «Тариқат» - сопылық ой-мақсаттарды насихат-өсеит ету. Яғни жыр өрнектері арқылы ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділетікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеу, тақуалыққа үйрету:

«Ғаріп, пақыр жетімдерді қылғын шадман, Құлдық қылып, ғазиз жанды еткін құрбан.

Тағам тапсаң, шын пейілмен күткін мейман

Халықтан естіп бұл сөзді айттым, міне» - [10]

дейді ақын. Сөйтіп мейірімділікке, қайырымдылыққа, қонақжайлыққа тәрбиелейді. Тәрбиенің бұл салаларының қайнар көзі халықта екенін айтады.

3. «Мағрифат» - дін жолын танып, оқып-білу, яғни Алланың ақ жолын ардақтап, соған тағзым етіп тағлым алу – адамгершілік парыз екенін әсерлі сөзбен, айшықты жырмен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттылыққа, ыждахаттылыққа тәрбиелеу:

Ғаріп, пақыр жетімдерді әркім сүйер,

Риза болар сол пендеге пәруардіген, -

деп, ақын ғаріп, пақыр, жетімдерді сүйсең, оларға жақсылық жасасаң, Алла-тағала саған риза болып, ісінді оңдайды, мақсатыңа жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз ақын оқырманға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіріп жеткізеді. Алланың ақ жолы – адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

4. «Хақиқат» - Құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы құдіретті танып білу, оған табыну, Құдайдың құдіретіне сену, әр бір мұсылманның парызы екенін сөз құдіретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу «Иман нұры», «Хақиқат дариясы», «Ақыреттің азығы» арқылы адамдардың күнәдкан таза болуына тілеп атап беру мақсаттарын өлең қуатымен іске асыру:

Хақиқат дариясынан ішкен кісі,

Өзі мұңлық, көңілі сынық, көзі жасты, -

дейді ақын. Шыншыл, қамқоршы, мейірман ақын ел өміріндегі хақиқат (шындық пен әділеттікті) іздеп, көп жерде шыншылдыққа қиянаттың қырсығын

көріп, мұзданады, көңілі сынады (көңіліне қаяу түседі), көзіне жас алады, сөйтеді де ұрпағын «хақиқат дариясынан сусындауға», әділетсіздермен күресе білуге шақырады, әділдікке, кісілікке, шыншылдыққа тәрбиелейді.

Даналық өсиеттері арқылы ақын жалған ғалымдар мен жағымпаздарды, екі жүзділерді қатты сынайды:

Білгірі заман ақыр залым болды,
Жағымпаз жан алғыштар ғалым болды.
Сойқанды елге ашық айта алмаудан ,
Ішіме менің дертті жалын толды, -

деп, ақын білгіштер білімін адамгершілік жолына жұмсамайтын залым болса, халықтың қаһарына ұшырайтынын, ал «жағымпаз, жан алғаш» болса, оның ғалымдығының пайдасыз екенін әшкерелейді. «Алла жолындағы адамгершілікке жат әділетсіздік, залымдық ел басшысында болса, онда бүкіл ел қасірет шегеді. Сол киелі, қасиетті елге жақсылық жасаған басшы ғана Алланың сүйген құлы болады» - дейді ақын [18]. Сондықтан да әулие ақын елге бас иіп, тәжім етеді:

Қожа Ахмет басыңды елге ие біл,
Ақиқатты ары таза сүйе біл.
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық қана дүниеге ие бұл, -

деп халықты қастерлеуге, ашкөздіктен, дүниеқорлықтан аулақ болуға, адам бойындағы ізгі қасиеттерді қастерлеп мадақтап, оқырманды кішіпейіл, жомарт мейірімді болуға шақырады.

... Ути ғұмырым шарғатқа неталмадым,
Шариғатсыз тарихатқа уталмадым,
Хақиқатсыз мағрифатқа баталмадым,
Катиг иулар пырсыз ничук утар достлар.
... Өтті өмірім шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тариқатқа өте алмадым,
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтем достар...

Міне, түсініп отырсыздар, мұнда Ясауи сопылық ілімдерінің өте күрделі екенін, діни мистикалық сарындағы бұл төрт қағиданың арғы жағында үлкен философиялық арналардан бұлақ көздері бітеліп жатқанын мезгейді.

Ясауи өз хикметтерінде сопылық дін ілімі туралы ете көп әрі шын беріле айтады, ол бұл шын мәніндегі білім деп айтады, ал сопылықтың барлық ұсақ-түйегін білмейтін адамды ол "надан" "түк білмейтін", "жалған сүйөші", "жалған сопы деп есептеді.

Аннотация

Бұл еңбекте түркі халықтарына ортақ ғалым Қ.А.Ясауи еңбектерінің тарихи маңызы айтылады. Ғалым өмір сүрген уақыттағы тарихи жағдайлар мен ғалымның еңбектерінің маңызы туралы ақпараттар берілген.

Аннотация

В этом труде рассказывается об историческом значении труда ученого К.А.Ясави, общего с тюркскими народами. Представлена информация об исторических условиях и значении трудов ученого за время его существования.

Annotation

This work tells about the historical significance of the work of the scientist K.A.Yasavi, which is common with the Turkic peoples. Information is provided on the historical conditions and the significance of the scientist's works during his existence.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ә.Н.Нысанбаев. «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам проблемасы» 46-бет.
2. Құрбанқоджаев С.Н. «Ясауи кереметтері». Түркістан. 2001. 10-бет,97-бет
3. З.Жандарбек. «Қ.А.Ясауи өмірі мен шығармашылығы.»Түркістан 1991. 24-бет.
4. Құрбанқоджаев С. Н. «Кейбір адамдардың ерекше кереметтері» Шымкент – Түркістан. 1995. 43-бет.
5. Құрбанқоджаев С. Н. «Яссауитану» Түркістан 2006.

Қ.А.ЯССАУИДІҢ «ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ» - ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ ТЕРЕҢ ШЫҒАРМА

Толеубаева Самал Жаксылыковна
М.Әуезов атындағы №86 мектеп-
гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін қалаушы, ұлы ойшыл, мұсылман әлемінде белгілі дін қайраткері, қазақ халқының ежелгі мәдениетінің тарихында ерекше орын алатын ортағасырлық сопылық әдебиеттің ірі өкілі Қожа Ахмет Ясауи артында баға жетпес мұра қалдырды.

Бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы — «Диуани хикмет». Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайтара басылады. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. [6]

Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани Хикметтен» түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына, ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

«Диуани Хикмет» еңбегі екі әлемнің де мән-жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылысы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсететін, көркемдігі жағынан ең жоғарғы кейіпте жаратылған болмыс екендігі айқын көрсетілген. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде адамның табиғаты Құранда айтылғандай – су мен топыраққа телінеді. “Асылын білсең су уа кил (топырақ) және килге (топыраққа) кетер йа” – дейді ол. Сопылық мағынада “топырақ” – адамның жаратылыс табиғаты, парасаттылық пен қарапайымдылық. Ал, нәпсіқұмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттер. Қожа Ахмет Ясауидың кейбір хикметтерінде өзінің бүкіл болмысымен топыраққа айналғандығын білдіретін символдық ұғымдар қолданылады: “Басым топырақ, өзім топырақ, тәнім топырақ; Хаққа қауышар ма екем деп – рухым муштақ”. Бұл сопылық мағынада “уисал” (Хаққа қауышу) мақамын білдіреді. Топырақ болу, нәпсіден арылу – Хаққа қауышудың бірінші шарты. Осыдан кейін адам ақиқатқа жетіп, инсани кәміл дәрежесіне ұласып, өзінің Хаққа бастар “жол” екендігінің мәніне қанығады. “Топырақ болғыр әлем сені басып өтсін” дегендегі мақсат осыған саяды. Өйткені сопылық атауда әулиелер мен пірлердің қабірін де “топырақ” дейді. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында әулие – даңғыл жол, өйткені ол – халқына жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға жөн сілтейтін, Алла рақметінің қоғамдағы көрінісі болып табылатын дана тұлға. [4]

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикметтің» мектеп бағдарламасында 8-сыныпқа енгізілген. Осы тұста шығармадағы «кемел адам» бейнесін оқыту тәжірибеммен бөлісем.

8-сынып бойынша «8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау» мақсатын жүзеге асыруда төмендегі сабақ үлгімді талдап өтейін.

Уикипедия сайтында **«Кемел адам»** деген ұғымға былай түсінік береді: **«Кемел адам** (араб. “инсан-и камил” – толық адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік». Осы анықтамаға зер салсақ, Қожа Ахмет Ясауи нағыз кемел адам ұғымындағы адам болғанын талассыз айтуға болады. Оқушыларға осы ұғымды ғұламаның өмірімен байланыстырып түсіндіріп алған соң, хикметтерін оқуға беремін.

Ахмет Ясауидың «Даналық кітабында» негізінен төрт ғақлия мадақталады:

1.«Шариғат» ислам заңдары мен әдетғұрыптарының негіздері, яғни мұсылмандық жолын қастерлеп, соны тәлім-тәрбиеге үлгінеге етіп

жырлау. Мұсылмандықтың жалпы адам баласының тәлімі екендігін жырға қосып, ақын адамгершілік тәрбиесінің асқан өнегесін көрсетеді.

2.«Тариқат» сопылық ой-мақсаттарды насихат-өсиет ету. Яғни жыр өрнектері арқылы ұрпақты имандылыққа, шыншылдыққа, әділеттілікке, тазалыққа, адалдыққа тәрбиелеп, тақуалыққа үйрету.

3.«Мағрипат» дін жолын танып, оқыпбілу, яғни алланың ақ жолын ардақтап, соған тағзым етіп, тағлым алу – адамгершілік парыз екенін әсерлі сөзбен, айшықты жырмен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу: «Ғаріп, пақыр жетімдерді әркім сүйер, риза болар сол пендеге пәруәрдігер» деп, ақын ғаріп, пақыр, жетім-жесірлерді сүйсең, оларға жақсылық жасасаң, алла-тағала саған риза болып, ісінді ондайды, мақсатына жеткізеді дейді. Сөйтіп ұстаз ақын оқырманға адамгершілік тәрбиесінің ең түйінді тұжырымдарын жыр арқылы әсерлендіре жеткізеді, алланың ақ жолы – адамгершіліктің шырағы екенін оқушы мен тыңдаушыға сезіндіре жырлайды.

4.«Хақиқат» құдайға құлшылық ете білу, яғни бүкіл әлемді жаратушы құдіретті таныпбіліп, оған табыну, құдайдың құдіретіне сену әрбір мұсылманның парызы екенін сөз құдіретімен түсіндіріп, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу. «Иман нұры», «Хақиқат дариясы» [3]

Хикметтегі нақыл сөздерді теріп жазады. «Шындық айттым осылай шырқыраған, Құл Қожа-Ахмет сөзінің жалғаны жоқ. Жақсыларға қызмет көрсетіп, жақсы атан. Кісі ақысын жеме. Әділ сөйлеп, адал жүр. Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ, Өтірікке шындықтың қайраны жоқ, Сырты – сұлу, іші – арам. Жалған сөйлеген имансыз қалады. Жамандыққа жақсылықпен жауап бер бұл – пайғамбарымыздың өнегесі. Арамзамен сырлас болма, Олай етсең баспайды ісің оңға, Бастан-аяқ батумен пәле-сорға. Қам көңілдің қайғысына дауа бол, Жолда шаршап шалдыққанға сая бол. Кекірейген кердендерден қаш. Нәпсіне ерген адам адасады. Енді жатса да, тұрса да оның жолдасы шайтан болады. Арыңды сақта, болсаң да малға кедей. Ұрыншақтың – дауы көп, Жамандардың – жауы көп. Күнәдан қорық. . Мал-мүлік жидым деп мәз болма - жан кеткенде кетеді. Кісі малын қымқырып, ары азғандар оңбайды. Күнәсін мойындағанды Құдай да кешеді. Көпке топырақтай төселіп қызмет қыл. Бейнеттен қашпа. Ит дүниені қызықтама. Іші қулыққа толының, көкірегінде ары жоқтың жүрегі дірілдемейді. Мейірімі жоқ менмендерге қаспын мен. Ақ ниетімен ақ-адал дәмін ұсынғандарға ақ пейілді бол. Жан жылуын өшірме. Жамандыққа жақсылықпен жауап бер: бұл – пайғамбарымыздың өнегесі. Заман азар уағында - патша айнарлар залымға. Тарихты білмегендер адалдық жолымен жүре алмайды. Халқыңа қызмет ет, Ізгілерге ізет ет, Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет. Не болса да - сабыр қыл. Қайғы-уайым қиналтар талай жанды, Үйретер әр нәрседен абайлауды. Қызмет еленбей қалмайды. Қиын да болса түзу жолмен жүр. Бәле келсе – сабыр ет: бәрі тәңірінің ісі. Тақуа болма, тентек болма – білуге, үйренуге ғашық бол. Көзі жанып тұрмағанның ғашық болдым дегені бекер. Ниетсіз, құлықсыз, қиналыссыз сөздің салмағы жоқ. Кітап аш та – мәнін ұқ. Ынсапсыздарға ұят-аят деген болмайды .Безбүйректің сенің іштегі дертінде еш жұмысы болмайды. Өткендердің ғибрат ісін ал ойға. Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады. Парықсыздар өздері жақсы-

жаманның не екенін білмей жатып мәнсіз біреулерді жер-көкке сиғызбай мақтайды. Ұстазына бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл. Ұстазына қызмет қылмаған – надан. Тәубесі жоқтың – көңілі арам. Кердендік – пиғылы бұзылған пасықтың ісі. Пейіл бұзылған кезде – тазалық ұмыт қалады. Ғайбат айтып әркімдерді тілдеу – надандық. Тәні тәрбиелінің жаны жәннатта болады. Тойымсыздық – теріс нәпсі. Тәкаппар тозақта күйеді. Бетпақ болма. Нәпсіге ерме, нәпсіге ерген қор болады. Тәубасы бардың – нұры бар. Әмәнда сауап жаса. Мұратқа жолын тапқан жетеді. Құр мақтанға құмартып, тұрғызба биік күмбездер. Көңілің тойсын қанағатқа». [5]

Келесі тапсырмада оқушыларға жартылай ақ және қара түске боялған адам бейнесі беріледі. Ақ түсі жағына жақсы қасиеттерді, қара түсі жағына жаман қасиеттерді жазып шығады. Шынымен де, данышпан Абай атамыз айтқандай: «Адам бол!» атты гуманистік идеясы сонау Яссауиден халқымыздың бойына сіңген өзіндік «Кемел адам» философиясына тән. Осы идея қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында өскелең ұрпақ үшін өте маңызды.

«8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу» мақсатын жүзеге асыруда хикметтегі негізгі адам бойындағы қасиеттерді сыныптың әр жеріне жапсырып қоямын. Оқушылар аралап жүріп, өзіне ұнаған сөзді алады. Қабырғадағы сөздер: әділеттілік, турашылдық, ар-ұят, намыс, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, мейірімділік, ата-анаға құрмет, отансүйгіштік, елжандылық, қанағатшылдық, тазалық, адамды сүю, жүректілік, шыдамдылық, сабырлылық, төзімділік, шүкірлік,

Оқушы таңдап алған сөзі бойынша сыни сұрақтарға жауап береді.

1. Бұл қасиет сенің бойынан табылады ма?

2. Осы қасиеті бар адам қандай болуы керек деп ойлайсың?

3. Осы қасиетке ие болуы үшін қай қырын түзету керек деп тұжырымдайсың?

Көкейкесті мәселелердің бүгін де ерекше қадірлі, мейлінше мағыналы екендігін сыни бағалай білді.

Келесі тапсырма креативті жазылымға негізделеді. Мейірімділік, тазалық, шүкірлік ұғымдарын қандай түспен байланыстырар едіңіз? Осы сұрақ төңірегінде оқушылар керемет креативті ой жазады. Кейбіреуі ақ түсті таңдаса, келесісі жасыл мен сары, көк түстерді таңдап, хикметтерде айтылған оймен байланыстырып жаза білді.

«Диуани хикмет» шығармасында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің бірнеше салада қарастырылып жүр. Яссауиді жан-жақты тану, одан жүйелі түрде үйрену, онымен пікір таластыру және сұхбаттасу, оның философиялық – этикалық ілімін одан әрі дамыту, жастарды, оқушыларды оның гуманистік іліміне баулу және оны бүкіл Шығыс мәдениеті шеңберіне ұлы ойшыл ретінде зеттеу – бұл ғұлама атамыз Қожа Ахмет Яссауидің әлемдік философия классигі, тұлғасы, оның еңбектерінің бүкіл адамзат мәдениетінің рухани санасына қосқан үлесі екенін білдіреді.

Аннотация

Мақалада Қ.А.Яссауидің «Даналық кітабындағы» философиялық ойларын мектеп жасындағы оқушыларға оқытудағы өзіндік тәжірибесі қозғалады. Мақсаты: ғұламаның «кемел адам» ұғымын меңгертуде хикметтің тәрбиелік мәнін зерделеу, үлгі алуға бағыттау. Жас ұрпақ хикметтердің мағынасын түсініп, оқып қана қоймай, оны өмірде қолдана білуіне, өз бойынан өткізе отыра үлгі алуын басшылыққа алып, жан-жақты талдай білген. Өзектілігі: жаңартылған білім беру мазмұнында білім берудегі жаңашылдықты жеткізе отыра, қазіргі таңдағы жас ұрпақ бойына рухани құнды дүниені дарыту мәселесі қозғалады.

Аннотация

В статье затрагивается собственный опыт преподавания философских мыслей К. А. Яссауи в «Книге мудрости» учащимся школьного возраста. Цель: изучение воспитательного значения хикмета в усвоении понятия «совершенный человек», ориентация на пример. Молодое поколение не только понимало и читало смысл хикметов, но и умело применять его в жизни, руководствоваться им и всесторонне анализировать. Актуальность: в обновленном содержании образования затрагивается проблема привития духовно ценного мира подрастающему поколению, передавая инновации в образовании.

Annotation

The article touches on K. A. Yassawi's own experience in teaching philosophical thoughts in the "Book of wisdom" to school-age students. Purpose: to study the educational essence of wisdom in mastering the concept of "perfect man" by a scientist, to guide him to follow an example. The younger generation was able not only to understand and read the meaning of wisdom, but also to apply it in life, to follow an example and analyze it in detail. Relevance: in the updated content of education, the problem of instilling a spiritually valuable world for the younger generation is touched upon, conveying innovations in education.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожа Ахмет Яссауидың «Диуани хикмет» дастанындағы гуманистік идеялар (articlekz.com)
2. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. Аударған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас», 1993.
3. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Құрастырған А. Қыраубаев, Алматы, 1991.
4. Кенжетев Д. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымындағы адам мәселесі. Автореферат. – Алматы, 2002.
5. Қожа Ахмет Яссауи нақыл сөздері - Bilim - All
6. Жандарбек З. Яссауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. Алматы: "Ел-шежіре", 2006.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЖӘНЕ ИМАНИПЕДАГОГИКА

Төлегенова Бану Мұстафақызы

Астана қаласы, «Кемел Ақышев атындағы

№69 мектеп гимназиясы» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Ислам нақты, яғни көзге көрнекті. Ал иман – адамның жадында яғни көзге көрінбейді, жасырын тұрады» - демекші астарына үңілер болсақ имандылық бір сөзбен айта салатын жеңіл сөз емес, керісінше аса мағынаға ие жауапкершілік екенін аңғарамыз. Иmandылықты жүрегіне сіңірген адам еш уақытта жолдан таймайтыны анық. Иmandылықты жас ұрпақтың бойына сіңіре білуді иманипедагогиканың негізгі мақсаты болып табылады. Именипедагогика ұғымы XII ғасырдан бері түркі халқының дүниетанымына елеулі ықпал еткен Қожа Ахмет Ясауи сарыны Асан Қайғыдан Абайға, сондай - ақ, күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тапқан. Именипедагогиканың даму тарихында, жас ұрпаққа тәлім - тәрбие беріп, оларды өмірге дайындау үрдісі Ұлы Даланың Ұлық ұстаздарын туғызып, олардың өзіндік ілімін айшықтады. Қорқыт Атаның өсиетнамалық тәрбиелеу ілімі, Фарабидың моральдық - этикалық ілімі, Ж. Баласағұнидің Кісілік қасиет қалыптастыру ізгілік ілімі. Сондай - ақ, тәрбиелеу Абай ілімі -«Адам бол!» формуласы, кісілік философиясы, тәрбиелеу Шәкерім ілімі - ар - ождан ілімі, ақиқат философиясы, Ясауидің сопылық - моральдық ілімі, ислами - түріктік философиясы т. б.

Именипедагогиканы әлемдік деңгейде паш етіп, танылуына ғұлама, әулие Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінің алар орны ерекше. Жергілікті халықтың салт - санасы мен сенім - нанымына, әдет - ғұрпына қайшы келмейтін діни - мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. “Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады” деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тіл – шағатай тілінде сөйлетті. Қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды. Адамды тәрбиелейтін Пайғамбарлар тізбегі тоқтаған соң, ұстаздық қызметті әулие - ғұламаларға берілді. Қожа Ахмет Ясауиге Алланың нұры түскен үлкен әулие. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының дүниетанымының көкжиегін кеңейтті, көне түркілік дүниетанымды ислам қағидалырымен байытты, жаңа өркениет қалыптастырды. Дәл солай мәңгілік ілім көне түркілік мәдениетке де өз сәулесін шашты. Қоғамды жаңартты, Ясауи түркінің ежелгі өмір сүру заңдылықтарының шарифатқа қайшы емес жақтарын сол бойынша қалдырды, қайшыларын назиралық жолмен ақырын жаңғыртып, синтез жасай білді. Ясауи қазақ ұлтының ұлттық идеологиясын жасады. Осы идеяны жас ұрпаққа, жалпак жұртқа оқытып үйретететін, олардың бойына сіңіріп, жүрегіне қондыратын өзіне тән ерекше әдіс - тәсілі бар **Именипедагогика** деп аталатын тәрбиелеу, баулу ілімін тұжырымдап тұрақтандырды, мектеп - медреселердің іс - әрекетін, тағылымдық үдерісін сол негізде құрды. Ахмет Ясауи еңбектеріндегі

адамшылық, имандылық, инабаттылық, әдептілік т. б. тәрбиелер нұсқасы, ақылмандар өнегесі қалың бұқарадан алынған. Себебі Ясауи өз еңбектерін жазғанда ел - жұрттың әдет - ғұрып, салт - дәстүр, наным - сенім, ырым - тыйым, мақал - мәтел, аңыз - әңгімелер, сонымен қатар «Құран Кәрім» Мұхаммед /с. ғ. с/ Пайғамбар хадистерін басшылыққа алып отырған. Сондықтан да, Ясауидің педагогикалық ой тұжырымы әл - Фараби негізін салып, Ж. Баласағұни қабырғасын қалаған иманипедагогиканың шымбайлы нұсқасы, өзіндік ерекшелігімен әлемге танылған нұсқасы. Осы халықтың адамгершілік, имандылық сипаттары ғасырлар бойы қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, өткендердің келер жас әулетке сыйы ретінде үздіксіз беріліп отырды. Нағыз адамдық мораль - бұл халықтық мораль деп сүйсіне жазды, өзіміздің ойлы ғалымдар, ғұламалар, педагогтар мен жазушы, ақындарымыз.

Иманипедагогикада иманды адам, көргенді адам, жақсы адам, кемел адам, жетілген адам, парасатты адам бейнелері дәріптеледі. Ясауи бабамыз осындай жандардың қалыптасу әдіс - амалын, жетілдіру жолын көрсетеді. Қожа Ахмет жырлары әділдік, шапағаттық, мейірімділік, тазалық секілді игі істерге шақырады. Хикметтері Алла елшісінің жолын ұстау, өмірді босқа өткізбеу мен Құрани кәрімнің сүре, аяттарындағы уағыздар мен Мұхаммед пайғамбарларды еске түсіреді.

Ал Ясауидің уақытында өркениеттің түлеуі процесі нәтижесінде бұрынғы құндылықтар мен ұстындар шайқалған. Қоғамдағы осындай әртүрлі келеңсіздіктердің орнын толтырып, реттеу үшін Ясауи өзінің төл ілімін ұсынған. Ахмет Ясауидің моральдік этикалық көзқарасына діни - педагогикалық сараптама жасау, оның қазіргі таңда жас ұрпаққа беретін пайдасын және ислам сопылығына қосатын үлесін анықтау, сонымен қатар оны тәрбие беру ісінде қолдануды мақсат ету пайдалы болар еді. Себебі, Ясауидің пікірінше, адам өз нәпсісін жеңгенде және ішкі тұтастыққа қауышқанда ғана рухани тепе - теңдік пен бақытқа қол жеткізеді. Ясауидің сопылық дүниетанымында Аллаға бағынуға, оны тануға көп мән берілген. Себебі, Алланы тану – көңіл көзін ашудың негізгі кілті деп атап көрсеткен. Басты назарды адамдық құндылықтарға аударуды мақсат етіп, адамның әлемдегі орны мен рөлі, ақылы мен сенімі, танымы мен еркіндігі сияқты адам болмысына назар аударған орны бар ұлы ақын, пәлсапашы Қожа Ахмет Ясауидің — "Диуани хикмет" (Хикмат - жинақ) кітабы. Бұл еңбектегі хикметтердің мәні, философиясының өзегі – адам. Ал автор адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек және өзін - өзі тануы қажет дейді. Халықты ізгі қасиеттерге, адамгершілікке үндейді: Имандылық тәрбие адамның өзін - өзі іштей де сырттай да көз жүгіртіп, толықтырып отыратын адам тәрбиесінің жоғарғы сатысы. Ғылым білімнің жоғарғы сатысы деп қарасақ, имандылық тәрбиенің жоғарғы сатысы деп қарауымыз керек.

Қ.А.Ясауи өзінің еңбектерінде имандылыққа баулудың, кемел адам қалыптастырудың жеті қағидатын қарастырған: 1. Аллахқа деген махаббат 2. Ықылас пен шынайылық 3. Адамға деген сүйіспеншілік 4. Кішіпейілділік 5. Әйел мен еркек теңдігі. 6 Еңбекті бағалау 7. Ілім мәселесі "Диуани хикмет"

(Даналық кітабы) оғыз - қыпшақ тілінде өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған әдеби туынды. "Диуани хикмет" адамзатты имандылыққа, бауырмалдыққа, сүйіспеншілік пен ізгілікке тәрбиелеуді мақсат ете отырып жазылған шығарма. Әрбір пенде күнделікті өмір, күйбең тіршілік қам - қарекеттерін күйттеп, рухани ілім, білім, әдебиет, мәдениет мәселесіне мән беруі керек.

Халқымыздың даналығына сүйенсек, «... көзі соқырдан гөрі, көкірегі соқыр жаман», - деген ғой. Ясауи тұрақтандырған иманипедагогикасының басты мұраты пенденің көкірек көзін ашу. Ясауи бабамыздың адамшылыққа, имандылыққа, кісілікке тәрбиелеу, баулу көзқарасы оның еңбектерінде толық қамтылған. Мәселен, әуелі «Хикменттерінде» екіншісі «Пақырнама мен Мұнажатнамасында», ал үшіншісі болса, «Мират - ул - Қулуб» атты еңбектерінде талданып, берілген.

1. Иmandылық арқылы көкірек көзін ашу амал - тәсілі еді. Мұның дәлелін Ясауидің ілімінен «Мират - ул - Қулуб» атты еңбегінен табамыз. Ясауи философиясында көңілдің пәктігі ең басты шарт. Көңіл осы екі әлемде "төреші" болуы үшін өзін дамытып, кемелдендіріп, шындап «көзін ашуы» тиіс. Алланың аманатын арқалайтын күш иман болса, соны ең алдымен бойға дарытатын ақыл, ой, тіл, сана емес, көңіл, жүрек. Бірақ, адамның үздіксіз бақылау, тізгіндеу, тәрбиелеуге мұқтаж. Көңіл – айна. Көңілдің тыныштығы иманның артуына, бекуіне мүмкіндік береді. Сонда ғана көңілдің перделері ашылып, көрінетін және көрінбейтін әлемдердің сырлары аян болады. Барлық сырларды бүгіп жатқан әлем оқылуға дайын кітапқа айналады.

2. Иманипедагогиканың тәрбиелеу бір әдісі зікір туралы айту. Ясауи еңбектерінде кәміл адам қалыптастырудың барлық тәсілдері егжей тегжейлі түсіндіріледі. Олар көрсету, үйрету, сәттілік. ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу, тәубаға келу, мінәжат ету, құлшылық ету, таза болу, қанағатшыл болу, сабыр қылу, сауап жасау, нәпсің тыю, құдай жолына жанын пида ету және т. б. Бұларды істеп орындай алған сопы, дәруіш кемел адам дәрежесіне көтеріле алады. Ахмет Ясауидің өз халқына жасаған маңызы зор үш қызметі бар екен.

1. Ахмет Ясауи исламды өз халқының, яғни түрік тілінде уағыздады. Түрік тілі қайтадан жаңдала бастады. Өйткені, Ясауидің жолындағылардың барлығы да түрікше сөйлейтін болды. Қоғамның барлық қызметі оған үйлестіріліп, оқу - тоқу, білім беру ісіне түрік тілі жетекшілік ете бастаған.

2. Ясауидің халқымызға жасаған қызметінің екіншісі, Құран мен сүннет негіздеріне сүйене отырып, адасқан ағымдарға түспестен, түрік халқының 90 - 95 мұсылман болып қалыптасуына белсенді үлес қосқан адам. \

3. Ясауи жоғарыдағы екі қызметі арқылы өзіміздің ұлттық мәдениетімізді қалыптастырды. Өйткені тіл мен дін бір ұлттық мәдениетінің негізгі іргетасы. Сондай - ақ Ахмет Ясауи жан - жаққа тарыдай шашылып кеткен көшпелі түрік тайпаларының отырықшылыққа айналып жатқан кезінде исламның біріктіруші негіздерін қолданып, үлкен әсер етті. Шығармадағы педагогикалық тұрғыдан қызығушылық туғызатын орталық сюжетті желілердің бірі - ол жас сипаттамалары: «Бір жасымда аруақ маған үлес берді,"Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді. Үш жасымда шілтен келіп халім білді,... Бес жасымда шарифатқа

белім будым, Дін жолында ораза ұстап әдет қылдым.» Еңбекте автордың өмірі педагогикалық цикл ретінде толық баяндалумен қамтамасыз етілген:

«Жазуменен жасым жетті жиырма бес,
Субхан ием, зікірменен көкейім тес.
Көкірегімдегі түйіндерді сен өзің шеш,
Сол себептен хаққа сиынып келдім міне...
Отыз тоғыз жасқа кірдім, қылдым қасірет,
Уә дариға, өтті ғұмырым, қане тағат?
Қанағатшыл хақ қасында хош сағадат,
Қызыл жүзім тағат қылмай солды, достар...»,

«Пенденің кемел жасы – қырық» Сыртқы кейпі және мазмұны бойынша да айқын педагогикалық құбылыстар ретінде көрінетін мұндай үлгілер осылай жалғасып кете береді.

Ұлы баба Қ. А. Ясауи хикметтерінің негізгі идеясы да осы Қазақ даласына исламның таралуы діни білім мен араб тілін оқытып үйрету қажеттілігі мешіт, медресе, кітапханалар салынып, Ясауидің дана да, дара даналығы негізінде тәрбиелеу сопылық ілім қалыптасып, оқытып білім берудің сопылық педагогикасы салтанат құрып, өлшеусіз еңбек көрсетті. Осы қатарлы, ілімдер жинақтала келіп, қазақ педагогикасының шоқтығы биік бір саласы иманипедагогика болып орнықты. Бұл педагогиканың іргелі тарауы қазақтың ұстаздық ілімі. Осы ілімге де Ясауи бабамыздың қосқан үлесі орасан зор. Осының бәрін жинақтай келе Ахмет Ясауи бабамыз иманипедагогиканың әлемдік абызы деп мақтанышпен айта аламыз.

Андатпа

Қожа Ахмет Ясауи қазақ ұлтының ұлттық идеологиясын жасады. Осы идеяны жас ұрпаққа, жалпақ жұртқа оқытып үйретететін, олардың бойына сіңіріп, жүрегіне қондыратын өзіне тән ерекше әдіс – тәсілі Иманипедагогика арқылы тәрбиелеу екендігін тілге тиек етті. Бүгінгі таңда мектептерде иманипедагогиканың тағылымдық үдерісін негізге ала отырып жүргізу керек екендігіне тоқталды. Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адамшылық, имандылық, инабаттылық, әдептілік тәрбиелер нұсқасы, өз еңбектерін жазғанда ел - жұрттың әдет - ғұрып, салт - дәстүр, наным - сенім, ырым - тыйым, мақал - мәтел, аңыз – әңгімелердің тәрбиелік мәні туралы сөз қозғап, өскелең ұрпаққа меңгерту.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясауи создал национальную идеологию казахского народа. Он отметил, что уникальным методом преподавания этой идеи молодому поколению, простым людям и внедрения ее в их сердца является иманипедагогика. Подчеркивалось, что сегодня школы должны вестись на основе образовательного процесса педагогики веры. Работы Ахмета Ясауи о человечности, морали, порядочности, версии образования порядочности, когда он писал свои произведения, он рассказывал о воспитательной ценности народных обычаев, традиций, верований, суеверий, табу, пословиц, легенд и историй для молодежи. поколение мастерство

Annotation

Khoja Akhmet Yasawi created the national ideology of the Kazakh people. He noted that the progressive method of teaching these ideas to the younger generation, the common people and education in their hearts is imanipedagogy. It was emphasized that today schools should be conducted on the basis of the educational process of pedagogy. Ahmet Yasawi's works about humanity, morality, decency, version of education of decency, when he wrote his works, he paid attention to the educational values of folk customs, customs, traditions, beliefs, superstitions, taboos, proverbs, legends and history for humanity. generational mastery

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Иасауи дүниетанымының құпиялары – Qojalar. kzkozhalar. kz>20186388 - iasauï - dunietanymunung...
2. Досай КЕНЖЕТАЙ. «МЕНИҢ ПІРІМ – ИАСАУИ» abai. kz>post/11238
3. Қожа Ахмет Яссауидің сопылық философиясы... ppt - online. org>618094
4. Иасауи мұрасы және қазақ мұсылмандық түсінігидinvko. gov. kz>...bayandamalar...zder/2014 - 06...
5. Иасауи дүниетанымының құпиялары – Qojalar. kzkozhalar. kz>20186388 - iasauï - dunietanymunung...
6. Бейсенбай К., Нурматов Ж. Е. Қ. А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы // Молодой ученый. — 2017. — №7. 1. — С. 7 - 9.
7. Қожа Ахмет Яссауидің дүниетанымындағы Құранның... e - islam. tarmpu. kz>index. php...
8. Қожа Ахмет Ясауидың педагогикалық еңбектеріндегі... kznews. kz> bilim/qozha - ahmet – j
9. Кенжетай Д. «Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымы» – Алматы, 2008. Қобдабай Қабдыразақұлы
10. <https://bilimdiler.kz/okumistylar/31180-imanipedagogikanyn-alemdik-abyzy.html>

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» – РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Төлегенова Шәмшат Кәдірбекқызы

Түркістан облысы Отырар ауданы

«Отырар» жалпы білім беретін мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер

Қожа Ахмет Ясауи– орта ғасырлардағы рухани әлемде қолжазбасымен танылған ойшыл ақын. Оның «Диуани хикметі», яғни «Даналық кітабы» түркі халықтары арасында сопылық ілімнің орнығуына қызмет еткен еңбек болды.

Филология ғылымдарының докторлары Мұхамедрахим Жармұхамедұлы, Сәрсенбі Дәуітұлы, М.Шафиғи «Диуани хикмет» сөзін «Ақыл кітабы» деп аударған.

Бұл жинақтың алғысөзінде Мұхамедрахим Жармұхамедұлы аударманың табиғаты туралы былай деп жазды: «Бұл жолы аудармаға негіз ретінде біз жақында 1897 жылы Ыстамбұлда басылып шыққан және сирек кітаптар мен

қолжазбаларда сақталған ескі нұсқалардың бірін алдық. Республикамыздың Ұлттық кітапханасының 2330-38 нөмірлі коллекциясын алдық».

Ал тарихи деректерге сүйенсек, төл туынды 12 ғасырда жазылып, әр ғасырда әртүрлі жазушыларды көшіру арқылы халық арасына тараған.

Соңғы уақытқа дейін сақталған алғашқы нұсқалардың бірі 15 ғасырда араб әрпімен жазылған болса керек.

Ғалымдардың пікірінше, «Даналық кітабы» оғыз-қыпшақ тілінде өмірге әкелген дүние. Бұл тәсіл дастанның көшпелі түркі тайпаларының бәріне бірдей түсінікті болсын деген ниеттен туындаса керек.

Дегенмен, шығарма ХІХ ғасырдың аяғында баспаханада басылып, жеке кітап болып басылғанға ұқсайды.

Ғалымдардың айтуынша, ең толық нұсқасы 1887 жылы Қазан қаласында шыққан жинаққа енген.

Филология ғылымдарының докторы Немат Келімбетовтің айтуынша, Қазан басылымында барлығы 149 хикмет бар. Оның ішінде 109 өлең тікелей авторға тиесілі. Қалғанын жазушының шәкірттері көшіріп, іске асырған көрінеді.

Ғалым Келімбетовтің талдауы бойынша: « Даналық кітабында » негізінен төрт нәрсені мақтайды. Бұл:

- «Шарифат» – ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы;
- «тариқа» – сопылықтың идеясы, идеал-мақсаты;
- «мағрифат» – дін жолын білу және зерттеу;
- «ақиқат» – Құдай және Оған жақындау.

Алғашқысы – Алланытану. Келесі Құдайды ұлықтау. Үшінші – күнәлар мен әділетсіздікті жоққа шығару. Төртіншісі – жалған дүниеден бас тарту. Хикметтері төрт, кей жерлерде екі шумақтан құрылған болып, жалпы оқырман қауымның жаттап алып айтуына ыңғайлы болып келеді. Сол себептен де Ясауи хикметтері ел арасына ауыз екі тараған хикметтер, кейін шелік қағаз беттеріне түсе бастаған. Сонымен хикметтер саны өзі айтып кеткендей, «төрт мың төрт жүзге» тарта екен. Оған дәлелді мына хикмет шумақтарынан келтіруге болады [2].

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге баян қылсам, қалмасарма.

Төрт мың төр тжүз «Хикмет» айттым хақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгенімше сөйлесем мен.

Ақын дәл осылай өмір кезеңдерін хикметтерінде айтып отырған. Енді нақты хикметтерінің қаншау екені белгісіз. Ұстаздары жайында да дерек аз. Бізге мәлім болған бүгінге дейінгі оның Түркістан қаласына қай кезде келгені, оның қай жасында кімді пір тұтқаны, « Қылуатке » қай жасында түскендігі жайында ақын өзінің хикметтреінде көрсетіп отырған. Дегенмен осы бір құнды дүниелерді оқырманға ғылыми дәрежеде жеткізе алсақ біз үшін үлкен мәртебе. Иә, бұл еңбекті жіті назарда ұстап, тереңнен үңіліп зерделеу керек. Қазақ әдебиетіне келіп тағы бір еңбегімен көзге түскен Ахмет Яссауидің «Пақырнама» және «Мүнажатнама» еңбегі еді. Бұл еңбек «Диуани хикметтен» гөрі барынша сопылық ілім мен ислам өркениетіне арналып негіз болған. Яғни, пақырнамасында сопылық жолда жүрудің үлкен төрт мақамын толығымен

сөзетеді. Олар: шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат мәселелері еді. Бұлардың өзі төрт түрлі болып келгені мен әрқайсысы он-он мақамға бөлінеді. Оны да көрсеткен.

Аталған, басы-аяғын қосқандақырық мақамды кімде-кім басып өтсе, сол пенде ғана өзінің деңгейіне (дәруіш), шайх, пір, сопы, ишан, ұстаз бола алады деп көрсетеді. Бұл мақамдардың бірін де орындап, басып өтпеген кезкелген құлаталған дәрежелердің біреуіне де көтеріле алмайды. Тіптен сопылық ілімін уағыздау сәтіндегі қарабайыр шапанның өзі киюге құқысы жоқ екенін айтады. Ал, сомен «пақырлық» дәрежесіне жету үшін айналып келіп қырық мақамды басу керек. Жоғарыдағы келтірілген еңбектегі дәрежелер арқылы ғана адам баласы Алланың алдына баруы мүмкін. Сондықтан болар сопылар өмір бойы өздерін тазалап, көкірек көздерін ашуға асыққан. Оның өзіне тән әдіс-тәсілдері болған. Солардың бірі «Зікір» салу еді. Яғни Құдайды ұлықтап оның атын қайталап еске алып отыру.

Шарифат заңдарына сүйене отырып, ақын халықты ізгілікке шақырады. Ол псевдо-ғалымдар мен жағымпаздарды аяусыз сынайды:

«Білгір заман – ақыр залымболды,
Жағымпаз, жан алғыштыр ғалым болды.
Сойқандықтуралыелгеашықайтаалмай,
Ішіме менің дертті жалын толды»,--дейдіақын.

«Диуани-хикметтің» мақсаттары тек миссионерлік болғаны айтпаса да түсінікті. Әрине, бұл еңбек түріктерге күшті діни әсер етті, бірақ «хикметтер» басқа да қызметтерді атқарды. Мысалы, мәтіндерде түркі халықтарын бірлікке шақыру мен қатар, мемлекеттіліктің нығаюына шақырулар бар. Демек, Ясауи шығармашылығы белгілі дәрежеде қоғамдық-саяси рөл атқарды деп айта аламыз. «Хикмет» сөзінің нақты анықтамасын қарастыру дұрыс болмас еді. Араб тілінде «даналық», «терең білім», соннымен қатар «әділ үкім», «түсіну» дегенді білдіреді. Ал ислам ойшылы әл-Матуриди (Имам Матурид) бойынша хикмет – ақиқат жолда дұрыс пен бұрысты айыра білу.

Қожа Ахмет Ясауидің жеке өмір баяны туралы мәліметтер аз.Әртүрлі деректер көздері әртүрлі болжамдар береді.

Бір деректе ол 1103 жылы туып, 1228 жылы қайтысболған.

Төмендегілерге сүйенсек, ақынның туған жылы белгісіз, қайтыс болғанжылы 1166 жыл болуы мүмкін.

Дегенмен, бірнәрсе анық. Ақын 63 жасқа толғансоң пайғамбар жербетінде өмірсүргісі келмейтінін айтып, жер астына түсіп, қалған өмірін сонда өткізген.

Кейбір аңыздарға қарағанда, ақынтағы 63 жыл өмір сүрген көрінеді. Бұл туралы ақынның өзібылай дейді:

«Мен бес жасымда шарифат заңдарын үйрендім.
Дін жолында ораза ұстап, оны әдетке айналдырдым.
Күндіз-түні зікір оқып, тәубе еттім.
Сондықтан 63 жылы жерге ендім...» деп жырлады.

11, 12 буыннан тұратын бұл даналық сөздер кейде а-а-б, ал келесі шумақтарда а-а-б-а стилінде жазылады.

Бір топ ислам ғалымдары Қожа Ахмет Йассауидің халаватқа кіруін «Алланың берген жасы мен оның маңдайына жазылған тағдырына разылық» деп жариялап, өз пікірін алғатартады.

Деректерге сүйенсек, Қожа Ахмет Ясауи сәби кезінде анасыз, жет іжасында әкесіз қалған.

Әпкесі Гауһар-Шахназдың қолында тәрбиеленген ол Арыстан баб, Хамадани сияқты ұстаздардан дәріс алған көрінеді.

Алайда Қожа Ахмет Йасауидің ислам жолындағы алғашқы ұстазы әкесі болды.

Ақын жолын қуып, сопылық залда өлең жазған шәкірттерінің ішіндегі ең атақтысы Сүлеймен Бақырғани болды.

Сөз соңында Қожа Ахмет Йассауидің мына бір өлеңін келтірген жөн:

Менің әрбір хикметім – зорғалам,

Арманда өлерестімеген, сорлаған.

Хикметтерім – хадистің кен-мазмұны,

Ұқпағандар – адамзаттың азғыны.

Хикметтерім – келген пәрмен Сұбханнан,

Бар мағынасы Құраноның, ұққарғам!

Аннотация

Бұл мақалада түркі халықтарының рухани болмысының негізгі көздерінің бірі ретінде, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауидің ілімінің ерекшеліктері қарастырылады. Автор Ясауи ілімінің қалыптасуына ықпал еткен тарихи-объективті факторларға жан-жақты тоқталады. Атап айтқанда, Ясауи өмір сүрген тарихи кезең, яғни қарастырылып отырған дәуірдегі мұсылман елдерінің дамуындағы кереғар құбылыстар сопылықтың қалыптасуына ықпал еткен болатын. Мақала авторының пікірінше Ясауидің сопылық дүниетанымы қоғам өміріндегі дәл осы кері құбылыстар мен күрестелісіп-жетілді. Ясауи ілімінің қалыптасуына сондай-ақ түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымы үлкен дәрежеде ықпал етті. Мақалада аталған мәселелерді талдауда өркениеттік зерттеу методологиясы қолданды.

Түйін сөздер: ислам, тарих, түркілер, сопылық, шарифат, тариқат.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности учения Ходжи Ахмета Ясави, основоположника турецкого суфизма, как одного из основных источников духовной природы тюркских народов. Автор всесторонне останавливается на исторических и объективных факторах, способствовавших формированию доктрины Ясави. В частности, становлению суфизма способствовал исторический период, в котором жил Ясави, то есть различные явления в развитии мусульманских стран в рассматриваемую эпоху. По мнению автора статьи, суфийское мировоззрение Ясави созрело в борьбе с этими негативными явлениями в жизни общества. На формирование учения Ясави также большое влияние оказало традиционное мировоззрение тюркских народов. При анализе затронутых в статье проблем использована методология цивилизационных исследований.

Ключевые слова: ислам, история, тюрки, суфизм, шариат, тарикат.

Annotation

This article examines the features of the teachings of Khoja Ahmet Yasawi, the founder of Turkish Sufism, as one of the main sources of the spiritual nature of the Turkic peoples. The author comprehensively dwells on the historical and objective factors that contributed to the formation of the Yasawi doctrine. In particular, the formation of Sufism was facilitated by the historical period in which Yasawi lived, that is, various phenomena in the development of Muslim countries in the era under consideration. According to the author of the article, Yasawi's Sufi worldview has matured in the fight against these negative phenomena in the life of society. The formation of Yasawi's teachings was also greatly influenced by the traditional worldview of the Turkic peoples. When analyzing the problems raised in the article, the methodology of civilizational studies was used.

Key words: Islam, history, Turks, Sufism, Sharia, tariqa.

Библиографиялық тізім:

1. Жүнісбаев Ұ. Ладунни ғылым // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция. 29 қыркүйек – 1 қазан 2008 ж. Түркістан қаласы. – Алматы, 2008.

2. Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том. – Алматы, 1972. – 647 б.
М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 324 б. Қожа Ахмет Ясауи. «Диуани хикмет».- Алматы: Арыс, 2001. – 18 б. С.

Демирелатындағы университеттің хабаршысы. №4 (43). 2017

3. Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы, 1998.

Қ.А. ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ҚОЛДАНУ

Төлек Жәмила

№ 42 орта мектеп ағылшын тілі

пәнінің мұғалімі педагог-модератор

Киелі қазақ әрқашанда тарих тағылымына көңіл бөліп, тарих қазыналарымен сусындап отыратын халық болғандықтан, тарих данасы атанған, Қожа Ахмет Ясауидың құнды мұраларын оқу тәрбие үрдісіне қолдану - бұл біздің ертеңгі болашағымыз бен ұлттық мәдениетімізге қосар зор үлесіміз болады деп есептеймін.

Қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар, ұлы ойшыл Қожа Ахмет Ясауидың мұраларын қазіргі оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің маңызы өте зор. Себебі, оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасының бірі (Даналық кітабы) туындысынан қазақ халқының ертеңгі мәдениеті мен әдебиетіне қатысты бағалы әрі пайдалы деректер табуға болады. Түркі халықтарының рухани игілігі болып табылатын бұл ілімнің қазіргі қазақ жастарына берері мол.

Білім, дін, шариғат, тарих сынды 4 ұстанымды шиленіссіз бір-бірімен байланыстыра білген ұлы ойшылдың тағылымы, ұшқыр ойлы білім қуған жастарымызға үлгі, жолынан адасқан кей жастарымызға рухани көмек болар еді. Бұлай деуге себеп, Ахмет Ясауидың өлеңдерін жүрекпен шын түсініп оқыған жан ешқашан қиянат пен менменшілдікке бара алмайды. Тек адалдықпен өмір сүруге, маңайына шуағын шәшіп тұратын зігі-ниетті жан болуға тырысады. Ал байқамай жолдан адасқандар болса, Қожа Ахмет Ясауидың тағлымымын оқығаннан кейін тәубесіне келеді. Бұл өмірде ештен кеш жақсы екендігіне көз жеткізеді, өткізген құналарын жақсылықпен жууға тырысады.

Қожа Ахмет Ясауидың дүниетанымының мәні- “адамның өзін-өзі тануы” арқылы халықты тануы. Алла мен адамның және адам мен қоғамның арасына жол салғаны белгілі. Себебі Қожа Ахмет Ясауидың 6- хикметінде былай деп айтылған:

“Иә иләһи” сенің даңқыңа хикмет айттым,
Заты ұлық Ием, сиынып келдім саған.
Тәуба қылып, күнәмнан қорқып қайттым.
Заттың ұлық ием, сиынып келдім саған.
Қырық бірімде ықылас қылдым жол табам деп,
Жарандардан әр сыр көрсем, мен табам деп.

Мінеки дәл осы өлең жолдары арқылы Қожа Ахмет Ясауи адамзаттың жүрегіне иман ұялата білді, дұрыс жолдан адасып жүргендердің жүрегіне иман ұялатып, бұрыс жолынан қайтарыуға, өз-өзіне иман келтіруге шақырғанын көруге болады. Қожа Ахмет Ясауидың 4- хикметінде:

Хош, ғайыптан хабар келді құлағыма,
Сол себептен Хаққа сиынып келдім, міне
Барша әулие жиылып ырзық берді,
Сол себептен Хаққа сиынып келдім, міне.
Мен жирма екі жаста толысып жігіт болдым.
Халқыма демеу, шын дертке дауа болдым-

дей келе әкім қараларды халқына жақын болуға, халықтың мұңымен мұңдас болуға және әкім қараларға қаншалықты қарапайым болса соншалықты ұлық болатындығына жол нұсқап тұрғандай.

Қожа Ахмет Ясауи тағылымының негізгі өзегі- адам “Кемел адам” болуы үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары: хикмет, ал хикметтерде жаратқан иенің ұлылығы мен көркемдігі сипатталып, ғылым біліммен тығыз ұштастырылады.

Дәл осы тағылымынан, бүгінгі ұрпақтарымыздың қоғамның дамуы мен өркениеттің дамуына төтеп бере алатын нұрлы жол салып кетті деуге болады.

Сондай-ақ, Қожа Ахмет Ясауи ілімінде Хаққа қызымет ету халыққа қызымет етуден басталады деген. Міне бұл ұстаным арқылы қазіргі заманымыздағы жоғарғы мәнсаптағы шенділерге халықпен етене жақын болуға жол нұсқап кеткені белгілі.

Ғарып адамды кемелдік мәртебесіне жеткізіп, пайғамбарымыздың өкілі, ізбасары ретінде бағалаудағы ұстанымын, дәл қазіргі таңда біз инклузивті

оқыту түрінде өз тәжірибемізге енгізіп отырған жоқпыз ба? Инклюзивті оқыту шетелдерде кереметтей дамыған, дейтұрғанмен, ұлы ғұлама Ахмет Ясауидың дәл осы ұстанымы төрткүл әлемге даңғыл жол салып кетті деп айтуға әбден болады.

Қортып айтқанда, Қожа Ахмет Ясауидың асыл мұраларын оқу – тәрбие үрдісіне кіргізу біздің бүгінгі жастарымыз бен ертеңгі болашағымызға тигізер пайдасы өте зор. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін оқып, мағнасын түсініп өскен ұлдарымыз ұлағатты, қыздарымыз инабатты болатындығына сенемін. Себебі сол хикметтер арқылы келешек ұрпақ өзін өзі имандылыққа тәрбиелейді. Тәрбиелі ұрпағы бар елдің тұғыры берік, ертеңі жарық болмақ!!!

Аннотация

Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166) - қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Оның артында Орталық Азиядағы әр түрлі халықтардың мәдениетіне енген көптеген рухани туындылар қалды. Қожа Ахмет Ясауи тағылымын қазіргі оқу-тәрбие үрдісіне енгізу қазақ мәдениетінің ертеңгі болашағына даңғыл жол салмақ. Қожа Ахмет Ясауидың хикметтері бүгінгі жастардың жүрегіне мейрімділік ұялатады.

Аннотация

Ходжа Ахмет Ясави (1093-1166) - великий поэт, основатель суфийской поэзии, великий мыслитель, религиозный деятель, который был духовным учителем мусульман всего восходящего солнца. За ним сохранилось множество духовных произведений, вошедших в культуру разных народов Центральной Азии. Внедрение учения Ходжи Ахмеда Ясави в современный учебно-воспитательный процесс-это путь к завтрашнему будущему казахской культуры. Хикметы Ходжи Ахмеда Ясави вселяют в сердца сегодняшней молодежи доброту.

Annotation

Khoja Ahmet Yasawi (1093-1166) was a great poet, the founder of Sufi poetry, a great thinker, a religious figure who was the spiritual teacher of Muslims throughout the rising sun. He has preserved many spiritual works that have entered the culture of different peoples of Central Asia. The introduction of the teachings of Khoja Ahmed Yasawi into the modern educational process is the way to tomorrow's future of Kazakh culture. The hikmets of Khoja Ahmed Yasawi inspire kindness in the hearts of today's youth.

Қолданылған әдебиеттер

1. Islam in the Soviet Union: From the Second World War to Perestroika.(қолжетпейтін сілтеме)

2.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.ISBN 9965-26-096-6

3.Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1

4.Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2

5.Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл. ISBN 978-601-282-175-8

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА К.А.ЯССАУИДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ЖАС ҰРПАҚҚА SCRAIBING АРҚЫЛЫ ДАРЫТУ

Түлеуова Раушан Кайырбаевна

Қарағанды қаласын «№82 жалпы білім беретін мектебі» КММ тарих пәнінің мұғалімі, педагог – зерттеуші

Түркі даласының төл перзенті, ұлы бабамыз Қожа Ахмет Яссауи қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ерекше тұлға, ислам дінінің сопылық ілімінің көрнекті өкілі. Ұстазы Юсуф Хамадани жолын ұстанған ғұлама болды. Ахмет Яссауи өз шығармалары арқылы адам бойында кездесетін ұят, ынсап, әділдік, кішіпейілдік, қарпайымдылық, адалдық сияқты ізгі қасиеттердің төмендеп кеткеніне күйінеді. Саналы болуға, терең ойлануға, өмірдің ақиқатын түсінуге шақырады. Қазіргі уақытта қоғамның әрбір мүшесінің елге жанашыр азамат болып қалыптасуы, адами құндылықты құрметтеуі сияқты идеялардың Ахмет Яссауи мұраларынан бастау алатынына көз жеткізіп отырмыз. Ахмет Яссауидың хикметтерінде тәрбиелік мәні зор ілімдер толып жатыр. Сол ілімдер арқылы ұлттық құндылықтарды қазіргі жас ұрпақ бойына сіңіре білу қажет. Ал бұл қазіргі педагогтердің міндеті болып табылады. Ахмет Яссауидың шығармаларындағы ұлттық құндылық идеяларын жас ұрпақ бойына сіңіруде ағылшындар ойлап тапқан Scraibing әдісі арқылы дарыту ұсынылады. 2018 жылы Intel корпорациясы «Мобильді оқыту ортасы және заманауи білім беру» халықаралық конференциясын өткізді. Бүгінгі жаңа талаптар қазіргі балаға не қажет? деген сұрақ туындатады. Оқу процесін жаңа талаптарға сай, қазіргі альфа ұрпақтарына оңтайландырудың көптеген идеяларын ұсынады. Соның ішінде оқу үдерісін визуализациялау үлкен даму перспективаларын береді. Оқушы болашақта оған тірек болатын қасиеттерді бойына сіңіреді. Бұған логикалық ойлау, елестету, шығармашылық ойлау жатады. Топта тиімді жұмыс істеу және тез практикалық шешімдер қабылдау қабілеті. Әрбір заманауи адам өз елінің тарихына, өткеніне қызығушылық танытады. Мемлекеттің, халқымыздың тарихын жетік білу, тамаша тарихқа толы ескерткіштер мен мәдени үлгілер, рухани жетістіктер арқылы әлемде Қазақстанның имиджін көтеруге мүмкіндік береді. Археологиялық зерттеулер қазақ даласын тек жауынгерлер мен малшылар ғана емес, сонымен қатар тамаша сәулетшілер, мүсіншілер, суретшілер де мекендегенін көрсетеді. Сондықтан біздің ата-бабаларымыз көшпелілер отырықшы халықтар сияқты мәдениетті жасай алмады деген пікірді дұрыс деп санауға болмайды.

Мәдени өмірдің көрнекті ескерткіші Түркістан қаласында Алтын Орда әскерлерімен болған қанды шайқастардан 233 жыл өткен соң Әмір Темір өзінің

жеңісінің құрметіне Қожа Ахмет Ясауидің тозығы жеткен ескі кесенесінің орнына жаңа зәулім кешен салуды бұйырды. Көне Түркістанның барлық ғимараттары күні бүгінге дейін сақталмаған, тек Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – 14 ғасырдағы бірегей сәулет ескерткіші қаланың көне дәуірін еске түсіреді. Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесі кешені ортағасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші болып табылады. Түркістан қаласын Кіші Мекке деп санаған. Оның беделінің жоғары болғаны сонша, Түркістан шейхтері мүміндер үшін Меккеге қажылықты, Яссауи қабірін үш рет зиярат етумен алмастырды. Халық аңыздарында Әмір Темірдің Түркістан қасиетті жеріне деген зор құрметі айтылады. Яссауидің түркі әлемінің дамуындағы рөлі даусыз, кейіннен оның мұрасы түркі мемлекеттері арасында достық қарым-қатынас орнатуда орасан зор рөл атқарды. Қ.А. Яссауи бүкіл Орталық Азияда, атап айтқанда Қазақстан мен бүкіл түркі мемлекеттерінде рухани білім жүйесін дамытуға үлес қосты. «Даналық кітабында» жинақталған адамгершілік, ар-ұят, адалдық сияқты адами құндылықтарға үндейді және әділеттілік, қарапайымдылық, мейірімділік сияқты қасиеттерге жетелейді. Қожа Ахмет Яссауи ілімі – моральдық – практикалық маңызы тұрғысынан бүгінгі ғылым мен технология, ақпарат дәуірінде отырып, өзінің ішкі әлемінен хабарсыз қалған, имандылық пен арды ойлай алмай, жаппай қоғамның әлеуметтік індетіне ұшырағандарға ем болатыны даусыз. Міне осы мәселелер жаңаша сын көзбен қарау, Яссауи ілімін зерттеу әрі тану – қазіргі уақыт талабы және ар – ожданмыздың үні болып отыр. Шындығында, адамның құлдырауы, рухани азғындап, құлдыққа түсуі, еркіндіктен тыс қалуы, ішкі әлем мен санасының ластануынан туындайды. Яссауи шығармалары тіліміз, мәдениетіміз, тарихымыз туралы жаңа жол көрсетіп, ұлттық мәдени болмысты көтереді. Қ.А.Яссауидың шығармаларын тарих сабақтарында ұлттық құндылық ретінде дарыту маңызды болып табылады. Қазіргі альфа ұрпақтарының бұрынғы көркем әдеби шығармаларды оқу, түсіну қиындық туғызып келеді. Себебі психологтардың айтуынша қазіргі альфа ұрпақтары ақпаратты мида ұзақ сақтай алмайды, жалығып кетуі бар. Сондықтан өзіне таныс емес, өткен ғасырлардың тарихын оқу, ұлы тұлғалар туралы тану, шығармаларымен танысып, ол ілімдерді бойына сіңіру үшін ең тиімді тәсіл Scraibing әдісін қолдану болып табылады. Тарихы сабақтарында 5 жыл тоқтатпай үздіксіз осы әдісті қолдану өз нәтижелерін беріп отыр. Соның көрсеткіші ретінде төменде суретте көрсетілген дәлелдерді қарауға болады.



1 – сурет Scraibing әдісі арқылы сабақта ұлттық құндылықтарды дарыту

Адамдар ақпараттың 80% визуалды түрде қабылдайтыны бұрыннан белгілі. «Суреттері бар» ауызша әңгіме әдеттегі дәріске қарағанда жақсы есте қалады. Сондықтан бүгінгі күні Power Point форматындағы әртүрлі презентациялар қолданылады. Ал білім беру әдістемесінің зерттеушілері дәрістен кейін үш күннен кейін тыңдаушылар презентация мазмұнының 65%-ын көрнекі бейнелермен қуатталған ауызша әңгіме түрінде жаңғырта алатынын анықтады. Қазіргі қоғамда қазақ халқының тарихи өткенін, Орталық Азия мен Қазақстанда орналасқан киелі жерлерін, көне қалаларын, сәулет өнерінің жәдігерлерін білуге көп көңіл бөлінеді. Біз өткен тарихты ұмытпай алға ұмтылуымыз керек, адамдардың «адамгершілік тұрғысында» қажетті мәңгілік тастарды сақтауға және сақтауға ұмтылуымыз керек.

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан ұлылар мұрасы қазіргі қоғам үшінде, болашақ жас ұрпақ үшін де маңызын жоғалтпайтын ұлттық құндылық болады деп қорытынды жасауға болады.

Яссауи мұралары мәңгі, болашақта маңызын жоғалтпайды, ешқашан жойылмайды.

Андатпа

Қ.А.Яссауидың шығармаларында жинақталған адамгершілік, ар-ұят, адалдық сияқты адами ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ Scraibing әдісі арқылы дарыту және оны іс – тәжірибе барысында қолдану.

Аннотация

Привитие человеческих национальных ценностей, таким как нравственность, честь и честность, собранные в произведениях К. А. Яссауи методом Scraibing молодому поколению и использование его на практике.

Annotation

Instilling human national values, such as morality, honor and honesty, collected in the works of K. A. Yassawi through the Scraibing method to the younger generation and using it in practice.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Садуақас Ғылмани. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары // Әмина Есмағамбетованың жеке қорындағы қолжазба. Алматы қаласы.
2. Қоянбаева Г.Г. Әл-Фараби философиясындағы үлгілі адам мұраты // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 16: Фарабитану. – 290-317 бб.
3. Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова / А.К. Муминов, при участии А.Ш. Нурмановой и С.-О. Саттарова. Под редакцией С.Н. Абашина. Алматы: Жібек жолы, 2011. – 350 с. 3. Кенжетай Д. Хазини – Ясауи мұрагері // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 4: Ислам философиясы. – 285-291 бб.
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

Қазыналы қара шаңырақ. Елді мекендер мен жер-су аттарына байланысты аңыз әңгімелер мен деректер // Құрастырғандар: Байғұтов М., Файзуллаев. – Алматы: Ана тілі

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Турсумбеков Болатказы Кажиевич
Астана қаласы, ШЖҚ МКК «№75 мектеп-гимназия» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер

Қожа Ахмет Ясауи - философ, ғұлама ойшыл, сопылық ақын, пәлсапашы, халықты имандылыққа жетелеген дананың өз ұлтына пайдасын, ұлт тәрбиесіне қосқан үлесін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қожа Ахмет Ясауидің барлық хикметтерінің негізгі тәрбиелік мәні халықты адалдыққа, имандылыққа шақыру. Ортағасырлық әдеби жәдігерлердің негізгі идеясы «Кемел адамға» тән қасиеттерді саралау, жан азығына айналар рухани құндылықты дәріптеу. Адамдарға өз бойындағы адалдық, адамгершіліктің күшеюіне ең керектісі иман екенін жеткізген. Адам баласын жаратқанға сеніп, арам пиғыл ойлардан аулақ жүруге үйреткен. Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166) - ойшыл, ақын-мистик және ғұлама ойшыл, сопылықтың түркі тармағының негізін қалаушы. Яссы қаласында дүниеге келген, 1093 жылы, басқа дереккөздерге сәйкес - 1103, 1036, 1041 ж. және 1166 жылы Сайрамда (Исфиджаб) қайтыс болды. Әкесінің ізінен ере өткен, тарихқа өшпестей із қалдырған Қожа Ахмет Ясауидің өміріне бір сәт көз жүгіртейік. Қожа Ахмет әуелі әкесі Ибраһимнен білім алса, кейін Арыстан бабтың шәкірті болды. Арыстан бабтан білім алды. Юсуф Хамаданиден діни білім алып, еліне оралған Қожа Ахмет Түркістанға келіп, сол кезде Орталық Азияда кең тараған сопылық, діни-тақуалық идеялардың ірі насихатшысына айналады. Сопылық исламдағы жаңа мистикалық-аскетикалық ағым болды. Қожа Ахмет Ясауи өз шығармаларын оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған алғашқы талантты түркі ақыны еді. Оның ең танымал шығармаларының қатарына "Диуани хикмет" ("Даналық кітабы"), "Мират-ул Кулуб" ("жан айнасы"), "Пақыр-нама" ("кедей туралы аңыз") жатады. Бірақ бізге бірнеше нұсқада жеткен ең танымал "Диуани хикмет" ("Даналық кітабы") Қожа Ахмет Ясауи, ол қыпшақ диалектісімен ескі түркі тілінде жазылған және түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына жатады. Түпнұсқа сақталмады, тек XV-XVI ғасырдың көшірмесі бізге жетті. Бұл жұмыста Ясауи тарикатының негізгі ережелері жинақталған. Қожа Ахмет Ясауи "Диуани - хикмет" имандылықты уағыздап, халықтағы адамгершілік, өмірдің мәнінің нығаюына ықпал етті. "Диуани - Хикмет" қолжазбалары негізінен Ташкент, Санкт-Петербург, Стамбул кітапханаларында сақталған. Бұл әлемдегі адамдар арасындағы әртүрлі қатынастар сияқты негізгі ойлар: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағаттану, нәпсі мен тәубе, Хаққа табыну дін талаптары тұрғысынан талданады. Бұл қанағаттану, адамгершілік, мейірімділік-

шапағат, адалдық, ізгілік туралы айтады. Әлемнің риясыздығын әлемнің игілігімен салыстырады. Осыған байланысты ол оны жай ғана көріп қана қоймай, басқа жесір-жетімдерге, мүсәпірлерге қолдау көрсетіп, жасалған күнәні уақтылы түсініп, өкініп, Жаратқаннан бұл туралы шын жүректен жалбарыну қажеттілігін ұтымды сипаттайды.

Дүниетанымдық ұстанымы имандылықтан құралған Ахмет Ясауи өз сөздерінде «Адам өз-өзін тану үшін хақты тану керек, оның басшысы тәубе! Жаратушы мен адам арасында, адам мен қоғам арасында көпір болуы керек. Жаратылған адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде құрметтеуді парыз деп қарайды»-деген болатын. Өзінің өмірлік парызы ретінде халықты ізгі істерге шақырып,уағызын хикметпен жеткізе білген Ахмет Ясауи әкесінің өмірлік жолын жалғап кетті.

Діни білімді алып оны өзгеге үйрете білген ақын Ахмет Ясауи «Диуани Хикметте» жазған болатын. Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. Жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайтара басылады. Алғаш рет бұл кітап қазақтар үшін қазақ тілінде Қазанда шығарылды. Пайғамбар жасына дейінгі бар өмірі хикметпен өтіп, кітап болып басылған Қожа Ахметтің өмірі бәріне белгілі болды. Елде, тіршілікте көрген азабы, хандардың әділетсіздігі, адамдардың жауыздығы, жүрегіне таңба болған өкініш оқиғаларының барлығын хикметпен жеткізеді, білдіреді. «Диуани хикмет» – көшпелі елдің ауыз әдебиеті. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің идеясы, жазылу тарихын, мәнін, ислам дініндегі рөлін Көпрүлузде, Баднарлы, Бертельс, Боровков, Рустамов, Зохидов тағы басқа ғалымдар жан-жақты зерттеді.

Қожа Ахмет Ясауи өзінің елеулі еңбегі болып табылатын «Диуани хикметте» «Жаратқанға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады. Біріншісі–шариғат. Екіншісі-тариғат. Үшіншісі-мағрифат. Төртіншісі-хақиқат. «Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күш. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу адамшылықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Жаратушы алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады. «Диуани хикметте» жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы тұжырымдар бертін келе, қазақ ақын-жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік жалғасын шығарды. Адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы біз үшін хикметтер болып табылды.

Басынан әркімнің бұл жалған өтер,
Баянсыз – жатпай жиған мал да бекер.
Қарындас, ата-анаң қайда кетті?
Ағаш ат солар мінген саған жетер.
Хақты сүй, пендешілік қамын жеме.
Қарындас, қатын-бала кімнен қалмас,

Қожа Ахмет, сынды, сорлы, сағың неге?

II. Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы бол,

Көре қалсаң мүсәпірді сырлас бол,

Махшар күні тәңірге жақын бол,

Менменсіген халайықтан қаштым міне.

Қожа Ахмет Ясауи өзінің хикметтерінің бірінде халыққа үлкен бір ой салды. Халыққа нәпсі-кірге алданбауын ескерткен. Дәл осылай ол өзінің басқа шығармаларында (хикметтерінде) халықты жақсылыққа шықырып, арам ойдан аулақ болуды айтқан. Өз сөзінде «Түркі - Ислам» деп қосарлап айтатын болған, әрі соны іс жүзіне асырған. Оған себеп, Ислам қағидаларын мүлтіксіз қабылдап оған Түркілердің ғасырлар бойы қалыптасқан Ата діні «Тәңірліктегі» әдет- ғұрып, салт-дәстүр, наным сенім, ырым-тыйымдарды заңдастырған. Жалпы адамгершілік тәрбиесін насихаттағанын көруге болады. Ырым дінге ешқашан қайшы келмейді. Мәселен, дін сабырлыққа шақырса, қазақ «сабыр түбі сары алтын» дейді. Дін берекеге шақырса – «береке түбі мереке» дейміз. Дін кешірімділікке шақырса, қазақта «алдыңа келсе, атанның құнын кеш» дейді. Дін жақсылық істе десе, «жақсылыққа – жақсылық әр адамның ісі, жаманшылыққа – жақсылық ер адамның ісі» дейміз. Дін үнемі жақсы сөз айт десе, қазақ «бір ауыз киелі сөз мың адамды жадыратады, бір ауыз күйелі сөз мың адамды ыдыратады» дейді. Міне қазақтың ырымдары осындай мәнді мағыналы мақал-мәтелдер мәйегінде жасалып, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелеу болып отырады. Салт-санамыздың өзегі болып саналады. Бұл сөздерді айтып отырған себебіміз, қазақтың дәстүрі мен сенімінің діндегі адамгершілікпен байланысты екенін байқаймыз. Ясауиді тек діни қайраткер деп түсінуге болмайды. Ясауи еңбектерін жіті қарастырғанда онда көптеген ғылымның сөз болатынын көруге болады. Мысалға алар болсақ, философия, әдебиет, педагогика, этнопедагогика, психология, математика, астрономия т.б. көптеген табиғи ғылымдарының жиынтығы десе де болады. Ясауидің қайсібір еңбегін алмасақ та, адамгершілік мәселесі, имандылық, инабаттылық т.б. тәрбиенің түрлі жақтары қарастырылған. Ойшыл жазған барлық хикметтерінің тәрбиелік мәні түсінген адам үшін үлкен бақыт. Адамдарға өз бойындағы адалдық, қайырымдылықтың күшеюіне ең керектісі иман екенін жеткізген. Адам баласын арам пиғыл ойлардан аулақ жүруге үйреткен. Әрбір жақсылыққа қанағат етуді жазып қалдырған. Осы жобаның ең маңызды бөлігіне келе отырып Қожа Ахметтің хикметтерінің мәні дұрыс жолға бағытталғанын білуге болады. «Әрбір адамның қадірін, ішкі дүниесі, адамгершілігін жетелеу үшін имандылық керек, мен соған жетелеймін»-деген арманын арқалап, жасы келсе де болашаққа қажетті азық қалдырам деп тынным таппай еңбек етіп хикмет жазған тұлпардың тұяғының әрбір сөзі мен ісі жас ұрпаққа үлгі болып қалуы тиіс деп ойлаймын.

Аннотация

Ахмет Ясауи - философ, сопылық ақын, пәлсапашы, халықты ислам дініне жетелеген Ахмет Ясауидің еңбектері қазақ халқының санасындағы басты моральдік норма ретінде ғасырлар бойы қазақ мәдениетінің қалыптасуына

өзіндік үлес қосты. Бұл мақалада «Диуани хикмет» әрбір адамды ізгілікке жетелейтін күш екені, әрбір адамның қадір-қасиеті, өмірде алатын орны мен мәні талданып жазылды. Ұлттық санада, кітапта жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы тұжырымдар бертін келе, қазақ ақын-жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік жалғасын тапқаны, қандай мәнге ие болғаны және қазіргі таңда қандай мәнде қолданылатыны талданды. Сондай-ақ, мақалада Қожа Ахмет Ясауи өз шығармаларын оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған алғашқы талантты түркі ақыны болуының көрініс табуы қарастырылды. Яғни, ол қыпшақ диалектісімен ескі түркі тілінде жазылған және түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып табылады. Өзі де білімді алып, оны өзгеге үйрете білген ақын ретінде анықталды.

Мақала кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түйін сөздер: мұра, философ, ізгілік, адалдық, ақыл, поэзия.

Аннотация

Ахмет Ясауи - философ, суфийский поэт, труды Ахмета Ясауи, приведшего народ к исламу, на протяжении веков способствовали становлению казахской культуры как главной нравственной нормы в сознании казахского народа. В данной статье «Дивани Хикмет» - это сила, ведущая каждого человека к добродетели, анализируется достоинство каждого человека, его место и смысл в жизни. В народном сознании в книге даны выводы о человечности, вере, довольстве, смирении и великодушии, проанализировано, что она нашла свое художественное продолжение в поэзии казахских поэтов, какое значение она имела и как используется сегодня. Также в статье рассмотрено проявление Ходжи Ахмета Ясауи как первого талантливого турецкого поэта, писавшего свои произведения на огузско-кипчакском диалекте. То есть оно написано на старотюркском языке с кипчакским диалектом и является общим наследием тюркоязычных народов. Его идентифицировали как поэта, способного брать знания и преподавать их другим.

Статья состоит из введения, основной части, заключения и списка использованных данных и литературы.

Ключевые слова: наследие, философ, добродетель, честность, ум, поэзия.

Abstract

Akhmet Yasawi - philosopher, Sufi poet, the works of Akhmet Yasawi, who led the people to Islam, over the centuries contributed to the formation of Kazakh culture as the main moral norm in the consciousness of the Kazakh people. In this article, "Divani Hikmet" is the force that leads every person to virtue; the dignity of each person, his place and meaning in life are analyzed. In the popular consciousness, the book gives conclusions about humanity, faith, contentment, humility and generosity, it is analyzed that it found its artistic continuation in the poetry of Kazakh poets, what significance it had and how it is used today. The article also examines the manifestation of Khoja Akhmet Yasawi as the first talented Turkish poet who wrote his works in the Oguz-Kipchak dialect. That is, it is written in the Old Turkic

language with a Kipchak dialect and is the common heritage of the Turkic-speaking peoples. He was identified as a poet with the ability to take knowledge and teach it to others.

The article consists of an introduction, main part, conclusion and a list of used data and literature.

Key words: heritage, philosopher, virtue, honesty, intelligence, poetry.

Әдебиеттер:

1. Ясауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Аударған Ж.Әбдірашев. Шымкент, 1993 жыл.
2. Ясауи Ахмет. Диуани хикметтен сежмелер. Әзірлеген К.Ераслан. Анкара. 1991ж.
3. Құран хикаялары. Құрастырған Мұхаммед Ахмет Жадмолла. Алматы. 1992 ж
4. Кенжетаяев Д.Т. Қожа Ахмет Иасауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 259б.
5. Әділбек Шафиқ -“Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қызметкері.<http://azretsultan.kz/?p=3204> Kazislam.kz порталына сілтеме Қожа Ахмет Ясауи хикметтері – тәрбиелік құрал. <https://articlekz.com/kk/article/16202>
6. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 3-том. ДИУАНИ ХИКМЕТ (ХИКМЕТ ЖИНАҒЫ) / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: «Ғылым» баспасы. 2016. – 210 б.
7. Мустафина Ж.Д. Борбасова Қ.М. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. * e-mail: zhanar_mustafina@list.ru **ҚАЗАҚЫ БЫРИМ-ТҮЙИМДАРДЫҢ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ**

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Турсумбекова Майнур Есенбековна

Астана қаласы, ШЖҚ МКК «№75 мектеп-гимназия» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының орта ғасырлық тарихында өзіндік орны бар ірі тарихи тұлғалардың бірі, XII ғасырдың ұлы ойшылы Ахмет Ясауидің есімімен байланысты болған сопылық философия қазақтардың дүниетанымын қалыптастыруға үлкен әсер етті. Ол өзінің көзқарасы бойынша сабырлылық пен аскетизмді уағыздаған ислам арасындағы мистикалық ілімді ұстанатын сопы болды. Сопылықты тану теориясының негізгі орны-шындықты мистикалық түсіну. Сопылық ойшылдар рационалды

білімнің құндылықтарын жоққа шығармады, бірақ сонымен бірге оның мүмкіндігінің шектеулі екенін атап өтті. Сопыларға арналған білім пәні діни шеңбермен шектелді. Олар үшін ең бастысы - Құдай мен адам деген сұрақтарға жауап іздеу, Құдайды түсіну мүмкін бе, адам өзінің өмірлік мінез-құлқында нені және қалай басшылыққа алуы керек және т. б. Даналық пен шындықтың дәндері, жақсылық пен жамандық, әділдік пен қатыгездік, білім мен надандық туралы ойлар Ахмет Ясауидің поэтикалық шығармасында көрініс тапты.

Қазақ жерінің ортағасырлық мәдениетінің дамуында орын алатын Ясауи жазған «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы). Ахмет Ясауи ислам дінінің қазақ арасында кең тарауына үлкен үлес қосқан, шығармасын елге түсінікті етіп, түркі тілінде жазған. Ол жергілікті халықтардың ескі дінін жоққа шығармаған, қайта оны ислам дінімен ұштастырған. "Диуани хикмет" ("Даналық кітабы") көне түркі тілінде қыпшақ диалектімен жазылған. Шығарманың тілі өте қарапайым және халықтың барлық топтары үшін түсінікті болды. Түркітілдес адамдар Ахметтің "хикметтерін" еш қиындықсыз оқи алады. Оның арқасында түркі тілі әдеби қолданысқа енгізілді.

Бұл туынды түркі халықтарының рухани игілігі болып табылады. Автор төрт ұстанымды түсіндіруге көп көңіл бөледі: шариғат, тарих, хакихат, мағрифат. Адамның анықтамасы рухани шиеленіссіз, шынайы берілгендіксіз. Ахмет Ясауи аскетизмге, сыртқы әлемнен бас тартуға және шыдамдылыққа, әділеттілікке, адалдыққа, мейірімділікке шақырады.

Ахмет Ясауидің діни философиясы бір қарағанда тек аскеттік өмір сүру мұраттарын насихаттайтын тұтас ілімді негіздеу болғанмен, түп мәні – тұлға қалыптастыру (аль-инсан аль-камил). Жетілген адам болмысының таза рухани-моральдік жағынан толыққандығының өзіндік бір үлгісін жасап шығарған оның ілімінде, мистикалық бейнелер мен қоғамдық өмірдің шынайы бейнелері қатыстырылып, өзіндік бір талғау мен шыңдалу, салыстыру мен ұмтылдыру сияқты стимулдарға айналған деуге де болады. Бірақ тұлға аскеттік өмір стилінде болған жағдайда ғана өзіндік бір жаңа руханияттық өрлеу сатысына көтеріледі, ол психологиялық, философиялық, педагогикалық арналар арқылы өзінің бағдарын айқындап алатындығы туралы айтылады. Нәтижесінде, діни ғашықтық сезім адамды кемелдендіруге алып келетін негізгі қозғаушы күш болып саналады. Көшпелі мәдени құндылықтарды сақтап, оның тіршілік етуін қамтамасыз еткен, "білектің күші, найзаның ұшымен" қорған болғандар - сол қоғамның төл перзенттері - алыптар. Сондықтан қуат пен күдіретті айшықтайтын бұл батырлық, ерлік, алыптық сияқты құндылықтар көшпелі адамдар үшін мақсат, үлкен мұрат болатын. "Қорқыт Ата" кітабындағы Байындыр Хан, Қазан Хан, Бамсы Байрақ, Боғаш Хандардың әрбірі алып тұлға, батыр, ер. Өйткені қоғамның мұрат еткен адамы осындай болу керек. Ал Иасауидің қоғамға қабылдатуды мақсат еткен идеал адам типі - кемел адам. Қорқыт Ата дүниетанымы бойынша әрбір адам батыр, ер болуға ұмтылуы тиіс болса, Иасауиде барлық адам "кемел адам" болуға ұмтылуы керек. Көшпелі мәдениеттегі ең негізгі құндылық болып табылатын батырлық, ерлік, алыптық ұғымы ислам мәдениетінде де дәріптелетін, мұрат болып саналатын басты құндылықтар. Дегенмен, Иасауи сопылық ілімі арқылы батырлықтың білекте

емес, жүректе екендігін, адамдық мәннің сыры оның рухы арқылы ашылатындығын басты тұғыр қылып көрсетті.

Біз сөз етіп отырған Ахмет Яссауи тәрбиенің адам баласына ықпал ету күшіне кәміл сенді, адамдығы мен адамгершілі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептейді. Тек дұрыс берілген тәрбиенің көзі ғана ақымақтыққа бастар істерден сақтап, мінез бен болмысты түзеуге ықпал етпек.

Адамзат баласының алдында үлкен белес тұрды. Ол адам бойындағы адагершілік қасиетін сақтап қалу еді. Сол тұстағы ойшылдардың алдында да осы мәселе болды. А.Яссауи де елге дұрыс жол сілтеп, нағыз адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттар керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жеріну керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарын оқып, үйренудің қазіргі сәт үшін мәні зор.

Ясауидің арқасында сопылық философиялық жүйе ретінде түркі халықтарының рухани танымы мен дүниетанымында шешуші рөл атқара бастады. Сопылықтың көмегімен түркі халықтары Шығыс философиясын, әлемдік дін философиясын таныды. XIV ғ. Әмір Темір нұсқауымен Ахмет Ясауидің сәулет ескерткіші тұрғызылды. Ясауидің «Даналық кітабы» кезінде Орта Азиядан бастап, Еділ жағалауына дейінгі көшпенді түркі тайпаларының арасында кеңірек тараған. Ахмет Ясауи өзінің атақты «Даналық кітабы» аталатын өлеңдерін жазған. Ақын өз өлеңдерінде:

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,

Шәкірттерге баян етсем қалмас арман.

Төрт мың төрт жүз хикмет айт хақ пәрменімен,

Пәрмен болса, өлгенше жырласам мен, - деп даналық сөздердің 4 мың 400 жол екендігін ескерткен.

Ахмет Ясауи жырлары әділдік, шапағаттық, мейірімділік, тақуалық, шыншылдық, ойлылық, тазалық секілді игі істерге арналады:

Сөзімді айтам зейін қояр барша жанға,

Жан жылуын, жүрек отын аңсағанға.

Демеу болсын ғарып, пақыр, шаршағанға,

Кекірейген кердендерден қаштым міне.

«Диуани Хихмет» атты еңбегінде діни-сопылық қағидалармен қатар оқу, білім алу, адалдық, имандылық, ізгі қасиетті болу, ақыл-парасатқа жету, жақсылық, жамандық, төзімді болу, достық пен махабатты қастерлеу, әділетті болу, адал жолмен жүру сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттады.

Қожа Ахметтің даналық сөздерінің көбінде ұстазы Арыстанбаб жиі еске алынады, ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады. Менменділік, көрсеқызар кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді, яғни бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді-мағыналы пікір, адамгершілік мұраттарына толы.

Қожа Ахмет кейбір хикметтерінде надандарға сөзіңді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ

деген адамгершілік құндылықтарды жоғары ұстай отырып, жағымсыз қасиеттерден адамдарды сақтандырады.

Шам айналып көбелектей түстім күйге,
Жалын атып, от боп жанып күйдім мен де.
Бұрынғыдан күрт өзгеріп бөгде болдым,
Құдай түспес ауызымнан, пенде болдым.

Міне, осылай Жаратқанға деген сүйіспеншілігі арқылы адалдық пен ақиқат жолын таңдаған ақын ақыры сопылық жолға түсіп, өзі айтқандай «әділ сөйлеп, адал жүрер жолда болып, тазалық тұрағына енген. Ақын баба өз хикметтерінде, өзінен бұрын өткен даналар сөзіне зейін қойып, олардан үйренгендігін жасырмаған». Ол дүние жинамаған. Адам баласының жан азығына айналар құндылықты дәріптеген, басқаларды соған шақырған.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Соңғы кезде елімізде демократиялық үрдістерге бетбұрыс негізінде Ахмет Ясауи, Ахмет Игүнеки сияқты діни философияның өкілдеріне деген көзқарасты өзгертіп, олардың іліміндегі адамгершілік құндылықтарды, тәлімдік-тәрбиелік қағидаларды, даналықтың үлгілері бар екендігін мойындатты. Халқымыздың ұлт болып қалыптасуы мен дамуына, ұлттық ерекшеліктерінің берік сақталуына Қожа Ахмет Ясауи ілімі тікелей әсер етті деп біз сеніммен айта аламыз. Соңғы кездері айтылып жүрген: «Қытай халқы үшін Конфуций ілімінің мәні қандай болса, Қазақстан қоғамы үшін Ясауи ілімінің маңызы да сондай ерекше» деген пікір осындай келелі ойлардан түйінделген тұжырым. Ясауи ілімі тек тарихи рөл атқарып қана қойған жоқ. Бұл ілімде қазіргі қоғамға қажетті идеологиялық ұстанымдардың барлығының негізі қаланған. Қазіргі зайырлы, өркениетті Қазақстан қоғамына зәру парасатты идеология мен қастерлі қағидалар Ясауи ілімінде көрініс тапқан. Рухани тәжірибесі аса бай қазақ халқы өзінің ұлттық бастауларындағы осындай табиғи, тұнық ілімдерді жаңғырту арқылы жаһандану жағдайында да өзінің бірегей болмысын сақтап қала алады. Тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде ұлтты ұйыстыра білген Ясауи ілімі қазіргі қазақ қоғамына да рухани бағдар болмақ. Тамырын туған топырағымыздан алатын, ұлттық болмысымыз бен ділімізге етене жақын Ясауи ілімін бүгінгі Қазақстан мемлекетінің идеологиялық тұғырнамасы ретінде орнықтыруға барлық негіздер бар.

Қоғамдағы тәрбиелік жұмыстарымен А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесі, ағартушылық қызметі, шығармашылық тарихи еңбектерін талдау, негізге алу, философиялық танымдарын жүйелеудің маңызын білу. Ахмет Ясауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзат пен қазақ әдебиетіне берер мәніне үңілу. Қазақ әдебиетінің бір өкілі ретінде ғана емес, рухани жан азығын тамырына сіңірген Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатыны анық. Оның бүгінгі таңда да өзіндік мәнін жоймаған ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолдануға болатын өсиеттік, ғибарттық, тәлім-тәрбиелік нақыл сөздерінің мәні ерекше. Қожа Ахмет Ясауи мұрасының бүгін де жастарды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде және рухани құндылықтарымызды насихаттауда мәні ерекше.

Аннотация

XI ғасырдың ұлы ойшылы Қожа Ахмет Ясауидің есімімен байланысты болған сопылық философия қазақтардың дүниетанымын қалыптастыруға үлкен әсер етті. Бұл мақалада халқымыздың ұлттық санасына, қазақ жерінің ортағасырлық мәдениетінің дамуында Ясауи жазған «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) шығармасының алатын орны мен мәні талданып жазылды. «Диуани Хикмет» атты еңбегінде діни-сопылық қағидалармен қатар оқу, білім алу, адалдық, имандылық, ізгі қасиетті болу, ақыл-парасатқа жету, жақсылық, жамандық, төзімді болу, достық пен махабатты қастерлеу, әділетті болу, адал жолмен жүру сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттау ұғымының қолданылатыны талданды. Сондай-ақ, мақалада «Қазақстан қоғамы үшін Ясауи ілімінің маңызы да ерекше» деген пікір көрініс табуы қарастырылды. Рухани тәжірибесі аса бай қазақ халқы өзінің ұлттық бастауларындағы осындай табиғи, тұнық ілімдерді жаңғырту арқылы жаһандану жағдайында да өзінің бірегей болмысын сақтап қала алатыны анықталды.

Мақала кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түйін сөздер: дүниетаным, ойшыл, даналық, шындық, түркі.

Аннотация

Большое влияние на оформление мировоззрения казахов оказала суфийская философия, связанная с именем великого мыслителя XI века Ходжи Ахмета Ясави. В данной статье анализируется место и значение произведения «Дивани хикмет» (Книга мудрости), написанного Ясави, в национальном сознании нашего народа, в развитии средневековой культуры казахской земли. В своем произведении «Дивани Хикмет» наряду с религиозными и суфийскими принципами он пропагандировал такие моральные ценности, как учеба, образование, честность, вера, освящение, понимание, хорошее и плохое, терпимость, дорожить дружбой и любовью, быть справедливым, следовать честному пути. Также в статье рассмотрено мнение о том, что «учение Ясави имеет особое значение для казахстанского общества». Установлено, что казахский народ, обладающий богатым духовным опытом, может сохранить свою уникальную самобытность даже в условиях глобализации, возродив столь естественные, чистые учения своих национальных корней.

Статья состоит из введения, основной части, заключения и списка использованной литературы.

Ключевые слова: мировоззрение, мыслитель, мудрость, истина, түрк.

Abstract

Sufi philosophy, associated with the name of the great thinker of the 11th century, Khoja Akhmet Yasawi, had a great influence on the formation of the Kazakh worldview. This article analyzes the place and significance of the work “Divani Khikmet” (Book of Wisdom), written by Yasawi, in the national consciousness of our people, in the development of the medieval culture of the Kazakh land. In his work “Diwani Hikmet”, along with religious and Sufi principles, he promoted such moral values as study, education, honesty, faith, sanctification, understanding, good and bad, tolerance, cherishing friendship and love, being fair, following an honest path.

The article also discusses the opinion that “Yasawi’s teaching is of particular importance for Kazakh society.” It has been established that the Kazakh people, having rich spiritual experience, can preserve their unique identity even in the context of globalization, reviving such natural, pure teachings of their national roots.

The article consists of an introduction, main part, conclusion and list of references.

Key words: worldview, thinker, wisdom, truth, Turk.

Әдебиет:

1. Қазақстанның педагогикалық ой антологиясы / құрамы. Қ. Б. Жарықбаев, С. Қ. Қалиев.- Алматы: Рауан, 1995.-512 Б.

2. Қазақстан тарихы Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін. - 5т. Алматы, 1997.-Т.3.-238с.

3. Менің атам Қорқыттың кітабы. - Мәскеу-Ленинград: КСРО АПН баспасы, 1962 ж ҚорқытАта.

4. Бейсенбай, Куаныш. Қ.А. Ясауидің – діни философиясындағы «кемел адам» концепциясы / Куаныш Бейсенбай, Ж. Е. Нурматов. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 7.1 (141.1). — С. 7-9. — URL: <https://moluch.ru/archive/141/39724/>

5. Қазақ және орыс тілдеріндегі энциклопедиялық жинақ. Алматы, ҚЭ, 1999.-798с.

6. Сүлейменов О. эссе, публицистика. Өлеңдер, өлеңдер. Азия/ О. Сүлейменов.- Алматы: Жалын, 1989.-592с. М.Қашқари.- Мәскеу: Жоғары мектеп, 1951.-135с.

7. <https://massaget.kz/blogs/28587/>

8. <https://kozhal.ar.kz/20219784-q-a-yassau-i-engbekterining-filosofiyalyq-zhane-talim-tarbielik-mani>

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Тұрсынқұлова Дана Әділқызы

Түркістан қаласы, №15 М.Жұмабаев атындағы мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде: «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады», – деді [1]. Қазіргі жастардың бойында рухани-адамгершілік қағидаларының толық сақталмауы, жалпы адами әдеп негіздерінің жетіспеушілігі, адал еңбек ету ниеттері мен ерік-жігердің төмендеуі, өмірлік мақсаттарының айқын еместігі, сабырсыздық, ашуланшақтық, қатыгездік, кек сақтаушылық сияқты қасиеттердің болуы осы ұлттық құндылықтарымыздың төмендеуінен деп түсінемін. Қай заманда өмір сүрсек те, қаншалықты ғылым мен техника дамыса да, ұлттық

құндылықтарымызды, ұлттық кодымызды сақтап, ұлы ғұламаларымыз Қ.А.Ясауи, А.Құнанбайұлы, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы салып кеткен сара жолмен білім берсек, адаспасымыз хақ. Осы ғұламалардың еңбектеріне, өмір жолдарына тоқталар болсақ, Қ.А.Ясауи бабамыздың берері мол деп есептеймін. Ол үшін олардың шығармашылықтарына көз жүгіртуіміз қажет. Қ.А. Ясауи бабамыздың шығармашылығын түсіну үшін оның жазған еңбектерінің ішкі мазмұнына үңіліп, оның әдебиетін, шығармаларын жетік білуіміз керек. Сонда ғана біз оны өз тәжірибемізде кеңінен қолдана аламыз. Жалпы алғанда Яссауи мұраларын бірден оқып кету мүмкін емес. Оның еңбектері күрделі әрі оларды тез меңгеріп алу қиын. Оған көп ізденіс пен уақыт қажет. Оның әрбір еңбегінде үлкен мән мен пәлсапа бар. Философиялық болсын, әдеби және діни, психологиялық-педогогикалық жағынан алып қарасақ та, тіл және де тағы басқа да тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелері өте көп. Сондықтан бабамыздың мұраларын ұқыптылықпен талдай отырып оқу және оны ойсүзгіден өткізу қажет. Ахмет Ясауи бабамыздың өміріне қатысты ең басты құнды кітабы, барша мұсылман халқына мәлім кітабы оның хикметтер жинағы болып табылады. Бұл жинақ көптеген тілдерге аударылып, таратылған. Ясауидің бұл алғашқы еңбегі «Диуани хикмет». «Диуани хикмет» еңбегі ел аузында айтылып қол жазба түрінде сақталған. Бұл кітапты «Даналық кітабы» деп атап жүрміз. Ақын өз кітабын Орта Азия мен Қыпшақ даласының түркілеріне түсінікті болған шағатай тілінде жазған. Ахмет Ясауи өлеңдер жинағының ең толық нұсқасы 149 хикметтен тұрады. Соның 109 хикметі Яссауидің өзінікі екені даусыз. Қалғандары шәкірттері тарапынан жазылып, жинаққа еніп кеткен жыр жолдары болса керек. «Диуани хикмет» шығармасында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің үлкен бір саласы-имандылық тәрбиесі. Имандылық – адамзаттың ең биік өресі. Кез келген жерде, мейлі өмірде, мейлі оқуда, мейлі көшеде, мейлі білім саласында болсын барлық жерде бірінші имандылық, ұят, ұлттық тәрбие болуы тиіс. Имандылық - адамгершіліктің тұтқасы, негізгі көзі. Имандылықтан туатын құндылықтар: әділеттілік, турашылдық, ар-ұят, намыс, сабыр, төзімділік, жомарттық, шыншылдық, мейірімділік, ата-анаға құрмет, отансүйгіштік, қанағатшылдық, әдептілік, тәрбиелік, тазалық.

Осы кезге дейінгі педагогикада тәрбиенің сан алуан түрлері сөз болғаны белгілі. Олар ақыл-ой, дене шынықтыру, адамгершілік тәрбиелері. Ясауидің ойынша адамның имандылығы оның тілегінен, мақсатынан, жүріс-тұрысынан, әрбір ісінен көрініп тұрады. Ясауидің нақыл сөздеріне тоқтала кетерболсақ:

1. Жамандық ойлама. Қиын да болса түзу жолмен жүр.

2. Өзім болдым демегейсің.
3. Ойдағың оңай орындала бермейді.
4. Жалған сөйлеген имансыз қалады.
5. Бәле келсе – сабыр ет: бәрі Тәңірінің ісі.
6. Мал-мүлік жидым деп мәз болма – жан кеткенде бәрі де қалады.
- 7 Кісі ақысын жеме.
8. Ғайбат айтып әркімдерді тілдеу – надандық.
9. Арың сақта, болсаң да малға кедей.

10. Жамандыққа жақсылықпен жауап бер, бұл – пайғамбарымыздың өнегесі - деген нақыл сөздерінде бұл өмірдің жалған екенін, өмірді жақсы сүріп, адал еңбек етіп, әрқашан жақсылық жасап, жалғандықтан аулақ болып, білім алып кемелденуге шақырады. Айтылған нақыл сөздері ғибрат пен тәлім-тәрбиеге толы екенін көрсетеді.

Ахмет Ясауи тәрбиенің адам баласына ең ықпал етуші күш екенін білді, адамдығы мен адамгершілі мол пенде жауыздыққа бармайды деп есептеді. Тек дені дұрыс берілген тәрбие ғана ақымақтыққа бастар істерден сақтап, мінез бен болмысты түзеуге ықпал ететіне сенді. Тағы бір нақыл сөздерінде:

Үлкен-кіші адамнан иба кетті,

Қыз-бозбала жастардан әдеп кетті,

Мінез-құлық бұзатын әдет жетті,

Бұл не деген заман болды, достар?

Жамағаттың жақсыға құрметі жоқ,

Кішілердің үлкенге ізеті жоқ,

Патшалардың әділдік міндеті жоқ,

Бұл не деген заман болды, достар?!

Айтылған сөз, уәденің байламы жоқ,

Өтірікке шындықтың қайраны жоқ,

Шындық айттым осылай шырқыраған,

Құл Қожа-Ахмет сөзінің жалғаны жоқ -деп, тәрбиесіздіктің белең алып кеткенін сол заматтан-ақ айтып кетті. Сайып келгенде осының барлығы жастарды дұрыс тәрбиеге шақырып, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болуды, мінезді бұзатын жаман әдеттерден аулақ болуға шақырды.

Сондай-ақ, тәрбиенің барлығы ұстаз арқылы берілетіндігін айтты. Ұлы ойшыл Әл-Фараби бабамыз да «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы деген еді. Тәрбиесіздік - келешекте адам өміріне зиян әкеледі» деп тәрбиеге аса қатты көңіл бөлу керектігін айтып кеткен еді. Ойшылдарымыздың екеуі де бірінші адамға білім емес тәрбиенің маңызын сол кезден-ақ айтып кеткен. Яғни бабамыздың хикметтері толған ғибрат, мәнді де мағыналы пікірлерден тұрғанына күмәніміз болмасын. Қожа Ахмет Ясауидің бір хикметтерінде надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние-байлыққа еріп кетпе, оның барлығы өткінші бос дүние деп те айтып кеткен. Оны мына бір нақыл сөздерінен қарасақ болады:

1. Ит дүниені қызықтама.

2. Бейнеттен қашпа.

3 Сүйсең – хақты сүй.

4. Көңілің тойсын қанағатқа.

5. Қызметеленбейқалмайды.

Қ.А.Ясауи бабамыз елге дұрыс жол сілтеп, адами құндылықты көрсету үшін қандай шарттар керек екенін көрсетіп, өзінің алдындағы басты парызын орындау керектігін сезіне білді. Оның осы жалған дүниеде не нәрсеге ұмтылып, не нәрседен жирену керектігін бейнелейтін ұлағатты ұғымдарынан тануға

болады. Бұл хикметтеріндегі ұлағатты сөздері ұлы дана Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол...» -деп адамдық, адамгершілік жайын қозғаған. Абай да Ясауи бабамыз секілді өсек, өтірік, мақтаншақтық сезімдерінен аулақ болуды, еңбек пен қанағат, терең ойлау арқылы өз-өзіне сеніп, адам ретінде қалыптасу жолын айтып кетті.

. Қ.А Ясауи алғашқы білімді өз әкесі Ибрахим Шайхтан алады, одан кейін Арыстан бабтың шәкірті болады. Кейін өзінің пірі болып кеткен Хамаданиді тауып, соның жанында көптеген жылдар бойы тәлім-тәрбие алады. Бұхарада бінеше жылдар бойы Хамаданидің мектебінде басшылықта жүріп, өз туған елі Түркістанға қайта келеді. Мұндағы келуінің мақсаты өз мектебін ашу еді. Зерттеулерде айтылғандай, Хамаданидің басқалардан ерекше көзге түскен төрт шәкірті болады. Олар: Хасан Андақи, Абдуллах Барақи, Қ.А Ясауи және Абдухалық Ғыждуани. Міне осы төрт шәкірті кезекпен Хамадани мектебін басқарады. Бірақ осылардың арасында Қ.А.Ясауи ғана еліне оралып, өз мектебін ашады. Яссаудің мектебінен әлемге әйгілі болған шәкірттері өте көп. Олар: Ұзын Хасан ата, Сایی ата, Камал шайх иқани,Таж қожа, Зеңгі ата, Қажы Бекас, Жүніс Әміре т.б Қазіргі таңда Ясаудің шәкірттері, жолын қуушыларының еңбектері түркі елдерінен бөлек, батыс елдерінен де шығып жатыр. Бұл ненің дәлелі? Бұл Ясауи бабамыздың баға жетпес құнды еңбегі мен берген білімінің арқасы деп түсінемін. Қайсы еңбегін алсақ та, тұнып тұрған өсиет сөздер мен тәлім-тәрбиеге толы екенін көрсетеді. Қай еңбегін қарамасақ та жастарды жамандықтан аулақ болып, жақсылық жасауды, дүниеге қызықпай, өз білімімен, еңбегімен жетістікке жетуге болатындығын, қанағатшыл болуды, еріншектіктен сақтанып, бейнеттен қашпауға, елдің, жердің, ата-ананы қадірін білуге шақырады. Мұның барлығы ұлттық тәрбие емес пе? Бізге қажеті де осы емес пе? Жоғарыда айтылған құндылықтарды сақтай отырып, ұлттық мәдениетімізді, ұлттық кодымызды сақтай отырып, жаңа заман талабына сай болу. Президентіміз айтқандай, ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болмақ. Қорыта айтқанда, белгілі педагог А. С. Макаренко «Біздің балаларымыз – біздің қарттық шағымыз. Дұрыс тәрбие беру – бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, ал нашар тәрбие беру – біздің болашақтағы қайғы-қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқа адамдар алдындағы, еліміздің алдындағы біздің кінәміз». Осы ойды түйіндей келетін болсақ, жас ұрпақ тәрбиесінде жіберіліп отырған бүгінгі қателіктер, келешекте қоғамда рухани құндылықтары, қасиеттері төмен адамдардың көбеюіне және соның негізінде қоғамның адами капиталының сапасының әлсіздігіне әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан да әрқайсымыз осы дүние үшін, болашақ үшін, еліміздің келешегі үшін жауаптымыз. Сондықтан да ұстаз ретінде жауапкершілікті қолға алып, ұлы ағартушыларымыздың, ұлы тұлғаларымыздың салып кеткен сара жолынан адаспай, қаншалықты әлемнің дамуына қарамастан, ұлттық құндылығымызды жоғалтпай, ұлттық кодымызды сақтап сапалы білім, мықты тәрбие беруіміз керек деп есептеймін.

Аңдатпа

Бұл мақалада ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін пайдалана отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуді жетілдірудің өзектілігі мен маңыздылығы айтылады. Сондай-ақ Қ.А.Ясауидің рухани адамгершілік тәлім-тәрбиесін, ағартушылық қызметінің, шығармашылық еңбектерін талдай отырып, оның оқу-тәрбие ісінде қолданысын кеңінен насихаттау. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің тереңіне бойлай отырып, оның адамзатқа берер тәрбиесіне, қалдырған мұраларының мәніне үңілу. Ахмет Ясауи даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген бұдан әрі де мұра болып қала бермек.

Аннотация

В данной статье говорится об актуальности и важности совершенствования воспитания подрастающего поколения с использованием системы национальных и общечеловеческих ценностей. Также анализируем духовно-нравственное учение К. А. Ясауи, его просветительскую деятельность, творчество и широко пропагандируем его использование в просветительской работе. Углубляясь в учение Ходжи Ахмета Ясави, всматриваясь в суть его наследия и образования, которое он дал человечеству. Мудрость Ахмета Ясави передавалась из поколения в поколение на протяжении тысячелетий и будет продолжать оставаться наследием.

Annotations

This article talks about the relevance and importance of improving the education of the younger generation using the system of national and universal values. Also, analyzing the spiritual and moral teachings of K. A. Yasau, his educational activities, creative works, and widely propagating his use in educational work. Going deep into the teachings of Khoja Ahmet Yasawi, looking into the essence of his legacy and the education he gave to humanity. Ahmet Yasawi's wisdom has been inherited from generation to generation for thousands of years and will continue to be a legacy.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (электронды ресурc) // https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysykasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-jne-ylum-attytamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysyndasoilegen-sozi
2. Жұмабаев, М. Педагогика [Мәтін]. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Кенжетев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Филос. ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.
4. «Ақмешіт жастары» Қызылорда облыстық газеті .
5. https://www.google.com/url?sa=i&url=https%3A%2F%2Fnatujala.ru%2FdnhyIvv&psig=AOvVaw2_2kTjc1ptxUuUUjsZU6gI&ust=1706520496160000&source=images&cd=vfe&opi=89978449&ved=0CAYQn5wMahcKEwjAqsvo5_

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Тусупбекова Аяжан Саттаровна
ІТ мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Мектептегі оқу мен тәрбие, пәндік білім беру сабақтары және сыныптан тыс іс-шаралар оқушылардың жас ерекшелігі, психологиясына байланысты ұйымдастырылады. Сондай-ақ, балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтасы мен құлшынысын дамыту әдебиетті оқытудағы, әсіресе, білім берудің аса маңызды талаптарының бірі. Тиімділік идеялары, саралап-даралап оқыту, оқушылардың бүкіл ой еңбегін, оған ерекше күш түсірмейтіндей, қонымды, қолайлы, нақтылы, белгілі бір уақыттарды нәтижелі, жемісті болатындай етіп ұйымдастыру, жүргізу туралы сөз етеді. Көптеген ғалымдар, психологтар, мұғалімдер зерттеулері, пікірлері бойынша оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұратындығын айтады. 8-9 сыныптардағы оқушылар- 13-14-тегі жасөспірімдер. Бүгінгі таңда оқу бағдарламасына Ахмет Ясауи шығармалары 8-сыныптан енгізіліп оқытылуда. Оқушының жан дүниесін түсіне біліп, шығармашылық қабілетін дамытуда Ахмет Ясауи шығармаларын тиімді оқытудың маңызды тұстары бар.

Сабақ үдерісінде оқытудың Блум технологиясын қолдана отырып, сабағымның мақсатына сәйкес білім беру критерийімен жұмыс жасаймын. Қабілеті, дарыны, ынтасы, еске ұстауы, алғырлығы, ойлылығы жағынан бір сыныптағы бір жастағы балалардың өзі әр түрлі болып келетіні тәжірибеден белгілі.

Қожа Ахмет Ясауидің «Даналық кітабындағы» хикметтерді оқып, мазмұнымен танысқан соң, шығарманы талдау жұмысы басталады. Бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасы көркем шығарманы оқыту және кейіпкерлеріне мінездеме берумен шектелмейді. Шығарманы талдай отырып, оқушылар мәтін табиғатына үңіледі, ойланады, шығармашылық ізденіске баулитын шығарманың көркемдік, идеялық тұрғыда және заман көзқарасы тұрғысында пікір білдіреді. Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың танымдық деңгейін қалыптастыруда «Білу» деңгейінде мынадай сұрақтар арқылы тақырыптың ашылуына қадам жасаймын. Мәселен, білу тапсырмалары:

1. Ахмет Ясауи туралы не білдіңдер?
2. Бүгінгі күнге дейін жеткен шығармасы қалай аталады?
3. А. Ясауи «Даналық кітабы» еңбегінде қандай игі қасиеттер мен істерді насихаттайды? Қандай жағымсыз қылықтардан сақтандырады?
4. «Хикмет» сөзін қалай түсінесіңдер?
5. Ясауи кесенесінің тарихы туралы не білесіңдер?

Көркем шығарма мәтінін талдаудың сапалы болуы сабақ беретін мұғалімнің шеберлігіне, ізденімпаздығына және жаңашылдығына байланысты

екенін ескере отырып, сабақ барысында Блум таксономиясының «Түсіну» кезеңінде мынадай проблемалық сұрақтар арқылы шығарманың негізгі идеясын ашуға жетелеймін. Мысалы:

1. А. Ясауи неліктен өмірінің соңғы сәттерін қылуғе өткізді?
2. Не үшін ақиқатты артық көрді деп ойлайсындар?
3. Өмір сүрудің мәні неде ?

Оқушылар сұрақтардың жүйелі, реттілікпен қойылуына байланысты, өздерінің ойларын ұтымды түрде жауап беруге дағдыланады. Көркем мәтінді талдау арқылы оқушылар өмір шындығымен, онда кездесетін қилы-қилы тағдыр тауқыметімен, жазушының өзіндік пікірімен танысады. Сабақтың талдау бөлімінде оқушылар венн диаграммасы арқылы Ахмет Ясауи ілімін Абай мұрасымен салыстырады.

Мәселен:

А. Ясауи хикметтері	Ұқсастығы	Абай өлеңдері

Сабақтың жинақтау кезеңінде оқушылар блум таксономиясының қолдану деңгейімен кіріктіре отырып, «Дана үкілер» техникасын пайдалану арқылы оқуы сауаттылығы артады, мысалы:

- Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазу;
- Мәтіннен сендер күтпеген, сендердің бұрынғы ұғымдарыңа қайшы тұрған ақпаратты табындар;
- Сендер үшін жаңалық;
- Маңызды өмірлік даналық;
- Таныс және таныс емес ақпараттарды іріктеу;
- Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба арқылы бейнелеу;
- Үлгі боларлық қорытынды. Оқыған хикметтен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды жазу;

Оқушылардың зерттеушілік танымдық құзыреттілігін дамыту барысында ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу алгоритмін үйренеді. Осы орайда ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау барысында оқушылар ел аузында аңыз ғып айтып жүрген Санжар Керімбай мырзаның Ясауи туралы әңгімесін тауып, ФБ желісінен оқыған ақпаратымен бөлісті. Ол әңгіменің мазмұны мынадай: «Студент кезімде бір жігітпен жатақханада тұрып едік. Оның туған қарындасы да студент болатын. Қарындасы ағасының бөлмесіне жиі келіп тұратын. Осылайша таныс, біліс, туыс болып кеттік. Обалы не керек, шешесі қызына қазақы тәрбиені аямай-ақ берген. Ілім-білімге құштар қыз еді. Оқымаған әдебиеті жоқ. Үйлі-баранды болып, жұмыс істеп жүрген кезімде де оны ара-тұра кездестіріп тұрдым. Оқуын озат бітіріп, ұстаз боп жұмысқа тұрыпты. Көрген сайын жағдайымды, отбасымды, бала-шағамды сұрап ілтипатын білдіріп жататын. Осыдан он жыл бұрын бағы ашылып, тұрмысқа шығып, басқа қалада отбасылық өмірін ел қатарлы сүріп жатты. ФБ-да доспыз. Бәрін бақылап, оқып отырады. Бір күні хабарласып отбасылық өмірінің бір мұңын айтты. Айтысынша қайын жұрты да, күйеуі де керемет кісілер. Тек

Тәңірім бір перзентке зар қылыпты. Шаңырақ көтергелі он жылдан асса да баладан белгі болмапты. Соған орай отағасының көңіл - күйі пәс тартыпты. Үй ішін көңілсіз атмосфера жайлап алғанға ұқсайды. Ем-домның бәрін жасаған. Қаралмаған дәрігерлері қалмапты. Медицинаның соңғы жетістігін түгел қолданған. Биылдан кеш қалсам бала бақытының қақпасы мәңгілікке жабылады» дейді. Бұл қаралы хабар екеуінің сағын сындырып жіберуге шақ қалады. Былтыр көктемде телефон шалып:

- Аға, енді Тәңірім бір керемет көрсетпесе адамның қолынан келетін барлық құдіретті сынап біттік. Не ақыл бересіз? - деді. Мен:

- Ойлануға уақыт бер. Кешке хабарлас, - дедім. Кешке тағы да хабарласып:

- Не айтасыз? - деді. Мен:

- Енді әулие бір керемет жасамаса, тірілер мен дәрілерден қайран жоқ сияқты, - дедім.

- Рас айтасыз. Тірілерді түгел түгендеп болған сияқтымын, - деді ол таусылып.

- Ендеше соңғы амал мынау: Былтыр 2016-шы жылды ЮНЕСКО «Яссауи жылы» деп жариялаған. Бірақ Қазақстан тарапы оны тойламады. Үкімет жағы жұмған аузын ашпады. Осылайша Әзірет Сұлтанның әруағынан ұят болды. Сен енді былай ет, - дедім.

- Не істейін? - деді аптығып.

- Сен студенттерге әдебиеттен сабақ бересің ғой, солай ма?

- Иә.

- Яссауи жылына орай бір үлкен семинар өткіз. Яссауидің хикметтеріне жаңаша талдау жаса. Әзірет Сұлтанның ерлігін паш ет. Қожа Ахмет атаң риза болып, жатқан жерінде бір аунап түссін. Әулие разы болса, бір кереметін көрсетіп, Тәңірсінен бір бала сұрап алып берер. «Ұлық Құдай нығметтерін құлдарына сатып бермейді, сылтауға береді» деген. Ұлық Алла семинарды сылтау қылып бір ұлды сыйға тартып жіберсе кәнекей, - дедім тура бір тылсыммен тілдесетін тақуадай.

- Олай болса ғажап болар еді, аға. Бірақ мен хикметтерді сіздер сияқты талдай алмаймын ғой. Университетте оны «Орта ғасырдағы сопылық әдебиет» деп желдіртіп өте шығады. Сондықтан өзім де терең ұқпаймын.

- Сен енді желдіртіп өте шықпа. Хикметтердің ішкі мәніне барынша терең бойла. Мағынасын түбінен тарат. Рухани болмыстың сипаттарына онтологиялық сараптама жаса. Студенттерге символика тілін үйрет.

- Оны қалай түсіндіремін? Менде ондай тәжірибе жоқ қой.

- Оны былай түсіндіресің, - дедім де Яссауидің «Аманат алу» оқиғасынан бері қарай тарата бастадым. Ол қолына қалам алып асығыс жазып жатыр. Түсінбеген тұсын қайта сұрайды. Тәптіштеп айтып мен тұрмын. Сонымен әңгіме бітті.

- Ой, рақмет аға, ертең сабаққа бара сала семинарды қолға аламын, - деп қоштасты. Үш күннен соң тағы толғап:

- Ой, аға, бүгінгі семинар керемет болды. Шынымен де қазіргі буын Әзірет Сұлтанды ұмыта бастапты. Басында жақтырмай тыжырынып отырған. Аңыздардың символика тілі екенін айтып бастағанда тіріле бастады. Сабақтан

соң бәрі басқа хәлге өзгеріп, шабытты көңіл күйде үйлеріне тарады, - деді қуанышы қойнына сыймай.

- Әй, жарайсың, сен қыз! Құдай қаласа көп ұзамай ұлды боласың. Әзірет Сұлтан бабаң арызыңды бүгін барып Аллаға өзі жеткерер деп батамды бердім. Біраз айлардан соң, түсте телефоным толғай жөнелді. Алып қарадым. Келіншектің аты шығып тұр. Жүрегім зырқ ете қалды. «Уа, Тәңірім, жақсы хабар өзіннен болсын!» деп күбірледім де жасыл түймені басып кеп жібердім. Арғы жақтан адамның емес, пейіште өмір сүретін ерекше бір жаратылыстың дауысы естіліп тұрған сияқты сезілді. Жүрегіндегі шаттықтың телегей толқыны телефон тұтқасына сыймай, жарып жіберердей болып тоқтаусыз атқылап, құлағыма құйылып жатыр. Мен болсам, мына жақта үстінен он тонна жүк түскен кісідей түпсіз рақатқа баттым да кеттім. Содан не керек, құтты болсын айтып қоштастым. Өткен аптада Әзірет Сұлтан бабамыздың Алладан сұрап әперген бөпесі аман-есен, сау-саламат жарық дүние есігін ашты. Атын Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Яссауи атамыздың құрметіне Ахмет деп қойды» [3]

Оқушылардың осындай тың ақпараттарды әлеуметтік мессенджерлерден тауып алып, осы әңгімедегі ұлттық құндылық – үлкенді сыйлау, бата беру дәстүрінің, сонымен қатар халқымыздың түсінігіндегі «Өлі риза болмай, тірі байымас» дейтін өсиет сөздері көркем шығарманы талдау барысында оқушылардың шынайы болмысын ашуда шеберлігін көрсетіп жатты. Оқушы осындай көркем әңгімелер арқылы шығарманың көркемдік мәнін, көркем шығарманың әсемдік пен әдемілікті, өмір мен өнер тұрғысында талдап, сөз өнерінің тәрбие берудегі маңызын, талдау материалының баланың біліміне, жасына үйлесімділігімен, қоғамдағы өмірлік мәселелермен байланыстыра отырып, шығарманы лайықты талдай алатын деңгейге жетті.

Біз оқушыларға тұлғалық және рухани құндылықтарды көркем шығарма арқылы бойға сіңіруіне жан-жақты үлес қоса білуіміз керек. Ахмет Ясауи шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен рухани құндылықтар оқушы бойына адамгершіліктің дәнін егіп, асыл қасиеттерді сіңіруде маңызды рөл атқарары анық.

Аннотация

Автор ғылыми зерттеу мақаласында әдебиет сабағында Ахмет Ясауи шығармаларын оқытудағы әдістермен бөліседі. Көркем шығарманы талдау жасау барысында ақын туралы деректерді пайдалана білу, бүгінгі заман тұрғысынан талдау жасай білу, ақпараттарды дерек көздерден алу барысында саралай білуді маңызды деп санайды. Сабақтың өн бойында Блум таксономиясын қолданудың жолдарын көрсеткен.

Аннотация

В научно-исследовательской статье автор делится методами преподавания произведений Ахмета Ясауи на уроке литературы. Важно уметь использовать данные о поэте при анализе художественного произведения, уметь анализировать его с точки зрения сегодняшнего дня, уметь отличать информацию от источников. На протяжении всего урока автор применял способы использования таксономии Блума.

Annotation

In a research article, the author shares methods for teaching the works of Ahmet Yasawi in a literature lesson. It is important to be able to use data about the poet when analyzing a work of art, to be able to analyze it from the point of view of today, to be able to distinguish information from sources. Throughout the lesson, the author applied ways to use Bloom's Taxonomy.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мырзахметұлы М. Ясауидегі «жан ғалымы, тән ғалымы» хақында. Қ. А. Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. – Б. 11.
2. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Оқу-құралы. – Астана: Елорда, 2001. – 79-80 бб.
3. Қ. А. Иассауи Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995. – 208 б.
4. Қазақ әдебиеті. 8-сынып. Арман ПВ баспасы, 2017ж

ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Усенбеков Марат Кабылханұлы

Түркістан облысы «Білім беруді дамыту орталығы» КММ тарих және құқық пәнінің әдіскері

Биыл Қазақ тарихында ғана емес, бүкіл түркі әлемінде өшпес із қалдырған Қожа Ахмет Ясауиге 930 жыл толады. Осыған орай Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегін Абай атамыздың «Ғақлия» философиялық тарақтаттымен салыстырмалы түрде талдау жасағанды жөн көрдім.

«Ұлы Дала жеті қыры» мақаласының «Түркі әлемінің бесігі» бөлігінде «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан» деп айтылған.

Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Қазақстанның ежелгі ғалымдардың қалалары, сол замандағы ғылымның шаңырағы Отырар, Түркістан халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады. Айта кетсек «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы «Ұлы дала жеті қыры» мақаласының екінші бөлімде «Тарихи сананы жаңғырту» «Архив – 2025» жобаның мақсаты

өзге елдерде архивтік деректерді тереңнен зерттеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының білім беру ұйымдарына арналған әдістемелік нұсқаулығында білім алушыларға рухани құндылықтарды дәріптеуге педагогтерге бағыт бағдар берілген.

Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Осыны ескере отырып «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясына өз мақаламызда Ясауи мен Абай атамызды салыстырғанымыз жөн деп таптым.

Ясауи мен Абай – өткен ғасырлардағы ұрпақтарының адамгершілік және рухани құндылықтарын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан шығармашыл тұлғалар.

Алдымен «диуани», «хикмет», «ғақлиясы» сөздерінің мағынасына тоқталайық.

Диуан (парсы - жазып алу, кітап) – шығыс классикалық әдебиетіндегі бір немесе бірнеше ақынның шығармаларын қамтитын жинақтың атауы. Диуандағы шығармалар жанр бойынша, әліпбилік тәртіппен орналасады. Шығыс поэзиясында дастандар, поэмалар хамса боп бестен біріктірілсе, Диуанға, негізінен, көлемі шағын көркем шығармалар-ғазалдар, сонымен бірге қасидалар, мұхаммастар, мусаддастар, алты-тармақ, мусаббалар (жетітармақ, қыталар) (үздіктер), рубай, мәснәуилер кірген. Шығыстың белгілі шайырларында бір немесе бірнеше Диуан болған. Мысалы, Әлішер Науаидың (1441–1501) «Чар Диуан» (төрт диуан) атты шығармалар жинағы болған. Әрқайсысының жеке тақырыбы, аты болған. Батыс әдебиетінде бұл үлгіде жасалған В. Гетенің әйгілі шығармасы – «Батыс-шығыс диуаны». «**Диуан**» сөзі «**кітап**» деген мағынаны білдіріп, басқа да жинақтарға қолданылған. Махмұт Қашқари үш томдық түсіндірме сөздігін «Диуани лұғат ат-түрк» деп атаса, Қожа Ахмет Ясауи хикметтер жинағын «Диуани хикмет» деп атаған.[1]

Хикмет – адамдық құндылықтардың ең жоғарғысы. Бұл тек теория немесе логика жолымен ғана емес, сонымен қатар өзінің көңіл көзін ашудың, өзін-өзі табудың нәтижесінде жүзеге асатын жүйелі интуициялық ақиқатқа негізделген ілім.[2]

Ғақлия – көркем қара сөз, нақыл сөздің бір түрі, дүниенің құпия сыры терең таразыланған ойлар мен пікірлер, трактат. Ғақлия араб сөзі «**дана сөз**», «даналық маржан сөздер» деген ұғымды білдіреді. Ежелгі дәуірдің өзінде Шығыс әдебиетінде бар болған бұл прозалық жанр қазақ әдебиетіне ХІХ ғасыр соңында жазба әдебиеттің нық қалыптасқан тұсында жаңғырып келді. Ғақлия сөздерде қоғамға қажетті сан алуан мәселелер қозғалады. Қазақ әдебиетінде Абай, Ыбырай шығармаларында ғақлия сөздер мол кездеседі. Абайдың пайымдауынша, ғақлияға жүйріктер хакім, ғақлияға жүйріктер ғалым аталады. Ал хакім ғалымнан биік тұрады, өйткені хакім ғылымның бір саласымен ғана айналыспай, ортақ заңдылықтарды танып ашуға ұмтылған ойшылдығы себепті де бұл дәрежеге жете алады.[3]

Ясауидің қазір қазақ оқырманына 150-ден аса хикметі таныс. Ал түрік ғалымдары оның 217 хикметін түрікшеге аударып, басып шығарды. Өзбек

ғалымы Надирхан Хасан да бұрын жарияланбаған 73 хикметін кітап қылып жариялады. Бұрын беймәлім болып келген **175-ші хикметі Абайдың 35-ші қара сөзімен** толық үлдеседі.

«Диуани Хикметте» негізінен төрт нәрсеге аса көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тарихат, хақиқат, мағрифат.

Бұл жағдайларды қазақтың ұлы ғұламасы Қожа Ахмет Ясауи былайша толғаған:

«...Өтті ғұмырым шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым.
Хақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым,
Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар»

Абай атамыздың қара сөздерінде осы құндылықтар бар екені айдан анық деп айтуға болады. Олар: иман, ақыл-ой, еңбек, мораль, адамгершілік.

Ясауидің және Абай атамыздың еңбектерінде адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адам бойындағы имандылықтың ең басты көрінісі мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады.

Қ.А. Ясауи ілемінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болуы, нәпсін тыю. Топырақ сипаты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Кемелдікке жету үшін адамда ашқ (құатты махаббат) пен дерт болу керек дейді. **«Дертсіз адам адам емес, мұны аңла; Ашқсыз инсан хайуан жынысы, бұны тыңда».** Осы хикмет жолындағы «дертсіз адам» адамдық сезімнен жұрдай, өз ұлтының, қоғамның, Отанының алдында жауапсыз, мұңсыз, қара басының қамын күйттейтін жан. «Ашқыз адам» - өзінің адамдық қадірін бағалай алмайтын, парасаттылыққа ұмтылмайтын.

«Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май» болсын дейді. Дертті, шерлі адам пілте болып жанып, ашқ отына түсіп, қоғамның кемшілік тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, көз жасы, қайрат-жігерімен одан шығар жол, дауа іздейді. Шынайы ашққа осы дерт арқылы ұласады. Ал ашқ – кемелдікке жетелейтін күш-қуат көзі. Хаққа құлшылық ету (ибадат), ол «Сізді, бізді Хақ жаратты ибадат үшін» -дейді. Бұл ибадат – Хақты тану жолындағы ең жоғары мақам. Адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде құрметтеуді парыз деп қарайды. «Сүннет екен кәпір де болса берме азар, Көңілі қатты ділазардан Құдай бизар» деген.

Енді бұл мәтінің үндестігі Абайдың **37 қара сөзінде** былай жазылған: **«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң – Алланың сүйген құлының бірі боласың».** Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседі баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

Егер ісім өнсін десең, ретін тап
Биік мансап – биік жартас

Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады;
Жікшіл ел жетпей мақтайды,
Желөкпелер шын деп ойлайды.
Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.
Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық;
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.
Тоқ тіленші – адам сайтаны,
Харекетсіз – сопы монтаны.
Жаман дос – көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.
Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылығы жақ бол.
Қайратсыз ашу – тұл,
Тұрлаусыз ғашық – тұл,
Шәкіртсіз ғалым – тұл.

Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің деп Абай атамыз айтып кеткен. [4]

Осы дана тұлғалардың тәрбиелік, даналық сөздеріне мән беріп екі өлең арнап жазғанды жөн көрдім.

«Кітап – тақтан да қымбат»

Адамзаттың бір заты бар бұл дүниеде,
Тәрбие алады одан үлкені де, кіші де.
Ақ параққа түседі қаламның іздері,
Оқысам, өмірден алынған екен бәрі де.
Инстаграмм, ютуб ойымызды жаулап алған,
Томдалған кітаптарды шаң басып қалған.
Тұлғалардың даналық ойлары сақталған,
Оқымасам надандыққа тап болам.

/автор Усенбеков Марат/

«Сөз салмағы»

Сөз салмағын өлшеп кім көрген?
Даналық тілден емес, жүректен.

Салмақты сөз арқылы ұрпақ тәрбиеленіп,
Ал, билер бір ауыз сөзбен істерін шешкен.
Тілден тілдің артығын білсек,
Ептеп сөйлеген сөзді түсінсек,
Майдаланбас «Сөз салмағы»,
Мақал-мәтелдермен сөйлессек.
Жүректен шықпаса сөз бекер,
Жақсы сөз көңілді тербетер.
Сөздің мәні кетсе егер,
Мағынасыз боп кетер.
/автор Усенбеков Марат/

Қорытындылай келе, өз тарихына деген мақтаныш, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталады. Ұлт тарихын білім алушылардың бойына, санаға сіңіру барша педагогтердің міндеті. Сондықтан білім беру ұйымдарында тұлғаны тануға, олардың еңбектерін дәріптеуге өңірлердегі өлкетану бағытында ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарын қолға алу қажет деп ойлаймын.

Ясауи мен Абайдың еңбектерін тереңінен бойлай отырып, оның рухани даналығы мың жылдар бойына ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатынына сөзсіз сенімдімің.

Аңдатпа

Бұл мақалада автор Ясауидің «Диуани хикмет» пен Абайдың философиялық трактатта жазылған «Ғаклия» еңбегін салыстырмалы түрінде талдау жасап, мағынасын ашып, сонымен бірге ғұламалардың еңбектерін оқып танысқан оқырманның бойында рухани тәрбиелік құндылықтар қалыптасады деп түсіндіреді.

Аннотация

Путем сравнительного анализа трудов Ясауи «Диуани хикмет» и написанная в философском стиле трактата Абая «Гаклие» автор в своей статье раскрыл смысл трудов ученых, что в свою очередь у читателя непосредственно сформируются духовно-воспитательные ценности.

Annotation

Through a comparative analysis of Yasawi's works «Diuani khikmet» and Abai's treatise «Gakliye» written in the philosophical style, the author in his article revealed the meaning of the scientists' works, which in turn will directly form spiritual and educational values in the reader.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Devin De Weese Islamization and native religion in the golden Horde. Baba tukles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition.-Pensilvania State University, 1994.
2. Копрулу Ф.М. К.А. Яссави та-нымы мен тағылымы.-Шымкент, 1999– 45.
3. Қожырбайұлы Мұхамбеткәрім, Маңғыстау Abai.kz Абай-Ақпарат Алашорда 10338 1 пікір 2015 жыл «АҚИҚАТҚА ҚАЛАЙ ЖЕТЕМІЗ?».

4. Санжар Керимбаев Отбасы хрестоматиясы – Қоғамдық қоры «Яссауи феномені»
5. Яссави Ходжа Ахмет Диуани хикмет /Перевод на каз.яз. Кари К., Камбарбекова Г., Ис-маилзаде Р.-Тегеран: Әл-Хұда, 2000-134 хик-метов[4] 3б.
6. Яссави Ходжа Ахмет. Мират-ул Кулуб-Анкара:Билиг баспасы,2000-114б.
7. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B8%D1%83%D0%B0%D0%>. [1]
8. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%B8%BA%BC%D0%B5%D1%82>. [2]
9. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%92%B0%9B%BB%D0%B8%D1%8F> . [3]

ЯССАУИ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Ұзақбайқызы Гүлназия

Астана қаласы №73 мектеп-лицей

тарих пәні мұғалімі педагог- шебер,
педагогика ғылымдарының магистрі

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі оқу-ағарту, тәрбие үдерісі. Ең алдымен бұл- қоғамның алға сүйреуші күші ретінде белгілі. Бұл бағытта түрлі тәсілдерді қолданып, барынша түрлендіру, қоғамның қазіргі күнгі талабы болып отырғаны белгілі. Кеңестік дәуірде, коммунистік идеологияның дәуірлеп тұрған шағында оқу-тәрбие саласында нақты бір бағыт, жоғарыдан белгілеп берген идеология талаптарына сай процестер жүзеге асырылып келді. Әсіресе марксизм- ленинизм идеологиясының дәуірі жүріп тұрды. Ұлттық тарихтың тәрбиеге ықпал ететін бағыттарын үдеріс барысына кіріктіру ескілікті көксеудің көрінісі ретінде бағаланды. Ұлттық құндылықтар ескіліктің қалдығы ретінде дәріптелді. Оқу- тәрбие саласына, білім мен ғылымға ұлттық құндылықтың жетістіктерін насихаттаған зиялылар кудалауға ұшырады.

XX ғасырдың басындағы алаш зиялыларының осы бағыттағы көзқарастары оқу-тәрбиенің сапалы болуы және жетістікке жетудің негізгі құралы ұлттық құндылықты ұрпақ бойына сіңіру екенін барынша дәлелдеп берген. Бірақ, бұл да буржуазияшыл- ұлтшыл бағыт ретінде бағаланған. Осылай коммунистік жүйе ұлттық құндылықты ұрпақ бойына сіңіруге барынша қолбайлау болып келді. XX ғасырдың соңына қарай алаш арыстары, әдебиет арыстарының есімдері қайтарылды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарихқа жаңаша көзқарас қалыптасты. Тарихты қайта жазу, зерттеу, зерделеу істері қолға алынды.

Оқу және тәрбие шарасында ұлттық құндылық ретінде тарихи тағлымы мол мұраларды қолданудың маңыздылығын айтпай кетуге болмайды. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде осы бағытта біршама шаралар жүзеге асырылып, көптеген жұмыстар қолға алынды. Ежелгі кезеңнен қазіргі уақытқа дейін еліміз жүріп өткен тарихи жолда қаншама құнды тәрбиелік мұралар жатыр. Ежелгі заман, орта ғасырлардың өн бойында тағлымы мол руханият жәдігерлері көптеп кездеседі. Әсіресе тарихи тұлғалардың оның ішінде ойшыл ғалымдардың, даналардың, әдебиет саласының көрнекті өкілдерінің қалдырған мұралары бар. Бұл ең алдымен тәрбие бағытында таптырмас мол қазына екенін

байқаймыз. Қазақстан жерінде орта ғасырда өмір сүрген ойшыл, ғұлама, түрік және ислам әлемінің ірі тұлғасы, ақын Қожа Ахмет Яссауи ілімдері осының айғағы. XII ғасырда өмір сүрген ғұлама артына тағлымы мол рухани мұралар қалдырды. Яссауи шығармаларының ұлттық құндылықтарын қазіргі кездегі оқу- тәрбие процесінде қолданудың маңыздылығын еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңінен ұғына бастадық. Алдымен Яссауи ілімінің мәніне тоқталсақ, оның шығармашылығындағы мұралар, дүниетаным ең алдымен адамзат ұрпағын дұрыс жолға жетелейтін ілім екенін байқаймыз. Қазіргі тәрбие беруде оның маңызы зор. Адамгершілік, имандылық, кішіпейілділік т.б. гуманизмнен алыстаған қоғамның негізгі дертіне дауаны- Яссауи ілімінен молынан таба аламыз. Жалпы Яссауи ілімінің ұрпақ тәрбиесіне қатысты бағыттарын зерттеу негізгі міндет, оны дұрыс жүйелеу қазіргі күннің кезек күттірмес талабы. Яссауидің саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени- рухани бағытта маңызды, зор мәні бар мұралары сан алуан екенін білеміз. Осылардың арасына маңыздылығы жағынан басқасынан еш кем емес оқу- тәрбие бағытына арналған жәдігерлерді ерекше атап айтуға болады. Халықтың рухани жағынан жоғарлауы үшін оқу мен тәрбие ісінің маңызының жоғары екенін ғалымның өзі, мұраларында айқын, дәлелмен көрсеткен. Ойшылдың шығармаларында жалпы адамзаттың гуманизм бағытындағы адамгершілік, имандылық және рухани- тәрбиелік ойлары, пайымдары алдыңғы орында тұрады. Бұл жалпы ұлттық тәрбиеге негізгі бағыттаушы екенін байқаймыз. Ойшылдың халықты ілім- білімге шақыру жөніндегі тәмсілдері оның шығармаларында айқын байқалады. Яссауи мұралары негізінде ұлттық педагогикаға, ұлттық тәрбиеге қозғау салу қазіргі жаһандану дәуірінде кезек күттірмес мәселе. Батыстың және орыстың педагогикалық ілімдерін (Каменский, Макаренко т.б.) ұран ретінде көтеріп келген кеңестік кезеңнен әрең босаған қоғам үшін орта ғасыр ғұламаларының ілімдерін кіріктіру біршама қиындық тудырғаны сөзсіз. Бұл тұрғыда бізге алдымен ұлттық тарихты зерделеу міндеті тұрды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақ тарихы жаңаша, қайтадан жазылды. Онда орта ғасыр ғұламалардың өмірі, мұралары басты орында тұрды. Рухани жәдігерлер арасында тәлім-тәрбиелік маңызы зор мұраларға баса көңіл бөлініп, бірқатар іс-шаралар атқарылды. Шығармалар жарық көрді, ғылыми, әдеби зерттеулер жүргізілді. Бұл істе ғалымдардың атқарған шаруалары өте көп. Осы бағытта мемлекет тарапына бірқатар шаралар қолға алынды, түрлі бағдарламалар (мысалы «Мәдени мұра») қабылданды. Осылардың қатарында Яссауи мұраларының орны бөлек болды. Яссауи шығармаларындағы («Диуани Хикмет») ағарту мәселесі көптеген мәселенің басын ашқан. Алдымен халықтың көзін ашуды басты міндет ретін көрсеткен. Ол заманда әрине білім алудың тауқыметі қаншалықты болғанын пайымдай берсек жеткілікті. Елдің, халықтың өмір сүру деңгейінің артуы адамдардың біліміне, рухани тәрбиесіне тікелей байланысты екені шығармаларында нақты дәлелмен көрсетілген. Білім алу жолындағы жанқиярлық сонымен қатар еңбекқорлық, ұлттық құндылықтарды ұлықтау сияқты маңызды тәрбие беру ғұлама еңбектерінде айқын көрініс тапқан. «Диуани хикмет», «Пақырнама» еңбектерін таразылап оқыса оған сөзсіз көз жеткізеді. Және бір байқайтынымыз осыдан ұлттық құндылықтардың ана

тілінде дәріптелуінің қаншалықты маңызды екені. Тарихқа үнілсек ғұлама ойшыл жазған еңбектеріндегі тәрбиеге қатысты тәмсілдермен ғасырлар бойы түркі әлемі сусындар, білім нәрін алды, тәлім-тәрбие, дұрыс бағыт алды. Осыдан туындайтын ой, қазіргі заманда өмір сүріп жатқан ұрпақ ғұламаның шығармаларымен сусындап, онда бейнеленген асыл қасиеттерді бойына сіңіріп өссе, келешекте кемел азамат болып өсетіні айдан анық. Бұл бағытта Қожа Ахмет Яссауидің тәлімгер ретінде, ағартушылық, педагогикалық көзқарастарына әсіресе мектеп табалдырығында барынша мән бергені абзал. Білім беру жүйесіне ойшылдың мұраларын дәстүрлі түрде енгізу маңызды мәселе болмақ. Қазіргі оқу- тәрбие үдерісінде әсіресе отаншылдық, ұлтжандылық тәрбиенің маңызы басымдыққа ие болып келеді. Ойшыл ғалым отаншылдыққа шығармаларында көбірек орын бөлген. Оны тәрбиенің басты қозғаушы күші ретінде сипаттаған. Бұл қазіргі мектептерде қолға алынатын маңызды мәселе. Мектептегі оқушыларды еңбекке баулу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Асыл мұраларындағы осы бағыттағы қисынды ойларды сабақ үдерісімен ұштастыру қажет. Мектептегі тәрбие беру үдерісінде қазіргі кезде ата- аналардың орны бөлек. Ата-аналар мектеппен үнемі сабақтастықты жетілдіріп отыру шынайы тәрбиенің басты құралы. Мұнда негізінен отбасы тәрбиесі мәселесі алдымыздан шығады. Ғұлама шығармаларынан көрініс тапқан адамгершілік, имандылық мәселесі отбасынан бастау алады. Мұны отаншылдықпен ұштастырсақ «Отан – отбасынан басталады» нақылын еске аламыз. Ойшыл осы қасиеттердің барлығының отбасында қалыптасатындығын нақты көрсеткен.

Қожа Ахмет Яссауи мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі қолдану бүгінгі күні маңызды болып отыр. Оқушыларды рухани, адамгершілік, ұлтжандылық, отаншылдыққа тәрбиелеу жолында, білім нәрімен сусындап, ғылым көкжиегіне қол сермеу бағытындағы маңызды құрал ретінде теория мен тәжірибені ұштастыру басты талап. Себебі оқушыға ықпал ету оның ішкі жан дүниесін оята білу, шырағын жағу екені мәлім. Осы тұрғыда ойшыл мұралары баға жетпес құрал. Осы тұрғыда тәрбие беру үдерісі ең алдымен оқушының рухани құндылықтарды игеруіне бағытталу қажет. Рухани адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіру бағытындағы іс-шаралар дәстүрге айналдырылып, Қожа Ахмет Яссауи мұраларын жүйелі түрде қолдану жоспары болуы қажет.

Мектеп қабырғасында оқу-тәрбие үдерісіне Қожа Ахмет Яссауи мұраларын қолдану бағытындағы атқарылатын жұмыстарға енгізуге ұсыныс ретінде, негізгі шараларға тоқталып өткенді жөн санап отырмын.

- Яссауи ілімін оқытуда әрине мектептегі Қазақстан тарих пәнінің орны бөлек. Орта мектептің 6-шы, 10-шы, 11-ші сыныптарындағы Қазақстан тарихы оқулықтарында Қожа Ахмет Яссауи және оның мұралары туралы мәліметтер берілген. Осы бағытты жетілдіру қажет. Әсіресе рухани мұраларының құндылығын дәріптейтін бағытта болса құба- құп;

- негізгі пәндерден басқа қосымша таңдау, факультатив, элективті курс, үйірме сабақтарын әсіресе тарих, қоғамтану пәндеріне қосымша Яссауи іліміне

арнау қажет. Мысалы элективті курс «Яссауи мұралары» немесе «Яссауи және тарих», «Яссауи және ғылым» т.б.

- тәрбиелік бағытта Яссауи мұраларына арналған сыныптан тыс іс-шаралары ұйымдастыруды жүйелеу. Сахналық көрініс, тәрбие сағаты, семинар, конференция, дөңгелек стол т.б;

- зияткерлік сайыстар: олимпиада, ғылыми жоба, басқа сайыстар дәстүрлі түрде өткізілгені маңызды;

- Яссауи мұралары жайында ұстаздардың, оқушылардың мақалаларының жарық көруі;

- Қазіргі заман технологияларын қолдана отырып, ақпараттық технологиялар негізінде түрлі платформа, веб- порталдар құрастыруды қолға алып, яссауи мұраларын дәстүрлі түрде насихаттауды қолға алу қажет.

Зияткерлік сайыстар демекші, тарих, этномәдениеттану, адам және құқық, өлкетану, тіл-әдебиет, география т.б. бағыттар бойынша оқушылардың ғылыми жобаларын жетілдіре түсудің маңызы зор. Оқушының осы бағытқа деген қызығушылығы арта түсері сөзсіз. Яссауи мұраларының ауқымы өте кең. Сондықтан қандай да бір маңызды шаралардың орны бөлек. Яссауи шығармаларын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай саралап оқыту, негізгі бағдарламаға енгізу тиімді болары анық. Бұл ең алдымен жас ұрпаққа білім мен тәрбиені ұштастыра беруде маңызды құрал болмақ.

2018 жылы мектеп бойынша “Туған елге тағзым” жобасының жетекшісі болдым. Жетекшілік ете жүріп, “Оңтүстік - киелі мекенім” атты танымдық саяхатты ұйымдастырдық. Саяхат барысында Тектұрмас кесенесі, Қарахан кесенесі, Көне Тараз мұражайы, Айша Бибі кесенесі, «Тәуелсіздік», «Бәйдібек би» саябақтары, Қырықшілікті (Адам ата/Хауа ана), Отырар қалашығы, Арыстанбаб кесенесі, Ибраһим ата кесенесі, Қарашаш ана күмбезі, Гаухар ана, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін (жерасты мешіті, XVI ғ. моншасы) аралап, оқушылырымда, өзімде үлкен рухани күш алдым.

Әлемді жаулап алушылардың бірі- Александр Македонский қарамағындағы әскердің атын, барлық ерлік істерін жатқа білген дейді тарихта, оқушыларыммен бірге саяхаттау оларды басқа қырынан танып білуіме үлес қосты.

Шабыт алған сапар нәтижесінде тарих пәнінен қосымша факультативтік курс ретінде 10- сыныпқа арналған “Ескерткіштер сырлары” атты авторлық бағдарлама жарық көріп, республика көлемінде таралды. Бұл курс орта ғасырлардағы ескерткіштердің сырын ашып, білім алушыларға ұлттық құндылықтарымызды зерттеп- зерделеуге, еліне деген мақтаныш сезімдерін оятып, азаматтық қоғамның белді мүшесі болуына жол ашады. Осы бағдарламада Яссауиға қатысты 5 сағат қарастырылған. Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Гаухар ана кесенелеріне тоқталып, оқушылар қызықты тапсырмалармен жұмыстанады. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – Түркістан қаласында орналасқан сәулет өнерінің бірегей туындысы. XIV ғасырдың аяғында құрылысы басталған. Жаһандық билеушілердің бірі- Әмір Темір салуға бұйрық беріп, Ұлықбек аяқтаған. Бүгінде кесене ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне кіріп отыр.

Тапсырма: «Қожа Ахмет Яссауи кесенесін салуда математикалық модельдеу, геометрия, инженерлік графика, кескіндеме өнері, геодезия шарттары шебер қолданылған. Құрылыс-архитектура саласындағы бүгінгі технологияның іздерін байқауға болады. Және кесене ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің математикалық, геометриялық еңбектері бойынша салынды деген сөз бар» ПТМС формуласын қолданып, аталған тұжырымдамаға талдау жасаңыз:

Позиция «Мен бұған толығымен келісемін/келіспеймін»

Түсіндіру (себебі...)

Мысал (мұны мынадай 2 мысал арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (қорытынды жасаймын...)

Оқушыларға зерттеу үшін берілетін тапсырмалар деңгейі төмендегідей: «Түркінің пірі- Яссауи», «Өзбекәлі майданы», «Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі Әл-Фарабидің геометриялық тұжырымдары», «Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің түрлі саяси ахуалдарға төтеп беруінің сыры неде?»

“Туған елге тағзым”, “Z ұрпағын ұлтжандылыққа баулу жолдары” атты әдістемелік құралдарымда оқушыларымның жоба аясындағы кері байланыстары, зерттеу жұмыстары жарық көрді.

Мектеп қабырғасында оқу- тәрбие үдерісінде рухани- адамгершілік, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін іс- шараларда Яссауи мұраларын кіріктіру қай уақытта да өзі маңыздылығын жоғалтпақ емес. Ендігі мақсат осыны жүйелі түрде жүзеге асыру. Оның жан- жақты тетіктерін қолдану, жетілдіру білім мен тәрбие беру саласының басты міндеті.

Андатпа

Қазақ халқында бағзы заманнан Қожа Ахмет Яссауиге деген айырықша құрмет қалыптасқан. Қазақтың ұлттық тәрбиесінің бастауы- Қожа Ахмет Яссауидің даналық ілімінде жатыр. Өз заманында “Әулиелердің сұлтаны”, “Түркілердің пірі” атануы да тегін емес. Яссауи мұраларын мектеп бағдарламаларына кіріктіру қай уақытта да маңыздылығын жоғалтпақ емес. Оқу және тәрбие шарасында ұлттық құндылық ретінде тарихи тағлымы мол мұраларды қолданудың маңыздылығын айтпай кетуге болмайды.

Аннотация

Казахский народ с незапамятных времен с особым уважением относился к Ходже Ахмету Яссауи. Начало казахского национального образования лежит в мудрости Ходжи Ахмета Ясауи. Недаром его в свое время называли «Султаном Святых» и «Причалом Турков». Интеграция наследия Яссауи в школьные программы никогда не утратит своей важности.

Нельзя не упомянуть о важности использования богатого историческими знаниями наследия как национальной ценности в образовании и воспитании.

Abstract

Since time immemorial, the Kazakhs have treated Khoja Akhmet Yassawi with special respect. The beginning of Kazakh national education lies in the wisdom of Khoja Akhmet Yasawi. No wonder it was once called the “Sultan of Saints” and the

“Wharf of the Turks.” Integrating Yassawi's legacy into school curricula will never lose its importance.

One cannot fail to mention the importance of using a heritage rich in historical knowledge as a national value in education and upbringing.

Кілттің сөздер: Қожа Ахмет Яссауи, “Диуани хикмет”, “Пақырнама”, ұлттық құндылықтар, адамгершілік.

Ключевые слова: Ходжа Ахмет Ясави, «Дивани хикмет», «Пақырнама», национальные ценности, мораль.

Key words: Khoja Akhmet Yasawi, “Divani khikmet”, “Pakyrnama”, national values, morality.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмбаев. М. Педагогика. Алматы. Рауан. 1998.
2. Жандарбек. З. «Йассауи жолы және қазақ қоғамы». Алматы. Ел шежіре.
3. «Ислам». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы. «Аруна Ltd» ЖШС. 2010
4. Керімбай. С., Бопайұлы. Б., Төлеген. М., Нәби. Ә., Тасболат. А., «Салт-дәстүр сөйлейді» Отбасы хрестоматиясы. Алматы, 2021ж
5. Келімбетов. Н. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі». Алматы. 1996.
6. Қыраубаева. А. «Ежелгі әдебиет». Астана. 2001.
7. «Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС. 2010
8. Муминов, А. К., М. Б. Қожа «Х. А. Ясауи кесенесінің шет елдерде сақталатын артефактілері және құжаттары». Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы. Х. А. Ясауи халық аралық Түрік-Қазақ университеті. Алматы, 2017.
9. Отарбаева. А. Б. «Ұлы қолбасшы Әмір Темір». Түрікологиялық жинақ. Астана. «Сарыарқа». 2012.
10. «Отырар». Энциклопедия. Алматы. «Арыс» баспасы. 2005
11. Педагогика тарихы. Оқулық. Алматы. ҚызПУ. 2009

ТАРИХИ МҰРА ЖАНАШЫРЫ

Хуандаг Мөлдір Жеңілханқызы

Астана қаласы әкімдігінің Міржақып Дулатұлы атындағы «№68 мектеп - гимназиясының» тарих пәнінің мұғалімі

XX ғасырдың 70 жылдары қазақ халқының салт – дәстүрін, мәдениетін қайта түгендеп, елі үшін аянбай еңбек еткен тарихи тұлғалардың бірі - Өзбекәлі Жәнібеков. Зерттеу жұмысыма басты себеп, қазақтың біртуар азаматы Өзбекәлі Жәнібековтің мемлекеттік және қоғамдық қызметі, қазақ өнері мен мәдениетін қалыптастырудағы еңбектері арқау болды. Есімі елге халыққа сіңірген ерен еңбегімен, ұлт үшін атқарған ұлы істерімен етене таныс Өзбекәлі Жәнібековтің

түрлі қызметтерді атқара жүріп, қазақ халқының небір жауһарларын жинап, олардың көзден таса болуына бар мүмкіндіктерді жасап бақты.

Мақсаты: Тарихи тұлғаның мемлекет пен қоғам, ұлт мүддесі үшін жасаған еңбегі, қазақ өнері мен мәдениетін өркендетуде тұлғаның ұлы мұрасын зерттеу.

Міндеттері:

✓ Ұлты үшін ғылыми әрекеті, төл өнер мен мәдениетке жанашырлық қамқорлықтарын сарапқа салу.

✓ Оның қазақ өнері мен мәдениеті саласында жүргізген зерттеулерінің маңызын түсіндіру;

✓ Өзбекәлі Жәнібеков – ұлттық мұра жанашырын дәріптеу


Өзбекәлі Жәнібеков тарихи-мәдени мұраларды түгендеу, зерттеу, қайта қалпына келтіру жұмысына жауапкершілікпен кірісті. Саналы ғұмырын қазақтың жоғын түгендеумен өткізді. Өзбекәлі Жәнібеков мәдениет министрлігіне келген бойда қазақтың сәулет ескерткіштеріне көп мән бере бастады. Оның тұсында 400-ге жуық археологиялық нысанды қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. Соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі де бар.

Зерттеу объектісі: Астана қаласы Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп – гимназиясының 8-11 сыныптар арасында 200 респондентін қатысты.


«Тарихи мұра жанашыры» эмпирикалық зерттеу нәтижесінде мынадай көрсеткіштер берілді.

1. Өзбекәлі Жәнібеков туралы естідіңіз бе?
2. Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерін жинақтауға мұрындық болған тарихи тұлғаны білесіз бе?
3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қайтын қалпына келтірген кім?
4. «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар» кітаптарының авторын білесіз бе?
5. Қазақтың ұлттық мәдениетінің өркендеуіне қосқан тұлғаларды атаңыз?

Сауалнама жоғарыда көрсетілген сұрақтар арқылы алынды. Өзбекәлі Жәнібеков туралы 11% оқушы білсе, Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерін жинақтаған тұлғалар туралы 17%, кесенені қалпына келтіруге атсалысқандарды 44% білсе, 5-ші сұрақтар бойынша тұлға туралы оқушылар көп біле бермеді. Білетін оқушы 8 пайызды құрады.



1. Қазақстанда Наурыз мерекесінің қайта тойлануына себепкер болған тұлғаны білесіз бе?
2. Қожа Ахмет Ясауидің қандай еңбектерін білесіз?
3. Тайқазанды Петербургтен Қазақстанға қайтаруға кім себепші болды?
4. Тайқазан Қазақстанға қай жылы қайтарылды?
5. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің тарихы қай кезеңнен басталады?




1-ші сұрақтар бойынша Тұлғаның Қазақстанда алғаш рет тойлануға мұрындық болғанын көп біле бермеді. Қожа Ахмет Ясауидың еңбектерінің ішінде Диуани Хикмет туралы оқушылар жақсы ақпарат берді. «Иә» деген жауаптардан қарағанда «білмеймін» деген жауаптар басым болды.

Бұл зерттеу жұмыстары бойынша оқушылар жақсы көрсеткіштер көрсетті.

САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ

■ 1. ■ 2. ■ 3. ■ 4. ■ 5. ■ 6. ■ 7. ■ 8. ■ 9. ■ 10.



Сауалға 40%-ы рухани адамгершілік, 18%-ы адами, 17%-ы тұлғалық, 16 %-ы материалдық құндылықтарды көрсеткен. Бұдан байқайтынымыз жасөспірімдердің мәдени тарихи жағын жоғары бағалайтынын білгенімен, мәдени саланың енгізілуі туралы ақпаратты орташа білетінін көреміз.

Сауалға респонденттердің 35%-ы тарихқа сүйіспеншілік, 30 %-ы білімге құштарлық, 12 %-ы мәдениетке қайырымдылық, 11 %-ы ұлтқа құрмет, 9 %-ы өзін-өзі тану, 9 %-ы шығармашылық, 21%-ы еркіндік, өзіне деген сенім кіреді. Мұның бәрі өзімізбен және қоршаған адамдармен үйлесімділікке қол жеткізуге көмектеседі. Бұл тұлғаға деген танымдық құндылықтар ерекше маңызға ие, мәдени мұраға қосқан үлесі деп білемін.

Мектебімізде «Міржақып экспедициясы» жобасы құрылған. Осы жобаның негізінде республиканың тарихи жерлеріне саяхаттар жасалды. «Алаш жолы» субъективтік мұражайының жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылды. Киелі Түркістан, Отырар, Қарқаралы, Семей, Баянауыл, Көкшетау, Торғай экспедициялары мәдени-тарихи танымдық жағынан құндылықтар қалыптастыруда оқушыларға үлкен зерттеу жұмыстары болды.

Нәтижесінде Республикалық «Зерде» балалардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық конкурсы қалалық кезеңінің «Тарих, өлкетану» секциясы бойынша 7 сынып оқушысы Қайдарова Жания марапатталды.

Қорытынды

Қазақ фольклорлық ансамбльдер ұйымдастырып, Наурыз мейрамын жаңғыртып, қуған-сүргін көрген ақын-жазушылар еңбегінің жарық көруіне себепші болған тұлғаны дәріптеу барлық маманның еншісінде.

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ мәдениеті мен тарихы үшін ерен еңбек еткен ұлы тұлға. Тарихи тамыры тереңге жайылған Киелі Түркістан қаласының мұрасын қайта қалпына келтірді. Қазақ тарихының жандануына өз үлесін қоса білді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – еліміздегі аса құнды жәдігер, сәулет өнерінің керемет туындысы. Орта ғасырда салынған көне кесене, қазіргі таңда еліміздің туристік орындарының бірі. Елімізді тарихынан сыр шертіп,

Кесенедегі Тайқазан қазақ даласының өткені мен бүгінін байланыстырып тұрғандай. Тарихымыздың құндылығын болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Өзбекәлі Жәнібек шынында да қазақ елі аман-сау тұрғанда арымайтын, уақыт жылжып, ғасыр өткен сайын елінің дара азаматы, арда тұлғасы болып қала беретін ұлтымыздың ұйытқысы екені хақ.

Өзбекәлі Жәнібеков атақ-мансап қуып, соның жолында істеген жоқ, керісінше, ғұмырын да, мансабын да халқына, оның тарихы мен мәдениетіне болшағына қызмет етуге арнады. Сондықтан оның есімін уақыт алға жылжыған сайын ұлты алдында абыройы асқақтайтын тұлғалар шоғырына жатқызуға болады деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіру үшін Экспедициялық жобалар мен саяхаттар тиімді болды.

Киелі Түркістан, Торғай экспедициясы, Баянауыл, Қарағанды, Қарқаралы, Семей, Көкшетау, Ботай мәдениетіне шеккен сапарлардың нәтижесін презентацияда суреттер арқылы көрсеттік. Міржақыптану ізімен мектепте өткізілген тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Аннотация

Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіру үшін Экспедициялық жобалар мен саяхаттар тиімді болды. Киелі Түркістан, Торғай экспедициясы, Баянауыл, Қарағанды, Қарқаралы, Семей, Көкшетау, Ботай мәдениетіне шеккен сапарлардың нәтижесін презентацияда суреттер арқылы көрсеттік. Міржақыптану ізімен мектепте өткізілген тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Аннотация

Главной причиной моей исследовательской работы стали труды одного из выдающихся деятелей Казахстана Узбекали Жанибекова, касающиеся его жизни, государственной и общественной деятельности, изучения ими казахского искусства и культуры.

Узбекали Жанибеков-великая личность, трудился для развития казахской культуры и истории. Восстановил наследие сакрального города Туркестан, который имеет глубокие исторические корни. Он внес свой вклад в возрождении казахской истории. Мавзолей Ходжи Ахмеда Яссауи-очень ценная реликвия страны, прекрасное произведение архитектуры.

Annotation

My research is centered on delving into the life and societal contributions of Uzbekali Zhanibekov, an estimable citizen of Kazakhstan. In particular, I focus on his impactful works dedicated to the exploration of Kazakh art and culture. Uzbekali Zhanibekov, who's not only famous for his various leadership positions, but also for his great service to the people and great deeds for the nation, collected an abundance of masterpieces of the Kazakh. He put in lots of efforts into preventing them from disappearing. In the 1970s, Uzbekali Zhanibekov was a very important historical figure who re-created the traditions and culture of the Kazakh people and worked hard for the sake of his country.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адырбекұлы К. Ұлт рухының символы. Түркістан: 2011 жыл. 8 б.
2. Айтбайұлы Ө. Тілтірек (ой толғамдар жинағы). Алматы: 2017 жыл 14 б.
3. Өз–Әлмерек О. Өзбекәлінің өзгеше қырлары. Қазақстан–Заман, 2002, 464 б.
4. Бектасова Г. Биіктік (Өзбекәлі туралы). Түркістан – 2011 жыл, 5б.
5. Серім Абай (інісі) Оңтүстік Қазақстан обылысы, Отырар ауданы, Майқұм ауылы. Жеке мұрағатынан.
6. Жотаев Н. Рухына бас иемін, Өзаға! Рух сарбазы. Алматы: 2011 184 б.
7. Жұмабай Ә. Өлмес іс, өшпес іс қалдырған Өзбекәлі Жәнібеков. Рух сарбазы. Алматы: 2011 - жыл 320 б.
8. Шаяхметова А. Өзекеңе арналған еңбек. Қазақ тарихы, 2011 жыл, 111 б.
9. Шаймағамбетов А. Қасиетті Түркістан сарайынан түйген сырлар. Қостанай таңы – 2010.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТИҢ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫН ЖАНДАНДЫРУДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Шакирова Роза Зиябекқызы

Астана қаласы Кемел Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназия,
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
педагог -зерттеуші

Өткенімізді, тарихымызды терең біліп, одан ұтымды сабақ алу – ұлтымыздың болашағы мен тәуелсіз еліміздің іргетасының берік болуына, өткендегі қателіктердің қайталанбауына қызмет етеді. Халықта: «Тарихын білмеген халық тілінен айырылады, ал тілінен айырылған халық тобырға айналады» деп бекер айтылмаған. Кешегімізді зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Өмірде болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады, болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі. Осы тұрғыдан келгенде ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсететін қоғам қайраткерлерінің алдыңғы қатарында Өзбекәлі Жәнібековтің есімін айтамыз. Ол туралы Әбіш Кекілбайұлы: «Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, тәуелсіз даму жолына түсуіне

Өзағанның сіңірген еңбегі ерекше» десе, Шерхан Мұртаза: «Өзбекәлі Жәнібеков бүкіл саналы өмірінде қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті» деген. Халқымыздың ғасырлар қойнауында жатқан тарихын, мәдени құнды мұраларын зерттеп, олардың болашақ ұрпаққа жетуіне көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі этнограф ғалым, тарих ғылымының докторы Өзбекәлі Жәнібековтің үлесі зор.

Қазақ халқының рухани жанашыры өзінің баға жетпес еңбегінің арқасында халқының «Рух сардары» атанған–қайраткер Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы, халыққа жасаған қызметі, қазақ халқының озық мәдениетін, әдебиетін, өнерін, ұлт руханиятының даму жолын халыққа көрсете білуі бүгінгі ХХІ ғасыр ұрпақтары үшін үлгі-өнеге. Жас ұрпақ халқымыздың асыл мұраларымен, оны бізге жеткізіп отырған ғалымның ерен еңбегімен таныса отырып, өткенге деген құрметі, ұлттық құндылықтарымыздың рухани байлығы, ата-бабаларымыздың көреген философиясын түсініп қадірлейді, оны сақтап, ары қарай дамытуға тырысады.

Оқыту үдерісін ұйымдастыруды, білім беру мазмұнын құруды ұлттық идея, ұлттық құндылықтар негізінде оқыту – заман, қоғам талабы. Өмірдегі жаңалық, жаңа нәрсе қаншалықты құнды болса, өткеннің, ескінің, тарихтың да құны жоғары. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту оларды түгелдей қайталау болып табылмайды, керісінше, оның қоғам дамуы мен уақыт сипатына қарай құндылығын бағалау болып табылады [1.78].

Ғалыми ізденістерінің нәтижесінде «Қазақтың қолтума мәдениеті», «Жаңғырық», «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Ежелгі Отырар», «Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен», «Уақыт керуені», «Жолайырықта» сынды кітаптары, «Қазақ киімі» атты кітап-альбомы жарық көреді. Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен Арқалық педагогикалық институты, Арқалық медицина және педагогикалық училищелері, облыстық музыкалық драма театры, аудандық мәдениет сарайлары мен клубтары ашылды, оның тікелей араласуымен көрнекті қоғам қайраткерлеріне ескерткіштер орнатылды.

Мақаламызда Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесін білім алушыларға таныстырудағы мақсатымыз, оның өмірінің жас ұрпаққа өнеге екендігін, сол арқылы өткенімізді тани отырып, болашақта халқына қызмет ету керектігін бойларына құндылық ретінде дарыту.

Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында қарапайым жанұяда дүниеге келіп, еңбекқорлығының арқасында жоғары білім алған. Еңбек жолын шәкірт тәрбиелеуден бастап, саясатқа араласу жолында аудандық комсомол комитетінен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Хатшысына дейінгі қызметтерді атқарған. Ө.Жәнібеков Қазақстанның қай өңірінде, қандай қызмет атқармасын оның ерекшелігі халқымыздың қазынасы – ұлттық өнер, салт-дәстүрді дәріптеудегі істерін тоқтатқан емес. Ол қазақ халқының мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына орасан зор үлес қосты. Сондықтан да халқымыздың біртуар ұлы Ө.Жәнібековті саяси қайраткер, этнограф-ғалым ретінде барша қазақ халқы мақтан тұтады.

Өзбекәлі Жәнібековтің Ясауи мұрасын қайта қалпына келтіріп, тарихи жәдігерлерімізді тірілтудегі еңбегіне тоқталайық. ХХ ғасырдың 70-жылдарында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіріп, Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық музейлердің ашылуына ұйытқы болды.

1970-1975 жылдары Өзбекәлі Жәнібеков Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын алғашқы жинақтаушылардың бірі. Көне «Диуани хикмет» кітабының қолжазба, баспадан шыққан нұсқаларын мұражай қорына жинақтауды қолға алып, өз бақылауында ұстаған. Ауылды жерлерді аралап көптеген тарихи кітаптарды мұражай қорына тапсыртқан. Көрнекті ғалым, академик З. Қабдоловтың: «Адамнан азамат шығаратын, баладан дана жасап шығаратын күдіретті күш – ұстаз еңбегі. Өзінің уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау ұстазға ғана тән. Өзбекәлі Жәнібеков арда туып, өмірде арман қуған жан. Адамдардың неге қабілеті бар, соны өсіруге күш-жігерін жұмсаған жан, өнер жанашыры», – деген пікірі Қазақ радиосының алтын қорында сақталған.

Саналы ғұмырын қазақтың өткенін, тарихын түгендеумен өткізген ғалым Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің болашағына қатты алаңдағаны да белгілі. Ол алып кешенді қайта жөндеуден өткізіп, мұражай жасақтауда көп еңбек сіңірген. Қожа Ахмет Ясауи мұражайындағы әрбір жәдігерді жинақтауда Өзбекәлі Жәнібеков инемен құдық қазғандай еңбек етті. Соның бірі Қожа Ахмет Ясауи құлпытасы үстіне жабылған XIV ғасырдан жеткен Қабіржапқыш. Қазақстан Республикасы Орталық мұражай қорында сақталған Қабіржапқышты қорық-мұражай қорына қайтарған.

Сондай-ақ 1980 жылдар басында кесене ішінде сақталған құлпытастарды ол кезде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің оқытушысы болып қызмет атқарып жүрген ғалым Әбсаттар қажы Дербісәліге оқытып, ғылыми айналымға енгізді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргіздірді. Қызмет жасай жүріп Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жүргізілген жұмыстарға алаңдаушылық танытты. Бұл жайында Өзбекәлі Жәнібеков өзінің «Тағдыр тағылымы» еңбегінде: «Қолымызды байлай бергені – заттық-техникалық ресурстарды былай қойғанда, «Әзірет Сұлтан» қорығы сияқты аса күрделі сәулет ғимаратын қалпына келтіретіндей озық тәжірибенің жетісе бермейтінінде, маманданған шілеңгерлердің аздығында, әртүрлі себептермен бірін-бірі алмастыра берген шеберхана басшыларының тұрлаусыздығында еді», – дейді. Осы жөндеу жұмысы кезінде 1982 жылдың күзінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі күмбезінің ұшына қойылған «құббаны» алу туралы Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне хат жазады. Мақсат «құббаны» жаңғыртудан өткізіп орнына қайта қою болатын. Көп ұзамай «құббаны» қайта жөндеуден өткізу үшін алуға рұқсат берілген жауап алады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі күмбезінің ұшына қойылған «құбба» қоладан жасалған. Көлемі: биіктігі 79 см., диаметрі 45см құрайды. Пішіні құмыра тәріздес, ұшар басындағы кішкене табақшаның ортасында металл шабақтары айқаса орналасқан да оған жарты ай бейнесі салынған бөлігі бекітілген. Ө.Жәнібеков өзі «құббаны» Алматыдағы «Казмузейреставрация» мекемесіне жаңғыртудан өткізуге алып кетіп, қайта жаңғыртудан өткізіп, Түркістанға өзі алып келіп, ақсақалдардың қолына тапсырады. Ал Түркістандағы мұражайға осы «құббаның» көшірмесін алюмин

материалынан арнайы жасатып әкелді. Қазіргі таңда көшірмесі қорық-мұражай қорында сақтаулы.

Қазақ халқының мақтанышы, өте құнды жәдігер Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен Эрмитажға әкетілген тайқазанның 54 жылдан кейін өз орнына оралуы тарихи оқиға болды. Бұл туралы Ахмет Ясауи мешіт – мұражайының сол кездегі директоры Нұрмахан Назаров: «...Эрмижадағы қазанды қайтару жөнінде қоғам, әдебиет және өнер қайраткерлерінің қолдары қойылған хаттар жөнелтіле бастады. КОКП басшылығына, КСРО Жоғарғы Кеңесіне Түркістаннан сайланған делегаттар мен депутаттар арқылы да өтініш-аманаттар, талап-тілектер толассыз тоғытылып тапсырылып жатты. Әділетін айтсақ, осы жұмыстардың басында кемел ақылды, қазақи қанды, ұлтжанды мемлекет қайраткері, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков тұрды. Тайқазанның 1935 жылы Эрмитажға уақытша көрмеге қоюға алынғанын Өзбекәлі Жәнібековтен білген болатынбыз. Аупарткомда нұсқаушы болып жүргенімде Өзағанның тапсырмасымен Мәскеуге бара жатқан депутаттарға, делегаттарға Тайқазанды қайтару жөнінде бірнеше рет хаттар да дайындағанмын. Бірақ, ол кезде нәтиже болмады. Сонау 1962 жылы Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы Ө.Жәнібеков Бүкілодақтық комсомолдың екінші хатшысы Е.Тяжельниковті Түркістанға арнайы ертіп әкеліп, сонда тек діндарларға қызмет етіп тұрған Әзірет Сұлтан кесенесін аралатқаны, Тайқазанның бұрын қай жерде тұрғанын көрсетіп әңгіме айтқаны есімде. Сол әңгімеге жас комсомол қызметкері ретінде мен де қатысқам. Тайқазанды қайтару Өзбекәлі ағаның өмірлік мақсаты еді. Осы мақсат орындалғанша әрекет-күресін де тоқтатпады. Ағаның мақсаткерлігі менің де ойыма шуақ, бойыма қуат беріп батыл қадамға жігерлендіргені анық. Осы еңбегі үшін асыл азаматқа Түркістанда ескерткіш қойылса екен деген тілегімді әрқашан айтып жүремін»,—деп еске алады. Нұрмахан Назаровтың ойын академик Өмірзақ Айтбаев ары қарай сабақтай отырып: «Қазақ- ырымшыл халық. Тайқазанның оралуы арқылы біздің еліміздің ырысы, дәулеті қайта келді. Сонымен бірге, қазақтың бүкіл қасиеті қайтып келген сияқты. Мен Өзбекәлі Жәнібековтің ең ұлы істерінің бірі осы деп есептеймін»,— деп түйеді.

Қорыта келе, Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруі, кесенеді жерленген хандар мен сұлтандар, билер және батырлардың құлпытастарын музей экспозициясына қойғызып, аз уақыттың ішінде музей экспозициясын жасатуы, көне «Диуани хикметтердің» нұсқаларын музей қорына жинақтау жұмыстарын ұйымдастыруы, сақталған құлпытастарды оқуды қолға алуы, XIV ғасырдың басты құндылығы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің опырылып құлау қаупі төнген бөліктері – Бас портал мен мешіт бөлмесін қайта жаңғыртып, жөндеуден өткіздіртуі, соның нәтижесінде кесене-мешіттің негізгі сегіз залында, сол сияқты XV-XVI ғасырларда тұрғызылып, 1975 жылға дейін жұмыс істеген Шығыс моншасында, XIX ғасыр Жұма мешітінің экспозициясының негізін жасап, нәтижесінде жылына 450-500 мыңға жуық келушілер тамашалайтын деңгейге жеткізуге қосқан үлесі ғалымның қазақ халқы өміріндегі, қоғамдағы орнын танытып, бағасын беріп отыр.

Аннотация

Мақалада қазақ халқының озық салт-дәстүрін зерттеуші, еліміздегі музей ісінің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесі туралы сөз болады.

Өзбекәлі Жәнібековтің түркі жұртының ортақ шаңырағы — Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құлау қаупі төнген бөліктері – Бас портал мен мешіт бөлмесін қайта жаңғыртып, жөндеуден өткізу жұмыстарының басы-қасында болып зор еңбек сіңіргендігі, кесенені музей етіп құрғызуы, ондағы жәдігерлердің жинақталуына себепші болуы, атап айтсақ, 1978 жылдан бастап қорық-мұражай қорына Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұражайынан Қабіржапқыш, Қоңырат кілем, Шұғыла кілем, бөлме жиһазын алдырып, өз қолымен табыс еткені, 54 жыл бойы Санкт-Петербургтің Эрмитаж музейіндегі көрмеде тұрған Тайқазанды елге оралғанша қаншама қиындықтарды бастап кешіре отыра тыным таппай еңбектенгені туралы сөз қозғалады.

Өзбекәлі Жәнібековтің халқының рухани, мәдени танымын жас ұрпаққа танытуда жасаған зор еңбегін білім алушыларға таныстыру арқылы халқымыздың бай мұрасын, баға жетпес жәдігерлерінің құнын түсіндіре отырып, ұлттық құндылықтарымыздың қаншалықты маңызды екендігіне көздерін жеткізу. Сол арқылы оларға тәрбие беру, құндылықтарды бойына сіңіре отырып, құзыреттерін дамытуды мақсат еткен.

Аннотация

В статье речь идет о вкладе исследователя передовых традиций казахского народа, государственного и общественного деятеля, ученого-этнографа Узбекали Жанибекова, в возрождении наследия Ходжи Ахмеда Ясави, оставившего свой след в развитии музейного дела страны.

Части мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави — общего шанырака тюркских народов, находящегося под угрозой обрушения – Узбекали Жанибеков превратил мавзолей в музей, способствовал обновлению главного портала и помещения мечети, коллекции реликвии. Начиная с 1978 года он передал в фонд музея-заповедника ковры «Кабиржапкыш», «Конырат», «Шугыла», мебель из Центрального государственного музея г. Алматы, так же неустанно работал, трудился не покладая рук, преодолевая многие трудности, речь идет о возвращении в страну Тайказана, который в течение 54 лет находился на выставке в Эрмитаже в Санкт-Петербурге.

Познакомив молодое поколение с великим трудом Узбекали Жанибекова в ознакомлении с духовными и культурными знаниями, разъясняя богатое наследие нашего народа и ценность его бесценных реликвий, доводя до сведения, насколько важны наши национальные ценности. Таким образом, цель заключалась в обучении, развитии компетенций и одновременном усвоении ценностей.

Annotation

The article deals with the contribution of the researcher of the advanced traditions of the Kazakh people, statesman and public figure, scientist and

ethnographer Uzbekali Zhanibekov to the revival of the heritage of Khoja Akhmed Yasavi, who left his mark in the development of the country's museum field.

Uzbekali Zhanibekov turned the mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi - the common shanyrak of Turkic peoples, which was under the threat of collapse - into a museum, contributed to the renovation of the main portal and premises of the mosque and the collection of relics. Since 1978, he transferred to the fund of the museum-reserve carpets "Kabirzhapkysh", "Konyrat", "Shugyla", furniture from the Central State Museum of Almaty, also worked tirelessly, overcoming many difficulties, we are talking about the return to the country Taikazan, which for 54 years was on exhibition in the Hermitage Museum in St. Petersburg.

Familiarizing the younger generation with the great work of Uzbekali Zhanibekov in introducing spiritual and cultural knowledge, explaining the rich heritage of our people and the value of its priceless relics, making them aware of how important our national values are. Thus, the aim was to learn, develop competencies and simultaneously internalize values.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Д. Пошаев Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. Шымкент, Нұрлыбейне,– 2011– 200 б.

2.Ө.Жәнібеков. Тағдыр тағылымы(естеліктер). Алматы, Рауан, 1997 – 136б.

3.Қазақ жеріндегі тарихи ескерткіштер: Қожа Ахмет Яссауи кесенесі https://www.inform.kz/kz/kazak-zherindegi-tarihi-eskertkishter-kozha-ahmet-yassau-kesenesi_a2741069

Қ.А. ЯСАУИ МҰРАСЫ: ОҚУ-ТӘРБИЕ МЕН ӨРКЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ

Шотпаева Алтынгүль Бахреденовна

Астана қаласы №64 мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Адамзаттың даму эволюциясында білімнің қоғамды ізгілендірудегі функциясы, мемлекеттің, ұлттың өркендеуіндегі бірегей рөлі дәлелденіп келеді. Білім өркениет кеңістігі арқылы адамның таным-сенімін, ұлттық рухын қалыптастырады. Бұған дәлел – мемлекеттік маңызы бар «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде ұлттық әдеби жәдігерлеріміздің жарық көруі, ұлттық кодты айқындайтын «Мәңгілік ел» идеясының орнығуы. Ендеше, бүгінгі білім ұлт азаматтарынан білімі мен біліктілігі, адамгершілік-имандылық сапасы мен рухани болмысы бай елжанды азамат болуды талап етеді. Халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазыналарының бірі – Ясауидің рухани мұрасы. Ясауиді оқыту, насихаттау, жаңа қырынан таныту – ұрпақты тәрбиелеудегі бағыттардың бірі деп санаймыз. Оқыту мен тәрбиелеуде заман, уақыт талабына қарай зиялы қауымның, қоғам қайраткерлерінің педагогикалық көзқарастарын, тәлім-тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, жетілдіріп пайдаланып

отырған. Атап айтсақ, орта ғасырдағы ұлы ғұлама ойшылдар – Әл-Фараби, Қ.А.Ясауи, М. Қашқари, Ж. Баласағұни, М.Х. Дулати т.б. тарихи мұраларындағы педагогикалық ой-толғамдары ұлттық тәлім-тәрбиенің мазмұнын кеңейтіп, келешек жас өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа, патриоттық рухта тәрбиелеуге тірек болып отыр.

Қ.А.Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен талантын түркі халқына, туған еліне, жалпы түркі дүниесіне, әсіресе келешек жас өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама тұлға [1]. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлемінде ерекше орын алды. Ясауидің Алланы сүйуге, туған жерге, тілге, дінге, ділге, Отанға деген сүйіспеншілігі, ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу, ананы қастерлеу, қыз баланы құрметтеу, адамдарды сүйу, ғылымды ардақтау, ас пен іске құрметпен қарау, т.б туралы жазған құнды хикметтегі ойларын, демократиялық көзқарастарын өскелең жас ұрпақты, оқушы жастарды тәрбиелеу ісіне пайдаланудың маңызы өте зор. Ұлы ғұламаның мол мұрасын мұқият зерделеп, оның терең философиялық ой-тұжырымдарын өскелең ұрпақ тәрбиелеу, ізгілік қағидаттарын дәріптеу ісіне тиімді пайдалану – басты міндетіміз.

Жалпы Ясауи еңбектері өте күрделі, оларды бірден игеріп алып кету мүмкін емес. Оның әрбір еңбегінде философиялық, әдеби, діни, психологиялық, этнопедагогикалық, әлеуметтік, тіл т.б. тәлім-тәрбиелік мәселелер кеңінен қарастырылған. Ясауи түсінігінде, адамның кісілік келбеті, ішкі жан дүниесінің сәулесі, жақсылыққа жетелейтін тәрбиешісі дұрыс жолды үйретіп, түзу бағыт нұсқайтын жетекшісі және де «Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер» - иман адамның о дүниеде Хақ алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жанашыр, жақтасы болып табылады.

Иман ақыл түрінде адамның бұл өмірдегі мақсатын белгілеп, ақ пен қараны, оң мен солды танытатын көңіл көзі болып табылады. Ақыл адамды ізденіске салып, парыз міндеттері, жауапкершілігі артып, шешім белгілейтін күш. Егер де надандық адамның көңіл ізденісін мешелдікке салып, сарп қылса, ақыл оны бұл аурудан жазып айықтырады. Ақылды адам тура жолмен бұрыс жолды айыра біліп, өз шешіміне жауап бере алады. Ал наданның құрсауындағы ақымақ адам, өз ой-пікірі, тұжырымы, көзқарасы болмағандықтан, кез келгеннің жетегінде қалып қояды.

Имандылықтың екінші негізі сабырлық, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерінен тұрады. Осы қасиеттер арқылы адам мехнат-машақат, азап көргенде, қиындықпен сыналғанда, рухани дүниесінің беріктігі, бекемдігі анықталады. Сабырлы төзімді адам өзіне-өзі берік, сенімі нық адам. Сабыр адамды асығыс іс-әрекеттен, жөнсіз қылықтан, ағат сөзден сақтап, ақылға салады, ойға жетелейді. Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық, инабаттылық, әдептілік т.б. тәрбиелер негізі халықта жатыр. Себебі Ясауи өз еңбектерін жазғанда халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйым, мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, сонымен қатар «Құран Кәрім» Мұхаммед /с.ғ.с/ Пайғамбар хадистерін басшылыққа алып отырған: Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,

Патшаменен Уазірлерде әділет жоқ.

Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ,

Түрлі бәле халық үстінде жауды достар [2].

Ясауи еңбектері жеті кезеңге кезеңге бөлініп, жас ерекшеліктеріне сай болып әрі оқу-тәрбие бағдарламасына сәйкестендірілуі қажет. Сонда ғана мұның пайдасы болады, сонымен қатар жас өскелең ұрпақ ұлтжанды болып жетіледі, еліне, жеріне деген сенімдері оянады: 1) сәбилік кезеңі яғни отбасы тәрбиесі; 2) балабақша жасындағы кезең; 3) бастауыш мектеп жас; 4) орта мектеп; 5) жоғары оқу орны; 6) ғалым ғұламаларға арналған мектеп; 7) жалпы оқырман қауымға арналған мектеп.

Ясауи өмірі желісімен жазылған ауызекі хикаяттар мен аңыз әңгімелерді қарастырып өтетін болсақ, мұның да үлкен тәлім-тәрбиелік мәні бар. Себебі, этнопедагогикалық мәселелердің қайнар бастауы көненің көзі ұлағатты аңыз әңгімелер мен хикаяттар желісінде сақтаған. Сондықтан да ондағы келтірілген сюжеттер мен мақал-мәтелдер, өсиет сөздер және де басқа астарлы айтылған жұмбақ сөйлемдер адам баласының ой-өрісін кеңейтіп, өсіруге көп септігін тигізеді. Сондықтан да біз Ясауи бабамыздың асыл мұраларын келешек жас ұрпаққа күнбе-күн жеткізіп отыруымыз керек.

Ана тақырыбы – ғұлама ғалымның басты тақырыптарының біріне айналған. Өйткені ана – өмір тірегі, әрбір үйдің ұйытқысы, отбасының берекесі, әмірдің жалғастырушысы. Ұлттың бойында бар жақсы қасиеттерді - тілін, дінін, ділін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ырым-тыйымын, наным-сенімін, танымын, санасын, ұлттық сенімін, сана-сезімін баласына немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, әрине әйел-ана. Ғұлама ғалым Түркістанның пірі Қ.А.Ясауи - «Тіл – этностың жүрегі» - деп тұжырымдаған [3].

Оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеуде, білім беру барысында Қ.А.Ясауи еңбектерін пайдаланып, оқу-тәрбие процесін жетілдіруде, Қ.А.Ясауи тағылымы мазмұнды болуы үшін, оқулықтарға, оқу құралдарына, оқу бағдарламаларына, әдеби-мәдени іс-шараларға т.б Қ.А.Ясауидың тиісті еңбектерін әр сыныпқа жас ерекшеліктеріне сай енгізу қажет. Оқу-тәрбие процесінде Ясауидің ұлағатты тағылымын жетілдіру үшін, оқушыларды экскурсияға шығару, кино, театрларға, мұражайға алып бару оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді.

Ахмет Ясауиді бүкіл түркі жұртына танытқан - «Диуани хикмет» атты еңбегі. Кітаптың аты айтып тұрғандай, «Диуани хикмет» – «Даналық кітабы» елді даналыққа шақырады. Сондай-ақ кітаптың авторы халықты кішіпейілдікке, адамгершілікке, имандылыққа баулуды мақсат тұтқан. Алланың сүйіспеншілігіне бөлену үшін әрбір адам оған шын беріліп, махаббат-сүйіспеншілік танытуы тиіс деп уағыздады [4]. Ахмет Ясауи дін жолында, шариғатта таза, адал болу қажеттігін өз халқына түсіндіре білді. Өз заманының әділетсіздігін, жағымпаздар мен жылпостарды Ахмет Ясауи сынға алды [1].

Егер адам тек сырттан ғана құдайшыл болып, іштей жат пейілде болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады деп баяндайды. Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа ұрындырады деген ой ұсынады [5]. Ол надандықтың адам баласына келтірер зияны мен бүлігін жеріне

жеткізе, өлтіре сынап, бұған жаңалықты ғана қарама-қарсы қояды, үміт-тілегін де даналарға арнайды: Наданмен өткен өмірің тозақ болар,

Надан барса тозақ одан қашар.

Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,

Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен.

Ахмет Ясауи халқымыздың рухани жебеушісі, кейінгі ұрпақ тәуіп етер қасиетті әулие. Ол адамдарды өзін-өзі тазартуға, өзін-өзі жетілдіруге шақырды. Оны мынадан байқаймыз.

- **Арамдықтан аулақ болуға былай дейді:**

Арам жеген әкімдер, құныққандар параға,

Өз бармағын тістелеп, өкініш отқа жанбақшы.

- **Жастарға еріншек болма дейді:**

Еріншек болмай оқуға, алыңдар білім кеңінен,

Жоққа, әрине, дауа жоқ, бардың жолын табыңдар.

- **Дүние-мүлік үшін арыңды сатпа:**

Дүние мүлікке құмартып, жаһан малын жиғандар,

Құзғын жемін жегендер арамға әбден батпақшы.

- **Менмен тәкаппар болма:**

Менмен болсаң, тамұқ күтіп алар алда,

Тәкаппардың халі ауыр, дозақ ол да.

- **Алланың ақ жолын мойындаудан қашық бол:**

Өз көркіңе өзің мәз бола берме,

Өзіңе-өзің сұқтанғанның сірә, жөн бе?

Алланы айтып тәуба қылғын, жөнге кел де?

Түн ұйқыңды төрт бөліп алдыңды ойла [3].

Қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтерін насихаттауда төмендегідей жұмыс бағыттарын ұсынамын: **1)** Өскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терең меңгеріп, зерттеуге ынталандыру; **2)** Жас өркеннің интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру;

3) Жас буынды елдік санаға баулу; **4)** Ұлы баба өнегесімен шәкірттерді адамгершілікке, ізгілікке баулу; **5)** Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру;

6) Тарихи-мәдени ескерткіштерді, жәдігерлерді насихаттау.

Қазіргі таңда еліміздің мектептерінде жаппай халықтық педагогика, халықтық психология, т.б. халқымызға тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, тарихымызды, дінімізді, ділімізді, тілімізді және басқа ұлттық сезімімізді оятатын көптеген қосымша пәндер мен арнаулы курстар оқу бағдарламасына ендірілуде. Қ.А.Ясауи шығармашылығын жан-жақты білуі үшін ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін арттырып, оқушыларды ғылыми жобамен айналысуға баулу; түрлі сайыстарға, олимпиадаларға қатыстыру. Осы орайда, «Ясауи олимпиадасын» ерекше атап өткім келеді. Аудандық, облыстық кезеңдерден жақсы нәтиже көрсетіп, республикалық кезеңге жолдама алып, қасиетті Түркістан қаласына шәкіртімді апарғаным – мен үшін үлкен бақыт! Түркістанды, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық университетті көргендегі оқушымның сезімін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ұлы бабамыздың өнегелі

өмірін дәріптеуде қойылымдар көрсету, шағын спектакльдер сценарийін құру, рөлдерді ойнау т.б. шығармашылық жұмыс түрлері балалар үшін өте қызықты, тартымды. Өз тәжірибемде Ясауи өмірін дәріптейтін «Ұстазбен кездесу» тақырыбындағы шағын қойылым, «Ұстазымның ізімен...» ойтолғау жазу жұмыстары өз нәтижесін берді. Оқушылар қызығушылықпен қатысты. Тәрбие сағаттарында Ясауимен байланысты аңыздарды да тиімді пайдаланамын. Ясауи тағылымын дәріптеуде мектеп оқушыларымен киелі Түркістанға экскурсия ұйымдастыруды ұсынамын. Жаңа ғасырдағы өркениет негізі гуманитарлық, оның ішінде филологиялық білімнен бастау алуға тиіс. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, білімнің сапасын көтеріп, ғылым мен білім кеңістігіндегі әлеуетін жоғарылату үшін көптеген істер атқарылды. Енді үшінші жаңғырудың қазіргі кезеңінде қазақстандық мамандардың жаңа дайындық деңгейін, жаһандық бәсекеге бейімділігін дамыту қажет.

Аннотация

Білім беру саласындағы жаңашылдық үнемі пен ізденіс пен кемелдікке бастайды. Бүгінгі білім қоры жастарға болашаққа еркін, сенімді қарауға, жаһандық әлеуетті білім ақпараттарын меңгеруге, өзіндік дербес ұстанымдарын айқындап, кәсіби беделді тұлға ретінде қалыптасуына жол ашып отыр. Қазіргі жас білім алу арқылы өзінің әлеуметтік-қоғамдық ортадағы болмысын айқындап, орнықтыруға мүдделі. Сондықтан да білім кеңістігіндегі бәсекелестік тек іргелі, жаһандық деңгейдегі ғана емес, өз қоғамындағы ұлттық-рухани құндылықтарға деген қызығушылықты да еселеп отыр. Әдебиет пәні білім алушыны сөз өнерінің негізгі заңдылықтарын, тарихын, теориясын танытып, қоғамның дамуына, рухани-мәдени қарым-қатынастырдың орнығуына, өнер түрлерін танып-біліп, эстетикалық танымын қалыптастыруға бағыттайды. Ұлы философ, ғасыр данасы Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы өзінің өміршендігімен құнды. Ясаудың ғибраты ұрпақты ойшылдыққа, таным тереңдігіне, ізденіс пен ізгілікке бастайтыны ақиқат. Ендеше, Ясауи еңбектерінің даналық ойларды жүзеге асыруда, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде өзектілігі зор. Мақалада ойшылдың еңбектерін оқыту арқылы жас ұрпақты сана тереңдігіне бастайтын бағалылығы, елжандылыққа, ұлтжандылыққа баулитың қасиеті қарастырылып, бүгінгі күнгі оқу-тәрбие саласындағы маңызы айқындалған. Автор Ясауи мұраларын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай кезең-кезеңге жүйелеп оқыту жолдарына тоқталып, оқу-тәрбие бағдарламасына енгізудің тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынған.

Инновации в сфере образования становятся все более востребованными и совершенными. В настоящее время объем знаний позволяет молодым людям свободно, уверенно смотреть в будущее, определяя свои самостоятельные позиции, открывает путь к становлению профессиональной авторитетной личности.

Современный молодой человек заинтересован через образование выявлять и закреплять свою идентичность в социально-общественной среде. Поэтому конкуренция в образовательном пространстве увеличивает интерес не только к

фундаментальным, глобальным ценностям, но и к национально-духовным ценностям в своем обществе.

Предмет литературы направляет обучающегося на изучение основных закономерностей, истории, теории словесного искусства, развитие общества, установление духовно-культурных отношений, познание видов искусства, формирование эстетического познания.

Духовное наследие великого философа, мудреца века Ходжи Ахмеда Ясауи ценно своей жизненной силой. Истина в том, что, благодаря учению Ясауи, поколение начинает искать путь к созерцанию, глубине познания, добродетели. Поэтому труды Ясауи имеют большое значение для подрастающего поколения в реализации мудрых мыслей, в популяризации наших национальных ценностей.

В статье рассматривается оценка творчества мыслителя, который через обучение погружает подрастающее поколение в глубь сознания, прививая чувство патриотизма, национальности, определено значение в учебно-воспитательной сфере на сегодняшний день. Автор остановился на систематическом изучении наследия Ясауи в соответствии с возрастными особенностями учащихся и предложил эффективные методы и приемы включить в учебно-воспитательную программу.

Innovations in the field of education teach to constantly search and improve. Currently, the amount of knowledge allows young people to look freely and confidently into the future, defining their independent positions, opens the way to becoming a professional authoritative personality. Modern young people are interested in identifying and establishing their identity in the social and social environment through education. Therefore, competition in the educational space is growing not only at a fundamental, global level, but also interest in national and spiritual values in their society. The spiritual heritage of Khoja Ahmed Yasawi, the great philosopher and genius of his ERA, is valuable for its vitality. The truth is that, thanks to the teachings of Yasawi, the generation begins to look for a path to contemplation, depth of knowledge, and virtue. Therefore, Yasawi's works are of great importance for the younger generation in the realization of wise thoughts, in the popularization of our national values. The article examines the value of the works of The Thinker, the ability to instill patriotism and patriotism in the younger generation through training, and determines the importance in the educational sphere today. The author focused on the ways of systematic teaching of Yassawi's heritage in accordance with the age characteristics of students, proposed effective methods and methods of inclusion in the educational program.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ахметбек А. Қожа Ахмет Иассауи. – Алматы: Санат, 1998. 120 б.
- 2.Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті.– Алматы: Атамұра, 2005. - 230б.
- 3.Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 278 б.
- 4.Қожа Ахмет Ясауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Санат, 1998. – 102 б.
- 5.Сүйіншіәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы; Мектеп, 1989. – 258 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ — СОПЫЛЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ АҚЫН, КҮНШЫҒЫС МҰСЫЛМАНДАРЫНЫҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫ

Шотпаева Анар Каирбековна
Астана қаласы Ә.Бөкейхан атындағы
Binom School мектеп-лицейі
Бастауыш сынып мұғалімі
Педагог-зерттеуші

Қожа Ахмет Яссауи "Диюани Хикмет" атты ұрпаққа ғибратты дүние қалдырды. Аталған еңбекте жомарттық, қанағат, достық, сүйіспеншілік, ғылым-білім, адал еңбек, бейбітшілік, жақсылық пен жамандық, әділетсіздік, көрсеқызарлық, адамзаттың асыл арманы, күндестік, өсек-аяң — бәрі-бәрі жан-жақты кең қамтылған. Бұл шығармада жақсы тәлім-тәрбие, өз басын ғана емес, өзгені ойлайтын кеңдік пен парасаттылық, асыл тектілік бар. 1934 жылы "Диюани Хикмет" ҚазССР Ғылым академиясы мен ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорына тапсырылған.

"Диюани Хикмет" жинағының түпнұсқасы сақталмаған. Оның бізге тек XVI–XVII ғасырлардағы көшірмелері ғана жеткен. Профессор Кемаль Ераслан өзінің зерттеулерінде осындай көшірмелердің тоғыз қолжазбасын көрсеткен [1; 10].

Мақсаты: Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі рухани-ұлттық танымды қазіргі ұрпаққа үлгі боларлық, тәлім-тәрбие беретін тұстарын ашып, өмірде қолдануға бағыттау. Қожа Ахмет Ясауи еңбегінің тұжырымдамасын, хикметтерінің кемелділігін, ғалам тылсымын ұғуға ұмтылысын, шәкірт тәрбиелеуде қолдану.

Өзектілігі: Ұлттың бүгіні мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарына бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Ал, сол білімді жастарға беруге ең негізгі қызмет ететін Қожа Ахмет Яссауидей тұлғалардың шығармалары. Сондықтан да білім беруде жүргізіліп жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыруда Қожа Ахмет Яссауидің еңбектерінің маңызы зор.

"Диюани Хикмет" уақыт озған сайын көп түзетулерге, толықтыру-қысқартуларға ұшырап отырғаны анық. Сондықтан қазіргі жағдайда қай хикметтер автордың өз қаламынан туындап, ал қайсы хикметтері көшірушілер болған ізбасар-оқушыларынан туғанын айыру қиын. Сондықтан Яссауидің жалпы хикметтер көлемін дәл көрсету мүмкін емес. Мысалы, ғалым Н.Келімбетов "Ежелгі дәуір әдебиеті" деген оқулығында былай дейді: "Ахмет Яссауи өлеңдер жинағының ең толық нұсқасы қазан басылымы болып табылады. Мұнда 149 хикмат (хикмет) берілген. Соның 109 хикматы Яссауидің өзінікі екені даусыз. Қалғандары шәкірттері тарапынан жазылып, жинаққа еніп кеткен жыр жолдары болса керек" [2; 189]. Өзбек ғалымдары 76 хикметін нақты Яссауидікі деп, осы көлемде кітап қылып бастырып шығарған; түрік ғалымдары

бірнеше нұсқаларды салыстыра жүріп, ішіндегі 70 хикметін Яссауидікі деп таныған [3; 11].

Біз өз тарапымыздан ясауитануға шама-шарқымызша үлесімізді қосуда Қожа Ахметтің "Диюани хикмет" шығармасының қазақ нұсқасына тоқталуды жөн көрдік. Өйткені М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының әдебиет тарихы бөлімінің жоспарлауымен іске асырылған бұл нұсқа әзірше көлемі жағынан ең үлкені болып табылады. Сондай-ақ бұл кітап "Диюани Хикметтің" алғаш қазақшаланған түрі ретінде ғалымдарды аударма жағынан да қызықтырары күмән туғызбайды.

Біз 70 хикметтен тұратын осы жинақ [4;262] төңірегінде Яссауидің поэзиялық шығармаларына зерттеу жүргіздік.

Яссауи мұрасын жете түсіну үшін оның хикметтерін тақырыбына қатысты екі сипатта қарастырған жөн сияқты. Біріншісі — сопылық философияның, сопылық оқудың мазмұнын көркемдік тұрғыда жырлаған хикметтер тобы. Бұған уағыз-насихат, өсиет үлгісінде жазылған тәлім - тәрбие (дидактика) сипатындағы хикметтер жатады. Ал екінші тобы — Яссауиді қоғам қайраткері ретінде, ақындық тұрғыдан байыптайтын хикметтер (яғни, сыни әдебиет үлгісіндегі лирикалық шығармалар жинағы).

Әзірет сұлтан дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп орнына айналады.

1389, 1391, 1394 және 1395 жылдардағы қан төгіс ұрыстарда Әмір Темір Алтын Орданың өктемдігін жойып, астанасы — Сарай-Беркені өртеп жібереді. Міне, осы жеңістің құрметіне Қожа Ахмет Яссауидің ескі мазарының орнына жаңа, зор кесене орнатуды ұйғарады. Осы тұрғыда Әмір Темір тек діни мақсат-мүддені ғана көздеген еді деу қиын. Бұл оның беделін көтеруге, үстемдігінің мызғымас берік екендігін көрсетуге және дала жақ ту сыртының сенімді болуы үшін де қажет еді [5].

Ал ел аузында сақталған аңыз бұдан әлдеқайда басқашалау: Темірдің туған шешесі Сақыпжамал осы балластына екіқабат кезінде түс көріпті. Түсінде ол бала емес, жылан туыпты. Сол жылан көз алдында үлкейіп, айдаһар бопты. Алдымен ол өзінің туған анасын жұтыпты, артынша сол кездегі Сырдария (бұл өзеннің түрікше атауы, ал македондықтар "Яксарт", арабтар "Сейхун" деп атаған) билеушісі Тоқалақты жұтыпты. Бұл түсін екіқабат келіншек үйіне кездейсоқ қонақ болған жолаушы кемпірге жорытыпты. Кемпір сатқындық жасап, бұл түсті Тоқалаққа айтып қойған. Қатал хан екіқабат әйелді алдырып, өз қолымен ішін жарып, мазардың ішіне көмусіз тастатқан. Сақыпжамалдың туған сіндісі Теккене жеті айлық, тірі жатқан баланың кіндігін тісімен қиып, баланы алып кеткен. Әлі беті ашылмаған, бейкүнә он алты жасар қыздың емшегінен сүт шыққан. Баланы өсірген. Ақсақ Темір өмірбақи шешем, анам Теккене деп кеткен. Бірақ шын тарихын өскен соң естіген. Демек, іасы қаласында, Қожа Ахметтің шикі кесектен тұрғызылған мазарының қасында Ақсақ Темірдің өз шешесінің сүйегі жатты, бұл жерге оның өзінің кіндік қаны тамған еді. Шындығы аз, жай аңыз бола бермейді. Демек, Қожа Аhmet басына сағана-ғимарат салуды ойлағанда, ол бұл жайды да еске алған [5].

Әмір Темірмен бірге болып, тарихын жазушы Шарафаддин Аляздың "Зафарнама" атты кітабының дерегінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесі құрылысы 1397 жылдың күзінде, Темірдің Ясыға келуіне орай қолға алынған. Бірақ Ақсақ Темір Қожа Ахмет басына кесене тұрғызбақ болғанымен, сүйегі дәл қайсы нүктеде жатқанын білмей қиналыпты" дейді ел аузындағы әңгімелерде. Сол шақта бір көпті көрген қария: "Бір қора қойды осында айдап әкеліп иіргенде қойлар Әулие сүйегі жатқан жерді баспайды" деп кеңес береді. Шынында да солай болып шығады — қалай, қайтіп иірсе де, қойлар ошақ орнындай нүктені баспайды. Сосын, дәл сол жерге Қожа Ахмет әулиенің көктасы тұратын орын етіп ғимараттың іргетасын құя бастапты [6; 66, 67].

Құрылысты жүргізуді Темір өз дуанында игілікті істермен шұғылданатын Мәулен Убайдулла Садырға жүктеді. Мавзолейді салу жедел қолға алынып, сол заманғы деңгейден қарағанда, аса қарқынды жүргізілді. Негізгі және қосалқы бөлмелерді салу кезінде де құрылысшылар қолдарындағы архитектуралық сызбалар мен ғимарат жобасына сүйеніп отырды. Архитектуралық көлемдер мен олардың бөлшектерінің асқан шеберлікпен салынғандығының себебін тек осылай ғана түсіндіруге болады. Темірдің болашақ мавзолей жобасын жасауға тікелей қатысып, құрылысшыларға нақтылы нұсқау бергендігін әр түрлі жазба деректер де дәлелдейді [7].

Жұмыс қолының көптігі сонша, кесенеге Ясыдан отыз шақырым жердегі Сауран шахарынан күйдірілген кірпішті қатар тұрған адамдар бір-біріне қолма-қол жеткізген. Кірпіш өндірген құмданның орыны осы кезде де көрініп жатыр.

Кірпіш жөнінде ел аузында келе жатқан аңызда "Сауранның топырағын түйенің сүтіне илеген" делінеді.

Темірланнан (Ақсақ Темірден) кейінгі хандар да, әсіресе қазақтың атақты хандарының бәрі, Яссауи сүйегі жатқан жерді аруақ тұтып, өлерде өздерінің сүйектерін Ахмет мазарына жерлеуді өсиет етіп кеткен. Ал діншіл қауым — молла, ишан біткен өзі-ақ бұл жерді, Яссауи ескерткішін "қасиетті" Меккеден кем уағыздамаған. Міне, осындай үгіт-насихат нәтижесінде Ясауи "Әзірет Әулие (сұлтан)" атанып, оның аты барлық жерге жайылған.

Сөз соңында ойымызды жинақтай келе айтарымыз мыналар:

Болашақта Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен одан қалған асыл мұралары әлі де көп ізденістерді, ғылыми зерттеулерді керек етеді. Өйткені ғұламаның хикметтерінің қат-қабат сырлары әлі түгел түгелделіп ашылып болған жоқ. Себебі әр ғасыр, әр заман әрқалай оқып бағасын береді. Мәселе "Диуани Хикметтің" көпқырлы соқпағында, көпқабатты қыртыстарында жатса керек.

Өлең ырғағы тұрғысында Яссауи хикметтері қазақ халық поэзиясына өте жақын. Сондай-ақ осы екі поэзия үлгісінде тілдік бейнелеу құралдарының да ортақтығы мол. Содан болса керек, туыстас халықтардан шыққан ғалымдардың өзі қожа Ахмет Яссауиді қазақ ақыны деп айтқан кездері бар. Осыған қатысты Х.Сүйіншәлиев былай дейді: "Татар зиялылары да Яссауиді жақсы білген. Әсіресе мұсылманша оқығандары ақын сөздеріне ерекше назар салған. Олардың ішінде Ахметті дана ғұлама санағандары да болған. Кейбірі — Ахмет Яссауидей данышпан адамды туғызған қазақ халқына рақмет айтуға тиіспіз

деген. Сөйтіп, олар Ахметті қазақ санаған. Мұндай пікірлерді біз "Шора" журналынан кездестірдік" [7].

Сондықтан да келешекте Яссауидің "Диоани хикметі" мен қазақ фольклоры туындыларының тілдік тұрғыдағы байланыстарының бұдан өзге де мысалдары көптеп табылатыны даусыз сияқты.

Қазіргі таңда өткен тарихымызды қайта қарап, талдап-таразылап жатқан кезімізде бұрын есімі белгілісі бар, белгісіз болып келгені бар атақты тұлғалардың есімдерін білудеміз. Бірақ кейбірінің аттары бұрмаланып жазылып жүргені көзді де, көңілді де қарықтырады.

Ғұлама Яссауи есімін сан-саққа құбылтып жазып келдік: Жасауи, Иасау, Яссауи, Ясауи, Яссауи деп әркім әрқалай атады. Қай басылымда қалай жазылғанына мысал келтіруге бір еңбекте мүмкін емес екенін ескеріп, қысқа қайыруға тура келді. Бұған академик Ә.Қайдар өз дәлелдерін келтіріп, Иасауи (немесе Иассауи) деп жазу керек деген байламын айтып еді. Соны көзі шалған, түсінген адамдар солай деп жүр. Қазір Иасауи атындағы Түркістан Халықаралық қазақ-түрік университеті де бар. Демек, осыған табан тіреп, әр түрлі атап құбылта бермеуіміз керек.

Аңдатпа

Бұл мақалада Қожа Ахмет өз еңбегінің ғалам дастаны екендігінің тұжырымдамасы, ол хикметтерінің кемел, құдыретті пірі екендігі, ғалам тылсымын ұғуға ұмтылған, әр шәкіртті жебейтіні анық екендігі жазылған.

Аннотация

В этой статье изложена концепция того, что Ходжа Ахмет-это сага о Вселенной, что он-совершенный, благородный писец, стремящийся понять тайны вселенной, который очевидно, мотивирует каждого ученика.

Abstract

This article outlines the concept that Khoja Akhmet is a saga of the universe, that he is a perfect, noble scribe striving to understand the mysteries of the universe, which obviously motivates every student.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сүйіншәлиев Х.Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық.Алматы: Санат, 1997 129б.
- 2.Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: оқулық. Алматы: Ана тілі, 1991. 264 б.
- 3.Боранбай Ж. Қожа Ахмет Яссауи — сопылық поэзияның көрнекті өкілі әрі ағартушысы // ақиқат. — № 7. — 59-64-б.
- 4.Жандарбек З. Қожа Ахмет Яссауи және Яссауи ілімінің дүниеге келуі // Алаш. — № 1(34). — 23-35-б.
- 5.Яссауи Қожа Ахмет. Диоани хикмет (Ақыл кітабы) / жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға ауд.: М.Жармұхамедов, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. — Алматы: "Мұраттас" ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993. — 262 б.
- 6.Көктәнді Х. Түркі теберігі — Түркістан. — Алматы: "Қасиет" ЖШС баспасы, 2008. — 192 б.
- 6.Тәжікова К., Шағатаева Ш. Қожа Ахмет Яссауи / Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 147-б.

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» КІТАБЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Эгамбердиева Айзада Гаппаровна

Астана қаласы «Өзбекәлі Жәнібеков»
атындағы №11 мектеп-лицейінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші, «Білім беру ісінің үздігі»

Қожа Ахмет Иасауидің өмірі мен шығармашылығын әңгіме еткенде, үнемі ойда тұратын бір мәселе: оның үлкен дін иесі, мұсылман дінін үлгі тұтар ғұлама болып жетуіне басты себеп болған бір маңызды оқиға бар. Ол Мұхаммед Ғалаиссаламның төрт жүз жыл бұрын «тәнге кірмей кемелдік тапқан рухын көріп, Жебірейіл періштенің көмегімен әйгілі ғұлама Арыстан баб арқылы Қожа Ахметке сәлемдемеге құрма беріп жіберуі дер едік. Бұл оның Мұхаммед пайғамбардың рухани ізбасары атанып, Құран Кәрімге негізделіп жазылған «Диуани хикметінде». «Менің хикметтерім Алладан пәрман оқып ұққанға бар мағынасы құран» таусылмас күш-қуатты түрік болғанын дәлелдейді. [1.60]

Иасауи – өз заманының кемел ақыл-ой өкілі. Оның өскен ортасы, тәлім-тәрбиесі ислам діні болып, діни философиялық дүниетанымы сопылық ілім негізінде қалыптасты. Сопылық идеялар ислам дінін әр халықтың өзіндік болмысымен, тұрмыс-салтымен үндестіруді уағыздады. Діннің және халықтың ізгілікті ортақ мүдделерін біріктіре отырып, оларды мұсылмандық жолға бағыттады.

Иасауи өзінің сопылық ілімін түркі тілінде жүргізді. «Құран тілі, яғни, араб тілі Алла тағала белгілеген тіл деп санағандықтан ислам дінін тек осы араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген догманы (бұлжымас қағиданы) жақтаушыларға қарсы тұра білген Ахмет Иасауи сопылық әдебиетті түркі тілінде жазып таратты.

Ол өзінің Нанымына, Танымына мейлінше адал, сондықтан да барлық жалғандық атаулыға, күнәға батудың барлық түріне, ұрлық-қарлыққа, зорлық-зомбылыққа барынша қас. Адамды түзету арқылы қоғамды, қоғамды түзету арқылы заманды түзету, жалпыға бірдей әділетті өмір орнату – оның адамдық мұраты, діндарлық мақсаты, ақындық парызы. Бұл оның таза табиғатында бар қасиет. «Меккеде бар Мұхаммед Түркістанда Қожа Ахмет» немесе «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет» деген сөздер халық жүрегінде, әлемнің сан тарапында, сан ықылым елдерде бекерден бекер замандар бойы сақталып келе жатқан жоқ. Аты аңызға айналған, аңызға айналардай қасиеті бар. Адамгершіліктің бүкіл шарттары бір бойына жиналған ұлы тұлға. Бұл – оған ана сүтімен, ата тәрбиесімен дарыған қасиет. Бұған ол өзінің адалдығымен, бүкіл ғұмыр бойындағы адал еңбегімен, таза мінез құлығымен жеткен.

Өтірік айту жалған сөйлеу, көлгірсу, жасандылық, тәкаппарлық дегендердің қандайын болса да айыптайды. Өзінің хикметтерінде жалған сопылықты, сопысынған суайттарды әбден әшкере етеді. «Хикметтерді» оқып отырғанда кездесетін: «Құран ұстап ондырмас жалған ғылым», «Жалған ғашық,

суайт сопыны жүндей түттім», «Менмен болсаң, тамұқ күтіп алар алда», «Арың сақта болсаң да малға кедей», «Жалғаншылар дозақының өзі ғой», «Заман азар уағында патша айналар залымға», «Алдамшылар, жалғаншылар, бұзықтар мен арамдар» деген сөздерде адамның құлқын тазартудың қаншалықты маңызды екені өткір айтылады.

Бабамыздың биік мұраты, күрескерлік қуаты мына бір жыр жолдарында жинақтала айтылғандай, кімнің кім екенін ащы болса да ашық айтып тұрғандай.

«Дүние – мүлікке құмартып жаһан малын жинағандар,
Құзғын жемін жегендер арамға әбден батпақшы
Молла, мүфти болғансып жалған дұға қылғандар,
Ақты қара дегендер тамұққа барып жатпақшы» [2,8]

Әрі қарай хикметтерінде:

«Ғаріб, пақыр, жетімдерді қылғын шадыман,
Алқалап, азиз жаныңды қылғын құрбан
Тағам тапсаң, жаныңмен қылғын мехман,
Хақтан есітіп бұл сөздерді айттым міне»

Иасауидің бұл хикметі Құран Кәрімнің аяттарымен үндесіп жатыр. «Жетім көрсең жебеп жүр» деп халқымыз бекер айтпаған.

Иасауидің 63-73 жас аралығында қылуette жазған бұл хикметтері «Тіршілікті жаратушы кім?», «Өмір дегеніміз не?», «Адамның өмір сүрудегі мәні мен мұраты не?» деген сұраққа толықтай жауап берген.

Барлығы – 149 хикмет-жыр. Хикметте «Кемел нисан» («Кемел адам») белгілері сипатталған.

Біріншісі – жұрттың бәріне ортақ шарифат жолы, яғни жаратушының өз сөзі «Құранда айтылған парызыңды орында. Өтірік айтпа, ұрлық қылма, зәбір жасама т.б....».

Екіншісі – тариқат жолы. Бұл саты кез келген адам үшін міндетті емес. Қалайсың ба, өз еркің. Бірақ тариқат жолына түспей, яғни ақиқатқа жету мақсатымен азап шекпей, мехнат тартпай, өзінді өзің қинамай, өмір қызығынан бас тартпай кемелдік дәрежеге жете алмайсың.

Үшінші саты – хақиқат (яғни ақиқат) жолы. Бұл енді азап арқылы, жатпай-тұрмай ізденген жанкешті еңбегіңнің нәтижесінде адамның дүние сырын тани бастауы.

Төртінші саты – мағрипат. Хақпен дидаpласу, адамзатты жаратқан әлемдік рухпен, яғни абсолют ақыл-оймен бірігу. Бұл дәрежеге жеткен адам қайтыс болған жақын туысқандарының рухымен де еркін дидаpласып, ғаламның барша сырына қаныға алады.

Демек, дүниенің сыры да, жаратушысы да Алла адамның өз ішінде, өз «менінде» жатыр. Қожа Ахмет Иасауидің «Өзіңді танығаның хақты танығаның» дейтіні сондықтан. Ғұлама бабамыздың бұл ойының сырын ұғу үшін оның хикметтеріне тереңірек зер салу қажет. [3, 40]

Тылсым дүниенің сырын ашқан, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен хикметтердің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде маңызы да мәні де орасан.

«Еш күмәнсіз бұл дүние барша адамнан өтеді-ау,
Айналмағын, бір күні мал да қолдан кетеді-ау.

Ата-ана, қарындас қиян кетті, пікір қыл

Төрт аяқты шабан ат бір күн саған жетер-ау» (15-хикмет)

Ұлы ғұламаның бұл хикметінде «Уақыт», «Өмір» атты еншінің үздіксіз сырғи беретінін, адам өмірінің өте тез өтетінін мегзейді және «Өмір қамшының сабындай қысқа», «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ», деген халқымыздың мақал-мәтелінің ішіне сиып кеткен диалектиканың ұлы заңдылығын философиялық тұрғыда түйіндейді.

Моңғол шапқыншылығы мен Алтын орда кезеңдеріндегі тарихи оқиғаларға қатысты аңыздардың біріне назар аударар болсақ, Иасауидің кемелденіп әулиелік дәрежеге жеткенін байқауға болады. «Ысқақ бабтың ұрпақтарынан тарайтын Ибраһим шайхтан екі бала болады. Солардың бірінің аты Ахмет болады. Бірде бала Ахмет үйден шықса, атасы Ибраһим шайх шұқшиып жер шұқылап отыр екен.

– Ата, не істеп отырсыз? - деп сұрағанда:

– Е, балам, егістікті жегенелеп отырмын, – деп жауап береді.

– Ой, ата-ай, соған да осыншама әуре боласыз ба бір ауыз сөзбен бітірмейсіз бе? – дейді Ахмет.

– Ондай қолымнан келмейді, қолыңнан келсе сен жасай ғой, – деп әкесі баласына сынамақ болып рұқсат беріпті.

Сонда жас Қожа Ахмет тұрып:

– Жегенең жерге қал, бегенең бетке шық! – деген екен.

Дәрет алып келген атасы қайран қалып:

– Е, балам, саған Алла тағаланың құдіретімен әулиелік дарыды, енді Жарылқаушы иең қайда жол көрсетсе, сонда бар! – деп батасын берген екен.» [6, 62]

Бұл жайттан баласының әулиелік дәрежеге жеткенін байқаған әке:

«Е, балам, екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды, енді бұл жерден не сен, не мен кетуім керек, – депті. Сонда Қожа Ахмет тұрып:

– Сіз жасыңыз келген кісісіз, мен жаспын, мен кетемін, – деп Ясы қаласына орналасыпты.» [6, 63]

Ясыға орналасқан Ахмет әкесіне көп өтпей сәлем беруге келеді, әкесі ол жердің халқының қалай екендігін сұрайды. Ахмет:

– Ия, ата, сұхбаттастым. Ол жердің халқы арқаннан қағып тұрады, аяғыңнан шалып тұрады. Соны біле тұра неге қоныс тептің дерсіз, жақсыны жолға салу оңай, жаманды да жолға салып көрейін, - деген екен.» [6, 63]

Қожа Ахметтің өмірі, балалық шағы, жазған хикметтері мынау тылсым дүниенің сырын ашып ғибрат берері хақ. Оның еңбектері «бір сәтке келген» мына өмірді қайткенде тура жолда өткізудің анық бағытын, жолын көрсетіп тұр. Ғибратқа толы бай рухани мұраны, теңіздің түбінен алған асыл маржандай болған «түркі әлеміне ортақ баға жетпес дүниені» ХХІ ғасыр ұрпағын тәрбиелеуде шеберлікпен қолдана білуіміз міндет.

«Таза мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады,

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады» [7, 25]

Алыс ғасырлардан жеткен құнды еңбектеріміздің қадіріне жетейік және халқымыздың қамын ойлайтын, «ақты ақ, қараны қара» деп айта алатын, жігерлі, намысты, ұрпақ тәрбиелейік.

Ұсыныс:

1. Құнды тәрбие құралы ретінде мектептер үшін «Иасауитану» курсы жазылса екен.
2. Рухты, ұлтжанды, отаншыл ұрпақ тәрбиелеу үшін «Бабалар сөзі» 100 томдық кітабынан, тереңде жатқан асыл мұраларымыздан іріктеп алып жинақы хрестоматия шығару және оны оқыту мәселелері қарастырылса жақсы болар еді.

Андатпа

Мақалада Қожа Ахмет Иасауи хикметтерін оқытудың маңыздылығы мен тәрбиелік жақтары қарастырылған. Оқушы бойына құндылықтарды сіңіруде хикметтердің ықпалы зор екендігі жайлы сөз қозғалған.

Кілт сөздер: хақ, Ахмет Иасауи, ұлы ғұлама, хикмет, дүние, ақиқат.

Аннотация

В статье рассматриваются значения и воспитательные аспекты обучения мудрости Ходжи Ахмета Иасауи. Было упомянуто, что знание имеет большое влияние на формирование ценностей у ученика.

Ключевые слова: создатель, Ахмет Иасауи, великий учёный, мудрость, мир, истина.

Annotation

The article discusses the meanings and educational aspects of teaching the wisdom of Khoja Akhmet Yassawi. It has been mentioned that knowledge has a great influence on developing values in a student.

Key words: creator, Akhmet Yassawi, great scientist, wisdom, peace, truth.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жармұхамедұлы М. Қожа Ахмет Иасауи және Түркістан – Алматы 1999 ж. 60 б.
2. Қожа Ахмет хикметтері Атамұра – Қазақстан Алматы 1995 . – 8 б
3. Түркістан тарихы мен мәдениеті. Түркістан 2008 – 40 б
4. Қазыналы Оңтүстік 21-том
5. Ахмет Иасауи. Анкара 2018
6. Бабалар сөзі. Астана 2012 85-том. – 62, 63 б
7. Бес ғасыр жырлайды. Алматы 1984 1-том. – 25 б

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1. Nodirkhon Khasanov, «Sovyet döneminde Özbekistan'da Hoca Ahmed Yesevi araştırmaları».....	3
2. Hossein Khoshbateni, «Hoca Ahmed Yesevi'nin tasavvuf ve islam tasavvufundaki konumu».....	9
3. Абдикадирова Жаркынай Еркинқызы, «Диуани хикмет-рухани ескерткіш».....	23
4. Абдраймова Сайяра Абдукаримовна, «Қ.А.Ясауи еңбектерінің философиялық және тәрбиелік мәні».....	27
5. Абдрахманова Меруерт Сейткасымовна, «Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі педагогикалық көзқарастары».....	31
6. Абдрахманова Айгул Жанзаковна, «Қожа Ахмет Ясауи хикметтері-тәрбиелік құрал».....	36
7. Абдрашева Кызгалдак Орынтаевна, «Қ.А.Ясауидің шығармаларын құндылықтарға негіздеп оқыту».....	39
8. Абенов Галимжан Абдрахманович, «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының мәні – адамның өзін - өзі тануы».....	43
9. Айгужина Жанар Советбековна, «Өзбекәлі Жәнібековтың Қожа Ахмет Ясауидің мұрасын жандандыруға қосқан үлесі».....	49
10. Аймағанбетова Жадра Агадиновна, «Қожа Ахмет Ясауи мұраларын оқу- тәрбие үдерісінде қолдану».....	52
11. Акимгалиева Жамила Жардемевна, «Даналық кітабы» шығармасындағы адами қасиеттерді заманауи тұрғыда салыстырып оқыту».....	61
12. Акказина Алмагуль Садыбековна, «Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық еңбектеріндегі адамгершілік тәрбие мәселесі».....	66
13. Акшолокова Лязат Кызыркановна, «Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	70
14. Алдунгарова Жансая Серикказықызы, «Қожа Ахмет Ясауи еңбектерінің философиялық және тәрбиелік мәні».....	75
15. Алипбаева Айнур Умирбековна, «Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жандандырудағы үлесі».....	80
16. Алпанова Жанар Бибитовна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі».....	84
17. Аманбай Динара Маратқызы, «Қ.А.Ясауидің еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	88
18. Амангельді Аружан Жақыпжанқызы, «Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын оқытудың моделі».....	92
19. Аманжолова Тана Тастановна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі»	97
20. Атекеева Айманкул Ергеновна, «Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық көзқарасы».....	102

21. Ахметсапаева Ақерке Қайратқызы, «Қожа Ахмет Ясауидің еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	106
22. Аширбекова Женискул Бокеновна, «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы».....	110
23. Әбдешбек Айгүл Балтабекқызы, «Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы ұлттық құндылық көрінісі».....	114
24. Әкіш Жанат Егінбайқызы, «Қ.А.Ясауи мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану».....	118
25. Байболатова Жанар Мергеновна, «Қожа Ахмет Ясауидың атақты ұстаздары».....	123
26. Байсалбаева Карлыгаш Сапаровна, «Қ.А.Ясауи еңбектерінің философиялық және тәлім-тәрбиелік мәні».....	129
27. Баймуратова Бану Алимжановна, «Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы ұлттық тәрбиенің көрінісі».....	133
28. Бардосова Лязат Советбековна, «Диуани Хикмет» – рухани ескерткіш».....	137
29. Бекбергенов Асет Игликович, «Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани Хикме» дастанындағы руханият».....	141
30. Бигожина Бахина Олжабаевна, «Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі имандылық негіздері».....	145
31. Бимуратова Жазира Аргымбаевна, «Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану».....	149
32. Боканова Айгул Ахметсапина, «Қ.А. Ясауидің еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	154
33. Боранбаева Раушан Ғазизқызы, «Қ.А. Ясауидің шығармаларындағы ұлттық құндылық көрінісі».....	160
34. Букенова Гаухар Асканбековна, «Қ.А. Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	165
35. Гайнуллина Гульмира Тлеугазиевна, «Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық көзқарастары».....	170
36. Дженсыбаева Салтанат Калиолдановна, «Қожа Ахмет Ясауи мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы рухани сабақтастығы».....	175
37. Дүйсебаева Анипа Маралбаевна, «Қ.А.Ясауи тұлғасы – түркі халықтары тұтастығының символы».....	179
38. Дүйсенова Куанышкул Кадиршиновна, «А. Ясауи және Даналық хикметтері».....	184
39. Еңбекші Меңсұлу Сүіндікқызы, «Диуани хикмет» – рухани ескерткіш».....	188
40. Ерешова Базаркул Абдиказиевна, «Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	193
41. Естаева Сандугаш Мухтаровна, «Диуани Хикмет».....	198
42. Жанар Маман Сейтахметқызы, «Қожа Ахмет Ясауидың педагогикалық еңбектеріндегі адамгершілік тәрбие мәселелері».....	202
43. Жанузакова Индира Кабылқалыковна, «Қ.А.Ясауидің мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану».....	207

44. Жаныбекова Гүлжахан Есенбековна, «Қожа Ахмет Яссауидің педагогикалық көзқарасы».....	212
45. Жексенбина Арай Балтабековна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ сабақтастығы».....	216
46. Женисова Макпал Канатовна, «Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларындағы ұлттық құндылық көрінісі».....	221
47. Жорабаева Жанар Ергеновна, «Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы—түркі халықтары тұтастығының символы».....	225
48. Жуманова Дамира Ниятбековна, «Қожа Ахмет Ясауи философиясы – түркілердің исламдық дүниетанымының негізі ретінде».....	229
49. Жусупова Мирамкул Муратхановна, ««Диуани хикмет» – рухани ескерткіш».....	233
50. Жүсіпова Ақерке Орынбасарқызы, «Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі «Не себептен алпыс үште кірдім жерге?» сауалының философиялық дүниетанымы».....	237
51. Закирова Зарина Серикбаевна, «Қ.А.Ясауи шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру жолдары».....	241
52.Зарбитдинова Муяссар Маматсабировна, «Х.А.Яссавий хикматларининг моҳияти- инсоннинг ўз-ўзини англашидадир».....	247
53. Зекенова Гулум Ерлановна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ сабақтастығы».....	252
54. Ибрагимова Жібек Ибрагимқызы, «Қ.А. Ясауидің педагогикалық көзқарастарын бүгінгі педагогикамен ұштастыра пайдалану жолдары».....	257
55. Ибраева Айгул Ароновна, «Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы – түркі халықтары тұтастығының символы».....	262
56. Ибраева Перизат Муратовна, «Наурыз мейрамының Әл-Фараби танымындағы ерекшеліктері».....	266
57. Имакова Лаура Оспановна, «Қ.А.Ясауи шығармаларының педагогика, психологиялық ерекшеліктері».....	271
58. Иманбаева Шынар Аширбаевна, «Диуани хикмет» – рухани ескерткіш».....	275
59. Исмайлова Нургуль Асыкбаевна, «Қожа Ахмет Ясауидің педагогикалық көзқарасы».....	278
60. Кайранбаева Альмира Болатовна, «Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы – түркі халықтары тұтастығының символы».....	283
61. Кайсанова Индира Исбековна, «Ахмет Ясауи еңбегіндегі тәрбиелік мәні».....	288
62. Какжанов Амантай Айдарханович, «Қожа Ахмет Ясауидің уақыт сынынан өтіп өзектілігін жоғалтпаған рухани құндылықтарын оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, тәжірибе арқылы нәтижеге жетіп, тиімділігін көру».....	293
63. Калибекова Гульнур Каниятовна, «Қ.А.Ясауи мен Абай даналығының сабақтастығы мен рухани құндылықтар».....	298
64. Калиева Акжанай Еркінбаевна, «Ясауи мұраларындағы адами құндылықтар».....	303

65. Карамурзина Маржан Жолаубаевна, «Қ.А.Ясауи мұраларын мектепте оқыту әдістемесі».....	309
66. Карыбаева Гульнар Сапаровна, «Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жаңғыртуда қосқан үлесі».....	314
67. Келес Рая, «Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын оқу-тәрбие ісінде қолдану»	320
68. Кожанова Гульмира Кабиденевна, «Психология и суфизм (на примере учения Кожа Ахмед Ясауи)».....	323
69. Кунпеисова Салтанат Джумахановна, «Қ.А.Ясауи тұлғасы – түркі халықтарының символы».....	329
70. Курманғалиева Раушан Рысбековна, «Қ.А.Ясауидің мұраларының бірі – нақыл сөздерді оқу-тәрбие үдерісіне қолдану».....	334
71. Кусегенова Райгуль Урынбаевна, «Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі».....	338
72. Қамитбекова Ақмаңғаз Думанқызы, «Қожа Ахмет Ясауидің топонимикалық мұрасын филологиялық талдау».....	343
73. Қисамбина Аякөз, «Қожа Ахмет Ясауи өркениеттің конструктивті құндылықтарын негіздеуші».....	348
74. Манашова Жанат Шынасиловна, «Қ.А.Ясауи шығармаларындағы ұлттық құндылық көрінісі».....	352
75. Матенова Жадра Галиевна, «Ясауи мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану».....	359
76. Мәндібет Гулсезім Нұржанқызы, «Қ.А.Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	365
77. Молдахан Жанбота, «Диуани хикмет» -рухани ескерткіш».....	369
78. Мукаева Сауле Нурсултановна, «А. Ясауи еңбегін оқытудың маңызы».....	377
79. Мукашева Бибигуль Абужусуповна, «Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының педагогикалық-психологиялық, рухани адамгершілік мәні»	380
80. Мусаева Гулсара Кошмагамбетовна, «Ясауидің мұраларын оқу тәрбие үдерісінде қолдануы».....	384
81. Мухамадиева Махаббат Ермекбаевна, «Қожа Ахмет Ясауи мұраларын оқу үрдісінде қолдану»	388
82. Мұхамадиянова Айнұр Мұхамадияқызы, «Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін оқи отыра тәрбиелік мәнін көрсету».....	393
83. Мұхтар Жадыра Бақтыбайқызы, "Диуани хикмет" еңбегіндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәні».....	398
84. Нарматов Илхомжон Суннаттулаевич, «Қожа Ахмет дүниетанымының мәні-адамның өзін-өзі тануы».....	402
85. Неталина Венера Уримбаевна, «Қ.А.Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі»	407
86. Ниязметова Зарифа Муратовна, «Қ.А.Ясауи мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану».....	412

87. Нурмуханов Бекай Жаббарович, «8-сыныпта Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын оқыту».....	416
88. Нуршеков Ергазы Манапович, «Диуани хикмет» шығармасындағы адами құндылықтар».....	421
89. Орынбаева Гульназ Аубакировна, «А.Ясауи ілімінің тәуелсіз қазақстан өркениетіндегі маңызы».....	425
90. Орынбаева Рабига Амангелдиевна, «Ясауи философиясындағы рухани құндылықтарды ұрпақ тәрбиесінде қолдану»	429
91. Пахирдинов Алимжон Акимжанович, «Диуани хикмет рухани ескеткіш»	434
92. Раимова Патима Шакировна, «Ахмад Яссавий – мусулмон оламининг фахри».....	439
93. Рамазанова Роза Турсынбаевна, «Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану».....	442
94. Рашева Гульжан Умирзакқызы, «Ясауитану бағдарламасын кешенді оқыту әдістемесі».....	447
95. Сабанбаева Жанар Мухаметбаевна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі».....	452
96. Сагитова Аигул Ануарбековна, «Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жандандыруға қосқан үлесі»	458
97. Садуакасова Назигуль Мухамедсагиевна, «Қ.А.Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі»	463
98. Садыкова Гульмира Жумабаевна, «Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік,имандылық тәрбиесі».....	470
99. Сальменова Жадыра Куатовна, «Қожа Ахмет Ясауи заманындағы адам және қазіргі заман талабындағы адам концепциясы».....	475
100. Сандықбаева Эльнура Калмаханбетовна, «Қ.А.Ясауи мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың тиімділігі».....	479
101. Сапарбекова Гульнар Жайдаровна, «Қазақ болып тұмағанда не етер ем?».....	484
102. Сарбасова Жулдузай Самуратовна, «Қ.А.Ясауидің шығармаларындағы ұлттық құндылық көрінісі».....	489
103. Сауранбаева Гулбану Амантаевна, «Қожа Ахмет Ясауидің адамгершілік,имандылық тәрбиесі».....	493
104. Сауытбаева Айымгуль Бейбитшиликовна, «Қ.А. Ясауи еңбектерінің философиялық және тәлім-тәрбиелік мәні».....	497
105. Сеитова Сандугаш Капсалановна, «Ясауидің еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	501
106. Сидикметова Зухрай Турдиматовна, «Ахмад Яссавий хикматлари – маънавий камолот сари етаклайди».....	507
107. Сисанова Гульназ Кудайбергеновна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі».....	512
108. Смагулова Гайша Файзуллаевна, «Қ.А.Ясауи шығармаларындағы рухани құндылықтарды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына ұрпақ тәрбиесіне негіздеу».....	517

109. Спанова Ақгүл Спанқызы, «Қ.А.Ясауидің мұраларын тәрбие құралы ретінде жүзеге асыру».....	521
110. Султанмуратова Улжалгас Худайбергеновна, «Ахмет Ясауи ілімінің жастарға рухани тәрбие мәселесі».....	525
111. Схаг Шолпан, «Диуани хикмет» - рухани ескерткіш».....	530
112. Сыздыкова Жулдыз Габдулхадировна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі»	535
113. Табиева Бакытгуль Алпысбаевна, «Қожа Ахмет Ясауидың шығармаларындағы ұлттық құндылық көрінісі».....	540
114. Тажибаева Гулнур Мынбаевна, «Қожа Ахмет Ясауи еңбектерінің философиялық және тәрбиелік мәні».....	544
115. Танабекова Жазира Куатовна, «Қожа Ахмет дүниетанымының мәні-адамның өзін-өзі тануы».....	548
116. Тапелова Шынар Муратовна, «Қожа Ахмет Яссауидің тұлғасы -түрік халықтары тұтастығының символы».....	552
117. Ташикова Роза Даулетовна, «Қожа Ахмет Ясауи мұрасындағы тұлға қалыптастыру мәселесінің қарастырылуы».....	556
118. Төлеубаева Самал Жаксылыковна, «Қ.А.Ясауидің «Даналық кітабы» – философиялық мәні терең шығарма».....	559
119. Төлегенова Бану Мұстафақызы, «Қожа Ахмет Ясауи және иманипедагогика».....	564
120. Төлегенова Шамшат Кәдірбекқызы, «Диуани Хикмет» – рухани ескерткіш».....	568
121. Төлек Жәмила, «Қожа Ахмет Ясауи мұраларын оқу-тәрбие үрдісіне қолдану».....	572
122. Тулеуова Раушан Кайырбаевна, «Тарих сабақтарында Қ.А.Яссауидың шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды жас ұрпаққа SCRAIBING әдісі арқылы дарыту».....	575
123. Турсумбеков Болатказы Кажиевич, «Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі».....	578
124. Турсумбекова Майнур Есенбековна, «Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларының педагогикалық-психологиялық және философиялық мәні».....	582
125. Турсынкулова Дана Адыльевна, «Рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі»	587
126. Тусупбекова Аяжан Саттаровна, «Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын оқу -тәрбие үдерісінде қолдану».....	592
127. Усенбеков Марат Кабылханулы, «Ясауи хикметтерінің Абай шығармаларымен үндестігі».....	596
128. Ұзақбайқызы Гүлназия, «Ясауи мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану».....	601
129. Хуандаг Мөлдір Жеңілханқызы, «Тарихи мұра жанашыры».....	606
130. Шакирова Роза Зиябекқызы, «Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесі».....	611

131. Шотпаева Алтыnguль Бахреденовна, «Ясауи мұрасы: оқу-тәрбие мен өркениет сабақтастығы».....616
132. Шотпаева Анар Каирбековна, «Қожа Ахмет Ясауи – сопылық поэзияның негізін салушы ақын, күншығыс мұсылмадарының рухани ұстазы».....622
133. Эгамбердиева Айзада Гаппарова, «Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының маңызы мен тәрбиелік мәні»626

